

Шерубаи ҚҰРМАНБАҰҰЛЫ

# ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ

ЗЕРТТЕУЛЕР  
ОҚУЛЫҚ  
СӨЗДІК  
БИБЛИОГРАФИЯ



Алматы, 2014  
«Сардар» Баспа үйі

УДК 811. 512. 122

ББК 81.2 Қаз - 4

Қ 25

**Қазақстан Республикасы**  
**Мәдениет министрлігі**  
**Тіл комитетінің тапсырысы бойынша**  
**«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың**  
**2011- 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында**  
**шығарылды**

**Пікір жазғандар:**

**Б.Қалиұлы**

*филология ғылымдарының докторы, профессор*

**М.Малбақов**

*филология ғылымдарының докторы, профессор*

**Ж.Жақып**

*филология ғылымдарының докторы, профессор*

**Қ25 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография.** Алматы: «», 2014. ....б. - 952 бет.


ISBN 978-601 – 7174- 35- 4

*Бұл кітапқа ғалымның «Қазақ лексикасының терминденуі», «Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары», «Алаш және терминтану (XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясының дамуы)» атты монографиялары мен «Терминтанушы құралы» атты оқулық-сөздігі және қазақ терминологиясының бір ғасырдан астам уақыт аралығындағы зерттелуін көрсететін «Терминологиялық әдебиеттердің библиографиялық көрсеткіші» атты еңбектері еніп отыр.*

*Кітап тіл мамандарына, терминтанушы ғалымдарға, арнаулы сала мамандарына, жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің студенттеріне, терминологиялық жұмыстарды үйлестірушілерге, термин және терминология мәселелері, қазақ терминологиясының даму, қалыптасу кезеңдері қызықтыратын көпшілік қауымға арналған.*

ISBN 978 – 601- 7174- 35 – 4 – (Т. 3)

© Құрманбайұлы Ш., 2014  
© «Сардар» баспа уйі, 2014



## АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі қазақ терминологиясы өзінің даму тарихында бірнеше кезеңдерден өтті. Оның осы даму тарихын, терминтанудың ғылым ретінде қалыптасу жолын, ұлттық терминдер қорын жасауда ұстанатын бағыт-бағдар, ұстаным-қағидаттарды анықтау, терминологияның өзге де көптеген ғылыми-теориялық, практикалық мәселелерін жан-жақты зерттеу өте маңызды. Бұл қатарға термин сөз бен терминдер жүйесінің лингвистикалық табиғатын, әр саланың ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін, терминологияны біріздендіру, реттеу, стандарттау сынды терминологиялық жұмыстарды жоғары кәсіби деңгейде жүргізудің ғылыми негізі мен әдістемесін жетілдіру де кіреді. Осы аталған бағыттағы жұмыстардың бірқатары сонау ХХ ғасырдың басынан, қазақ тіл білімінің аса көрнекті өкілі, ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялылары еңбек еткен кезеңнен бері түрлі деңгейде жүргізіліп келеді. 60-70 жыл мерзімді қамтитын кеңестік дәуірдегі қазақ терминологиясының дамуы сол заманның, уақытының талабына сәйкес өзіндік сипатқа ие болды. Егемен ел болып, тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі терминологияның жаңа бағытта дами бастағанына да ширек ғасырға жуық уақыт өтіпті. Дәл осы тәуелсіздік таңы атқан тұста ғылымға келген талапты жас буынның арасында Шерубай Құрманбайұлы да болды. Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-ды үздік бітіріп жатқан жас маманға институттан шақыру жіберіп, арнайы жолдамамен жұмысқа қабылдадық. Оның терминология бөліміне кіші ғылыми қызметкер болып жұмысқа қабылданған сәтінен бастап, бүкіл өсу, тілші-ғалым (кітаптың бүкіл мәтінінде сызықша қойдым), басшы ретінде қалыптасу жолы көз алдымызда. Алғашқы ғылыми мақалалары мен монографиясы да институтта қызмет еткен жылдары жарияланып, ғылыми жобаларға қатысуы мен ғалымдар қауымы арасында пікір айтып, алғашқы ғылыми баяндамаларын жасауы да осы институт қабырғасында болды. Ол кандидаттық, докторлық диссертацияларын да өзі еңбек жолын бастаған А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанындағы ғылыми кеңесте қорғады. Өз қатарының алды болып, отыздан аса бере ғылым докторы атанған ол ғалым ретінде ерте танылумен бірге бірқатар ғылыми-ұйымдастырушылық, жауапты басшылық қызметтерді де атқарды. Еліміздің жетекші оқу орындары Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қазіргі шығыс тілдері және қазақ тілі кафедраларына, Л.Н.Гумилев атындағы

ЕҰУ-дың жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасына басшылық жасады. А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтының ғалым хатшысы, институт директоры болып, қазақ тіл білімінің қарашаңырағы саналатын үлкен ғылыми ұжымды басқарды. Кейінгі жылдары республикамыздағы тіл саясатын жүргізуге құзыретті мемлекеттік орган Тіл комитетіне төрағалық етті. ҚР Президенті Әкімшілігінде, ҚР Білім және ғылым министрлігінде, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде жауапты қызметтерде болды. Оның есімі бүгін республика жұртшылығына білікті лингвист-ғалым (сызықша қойдым), ұлтжанды, мемлекетшіл азамат, іскер басшы, қарымды қайраткер ретінде жақсы таныс. Біз оны ең алдымен, тіл маманы, білікті терминтанушы ғалым деп білеміз. 90-жылдардың басында, тәуелсіздік таңы атып келе жатқан тұста ғылымға келген ол алғашқы күннен бастап таңдап алған мамандығын жақсы меңгерген, өз кәсібіне адал, ісіне жауапкершілікпен қарайтындығын көрсетті. Қазақ тілінің мәселелерін зерттеуге арнаған 25 жылдай уақытта ол тіл үйретуге арналған оқулықтар мен оқу құралдарын, өз авторлығымен және ұжымдық авторлықпен көптеген сөздіктер жариялады. Қазақ тіл білімінде аз қарастырылған қысқарған сөздерді, баспасөз тіліндегі жаңа атаулар мен сөзқолданыс және аударма мәселелерін арнайы зерттеп, бірнеше кітаптар жазды. Сонымен қатар лексикология, тіл мәдениеті, ономастика, әлеуметтік лингвистика, тіл саясатының түрлі мәселелеріне арналған көптеген мақалалар жариялады. Алайда ғалым ініміздің шығармашылығы туралы сөз қозғағанда оның осы еңбектері бір төбе де, терминология саласын зерттеуге арналған еңбектерінің өзінше бір төбе, орны бөлек екендігін атап айтқан абзал. Ғылыми қызметкер ретінде жұмыс істей бастаған алғашқы күннен бастап, ол терминологияны жүйелі түрде зерттеуге, оның шешімін таппаған түрлі мәселелерін талқылауға белсене араласып, терминологиялық жұмыстарды жүргізудің тиімділігін арттыру туралы ойларын ортаға салудан жалыққан емес. Ол терминтану саласында тер төгіп, тынымсыз ізденіп, жемісті еңбек етіп келе жатқан қаламы қарымды, өте еңбекқор ғалым. Жалпы термин, терминология мәселелері Ш.Құрманбайұлының ғылыми шығармашылығының негізгі арқауы. Кандидаттық диссертациясын салалық терминологияны, яғни өсімдік анатомиясы мен морфологиясы терминдерін зерттеуден бастаған ол, қазақ лексикасының терминденуін, қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік ерекшеліктерін, терминологияны дамытудың ғылыми қағидаттарын, терминжасам, терминалмасым, түркі тілдеріне ортақ терминқор қалыптастыру, терминдерді біріздендіру мәселелерін жан-жақты зерттеді. Оның бұл саладағы жаңалықтары да, тың тұжырымдары да, ғылыми тұрғыдан аражігін (дефис арқылы жазылып жүрген бұл сөзді бірге жаздым) ажыратқан мәселелері де аз емес. Олар арнайы сөз қозғауды қажет етеді. XX ғасырдағы қазақ терминологиясының дамуы, әр кезеңнің сипаты терминтанушы ғалымның монографияларында кеңінен талданды. Қазақ терминологиясының алаш кезеңіндегі дамуын зерттеуге арналған оның «Алаш және терминтану. XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы» атты еңбегін айрықша атаған

орынды. Ол қазіргі қазақ терминологиясы мен терминжасам мәселелерін де арнайы зерттеп, бірнеше еңбек жариялады. Ғалымның қазақ терминологиясын оқыту мен терминқор қалыптастыру тәсілдерін көрсететін құралдары мен, жоғары оқу орындарының филология факультеті студенттеріне арналған «Терминтану» (2005), «Терминтанушы құралы» (2008) мен «Терминтану сөздігі» (2009) терминтануды пән ретінде оқытуда қолданылып жүрген құнды еңбектер. Мұндай еңбектердің бізде алғаш рет оның авторлығымен жазылып, жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде кеңінен пайдаланылып жүргендігі осы еңбектер авторының бұл саладағы жетекші маман екендігінің көрінісі. Тіл білімі саласында еңбек етіп жүрген ғылыми қауымның алдыңғы толқыны да, орта буыны да, өз қатарлары мен кейінгі буын да филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі Шерубай Құрманбайұлын қазіргі тіл білімінің белгілі өкілі, білікті лингвист-ғалым деп таниды. Ол қазақ тіл білімінде өзіндік орны бар, қаламынан туындаған зерттеулері қалың жұртшылықтың, филологтардың, студенттердің қажетіне жарап жүрген маман. Сондықтан белгілі тіл маманының еңбектері баспа бетін көріп, көпшілікке тарап жатса, терминтанудың ғылым ретінде дамуына, терминологиямыздың кейбір практикалық мәселелерінің шешімін табуға, терминологиялық жұмыстарды жүргізуге септігін тигізеді деп білеміз. Оның үстіне, термин, терминология мәселелері бүгінгі таңда қоғам назарын ерекше аударып, күн тәртібінен түспей тұрғаны да белгілі. Әрине, біз шағын алғы сөзде ғалымның терминтану саласындағы еңбектерінің бәрін тізіп, талдап шығуды, ғылыми шығармашылығына баға беруді мақсат етпейміз. Оның филологтардың, сала мамандарының көпшілігіне пайдалы болатын кейбір зерттеулері мен оқулығының, сөздігі мен библиографиялық көрсеткішінің бір кітапқа топтастырылып, беріліп отыруын құптаймыз. Бұл зерттеушілер мен терминтанушылар, терминологтар үшін де, әртүрлі (кітаптың бүкіл мәтінде бөлек жазылып жүрген бұл сөзді бірге жаздым) сала мамандары мен филология факультеттерінің студенттері үшін де қажет, қазақ терминологиясы туралы көптеген нақты ғылыми мәліметтерді бір кітаптан табуға болатын, қолдануға қолайлы еңбек болады деп білеміз.

*филология ғылымдарының докторы, профессор,  
ҚР ҰҒА-ның академигі Ә.ҚАЙДАР*





## ҚАЗАҚ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ТЕРМИНДЕНУІ

*Бұл еңбекте қазақ тіліндегі терминденуші лексика көздері, жалпыхалықтық тілдегі сөздердің терминдену ерекшеліктері, терминденудің түрлері, сөздердің терминдену барысында болатын олардың мағыналық құрылысындағы өзгерістер, жалпы лексикалық өріс пен терминологиялық өрістер арасындағы өзара байланыс мәселелері қарастырылады. Қазақ лексикасының терминденуі кезеңдік тұрғыдан сипатталып, терминологиядағы қазіргі жағдайға ғылыми тұрғыдан баға беріледі. Оның қалыптасуының негізгі себептері туралы сөз болады. Сондай-ақ, автор А.Байтұрсынұлының қазақ ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы ролін көрсетуге байланысты тың тұжырымдар жасайды.*

## КІРІСПЕ

Адам қызметінің арнаулы салаларының қайсысын алсақ та сол салалардың әрқайсысының өзіне тән ұғымдар жүйесі болады. Ондай арнаулы ұғымдардың атаулары да ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін көрсетіп тұруы қажет. Ғылым мен техника дамыған сайын мыңдаған жаңа ұғымдар пайда болып жатады. Олардың әрбірі өзінің таңбалаушысын тауып, тілдік тұрғыдан да жүйелеуді қажет етеді.

Мұндай қажеттіліктерді өтеп, термин жасау, қалыптастыру, терминологияны жүйелеу, реттеу жұмыстарын дұрыс жолға қою, жалпы ғылыми-техникалық терминологияның даму бағытын белгілеу – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелері болып отыр. Бұл тәрізді ауқымды да күрделі мәселелердің шешімін табудың оңай емес екендігін уақыттың өзі көрсетуде. Соңғы он шақты жыл көлемінде ғылыми жұртшылық термин мәселесіне айрықша назар аударып, баспасөз беттерінде көпшіліктің жаппай пікір білдіріп жатқандығына қарамастан қазақ терминологиясы өзінің даму бағытын айқындай алмай отыруы – соның көрінісі болып табылады. Сондықтан терминологияның шешімін таба алмай келе жатқан қандай мәселесін болса да жалпы сөз етуден гөрі, ғылыми тұрғыдан арнайы зерттеу арқылы ғана шешуге болады.

Ұлт тілінде термин жасап, ғылыми-техникалық терминологияны ұлт тілі негізінде қалыптастыру үшін термин шығармашылығында іске қосылатын амал-тәсілдер мен термин жасауда пайдаланылатын ішкі көздерді айқындап, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін көрсетудің маңызы айрықша.

Ұсынылып отырған зерттеу жұмысында қазақ лексикасының терминденуі әртүрлі қырларынан қарастырылады. Термин шығармашылығының бұл тәсілі жекелеген еңбектерде ішінара сөз болғанымен қазақ тіл білімінде осы мерзімге дейін арнайы зерттелмей келді. Сол себепті оның көптеген өзіне тән ерекшеліктерінің анықталмай келуі де табиғи нәрсе.

Бұл еңбекте терминдену тәсілінің түрлері, олардың бір-бірінен айырмашылықтары, сөздердің терминдену жолдары, тілдің жалпы лексикалық жүйесі мен терминологиялық лексикасы арасындағы байланыс, қазақ тіліндегі терминденуші лексика көздері, олардың терминологиялық қордың жасалуына қатысы және қазақ лексикасы терминденуінің кезеңдік сипаты сөз болады.

Зерттеуіміздің негізгі арқауы терминология болғандықтан, оның қазіргі жағдайы туралы ойымызды ортаға салғанымыз жөн деп санаймыз. Сондықтан жұмыстың бірінші тарауында қазақ терминологиясының қазіргі жай-күйіне, оның қалыптасуына түрткі болып отырған негізгі себептерге тоқталдық.

Бұл еңбектің бұған дейін жарық көрген терминология саласындағы зерттеулерден ең басты бір ерекшелігі – терминологиялық лексика мен жалпы лексика арасындағы өзара байланысты көрсетуде де, сөздердің терминдену барысында болатын өзгерістерді айқындау кезінде де тіл біліміндегі өріс теориясы басшылыққа алынды.



Сонымен қатар жалпы қолданыстағы сөз бен терминнің айырмашылықтарын айқындауда және сөздердің терминдену барысында болатын семантикалық өзгерістерді сөздің лексикалық мағынасы мен терминологиялық мағынасының құрылысын салыстыра отырып талдау кезінде ұғым белгілерін тірек етіп алу да бұл жұмыстың сондай өзгешеліктерінің бірі болып табылады.

Қазіргі кезеңде термин жасамда ұлт тілінің ішкі байлығын сарқа пайдалануға барынша мән беріліп отырғандығы баршамызға белгілі. Ендеше пайдаланылуға тиісті сол байлықтың өзін анықтап, ондай ішкі көздердің осы мерзімге дейін терминологиялық лексиканы құрауға қаншалықты қатысып келгендігін және алдағы уақытта оларды қалай іске жарату керектігі жайлы сөз қозғаудың мәні зор. Осыны ескере отырып, еңбектің төртінші тарауы терминделуші лексика көздерін жан-жақты сөз етуге арналды.

Ғалымдардың терминологияны зерттеуге арналған еңбектерінде жер, су, тау, жел, ауа, жапырақ, дыбыс сияқты сөздерден тұратын лексикалық қабат тілдің терминологиялық жүйесі мен жалпы лексикалық жүйесіне бірдей қызмет ететін көп қызметті (полифункциональные слова) сөздер деп қарастырылып жүр.

Осы еңбекте мұндай сөздер бірінші рет басқаша танылып, сөздердің терминденуі тұрғысынан қарастырылып отыр. Олай қарастыруға термин сөз бен термин емес сөздің мағынаны құраушы бөліктерінің сәйкес келмеуі мен терминологиялық өріс пен жалпы лексикалық өрістің өзіндік ерекшеліктері негіз болды.

Терминологияның дамуы мен қалыптасуының өзіндік тарихы бар. Оны ғылым мен техниканың өркендеуінен қоғам өмірінде болып жататын саяси-экономикалық, рухани-мәдени, тарихи-әлеуметтік өзгерістерден мүлде бөліп алып қарауға болмайды. Орыстың физикалық терминологиясының қалыптасуын зерттеген ғалым Л.Кутинаның: «В истории терминов и терминологий отражается много разнообразных зависимостей и планов: развитие научной мысли, смены научных воззрений, связь и дифференциация научных дисциплин, культурные связи, степень и особенности развития языка, состояние лексической и стилистической системы языка»<sup>1</sup>, – деуі өте орынды. Ғылыми-техникалық терминологияның қалыптасуына әртүрлі тілдік және тілден тыс факторлар әсер етеді.

Қазақтың ғылыми терминологиясының даму тарихына үнілер болсақ, оның қалыптасуына қоғам өмірінде болған өзгерістердің айқын із қалдырғанын көруге болады. Жалпы терминологиялық лексика қорының жасалуы – ғылым мен техника салаларының игерілуіне, дамуына тікелей тәуелді. Сондықтан қазақтың ғылыми терминологиясының қалыптасуын Қазақстан ғылымының даму тарихынан бөліп қарау мүмкін де емес. Соған сәйкес біз қазақ лексикасының терминденуін кезеңдік тұрғыдан сипаттауда (V тарауда) осы шындыққа табан тіреуімізге тура келді. Сонымен бірге терминологиялық жұмыстың жүргізілуіне тікелей әсері болған тілдік және

1 Кутина Л.Л. Формирование терминологии физики в России. -М., -Л., 1966. С. 268.



тілден тыс факторларды ескерусіз қалдырмау жағына да көңіл бөлінді.

Жалпы ғылымның, әдебиет пен өнердің, тарих пен мәдениеттің дамуына кешегі кеңестік кезеңде партиялық басшылықтың шектен тыс күшейтілуіне байланысты, дәлірек айтқанда, бұлардың бәріне үлкен саяси мән беріліп, партияның орынсыз араласуына орай елеулі кемшіліктерге жол берілгендігі жайлы бүгінде әртүрлі саланың мамандары жиі сөз етіп, дәлелді деректер келтіріп жүргендігі баршамызға мәлім.

Ұлт тілдерінде ғылыми терминологияны қалыптастыруға да орталық айрықша мән беріп, үлкен мемлекеттік маңызы бар іс ретінде қараған. Сол себепті терминологияны қалыптастыру мен дамытудың принциптері де одақтың тіл саясатына сәйкес орталықтың тікелей араласуымен жасалып, олардың басшылыққа алынуы қатаң қадағаланып отырған. Сондықтан қазақ лексикасының терминденуінің кезеңдік сипатын көрсетуде оны ескермеу орынсыз болған болар еді.

Сөйтіп, қазақ лексикасының терминденуі бес кезеңге бөлініп қарастырылды. Әрбір кезеңнің өзіне тән ерекшелігін көрсетіп, олардың әрқайсысына ғылыми тұрғыдан баға беруді мақсат еттік.

Қазақтың ғылыми терминологиясының қалыптасуы жайлы сөз болған жерде Ахмет Байтұрсынұлының есімін атамай өту мүмкін емес. Сондықтан XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ лексикасының терминденуі жөнінде сөз болған тұста, А.Байтұрсынұлының ғылыми терминологияны қалыптастырудағы рөлі туралы арнайы сөз болады.

Терминология саласы бойынша осы мерзімге дейінгі жарық көрген еңбектерде терминологияның қалыптасуын кезеңге бөлу бірізді емес. Біздің кезеңдестіруіміз де олармен толық сәйкес келе бермейді.



## I ТАРАУ

### ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

#### I. 1. Қазақ терминологиясының қазіргі жайы

Терминологияның даму деңгейін анықтап, оның қазіргі жайына баға беру оңай мәселе емес. Алайда, бұл саланың алдағы уақыттағы даму бағытын белгілеп, термин шығармашылығын реттеп отыру үшін ол өте қажет жұмыс болып табылады. Осыны дұрыс түсінген тілші-ғалымдар мен әртүрлі саланың мамандары дәл қазіргі кезеңде терминология мәселесіне айрықша назар аударып отыр. Олардың көпшілігі, термин жасауға, шет тілдерінен қабылдауға және халықаралық терминдерге байланысты өз ойларын ортаға салып та жүр. Бұл солай болуға тиіс те. Өйткені терминдерді жасайтын да оларды өздерінің бүкіл жұмыс барысында пайдаланатын да әртүрлі мамандық иелері. Сол себепті термин тағдырына кез келген арнаулы саланың маманы бейжай қарай алмайды. Термин мәселесін арнайы қарастырып отырғандықтан біз де қазақ терминологиясының бүгінгі жайы туралы сөз етпеуге тиісті емеспіз.

Соңғы 7-8 жыл көлемінде, дәлірек айтқанда, 1990 жылдардан бері қарай термин жасау мен қалыптастырудың бұрынғы орныққан дәстүрлері бұзыла бастады. Қоғамның саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени өмірінде болған түбегейлі өзгерістер ұлт тілінің ресми мәртебесін өзге деңгейге көтеруімен қатар, ғылыми-техникалық терминологияны қалыптастыруда басшылыққа алынып келген қағидаларға да сол ұлт тілінің мүддесі тұрғысынан жаңаша қараудың қажеттілігін туғызды.

Термин шығармашылығында 90-жылдарға дейін басшылыққа алынып келген принциптердің біразы ескерілмей, терминологияны қалыптастыру мен дамытудың ғылыми негізделген жаңа принциптері әлі орныға қоймағандықтан қазақ терминологиясы күрделі кезеңді өткеріп жатыр.

Қалыптасқан жағдайға әркім әртүрлі баға беруде. Терминология мәселесіне бүгінде қайта оралудың себептері туралы айта келіп академик Ә.Қайдаров былай дейді: «Қазақ тілі терминологиясы әртүрлі жағдайларға байланысты бүгінде дағдарысқа ұшырап отыр: оның ғылыми принциптері жаңа үрдіске бағыт-бағдар беріп, алда жүріп отырудың орнына артта қалып, термин практикасы аяқ асты болып бара жатыр. Осының нәтижесінде әркімнің өз білгенінше термин жасауы немесе оны ауыстыру, алмастыруы тәрізді бейберекет «бұқаралық» әрекетке (анархия) жол беріле бастады»<sup>2</sup>.

Мұндай жағдайдың қалыптасып отырғандығы дау тудырмайды. Бұл туралы қазір қазақ баспасөзінде үздіксіз жазылып жатқандығы баршамызға

2 Қайдаров Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. Алматы, 1993. 4-б.

белгілі. Алайда көп жағдайда мәселенің мәнісіне терең үңіліп ғылыми тұрғыдан баға берудің орнына жекелеген терминдер мен жалпы терминология жөнінде ешбір негізсіз үстірт пікірлер айтылып жатады. Соған қарамастан, бұл термин мәселесінің жұртшылық назарын айрықша аударып отырғандығының көрінісі.

Жоғарыда айтқанымыздай, терминдерді, ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшелігін, әр ұғымның айрықша белгісін жақсы білетін салалық мамандар жасайды. Бірақ әр маман өзінше термин жасап, өз терминін қолдануға тиісті емес екендігі баршамызға түсінікті жайт. Солай бола тұрса да термин жасауда осындай әрекетке жол беріліп отырғандығын жоққа шығаруға болмайды. Соңғы жылдары ғылым мен техниканың белгілі бір салалары бойынша жарық көрген терминологиялық сөздіктерді, оқулықтарды салыстыру арқылы оған анық көз жеткізуге болады. Бір ғана термин түрліше аударылып, әр сөздікте, әртүрлі деңгейдегі оқулықтар мен ғылыми еңбектерде түрліше қолданылып жүр. Мәселен, мына төмендегі терминдер сондай бірізділіктің жоқтығын дәлелдейді: *консенсус – бәтуә, мәміле, келісім, жалпы пікір; баланс – дәрегей, теңгерім; скидка – шегерім, шегерме, кеміту, жеңілдік; спонсор – демеуші, мияткер, қолдаушы; вклад – салым, аманат ақша; вкладчик – салымшы, аманатшы, аманат ақша иесі; доход – кіріс, табыс; ценная бумага – құнды қағаз; бағалы қағаз; приоритет – артықшылық, басымдылық, басым бағыт; компетенция – құзыр, құзырет; амнистия – рақым, рақымшылық, кешірім; юридическое лицо – заңды тұлға, заңды ұйым; клетка – жасуша, торша; бутон – гүлшанақ, бітеугүл; ткань – ұлпа, тін; семья – отбасы, жанұя* т. б.

Мұндай жарыспалылықты арнаулы салалардың кез келгенінен дерлік кездестіруге болады. Олардың ішінде терминкомның ресми бекіткеніне қарамастан бірізді қолданылмай жүргендері де бар. Мәселен, *демеуші, гүлшанақ, отбасы* сияқты терминдер сол қатарға кіреді.

Сондай-ақ көптеген терминдердің терминология комиссиясы бекіткен қазақша баламалары бола тұра тұрақты қолданылмайды немесе бұрынғысынша шет тілдеріндегі нұсқалары жарыса қолданылып жатады. Мысалы, *алеует (потенциал), мәртебе (статус), көлік (транспорт), мәтін (текст), бағдаршам (светофор), мұрат (идеал), өтем (компенсация), сынып (класс), түйін (резюме)* тәрізді терминдерді осы топқа жатқызуға болады.

Термин жасау, жасалған терминдерді қалыптастыру – үнемі қадағалап, реттеп отыруды қажет ететін өте жауапты жұмыс. Олай болмаған жағдайда терминологиядағы жүйеліліктің, реттіліктің бұзылары сөзсіз. Терминологиямыздағы бірізділіктің сақталмай әр автордың өзінше термин жасап немесе қалаған терминін қолдануы осы үйлестіру жұмысының әлсіздігінен, өкілетті орындардың өз қызметін тиісті деңгейде атқара алмай отыруынан деп білген жөн.

Терминжасам процесін үйлестіріп, ретке келтіріп отыратын ондай органның Мемлекеттік терминология комиссиясы екендігі белгілі. Алайда соңғы жылдары бұл комиссияның атына сынның тым жиі айтылуы оның

жұмыс істеу тәртібі мен құрамын белгілеу туралы шындап ойланудың қажеттілігін аңғартады.

Жалпы ғылым мен техниканың сан түрлі саласын қамтитын терминдерді реттеп, жүйеге түсіріп отыру өте ауқымды жұмыс. Ондай жұмысты айына, жылына санаулы рет қана бірер сағатқа бас қосып, қол көтеріп шешетін лауазымды адамдар тобы ешқашан шеше алмайды.

Мемтерминкомның 1933 жылдан бастап, 60-жылдан астам уақыт ішінде бүкіл терминологиялық лексиканың шамамен 10 проценттейін ғана ресми бекітуі соның көрінісі<sup>3</sup>.

Ғылыми терминологиясы дамыған тілдердің (ондай тілдердің қатарына дүниежүзінің 60 тілі кіреді) қатарына қосылу үшін бізге терминдерді реттеу, жүйелеу, стандарттау жолында қыруар жұмыстарды атқаруға тура келеді. Сондықтан да бұл жұмыс дұрыс жолға қойылған елдердегідей бізде де тұрақты жұмыс істейтін, терминология мәселелерімен тікелей айналысатын кәсіби мамандары, яғни, терминологтары бар мемлекеттік мекеме болуы керек. Мәселен, Ресейдегідей ғылыми-техникалық терминология комитеті болса, ауқымды жұмысты атқаруға мүмкіндік туындаған болар еді. Әйтпесе, біздегідей жұмыс істеу тәсілімен терминологиямызды жүйеге түсіруге болады дегенге сену қиын. Дәлірек айтқанда, мүмкін емес. Сондықтан, бұл мәселенің мемлекеттік маңызы ескеріле отырып, жұмысы дұрыс жолға қойылмаса, терминологиямыздағы ала-құлалық сақталып қалатыны сөзсіз.

Қазіргі кезеңде ұлт тілінде термин жасаудың жанданып отырғаны белгілі. Көптеген жаңа терминдер жасалып қолданысқа көше бастады. Бұл ұлт тілінің ғылым саласындағы қызметін атқара бастауының бір көрінісі. Оны пуризм деп танып, қазақ тілі ғылымға, термин шығармашылығына шектен тыс көп араласып кетті деуге болмайды. Бұл, түптеп келгенде, онсыз да мүмкіндігі шектеліп келген тілдің ғылым саласындағы қызметінің қалыптасуына жол бермеу болып табылады. Рас, жасалып жатқан терминдердің бәрін бірдей мінсіз деп айта алмаймыз. Олардың ішінде терминологиялық жүйе мен терминдерге қойылатын талаптарға жауап бере алмайтындарының да бар екендігі даусыз. Ондай терминдердің қолданылуына жол бермеу дұрыс. Алайда, сәтсіз жасалған кейбір терминдерді мысалға келтіре отырып, қазақ тілінің термин жасауға икемсіздігін, ғылыми ұғымдарды дәл беруге мүмкіндігінің жетпейтіндігін дәлелдеуге тырысқысы келетіндермен келісуге болмайды. Егер белгілі бір ұлттың тілі қоғамдық өмірдің қандай да бір саласындағы қызметін атқара алмай жатса, ол үшін тілді кіналау мүлде дұрыс емес. Оның себептерін сол тілдің дамуына мүмкіндік бермей отырған қоғамнан іздеу немесе өз тілін қажетті деңгейде дамытып, тиісті салада қолдана алмай отырған ұлттың өзінен көргені жөн. Сондықтан, мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілін термин шығармашылығына тиімді пайдаланып, оны шын мәніндегі ғылым мен техниканың тілі ете білу өзімізге тікелей байланысты. Бұл істе жалпы ұлттық кадрлардың, оның ішінде, ғалымдардың, салалық мамандардың рөлі айрықша.

3 Қайдаров Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. Алматы, 1993. 6-б.

Ал сәтсіз терминдердің жасалу себебіне келсек, ол – термин жасаушының терминге қойылатын талаптарды білмеуінен, тілді дұрыс пайдалана алмауынан, ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшелігін ескермеуден, тәжірибесіздіктен немесе жауапкершілікті сезінбеуден туындайтын әрекет. А.Байтұрсынұлы айтқандай, тілді жұмсай білу, сөзден сөз жасап шығару екінің бірінің қолынан келе беретін жұмыс емес.

Термин жасау үшін ешкімге арнайы құқық берілмейтіні мәлім. Сол себепті термин жасаушылардың терминологиялық лексика мен ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін бірдей ескере отырып, термин мәселесіне үлкен жауапкершілікпен қарағаны жөн-ақ. Әйтпесе, ізгі ниетпен жасалған істің пайдасынан зияны көбейіп, оң нәтиже болмауы әбден мүмкін.

Қазіргі терминологиядағы шешімін таппай жүрген мәселенің бірі – халықаралық деп аталатын терминдерді ұлт тіліне аудару, жазу немесе бір сөзбен айтқанда, қабылдау тәртібінің белгіленбеуі. Бұл мәселе төңірегіндегі ғалымдардың пікірлері де әртүрлі. Сондықтан осы мәселені арнайы зерттеп, тиісті қорытынды шығарудың терминология үшін маңызы зор.

Бұрын халықаралық терминдер туралы біржақты пікір қалыптасқаны белгілі. Яғни, бір топ тілдерде қолданылатын ондай сөздерді «орыс тілінде қалай жазса, біз де солай жазайық, олар қалай айтса біз де солай айтайық» деп келдік. Әрине, мұны халықаралық әрі кеңес одағын мекендейтін барлық халықтардың болашақта біржола көшуге тиіс тіліне, яғни, кеңес одағының ортақ тіліне, деген «үлкен құрметіміз» деп түсінейік. Ал енді бүгін біздің тіліміз де халықаралық болмаса да мемлекеттік мәртебеге ие болғаны баршамызға мәлім. Ендеше, оның да өзіндік ерекшелігін ескеріп, биік мәртебесіне лайық құрмет көрсететін кез жетті. Бірақ соған қарамастан «бәрі де бұрынғысынша (одақ кезіндегідей) қалсын, ешнәрсені өзгертпейік» – деуіміз өзімізден гөрі өзгені құрметтеуге әбден үйретілгендігімізді, «ұлы билеушіміздің» айтқанының бәрін бұлжымас заң деп қабылдайтын құлдық психологияның құрсауынан әлі де шыға алмай жатқандығымызды көрсетсе керек. Әйтпесе, өзге тілден сөз қабылдағанда оны ұлт тілінің фонемологиялық заңдарына сәйкестендіріп алудың қажеттігін қазақ зиялылары ХХ ғасырдың басында-ақ дұрыс атап көрсеткен болатын.

Мәселен, 1923 жылы жазылған мақаласында Х.Досмұхамедұлының «Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге лайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады»<sup>4</sup>, – деуі соған дәлел бола алады.

Елуінші жылдары бұл мәселеге М.Әуезов те тоқталып, «Орыс тілі мен шетелдер тілінен алынған атаулардың орфографиясы бізде әлі дұрыс жолға қойылып болмаған... Біздің грамматикамызда осы жөнде асыра сілтеу, сынаржақтық бар сияқты»<sup>5</sup>, – деп өте әділ көрсеткен болатын.

Ондай асыра сілтеудің, сынаржақтықтың орын алғаны дау тудырмайды. Асыра сілтеуге бұлайша жол берілуі – орыс тілінен өзге ұлт тілдерінің

4 Досмұхамедұлы Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы // Аламан. -Алматы, 1991. 92-б.

5 Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы. -Алматы, 1985. 19-том. 261–262-бб.

ерекшеліктерін әдейі, мақсатты түрде ескермеуді көздеген кеңестік тіл саясатымен тікелей байланысты. Бұл сыңаржақтықты кезінде орыс ғалымдарының ішінен де атап көрсеткендері болған. М.Әуезов аталған мақаласында оған айрықша мән берген.

1950 жылы «Вопросы философии» журналында жарияланған мақаласында А.Мординов орыс сөздерін ұлттар тілдерінде орыс орфографиясымен жазуды «марршылдықтың бір солақайлығы» деп бағалаған.

Ол академик И.Мещанинов пен профессор Г.Сердюченконың «жасанды әр алуандықты жою мақсатымен» деп дәлелдеп отырып, «Орыс сөзі мен халықаралық атаулар орыс орфографиясы бойынша жазылсын. Бұл атаулардың жазылуына бұрмалау кірмесін» – деген қағидасын қатты сынады. Ғалым «Мұндай аса зиянды қағида ұлт тілдерінің заңдарын күйретіп, орфографияда анархия тудырды. Ана тілінде хат тануды нелер қиындыққа соқтырды. Жергілікті газеттер мен журналдардың жұмыстарын да ауырлатты»<sup>6</sup>, – деп көрсетеді.

Ғалымның бұл пікірін сол кезеңнің шындығы ретінде мойындамау үлкен әділетсіздік.

Біз бүгін кеңестік жүйе кезінде жасалып қалыптасқан жазу қағидаларымызды қорғаштай отырып, баспасөз беттеріндегі кірме сөздерді ұлт тілінің ерекшеліктеріне сәйкестендіріп жазуға ұмтылуды бейберекеттік, анархия деп жүрміз. Ал шын мәнінде, қазіргі ала-құлалықтың туындау себептерін сонау 30-жылдардан іздеген жөн. Нағыз анархия, ұлт тілдерінің ерекшеліктерін белден басу сол кезеңде басталған. Қазіргі орфографиямыздан орын алып, бұлжымас заңға айнала бастаған кейбір қасаң қағидалардың негізі сол кезде жасалған. Кейінгі кезеңдерде олардың «дұрыстығын» қайта-қайта дәлелдеп, санамызға берік сіңіріп, өмір шындығына айналдыра бастаған өзіміз. Соған қарамастан, ғылыми негізі осал қағидалардың өміршең бола алмайтындығын уақыттың өзі көрсетіп отыр. Олардың жасалуына себепкер болып, бұзылуына жол бермей, қатаң қадағалап келген жүйе ыдырағаннан кейін басшылыққа алынбай жатуы – соның көрінісі болса керек.

Соңғы жылдары халықаралық терминдер туралы бұрынғыша біржақты айтылмай, олардың табиғатына тереңірек үңілу нәтижесінде ескеруге тұрарлық тың пікірлер көрініс беріп жүр.

Сондай пікірлердің бірін біз Ә.Қайдаровтың еңбегінен кездестіреміз. Ғалым халықаралық терминдер туралы сөз ете келіп былай дейді: «Тіл-тілдердің арасында ортақ интернационализмдер болмаса, немесе аз болса, ғылым дамымайды, ғылыми қарым-қатынас үзіледі» деп байбалам салудың бәрі бекер. Жер жүзіндегі терминдік ұғымдардың бәрін шет тіл сөздері арқылы емес, өз тілінің негізінде меңгеріп, ғылым мен техниканы дамытып отырған қытай, жапон т.б. халықтарды біз жақсы білеміз. Демек, ортақ интернационализмдердің қажеттігі ең алдымен елдің саяси-әлеуметтік жағдайына, даму дәрежесіне, оларға деген сұраным мен қажеттілікке, әр тілдің

6 Мординов А.Е. О развитии языков социалистических наций в СССР // Вопросы философии./1950. № 3. С. 82.

өз мүмкіншілігіне байланысты екен»<sup>7</sup>.

Шындығында да, халықаралық терминдерсіз ғылым дамымай, ғылыми қарым-қатынас әлсірейді деудің негізі жоқ. Біздің халықаралық терминдерге көп жүгінуіміздің ең басты себебі – ғылыми ұғымдар жүйесін тілдік тұрғыдан жүйелеп берудің қиындығынан туындайды.

Терминология мәселесін арнайы зерттеп жүрген ғалымдар «Егер қандай да бір елдегі ұлттық тілдің ғылыми терминологиясы болмаса және ол жасалып жатпаса, онда ғалымдар терминологиясы қалыптасқан өзге тілге жүгінуге мәжбүр»<sup>8</sup>, – деп көрсетеді.

Әрине, солай болып жататыны рас. Бірақ мәселеге екінші қырынан қарайтын болсақ, біздің тілімізде ғылыми терминология жасалмаған деп үнемі өзге тілдерге жүгіне беруді еш ақтауға болмайды. Өйткені сол ғылыми терминологиясы жақсы дамыған, қалыптасқан тілдің терминдерін ұлт тілінде жасаған сол елдің ғалымдары мен салалық мамандары емес пе? Ендеше біз де неге солай істемейміз? Әлде кейбір ғалымдарымыз дәлелдеуге тырысып жүргеніндей, біздің тіліміз шынымен-ақ термин жасауға икемсіз тіл ме?

Жоқ, ешбір ұлттың тілін термин жасауға мүмкіндігі жетпейтін тіл деуге болмайды. Мәселе ұлт тілін термин шығармашылығында пайдалануға байланысты. Терминжасам процесінде өз тілімізді пайдаланбай өзге тілдерден дайын терминдерді өзгеріссіз қабылдай берсек, онда әрине, тіліміз ғылыми ұғымдарды атауға бейімделіп терминологиямыз ұлт тілінде жасалынбайды. Сондықтан ғылыми терминологияны ұлт тілінде қалыптастыру сол тілді тұтынушылардың, ұлттық кадрлардың қолындағы іс.

Халықаралық терминдер жөнінде соңғы жылдары жазылған еңбектердің ішінде Б.Қалиұлының мақалалары да айрықша көңіл аударуды қажет етеді<sup>9</sup>.

Ғалым халықаралық терминдер мәселесіне арнайы тоқтала келіп, оларды таралуына байланысты 5 аймаққа бөледі. Ол «Егер халықаралық терминдер бүкіл дүние жүзі тілдеріне ортақ екендігі рас болса, ол сөздердің Еуропа тілдеріне ғана емес, басқа да Азия, Африка; араб, қытай, жапон, үнді, индонезия тілдеріне де ортақ болулары керек еді ғой. Жоқ, олай емес. Халықаралық терминдер делініп жүрген атом, газ, йод, цемент, цех сияқты сөздерді Шығыс Азия (қытай, жапон, корей, вьетнам), араб, үнді, индонезия халықтарының тілдерінен кездестіре алмайсың. Бұл тұрғыдан алып қарағанда халықаралық терминдер дегеніміз, сайып келгенде, белгілі бір аймаққа тән ортақ сөздер болып шығады»<sup>10</sup>, – дейді.

Жалпы мұндай аймақ құру және ғылыми терминологияны ұлт тілінде қалыптастыру қытай, жапон тілдерін былай қойғанда еуропа елдерінің тілдерінде де анық байқалып отырған құбылыс. Үстіміздегі ғасырдың 70- жылдарында еуропаның герман тілді елдерінде «арнаулы мақсаттар

7 Қайдаров Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. -Алматы, 1993. 22-б.

8 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: вопросы теории. -М., 1989. С. 4.

9 Қалиұлы Б. Жат сөздер жағадан ала бермесін. Шет тілі терминдерін қалай қабылдап жүрміз // Қазақ тілінің көкейкесті мәселелері. -Алматы, 1997.

10 Бұл да сонда, 108-б.



тілі» (язык для специальных целей LSP) деген термин пайда болады. Оның туындау себебі – Австралия, Бельгия, ГДР, ГФР (қазіргі біртұтас Германия), Швейцария елдерінің аумағында арнаулы салалардың тілі ретінде неміс тілін сақтау, фонетикалық, орфографиялық, лексикалық сәйкессіздікті жою. Сөйтіп, терминология саласында жұмыс істейтін мамандар ғылым мен техника саласындағы қатынастардың неміс тілінде болуы қажет деп тапты.

Чехословакияда 30-жылдардан бастап неміс және латын-гректерминдерінің орнын алмастыратын терминдер жасап, терминологияны ұлт тілі негізінде қалыптастыру бағыты үстемдік етіп келеді. Ал француз тілді Канадада ғылым мен техниканың барлық саласындағы ағылшын тілінен алынған терминдерді француз сөздерімен алмастырып, ғылыми терминологияны француз тілі негізінде қалыптастыру бағытын ұстанып отыр. Бұл жұмыс мемлекеттік маңызы бар іс деп саналады. Соңғы жылдары Францияда да ұлт тілінің тазалығын сақтау мәселесіне айрықша мән беріліп, әсіресе, ағылшын тілінің әсерінен арылу жолында белсенді жұмыстар жүргізілуде.

Түркі тілдес халықтардың арасында мұндай жұмыс тек түрік тілінде жүргізілді деуге болады. 1932 жылы Ататүріктің тікелей араласуымен «Түрік тілі» қоғамының өткізген бірінші құрылтайында бірнеше қаулылар қабылданды.

Онда халық тілінің байлығын жинастыру туралы үш түрлі шешім қабылданды: 1) Халық тіліндегі және ескі кітаптардағы түрік тілінің байлықтарын жинастырып оны жарыққа шығару; 2) Түрікше жаңа сөз жасау жолдарын іздестіріп, түрік түбірлері негізінде сөз тудыру; 3) Түріктің жазу тілінде өте көп қолданылып жүрген шет тілдерінен кірген сөздердің орнына таза түрік сөздерін алып, оларды жарыққа шығару және қалыптастыру<sup>11</sup>.

Бұл жұмыс одан кейінгі жылдары да қарқынды жүргізілді. Қазір де ғылыми терминологияны ұлт тілі негізінде қалыптастыруға тиісті мән беріліп отыр. Сондай-ақ түріктер қазіргі түркі тілдерін терминжасамның тұрақты бір көзі деп санайды. Өзіміз шектен тыс көп жүгінетін еуропа тілдерінің терминжасам тәжірибесі тұрғысынан қарағанда да мұны теріске шығарудың негізі жоқ.

Жалпы түркі халықтарының ортақ терминологиялық қор құра алмауына, терминжасам тәжірибелерін бөлісуге мүмкіндіктің берілмеуіне қоғамның саяси жүйесі себепкер болып келді. Тәуелсіз түркі тілді мемлекеттердің құрылуына байланысты бұл мәселе көтеріліп жатқанымен түрлі себептерге байланысты әзірше нақты жұмыстар қолға алына қойған жоқ.

Біздің «аударуға болмайды» деп жүрген халықаралық терминдерімізді моңғол тілінің игеруі де айрықша назар аудартады. Олар: *микро-, авиа-, аэро-, анти-, контр-, транс-, моно-, гидро-, нео-, граф-, грамма-, гипер-, супер-, ультра-, архи-* сияқты грек, латын терминоэлементтерімен келетін халықаралық терминдерді ұлт тілі негізінде игеріп отыр. Мәселен, *хэт даралат* «гипергония», *хэт ихэсгэл* «гипербола»; *бичил харуур* «микроскоп», *бичил гадаргуу* «микрорельеф»; *улэмж урцэг* «макроспоры», *улэмж бутэц*

11 Zulfıkar H. Terım sorunlarė ve terım yapma yollarė. - Ankara, 1991. 175-6.

«макроструктура»; *нисэх зам* «авиатрасса», *нисэх шугам* «авиалиния», *агаар судлал* «аэрология»; *агараарын эмчилгээ* «аэротерапия», *ганц сэдэвт* «монография», *ганц утгат* «моносемия»; *шинэ уг хэллэг* «неологизм», *шин сийвэн* «неоплазма» т.б.<sup>12</sup>

Өртүрлі тілдердің термин жасауда ұстанған бағыттары, терминжасам тәжірибелері оларда біздегідей халықаралық терминдер деп аталатын аударуға, ұлт тілінің ерекшелігіне сәйкес өзгертіп жазуға болмайтын айрықша мәртебесі бар «киелі» сөздер тобының қалыптасқанын көрсетпейді.

Ал көпұлтты кеңес одағында терминдерді халықаралықтандыру (интернационализация) үшін көп күш жұмсалғаны белгілі. Бір тілде сөйлеуге ұмтылған елге орыс тілінің үстемдігін орнату үшін солай ету қажет болған да шығар. Ендігі жерде бұл мәселеге біз де ұлт тілінің мүддесі тұрғысынан қарауға тиіспіз.

Жалпы халықаралық терминдер мәселесін арнайы зерттеп, оларды қабылдау, аудару және жазу тәртібін белгілеу қазақ терминологиясының даму бағытын белгілеу үшін өте қажет.

## **I. 2. Терминологиядағы қазіргі жағдайдың қалыптасуының негізгі себептері**

Жоғарыда қазіргі терминологияда орын алып отырған кейбір кемшіліктер мен әлі шешімін таппаған мәселелер жөнінде сөз болды. Ондай олқылықтарға жол беріліп, терминологияда бүгінгідей жағдайдың қалыптасуының өзіндік себептері болуға тиіс. Көрініс беріп отырған келеңсіздікті жойып, терминологияны дамытудың дұрыс бағытын белгілеу үшін ең алдымен сондай себептерді айқындап алудың маңызы айрықша зор.

Сонымен, терминологиямыздың қазіргідей «бейберекеттік», «пуризм», «анархия», «кері кеткендік» және «бұл заңды құбылыс» деп аталып, әркім өртүрлі баға беріп жүрген кезеңге тап болуының себептері жайында сөз қозғап көрелік.

Жалпы, кез келген ұлт тілінің оның ғылыми терминологиясының дамуына тікелей әсер ететін ішкі және сыртқы, басқаша айтсақ, тілдік және тілден тыс (лингвистикалық және экстралингвистикалық) факторлардың болатыны белгілі. Бұл факторлардың бірін – негізгі, екіншісін – негізгі емес деп қарау қиын. Олардың әрқайсысы өзінше маңызды және олар бір-бірімен тығыз байланысты. Дегенмен, қазақ терминологиясының даму тарихына үңілетін болсақ, оның жасалуы мен қалыптасуына тілден тыс факторлар әсерінің басым болғандығын аңғаруға болады.

Ғылыми-техникалық терминологияның дамуына тікелей әсер ететін ондай сыртқы факторлардың қатарына ғылым мен техниканың даму деңгейін, ұлт тілінің қоғамдағы алатын орны мен елдің тіл саясатын жатқызуға негіз бар.

12 Пюрбеев Г.Ц. Современная монгольская терминология. -М., 1984. С. 103—106.

Енді осылардың әрқайсысына қысқаша тоқтала кетелік. Қазақстанда ғылым мен білімге назар аударылып, үгіт-насихат жұмыстарының жандана бастауы ХІХ ғасырдың екінші жартысының еншісіне тиеді. Ұлы Абайдың «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл берсеңіз» – деген сөзі де сол кезеңде айтылған еді. Кітаптардың басылып, алғашқы қазақ газеттерінің шығуы ғылым негізінің қалануына жол ашты. ХХ ғасырдың бас кезінде қазақтың жоғары және арнаулы білімі бар мамандарының көбейе бастауына байланысты жекелеген ғылым салалары бойынша еңбектер жарық көре бастады.

Ғылымның негізі қаланып, арнаулы салалардың саралана бастауы – сол салалардағы арнаулы ұғымдардың атауларын жасаудың қажеттілігін туғызды. Осы кезеңде жазылған оқулықтар мен түрлі деңгейдегі ғылыми еңбектердің авторлары бұл істі өз қолдарына алуларына тура келді. Терминдерді ұлт тілінде жасап, ұлт тілінің ғылым тіліне айналуының маңызын терең түсінген А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының термин жасауда ұстанған принциптері қазақ тілінің ғылым саласындағы қызметінің қалыптасуына үлкен үлес қосты.

Сөйтіп, ғылымның өркендей бастауына орай жаңа терминдер қатары да молая түсті. Әсіресе 20-жылдардан бастап бұл іс барынша жандана берді. Білікті ұлттық кадрлардың арқасында қазақ тілінің терминжасам мүмкіндіктері ашылып, термин шығармашылығында пайдаланыла бастады. Терминдерді ұлт тілі негізінде жасап, ғылымды өз тіліміз арқылы да игеруге болатындығына және ғылымы өркендеген халықтардың тілдері сияқты ғылым мен техниканың түрлі салаларындағы арнаулы ұғымдарды атауға біздің тіліміздің де мүмкіндігі толық жететіндігіне қазақ зиялылары еш күмәнданған жоқ. Олар өздерінің ұстанып отырған бағытының дұрыстығына кәміл сенді. Оны теріске шығаруға біздің де ешқандай негізіміз жоқ.

Ал бұл бағытты теріске шығарып «алашордашылардың солақайлығы», «пуризм етек алды», мұндай ұғымдарды орыс, латын, грек, ағылшын, неміс т. б. тілдердің сөздері болмаса, «біздің тіліміздегі сөздер бере алмайды», «қазақ тілі термин жасауға икемсіз» деп тану 30-жылдардан басталған кейінгі кезеңдердің жемісі.

Жарты ғасырдан астам уақыт бойы соңғы бағытты ұстанып, кеңестік идеологияның шырмауынан шыға алмай келуіміздің салдарынан санамыздың уланғаны соншалық, ұлт тілінде термин жасаудың мүмкін екендігін, қажеттілігін әлі де толық сезіне алмай, қазақ тілінің термин шығармашылығына араласуына қарсылық білдіріп бағудамыз. Бұл алпыс жылдан астам уақыт бойы жүргізілген кеңестік тәрбиенің далаға кетпегендігін көрсетсе керек.

Сондықтан ана тілінде тәрбиеленіп, оны адам қызметінің барлық салаларында пайдаланып, өз тілін іске қоса алатын ұлттық кадрлардың қаншалықты қажет екендігін дәлелдеп жату артық. Бұл – мемлекеттік тілдің, ұлтымыздың болашағы үшін аса қажетті мемлекеттік маңызы зор іс. Сол себепті дамыған елдердің көпшілігінде оған өте жоғары мән беріледі. Кешегі кеңес одағы кезінде де ұлт тілдерінде термин жасаудың, оларды қабылдаудың

қағидаларын орталықтан белгілеп, олардың басшылыққа алынуын қатаң қадағалап отыруы тегіннен-тегін емес. Оны ала-құлалықты жою, ғылымды халықаралықтандыру (интернационализация) деп түсіндіруінің астарында басқа мақсаттың жатқандығын аңғаратын кез әбден жетті.

Сонымен, ғылым мен техниканың дамуы – арнаулы ұғымдар, атауларының, яғни, терминологиялық лексиканың жасалуы мен қалыптасуына тікелей әсер ететін экстралингвистикалық факторлардың бірі болып табылады. Ғылымның алғашқы даму кезінде тіл, әдебиет, математика, өсімдіктану сияқты салалардың игеріле бастауына байланысты аталған ғылым салалары терминдерінің жасалуы да соны айғақтайды. Кейіннен өзге ғылым салаларының да дамып, мамандардың өсіп жетілуіне орай өзге салалардың да ғылыми терминологиясы жасала бастады. Ғылым мен техниканың түрлі салаларының дамуына сәйкес бұл іс алдағы уақытта да осылай жалғаса бермек.

Тілдің қоғамда алатын орны мен рөлінің де терминжасам процесіне белгілі дәрежеде қатысы бар. Егер ұлт тілі әлемге кең тараған халықаралық тілдердің қатарына кіретін болса немесе экономикасы мен ғылым-білімі дамыған елдің тілі болса, соған сәйкес ол тілдің ғылым саласындағы қызметінің де орнығуымен бірге өзге тілдердің терминжасам процесіне де әсері болады. Терминологиямыздың басым бөлігін ағылшын, неміс, француз, орыс сөздері құрауының бір себебі осымен байланысты екендігін де мойындауымызға тура келеді.

Қазақ терминологиясының қалыптасу, даму тарихының өзі оның жасалуына елімізде жүргізілген тіл саясатының тікелей қатысы болғанын көрсетеді. Ол туралы осы еңбектің V тарауында кеңірек сөз болатындықтан бұл жерде оған қысқаша ғана тоқталып өтеміз.

Үстіміздегі ғасырдың 10-жылдарынан бастап 30-жылдарға дейінгі аралықта ұлт тілі негізінде термин жасау ісі жемісті жүргізілді. Қазақ зиялылары бұл іске айрықша мән беріп, ғылыми терминологияны дамытудың бағытын өздері белгілеп отырды. Отызыншы жылдардан бастап бұл іске басшылық жасауды орталық өз қолына алды да, ғылыми терминологияны ұлт тілі негізінде жасауды мақсат еткен білікті мамандар жаппай қуғынға ұшыратылды. Оларға «ұлтшылдар», «кенес үкіметін құруға қарсы әрекет етушілер» деген айып тағылды. Әкімшіл-әміршіл жүйе оларды жоюмен бірге олардың терминологияны қалыптастыруда ұстанған бағыттарын да түбірінен өзгертті. Ендігі жерде ұлт тілдерінде термин жасау мен шет тілдерінен қабылдаудың тәртібін өзі жүргізіп отырған тіл саясатына сәйкес орталық белгілейтін болды. Үстемдік етуші тілдің мүддесін ғана көздей отырып жасалған ондай қағидаларда өзге ұлт тілдерінің ерекшеліктері ескерілмеді. Ұлт тілдерінде термин жасаудың мүмкіндігі шектеліп келуінің салдарынан терминологиямыздың негізгі бөлігін тіліміздің дыбыстық жүйесіне бағындырылмай алынған шет тілдерінің сөздері құрайтын дәрежеге жетіп, тіліміз термин қабылдағыш тілге айнала бастады. Термин шығармашылығында «өз тілімізді іске қосып үйренбегендіктен оның терминжасам мүмкіндігіне өзіміз де күдікпен қарайтын болдық. Әйтпесе,

«біздің тіліміз мұндай ұғымдарды бере алмайды, сондықтан шет тілдерінің сөздерін дайын қалпында өзгеріссіз қабылдай берейік» – деп шет тілдерінің терминдерін шектен тыс көп енгізе беруге өзіміз жол ашып отырмаған болар едік.

Қоғамның саяси-экономикалық жүйесінде болған түбегейлі өзгерістер тәуелсізге менді мемлекеттердің құрылуына әкелді. Соған сәйкес олар өздерінің ұлттық мүддесін көздейтін тіл саясатын белгілеп отыр. Бұл термин жасам процесіне де әсер етпей қоймады. 90-жылдардан бері терминологиямызда болып жатқан жаңа үрдіс соның көрінісі болып табылады.

30-жылдардан бастап бір тілдің үстемдік құруына бағытталған саясат жүргізілген болса, ғылыми-техникалық терминологияны қалыптастыру мен дамытудың принциптері де соған бағындырылды. Ал 90-жылдардан бастап ұлт тілдері өздерінің ішкі заңдылықтарын сақтай отырып, даму мүмкіндігіне ие болғандықтан бұрынғы орталықтың белгілеп берген принциптері басшылыққа алынбай, ұлттық ғылыми терминологияны дамытудың жаңа принциптерін жасау күн тәртібіне қойылды. Осының өзі тіл саясатының терминологияның жасалуына тікелей қатысы болатын маңызды сыртқы фактор екендігін көрсетсе керек.

Жалпы бұл аталғандардың барлығы – ғылым тілінің, ғылыми-техникалық терминологияның дамуына тілден тыс факторлардың әсерінің айрықша болатындығының дәлелі бола алады.

Қазақ терминологиясының қазіргідей жағдайға тап болуының ішкі себептері де жоқ емес. Ол ең алдымен, қазақ терминологиясының ғылым ретінде дамуымен, терминология, термин мәселелерінің зерттелуімен тікелей байланысты.

20-30-жылдардағы қазақ зиялыларының еңбектерін айтпағанда, соңғы 15-20 жылдың ішінде де термин, терминология мәселелеріне арналған біршама ғылыми еңбектердің жарық көргені белгілі. Олардың қатарына Ә.Қайдаров, Ө.Айтбаев, Ә.Әбдірахманов, Б.Қалиев, Ш.Білалов сияқты ғалымдардың авторлығымен жарық көрген кітаптар мен ғылыми мақалаларды жатқызуға болады. Сондай-ақ соңғы жылдары баспасөз беттерінде тілші-ғалымдар мен әртүрлі салалардың мамандары қазіргі терминология туралы пікірлерін үздіксіз жариялап келеді. Соған қарамастан қазақ терминологиясы өзінің даму бағытын айқындай алмай, яғни дағдарыстан шыға алмай отыр.

Оның бір себебі – жоғарыда аталған авторлардың еңбектерін түгел қосып есептеген күннің өзінде де терминология өте аз зерттелген сала болып табылады. Сондықтан да ғылыми-техникалық терминологияның даму бағытын айқындау оңай шешіле салатын шаруа емес. Мәселен, жарты ғасырдан астам уақыт бойы тікелей терминология мәселелерімен шұғылданып келген комитеттің (КНТТ) тұрақты жұмыс істегеніне және жүздеген зерттеу еңбектерінің жарық көргеніне қарамастан орыс терминологиясының әлі шешімін таппаған мәселелері баршылық деп есептеледі. Онымен салыстырғанда бізде жарық көрген еңбектер мен терминологияны зерттеумен арнайы айналысып жүрген

мамандар саусақпен санарлық-ақ. Қайта бұл мәселеге соңғы кезде көңіл аударыла бастады.

Жалпы қазір терминологияны бұрынғыдай тіл білімінің бір саласы ретінде қарамай, оны өз алдына дербес ғылыми пән деп тану қажеттігін терминолог-ғалымдардың көпшілігі қолдап отырғанын айту керек. Дәлірек айтқанда, терминологияның жалпы теориясы жасалып, оның ғылымдар қатарындағы орнын айқындау жолында көп жұмыстар істелді. Бүгінде терминологияның белгілі бір ғылым саласымен, логикамен және тіл білімімен байланыстылығы ескеріле отырып, терминологиялық жұмыстың ұғымнан сөзге қарай жүргізілуі керектігі дәлелденген деуге негіз бар. Бізде терминологияны зерттеуге бұл тәсіл тұрғысынан келу әлі өріс ала алмай келе жатқандығы – термин табиғатын тереңірек тануға мүмкіндік туғызып отырған жоқ.

Терминологиялық лексиканың әдеби тілге қатысы туралы мәселеге деген ғалымдардың көзқарасы да бірдей болмай келгендігі белгілі. А.Суперанская және басқа ғалымдар ондай пікірлерді үш топқа жіктейді:

1. Терминология – әдеби тіл лексикасының құрамына кіретін бір бөлігі.
2. Терминология – әдеби тілмен аз ғана ортақтығы бар ұлттық тілдің дербес лексикалық бөлігін құрайды.
3. Терминология – ешқандай да тіл емес, ол жасанды таңбалардың жүйесі болып табылады<sup>13</sup>.

Өз еңбектерінде олар екінші көзқарасты жақтай отырып, оның дұрыстығын дәлелдейтін деректер келтіреді. Тікелей осы мәселеге арналған мақаласында да А.Суперанская әдеби тіл мен терминологиялық лексиканың өзіндік ерекшеліктерін санамалап көрсетеді<sup>14</sup>.

Жалпы соңғы жылдары терминологиялық лексиканы әдеби тілдің құрамына кірмейтін дербес лексикалық қабат ретінде қараудың барынша қолдауға ие болып отырғандығын айтпасқа болмайды. Алайда, қазақ ғалымдары терминологиялық лексиканы әдеби тіл құрамында қарастырып келеді. Сондықтан мұны да ғылыми тұрғыдан толық шешімін таппаған, арнайы зерттеуді қажет ететін мәселелердің қатарына қосу керек.

Терминологияның күрделі теориялық мәселелерін айтпағанда салалық терминдерді жүйелеу, реттеу, қалыптау сияқты үнемі жүргізіліп отыруға тиісті практикалық маңызы зор жұмыстармен тікелей айналысып отырған өкілетті орган да, бұл істің жайын жетік білетін мамандар да жоқтың қасы.

Терминтану ғылымы жақсы дамып, терминологиялық лексикасы дұрыс жүйеленген тілдерде ғылым мен техниканың әрбір саласының өзіне тән терминжасам үлгілері, сол саланың ұғымдар жүйесінің ерекшелігін көрсете алатын терминдік элементтері қалыптасқан. Біздің тілімізде де ондай қызметтерді атқара алатын сөздер тобы мен қосымшалар жетерлік. Бірақ оларға нақты қызмет жүктеп, термин шығармашылығында іске қосу арқылы ұлт

13 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: вопросы теории. М., 1989, С. 17.

14 Суперанская А.В. Литературный язык и терминологическая лексика//Проблемы разработки и упорядочения терминологии в Академиях наук союзных республик. -М., 1983. С. 81-90.

тілінің термин жасау мүмкіндіктерін дамыту да тиісті деңгейде жүргізілмей отырған жұмыстардың қатарында.

Терминологияның дамуы да кез келген өзге ғылым саласы сияқты мамандарға тәуелді. Салалық терминологиялардың қалыптасуы мен дамуы белгілі бір ғалымдар мен сол ғылым саласында қызмет істейтін мамандардың есімдерімен тікелей байланысты. Бұл тұрғыдан да қазір бізде терминология саласында іргелі еңбектер жазып, жемісті қызмет етіп жүрген терминологтарымыз көп деп мүлде айта алмаймыз.

Осындай себептердің барлығы қазақ терминологиясының аз зерттелген ғылым саласы екендігін көрсетеді. Ендеше, терминологияның бүгінгі таңда даму бағытын айқындай алмай отыруына аталған себептердің әртүрлі деңгейде қатысы бар екендігі дау тудырмайды.

Кезек күттірмей шешілуге тиісті мәселенің бірі – қазақ терминологиясының қалыптасуы мен дамуының ғылыми принциптерін белгілеу. Академик Ә.Қайдаров дер кезінде бастаған бұл жұмыс қазір жалғасуда. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының терминология бөлімі ғылыми принциптерді арнайы зерттеу үстінде. Егер зерттеу жұмысы нәтижелі аяқталып жатса, терминологияның даму бағытын айқындаудың ғылыми негізі қаланбақ.

Сонымен, біз жоғарыда терминологияда қазіргідей жағдайдың қалыптасуының негізгі себептері жайлы сөз еттік. Ең басты себептерді қамтуды мақсат еткендіктен біздің назарымызға ілікпеген жайттар болса, өзге зерттеушілер тарапынан толықтырыла жатар. Алайда осы аталған жайттарды есепке ала отырып, жұмыс жүргізген күннің өзінде терминологияның едәуір мәселелерінің өз шешімін табатындығына күмән келтіргіміз келмейді.





## II ТАРАУ

ТЕРМИНДЕНУ – ТЕРМИН  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ БІР ТӘСІЛІ

## II. 1. «Терминдену» термині туралы

Терминдер негізінен белгілі бір ұлт тілі негізінде жасалады немесе өзге тілдерден дайын қалпында қабылданады. Ұлт тілінде жасалған терминдер де жалпы қолданыстағы сөздер сияқты сол тілдің сөзжасам тәсілдері арқылы туындайды. Термин шығармашылығының біз қарастырғалы отырған тәсілі – семантикалық (мәністік) тәсіл болып табылады. Алайда тілші-ғалымдар терминологиядағы семантикалық тәсілдің жалпы әдеби тілдегі семантикалық тәсілден елеулі өзгешеліктері бар екендігін көрсетіп жүр. Мәселен, В.В. Виноградов термин жасаудың семантикалық тәсілінің жалпы әдеби тілдегі семантикалық тәсілден айырмашылығы – жалпы әдеби тілде сөздің семантикалық тұрғыдан өзгеріске ұшырауы терминологиядағыдай емес, ұзақ эволюциялық процесс екенін айтса<sup>15</sup>, В.П.Даниленко осы пікірді қолдап терминологияда тілде бұрыннан бар сөздің семантикалық тұрғыдан өзгеріске ұшырап, жаңа мағынаға бейімделуі үшін ұзақ мерзімнің қажет емес екендігін атап көрсетеді. Сондай-ақ, соңғы аталған автор «жалпы әдеби тілде бұрыннан бар сөздердің семантикалық тәсіл арқылы мағыналық тұрғыдан қайта жаңғыруын, яғни, семантикалық тәсілді сөзжасамның тұрақты және өнімді тәсілі деп тануға болмайды. Тек жаңа дербес мағынаға ие болған жекелеген сөздер туралы ғана айтуға болады. Ал ғылым тілінде семантикалық тәсілдің орны айрықша. Бұл тәсілдің көмегімен жаңа терминдерге деген барлық сұраныстар өтеліп отырады»<sup>16</sup>, –дейді.

Терминологияда бұл тәсіл түрліше аталып жүр. Түрколог-ғалым К.Мұсаев терминжасамның бұл өнімді тәсілі – *халықтық лексиканың терминденуі (терминологизация народной лексики), лексика-семантикалық тәсіл, жалпы қолданыстағы сөздердің терминге айналуы, жалпы әдеби тілдегі сөздердің терминденуі, сөз мағынасының алмасуы, жалпы қолданыстағы сөздерге жаңа арнаулы мағына жүктеу, тілдегі сөздерді терминдік мағынада қолдану, байырғы сөздерді терминологиялық мағынада жұмсау, сөз мағынасын өзгерту* – деп аталып жүргендігін айтады<sup>17</sup>. Дәл осындай пікірді Ө.Айтбайұлының еңбектерінен де кездестіреміз<sup>18</sup>.

15 Виноградов В.В. Словообразование в его отношении к грамматике и лексикологии // Вопросы теории и истории языка. М., 1952. С. 145-146.

16 Даниленко В.П. Русская терминология. -М. 1977. С. 98, 102.

17 Мусаев К.М. Формирование, развитие и современные проблемы терминологии на языках союзных республик // Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. -М., 1986. С. 79.

18 Айтбайұлы Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. -Алматы, 1988. 159-б. Қазақ сөзі. -Алматы, 1997. 134-б.

Соңғы жылдары жарық көрген Иванов В.В., Фролова О.П., Пюрбеев Г.Ц., Суперанская А.В. және т.б. ғалымдардың еңбектерінде терминжасамның бұл тәсілі көбінесе терминологизация терминімен аталып жүр. Біздегі лингвистикалық сөздіктер мен ғылыми әдебиеттердің көпшілігінде бұл термин ұшыраспайды. Ө.Айтбайұлының еңбектерінде терминжасамның сөз болып отырған тәсілі жоғарыда аталған терминдермен және *мәністік тәсіл, терминдендіру, терминдену* деп аталады.

Бұл аталғандардың ішінен біз ең соңғы «терминдену» терминіне тоқталдық. Себебі, жоғарыда аталған терминдердің көпшілігі терминге қойылатын талаптарға сай емес немесе терминдік ұғымды дәл бере алмайды. Мәселен, *жалпы қолданыстағы сөздің терминге айналуы, жалпы қолданыстағы сөздерге жаңа арнаулы мағына жүктеу, жалпы әдеби тілдегі сөздердің терминденуі, байырғы сөздерді терминологиялық мағынада жұмсау, тілдегі сөздерді терминологиялық мағынада қолдану, халықтық лексиканың терминденуі, сөз мағынасын өзгерту* терминдері – біріншіден тым шұбалаңқы, қолдануға қолайсыз, екіншіден, олардың ұғым атауы болудан гөрі сипаттық мәні басым, үшіншіден, ғылыми ұғымның өзіне ғана тән ең маңызды белгілері қамтылмаған.

Айталық тек жалпы қолданыстағы немесе байырғы сөздер ғана термин ретінде қолданылмайды. Диалектизмдер, көнерген сөздер, кірме сөздер, қарапайым сөздер де, немесе белгілі бір арнаулы саладағы термин дайын қалпында өзге салаға көшірілу арқылы да термин жасалады. Сондықтан да бұл атаулар ұғымды дәл беріп тұр деп айту қиын.

Ал *семантикалық және лексика-семантикалық* тәсіл дегенге келсек, жалпы тілдегі семантикалық тәсіл мен терминологиядағы семантикалық тәсілдің елеулі айырмашылықтары болумен қатар, бұл терминдер мағынасының қамтитын аймағы, яғни терминнің экстенциясы мейлінше кең. Ұғым дәл берілуі үшін оның өзіндік ерекшелігін, басты белгілерін көрсететін атау қажет. Сонда ұғым атауы сол ұғым туралы көп мәлімет береді әрі оны өзге іргелес ұғымдардан ажыратып тұрады. Осы тұрғыдан қарағанда терминдену терминінің бірқатар артықшылықтары бар. Біріншіден, жоғарыдағы аталған терминдермен салыстырғанда ықшамды, екіншіден, термин шығармашылығының сөз болып отырған тәсілінің өзіне ғана тән басты ерекшелігін көрсете алады.

Терминологиядағы семантикалық тәсілдің жалпы тілдегіден тағы бір басты айырмашылығы – жалпы әдеби тілде сөз мағынасының алмасуы арқылы жаңа сөздің жасалуы жалпы лексикалық өріс ішінде, яғни, тілдің үлкен жүйесінің шеңберінде болып жататын процесс болса, терминологияда бұл процесс тілдің екі жүйесінің арасында немесе терминологиялық өрістер арасында жүріп жатады. Бұрын терминологиялық мағынада жұмсалмаған жалпы қолданыстағы болмаса диалекті сөз белгілі бір терминологиялық жүйеден орын алып, Реформатскийше айтқанда, сол жүйенің мүшесіне айналады. Яғни термин емес сөз термин қатарына өтеді де, егер ол термин болса, онда ол

өзге бір саланың терминіне айналып, екінші рет терминологиялық мағынаны иеленеді. Сондықтан да термин шығармашылығының бұл тәсілін *терминдену* (терминологизация) деп атасақ қарастырылып отырған терминжасам тәсілінің өзіне тән басты ерекшелігін көрсете аламыз. Атау терминделуші ұғымды дәл береді.

Терминденуші сөз тек жалпы қолданыстағы сөз болуы шарт емес, ол диалектизм де, кәсіби сөз де, архаизм де болуы мүмкін. Ол сөз белгілі бір арнаулы саланың, терминологиялық жүйенің тұрақты мүшесі болуы арқылы терминге айналады. Сөздің терминдену барысында мағынаның кеңеюі, тарылуы, арнайылануы сияқты түрлі семантикалық процестер болады. Ең бастысы – терминдену барысында сөз мағынасы терминделуші ұғымның негізгі белгілеріне сәйкес нақтыланады. Өйткені ғылыми ұғым, терминологиялық өріс соны талап етеді.

Сонымен, бұл жерде термин шығармашылығының тәсілін қалай атау қажеттігі жайында ғана сөз болды. Ал бұл тәсілдің түрлі мәселелері осы еңбектің келесі бөлімдерінде арнайы қарастырылады.

## II. 2. Терминдену тәсілінің түрлері

Жалпыхалықтық тілдегі сөздерге терминологиялық мағына жүктеу арқылы белгілі бір арнаулы саладағы терминдер қатарына өткізу жолымен термин жасау тәсілі – тіл білімінде терминдену деп аталынып жүргендігі белгілі. Терминдену орыс тіліндегі терминологизация терминінің қазақша баламасы екендігін жоғарыда айттық.

Терминдену мәселесі арнайы зерттелмегендіктен де болуы керек орыс тіл білімінде *терминологизация* және *терминирование* терминдерін тек бірлі-жарым авторлар ғана екі түрлі ұғым ретінде ажыратып қолданса, көпшілік авторлар олардың аражігін айырмай бір ғана ғылыми ұғымның атауы ретінде қолданады. Жалпы, бұл атаулар бірінің орнына бірі жұмсала береді. Оның себебі – ол атаулардың жеке-жеке термин ретінде қолданылуына негіз болатын ғылыми ұғымдардың өздерінің аражігі айқындалмағандығында жатыр деп білеміз.

Ал қазақ тіл білімінде *терминирование* термині жеке ғылыми ұғым атауы ретінде әлі таныла қоймаған. Ол терминденудің тасасында қалып қойып жүр. Жоғарыда айтқанымыздай оның ең басты себебі – аталмыш ұғымдардың терминологияда басы ашылып саралана қоймағандығынан. Біз орыс тіл білімінде осы ұғымдарды жеке ұғымдар ретінде қарастырушы авторларды қолдай отырып, *терминирование* терминін тілімізде *терминделу* деп атаған жөн деп санаймыз. Оның дұрыстығын дәлелдеу үшін ең бірінші сөз болып отырған ғылыми ұғымдардың аражігін ажыратып, оларды жеке ұғымдар ретінде көрсететін басты белгілерін, өзіндік ерекшеліктерін анықтаудың қажет екендігі сөзсіз.

Әдетте тілші-ғалымдар терминге лексикология тұрғысынан сөз ретінде қарайтындықтан оның ғылыми ұғыммен байланысы назардан тыс қалып қойып жатады. А.Суперанская бастаған авторлар терминологияның теориялық мәселелеріне арналған еңбектерінде Ф.Риггздің терминология концептология мен лексикологияның ортасынан орын алуы керек деген пікірін мысалға келтіреді<sup>19</sup>.

Терминнің табиғатын ашу үшін терминолог концептолог сияқты ұғымнан сөзге қарай және керісінше, лексиколог тәрізді терминнің қолданысына мән бере отырып, лексиколог пен концептологтың арасынан табылуға тиіс. Сонда ғана терминнің термин-сөз және термин-ұғым деп аталатын екі қырына бірдей мән берудің мүмкіндігі туындайды. Біздің терминделу және терминдену сөздеріне жеке-жеке терминдік мән беруіміз де терминнің осы екі қырымен тікелей байланысты.

Ғылым мен техниканың үздіксіз даму барысында белгілі бір ғылым саласында жаңа ұғым дүниеге келеді. Ол ұғым сол өзі қатысты болатын ұғымдар жүйесінен тиісті орнын алады. Яғни, ол ұғымның өзіне тән басты белгілері, басқа ұғымдардан ерекшелігі, көлемі айқындалады. Енді ол ұғым термин деңгейіне көтерілуі үшін тілде таңбалануы керек. Сол таңбаланушы ұғымды – терминологияда *терминделуші ұғым* деп атауға болады. Осы терминделуші ұғымның өз таңбалаушысын (означающее) тауып, тілдік формаға ие болуын, яғни сөзбен белгілену процесін біз *терминделу* деп білеміз.

Ал терминденуге келер болсақ, ол терминделуге қарама-қарсы процесс. Жаңа ұғым өзін белгілі бір сөзбен атауды қажет ететіндігі сияқты тілдегі сөздердің арасынан сол ұғымның мәнін толық ашатындай сөзді табу да қажет. Осы екі қажеттіліктің өтелуі негізінде термин пайда болады. Сонымен, терминдену дегеніміз – тілдің жалпы лексикасынан немесе арнаулы лексикасынан терминделуші ұғымға сәйкес келетін сөзді тауып, оны сол ұғым қатысты болатын терминологиялық өріске өткізу арқылы аталмыш ұғымның атауы ретінде терминдік мағына жүктеу процесі.

Ұғымның терминделуі мен сөздің терминденуі нәтижесінде термин туындайды. Терминделуді терминдену процесінің ұғым тұрғысынан қарағандағы екінші жағы деп түсінген жөн. Алайда терминологияда ең бастысы ұғым болғандықтан ұғым белгілі болмай тұрып, оны сөзбен белгілеудің қажеттілігі де болмайды. Яғни, терминделуші ұғым айқындалмаған болса, сөздің терминденуіне де негіз жоқ. Терминделу негізінде термин-ұғым, терминдену негізінде термин-сөз пайда болады да екеуінің бірлігінен термин жасалады. Терминделуші ұғым алғашқы болғандықтан терминденуші сөз оған бағынышты болады. Ғылым мен техниканың дамуына сәйкес ғылыми ұғым күрделенсе немесе мүлде өзгеріске ұшыраса, оның тілдік формасы – термин-сөз де өзгеріске ұшырауы да, сол қалпын сақтай қалуы да мүмкін. Соған қарап термин-сөз жай ғана шартты таңба деп оның рөлін төмендетуге

19 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология. -М., 1989. С. 21.

болмайды. Әрбір жеке термин-ұғым өзінің термин-сөзін иеленбесе, басқаша айтқанда, терминделуші ұғым белгілі бір сөзбен белгіленіп атауға ие болмаса, ол термин бола алмайды. Әрбір жеке ұғым ғана емес, олардың өзара байланысы тұтастай ұғымдар жүйесі термин-сөздерге де бағынышты. Ендеше термин-ұғым мен термин-сөзді де, терминделу мен терминденуді де бір бүтіннің екі қыры ретінде бірлікте, тұтастықта қарау қажет.

Енді жалпыхалықтық тілдегі сөздердің қалай терминденетіндігіне көңіл аударып көрелік. Көп жағдайда жалпы қолданыстағы сөздің терминденуіне терминделуші ұғым мен тілде бұрыннан бар ұғымның қандай да бір ұқсастықтары себеп болады. Мысалы, жалпы қолданыста *кебек* деп «ұнды елегенде, алғаш түйілген астықты ұшырғанда шығатын қауызды»<sup>20</sup> айтса, жол шаруашылығы терминологиясындағы *кебек* (высевка) термині «тау жыныстары мен жасанды тастарды майдалағанда алынатын, мөлшері 3-5 мм майда тас қалдықтары» деген ұғымды білдіреді<sup>21</sup>.

Бұл жерде жалпы қолданыстағы сөздің терминденуіне ұғымдардың ұқсастығы (екеуінің де бір нәрсенің қалдығы екендігі) негіз болған. Нәтижесінде жалпы қолданыстағы сөзден өзге ұғымды білдіретін жаңа термин сөз туындады да ол өзінің жасалуына негіз болған сөздің омониміне айналды.

*Кебек* термині биологияда да кездеседі. Биологияда *кебек* (отруби) деп «ұн елеген кезде, дәнді дақылдарды түйгенде түсетін протеин, май, клетчатка және күлге бай қалдықты» айтады<sup>22</sup>.

Мұнда жалпы қолданыстағы сөз бен термин бір ғана ұғымның атауы болып тұр. Алайда, олардың анықтамаларынан көріп отырғанымыздай, өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Дәлірек айтқанда, айырмашылықтары өте үлкен. Терминнің анықтамасы мейлінше нақты және онда кебектің құрамында протеин, май, клетчатка, күл сияқты заттардың болатыны көрсетілген. Сондай-ақ *кебек* термині өзі қатысты болатын терминологиялық өріс ішінде терминге тән қасиеттердің бәріне ие.

Байқап отырғанымыздай, екі арнаулы саладағы *кебек* термині де жалпы қолданыстағы *кебек* сөзінің негізінде екі түрлі терминденген.

Жалпы қолданыстағы сөздердің терминденгені тәрізді белгілі бір арнаулы саланың термині де қайта ойлау негізінде өзге ғылым саласына ауысып, басқа терминологиялық өрістен орын алуы мүмкін. Терминденудің мұндай жағдайында салааралық омонимдер туындайды. Бірақ бұдан салааралық омонимдердің барлығы тек терминденудің осы сөз болып отырған түрі арқылы ғана пайда болады екен деген түсінік қалыптаспауға тиіс. Оның өзге де өзіндік себептері бар.

Жалпы, тіл білімінде терминжасамның қарастырылып отырған әдісі – терминденудің бір түрі ретінде көрсетіліп жүр. В.Иванов, В.Даниленко сияқты ғалымдардың еңбектерінде терминденудің бұл аталған түрі – «*екінші терминдену*» (вторичная терминологизация) деген

20 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1979. 4-т.

21 Мұртазин Б., Атымтаев Б., Телтаев Б. Жол шаруашылығы терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1992.

22 Закиров М., Елемесов Қ., Қайымов К. Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1991. 2-т.

терминмен аталса, А.В.Суперанская бастаған авторлардың еңбектерінде «транстерминологизация» деген термин қолданылған<sup>23</sup>.

Терминденудің бұл түрі тіл білімінде арнайы зерттелмегендіктен де оның ерекшеліктері айқындалып, соған сәйкес нақты атауға ие бола алмай жүргендігі аңғарылады. Ал жоғарыдағы терминдердің қайсысын қолданған дұрыс дегенге келер болсақ, біздіңше, термиинденудің бұл түрін «екінші терминдену» деп атау терминдік ұғымды дәл бере алмайды. Себебі, кейбір сөздер жалпы лексикалық өрістен белгілі бір терминологиялық өріске өтіп, одан келесі ғылым саласынан немесе кез келген арнаулы саладан орын алумен ғана шектеліп, яғни екі-ақ рет терминденіп қана қоймауы мүмкін. Бір терминнің үш, төрт немесе одан да көп арнаулы салаға алмасуы терминологияда ұшырасып тұратын құбылыс. Мәселен, *редукция* термині философияда, заң ғылымында, тіл білімінде қолданылса, *ісіну* термині геологияда, медицинада, жол шаруашылығы терминологиясында қолданылады.

Ғылымның бір саласынан екінші, үшінші, төртінші... салаларына терминдену жолымен ауысқан мұндай терминдердің терминологияда аз ұшыраспайтыны аңғарылады. Егер сөздің немесе терминнің қанша рет терминденгендігіне, яғни неше ғылым саласына ауысқанына қарап айтар болсақ, онда «үшінші терминдену», «төртінші терминдену»... деп терминологиядағы бір ғана құбылысты бірнеше атаумен атауымызға тура келген болар еді. Сондай-ақ жалпы қолданыстағы бір ғана сөздің негізінде бір мезгілде бірнеше арнаулы саланың терминдері жасалуы да мүмкін. Мәселен тіліміздегі *ескек* сөзі терминденудің екі түрлі тәсілмен спорт терминіне және өсімдіктану терминіне айналған. Бұлай терминдену бір ғылым саласындағы дайын терминнің екінші ғылым саласына өтуінен өзгеше. Мұнда да сөз екі рет терминденіп тұр. Сондықтан да «екінші терминдену» терминін сәтті жасалған терминдердің қатарына қосуға болады деп айта алмаймыз.

А.В.Суперанская бастаған авторлардың өз еңбектерінде бұл терминді қолданбай «транстерминологизация» терминін енгізуінің өзіндік себептері болса керек. Біздіңше, осы соңғы термин алдыңғы терминге қарағанда терминделуші ұғымның мәнін аша түседі. Латын тілінен (француз тілінен емес) алынған «транс» терминдік элементі «қандай да бір кеңістік арқылы ауыстыру» деген мағынаны білдіреді<sup>24</sup>.

Әрбір арнаулы саладағы ұғымдар бір-бірімен өзара байланыста бола отырып, өзіндік жүйе құрайды. Кез келген термин өзінің терминге тән барлық қасиеттерін сақтай алатын олардың өмір сүру аймағы – терминологиялық өріс өзінше дербес кеңістік болып табылады. Терминнің бір терминологиялық өрістің шекарасынан өтіп, келесі бір терминологиялық өрістен орын алуын «транс» терминдік элементі арқылы білдірудің себебі осында жатқан болар

23 Иванов В. Терминология и заимствования в современном китайском языке. М., 1973. С. 44. Даниленко В.П. Русская терминология. М., 1977. С. 27. Суперанская А. и др. Общая терминология: вопросы теории. –М., 1989. С. 203.

24 Локшина С.М. Краткий словарь иностранных слов. –М., 1987.

деп ойлаймыз. Сондықтан да алдыңғы терминмен (екінші терминдену) салыстырғанда терминденудің бұл түрін транстерминологизация деп атаудың артықшылығын көрсететін өзіндік негізіміз жоқ емес.

Ал қазақ тіліне келгенде терминденудің бұл түріне ат қоюда біз оған басқа қырынан келдік. Транстерминологизация терминінің құрамындағы «транс» терминдік элементінің орнына біз тіліміздегі «ішкі» сөзін алып, термин шығармашылығының (терминотворчество) бұл түрін «*ішкі терминдену*» деп атауды ұйғардық. Оның ең басты себебі – терминдену кезінде сөз жалпы лексикалық өрістен (немесе кәсіби сөздер мен диалектизмдер есебінен, яғни терминологиялық лексикадан тыс жатқан сөздердің негізінде жасалса) терминологиялық өріске өту арқылы термин жасалса, ішкі терминдену кезінде сырттан сөз алынбай, термин терминологиялық жүйенің өз ішінде белгілі бір ғылым саласындағы терминнің негізінде жасалады. Яғни, *ішкі терминдену* тілдің кіші жүйесінің шеңберінде жүріп жататын процесс. Соған сәйкес *ішкі терминдену* термині аталмыш процестің өзіне ғана тән ерекшелігін және терминденудің алғашқы түрінен айыратын ең басты белгісін көрсетеді деген есеппен осы атауға тоқталдық.

Бұрын терминдік мағынада жұмсалмаған сөз бен белгілі бір арнаулы саладағы дайын терминді өзге ғылым саласының термині ретінде қайта пайдаланудың өзіндік ерекшеліктері бар. Сол ерекшеліктерін ескере отырып, оларды терминдену тәсілінің екі түрі деп тану қажет. Терминологиялық жүйенің сыртында жатқан сөздердің (олардың қатарына жалпы қолданыстағы сөздер, диалектизмдер, кәсіби сөздер, көнерген сөздер жатады) термин ретінде пайдаланылуын шартты түрде «сырттан терминдеу» деп атауға болады. Оны жалпы терминдену деп атайтынымыз белгілі. Біздің сырттан терминдену деп отыруымыздың себебі – ішкі терминдену мен сырттан терминдену процестерінің яғни бір ғана терминдену құбылысының екі түрінің аражігін айқын көрсету мақсатынан туындап отырған әрекет. Енді осы терминдену процесінің аталған екі түрінің басты айырмашылықтарына тоқталалық.

Сырттан терминденудің ең басты ерекшелігі – терминделуші ұғымға атау болып отырған сөз терминологиялық лексикадан алынбайды. Көбінесе жалпы қолданыстағы сөздерге терминдік мағына жүктеліп, белгілі бір арнаулы саладағы ұғымның атауы ретінде тиісті дефиниция беріледі. Сөз жалпы лексикалық өрістен терминологиялық өріске өтіп, соған сәйкес терминге тән қасиеттерді иеленеді. Терминдену жолымен жасалған терминнің туындауына негіз болған жалпы қолданыстағы сөздің де өзіндік қасиеттері сақталып, бастапқы мағынасында жұмсала береді. Терминдену нәтижесінде оның қолданысына нұқсан келеді деуге болмайды.

Жалпы қолданыстағы сөздің терминденуін мына мысалдан көруге болады. Жалпы қолданыста *дабыл* сөзі: 1) «Жаугершілікте, жорықта, той-думанда халықты бір жерге жию үшін пайдаланылған аспап»; 2) «саусақпен қағып ойнайтын музыкалық аспап» деген ұғымдарды білдіреді<sup>25</sup>.

25 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1978. 1-т.



Тіліміздегі осы сөздің терминденуі негізінде *дабыл* (тревога) әскери термині жасалған. Әскери терминологияда дабыл термині төмендегідей бір-бірімен өзара байланысты ұғымдарды білдіреді: 1) «Әскери бөлімшенің (бөлімнің, құраманың) белгіленген мерзімде толық жауынгерлік дайындықта болуы және алдын-ала жоспарланған шепке (орын, жер) орналасуы үшін берілетін шартты (ракета, сирена, горн арқылы) белгі; 2) жергілікті жердегі халықты әуе қаупінен, атом, химиялық қарулардың қаупінен немесе т.б. сақтандыру хабары; 3) белгілі бір тәртіптің күшіне енгендігін көрсету үшін берілетін шартты белгі (немесе сигналдар жүйесі)»<sup>26</sup>.

Терминденудің мұндай жағдайында жалпы қолданыстағы термин емес сөз белгілі бір терминологиялық өріске енгізіліп, терминдік мағынаға ие болады да, соның нәтижесінде жалпы қолданыстағы сөз бен термин омонимге айналады немесе сөздің бастапқы мағынасы нақтыланады (тарылады, кеңиді).

Терминденудің бұл түрі жалпы қолданыстағы сөздің бастапқы мағынасының метафоралануы, өзге тілдегі сөздің калькалануы (семантикалық конверсия) және сөз мағынасының нақтылануы сияқты жолдар арқылы жүзеге асырылады.

Ал ішкі терминдену кезінде ең алдымен терминделуші ұғым атауы терминологиялық жүйенің өз ішіндегі белгілі бір терминологиялық өрістен алынады. Мәселен, физикада, психологияда, тіл білімінде қолданылатын өріс термині, философияда, тіл білімінде қолданылатын *байымдау* және *донор* (химия, медицина), *субъект* (философияда, логика, заң ғылымында) сияқты көптеген терминдер терминологиялық жүйенің өз ішінде бір ғылым саласынан екінші ғылым саласына ауыстыру арқылы жасалған. Мұндай салааралық омонимдердің туындауына көбінесе жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі тәрізді, ғылыми ұғымдардың өзара ұқсастықтары негіз болады. Сондай-ақ жоғарыда айтқанымыздай, терминологиядағы салааралық омонимдердің пайда болуына тек ішкі терминдену ғана себеп болмайды. Жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуінің нәтижесінде де көптеген салааралық омонимдер туындауы мүмкін. Мәселен, өсімдіктанудағы *тамыр* термині мен медицинадағы *тамыр* терминдерінің жасалуына, яғни салааралық омонимдердің туындауына осы ұғымдардың жалпы халықтық тілдегі атаулары негіз болған. Жалпы қолданыста *тамыр* деп «өсімдіктің су мен қоректік заттарды жеткізіп тұратын мүшесін» және «қан жүретін жолды» айтады<sup>27</sup>.

Тіліміздегі тамыр сөзінің екі түрлі мағынасының нақтыланып, терминдік мағынада жұмсалыуының негізінде салааралық омоним пайда болған.

Ғылымда белгілі бір құбылысты, ұғымды әртүрлі ғылым тұрғысынан қарастыруға байланысты да салааралық омонимдер туындайды. Мысалы, *дыбыс* термині тіл білімінде, музыкада, физиологияда қолданылады. Тіл білімінде «сөйлеу мүшелерінің қатысымен айтылып, естуге болатын ең

26 Аманжолов К. Әскери терминдердің орысша-қазақша сөздігі. –Алматы, 1982.

27 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы, 1985. 8-т.

кішкентай бөлшек – *дыбыс* делінеді»<sup>28</sup>. Музыкалық терминологияда «*дыбыс* деп – қатты дененің (металл, газ, ішек немесе қуыс трубканың ішіндегі ауаның) тербелісінен толқын түрінде таралатын қозғалысын» айтады<sup>29</sup>. Ал физиологияда «*дыбыс* дегеніміз – ауаның аумаққа қарай толқындалуы»<sup>30</sup>.

Ішкі терминденудің тағы бір өзіндік ерекшелігі – тіліміздегі сөзжасамның әртүрлі тәсілдері (аналитикалық, синтетикалық, лексика-семантикалық) арқылы жасалған терминдер де терминдене алады. Яғни, қандай да бір терминологиялық өріс ішіндегі термин шығармашылығының түрлі тәсілдері арқылы туындаған терминдер жалпы қолданыстағы сөздер тәрізді дайын атау ретінде бір саладан екінші салаға көшіріле береді. Терминденудің екі түрінің ұқсастығы да осында жатыр. Ішкі терминдену кезінде терминологиялық жүйенің ішіндегі бұрын жасалған термин бір өрістен екінші өріске қалпын сақтай отырып ауысса, сырттан терминдену кезінде ұлттық тілде бұрыннан бар дайын сөз де сол қалпында тілдің арнаулы лексикасының бір саласы болып саналатын терминологияға өткізіледі. Сонымен қатар ішкі терминдену кезінде тек ұлттық тілдің негізінде жасалған атаулар ғана емес, шет тілдерінен алмасқан терминдер де терминденеді. Себебі, ішкі терминдену кезінде олар терминологиядағы дайын атаулар болып саналады. Мысалы, *донор* термині: 1) химияда, 2) медицинада, 3) техникада, 4) экономикада (мемлекеттің, ұйымның, банктің донор болуы); *субъект* термині: 1) философияда, 2) заң ғылымында, 3) логикада; *редукция* термині: 1) философияда, 2) тіл білімінде (фонетикада), 3) заң ғылымында, 4) медицинада (стоматология саласында) қолданылады. Осы терминдердің барлығы да ішкі терминдену процесінің нәтижесінде бір арнаулы саладан келесі арнаулы салаға көшірілген. Мұндай терминдер терминологияда аз кездеспейді. Бұдан шығатын қорытынды – ішкі терминдену кезінде терминнің қай тілдің сөзі екендігі ескерілмей, оның дефинициясы мен белгілейтін ұғымы негізгі рөл атқарады. Яғни, шет тілдерінен енген терминдер де (термин алмасу жолымен) ұлттық тілдегі сөздермен бірдей терминдік қасиеттерге ие болатындықтан терминдену кезінде де олармен тең дәрежеде тұра алады.

Ішкі терминдену кезінде жалпыхалықтық тілдегі сөздердің терминденуі арқылы жасалған терминдер терминология көлемінде қайтадан терминденсе, яғни, бұл жолы бір тәсіл екі рет қолданылса, терминжасамның өзге тәсілдерінің көмегімен жасалған терминдер мен шет тілдерінен алмасқан терминдер енді термин шығармашылығының өздері жасалған жолынан бөлек тәсіл (ішкі терминдену) арқылы келесі бір ғылым саласындағы терминдердің қатарын толықтырады. Бұл құбылыс термин шығармашылығында бір ғана сөздің негізінде әртүрлі тәсілдерді пайдалану жолымен жаңа терминдердің жасала беретіндігін көрсетеді.

Жоғарыда жалпыхалықтық тілдегі сөздердің де, арнаулы саладағы терминдердің де терминденуінің нәтижесінде омонимдер туындайтындығы туралы сөз болды.

28 Кенесбаев С., Жанузаков Т. Русско-казахский словарь лингвистических терминов. – Алматы, 1966.

29 Ғизатов Б. Қазақша музыкалық-терминологиялық сөздік. – Алматы, 1981.

30 Керімбектің Ермаханы. Физиология атауларының орысша- қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1992.

В.Даниленко ондай омонимдерді *жүйеаралық омонимдер*<sup>31</sup>десе, кейбір авторлар (А.А. Реформатский, А.Суперанская т.б.) әртүрлі ғылым саласындағы терминдердің таңбалаушыларының сәйкес келуін «салааралық омонимдер» (*межотраслевые омонимы*) – дейді.

Біздіңше, *жүйеаралық омонимдер* деп жалпы қолданыстағы сөздер мен арнаулы саладағы терминдердің, яғни, тілдің жалпы лексикалық жүйесі мен терминологиялық жүйесінің арасындағы сәйкестікті атаған жөн. Ал *салааралық омоним* терминін аталған авторлар қолданған мағынада жұмсасақ, терминологиядағы омоним түрлерінің аражігі ашылып, аталған терминдер олардың өзіндік ерекшеліктерін көрсете түскен болар еді.

А.Суперанская бастаған авторлардың аталған еңбектерінде терминдену нәтижесінде бір ғылым саласынан өзге ғылым саласына немесе терминологияға алмасқан терминнің сол ғылым саласында қалыптасқан жаңа мағынасына сәйкес өзінің бастапқы саласына «қайта оралуын» – ішкі терминденудің бір түрі ретінде қарастырып, оны – *ретерминологизация* терминімен атайды. Терминденудің бұл түрін біз қазақ тілінде *кері терминдену* деп атасақ, терминделуші ұғымның мәні толық ашылады деп білеміз. Алайда, бұл процесс терминологияда өте сирек ұшырасатындықтан ол туралы арнайы сөз қозғаудың әзірше реті жоқ.

Сонымен, біз жоғарыда терминденудің термин шығармашылығының өзге тәсілдерінен басты ерекшелігін және оның негізгі екі түрінің өзіндік айырмашылықтары мен ұқсас жақтарын сөз еттік. Жалпыхалықтық тілдегі сөздердің терминденуі мен терминологиялық лексиканың терминденуін бір ғана процестің екі түрі дей отырып, терминденудің алғашқы түрінің соңғысына қарағанда терминологияда әлдеқайда өнімді екенін айтқан жөн.

### II. 3. Сөз таптарының терминдену ерекшеліктері

Ұлттық тілдегі сөздердің терминдену деңгейі бірдей бола бермейді. Тілдегі әр алуан лексика-семантикалық топтарға қатысты болатын сөздердің де терминологиялық жүйеден орын алу мүмкіндіктері әркелкі. Мәселен, бір ғана өсімдіктер дүниесіне қатысты лексиканы алар болсақ, өсімдіктердің құрылым-құрылысын білдіретін сөздер мен (*сабақ, жапырақ, тамыр, буын* т.б.) өсімдік атауларының (*бидайық, долана, жоңышқа, селеу, тобылғы* т.б.) терминдену деңгейін салыстыруға келмейді. Алғашқылары толық мәніндегі терминдер ретінде өсімдіктану ұғымдарының жүйесінен берік орын алса, кейінгілері сол жүйеге тікелей қатыссыз, яғни терминдік емес атауыштық (номен) қызмет атқарады. Немесе кейбір ғалымдардың айтуынша терминденудің екінші сатысындағы сөздер<sup>32</sup>.

\_\_\_\_Сөздердің терминденуін сөз таптары тұрғысынан қарастырудың да  
31 Даниленко В.П. Русская терминология. –М., 1977. 27-б.

32 Шкатова Л.А. Различные степени терминологизации наименований лиц //Современные проблемы русской терминологии. –М., 1986. С. 41.

маңызы зор. Сөз таптарының терминдену мәселесі жалпы тіл білімінде әлі өз шешімін таба қоймаған. Бұл мәселе жеке тіл білімдерінде жан-жақты зерттеліп жатса, сол зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, жалпы тіл білімі деңгейінде тиісті қорытындылар жасауға мүмкіндіктер туған болар еді. Біз төменде тіліміздегі әртүрлі сөз таптарына қатысты болатын сөздердің ғылым мен техниканың немесе өзге де арнаулы салалардағы терминдердің қатарынан орын алудағы өзіндік ерекшеліктеріне тоқталмақшымыз.

Сөз таптарының терминденуі жөніндегі тілші-ғалымдардың пікірлері бір арнаға тоғыса бермейді. О.С.Ахманова еуропа тілдерін мысалға ала отырып, терминдердің құрамын тек зат есімдермен-ақ толтыруға болады десе<sup>33</sup>, Н.А.Щеглова «терминологиядағы дерексіздікті (абстракция), зат, сапа мен әрекет туралы ғылыми-техникалық ұғымдарды білдірудің шын мәніндегі бірден-бір лексика-грамматикалық құралы зат есім болады»<sup>34</sup>, – деп алғашқы пікірді қолдай түседі.

Шындығында да терминдердің барлығы тек зат есімдер болуы керек пе? Бұл сұраққа ұзақ жылдар бойы терминология мәселелерімен кәсіптік деңгейде айналысып жүрген ғалым В.П.Даниленко басқаша жауап береді. Ол чех ғалымдарының аталмыш проблемаға қатысты зерттеулеріне сүйене отырып, тек зат есімдер ғана емес, сонымен қатар сын есім, етістік, үстеу, есімдік сияқты сөз таптары да термин бола алады деген қорытынды жасайды<sup>35</sup>.

Қазақ тіл білімінде сөз таптарының терминденуі арнайы сөз болған жерде ең алдымен, төл терминологиямыздың қалыптасуына олардың қатысы, терминдену ерекшеліктері сияқты қырларына мән берілуге тиіс. Осы тұрғыдан қарағанда ғылым мен техника, өнер т.б. арнаулы салалардағы терминдердің басым көпшілігі зат есімдер екенін айтқан жөн. Қазақ терминологиясының негізгі бөлігін құрайтын сөз табы ретінде алдымен аталмыш сөз табының терминдену ерекшеліктеріне тоқталалық.

Терминдердің негізінен зат есімдер болуының негізгі себептері ретінде зат есім категориясының семантикалық мүмкіндігінің мол екендігі де, сондай-ақ жоғары дәрежедегі абстрактілікті білдірудегі артықшылығы да жоғарыда аталған ғалымдар тарапынан әділ көрсетілгенін айтпасқа болмайды. Алайда, зат есімдердің термин ретінде бірінші орында тұруының негізгі себебі осылар ғана ма, әлде өзге де себептері бар ма? – деген сұрақ туындайды. В.Даниленконың етістіктің бұйрық рай формасымен келетін *тік тұр!*, *дайындал!*, *көзде!* сияқты әскери терминдермен осы тәрізді спорт терминдерін зат есімдермен алмастыруға еш келмейтінін айтады.

Автордың бұл пікірі алдымен зат есімдермен қатар етістіктің де термин бола алатындығын аңғартса, сол арқылы зат есімнің семантикалық мүмкіндігінен гөрі терминделуші ұғымдардың мол болатынын, яғни терминдердің бір ғана

33 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. –М., 1966.

34 Щеглова Н.А. К вопросу о грамматических средствах терминологизации русских глаголов в профессиональной речи XVII- XVIII веков // Уч. зап. МГПИ им. В. И. Ленина. –М., 1968. Т. XXXVIII, вып. 8. С. 89.

35 Даниленко В.П. Грамматические особенности терминов // Исследования по русской терминологии. –М., 1971. С. 45-57.

сөз табымен шектелмейтіндігінен хабардар етеді. Сондай-ақ дерексіздік мағынаны өзге сөз таптары да білдіре алады. Мәселен *ойлау, сезіну, қабылдау* сияқты терминдерде абстракті заттық ұғым процеспен тікелей байланысты.

Терминологияда зат есімдер дерексіз ұғымдар мен бірге деректі ұғымдарды білдіруі жағынан да бірінші орында тұр. Мәселен, техникадағы – *иіндібілік, ебелек, қаңғалақ*; медицинадағы *асқазан, өт, сілекей*; өсімдіктанудағы *түйін, тұқымжарнақ, гүлтабан* сияқты терминдер нақты ұғымдардың атаулары.

Зат есімнің авторлар атап көрсеткен қасиеттері оның терминологияда өзге сөз таптарымен салыстырғанда анағұрлым көп орын алу себептерінің қатарынан табылатыны рас. Бірақ біз зат есімдердің терминологияда бірінші орында тұруының ең басты себебі – оның тілде атқаратын қызметіне байланысты туындайды деп білеміз. Тілде зат есімдер заттар мен құбылыстардың атауы ретінде әртүрлі деректі және дерексіз ұғымдарды білдіріп, атауыштық қызмет атқаратындығы белгілі. Терминологиядағы терминдер де дәл сондай деректі немесе дерексіз ұғымдардың атаулары болып табылады. Яғни, жалпы әдеби тілдегі қарапайым ұғымдар да, терминологиядағы ғылыми ұғымдар да бір ғана зат есім категориясы арқылы көрініс табады. Сондықтан да терминологияда зат есімнің басым болуының ең басты себебі – аталмыш сөз табының тілде деректі немесе дерексіз ұғымдардың атауы ретінде атауыштық қызмет атқаруында.

Адам баласы өзін қоршаған шындық өмірдің құпияларын ашу барысындағы жетістіктеріне, ашқан жаңалықтарына атау беріп отырады. Ғылым мен техниканың, мәдениеттің үздіксіз дамуы ондай жаңа атаулардың көбеюіне жол ашып отыр. Өркениет барысында қол жеткізген ғылым дамуының белгілі бір нәтижесінің тіліміздегі көрінісі болып табылатын терминдердің негізінен зат есімдер болуының объективтік негізі – тілде атауыштық қызметтің ең алдымен зат есімге жүктелетіндігі десек шындықтан алшақ кетпейміз.

Қазақ терминологиясының алуан түрлі салаларындағы жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі арқылы жасалған зат есім терминдердің арнаулы саладан орын алуының өзіндік ерекшеліктері бар. Жалпы лексика негізінен сөздің тура мағынасының метафоралануы, сөз мағынасының тарылуы, кеңеюі (яғни нақтылануы) және калькалану тәсілдері арқылы терминденеді.

Көп жағдайда екі затты немесе құбылысты салыстыру барысында байқалған олардың қандай да бір ұқсастықтары сөздің бастапқы мағынасының метафоралануына негіз болады. Ондай ұқсастың негізінен бұрыннан бар ұғым мен жаңа ұғымның түр, түс, көлем, пішін, қызметтеріне байланысты болуы мүмкін. Мысалы, терминделуші ұғым мен бұрыннан белгілі заттың немесе құбылыстың қызмет ұқсастықтарына байланысты жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуін мына мысалдан көруге болады. Әдеби тілде *сауыт* деп «оқтан, найза-сүңгіден сақтану үшін ертеде батырлар киген тор көзді темір кіреукені» және «әртүрлі зат салып қоятын кішігірім құты ыдысты» айтса<sup>36</sup>,

36 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы. 1985 8-т.

биологияда сауыт (панцирь) деп «Кейбір жәндіктер (мысалы, шаянтәрізділер) мен жануарлардың (бірысыпыра балықтар, жорғалаушылар, тасбақа, крокодил), сүтқоректілердің денесін қаптап, оларды жауыннан, зақымданудан қорғайтын қатты жабындыны»<sup>37</sup> айтады.

Батырдың сауыты оны оқтан, найза-сүңгіден қорғаса, жәндіктер мен жан-жануарлардың сауыты оларды зақымданудан, жауыннан қорғайды. Екі сауыттың да қызметтері ұқсас.

Ұғымдардың сыртқы пішіндерінің ұқсастығына қарай сөздің метафоралану жолымен терминденуін келесі мысалдан көре аламыз: Әдеби тілде *сырға* деп «әртүрлі қымбат металдар мен асыл тастардан жасалған, сән үшін әйелдердің құлағына тағатын затты» айтса, биологияда *сырға* термині «кейбір құстардың алқымындағы екінші жыныстық белгісі болып табылатын салпыншақ теріні»<sup>38</sup> білдіреді.

Мұнда эшекейлік бұйым мен құстың салпыншақ терісінің арасында ешқандай қызмет ұқсастығы жоқ. Сөздің алғашқы мағынасының метафоралануына екі ұғымның сыртқы формаларының ұқсастығы негіз болған.

Бұрыннан бар ұғым мен жаңа ұғымның арасында осылар сияқты қандай да бір ұқсастықтар болмаса жаңа терминнің туындауына уәждемелік негіз болмаған болар еді.

Г.Ц.Пюрбеев ұғымға ат қою кезінде ескі ұғым мен жаңа ұғымды салыстыру барысында сол тілде сөйлеушілердің санасында олардың басын біріктіретін, жақындастыратын әйтеуір бір ортақ ұқсастық табылмайынша ешқандай семантикалық алмасудың болмайтындығын айтады. Сондай-ақ аталған автордың сөздің бастапқы мағынасының метафоралануы арқылы жасалған терминдер табиғаты жағынан негізінен деректі заттық ұғымдардың атаулары болатынын сондықтан да олардың аталушы объектілері үнемі нақты (деректі) болатын техникалық, ботаникалық, анатомиялық және географиялық терминологияға тән екендігін атап көрсетугі ете орынды<sup>39</sup>.

Деректі ұғымдардың атауы болатын сөздердің метафоралану тәсілі арқылы терминденуінің себебі дерексіз ұғымдарға қарағанда оларды көзбен көріп, қолмен ұстап, өзара салыстыру мүмкіндігінің молдығынан болса керек.

Жалпы қолданыстағы сөздердің мағыналары нақтыланып, оған ғылым дамуының деңгейіне сәйкес дефиниция берілу арқылы да сөз терминденеді. Мысалы, әдеби тілде *түйсік* деп «сананың, ақыл-ойдың тітіркенуі арқылы болатын сезіну қабілетін»<sup>40</sup> айтса, философияда «сезім мүшелеріне әсер ету нәтижесінде туындайтын және ми қабығының нерв орталықтарын қоздыратын шындық өмірдегі заттардың қасиеттерінің сәулеленуін»<sup>41</sup>, – *түйсік* дейді.

Бұл жағдайда таңбалаушы мен таңбаланушы сәйкес келгенімен термин мен жалпы қолданыстағы сөздің арасында елеулі айырмашылық бар. Сөз арқылы

37 Закиров М., Елемесов Қ., Қайымов К. Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. –Алматы, 1991. 2-т.

38 Закиров М., Елемесов Қ., Қайымов К. Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. –Алматы, 1991. 2-т.

39 Пюрбеев Г.Ц. Современная монгольская терминология. –М., 1984. С. 100.

40 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы, 1986. 9-т.

41 Философский энциклопедический словарь –М., 1983.

ұғым туралы жалпы мағлұмат берілсе, терминнің дефинициясы арқылы сол ұғымды өзге ұғымдардан айыратын оның ең басты белгілері аталып көрсетіледі. Ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес, терминнің дефинициясы да толығып, өзгеріске ұшырап отырады. Ғылым неғұрлым дамыған сайын сөз бен терминнің арасы алшақтай түседі. Бұл тәсілмен жасалған терминдер жалпы қолданыстағы сөзден өзі қатысты болатын терминологиялық өріс пен терминге тән дефинициясы арқылы ажыратылуға тиіс.

Жоғарыда тіліміздегі сөздердің калькалану арқылы да терминденетінін айттық. Мысалы, жалпы қолданыста *желкен* деп «кеменің, қайықтың жүруіне көмек болу үшін мачтаға керілген қалың матаны»<sup>42</sup> атаса, өсімдіктануда *желкен* термині «гүлдің ең жоғарғы күлтежапырақшасы» деген ұғымды білдіреді. Осы термин орыс тілінде парус деп аталады. Терминді қазақ тілінде аудару кезінде парус сөзінің жалпы қолданыстағы қазақша баламасы желкен өсімдіктану терминдерінің қатарынан орын алды. Яғни, желкен сөзі семантикалық калькалану жолымен терминденді. Ал орыс, тіліндегі парус термині метафоралану тәсілімен жасалған.

Терминденудің бұл тәсілдері барлық терминденуші сөз таптарына қатысты болады. Сөз таптарының терминденуінің өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Ғылым мен техниканың түрлі салаларындағы етістік терминдердің ішінде ең көп ұшырасатыны – тұйық етістік.

Етістіктің бұл түрі арқылы жасалған терминдерді арнаулы салалардың барлығынан дерлік табуға болады. Мысалы, тіл білімінде – *жіктеу, септеу, қиысу, қабысу, матасу, меңгеру, үстеу, жалғау* т.б.<sup>43</sup> Заң ғылымында — *айыптау, анықтау, беттестіру, ескерту, тергеу, тұтқындау, тінту, таныту, іздеу* т.б.<sup>44</sup>, геологияда – *бұрғылау, қабатталу, кептелу, үгілу, шаймалау, сүйірлену, ісіну* т.б.<sup>45</sup>, экономикада – *арзандау, арзандату, жекешелендіру, кему, қымбаттау, тұтыну, ұзарту, өткізу, үйлестіру, сақтандыру* т.б.<sup>46</sup>, информатикада – *жобалау, жоғалу, елеу, қамығу, мүшелу, күту, сұрыптау, перделу* т.б.<sup>47</sup>, әдебиеттануда – *шендестіру, әсірелеу, дамыту, теңеу, суреттеу, толғау* т.б.<sup>48</sup>, философияда – *адасу, қоздыру, бейнелеу, табыну, ойлау, байқау, қорыту, терістеу, шектеу, байымдау, қалыптасу* т.б.<sup>49</sup>, химияда – *тұтану, шіру, булану, ісіну, көмірлену, тотығу* т.б.<sup>50</sup>.

Қазақ тілі терминологиясындағы қимыл атау формасымен келетін терминдер көбінесе орыс тіліндегі – **ени(е), ани(е)** суффикстері арқылы жасалған терминдерге сәйкес келетінін байқауға болады. Мәселен, *септеу* –

42 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1979. 4-т.

43 Кенесбаев С., Жанузаков Т. Русско-казахский словарь лингвистических терминов. – Алматы, 1966.

44 Сапарғалиев Ғ. Заң терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1995.

45 Сапарбаев К., Нүсіпбаев Т. Орысша-қазақша геологиялық түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1991.

46 Сабырбаев Б. Экономикалық терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1993.

47 Алдашев С., Ахметов Н. Информатика мен есептеуіш техника терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1993.

48 Әбетов Ғ. Әдебиеттану терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1962.

49 Балқашев У. Философия терминдерінің орысша-қазақша сөздігі//Орысша-қазақша терминология сөздігі. – Алматы, 1962.

50 Нұрахметов Н., Шаяхметов Ш. Химия терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1992.

*склонение, жіктеу – спряжение, жалғау – окончание, теңеу – сравнение, ойлау – мышление, тозаңдану – опыление* т.б.

Сондай-ақ орыс, тіліндегі – **к(а)** және – **изаци(я)** суффикстері арқылы жасалған кейбір терминдердің мағынасын да қазақ тілінде қимыл атау формасы арқылы беруге болады. Мысалы, *жекешелендіру – приватизация, сұрыптау – сортировка, арзандату – уценка* т.б. Бұл құбылыс тіліміздегі қимыл атау формасымен келетін етістіктердің семантикалық мүмкіндігінің молдығын және терминдену процесіндегі өнімділігін аңғартады.

В.Даниленко орыс тілінде «егер етістік барлық уақытта тек процестің, әрекеттің терминделуші ұғымын білдірсе, етістіктен жасалған зат есімдер өзінің грамматикалық табиғатына сәйкес заттық ұғымды білдіріп, процесс нәтижесін, әрекет ету құралын белгілейтін екінші заттық мағына туғызады, ол іс жүзінде процесті белгілейтін терминмен омоним болады»<sup>51</sup>, – дейді.

Етістік негізіне – у жұрнағы жалғану арқылы жасалған формалар тілімізде етістік категориясының құрамында қаралып жүргенімен, қимылдың, әрекеттің нақтылы процесін білдіруден гөрі оның атауы ретінде қызмет ететіндіктен де қимыл атауы делініп, семантикасы жағынан да, түрленуі жағынан да етістіктен гөрі зат есімге жақынырақ екендігі айтылып жүр<sup>52</sup>.

Қимыл атаулары терминологияда қимыл-әрекетті білдіру мағынасын сақтай отырып, көбінесе дерексіз заттық ұғымдардың атауы болып келеді. Яғни, белгілі бір процесс пен сол процесс нәтижесінде туындаған заттық ұғымның басын қосып, бір ғана атаудың ішіне сиғызады. Қимыл атауларының бұл әмбебаптық қасиеті бірінен-бірі туындайтын іргелес жатқан ұғымдардың аражігін ашудан гөрі олардың арасын жымдастырып, жақындата түседі. Іс жүзінде ондай тұтастықтың ғылымда немесе кез келген арнаулы салада сол ұғымдардың арасы айқын ажыратылмауына, болмаса оларды жіктеудің қажетсіздігіне байланысты болуы да мүмкін. Тілде процестік ұғым мен заттық ұғымның аражігі ажырап, дербес мағынаға не болған жағдайлар да молынан ұшырасады. Мысалы, тіл біліміндегі *жалғау* термині «сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді жалғастырып, сөз тудырып, сөз өзгертіп тұратын қосымша», – деген ұғымды білдіреді. Мұнда нақты заттық мағына бар. *Жалғау* деп белгілі бір басы ашық қосымшаларды (көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларын) айтамыз. Осы қосымшаларды қандайда бір сөзге қосу процесін айтсақ, онда процестік мағына бар. «Түбір етістікке көптік жалғауын жалғауға болмайды» десек, осындағы алғашқы жалғау зат есім де, екіншісі – етістік. Бірі – заттық ұғымды, екіншісі – процесті білдіріп тұр. Бұл қатарды *теңеу, қоршау, егеу, қашау* сияқты терминдермен толықтыра беруге болады.

Тілдік деректерге қарағанда, егер қимыл атау формасымен келетін терминдер процесс пен дерексіз заттық ұғымды білдірсе, онда олардың аражігі көмескіленіп, бір ұғым сияқты көрінеді екен де, ал процестің нәтижесі немесе

51 Даниленко В.П. Русская терминология. –М., 1977.

52 Ысқаков А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991. 287-б.



құралы нақты ұғымды білдірсе, олардың аражігі айқындалып, дербес атаулар түрінде көрінуге мүмкіндігі арта түседі екен.

Терминологияда қимыл атау формасымен келетін терминдердің молынан ұшырасуының себебі – ең алдымен қимыл-әрекетті білдіру үшін етістіктің қажеттілігінен болса, екіншіден терминдердің ұғым атауы ретінде зат есімге тән формада көрінуді қажетсінетіндігінен деп білеміз. Қимыл атауының бойында осы екі қажеттілікті де өтейтін қасиеттер бар.

Терминологияда сын есімдердің де өзіндік орны бар. Сын есімдер негізінен тіркесті терминдердің құрамында кездеседі. Мысалы, *жай сөйлем* (тіл білімі), *қара өлең* (әдебиеттану), *сары дақ* (физиология), *ащы ішек* (медицина) деген терминдердің алғашқы сыңарлары сапалық сын есімдер де, *жұқпалы ауру* (медицина), *қалыпты қысым* (химия), *тұрлаусыз мүше* (тіл білімі) терминдерінің бірінші сыңарлары қатыстық сын есімдер болып табылады. Яғни, терминологияда қатыстық сын есімдер де сапалық сын есімдер де тең дәрежеде қолданылады.

О.С.Ахманова тіркесті терминдер құрамындағы сын есімнің өзі тіркесетін зат есімнен тең дәрежеде термин болатын жағдайынан, сын есімнің өзі термин болмай зат есім белгілейтін терминдік ұғымға қатысты болатын тұстарын ажырата білу қажеттігін айтқан болатын<sup>53</sup>.

Шындығында да, сын есімнің терминдік қызметін анықтауда аталған ерекшелік ескерілуге тиіс. Мәселен, *қосалқы бүршік*, *жылдық сақина* (өсімдіктану), *жаяу әскер*, *отты қару* (әскери терминдер), *қосымша құн*, *жеке меншік* (экономика) терминдерінің алғашқы сын есім сыңарлары жеке алғанда, термин емес те, екінші зат есім сыңарлары терминдер. Арнаулы ұғым бұндай жағдайда тұтастай сөз тіркесі арқылы беріледі. Ал *дауысты дыбыс*, *дауыссыз дыбыс* сияқты терминдердің екі сыңары да терминдік ұғымдарды білдіреді. Алғашқы сыңарлары жеке термин ретінде *дауыстылар*, *дауыссыздар* немесе *ашық дауыстылар*, *қатаң дауыссыздар* түрінде сапалық сын есімдермен тіркесіп те қолданылады. Осы тәрізді тіркесті терминдердің құрамындағы дербес терминдік мағынасы бар сын есімдерді В.Даниленко «терминдік элемент» деп көрсетеді, [1971, 56]. Біз де осы пікірді қолдай отырып, екі сыңары да терминдік ұғымды білдіретін тіркесті терминдердің құрамындағы сын есімдерді терминдік элемент деп білеміз. Өйткені олар бүтіннің бөлігін құрайды әрі негізгі терминдік ұғымды білдіруші басыңқы сыңарына нақты терминдік мағына үстейді.

Алғашқы сыңарлары дербес терминдік мағынаны білдірмейтін (қосалқы бүршік) терминдердің айырмасы – олар ұғымдардың аражігін ажыратушылық қызмет атқарғанымен дербес терминдік мағынаны білдіре алмайды.

Терминологияда сын есімнің зат есім сияқты дербес ешбір сөзбен тіркеспей терминденуі де ұшырасады. Мәселен *сезікті (подозреваемый)* деп, заң ғылымында «қылмыс істеді деген күдікпен ұсталған және айып тағылмастан бұрын бұлтартпау шарасы қолданылған адамды»<sup>54</sup> айтады.

53 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М., .1966. С. 12.

54 Сапарғалиев Ф. Заң терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1995.

Бұл терминді толықтырып айтсақ, «сезікті адам» деген болар едік. Алайда, *дауысты дыбыс* терминін *дауыстылар* деп қолданған сияқты бірінші сын есім сыңары ғана алынып отыр. Сын есім субстантивтенген.

Тіліміздегі үстеу, есімдік сияқты сөздердің терминденуі өте сирек. Терминденген жағдайдың өзінде олар зат есім қатарына көшеді. Терминденуі жағынан зат есімнен кейінгі орында тұрған сын есім мен етістікке де заттану құбылысы жат емес. Кейбір ғалымдар (В. Даниленко т.б.) ғылыми әдебиетте етістіктердің терминдік мәнде жұмсалатынына көбірек мән беру керектігін айтады. Алайда терминдер мен олардың ғылыми әдебиетте қолданылуын бір деңгейге қоюдың қисыны жоқ.

Қорыта айтқанда, терминдер алуан түрлі арнаулы салалардағы деректі немесе дерексіз ұғымдардың атаулары ретінде заттық формада көрінеді. Терминнің осы қасиетіне сәйкес мейлі ол қай сөз табынан жасалса да субстантивтенеді. Ендеше сөз таптарының терминденуі олардың зат есім қатарына өтуімен тікелей байланыста жүзеге асырылады.

#### **II. 4. Терминдену және термин шығармашылығындағы шарттылық**

Арнаулы лексиканың қай саласындағы терминді алсақ та, олардың кез келгенінің термин шығармашылығының әйтеуір бір тәсілі арқылы жасалғандығын көруге болады. Ғылыми-техникалық терминдердің қандай тәсілмен жасалғандығына қарамастан термин жасау барысында белгілі бір дәрежеде шарттылықтың, жасандылықтың болатындығы жасырын емес. Солай бола тұрса да, термин сөз бен оның жасалуына негіз болған термин емес сөздің мағыналары арасындағы байланыс тұрғысынан қарағанда тілші-ғалымдардың пікірлері бір арнаға тоғыса бермейді. Әсіресе соңғы жылдары ана тілі негізінде термин жасау үрдісінің қарқын ала бастауына байланысты пікірлер алшақтығы айқын көрініп отыр.

Тілші-ғалымдардың бір тобы жаңадан жасалған терминдердің көпшілігі жасанды, терминдік ұғымды дәл бере алмайды, мағыналары тар, сондықтан мүмкіндігінше шет тілі терминдерін өзгеріссіз қабылдаған жөн, одан тілімізге зиян келмейді десе, екінші тобы, керісінше, шет тілі терминдерін шектен тыс көп қабылдау өте қауіпті, төл сөздерімізді терминдік мағынада қолданып, оларға қосымша мән берсек, термин ретінде қалыптасып кете алады дейді.

Бір-бірімен онша сәйкес келе бермейтін осындай пікірлердің қатар өмір сүріп отыруының өзі терминологияның көптеген теориялық және практикалық мәселелерінің әлі ғылыми тұрғыдан толық шешімін таба қоймағандығының айғағы. Әрине, пікірлер егесінен шындық туындайды дейтін қағида тұрғысынан қарағанда, әртүрлі пікірлердің болғаны дұрыс, тіпті заңды. Алайда, бұл мәселенің көтерілгеніне аз уақыт болған жоқ. Ғылым мен техниканың сан алуан салаларында жаңа ұғымдар пайда болуда. Олар белгілі бір ортақ заңдылыққа сәйкес атауға ие болып, тілдің терминологиялық

жүйесінен тиісті орындарын алуы керек. Сондықтан да мәселенің дұрыс шешімін таппай ұзақ пікір таластыруды уақыт көтермейді. Дәлірек айтқанда, ғылыми дәлелденген ортақ мәмілеге келмей пікірлер алшақтығының жалғаса беруі – терминологияда түсініксіздік туғызып, термин жасау процесіне кері әсерін тигізері сөзсіз.

Термин шығармашылығының бағыт-бағдарын айқындау үшін ең алдымен термин жасаудың, қалыптастырудың және оларды шет тілдерінен қабылдаудың ғылыми принциптерін белгілеп алу қажеттілігі туындайды. Ал терминология принциптерін белгілеу үшін терминжасам тәсілдері, терминологиялық лексиканы қалыптастырудың негізгі көздері және шет тілдерінен термин қабылдаудың жолдары мен тәртібін айқындау сияқты мәселелер жан-жақты зерттелуі тиіс. Қазақ терминологиясының бұл аталған қырлары мүлде зерттелмеген дей алмаймыз. А.Байтұрсынұлынан бастап, кейінгі жылдары жарық көрген Ә.Қайдаров, Ө.Айтбаев, Б.Қалиев, Ш.Білалов сияқты ғалымдардың еңбектерінде басы ашылған жайттар аз емес. Бірақ соған қарамастан тіл білімінің өзге салаларымен салыстырғанда терминологияның тым аз зерттелгендігін айтпасақ болмайды.

Тілдің үлкен жүйесін құрайтын жалпы лексика мен кіші жүйесін құрайтын терминологиялық лексиканың өзара байланысын жалпы қолданыстағы сөздер мен терминдердің семантикалық құрылымына талдау жасау арқылы көрсету және термин мен термин емес сөздің өзіндік ерекшеліктерімен ұқсас жақтарын осы тұрғыдан айқындау бізде арнайы қарастырыла алмай келе жатқан жайттардың бірі. Біз төменде термин мен оның жасалуына негіз болған жалпыхалықтық тілдегі сөздердің семантикалық белгілерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыра отырып, олардың арасындағы семантикалық қатынастарды анықтауды және сол арқылы терминологиядағы шарттылықтың мәніне тереңірек үңілуді мақсат етіп отырмыз.

Жоғарыда біз кейбір ғалымдардың терминдер жасандылығын олардың кемшілігі деп білетінін айттық. Ең алдымен, осы терминдердің жасандылығы туралы мәселеге тоқталайық.

Әлемге әйгілі тілші-ғалым Бодуэн де Куртэнне тілдің адамға қызмет етуші құрал екенін, адам оны өз мақсатына орай өзгертуге құқылы ғана емес солай істеу оның әлеуметтік парызы екендігін айта отырып, «Көптеген жаңа сөздер мен ғылыми-техникалық және басқа да терминдер адамның саналы әрекеті негізінде тек «жасанды» жолмен туындайды»<sup>55</sup> деген болатын. Терминнің жасандылығын өзге де көптеген терминолог ғалымдар атап айтады. Терминология мәселелерімен ұзақ жылдар бойы кәсіптік деңгейде айналысқан ғалымдардың бірі Г.О.Винокур «Терминдер өздігінен пайда болмайды, олар қажеттілігіне қарай ойлап табылады, «қолдан жасалады»<sup>56</sup> десе, «Жалпы терминология» монографиясының авторлары «Қазіргі дәуірдің ғылыми

55 Бодуэн де Куртэнэ. Избранные труды по общему языкознанию. –М.,1963. Т. II. С. 140.

56 Винокур Г.О. О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии // Тр. МИФЛИ. –М., 1939. Т. 5. С. 24.

терминологиясы – бұл жасанды қалыптастырылған лексикалық қабат»<sup>57</sup>, – дейді.

Бүкіл терминология жасанды сөздер жиынтығы болатын болса, сонда біздің жасандылықтан қашуымызды қалай түсінуге болады? Жаңадан жасалған терминдердің жасандылығын сынай отырып, бәріміз кезінде А.Байтұрсынұлдары жасаған терминдерді қолданамыз және терминді солай жасау керек деп, оларды үлгі ретінде ұсынып жатамыз. Егер шындығына келсек, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, етістік, зат есім, есімдік, жалғау сияқты А.Байтұрсынұлының қаламынан туындаған жүздеген терминдердің барлығы да өз уақытында жасанды болған. Бірізді қолдану барысында олар әбден қалыптасып, жасандылығы ұмытылып үйреншікті терминдерімізге айналды. Қазір ешкім оларды жасанды деп жатсынбайды. Бүгінгі таңда туындап жатқан жаңа терминдердің ішінде де сәтті жасалғандары жетерлік. Тек оларды саралап алып қолданысқа енгізу қажет. Қазір бұл жұмыс өз деңгейінде жүзеге асып жатыр деуге болмайды. Оның себептері жеткілікті. Сондай басты себептердің бірі – салалық мамандар мен тілшілердің осы уақытқа дейін ана тілі негізінде термин жасаудан гөрі оларды шеттілдерінен дайын қалпында қабылдауға дағдыланғандығынан. Сондай-ақ ғылым мен техниканың сан түрлі салаларында еңбек етіп жүрген білікті ғалымдарымыздың өз еңбектерін ана тілінде жазбауы ғылым тілінің өркендеуіне, қазақ терминологиясының ұлттық сипатқа ие болуына көмектесіп отырған жоқ.

Осыдан жарты ғасырға жуық уақыт бұрын (1951 жылы) ұлы жазушы-ғалым М.Әуезов «...қазақтан шыққан инженерлер, дәрігерлер, биологтар, математиктер өз еңбектерін өз халқы тілінде жазып таратпауын немен ақтауға болады?»<sup>58</sup> деп қатты қынжылған болса, бүгін шынайы еркіндікке қолы жетіп, тілі мемлекеттік мәртебеге ие болған елдің ғалымдарының елеулі бөлігінің сол қажетсіз дәстүрді жалғастырып, ғылым тілінің өркендеуіне үлес қоспай отырғандығы өте өкінішті.

Ана тілінің негізінде термин жасаудың үлгісін көрсеткен А.Байтұрсынұлы сияқты нағыз ұлттық кадрлар жойылғаннан кейін термин жасау ісі де тоқырауға ұшырады. Соның салдарынан тіліміздегі термин қорының 70 пайызынан астамын шет тілі терминдері құрайтын жағдайға жеттік. Солақай саясаттың салдарынан қалыптасқан жағдайды ұлттық тілдің мүддесіне орай түзетуге бет бұрып отырған тұста, ана тіліміз негізінде жасалған терминдерді өзіміз жатсынуымыз тіліміздің мүмкіндігін шектеуге әбден үйретілгендігімізден болса керек.

Терминнің жасандылығын мойындамау – ол тілдің қызметін дұрыс түсінбеу, басқаша айтқанда, тіліміздегі сөзжасам тәсілдерінің іске қосылуына кедергі жасай отырып, сол арқылы ұлттық тілдің жетілуіне, дамуына тосқауыл болу деген сөз. Керісінше, тілдің сөзжасам (терминжасам) тәсілдерінің

57 Суперанская Л.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология. –М.. 1989. С. 8.

58 Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1985. 19-том, 271-б.

ашылмаған мүмкіндіктерін тауып, ұлттық тілдің баюына үлес қосу – тілші-ғалымдардың төл міндеттерінің бірі болуға тиіс деп ойлаймыз.

Ал төл сөздеріміздің негізінде жасалған терминдердің мағынасы тар, олар терминделуші ұғымды дәл бере алмайды дегенге келер болсақ, бұл пікірдің де көп жағдайда үстірт айтылып жүргендігін байқаймыз. Арнаулы салаларда үнемі жаңа ұғымдар пайда болып, олар атауды қажет етіп жататындығы белгілі. Ал жалпы тілде бәрінің де бұрыннан өз атауы бар. Сондықтан жаңа ұғымдарға ат қою кезінде тілде бұрыннан бар атаулар пайдаланылады. Яғни, терминделуші ұғымға ат қою қашанда екінші атаулау (номинация) процесінің нәтижесі болып табылады. Термин саналы түрде жасалатын жасанды сөз болғандықтан, оның жасалуына негіз болған тілде бұрыннан бар сөздің мағынасын тарылтуға да, оған қосымша мағына үстеуге де, сондай-ақ сол сөздің негізінде жаңа сөз жасауға да болады.

Ұғымның дәл берілмеуі туралы сөз қозғағанда, ұғымды дәл беру дегеннің не екенін айтпауға болмайды. Сөздің ұғымды дәл беруі деп біз ұғым белгілерінің ішіндегі сол ұғымды өзге ұғымдардан айрықшалайтын өзіне тән ең басты белгілерін оның атауымен ұштастыра білуді түсінеміз. Терминнің сәтті немесе сәтсіз жасалуы осыған тікелей байланысты. Алайда, терминологияда ұғымның негізгі белгілері терминнің дефинициясы арқылы көрсетілетінін де ескеруіміз керек. Термин жасау барысында шарттылыққа көп жол берілетіндігіне оның дефинициясының да әсері бар. Термин әбден қалыптасып, терминдік мағынаның тұрақтауы барысында оның анықтамасы айрықша рөл атқарады.

Қазақ тіл білімінде шарттылық мәселесіне көңіл аударған ғалым-академик Ә.Қайдаров. Ол өзінің «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» деген еңбегінде қазақ терминологиясының принциптерінің бірі ретінде – дәстүр мен шарттылық принципін ұсынады. Ғалым индустардың бас теріні – скальпті сылып алатын *скальпельмен* оның баламасы ретінде қолданылып жүрген *қандауыр* қызметтерінің мүлде ұқсамайтынын, *ветеран* терминінің баламасы ретінде қалыптасқан *ардагер* сөзінің бастапқы мағынасы мен қазіргі мағынасы және бүгінгі терминдік мағынасы арасындағы алшақтықты сөз ете отырып, «кез келген терминнің төркініне шұқшия қарап, тегін қазбалай берсек, оның лексикалық мағынасы мен бүгінгі терминдік мағынасы арасындағы алшақтық, яғни дәстүрлік қолданыс пен шарттылық айқындала түседі, сөйтіп оның ғылыми дәлдігіне күмән келеді»<sup>59</sup>, – дейді.

Рас, терминдердің төркініне үңіле берсек, олардың жасалуына негіз болған сөздердің бастапқы мағынасы мен қазіргі терминдік мағыналарының арасындағы алшақтықты көру қиын емес. Алайда, терминология үшін терминнің этимологиясына үңілу басы артық қажетсіз жұмыс деп саналады. «Общая терминология» монографиясының авторлары өз еңбектерінде «терминолог үшін сөздің төркіні мен мағынасына мән беру тек сол ұғымды сөзбен таңбалау кезінде ғана қажет, ал термин жасалғаннан кейін ол өзінің

59 Қайдаров Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы. 1993. 32-34-бб.

бастапқы мағынасынан қол үзіп терминологияның өз заңдылығына сәйкес дамиды»<sup>60</sup>, — деп көрсетеді.

Терминделуші ұғымды сөзбен таңбалау кезінде жасандылықтың, шарттылықтың болатындығы сөзсіз. Бірақ, одан жаңа ұғымды кез келген сөзбен белгілей беруге болады деген түсінік тумауға тиіс. Термин жасау барысында қаншалықты шарттылық болғанмен де тілде бұрыннан бар сөздің мағынасына сүйенуге, этимологиясына мән беруге немесе тілде бұрыннан бар ұғымдарды жаңа ұғыммен салыстыруға тура келеді. Оған көз жеткізу үшін жоғарыда аталған шарттылық жолымен жасалған терминдердің мағыналық құрылысына талдау жасап көрелік.

*Скальпель* терминінің қазақ тіліндегі баламасы ретінде алынған *қандауыр* термині термин жасаудың лексика-семантикалық тәсілі арқылы жасалған. Оған осы атаулардың мағыналарының құрылымын салыстыру арқылы көз жеткізуге болады. *Скальпель* деп медицинада хирургтердің операция жасайтын ұзындығы 12-15 см кішкене пышағын айтса, жалпы қолданыста *қандауыр* деп «денеден қан алуға арналған үшкір кішкене пышақты»<sup>61</sup> айтады.

Сөздің лексикалық мағынасы да, терминнің терминдік мағынасы да ұғымның мазмұны арқылы анықталатыны белгілі. Яғни, ұғымның мазмұнын құрайтын белгілерге сәйкес сөздің лексикалық мағынасы семантикалық белгілерге, яғни, семаларға жіктеледі. Тілімізде бұрыннан бар *қандауыр* сөзінің *скальпель* терминінің баламасы ретінде қабылдануына, яғни, қандауыр сөзінің терминденуіне осы лексемамен таңбаланушы ұғымдардың ортақ немесе ұқсас белгілері себеп болған. Ол ортақ белгілер мыналар: 1) екеуі де пышақ; 2) екеуінің де формасы шағын – кішкене; 3) екеуінің де қызметтері ұқсас – кесу немесе тесу; 4) екеуі де емдеу мақсатында емшілер немесе хирургтер пайдаланатын құрал.

Біз терминді талдауда ұғымның жетекшілік рөліне айрықша мән беріп, оны басты назарда ұстаймыз. Басқаша айтқанда, ұғымдардың белгілерін салыстыру арқылы термин сөз бен оның жасалуына негіз болған термин емес сөздің мағыналарын құрайтын ортақ семаларды анықтауға болады деп білеміз. Ал семалар ортақтығы термин сөз бен оның жасалуына негіз болған жалпы қолданыстағы сөз мағыналарының арасындағы байланысты көрсетеді.

Лексиколог ғалым Э.В. Кузнецова «сөздердің лексикалық мағынасын құрайтын семалар сол сөзбен таңбаланатын ұғымның белгілеріне сәйкес келеді. Ұғымның белгілері шындық өмірдегі құбылыстардың белгілерін бейнелейді, сондықтан семалар тілден тыс (внелингвистический) қасиетке ие болады»<sup>62</sup>, — дейді.

Терминдерді талдауда ұғым мен ұғымдық өрісті басшылыққа алатын біздің зерттеуіміздің теориялық негізін ғалымның пікірі нығайта түседі. Ғалым тұжырымының дұрыстығына күмән келтіруге негізіміз жоқ. Сондықтан біз жоғарыда көрсеткен ұғымның белгілерін – жалпы қолданыстағы сөз бен сол

60 Суплеранская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология. –М., 1989. С. 87.

61 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1982. 6-том.

62 Кузнецова Э.В. Лексикология русского языка. –М., 1989. –С. 32.

сөздің негізінде туындаған терминнің мағынасын құраушы семалар деп айта аламыз. Бұдан біз жалпы қолданыстағы *қандауыр* сөзінің терминге айналуына негіз жеткілікті екенін көріп отырмыз. Дәлірек айтқанда, шарттылықтың сыртында сол шарттылыққа баруға себеп болатын заңдылықтың тұратындығы олардың мағыналарын құраушы семалардың ортақтығынан анық байқалып тұр.

Кезінде жігіттің сұлтаны, елінің ардақты азаматын сәйгүлікке телуден туындаған *«арда кер»* тіркесінің *еңбек ардагері, соғыс ардагері, партия ардагері* тіркестерінің құрамындағы ардагерге айналып *ветеран* терминінің баламасы ретінде жаңа терминнің қалыптасуында да жоғарыдағыдай заңдылық бар.

Халық бір заманда алты алашқа серілік өнерімен әйгілі болған әрі ақын, әрі әнші Ақандай елінің құрметіне бөленген ұлдарын «арда кер» десе, бүгін ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп, қазір халқының құрметіне бөленіп отырған ардақты азаматтарды *ардагер* дейтініміз белгілі.

Бастапқыда *«арда кер»* түрінде қолданылып жүрген тіркестің *ардагерге* айналып, жаңа мағынаға ие болуына себеп болған ұғым белгілерінің ұқсастығы. Екі сөздің де мағынасында кездесетін ортақ сема – ардақтылық, құрметтілік.

Жоғарыда талданып отырған мысалдардан олардың мағыналарының алмасуына себеп болған ортақ ұғым белгілерінің семалар санының бірдей емес екендігін көруге болады. Алғашқы мысалда салыстырылған ұғымдардың ортақ белгілері бірнешеу болса, кейінгі мысалда ондай ортақ белгі біреу ғана. Оның себебі ұғым мазмұнымен тікелей байланысты. Бірінші мысалда ұғымдар нақты әрі олардың көлемдері тарлау болғандықтан, ұғымдардың мазмұндары кең, соған сәйкес ұғым белгілері де көп. Ал екінші мысалда ұғымдар көлемі кең болғандықтан, олардың мазмұндары тар, сондықтан да ұғым белгілері санаулы-ақ. Салыстырылған ұғымдардың бірінде ортақ белгілердің көп, екіншісінде аз болу себебі де сонда жатыр. Ұғым белгілерінің сәйкес келуіне орай, ұғымдардың қаншалықты дәрежеде ұқсас екенін де көруге болады.

Ұғым белгілерінің мағына бөліктері семаларға сәйкес келетіндігін жоғарыда айтқанбыз. Сол себепті ұғымдардың ортақ белгілері көп болса, соған орай сол ұғымдарды таңбалайтын сөздердің лексикалық мағынасын құраушы ортақ семалар да көп болады деген тұжырым жасауға негіз бар. Оған жоғарыдағы мысалдар дәлел бола алады.

Жалпы термин шығармашылығындағы шарттылық сөзжасамның барлық тәсілдері арқылы жасалған терминдерге тән деуге болады. Бірақ ұзақ уақыт қолданылу барысында олардың жасандылығы аңғарылмай кетеді. Олардың жасалу жолдарын айқындай бастасак, терминнің жасалуындағы шарттылыққа көз жеткіземіз. Жаңадан жасалған терминдер әбден үйреншікті болып кете қоймағандықтан, олардан шарттылық бірден аңғарылып тұрады. Жаңа терминдер сөздігінен алынған мысалдардан оны айқын көруге болады<sup>63</sup>.

Мысалы, *жал (аренда), ұлан (гвардия), құжат (документ), алқа (коллегия), бәсеке (конкуренция), несие (кредит), ұлпа (ткань), даңғыл (проспект), аймақ*

63 Калиев Б., Күркебаев Ш. Орысша-қазақша және қазақша-орысша терминдер сөздігі. –Алматы, 1960.



(регион), үрдіс (тенденция), көлік (транспорт), кеден (таможня), дулыға (шлем), індет (эпидемия) сияқты терминдер лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған болса, төреші (арбитр), төрелік (арбитраж), қауымдастық (ассоциация), зейнеткер (пенсионер), бұрауыш (отвертка), ерітінді (раствор), демеуші (спонсор), тежеуіш (супрессор), жұдырықша (кулачок), қадауша (стояк) сияқты терминдер синтетикалық тәсілді пайдалану жолымен жасалған.

Ал ішперде (брюшина), гүлшанақ (бутон), тіқұшақ (вертолет), сенім хат (доверенность), тамырсабақ (корневище), көлтабан (лиман), бұршаққын (стручок), нарықтық экономика (рыночная экономика), іс жүргізу (делопроизводство), аманат ақша (вклад), қосалқы бөлшектер (запасные части), ұйқы безі (поджелудочная железа), кіндік тамыр (пупочный канатик) тәрізді терминдер аналитикалық тәсіл арқылы туындаған.

Қорыта айтқанда, термин шығармашылығында жасандылыққа, шарттылыққа бару кезінде сол шарттылықтың жүзеге асуына негіз болатын заңдылыққа табан тіреуге тура келеді. Басқаша айтқанда, шарттылықтың да өз заңдылығы бар. Ол заңдылық ұғымға тікелей қатысты. Кез келген арнаулы саладағы жаңа ұғымға ат қою кезінде сол ұғым бұрыннан белгілі ұғымдармен салыстырылады. Ойша салыстырылып отырған ұғымдар арасындағы қандай да бір ұқсастық (форма, қызмет, түр т.б.) бұрыннан белгілі ұғым атауының жаңа ұғымға алмасуына себеп болады. Бұрыннан белгілі ұғым атауы әртүрлі дәрежедегі өзгеріске ұшырауы да немесе бастапқы қалпын сақтауы да мүмкін. Бұрыннан белгілі ұғым атауының, яғни, лексеманың жаңа ұғымға еш өзгеріссіз көшуі – терминжасамның лексика-семантикалық жолымен жүзеге асырылса, жаңа лексеманың пайда болуы, тіркес құрамына енуі өзге тәсілдер арқылы іске асады.

Сонымен, жаңа ұғымға ат қою кезінде міндетті түрде шарттылыққа жүгінуге тура келеді. Егер ондай шарттылықты мойындамасақ, онда жаңа термин жасау мүмкін болмаған болар еді.

## II. 5. Күрделі терминдер құрамындағы терминденген сөздер

Қазақ тілінің терминологиялық лексикасы да өзге тілдердегі сияқты термин шығармашылығының түрлі тәсілдерін пайдалану арқылы жасалған. Мәселен, жәбірленуші, тергеуші, қамқоршы, айыптаушы, абайсыздық, куәлік сияқты заң терминдері морфологиялық тәсілмен, тұрлаусыз мүше, ежелгі өткен шақ, ілгерінді ықпал, жақты сөйлем тәрізді тіл білімі терминдері синтаксистік тәсілмен, қайық, желкен, перде, ескек сынды өсімдіктану терминдері лексика-семантикалық тәсілмен жасалған болса, атом, антизол, карбонат, мезоатом, ортофосфат, реактор сияқты химия терминдері өзге тілдерден дайын күйінде алынған.

Осындай термин шығармашылығының белгілі бір тәсілі арқылы жасалған термин жайында сөз қозғағанда сол терминнің жасалуына өзге тәсілдердің де



қатысы жоқ па деген сұрақ туындайтын тұстар болады. Біз төменде сондай терминдер төңірегінде ой өрбітпекшіміз. Дәлірек айтқанда, термин жасаудың бір тәсілі болып табылатын терминденудің өзге тәсілдермен байланысына көңіл аударуды мақсат етіп отырмыз.

Жалпыхалықтық тілдегі сөздердің терминденуі жөнінде сөз болғанда, әдетте түбір немесе туынды түбір сөздердің дайын қалпында арнаулы ұғым атауы ретінде пайдаланылуы айтылып жүр. Мәселен, Ө.Айтбайұлы өз еңбегінде *қоғам, отан, ошақ, орта, күрес, кеш, еңбек, жарыс, ер, мүше, батыр, шешен, жоба, кеңес, мазмұн, түр, атақ, дәреже, бұйрық, тап, білім, ғылым* сияқты терминдерді мысалға келтіреді<sup>64</sup>.

Автор көрсеткен терминдердің жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі арқылы жасалғандығы күмән туғызбайды. Біздің назарымызды аударып отырған терминдер келтірілген мысалдағыдан өзгешелеу. Айталық, физикалық терминологияда *актиний үйірі, изотоптар үйірі, радий үйірі, уран үйірі, нептун үйірі, сызықтар үйірі, қисықтар үйірі, радиоактивті элементтер үйірі* немесе *механизмнің қажуы, металдың қажуы, материалдың қажуы, термалық қажу, коррозиялық қажу* деген терминдер бар<sup>65</sup>.

Мұндай терминдердің терминжасамның аналитикалық тәсілі арқылы жасалған терминдер қатарына жатқызылып жүргендігі белгілі. Өйткені бұл аталған терминдер екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуі арқылы туындап отыр. Ал осы терминдердің құрамындағы *үйір* және *қажу* сөздерінің жалпы қолданыстығы лексикалық мағынасы мен терминологиялық мағынасының арасындағы айырмашылық тұрғысынан қарайтын болсақ, бұл терминдердің жасалуына лексика-семантикалық тәсілдің де қатысы бар сияқты көрінеді. Яғни, сөздердің тіркесуі арқылы жасалған терминдердің бір компоненті терминденген деуге негіз пайда болып отырғандығын айту керек.

Сөз болып отырған мәселенің негізсіз емес екендігіне көз жеткізу үшін тіркесті термин құрамындағы терминденген деген сөздердің екі жүйедегі ерекшеліктерін айқындауға тура келеді. Мысалы, жалпы қолданыста *үйір* деп «бір айғырдың қарамағындағы құлын-тайы аралас, 15-20 шақты биелер тобын» айтады<sup>66</sup>.

Жалпы әдеби тілдегі «*қасқа айғырдың үйірі*» деген сөз тіркесі мен терминологиядағы «*уран үйірі*», «*актиний үйірі*» сияқты тіркестердің құрамындағы «үйір» сөзінің қолданысында да, мағынасында да елеулі өзгерістер бар. Бірінші тіркестегі үйір сөзі өзінің бастапқы лексикалық мағынасын сақтап, жалпы лексикалық өріс ішінде әдеттегі өзі тіркесетін сөзбен тіркесе, кейінгі тіркестердегі үйір сөзі терминологиялық өріске еніп, бұрын тіркеспейтін сөздермен тіркесіп, терминологиялық мағынаға ие болған. Үйір сөзі жалпы әдеби тілде бір айғырдың иелігіндегі құлын-тайы аралас биелер тобы деген ұғымды білдіретін болса, енді ол жылқылар тобына ешбір қатысы жоқ арнаулы саладағы физикалық ұғымдарды білдіреді. Бұл жерде жалпы

64 Айтбайұлы Ө. Казак сөзі. –Алматы, 1997. 134-б.

65 Атамұратова Қ.М. Физика терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. –Алматы, 1981.

66 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы, 1986. 9-том.

қолданыстағы үйір сөзінің терминденуіне және бұрын тіркеспейтін сөздермен тіркесіп, жаңа қолданыстардың туындауына орыс тілінің әсері болғанын айта кету керек. Мысалы, орыс тілінің биологиялық терминологиясындағы «жақын туыстарды топтастырып, отряд құрамына енетін жүйелеу категориясын»<sup>67</sup> білдіретін *семейство* терминін қазақ тіліне аудару барысында *тұқымдас* деген термин туындаса, физикалық терминологиядағы *семейство* терминінің қазақша баламасы ретінде үйір сөзі алынған. Нәтижесінде үйір сөзі бастапқы лексикалық мағынасынан бөлек терминдік мағынаны жүктеп арнаулы саладағы ғылыми ұғым атауына айналған. Бұл үйір сөзінің терминденгендігінің белгісі. Ал үйір сөзінің бұрын тіркеспейтін сөздермен тіркесу қабілетіне ие болуына келсек, терминденген *үйір* сөзі *семейство* сөзінің орнына жұмсалу арқылы *уран үйірі, нептуний үйірі, радиоактивті элементтер үйірі* сияқты терминдердің құрамына енген. Яғни, сөздердің тіркесуі арқылы жасалған терминдердің бір сыңары терминденген сөз болып отыр. Осындай тілдік факторлар – бір ғана терминнің жасалуына термин шығармашылығының екі тәсілі қатыса ма? – деген заңды сұрақты алға тартады.

Мұндай терминдердің аз ұшыраспайтындығы оларға арнайы көңіл аударудың қажеттілігін аңғартса керек. Мысалы, жалпы қолданыста қажу қимыл есімі «шаршау, шалдығу, қалжырау»<sup>68</sup>, деген мағынада жұмсалып, адамның физика-психикалық жай-күйін білдірсе, «*материалдың қажуы*» деген физикалық терминнің құрамындағы *қажу* сөзі адамға еш қатысы жоқ терминологиялық мағынаны білдіреді. Физикада материалдың қажуы деп «деформация мен кернеу кезіндегі үздіксіз өзгерістер нәтижесінде болатын материалдың механикалық және физикалық қасиеттерінің өзгеруін»<sup>69</sup> айтады.

Бұл мысалдан да қажу сөзінің жалпы қолданыстағы тіркесу дәстүрінің бұзылып, жана терминологиялық мағынада жұмсалып отырғанын көруге болады. *Механизмнің қажуы, металдың қажуы, коррозиялық қажу, термалық қажу* терминдерінің орыс тіліндегі баламаларының *усталость механизма, усталость металла, коррозионная усталость, термическая усталость* екенін ескерсек, мұнда да қажу сөзінің терминденуіне орыс тілінің әсері жоқ деп айта алмаймыз. Алайда сөздердің терминденуі кезінде ұғымдар арасындағы қандай да бір ұқсастық табылмайынша сөздің терминге айналуының негізі болмайтындығын ескеру ең басты мәселе.

Біз сөз етіп отырған *үйір, қажу* сөздерінің терминденуіне де ең алдымен, арнаулы саладағы ұғымдар мен жалпыхалықтық тілдегі ұғымдардың өзара ұқсас белгілерінің себеп болғанын айтпасақ болмайды.

Жалпы аналитикалық тәсілмен жасалған терминдердің арасында бір сыңары терминденген сөз болып келетіндері едәуір. Ондай терминдерді арнаулы салалардың кез келгенінен кездестіруге болады. Мысалы, *жіктік жалғау, септік жалғау, тәуелдік жалғау, көптік жалғау, сөз тудырушы*

67 Закиров М., Елемесов Қ., Қайымов Қ. Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1991. 2-том.

68 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы. 1980. 5-том.

69 Советский энциклопедический словарь. – М., 1983.

*жұрнақ, сөз түрлендіруші жұрнақ, өнімді жұрнақ, өнімсіз жұрнақ, тірі жұрнақ, өлі жұрнақ (тіл білімі), жапырақ алақаны, жапырақ жастығы, жапырақ кіндігі (өсімдіктану)* т.б.

Келтірілген мысалдардағы сөздердің тіркесуі арқылы жасалған терминдер құрамындағы *жалғау, жұрнақ, алақан, жастық, кіндік* сөздері әдеттегі лексикалық мағынасынан бөлек арнаулы салалардағы ғылыми ұғымдарды білдіреді. Негізгі терминдік ұғымдардың тіркесу жолымен жасалған терминдердің құрамындағы оның екінші басыңқы сыңарлары арқылы беріліп отырғандығы – аталған сөздердің терминденгендігінің тағы бір дәлелі бола алады.

Тіл біліміндегі *жұрнақ, жалғау* терминдерімен тіркескен сөздер негізгі ұғымның түрлерін, олардың өзіндік ішкі ерекшеліктерін көрсетіп, ұғымдардың аражігін ажыратушылық қызметін атқарып тұрса, өсімдіктану терминдерінің бірінші бағыныңқы сыңарлары терминдік ұғымды жалпы тілдегі ұғымдардан ажыратып, терминологиялық арнаулы ұғымды дәл беру үшін қолданылған. Дәлірек айтқанда, өсімдіктанудағы алақанды жалпы қолданыстағы адам қолының алақанынан, терминологиядағы жастықты адамның басына жастайтын жастықтан немесе кіндікті адам мен жануарлардың кіндігінен ажыратып, арнаулы ұғымды айқындап тұрған жапырақ сөзі.

Өсімдіктану терминологиясындағы синтаксистік тәсілмен жасалған терминдердің ішінде бірінші сыңарлары терминденген сөздерден тұратындары да аз ұшыраспайды. Мәселен, *қолтық бұршік, жебе жапырақ, қалақ жапырақ, қандауыр жапырақ, шашақ тамыр, кіндік тамыр, көген сабақ, ожау күлте* т.б.

Мұндай терминдердің бірінші сыңарларының біртекті ұғымдарды бір-бірінен ажыратып, әр ұғымның өзіндік ерекшелігін ескере отырып даралау міндетін атқаратындығы аңғарылады. Жалпы, терминологиядағы терминнің қысқа, қолдануға қолайлы болуы қажет деген талаптың көп жағдайда орындала бермеуінің басты себептерінің бірі – осында жатқанын айтқан жөн. Нақтырақ айтқанда, термин құрамының күрделеніп, көпкомпонентті болуы – арнайы ұғымды дәл беруге ұмтылудан туындайды.

Үш сөздің тіркесуі арқылы жасалған терминдердің арасынан да бір сыңары қалыптасқан лексикалық мағынасынан өзгеше терминологиялық мағынада жұмсалатындарын кездестіруге болады. Мысалы, *бір ағайынды аталық* (өсімдіктану), *қос тағанды фразеологизм* (тіл білімі) терминдерінің құрамындағы *ағайынды, таған* сөздерін сол қатарға қоса аламыз.

Жалпы әдеби тілде «аға-інілі, туған-туысқанды, бауырлас» деген мағынаны білдіретін, яғни адамдар арасындағы қандық жақындықты көрсететін ағайынды сөзі өсімдіктануда гүл аталығының бір түрін білдіреді.

Жалпы қолданыста «бір нәрсенің (ошақ т.б.) аяғы, тіреуіш»<sup>70</sup> деген мағынаны білдіретін *таған* сөзі тіл білімінде фразеологизмдердің құрылымдық ерекшелігін көрсететін терминнің құрамында кездесіп, терминдік мағынада жұмсалады.

Тілдік деректер көрсетіп отырғанындай, тілдің әртүрлі лексикалық

70 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1985. 8-том.

қабатына тән сөздер ешбір сөзбен тіркеспей-ақ немесе қосымша жалғамай-ақ арнаулы ұғым атауы ретінде қолданылатындығы сияқты, сөз тіркесінің құрамына ене отырып та терминдене алады екен. Бұл құбылыс – терминжасам тәсілдерінің арасындағы өзара байланыстың бар екендігін көрсететін факторлардың бірі болып табылады.

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесін зерттеген ғалымдар синтетикалық және лексика-семантикалық тәсілдер арқылы жаңа сөз жасағанда, жалпы тілдің сөзжасам жүйесінде түбір сөздердің негізгі орын алып, лексикалық мағынаға арқау болатынын атап көрсетеді<sup>71</sup>.

Терминжасамның өзіне ғана тән ерекшеліктері болатындығына қарамастан ол негізінен тілдің сөзжасам заңдылықтарына бағынышты болады. Сондықтан терминологияда да жекелеген сөздердің лексикалық мағынасы жаңа терминдер жасау процесінде негізгі рөл атқарады.

Бір сыңары терминденген сөз болып келетін синтаксистік тәсілмен жасалған терминдердің жасалуының өзіндік ерекшеліктері де байқалады. Олардың елеулі бөлігінің бір сыңары тіркесті терминнің жасалу сәтінде терминденсе, екінші тобының ондай сыңарлары сөздердің тіркесуі арқылы термин жасалудан бұрын терминдену жолымен жеке термин ретінде жасалып, содан кейін барып аналитикалық тәсілмен жасалған көпкомпонентті терминнің құрамына енеді.

Бірінші топқа – *жапырақ алақаны, шашақ тамыр, қолтық бүршік, көген сабақ* сияқты терминдерді жатқызуға болады. Өйткені бұл терминдердің құрамындағы терминденген алақан, шашақ, қолтық, көген сөздері өсімдіктануда жеке термин ретінде қолданылмайды.

Ал екінші топқа – *көптік жалғау, тәуелдік жалғау, сөз тудырушы жұрнақ, өнімді жұрнақ* немесе *монополистік бәсеке, шалағай бәсеке, алғаулы бәсеке, багадан тыс бәсеке, баға бәсекесі, таза бәсеке* сияқты нарықтық экономика терминдері кіреді.

Бұл терминдердің құрамындағы *бәсеке, жұрнақ, жалғау* сөздері терминдену тәсілі арқылы жеке термин ретінде қалыптасып, содан кейін осы ұғымдармен байланысты арнаулы ұғымдарды білдіретін терминдердің құрамына кірген.

Қарастырылып отырған терминжасам тәсілдерінің арасындағы байланыс мәселесі жалпы қазақ тілінің сөзжасам тәсілдері арасындағы байланыстың тереңірек зерттелуі қажеттілігін аңғартады. Қазіргі қазақ тілі сөзжасам жүйесінің жалпы теориялық мәселелері жан-жақты қарастырылып жатса, терминжасам тәсілдерінің өзара байланысы да жаңа қырынан көрінері сөзсіз.

Ал сөздердің терминденуі жөнінде сөз қозғағанда жалпыхалықтық тілдегі сөздерді жеке алып, арнаулы ұғым атауы ретінде қолданумен қатар, оларды аналитикалық тәсіл арқылы жасалған терминдер құрамынан да табуға болатынын жоғарыда қарастырылған тілдік деректер анық көрсетіп отыр.

71 Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы, 1989. 17-6.

### III ТАРАУ

## ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЛЕКСИКА МЕН ЖАЛПЫ ЛЕКСИКА АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА БАҰЛАНЫС

Тілдің терминологиялық жүйесі мен жалпы лексикалық жүйесі бір-бірімен үздіксіз байланыста дамиды. Олар бірін-бірі байытып, толықтырып отырады. Терминнің табиғатын тереңірек тану үшін оның терминологиялық өріс ішіндегі және одан тыс ортадағы қолданысына айырықша мән бермеуге болмайтындығы сияқты, сөздің терминге айналуын да өрісаралық байланыс тұрғысынан қарастырмау дұрыс болмас еді. Сондықтан да бұл тарауда терминнің өзіне тән қасиетін толық сақтай алатын аймағы – терминологиялық өріс мәселесі және ғылыми-техникалық арнаулы ұғым атауының сол аймақтан шығып жалпылексикалық өріске өтуі кезінде болатын өзгерістер қарастырылады.

Тілдің осы сөз болып отырған екі жүйесінің арасындағы байланыс жалпыхалықтық тілдегі сөздердің терминдену барысында болатын семантикалық өзгерістер (сөз бен терминнің семалық құрылысын салыстыру арқылы) тұрғысынан және жүйеаралық омонимдер туындауы негізінде сөз болады.

Мұның барлығы жалпыхалықтық тіл негізінде термин жасаудың маңыздылығын айқындау мен терминдену процесінің өзіндік ерекшеліктерін көрсету үшін өте қажет.

### III. 1. Терминологиялық өріс – терминнің өмір сүру аймағы

Қазақ тіл білімінің өте аз зерттелген салаларының жасалу, даму, қалыптасу кезеңдерін зерттеуге арналған санаулы еңбектердің бар екені рас. Алайда ондай аздаған еңбектер қазақ терминологиясының бет-бейнесін қажетті деңгейде толық көрсете алмайды. Олай деуіміздің себебі – терминологиясы жақсы дамыған деп саналатын, соған сәйкес терминология мәселелері жан-жақты зерттелген тілдердің (ағылшын, неміс, француз, итальян, орыс т.б.) өзінде оның әлі қарастырылуға тиісті қырлары баршылық. Ал қазақ тіл білімінде әдеби тіл мен терминологиясының ара қатынасы, терминологиядағы жүйе мен құрылым, терминологияның тіл біліміндегі немесе ғылымдар жүйесіндегі алатын орны сияқты көптеген күрделі теориялық мәселелерді айтпағанда, терминді термин емес сөзден айыратын, оның өзіне тән айрықша белгілері анық ажыратылып, терминге қойылатын негізгі талаптар толық айқындалған деп айта алмаймыз. Терминді терминологиялық өріспен байланыста қарау жағы да назардан тыс қалып қойып жүр. Терминнің табиғатын аша түсу үшін бұл мәселеге соқпай өтуге болмайды. Сондықтан да біз төменде термин және терминологиялық өріс туралы арнайы сөз қозғамақшымыз.

Сондай-ақ бұл мәселеге арнайы тоқталуымыздың тағы бір басты себебі, оның зерттеу нысанамызға (объектімізге) тікелей қатыстылығында. Нақтырақ айтқанда, сөз терминденгенде бір өрістен екінші өріске, жалпы лексикалық өрістен терминологиялық өріске немесе қандай да бір терминологиялық өрістен сондай арнаулы аймақтың біріне өтеді. Яғни, сөздің терминденуі – бұл өрістер арасында болып жататын процесс.

Терминологиялық өріс туралы айтпастан бұрын өріс терминінің өзіне қысқаша тоқталуға тура келеді.

Лингвистикалық сөздікте өріс терминіне «белгіленуші құбылыстардың ұғымдық, заттық немесе қызмет ұқсастығын көрсететін және мазмұн ортақтығына (кейде біріктірілген тілдік (негізінен лексикалық) единицалардың жиынтығы» деген анықтама берілген<sup>72</sup>.

Тіл білімінде зерттеу мақсаттарына байланысты өріс терминін ғалымдар әртүрлі мағынада қолданып жүр. Олар жөнінде Г.С.Щур<sup>73</sup> мен А.В.Суперанская<sup>74</sup> да өз еңбектерінде кеңірек тоқталады.

Тіл біліміндегі өріс теорияларын арнайы зерттеген ғалым Г.С.Щур өрістің *парадигматикалық, синтаксистік, грамматикалық, функциональды-семантикалық, ассоциациялық* өріс сияқты түрлеріне жеке-жеке тоқтала келіп, өріс терминінің бірізді қолданылмай жүргенін, тіпті өріс теориясының тіл білімінде теория ретінде басы ашылып орныға қоймағанын атап көрсетеді<sup>75</sup>.

Ғылыми әдебиеттерде өрісті – семантикалық, лексика-семантикалық, ұғымдық, лексикалық өріс деп қарастыру жиірек орын алып жүр.

Ю.Д.Апресян өріс ұғымдық емес (ол тілден тыс құбылыс), лингвистикалық, яғни лексикалық болуы қажет деп санайды<sup>76</sup>.

Соңғы жылдары жарық көрген еңбектерде жоғарыда аталған терминдердің ішінен семантикалық өріс терминінің жиі қолданылып жүргендігі байқалады.

Термин туралы сөз еткенде, біз ең алдымен оны ғылым мен техниканың немесе адам қызметінің әйтеуір бір арнаулы саласында ғана қолданылатын сөз деп түсінетініміз белгілі. Шындығында да белгілі бір арнаулы салаға ғана қатыстылығы – оны тіліміздегі термин емес сөздерден ажырататын мәнді белгілерінің бірі болып табылады. Осыдан келіп термин сөздің термин ретінде өмір сүру аймағының шекарасын анықтау қажеттілігі туындайды. Терминологияда ондай аумақ – *терминологиялық өріс* деп танылып жүр.

А.В.Суперанская бастаған авторлар терминологиялық өріс терминіне «өріс дегеніміз – қолдан жасалған әрі арнайы күзетілетін (өзге элементтердің енбеуі үшін), оның ішінде термин өзіне тән барлық қасиеттерін сақтай алатын терминнің өмір сүру аймағы» деген анықтама бере отырып, «термин-ұғым үшін өріс – оның өзі қатысты болатын ұғымдар жүйесі, ал термин-сөз үшін – өзі

72 Лингвистический энциклопедический словарь. –М., 1990. С.380-381.

73 Щур Г.С. Теории поля в лингвистике. –М., 1974.

74 Суперанская А.В. Поле// Общая теория имени собственного. –М., 1973. С. 276-283.

75 Щур Г.С. Теория поля в лингвистике. –М., 1974. С. 7.

76 Апресян Ю. Дистрибутивный анализ значений и структурные семантические поля//Лексикографический сборник. –М., 1962. Вып. V.

жасалатын әрі өзінің, тілдік формасымен әсер ететін, сол ғылым шеңберіндегі өзі тіркесетін өзге термин-сөздердің жиынтығы» деп тұжырымдайды<sup>77</sup>.

Авторлар терминдерді талдау барысында лексикалық өрістен гөрі ұғымдық өріске баса назар аудару қажеттілігін атап көрсетеді<sup>78</sup>.

Рас, терминді ғылыми ұғымнан бөліп алып, сөз ретінде ғана лексикология тұрғысынан қарастыру арқылы оның табиғатын толық түсіну мүмкін емес. Өйткені ғылым мен техниканың кез келген саласы өзінше дербес ұғымдар жүйесін құрайды. Ал термин – сол ғылыми ұғымдардың тілдегі (терминологиядағы) көрінісі. Белгілі бір терминологиялық жүйеде қолданылатын термин сөздер өздерінің сыртында тұрған ұғымдармен тікелей байланысты, тіпті оларға бағынышты десек те болады. Алайда, бұл мәселенің бір-ақ жағы. Бұған қарап терминді талдауға экстралингвистикалық ұғымдық өріске баса мән беру арқылы ғана терминнің табиғатын ашуға болады деуге болмайды. Егер олай десек, онымыз тілдің рөлін жете бағаламағандық болып табылады. Ұғымдарға атау беріп, сөзбен белгілеп алмай тұрып, олар жөнінде сөз қозғап, талдау жасау мүмкін емес. Ғылымдағы әрбір жаңалық, әрбір жаңа ұғым тілдік формаға ие болып, белгілі терминмен аталып жатады. Ол терминнің дефинициясын беру арқылы ұғым ғылымның жетістігі ретінде танылады. Олай болмаған жағдайда ұғым жариялана алмай жұмбақ қалпында қалған болар еді. Ендеше, ұғымды жарыққа шығару тілсіз жүзеге аспайды. Сондықтан да терминді талдауда ұғымдық өріс, лексикалық өріс деп жіктеп және алғашқысына баса назар аударудан гөрі оларды тұтастықта, бірлікте қараған дұрыс. Аталған авторлар ұғымдық өріске басымдық беру негізінде терминологиялық өріс тілден тыс (экстралингвистикалық) құбылыс деген қорытындыға келеді. Сол тілден тыс ұғымдарымыз тілдік таңбалармен белгіленіп, тілдік формаға ие болу арқылы танылып жатса, терминологияның өзі тілдік бірліктер арқылы материалданатын тұтас жүйе болатын болса, онда белгілі бір терминология шеңберімен шектелетін терминдердің өмір сүру аймағы терминологиялық өрісті тілден мүлде тыс құбылыс деп қарауға бола ма? Терминологияны тіл білімінен бөліп алып, жеке ғылым саласы ретінде қараудың кең қанат жайып отырғаны рас. Бірақ бұл терминологияның тілмен, оның ішінде лексикологиямен еш байланысы жоқ деген сөз емес.

Егер терминологиялық өріс тілден тыс құбылыс болса, онда неліктен оны лингвистер логиктердің еншісіне бермей, тіл білімі тұрғысынан зерттеу керек.

Логиктердің терминология қолдан жасалған жасанды таңбалар жүйесі, оның тілге қатысы жоқ (ол тіл емес) деген пікірі олардың терминді талдауға ұғымдар тұрғысынан қарауымен тікелей байланысты. Яғни, бұл терминге бір қырынан, тек ұғымдық жағынан ғана қараудың, лексикалық жүйені ескермеудің нәтижесі. Сондықтан да А.А.Реформатскийше айтқанда «сөздердің жиынтығы болып табылатын терминология – екі қожайынның, яғни, лексикалық жүйе мен ғылыми ұғымдар жүйесінің қызметшісі» екенін ескере отырып, терминді талдауда оның осы екі қырына бірдей мән беру және оларды тұтастықта қарау қажет.

77 Сулеранская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Поле//Общая терминология. Вопросы теории. –М., 1989. С. 111.

78 Бұл да сонда, 112-б.

Терминдер ұғымдардың атаулары болатындықтан және сол ұғымдарды жүйелеу мен топтастыруда логикалық әдістерге жүгінуге тура келетіндіктен кез келген терминологияны түзуге логиканың қатысы болатыны сөзсіз. Алайда, сөздердің жиынтығы болып табылатын терминологияны логиканың қарамағына өткізе салудың еш қисыны келмейді.

Ұғым айқындалмай тұрып термин жасалмайтыны сияқты, белгілі бір терминмен белгіленбестен бұрын ұғым да көрініс бере алмайтындықтан олар бірінсіз бірі өмір сүре алмайтын бір бүтінді құрайды.

Ал терминді талдау барысында терминнің табиғатын ашу үшін Ф.Риггз айтқандай, терминолог концептолог сияқты ұғымнан сөзге қарай, сондай-ақ лексиколог тәрізді терминнің қолданысын қадағалай отырып, сөзден ұғымға қарай жүру арқылы осы екеуінің ортасынан табылуға тиіс<sup>79</sup>.

Сөздің терминологиялық өріске енгізілуі оны жалпы қолданыстағы (термин емес) мағынасынан айырып, сол өзі кірген өріске тәуелді етеді. Енді ол сөз өзі мүше болған терминология көлемінде бір ғана мағынаға ие болып, терминдік мағынада ғана қолданылады.

Ірі-ірі терминологиялық өрістер іштей шағын өрістерге жіктеледі. Айталық биология ғылымдары бірнеше салаларға бөлінетіндігіне орай оның әр саласының терминдері өзінше жеке терминологиялық өрістер құрайды. Мәселен, *бұршаққын*, *гүлтабан*, *тозаңдану* тәрізді өсімдіктану терминдері дербес бір өріс түзесе, *өңеш*, *сопақша ми*, *бүрлі мүше* сияқты зоология терминдері екінші бір өріске кіреді.

Бір ғана ғылым саласындағы терминдердің шағын өріс құрайтындығын тіл білімінен де көруге болады. Мәселен *фонема*, *редукция*, *дауысты дыбыс* сияқты терминдер тіл ғылымының фонетика саласымен шектелсе, *синоним*, *антоним*, *мағына* терминдері лексикологияда, *морфема*, *жалғау*, *жұрнақ* терминдері морфологияда, *қабысу*, *матасу*, *сөз тіркесі* сияқты көптеген терминдер синтаксис шеңберінде қолданылып, өріс ішінен өріс құрайды.

Кез келген ғылым саласында жаңа ұғым пайда болған сайын бір жаңа термин дүниеге келеді. Ол термин сол ғылым саласындағы ұғымдар жүйесінен тиісті орын алып, терминологияның мүшесі ретінде орнығады. Терминдер саны ұлғайып, ғылым дамыған сайын терминологиялық өріс кеңі түседі.

Қорыта айтар болсақ, термин адам қызметінің арнаулы бір саласындағы ұғым атауы болғандықтан, ол сол ұғымдар жүйесімен тікелей байланыста өмір сүреді. Адам баласының өзі ашқан сол ұғымдар жүйесінің белгілі бір шегі бар. Ұғымдардың бір-бірімен тығыз байланыста өмір сүретін шектеулі аймағы терминологиялық өріс болып табылады. Термин тілдік формасы бар ұғым атауы ретінде, сол өзі атау болып отырған ұғым қатысты болатын ұғымдар жүйесінде, яғни терминологиялық өріс ішінде ғана терминге тән барлық қасиетін сақтай алады. Сол себепті терминді терминологиялық өрістен бөліп қарауға болмайды.

79 Риггз Ф.В. Терминология в социальных науках. Гоноллу; –М., 1979. С. 15.



### III. 2. Жалпыхалықтық тілдегі сөздер мен терминдердің семалық құрылысындағы ұқсастықтар мен өзгешеліктер

Жалпыхалықтық тіл – терминологиялық лексиканы құраудың ішкі көзі болып табылады. Жалпы лексика мен арнаулы лексиканың арасындағы байланысты, олардың ұқсас жақтары мен өзіндік ерекшеліктерін анықтауда терминдену жолымен жасалған терминдер мен олардың туындауына негіз болған сөздердің семалық құрылысына талдау жасаудың мәні зор. Мәселеге осы тұрғыдан келу терминология үшін ғана емес, жалпы семасиологияда да кейбір теориялық тұжырымдар жасауға жол ашады. Сондықтан да бұл мәселеге арнайы тоқталудың қажеттілігі пайда болып отыр.

Жалпыхалықтық тілдегі әртүрлі терминологиялық лексикалық қабаттардың терминдену деңгейі бірдей бола бермейтіндігі белгілі жайт. Көптеген өзге тілдердегі сияқты қазақ тілінің де терминологиялық лексикасын байытудың ең құнарлы көзі – жалпы қолданыстағы сөздер болып келеді. Лексиканың диалектизмдер, кәсіби сөздер, көнерген сөздер, қарапайым сөздер немесе жаргондар тәрізді бөліктері терминге айналу барысында дәл жалпы қолданыстағы сөздер сынды өнімділік таныта алмайды. Олардың әрқайсысының терминдену мүмкіндігі, терминологиялық лексиканы қалыптастырудағы өзіндік үлесі сияқты қырлары арнайы қарастыруды қажет етеді. Біз бұл жерде олардың қай лексикалық қабатқа жататындығына қарамастан, лексикалық бірлік ретінде бір деңгейге қоя отырып, терминдену барысындағы олардың семантикалық белгілерінің ортақтығы мен ерекшеліктеріне баса назар аударамыз. Сол арқылы жалпыхалықтық тілдегі сөздер мен арнаулы салалардағы терминдердің арасындағы семантикалық қатынастарды анықтау – зерттеудің негізгі мақсаты.

Сөздің лексикалық мағынасын құрайтын макрокомпоненттердің ішінде ұғымдық компоненттің негізгі болатындығын және мағынаны құрайтын семалардың сол сөзбен белгіленетін ұғымның белгілеріне сәйкес келетіндігін, сондай-ақ терминологияда ұғымның, ұғымдар жүйесінің басты рөл атқаратындығын ескере отырып, біз терминдерді талдауға ұғым тұрғысынан келеміз.

Талдау терминдену барысында тілдің екі жүйесінен де орын алған сөздердің лексикалық мағынасы мен терминдік мағынасын салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

Мәселен, жалпы қолданыста «малдың су ішіп, жем жеуіне арналған үлкен, ұзын астауды – *науа*» десе<sup>80</sup>, стоматологияда *науа* (тигель) деп «пломба жасарда ұнтақ пен сұйықтықты бір-бірімен қосып керекті материалды дайындайтын, емдік жұмыстар жүргізуге пайдаланылатын ыдысты» айтады<sup>81</sup>.

Алдымен жалпы қолданыстағы сөз бен арнаулы саладағы терминнің

80 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1983. 7-том.

81 Құлманбетов И.А. Стоматология терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1991.

білдіретін ұғымдарының ұқсас жақтары мен айырмашылықтарын айқындап көрелік. Ұғымдардың пішіндерінде айтарлықтай ұқсастық байқалып тұрған жоқ. Жалпы қолданыстағы науа ұзын, көлемі үлкен болса, стоматологиядағы науаның көлемі шағын, ұзын емес. Қызметтері жағынан бірі малға жем, су беру үшін пайдаланылса, екіншісі – адамның тісін емдеуге қажетті қоспаны дайындау үшін емдік жұмыстар жүргізуге пайдаланылады. Яғни, ұғымдардың пішіні мен қызметтері жағынан сөздің терминденуіне себеп боларлықтай ұқсастықтар жоқ деуге болады.

Салыстырып отырған ұғымдар арасында қандай да ұқсастық табылмайынша сөздің терминденуіне мүмкіндік тумаған болар еді. Енді науа сөзінің терминденуіне себеп болған ұғымдардың сол ұқсас жақтарына келер болсақ, ол – екі ұғымның ортақ белгісі – екеуінің де ыдыс екендігі. Бұрыннан белгілі ұғым атауының медицинадағы арнаулы ұғымның атауы ретінде қалыптасуына себеп болған осы ортақ белгі – термин мен жалпы қолданыстағы сөздің арасындағы мағыналық байланысты айқындаудың да басты шарты болып шығады. Дәлірек айтқанда, сөз болып отырған лексика-семантикалық варианттардың екеуіне де ортақ, олардың басын біріктіріп тұрған жалпылаушы сема – ыдыс семасы.

Бұл салыстырудан сөздің лексикалық мағынасын құрауда денотаттық (сигнификаттық немесе ұғымдық) компоненттің негізгі рөл атқаратынын, сондай-ақ сөздің терминденуіне ұғымның, ұғым белгілері ұқсастықтарының себепкер болатындығын аңғару қиынға соқпайды. Оған анығырақ көз жеткізу үшін термин шығармашылығының осы қарастырылып отырған семантикалық тәсілі арқылы жасалған тағы бірер терминнің семалық құрылысын саралап көруге тура келеді.

Мысалы, биологияда *түнек* (лежки) деген термин бар. Терминологиялық сөздікте бұл терминге «тұрақты баспанасы жоқ жануарлардың (бұғы, доңыз, қоян т.б.) тынығатын орны»<sup>82</sup> деген анықтама берілген болса, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде түнек сөзіне «көзге түртсе көрінбейтін қараңғылық» және ауыспалы мағынасына «ел басына түскен ауыртпалық, қайғы-қасірет»<sup>83</sup> деген анықтама беріліпті.

Биология термині жалпы қолданыстағы түнек сөзінің терминденуі арқылы жасалған деу онша қисынға келе қоймайды. Оған қарағанда түсіндірме сөздіктегі *түнеме*, *түнемел* («түнейтін орын, қонатын, жататын жер» деген мағынаны білдіретін) сөздерінің мағыналары терминнің мағынасына көбірек жақындайды. Алайда, түнектермині бұлаталған сөздер негізінде де жасалмаған. Біздің пайымдауымызша, биология термині түрікмен қазақтарының тілінде кездесетін диалект сөздің терминденуі арқылы жасалған. Бұл пайымдаудың негізсіз емес екендігіне көз жеткізу үшін – диалектологиялық сөздіктегі түнек сөзіне берілген анықтама мен терминнің дефинициясын салыстырып көруге тура келеді.

82 Закиров М., Елемесов Қ., Қайымов Қ. Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1988. 1-том.

83 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1986. 9-том.

Диалектологиялық сөздікте түнек сөзіне «жайлаудағы қой түнеп өтетін орын» (жоғалған қозыларым түнекте жатып қалыпты)<sup>84</sup> деген анықтама берілген.

Анықтамалардан аңғарылған айырмашылық жергілікті қолданыстағы түнек сөзі тұрақты баспанасы бар жануарлардың түнеп өтетін орны деген ұғымды білдірсе, терминологиядағы түнек керісінше, ондай тұрақты баспанасы (қорасы, апаны, іні т.б.) жоқ жануарлардың түнейтін жері. Дегенмен, айырмашылықтарына қарағанда бұл ұғымдардың ұқсас жақтары көбірек. Ең алдымен, екеуі де жануарлардың түнеп шығатын орны; екіншіден, екеуі де уақытша баспана, үшіншіден, екеуі де жайлауда, тауда т.б. елді мекеннен тыс жерде болады. Байқалып отырғанындай, диалекті сөздің терминге айналуына негіз жеткілікті. Аталып отырған ұқсастықтар бұл салыстырылып отырған ұғымдардың ортақ белгілері болып табылады. Ал бұл ортақ белгілер биология термині мен диалекті сөздің мағыналарын құрайтын семаларға сәйкес келеді. Осы сәйкестілік – біріншіден, терминнің жергілікті қолданыстағы сөздің арнаулы салаға көшіп терминденуі арқылы жасалғандығын, екіншіден, екі сөздің (термин мен диал.) мағыналарын құраушы семалардың ортақтығы олардың арасындағы семантикалық қатынасты, үшіншіден, тілдің екі жүйесінің өзара байланысын көрсететін фактор.

Жалпыхалықтық тілдің өзге қатпарларына қатысты болатын сөздердің терминденуі арқылы жасалған терминдердің мағыналық құрылымына талдау жасау барысында да жоғарыдағыдай ұқсастықтар мен өзгешеліктерді көруге болады. Соңғы жылдары термин шығармашылығынын сөз болып отырған лексика-семантикалық тәсілі арқылы арнаулы лексика қатарынан көбірек орын алып жүрген сөздердің бір тобы – көнерген сөздер. Мәселен, тіліміздегі көнерген сөздердің қатарында болып келген *түмен* сөзі кейінгі уақытта жаңа терминдік мағынаны иеленіп, *корпус* әскери терминінің баламасы ретінде қолданылып жүр.

Түсіндірме сөздікте *түмен* сөзінің мағынасы «саны он мыңға жететін әскери бөлік» деп түсіндірілген<sup>85</sup>. Бұл термин әскери терминологияда «бірнеше дивизиядан тұратын әскери құрама» және «жабық әскери оқу орындарының аттары» деген ұғымдарды білдіреді<sup>86</sup>.

Қазіргі корпус пен бұрынғы түменнің өзіне тән сандық және сапалық айырмашылықтарының болуына қарамастан, түмен сөзінің терминге айналуына негіз жоқ деуге болмайды. Біріншіден, екеуі де (түмен де, корпус та) әскери құрама, екіншіден, түмен бірнеше (он) мыңдықтан құралса, корпусның құрамына да бірнеше дивизиялар кіреді. Ұғым белгілері түгелдей сәйкес келмесе де, оның негізгі жалпылаушы белгілері сәйкесіп тұр. Көнерген сөздің жаңа терминдік мағынаға ие болуына, яғни терминденуіне себеп болған да осы аталған ұқсастықтар.

Жалпыхалықтық тілдегі сөздер мен солардың терминденуі арқылы

84 Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. – Алматы, 1969.

85 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1986. 9-том.

86 Аманжолов К. Әскери терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1982.

туындаған терминдердің семалық құрылысын салыстыру барысында кейбір жайттардың басы ашылып, аражігі айқындала түсіп отыр. Солардың бірі – сөздердің терминдену кезінде болатын семантикалық өзгерістердің ұғым мазмұнында болатын өзгерістерге тікелей байланысты екендігі. Оны жоғарыда келтірілген мысалдардан анық аңғаруға болады. Бұл процестің қалай жүзеге асатындығына келер болсақ, оны қысқаша былайша сипаттаған болар едік.

Ғылым мен техникада, өнерде т.б. арнаулы салаларда адамзат қоғамының дамуына байланысты ірілі-ұсақты жаңалықтар ашылып, жаңа ұғымдар пайда болып немесе бұрыннан бар ұғымның мазмұны толығып жатады. Бұрыннан белгілі ұғым терминделіп, оның мазмұны елеулі өзгерістерге ұшырағанымен бастапқы атауы сақталып қалады. Ал жаңа ұғымдарды сөзбен белгілеу, яғни атау қажеттілігі туындайды. Осы тұста арнаулы салада жаңадан пайда болған ұғымға атау іздеуші маманның сол ұғымның өзіне табан тіреуіне тура келеді. Ол мазмұны белгілі болған жаңа ұғымды тілде бұрыннан бар ұғымдармен салыстыра бастайды. Салыстыру барысында ескі ұғым мен жаңа ұғымның мазмұнын құрайтын ортақ немесе ұқсас белгілер анықталады. Сол табылған ортақ белгілер бұрыннан бар ұғым атауының жаңа ұғымға да атау болуына себеп болады. Басқаша айтқанда, жалпыхалықтық тілдегі сөздің бұлайша терминге айналуы көп жағдайда салыстырылған ұғымдардың қандай да бір ұқсастықтарына негізделеді.

Жалпыхалықтық тілдегі сөздер мен термин сөздер дыбысталуы жағынан ғана емес, ұғымдық жағынан да сәйкес келіп жататындығы сөз арасында ғана айтылып қалмауы үшін оған да нақтырақ тоқталған жөн.

Мысалы, жер, ай, күн, өзен, көл, қар, жапырақ, гүл, сабақ, көше сияқты көптеген сөздер екі жүйеге де ортақтығымен ерекшеленеді. Жалпы тілде де, терминологияда да қолданылатын таңбалаушысы да, таңбаланушысы да сәйкес келетін мұнай сөздер тобын біз терминдену тәсілінің аяғында қарастырып жүрміз. Жалпыхалықтық тілдегі сөз терминдену тәсілінің бірінші жолымен термин қатарына өткенде, ол арнаулы саладағы жаңа ұғымның атауы болып, нәтижесінде жүйеаралық омоним туындаса, терминденудің екінші жағдайында ондай жаңа ұғым пайда болмайтындықтан омоним де туындамайды. Бірақ, сөз екінші жолмен терминденгенде де оның семалық құрылысына өзгерістер енеді. Сөздің терминологиялық мағынасында болатын ондай өзгерістер де терминделген ұғымның мазмұнында болатын өзгерістермен тікелей байланысты.

Ұғымның мазмұны адамның таным деңгейінің өсуіне орай үнемі байып, толығып отырады. Соған сәйкес логикада ұғымдардың қарапайым (формальды) және ғылыми ұғымдар болып жіктелетіні мәлім. Қарапайым ұғымды құбылыстардың адамның күнделікті өмір тәжірибесінде байқалатын баршаға ортақ, көбінесе оның оңай аңғарылатын белгілері құраса, ғылыми ұғым сол құбылыс зерттеу нысаны болатын ғылым саласында қалыптасады. Ғылыми ұғымды сырт көзге байқала бермейтін арнайы зерттеу барысында ғана айқындалатын мейлінше мәнді белгілер құрайды. Соған қарамастан,

ғылыми ұғым мен қарапайым ұғым бір сөзбен беріледі. Бұл сөздің лексикалық мағынасы мен терминдік мағынасы толық сәйкес келеді деген сөз емес. Оған жоғарыда келтірілген немесе мына төмендегі мысалдағы сөздердің терминдік және лексикалық мағыналарын салыстыру арқылы көз жеткізуге болады. Мәселен, жер сөзі жалпы қолданыста «өз осінен және күннен айналатын, өзінде тіршілік бар планета»<sup>87</sup> деген ұғымды білдірсе, физикалық географияда жер терминіне «осыдан 4,5 млрд. жыл бұрын газ-тозаң заттан пайда болған, атмосфера, гидросфера, литосфера қабаттары қоршап жатқан, бетінің ауданы 510 млн. км, экватор шеңберінің ұзындығы 40076 км, өз осін 23 сағат 56 минут 4 секундта, Күнді шамамен 30 км/сағ. жылдамдықпен 365 күн 5 сағат 48 минут 4 секундта айналып шығатын, Күннен орташа қашықтығы 149,6 млн. км., өзінде тіршілік бар, Күннен қашықтығы жөнінен Меркурий мен Шолпаннан кейінгі үшінші планета» деген анықтама берілген<sup>88</sup>.

Байқалып отырғандай, қарапайым ұғым мен ғылыми ұғым мазмұнының сәйкес келмеуі – термин мен термин емес сөздің мағыналары арасындағы айырмашылық тудырудың ең басты себептерінің бірі болып шығады екен. Ғылыми ұғым жай көзге көріне бермейтін, арнайы зерттеу барысында ғана айқындалатын, тереңде жатқан ұғымның мәнді белгілерінен тұратынын аңғарамыз.

Жалпы қолданыстағы жер ұғымының мазмұнын құраушы белгілердің арнаулы саладағы ғылыми ұғымның мазмұнын құраушы белгілердің арасына енгендігі терминнің анықтамасынан көрініп тұр. Сөз болып отырған ұғым белгілерінің осы ортақтығы – жер сөзінің екі мағынасына (терминдік және жалпы лексикалық) да тән компоненттерге сәйкес келе отырып, екі жүйедегі сөздің мағыналық байланысының да көрсеткіші болып табылады.

Жоғарыда талданған тілдік деректер жалпыхалықтық тілдегі сөздер мен терминдердің семалық құрылысын ұғым белгілерімен байланыстыра отырып салыстыру барысында сөз терминденудің қай жолымен терминге айналса да әртүрлі дәрежедегі семантикалық өзгерістерге ұшырайтындығының дәлелі бола алады.

Ф.Х.Жубуева өз мақаласында әдеби тілдегі сөздердің терминдену барысында болатын семантикалық өзгерістер туралы айта отырып, термин шығармашылығының бұл тәсілімен жасалған терминдерді үш топқа бөледі. Бірінші топқа – терминдену кезінде жалпы қолданыстағы сөздің бір немесе бірнеше семантикалық компоненттерін қамтитын терминдерді, екінші топқа – жалпы қолданыстағы сөз мағынасын барлық семантикалық элементтер кешенін қамтитын терминдерді, үшіншісіне – жалпы қолданыстағы сөздердің мағынасын құраушы компоненттерді қайта топтастыратын терминдерді жатқызады<sup>89</sup>.

87 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1979. 4-том.

88 Құрманов К. Физикалық география терминдері мен ұғымдарының орысша-қазақша анықтамалық сөздігі. – Алматы, 1993.

89 Жубуева Ф.Х. Семантические изменения литературных слов в процессе их терминологизации//Актуальные вопросы русской лексикологии и терминологии. – Алматы, 1986. С. 67.

Автордың терминдерді семантикалық өзгерістер дәрежесіне қарай жалпы дұрыс топтастырғанын айтқан жөн. Алайда, мұндай топтастыру кезінде термин үшін ең негізгі болып табылатын ұғым мен оның белгілері назардан тыс қалып қойған. Біз қарастырылып отырған тәсіл арқылы жасалған терминдерге ұғым тұрғысынан қарағанда ғана семантикалық өзгерістердің мәнін толық ашуға болады деп түсінеміз. Аталған мақалада «кей жағдайда негізгі семантикалық белгілер жалпы қолданыстағы сөздің мағынасына кірмейтін, бірақ арнаулы ұғымды нақтылай түсетін жаңа компоненттермен толығыады» деп көрсетілген. Мұны да теріске шығармаймыз. Бірақ терминдік мағына кей жағдайда ғана емес, негізінен көп жағдайда жаңа компоненттермен толығыады. Екіншіден, жалпы қолданыстағы сөздің мағынасында кездеспейтін сол жаңа семантикалық компоненттердің пайда болуы – ғылым мен техниканың тиісті саласындағы арнаулы ұғымның белгілеріне тікелей тәуелді деуге болады. Басқаша айтқанда, қарапайым ұғым белгілі бір ғылым саласында арнайы зерттеу объектісі ретінде қарастырылғанда, оның бұрын белгісіз болып келген жаңа белгілері ашылады. Сол белгілер сөздің терминологиялық мағынасын құраушы семантикалық компоненттерді (семаларды) тудырады.

Жалпыхалықтық тілдегі сөздер мен олардың терминденуі арқылы жасалған терминдердің арасында мағыналық байланыстар сақталуына, тіпті олардың бір ғана ұғымды білдіретіндігіне қарамастан, мағыналарының толық сәйкес келмеуі де қарапайым ұғым мен ғылыми (немесе арнаулы) ұғым белгілерінің сәйкеспеуінен туындайтын ерекшелік екендігін айтпасқа болмайды. Жоғарыда келтірілген жалпы қолданыстағы жер сөзінің анықтамасы мен физикалық географиядағы жер терминінің дефинициясы соған дәлел бола алады.

Жалпыхалықтық тілдегі сөздер мен оларды дайын қалпында пайдалану арқылы жасалған терминдердің семалық құрылысын салыстыра талдау нәтижесінде жалпы лексиканың терминологиялық лексиканы қалыптастырудың ішкі көзі ретінде әртүрлі арнаулы салалардағы терминдердің жасалуына негіз болатындығымен бірге, терминдену барысында олардың әркелкі дәрежедегі семантикалық өзгеріске душар болатындығына көз жеткіздік.

Терминдену кезінде сөз мағынасында болатын семантикалық өзгерістердің ұғым мазмұнын құрайтын белгілермен тікелей байланысты болатындығы – термин үшін ұғымның, ал жалпы терминология үшін ұғымдар жүйесінің орны айрықша екендігін көрсетеді. Сондықтан да, термин туралы сөз қозғағанда оның ұғымдық жағын назардан тыс қалдырмаудың мәні зор.

### III. 3. Терминнің терминологиялық өрістен тыс қолданылуы

Тілдің жалпы лексикасы мен терминологиялық лексикасының арасында алынбас қамал бар деп қарауға болмайды. Жалпы қолданыстағы сөздердің негізінде ғылым мен техниканың, өнердің әртүрлі салаларындағы мыңдаған терминдердің жасалатындығы сияқты, терминдердің есебінен де жалпы

лексика үнемі байып отырады. Тілде бұрыннан бар сөзді термин ретінде дайын қалпында пайдалану *терминдену* делінсе, оған қарама-қарсы процесс, яғни терминнің терминологиялық жүйеден тыс қолданылып жалпылық сипатқа ие болуы – *бейтерминдену* (детерминологизация) деп аталады. Біз төменде осы соңғы мәселе жөнінде сөз қозғамақшымыз.

Термин өзінің терминге тән қасиеттерін өзі қатысты болатын терминологиялық өріс ішінде, ғылыми әдебиеттер мен терминологиялық сөздіктерде толық сақтай алады. Осы арнаулы ортадан тыс қолданылуы терминді елеулі өзгерістерге ұшыратып, оның бейтерминденуіне жол береді. Терминнің жалпы қолданыстағы сөздермен қатар қолданылып баршаға түсінікті болуы негізінен газет-журнал, радио мен теледидар арқылы жүзеге асып жатады. Сондай-ақ бұл мәселеге ғылыми-көпшілік басылымдардың, оқулықтардың, көркем әдебиеттің де әртүрлі дәрежеде қатысы бар.

Терминнің терминология шеңберінен шығып, көпке танымал болуында әсіресе газеттің орны айрықша. Оның өзіндік себептері де жоқ емес. Өйткені, газет – қоғам өмірінің мәдениет, саясат, өнер, ғылым, өндіріс, ауыл шаруашылығы сияқты барлық салаларындағы болып жатқан алуан түрлі жаңалықтардың жаршысы болып табылады. Осындай арнаулы салалардың шындығын терминдердің көмегінсіз газетке қойылатын талапқа сәйкес оқырмандарға қысқа да нақты жеткізу мүмкін болмаған болар еді. Мысалы, «лабораторияда жасалған зерттеулер көрсеткендей күмістің буына *антибиотик* дәрілерге дес бермейтін бактериялар баудай қырылады екен»<sup>90</sup> деген сөйлемдегі *антибиотик*, *бактерия* терминдерінсіз медицина ғылымында анықталған күмістің емдік қасиетін оқырман қауымға анық түсіндірудің жолын табу қиын. Сонымен қатар, айтылмақшы ақпарлардың аз сөзбен дәл берілуі, мәтіннің қысқа әрі нұсқа болуы да газетке қойылатын ең қажетті талаптардың бірі болып табылады. Осы талап тұрғысынан қарағанда да терминдердің газет үшін қажеттілігі туындайды.

Л.А. Морозова өз мақаласында арнаулы әдебиеттерден өзге басылымдарда кездесетін терминдерді тура мағынасында және ауыспалы мағынасында қолданылатын терминдер ешбір түсініктемесіз де немесе олардың мазмұны ашылып қосымша түсініктеме берілу арқылы да қолданылуы мүмкін екендігін көрсетеді. Сондай-ақ ешбір түсініктемесіз қолданылуына олардың көпшілікке кеңінен танымалдығы себеп болса, көркем әдебиетте терминдерді пайдалану арқылы сол шындық өмірді қаз қалпында бейнелеуге болатынын да айтады<sup>91</sup>.

Біз автордың бұл пікірімен жалпы келісеміз. Алайда термин газет беттерінде тура мағынасында қолданылуы кезінде ол қаншалықты кең танымал болса да, көп жағдайда оның терминдік мағынасы арнаулы әдебиеттердегідей толық ұғынылмайды. Ең алдымен термин өзі тікелей байланыста болатын ұғымдар жүйесінен, терминдік қасиетін толық сақтайтын терминологиялық өріс шеңберінен тыс қолданылып отыр. Екіншіден, терминдердің мағынасын маманлар мен маман еместердің түсінуі бір деңгейде бола алмайды. Мәселен,

90 «Жас Алаш» газеті, 1997 жылғы 15 мамыр.

91 Морозова Л.А. Особенности функционирования специальной лексики в неспециальной литературе//Современные проблемы русской терминологии. –М., 1986. С. 108.



жоғарыдағы мысалда келтірілген бір қарағанда бәрімізге түсінікті *антибиотик* терминін баршамыз бірдей «бактериялар мен басқа микроорганизмдердің, сондай-ақ вирустар мен клеткалардың өсуіне мүмкіндік бермейтін биологиялық текті заттар» деп, сол сияқты *бактерия* терминін де «қалыптасқан клеткалық ядросы болмайтын, бөліну арқылы көбеюге бейімділігі жоқ микроскоппен ғана көруге болатын бір клеткалы организмдер»<sup>92</sup> деп түсіне бермейтіміз белгілі.

Термин жалпы лексикалық өріс ішінде қолданылып тұрғандықтан арнаулы ұғым мейлінше қарапайымданып, жалпы тілде түсінілуге бейімделе түседі. Сондықтан да жалпы қолданыстағы терминді негізінен дәл терминдік мағынасында салалық мамандар ғана түсіне алатындығын белгілі дәрежеде мойындауға тура келеді.

Бұл мәселе жөнінде Т.С.Коготкова «терминнің өз терминологиялық жүйесінен шығып, жалпы қолданысқа түсуі – бұл бір тілдік жүйе еденицасының екінші жүйеге енуі болып табылады. Сол себепті бұл құбылыстың мамандар мен маман еместер арасында қиындықтар туғызуы табиғи нәрсе»<sup>93</sup>, – дейді.

Ендеше мерзімді баспасөз беттерінде тура мағынасында түсініктемесіз қолданылатын, терминдердің көпшілікке танымалдығын жалпы қолданыстағы сөзбен бір деңгейге қоюға болмайды деген сөз. Екінші жағынан қарағанда, арнаулы тілдік ортадан тыс қолданылып отырғандықтан ондай терминдер өзінің негізгі терминдік мағынасын да толық сақтай алмайды. Терминнің ғылыми дәлдігі барынша әлсіреп, жалпы қолданысқа бейімделудің әсерінен термин-сөз бен термин-ұғым арасындағы бастапқы байланыс та біртіндеп үзіле бастайды. Термин өзінің барлық терминге тән қасиеттерін өзі қатысты болатын терминологиялық өріс ішінде, өзі белгілейтін арнаулы ұғыммен тікелей байланыста болғанда ғана сақтап тұра алады.

Ал түсініктемесі берілу арқылы қолданылатын терминдерді дәл терминдік мағынасында қабылдауға мүмкіндік молырақ болады. Мысалы, «косметикасыз далада жүрген әйелдердің терісі күн сәулесінің *кератозына* ұшырау қаупі бар. (Кератоз – ультракүлгін сәулелердің терінің қатерлі ісігін тудыруы)»<sup>94</sup>.

Жақша ішінде берілген түсініктеме арқылы кератоз терминінің мағынасын түсіне аламыз. Бірақ терминдердің түсініктеме беру арқылы қолданылуы – олардың алғашқы топтағы терминдерге қарағанда терминдік ұғымды дәлірек бергендігімен, көпшілікке танымалдығы жағынан олармен теңесе алмайтындығын көрсетеді. Яғни, мұндай терминдердің бейтерминденудің алғашқы сатысына да көтеріле қоймағандығын аңғару қиын емес.

А.В.Суперанская бастаған авторлар өз еңбектерінде бейтерминденудің екі сатысын көрсетеді: «1) терминнің терминдік мағынасын сақтаған сөз ретінде жалпы тілдің құрамына енуі; 2) жалпы тілде сол термин-сөздің мағынасының алмасуы негізінде (көбінесе метафоралық жолмен) тұрмыстық сөздің туындауы»<sup>95</sup>.

92 Закиров М., Елемесов Қ., Қайымов Қ. Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1988. 1-том.

93 Коготкова Т.С. Терминология и культура речи. – М., 1981. С. 61.

94 «Жас Алаш» газеті, 1997 жылғы 15 мамыр.

95 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология. – М., 1989. С. 134.



Бұл тұрғыдан қарағанда жоғарыда біз сөз еткен терминдердің барлығы бейтерминденудің бірінші сатысында тұр.

Алайда, жалпыға түсініктілігі жағынан да, терминдік мағыналарының сақталуы жағынан да олардың өзі бір деңгейде емес екендігін байқадық. Сол себепті біз бейтерминденудің бірінші сатысына мерзімді баспасөз беттерінде, көркем шығармаларда т.б. көпшілік қолды басылымдарда кездесетін терминдердің барлығын емес, сол әдебиеттерде жиі қолданылуы барысында ешбір түсініктемесіз-ақ жұртшылық терминдік мағыналы сөз ретінде түсіне алатын дәрежеге жеткен терминдерді ғана жатқызған дұрыс деп білеміз.

Бейтерминденудің екінші сатысындағы терминдер бірінші сатыдағы терминдердің есебінен жасалады. Арнаулы ортадан тыс жиі қолданылудың нәтижесінде өз өрісінде бір ғана мағынаны білдіретін термин енді ауыс мағынада жұмсалып, көп мағыналыққа ие болуға мүмкіндік алады. Мысалы, кезінде А.Байтұрсынұлы жасаған тіл білімінде қолданылатын *бастауыш* терминіне арнаулы сөздікте «баяндауышпен тікелей байланысып, кім? не? деген сұрақтарға жауап беруші сөйлемнің басты мүшелерінің бірі»<sup>96</sup> деген анықтама берілген болса, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде осы термин негізінде жасалған бастауыш сөзінің екінші мағынасы «мектеп, партия, комсомол ұйымдарының ең төменгі, алғашқы сатысы» деп түсіндірілген. «Бастауыш кластың сабағына бөгет жасайсың, ақырын сөйле, мама»<sup>97</sup>.

Терминдердің көркем әдебиетте қолданылуы да қазақ тіл білімінде арнайы зерттеле алмай келе жатқан мәселелердің бірі. Көркем әдебиетте де терминдер негізінен терминдік мағынасын сақтаған сөз ретінде немесе ауыс мағынасында жұмсалады. Мысалы, «*Айыпкер* Бондаренко жалаңбас, сот алдында тұрғалы бірсыпыра уақыт болды. *Тергеу* тереңдеп барады. (Ғ.Мұстафин. Қарағанды) және «Әскер сотында *айыптаушы прокурор* да, жақтаушы адвокат та болған жоқ». (Х.Есенжанов. Тар кезең)<sup>98</sup> деген сөйлемдердегі *айыпкер, сот, тергеу, айыптаушы, прокурор, адвокат* сияқты заң терминдері шындық өмірдегі оқиғаны қаз қалпында бейнелеу үшін тура мағынасында қолданылып отыр.

Тек прозалық шығармалардан ғана емес, терминдерді қазақ ақындарының өлеңдерінен де кездестіруге болады. Мысалы, М.Мақатаевтың

«...Мен – донормын.  
Шипа болар қаным бар.  
Қабылданар, алындар.  
Менің жылы қанымның  
Қасиетін танындар...»<sup>99</sup>.

- деген өлең жолдарындағы *донор* термині шеберлікпен пайдаланылған. Өлең мәтіні арқылы терминнің мағынасы да ашылып тұр. Сонымен қатар термин өзінің тура мағынасында қолданылып тұрғандығына қарамастан, өлең мәтінінің, контекстің әсері де анық байқалып тұр. Терминнің мағынасы

96 Кенесбаев С., Жанузаков Т. Русско-казахский словарь лингвистических терминов. – Алматы, 1966.

97 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1976. 2-том.

98 Бұл да сонда. – Алматы, 1974. 1-том.

99 Мақатаев М. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1993. 2-т., 240-б.

кеңейе түскен. *Донор* терминінің «құтқарушымын», «арашашымын» сияқты қосымша мағыналарды жүктеп қолданыс орнына қарай бейімделгендігін көруге болады. Бұл табиғи құбылыстың сыры – терминнің арнаулы тілдік ортадан тыс жағдайда қолданылып отырғандығында жатыр.

Жалпы қолданысқа түсуі жағынан терминологиялық лексиканың ішінде медицина терминдері алдыңғы орынды иеленеді. Оның себебі – медицина ұғымдарының халық өміріндегі қажеттілігіне қарай мерзімді баспасөз, радио мен теледидар арқылы кеңінен насихатталып жататындығынан болса керек.

Терминологиялық лексика қоғамның рухани-мәдени, саяси өміріндегі жаңалықтарға байланысты дамып, тез өзгеріп отыратындығымен ерекшеленетіні белгілі. Сондай өзгерістерге сәйкес, қандай да бір арнаулы саладағы терминдер терминологиялық өріспен шектелмей, жалпы қолданысқа түсуі мүмкін. Мәселен, нарықтық қатынастарға көшкеннен бергі уақыт ішінде *акция, аукцион, брокер, бизнес, инвестиция, инфляция, маркетинг, менеджер, менеджмент* тәрізді көптеген экономика терминдерінің жаппай қолданылып, барша жұртқа түсінікті бола бастағандығының куәсі болып жүрміз. Керісінше, тағы да осы қоғам өміріндегі өзгерістерге байланысты күні кеше ғана мектеп жасындағы баладан бастан бәрімізге жақсы таныс *коммунизм, социализм, пролетариат, бесжылдық, социалистік жарыс, социалистік міндеттеме, бастауыш партия ұйымы* сияқты жүздеген кең тараған терминдер аз уақыт ішінде өте сирек қолданылатын дәрежеге жетті. Келер ұрпақтың ол терминдердің мағынасын түсіну үшін арнаулы сөздіктерге жүгінері сөзсіз.

Терминдердің терминологиялық лексика жүйесінен жалпы лексикалық жүйеге өту барысында оқулықтар мен ғылыми-көпшілік басылымдардың да орны айрықша. Олар екі жүйенің арасын байланыстырушы көпір іспеттес. Біздің ғылымның сан түрлі саласындағы терминдермен танысуымыз ең алғаш мектеп оқулықтарынан басталады. Орта білім алған әрбір азамат мектеп бағдарламасына сәйкес оқытылатын пәндер арқылы (математика, физика, химия, биология, география, тіл білімі, әдебиет, тарих т.б.) бірнеше ғылым саларындағы терминдердің мағынасын білетін дәрежеге жетеді. Жоғары оқу орындарына арналған оқулықтардағы терминдердің саны мектеп оқулықтарындағыдан арта түседі. Соған сәйкес, жоғары білімді маманның игерген терминдерінің саны тағы да ұлғаяды. Сондықтан оқулықтарда қамтылған терминдердің жалпы қолданысқа көшуге мүмкіндігі мейлінше мол болады. Әсіресе мектеп оқулықтарындағы терминдер арнаулы тілдік ортадан тыс өте жиі қолданылады.

Ғылым мен техниканың түрлі салаларындағы терминдерді қалың жұртшылыққа таныстыруда ғылыми-көпшілік әдебиеттер де айрықша рөл атқарады. Оқулықтарда қамтылмаған көптеген терминдер ғылыми-көпшілік басылымдар арқылы танылып, одан әрі жалпы қолданысқа көшуге жолдама алып жатады.

Ш.Біләлов өз еңбегінде<sup>100</sup> бұл мәселеге біршама тоқталған. Терминдердің

100 Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. –Алматы, 1996. 202-б.

белгілі бір бөлігінің оқулықтар мен ғылыми-көпшілік әдебиеттер арқылы жалпы қолданысқа көшу мүмкіндігіне ие болатындығы рас. Алайда, арнаулы ұғым атауларының жалпы қолданысқа түсуі – тек оқулықтар мен ғылыми-көпшілік әдебиеттер арқылы жүзеге аспайды. Лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың әсерінен терминдер әртүрлі жолмен бейтерминдене алады. Сондықтан терминнің оқулыққа еніп, одан ғылыми-көпшілік әдебиеттерде қолданылуы арқылы жалпы қолданысқа көшуін бейтерминденудің бірден-бір жолы деп қарауға болмайды.

Терминдердің әртүрлі үлгідегі сөздіктерде қамтылуын салыстыру арқылы да олардың бейтерминденгендігін көруге болады. Терминологиялық және энциклопедиялық сөздіктерде термин өзінің терминдік мағынасын сақтай алатын болса, өзге сөздіктерде олай бола бермейді. Мәселен, түсіндірме сөздікте адвокат (қорғаушы) терминіне «сот алдында айыпкердің ісін қорғаушы заң қызметкері»<sup>101</sup> деген анықтама берілсе, арнаулы сөздікте бұл терминге «қоғамдық кәсіби ұйым болып саналатын қорғаушылар алқасының мүшесі. Қорғаушының негізгі міндеті – азаматтар мен заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету. Олардың заңды мүдделерін қорғауға, сот әділдігін жүзеге асыруға, демократиялық заңдылықтың сақталуына жәрдемдеседі»<sup>102</sup> деген анықтама берілген.

Екі анықтаманы салыстырып қарар болсақ, түсіндірме сөздіктегі анықтама тек салалық мамандарға ғана емес, жалпы көпшілікке арналғандықтан мейлінше жалпылама берілген, терминнің мазмұнын ашатын белгілердің біразы қамтылмаған. Бұл мысалдан біз терминдердің түсіндірме сөздікте терминологиялық сөздіктердегідей терминдік қасиеттерін толық сақтай алмайтындығын анық аңғаруымызға болады.

Ф.П.Сороколетов «терминнің көпшілік қабылдағандығы мен кең тарағандығы оны түсіндірме сөздікке кіргізудегі негізгі принцип болып табылады»<sup>103</sup> десе, С.И. Ожегов «түсіндірме сөздікке белгілі бір терминді алғанда, терминнің ғылым мен техниканың ұғымдар жүйесіндегі маңыздылығына қарап емес, сол терминнің жалпыхалықтық тілдегі қолданысына қарап қажет»<sup>104</sup> дейді.

Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігін жасауда осы принциптердің басшылыққа алынғандығы күмән туғызбайды. Біздің бұл пікірімізді сөздікте қамтылған терминдер де, сондай-ақ «қазақ тілі көп томдық түсіндірме сөздігі инструкциясының» өзі де дәлелдей түседі. Инструкцияның 60-параграфында «сөздікте тіліміздің сөздік қорындағы ғылымның алуан түрлі саласына тән терминологиялық лексика жаппай алына бермейді. Олардың орта мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарға, ғылыми-көпшілік әдебиеттерде жиі қолданылып жүргендері болмаса, жұртшылыққа мол

101 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1974. 1-том.

102 Сапарғалиев Ғ. Заң терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1995.

103 Сороколетов Ф.П. О месте производственной терминологии в толковом словаре русского языка // Лексикографический сборник. – М., 1957. Вып. 1. С. 124.

104 Сонда. 124-б.

тарамаған, белгілі бір мамандыққа байланысты тар көлемде қолданылатын терминдер алынбайды»<sup>105</sup> делінген.

Осыдан келіп біз терминнің түсіндірме сөздікте қамтылуы – оның жалпы тілде кеңінен қолданылатындығының, яғни бейтерминденгендігінің көрсеткіштерінің бірі бола алады деген қорытынды жасай аламыз.

Қолда бар деректерден қазақ тілінің өз материалы негізінде жасалған терминдер мен өзге тілдерден алмасқан терминдердің бейтерминдену мүмкіндіктерінің бірдей емес екендігі көрінеді. Оның себебі – кірме терминдердің тіліміздің дыбыстық жүйесіне сәйкес өзгеріске ұшырамағандығынан әрі олардың қабылдаушы тіл үшін мотиві айқын болмайтындығынан болса керек. Ондай терминдер түрлі себептермен жалпы тілде қаншалықты жиі қолданылса да көбінесе бейтерминденудің бірінші сатысында тұрады. Ал байырғы сөздер мен қосымшаларды пайдалану арқылы жасалған терминдер дыбысталуы жағынан да, мағынасының түсініктілігі жағынан да жаттық танытпайтындықтан жалпы қолданыстағы сөздердің қатарына тез өтіп, ауыс мағынада жұмсалуға және өзге де сөзге тән қасиеттерді иеленуге бейімділігімен ерекшеленді. Бұл фактор терминді ұлттық негізде жасаудың маңыздылығын аңғартады. Ана тілінің негізінде жасалған термин терминологиялық өріс шеңберімен шектеліп қалмай, жалпы лексика қатарына қайта қосылу арқылы оны сол ұлттық негізде байытатындығын көрсетсе, тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне бағындырылмай қабылданған өзге тілдік терминдер жалпы лексика мен арнаулы лексиканың арасын мейлінше алшақтатып, олардың арасындағы табиғи алмасу процесінің бәсеңдеуіне себеп болатындығын байқатады. Бұл құбылыс термин шығармашылығында ана тілінің ішкі мүмкіндігін сарқа пайдалану принципінің ең негізгі принцип ретінде бірінші орында тұруының және өзге тілдердің терминдерін шектен тыс көп қабылдамаудың, оларды пайдаланған жағдайда тілдің дыбыстық жүйесіне сәйкестендірудің қажеттілігін дәлелдей түседі.

О.И.Блинованың «егер орыс тілі лингвистикалық терминологиясының құрамындағы өзге тілдерден алмасқан терминдердің саны ана тілі негізінде жасалған немесе жасалатын терминдерден артып кететін болса, онда бізді сүреңсіз болашақ күтіп тұр (нас ожидает мрачная перспектива)» деуі<sup>106</sup>, В.А.Гречконың геология терминдері туралы айта келіп, «шет тілі сөздерін шектен тыс көп қабылдау бүкіл келер ұрпақтың геологияны ғылым ретінде және қандайда бір түсініксіз тіл ретінде үйренуіне душар етеді»<sup>107</sup> деген пікірлері негізсіз емес.

Бұл тұрғыдан қарағанда ғылым мен техника саласындағы терминдердің басым бөлігін орыс тіліндегі қалпын сақтап қабылданған, өзге тілдік атаулар құрайтын қазақ терминологиясының жайы айрықша аландатары сөзсіз.

105 Қазақ тілі көп томдық түсіндірме сөздігінің инструкциясы. – Алматы, 1976. 28-б.

106 Блинова О.И. Термин и его мотивированность // Терминология и культура речи. – М., 1981. С. 35.

107 Гречко В.А. Каким должен быть термин? // Актуальные проблемы лексикологии и словообразования. – Новосибирск, 1976 С. 102.

Ғасыр басында А.Байтұрсынов бастаған қазақ зиялыларының термин жасауда ұстанған принциптерінің отызыншы жылдардың орта шенінен бастап өзгеріске ұшырауының нәтижесінде төл терминдермен салыстырғанда кірме терминдердің саны едәуір артып кетті.

Тілдің жалпы лексикалық жүйесі мен терминологиялық жүйесінің арасындағы байланыс олардың бірін-бірі қажетсінуіне тікелей қатысты. Арнаулы лексика жалпыхалықтық тіл негізінде қалыптасса, кірме терминдер дыбысталуы жағынан тілдің фонетикалық заңдылықтарына бағынса, онда терминология тілді ұлттық негізде байытудың ең құнарлы қоры болады. Сондықтан терминдену және бейтерминдену процестері белгілі дәрежеде бір-біріне тәуелді деуге негіз бар.

Біз жоғарыда тіліміздегі терминдердің бейтерминденуі туралы біршама сөз еттік. Алдағы уақытта бұл мәселенің әлі де жан-жақты зерттелуі қажет екендігін айтқан жөн.

### III. 4. Терминдену – салааралық және жүйеаралық омоним тудырушы тәсіл

Жалпы лексикадағыдай арнаулы лексикада да көп мағыналық, омонимия, антонимия, синонимия сияқты семантикалық процестердің болып жататындығы жаңалық емес. Терминге қойылатын талаптар тұрғысынан қарағанда, әсіресе, көп мағыналылық пен синонимияның арнаулы лексика үшін қажетсіздігіне, тіпті зиянды екеніне қарамастан терминологиядан орын алып жүргендігі айтылып та жүр. Ал омонимия мен антонимия арнаулы лексика үшін соншалықты жат құбылыс емес. Олар алдыңғыларға қарағанда терминологияда жиі ұшырасады. Біз төменде осылардың ішінен омонимия құбылысына арнайы тоқтағалы отырмыз.

Тіл білімінде «бір-бірімен мағыналық байланысы болмайтын әртүрлі тілдік единицалардың дыбысталуы жағынан сәйкес келуін – омонимия» деп атайтынын білеміз<sup>108</sup>.

Термин сөз де тілдік единица болғандықтан бұл анықтама терминге де тікелей қатысты. Енді терминологиядағы омонимия құбылысына келер болсақ, терминдер ең алдымен, жалпы қолданыстағы сөздермен омоним болады. Терминдердің жасалуына сол жалпы лексиканың өзі негіз болатындықтан ондай омонимдердің көп ұшырасатындығына таңдануға болмайды. Мәселен, жалпы қолданыста *желкен* деп «кеменің, қайықтың жүруіне көмек болу үшін мачтаға керілген қалың матаны»<sup>109</sup> атаса, өсімдіктануда *желкен* термині гүлдің «ең ірі жоғарғы күлтежапырақшасы» деген ұғымды білдіреді. *Шылау* сөзі де тілімізде бірнеше мағынада жұмсалады: 1. қимыл атауы шыла + у (талқан шылау); 2. көне шаужай (...сұңғақ қыз аттың шылауына оралды); 3. Әсер, ырық, ықпал (біреудің шылауынан шыға алмау)<sup>110</sup>.

108 Лингвистический энциклопедический словарь. –М., 1990.

109 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы, 1979. 4-том.

110 Бұл да сонда, 10-том.

Ал тіл білімінде шылау деп «сөйлем ішіндегі сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасын жалғастырып, байланыстырып тұратын сөздер тобын» (үшін, шейін, т.б.) атайтынын білеміз. Бұл жерде жалпы қолданыстағы желкен сөзі де, шылау сөзі де метафоралану жолымен терминденген. Желкен сөзінің терминденуіне жалпы тілдегі мачтаға керілген қалың мата мен өсімдіктанудағы гүл бөлігінің сыртқы формаларының ұқсастығы негіз болған. Ал тіл біліміндегі шылау термині жалпы қолданыстағы шылау сөзінің үшінші мағынасының негізінде жасалған.

Тіліміздегі «шылауында болды», «шылауынан шыға алмады», «шылауында кетті» деген сөз тіркестерінің құрамында кездесетін шылау сөзі ырықсыздық, дербестіктің жоқтығы деген мағынаны білдіреді. Дәл осы мағына тіл білімі терминінің жасалуына себеп болған. Өйткені тіл біліміндегі шылау сөздердің де дербес лексикалық мағынасы болмайды, атаушы сөздердің мағыналарын толықтырып, анықтап, көмекшілік қызмет атқарады.

Жалпы қолданыстағы сөздердің барлығы адам қызметінің белгілі бір арнаулы саласындағы терминдер жүйесінен орын алып, терминологиялық өріске енгеннен кейін терминденген сөз бен термин емес сөз міндетті түрде омоним бола ма? деген сұрақтың төңірегінде ой өрбітіп көрелік.

А.В.Суперанская бастаған авторлардың еңбегінде ана тілінің негізінде жасалып, терминологиялық өріске енгізілу арқылы қалыптасқан терминдер жалпы қолданыстағы сөзбен омоним болады деп көрсетіледі<sup>111</sup>. Көп жағдайда бұл солай болатыны рас. Мысалы, өсімдіктанудағы *желкен*, *ескек* терминдері мен қайықтың ескегі мен желкені омоним екені дау тудырмайды.

Алайда жалпы қолданыстағы сөз бен термин үнемі омоним бола бермеуінің мүмкін екенін байқауға болады. Мәселен, жалпы қолданыстағы *тамыр* сөзі (өсімдіктің жер асты бөлігі) мен өсімдіктанудағы *тамыр* терминін алалық. Екеуі де бір ғана өсімдік мүшесінің атауы, бір-ақ ұғымды білдіреді. Бұл екеуін омоним деуге әрине болмайды.

Тамыр сөзі тілімізде бірнеше мағынаны білдіреді: 1. Өсімдіктің су мен қоректік заттар жеткізіп тұратын мүшесі, 2. Қан жүретін жол, 3. Дос – жар адам, 4. Ашына, көңілдес адам, 5. Бір нәрсенің шыққан жері, төркіні, негізі<sup>112</sup>.

Жалпы қолданыста тамыр сөзінің мағынасын контекстке қарап қана ажырата аламыз. Мысалы, «Тамырлары адырайған, арық қолы әлсіз дірілдейді» (К.Оразалин) – деген сөйлемге қарап, біз мұндағы тамырдың қан жолдары екенін білеміз.

Тамыр сөзі термин ретінде биология ғылымдарының медицина, зоология сияқты салаларында да қолданылады. Аталған ғылым салаларындағы тамыр термині тілімізде бұрыннан бар сөздің негізінде жасалған. Яғни, бұл термин жалпы қолданыстағы сөзге нақты терминдік мағына жүктеу және оны тиісті ғылым саласына қатысты терминологияның мүшесі етіп терминологиялық өріске енгізу арқылы қалыптасқан. Өсімдіктануда *тамыр* деп «өсімдікті

111 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология. –М., 1989. С. 17.

112 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы, 1985 8-т.

жерге бекітіп, топырақтан қорек жинау қызметін атқаратын әрі үздіксіз өсіп отыратын өсімдік органын»<sup>113</sup> айтады.

Өсімдіктанудағы *тамыр* термині мен жалпы қолданыстағы *тамыр* сөзі – атқаратын қызметтері бірдей бір ғана ұғым болса, медицинадағы тамыр термині де жалпы қолданыстағы тамыр сөзінің екінші мағынасымен дәл солай сәйкес келеді.

Жалпы қолданыстағы сөзге қарағанда термин дефинициясының нақтылығына, ғылымилығына, ұғымдық белгілерінің дәлдігіне қарамастан, бұл жағдайда термин мен термин емес сөзді омоним деп қарауға негізіміз жоқ. Тамыр сөзінің лексикалық мағынасы мен терминдік мағынасы астасып, бірінен-бірі туындап тұр. Ендеше, жалпы қолданыстағы сөздің терминологиялық өріске енгізілуі арқылы (терминдік мағынаға ие болуы) жасалған терминдердің бәрі бірдей өзінің жасалуына негіз болған сөзбен үнемі омоним бола бермеуі де мүмкін. Дәлірек айтқанда, терминденген сөз өзінің бастапқы білдіретін ұғымынан басқа ұғымның атауы болса ғана жүйеаралық омоним туындайды.

Көбінесе терминдердің жалпы лексикадағы сөздермен омоним болуының бір себебі – белгілі бір тілдің арнаулы лексикасы сол тілдің жалпы лексикасының негізінде жасалып қалыптасады. Сөз белгілі бір ұғымға таңылып, нақты дефиницияға ие болып терминдік мағына жүктеуінің нәтижесінде омоним пайда болады. Бір ғана сөз белгілі бір терминологиялық өріс ішінде термин қызметін атқарса, одан тыс жерде сөзге тән қасиеттеріне ие болып контекске байланысты түрлі мағынада қолданыла алады.

Терминологиядағы омонимияның екінші бір түрі – ғылым мен техниканың немесе адам қызметінің арнаулы бір саласындағы терминдердің өзге бір арнаулы саладағы терминдермен дыбысталуы жағынан сәйкес келуі. Оларды салааралық омонимдер деуге болады. Ондай терминдердің бір тобы ана тіліндегі байырғы сөздердің негізінде жасалынбағандықтан жалпы қолданыстағы сөздермен омоним бола алмайды. Олардың қатарына төмендегідей терминдерді жатқызуға болады:

*Аббревиатура* 1. тіл білімінде, 2. музыкада, *акцент* 1. тіл білімінде, 2. музыкада, *морфология* 1. тіл білімінде, 2. геологияда, 3. өсімдіктануда, *интонация* 1. тіл білімінде, 2. музыкада, *субъект* 1. логикада, 2. философияда, 3. заң ғылымында, *эрозия* 1. геологияда, 2. медицинада.

Салааралық омоним болатын терминдердің енді бір тобы – тілімізде бұрыннан бар сөздердің негізінде жасалынғандықтан, жеке ғылым салаларының арасында омоним болумен бірге жалпы қолданыстағы сөздермен де омоним болады. Мысалы: *түбір* термині 1. тіл білімінде, 2. математикада, *өзек* термині 1. геологияда, 2. өсімдіктануда, 3. медицинада, *буын* термині 1. тіл білімінде, 2. медицинада, 3. өсімдіктануда, *ебелек* термині 1. физикада, 2. техникада, *журнақ* термині 1. тіл білімінде, 2. геологияда, *жыныс* термині 1. медицинада, 2. геологияда, *теңеу* термині 1. әдебиеттануда, 2. математикада т.б.

113 Словарь ботанических терминов. –М., 1984.

Мұндай терминдердің жалпы қолданыстағы сөздермен де омоним болатынын жоғарыда айттық. Мәселен *жұрнақ* сөзі тілімізде «бұрыннан қалған белгі, қалдық»<sup>114</sup> деген мағынада қолданылса, *ебелек* деп 1. құмды сортаңды жерде өсетін бір жылдық шөптесін өсімдікті, 2. ою-өрнектің түрін айтады. Ебелек сөзі басқа да ауыспалы мағынада қолданылады: 1. дәрменсіз, әлсіз, қауқарсыз, 2. жеңілтек, ұшқалақ<sup>115</sup>.

Жалпы қолданыстағы сөздердің мағыналары контекспен байланыста ғана ашылады. Мысалы, «Қарақұмда не бір асыл шөп өспейді: еркек, алабота, жантақ, сағыз, ебелек, тағы сондайлар (С.Шайм.) деген сөйлемге қарап мұндағы ебелектің шөптесін өсімдік екенін білеміз.

Ал терминнің айырмашылығы – ол контекске тәуелді емес. Терминнің қай ғылым саласына қатысты екендігі анық болса, оның қандай ұғымды білдіретіндігі контекстің көмегінсіз-ақ белгілі. Өйткені термин өзі кіретін терминологиялық өрісте бір мағыналы, әрі өзінің дефинициясына тең болады. Мәселен, физик ебелектің «жылтыр заттың жарыққа шағылысуынан пайда болған сәуле» деген ұғымды, лингвист жұрнақтың «түбір сөзге жалғанып жаңа сөз тудыратын немесе сөзді түрлендіретін қосымшаның бір түрі» деген ұғымды білдіретін термин екенін контекссіз де біледі.

Жалпы лексикадағы дыбысталуы бірдей омоним сөздер лексикалық мағыналарының басқа-басқа болуымен ерекшеленсе, терминологиядағы салааралық терминдер дыбысталуы сәйкес келе отырып, басқа-басқа ұғымдарды әр термин өз өрісінде білдіретіндігімен айрықшалады. Айталық, *буын* деп тіл білімінде «өкпеден сыртқа шыққан ауаның қарқынымен кілт үзіліп шыққан бір я бірнеше дыбыстар тобынан құралған сөз бөлшегін» атаса, биологияда (медицинада) «сүйектердің сіңір арқылы байланысқан жерін», өсімдіктануда «жапырақ өсетін сабақ аймағын» айтады.

Буын термині әр өрісте әртүрлі ұғымдарды білдіруімен бірге, сол өріс ішінде бір мағыналы.

Әрбір термин өзі мүше болған терминология жүйесіндегі өзі атау болған ұғыммен тікелей байланыста болады. А.А.Реформатский «әр терминологиядағы термин, егер оның термин екендігі рас болса, міндетті түрде ұғыммен байланысты, яғни белгілі бір ұғымға сәйкес келеді» деп көрсеткен болатын<sup>116</sup>.

Жоғарыда біз тоқталған буын термині де үш түрлі өрісте бір-біріне қатыссыз әр басқа ұғымдарға сәйкес келіп тұр. Бұл дегеніміз – олардың үшеуінің де жеке-жеке термин екенін, соған сәйкес олардың салааралық омоним терминдер екенін дәлелдейді.

Терминологиядағы омонимияның жоғарыдағыдай түрлері жиірек ұшырасады. Мұндай құбылысты терминжасамдағы кемшілік дейміз бе, әлде қалыпты нәрсе деп бағалаймыз ба? Концептологиялық тұрғыдан қарайтын болсақ, әрбір ұғымға бір ғана атау сәйкес келіп, ол атаумен (сөзбен) өзге ұғымдар белгіленбеуі қажет.

114 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1979. 4-том.

115 Бұл да сонда, 3-том.

116 Реформатский А.А. Что такое термин и терминология//Вопросы терминологии. – М., 1961. С. 51.



Бұл талап орындалып жатса, жалпы ғылым үшін, терминология үшін тиімді болған болар еді. Алайда, ғылым мен техниканың, адам қызметінің алуан түрлі арнаулы салаларындағы ұғымдардың барлығына қайталанбас атау беру іс жүзінде орындалмай жатады. Терминдер ана тілінің негізінде көбірек жасалған сайын жалпы лексикадағы сөздермен де салааралық терминдермен де омоним терминдердің көбейе түсу мүмкіндігі молаяды. Ғылым мен техника саласындағы терминдердің басым бөлігін халықаралық немесе кірме терминдер құрайтын қазақ тілінің өзінде салааралық омоним терминдер аз ұшыраспайды. Бұл дегеніміз – терминдерді ана тілінің негізінде жасауды шектеу қажет деген сөз емес, керісінше, төл терминологиямызды қалыптастыруда, оны ретке келтіруде, терминдерді саралауда терминологтар мен салалық мамандардың алдында үлкен міндеттер тұр дегенді білдірсе керек.

Біз бірнеше ғылым салаларындағы терминдердің омоним болатынын көрдік. Ал бір ғана ғылым саласындағы терминдер өз ішінде омоним болатынын көрсететін фактілерді ұшырата алмадық. Алайда, біздің жинақтаған материалдарымыз бірнеше ғылым саласындағы терминдермен ғана шектеліп, отырғандығын айта кетуіміз керек. А.А.Реформатский бір ғана терминологиялық өріс ішіндегі немесе шектес өріс ішіндегі терминдердің омоним болуына жол беруге болмайды дей отырып, ондай құбылысты болдырмау үшін омоним терминдердің жігін ажыратып, грамматикалық дублеттерді (вкладка – материал, вкладывание – процесс сияқты) іздестіру қажет екендігін атап айтқан еді<sup>117</sup>.

Омонимдер негізінен тіліміздегі сөзжасам тәсілдері арқылы жасалатындықтан, олардың жасалу жолдарына арнайы тоқталмадық. Қазіргі қазақ тіліндегі омонимдер негізгі үш түрлі тәсілмен (лексикалық тәсіл, морфологиялық тәсіл, фонетикалық тәсіл) жасалатындығы көрсетілген<sup>118</sup>. Бұл заңдылық негізінен арнаулы лексикаға да тән.

Жоғарыда сөз болған тілдік фактілер терминологияда да омонимдердің аз ұшыраспайтынын байқатады. Терминологияны лексиканың арнаулы бір саласы дейтін болсақ, жалпы қолданыстағы сөздерге тән қасиеттердің терминдерге де ортақ болуын табиғи нәрсе деп қабылдауға болады. Алайда, терминдерге оған қойылатын талаптар тұрғысынан қарау маңыздырақ. Сондықтан да жалпы терминологиядағы терминнің бір мағыналылығына, дәлдігіне қол жеткізу үшін терминологтар, салалық мамандар әр ұғымға жеке атау берудің мәні зор екенін есте ұстауы қажет.

117 Реформатский А.А. Термин как член лексической системы языка//Проблемы структурной лингвистики. 1967. –М., 1968. С. 124.

118 Кенесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). –Алматы, 1975. 57-б.

## IV ТАРАУ

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНДЕНУШІ  
ЛЕКСИКА КӨЗДЕРІ

**Ж**алпы кез келген тілдің терминологиялық лексикасының түзілуіне негіз болатын екі көзі бар. Оның бірі – ұлттық тіл де, екіншісі – өзге халықтардың тілдері. Алғашқысы – термин жасамының ішкі көзі, ал кейінгісі – сыртқы көзі деп аталады.

Бұл көздердің термин шығармашылығында пайдаланылуы – ғылым-білімнің даму деңгейіне, ұлт тілінің қоғам өмірінде алатын орнына тікелей байланысты. Соған сәйкес бір тілдің терминологиялық лексикасының басым бөлігін ұлт тілінде жасалған терминдер құрайтын болса, кейбір тілдерде керісінше, өзге тілдерден қабылданған кірме терминдер өте көп ұшырасады да, төл терминдердің үлес салмағы елеусіз болып жатады.

Мәселен, қытай тілін зерттеген ғалым И.М.Ошанин қытай терминологиясы туралы былай деп жазады: «Многотысячелетнее развитие китайской культуры с ее материальным и духовным богатством, с ее развитой теоретической мыслью, отраженной в многочисленных сочинениях по философии, истории, экономике, медицине, математике и т.д., обусловило огромные словообразовательные возможности, позволяющее передавать средствами своего языка любые понятия, заимствованные у других народов, поэтому удельный вес прямых заимствованных и иностранных слов в китайском языке чрезвычайно мал...»<sup>119</sup>.

Ал қазақ терминологиясының жайы мүлдем басқаша. Тілші-ғалымдар терминологиямыздың 70-80 пайызын кірме терминдер құрайтынын айтып жүр. Өз билігі өзінде болмаған халықтың тілінің де еркін дамуына мүмкіндік тумайтыны белгілі. Терминологиямыздың ұлттық сипатынан айырылуы – тіліміздің ғылым саласында, термин шығармашылығында өз деңгейінде пайдаланылмағандығының көрінісі болып табылады.

Ендігі жерде мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілі өзінің ғылым саласындағы қызметін толық атқаруға көшуге тиіс. Ол үшін терминжасам тәсілдері іске қосылып, үздіксіз жетілдіріліп отыруымен қатар, термин жасауда пайдаланылатын лексика көздері анықталып, олар термин шығармашылығында тиімді пайдаланылуы қажет.

Біздің терминденуші лексика көздеріне арнайы тоқталып отыруымыздың да мәні осында жатыр. Мұндағы терминденуші лексика көздерінің терминжасамның өзге тәсілдеріне бірдей қатысты екендігін айтқан жөн.

Қазақ тілі арнаулы лексикасының, оның ішінде терминжасамның ішкі көзін пайдалану арқылы қалыптасқан терминологиялық лексиканың жасалуына

119 Ошанин И.М. Китайский язык//БСЭ. 2-е изд. Т. 21.

жалпыхалықтық тілдің негіз болғандығы дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Бірақ жалпыхалықтық тілдегі барлық сөздердің терминдену қабілеті бірдей бола бермейді. Белгілі бір лексикалық қабаттар немесе лексика-семантикалық топтар термин шығармашылығында өнімділік танытса, кейбіреулерінің терминологиядағы үлесі өте төмен. Мәселен, сөз таптарының терминденуі тұрғысынан қарар болсақ, барлық сөз таптарының (сын есім, етістік, үстеу, есімдік) негізінде жасалған терминдерді қосқанда бір ғана зат есім негізінде туындаған терминдермен теңесе алмайды. Сөздердің қолданылуы тұрғысынан келгенде де тіліміздегі лексикалық қабаттардың терминге айналу мүмкіндігі әркелкі. Төменде осы терминдену тәсілімен туындаған терминдердің жасалуына негіз болған лексикалық қабаттар анықталып, олардың терминологиядағы үлес-салмағы туралы сөз болады.

#### IV. 1. Жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі

Қазақ тілінің терминологиялық лексикасын құрайтын терминдену тәсілімен жасалған терминдердің елеулі бөлігі – ұлттық әдеби тілдің құрамындағы жалпы қолданыстағы сөздер негізінде жасалған. Жалпы қолданыстағы сөздер терминденудің барлық жолдары арқылы терминдене алады. Оларға бірден көшпестен бұрын осы терминдену процесінің қалай жүзеге асатындығына назар аударып көрелік.

Термин пайда болу үшін ең алдымен белгілі бір терминдер жүйесіндегі орны нақтыланған ұғым болуға тиіс. Ол ұғымның орнының нақтылануы деп біз сол ұғымды өзге ұғымдардан ажырататын оның өзіне ғана тән айрықша белгілері мен қасиеттерінің анықталуын айтып отырамыз. Яғни, бұл ұғымның қамтитын шекарасын, көлемін анықтау деген сөз. Одан әрі айқындалған ұғымның басты белгілерін көрсете отырып, оның мазмұнын толық ашатын анықтама беріледі. Ондай анықтаманың немесе терминнің дефинициясының дәл болуы аса қажет. Егер терминнің дефинициясы дәл берілмесе, онда ұғымның мазмұны да солғын ашылады. Соған сәйкес ондай ұғымды сөзбен белгілеу кезінде де ауытқушылық кетеді. Терминнің дефинициясы ұғымның басты белгілерін, көлемін көрсету арқылы сол ұғымның өзі қатысты болатын арнаулы салада қаншалықты деңгейде игерілгендігінен, зерттелгендігінен хабардар етеді.

Ұғымдар жүйесіндегі орны айқындалып, басы ашылған ұғымның қамтитын ауқымын, негізгі белгілерін дәл көрсететін ғылыми анықтама бергеннен кейін, анықтамаға сүйене отырып, сол ұғымға өзінің мазмұнына сәйкес келетін атау беру (ат қою) қажеттілігі туындайды. Ұғымға ат қоюдың, яғни термин жасау тәсілдерінің бірі – терминдену болып табылады.

Ұғым мазмұны белгілі болғаннан соң, терминолог немесе салалық маман мазмұннан формаға қарай ойысады. Аталған тәсілді пайдалану арқылы термин жасауды ұйғарған зерттеуші өз тілінде бар сөздердің ішінен ұғымды беретіндей (ұғымның мазмұнын қамтитын) сөзді таңдауға көшеді. Дәл осы

тұста өзі ат қойғалы отырған ұғымның терминдер жүйесіндегі алатын орны мен оның мазмұнын жақсы түсінумен бірге (бұл лингвистерге қатысты) сол ұғымға тиісті атау іздеп отырған тілді де жетік білуі қажет екендігін айтқан жөн. Біздің терминологиямыздың басым бөлігін орыс және еуропа тілдерінен енген терминдер құрауы себептерінің бірі – сол салаларда қызмет істейтін салалық мамандардың, ғалымдардың қазақ тілін білмеуінен немесе нашар білуінен, еңбектерін өз тілінде жазбауынан деп білеміз. Ана тілін білмейтін маманның өз тілінен (немесе өзге ұлт өкілінің), өзі білмейтін тілден ұғымға атау іздеп, бас қатырмайтынын дәлелдеп жатудың орны жоқ.

Ұғымды және сол ұғымға атау беретін тілді жақсы білгенде ғана форма мен мазмұн бірлігіне қол жеткізуге болады. Мәселен, аса көрнекті тілші-ғалым А.Байтұрсынұлы жасаған *зат есім, сын есім, сын есім, есімдік, үстеу, етістік, шылау* сияқты терминдердің санамызға сіңіп, қалыптасып кетуінің, өміршеңдігінің сыры – автордың білікті тіл маманы ретінде терминделуші ұғымдардың мазмұнын, олардың тіл жүйесіндегі орны мен қызметін терең білуімен бірге, өзі ғылыми ұғымдар атауларын жасап отырған қазақ тілін жоғары деңгейде меңгергендігінде жатқаны дау туғызбаса керек.

Терминнің іші мен сырты үндесіп, затына аты сай келуі – термин жасаушының ұғым атауының біз сөз етіп отырған екі жағына бірдей мән беріп, оларды ұштастыра білу шеберлігіне тікелей байланысты.

Жалпы қолданыстағы сөз термин қатарына өткенде өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан айрылып, мүлде жаңа ұғымды белгілеуі мүмкін. Мысалы, жалпы қолданыстағы *күмбез* сөзі «мешіт, сарай, т.б. құрылыстардың сәнді өрнектермен әшекейленген шанырақ тәрізді төбесі» және «әдемілігімен көзге түсетін әшекейлі құрылыс»<sup>120</sup> – деген мағыналарды білдірсе, геологиялық терминологиядағы *күмбез* термині «биіктігі жүздеген метрден мыңдаған метрге дейін жететін, көміліп қалған не қазіргі вулкан конусы» деген ұғымды білдіреді<sup>121</sup>.

Сондай-ақ жалпы қолданыста *қалта* деп «киімнің омырауына т.б. тігіліп, ұсақ-түйек зат салуға арналған бөлігін»<sup>122</sup> айтса, биологиядағы *қалта (бурса)* термині «қимылдау кезінде сіңірдің сүйекке үйкелісін бәсеңдететін сіңір, бұлшық ет, тарамыс астында болатын кілегейлі қалтарыс, дорба» деген ұғымды білдіреді<sup>123</sup>.

Жалпы қолданыстағы *күмбез, қалта* сөздерінің терминденуі негізінде геология, биология терминдері жасалған. Терминденудің мұндай жағдайында жалпы қолданыстағы сөздер мен арнаулы саладағы терминдердің таңбаланушылары (означаемое) бөлек-бөлек, ал таңбалаушылары (означающее), яғни лексема екі ұғымға да ортақ болады. Жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуіне көп ретте тілде бұрыннан бар ұғым мен терминологиядағы терминделуші ұғымның қандай да бір ұқсастықтары себепкер болып

120 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1980. 5-т.

121 Сапарбаев К., Нүсіпбаев Т. Орысша-қазақша геологиялық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1991.

122 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1980. 5-т.

123 Закиров М., Елемесов Қ., Қайымов Қ. Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1988. 1-т.

табылады. Келтірілген мысалдардағы *күмбез*, *қалта* сөздері ұғымдардың сыртқы формаларының ұқсастықтары негізінде терминденген. Геологиядағы вулкан конусының пішіні құрылыстың төбесіне, биологиядағы кілегейлі қалтарыстың киімге т.б. қоса тігілетін қосымша бөлікке ұқсайтындығынан сөздің бастапқы мағынасы метафоралану жолымен терминге айналып, басқа-басқа ұғымдар ортақ атауға ие болған. Нәтижесінде жаңа сөз пайда болып, жүйеаралық (жалпы лексикалық жүйе мен терминологиялық жүйе арасында) омонимдер туындаған.

Терминденудің бұл жолымен жасалған терминдерді ғылым мен техниканың кез-келген саласынан кездестіруге болады. Мәселен, жалпы қолданыста *тозаң* деп «Зат үстіне қонған не ауаға көтерілген жұқалаң селдір шаңды» немесе «қалың шаң – топырақты»<sup>124</sup> айтса, өсімдіктануда «Жалаңаш тұқымды және жабық тұқымды өсімдіктердің микроспорасын *тозаң*» дейді<sup>125</sup>. Сондай-ақ әдеби тілде «Адамның көркі, өңі, ажары» шырай делінсе<sup>126</sup>, тіл білімінде шырай деп «сапалық сын есімдерге тән, заттардың сындарын салыстырып, шендестіріп, күшейтіп көрсететін грамматикалық категорияны» айтады<sup>127</sup>.

Келтірілген мысалдардан *тозаң* сөзі мен *тозаң* терминінің және *шырай* сөзі мен *шырай* терминінің дыбысталулары сәйкес келгенімен, олар бір-біріне қатыссыз басқа-басқа ұғымдарды білдіретінін көріп отырмыз.

Жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі өзге тілдердің әсерінсіз, жоғарыдағыдай бір ғана ұлттық тілдің шеңберінде де, сондай-ақ өзге бір тілдің әсерімен де жүзеге асуы мүмкін. Өзге тілдің әсерімен терминдену дегенде біз қазақ тілінің өзінің лексикалық материалын пайдалану арқылы семантикалық калька тәсілімен термин жасауды айтып отырмыз. Ондай терминдердің өзіндік ерекшеліктері – олар бір жағынан қазақ тілінің өз сөздерінің негізінде жасалған терминдер болса, екінші жағынан өзге тілден алмасқандығы олардың семантикасы арқылы аңғарылып тұрады. Мәселен, өсімдіктанудағы гүл бөліктерін білдіретін *ескек*, *желкен*, *қайықша* терминдері орыс тіліндегі *весло*, *парус*, *лодочка* терминдерінің негізінде семантикалық калька жолымен жасалған. Калькалаудың аудармадан басты ерекшелігі – қабылданушы тілде жаңа сөз пайда болып, ол сөздің мағынасы сол жаңа сөздің жасалуына негіз болған тілдегі сөздің мағынасымен сәйкес келеді. Қазақ тіліндегі терминдердің елеулі бөлігі калькалаудың түрлі тәсілдері арқылы жасалған.

Терминологиядағы жалпы қолданыстағы сөздердің терминделуі арқылы жасалған терминдердің енді бір бөлігінің таңбаланушылары да, таңбалаушылары да өзінің жасалуына негіз болған сөзбен сәйкес келеді. Мұндай лексикалық қабаттың әдеби тіл жүйесі мен оның терминологиялық кіші жүйесіне бірдей қызмет ететіндігі айтылып жүр.

В.П.Даниленко сөздің әдеби тілден терминологияға ауысу барысында өзге ұғымды белгілеуінің нәтижесінде омоним туындауын сөз алмасу құбылысы

124 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1986. 9-т.

125 Бұл да сонда. – Алматы, 1976. 2-том.

126 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1986. 10-т.

127 Кеңесбаев І., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1966.

десе, әдеби тілдегі сөздің терминологияға өтуі кезінде омоним пайда болмай, сөздің бір мезгілде екі жүйеге бірдей (жалпы әдеби тіл жүйесі мен оның терминологиялық кіші жүйесіне) қызмет етуін сөздің «екі жақты қызметі» деп, ондай лексикалық қабатты алғашқыдан бөлек қарауды ұсынады<sup>128</sup>.

Әрине, аталған құбылыстардың арасында автор көрсеткендей айырмашылықтардың бар екендігі рас. Бірақ соған қарамастан, олардың ұқсас жақтары да жоқ емес. Сол ұқсастықтардың маңыздылығын негізге ала отырып, біз бұл аталған екі құбылысты терминдену процесінің аясында қарастырған дұрыс деп білеміз. Басқаша айтқанда, аталған құбылыстарды бір ғана терминдену процесінің жүзеге асуының екі түрлі жолы деп түсінеміз.

Біріншіден, терминденуші сөз екі түрлі жағдайда да жалпы әдеби тіл мен оның терминологиялық жүйесіне бірдей қызмет етеді. Омоним туындаған жағдайда сөз екі басқа ұғымды белгілегенімен оның дыбыстық жағы яғни лексема екі жүйеге де ортақ. Мұндағы ортақтық деңгейінің әркелкілігін олардың арасын бөлудің негізгі шарты ретінде тануға болмайды. Сонымен бірге, бұл ортақтықты екі құбылыстың басын біріктіретін басты белгі деуден де аулақпыз. Осы тұста тілдік таңбаның екі жүйеге де ортақ болуына көп жағдайда терминденуші сөз атау болған әдеби тілде бұрыннан бар ұғымдардың арасында қандай да бір ұқсастықтың (форма, қызмет т.б.) болатынын да ескерген жөн. Ондай ұқсастық болмаған жағдайда, сол терминделуші ұғымға ұлттық тілде бұрыннан бар сөздің атау ретінде таңдалуына ешбір мотивациялық негіз болмаған болар еді.

Мәселен, *перде* деп әдеби тілде «есікке, терезеге, театр сахнасына құрылған шымылдықты»<sup>129</sup> айтсақ, өсімдіктануда «көптеген өсімдіктердегі ауалы қуысты бөліп тұратын, жасушалардан құралған бөгет қабатты» айтады<sup>130</sup>.

Мұндағы термин мен жалпы қолданыстағы сөздің омоним болуына негіз болған екі ұғымның да бір нәрсенің арасын бөліп тұратын қызметтерінің ұқсастығы.

Екіншіден, әдеби тілдегі сөз бір мезгілде екі жүйеге бірдей қызмет еткен жағдайда да сөз бен терминнің арасында елеулі айырмашылықтар болады. Сөз жалпы лексикалық өрістен терминологиялық өріске өткенде жаңа сапаға көшіп, терминге тән қасиеттерді иеленеді. Жалпы лексикалық өрістегі сөзге тән қасиеттерінен айырылады.

Мәселен, көп мағыналық, эмоциялық-экспрессивтік, модальдік т.б. термин үшін қажетсіз деп саналады.

Бір ғана лексема арқылы көрініс беретін сөз бен терминнің мағыналық айырмашылықтарын аңғару үшін екі жүйеге де ортақ деп саналатын *су*, *жел* сөздерінің анықтамаларын салыстырып көрелік. *Су* деп әдеби тілде «өзен, көл т.б. түзетін түссіз, мөлдір сұйық затты» айтсақ, терминологияда *су* деп «сутегі оксиді, H<sub>2</sub>O қалыпты жағдайда сутегінің оттегімен қарапайым орнықты

128 Даниленко В.П. Лексико-семантические особенности слов-терминов//Исследования по русской терминологии. –М., 1971. С. 29.

129 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы, 1985. 8-т.

130 Закиров М., Елемесов Қ., Қайымов Қ. Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. –Алматы, 1988 1-т.

химиялық байланысын (массасы бойынша 11, 19 процент сутегі және 88,81 процент оттегі) ...»<sup>131</sup> айтады.

Сондай-ақ әдеби тілде *жел* деп «кейде қатты, кейде баяу соғатын ауаның ағымын»<sup>132</sup> айтса, ал физикалық географияда «ауаның жоғарғы қысымды аймақтан төмен қысымды аймаққа қарай горизонталь бағытта қозғалуын жел»<sup>133</sup> – дейді.

*Су және жел* сөздерінің жалпы әдеби тілге де, терминологияға да ортақ бір ғана ұғымның атауы екендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Алайда, осы екі жүйеге де бірдей қызмет ететін сөздің келтірілген анықтамаларынан-ақ термин мен термин емес сөздің арасында едәуір айырмашылықтардың болатынын байқау қиын емес. Әдеби тілдегі сөз негізінен неғұрлым жалпылама атаулық қызмет атқарып, ұғымның сыртқы белгілерін ғана қамтыса, терминнің дефинициясы арқылы ұғымның тиісті ғылымның даму деңгейіне сәйкес анықталған әрі оның терминологиялық өріс ішіндегі алатын орны мен көлемін нақтылай түсетін, сырт көзге аңғарыла бермейтін ішкі белгілер көрсетіледі. Сөздің бастапқы лексикалық мағынасы арқылы көрінетін белгілері мен терминденгеннен кейін оған дефиниция арқылы бекітіп берілген белгілері сәйкес келмейді. Төмендегі мысалдан да оны анық көруге болады. Мәселен, жалпы қолданыста *тау* деп «айналасындағы жерден едәуір көтеріңкі, биік жерді» айтса, физикалық географияда *тау* термині «айналасынан оқшау, айқын байқалатын беткейі, етегі және шыңы бар, теңіз деңгейінен биіктігі кемінде 200 м болатын көтеріңкі жер»,<sup>134</sup> – деген ұғымды білдіреді.

Терминнің мазмұны логикалық жолмен арнаулы сала үшін ең қажетті және жеткілікті белгілері айқындалған тұрақты дефинициясы арқылы ашылған. Айталық таудың биіктігі кемінде теңіз деңгейінен 200 м көтеріңкі болатындығы сондай қажетті белгілердің бірі. Терминде ондай белгілер бірнешеу.

Л.А.Капаназде «терминдену дегеніміз сөздің лексикалық мағынасын «кесіп», оған дефиницияны «танып беру»<sup>135</sup> деген болатын.

Омоним туындамаған жағдайда да терминология қарамағына өткен сөзге терминге тән дефиниция беріледі. Сол дефиниция арқылы бұрыннан бар ұғым өзге белгілері арқылы жаңа сапалық деңгейден көрініс береді. Сондай-ақ ондай термин белгілі бір терминологиялық өріспен шектеліп, ұғымдар жүйесінен орын алады. Бұл сөздің термин қатарына өткендігінің, яғни терминденгендігінің белгісі. «Жалпы қолданыстағы сөз терминологиялық өріс ішінде бұрынғы мағынасынан бөлек, арнайы мағынаға ие болады»<sup>136</sup>.

Сонымен, қорыта айтқанда тіліміздегі жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуінің екі түрлі жолын көрсетуге болады:

131 Сапарбаев К., Нүсіпбаев Т. Орысша-қазақша геологиялық түсіндірме сөздік. –Алматы, 1991.

132 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы, 1978. 4-т.

Құрманов Қ. Физикалық география терминдері мен ұғымдарының орысша-қазақша анықтамалық сөздігі. –Алматы, 1993.

134 Сонда.

135 Капаназде Л.А. Функционирование терминов науки и техники в общелитературном языке XX века//Русский язык и советское общество. –М., 1968. С. 152

136 Толикина Е.Н. Некоторые лингвистические проблемы изучения термина//Лингвистические проблемы науч-но-технической терминологии. –М., 1970. С. 54.



Біріншісі – халықтың ұғымында бұрын болмаған ғылым мен техниканың, өнердің даму барысында ашылған жаңа ұғымды ұлттық тілде бұрыннан бар сөзбен белгілеу. Терминденудің мұндай жағдайында сөздің тек дыбыстық жағы алынады да бір ғана лексема екі жүйеде (жалпы лексика мен арнаулы лексика) екі басқа ұғымды білдіреді. Нәтижесінде бастапқы сөзбен жаңа термин омонимдік қатар түзеді.

Екіншісі – халықтың ұғымында бұрыннан бар ұғымның атауымен қоса, жалпы лексикалық өрістен белгілі бір терминологиялық өріске өтуі. Бұл жағдайда ғылым мен техниканың даму деңгейі мен терминологиялық жүйенің талабына сәйкес ұғым жаңа сапалық белгілерді иеленеді. Сөздің лексикалық мағынасын құрайтын, белгілерінің орнын (кейбір белгілері сақталуы мүмкін) ғылыми немесе арнаулы ұғым белгілері алмастырады.

Терминденудің екі түрінің арасында елеулі өзгешеліктер бар екендігіне қарамастан екі түрлі жолмен терминденген сөз де бірдей терминдік қасиеттерді иеленіп, белгілі бір терминологиялық өріске бағынышты болады. Әдеби тілдегі сөздер қай тәсілмен терминденсе де өріс ішінде бірдей қызмет атқарып, бір деңгейде тұрады.

## IV. 2. Аймақтық лексиканың терминденуі

Қазақ тілінің аймақтық лексикасы, оның өзіндік ерекшеліктері мен әдеби тілге қатысы тілші-ғалымдар тарапынан едәуір зерттелген мәселелер деуге болады. Оған тіл білімінің диалектология саласын арнайы зерттеген С.А.Аманжолов, Ж.Д.Досқараев, Ш.Ш.Сарыбаев, Ә.Нұрмағамбетов, С.Омарбеков, О.Нақысбеков, Н.Жүнісов, Ғ.Қалиев, Т.Айдаров сияқты ғалымдардың еңбектері куә бола алады.

Әдеби тілдің лексикасы мен аймақтық лексика арасындағы байланыс сияқты, ғылым мен техниканың түрлі саласына қатысты терминологиялық лексика мен аймақтық лексика арасында да байланыс бар. Алайда, бұлардың соңғыларының арасындағы байланыс қазақ тіл білімінде әлі арнайы қарастырыла алмай келе жатқан мәселелердің қатарында болып табылады. Сондықтан оған арнайы көңіл бөлудің мәні айрықша. Бұл әсіресе терминология үшін өте қажет.

Біз төменде мәселенің нақты бір қырына, яғни аймақтық лексиканың терминологияны байыту мүмкіндігі мен оның терминдену жолдарына баса назар аударамыз.

Қазақ терминологиясында диалектілік лексиканың терминденуі арқылы жасалған терминдер тым жиі болмаса да кездеседі. Мәселен, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарының жекелеген аудандарында қолданылатын *тәп* сөзі биология терминдерінің қатарынан орын алған. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде бұл сөзге – «сөктен жасалған ботқа, каша, көженің қоюы» деген түсініктеме берілсе<sup>137</sup>, 1988 жылы жарық көрген биология арнаулы сөздігінде

137 Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. – Алматы, 1969.



*төп (барда)* терминіне – «малға жем ретінде пайдаланылатын спирт өндіргенде қалатын қоймалжың қалдық» деген анықтама берілген<sup>138</sup>.

Байқап отырғанымыздай, диалекті сөздің білдіретін ұғымы мен терминдік ұғымның ұқсастығына (қою, қоймалжың және азықтық қасиеттеріне қарай) орай термин жасалынған. Осы сынды Алматы облысының Нарынқол, Кеген аудандарында қолданылатын *құжат* сөзі қазір өз мағынасында жұмсалатын терминком ресми бекіткен терминдердің қатарында екені белгілі. Семей облысының Абай ауданында ұйым мағынасында қолданылып келген *ұжым*, Түркменстан, Қарақалпақстан және Ақтөбе, Қызылорда облыстарының жекелеген аудандарында әдет, дәстүр мағынасында қолданылып келген *үрдіс* сөздері де аздаған мағыналық өзгерістерге ұшырау арқылы терминденіп, ресми бекітілген терминдер қатарына қосылды. Осы тізімге *алқа (коллегия), егемендік (суверенитет), түнек (лежка), собық (початок), қандауыр (скальпель)* сияқты терминдерді де қосуға болады.

Сондай-ақ диалекті сөздердің арасында жалпы қолданыстағы қазақша баламалары болмай келген сөздердің баламасы ретінде қолданылып жүргендері де бар. Олар: *ақжайма (простыня), орам (квартал), тұшпара (пельмени)* т.б.

Жоғарыдағы терминденген диалекті сөздердің көпшілігі қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігіне енгізілген екен. Түсіндірме сөздіктен орын алуы – олардың терминденуіне белгілі дәрежеде ықпал еткен деп білеміз.

Жалпы диалектизмдер есебінен арнаулы лексиканың да, жалпы лексиканың да қатары молыға түсетіндігін тілдік деректер көрсетіп отыр. Алайда аймақтық лексиканың терминдену деңгейі өзге лексикалық қабаттармен, оның ішінде жалпы қолданыстағы сөздермен салыстырғанда онша жоғары емес. Оның ең басты себебі – көбінесе диалектизмдердің әдеби тілде баламасы болуынан деп түсінеміз. Терминдену кезінде таңдауға алдымен әдеби нұсқа ілігеді. Ал жоғарыдағы терминденген диалекті сөздерге келсек, олардың көпшілігінің әдеби тілде қазақша баламалары болмай шықты. Олардың терминдену мүмкіндігіне ие болуының бір себебі сонымен де байланысты болса керек.

Екіншіден, мұны аймақтық лексиканың терминологияны байытудың көзі ретінде танылып, оның термин шығармашылығында қажетке жаратылмай келгендігінен деп те түсіндіруге болады. Түптеп келгенде, бұл ұлт тілінің ғылым саласындағы қызметінің шектеліп келгендігін, сондай-ақ тіл білімінің өзге салаларымен салыстырғанда қазақ терминологиясының аз зерттелгендігін де көрсететін факторлардың бірі.

Диалектілік лексиканың әдеби тілді байытудың бір көзі екендігін тілші-ғалымдар тарапынан дәлелденгендігі белгілі. Сонымен қатар, аймақтық лексика терминологияны байытудың да құнарлы көздерінің бірі болып табылады. Сондықтан бұл қорды орнымен пайдалана білу – қазақ терминологиясының ұлттық сипатының артуына үлкен септігін тигізери анық. Термин шығармашылығында ана тілінің өз байлығын сарқа пайдалану принципін шынайы жүзеге асыру үшін

138 Закиров М., Елемесов Қ., Қайымов Қ. Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1988. 1-том.

бұл көзді термин жасау барысында ұтымды пайдалануымыз қажет те.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуына байланысты 90-жылдардан бастап терминжасамның бұл ішкі көзі біршама пайдаланыла басталғандығы байқалады. Жоғарыдағы сөз болған аймақтық сөздердің көпшілігі соңғы кезде терминденгені соны айғақтайды. Алайда, термин шығармашылығында аймақтық лексика барынша тиімді пайдаланылып отыр деуге болмайды. Тек аймақтық лексиканы ғана емес жалпы тіліміздің ішкі байлығын термин жасауда қажетіне қарай іске жарата алмай келгендігімізді мойындауымызға тура келеді.

Сөз болып отырған мәселені қарастыру барысында аймақтық лексиканың екі түрлі жолмен терминденетіндігі анықталды. Біріншісі – әдеби тіл арқылы терминдену. Яғни, бұл – белгілі бір аймақта қолданылатын сөздің әдеби тілге еніп, жалпы қолданысқа көшкеннен кейін барып терминологиялық өріске өтіп, терминдік мағынада жұмсалуды. Бұл топқа *алқа, собық, қандауыр* сияқты сөздер кіреді. Екіншісі – жергілікті сөздердің тікелей терминденуі. Мұндай жағдайда диалекті сөз жалпы қолданысқа көшпей-ақ бірден белгілі бір терминологиялық өріске өтіп терминдер қатарынан орын алады. *Төп, ұжым, үрдіс, түнек* тәрізді сөздер осы екінші жолмен терминденген.

Қазақ тілінің аймақтық лексикасын зерттеп жүрген диалектолог ғалымдар «Әдеби тілді байытуда келешегі мол, аса бай сөздік қор – диалектілік лексика тобы»<sup>139</sup> десе, біз термин шығармашылығында осы уақытқа дейін өте аз пайдаланылып келген бұл қордың терминологиялық лексиканы байытудағы ролі де сондай айрықша дер едік.

### IV. 3. Көнерген сөздердің терминденуі

Терминжасамның ішкі көзін құрайтын өзге лексикалық қабаттармен қатар, қазір өте сирек қолданылатын көнерген сөздер де терминдер қатарын молайтуға өзіндік үлес қосады. Мысалы, сондай сирек қолданылатын сөздің бірі – *кіреуке*. Ертеректе батырлардың жаугершілікте жауға қиетін темір сауытын кіреуке деп атаған болса<sup>140</sup>, қазір медицина ғылымының стоматология саласында *кіреуке (эмаль)* деп – «құрамында 96,5 процент бейорганикалық заттар және гидроксипатит кристалдары бар, тіс сауытын жаба отырып, дентин мен ұлпаны сыртқы тітіркенуден қорғайтын, беріктігі жағынан кварц пен апатиттің аралығында болатын организмдегі ең берік ұлпаны»<sup>141</sup> атайды.

Бұл термин тілде қазір сирек қолданыла бастаған сөздің мағынасының метафоралануы арқылы жасалған. Сөздің терминденуіне негіз болған – екі ұғымның өзара ұқсастығы. Яғни, тістің сыртын жауып тұратын қабаттың беріктігі мен қорғағыштық қызмет атқаруы «кіреуке» сөзінің терминденуіне себеп болған.

Биологиядағы «кейбір жәндіктер (мысалы, шаянтәрізділер) мен жануарлар

139 Сарыбаев Ш., Нақысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. – Алматы, 1989. 168-б.

140 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1980. 5-т.

141 Құлманбетов А. Стоматология терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1991.

денесін қаптайтын қатты жабын, бірсыпыра балықтар, жорғалаушылар (тасбақа, крокодил) және сүтқоректілердің денесін қаптап, оларды жауыннан зақымданудан қорғайтын бөлігі», – деген ұғымды білдіретін *сауым* термині<sup>142</sup>, «оқтан, найза-сүнгіден сақтау үшін ертеде батырлар киген тор көзді темір кіреуке»,<sup>143</sup> – деген мағынаны білдіретін *сауым* сөзінің терминденуі арқылы жасалған.

Бұл жерде сөздің терминденуіне екі ұғымның қызмет ұқсастықтары негіз болғандығы көрініп тұр. Жәндіктер мен жануарлардың сауыты оларды жауын-шашыннан, зақымданудан сақтаса, батырдың сауыты оны оқтап, найза-сүнгіден қорғайды. Екі сауыттың да қызметі бір. Атаулардың алмасуы көбінесе метафоралық жолмен және қызмет ұқсастығы негізінде болатындығын лексиколог ғалымдардың арасында айтып жүргендері бар. Бұл туралы Б.Қалиев өз еңбегінде былай дейді: «К функциональным переносам относятся такие переносы, в которых изменение значений слов происходит на основе общности или близости функции»<sup>144</sup>.

Әртүрлі лексикалық қабатқа жататын сөздердің терминденуі де көп жағдайда осы аталған ұқсастықтарға негізделеді.

Жалпы көнерген сөздер терминжасамның бір көзі ретінде танылып, термин шығармашылығында іске жаратыла бастады деуге болады. Осы мәселе туралы сөз қозғаушылардың бірі Н.Әшімбаева өз мақаласында бір сөзжасам үлгісі арқылы (-*ауыл*/ -*еуіл*, -*уылі* -*уіл*) жасалған көне атақ-лауазым және әскери құрылым атауларына тоқтала келіп, Ә.Қайдаровтың жасап жатқан этнолингвистикалық сөздігінің картотекасынан алынған бір топ атауларды әскери термин ретінде пайдалануға болатындығын айтады<sup>145</sup>. Олар мыналар: *айдауыл*, *асауыл*, *бақауыл*, *бекеуіл*, *бегауыл*, *бұқауыл*, *барлауыл*, *ереуіл*, *ертеуіл*, *жасауыл*, *жортуыл* // *жортауыл*, *жандауыл*, *кептеуіл*, *кешуіл*, *қайдауыл*, *қорғауыл*, *қарауыл*, *қырауыл*, *сасауыл*, *сайдауыл* // *сандауыл*, *сырттауыл*, *сырғауыл*, *торғауыл*, *тексеуіл*, *тоқтауыл*, *томауыл*, *тосқауыл*, *тыңдауыл*, *тежеуіл*, *тұмауыл*, *шырғауыл*, *шыңдауыл*, *шабуыл* // *шапауыл*, *шығауыл* т.б.

Бұл атаулардың әскери терминологиямыздың құрамына ену қажеттілігі ешбір дау туғызбауға тиіс. Өйткені бұл атаулар терминге қойылатын талаптардың бәріне жауап бере алады. Бір мағыналылық, ықшамдылық сияқты талаптарды орындаумен қоса, терминологиядағы ұғымдар жүйесін бір үлгідегі атаулармен беру арқылы сол жүйенің ерекшелігін көрсету терминология үшін ең қажетті жұмыстың бірі болып табылады. Осы тұрғыдан қарағанда жоғарыдағы атаулардың әскери ұғымдарды жүйелеп беруге айрықша бейімділігі көрініп тұр.

Сонымен бірге, бұл үлгіні терминжасамның бір үлгісі (моделі) ретінде пайдалана отырып, жаңа терминдер жасауға әбден болады. Тіліміздің терминжасам мүмкіндігін жетілдіру осылай жүзеге асуға тиісті екендігін айтқан жөн.

142 Закиров М., Елемесов К., Қайымов Қ. Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1991. 2-т.

143 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1985. 8-т.

144 Қалиев Б. Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. – Алматы, 1996. С. 45.

145 Әшімбаева Н. Көнерген сөздер — терминжасамның бір көзі//Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы, 1997. 191-б.

Академик Ә.Қайдаров «...көненің көзінде сақталып, мағынасы күңгірттеніп, ұмыт болған, қолданыстан қалып, шаң басып жатқан көнерген сөздер аз емес. Оларды тірілтіп, жаңартып, тіл қажетіне жаратуға әбден болады, – дей келіп, *қосын, ләшкер, жасақ, түмен, бұраңғар, ерен, бүйрекші, су, шерік, шеру, иелме, аламан, алай, атарман, шабарман, ондық, жүздік, мыңдық, жалаңқат, көбе, жебе, жекеауыз, сардар, самқал, сапы, сүмбе, топ, оқшантай* сияқты сөздерді әскери термин ретінде өмірге қайта әкелу керектігін айтады<sup>146</sup>.

Тілімізде пассив қолданылып келген жоғарыдағыдай сөздердің мағыналарын жаңғыртып, терминдік мағына жүктеу арқылы кәдеге жарату көбінесе кейінгі жылдары көрініс бере бастаған құбылыс. Мысалы, *кеден, егемендік, орда, сарбаз, жасақ, қазы* сияқты сөздердің қолданылу белсенділігі артып, терминдік мағынада жұмсалып, жүргендігі соның айғағы бола алады. Біз осы әрекетті құптаушылар қатарындамыз. Жалпы қазақ терминологиясы бұрынғыдай орыс терминологиясының көшірмесі болып қала беруін қаламайтын болсақ, тіліміздің ішкі мүмкіндігін сарқа пайдалану принципін басшылыққа ала отырып, барлық лексикалық қабаттарды, оның ішінде көнерген сөздерді де (архаизм, историзм) көзін тауып, орнымен іске жарата білу арқылы да төл терминологиямызды байытып, оның ұлттық сипатын арттыра түсуге болады. Мәселен, көршілес Қытай елі терминжасам мәселесін грек, латын немесе еуропа тілдеріне көп жүгінбей-ақ негізінен өзінің вэньнянь көне әдеби тіліндегі сөздердің мағынасын жаңғырту жолымен-ақ шешіп отыр. Шет тілдерінен алмасқан терминдердің қалған елеусіз бөлігін қытай тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сәйкестендіріп қабылдайды<sup>147</sup>.

Сондықтан терминжасам ісінде тіліміздің көне қорларын тиімді пайдаланудан ұлттық ғылым тіліне, терминологиямызға келер зиян жоқ. Қайта терминжасамның ішкі көздерін іске жарату арқылы тіліміздің ғылыми-техникалық ұғымдардың атауларын жасау мүмкіндігін арттырып, шет тілдеріне шектен тыс көп жүгіну әдетінен арыламыз. Солай етсек қана, «қазақ тілінің ғылыми термин жасауға бейімділігі төмен», «біздің тіліміз мұндай ұғымдарды бере алмайды» деп көп жағдайда үстірт айтылып жататын негізсіз пікірлердің жолын кесеміз. Өз мүмкіндігін өзі шектей беретін термин қабылдағыш тілге айналмай, өз тілімізде термин жасауға үйренеміз. Сонда ғана термин шығармашылығы деп аталатын, шын мәніндегі шығармашылық процестің мәнін түсіне алатын боламыз.

#### IV. 4. Кәсіби сөздердің терминденуі

Терминдер қатарын толықтыратын лексикалық қабаттың бірі – кәсіби сөздер болып табылады. Кәсіби сөздердің терминдерге ұқсас жағы – екі топтағы лексика да белгілі бір кәсіппен, арнаулы саламен шектеледі. Осы ұқсастықтарына сәйкес олар бір ғана арнаулы лексиканың шеңберінде

146 Қайдаров Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993. 14-б.

147 Иванов В.В. Терминология и заимствования в современном китайском языке. – М., 1973. С. 48.

қарастырылады. Арнаулы лексиканың құрамына енетіндігі – оларды жалпы қолданыстағы сөздерден, аймақтық лексикадан, жаргондар мен арголардан да ерекшелейтін белгісі болып саналады.

Қазақ тіл мамандары кәсіби лексика жайлы сөз еткен еңбектерінде кәсіби сөздердің қатарына белгілі бір адамдар тобының қызметіне байланысты немесе бүтіндей бір ауданның шаруашылық саласындағы ерекшеліктерді білдіретін жалпы лексиканың бір бөліміндегі сөздерді кіргізеді, яғни, аңшылық, етікшілік, бау-бақша, мақта, көкөніс, балық шаруашылығы, ағаш жұмыстарына байланысты белгілі кәсіппен шұғылданушы адамдарға тән лексика осы топқа жатқызылып жүр<sup>148</sup>.

Диалектолог ғалымдар Ш.Сарыбаев пен О.Нақысбеков те осы мәселе туралы сөз ете келіп, жалпыхалықтық профессионализмдерді диалектілік лексикадан, ғылыми-техникалық терминологиядан, сондай-ақ кейбір говорлардағы тұрғындар тілінде кездесіп, басқа жерлерде ұшырамайтын диалектілік сипаттағы кәсіби сөздерден ажырата білу қажеттігін айтады. Сондай-ақ осы еңбектерінде авторлар кәсіби сөздердің өзіне тән кейбір ерекшелігін, терминдер мен диалектизмдерден айырмашылығын, ұқсас жақтарын көрсетеді.

Сонымен бірге аталған ғалымдар жалпыхалықтық сипаттағы және диалектілік сипаттағы кәсіби сөздер деп жіктеліп жүрген бұл сөздердің соңғысын тағы да іштей екіге бөледі. Әдеби тілде ешқандай баламасы жоқ, қолданылу жағынан жалпыхалықтық сипат ала алмай жүрген, бірақ әдеби тіл қорына өтуге тиісті сөздерді – прогрессивті диалектілік сипаттағы кәсіби сөздер, ал әдеби тілде баламасы бар, сол себепті әдеби тіл лексикасына кіре алмайтын сөздерді – регрессивті диалектілік кәсіби сөздер дейді<sup>149</sup>.

Мұндағы әдеби тілді байыта түсуге қажетті делінген прогрессивті диалектілік сипаттағы кәсіби сөздердің терминологиялық лексиканы байытуға да мүмкіндігі мол.

Орыс ғалымы М.И.Фомина кәсіби сөздердің көбінесе әдеби тілде кең тарамайтындығын, яғни олардың қолданыс аясының шектеулі екендігін айта келіп, былай дейді: «Чаще всего – это разговорная речь представителей той или иной профессии. Однако нередко происходит и так называемая терминологизация профессиональных слов и выражений. В этом случае они становятся единственным официально узаконенным наименованием»<sup>150</sup>.

Кәсіби сөздердің терминденуге бейім тұратындығы олардың терминдерге бір табан жақындығынан, яғни терминдермен бірге арнаулы лексика құрамына кіретіндігінен және белгілі бір кәсіппен байланысты болатындығынан болса керек.

Қазақ тіліндегі кәсіби сөздер термин жасауда барынша пайдаланылып келді деп айта алмаймыз. Оның бір себебі ретінде кәсіби лексиканың өзі терең зерттеліп, өзге лексикалық қабаттардан, оның ішінде терминдерден басты айырмашылықтары көрсетіліп, терминжасамның бір көзі ретінде таныла

148 Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі: лексика фонетика. – Алматы, 1975. 133-б.

149 Сарыбаев Ш., Нақысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. – Алматы, 1989. 46-51-бб.

150 Фомина М.И. Современный русский язык. Лексикология. – М., 1983. С. 180.

қоймағандығынайтуға болады. Соған қарамастан кәсіби лексика есебінен жасалған терминдерді кездестіруге болады. Мысалы, қызылша шаруашылығындағы *тұқым жарнағы*, *тамыр-жеміс*, мақта шаруашылығындағы *қоза*, *қозапая* кәсіби сөздерінің терминденуі негізінде өсімдіктану терминдері жасалған. Терминологиялық сөздікте ол терминдерге төмендегідей анықтамалар берілген: «*қоза (гуза)* – өніп келе жатқан жас мақта», «*қозапая (гузопая)* – жас мақтаның сабағы», *тұқым жарнақ (семядоли)* – ұрықтың алғашқы жапырағы», «*тамыр-жемістілер (крнеплоды)* – тамырындағы жуантықтанған етті бөлігі, тағамға пайдалануға өсірілетін өсімдіктер (қызылша, сәбіз, желкөк) тобы»<sup>151</sup>.

Термин шығармашылығында бұл дәстүр жалғаса беруге тиіс. Өзінің табиғаты жағынан терминдерге біршама жақын кәсіби сөздерді термин жасауда орнымен пайдалана білсек, ғылыми терминологиямыздың ұлт тілі негізінде баю мүмкіндігі арта түспек. Ол үшін әртүрлі кәсіпке қатысты сөздерді әлі де сала-сала бойынша жинақтап, олардың өзіндік ерекшеліктерін, өзге лексикалық қабаттардан айырмасын нақты көрсету маңызды.

#### IV. 5. Терминденуші лексиканың өзге де көздері туралы

Ғылыми-техникалық терминдерді жасауда көне әдеби тілдерінің байлығын ұтымды пайдаланып отырған халықтар да бар. Бұл тұрғыдан қарағанда, айрықшалана алатындардың бірі – қытай терминологиясы. Қытай тілін және оның ғылыми терминологиясын арнайы зерттеген И.М.Ошанин, В.В.Иванов, О.П.Фролова сияқты ғалымдар өз еңбектерінде мұны атап көрсетіп жүр.

Мәселен, В.Иванов «... в китайском языке основным источником языкового материала для терминообразования выступает старый литературный язык вэньянь»<sup>152</sup> десе, О.Фролова да вэньянизмдердің терминденуші лексиканың бір көзі екенін көрсетеді<sup>153</sup>.

Қытай тіліндегідей терминжасамның негізгі көзі ретінде болмаса да қажетіне қарай сұрыптап пайдалануға жарайтын ондай тіл бізде де бар екендігін айтқан жөн. Ол – *көне өзбек тілі*, *шағатай тілі*, *қазақтың ескі жазба әдеби тілі*, *түркі тіл* деп аталып келген Орта Азия мен Қазақстан жерлеріндегі түркі халықтарының біразына ортақ кітаби тіл.

Қазақтың әдеби тілінің тарихын зерттеген ғалымдардың көпшілігі бұл тілді әртүрлі терминмен атайтындығына қарамастан, түркі халықтарының ортақ тілі екенін дәлелдеп жүр. Мәселен, С. Исаев: «Ескі дәуірдің фактілеріне жүгінсек, шағатай (көне өзбек) деп аталатын тіл тек өзбек тілінің мұрасы емес, сонымен қатар қазіргі Орта Азия, Қазақстан жерлеріндегі біраз халықтардың мұрасы, ортақ дәстүрі екенін байқауға болады. Осы шағатай немесе көне

151 Закиров М., Елемесов Қ., Қайымов Қ. Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1988, 1991. 1, 2-т.

152 Иванов В. В. Терминология и заимствования в современном китайском языке. – М., 1973. С. 36.

153 Фролова О. П. Словообразование в терминологической лексике современного китайского языка. – М., 1981. С. 37.



өзбек деген терминдерді кейінгі зерттеушілер енгізді, ал дұрыстығында ол шығармалардың авторлары өздері жазып отырған тілді «түркі» немесе «түрки» тілі деп атап отыратындықтарын айта кету керек»,<sup>154</sup> – десе, Р. Сыздықова «таким образом, тюркские народы в средние века (XV–XVII вв.) и даже в последующие периоды (до начала XX в.) обращались к общему источнику – письменной традиции тюркских народов. Таковым служил чагатайский язык, или, по А.Н.Самойловичу, «единый среднеазиатский тюркский язык исламской эпохи». В числе этих народов были и казахи»<sup>155</sup>, – дейді.

Байқап отырғанымыздай, ғалымдардың пікірлері бір-бірімен үндесіп, сабақтасып жатыр. Дәлелденіп отырғандай, біртұтас түркі тіліне біздің де тікелей қатысымыз бар. Ендеше, XV ғасырдан бастап XX ғасырдың басына дейін пайдаланып келген ортақ мұрамыздан неліктен бас тартуға тиістіміз? Қайта, бұл байлықты терминжасамның бір көзі ретінде танып, термин шығармашылығында кәдеге жарата білудің маңызы зор. Одан терминологиямызға нұқсан келеді деуге болмайды. Мәселе сол байлықты терминге қойылатын талаптарды ескере отырып, орнымен, талғаммен іске жарата білуде. Бұл бір жағынан тілдің даму барысындағы тарихи сабақтастықты үзбеудің де нақты көрінісі болған болар еді.

Жалпы, баршамыздың ортақ мұрамыз деп танылып жүрген түркі тілін немесе ескі жазба әдеби тілді термин шығармашылығында барлық түркі халықтары пайдалануына болады. Өзара термин алмасумен қатар терминжасамның ортақ көзін пайдалану – туыстас халықтардың ғылыми терминологияларын белгілі бір деңгейде жақындата түсері де сөзсіз.

І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаев өз еңбектерінде кітаби тілдің қазақ халқы жақсы түсінетін, бұқараға кең тараған тіл болғандығын айтады. «Кітаби әдеби тілдің қазақ халқына түсінікті болғанына дауласу орынсыз, өйткені кітаби тілдің негізі – көне түркі тілі – ол қазақ халқына жат тіл емес»,<sup>156</sup> – дейді.

«Революциядан бұрынғы жазба тілді қазіргі сөйлеу тілімен, болмаса бүгінгі таңдағы әдеби тілмен салыстыру, сөйтіп, тілдің даму процесін, баю жолдарын айқындамай, арадағы алшақтықты ғана көрсетіп, одан жатсыну – мәселенің дұрыс шешілуіне пайда тигізбесе керек»,<sup>157</sup> – деген алдыңғы ғалымдардың пікірлерімен астасып жатқан С.Исаев пікірі де біздің ескі жазба әдеби тілімізді терминжасамның бір көзі ретінде тануымызға негіз болып отыр.

Тілдің көне қорларын пайдалану – жалпы, терминология үшін де жат құбылыс болып табылмайды. Сондықтан бұрынғы жазба тілді жатсынудың реті жоқ.

Орыс ғалымдарының еңбектерінде ғылыми-техникалық терминдердің қарапайым сөздер мен кейбір жаргон, арго сөздердің есебінен де жасалатындығы айтылып жүр. Мәселен, В.Даниленко бірнеше қарапайым сөздердің термин ретінде қолданылып жүргендігін көрсете отырып, қарапайым

154 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1989. 102-б.

155 Сыздықова Р. Язык «Жами ат-тауарих» Жалаири. – Алматы, 1989. С. 134.

156 Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1975. 161-б.

157 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1989. 103-б.

лексиканы терминологияны байытудың тұрақты әрі өнімді көзі деп санауға болмайтындығын айтады<sup>158</sup>.

Бұл лексикалық қабаттарды құрайтын сөздердің терминге қойылатын талаптар мүддесінен шыға бермейтінін ескере отырып, біз де оларды терминжасамның тұрақты көзі ретінде тану қажетсіз деп санаймыз.

Жоғарыда аталған көздермен қатар, әртүрлі арнаулы салаларды құрайтын терминдер де терминденуші лексиканың бір көзін құрайды.

Яғни, терминдену процесі терминологиялық жүйенің өз ішінде де жүзеге асып жатады. Жалпы қолданыстағы сөздердің терминденгені сияқты белгілі бір ғылым мен техника саласындағы терминдер де өзге ғылым салаларындағы терминдердің қатарынан орын алады. Орыс тіл білімінде бұл процесті «екінші терминдену» (вторичная терминологизация) және «транстерминологизация» терминдерімен атап жүрсе, біз ішкі терминдену терминін қолданып жүргенімізді жоғарыда айттық. Сонымен, ішкі терминденудің терминденуден (немесе сырттан терминденуден) айырмашылығы – мұнда жаңа ұғым атауы терминологиялық лексика негізінде жасалады. Басқаша айтқанда, терминнен термин туындайды. Терминдену мен ішкі терминденудің тағы бір ерекшелігі – терминдену кезінде термин жасау материалы ретінде жалпыхалықтық тілдегі ана тілінің (немесе қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес қабылданып әбден сіңіп кеткен шет тілінің сөздері) сөздері алынса, ішкі терминдену кезінде қай тілдің сөзі екендігіне қарамастан бүкіл терминологиялық лексика пайдаланылады. Яғни, ішкі терминдену туралы айтқан кезде арнаулы лексика ішіндегі терминденетін терминдердің өзін екіге бөліп қарауымызға тура келеді. Біріншісі – төл терминдер. Төл терминдердің қатарына қазақ тілінің ішкі мүмкіндігін пайдалану арқылы жасалған (оған өзге тілдердегі терминдерді калька тәсілімен аудару арқылы жасалған терминдер де енеді) терминдердің барлығы кіреді. Мысалы, еңбекақы мөлшеріндегі сағат санын білдіретін жүктеме терминіне биологиялық терминологиялық сөздікте «1. Бір қызметкерге бекітіліп берілетін мал саны. 2. Бір тұқымдық аталық ұрықтандыруға тиісті аналық саны. 3. Жайылымға пайдаланылатын 1 га жерге жайылатын жануарлар саны»,<sup>159</sup> – деген анықтама берілген.

Бұл жағдайда бір саланың терминінің екінші бір салаға алмасуына өзге тілдің әсері, дәлірек айтқанда орыс тілінің ықпалы анық байқалып тұр. Себебі аталған терминдік ұғымдардың барлығы орыс тілінде бір ғана *нагрузка* терминімен белгіленеді. Бұл тұста әрбір терминдік ұғымның жеке-жеке терминдермен таңбаланып, олардың аражігінің ажыратылуы назардан тыс қалып қойған. Төл терминдеріміздің терминдену нәтижесінде пайда болған терминдердің қатарына физика, математика, тіл білімі салаларында қолданылатын *өріс* термині мен философия, психология, физика, медицина ғылымдарында қолданылатын *ес* термині де қосылады.

Жоғарыдағыдай салааралық омоним болатын терминдердің барлығын ішкі терминдену нәтижесінде туындаған екен деген түсінік туындамауға тиіс.

158 Даниленко В. П. Русская терминология. –М., 1977. С. 28-29.

159 Закиров М., Елемесов Қ., Қайымов Қ. Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. –Алматы, 1988. 1-т.



Мәселен, өсімдіктану ғылымында қолданылатын *айдар* (*хохолок*) термині мен зоологиядағы *айдар* (*гребень*) және заң ғылымындағы *іздеу* (*розыск*) мен информатикадағы *іздеу* (*поиск*) немесе геологиядағы *іздеу* (*поиск*) терминдері бір ғылым саласынан екінші ғылым саласына ішкі терминдену жолымен ауысқан терминдер емес. Бұл терминдердің барлығы да жалпы қолданыстағы өздерімен омонимдес сөздердің негізінде жасалынған. Жалпы ішкі терминдену арқылы туындаған терминдердің терминдену жолымен жасалған терминдерге қарағанда анағұрлым аз екендігін айтқан жөн. Өйткені терминденуші лексиканың негізгі қайнар көзі – жалпы лексика болып табылады.

Ішкі терминдену кезінде терминденетін лексикалық қабаттың екінші бөлігі – шет тілдерінен алмасқан терминдер. Өзге тілдерден енген терминдер туралы сөз еткенде олардың басым көпшілігі тілімізге орыс тілі арқылы қабылданған еуропа тілдерінің (грек, латын, ағылшын, неміс, француз т.б.) сөздері екенін көпшілік жақсы біледі. Тіліміздің дыбыстық жүйесіне бағындырылып алынбағандықтан олардың тұлғалары да айрықшаланып, қазақ тілінің өз сөздерінен оңай ажыратылады. Сондықтан да ішкі терминдену кезінде қай ғылым саласынан келесі бір арнаулы салаға ауысқанын аңғару да онша қиынға соқпайды. Олардың тіліміздегі осы окшаулық қасиеті шығу тегінің бөлек екендігін айқындай түсіп, терминологиялық лексиканы екіге ажыратып қарастыруымызға жол беріп отыр.

Ішкі терминдену жолымен терминденген шет тілі терминдерінің қатарында төмендегі терминдер бар: детерминация термині 1) физикада; 2) биологияда; 3) тіл білімінде; деривация термині 1) медицинада; 2) тіл білімінде; 3) физикада; редукция термині 1) философияда; 2) тіл білімінде; 3) заң ғылымында; 4) медицинада.

Бұлар тәрізді терминдер бір ғана тілдің терминологиясымен шектелмеуі де мүмкін.

Сонымен, жоғарыда қазақ тіліндегі терминологиялық лексиканың қалыптасуына негіз болатын лексикалық қабаттар туралы сөз болды. Арнайы қарастыру барысында олардың терминдену деңгейі, терминологиялық жүйеден орын алу мүмкіндіктері де бірдей емес екендігі анықталды. Бұл ретте терминжасамның негізгі қоры ретінде басты орынды жалпы қолданыстағы лексика иеленетіндігіне көз жеткіздік. Оны тек терминдену тәсілімен ғана емес, терминжасамның өзге тәсілдері арқылы да арнаулы лексиканың қажеттілігін өтеп, оны үздіксіз толықтырып отыратын ең өнімді көз деуге болады. Ал қалған лексикалық қабаттар термин шығармашылығында ондай өнімділік таныта алмаса да, қажетіне қарай арнаулы ұғымдардың атауларына айналып терминологиялық лексиканың баюына белгілі дәрежеде үлес қосады.

Термин шығармашылығында тіліміздің ішкі мүмкіндігін сарқа пайдалану принципіне шын мәнінде енді ғана назар аударыла бастауына байланысты терминденуші лексиканың аталмыш көздерін анықтай отырып, төл терминологиямызды қалыптастыру мен дамытуда оларды ұтымды пайдаланудың маңызы зор.

## V ТАРАУ

### ҚАЗАҚ ЛЕКСИКАСЫ ТЕРМИНДЕНУІНІҢ КЕЗЕҢДІК СИПАТЫ

Ұлттың қоғамдық-саяси, рухани-мәдени өмірінде болып жататын өзгерістердің барлығы оның тілінен көрініс таппай қалмайды. Тіл тек қатынас құралы ғана емес, халықтың танымы мен білімінің жинақтаушысы да болғандықтан солай болуы заңды да. Ғылым тілінің даму тарихын да халық өмірінде болған өзгерістермен байланыстырмай, бөліп алып қарауға болмайды. Сондықтан да біз бүкіл термин шығармашылығын, оның ішінде терминологиялық лексиканың терминдену тәсілі арқылы жасалған бөлігін де қоғам өмірінде болған сондай өзгерістермен тікелей байланыста қарастырамыз.

Қазақ терминологиясының қалыптасу, даму тарихы термин шығармашылығының барлық уақытта бірқалыпты жүріп жататын процесс емес екендігін көрсетеді. Түрлі себептердің әсерінен белгілі бір мерзім аралығында терминдер қатары тез өсіп, терминологиялық лексиканың ауқымы молая түссе, келесі бір уақыт аралығында ондай қарқындылық байқалмайды. Оның бірнеше себептері бар. Солардың ішіндегі термин шығармашылығына тікелей ықпал ететін ең басты факторлардың бірі – ғылым мен техниканың дамуы болса, екіншісі – сол елде үстемдік етуші тіл саясаты.

Ғылым жақсы дамыған тұста көптеген жаңа ұғымдар пайда болып, олар тілден өзінің таңбаланушысын табуды қажет етеді. Мұндай құбылыс арнаулы саланың барлығына емес, санаулы бір ғылым салаларына ғана тән болуы да мүмкін. Көбіне солай болады да. Ұлт тілінің ғылым саласындағы қызметі, термин шығармашылығына қатыстырылуы сол тілдің қоғамда атқаратын рөлімен тікелей байланысты. Ал тілдің қоғамда қандай рөл атқаратындығын сол елдің тіл саясаты белгілейтіндігіне үстіміздегі ғасырдағы қазақ терминологиясының даму жолдары куә бола алады.

Қазақ лексикасының терминденуі осындай факторларға сәйкес кезеңдестіріледі. Төменде қазақ лексикасының терминденуі төрт кезеңге бөлініп қарастырылады. Олар: 1) XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың 10-жылдарына дейінгі – I кезең; 2) 1910 жылдан 1930 жылға дейінгі – II кезең; 3) 1930 жылдар мен 1990 жылдарға дейінгі аралықты қамтитын – III кезең; 4) 1990 жылдан бергі – IV кезең.

Енді осы кезеңдердің әр қайсысына жеке-жеке тоқталамыз.

#### V. 1. Қазақ лексикасы терминденуінің алғашқы кезеңі

Ұлттықғылыми терминологияның қалыптасуына алғашқы басылымдардың, оқулықтардың, ғылыми еңбектердің жарық көріп, ғылым салаларының саралана

бастауымен байланыстыра қарастыру дұрыс. Алайда, жазу мен алғашқы баспа өнімдері пайда болмастан көп бұрынғы кезеңдерде де халық өмірінің материалдық және рухани мәдениетінің сан түрлі салаларын, әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық қатынастар, халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін т.б. көрсететін бай лексикалық қабаттың болғанын, ғылыми терминологияның қалыптасуына негіз болған сол бай мұраның арнайы зерттелмей келе жатқанын тілші-ғалымдар айтып жүр. Мәселен, осындай пікір айтушылардың бірі түрколог ғалым К.Мұсаев. Ол «Айналысатын шаруашылықтарына орай әртүрлі тілдерде терминологияның түрлі салалары дамыған. Мысалы, эстондарда – балық шаруашылығы, әзербайжандарда – мұнай өндіру мен оны өңдеу, қазақта мал шаруашылығы мен халық шығармашылығы, армяндарда құрылыс, грузиндерде – колөнер, өзбектерде жібек және мақта шаруашылығы, бақша өсіру мен суармалы шаруашылыққа қатысты атаулары мол кездеседі<sup>160</sup>.

Осыған ұқсас пікірлерді жекелеген ұлттық тілдердің терминологиясын зерттеген ғалымдардың көпшілігінің еңбектерінен ұшыратуға болады. Қазақ терминологиясының 80-жылдардың ортасына дейінгі даму жайын сөз еткен еңбектерінде тілші-ғалымдар Ә.Қайдаров пен Ә.Әбдірахманов саналы түрде жасалатын терминологиялық лексиканың ең алдымен бай халықтық терминологияға негізделетін, терминологияны түзетін жалпыхалықтық көздердің тамыры тереңде жатқанын сөз қыла келіп, терминдік мәнде жұмсалатын көптеген сөздердің бізге көне түркі жазба ескерткіштерінен жеткенін айтады. Олардың қатарына көне түркі сөздігінде берілген мынадай терминдерді жатқызады: 1) туыстық атаулар: *ата, әже, ана, сіңлі, келін, жиен* т.б.; 2) табиғат құбылыстары мен олардың байлығын көрсететін терминдер: *жер, тау, тас, алтын, күміс, темір* т.б.; 3) қоғамдық-саяси құрылысты көрсететін терминдер: *қаған, бек, тарқан, құл, күң, шығай* т.б.; 4) мал шаруашылығы терминдері: *ат, айғыр, тай, бұқа*, т.б.; 5) анатомиялық атаулар: *бас, аяқ, құлақ, жүрек* т.б.

Сондай-ақ, ғалымдар көшпенді өмір салтын кешіп кең байтақ жерді иеленген қазақ халқының тілі жер бедерін және өсімдіктер дүниесін білдіретін жағрафия, өсімдіктану атауларына бай екендігін де өте орынды көрсеткен<sup>161</sup>.

Ғалымдардың бұл пікірлеріне біз де қосыламыз. Жалпы, бұл айтылғандар барлық ұлт тілдерінің терминологиясына тән нәрсе деуге болады. Өйткені, кез келген ұлт тілінің ғылыми терминологиясы (ғылым мен техниканың жекелеген салаларын қоспағанда) сол ұлттың өз тілінің негізінде қалыптасады. Тек шаруашылығы мен өмір салтына, жазу-сызу мен ғылымының немесе ғылымның белгілі бір саласының дамуына және әртүрлі экстралингвистикалық факторлардың әсеріне байланысты әр тілдің ғылыми терминологиясының қалыптасуы мен дамуы, тарихы да өзгеше болады.

Бұл тұста халықтық терминология деген ұғымның өзінің мәнін толық ашу мен оның жалпы лексикадан айырмашылығын айқындау үшін арнайы

160 Мусаев К. Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. –М., 1986. С. 7.

161 Қайдаров А., Абдрахманов А. Казахская терминология//Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. –М., 1987. С. 30-31.

қарастырудың қажет екенін айтқан жөн. Сонда ғана халықтық терминология мен ғылыми терминологияны салыстыра зерттеп, олардың ерекшелігі мен ұқсастығын және өзара сабақтастығын көрсету мүмкіндігі туындайды. Әзірге бұл мәселе төңірегінде сөз қозғаған Ә.Қайдаров, Ғ.Қоңқашбаев сияқты ғалымдардың ғана еңбектерін атай аламыз<sup>162</sup>.

Термин дегеніміз белгілі бір арнаулы салаға тән сөз, ал терминологияның сол арнаулы ұғымдар атауларының жиынтығы екендігі мәлім. Бұл атаулар негізінен сол салалардың мамандарының тілінде ғана толық терминдік мәнде қолданылатындығы да белгілі жайт. Осы тұрғыдан келгенде, халықтық терминдерді жалпыхалықтық тілден бөліп алуға бола ма? Бұл сұрақтың ғылыми дәлелді жауабы осы мәселені арнайы зерттеу арқылы ғана берілуге тиіс деп санаймыз.

Ал ғылыми терминологияның жалпыхалықтық тіл негізінде қалыптасқандығы дау тудырмайтын басы ашық нәрсе. Ғылыми терминологияның жасалуы арнаулы салалардың өз алдына жеке ғылым ретінде қалыптаса бастауымен тікелей байланысты. Қазақ лексикасының терминденуін кезеңдестіру мәселесіне біз осы тұрғыдан келеміз.

Қазақ әдеби тілінің даму тарихын зерттеуші ғалымдар публицистика мен жартылай ғылыми стильдердің тууын ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастайтыны белгілі. Мәселен, зерттеуші Б. Әбілқасымов «Н.И.Ильминскийдің 1861 жылы Қазанда бастырып шығарған «Самоучитель русской грамоты для Киргизов» оқулық кітабының соңында берілген текстерді ғылыми-көпшілік әдебиет үлгілерінің тұңғыш нұсқасы деп санауға болады» дей келіп, осы кезден бастап мерзімді баспасөз беттерінде ғылымның әртүрлі салалары бойынша жазылған мақалалардың, кейінірек медицина, ветеринария тақырыбына арналған жеке кітапшалардың шыққанын айтады<sup>163</sup>.

Ғалымның осы еңбегінен және алғашқы қазақ газеттерінің тілін зерттеуге арналған еңбегінен қазақ лексикасының терминденуін ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастауға дәлел боларлық деректерді кездестіреміз.

Ғалым алғашқы қазақ газеттерінде заң ісімен байланысты бірсыпыра терминдердің қалыптасқанын, олардың көбінің кейін тілде тұрақтап қалғанын да атап көрсетеді<sup>164</sup>.

Ол аталған терминдердің арасындағы *жаза (наказание), абақты (тюрьма), іс (дело), куә (свидетель)* сияқтылары терминдену жолымен жасалған.

І.Кенесбаев пен Ғ.Мұсабаев өз еңбектерінде «Ғылыми терминологияның элементтері Октябрь революциясына дейін болғаны сөзсіз... Орыс мәдениетінің белгілі ұғымдарын қазақ тіліне қазақтың ХІХ ғасырдағы ағартушылары біраз енгізген болатын»<sup>165</sup> десе, тілші-ғалым Р.Сыздықова Абайдың «Қарасөздері»

162 Кайдаров А.Т. Процессы взаимодействия народной и научной терминологии в казахском языке//Вопросы киргизской терминологии. Фрунзе, 1989. С. 24-31. Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины//Изв. АН КазССР. Сер. географ. 1951. № 99, вып. 3.

163 Әбілқасымов В. ХVІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің жазба нұсқалары. –Алматы, 1988. 113-б.

164 Әбілқасымов В. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. –Алматы, 1971. 93-б.

165 Кенесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (Лексика, фонетика). –Алматы, 1962, 137-б.

мен мерзімді баспасөз тілі және көпшілік-ғылыми үлгілер қазақ тілінде дерексіз есімдердің молаюына бірден-бір себеп болғанын айта отырып, Абайдың бір өзі **-лық** жұрнағының көмегімен *ынтықтық, масқаралық, қырмызылық, суықтық, жылылық, арлылық, тоқтаулылық, жеңсікқойлық, қорғауықтық* т.б. сияқты жаңа атауларды ұсынғанын, бұлардың бірқатары тұлға ретінде бұрында да бар болғанымен белгілі бір терминдік мәнде жұмсалмайтын дейді<sup>166</sup>.

Сондай-ақ ғалым «бұрын жалпы ұғымдағы *сайлау* сөзі енді белгілі бір әлеуметтік-саяси актіні білдіретін терминге айналды. Осы сияқты *атқамінер, пысық* сөздері де жаңа әлеуметтік топтарды атайтын бір ұғымды сөздер ретінде қалыптасады» деп көрсетеді<sup>167</sup>.

Ғалым келтірген бұл мысалдардың ішіндегі *сайлау* термині жалпы қолданыстағы сөздің терминденуі арқылы алғаш жасалған терминдердің қатарына кіреді.

Мұндай деректерді XIX ғасырдың екінші жартысында жарық көрген еңбектерден, «Дала уәлаяты газеті» мен «Түркістан уәлаяты газеті» сияқты басылымдардың беттерінде жарияланған материалдардан кездестіруге болады. Мұның бәрі қазақ тілінде термин жасаудың өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап қолға алына бастағанын көрсетеді.

Зерттеушілер дұрыс атап көрсеткендей, бұл кезеңде термин жасауда ағартушылар еңбектері мен қазақ газеттерінің орны айрықша болғанын да ешкім жоққа шығара алмаса керек. Сондықтан да біз қазақ тілінде термин жасаудың алғашқы кезеңін осы аталған мерзімнен бастаймыз.

Жалпы, термин шығармашылығының, оның ішінде қазақ лексикасы терминденуінің алғашқы кезеңі деуіміздің де өзіндік себептері жоқ емес. Оны осы сөз болып отырған уақыт аралығындағы термин жасау процесінің өзіне тән ерекшеліктері арқылы түсіндіруге болады.

Ең алдымен, бұл мерзім ішінде түрлі ғылым салалары бойынша жекелеген терминдердің жасала бастағанына қарамастан, салалық және жалпы терминдер жүйесінің қалыптасуына әлі біршама ертерек еді. Оның да өзіндік себептері болды. Терминдер жүйесі қалыптасуы үшін – ғылым мен техниканың дербес салалары өз алдына дамып, ұғымдар жүйесінің жасалуы қажет. Ал ғылым салаларын дамытып, ұғымдар жүйесін қалыптастыру үшін немесе ғылымы ертерек дамыған елдердің ғылымын игеріп, оны ұлт тілінде сөйлету үшін білікті ұлттық кадрлар, салалық мамандар есіп шығуы тиіс.

Бұл кезеңде қазақ халқының тарихында орны айрықша Абай, Шоқан, Ыбырай сынды ұлы тұлғалардың өмір сүріп, ұлт мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқандығына қарамастан, ғылымның сан саласын дамытып ғылыми терминологияны жасайтын ұлттық кадрлар шоғыры есіп жетіле қоймап еді. Ондай кезеңге біз тек XX ғасырдың бас кезінде ғана жеттік деуге болады.

Міне, сондықтан да сөз болып отырған кезеңде ұлттық ғылыми

166 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1993. 295-б.

167 Бұл да сонда. 300-б.

терминология қалыптаса қоймады. Бұл кезеңнің басты ерекшелігі де, жетістігі де осы тұрғыдан бағалануға тиіс қой деп ойлаймыз.

Осы XIX ғасырдың екінші жартысындағы термин мәселесін сөз еткен ғалымдардың терминология демей «ғылыми терминологияның элементі», ғылыми стиль демей «жартылай ғылыми стиль» немесе ғылыми термин деп атамай «терминдік мәнде жұмсалған» деулерінде үлкен мән жатыр. Өйткені, термин нағыз толық мәніндегі ғылыми термин ретінде қолданылуы үшін оның өмір сүру ортасы ғылыми терминология, қалыптасқан ғылыми стиль болуы шарт. Қарастырылып отырған кезеңде бұлардың енді-енді ғана орнығып келе жатқанын ескерсек, ғалымдардың шындықтан ауытқымай әр ұғымды өз атымен атауды мақсат еткені байқалады.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени өмірі түбегейлі тарихи өзгерістерге толы болды. Қазақстан түгелімен Ресейге бағынып, отар елге тән әлеуметтік-экономикалық тіршіліктің негізі берік қаланды. Бұл кезеңде тұңғыш қазақ газеттерінің шығуы мен қазақ тілінде кітап шығарудың дүниеге келуі ұлт мәдениетінің дамуына игі ықпалын тигізді. Осындай өзгеріс Қазақстан ғылымының негізінің қалануына, ұлттық ғылыми терминологияның қалыптасуына қарай бастады.

Сөз болып отырған мерзімде жасалған терминдердің көпшілігі арнаулы ұғымды сипаттау, түсіндіру жолымен жасалып (*тамақ асырау – существование, мал бағу – скотоводство, көктен түскен тас – метеорит* т.б.) ғылыми терминге қойылатын талаптарға толық жауап бермей жатса да өз уақытының сұранысын өтеуге жарады. Жалпы қолданыстағы сөздердің де терминдік мағынада жұмсала бастауы (Мысалы, *пайда – прибыль, жаза – наказание, іс – дело* т.б.) осы кезеңге тән ерекшеліктердің бірі болып табылады. Ғылым-білімді игеруге енді бет бұрып, тіл өзінің ғылым саласындағы қызметін атқаруға жаңа бейімделіп келе жатқан кезеңде басқаша болуы мүмкін де емес еді.

Жалпыхалықтық тілдегі жекелеген сөздер терминдік мәнде жұмсалып, орыс тіліндегі термин сөздердің баламасы ретінде қолданыла бастағанымен, бұл тұста терминдену термин шығармашылығының дербес тәсілі ретінде таныла қойған жоқ.

Сонымен, XIX ғасырдың екінші жартысы мен 1910 жылға дейінгі мерзімді қамтитын қазақ лексикасы терминденуінің алғашқы кезеңінің қоғам дамуының сол кездегі деңгейіне сәйкес, осындай өзіндік ерекшеліктері болды. Жалпы, бұл мерзім ішінде ғылым-білім кеңінен насихатталып, ғылым тілінің, ғылыми терминологияның қалыптасуына алғышарттар жасалып жатты. Сондықтан да, ғылыми терминологияның жасалуына тікелей қатысы болған осы жарты ғасырға жуық уақытты термин шығармашылығының бір кезеңі ретінде тануға толық негізіміз бар.

## V. 2. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ лексикасының терминденуі

XX ғасырдың бас кезі қазақ терминологиясының қалыптасуындағы айрықша кезең болып табылады. Бұл кезең 1910 жылдар мен 1930 жылдардың бас жағына дейінгі аралықты қамтиды. Өйткені дәл осы мерзім ішінде қазақтың білікті ұлттық кадрлары қалыптасып, білім беру мен ғылымды ұлт тілінде дамытудың негізі берік қаланған еді. Аталған уақыт ішінде ғылымның әртүрлі салалары бойынша жазылған А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Күдерин, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, С.Қожанұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанов, Н.Төреқұлов, Қ.Жәленов сияқты қазақ зиялыларының еңбектері жарық көрді.

Ғылымның көптеген салалары бойынша қазақ тіліндегі төл оқулықтардың жазылуы және өзге тілдерден аударылуы салалық терминологияның қалыптасуына жол ашты. Сол кезеңге дейін термин жасаудың белгілі бір орныққан дәстүрі, басшылыққа алатын тұрақты принциптері болмағандықтан, ондай күрделі міндеттерді атқару ісі қазақ оқымыстыларының өздеріне жүктелді. Уақыттың өзі алға тартып отырған жауапты міндетті өз деңгейінде атқара білген өресі биік тұлғалар тоталитарлық жүйе тарапынан қуғын-сүргінге ұшырап, ақыры жойылғаны белгілі. Ендігі жерде олар бастаған істің бағыты күрт өзгертіліп, сол әкімшіл-әміршіл жүйенің ыңғайына көніп, мүддесін қорғауға бағытталған істер ғана ілгері басатын болды.

Ұлттық ғылым мен мәдениетті өркендетуге емес, орталықтан басқаруға қолайлы, «совет халқына» қызмет ететін кадрларды тәрбиелеуге зияны тимеу үшін «халық жауларының» еңбектерін пайдаланып, олардың есімдерін атауға қатаң тыйым салынды. Араға 60-70 жыл салып барып, ғасыр аяқталар тұста ғана олардың аттарын атап, еңбектерін игілігімізге жарату мүмкіндігіне ие болып жатырмыз.

XX ғасыр басындағы термин шығармашылығы сол кезеңде түрлі деңгейдегі еңбектер жазған авторлардың есімдерімен тікелей байланысты қарастырылуға тиіс. Ғасыр басында халықтың сауатын ашу, білім беру күн тәртібінде тұрған ең басты мәселе болғандықтан қазақ оқығандары осы бағытта жұмыс істеді. Ұлт тағдыры үшін ана тілінде білім алып, тәрбиеленудің маңызын терең түсінген олар – өздері маманданған салалары бойынша қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын жазуды алдарына мақсат етіп қойғандығы байқалады. Қажеттілікті өтеу үшін бірнеше ғылым саласы бойынша еңбек жазғандары да бар.

Ғылымы ертерек дамыған елдердің жетістіктеріне сүйене отырып, ана тілінде оқулықтар жазу барысында сол салалардағы арнаулы ұғымдарды қазақша атау қажеттілігі туындады. Сол кезге дейін тіліміздің ғылыми-техникалық прогреске икемделіп, терминжасам тәжірибесі қалыптаса қоймағанын ескерсек, бұл қажеттілікті өтеудің оңай жұмыс болмағандығын

пайымдау қиын болмаса керек. Дәлірек айтқанда, қазақ зиялыларының алдында термин жасаудың үлгісін көрсете отырып, қазақ терминологиясын қалыптастырудың бағыт-бағдарын айқындау міндеті тұрды.

Мұндай зор міндетті атқаруда қазақ оқырмандарының арасында А.Байтұрсынұлының орны айрықша болды. Ол жүздеген тіл, әдебиет және жалпы мәдениетке қатысты терминдерді жасап, оларды қолданысқа енгізе отырып, өз замандастарына ана тілінде термин жасаудың жарқын үлгісін көрсете білді. Ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезов сөзімен айтқанда, өзі өмір сүрген дәуірде қазақ халқының «рухани көсемі» атанған дара тұлғаның термин шығармашылығындағы ісі өзгелерге де өнеге бола отырып, ғасыр басындағы бүкіл термин жасау процесінің бағытын белгілеуге негіз болды десек артық айтқандық болмайды.

Жалпы қазақ тіл білімінің негізін қалаудағы, қазақ терминологиясын қалыптастырудағы А.Байтұрсынұлының еңбегі ұлан-ғайыр. Ол бірнеше қырынан келіп арнайы зерттеуді қажет ететін үлкен тақырып.

А.Байтұрсынұлының қаламынан туындаған тіл, әдебиет терминдері сөзжасамның түрлі тәсілдерін пайдалану арқылы жасалған. Бұл жерде біз ғалымның өзіміз қарастырып отырған мәселеге қатысты, яғни терминдену тәсілі арқылы жасалған бірді-екілі терминдеріне ғана тоқталамыз да, осы кезеңде өмір сүрген айрықша тұлға ретінде оның ғылыми терминологияны қалыптастырудағы рөлі туралы төменде арнайы сөз етеміз.

Терминдердің терминдену тәсілімен туындауына терминделуші ұғым мен терминденуші сөз атау болған тілде бұрыннан бар ұғымның қандай да бір ұқсастығы негіз болады. Мысалы, жалпы қолданыста *жалғау* деп «бір жіпке септелетін екінші жіптің үзiгiн» айтса, тіл білімінде «сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді жалғастырып, сөз тудырып, сөз өзгертіп тұратын қосымшаны – «жалғау», – дейді. Немесе жалпы қолданыста шумақ деп «бір топ нәрсенің жиынтығын, тізбегін, будағын» айтса, әдебиет тануда шумақ деп «көбінесе төрт тармақтан тұратын өлең өлшемін» айтады.

Ол мысалдардан-ақ сөздің бастапқы мағынасын метафоралау арқылы да А.Байтұрсынұлының ғылыми терминдерді (өз сөзімен айтқанда «Пән сөздерін») өте сәтті жасай білгендігі көрініп тұр.

Ғалымның қаламынан туындаған осындай тіл білімі терминдерінің бірі – буын. Буын деп жалпы қолданыста «адам я жан-жануарлар сүйектерінің бір-бірімен өзара қозғалмалы түрде жалғасқан аралығын» айтады<sup>168</sup>.

Ал тіл білімінде «өкпеден шыққан ауаның қарқынымен кілт үзіліп шыққан бір я бірнеше дыбыстар тобынан құралған сөз бөлшегін – *буын* дейді<sup>169</sup>.

Бұл термин ойша салыстыру барысында ұғымдарды ұқсату арқылы сөздің бастапқы мағынасын метафоралау жолымен жасалған. Осы қатарға *рай, шырай, түбір, тармақ, бунақ, демеу, шылау, теңеу, жұрнақ* сияқты терминдерді де жатқызуға болады.

168 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1976. 2-т.

169 Кеңесбаев І., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1966



Негізінен сөздің бастапқы мағынасының метафоралануы арқылы жасалған терминдер аталушы объектілері барлық уақытта нақты болатын техника, өсімдіктану, анатомия, география сияқты ғылым салаларының терминологиясына тән болып келеді. Оның себебі дерексіз ұғымдарға қарағанда нақты заттық ұғымдарды салыстырып, олардың ұқсас белгілерін табудың мүмкіндігі молдығынан болса керек.

А.Байтұрсынұлы метафоралау тәсілімен жасаған терминдердің арасынан *шақ*, *рай*, *шырай* тәрізді дерексіз ұғымдардың атауларын да кездестіруге болады. Бұл бір жағынан тіл білімі терминологиясының өзіндік ерекшелігімен байланысты болса, екінші жағынан қиыннан қиыстырып, сөз жасай білген автордың шеберлігін де көрсетеді. Жалпы ғалымның термин шығармашылығының қарастырылып отырған тәсілін пайдалану арқылы туындаған терминдерін іштей екіге жіктеуге болады. Олардың бір тобы – жалпы қолданыстағы сөздердің мағынасын метафоралау жолымен, екінші бөлігі – сөз мағынасын нақтылау арқылы терминдік мағына жүктеу жолымен жасалған.

Сөз болып отырған кезеңде жарық көрген еңбектердің бірі – қазақтан шыққан тұңғыш биолог-ғалым Жұмақан Күдериннің «Өсімдіктану» оқулығы. Бұл оқулық 1927 жылы араб әрпімен Москвада, 1930 жылы латын әрпімен Қызылорда қаласында басылған. 1992 жылы қазіргі жазуымызға көшіріліп, «Рауан» баспасынан жарық көрді.

Осы басылымның алғы сөзін жазған биолог-ғалым Қабділрашид Қайым кітаптың ғалымдар мен мұғалімдердің іс жүзінде кең пайдаланып, жетекші құрал етуіне таптырмайтын қомақты еңбек екенін айта келіп, биология ғылымының докторлары Ғ.З.Бияшев пен А.Алманиязовтың пікірлерін келтіреді. Онда «биолог-ғалым Ж.Күдериннің «Өсімдіктану» кітабы қазірдің өзінде маңызын жоғалтқан жоқ. Ол әлі де болса қазақ арасына өсімдік өмірі жөнінде ғылыми білімді таратудың өте құнды құралы болып табылады»<sup>170</sup> делінген.

Қазақ тілінде жазылған тұңғыш өсімдіктану оқулығы екендігіне және жарық көргеніне 70 жылдан астам уақыт өткендігіне қарамастан, бұл еңбектің бүгінгі күннің жоғарғы дәрежелі биолог ғылымдары тарапынан бұлайша бағалануы – жалпы ғасыр басындағы қазақ зиялыларының кәсіби деңгейінің қаншалықты биік болғандығынан хабардар етумен бірге, солардың ішінде Ж.Күдериннің де орны бөлек тұлғалардың бірі екендігін көрсетеді.

Ғалымның биология ғылымын дамытуға қосқан үлесі мен оның еңбектерінің құнды жақтарын анықтау осы саланың мамандарының, яғни биолог-ғалымдардың еншісіне тиетін жұмыс. Біз оқулық авторының қаламынан туған қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты терминдері туралы қысқаша ғана сөз етеміз.

Ж.Күдериннің 1927 жылы жарық көрген «Өсімдіктану» оқулығында 300-ге жуық қазақ тілінде жасалған терминдер мен көптеген қазақша өсімдік

170 Күдерин Ж. Өсімдіктану. – Алматы, 1992. 9-б.

атаулары кездеседі. Бұл оқулықтағы терминдердің барлығы дерлік сөз болып отырған кезеңдегі қазақ зиялыларының термин шығармашылығында ұстаған принциптеріне сәйкес жасалғандығының көрінісі. Мысалы, *аналық, аталық, тұқымдық, түйіршік, тостағанша, сабақша, қалбырша, қабықша, қалташа, қайықша сияқты терминдер морфологиялық тәсілмен, аналықтың мойны, аналықтың аузы, ағаштың сүйегі, бұтақты тамыр жолы, жапырақтың тақтасы, тұқым жапырақшасы, ұялы тозаң, тұқымқап, қылышабуын, гүлжапырақ* тәрізді терминдер аналитикалық тәсіл арқылы, ал *буын, тарамыс, түйір, тұғыр, түк, тап, тыс, тегеурін, желек, жік, шаң, шырын, сақина, құндақ, өзек, сұрып, оба* сынды терминдер жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі арқылы, яғни біз қарастырып отырған тәсілмен жасалған.

Келтірілген мысалдардан байқап отырғанымыздай, өсімдіктану терминдерін жасауда ғалым қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін кеңінен пайдаланған. Бұл терминдердің көпшілігі қалыптасып, қазіргі өсімдіктану терминдерінің қатарынан орын алған.

Айталық, кезінде ғалым өз оқулығында алғаш қолданған *аналық, аталық, тозаң, сабақша, қабыршақ, қайықша, гүлжапырақ, қабықша, аналық аузы, аналық мойны* сияқты терминдерді бүгінгі ғылыми әдебиеттер мен оқулықтардың, терминологиялық сөздіктердің барлығынан ұшыратуға болады. Бұл Ж.Күдериннің тек алғашқы оқулық авторы ғана емес, ғылым тілінің, өсімдіктану терминологиясының қалыптасуына үлкен үлге қосқан, осы істің басында тұрған қазақтың озық ойлы биолог ғалымы екенін көрсетсе керек. Сондықтан да термин жасау мен өсімдіктану ғылымын қазақ тілінде сөйлетуге қосқан үлесін толық көрсету үшін оның еңбектері тілші-ғалымдар тарапынан арнайы қарастырылатын да жөні бар. Біз бұл жерде ғалымның өзіміз сөз етіп отырған терминдену жолымен жасалған кейбір терминдеріне ғана тоқталып өтеміз.

Ғалым жасаған сондай терминдердің бірі – *тегеурін*. Орыс тіліндегі «Шпорец» немесе «шпорец цветка» терминдерінің қазақша баламасы ретінде алынған бұл термин жалпы қолданыстағы сөздің терминденуі арқылы жасалған.

Түсіндірме сөздікте *тегеурін* сөзінің екі түрлі мағынасы берілген: «екпін, қарқын, пәрмен: қайрат, күш» және «қыран құстың алдыңғы үш тырнағына (жембасарына) қарсы біткен артқы жалғыз тырнағы»<sup>171</sup>.

Арнаулы сөздікте бұл терминге «жабық тұқымды өсімдік гүліндегі шірне жинақталатын күлтежапырақшалар қуысы» деген анықтама берілген<sup>172</sup>.

Ал Ж.Күдерин өз еңбегінде арнаулы ұғымды былайша түсіндірді: «кейбір өсімдіктердің желегінің төменгі жағы шиыршықталып шығып тұрады. Жалғыз бармақ сияқты болып тұрғаннан кейін оны *тегеурін* дейді. Тегеурін тура тостағанша шешекте де, солпы тостағанша шешекте де болады».

Тегеурін сөзінің лексикалық мағынасы мен тегеурін терминінің

171 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1986. 9-т.

172 Закиров М., Елемесов Қ., Қайымов Қ. Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1991. 2-т.

терминологиялық мағынасын түсіндіретін анықтамаларды салыстырып қарар болсақ, жалпы қолданыстағы сөздің метафоралану жолымен терминденгенін байқау онша қиынға соқпайды. Бір ғана лексемамен әртүрлі ұғымдардың таңбалануына, басқаша айтқанда, бір ұғым атауының екінші ұғым атауына алмасуына осы ұғымдардың сыртқы ұқсастықтары негіз болған. Яғни, өсімдіктану термині жалпы қолданыстағы *тегеурін* сөзінің түсіндірме сөздікте берілген екінші мағынасының метафоралануы арқылы туындаған. Оны термин жасаушының «жалғыз бармақ сияқты болын тұрғаннан кейін оны тегеурін дейді», – деген өз сөзі де дәлелдей түседі.

Оқулықтағы *тұғыр* термині де дәл осы жолмен жасалған. Түсіндірме сөздікте *тұғыр* сөзінің мағынасы – «қолға үйретілген саят құстарының (бүркіт, қаршыға, ителгі т.б.) қонақтайтын орны, биіктеу ағаш қондырғы»,<sup>173</sup> – деп түсіндірген. Өсімдіктануда *тұғыр* деп «гүлсағақ немесе сабақтың гүл орналасатын созындысын»<sup>174</sup> айтады.

Саят құстарының қонақтайтын орны мен сабақтың гүл орналасатын созындысы пішіндерінің (форма) ұқсастығы жалпы қолданыстағы сөздің терминденуіне себеп болған.

*Тұғыр* термині Ж.Күдериннен кейінгі «Ботаника» оқулықтары авторларының тарапынан бірнеше рет өзгеріске ұшырады. Нақтырақ айтқанда, ол В.Н.Исаинде (1954) – *гүл тұғыры*, В.А.Тетюрев пен Б.В.Игнатъевтің оқулықтарында (1954) – *гүл табаны*, ол Т.Мұсақұловта (1962) – *гүл тұғыры*, *гүл кіндігі*, *гүл табаны* түрінде үш вариантта, Б.В.Всесвятскийде (1964) – *гүл табаны*, В.А.Корчагина (1978) мен Р.Әлімқұлқызы бастаған авторлардың соңғы оқулығында (1993– *гүлтабан* түрінде қолданылған.

Алғашқы сөз болған *тегеурін* термині де кейінгі авторлар мен аудармашылар тарапынан өзгеріске ұшырап, қазір *гүлтепкі* түрінде тұрақтанды. Әрине, соңғы қалыптасқан терминдерді енді өзгертудің ешбір қажеті жоқ, алайда оларды Ж.Күдериндегі қалпында қалдырғанда да қалыптасып кеткен болар еді.

Жалпы Ж.Күдериннің оқулығында кездесетін терминдердің бестен біріне жуығы жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі арқылы жасалған. Өсімдіктану ұғымдарының деректілігіне (нақтылығына) байланысты болуы керек, жалпы әдеби тілдегі сөздер мағыналарының метафоралану жолымен терминденуі көбінесе ұғымдардың сыртқы ұқсастықтарына (пішін, көлем, түр т.б.) негізделетіндігімен ерекшеленеді.

Термин шығармашылығының сөз болып отырған тәсілін пайдалану арқылы жасаған терминдерді ғасыр басында оқулықтар мен оқу құралдарын жасаған авторлардың барлығының еңбектерінен кездестіруге болады. Мәселен, Сұлтанбек Қожанұлының 1924 жылы Ташкентте басылған «Есептану құралында» *дәреже (разряд)*, *түбір (корень)*, *сыр (свойство)*, *дүркін (период)* сияқты терминдер болса, Елдес Омарұлының 1928 жылы Қызылорда

173 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1986. 9-т.

174 Закиров М., Елемесов К., Қайымов Қ. Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1991. 2-т.

басылған «Пішіндеме» (геометрия) оқулығында *түйін (теорема), қар (катет), пішін (фигура), қия (диагональ), өріс (радиус), өре (диаметр), саты (таблица)* тәрізді терминдер, ал 1923 жылы Ташкентте жарық көрген М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығында *абай, әсер, елес, әдет, ес, жан, хиял, қайрат, құлық* сияқты терминдер кездеседі.

Жалпы ұлттық ғылыми терминологияны қалыптастыруда осы кезеңде жарық көрген оқулықтардың орны айрықша болғанын айтқан жөн. Өйткені ғылым мен техниканың басқа да арнаулы салалардағы ұғымдар атауларын қазақ тілінің ішкі байлығы мен сөзжасам тәсілдерін пайдалану арқылы жасау ісі жаппай жанданып, салалық терминологиялық лексиканың сараланып, тілдің терминологиялық жүйесінің қалыптаса бастауы – осы кезеңнің еншісіне тиеді.

«Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері» деп аталатын еңбегінде Ш.Біләлов «Атаулар ғылым тіліне еніп, біршама қолданыстан соң тұрақты қалыпқа түседі. Сол мезгілден бастап, оқулықтарға ене бастайды»,<sup>175</sup> – деп көрсетеді.

Бұл пікірдің біржақтылау айтылғандығын біз сөз етіп отырған оқулықтардағы терминдер растап бере алады. Өйткені, бұл терминдер түгелге жуық жасалған сәттен бастап, ең алдымен оқулықтарда қолданылып, содан кейін барып қана түрлі деңгейдегі ғылыми әдебиеттер мен терминологиялық сөздіктерге енген. Автордың «оқулық тіліне енген атаулар ғана ана тіліне біртіндеп сіңеді» деген пікірімен де келісу қиын. Ешбір оқулықтарда ұшыраспайтын терминдер де жалпы тілден орын алады. Терминнің жалпыхалықтық сипат алып, бейтерминденуі негізінен экстралингвистикалық факторлардың әсерінен болатын құбылыс.

Оқулық тілі мен ғылым тілінің арасына шекара қойып, оларды бір-бірінен бөліп тастаудың қажеттілігі байқалмайды. Қайта ғылым тілі оқулықтан басталады деген пікірдің негізі бар. Автордың «Ғылымды оқып-үйрену, меңгеру дегеніміз, – оны құраушы атауларды оқып-үйренумен пара-пар. Атауларды жете меңгергенде ғана ғылымға белсенді түрде араласуға болады» деген пікірі орынды айтылған. Ал осы ғылымды оқып-үйренудің, түрлі терминдермен танысып олардың терминологиялық мағынасын түсіндірудің оқулықтан басталатыны белгілі. Мысалы, кезінде А.Байтұрсынұлы жасаған әріп, дыбыс, сызықша, сөйлем, бастауыш, баяндауыш сияқты терминдерді бастауыш сыныптан оқып, тіл білімінің арнаулы ұғымдарын сол кезден бастап жадымызда қалдырамыз.

Жалпы, қазақ тілінің ғылым саласындағы функциялық стильдік қызметін атқаруға бейімдеу мен тілді термин жасау ісіне қосу, яғни термин шығармашылығында пайдалану арқылы ұлттық ғылыми терминологияны қалыптастыруда отызыншы жылдарға дейін жарық көрген оқулықтардың орны айрықша болғанын атап айтпасақ болмайды.

Оқулықтармен қатар сөз болып отырған кезеңде қазақ тілінде «Айқап»

175 Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. – Алматы, 1994, 207-б.

(1911-1915), «Жаңа мектеп» (1925-1933) журналдары мен «Қазақ» газетінің (1913-1918) шығып тұрғаны жұртшылыққа аян. Термин жасау мен олардың қалыптастырудағы бұл басылымдардың рөлі тілші-ғалымдар тарапынан едәуір зерттеген мәселе болғандықтан бұл жерде біз оларға арнайы тоқталмадық. XX ғасырдың бас кезінен бастап 30-жылдарға дейінгі аралықтағы ғылым тілінің, ғылыми терминологияның дамуы мен қалыптасуына байланысты осы кезеңді арнайы зерттеген С.М.Исаев, Ө.Айтбаев, Е.Жанпейісов, Р.Барлыбаев сияқты ғалымдардың еңбектерінен мол мәлімет алуға болады<sup>176</sup>.

Осы кезеңде жарық көрген басылымдардың материалдары негізінде бірнеше кандидаттық диссертациялар қорғалды<sup>177</sup>. Осының бәрі сөз болып отырған кезеңнің тілші-ғалымдар назарынан тыс қалмағандығын көрсетеді.

Сондай-ақ, біздің пікірімізше, салалық терминологияның сараланып, тілдің терминологиялық жүйесінің қалыптасуы ғылымның жеке салалары бойынша жазылған алғашқы оқулықтармен, ғылыми еңбектермен тікелей байланысты.

Сөйтіп, үстіміздегі ғасырдың 10-жылдарынан бастап, ғылымның түрлі салалары бойынша қазақ тілінде оқулықтар жазылып, қазақ баспасөзінің ел арасына ғылым-білімді кеңінен насихаттауы – ғылыми терминологияның қалыптасуына негіз болды. А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының термин шығармашылығында ұстанған принциптері терминологиялық лексиканы жалпыхалықтық тіл негізінде жасауға бағытталғандығымен ерекшеленеді.

Бұл кезеңдегі терминжасам ісінде айырықша көзге түсетін тұлға – А.Байтұрсынұлы. Сондықтан оның терминжасам тәжірибесі мен ғылыми терминологияны қалыптастырудағы рөлі туралы арнайы сөз қозғаудың маңызы зор.

### V. 3. Қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы Ахмет Байтұрсынұлының рөлі

Қазақ тіл білімінің, оның ішінде ғылыми терминологияның қалыптасуы мен дамуы туралы сөз қозғағанда, ұлағат алар ғұламаларымыздың қатарына кіретін ұлтымыздың ең ардақты ұлдарының бірі – Ахмет Байтұрсынұлының есімін атамай өте алмаймыз. Ол солай болуға тиіс те. Оның себебі – ұлттық ғылыми терминологияны қалыптастырудың ғалым еңбектерінен

<sup>176</sup> *Исаев С.* Язык периодической печати 1920-х годов: Автореф. дисс... канд. филол. наук. –Алма-Ата, 1966; Қазақ тілінің совет дәуірінде дамуы. Алматы, 1973; Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы. –Алматы, 1983; *Айтбаев Ө.* Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. –Алматы, 1988; *Жанпейісов Е.* Қазақ прозасының тілі. –Алматы, 1968; *Барлыбаев Р.* Қазіргі қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика. –Алматы, 1978.

<sup>177</sup> *Қарашева Д.Н.* Грамматические особенности языка казахской публицистики начала XX века (на материале журнала «Айқап»): Автореф. дисс... канд. филол. наук. –Алма-Ата, 1959. *Мәжітаева Ш.* Социально-лингвистическая характеристика казахского литературного языка 1920-30-х годов XX в.: Автореф. дисс... канд. филол. наук. Алматы, 1992; *Момынова Б.* Общественно-политическая лексика газеты «Қазақ»: Автореф. дисс... канд. филол. наук. –Алматы, 1993; *Жұмашева Г.* «Жаңа мектеп» журналының тіліндегі терминдер: Филол. ғыл. канд. дисс. автореф. –Алматы, 1966.

басталатындығында. Осы тұста бірден басын ашып айта кететін мәселе бар. Ол – тіліміздегі жекелеген сөздердің терминдік мәнде қолданыла бастауы мен терминологиялық жүйенің қалыптасуын шатастыруға болмайтындығы. Жекелеген сөздердің терминдік мәнде жұмсала бастауын Абайдың қара сөздерінен, ХІХ ғасырдың екінші жартысында шыққан кітаптар мен осы кезеңде басылып тұрған «Дала уәлаяты», «Түркістан уәлаяты» газеттерінің беттерінен кездестіруге болады. Ал салалық терминологияның қалыптасуы – белгілі бір арнаулы саланы құрайтын ұғымдар жүйесінің тілде таңбалануы болып табылады. Өз алдына дербес терминологиялық өріс құрайтын арнаулы салалардың атаулар жүйесінің бөлініп шығуы үстіміздегі ғасырдың 10-жылдарына дейін болды десек шындыққа онша жанаспаған болар еді.

Нақты бір ғылым салалары бойынша терминологияның қалыптасуы алғашқы ғылыми еңбектердің, оқулықтардың, терминологиялық сөздіктердің жарық көруімен, олардың өзге тілдерден аударылуымен тығыз байланысты. Бізде қазақ тілінде жазылған ондай еңбектердің жарық көруі – аяқталып келе жатқан ғасырдың бірінші онжылдығынан басталады. Яғни, бұл дегеніміз – қазақтың ғылыми терминологиясының туындауы да дәл осы кезеңнен басталуға тиіс деген сөз.

Бұл істің басында кімдер тұрды дегенге келер болсақ, осы кезеңде қазақ тілінде алғашқы оқулықтар мен түрлі деңгейдегі ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектер жазған А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Күдерин, Е.Омарұлы, С.Қожанұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, Ғ.Қараш, К.Жәленов сияқты қазақ зиялыларының есімдері аталуға тиіс.

Осы аталған авторлардың әрқайсысының салалық терминологияның қалыптасуына өзіндік үлестерін қосқандығы дау тудырмайды. Оған аттары аталған зиялылардың еңбектерінде кездесетін ғылыми атаулар куә бола алады. Соған қарамастан, олардың арасынан А.Байтұрсынұлының есімін ерекше атап жүргендігіміз белгілі. Әрине, ол өте дұрыс. Алайда, оны қазақ терминологиясының негізін қалаушы ғалым ретінде қараудың себептерін әлі де нақтырақ көрсетіп, ғылыми тұрғыдан дәлелдеудің мәні зор. Біз төменде осы мәселе төңірегінде ой өрбітпекшіміз.

Кезінде М.Әуезов, Е.Омарұлы, С.Сәдуақасұлы, М.Дулатұлы, С.Сейфуллин, Т.Шонанов сияқты қазақ зиялылары негізін қалаған Ахметтану ілімі араға алпыс жылдан астам уақыт салып барын жалғасын тауып отыр. А.Байтұрсынұлы ақталғаннан бергі он жылдай уақыт ішінде ұлы тұлғаның соңына қалдырған еңбектері әртүрлі қырынан зерттеле бастады. Бұл істен тілші-ғалымдар да шет қалмай өз үлестерін қосуда. Р.Сыздықова, Ә.Қайдаров, Ө.Айтбаев, М.Жүсіпов т.б. ғалымдардың жариялаған еңбектері соның дәлелі бола алады.

Бір басынан бар мамандық табылатын, халқымыздың «рухани көсемі», «ұлт мәдениетінің Хантәңірі» атанып жүрген алып тұлғаны тереңірек таныған сайын ұлтымыздың рухы биіктеп, тарихи, ғылыми санамыз да өсе түспек. Сондықтан ғалымның әдеби-ғылыми мұрасын жан-жақты зерттеудің маңызы айрықша.

Ахметтануға ерекше ат салысып жүрген тілші-ғалым Р.Сыздықова ғалымның тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының, қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салушы және жаңашыл ағартушы, ірі көсемсөз шебері, дарынды ақын екендігін айта келіп, былай дейді: «Әрине, біздің сипатымыз – өте жалпы айтылып, қысқа қайрылған түйін. А. Байтұрсыновтың ағартушылық, ғылыми еңбектерімен қатар, оның поэтикалық творчествосын, саяси-әлеуметтік көзқарастарын нақтылы, арнайы және терең зерттеу – алдағы міндет, әр сала мамандарының жұмысы»<sup>178</sup>.

Сөз жоқ, ғалымның атап көрсеткеніндей, А.Байтұрсынұлының мұрасын сала-салаға бөліп арнайы зерттегенде ғана оның бай әлеміне терең бойлап халқымыздың игілігіне жаратумен қатар, қайталанбас тұлғаның қазақ ғылымының дамуына қосқан үлкен үлесін анықтап, тарихымыздың төрінен алатын орнын да нақты көрсетіп беру мүмкіндігіне ие бола аламыз.

А.Байтұрсынұлының қазақ терминологиясын қалыптастырудағы рөлін көрсетуде де оның бұл саладағы еңбектері жан-жақты қарастырылып, сондай зерттеулер нәтижелерінің негізінде тиісті қорытындылар жасалуы қажет.

Бұл мәселеге арнайы тоқталып отырған бір ғана біз емес екендігімізді айта кетуге тиістіміз. Бізге дейін тікелей осы тақырыпқа арналған Ө.Айтбайұлының мақалалары жарияланады<sup>179</sup>. Сондай-ақ өзге де А.Байтұрсынұлының мұрасын зерттеушілердің еңбектерінен де ғалымның қаламынан туындаған терминдер туралы айтылған пікірлерді кездестіруге болады. Алайда ғалымның бұл салаға қатысты еңбектері түбегейлі зерттеліп болды деуге әлі ертерек. Қайта ғылыми тұрғыдан аражігі ажыратылуға тиісті жайттардың жетерлік екенін айтқан жөн.

А.Байтұрсынұлының қазақ терминологиясын қалыптастырудағы рөлі туралы сөз етпес бұрын алдымен *терминология* терминінің өзіне тоқтала кетудің қажеттілігі туындап отыр. Себебі, терминология сөзі көп мағыналы термин. Тілші-ғалымдар оның бес түрлі мағынасын көрсетіп жүр<sup>180</sup>. Олардың ішінен терминологиялық мағыналары әбден орныққан негізгі үш мағынасын бөліп алуға болады. Біріншісі – белгілі бір ғылым саласындағы (өсімдіктану терминологиясы, химия терминологиясы т. б.) терминдердің жиынтығы, екіншісі – тілдегі бүкіл термин сөздердің (немесе көлемі белгісіз көптеген терминдердің) жиынтығы; үшіншісі – жалпы терминологиялық ілім. Яғни, зерттеу нысаны – логика, философия, онтология, классология, информатика, тіл білімі (оның ішінде семасиология мен номинация теориясы тұрғысынан қарастырылатын) ғылымдары тұрғысынан қарастырылатын ғылым саласы. Бұл ғылым терминтану (терминоведение) деп те аталып жүр.

Біз А.Байтұрсынұлының ғылыми терминологияны қалыптастыруға қосқан үлесі де осы бір ғана терминмен таңбаланып жүрген ғылыми ұғымдар тұрғысынан қарастырылу арқылы айқындалуы қажет деп санаймыз. Бұл

178 Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов//Тіл тағылымы. –Алматы, 1992. 28-б.

179 Айтбайұлы Ө. А. Байтұрсынов қазақ терминологиясының атасы//«Қазақстан әйелдері». 1989, № 4. А.Байтұрсынұлының терминжасам тәжірибесі«ҚР ҒМ - ҒА Хабарлары». Тіл, әдебиет сериясы. 1997, № 3.

180 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: вопросы теории. –М., 1989. С. 14.

тұрғыдан келгенде ғалым жекелеген немесе бір топ терминдердің ғана авторы емес, бірнеше ғылым саласының терминдер жүйесінің негізін қалаушы.

Ең алдымен, **А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы**. Кез келген ғылымды оқып білу, меңгеру немесе оны өзгелерге үйрету сол ғылым саласында қолданатын арнаулы ұғым атауларынсыз мүмкін емес. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде А.Байтұрсынұлы осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесі<sup>181</sup> түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да жасаған. Ғылыми ұғымдарға ат қою оп-оңай жұмыс емес. Ол үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық процесс. Онымен қоса, арнаулы ұғымдарға ат қою кезінде ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет. Атаудың ықшам болуы, бір мағыналылығы және ұғым мазмұнын қамтуы тағы бар. Осындай талаптарды мүлтіксіз орындаудың қиындығы – терминдерді ана тілінде жасаудан гөрі көп жағдайда оны ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған өзге тілдерден дайын қалпында ала салуға (яғни, жасауға емес қабылдауға) мәжбүр ететін себептердің бірі. Бұл тұрғыдан келгенде, ғалым қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткен. А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» (қазақша әліппе) өзінен буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп) сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Ал 1914-1915-жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше дүркін басылып тұрған «Тіл-құрал» оқулықтарында (қазақ тілінің сарфы) әбден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген және қолданыла беруге тиіс зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ сияқты жүздеген терминдердің кездесетіні белгілі.

Бұл терминдердің терминге қойылатын талаптарға жауап беретіндігін дәлелдеп жату артық, өйткені олар кезінде арнайы шеттетілгендігіне қарамастан уақыт сынынан өтіп, тұрақты қолданылатын дәрежеге жетті.

Мұнда ең басты атап айтатын нәрсе – А. Байтұрсынұлы бір топ терминдерді ғана емес, бүкіл бір ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын, дәлірек айтқанда, терминдер жүйесін жасаған. Ғылымның дамуына орай ұғымдар жүйесінің ұлғайып отыруы табиғи құбылыс. Ахаң қалыптастырған терминдер жүйесі де қазақ тіл білімі дамыған сайын жаңа элементтермен толыға түсуде.

Ғалымның осындай тұтас терминдер жүйесін қалыптастыруы – оның қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы екендігінің дәлелі бола алады.

А.Байтұрсынұлының қазақ тілі білімінің ғана емес әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы екендігі мойындалған шындық. 1923 жылы ғалымның мерейтойына арналған мақаласында М.Әуезов «Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахаңды өзінің басшысы деп санайды»<sup>181</sup>, – деген болса, әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев оның «Әдебиет танытқышы» туралы айта

181 Әуезов М.О. Ақаңның 50 жылдық тойы//«Ақ жол» газеті. 1923, 4-ақпан.



келіп, «...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған»<sup>182</sup>, – деп әділ көрсетеді.

Сонымен, екіншіден, **қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым осы ғылым саласының ғылыми терминологиясын да жасаған.**

Терминделуші ұғымдарды дәл білдіретін жүздеген әдебиеттану терминдерін жасай отырып, ғалым олардың ғылыми терминге тән дефинициясын да (ғылыми анықтамасын) берген. Ол дегеніміз – ғылыми ұғымның өзіне ғана тән белгілерін айқын көрсетумен қатар, олардың ұғымдар жүйесіндегі алатын орнын да көрсету деген сөз. Мысалы, «Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз – өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады»<sup>183</sup>.

Бұл мысалдан байқайтынымыз, ғалым біріншіден, өлеңнің құрылым-құрылысын (түр-түрпатын – А.Б.) анықтаған; екіншіден, әрбір ұғымның өзіндік ерекшелігін, басты белгісін, іргелес өзге ұғымдардан айырмасын көрсететін анықтама берген. Яғни, әрбір ұғымның мазмұны мен көлемін анықтаған; үшіншіден, әр ұғымның ғылыми атауын (*айшық, шумақ, тармақ, бунақ, буын*) жасаған; төртіншіден, терминдердің жүйелілік ерекшелігін ескере отырып, жалпы қолданыстағы бір үлгімен жасалған (модель) сөздерді термин ретінде пайдаланған; бесіншіден, ғылыми ұғымдардың арасындағы жүйелілік-құрылымдық байланысты көрсеткен. Дәлірек айтқанда, *айшықтың – шумақтан, шумақтың – тармақтан, тармақтың – бунақтан, ал бунақтың – буыннан* құралатындығын сатылай отырып көрсету арқылы ұғымдық микрожүйенің өзіндік табиғатын танытқан.

Бұдан ғалымның өзі зерттеп отырған ғылым саласындағы ұғымдар жүйесінің ішкі байланысы мен ерекшелігін терең білумен бірге, оларды таңбалауда тілді өте шебер пайдалана алғандығы анық көрініп тұр. «Әдебиет танытқыштан» мұндай мысалдарды әлі де көптеп келтіре беруге болады. Жеке ұғымдардың өзара байланысынан барып ұғымдар жүйесі құралатыны сияқты соларға сәйкес келетін жекелеген термин сөздердің жиынтығы – терминдер жүйесін, яғни салалық терминологияны құрайды.

«Әдебиет танытқыштағы» ғалым қаламынан туындаған біртұтас жүйе құрайтын терминдер оның әдебиеттану ғылымының ғылыми терминологиясын қалыптастырғанын көрсетеді.

Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлы тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының ғылыми терминологиясын жасаумен бірге, қазақ тілін оқыту әдістемесінің де негізін қалаушы ретінде бұл салаға қатысты көптеген терминдерді жасаған. Олардың қатарына *әдіс, әдісқой, сауаттау әдісі, жалқылау әдісі, жалпылау*

182 Нұрғалиев Р. Альп бәйтерек // А.Байтұрсынұлы. Ақ жол. – Алматы, 1991. 12-13-бб.

183 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш // А.Байтұрсынов шығармалары. – Алматы, 1989. 192-б.

*әдіс, жалқылау-жалпылау әдіс* сияқты терминдерді жатқызуға болады.

Бұлармен қоса А. Байтұрсынұлының тарих, этнография мәселелерімен де шұғылданғанын Ахметтанушы ғалымдар айтып жүр. Мұхтар Әуезов 1923 жылы (жоғарыда аталған мақаласында) ғалымның «Мәдениет тарихы» атты кітап жазып бітіргенін айтқан болатын.

Ғылым, білім саласында қазақ тілінің қолданыс аясының кеңеюіне мақсатты түрде үлкен мән берген және термин шығармашылығында ұлт тілінің өз мүмкіндігін шебер қолдана білген ғалымның әлі баспа бетін көрмеген немесе кезінде жарияланып, қазір қолға түспей жүрген ондай еңбектері табылып жатса, олардың ішінде де көптеген терминдер мен жаңа қолданыстардың болатындығына еш күмәндануға болмайды.

Сонымен, үшіншіден, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, **А. Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге, көптеген әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты терминдер жасаған ғалым.**

Ғалымның термин шығармашылығындағы қызметінің бір ғана ғылым саласымен шектелмейтіндігі оның жалпы қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орнының айрықша екендігін көрсетеді. Алайда, А.Байтұрсынұлының қазақ терминологиясының қалыптасуына қосқан үлесі бұлармен ғана бітпейді. Оның Қазақстан ғылымын ұйымдастырушылардың бірі ғана емес, солардың ішіндегі ең ірісі, бірегейі екендігін дәлелдейтін деректер ғалым мұрасына тереңірек үңілген сайын табыла береді.

Ендігі бір айрықша атап айтуды қажет ететін мәселе – *ғалымның терминжасамның тәсілдері мен жолдарын анықтап бергендігі*. Яғни төртіншіден, **А. Байтұрсынұлы терминжасам тәсілдерін анықтап, оларды өз тәжірибесінде тұңғыш рет кеңінен пайдаланған ғалым.**

Терминжасам тәсілдерінің аражігі ашылып, олардың термин шығармашылығында іске қосылуы – қазақ тілінің грамматикасының (сарфы) жазылуымен тікелей байланыста қарастыруды қажет етеді. Бүгінгі терминжасам тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктері бар екендігіне қарамастан, ол негізінен қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерінің құрамына енеді. А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтаумен қатар, ол тәсілдерді термин жасауда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткендігін оның қаламынан туындаған жүздеген терминдері дәлелдейді. Мәселен, ғалымның *жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше, әдіс* т.б. осылар сияқты терминдері семантикалық тәсілмен, *жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекші, буыншы, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, әуреленіс, күліс, әлектеніс, әліптеме, зауықтама, мазмұндама, ермектеме, қорытпа ұсынба, сұқтаныс, азаптаныс, жалғаулық, есімдік тәрізді көптеген терминдері* морфологиялық тәсілмен, ал *дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем,*

*болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем* сынды терминдер тобы синтаксистік тәсілмен жасалған.

Бұл аталған терминдердің кейбіреулері орыс тіліндегі терминдердің негізінде калькалану арқылы (*дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, қос сөз* т.б.) жасалғандығы аңғарылып тұр. Бұдан ғалымның калька тәсілін де ұтымды пайдаланғанын көруге болады.

Г.Ц.Пюрбеев «Калькалау арқылы термин жасау өте күрделі мәселе. Аударманың сәтті шығуы үшін өзге тілден сөздің (сөз тіркесінің) семантикасын, морфологиялық құрылысы мен қолданылатын саласын жақсы білу керек»,<sup>184</sup> – деген болатын.

А.Байтұрсынұлы жоғарыдағы терминдердің орыс тіліндегі аталған қасиеттерін жақсы білумен бірге, қазақ тілінің өз материалын ұтымды пайдалана отырып, сәтті терминдер жасаған. Көрсетілген терминдердің қазақ тілінің терминологиялық лексикасының қатарынан берік орын алып, күні бүгінге дейін өзгеріссіз қолданылып әбден қалыптасып кеткендігі – олардың сәтті жасалғандығының айқын дәлелі бола алады.

Ғалым еңбектерінен қимыл атау формасымен келетін *аңдау, ауыстыру, әсірелеу, әсерлеу, байымдау, бернелеу, бүкпелеу, дамыту, кейінтеу, көріктеу, мезгеу, меңзеу, теңеу, түйдектеу, үдету, шендестіру* сияқты әдебиет тану терминдері мен *демееу, жалғау, үстеу, шылау* тәрізді тіл білімі терминдерін көптеп кездестіруге болады.

Заттық ұғым мен процестік ұғымды ұштастырып тұратын мұндай терминдерді жасау Ахаңнан бастау алып, бүгінгі қазақ терминологиясындағы термин жасаудың өнімді бір үлгісіне айналғанын аңғарамыз. Бұл терминдердің қайсыбірі (мысалы, *ауыстыру, теңеу* т.б.) тілде бұрыннан бар сөздердің терминденуі арқылы жасалған болса, кейбіреулері (мысалы, *лептеу, ойламалдау* т.б.) сол үлгімен, яғни егістік түбіріне – у жұрнағын жалғау жолымен жасалынған.

Терминделуші ұғым мен терминденуші сөзді сәйкестендіру үшін ұғымдар жүйесіне де, терминдер жүйесіне де бірдей мән беру термин жасаушыға аса қажет. А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің түгелге жуық сәтті шығуының сыры – оның нағыз терминолог ретінде терминге лексикология тұрғысынан да, концептология тұрғысынан да қарай білуінде жатса керек.

Кезінде А.Байтұрсынұлы пуристік бағыт ұстады деп, ол жасаған терминдердің біразы қолданыстан шеттетілгені белгілі. Соған қарамастан, Ахаң жасаған терминдердің көпшілігі өзінің өміршеңдігін танытып келеді. Ал арнайы шеттетілген терминдердің арасында бүгінде қайтадан қажетімізге жарайтындары аз емес. Әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев Ахаңның еңбегіне жазған алғысөзінде «сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап саралауға мүмкіндік беретін *суықтама, зауықтама, сарындама, салттама, гұрыптама, қалыптама* деген терминдер қазіргі ұғымымызға өзі сұранып тұр»,<sup>185</sup> – дейді.

Шындығында да А.Байтұрсынұлы жасаған ондай терминдерді құнттап

184 Пюрбеев Г.Ц. Современная монгольская терминология. – М., 1984. С. 101.

185 Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек//А. Байтұрсынов. Ақ жол. – Алматы, 1991. 13-б.

қолдана білсек талай терминдеріміз қазақы қалпына түскен болар еді.

Белгілі тілші-ғалым Р.Сыздықованың «... жалпы мәдениетке, тарихқа қатысты әлеуметтік терминдердің де көпшілігі Байтұрсынов қаламынан туып, қазір авторы ұмытылып, жалпы халықтық кәнігі сөздер болып кеткендігін де айту керек»<sup>186</sup> деген пікірі назар аударады.

А.Байтұрсынұлының термин жасауда ұстанған бағыты мен оның қаламынан туған басы ашық терминдері-ақ Аханның қазақ терминологиясының негізін қалаушы және ғасыр басындағы бүкіл ғылыми ой-сананың қалыптасуына ықпал ете білген зор тұлға екенін дәлелдей алады. Алайда, оның қаламынан туған терминдер мен сөздер мүмкіндігінше анықталып жатса, тарихи әділеттілік болмақ. Сондықтан ғалым мұрасын зерттеушілердің оны естен шығармағаны абзал.

Академик Ә.Қайдаров термин жасауда «қазақ тілінің байлығын сарқа пайдалана алмадық. Ең басты себеп – замана үрдісі, тіл саясаты мен идеология ықпалы, орыс тілінің аз ұлттар тіліне жасаған үстемдігі мен өктемдігі. Екінші себеп – «еліміздегі ұлт, ұлыс тілдері өздерінің дамудан кенжелеп қалуына байланысты ғылым тілі болып, орыс тілімен терезесі тең тұра алмайды» деген пікірдің орталықта да, жергілікті мамандар арасында да қалыптасуы. Үшіншіден, терминдік ұғымдардың қайнар көзі орыс тілі болып саналады да, қалған жүздеген тілдердің бәрі тек «қабылдаушы» пассив тілдер болып келді. Төртінші себеп – ғасырлар бойы өз дәстүрімен еркін дамып келген тілдері ғылыми-техникалық прогреске икемдеумен шұғылданбағандықтан бірден лап берген терминология тасқынына бұл тілдер төтеп бере алмады. Бесінші себеп – ана тілінің мүмкіншілігін толық ашып, терминология тасқынына қарсы қоярлықтай ұлт кадрлары тоталитарлық үкімет тарапынан кезінде жойылған болатын»<sup>187</sup>, – деп өте әділ көрсеткен.

Автор көрсеткен себептердің соңғыларының барлығын біз біріншісінен туындаған, яғни сол басты себептің нәтижесі, салдары деп білеміз. Тоталитарлық жүйе қазақ халқын Ахмет Байтұрсынұлы сынды аса білікті ұлттық кадрларынан айырды. Олар бастаған игілікті іс өз деңгейінде жалғасын табуына жол берілмеді. XX ғасыр басында ұлттық негізде іргесі қаланған ғылыми лингвистикалық мектептің шаңырағы шайқалып, бағыт-бағдары өзгертілді. Егер ондай өктемдікке жол берілмей, термин жасаудағы Ахандар бастаған үрдіс жалғасын тапқанда, орталықта да, жергілікті мамандар арасында да «орыс тілімен терезесі тең бола алмайды» деген пікір қалыптаспаған болар еді. Өйткені қазақ зиялыларының өзгеше пікірде болғаны белгілі. Қазақ тілі «қабылдаушы» пассив тілдер қатарына қосылмас еді. Себебі – А.Байтұрсынұлы барлық тіл мен әдебиет терминдерін (сондай-ақ мәдени, саяси, әлеуметтік атауларды), Ж.Күдерин өсімдіктану терминдерінің түгелге жуығын ана тілінің негізінде жасағаны, олар ғана емес, көптеген авторлардың ғылыми ұғым атауларын ана тілінің негізінде жасағаны соны айғақтайды. Дәл осы кезеңде қазақ тілі білікті ұлттық кадрлардың арқасында ғылыми-

186 Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы, 1990. 33-б.

187 Қайдаров Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993. 9-10-бб.

техникалық прогреске шапшаң икемделіп, лап берген терминдер тасқынына тойтарыс беріп, оларды игеруге мүмкіндігі мол тіл екендігін дәлелдей бастаған болатын. Өкінішке орай, өктемдік етушілерге осы бағыт үрей туғызғандықтан да оған күшпен тосқауыл қойылды. Ал кейінгі жаңа заман талабына толық сәйкес келетін бағыт қазақ терминологиясын бүгінгідей жағдайға жеткізіп, термин жасаудан гөрі дайын терминдерді қорытпай қабылдай беруге үйретті.

Тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болған бүгінгі таңдағы термин жасаудағы жаңа үрдіс ХХ ғасыр басында болған құбылысқа өте ұқсас. Айырмасы – онда қазақ жұрты ғылым әлеміне енді аяқ басқан болса, қазір ғылыми-техникалық прогрестің бел ортасында жүрміз. Алғашқы кезеңде А.Байтұрсынұлы бастаған ғалымдар термин жасау принциптеріне келісіп, бір бағытта жұмыс істеген болса, бүгін олай болмай отыр. Оның себептері жеткілікті. Ең алдымен, лек-легімен өзгеріссіз қабылдап алған мыңдаған терминдеріміз әбден орнығып, көзімізге ыстық көрінетін дәрежеге жетті. Сондықтан да оларда шаң жуытпай қорғаушылар аз емес. Екіншіден, термин жасаудағы тәжірибеміздің жеткіліксіздігінен, өзіміз қазақ тілі бай тіл деп дәлелдегенімізбен, іс жүзінде сол байлықты А.Байтұрсынұлдары тәрізді шебер пайдалана алмауымыздан немесе термин жасау ісінде тіліміздің мүмкіндігін сарқа пайдалануға дағдыланбағандығымыздан және әлі де дәстүрлі принциптерімізден шыға алмай отырғандығымыздан да термин жасау ісі өз бағытын анықтай алмай отыр. Қазіргі ғалымдарымыз бен салалық мамандарымыздың бәрі бірдей ғасыр басындағы қазақ зиялылары сияқты ана тілін жетік білмейтіндігі, сондықтан да оны термин шығармашылығында пайдаланбайтындығы тағы бар.

Қалай болғанда да қазіргі термин жасау ісіндегі жаңа үрдісті біз мүмкіндігі шектеліп келген тіліміздің еркіндікке ие болған тұстағы жаңа қарқыны, табиғи құбылыс деп тануымыз. Тәжірибесіздік пен жауапсыздық салдарынан сәтсіз жасалған терминдерге жол бермеу дұрыс. Алайда ондай терминдерді мысалға ала отырып, бұл үрдістің астарынан пуризм іздеп, оған тосқауыл қою керек деушілерді құптай алмаймыз. Тілші-ғалымдар мен салалық мамандардың қазіргі таңдағы міндеті – ұсынылып жатқан терминдердің арнаулы ұғымды дәл бере алатындарын іріктеп алып, ресми бекітуге ұсыну. Сәтті жасалғандарын дұрыс саралап алып, олар бекітілгеннен кейін жатсынбай, бір ізді қолданып, қалыптасып кетуіне мүмкіндік туғызсақ, төл терминологиямыздың ұлттық сипаты арта түскен болар еді.

Ана тілінің негізінде жасалынып, терминологиялық жүйеден орын алған терминдердің өзінің жасалуына негіз болған жалпы тілге қайта өту мүмкіндігі мол. Терминологияның ұлттық тілді байытудың бір кезі екенін мойындасақ, шет тілдерінің сөздерін шектен тыс көп қабылдау және оларды тіліміздің дыбыстық жүйесіне бағындырмау сол бұлақтың көзін бітеумен бірдей. Ондай терминдердің бейтерминдену мүмкіндігі өте төмен. Олар терминологиялық өрістен шыға алмай, арнаулы лексика шеңберімен ғана шектелетіндіктен де терминология мен жалпы лексиканың арасы алшақтай түседі. Нәтижесінде тілдің жалпы лексикасы мен арнаулы лексикасының арасында үздіксіз жүріп

жататын табиғи процеске нұқсан келеді.

Жалпы алғанда, ғалым термин шығармашылығында морфологиялық және синтаксистік тәсілдерді көбірек пайдаланған. Мұны кездейсоқ нәрсе деуге болмайды. Ғалым ұғымдар жүйесінің ерекшелігін терең түсіне отырып, әр ұғымның көлемі мен мазмұнын дәл қамтитын атау жасауды көздеген. Яғни, әр ұғымның өз таңбалаушысы болуына мән бергендігі байқалады. Сондықтан да ол аталған тәсілдерді пайдалану арқылы көптеген жаңа терминдер жасаған.

Бесіншіден, А. Байтұрсынұлы жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға.

Ғалымның терминжасам тәсілдерін көрсетіп, оларды пайдалана отырып, тіл білімі, әдебиет ғылымдарының терминологиясын, өзге арнаулы салаларға қатысты терминдер жасауы – ғасыр басындағы өзге ғылым салалары бойынша оқулықтар мен түрлі ғылыми еңбектер жазған авторларға таптырмайтын үлгі болды. Бұл пікіріміздің негізсіз емес екендігіне А.Байтұрсынұлынан кейін әртүрлі ғылым салалары бойынша еңбектер жазған қазақ зиялыларының жасаған терминдері дәлел бола алады. Оны мына кесте арқылы көрсетуге болады.

<b>А.Байтұрсынұлы.</b> <b>«Тіл құрал».</b> <b>Орынбор, 1914,</b> <b>1915...</b>	<b>С.Қожанұлы.</b> <b>«Есеп тану</b> <b>құралы».</b> <b>Ташкент, 1924.</b>	<b>Ж.Күдерин.</b> <b>«Өсімдіктану».</b> <b>Москва, 1927.</b>	<b>Е.Омарұлы.</b> <b>«Пішіндеме»</b> <b>(геометрия).</b> <b>Қызылорда,</b> <b>1928.</b>
Сызықша, есімше, көсемше	Жақша	Сабақша, тұқымша, қайықша, тостағанша т.б.	Текше, тікше, қиықша
Сұраулық, етістік, жалғаулық, есімдік	Құралғыштық, барабарлық, бөлінгіштік	Тұқымдық, аналық, аталық құрылымдастық, ұқсастық	Өлшемдік, құрылымдастық, ұқсастық
Бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш т. б.	Өлшеуіш	Қаптауыш	Өлшеуіш
Оралым	Айырым, алым, бөлім	Бітім	

Бұл кесте арқылы біз кейінгі оқулықтар жазған авторлардың А.Байтұрсынұлының кейбір термин жасау үлгілерін (модельдерін) қалай пайдаланғанын немесе олардың арасындағы сабақтастықты көрсетуге тырыстық. Осы деректердің өзі ғалымның тіл білімпазы ретінде қазақ тілінде термин жасаудың үлгісін көрсете отырып, ғасыр басындағы термин жасау ісіне тікелей ықпал еткен зор тұлға екенін анық аңғартады. Мұндай мысалдарды әлі де келтіруге болады. Мысалы, А.Байтұрсынұлының қаламынан туындаған *тұрлаусыз мүше*, *тұрлаулы мүше*, *одағай сөз*, *сабақтас сөйлем* терминдері Е.Омарұлының көрсетілген оқулығындағы *тұрлаусыз шама*, *тұрлаулы шама*, *одағай сан*, *сабақтас пішін* терминдерінің жасалуына себеп болғандығына да дау айту қиын ғой деп ойлаймыз. Алтыншыдан, **А.Байтұрсынұлы XX ғасырдың басындағы қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы, яғни қазақ терминологиясының тұңғыш ғылыми принциптерін жасаушы.**

1924 жылдың маусым айында Орынборда «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің I съезі» болып, онда терминологияны қалыптастырудың принциптері бекітілгені мәлім. Араға екі жылдай уақыт салып, 1926 жылы Бакуде өткен «Түрікшілердің I-ші құрылтайында» жасаған баяндамасында А.Байтұрсынұлы қатынасушыларға осы принциптерді таныстыра отырып және өзге түркілердің де ғылыми терминологияны қалыптастыруда оларды басшылыққа алса дұрыс болатындығын айта келіп, өз ойын былай түйіндейді: «Этим путем каждый из нас, разгрузив свой язык от балласта чужих слов и отчистив его от засоренности влиянием чужого языка, сделали бы доступными произведения своей печати и своей народной массе и другим тюркским народностям»<sup>188</sup>.

Бұдан ғұлама ғалымның қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаумен қатар, бүкіл түркі халықтары терминологиясының дамуына көңіл аударып, термин жасауда ортақ принциптер ұстану арқылы туыстас халықтардың өзара ғылыми және рухани-мәдени байланыстарының тереңдей түсуін көздегенін көруге болады.

XX ғасыр басында басшылыққа алынған бұл принциптерді ескірді деуге ешқандай негіз жоқ. Кезінде солақай саясаттың салдарынан олардың орынсыз шеттетілгені белгілі. Кейінгі жылдары қоғамдық-саяси өмірімізде болған түбегейлі өзгерістер қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың жаңа принциптерін белгілеудің қажеттілігін туғызып отыр. Уақыт талабына сәйкес кейбір толықтырулардың болу мүмкіндігіне қарамастан 20-жылдары жасалған сол принциптердің алдағы уақытта бекітілетін жаңа принциптердің қатарынан орын алуға тиістілігі күмән туғызбайды.

«Тілдің міндеті – ақылдың андауын андағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарар. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын... Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей

188 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы. 1992, 425-б.



жақсы бола бермейді»<sup>189</sup>, – деп, тілдің міндетін терең түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген ұлы тұлғаның қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ұшан-теңіз.

Орыстың ғылым тілінің даму тарихын зерттеуші ғалымдар бірауыздан энциклопедист-ғалым М.В.Ломоносовты – «орыс ғылыми терминологиясының атасы»<sup>190</sup>, – дейтін болса, Қазақстан ғылымының тарихындағы ондай орынды ұлтымыздың бағына туған перзенті аса дарынды ғалым Ахмет Байтұрсынұлы иеленіп тұр.

#### V. 4. 30-90-жылдар арасындағы қазақ лексикасының терминденуі

Термин шығармашылығының бұл кезеңі 1930 жылдардың басынан 1990 жылдарға дейінгі аралықты қамтиды. Отызыншы жылдары А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының термин жасауда ұстанған бағыттары әкімшіл-әміршіл жүйе тарапынан күшпен өзгертілді. 1929 жылдың жазында А.Байтұрсынұлымен бірге көптеген қазақтың білікті ұлттық кадрлары қамауға алынды. Ендігі жерде ұлттық республикалардағы термин жасау ісінің бағытын жергілікті ұлт кадрлары емес, орталық белгілейтін болды.

1930 жылы Мәскеуде Бүкілодақтық партия мәжілісінде ұлт тілдеріндегі терминологияны дамыту мәселесі арнайы қаралды. Сол мәжілісте КСРО халықтары тілдерінде термин жасаудың негізгі ғылыми принциптері белгіленді<sup>191</sup>.

Міне, осы уақыттан бастап КСРО халықтарының тілдерінде термин жасау барысын жаңа әліпби комитеті арнайы қадағалап отырды.

Әдебиетте «түрі ұлттық, мазмұны социалистік», яғни социалистік реализм шеңберінен шықпайтын әдебиет жасау көзделгеніндей, термин шығармашылығы да орталық белгілеген қатаң қалыпқа сәйкес жүргізілуі керек болды. Арнаулы ұғым атауларын жасауда ұлт тілдерінің өздеріне тән ішкі ерекшеліктері ескерілмей «совет халқының» ортақ тілі – орыс тілінің мүддесі бәрінен де жоғары қойылды. Термин шығармашылығында ұлт тілін пайдаланудың үлгісін көрсете білген білікті ұлттық кадрларды қуғындау өріс алды.

1924 жылы қазақ ғылыми қызметкерлерінің бірінші съезінде А.Байтұрсынұлының ұсынуымен қабылданған терминологияны қалыптастыру мен дамыту принциптері басшылыққа алынбауы үшін олар ұлтшыл-буржуазияшыл кертартпа күштердің зиянды әрекеттерінің бірі деп танылды. Отызыншы жылдарға дейінгі жасалған көптеген терминдер қайта қаралып,

189 Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы, 1989. 141-б.

190 Даниленко В.П., Канделаки Т.Л. Русская терминология//Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. – М., 1986. С.182.

191 ВВПС – II Всесоюзное партийное совещание по народному образованию. – М. – Л., 1931. С. 306-309.



олардың елеулі бөлігі қолданыстан орынсыз шеттетілді. Осы уақытқа дейін ғылыми терминологияны жасауда өрескел қателіктер кетті, енді оларды түзету қажет деген ғылыми негізі жоқ өктем пікір үстемдік құра бастады.

Сөйтіп, ғылымды, ғылыми терминологияны ұлт тілінде қалыптастырудың маңызын терең түсіне отырып жасаған қазақ зиялыларының тұжырымдары ешбір дәлелсіз буржуазиялық теориялар қатарына кіргізіліп, оларға қарсы И.В.Сталиннің «буржуазияшыл теориялармен аяусыз күреспей тап жауларын түпкілікті жеңу мүмкін емес» деген сөзін ұран ғып ұстанған белсенді күрес жүргізіліп те кетті.

Термин жасауға, терминологияны қалыптастыруға байланысты сол отызыншы жылдардың ішінде жазылған біраз еңбектерден мұны анық байқауға болады.

Мәселен, 1930 жылы жазылған «Выправить недочеты в строительстве казахской терминологии» деген мақаласында Е.Кротевич 1931 жылы басылған орысша-қазақша «Атаулар сөздігіне» (терминологический словарь) *диктатура, комсомол, пятилетка, большевик, ленинизм, революция, ударник, бригадир, трактор, непрерывка, соревнование, обезличка, красноармеец, политрук, ганизон, дивизия, патрон, пулемет, обороноспособность* сияқты жиі қолданылатын әскери терминдердің енгізілмей әдейі шеттетілгенін, *библиотека – кітапхана, диктатор – әмірші, коллективизация – бірлестіру* сияқты әбден орныққан халықаралық терминдердің қазақ тіліне аударылғанын қатты сынға ала отырып, сөздік авторлары ұлтшыл-демократтардың саясатын қолдаушы деп көрсетеді.

Сондай-ақ, ол бұдан былайғы уақытта терминологияның қай бағытта дамуы қажеттігі туралы пікірін былай білдіреді: «Современный этап социалистического строительства предъявляет терминологии каждого языка определенный заказ – терминология должна быть строго социально-классовой, удовлетворяющей актуальные потребности строителей социализма»<sup>192</sup>.

Бұл терминологияның 30-жылдарға дейінгі ұлт тілі негізінде жасалу бағытын тоталитарлық жүйенің мүддесіне сәйкес түбегейлі өзгертіп, терминологияның да сол жүйені нығайтуға қызмет етуі қажет деген сөз еді. Ендігі жерде ол солай болды да. Орталықтың нұсқауы жергілікті белсенділер тарапынан берік қолдау тапты.

Мәселен, М.Қайыпназарұлы терминология туралы өз мақаласында Қазақстан оқу комиссариаты, баспасөз, жаңа кеңес жазушылары қазақ тілі құрылысына большевиктік басшылық етуді барынша күшейтудің қажет екендігін атап айта отырып «...тіл қалың көптің ұғымына оңай, жеңіл болуы керек деген Ленин, Сталин нұсқауларын қолдануымыз керек. Оның Сатсиализм бүкіл жер жүзінде жеңіп, әбден орнығып, қалыптасып кеткен уақытта ұлт тілдері де айқасып, ортақ бір тілге айналып кетуі сөзсіз» деген Сталин нұсқауы жүзеге асыра беру бағытын ұстануымыз керек», – деп алдыңғы пікірді қолдады.

192 Кротевич Е. Выправить недочеты в строительстве казахской терминологии//Просвещение национальностей. 1932. № 8-9, С. 94-96.

Ол А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омарұлдарының жасаған терминдерінің, олардың термин жасауда басшылыққа алған принциптерінің зияндылығын дәлелдеуге тырысып бағады. «Қазақ тілі құрылысындағы алашордашылық теорияларға тиісті соққы берілген жоқ»<sup>193</sup>, – дейді.

Сөйтіп, 30-жылдардан бастап солақай саясат үстемдік құрып, жергілікті кадрлар арасынан оны қолдаушылар қатары көбейе түсті. Алайда, А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының терминжасам принциптерінің дұрыстығын түсініп, оны қолдаушылар да болды. Мәселен, 1935 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Термин жайындағы кейбір қата пікірлер туралы» деген мақаланың авторлары Т.Жүргенұлының пікірімен келісе алмайтындығын білдіреді. Олар: «Құн» деген терминге Жүргенұлы жолдас сөздің түбірін, баяғыдағы ұғымын қуалап қарсы болады. Жүргенұлының ойынша, біз ешбір сөзге жаңа ұғым бере алмайтын сорлы секілдіміз. Тұрмыс қаншалықты өзгерсе, тіл де қатып қалған ағаш емес. Әр сөзге әр заман жаңа сөз туғызумен қатар жаңа ұғым да береді»<sup>194</sup> – деп өте дұрыс жазды.

Бірақ А.Байтұрсынұлы бағытын ұстанып, мұндай пікір айтушылар социалистік қоғам құруға қарсы буржуазияшыл-ұлтшылдар қатарына қосылып, жазықсыз жапа шегетін еді. Сондықтан мәселенің дұрыс-бұрысын ашық пікірталас арқылы айқындауға жол берілмей, большевизм мүддесін қорғай сөйлегендердің бәрі дұрыс болып саналатын біржақтылық орын алып отырды.

1933 жылы ҚСРО ҒА-ның техникалық терминология комиссиясы құрылып, ол кейінірек ғылыми-техникалық терминология комитеті болып қайта өзгертілді. Орталықта болған өзгерістердің ұлттық республикаларда жалғасын таппай қалмайтыны белгілі. 1933 жылы Қазақстанда да Мемлекеттік терминология комиссиясы құрылды. Мемлекеттік комиссия болғандықтан да бұл комиссия құрылған күннен бастап өз жұмысын ҚСРО-ның тіл саясатына сәйкес жүргізді.

1935 жылы майда өткен Бүкілқазақстандық мәдениет қызметкерлерінің съезінде профессор Қ.Жұбанов ұсынған қазақ терминологиясының жаңа принциптері бекітілді<sup>195</sup>.

Ендігі жерде термин жасау, шет тілдерінен қабылдау мен оларды қазақ тілінде жазу мәселелері осы принциптерге сәйкес жүзеге асырылып отырды.

Термин шығармашылығына партиялық басшылық шектен тыс күшейтіліп, ғылыми терминологияны дамытудың өз уақытына лайық жаңа кезеңі басталды. Бұл істе кейбір партия қызметкерлері барынша белсенділік танытты. 1933-37 жылдары ҚАССР халық ағарту комиссары болған белгілі қоғам қайраткері Т.Жүргенов өз мақаласында орыс тіліндегі *тема, стоимость, тип*,

193 Қайыпназарұлы М. Қазақ тілін өркендетуге басшылық күшейтілсін //Әдебиет майданы. 1932, № 10. 59-61-бб.

194 Елдегі екі мұғалім. Термин жайындағы кейбір қате пікірлер туралы//Еңбекші қазақ. 1935, 26 май.

\* Мақала авторларының аттарын көрсетпеуге сол кездегі саяси жағдай мәжбүр еткен. Сондай-ақ мақаланың мазмұнына қарағанда, авторлардың термин жайынан хабары мол мамандар екендігі аңғарылады. (Автор)

195 Жубанов Х.К. Принципы терминологии казахского литературного языка, применяемые Государственной терминологической комиссией //Исследования по казахскому языку. –Алматы, 1966. С. 283-285.

*ударник, актив* терминдерін *тақырып, күн, кейіпкер, екпінді, белсенді* түрінде қазақшаға аударып әуреленудің қажетсіздігін айта келіп: «Такие тенденции являются, по сути дела, пережитком практики «культуры языка» казахского реакционного национализма, деятелей контрреволюционной Алаш-орды, стремлением сохранить казахский народ в самобытном состоянии, в состоянии ограниченности, изолировав его от окружающей пролетарской культуры, оторвав его от социалистической родины. Вот куда ведет продолжающаяся еще, к великому сожалению, до сих пор практика в деле создания новых терминов», – деп термин жасаудың жана бағытының дұрыстығын дәлелдеп, әлі де ескі реакцияшыл бағытты қолдаушылардың бар екенін, олармен күресуді тоқтатпау қажеттігін ескертті<sup>196</sup>.

Әрине, ондай күрестің аяусыз жүргізілгені қазір ешкімге кұпия емес. Соның нәтижесінде «ұлтшыл-байшыл» алашордашылар теориясына пролетариатшыл большевиктік басшылық тарапынан жүргізілген күрес көздеген мақсаттарына қол жеткізді.

Осылайша «әдебиеттің партиялығы» сияқты «терминологияның да партиялық» кезеңінің негізі қаланды. Ұлт тілдері айқасып, ортақ бір тілге айналып кетуі үшін (ол әрине орыс тілі болуы керек еді) орыс тілінен өзге тілдердің ерекшеліктерін ескермейтін Кеңес үкіметі өзінің ұлтсыздандыруға бағытталған идеологиямен де, одан алдана қоймағандарды тегеурінді күшімен де тәрбиелеуге көшті.

Ұлттардың мәдениеті мен ғылымының даму бағытын белгілеу құқығынан айрылғысы келмейтін орталыққа ұлтының мүддесін емес, партияның тапсырмасын, билеушісінің бұйрығын бұлжытпай орындайтын кадрлар тәрбиелеу қажет еді. Мұндай тәрбиенің Одақтық білім беру жүйесі мен қоғамның идеологиясы арқылы барған сайын үдемелі түрде үздіксіз, әрі ұзақ мерзім жүргізілуі – ұлттық рухтың әлсіреп, тарихи сананың төмендеуіне әкелді. Мұндай жағдай ұлт тілінің, оның ғылыми терминологиясының өз жолымен дамуына оң ықпал етпейтіні өз-өзінен түсінікті. Соның салдарынан бүгінгі таңда ғылым мен техниканың сан түрлі салаларында еңбек етіп жүрген білікті деп саналатын ұлттық кадрларымыздың, яғни «ғалымдарымыз бен қоғам қайраткерлеріміздің елеулі бөлігі өз еңбектерін ана тілінде жаза алмайтын дәрежеге жетті. Олар ғасыр басындағы А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омарұлы, Ж.Күдерин, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлдары сияқты қазақ зиялыларындай ұлт тілінің, ұлттық ғылыми терминологияның дамуына өз үлестерін қоса алмай отыр. Бұл – осы сөз болып отырған кезеңнің, кеңестік тәрбиенің жемісі.

Сондықтан да бұл кезеңді – «ғылым тіліндегі ұлттық тіректің шайқалу кезеңі», – деп танып, ол туралы: «...Ғылым тіліндегі ұлттық белгілердің, ұлттық тіреудің шайқалуы ұлт тіліне жасалған үлкен қиянаттың, ауыр қылмыстың көрінісі. Осылай басталған кері ағым, ғылым тілін ұлтсыздандыру

196 Жургенов Т. Вопросы терминологии казахского языка//Большевик Казахстана. –Алматы, 1935. № 6. С. 44-51.

ағымы біртіндеп өрістей келе, жалған да жасанды теориялармен тиянақталып, ғылыми тұрғыдан негізделді. Яғни, ұлтсыздандыру саясатын ақтау үшін арнайы жасалған теориялардың ғылыми дүниелігі шамалы, ол басқа да ұлттың ғылым салаларына әсер етпей қойған жоқ. Осы бір ағымнан қатты зардап шеккен ұлттық ғылым, ұлттық сана тұралағаны соншалықты, жуық арада оналатын түрі көрінбейді»<sup>197</sup>, – деген Ш.Біләловтің пікірінің негізсіз емес екендігін айтқан жөн.

Ол осы еңбегінде «Осылай басталған, ғылым тіліндегі ұлттық тіректің шайқалу кезеңі, жаппай орыстану кезеңіне ұласты. Ол шамамен 50-жылдардан бастау алады деп жорамалдадық»<sup>198</sup> – дейді.

Біздіңше, 30-жылдардан 90-жылдарға дейінгі уақыт аралығын ұлттық ғылыми терминологияның дамуының бір ғана кезеңі деп қараған дұрыс. Өйткені бұл мерзім ішінде термин жасау мен шет тілдерінен қабылдау мәселесінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. Ғылыми терминологияны қалыптастырудың басқа арнаға бұрылуына негіз де болмаған еді. Яғни, ол бағытты қолдап, болашақта барлық ұлттардың ана тіліне айналуға тиіс Кеңес Одағының мемлекеттік тілі – орыс тілінің жан-жақты дамуына, қоғам өмірінің барлық саласында қызмет етуіне жағдай жасап отырған орталықтың өзге ұлт тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне деген көзқарасы өзгере қойған жоқ болатын. Сондықтан да ғылыми терминологияны дамытуда 30-жылдары Одақтың тіл саясаты тұрғысынан қаралып жасалған принциптер 90-жылдарға дейін басшылыққа алынып келді.

Рас, сөз болып отырған кезеңде принциптік өзгерістер бола қоймағанымен терминологияның даму қарқыны бір қалыпты жүріп отырды деуге келмейді. Мәселен, 30-жылдар мен 40-жылдарға дейінгі аралықта термин қалыптастырудың жаңа бағытын орнықтырып, отызыншы жылдарға дейінгі термин жасау бағытының дұрыс еместігін дәлелдеу жолында белсенді жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде орталықтың тікелей басшылығымен, жергілікті кадрлар мен партия қызметкерлерінің қолдауымен ғылым тілін орыстандыру бағыты 40-жылдарға қарай толық үстемдік құрды. 30-жылдарға дейін термин мәселесімен айналысқан, ұлттық ғылыми терминологияның даму бағытын белгілеген А.Байтұрсынұлы бастаған кадрлар 1937-38 жылдары әкімшіл-әміршіл жүйе тарапынан жойылды.

1940-50 жылдар аралығында қоғамның назары екінші дүние жүзілік соғысқа және одан кейінгі бесжылдықта соғыс зардаптарын жоюға аударылды да, термин қалыптастырудың 40-жылдарға дейінгі қарқыны біршама бәсеңдеп қалды.

Ал 50-жылдардан бастап қоғамның рухани өміріне көңіл аударыла бастауына байланысты ғылыми терминологияны қалыптастыру, дамыту жұмыстары қайтадан жандана бастады. Әсіресе 50-жылдардың соңы мен 60-жылдардың бірінші жартысында терминология мәселесіне едәуір мән берілді. Осы тұста ғылым мен техниканың әртүрлі салалары бойынша көптеген

197 Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. – Алматы, 1996. 75-б.

198 Бұл да сонда. 103-б.

терминологиялық сөздіктер жарық көрді. Бұдан кейінгі уақытта термин қалыптастыру ісінің орныққан дәстүрге сәйкес бір сыдырғы жүргізіліп отырғандығы байқалады. Жалпы, ұлт болған жерде оның тілінің болашағы үшін алаңдайтын, оның дамуына үлес қоспай тұра алмайтын ұл-қыздарының да болуы заңды. Бүгінгі қазақ терминологиясы белгілі дәрежеде ұлттық сипатын сақтап отырса, оған ғылым мен техниканың, өндірістің, өнердің түрлі салаларында еңбек еткен мамандардың тікелей қатысы бар екені сөзсіз.

Мұндай істен көрнекті қазақ зиялыларының шет қала алмауы да табиғи нәрсе болса керек. Мәселен ұлы жазушымыз М.О.Әуезов 1951 жылы жазған «Қазақ әдеби тілі туралы» деген мақаласында орфография, терминология жөнінде бүгінгі күнге дейін құнын еш жоймаған көптеген құнды пікірлер айтты. Ғалым осы еңбегінде қазақтан шыққан инженерлер, дәрігерлер, биологтар, математиктердің еңбектерін өз тілінде жазбауын ақтауға болмайтынын айта отырып былай деді: «Біздің бүгінгі әдебиет тіліміз байығанда сол ғылым-техниканың бар саласындағы ұғым түсініктер, атаулар молынан кіретіндіктен байыды дейміз. Ендеше, сол сөздерді, сол ғылымдарға байланысты тіл, орам шеберліктерді осы ғылымдардың өз мамандарынан артық қазақ тілінде айтып бере алатын шеберлерді, қайраткерлерді бір жақтан қарызға сұрап аламыз ба?»<sup>199</sup>.

Міне, бұл терминологияны, ғылым тілін ұлттың өз тілінде дамытудың маңызын терең ұғынған, оның ертеңін шын ойлаған білікті ұлттық кадрдың сөзі. Дәл сол уақытта бұдан батылырақ, бұдан қаттырақ айту мүмкін де емес еді.

Әрине, мұндай пікірлер термин шығармашылығында мүлде ескерусіз қалды деуден аулақпыз. Бірақ қоғамдық өміріміздің барлық саласында орыс тілінің қолданыс аясының барған сайын кеңейе түсуіне байланысты термин жасау ісі өзінің 30-жылдары басталған жаңа бағытынан еш жаңыла қоймағандығы анық. Қайта кезінде орыс тілінің мүддесін көздей отырып жасалған көптеген қағидалардың ұзақ мерзім бойы басшылыққа алынып келуінің нәтижесінде, олардың біздің тіліміз үшін бұлжымас заңдылыққа айнала бастағандығын көруге болады.

Одақтық тіл саясатының ұлт тілдерінің өз заңдылықтарын сақтай отырып дамуына мүмкіндік бермей келгендігіне қарамастан, бұл кезеңнің ғылыми терминологияны қалыптастыруға қосқан өзіндік үлесі де болғанын айтқан жөн. Қалай десекте, қазіргі сұранысымызды өтеп отырған ғылыми терминологияның басым бөлігі осы сөз болып отырған кезеңде жасалғандығын ешкім де жоққа шығара алмаса керек. Ғылым мен техниканың кейбір жекелеген салаларында ұлт тілінде жасалған терминдердің үлес салмағы едәуір. Бұл қатарға биология, география сияқты ғылым салаларының терминологиясын жатқызуға болады. Оның бір себебі, халқымыздың өмір салтына, тұрмыс ерекшелігіне байланысты осы салаларға қатысты халықтық атаулардың молдығынан болса, екінші жағынан, аталмыш салаларда еңбек еткен мамандардың ұлт тілінің ішкі байлығын термин шығармашылығында ұтымды пайдалана білуінен екендігін айтқан орынды.

199 Әуезов М.О. Қазақтың әдеби тілі туралы//Жиырма томдық шығармалар жинағы. 19-т. –Алматы, 1985. 272-б.

Жалпы алғанда, ғылыми-техникалық терминдердің елеулі бөлігін шет тілдерінің сөздері құрауы – тек қазақ тіліне ғана тән құбылыс емес екендігі онсыз да белгілі. Бірақ, бұған қарап терминологиямыздың елеулі бөлігін шет тілдерінің сөздері құрауы дұрыс деген қорытынды шығаруға мүлде болмайды. Терминдердің бәрін шет тілдерінен алатын, жаңа ұғымдарды белгілеуге икемсіз, термин шығармашылығында пайдаланылмайтын тілді бай, жан-жақты дамыған тіл деп тану қиын. Ондай тілдің ғылым тіліне айналуы да күмәнді. Ал ұлт тілі негізінде ғылым тілін қалыптастыру оны термин шығармашылығында шеберлікпен пайдалану – сол тілді тұтынушы халықтың, адам қызметінің әртүрлі саласында еңбек ететін мамандардың, жалпы ұлт кадрларының қолындағы іс. Солардың атқаруға тиісті міндеті болуы керек. Ол міндетті орыстың М.Ломоносовы, қазақтың А.Байтұрсынұлы т.б. сынды түсінген мамандардың ұлт тілінде термин жасауға қарсы болуы, біздің тіл ондай ұғымдарды бере алмайды деуі, болмаса өзге тілдерден қабылданатын терминдерді сол тілдердегі қалпында сақтау керек деуі мүмкін емес.

Бұл кезеңде жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі термин шығармашылығының өнімді тәсілі ретінде көріне алмаса да, қолданыстан мүлде шығып қалмаған. Мәселен, 1962 жылы жарық көрген «Құрылыс және құрылыс материалдары» сөздігінде қамтылған *тақта (лист)*, *сүймен (лом)*, *құрсау (бандаж)*, *қалқа (навес)*, *ою (резьба)*, *ошақ (жаровня)* сияқты терминдер осы тәсілмен жасалған<sup>200</sup>.

Жалпыхалықтық тілдегі сөздердің терминденуі арқылы жасалған мұндай терминдерді әр жылдары жарық көрген терминологиялық сөздіктерден ұшыратуға болады. Олар негізінен терминденудің әртүрлі жолдарымен (II тарауда көрсетілгендей) туындаған. Көнерген сөздер мен диалектизмдердің терминдер қатарынан орын алуы өте сирек кездеседі.

Қорыта айтқанда, термин шығармашылығының бұл кезеңі ғылыми терминологияның ұлттық сипатын арттырудан гөрі совет халқына ортақ терминологиялық қор құруды мақсат еткендігімен ерекшеленеді.

## V. 5. Қазақ лексикасының қазіргі кездегі терминденуі

Соңғы жылдары терминология мәселесіне тілші-ғалымдармен қатар салалық мамандар да айрықша назар аудара бастады. Бұл – қоғамдық өмірдің өзі туғызып отырған заңды құбылыс. Оның лингвистикалық та, экстралингвистикалық та себептері жеткілікті. Біздіңше, сол себептердің ең бастылары – экстралингвистикалық факторлар болып табылады.

Бір орталықтан басқарылып келген кеңес одағының ыдырауы сол құрамаға кіретін республикалардың саяси-экономикалық, рухани-мәдени өміріне үлкен

200 Қуатбаев Қ., Томанов М. Орысша-қазақша терминология сөздігі. Құрылыс және құрылыс материалдары терминдері. – Алматы, 1962.

өзгерістер әкелді. Социалистік қоғамдық құрылыстың орнына нарықтық қатынастарға негізделген әлемнің барлық елдерімен байланыста өмір сүретін жаңа қоғам құрылу үстінде. Тәуелсіздікке қолы жеткен елдердің тілдері Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болып, сол елдерде қоғамдық өмірдің барлық саласында қызмет ете бастады. Қазақ тілінің сол қатарға қосылуына байланысты кешегі коммунистік идеологияның талаптарын толық қанағаттандырып келген қағидалар мен ережелердің біразы бүгінгі күннің ерекшеліктеріне орай сөзсіз өзгертілуі қажеттілігі айқын көрініп отыр. Солардың бірі – қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың принциптері.

Термин шығармашылығында 90-жылдарға дейін басшылыққа алынып келген принциптердің орталықтың тікелей әсерімен орыс тілінің үстемдігін арттыру мақсатында жасалып, қазақ тілінің өз заңдылықтарын ескермегендіктен, қазір тілшілердің алдында ол принциптерді қайта жасау міндеті тұр. Дәлірек айтқанда, ондай принциптер жасалды да. Академик Ә.Қайдаров ұсынған 11 принциптің<sup>201</sup> біразы алдағы уақытта ғылыми негізделіп бекітілуге тиісті жаңа принциптер қатарынан орын алуы керек деп білеміз.

Кеңестік дәуірде жасалған терминдердің біразының бүгінгі таңда өзгертіліп жатуының ең басты себептерінің бірі – олардың қазақ тілінің өз ерекшеліктері ескерілмеген терминжасам принциптері бойынша жасалғандығынан екенін мойындауымызға тура келеді.

Тіл – халық өмірінің айнасы іспетті. Ұлттың өміріндегі болып жататын барлық өзгерістер мен жаңалықтар тілден көрініс табады. Әсіресе терминологиялық лексикадан мұны анық көруге болады. Қазақ тіліндегі термин шығармашылығының әрбір кезеңі халық өміріндегі тарихи-мәдени және әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен тікелей байланыстылығымен ерекшеленеді.

Үстіміздегі ғасырдың 90-жылдарынан бастап термин шығармашылығының жаңа бір кезеңі басталды деп айтуға толық негізіміз бар. Ғылым мен техниканың көптеген салаларында қазақ тілінің ішкі мүмкіндігін пайдалану арқылы жаңа терминдер жасалып, кезінде тілімізге орыс тіліндегі қалпын сақтап қабылданған кейбір кірме терминдердің орнына қазақша баламалар ұсынылуда. Жаңа терминдердің арасында терминге қойылатын талаптарға жауап беретін сәтті жасалғандары да, жауапсыздық пен тәжірибесіздік салдарынан сәтсіз туындағандары да кездеседі. Олар жайында баспасөз беттерінде жиі айтылып жүргендігінің куәсі болып та жүрміз.

Тілші-ғалымдар мен салалық мамандар, жалпы зиялы қауым өкілдері термин шығармашылығындағы бұл үрдіске түрлі баға беруде. Айтылып жүрген пікірлерді негізінен екі топқа бөліп қарауға болады. **Біріншісі** – ана тілінің өз мүмкіндігін пайдаланып термин жасау, ондай мүмкіндік болмаған жағдайда шет тілдерінің терминдерінің қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау қажет деген пікір. **Екіншісі** – термин шығармашылығында пуризм етек алып отыр, сондықтан оған жол бермей

201 Қайдаров Ә.Т. Қазақ терминологиясына жанаша көзқарас. – Алматы, 1993.



осыған дейінгі қалыптасқан терминдерді бұрынғысынша қалдырып, шет тілдерінен термин қабылдауға шек қоймау керек деген пікір.

Бірінші пікірді қолдаушылар шет тілдерінен терминдерді шектен тыс көп қабылдасақ және оларды тіліміздің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес өзгертпесек жалпы әдеби тіліміздің дамуына үлкен нұқсан келеді десе, екінші пікірді жақтаушылар керісінше, шет тілдерінен терминдерді өзгеріссіз қабылдау тілдің дамуына еш зиянын тигізбейді, қайта отандық ғылымның дамуы мен мамандар арасындағы байланыстың жақсаруына жол ашылады дейді.

Терминологияның көптеген теориялық және практикалық мәселелері жан-жақты зерттеліп, термин жасау мен қабылдаудың ғылыми принциптері айқындалған кезде жоғары пікірлердің дұрыс-бұрысы белгілі болары сөзсіз.

Дегенмен, жалпы және жеке тіл білімдеріндегі терминология мәселелерін қарастыруға арналған еңбектерге сүйеніп, соңғы жылдары өзімізде жарық көрген еңбектерді саралай қарайтын болсақ, бірінші пікірдің ғылыми негізінің берік екендігін аңғаруға болады.

Тілдің жалпы лексикалық жүйесі мен терминологиялық жүйесінің арасындағы байланыс мәселесін қарастыру барысында қол жеткізген нәтижелер де біздің осындай ойға келуімізге негіз болды. Сондықтан да қазақ терминологиясында қазіргі таңда болып жатқан процесті біз тілдің іске қосылуымен тікелей байланысты заңды құбылыс деп танымыз.

Жоғарыда атап өткеніміздей, қоғамдық өмірімізде болып жатқан өзгерістер термин шығармашылығының жаңа кезеңінің басталуына себеп болды. Оның ішінде қазақ лексикасының терминденуі де термин жасаудың өзге тәсілдерімен қатар қарқынды әрекет етуімен ерекшеленіп отыр. Термин шығармашылығының бұл кезеңі ана тілінің ішкі мүмкіндігін пайдалану тұрғысынан қарағанда ХХ ғасырдың бас кезіндегі қалыптасып келе жатқан терминжасам дәстүрін еске түсіреді. Ерекшелігі – қазіргі терминологиямыздың елеулі бөлігін шет тілдерінен орыс тіліндегі қалпын сақтап қабылданған терминдер құрайды. Терминологиялық сөздіктерге, ғылыми әдебиеттер мен оқулықтарға еніп, қалыптасып қалған мындаған терминдердің тағдырын қалай шешетіндігіміз қосымша қиындықтар туғызып отырған мәселенің бірі.

Жалпы қазір лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған терминдерді ғылым мен техниканың, өзге де арнаулы салалардың кез келгенінен кездестіруге болады. Олардың ішінде жаңадан жасалып жатқандары да, бұрынғы қазақша баламалары жоқ терминдердің орнына ұсынылып жатқандары да бар.

Мысалы экономика саласындағы *шабуыл (атака)*, *дүрбелең (бум)*, *кеден (таможня)*, *қардар (задаток)*, *бәтуә (консенсус)* сияқты терминдер жалпыхалықтық тілдегі сөздердің терминденуі арқылы жасалған.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *дүрбелең* сөзінің екі мағынасы ашылып көрсетілген: «Ел басына ауыртпалық төнген шақ, аласапыран уақыт» және екінші ауыспалы мағынасы – «әбігерге салынушылық, қым-қиғаш әуреге түсушілік, мазасыздық»<sup>202</sup>.

202 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1978. 3-том.



Ал нарықтық экономика терминдерінің сөздігінде *дүрбелең* терминіне төмендегідей анықтамалар берілген:

1. «Өндіріс циклының дамуы барысында өндірістің, бағаның және басқа бірқатар экономикалық көрсеткіштердің жедел өсуі»;

2. «Өнеркәсіп пен сауданың қысқа мерзімді өсуі, ол тауар бағасы мен бағалы қағаздар курсының өсуімен сипатталады»<sup>203</sup>.

Жалпы қолданыстағы *дүрбелең* сөзіне берілген анықтама мен нарықтық экономика терминдерінің дефиницияларынан көрініп тұрғандай, арнаулы саладағы терминнің туындауына *дүрбелең* сөзінің бірінші, яғни тура мағынасы себеп болған. Сөздердің терминденуіне ұғымдар арасындағы ұқсастықтың негіз болатыны белгілі. Бұл тұрғыдан қарағанда терминденуші ұғым мен тілде бұрыннан бар белгілі ұғым арасындағы ұқсастықтың онша айқын емес екендігі байқалады. Ұғымдар арасындағы ондай ұқсастыққа біз тілдің екі жүйесіндегі *дүрбелеңнің* де белгілі бір уақыт, көбінесе қысқа мерзім көлемінде болатын процестер екендігін ғана жатқызған болар едік. Ал ұғымдардың ұқсас емес жақтарына келсек, ол мейлінше айқын аңғарылып тұр. Ағылшын тіліндегі «*boom* – гүлдену, тез өсу» деген мағынаны білдіретін сөз орыс тіліне дыбыстық өзгерістерге ұшырап *бум* түрінде қабылданған. Осы терминнің ағылшын тіліндегі мағынасы мен оның қазақша баламасы ретінде алынған жалпы қолданыстағы *дүрбелең* сөзінің лексикалық мағынасының арасындағы айырмашылық өте үлкен. «Гүлдену, тез өсу» ел үшін қолайлы жақсы уақыт болса, «ел басына ауыртпалық төнген шақ, аласапыран уақыт» халық өміріндегі жайсыз, ауыр кезең екені белгілі. Демек, ағылшын және қазақ тілдеріндегі бір-біріне қарама-қарсы мағынаны білдіретін сөздер терминдену барысында мағыналас сөздерге айналып, бірі екіншісінің баламасы болып шыққан. Кейбір ғалымдар осы тәрізді терминдерді мысалға ала отырып, мұндай терминдер терминдік ұғымды дәл бере алмайды, сондықтан шет тіліндегі нұсқасын алу қажет деп санайды. Шындығында, бұл барлық тілдердің терминологиясына тән құбылыс. Терминге терминологиялық мағынаны арнаулы ұғымдар жүйесі бекітіп беретінін және ол мағынаның өзгеруі мен түрленуінен терминнің дефинициясы қорғайтынын әрі термин шығармашылығындағы шарттылықты ескерсек қана мәселенің мәнін тереңірек түсіну мүмкіндігіне ие бола аламыз.

Сондықтан да терминолог ғалымдар жалпы тілдегідей терминнің этимологиясын іздеу артық жұмыс және көп жағдайда тілдегі қалыптасқан зерттеу әдістерін қолдану арқылы терминологтың ой желісін анықтау мүмкін болмайды деп санайды<sup>204</sup>.

Қазіргі экономикалық терминологияда орыс тіліндегі *задаток* терминінің баламасы ретінде тіліміздегі көнерген сөздеріміздің бірі – *қардар* сөзі қолданылып жүр. Түсіндірме сөздікте *қардар* сөзіне «бір нәрсені кепілдік беріп сатып алушы» деген түсініктеме берілген<sup>205</sup>.

203 Насырова М.Р. және басқалар. Нарықтық экономика. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік-анықтамалық. – Алматы, 1995.

204 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология. –М., 1989.

205 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы, 1982. 6-том.

Ал арнаулы сөздіктегі *қардар* терминінің дефинициясы төмендегідей: «Шарттасушы жақтардың бірі өзінен шарт бойынша есептелетін төлемдердің есебінен басқа бір жаққа шарт жасаудың айғағы және оның орындалуын қамтамасыз ету кепілі ретінде беретін ақшалай сома»<sup>206</sup>.

Сөздердің терминденуіне ұғым белгілерінің қандай да бір ұқсастығы себеп болатындығын айттық. Сондай ұқсастықтар негізінде метафора, метонимия, синекдоха сияқты әдеби-стилистикалық троптар арқылы сөз мағыналары алмасады. Терминологияда мұндай мағына алмасулары көркемдік-стилистикалық емес, номинативтік қызмет атқарады.

Келтірілген мысалдардағы *қардар* сөзі метонимиялық алмасу жолымен терминденген. *Қардар* сөзі жалпы қолданыста «кепілдік беріп сатып алушы адам» деген ұғымды білдірсе, экономикалық терминологияда «кепіл ретінде берілетін ақшалай сома» деген ұғымды білдіреді. Ұғымдардың бір-бірімен байланыстылығы, іргелестігі негізінде жалпы қолданыстағы сөз метонимиялық алмасу жолымен терминденіп, арнаулы саладағы ұғым атауы жасалған.

30-жылдардың орта шені мен 90-жылдар арасындағы кезеңде термин шығармашылығының терминдену тәсілі дәл қазіргі кезеңдегідей өнімділік таныта алған жоқ. Қазақ тілінің ғылым саласындағы қызмет ету мүмкіндігіне жол берілмей отырған уақытта ол солай болуға тиіс те еді. Қазір қазақ тілі қоғам өмірінің барлық саласында қолданыла бастауына орай, термин жасаудың ішкі көздері ретінде жалпы қолданыстағы сөздер, диалектизмдер, көнерген сөздер, кәсіби сөздер термин шығармашылығында кеңінен пайдаланыла бастағандығы аңғарылып отыр. Бұл құбылысты сөз болып отырған соңғы кезеңнің экстралингвистикалық факторлар әсерінен туындап отырған өзіндік ерекшелігі деп білген жөн. Жалпы тілдің ішкі байлығын орынды пайдалана отырып, терминологиялық лексиканы қалыптастыру тілдің екі жүйесіне бірдей пайдалы екендігі басты назарда болуы керек.

### Қорытынды

Сонымен, қазақ лексикасының терминденуін зерттеу барысында келген негізгі қорытындыларымыз төмендегідей:

1. Ең алдымен, осы мерзімге дейін түрліше аталып келген термин шығармашылығының бұл тәсілін терминдену деп атаған жөн. Өйткені бұл термин қарастырылып отырған тәсілдің өзіне тән басты ерекшелігін көрсете алады. Осы тәсіл арқылы бұрын терминологиялық мағынада жұмсалмаған жалпы қолданыстағы сөз, диалекті сөз, көнерген сөз немесе кәсіби сөз белгілі бір терминологиялық жүйенің мүшесіне айналады. Яғни, термин емес сөз термин қатарына өтеді де егер ол бұған дейін бір саланың термині болса, онда ол өзге бір арнаулы саланың терминіне айналып тағы да терминологиялық мағынаны иеленеді. Сондықтан бұл термин терминделуші ұғымды дәл береді және ықшамдығы жағынан да артықшылығы бар.

<sup>206</sup> Бұл да сонда.

2. Жалпы терминнің табиғатын тану үшін және терминдену процесінің жүзеге асу жолын айқындауда терминге лексикология тұрғысынан да, концептология тұрғысынан да қарай отырып, оның *термин-ұғым*, *термин-сөз* деп аталатын екі қырына бірдей мән берудің маңызы айрықша зор.

Арнаулы салалардың бірінде пайда болған ұғымның ұғымдар жүйесіндегі орны белгіленіп, оның өзіне тән басты белгілері, өзге ұғымдардан ерекшелігі, көлемі айқындалады. Енді сол ұғым термин деңгейіне көтерілуі үшін тілде таңбалануы керек.

Сол таңбаланушы ұғымды – терминологияда *терминделуші* ұғым деп, оның басты белгілері айқындалып барып тілден өзінің таңбалаушысын тауып, сөзбен белгілену процесін *терминделу* деп атасақ, терминдену процесінің ұғым тұрғысынан қарағандағы екінші жағы, ішкі қыры ашылады.

Ал жалпы алғанда термин-ұғым мен термин-сөзді де, терминделу мен терминденуді де бір бүтіннің екі қыры ретінде, бірлікте, тұтастықта қарау қажет.

3. Тіліміздегі әртүрлі сөз таптарына қатысты болатын сөздердің терминге айналу қабілеті бірдей емес. Негізінен терминдер зат есім, сын есім, етістік, есімдік, үстеу сияқты сөз таптарынан жасалады. Бұлардың ішінде жетекші орынды зат есім иеленеді.

Терминдер алуан түрлі арнаулы салалардағы деректі немесе дерексіз ұғымдардың атаулары ретінде заттық формада көрінеді. Терминнің осы қасиетіне сәйкес, мейлі ол қай сөз табынан жасалса да, субстантивтенеді. Сондықтан сөз таптарының терминденуі олардың зат есім қатарына өтуімен тікелей байланыста жүзеге асырылады.

4. Соңғы жылдары қазақ тіл білімінде де терминжасамдағы шарттылыққа мән беріле бастады. Терминделуші ұғымды таңбалау кезінде жасандылықтың, шарттылықтың болатындығы сөзсіз. Бірақ, одан жаңа ұғымды кез келген сөзбен белгілей беруге болады деген түсінік тұмауға тиіс. Термин жасау барысында қаншалықты шарттылық болғанмен де тілде бұрыннан бар сөздердің мағынасына сүйенуге, белгілі ұғымдар мен жаңа ұғымды салыстырып қандай да бір ұқсастықтар табуға тура келеді.

Сөздің лексикалық мағынасы да, терминнің терминологиялық мағынасы да ұғымның мазмұны арқылы анықталады. Яғни, ұғымның мазмұнын құрайтын белгілерге сәйкес сөз бен терминнің мағыналары семаларға (семантикалық белгілерге) жіктеледі.

Біз терминді талдауда ұғымның жетекшілік рөліне айрықша мән беріп, оны басты назарда ұстаймыз. Ұғым белгілерін салыстыру арқылы термин мен оның жасалуына негіз болған сөздің мағыналарын құрайтын ортақ семаларды анықтауға болады деп білеміз. Ал семалар ортақтығы – термин мен оның жасалуына негіз болған сөздің мағыналық байланысын көрсетсе, керісінше, семалардың сәйкес келмеуі – термин мен термин емес сөздің мағыналарының айырмашылықтарын анықтауға негіз болады.

5. Терминжасамның өзіне ғана тән ерекшеліктері болатындығына қарамастан, ол негізінен тілдің сөзжасам тәсілдерінің аясында қарастырылады.

Терминологияда да жекелеген сөздердің лексикалық мағынасы жаңа термин жасау кезінде негізгі рөл атқарады. Синтаксистік тәсілмен жасалған терминдердің құрамында да терминденген сөздердің болуы соны көрсетеді. Сондай-ақ бұл бір ғана терминнің жасалуына терминжасамның екі тәсілінің қатысатындығының да дәлелі бола алады.

6. Терминологиялық өріс – терминнің өзіне тән барлық қасиеттерін сақтай алатын оның өмір сүру аймағы болып табылады. Терминнің белгілі бір терминологиялық өріске қатысты болуы, оның қандай да бір терминологиялық жүйенің мүшесі болатындығы, оны термин ретінде танудың және өзге салалардың терминдерінен ажыратудың басты белгілерінің бірі. Сондықтан терминнің табиғатын тануда оны өзі қатысты болатын терминологиялық өріспен байланыста қараудың маңызы зор.

Сонымен қатар терминдену бұл – жалпыхалықтық тіл мен терминология арасында, жалпы лексикалық өріс пен терминологиялық өріс немесе терминологиялық өрістердің өздері арасында болып жататын процесс. Сол себепті терминдену процесінің өзіндік ерекшелігін көрсету үшін де өріс мәселесіне соқпауға болмайды.

7. Жалпыхалықтық тілдегі сөздердің негізінде ғылым мен техниканың, өнердің әртүрлі салаларындағы мыңдаған терминдердің жасалатындығы сияқты терминдердің есебінен де жалпы лексика байып отырады. Тілдің жалпы лексикалық жүйесі мен терминологиялық жүйесінің арасындағы байланыс олардың бірін-бірі қажетсінуіне тікелей қатысты. Арнаулы лексика жалпыхалықтық тіл негізінде қалыптасса, кірме терминдер дыбысталуы жағынан тілдің фонетикалық заңдылықтарына бағынса, онда терминология тілді ұлттық негізде байытудың ең құнарлы қоры болады. Сондықтан терминдену және бейтерминдену процестері белгілі дәрежеде бір-біріне тәуелді деуге негіз бар.

8. Сөздің лексикалық мағынасын құрайтын макрокомпоненттердің ішінде ұғымдық компоненттің негізгі болатындығын және мағынаны құрайтын семалардың сол сөзбен белгіленетін ұғымның белгілеріне сәйкес келетіндігін, сондай-ақ терминологияда ұғымның, ұғымдар жүйесінің негізгі рөл атқаратындығын ескере отырып, біз терминдерді талдауға ұғым тұрғысынан келеміз. Талдау терминдену барысында тілдің екі жүйесінен де орын алған сөздердің лексикалық мағынасы мен терминдік мағынасын салыстыру арқылы жүзеге асырылды.

Қарапайым ұғым мен ғылыми ұғым мазмұнының сәйкес келмеуі – термин мен термин емес сөздің мағыналары арасындағы айырмашылық тудырудың ең басты себептерінің бірі болып табылады.

Терминдену кезінде сөз мағынасында болатын семантикалық өзгерістердің ұғым мазмұнын құрайтын белгілермен тікелей байланысты болатындығы – термин үшін ұғымның, ал жалпы терминология үшін ұғымдар жүйесінің орны айрықша екендігін көрсетеді. Сондықтан да термин туралы сөз қозғағанда оның ұғымдық жағын назардан тыс қалдырмаудың мәні зор.

9. Терминдену барысында көптеген омонимдер туындап жатады. Ондай омонимдерді өздерінің ерекшеліктеріне байланысты екіге бөлуге болады. Көбінесе терминдер жалпыхалықтық тілдегі сөздермен омоним болып жатады. Оның себебі – белгілі бір тілдің терминологиялық лексикасы сол ұлт тілінің жалпы лексикасының негізінде жасалып қалыптасады. Бұрыннан белгілі сөз қандай да бір арнаулы ұғымға таңылып, нақты дефиницияға ие болып, терминологиялық мағына жүктеуінің нәтижесінде омоним пайда болады. Терминдену барысында болатын аттас сөздердің мұндай түрі тілдің жалпы лексикалық жүйесі мен терминологиялық жүйесінің арасында болып жататындықтан, оны жүйеаралық омонимдер деп атаған жөн.

Терминологиядағы омонимияның екінші түрі – ғылым мен техниканың немесе адам қызметінің кез келген арнаулы саласындағы терминнің өзге бір арнаулы саладағы терминдермен дыбысталуы жағынан сәйкес келуі. Мұндай омонимдер жалпыхалықтық тілдегі сөздердің терминденуі арқылы да, сондай-ақ ішкі терминдену нәтижесінде де туындайды.

Терминологияның өз ішінде арнаулы салалар арасында болып жататын құбылыс болғандықтан оларды – салааралық омонимдер деп атасақ, омонимдердің алғашқы түрінен айырмашылығы, өзіндік ерекшелігі атауларынан көрініп тұрады.

10. Қазақ тілінің арнаулы лексикасының, оның ішінде терминжасамның ішкі көзін пайдалану арқылы қалыптасқан терминологиялық лексиканың жасалуына жалпыхалықтық тілдің негіз болғандығы дәлелдеуді қажет етпейді. Бірақ жалпыхалықтық тілдегі барлық сөздердің терминдену қабілеті бірдей бола бермейді. Белгілі бір лексикалық қабаттар немесе лексика-семантикалық топтар термин шығармашылығында өнімділік танытса, кейбіреулерінің үлесі өте төмен. Бұл тұрғыдан келгенде, жалпы қолданыстағы сөздер басты орынды иеленген. Алайда, мұны біз жалпы қолданыстағы сөздердің өзге топтағы сөздерге қарағанда айрықша бір артық қасиетінен деп санамаймыз. Бұлай қалыптасуының себебі – бізде терминжасамның өзге көздері айқындалып, олар термин шығармашылығында ұтымды пайдаланылмай келуінен.

Ұлт тілінің негізінде термин жасауға соңғы жылдары шындырап көңіл бөліне бастауына байланысты диалектизмдердің, көнерген сөздер мен кәсіби сөздердің есебінен терминдердің жасалуы біршама жанданған. Бірақ бұл көздер әлі ұтымды пайдаланылып отырған жоқ. Дәлірек айтқанда, олар енді ғана іске жаратыла бастады деуге болады. Бұлай болып келуіне ұлт тілінің ішкі байлығы термин шығармашылығында сарқа пайдаланылмауы, терминжасам тәжірибесінің қалыптасуы себеп болған.

11. Аймақтық лексиканың екі түрлі жолмен терминденетіндігі анықталды. Біріншісі – әдеби тіл арқылы терминдену. Яғни, бұл белгілі бір аймақта қолданылатын сөздің әдеби тілге еніп, жалпы қолданысқа көшкеннен кейін барып терминологиялық өріске өтіп терминдік мағынада жұмсалыуы. Екіншісі – жергілікті сөздердің тікелей терминденуі. Мұндай жағдайда диалекті сөз жалпы қолданысқа көшпей-ақ, бірден белгілі бір терминологиялық өріске өтіп

терминдер қатарынан орын алады. Жалпы аймақтық лексика терминологияны ұлттық негізде байытудың тұрақты бір көзі ретінде пайдаланылуға тиіс. Бұл көздердің қатарына тіліміздегі көнерген сөздер мен өзінің табиғаты жағынан терминдерге біршама жақын кәсіби сөздерді де қосып, оларды термин жасауда орнымен пайдалана білсек, ғылыми терминологиямыздың ұлт тілі негізінде баю мүмкіндігі арта түспек.

Сондай-ақ бұл жұмыста терминденуші лексиканың өзге де көздері туралы сөз болды.

12. Қазақ терминологиясының қалыптасу, даму тарихы термин шығармашылығының барлық уақытта бірқалыпты жүріп жататын процесс емес екендігін көрсетеді. Түрлі себептердің әсерінен белгілі бір мерзім аралығында терминдер қатары тез өсіп, терминологиялық лексиканың ауқымы молая түссе, келесі бір уақыт аралығында ондай қарқындылықтың болмайтындығы байқалады. Оған тікелей әсер ететін ішкі және сыртқы факторлар анықталды. Соған сәйкес қазақ лексикасы терминденуінің кезеңдік сипаты көрсетілді. Әр кезеңнің өзіндік ерекшелігі қоғамның саяси-экономикалық, рухани-мәдени өміріндегі өзгерістермен байланыстырыла қарастырылды.

Біз XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап XX ғасырдың 10-жылдарына дейінгі аралықты қазақ лексикасы терминденуінің алғашқы кезеңі деп танамыз.

Ең алдымен, бұл мерзім ішінде түрлі ғылым салалары бойынша жекелеген терминдердің жасала бастағанына қарамастан, салалық және жалпы терминдер жүйесінің қалыптасуына әлі біршама ертерек еді. Оның да өзіндік себептері болды. Терминдер жүйесі қалыптасуы үшін – ғылым мен техниканың дербес салалары өз алдына дамып, ұғымдар жүйесінің жасалуы қажет. Ал ғылым салаларын дамытып, ұғымдар жүйесін қалыптастыру үшін немесе ғылымы ертерек дамыған елдердің ғылымын игеріп, оны ұлт тілінде сөйлету үшін білікті ұлттық кадрлар, салалық мамандар өсіп шығуы тиіс.

Бұл кезеңде қазақ халқының тарихында орны айрықша Абай, Шоқан, Ыбырай сынды ұлы тұлғалардың өмір сүріп, ұлт мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқандығына қарамастан, ғылымның сан саласын дамытып, ғылыми терминологияны жасайтын ұлттық кадрлар шоғыры өсіп жетіле қоймап еді. Сол себепті сөз болып отырған кезеңде ұлттық ғылыми терминология қалыптаса қоймады. Тек оның қалыптасуына алғышарттар жасалып, (ғылымды игеруге бетбұрыс жасалуға байланысты) терминология емес жекелеген терминдер туындай бастады.

13. Қазақ лексикасы терминденуінің екінші кезеңі 1910-жылдар мен 1930-жылдардың бас жағына дейінгі аралықты қамтиды. Осы мерзім ішінде қазақтың білікті ұлттық кадрлары қалыптасып, білім беру мен ғылымды ұлт тілінде дамытудың негізі берік қаланды. Ғылымның көптеген салалары бойынша қазақ тіліндегі төл оқулықтардың жазылуы және өзге тілдерден аударылуы салалық терминологияның қалыптасуына жол ашты. Сол кезеңге дейін термин жасаудың белгілі бір орныққан дәстүрі, басшылыққа алынатын

тұрақты принциптері болмағандықтан ондай күрделі міндеттерді атқару ісі қазақ оқымыстыларының өздеріне жүктелді. Уақыттың өзі алға тартып отырған жауапты міндетті А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялылары абыроймен атқара білді. Осы кезеңде қазақ тілінде термин жасаудың, шет тілдерінен термин қабылдаудың, бір сөзбен айтқанда қазақ терминологиясын дамыту мен қалыптастырудың принциптері белгіленді. А.Байтұрсынұлы ұлт тілінде термин жасаудың үлгісін көрсетті.

Сөйтіп, үстіміздегі ғасырдың 10-жылдарынан бастап ғылым мен техниканың түрлі салалары бойынша қазақ тілінде оқулықтар жазылып, қазақ баспасөзінің ел арасына ғылым-білімді кеңінен насихаттауы – ғылыми терминологияның қалыптасуына негіз болды. А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ оқығандарының термин шығармашылығында ұстанған принциптері терминологиялық лексиканы ұлт тілі негізінде жасауға бағытталғандығымен ерекшеленеді.

14. А.Байтұрсынұлы тіл, әдебиет ғылымдары терминологиясының негізін қалаумен бірге, көптеген әдістеме, тарих және этнографияға қатысты терминдер жасаған. А.Байтұрсынұлы терминжасам тәсілдері мен жолдарын анықтап, оларды өз тәжірибесінде тұңғыш рет кеңінен пайдаланған ғалым. Ол – XX ғасырдың басындағы қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы. Жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға. А.Байтұрсынұлы – қазақтың ғылыми терминологиясының негізін қалаушы.

15. Қазақ лексикасы терминденуінің үшінші кезеңі – 30-90 жылдар аралығы. Отызыншы жылдары А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының термин жасауда ұстанған бағыттары әкімшіл-әміршіл жүйе тарапынан өзгеріске ұшырады. Ендігі жерде ұлттық республикалардағы термин жасау ісінің бағытын жергілікті ұлт кадрлары емес, орталық белгілейтін болды. 1924 жылы қазақ ғылыми қызметкерлерінің бірінші съезінде А.Байтұрсынұлының ұсынуымен қабылданған терминологияны қалыптастыру мен дамыту принциптері басшылыққа алынбауы үшін олар ұлтшыл-буржуазияшыл кертартпа күштердің зиянды әрекеттерінің бірі деп танылды. Отызыншы жылдарға дейінгі жасалған көптеген терминдер қайта қаралып, олардың елеулі бөлігі қолданыстан орынсыз шеттетілді.

Сөйтіп, ғылымды, ғылыми терминологияны ұлт тілінде қалыптастырудың маңызын терең түсіне отырып жасаған қазақ зиялыларының тұжырымдары ешбір дәлелсіз буржуазиялық теориялар қатарына кіргізіліп, оларға қарсы И.В.Сталиннің «Буржуазияшыл теориялармен аяусыз күреспей, тап жауларын түпкілікті жеңу мүмкін емес», – деген сөзін ұран ғып ұстанған белсенді күрес жүргізіліп те кетті. Нәтижесінде «ұлтшыл-байшыл алашордашылар теориясына пролетариатшыл большевиктік басшылық тарапынан жүргізілген күрес көздеген мақсаттарына қол жеткізді.

Термин шығармашылығының бұл кезеңі – ғылыми терминологияның ұлттық сипатын арттырудан гөрі совет халқына ортақ терминологиялық қор құруды мақсат еткендігімен ерекшеленеді.



16. Тіл – халық өмірінің айнасы іспетті. Ұлттың өмірінде болып жататын барлық өзгерістер мен жаңалықтар тілден көрініс табады. Әсіресе терминологиялық лексикадан мұны анық көруге болады. Қазақ тіліндегі термин шығармашылығының әрбір кезеңі халық өміріндегі тарихи-мәдени, саяси, әлеуметтік-экономикалық т.б. өзгерістермен тікелей байланыстылығымен айрықшалаынады.

Қоғамдық өмірімізде болған осындай түбегейлі өзгерістерге байланысты 90-жылдардан бастап термин шығармашылығының жаңа бір кезеңі басталды.

Қазақ терминологиясындағы қазіргі үрдісті ұлт тілінің термин шығармашылығында іске қосылуымен тікелей байланысты табиғи құбылыс деп танымыз.

17. Кітаптың I тарауында қазақ терминологиясының қазіргі жайына ғылыми тұрғыдан баға беруге талпындық. Терминологиядағы қазіргі жағдайдың қалыптасуына әсер еткен негізгі факторлар жайында сөз болды. Орын алып отырған кемшіліктер көрсетілді.

Қазіргі терминологиядағы көп дау туғызып, шешімін таппай жүрген мәселенің бірі – халықаралық деп аталатын терминдерді ұлт тіліне аудару, жазу, яғни оларды қабылдау тәртібін белгілеу. Бұл еңбекте автор көптеген тілдердің терминжасам тәжірибелерін салыстыра отырып, халықаралық терминдер туралы өз пікірін ортаға салады.

Кітапта терминдену тәсілінің өзіндік ерекшелігін және тілдің жалпы лексикалық жүйесі мен терминологиялық жүйесінің арасындағы өзара байланысты көрсететін өзге де тың тұжырымдар жасалады.

### Әдебиеттер

Абдрахманов А.А. Из опыта разработки и упорядочения терминологии в Казахстане//Проблемы разработки и упорядочения терминологии в Академиях наук союзных республик. – М., 1983.

Абдрахманов А.А. О принципах составления русско-казахских отраслевых терминологических словарей // Вопросы терминологии. – М., 1961.

Айғабылов А. Профессиональные слова плодощеводства в казахском языке: Автореф. дис.... канд. филол. наук. – Алматы, 1976.

Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы, 1995.

Айдаров Т. Проблемы диалектной лексикологии и лингвистической географии. – Алматы, 1991.

Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988.

Айтбаев Ө. Қазақ сөзі. – Алматы, 1997.

Айтбаев Ө. А.Байтұрсынұлының терминжасам тәжірибесі//ҚР ҒМ-ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1997, № 3.

Айтбаев Ө. А.Байтұрсынов қазақ терминологиясының атасы//Қазақстан әйелдері. 1989, № 4.



- Айтбаев У. Аспекты терминизации: этапы терминотворчества//Советская тюркология. 1987. № 6.
- Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы, 1959. Ч. 1.
- Апресян Ю.Д. Лексическая семантика: синонимические средства языка. – М., 1974.
- Арутюнова Н.А. Типы языковых значений. – М., 1988.
- Ахметов З. Әдебиеттану терминдерін жетілдірудің зәрулігі//ҚР ҒМ-ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1996. № 4.
- Әбдірахманов А. Термин қалыптастыру тәжірибесінен//Қазақ терминологиясының мәселелері. – Алматы, 1986.
- Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы, 1971.
- Әбілқасымов Б. XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің жазба нұсқалары. – Алматы, 1988.
- Әуезов М.О. Ақаңның 50 жылдық тойы. Ақ жол. 1923. 4 ақпан. № 270.
- Әуезов М.О. Қазақтың әдеби тілі туралы//Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1985. 19-том.
- Әшімбаева Н. Көнерген сөздер – терминжасамның бір көзі//Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы, 1997.
- Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
- Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989.
- Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы, 1991.
- Балақаев М. Қазақ әдеби тілі. – Алматы, 1987.
- Балақаев М., Сарыбаев Ш. Спорт терминдері//Қазақ терминологиясының мәселелері. – Алматы, 1986.
- Барлыбаев Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы. – Алматы, 1968.
- Бәйішев С. Қазақ тілінің терминологиясын жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері (Терминология сөздігі). – Алматы, 1949. 1-кітап.
- Бертельс А.Е. Лексикализация поэтических метафор и терминов и ее значение для процесса формирования лексики//Проблемы семантики. – М., 1974.
- Блинова О.И. Термин и его мотивированность//Терминология и культура речи. – М., 1981.
- Бодуэн де Куртенэ. Избранные труды по общему языкознанию. – М., 1963. II-том.
- Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы, 1988.
- Білалов Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. – Алматы, 1996
- ВВПС — II Всесоюзное партийное совещание по народному образованию. – М.; Л., 1931.
- Виноградов В.В. Словообразование в его отношении к грамматике и лексикологии // Вопросы теории и истории языка. – М., 1952.
- Винокур Г.О. О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии // Тр. МИФЛИ. –М., 1938. Т. 5.

- Волкова И.Н. Стандартизация научно-технической терминологии. – М., 1984.
- Володина М.Н. Теория терминологической номинации. – М., 1997.
- Вышкин Е.Г. Проблемы систематизации лингвистического знания. – Самара, 1992.
- Гак В.Г. К проблеме семантической синтагматики//Проблемы структурной лингвистики. 1971. –М., 1972.
- Гасымов М.Ш. Азербайджанская терминология//Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. М., 1987.
- Гвишиани Н.Б. Язык научного общения: вопросы методологии. – М., 1986.
- Головин Б., Кобрин Р. Лингвистические основы учения о терминах. – М., 1987.
- Гонцова С.А. Словообразование в научно-технической терминологии. – Алматы, 1990.
- Гречко В.А. Каким должен быть термин?// Актуальные проблемы лексикологии и словообразования. – Новосибирск, 1976.
- Гринев С.В. Учет особенностей развития терминологии в образовании и заимствовании новых терминов//Проблемы разработки и упорядочения терминологии в Академиях наук союзных республик. – М., 1983.
- Дала уалаятының газеті (құрастырушы – Субханбердина Ү) – Алматы, 1989.
- Дала уалаятының газеті (құрастырушы – Субханбердина Ү). – Алматы, 1994.
- Даниленко В.П. Русская терминология. – М., 1977
- Даниленко В.П. Лексико-семантические и грамматические особенности слов-терминов//Исследования по русской терминологии. – М., 1971.
- Даниленко В.П., Канделаки Т.Л. Русская терминология//Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. – М., 1986.
- Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. – Алматы, 1980.
- Доскараев Ж. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері (Лексика). – Алматы, 1955.
- Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы, 1991.
- Досмухамедов Х. Жануарлар. – М., 1928.
- Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991.
- Дулатов М. Есеп құралы. – Орынбор, 1918
- Дюбюк Р. Состояние терминологии на современном этапе//Международный симпозиум «Теоретические и методологические вопросы терминологии». – М., 1979.
- Елдегі екі мұғалім. Термин жайындағы кейбір қата пікірлер туралы Еңбекші қазақ. 1935, 26 май, № 119.
- Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. – Алматы, 1968
- Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алматы, 1989.
- Жаңа атаулар. – Алматы, 1992.

- «Жас алаш» газеті. 1997, 15 мамыр.
- Жәленов К. Есеп тану. – Ташкент, 1923.
- Жубанов Х. Исследования по казахскому языку. – Алматы, 1966.
- Жубуева Ф.Х. Семантические изменения литературных слов в процессе их терминологизации//Актуальные вопросы русской лексикологии и терминологии. – Алматы, 1986.
- Жургуенов Т. Вопросы терминологии казахского языка //Большевик Казахстана. 1935. № 6.
- Закарян О.Л. О принципах нормализации терминологии в современном армянском языке //Проблемы разработки и упорядочение терминологии в академиях наук союзных республик. – М., 1983.
- Иванов В.В. Терминология и заимствования в современном китайском языке. – М., 1973.
- Исаев С.М. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1989.
- Исаев С.М. О роли русского языка в формировании казахской терминологии//Прогрессивное влияние русского языка на казахский. – Алматы, 1965.
- Исаев С.М. Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы. (Мерзімді баспасөз материалдары бойынша). – Алматы, 1973.
- Исаев С.М. Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы. – Алматы 1983.
- Кайдаров А., Абдрахманов А. Казахская терминология // Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. – М., 1987.
- Кайдаров А.Т. Процессы взаимодействия народной и научной терминологии в казахском литературном языке//Вопросы киргизской терминологии. – Фрунзе, 1989.
- Калиев Б. Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. – Алматы, 1996.
- Канделаки Т.Л. Значение терминов и системы значений научно-технических терминологий//Проблемы языка науки и техники. – М., 1970.
- Канделаки Т.Л. Дифференциальные и семантические признаки терминов процессов техники // Исследование по русской терминологии. – М., 1971.
- Канделаки Т.А. Семантика и мотивированность терминов. – М., 1977.
- Капанадзе Л.А. Функционирование терминов науки и техники в общелитературном языке XX века // Русский язык и советское общество. – М., 1958.
- Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. – Алматы, 1987.
- Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі: лексика, фонетика. – Алматы, 1975.
- Коготкова Т.С. Национальные истоки русской терминологии. – М., 1991.
- Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины//Изв. АН КазССР. Сер. геогр. 1951. № 99. Вып. 3.
- Котелова Н.З. К вопросу о специфике термина // Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. – М., 1970.
- Кротевич Е. Выправить недочеты в строительстве казахской терминологии // Просвещение национальностей. 1932. № 8–9.

Крыжановская А.В., Симоненко Л.А. Актуальные проблемы упорядочения научной терминологии. – Киев, 1987.

Кузнецова Э.В. Лексикология русского языка. – М., 1989.

Курдюкова И.А. Лексико-семантический способ образования горных терминов//Проблемы словообразования русского и украинского языков. – Киев; Донецк, 1976.

Кугина Л. Л. Формирование терминологии физики в России. – М.; Л., 1966.

Күдерин Ж. Өсімдіктану. – Алматы, 1992.

Күркебаев Ш.Қ. Өсімдік мүшелері мен олардың құрылым-құрылысына қатысты терминдер. Канд. дисс. авторефераты. – Алматы, 1994.

«Қазақ» газеті. (Құрастырушылар: Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ.) – Алматы, 1998.

Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. – Алматы, 1990.

Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер. – Алматы, 1993.

Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы, 1989.

Қайдаров Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993.

Қайдаров Ә., Айтбаев Ә. Қазақ терминологиясының қалыптасу тарихы, қазіргі жағдайы және міндеттері//Қазақ терминологиясының мәселелері. – Алматы, 1986.

Қайдаров Ә.Т. Ғылым тілі және әдеби тіл статусы//Терминдер мен олардың аудармалары. – Алматы, 1990.

Қаймекеұлы //Пән атаулары – термин жөнінде //Ауыл мұғалімі. 1935. № 2.

Қайыпназарұлы М. Қазақ тілін өркендетуге басшылық күшейтілсін//Әдебиет майданы, 1932. № 10.

Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. – Алматы, 1988.

Қалиев Б. Қазақ тілінің көкейтесті мәселелері. (Мақалалар жинағы). – Алматы, 1997.

Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. – Алматы, 1979

Қожанов С. Есептану құралы. – Ташкент, 1924.

Құрманбайұлы Ш. Өсімдіктердің мүшелері мен құрылысына қатысты кірме терминдер//ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, Әдебиет сериясы. 1994. № 2.

Құрманбайұлы Ш. Өсімдік анатомиясы мен морфологиясына қатысты терминдердің түсіндірме сөздікте берілуі//ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сер., 1994. 1.

Құрманбайұлы Ш. Термин және терминологиялық өріс//ҚР ҒМ-ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 1996. № 1.

Құрманбайұлы Ш. Терминологиядағы омонимия жайында//Тіл білімінің өзекті мәселелері (жинақ). – Алматы, 1996.

Құрманбайұлы Ш. Жалпы қолданыстағы сөздердің терминге айналуы//ҚР ҒМ-ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 1996. № 5-6.

Құрманбайұлы Ш. Қазақ тіліндегі терминденуші лексика көздері//ҚР ҒМ-ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1997. № 3.

Құрманбайұлы Ш. Терминдену және оның турлері//ҚазМУ Хабаршысы, филол. сериясы. 1997. № 12.

Құрманбайұлы Ш. Қазақ тіліндегі сөз таптарының терминденуіндегі ерекшеліктер//Тіл тарихы және сөз табиғаты. (Ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы, 1997.

Құрманбайұлы Ш. Ахмет Байтұрсынұлы және термин жасау ісі//Қазақ тілі мен әдебиеті. 1997. № 7-8.

Құрманбайұлы Ш. Атаулардың жалпы қолданысқа көшуі//Тілдік жүйе және құрылым. (Ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы, 1997.

Құрманбайұлы Ш. Сөздердің терминдену ерекшеліктері//ҚазМУ Хабаршысы. Филол. серия. 1998, № 17.

Құрманбайұлы Ш. Терминдерді жалпыхалықтық тіл негізінде жасаудың ерекшеліктері//Қазақ тіл білімінің мәселелері. (Жинақ). – Алматы, 1998.

Құрманбайұлы Ш. Қазіргі кезеңдегі қазақ лексикасының терминденуі// Филологияның өзекті мәселелері. (К. Ахановтың 70 жылдығына арналған Республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары). – Алматы, 1998.

Құрманбайұлы Ш. Термин шығармашылығындағы шарттылық//Қазақ тілі мен әдебиеті. 1998. № 5-6.

Лейчик В.М. Оптимальная длина и оптимальная структура термина//ВЯ. 1981. № 2.

Лейчик В.М. Новое в советской науке о терминах // ВЯ. 1983. № 5.

Лейчик В.М. Предмет, методы и структура терминоведения: АДД. – М., 1989.

Лотте Д.С. Основы построения научно-технической терминологии. – М., 1961.

Лотте Д.С. Как работать над терминологией. Основы и методы. – М., 1968.

Лотте Д.С. Вопросы заимствования и упорядочения иноязычных терминов и терминологических элементов. – М., 1982.

Мақатаев М. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1993. 3-том.

Мәжітаева Ш. Социально-лингвистическая характеристика казахского литературного языка 1920-30-х годов XX в.: Автореф. дисс....канд.филол.наук. – Алматы, 1992.

Моисеев А.И. О языковой природе термина // Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. – М., 1970.

Момынова Б. Общественно-политическая лексика газеты «Қазақ»// Автореф. дисс.... канд. филол. наук. – Алматы, 1993.

Мординов А.Е. О развитии языков социалистических наций в СССР // Вопросы философии. 1950. № 3.

Морозова Л.А. Особенности функционирования специальной лексики в неспециальной литературе // Современные проблемы русской терминологии. – М., 1986.

Мусабаев Г. Современный казахский язык (лексика). – Алматы, 1959.

Мусаев К.М. Лексикология тюркских языков. – М., 1984.

Мусаев К.М. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении. – М., 1975.

Мусаев К. М. Формирование, развитие и современные проблемы терминологии на языках союзных республик СССР // Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. – М., 1986.

Нақысбеков О. Қазақ тілінің ауыспалы говоры. – Алматы, 1972.

Нақысбеков О. Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы. – Алматы, 1982.

Никитина С.Е. Семантический анализ языка науки. – М., 1987.

Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек // А. Байтұрсынов. Ақ жол. – Алматы, 1991.

Нұрмағамбетов Ә. Қазақ тілі говорларының батыс тобы. – Алматы, 1978.

Нұрмағамбетов Ә. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің төркіні. Алматы, 1985.

Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. – Алматы, 1985.

Омарбеков С. География фонетических различий казахской речи. – Алматы, 1992.

Омаров Е. Пішіндеме. – Қызылорда, 1928.

Орузбаева Б.О. Қырғыз терминологиясы. – Фрунзе, 1983.

Ошанин И.М. Китайский язык // БСЭ. 2-е изд. Т. 21.

Паламарчук Л.С. Терминологическая лексика в общеязыковом (филологическом) словаре // Проблематика определений терминов в словарях разных типов. – Л., 1976.

Петушков В.П. Лингвистика и терминоведение // Терминология и норма. – М., 1972.

Протченко И.Ф. Лексика и словообразование русского языка советской эпохи. – А., 1985.

Пюрбеев Г.Ц. Современная монгольская терминология. – М., 1984.

Реформатский А.А. Введение в языкознание. – М., 1960.

Реформатский А.А. Что такое термин и терминология? // Вопросы терминологии. – М., 1967.

Реформатский А.А. Термин как член лексической системы языка // Проблемы структурной лингвистики. 1967. – М., 1968.

Реформатский А.А. Мысли о терминологии // Современные проблемы русской терминологии. – М., 1986.

Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алматы, 1994.

Сайранбаев Т. Терминдердің сөз тіркесіндегі құрылымдық ерекшеліктері // Қазақ терминологиясының мәселелері. – Алматы, 1986.

Самойлович А. Терминологический словарь // Библиография Востока. Вып. 2-4. – Л., 1934.

Самойлович А. Разработка научной терминологии на языках тюркской системы // Революция и письменность. 1936. № 2.

Сарыбаев Ш., Нақысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. – Алматы, 1989.

Сарыбаев Ш. Казахская региональная лексикография. – Алматы, 1976.

Сейфуллин С. О терминах и терминологии // Советская степь. 1928, 28 февр.

- Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О. Қазіргі қазақ әдеби тілі. – Алматы, 1991.
- Скворцов Л. И. Терминология и культура речи // Исследования по русской терминологии. – М., 1971.
- Сороколетов Ф.П. О месте производственной терминологии в толковом словаре русского языка // Лексикограф. сб. – М., 1957. Вып. 1.
- Степанов Г.В. Современная научно-техническая терминология на языках народов СССР и за рубежом // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в Академиях наук союзных республик. – М., 1983.
- Стернин И.Н. Проблемы анализа структуры значения слова. – Воронеж, 1979.
- Султанов А.Х. Об отношении научных терминов к общеупотребительной лексике // Типы коммуникации и содержательный аспект языка. – М., 1987.
- Суперанская А.В. Терминология и номенклатура // Проблематика определений терминов в словарях разных типов. – Л., 1976.
- Суперанская А.В. Литературный язык и терминологическая лексика // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в Академиях наук союзных республик. – М., 1983.
- Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: Вопросы теории. – М., 1989.
- Сыздықова Р. Язык «Жами Ат-Тауарих» Жалаири. – Алматы, 1989.
- Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1993
- Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы, 1990.
- Телия Н.В. Вторичная номинация и ее виды // Языковая номинация (виды наименований). – М., 1977.
- Толикина Е.Н. Некоторые лингвистические проблемы изучения термина // Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. – М., 1970.
- Төрекұлов Н. Жат сөздер. – М., 1927.
- Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы, 1988.
- Фомина М.И. Современный русский язык. Лексикология. – М., 1983.
- Фролова О.П. Словообразование в терминологической лексике современного китайского языка. – Новосибирск, 1981.
- Хусаинов К. Звукоизобразительность в казахском языке. – Алматы, 1988.
- Шкатова Л.А. Различные степени терминологизации наименований лиц / Современные проблемы русской терминологии. – М., 1986.
- Шмелев Д.Н. Проблемы семантического анализа лексики. – М., 1973.
- Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы, 1993.
- Щеглова Н. А. К вопросу о грамматических средствах терминологизации русских глаголов в профессиональной речи XVII–XVIII веков // Уч. зап. МГПИ им. В.И. Ленина. – М., 1968. Т. XXXVIII, вып. 8.
- Щур Г. С. Теория поля в лингвистике. – М., 1974.
- Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991.

## Пайдаланылған сөздіктер

- Абдиров М. Краткий казахский экономический словарь. – Алматы, 1974.
- Ағыбайұлы І. Терминологиялық сөздік. – Алматы, 1935.
- Аққошқаров Е. Русско-казахский толковый словарь терминов физики. – Алматы, 1974.
- Алдашев А., Ахметов Н.Р. Информатика мен есептеуіш техника терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1993.
- Алибеков Е., Малгозин С. Русско-казахский словарь терминов ГО. – Алматы, 1979.
- Алтаев С., Күзембаев К. Тамақ өнеркәсібі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1991.
- Аманжолов К. Әскери терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1982.
- Аманжолов А.С. Қазақша-орысша лингвистикалық терминология сөздігі. – Алматы, 1997.
- Андропова Н. Русско-казахский словарь медицинской лексики. – Алматы, 1977.
- Арзымбетов С. Орысша-қазақша ауылшаруашылық сөздігі. Биологияның да негізгі терминдері қамтылған. – Алматы, 1955.
- Асайынов М., Жанпейісов Е., Тәнекеев М. Орысша-қазақша терминология сөздігі. Физкультура мен спорт. – Алматы, 1962.
- Атамұратова К.М. Физика терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1981.
- Атаулар сөздігі. – Қызылорда.,1931.
- Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М., 1966.
- Аяпбергенова К. Медицина терминдерінің қысқаша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1994.
- Аяпова М., Арынов Е.М. Іскер адамның орысша-қазақша экономикалық түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1993.
- Әбдіраманов Ә.Ә., Манабаев Б.К. Су техникасы терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1991.
- Әбдіров М., Құлқашев Т., Толыбеков С. Экономика терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1962.
- Әбетов Ф. Әдебиеттану терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1962.
- Әбутәліпов Ә. Индеттану терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1995.
- Әлібеков Е., Малғозин С. Азаматтық қорғаныс терминдері. – Алматы, 1988.
- Әубәкіров А., Әбдірахманов А. Орысша-қазақша географиялық түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1966.
- Базарбаев А.Б. Экономикалық және әлеуметтік терминдердің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1991.



Байсалов С., Уәлиев М. және басқалар. Заң терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1986.

Балқашев У. Философия терминдерінің орысша-қазақша сөздігі // орысша-қазақша терминология сөздігі. – Алматы, 1962.

Бақауова Д. Мал дәрігерлігі мен зоотехния жөніндегі немісше-орысша-қазақша сөздік. – Алматы, 1992.

Бейсебеков М. және басқалар. Биохимия терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1995.

Бекмухамедов Е. и др. Русско-казахский политехнический словарь. – Алматы, 1979.

Бектаев Қ. Орысша-қазақша математикалық сөздік. – Алматы, 1986.

Бектаев Қ. Орысша-қазақша математикалық сөз тіркестері сөздігі. – Алматы, 1989.

Белбаева М. Қазақ тілінің омонимдер сөздігі. – Алматы, 1988.

Берікұлы Ә. Орысша-қазақша-ағылшынша радиоэлектроника аталымдарының сөздігі. – Алматы, 1993.

Биологический энциклопедический словарь. – М., 1986.

Болғанбаев О. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы, 1975.

Ботаника терминдері. Мемтерминкомның бюллетені, 1935, № 2.

Білалұлы Ш., Ойнарұлы Р., Толымбекова К. Мектеп математикасы атауларының орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1993.

Бірімжанов Б., Омаров С. Химия терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1969.

Ғизатов Б. Қазақша музыкалық-терминологиялық сөздік. – Алматы 1981.

Дәркембаева К., Тәнекеев М. Спорт терминдерінің сөздігі. – Алматы, 1991.

Дулатбеков Н.О. Заң терминдерінің қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1995.

Дунаев В., Мусин С., Оспанов М. Салық терминдерінің орысша-қазақша анықтама сөздігі. – Алматы, 1996.

Дүйсенов К., Төребаева Д. Жұқпалы аурулар мен эпидемиология кафедрасында жиі кездесетін клиникалық терминдердің қысқаша орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1995.

Ерғазиева Н., Сулейменова Б. Іс қағаздарының орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1992.

Жалмухамедов К. Русско-казахский краткий толковый словарь главных болезней. – Алматы, 1977.

Жарықбаев Х., Абдраманов А. Русско-казахский словарь терминов психологии. – Алматы, 1976.

Жәмекұлы М. Орысша-қазақша өнертану сөздігі. – Алматы, 1994.

Жолдасбеков Ә., Сағитов М. Теориялық механика терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1994.

Закиров М., Елемесов Қ., Қайымов Қ. Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1988. 1-том. – Алматы, 1991. 2-том.

- Машанов А., Әбдірахманов А., Садықов Ж. Геология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1960.
- Мейрманов М., Исамкулов Б. Русско-казахский толковый словарь по земледелию. – Алматы, 1984.
- Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы, 1984
- Мұртазин Б., Атымтаев Б., Телтаев Б. Жол шаруашылығы терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1992.
- Мұсақұлов Т. Қазақша-орысша терминология сөздігі. Биология терминдері. – Алматы, 1962.
- Мыңбаев К., Шыныбаев М., Байміров М. Ауыл шаруашылығын механикаландырудың орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1983.
- Мырзабеков М. Орысша-қазақша медициналық сөздік. – Алматы, 1995.
- Насырова М. Русско-казахский краткий словарь социально-экономических терминов. – Алматы, 1979.
- Насырова М., Құлпыбаев С., Гуляева С. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік. Нарықтық экономика. – Алматы, 1995.
- Нұрахметов Н., Шаяхметов Ш. Химия терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1992.
- Омаров С. Химия терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1987.
- Оспанов Б., Наурызбаев Ж., Қойшанбаев М. Сейсмология аталымдарының сөздігі. – Алматы, 1994.
- Өсімдіктер физиологиясы мен биохимиясы терминдерінің қысқаша сөздігі. – Алматы, 1962.
- Рахымбекова З. Материалдар кедергісі терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі, – Алматы, 1993.
- Ртаев С. Тарих, қоғамтану және право негіздері пәнінің терминологиялық сөздігі. Алматы, 1988.
- Сабырбаев Б. Экономикалық терминдердің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1993.
- Сайдулдин Т., Қашағанов К., Жаңабеков К. Орысша-қазақша малдәрігерлік сөздігі. – Алматы, 1993.
- Сапарбаев К., Нүсіпбаев Т. Орысша-қазақша геологиялық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1991.
- Сапарғалиев Г. Заң терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1995.
- Сәдібеков А., Саймасаев С., Исаев К. Микробиология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1994.
- Серикбаев Д. и др. Русско-казахский терминологический словарь по машиностроению. – Алматы, 1974.
- Сықынбаев Ж., Өміреева Т. Тоқыма өнеркәсібі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1993.
- Словарь ботанических терминов. – Киев, 1984.
- Советский энциклопедический словарь. – М., 1987.

- Соғыс терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1941.
- Сыдықов Ж., Қабиев Ф. Гидрогеология мен инженерлік геология жөніндегі орысша-қазақша терминологиялық сөздік. – Алматы, 1993.
- Ибраева А. Заң терминдерінің қазақша-орысша және орысша-қазақша қысқаша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1996.
- Исамбаев М., Сәрсенова Ш. Медицина терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1982.
- Исаханов Е., Атымтаев Б. Жерасты құрылыстары терминдерінің орысша-қазақша, қазақша-орысша сөздігі. – Алматы, 1996.
- Кенесбаев С., Жанузаков Т. Русско-казахский словарь лингвистических терминов. – Алматы, 1966.
- Кеңпейілұлы М., Қыстаубайұлы З., Асылбекұлы С. Баспасөз, полиграфия және бұқаралық ақпарат құралдары терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1995.
- Керімбек С.Ж. Физиология атауларының орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1992.
- Керімбек С.Ж. Тәнтану атауларының латынша-қазақша-орысша сөздігі. – Алматы, 1966.
- Конкашбаев Г.К. Словарь казахских географических названий. – Алматы, 1963.
- Күленов К., Күленова С. Балық шаруашылығының орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1980.
- Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. – Алматы, 1969
- Қазақ тілінің терминдері. 1-т. (әлеумет., экономика, физика. матем.) – Қызылорда, 1936.
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1974-1986. 1-10 т.
- Қалиев Б. Өсімдік атаулары, орысша-қазақша сөздік. – Алматы, 1993.
- Қалиев Б., Күркебаев Ш. Орысша-қазақша және қазақша-орысша терминдер сөздігі. – Алматы, 1996.
- Қалымбетов Б., т.б. Өсімдік қорғаудың орысша-қазақша анықтамалық сөздігі. – Алматы, 1977.
- Қасымбеков М. және басқалар. Екі тілде іс жүргізу. Сөздік-анықтамалық. – Алматы, 1994.
- Қасымбеков М. және басқалар. Анықтама сөздік. – Алматы, 1992.
- Қашағанов Х.Е., Бердімұратов Ж. Малдәрігерлік түсіндірме сөздік. – Алматы, 1982.
- Қуатбаев К., Жұманиязов Б. Қысқаша музыкалық сөздік. – Алматы, 1967.
- Қуатбаев К., Томанов М. Орысша-қазақша терминология сөздігі
- Құрылыс және құрылыс материалдары терминдері. – Алматы, 1962.
- Құлманбетов И.А. Стоматология терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1991.
- Құрманбайұлы Ш. Өсімдіктердің құрылымдық атауларының қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1997.

- Құрманов Қ. Физикалық география терминдері мен ұғымдарының орысша-қазақша анықтамалық сөздігі. – Алматы, 1993.
- Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1990.
- Локшина С. М. Краткий словарь иностранных слов. – М., 1979.
- Тазабеков Т., Тазабекова С. Орысша-қазақша топырақтану түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1994.
- Терминдер мен атаулар. Сөздік. – Алматы, 1990.
- Терминологиялық сөздік (Терм. комиссиясы). – Қызылорда, 1931.
- Терминология сөздігі. 1-бөлім. – Алматы, 1948.
- Терминология сөздігі. 2-бөлім. – Алматы, 1950.
- Туякбаев Н., Абдрахманов А. Русско-казахский словарь по разведочному бурению. – Алматы, 1972.
- Тілемісов Х., Рамазанов Е. Ауыл шаруашылығы сөздігі. – Алматы, 1992.
- Утвержденные термины. – Алматы, 1976.
- Утвержденные термины и наименования. – Алматы, 1979.
- Хасанов С., Жанпейсов Е. Русско-казахский терминологический словарь. Термины железнодорожного транспорта. – Алматы, 1962.
- Шенсізбаев С., Есқуатов Б. Теміржолшының орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1989.
- Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. – Алматы, 1991.
- Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне арналған орысша-қазақша тіл-дескіш сөздік. – Алматы, 1992.





## ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ ДАМУЫНЫҢ КЕЗЕҢДІК СИПАТЫ\*

*Бұл еңбекте өткен ғасырдағы қазақ терминологиясының дамуы бірнеше кезеңдерге бөлініп қарастырылады. Әр кезеңнің өзіне тән ерекшеліктері тілдің терминдер жүйесінің дамуына әсер ететін тілдік және тілден тыс факторлармен тікелей байланыста қарау арқылы айқындалады. Қазіргі қазақ терминологиясының, терминологиялық жұмысты үйлестірудің мәселелері де сөз болады.*

\*Бұл кітапқа монографияның жекелеген тараулары ғана енгізілді.

## КІРІСПЕ

Қазіргі қазақ терминологиясы өзінің даму, қалыптасу тарихында бірнеше кезеңдерден өтті. Ол кезеңдердің әрқайсысы қоғамымыздың саяси-экономикалық, тарихи-мәдени өмірінде болған өзгерістермен тығыз байланысты. Қоғам өмірінде болған ондай өзгерістер терминологиялық лексиканың қалыптасуына тікелей әсер етті. Аяқталған ғасырдың 90-ыншы жылдарынан бастап қазақ терминологиясының тағы бір жаңа кезеңі басталды. Бұл кезең еліміздің тәуелсіздігін жариялап, тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болуымен байланысты болғандықтан, кешегі Кеңес Одағы тұсында қалыптасқан терминологиялық қорға да бүгінгі күн тұрғысынан баға беріліп жатыр. Терминдердің өзге тілдерден қабылдануында да, жасалуында да, жазылуында да көптеген кемшіліктерге жол берілді. Ұлт тілінің фоно-морфологиялық, орфографиялық заңдылықтары сақталмады және термин шығармашылығында тілдің ішкі мүмкіндігін ескерусіз қалдырдық. Соның салдарынан терминологиямыздың негізгі бөлігін орыс тілінің жазу ережелеріне сәйкестендірілген қалпында қабылданған шет тілдерінің термин сөздері құрайтын болды. Нәтижесінде терминологиялық лексикамыз дұрыс қалыптастырылмады. Бұл терминологиялық жүйеге үлкен өзгерістер енгізіп ұлт тілінде жасалған терминдердің ара салмағын арттырып, өзге тілдерден енген терминдерді өз тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне сәйкестендіріп жазу арқылы өткен кезеңде жіберілген олқылықтардың орнын толтырып, кеткен кемшіліктерді түзетіп, терминологиялық лексиканы қайта сұрыптаудан өткізу қажет деген пікір басым түсіп отыр.

Сонымен бірге 70 жыл бойы қалыптастырған терминдер қорын қайта қарап қажеті жоқ, ұлт тілінде термин жасауға аса әуестенбей, әлемдік ғылымнан шет қалмау үшін терминологияның халықаралық сипатын сақтау керек деген пікірді қолдаушылар да аз емес. Қай пікірдің негізі берік екендігі анықталып, бұл мәселенің ғылыми дәлелденген нақты жауабы әлі берілмей отыр. Соған сәйкес қазақ терминологиясының алдағы уақыттағы даму бағытын белгілеуге байланысты да ортақ шешім қабылдана алмай келеді. Қазақ терминологиясының болашақтағы даму бағытын айқындар алдында оның өткеніне тоқталып, жеткен жетістіктер мен кеткен кемшіліктерді сараптап алудың маңызы зор. Бұл тұрғыдан қарағанда қазақтың ғылыми-техникалық және басқа да арнаулы салалардың терминдер жүйесінің қалыптасуында өткен ғасырдың алатын орны айрықша болды.

XX ғасырда қазақ халқының қоғамдық-саяси, рухани-мәдени өмірі елеулі өзгерістерге қаншалықты толы болса, ондай өзгерістер терминологияның, ғылым тілінің дамуына да соншалықты әсер етті, із қалдырды. Өткенімізден сабақ алып, атқарылған ісіміздің дұрысы мен бұрысын сарапқа салып, елеп-екшеп алу ең алдымен, болашақта істелер істеріміздің баянды болуы үшін қажет. Сол себепті жаңа ғасыр басталып, терминтанудың алдына жаңа міндеттер жүктеліп отырған шақта қазақ терминологиясының даму, қалыптасу кезеңдеріне тоқта-

лып, әр кезеңнің ерекшелігін және бүгінгі терминтанудың жай-күйі төңірегіндегі ой-пікірлеріміз бен тұжырымдарымызды ортаға салғанды жөн көрдік.

Ұсынылып отырған еңбекте өткен ғасырдағы қазақ терминологиясының дамуы бірнеше кезеңдерге бөлініп қарастырылады. Әр кезеңнің өзіне тән ерекшеліктері тілдің терминдер жүйесінің дамуына әсер ететін тілдік және тілден тыс факторлармен тікелей байланыста сөз болу арқылы айқындалады.

Қазақ терминологиясы дамуының әр кезеңінде термин жасауға, терминологияның қалыптасуына айрықша ат салысқан, оның даму бағыттарын белгілеп, ғылым ретінде өркендеуіне үлкен үлес қосқан тұлғалар, ғалымдар мен салалық мамандар болды. Еңбекте терминологияның даму тарихындағы солардың бірқатарының алатын орны, жеке үлестері туралы да сөз болады.

### Қазақ терминологиясы қалыптасуының кезеңдік сипаты

Ұлттың қоғамдық-саяси, рухани-мәдени өмірінде болып жататын өзгерістердің барлығы оның тілінен көрініс таппай қалмайды. Тіл тек қатынас құралы ғана емес, халықтың танымы мен білімінің жинақтаушысы да болғандықтан солай болуы заңды да. Ғылым тілінің даму тарихын да халық өмірінде болған өзгерістермен байланыстырмай, бөліп алып қарауға болмайды. Сондықтан да біз бүкіл термин шығармашылығын, терминологиялық лексиканың барлық тәсілдері арқылы жасалған терминдерді қоғам өмірінде болған сондай өзгерістермен тікелей байланыста қарастыру қажет деп білеміз.

Қазақ терминологиясының қалыптасуы, даму тарихы термин шығармашылығының барлық уақытта бір қалыпты жүріп жататын процесс емес екендігін көрсетеді. Түрлі себептердің әсерінен белгілі бір мерзім аралығында терминдер қатары тез өсіп, терминологиялық лексиканың ауқымы молая түссе, келесі бір уақыт аралығында ондай қарқындылық байқалмайды. Оның бірнеше себептері бар. Солардың ішіндегі термин шығармашылығына тікелей ықпал ететін ең басты факторлардың бірі – ғылым мен техниканың дамуы болса, екіншісі – сол елде үстемдік етуші тіл саясаты.

Ғылым жақсы дамыған тұста көптеген жаңа ұғымдар пайда болып, олар тілден өзінің таңбаланушысын табуды қажет етеді, мұндай құбылыс арнаулы саланың барлығына емес, санаулы бір ғылым салаларына ғана тән болуы да мүмкін. Көбіне солай болады да. Ұлт тілінің ғылым саласындағы қызметі, термин шығармашылығына қатыстырылуы сол тілдің қоғамда атқаратын рөлімен тікелей байланысты. Ал тілдің қоғамда қандай рөл атқаратындығын сол елдің тіл саясаты белгілейтіндігіне өткен ғасырдағы қазақ терминологиясының даму жолдары куә бола алады. Бұл зерттеуімізде өзімізге дейінгі қазақ терминологиясының даму тарихын кезеңдестіру мәселесіне тоқталған ғалымдардың пікірлері де назарынан тыс қалмады.

Қазақ тілінің терминологиялық лексикасының қалыптасуы аталған факторларға сәйкес кезеңдестіріледі. Төменде қазақ лексикасының терминденуі



төрт кезеңге бөлініп қарастырылады. Олар: 1) XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың 10-жылдарына дейінгі бірінші кезең; 2) 1910 жылдан 1930 жылға дейінгі екінші кезең; 3) 1930 жылдар мен 1990 жылдарға дейінгі аралықты қамтитын үшінші кезең; 4) 1990 жылдан бергі төртінші кезең.

*3-Сызба.*

<b>ҚАЗАҚ ЛЕКСИКАСЫ ТЕРМИНДЕНУІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ</b>		
<b>ҚАМТИТЫН МЕРЗІМІ</b>	<b>ЕРЕКШЕЛІГІ</b>	<b>ЖАЛПЫ СИПАТЫ</b>
<b>I – кезең</b> XIX ғасырдың екінші жартысынан 1910 жылдарға дейін	Алғашқы қазақ басылымдары мен кітаптардың шығуына байланысты жекелеген сөздер терминдене бастады	Ғылыми терминологияны қалыптастырудың алғышарттары жасалып жатты
<b>II – кезең</b> 1910-1930 жылдарға дейін	Қазақ тілі білім беру, ғылым салаларында мүмкіндігінше пайдаланылып, ұлт тілінде термин жасауға айрықша мән берілді	Бірнеше салалық терминдер жүйесі жасалып, ұлттық ғылыми терминологияның негізі қаланды
<b>III – кезең</b> 1930-1990 жылдар аралығында	Орыс тілі негізінде совет халқына ортақ терминологиялық қор құру мақсаты көзделеді	Ғылыми терминология орталық белгіленген принциптерге сәйкес дамыды. Нәтижесінде – терминологияның халықаралық сипаты барынша артты
<b>IV – кезең</b> 1990 жылдардан бергі мерзім	Қоғам өмірінде болған түбегейлі өзгерістерге байланысты ұлт тілінде термин жасау қажеттілігі туындап, қазақ тілі термин шығармашылығында пайдаланыла бастады	Қазақ терминологиясының қалыптасуына ғылыми талдау жасай отырып, алдағы уақытта оны жетілдіру мен дамытудың бағыт-бағдарын белгілеу жолындағы ізденістер жүргізілуде



### III- ТАРАУ

## ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕСЕРІ

### III.1. Қазіргі қазақ терминологиясының міндеттері

Бүгінгі қазақ терминологиясының көптеген мәселелерін ғылыми тұрғыдан шешудің қажеттілігін уақыттың өзі алға тартып отыр. Өткен ғасырдың соңғы он жылының төңірегінде қоғамдық-саяси өмірімізде болған түбегейлі өзгерістер терминология саласын да айналып өтпеді. Кеңестік дәуірде қалыптасқан терминологияға да сол терминологиялық жүйені қалыптастыруда басшылыққа алынған теориялар мен принциптерге де жаңаша қарауға тура келді. Терминологияға деген жаңаша көзқарас кешегі Кеңес одағы тұсында үстемдік еткен тіл саясатына сәйкес жасалған қағидаттарға қайшы келетін тың тұжырымдарды, тосын пікірлерді туғызды. Бұл орайда сол жылдары қызу қарқын ала бастаған тың үрдістің табиғатын тануға бағышталған және мәселені дер кезінде көтерген зерттеулердің бастамасы ретінде 90-ыншы жылдардың басында жарық көрген академик Ә.Т.Қайдаровтың «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» атты шағын еңбегін атауға болды. Одан бергі уақытта да терминологияда жаңа үрдіс жалғасын таба берді. Бұған дейін орыс тілінің жазу ережесіне сәйкестендірілген қалпында шет тілдерінен (негізінен батыс еуропа тілдерінен) қабылдаған терминдерді көбейту арқылы терминологиямыздың халықаралық сипатын арттыру бағытын ұстанып келсек, ендігі жерде ғылыми-техникалық терминологияны ұлт тілі негізінде қалыптастыру қажет, ал өзге тілдерден енген терминдер кірген тілінің заңдылықтарына бағынуға тиіс деген пікірді қолдайтын тілші-ғалымдар қатары көбейе түсті. Соған сәйкес қазақ тіліндегі термин шығармашылығы біршама жанданды. Термин жасауда жетістіктермен бірге жауапсыздық пен кәсіби шеберліктің жетіспеуінен кемшіліктерге де жол берілді. Бұл құбылыс тілші-ғалымдар тарапынан да салалық мамандар тұрғысынан да әртүрлі бағалана бастады. Нәтижесінде қазақ терминологиясының тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңдегі даму үрдісі туралы тіл мамандарының пікірі екі арнаға жарылды. Тілші-ғалымдардың бір тобы бұрынғыша терминологияны халықаралықтандыру бағытын ұстанса, екінші тобы терминологияның ұлттық сипатын арттыру бағытын алға тартты. Ғалымдар бұл мәселеде ортақ пікірге келе алмауына байланысты қоғамдық пікір де соған сәйкес қалыптасып отыр. Біз осы конференцияға дайындық барысында соңғы бес жыл көлемінде баспасөз беттерінде жарияланған термин, терминология жайлы жазылған үлкенді-кішілі мақалалардың барлығын жинастырып талдау жасадық. Жарияланған мақалалар негізінен терминдердің өзге тілдерден қабылдануы, аударылуы, жазылуы, ұсынылған баламалардың

сапасы, терминкомның жұмысын ұйымдастыру, терминдердің қолданысы, терминологиялық сөздіктер түзудегі кемшіліктер сияқты мәселелерді қамтиды екен. Айтылған пікірлердің арасында ескеруге тұрарлық орынды ұсыныстары да болуымен бірге үстірт айтылған біржақты пайымдаулар да аз ұшыраспайды. Терминология мәселелерін арнайы зерттеп жүрген терминолог ғалымдар мен тіл мамандары үшін баспасөз материалдарынан ғылыми соны пікір, тың тұжырымдар табыла қойды десек артықтау болар еді. Терминтанудың күрделі ғылыми мәселелерінің шешімін табу терминологияны арнайы зерттеп жүрген тіл мамандарының еншісінде қала бермек. Бірақ терминдердің қолданысы, аударылуы, жасалуы, қалтарыста қалып қойып жүрген төл сөздерімізге терминдік мағына жүктеу мен терминком жұмысын жақсарту туралы барлық арнаулы сала мамандарының, тілдің жайын жақсы білетін жазушылар мен журналистердің, аудармашылардың ұсыныс-пікірлері баспасөз беттерінде үздіксіз жарияланып отырған. Ондай пікірлер мен ұтымды ұсыныстар терминологиялық жұмыстарды жүргізу барысында ескерусіз қалмауға тиіс. Мәселен, жазушы Кеңес Юсуп «Егемен Қазақстан» газетінің 2001 жылдың мамыр айындағы бірнеше санында жарияланған «Толғауы тоқсан қызыл тіл» атты терминология туралы көлемді мақаласында жарыса қолданылып жүрген кейбір терминдердің мағыналарының аражігін ажыратып, олардың әрқайсысына жеке-жеке терминдік мағына жүктеу керектігін өте орынды атап көрсеткен. Айталық, автордың *долг – борыш, расход – шығыс, убыток – шығын, задолженность – берешек, выручка – кіріс, поступление – түсім, потеря – ысырап, ущерб – залал, вред – зиян* түрінде мағына ажырату туралы ұсынысы қолдауға лайық деп білеміз.

Терминдердің қолданысы, аударылуы мен жасалуы сияқты мәселелердің қозғалып, жекелеген терминдер туралы мұндай нақты ұсыныстардың айтылғаны өте дұрыс. Алайда қазақ терминологиясының шешімін табуға тиісті мәселелері бұлармен ғана шектелмейді. Терминологияның жекелеген мәселелері мен кейбір терминдердің қолданысы төңірегінде ғана сөз қозғауды місе тұтпай барлық терминологиялық жұмыстарды үйлестіре отырып жүргізу қажет. Ондай кешенді жұмыс бір – бірімен өзара тығыз байланысты болатын үш негізді тірек етуі керек. Біріншісі – терминтанудың ғылыми-теориялық негізі, екіншісі – терминологиялық жұмыстарды жүргізудің ғылыми-әдістемелік негізі, ал үшіншісі – практикасы, яғни, барлық терминологиялық жұмыстар жиынтығы. Терминологиялық жұмыстарды жоғары кәсіби деңгейде жүргізу үшін ең алдымен, терминтанудың ғылыми-теориялық негізін берік орнықтыруға тура келеді. Бұл ең басты мәселе. Қазір термин туралы әңгіме қозғап жүргендердің көпшілігі терминтанудағы қандай орныққан теорияны басшылыққа алатындығы туралы бас қатырмайтын да сияқты. Біз терминологиялық лексиканың негізгі бөлігі ұлт тілінде жасалып қалыптастырылуы тиіс және терминологияның халықаралық сипаты басым болуы керек деген екі түрлі көзқарастың қайсысы дұрыстығын ғылыми тұрғыда дәлелдеп, соған сәйкес терминологиялық жұмыстарды жүргізудің бағытын белгілеуге тиістіміз. Қазіргі қажетімізді

өтеп отырған терминологиялық қорымыздың сөздік түріндегі және компьютерлік толық нұсқасын жасап, оны саралаудан өткізіп, оған қандай өзгерістер, түзетулер мен толықтырулар енгізу қажеттігін де айқындап алуға тура келеді.

Теориялық тірегі берік болмаған практикалық жұмыс оң нәтиже береді деп ешкім де айта алмайды. Біздегі қазіргі терминология саласындағы практикалық жұмыстар көбінесе стихиялы түрде әркімнің өз пайымдауы бойынша жүргізіліп жатыр. Мұндай әрекетті ашық теңіздің бетіне шығып алып, әлемнің төрт бұрышының қайда екенін білместен-ақ жорамалдап жүзіп бара жатқан қайықшының тірлігіне ұқсатуға болады. Терминологиялық жүйені қалыптастыру, жетілдіру жолындағы бағыт-бағдарымыз айқын емес. Термин жасау, өзге тілдерден қабылдау және басқа да терминологиялық жұмыстар ғылыми негізделген белгілі бір принциптерді басшылыққа ала отырып жүргізілуге тиіс. Барлық терминологиялық жұмыстарды жүргізуде әркім өз білгенінше жан-жаққа тартпай бәрімізге ортақ принциптерге сүйенгенде ғана қазіргідей терминологиядағы ретсіздікке жол берілмей, жетілдірілген терминдер жүйесін қалыптастыруға негіз қаланады.

Терминтану ғылымы саласында қазір кейбір шет ел ғалымдарының бізден озық тұрған тұстары, ғылыми жетістіктері де бар. Отандық терминтануды дамытуда оларды назардан тыс қалдыру үлкен ағаттық болар еді. Өзгені былай қойғанда өз зерттеушілеріміздің қайсысының еңбектерін негізге алуға болатынын ажырата білу үшін де біршама дайындық пен ізденіс, кәсіби білім қажет болса керек. Сонымен барлық терминологиялық жұмыстарды жүргізуге негіз болатын терминтанудың ғылыми-теориялық негізін қалыптастыру – бірінші міндет. Ал қазақ терминологиясын дамытудың ғылыми принциптерін белгілеу негізі берік қаланған ғылыми теориядан бастау алуға тиіс.

Екіншіден, терминологиялық жұмыстарды жүргізудің ғылыми-әдістемелік негізі жасалмайынша, терминологиядағы ретсіздіктен арылып, жетілдірілген терминологиялық жүйені қалыптастыру өте қиын. Әр салалық терминологияның ұғымдар жүйесінің ерекшелігін көрсететін терминдік элементтер мен модельдерді айқындап, терминдердің түрлері мен типтеріне қарай бөле отырып, оларды тілдік тұрғыдан жүйелеудің қажеттілігі дәл қазіргі кезеңде айқын аңғарылып отыр. Терминтану саласында негізге алуға болатын ғылыми-теориялық еңбектер аз да болса бар. Жекелеген модельдер мен жұрнақтарды терминжасамда тиімді пайдалануға болатынын да айтып жүрміз. Терминологиялық лексиканы ұлт тілі негізінде қалыптастыруда пайдалануға болатын ішкі көздер де айқындалған. Ал терминологиялық жұмыстарды жүргізу кезінде тікелей басшылыққа алуға жарайтын ғылыми-әдістемелік зерттеулерді, әдістемелік құралдарды мүлде кездестіре алмайсыз. Ең болмағанда Д.С.Лоттенің «Как работать над терминологией» Основы и методы. (М.,1968.), «Основы построения научно-технической терминологии» (М.,1961) деп аталатын осыдан жарты ғасырдай бұрын жазылған еңбектері сияқты бірде-бір әдістемелік құралдың жарық көрмеуі терминологиялық жұмыстарды жүргізудің ғылыми-әдістемелік негізінің осал болуымен бірге термин жасау, термино-

логияны қалыптастыру ісінің стихиялық сипатының басым болғандығын да аңғартады. Бұл әрекет қазіргі кезеңде де жалғасын тауып жатыр. Сол себепті филологтар, терминологтар мен салалық мамандардың алдында терминологиялық жұмыстарды жүргізуге арналған әдістемелік құралдар дайындау міндеті тұр. Ұлт тілінде термин жасау мен терминологияны қалыптастырудың әдістемесін орнықтыруда өз тіліміздің сөзжасамдық ерекшелігі, ішкі заңдылықтары сақталумен қатар терминологиялық жүйеге қойылатын жалпы талаптар мен өзге тілдердің терминологиясын қалыптастырудың бізге жарайтын ұтымды жақтары да назардан тыс қалмауы керек. Сондай-ақ әрбір арнаулы саланың терминдер жүйесін қалыптастыруда сол саланың ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктері ескерілуге тиіс. Мәселен, медицина мен география терминдер жүйесінің әрқайсысының өзіндік табиғатын танытатын және тектік, түрлік байланыстарын білдіретін тілдік бірліктер мен модельдер көрсетілсе, бұл салалардағы термин түзу жұмыстары жолға қойылар еді. Мұндай әдістемелік әдебиеттерсіз жетілдірілген терминологиялық жүйе құру мақсатына қол жеткізу мүмкін болмайды. Дәл қазіргі кезеңдегідей әркім өз білгенінше термин жасаумен айналыса берсе, терминологиядағы жүйелілік мәселесі жайына қалары анық.

Үшіншіден, алда тұрған міндеттердің бірі – термин жасау, терминологияны жетілдіру мен қалыптастырудың практикасын дұрыс жолға қою. Біздің ұлт тілінде термин жасау практикамыз Ахмет Байтұрсынұлы кезеңінен кейінгі 30-ыншы жылдар мен 90-ыншы жылдар аралығын қамтитын алпыс жылдай уақыт ішінде тоқырауға ұшырады. КСРО-ның тіл саясатына сәйкес кеңес халқына ортақ терминологиялық қор құру мақсатын көздедік те ұлт тілін термин шығармашылығына араластырмай термин қабылдаушы тілге айналдырдық. Соның салдарынан ғылым тілінің ұлттық сипаты әлсіреп, терминологиямыздың басым бөлігін шет тілдерінен өзгеріссіз қабылдаған терминдер құрайтын болды. Ғалымдарымыз оның себебін былайша түсіндірді: *«В Советском Союзе такое совпадение обусловлено общностью политической, экономической и культурной жизни народов страны, развитием общего лексического и терминологического фонда: «В основе этого процесса лежат принцип минимальных расходов и принцип унификации, интернационализации терминов на базе общности, выработанной при помощи русского языка как языка межнационального общения и единения народов мира»<sup>2071</sup>.*

Мұндай бағытты ұстанудың нәтижесінде қазақ тілі термин шығармашылығында өзінің тірі тілге тән жасампаздық қабілетін шектеп, термин қабылдаушы тілге айнала бастады. Қазақ тілі шет тілдері сияқты ғылыми ұғымдарды беруге «икемсіз», термин жасау мүмкіндігі «төмен», қазақ тілінде термин жасап «бос әуре болудың» қажеті жоқ дейтін ешбір ғылыми негізсіз сыңаржақ пікірді дәлелдеуге тырысушылар пайда болды. Бұл – тілдің атқара-

2071 <sup>1</sup>Крыжановская А.В., Симоненко Л.А. Актуальные проблемы упорядочения научной терминологии. Киев, 1987.

тын қызметін білмеуден, міндетін түсінбеуден туындаған біржақты пікір еді. Тілдің байлығына үңіліп, оның сөзжасам мүмкіндігін шебер де ұтымды пайдалана білмегендіктен тілге орынсыз мін тағу, оны икемсіз деп тану – үлкен қателік, тіпті, қиянат деп түсіну керек.

Ойлау дербестігі жоқ адамның өзгеге жалтақтайтыны, біреудің айтқанын тотыша қайталайтыны немесе соның көлеңкесіне айналатыны секілді өз заңдылығын сақтай отырып, дербес дами алмаған халықтың тілі де қоғамдық қызметтерін атқару мүмкіндігіне ие бола алмай қолданыс аясы тарылып, сөзжасамдық қабілеті шектеле береді.

Ой-санамыздың өзгеге тәуелділігі – тарихымыздың кейбір беттерін өтірік жазғызды, социалистік реализм шеңберінен шықпайтын партиялық әдебиеттің талабына сай тапсырыстық туындыларды дүниеге әкелді, «совет халқы» деген халықтың ортақ тілін, сол халықтың ортақ терминологиялық қорын құруды көздейтін жалған теорияларды туғызуға мәжбүрледі. Әкімшіл-әміршіл жүйе тәуелсіз ойлай алатын жасампаз, шығармашыл тұлғаларды жойып, стандартты ойлайтын немесе тапсырысқа лайық жазатын тіл алғыштар армиясын тәрбиелеуді мақсат етіп қойды.

Сөйтіп, құрсауланған ой-сана тілдің бағын байлап, мүмкіндігін шектеп, оны сал етуге, мешелдік күйін кешуге, танауын тесіп жетектеген тайлақ сынды өзге тілдің жетегінде жүріп, солардың заңдылықтарына бағынуға мәжбүрлейтінін ғалымның дұрыс атап көрсеткенін уақыттың өзі дәлелдеп берді.

Тілдің қоғамдағы негізгі қызметтерін орыс тілінің атқаруын көздеген тіл саясаты мен өзге де әртүрлі экстралингвистикалық және лингвистикалық факторлардың әсерінен қазақ тілінің термин шығармашылығындағы мүмкіндігі пайдаланылмай, оның ғылым мен техника саласындағы қызметіне нұқсан келді. Одақ халықтары тілдерін орыс тілі негізінде туыстастыру, жақындастыру бағытын жарты ғасырдай ұстандық та, керісінше, туыстас түркі халықтарының өз арасында сөз алмасу, терминжасам тәжірибесін бөлісу ісі назардан тыс қалды. Нәтижесінде халықаралық сипаты басым, орыс терминологиясымен ортақ терминдер қоры мол терминологиялық жүйе қалыптасты.

Кеңестік кезеңде қалыптасқан терминологиялық лексиканың тағдыры туралы бір тоқтамға келуіміз қажеттігі өз алдына, ендігі жерде ұлт тілінде термин жасау мен өзге тілдерден термин алмасу мәселесіне бұрынғыша қарауға болмайтындығы анық. Ұлт тілінің ғылым саласындағы қолданысын қамтамасыз етіп, тілдің ішкі мүмкіндігін термин шығармашылығында барынша тиімді пайдалану үшін ендігі жерде терминжасам тәжірибесіне айрықша мән беруге тура келеді. Тәуелсіздікке қол жеткеннен бергі он шақты жыл ішінде терминжасам тәжірибесі біршама жанданғанымен терминологиялық жұмыстарды жоғары кәсіби деңгейде жүргізу мен бүкіл республикалық ауқымда үйлестіру ісінде олқылықтардың орын алуы салдарынан терминологиядағы ретсіздікке, жарыспалылыққа жол берілді. Ұлт тілінде термин жасаудың маңыздылығын мойындағысы келмейтіндер мұндай кемшіліктер мен сәтсіз жасалған кейбір терминдерді мысалға келтіре отырып, қазақ тілінің термин жасауға икемсізді-

гін дәлелдеуге күш салып жүр. Сондықтан да термин жасау ісін дұрыс ұйымдастырып, оны білікті мамандар кәсіптік деңгейде жүргізбесе болмайды.

Жалпы терминтанудың теориясы, әдістемесі мен практикасын бір-бірінен бөліп, жеке дара дамыту қажет деген түсінік туындамауға тиіс. Мәселен, әдістемеге негізделген практикалық жұмыстар жүргізіліп жатса, керісінше, практикалық жұмыстарды жүргізу кезінде әдістеме жетілдіріліп, жақсарып, толығып отыруы табиғи құбылыс. Теория мен практиканың да өзара тығыз байланыста дамитыны белгілі.

Сонымен, қазақ терминологиясының осы үш негізіне табан тірмейінше, терминологиялық жұмыстар жоғары кәсіптік деңгейде жүргізіліп, жетілдірілген терминологиялық жүйе қалыптастыруға қол жеткізу қиын. Қазіргі терминологияда орын алып отырған кемшіліктер де осындай ғылыми-әдістемелік негізге сүйеніп, практикалық жұмыстады жүргізудің дұрыс ұйымдастырылмауынан туындап жатқанын айтпасқа болмайды. Қазақ терминологиясының да арнайы зерттеле алмай келе жатқандығы мен салалық сөздіктер шығару ісінің дұрыс жолға қойылмауынан терминологиялық сөздіктер түзуде үлкен кемшіліктерге жол беріліп отыр. Бұл жөнінде «Егемен Қазақстан» газетінің 1999 жылғы 2 маусымдағы санында жарияланған «Мемлекеттік тілде іс жүргізу» атты мақаласында Қ.Әлімқұловтың *«Соңғы жылдары неше түрлі сөздіктер шығып жатыр. Шыққаны жақсы-ау, тек көбінің сапасы сын көтере бермейді. Өйткені, оларды ортақ сараптан шығарып отыратын да орын жоқ»* деген пікірі орынды айтылған.

Енді осы аталған терминтанудың ғылыми-теориялық негізін қалау, әдістемесін жасау мен терминологиялық жұмыстарды жүргізудің практикасын дұрыс жолға қою сияқты күрделі де ауқымды істерді атқарудың механизмі қандай? деген сұрақтың туындары сөзсіз. Дәл қазіргі уақытта терминология мәселесімен тікелей айналысып отырған үш орган бар. Оның біріншісі – құрылғанына 70 жыл толғалы отырған Мемлекеттік терминология комиссиясы, екіншісі – А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтының терминология бөлімі, үшіншісі – Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің құрамындағы осы жылдың басынан бері ғана жұмысын бастап отырған терминология, ономастика және нормативтік лингвистика басқармасы.

Мемлекеттік терминология комиссиясы осы уақытқа дейін өз жұмысын қоғамдық негізде атқарып келген кеңесші орган. Терминология бөлімі ғылыми мекеменің, ал министрліктің басқармасы мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелері болып табылады. Соңғысы жаңа құрылып жатқандықтан оның атқарған жұмысының нәтижесі туралы айту әлі ерте және бұл бөлімшенің аты айтып тұрғандай тек терминология мәселелерімен ғана айналыспайтынын да ескерте кеткен орынды. Ал қазіргі қазақ терминологиясында орын алған кемшіліктер мен қандайда жетістіктері болса, соның барлығы да алғашқы екі органның жұмысының нәтижесі болып табылады. Бұл жерде бір мәселені бүкпей айта кету керек. Қазақ терминологиясының теориялық және ғылыми-әдістемелік негізінің әлі берік қалана қоймағандығы мен терминологи-

ялық жұмыстардың республика ауқымында дұрыс ұйымдастырылып, жоғары кәсіптік деңгейде жүргізіле алмай келгендігі басы ашық шындық. Сондықтан алдағы уақытта осы аталған құрылымдардың әрқайсысының жеке-жеке және үшеуінің бірлесе отырып атқаратын міндеттері жеткілікті. Негізі болашақта бүкіл терминология саласындағы жұмыстардың барлығын соған тікелей жауап беретін мамандандырылған, ауқымды жұмысты атқара алатындай күші, ғылыми әлеуеті бар бір ғана тұрақты мемлекеттік органның қолына тапсыру керек. Ал қазір терминологиялық жұмыстардың республикалық деңгейде жүргізілуіне жалпы басшылық жасауға заңды мәртебесіне сәйкес кеңесші орган болып табылатын ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы жауапты. Терминологияның теориялық және ғылыми-әдістемелік негізін қалап, даму принциптерін анықтау арқылы терминологиялық жұмыстарды ғылыми қамтамасыз етуге ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтының терминология бөлімі жауап беруге тиіс. Терминологиялық жұмыстарды республикалық ауқымда үйлестіру, практикалық жұмыстардың ғылыми негізде жүзеге асуын қадағалап, оларды ұйымдастырып отыру атқарушы биліктің құрамында болғандықтан Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің басқармасына жүктелетін міндет.

Осы құрылымдардың әрқайсысы өз міндетін дұрыс атқарып және олар бір-бірімен өзара тығыз байланыста жұмыс жүргізгенде ғана қазақ терминологиясының қордаланып қалған көп мәселелері шешімін табады деп білеміз.

Мемтерминком жұмысында соны серпін пайда болып, оның жұмыс істеу тәсілінің өзгере бастағанын айта кетпеске болмайды. Комиссияның жаңа бекітілген құрамының төрағасы М.Құл-Мұхаммед терминком мүшелеріне нақты міндеттер жүктеп, әр тоқсан сайын комиссияның атқарған жұмыстарының есебін тыңдап, жұмыс барысын өзі тікелей қадағалап отыратынын ескертті. Білікті тілші-ғалымдар мен термин мәселесімен үздіксіз айналысып жүрген салалық мамандардан тұратын жұмыс тобы жасақталып, олар да терминком мүшелері де ендігі жерде ақылы түрде жұмыс жүргізбек. Жұмысты бұлайша ұйымдастыру бұған дейін болған емес. Нақты жұмысқа нақты қаржы бөлінгендіктен атқарылған істің нәтижесін талап етуге де болады. Сондай-ақ министрлік терминологияның өзекті мәселелерін қозғап, терминкомның жұмыс барысы мен оның мәжілісінде бекітілген терминдерді көпшілік қауымға таныстырып отыру мақсатымен әр тоқсан сайын Мемтерминкомның «Терминология хабаршысы» деп аталатын бюллетень шығарыла бастады.

Қазақ терминологиясының теориялық және ғылыми-әдістемелік негізінің қаланып, терминологиялық жұмыстардың тиісті деңгейде жүргізіле алмағандығына біріншіден, бұл іске мемлекеттік деңгейде мән беріліп, арнайы қаржы бөлініп, республикалық дәрежеде бір орталықтан ұйымдастырылмауы, екіншіден, терминтануды ғылым ретінде жақсы дамытып, терминологияның даму бағытын белгілеп, оның күрделі ғылыми мәселелерін шешіп беретін білікті терминолог ғалымдар мен терминжасамның жай-жапсарын жетік білетін тәжірибелі практик мамандардың жетіспеуі себеп болып келді.

Дегенмен соңғы он жыл көлемінде терминология саласы бойынша маманданғысы келетіндер қатары көбейе бастады. 1992 жылдан бергі мерзім ішінде терминология саласы бойынша екі тіл маманы, бір математик докторлық сондай-ақ оннан астам тіл мамандары кандидаттық диссертациялар қорғады. Алайда бұл мамандардың бірқатары қазір терминология саласында өнімді еңбек етіп жүр деп айта алмаймыз. Өйткені ондай мамандардың көпшілігі әртүрлі себептермен термин мәселелерімен арнайы айналысып отырған мекемелерде емес жоғары оқу орындарында жұмыс істеп, қазақ тілінің лексикологиясы, морфологиясы, синтаксисі немесе практикалық қазақ тілі сияқты басқа курстарды жүргізіп жүр. Күнделікті жұмысы болғандықтан сол салаларға көбірек ден қойып мамандана бастаған. Диссертациясын қорғап атағын алып алғаннан кейін терминология ауылына ат ізін салмай кеткендері де бар. Керісінше, басқа арнаулы салалардың мамандарының арасында кандидаттық диссертацияларын химия, медицина, биология ғылымдары бойынша қорғап, енді сол салалардың терминдері бойынша немесе жалпы терминология мәселелері жөнінде еңбек жазып филология ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алғысы келетіндер қатары көбейіп отыр. Біз жалпы салалық мамандардың термин, терминология мәселелеріне ат салысып, жанашырлық танытып жататындығын қолдамасақ, қарсы болмаймыз. Олар өз салаларының ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін тіл маманынан гөрі жақсырақ білетіндіктен терминологиялық сөздік түзуге, термин жасауға қатысуы орынды. Ал арнайы базалық білімі жоқ салалық мамандардың филология саласының ең жоғарғы ғылыми дәрежесін алуға ұмтылуларына көптеген тіл мамандарының қарсы болуларын негізсіз деуге де болмайды. Филология ғылымының докторлары институттарда, университеттерде бес жыл бойы тіл білімінің барлық салалары бойынша білім алып және де филолог болғандықтан тек тіл емес әлем әдебиетінің үздік туындыларымен, әдебиет теориясы, тарихы, сынымен танысып, одан кейін аспирантурада оқып немесе ізденуші болып, содан соң ғана барып кандидаттық қорғап, тіл білімінің белгілі бір проблемасын зерттеп, осы салаға маманданып барып докторлыққа көшеді. Сондықтан олар тіл білімінің бір саласы бойынша маманданғанымен тіл мен әдебиеттің, жалпы филологияның негізгі мәселелерінен толық хабардар болады. Кандидат, докторларды айтпағанда кез келген дұрыс базалық білім алған филолог орта мектепте, арнаулы және жоғары оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ жүргізе алады. Ең болмаса, эпентеза мен метатезаның, алитерация мен ассонанстың не екенін, сөйлемдерді түрлеріне қарай бөліп, оларға фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік талдау жасап, өлең құрылымы мен ұйқас түрлерін ажырата біледі. Ал филолог болам дейтін өзге саланың мамандарынан осындай ең қарапайым нәрселердің өзін талап ету қиын. Оның куәсі болғанымыз да бар. Сол себепті ондай өзге ғылым салаларының мамандарына терминологияға сіңірген еңбегі, қосқан үлесі үшін ғылым докторы атағын беру қажет болса, ЖАҚ-тың келісімімен өзге сала мамандары үшін терминология бойынша жеке шифр белгілеп берген дұрыс болар. Терминология қалай тартсақ та лингвисти-



калық ғылым саласы болып қалыптасты. Бізде ғана емес әлемдік ғылымдағы оның орны солай белгіленіп жүр. Сондықтан да терминтанудың ғылым ретінде дамуына тіл мамандары жауапты болса керек. Орыс терминологиясының негізін қалаушылар қатарына кіретін инженер Д.С.Лотте мен аэродинамик С.А.Чаплыгин өз салалары бойынша ғылыми дәрежелері мен атақтарын ала отырып-ақ терминдер жүйесінің дамуына үлкен үлестерін қосты емес пе? Егер базалық білім дегенді мойындамайтын болсақ, филологтар неге экономика, физика-математика немесе медицина ғылымдары бойынша ғылыми дәреже алуға ұмтылмайды? Әлде шынымен-ақ филология деген кейбіреулердің айттып жүргеніндей өзге ғылымдар сияқты арнайы мамандандуды қажет етпейтін оңай ғылым саласына айналып кетті ме? Бұл сұрақтар филологтарды да өзге ғылым салаларының мамандарын да ойландырса керек. Ал әр саланың терминдер жүйесін осыған дейін де тілшілермен бірлесе отырып, сол салалардың мамандары жасап, қалыптастырып келген, бұдан былай да солай бола береді. Бұл басы ашық мәселе. Ендеше терминологиялық лексиканы қалыптастырудан ешкім шет қалған жоқ, қалмайды да. Тек кейбір басқа сала мамандарының өзі базалық білім алып, кандидаттық диссертация қорғап маманданған салаларынан жетпеген биігіне филологияға келгенде ондай кезеңдерден өтпей-ақ жарты жолдан қосылып жете салғысы келетіндігіне осы салада ұзақ жылдар бойы еңбек етіп жүрген жетекші тілші-ғалымдардың таңданыс білдіруі негізсіз болмаса керек. Сол себепті кадр дайындауда туындап отырған бұл мәселені әркім өзінің жеке мүддесіне қарай бұра тартпай кеңесе, келісе отырып дұрыс шешкен жөн болар деп ойлаймыз.

Сонымен қазақ терминологиясының теориялық, ғылыми-әдістемелік негізін нығайтып, барлық терминологиялық жұмыстарды бір орталықтан үйлестіріп, басқарып, қадағалай отырып кәсіптік деңгейде жүргізу қажет. Бұл істен тілші-ғалымдармен қатар терминдер жүйесін қалыптастыруға ат салысып жүрген арнаулы салалардың тәжірибелі мамандары да шет қалмауы тиіс. Жұмысты солай ұйымдастырғанда ғана қазіргі қалыптасып отырған ретсіздіктен арылып, жетілдірілген, жүйелі терминология құру мақсатына қол жеткізе аламыз. Мемлекеттік тілдің терминологиясын ұлт тілінің мүддесіне сәйкес қалыптастыру оның ғылым мен білім салаларындағы қызметін қамтамасыз етудің ең басты шарты болып табылады. Сондықтан да бұл іске мемлекеттік қамқорлықтың қажет екендігі дәлелдеуді керек етпейді.

### **III.2. Туыстас тілдерге ортақ терминологиялық қор құру туралы**

Ғылым тілін халықаралықтандыру мәселесіне әлем ғалымдары ертеден-ақ назар аударып келеді. Жасанды тілдердің дүниеге келуі де барша ғалымдар қауымына ортақ тіл түзу мақсатында туындаған болатын. Бұл мәселе ғасырлар бойы сөз болып келе жатқанымен, бүкіл дүние жүзінің ғалымдарын ұғы-

ныстыра алатын әмбебап ғылым тілі әлі де жасала қойған жоқ. Ұлт тілдері қоғам өмірінің алуан түрлі салаларындағы қызметтерін атқарып отырғанда, олардың орнын жасанды тілдердің алмастыра алмайтынын уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Қазіргі кезеңде ұлт тілдерінің ғылым саласындағы қызметін қалыптастырып, олардың қолданыс аясын кеңейту үрдісі басымдық танытуда. Әлем ғалымдарына ортақ ғылым тілін жасау идеясы жүзеге аспағанымен, халықтар арасындағы тарихи-мәдени, ғылыми және өзге қарым-қатынастар бірнеше тілге ортақ терминдердің орнығып, оларды «халықаралық терминдер» деп атап жүргеніміз белгілі. Ондай терминдердің қалыптасуына үстем тілдердің әсері, мемлекеттердің тіл саясаты, ұлттық ғылым тілдерінің даму деңгейі мен ғалымдардың ортақ терминологиялық қор құруға деген ұмтылысы сияқты факторлар әртүрлі дәрежеде ықпал етті. Мәселен, кешегі Кеңес Одағы тұсында орыс тілінің үстемдігін орнату мақсатымен одақтас республикалардың ұлттық ғылыми-техникалық терминологиясын қалыптастыруда орыс тілі үлгі ретінде ұсынылды. Осы елдің тіл саясатына сәйкес Кеңестік ғалымдар да терминологияны халықаралықтандыру бағытында көп еңбек етті. Соның нәтижесінде бірқатар ұлт тілдерінің терминологиялық қорының басым бөлігін орыс тілі арқылы енген кірме терминдер құрайтын болды. Қазақ тілі де сондай тілдердің алдыңғы қатарынан орын алды. Терминдерді орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы қабылдау заңдастырылғандықтан туыстас түркі халықтары арасында термин алмасу жүзеге асырылмады. Түркі халықтары терминологияны қалыптастыру тәжірибелерін бөлісіп, өзара термин алмасу процесін дұрыс жолға қою мүмкіндігіне ие болып отырған қазіргі кезеңнің өзінде бұл жұмыста жанданғандық байқалмайды. Кеңестік кезеңде әбден қалыптасып қалған термин алмасудағы біржақтылық дәстүрге айналып, сол кезеңнің саясатына сәйкес жасалған терминологияны қалыптастыру принциптері әлі де басшылыққа алынып келеді. Тәуелсіздік жарияланғаннан кейінгі кезеңде қазақ және түркі тілдеріне бір-бірінен алмасқан ұшақ, егемен сияқты бірен-саран сөздер болмаса, көршілес туысқан халықтар тілдері арасында өзара сөз, термин алмасу қарқыны арта қойған жоқ. Ал туыстық тұрғыдан бір-бірінен алшақ жатқан славян, роман-герман, үнді-еуропа тілдерінен еніп жатқан терминдер легі толалар емес. Бұл мәселенің кейбір объективтік себептерінің де бар екендігіне қарамастан көршілес түркі халықтары арасындағы ғылыми ынтымақтастықтың әлсіз екендігін айтпасқа болмайды. Осы бағыттағы жұмыстарды жүргізуде аймақтық геосаяси жағдайды, көршілестік пен тілдердің арасындағы туыстық байланысты негізге алудың маңызы зор. Олай етпеген жағдайда ғылым тілінің қолданыс аясының кеңейіп, ғылыми-техникалық терминологияның ұлт тілі негізінде қалыптасуына толық мүмкіндік туындайды деп айту қиын. Керісінше, түркі халықтары тілдерінің ғылым тілі мен терминологиясы дамыған қуатты мемлекеттер тілдеріне тәуелділіктен, олардың ықпалынан арыла алмасы анық. Кезінде Американың көрнекті тілші-ғалымы Леонард Блумфилд қостілділік жағдайында сөз алмасудың өзіндік ерекшеліктері жайында айта келіп, былай деген болатын: «Подобные заимствование

носят односторонний характер: мы различаем язык «высший» (upper), или господствующий, на котором говорят завоеватели или какая-либо привилегированная группа населения, и язык «низший» (Lower), на котором говорят побежденный народ или, как в Соединенных Штатах Америки, рядовые иммигранты. Заимствование идет преимущественно из господствующего языка и очень часто распространяется на языковые формы, не связанные с нововведениями в области культуры»<sup>208</sup>.

Ғалымның бұл айтқан пікірінің кешегі Кеңестік дәуірге де, қазіргі кезеңге де қатысы бар. Үстем тілдерден сөз алмасу процесін болдырмау мақсатымен және ғылыми-техникалық терминологияны ұлт тілі негізінде қалыптастырып, оның қолданыс аясын кеңейту үшін туыстас тілдер аймағында қолданылатын ортақ терминологиялық қор құру ісін түркі тілдес халықтардың да қолға алатын кезі жетті.

Ортақ терминдер қорын құру бағытында кезінде Кеңес Одағында көп жұмыс жүргізілді. Ондағы мақсат КСРО кеңестігінде ғылым тілі ретінде орыс тілінің ықпалын жүргізу болды. Одақтың орталығы Мәскеу арқылы жүргізілген жоспарлы жұмыс нәтижесіз қалмады. Орыс тілінің терминологиясына тән мыңдаған терминдерді тілімізге еш өзгеріссіз қабылдадық, өз тіліміздің термин жасау мүмкіндігін дамытудың орнына оған шек қойдық. XX ғасырдың отызыншы жылдарына дейін ұлт тілінде сәтті жасалған көптеген терминдерімізді қолданыстан шеттетіп, олардың орнын кірме терминдермен толтырдық. Тілімізге қабылданған сол терминдердің белгілі бір бөлігін туыстас түркі халықтарының тілдерінен қабылдағанда, олар өз сөзіміздей айтуға жеңіл, мағынасы түсінікті болғандықтан тез сіңісіп, терминологиямызға ұлттық сипат беріп тұрап еді.

Өз тіліміздің негізінде термин түзу мүмкіндігі болмай жатса, туыстас тілдерден сөз алу қажеттігін кезінде 1924 жылы А.Байтұрсынұлы айтқан болатын. Ахаң оны терминологияны қалыптастырудың басты бір принципі ретінде ұсынды. 1924 жылдың маусым айында Орынборда өткен қазақ ғылыми қызметкерлерінің бірінші съезінде бұл принцип мақұлданып, бекітілді. А.Байтұрсынұлының орысша жасаған баяндамасында былай делінген: «б) В отсутствие в казахском языке подобного рода слов, (термины – Ш.Қ.) заимствовать таковые из родственных казахскому языку. Это делается по тем соображением, что: 1) большинство слов родственных языков хотя и не имеют общих форм, но имеют общие корни, следовательно, они и для понимания легче, и для слуха, и для выговора не так чужды, как слова неродственного языка, 2) тюркские народности имели и имеют постоянное общение между собою, а потому большинство слов одного языка, без наличия общих корней, может быть знакомо представителям другого языка»<sup>209</sup>.

Өкінішке орай, Ахаңның өте орынды айтылған бұл пікірі Кеңес дәуірінде ескерусіз қалды. Терминологияны қалыптастырудың А.Байтұрсынұлы

208 Блумфилд Л. Язык. –М., 1968, 506.

209 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. –Алматы, 1992. 423-бет.

ұсынған бұл принципі кейінгі жасалған принциптер қатарынан алынып тасталды. Соның салдарынан түркі тілдес туысқан халықтардың өзара термин алмасу процесіне үлкен нұқсан келді. Туыстас тілдер арасындағы табиғи байланысқа жасанды тосқауыл қойылды.

Ортақ терминологиялық қор құрып, туыстас тілдер арасындағы байланысты күшейту үшін соңғы 30-40 жыл ішінде европаның герман тілді елдері мақсатты түрде жұмыс жүргізуде. Австрия, Бельгия, ГДР, ФРГ (қазіргі біртұтас Германия), Швейцария елдерінің аумағында туыстас тілдер негізінде арнаулы мақсаттар тілін (LSP) қалыптастыру идеясын осы елдердің ғалымдары қолдап отыр. Араб елдері мен Шығыс Азия елдерінде де туыстас тілдер арасындағы байланыс, өзара сөз алмасу үрдісі бар. Тәуелсіздігін алған түркі тілдес халықтардың да кезінде саяси себептермен шек қойылған табиғи тілдік байланысын қайта жандандырудың маңызы айрықша. Әрине, дәл қазіргідей терминологиялық жұмыстардың республика көлеміндегі жүргізілуін өз деңгейінде қамтамасыз ете алмай жатқан жағдайда еларалық байланысты дұрыс жолға қою бірқатар үйлестіру, ұйымдастыру жұмыстарын табанды түрде жүзеге асыру арқылы ғана іске асуы мүмкін екендігін айту керек. Бұл сөзсіз қолға алуды қажет ететін іс. Мұнда түркі халықтары тілдерінің өз мүдделері сақталуға тиіс. Егер ортақ терминдер қорын құру ісіне қол жеткізіп жатсақ, оның мынадай тиімді тұстары болады деп санаймыз. Біріншіден, туыстас тілдерден алынған терминдер тіліміздің морфологиялық, дыбыстық ерекшеліктеріне сай келеді немесе соған бейім тұрады. Екіншіден, А.Байтұрсынұлы атап көрсеткендей, ондай терминдер айтуға, естуге және түсінуге қиындық туғызбайды. Үшіншіден, түркі халықтары арасындағы тілдік, ғылыми-мәдени байланысты, ынтымақтастықты нығайтуға негіз болады. Төртіншіден, ұлт тілінде жасалған терминдердің кең тарауына, қолданыс аясының кеңеюіне мүмкіндік молаяды. Мәселен, бір түркі тілінде жасалған термин алдымен туыстас тілдердің ортақ терминологиялық қорына еніп, сонда қолданыс тауып жатса, одан кейін оның өзге тілдерге де еніп, халықаралық сипат алуына кеңірек жол ашылады.

Өткен ғасырымыздың жиырмамыншы жылдары-ақ А.Байтұрсынұлы ұсынған туысқан түркі халықтарының тілдерінен сөз алмасу принципі отызыншы жылдардан бастап қолданыстан шеттелмегенде, түркі тілдері терминологиясы қорының басым бөлігін қазіргідей орыс тілдері арқылы қабылданған кірме терминдер құрамай, оның ұлттық сипаты басым болар еді. Тегі бір туыстас тілдер арасындағы тарихи әрі табиғи байланыс сақталып, бірінде жоғын екіншісінен тауып отырар еді. Бірақ олай істей алмадық. Алайда ХХІ ғасыр ондай байланысты қайта нығайтып, А.Байтұрсынұлы ұсынған принципті басшылыққа ала отырып, ұлттық ғылыми тілімізді, терминологиямызды өз тілдеріміздің мүддесіне сәйкес дамытуға мүмкіндік туғызып отыр. Бұл іске бүгін қажеттілік те, сұраныс та бар. Ал оны жүргізе білу өзімізге байланысты. Кеңестік дәуірде әр тілдік топтарға жататын тілдер құрайтын көпұлтты мемлекеттің терминологиясына ортақ мол терминдер қорын қалыптастыруға қол жеткізілді. Түбі бір туыстас тілдерге ортақ терминдер қорын қалыптастыру одан қиын болмасы анық.

Әлем халықтарының тәжірибесінде туыстас тілдер арасында сөз алмасу, ортақ терминологиялық қор құру тәжірибесі бар. Кеңестік дәуірде түркі халықтары өзара ондай байланыс жасау мүмкіндігіне ие бола алмағаны белгілі. Түркітілдес халықтар дербес мемлекеттер болып отырған қазіргі кезеңде де туыстас тілдер арасындағы байланысты нығайту бағытында нақты іс-қимылдар атқарылып жатыр деп айту қиын. Бұл тұрғыдан келгенде түркі тілдес халықтардың терминологиялық қорын құру бағытында мемлекетаралық үйлестіру жұмыстарын қолға алудың маңызы зор деп санаймыз. Мұндай жұмыстың жолға қойылуы терминология мәселелерінің дұрыс шешілуімен бірге туыстас халықтар арасындағы ғылыми-мәдени ынтымақтастықтың нығая түсуіне де негіз болатыны белгілі. Сол себепті терминологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын халықаралық деңгейде үйлестіру мақсатында ТҮРКСОЙ-дың басқосуында немесе түркі тілді мемлекеттердің бірлесіп өткізіп жүрген құрылтайы мен жиындарының бірінде төмендегідей ұсыныстарды талқыға салған орынды деп білеміз:

1. Түркі халықтарының ғылым саласындағы ынтымақтастығын нығайту негізінде туыстас халықтардың ортақ терминологиялық қорын құру мәселесін ақылдасу мақсатында түркі тілдес мемлекеттер ғалымдарының басын қоса отырып халықаралық ғылыми конференция өткізу.

2. Түркітілдес мемлекеттердің ғалымдарынан тұратын, өзара терминалмасу мәселесін шешумен айналысатын, терминологиялық жұмыстарды халықаралық деңгейде үйлестіріп отыратын ғылыми-үйлестіру орталығын құру.

3. Түркітілдес халықтардың терминологиялық қорының ортақтық деңгейін, өзіндік ерекшеліктерін анықтау мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

4. Өзара терминалмасу тәжірибесін жетілдіру мақсатында екі тілді (қазақша – түрікше, түрікше – қазақша) және көптілді (қазақ – түрік – өзбек – татар – әзербайжан – қырғыз – түркімен – ноғай – башқұрт т.б.) терминологиялық сөздіктер шығару мәселесін қолға алу.

5. Әлемдегі терминология саласында болып жатқан жаңалықтардан хабардар болу, өзара терминалмасу процесін жақсарту мақсатында жылына төрт рет шығатын халықаралық ғылыми журнал немесе түркі терминологиясы мәселелеріне арналған арнайы басылым шығару.

### III.3. Терминологиялық жұмыстарды үйлестірудегі Мемтерминкомның рөлі

XX ғасырдың басынан бастап 30-ыншы жылдарға дейінгі қазақ терминологиясының дамуы қазақтың рухани көсемі атанған Ахмет Байтұрсынұлының есімімен тығыз байланысты. Ахаң ұлттық лингвистика ғылымының көшбасшысы ретінде қазақ терминологиясының даму бағытын да белгіледі. Ғылымды ұлт тілінде дамытудың маңызы мен қажеттілігін терең түсінген ғалым

терминологияның алғашқы ғылыми принциптерін ұсынумен бірге ұлт тілінде термин жасаудың жарқын үлгісін де көрсете білді. Оның ұлттық ғылыми терминологияны қалыптастыруда ұстанған бағыты қазақ зиялылары тарапынан кең қолдау тапты. Соның нәтижесінде ғылым тілінің, терминологияның негізі ұлт тілінде қалана бастады. Ж.Аймауытұлы, С.Қожанұлы Ә.Бөкейханұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омарұлы, Ж.Күдерин, М.Жұмабайұлы, сынды қазақ зиялыларының еңбектері арқылы жүздеген жаңа терминдер қолданысқа енді. Кеңес халқына (советский народ) ортақ терминологиялық қор құруды көздеген кейінгі өздері жөні түзу бір термин жасап көрмеген кейбір белсенділер қазақ зиялыларының жасаған терминдерін қолданыстан шеттетуге қанша күш салса да ол терминдердің көпшілігі қалыптасып, күні бүгінге дейін сұранысымызды өтеп отыр. Оны А.Байтұрсынов кезеңінің жемісі, ұлттық ғылыми терминологияны дамытуға қосқан үлкен үлесі деп бағаламауға ешкімнің де қақысы жоқ. Бұл кезеңде термин қалыптастыруда А.Байтұрсынұлының принциптері басшылыққа алынып, оның термин жасау әдістері қолданылды. Ал 30-ыншы жылдардан бастап терминологияны қалыптастырудың жаңа принциптері жасалып, терминологияны халықаралықтандыру, ұлт тілдерінде термин қалыптастыруда орыс тілінің ықпалын барынша күшейту бағыты үстемдік құрды. Мұндай мақсатты жүзеге асыру - кеңестік тіл саясатына негізделді.

А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының ұлттық ғылым тілін, ғылыми терминологияны қалыптастыру бағытында атқарған игілікті істері большевиктік басшылықтың көздеген мақсатына сай келмеді.

Сонымен 20-сыншы жылдардың аяғы мен 30-ыншы жылдардың басынан бастап КСРО халықтары тілдерінде терминологияны қалыптастыру ісін басқарып, қадағалап отыруға көп көңіл бөлінді. Сол 30-ыншы жылдары Бүкілодақтық Жаңа әліпби комитеті (ВЦКНА) терминология мәселелерімен арнайы айналысып, ұлттық терминологиялық жүйелерді қалыптастырудың негізгі принциптерін жасады.

Одан кейінгі ұлттық терминологиялардың дамуы сол принциптерге негізделді. Осы кезеңнен бастап Одақ көлемінде терминологиялық жұмыстарды бүкілодақтық деңгейде үйлестіру ісін жүзеге асырудың механизмі жасала бастады. Бұл істі КСРО көлемінде жүзеге асырудың бағыт-бағдарын Жаңа әліпби комитеті белгілеп бергеннен кейін құрылған комитеттер мен комиссиялар сол бағыттан онша жаңыла қойған жоқ. Одақтың астанасы Мәскеуде 1933 жылы академик С.А.Чаплыгин мен Д.С.Лоттенің ұсынуымен КСРО ҒА-ның техникалық терминология комиссиясы құрылды. Осы жылы мемлекеттік терминология комиссиясы Қазақстанда да құрылып, оның төрағасы болып профессор Қ.Жұбанов тағайындалды. Қ.Жұбанов басқарған жылдары терминком едәуір өнімді жұмыс істеді. Мемтерминкомның 4 бюллетені басылып, онда бірнеше ғылым салалары бойынша бекітілген терминдер тізімі мен термин мәселесіне арналған мақалалар жарияланды. 1937 жылдан 1945 жылға дейін терминком жұмысы тоқталып қалды. Осы арадағы 8 жылды қоспағанда келесі жылы мемтерминкомның құрылғанына 70 жыл толады. Бұл комиссия о баста

не мақсатпен құрылды? Осы жылдар аралығында мемтерминком қазақ терминологиясының дамуына қандай үлес қосты? Мемтерминкомның 70 жылға жуық жұмыс тәжірибесі қандай? Бұл комиссияның атына сын неге жиі айтылады? Мемтерминком жұмысының кемшіліктері неде? Қазіргі терминологиядағы ретсіздікті болдырмауға терминкомның қауқары неге жетпей отыр? Комиссия жұмысының тиімділігін қалай арттыруға болады?

Бұл сұрақтардың терминком басшылары мен мүшелерін де, термин мәселесімен өзінің кәсіптік қызметінде күнделікті бетпе-бет келетін кез келген маманды да, жалпы көпшілікті де ойландырады сөзсіз.

Енді осы сұрақтарға жауап іздеп көрелік. Ең алдымен, мемтерминком қандай мақсатпен құрылды және қазақ терминологиясының дамуына қандай үлес қосты деген мәселеге келсек, негізінен бұл комиссия қазақ терминологиясының ғылыми-практикалық жұмысына басшылық жасауды мақсат етіп қойды. Қазақ терминологиясының кеңестік дәуірдегі одан кейінгі даму, қалыптасу кезеңінде мемлекеттік терминология комиссиясының өзіндік орны болды. Бұл комиссияның құрамында әр жылдары көптеген қоғам қайраткерлері мен белгілі ғалымдар еңбек етті. Олар терминком жұмысына басшылық жасап, термин қалыптастыруға өз үлестерін қосты. Мемтерминкомның бекітуімен талай терминдер қолданысқа еніп, терминологиялық сөздіктер жарық көрді. Мысалы, 1959-1963 жылдары жарық көрген орысша-қазақша 12 томдық терминологиялық сөздік пен жуырда ғана мемлекеттік сыйлыққа ие болған 31 томдық сериялық терминологиялық сөздікті солардың қатарына жатқызуға болады. Жалпы бүгінгі қолданыстағы ғылыми-техникалық терминологияның қалыптасуына Мемтерминкомның тікелей қатысы болғанын айтқан жөн. Сондай-ақ бұл комиссия Кеңес Одағының тұсында да одан кейінгі Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған 1990 жылдардан бергі кезеңде де өз заманының тіл саясатына сәйкес жұмыс жүргізгенін де ашық айтқан орынды. Өйткені комиссия 1933 жылдан ҚАССР халық ағарту комиссариатының ал 1945 жылдан ҚазССР Министрлер кеңесінің жанында болды. Үкіметтің өз жанынан құрылған комиссияның сол Үкіметтің мүддесіне сәйкес жұмыс істеуі өз өзінен түсінікті болса керек.

КСРО идеологиясы бойынша орыс тілінде сөйлейтін «совет халқы» деген халықты қалыптастыру мақсаты қойылса, соған сәйкес қазақ терминологиясы да 30-ыншы жылдарға дейінгі өзінің ұлт тілі негізінде даму бағытын өзгертіп, ортақ терминологиялық қор құру бағытын ұстанды. Бұл бағыт терминологияны қалыптастыруда 60 жылдай (90-ыншы жылдарға дейін) үстемдік құрды. Соның нәтижесінде ұлт тілдерінің термин жасау мүмкіндігі шектеліп, термин шығармашылығы тоқырауға ұшырады. 30-ыншы жылдарға дейін ұлы Ахаңның бір өзі жүздеген терминдерді ал оны қолдаған қазақ зиялыларының әр қайсысы ондаған терминдерді қолданысымызға енгізіп кеткен болса, кейінгі 60 жылда бүкіл зиялы қауым сол ат төбеліндей аз ғана қазақ зиялылары жасаған терминдердің оннан бірін де жасамаған екен. Өйткені, Ахаңдар сынды қазақ терминін жасаудың қас шеберлері түгілі өз еңбектерін ұлт тілінде жаза

алмайтын ғалымдар мен қазақ баласын қазақша оқытуға қабілетсіз ұстаздар қауымын қалыптастырдық. Қазақ мектептерінің оқушылары мен Қазақстанның жоғары оқу орындары қазақ бөлімдерінің студенттерін бүгінге дейін сапалы оқулықтармен қамтамасыз ете алмай келеміз. Шығармашылық процесінде ұлт тілін пайдаланбайтын ұлттық кадр өз тілінен термин іздеп, ана тілінің байлығын кәдеге жаратайын деп бас қатырсын ба?

Білім беру жүйесінде, жоғары білікті мамандар дайындауда оны ескеріп қарық қылмағанымыз белгілі. Соның салдарынан ғылым тілінің ұлттық сипаты әлсіреп, терминологиямыздың басым бөлігін шет тілдерінен өзгеріссіз қабылдаған терминдер құрайтын болды. Қазақ тілі термин шығармашылығында өзінің тірі тілге тән жасампаздық қабілетін шектеп, термин қабылдаушы тілге айнала бастады. Қазақ тілі шет тілдері сияқты ғылыми ұғымдарды беруге «икемсіз», термин жасау мүмкіндігі «төмен», қазақ тілінде термин жасап «бос әуре болудың» қажеті жоқ дейтіндер пайда болды. Бұл тілдің атқаратын қызметін білмеуден, міндетін түсінбеуден туындаған біржақты пікір еді. Тілдің байлығына үңіліп, оның мүмкіндігін шебер де ұтымды пайдалана білмегендіктен оған орынсыз мін тағу, оны икемсіз деп тану – үлкен қателік, тіпті, қиянат деп түсіну керек.

Ой-санамыздың тәуелділігі – тарихымыздың кейбір беттерін өтірік жазғызды, социалистік реализм шеңберінен шықпайтын партиялық әдебиеттің талабына сай тапсырыстық туындыларды дүниеге әкелді, «совет халқы» деген халықтың ортақ тілін, сол халықтың ортақ терминологиялық қорын құруды көздейтін жалған теорияларды туғызуға мәжбүрледі. Әкімшіл-әміршіл жүйе тәуелсіз ойлай алатын жасампаз, шығармашыл тұлғаларды жойып, стандартты ойлайтын немесе тапсырысқа лайық жазатын тіл алғыштар армиясын тәрбиелеуге көшті.

Сөйтіп, құрсауланған ой-сана тілдің бағын байлап, мүмкіндігін шектеп, оны сал етуге, мешелдік күйін кешуге, танауын тесіп жетектеген тайлақ сынды өзге тілдің жетегінде жүріп, солардың заңдылықтарына бағынуға мәжбүрлейтінін ғалымның дұрыс атап көрсеткенін уақыттың өзі дәлелдеп берді.

Тілдің қоғамдағы негізгі қызметтерін орыс тілінің атқаруын көздеген тіл саясаты мен өзге де әртүрлі экстралингвистикалық және лингвистикалық факторлардың әсерінен қазақ тілінің термин шығармашылығындағы мүмкіндігі пайдаланылмай, оның ғылым мен техника саласындағы қызметіне нұқсан келді. Одақ халықтары тілдерін орыс тілі негізінде туыстастыру, жақындастыру бағытын жарты ғасырдай ұстандық. Керісінше, туыстас түркі халықтарының өз арасында сөз алмасу, терминжасам тәжірибесін бөлісу ісі назардан тыс қалды. Мемлекеттік терминология комиссиясы өз қызметін мемлекеттің жүргізіп отырған тіл саясатына сәйкес атқарғандықтан бұл істің басқаша қарқын алып, комиссияның терминология дамуына принциптік өзгеріс енгізуге мұрындық болуы да қиын еді. Терминком заман ағымына лайық жұмыс жүргізді. Нәтижесінде халықаралық сипаты басым, орыс терминологиясымен ортақ терминдер қоры мол терминологиялық жүйе қалыптасты. Орыс терминологиялық



мектебінің басында тұрған оның негізін қалаушылардың бірі Д.С.Лотте терминологияны қалыптастырудағы үлкен кемшіліктердің бірі шет тілі элементтерін шектен тыс көп қабылдау деп көрсеткен еді. Бізде де сондай кемшілікке орын берілді.

Қазіргі бүкіл терминологиялық жүйені жарамсыз деп танып, оның орнына тап-таза қазақ сөздерінен тұратын терминология қалыптастыру керек деген мәселені ешкім қойып отырған жоқ. Бір мәселенің басы ашық. Ол – ендігі жерде бұрынғыдай ескі сарынмен шет тілдері сөздерін орыс тілінің жазу ережесіне сәйкестендірілген қалпында лек –легімен қабылдап, бас қатырмай, жан ауыртпай дайынға даяр болып отыра беруге де, өзі термин жасаудың үлгісін көрсетуге дәрмені жетпесе де қазақ тілінде жаңа сөз туындай қалса, оны орынсыз, негізсіз сынға алып, жарамсыз етіп көрсетуге тырысу арқылы қазақ тілін термин шығармашылығына араластырмауға күш салушыларға да, термин жасаған деген осы екен деп жарымжан термин тудырып, қазақ тілін күлкіге айналдыруға немесе өктемдігі өткен тілдердің сөздерінің бәрін тілімізден аластайық деген науқаншылыққа да жол беріп қоймай, өркениетті елдердегідей терминологиялық жұмыстарды кәсіби деңгейде жүргізетін уақыт әбден жетті.

Мемлекеттік терминология комиссиясының атына бұрын да сын аз айтылмайтын, ал соңғы жылдары қолына қалам ұстағандардың бұл комиссияны сынамағаны кемде-кем шығар. Осы комиссияның мүшесі әрі терминология мәселелерін арнайы зерттеп жүрген тіл маманы, терминолог ретінде біз де терминком жайлы пікірімізді ортаға салуды өз міндетіміз деп санаймыз.

Терминком өз қызметінің бастапқы Қ.Жұбанов басшылық еткен 4-5 жылында ғана терминология мәселелерімен тікелей айналысып, нақты істер атқарыла бастаған. Одан кейінгі кезеңде бұл комиссияның сыннан көз ашпауының бірнеше себептері бар. Оның ең бастысы – Қазақстанда терминология мәселелерімен тікелей айналысып, терминологиялық жұмыстарды кәсіби деңгейде жүргізетін, бүкіл республика бойынша үйлестіру жұмыстарын жүзеге асыратын тұрақты мемлекеттік ресми органның болмауы. Бұл жөнінде 1992 жылы жарық көрген «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» деген шағын еңбегінде академик Ә.Қайдаров өте орынды айтқан деп білеміз. Онда былай делінген: «Терминология тағдыры 50 жылдан астам уақыт өз міндетін тек қоғамдық негізде атқарып келген Қазмемтерминкомның қолына беріліп, оған мемлекет тарапынан нақтылы қамқорлық жасалған емес. Сол бір үйреншікті дәстүрмен, таптаурын жолмен тарта беру ендігі жерде тіл үшін қауіпті... Мемтерминком бүгінгідей жартылай ресми ұйым емес, бүкіл термин «шаруашылығына» толық жауап беретін, термин жасау, терминдерді ауыстыру, реттеу, қалыптастыру, жариялау, қолдану сияқты т.б. ұшан-теңіз жұмысты ұйымдастырушы, үйлестіруші, бағдарлаушы, бақылаушы, үкімет тарапынан қаржыландырылатын, тұрақты мемлекеттік ресми орган ретінде статусы белгіленіп, қайта құрылуы қажет.

Бұл комиссияның күні бүгінге дейін терминология мәселесін түбегейлі шешуге дәрменсіздік көрсетіп келгенін жасыруға болмайды. Мәселен, ол 10

жыл (1971-1982 жж.) ішінде 3 мыңдай термин-атауды бекітіп, басып шығарған екен. Бұл, әрине, белгілі бір істің көрсеткіші. Бірақ мұның терминком 10 жыл ішінде өткізген 65 мәжілістің нәтижесі екенін ескерсек, әрбір осындай мәжілісте орта есеппен 45 қана термин қаралып, бекітіліп отырған болады. Ал қазақ тіліндегі терминологиялық лексиканың жалпы саны бүгінде 100 мыңнан асады және оның шамамен 90 пайызы әлі күнге дейін ресми бекітілмеген терминдер мен атаулар. Сонда ісінің пайдалы коэффициенті 3-ақ процент болғаны да. Ал шын мәнінде жаңадан жасалған, балама ретінде алынған және сырттан қабылданған ғылыми-техникалық, өндірістік термин-атаулардың бәрі Мемтерминком тарапынан сұрыпталып, мақұлданып, ресми бекітілуге тиіс қой. Ондай тегеурінді әрекет бұл комиссия тарапынан бола қойған жоқ және болуы да мүмкін емес еді ».

Мұндай орынды айтылған сыннан қорытынды шығарылып, нақты ұсыныс ескерілді деп айта алмаймыз. Ал терминологиядағы ретсіздік артқан үстіне артып, шешімін таппаған мәселелер қордалана түсуде. Бұл істі республикалық деңгейде ұйымдастырып, үйлестіріп, отыратын мемлекеттік орган құрылған жоқ және оның қашан құрылары да белгісіз. Мәселенің бұлайша шешімін таппай күрделене беруі - біздің елімізде терминологиялық жұмыстардың мемлекеттік маңызы тиісті дәрежеде ескерілмей отыр – деген қорытынды жасауға мәжбүр етеді.

Әзірге республикадағы бүкіл терминологиялық жұмыстарды Мемтерминкомға жүктеп қойып оны сынның астына алудан аса алмай отырмыз. Осы уақытқа дейін сыннан кенде болып көрмеген комиссияны ерінбесек алдағы уақытта тағы да сынайық. Бірақ бұдан қазақ терминологиясының көсегесін көгерте алмасымыз анық. Өйткені ол қанша жерден мемлекеттік, қанша жерден Үкіметтің жанындағы комиссия болса да бар болғаны – салалық терминологиялар бойынша ұсыныстар әзірлейтін консультациялық кеңес органы болып табылады. Мемтерминком ережесінде солай жазылған. Шындығында бүкіл терминологиялық жұмыстарды атқару оның міндетіне жатпайды және оған ондай міндетті жүктеп берген күннің өзінде қыруар жұмысты жүргізуге оның қауқары да жетпейді. Ол үшін терминком мүшелері бар шаруасын жинастырып қойып тек тікелей терминологиялық жұмыстармен жылдар бойы шындап айналысуына тура келеді. Алайда арнайы кәсіби дайындықты, үлкен шығармашылық ізденісті, тынымсыз еңбекті қажет ететін ондай жұмысқа терминком мүшелері бара қояр ма екен? Терминологиялық жұмыстар дегеннің не екенін білетін жандар бұдан өздері-ақ қорытынды шығара жатар.

Ендігі бір мәселе терминкомның құрамы жайында. Комиссияға сын айтушылардың бірқатары оның құрамын өзгерту туралы да ұсыныстар айтады. Біз бұл пікірдің негізі берік дей алмаймыз. Олай дейтініміз – бұл комиссияның жұмысында кейбір олқылықтардың орын алуына оның құрамының, төрағаларының жиі ауыстырыла беруі де себеп болған. Кез келген өзге кәсіптер сияқты терминология да мамандануды, уақытпен келетін еңбек тәжірибесін қажет етеді. Сондай-ақ жұмыс нәтижесін талап ету үшін де еңбек ұжымының неме-

се қандайда бір шығармашылық топтың тұрақты да үздіксіз жұмыс істегені тиімді. Біз қазіргі терминологиядағы орын алған кемшіліктерге жауап беруді терминкомның қай төрағасынан, елу жылдан астам уақыт ішінде оған мүше болған көптеген мамандардың қайсысынан талап ете аламыз? Өз жұмысын мемлекет қоржынынан көк тиын алмай қоғамдық негізде ғана атқарып келген комиссияға сондай талап қою орынды ма? деген сұрақтар өз-өзінен туындайды. Осы уақытқа дейін терминкомның құрамы бірнеше рет өзгертілді. Бірақ одан терминком жұмысының тиімділігі артқаны байқалмайды.

Терминком жұмысының нәтижелі болмауын оның құрамының әлсіз болуымен түсіндірушілермен де келісу қиын. Терминком құрылғанда оны алғаш Қ.Жұбановтың, 1945 жылдан бастап І.Омаровтың, кейіннен Т.Тәжібаевтың, 1976 жылы бекітілген құрамды ҚазССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары Ш.Жәнібековтің басқарғанын, кейінгі жылдарда комиссияға Премьер-Министрдің орынбасарлары, министрлердің мәселен, М.Жолдасбеков, И.Тасмағамбетов, А.Сәрсенбаев сияқты білікті басшы азаматтардың төрағалық еткенін, қазір де бұл комиссияның жаңа құрамын қазақ мәдениетің, тілінің жанашырларының бірі М.Құл-Мұхаммедтің басқарып отырғанын және оның жұмысына әр жылдары белгілі ғалымдар, термин мәселесімен арнайы айналысып жүрген мамандардың, жазушылардың тартылғанын ескерсек, комиссия құрамын осал болды деп айыптауға аузыңыз бара қоймайды. Керісінше, осы комиссияның жұмысы өздерінің қызметтік міндеттері басынан асып жататын лауазымды басшылар мен мамандарға қосымша жүктеле салған екен-ау деген тұжырым жасауға негіз жеткілікті.

Салиқалы комиссияның сынға ұшырай беруінің басты себептерін де осы тұстан іздегеніміз орынды ғой деп ойлаймыз. Комиссия құрамындағы мүшелерінің негізінен қандай лауазым иелері болып келетініне назар аударсақ та соны аңғаруға болады. Мәселен, соңғы екі-үш комиссия құрамындағы мүшелерінің басым көпшілігі вице-министр, сенатор, комитет төрағалары, жоғары оқу орындарының ректорлары, Президент әкімшілігінде, Үкіметте, Парламентте, министрліктерде жауапты қызметтер атқаратын мемлекеттік қызметшілер, ғылыми-зерттеу институттарының директорлары, департамент директорлары, кафедра меңгерушілері, республикалық газеттердің редакторлары болып келеді екен. Әрине, Мемлекеттік комиссияның мұндай салиқалы болғаны орынды-ақ, алайда осындай лауазымды комиссия мүшелерінің термин мәселесінен басқа да бас қатыратын шаруаларының аз болмайтынын жұртшылық жақсы білсе керек. Біз соңғы он жыл көлемінде өткен комиссия мәжілісінің бірнеше отырыстарына қатысып көргенімізде оған мүшелерінің толық келген кезін байқай алмаптық, тіпті мүше болғаны болмаса төбесін көрсетпей кеткендері де кездеседі екен. Көп жағдайда олардың негізгі қызметіндегі қауырт жұмыстары күні бұрын белгіленген жоспарлы және жоспардан тыс өткізілуі қажет болып жататын іс-шаралары термин мәселесіне мойын бұруларына мұрша бермей де жатады. Сол себепті терминком сыннан арылмай ал терминология мәселелері шешімін таппай келе жатыр. Кеңестік кезеңде де бұл жұмыстың тиісті деңгей-

де жүргізілмегенін А.Әбдірахманов былай деп атап көрсетеді: «1.Мемлекеттік терминкомның қабылдаған терминдері уақтылы баспасөз бетінде жарияланып отырмады; 2.Мемтерминком қабылдаған терминдердің практикада қалай қолданылып жүргендігіне бақылау жасалмады; 3.Мемтерминком осы күнге дейін тек терминдерді қабылдаумен және терминология сөздіктерін бастырумен ғана шұғылданып келді»<sup>2101</sup>.

Осыдан бірнеше жыл бұрын терминком жұмысын жақсарту үшін бірнеше терминологиялық секциялар құрылған болатын. Секциялар жұмысын жап-жақсы бастағанмен ауқымды жұмысты қоғамдық негізде жүргізу мүмкін болмады. Жалпы терминком кеңесші орган болғандықтан терминологиялық жұмыстарды кәсіби дәрежеде жүргізуге қабілетті мамандардан, терминологтардан, ерінбей еңбектенуді ғана білетін «жұмысшы аралардан» тұратын өзіне бағынысты тұрақты орган құрып алуы керек еді. Сонда комиссия өзінің биік мәртебесіне лайық консультациялық кеңесші орган қызметін ойдағыдай атқарып отыруға мүмкіндік туындар еді. Олай болмады. Сол себепті терминком жұмысын түбегейлі өзгерту мәселесі күн тәртібіне қайта-қайта қойыла берді.

Жуырда ғана мемтерминкомның жаңа құрамы бекітіліп, өз жұмысын бастап та кетті. Комиссияның жаңа құрамының төрағасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі М.Құл-Мұхаммед терминком жұмысын жандандыруға, оның жұмыс әдісін жетілдіруге, жалпы терминология мәселелеріне айрықша мән беріп отыр. Министрлік құрамындағы Тілдерді дамыту департаментінің терминология, ономастика мәселелерімен айналысып келген бөлімін басқарма етіп қайта құрды. 2002 жылдың ақпан айында терминология мәселелеріне арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізіліп, терминком бекіткен барлық терминдерді қамтитын жинақ шығарылды. Бұл істе бір жаңа серпін байқалады. Әрине, мұндай өзгерістердің терминологиядағы ретсіздіктерді болдырмауға белгілі бір дәрежеде оң ықпал етеріне күмәніміз жоқ. Бірақ республикадағы бүкіл терминологиялық жұмыстарды жүргізуді терминкомның мойнына артып қоюмен мәселені шешудің тетігін таптық деудің негізі жоқ. Республикадағы барлық терминологиялық жұмыстардың жүргізілуін дұрыс жолға қою үшін алдағы уақытта терминология саласына тікелей жауап беретін, терминологияны қалыптастыру мен дамыудың бағыт-бағдарын айқындап, талдау, үйлестіру, қадағалау жұмыстарының жоғары кәсіби деңгейде жүргізілуін қамтамасыз ететін құзыретті мемлекеттік орган құрылуы керек.

Біріншіден, терминология саласына тікелей жауап беретін орган тұрақты жұмыс істеуге тиіс. Себебі терминологиялық жұмыстар ғылым мен техниканың, мәдениеттің басқа да арнаулы салалардың дамуымен бірге ұдайы жүргізіліп отырылатын ауқымды жұмыстар кешенін құрайды. Жүйелеу, реттеу, стандарттау, бірегейлендіру, термин жасау, қалыптастыру, үйлестіру, шет тілдерінен термин қабылдау, бекіту, қолданысын қадағалау сияқты қыруар

210 <sup>1</sup> Әбдірахманов А. Тіл мәдениеті және терминология// Тіл мәдениет және баспасөз. – Алматы, 1972. 83-85-бб.

жұмыстардың барлығын жүргізу бірер жылға ғана құрылған уақытша органның қолынан келмейді. Сондай-ақ тұрақты жұмыс істеу арқылы терминологиялық жұмыстарды жүргізудің тәжірибесі, әдістемесі, механизмі қалыптасады, жетілдіріледі. Қазір бізде терминологиялық жұмыстарды жүргізу кезінде басшылыққа алатын мемтерминкомның бірде-бір әдістемелік құралы жоқ. Қ.Жұбанов кезінде шығарған 4 бюллетен мен кейінгі жылдарда жарық көрген терминком бекіткен терминдердің 3-4 баспа табақ қана болатын шағын сөздігінен басқа ешнәрсе таба алмайсыз. Сөздік болғандықтан оларды жұмыс жүргізу үшін пайдалана да алмайсыз. Сонда мемтерминкомның 70 жылдық тәжірибесі қайда, оны кімнен үйренеміз? деген заңды сұрақ туындайды. Мәселен, көрші Ресейде терминологиялық жұмыстарды жүргізуге арналған тұтас кітапхана қалыптасқан. Бізде олай болмауының себебі – біздің терминкомымыз Ресейдің ғылыми-техникалық терминология комитеті сияқты тек термин мәселесімен айналысатын мамандандырылған тұрақты мекеме ретінде жұмыс істеген емес. Тәжірибенің қалыптаспауын, сабақтастықтың сақталмауын басқаша түсіндіру қиын. Екіншіден, терминологиялық жұмыстарды жүргізумен мемлекет тарапынан қаржыландырылатын ресми орган айналысуы керек. Мемлекеттік маңызы бар мұндай жұмыстарды қоғамдық жұмыс ретінде өзінің негізгі қызметтік міндеті бар басқа бір ведомствоның мойнына іліп, қосымша жұмыс ретінде тапсыра салуға болмайды. Бұлай істеу – мемлекеттік тілдің ғылым мен техника, білім беру және барлық арнаулы салалардағы қолданылуына мемлекеттік қамқорлықтың тиісті деңгейде жасалмағандығын білдіреді. Мемлекеттік тілдің көптеген арнаулы салалардағы қызметін заңды мәртебесіне лайық атқара алмай отырғаны баршамызға мәлім. Қазақ тілінің барлық арнаулы салалардағы қызметін қамтамасыз ету – ең алдымен, сол салалардың терминдер жүйесін ретке келтіруден басталуы қажет. Бізде бұл бағытта атқарылуға тиісті жұмыстардың жеткілікті екендігін арнаулы сала мамандарының жақсы білетіндігіне күмәніміз жоқ. Үшіншіден, терминологиялық жұмыстарды жүргізетін мекеме өкілеттілігі бар мемлекеттік орган болуы керек. Ең дұрысы ол үкіметке бағынатын мемлекеттік комитет болса, өз жұмысын республикалық деңгейде жүргізуге мүмкіндігі болады. Не себепті департамент, орталық, бөлім немесе сектор емес комитет болуы керек дегенге келсек, республикадағы мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер мен ұйымдарда оның шығарған шешімдері орындалуы керек, оның орындалуы талап ету, шара қолдану құқығы болуы тиіс. Мәселен, өзі бекіткен терминнің бір ізді қолданылуына, жазылуына, оқулықтар мен сөздіктерге енгізілуіне тікелей жауап беруі үшін кез келген деңгейдегі құрылымға талап қоя алатын, бұйрық беретін өкілеттілік керек. Сондай-ақ өзге мемлекеттердің терминологиялық жұмыстарды жүргізу тәжірибесі де бізге үлгі бола алады. Кешегі Кеңес Одағын құраған республикалардың көпшілігінде мысалы, Арменияда, Грузияда, Өзбекстанда, Тәжікстанда, Украина мен Латвияда терминологиялық комитеттер ұзақ жылдар бойы жемісті жұмыс істеп келеді. Ал 1933 жылы құрылған Ресейдің ғылыми-техникалық терминология комитеті (КНТТ) әлемге әйгілі үлкен

терминологиялық мектепті қалыптастырды. Әшейінде Ресейден үлгі алуға құмар, солардың істегенін айна-қатесіз көшіруге бейім тұратын әдетімізді осындай керекті кезде қайталамай қалғанымыз өкінішті-ақ. Төртіншіден, терминологиялық комитетте жоғары кәсіби білікті терминологтар мен ұзақ жылдар бойы термин жасаумен, сапалы терминологиялық сөздіктер түзумен айналысып жүрген арнаулы салалардың тәжірибелі практик мамандары жұмыс істеуі тиіс. Бізде қазір термин мәселесімен қазақша аздап білетіндер де айналыса беруіне болады деген түсінік бар. Соның салдарынан бір терминнің он баламасы болады да әркім өз сөздігінде, өз оқулығында жеке терминін қолданады. Балаңыз бір ғана ғылыми ұғымды мектепте *жасуша*, университетке түскенде *клетка*, жұмысқа тұрғанда *торша* немесе *торкөз* деп қолдануға мәжбүр болуы әбден мүмкін. Сөйтіп, ғылым тілін дамытамыз деп өзіміздің де өзгенің де басын қатырумен қоймай, шалағайлықпен жасалған терминдерімізді тықпалап қазақ тілінің де қадірін кетіріп жататын тұстарымыз да кездеседі. Кейде ұлт тілінде тәп-тәуір жасалған терминдерді құбыжық қылып көрсетуге тырысып, кешегі кеңестік дәуірдің саясаты санамызға сіңірген шет тілдерінің сөздерінің бәрін ата мұрамыздай аялап, сол баяғы қалыптасқан ескі дәстүрден жаңылмай қазақ тілі ғылыми-техникалық ұғымдарды білдіретін жаңа сөздер жасауға қабілетсіз қабылдағыш тіл болып жаралған дейтіндеріміз де бар. Бұл тұста терминнің социолінгвистикалық, психолінгвистикалық факторлармен байланыстылығы тағы ескерусіз қалып жатады. Мамандар бір орталыққа шоғырланған жерде кәсіби тұрғыдан өсуге, тәжірибе алмасуға, жұмыс жүргізудің әдістерін жетілдіруге, жаңа кадрлар дайындауға және терминология саласындағы ауқымды істерді бірлесіп атқаруға да мүмкіндік туындайды.

Жетілдірілген, жүйеленген терминологиялық лексиканың қалыптасуы – ұлт тілінің дамығандығының, кемелденгендігінің ең басты белгілерінің бірі. Бұл лексикалық қабат дұрыс қалыптастырылмаса, халықтың білім алу, ғылымды игеру мен дамыту, ақпарат алу және оны тарату қажеттіліктері толық өтелмейді. Қоғамдық және ғылыми ой-сананың жетілмей, кенжелеп қалуына жол беріледі. Сол себепті ғылыми-техникалық және басқа да салалардың терминологиясын дамыту мен қалыптастыру мемлекеттік маңызы зор іс болып табылады. Бүгінгі қазақ терминологиясында ретсіздікке жол беріліп, оны дамытудың бағыт-бағдары белгіленбей, терминологиялық жұмыстардың республикалық ауқымда бір орталықтан үйлестірілмей отыруы бұл іске мемлекеттік маңызы зор іс деп қарайтындығымызды көрсетпесе керек.

Сөз соңында айтарымыз, терминология саласының барлық мәселесіне тікелей жауап беретін мамандандырылған, тұрақты жұмыс істейтін мемлекеттік орган құрылмайынша қазақ терминологиясының көсегесін көгертеміз деп айту қиын. Қазіргідей Мемтерминкомның жылына 2-3 рет өткізетін мәжілісінде азын-аулақ терминді бекітіп, баспасөз беттерінде жекелеген терминдердің жасалуы мен қолданысын сынға алып қою – бұл салада атқарылатын істің жүзден бір бөлігін де құрамайды.

### III.4. Қазақ терминографиясының мәселелері

Терминтанудың Қазақстанда тіл білімінің дербес саласы ретінде танылып, кең ауқымда зерттеле алмай келе жатқандығынан болса керек, оның бірқатар маңызды мәселелері біздің ғалымдарымыздың назарынан тыс қалып келеді. Мысалы, терминография туралы термин, терминология мәселелерін арнайы зерттеп жүрген ғалымдардың еңбектерінде сөз қозғалмауы соның дәлелі. Бұл термин ғылыми еңбектермен бірге дәл бүгінге дейін біздің елімізде жарық көрген терминологиялық сөздіктерден де орын алмапты.

Аяқталған ғасырдың жиырмамыншы жылдарынан бері термин мәселесінің үздіксіз сөз болып, сол кезеңнен бастап, көптеген терминологиялық сөздіктердің жарыққа шыққанын ескерсек, терминографияны бізде терминтанудың арнайы қарастырылып, жан-жақты сөз болуға тиісті саласы ретінде тануға толық негіз бар. Бұл терминография тарихын зерттеу үшін ғана емес, жалпы терминологиялық сөздіктер қандай принципке негізделіп жасалуы керек, оларды түзуде қандай кемшіліктерге жол бермей, нені басты назарда ұстау қажет және алдағы уақытта қай типтегі сөздіктер жасау қажеттілігін анықтау үшін де арнайы қарастырылуға тиісті мәселе. 1999-2000 жылдары 31 томдық терминологиялық сөздіктер тізбегінің жарық көргендігінен баршамыз хабардармыз. Осы сөздіктер қандай принципке негізделіп жасалды және 1948, 1959-1963 жылдары жарық көрген сөздіктерден өзгешелігі тек бұрынғы кірме терминдердің орнына соңғы он шақты жыл ішінде ұсынылған кейбір баламаларды енгізумен ғана шектелу ме? деген сұрақтардың туындайтыны сөзсіз. Жалпы 1927 жылы Қызылордада Қаратышқановтың құрастыруымен шыққан «Пән сөздері» мен 1931 жылы жарық көрген «Атаулар сөздігінен бастап» барлық терминологиялық сөздіктерді арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастыру терминография тарихы үшін аса қажет. Терминографияның көптеген теориялық және практикалық мәселелерінің ғылыми шешімін дұрыс табуы үшін терминография саласындағы зерттеу жұмыстары жүргізілуімен қатар осы салаға маманданған кәсіби терминографтар да дайындалуы керек.

Бізде терминографияға арнайы көңіл бөлінбей ол лексикография ауқымында ғана қарастырылып келгендіктен де терминологиялық сөздіктер түзу кезінде көптеген қиыншылықтардың туындап жүргені сөзсіз. Қазақ тіл білімінде лексикографияны едәуір зерттелген сала деуге болады. Бұл тұрғыдан келгенде лексикограф ғалымдарымыздың әртүрлі типтегі сөздіктер жасаудағы тәжірибелері мен олардың ғылыми еңбектерінде шешімін тапқан жайттар қазақ терминографиясының өз алдына дербес сала ретінде қалыптасуына оң ықпал етеді деп білеміз. Алайда өзімізбен ғылым саласындағы ынтымақтастығы үзілмей келген іргелес елдердің терминтану саласындағы зерттеулерінен едәуір орын алған мәселенің бізде мүлде назарға ілікпей келуін дұрыс деп танудың еш негізі жоқ. Мәселен, көршілес ресейлік В.Н.Сергеев, Ф.П.Сороколетов, В.А.Татаринов сияқты көптеген ғалымдардың мақалаларын айтпағанда,

А.С.Герд, С.В.Гринев, Ю.Н.Марчук сынды ғалымдардың терминографияның іргелі мәселелеріне арналған көлемді зерттеу еңбектері жарық көрді<sup>2111</sup>. (сілтеме реттілігі сақталмаған)

Теориялық терминография төңірегінде жан-жақты сөз болып, терминография негіздері айқындалып жатқанда біздің шет қалып қоя беруімізге болмайтыны анық. Сол себепті бұл бағыттағы атқарылуға тиісті жұмыстар бізде әлі өз зерттеушілерін күтіп тұр.

**Терминография** терминінің жасалуына келер болсақ, бұл терминнің тіл білімінде кеңінен қолданылатын *лексикография*, *орфография*, *пиктография*, *палеография* терминдерінің үлгісімен жасалғандығы анық аңғарылып тұр. Негізгі үлгі ретінде *лексикография* термині алынған деуге болады. Оның негізі де жоқ емес. Өйткені терминография лексикография негізінде дамып, өз алдына дербес сала ретінде тармақталып отыр. Сондай-ақ қарастыратын объектілері де, жүргізілетін жұмыстарының бағыты да ұқсас. Лексикография – сөздік жасаудың теориясы мен практикасын зерттейтін тіл білімінің саласы, сонымен қатар жалпы немесе арнаулы сөздіктердің жиынтығы деген ұғымдарды білдірсе, терминография – тек арнаулы сөздіктер, оның ішінде, терминологиялық сөздіктер жасаудың теориясымен, практикасымен айналысатын терминтанудың саласы және терминологиялық сөздіктер жиынтығы деген ұғымдарды қамтиды.

Бұрынырақта жалпы сөздіктер мен арнаулы сөздіктер түзудің теориясы мен практикасы лексикография шеңберінде қарастырылып келсе, соңғы кездерде терминологиялық сөздіктер мәселесі жеке зерттеле бастады. Оның да өзіндік себептері бар. Ол себептер терминография мәселесімен тікелей айналысып жүрген ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты көрініс беруге тиіс. Біздің пайымдауымызша, терминографияның дербестенуіне мынандай факторлардың тікелей әсері болған. Біріншіден, ғылым салаларының қарқынды түрде дами бастауына байланысты терминологиялық сөздіктерге әр саланың ұғымдар жүйесінің ерекшелігін көрсетіп беру міндеті жүктелді. Екіншіден, терминтанудың тіл білімінің дербес саласы ретінде қалыптасуы – терминографияның да лексикографиядан біртіндеп іргесін ажырата бастауына себепші болды. Үшіншіден, жалпы филологиялық сөздіктер мен арнаулы сөздіктердің өзіндік ерекшеліктері, мақсаттары олардың жеке қарастырылуына мүмкіндік туғызады.

Лексикографтар мен терминографтар бұл мәселені тереңірек зерттеу барысында әлі де өзге факторлар болса айқындай жатар. Біздің өз пайымдауымызды алға тарта отырып, осы бағыттағы зерттеулердің сөзсіз қажет екендігін атап айтқымыз келеді.

Ғылыми-техникалық терминдерді ұлт тілінде жасаудың маңызын түсіне отырсақ та терминография терминіне өз тілімізден балама ұсынбадық. Себебі *термин* және жоғарыда аталған *орфография*, *лексикография* терминдері тілімізде өзгеріссіз қолданылып жүр. Егер терминография терминінің

2111 Герд А.С. Основы научно-технической лексикографии. –Л., 1986., Гринев С.В. Введение в терминологическую лексикографию. –М., 1986., Марчук Ю.Н. Основы терминографии. –М., 1992. Теория и практика научно-технической лексикографии. –М.: Русский язык, 1988.




орнына өз тілімізден балама ұсынсақ онда орфография, лексикография терминдерінің құрамында қолданылған графия терминдік элементін немесе осы бір үлгімен жасалған атаулардың барлығын терминологиядағы жүйелілікті сақтай отырып, бір тектес етіп алғанымыз дұрыс болар еді. Екінші жағынан, ана тілі негізінде жасалмаған демесек, терминге қойылатын жалпы тілдік талап тұрғысынан карағанда терминография термині сәтті жасалған. Орыс тіл білімінде бұл термин жасалғанға дейін қолданылып келген *терминологиялық лексикография (терминологическая лексикография)*, *ғылыми-техникалық лексикография (научно-техническая лексикография)* терминдері ықшамдылығы, дәлдік және біртектес ұғымдарды жүйелеп беру тұрғысынан да сәтті болып шықпаған. Сондай-ақ терминографияның қарастыратын өзіндік зерттеу нысаны бар терминтанудың жеке тармағы екенін көрсетуде де сөз болып отырған терминнің атауға тән артықшылығы анық аңғарылып тұр. Осындай себептер аталған терминге өз тілімізден балама іздемей оны өзгеріссіз қолдануымызға мәжбүрлік туғызды.

Республикадағы терминологиялық жұмыстарды үйлестіру мәселесін дұрыс жолға қою да қазақ терминографиясының дамуымен тікелей байланысты. Терминография теориясы терең зерттеулер негізінде қалыптасып, терминологиялық сөздіктерді жасаудың практикалық және әдістемелік мәселелері жан-жақты зерттеліп, бұл істе басшылыққа алуға жарайтын жақсы еңбектер жарық көріп жатса, қазіргі кезеңде терминологиялық жұмыстарды үйлестіру мен ұйымдастыру ісінде орын алып отырған кемшіліктердің түзетіліп, алдағы уақытта ондай олқылықтарға жол берілмеуіне мүмкіндік туындаған болар еді.

Сөздің терминологиялық мағынасын түсіндіру кезінде оның дефинициясының құрамынан жалпы тілге тән семалардың орын алуы, сәтсіз жасалған терминдердің де арнаулы сөздікке енгізілуі немесе терминнің әр сөздікте әртүрлі нұсқада берілуі сияқты кемшіліктерді біздің терминологиялық сөздіктерден кездестіру аса қиындық туғызбайды. Мысалы, биологиялық сөздіктерге *клетка, жасуша, торша, торкөз* терминдері, экономика терминдерінің сөздіктерінде *спонсор, демеуші, мияткер, жебеуші, қолдаушы*, немесе *бағалы қағаз, құнды қағаз* сияқты терминдер әр автордың қалауынша енгізіліп жүр. Мұндай мысалдарды өзге ғылым салаларының терминологиялық сөздіктерінен де келтіруге болады. Терминография саласындағы жетістіктерді пайдалана отырып, жаңа үлгідегі сөздіктер түзудің орнына алдыңғы шыққан сөздіктерге азын-аулақ сөз қосып, автор атанудан келер пайда шамалы болса керек. Терминологиялық сөздіктердің тиісті талап деңгейінен шықпай жатуы оларды түзуде басшылыққа алатын терминологиялық еңбектердің болмауынан, сөздік жасаушылардың ізденісі мен тәжірибесінің жетпей жататындығынан және терминологиялық жұмыстарды республикалық көлемде ұйымдастырып, үйлестіріп отыратын мекемелер жұмысының әлсіздігінен туындап жатқан мәселе. Сол себепті терминография саласындағы зерттеулер жүргізілетін болса, соған сәйкес қазақ терминологиясын жетілдіруге терминологиялық

жұмыстарды республикалық деңгейде үйлестіру, терминологиялық сөздіктер түзу ісінің сапасы да арта түсетініне күмән болмауға тиіс. Өйткені бұл жұмыстар бір-бірімен тығыз байланысты.

Әртүрлі лексикалық қабаттарды құрайтын сөздер мен терминдердің мағыналық құрылысындағы өзгешеліктерді, ұқсастықтарды терминдену және бейтерминдену процестерін салыстыру арқылы да көруге болады. Осы процестердің жүзеге асуының өзі де ұғым белгілерімен тығыз байланысты. Сөздердің мағыналық құрылымында болатын сәйкестіктер мен сәйкессіздіктерді бір-біріне қарама-қарсы жүріп жататын процестердің сызбасы түрінде төмендегіше бейнелеуге келеді.




А) Сөздің терминденуінің бірінші жағдайында таңбалаушы да таңбаланушы да сәйкес келеді. Лексема да (Л), ұғым да (Ү) екі жүйеге ортақ болады. Тек қарапайым ұғым мен ғылыми ұғымның мазмұнын құрайтын белгілері (Үб) ғана сәйкес келмей тұр. Оны былайша бейнелеуге болады:


$$\begin{aligned} L_1 &= L_1 \\ Y_1 &= Y_1 \\ Y_b &\# Y_b \end{aligned}$$

Ә) Сөздің терминденуінің екінші жағдайында таңбалаушылар ғана сәйкес келеді. Яғни, екі жүйеге де ортақ болатын тек қана лексема. Қарапайым ұғым мен ғылыми ұғым да, олардың мазмұнын құрайтын белгілері де сәйкеспейді. Яғни, былай болып шығады:

$$\begin{aligned} L_1 &= L_1 \\ Y_1 &\# Y_2 \\ Y_b &\# Y_b \end{aligned}$$

Терминденудің екі түрлі жағдайында да ұғымдардың кейбір белгілері ғана сәйкес келеді.





А) Терминнің бейтерминденуінің бірінші жағдайында ғылыми ұғым мен қарапайым ұғымның белгілерінен басқа сәйкессіздік жоқ. Ұғымның мазмұны болмаса таңбалаушы да, таңбаланушы да, ұғымдардың өздері де тілдің екі жүйесіне де ортақ.

Шартты таңбалар түрінде былайша бейнелеуге болады:

$$\begin{aligned} L_1 &= L_1 \\ Y_1 &= Y_1 \\ Y_B &\# Y_B \end{aligned}$$

Ә) Бейтерминденудің екінші түріне келсек, сәйкес келетін тек таңбалаушылар ғана. Таңбалаушылар да ұғым белгілері де негізінен сәйкес келмейді. Яғни:

$$\begin{aligned} L_1 &= L_1 \\ Y_1 &= Y_2 \\ Y_B &\# Y_B \end{aligned}$$

Бұдан шығатын қорытынды, біріншіден, сөз терминденген кезде де, термин бейтерминденгенде де олардың мағыналарында семантикалық өзгерістер болады. Екіншіден, ол өзгерістер ұғым мазмұнында болған өзгерістермен тікелей байланысты. Үшіншіден, терминдену мен бейтерминдену тілдің екі жүйесінің арасында жүріп жататын бір-біріне қарама-қарсы процесс.



## ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ ДАМУЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ҚАҒИДАТТАРЫ

*Қазақ терминологиясы дамуының қай кезеңін алып қарасақ та терминологияның даму бағытын белгілеу мәселесі көтеріліп, және де бұл мәселе әр кезеңнің өз талабына, сол уақыттағы нақты тарихи жағдай мен елдің тіл саясатына, ғылым-білімнің даму деңгейіне сәйкес шешімін тауып отырған. Қазақ терминологиясы дамуының тағы бір кезеңінің басталуына байланысты қазір де кешегі кеңестік кезеңдегі тіл саясатына сәйкес жасалған терминология қағидастарына бүгінгі күннің талабы тұрғысынан қарай отырып, ұлт тілінің, ғылым мен техниканың даму үрдісіне сай келетін ғылыми қағидастарды белгілеуді уақыттың өзі қажет етіп отыр.*

*Монографияда қазақ терминологиясы дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі басшылыққа алынған принциптер тілдік және тілден тыс факторлармен тікелей байланыста қарастырылады. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Бәйішов, Ә.Қайдар жасаған терминологияны дамыту қағидастары (принциптер) салыстырыла талданып, солардың негізінде зерттеуші тарапынан қазақ терминологиясы алдағы уақытта қандай ғылыми қағидастарды басшылыққа ала отырып дамуы қажет екендігі көрсетіледі.*

## КІРІСПЕ

Термин жасау, өзге тілдерден термин қабылдау, жалпы терминдер қорын қалыптастыру стихиялы түрде әркімнің қалауынша, өз білгенінше жүзеге асыратын ісі емес. Алдымен терминология дамуының бағыт-бағдары, оның қай бағытта, қандай ғылыми негізделген қағидаттарға сәйкес дамуы қажеттігі айқындалуы керек. Ондай қағидаттарды белгілеу кезінде ең алдымен ұлт тілінің мүддесі мен оның өз табиғатына тән ерекшеліктеріне нұқсан келмеу жағын ескерумен қатар әлем тілдері терминологиясының даму үрдісін, қалыптасу тәжірибесін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Терминқорымызды кірме терминдерден тазартып тап-таза ұлттық терминология қалыптастырамыз немесе керісінше, терминологияға ұлттық сипаттың қажеті жоқ, халықаралық ғылым тілін, әлем халықтарына ортақ терминологиялық қор жасаймыз деп біржақтылыққа ұрынудан да сақ болғанымыз абзал. Терминологиямызды жетілдіру, дамыту жолында ұстанатын байыпты бағытты белгілеу – терең де жан-жақты зерделенген ғылыми-зерттеу нәтижелеріне негізделуі қажет. Термин шығармашылығының стихиялы түрде жүзеге асуына жол беріп қойсақ, ұлт тілінің арнаулы салалардағы қолданысын қамтамасыз етіп, жүйеленген, реттелген, жетілдірілген терминқор қалыптастыру қиынға соғады. Термин шығармашылығының бағыт-бағдары мен термин қабылдаудың жолдары айқындалып, барлық терминологиялық жұмыстар терминге, терминологияға қойылатын талаптарға сәйкес кәсіби деңгейде, ғылыми негізделген қағидаттарға бағындырыла жүргізілгенде ғана бұл салада орын алып жүрген бейберекеттіктен арылу мүмкіндігіне ие болуға болады. Ғылыми-техникалық терминдер қорын қалыптастыруда басшылыққа алатын заман талабы мен тіл мүддесін ұштастыра отырып жасалған ғылыми қағидаттардың белгіленбей отыруы – республикадағы бүкіл терминологиялық жұмыстардың жүйелі, мақсатты түрде жүргізілуіне лингвистикалық негіз қаланбай отырғанын көрсетеді. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болып ұлт тіліндегі термин шығармашылығы жандана бастаған соңғы он шақты жылдың көлемінде тілші-ғалымдар мен салалық мамандар тарапынан терминология дамуының ғылыми қағидаттарын белгілеудің қажеттілігі үздіксіз айтылып та жазылып та келеді. «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» да «Терминологиялық жұмыстың негізгі принциптерін тұжырымдау қажет. Терминологиялық шығармашылық жоспарлы түрде жүзеге асырылатын, қызмет жүйесінің бірыңғай принциптеріне сүйенген, орталықтандырылған, ғылыми негізделген болуға тиіс.»<sup>212</sup> деп атап көрсетілген.

Қазақ терминологиясы дамуының қай кезеңін алып қарасақ та терминологияның даму бағытын белгілеу мәселесі көтеріліп, және де бұл мәселе әр кезеңнің өз талабына, сол уақыттағы нақты тарихи жағдай мен

212 Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2001. 18-б.

елдің тіл саясатына, ғылым-білімнің даму деңгейіне сәйкес шешімін тауып та отырған. Терминологиямыздың даму тарихына көз жүгіртер болсақ, ғылым тілі өркендеуінің әр кезеңі өз дәуірінің ерекшелігіне лайық қағидаттарды өмірге әкелгенін көреміз. 20-жылдары А.Байтұрсынұлы мен Е.Омарұлы, 30-жылдары Қ.Жұбанов, 90-жылдары Ә.Қайдар ұсынған қағидаттардың қай-қайсысын алсақ та, олардың мемлекеттің тиісті кезеңде жүргізіп отырған тіл саясатына сәйкес жасалғанын айқын аңғаруға болады.

Қазақ терминологиясы дамуының тағы бір кезеңінің басталуына байланысты қазір де кешегі кеңестік кезеңдегі тіл саясатына сәйкес жасалған терминология қағидаттарына бүгінгі күннің талабы тұрғысынан қарай отырып, ұлт тілінің, ғылым мен техниканың даму үрдісіне сай келетін ғылыми қағидаттарды белгілеуді уақыттың өзі қажет етіп отыр. Бұл тұрғыдан келгенде қазіргі таңда да терминология дамуының жаңа қағидаттарын жасап ұсынушы немесе осы мәселеге байланысты жекелеген ұсыныс-пікірлерін білдіруші тілші-ғалымдар мен салалық мамандар да жоқ емес. Солардың ішінен 1993 жылы академик Ә.Қайдардың жасап ұсынған қағидаттарын атап айтуға болады. Біз де өз тарапымыздан терминтану саласында еңбек етіп жүрген тіл мамандарының бірі ретінде қазақ терминологиясы дамуының әр кезеңінде жасалып ұсынылған, қолданыста болған қағидаттарды салыстыра талдап, алдағы уақытта ұлттық терминқорымызды жетілдіруде қай бағытты ұстанып, қандай қағидаттарды басшылыққа алу қажеттігі жөніндегі ой-тұжырымдарымызды ортаға салуды міндетіміз деп санадық. Қазақ терминологиясының болашақтағы даму үрдісін белгілеу үшін оның өткен тарихын терең зерделеп, бүгінге дейінгі бар қағидаттарды ғылыми сараптан өткізіп алмай болмас еді. Сол себепті біз ұсынылып отырған осы зерттеу еңбегімізде А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, Ә.Қайдар қағидаттарының әр қайсысына жеке-жеке тоқталып, оларды ой елегінен өткізіп барып, солардың негізінде тоқтамға келе отырып, қазақ терминологиясының алдағы дамуының бағыт-бағдарын белгілеуге қатысты өз ұсыныстарымыз бен ой-тұжырымдарымызды ортаға салып салдық.

Бір қызығы – тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, тура жиырмасыншы ғасырдың басындағыдай терминология мен әліпби мәселесі күн тәртібіне айрықша қойылып отыр. Өткен ғасыр басында Ахаң бастаған аз ғана алаш зиялылары бұл мәселелердің мәнін терең түсініп, ғылым тілін, терминологияны дамытудың бағыт-бағдарын ұлт тілінің мүддесіне сәйкес дұрыс белгілеп берген еді. Бүгінгі зиялы қауымға да осындай бағдар көрсету, жол таңдау міндеті жүктеліп отырған тәрізді. Сондықтан да әліпби мәселесін шешу, терминқор қалыптастырудың қағидаттарын белгілеу сынды мұндай аса жауапты істерге тиісінше, үлкен жауапкершілікпен қарауымыз қажет екендігін де сезінбей болмайды.

Бұрын *принцип* түрінде қолданылып келіп, кейінгі жылдары ұсынылған *ұстаным*, *қағидат* баламаларының ішінен Мемтерминком 2000 жылғы 25 қаңтардағы мәжілісінде *қағидат* нұсқасына тоқталғандықтан, біз осы еңбегімізде мемлекеттік комиссия ресми бекіткен атауды қолдандық.



## I ТАРАУ

ТІЛ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ТЕРМИНҚОР  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІI.1. Мемлекеттің тіл саясаты және терминологияны  
қалыптастырудың қағидаттары

Қазақ терминологиясы дамуының қай кезеңін алып қарасақ та термин жасау, терминологияны қалыптастыру, жетілдіру, біріздендіру, реттеу сияқты барлық терминологиялық жұмыстардың мемлекеттің тіл саясатына сәйкес жүргізіліп отырғанын көруге болады. Басқаша болуы мүмкін де емес еді. Өйткені тілдің қоғам өмірінде алатын орны, оның сол қоғамдағы атқаратын қызметтерінің ауқымы мен шегі, алдағы уақыттағы даму бағыттары, басқа ұлттар тілдерімен қарым-қатынасы сияқты маңызды мәселелердің барлығы да мемлекеттің жүргізіп отырған тіл саясатына сәйкес белгіленеді. Ал терминология адам қызметінің барлық саласына қатысты бай лексикалық қабат болуымен бірге әлемдік ғылым-білімнің, техниканың жалпы озық ой-сананың жетістіктерін тілдік тұрғыдан бейнелейтін танымның әрі ғылыми ақпаратты таратудың да құралы болғандықтан ол қай елдің де жүргізіп отырған ресми тіл саясатынан тыс қала алмайды. Керісінше, белгілі бір ұлт тілінің мүддесін көздейтін, оның қоғамда атқаратын қызметтерінің берік орнығуын қалайтын кез келген мемлекет терминологияның жасалуы мен қалыптасуына, дамуына айрықша мән береді. Олай істелмесе, сол мемлекеттің өзі мүддесін көздеп, ресми мәртебе беріп отырған тілдің мемлекеттік тілге жүктелетін қызметтерді атқаруға мүмкіндігі жетпес еді. Ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси т.б. терминдері жасалып, адам өмірінің сан түрлі салаларындағы ұғымдарды дәл бейнелеп бере алатын жүйеленген терминқоры қалыптаспаған тіл сол түрлі сала мамандарының қажетін өтеп, кәсіби қарым-қатынасын қамтамасыз ете алмасы анық. Ондай атауларсыз ұлт тілінде білім беру мен ақпарат тарату ісі де өз деңгейінде жүзеге асырыла алмайды. Қандай да бір тілдің көсегесін көгертіп, сол тілдің қоғам өмірінің барлық саласындағы қызметін мүлтіксіз атқара алатындай дәрежеде болуын көздейтін мемлекеттің терминологияны қалыптастырып, оны дамыту, жетілдіру жұмыстарының жоғары кәсіби деңгейде әрі үздіксіз жүргізіліп отыруына айрықша мән беретіндігі де сондықтан. Оған мысалды әлемнің көптеген мемлекеттерінің бұрынғы және қазіргі кезеңде жүргізіп отырған тіл саясатынан келтіруге болады. Мәселен, Ататүріктің билік басына келуімен ғылыми-техникалық терминологияны ұлт тілінде қалыптастыруға айрықша мән беріліп, арнайы қаулылар қабылданды. 1932 жылы өткен «Түрік тілі» қоғамының құрылтайында біріншіден, халық тіліндегі ескі кітаптардағы түрік тілінің байлықтарын жинастырып оны жа-



рыққа шығару; екіншіден, түрікше жаңа сөз жасау жолдарын іздестіріп, түрік түбірлері негізінде сөз тудыру; үшіншіден, түріктің жазу тілінде өте көп қолданып жүрген шет тілдерінен кірген сөздердің орнына таза түрік сөздерін алып, оларды жарыққа шығару және қалыптастыру жөнінде шешім қабылданды<sup>213</sup>. Өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғы мен 70- жылдардың бас кезінде КХДР-да елдің тіл саясатында терминологияны корей тілі негізінде қалыптастыруға айрықша мән берілсе, АҚШ-пен соғыс кезінде жапондар ағылшын тілінен кірген терминдерді ығыстырып шығарып, олардың орнын қытай тілінен дайын қалпында алынған немесе қытай түбірлі сөздердің негізінде жаңадан жасалған сөздермен толықтырды. Чехословакияда да 30-ыншы жылдары латын-грек терминдерінің орнын ұлт тілінде жасалған терминдермен алмастыру бағытын ұстанды. Қазіргі француз тілінің тазалығын сақтауға Францияда үлкен мән беріліп отырғандығы белгілі. Францияда француз тілді елдердің өкілдерінен тұратын үкімет жанындағы орган француз тілі халықаралық кеңесі терминологияны ретке келтіру жұмыстарын жүргізіп, конференциялар өткізіп, 1971 жылдан бастап «Француз терминологиясы» және «Сөз кілті» сияқты журналдар шығарып отыруы соның айғағы. Франция үкіметінің 1972 жылы «Француз тілін тазарту туралы», 1975 жылғы денсаулық сақтау мен медицинаның сөздік құрамын байыту жөніндегі және 1973-1976 жылдар аралығында шығарылған ғылым мен техниканың түрлі салаларында енгізілген терминдерді бірізді қолдануды міндеттейтін қаулылары мен 1975 жылғы ресми іс жүргізуде фирмаларға ағылшын-американдық атауларды пайдалануға тыйым салатын «Француз тілін қолдану туралы» заң шығаруы бұл іске мемлекеттік билік тарапынан қаншалықты мән беріліп, қолдау көрсетіліп отырғанының дәлелі бола алады. Мұндай мысалдарды кез келген ұлт тілінің даму тарихынан келтіре беруге болады. Қазақ терминологиясы да өзінің дамуы мен қалыптасуының қай кезеңінде де мемлекеттің жүргізіп отырған ресми тіл саясатынан тыс қалып көрген емес. Дәлірек айтқанда, терминологияны дамыту мен қалыптастыру қашан да мемлекеттің жүргізіп отырған ұлттық саясатының жалпы принциптеріне негізделген тіл саясаты айрықша көңіл бөлетін, басты назарда ұстайтын мәселелерінің қатарында болып келген. XX ғасырдағы қазақ терминологиясының дамуынан да оны айқын көруге болады. Ұлт тілдерінің терминжүйесін бүкілодақтық масштабта біріздендіру жұмыстары жиырмамыншы жылдардың аяғы мен отызыншы жылдардың басына қарай қатаң қолға алынды. КСРО-ның тіл саясатында әліпби, терминология мәселелеріне айрықша мән берілгенін Бүкілодақтық Орталық Жаңа әліпби комитетінің (ВЦКНА при ЦИК СССР) құрылып, оған одақтас республикалардың әліпбиін біріздендіру, терминологияны қалыптастыру принциптерін жасау міндеті жүктелгенінен де айқын аңғарылады. «Заң шығарушы күші бар, КСРО мемлекеттік билігінің жоғарғы органына тікелей бағынысты КСРО Орталық Атқару Комитетінің жанындағы Бүкілодақтық Орталық Жаңа әліпби комитеті одақ халықтары тілдерінің барлығының жазуы мен терминологиялық принциптерін жасауға тұтастай бас-

шылық етті» – деп жазады, бұл комитет жөнінде ғалым К.Мұсаев<sup>214</sup>. Нәтижесінде айналасы он жылдың көлемінде екі рет әліпби ауыстырып, кириллицаға көшкеніміз, орыс сөздері мен орыс тілі арқылы енген сөздерді (негізінен терминдерді) орыс орфографиясына сәйкес жазу үшін әліпбиімізді жаңа әріптермен толықтырғанмыз белгілі. Ал эстон, латыш, литва, грузин және армян сияқты төл жазуларын сақтап қалған халықтардың әліпбиінің кириллицаға көшірілмеуі советтік ортақ терминқор қалыптастыруға үлкен кедергі келтіріп отырғандығы биік мінберлерден талай рет айтылғанмен, КСРО-ның тіл саясатында шешімін таппаған мәселе ретінде қалып қойды.

Отызыншы жылдарға дейін Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялылары қазақ терминологиясын қалыптастыруда ұлт тілінің мүддесін ескере отырып жасалған қағидаттарды басшылыққа алды. Олар ұлттық терминқорымыздың негізін тіліміздің өз заңдылықтарына сәйкес жасалған төл терминдеріміз құрайтын терминология қалыптастыруды көздеді. Оған А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төреқұлұлы, Ж.Күдерин, М.Жұмабайұлы, С.Қожанұлы, Е.Омарұлы сияқты қазақ зиялыларының терминологияны қалыптастырудағы ұстанымы, олар жасап тілдік қолданысқа енгізген жүздеген терминдер дәлел бола алады. Алайда жиырмамыншы жылдардың аяғына қарай термин шығармашылығындағы бұл бағыт аяусыз сынға алына бастады. Терминологияны дамытуда пуризм етек алып отырғандығы, оның үлкен кеселді мәселе екендігі шектен тыс дабырайтылып, ұлғайтылып көрсетілді. Сол кездің саяси белсенділерінің тілімен айтқанда «буржуазияшыл-ұлтшыл», «ұлтшыл-байшыл», «реакцияшыл» топтардың ұстанған бағытына тосқауыл қойып, қазақ тілі құрылысындағы алашордашылық теорияларға соққы беру қажет деген ұрандар тасталды. Оның соңы белсенді күреске ұласып, тіл құрылысындағы өрескел «қателіктердің» түзетіліп, отызыншы жылдары терминологияны дамытудың кеңестік тіл саясатына қайшы келмейтін жаңа бағыты белгіленгені мәлім. Өйткені бұрынғы ұлтшылдардың бағыты КСРО-ның ұстанып отырған саяси курсына сәйкес келмейтін еді. «Современный этап социалистического строительства предъявляет терминологии каждого языка определенный заказ (*мелекеттік тапсырыс* дегенге саяды – Ш.Қ.) – терминология должна быть строго-классовой, удовлетворяющей актуальные потребности строителей социализма»<sup>215</sup>–деп, сол жылдары Е.Кротевичтің қазақ терминологиясының уақыт талабына сай дамымай отырғанын сынағаны да сондықтан.

Ұлтшылдардың ұстанған бағытына тосқауыл қойылып, ол бағытты ұстанғандарды жойғаннан кейін олардың орнына жаңа бағыттан таймайтын, оның дұрыстығын дәлелдей беруден шаршамайтын кадрларды, ғалымдарды дайындау керек еді. Кеңестік жүйе оған да қол жеткізді. Желдің қай жақтан соққанын бірден аңғарып, сол кездің өзінде-ақ суырылып шығып жанашылдықты жақтап, ескілікті даттап көзге түскен науқаншылдар да, қызыл бел-

214 Мусаев К. Формирование, развитие и современные проблемы терминологии на языках союзных республик СССР // Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. – М., 1986. Стр. 148.

215 Е. Кротевич. Выправить недочеты в строительстве казахской терминологии // Просвещение национальностей. 1932. №8-9. Стр. 94-96.

сенді оқығандар да болды. Кеңестік тәрбие әбден қанына сіңіп, бесік жырын тыңдағандай жастайынан идеология әуенін құлағына сіңіріп өскен кейінгі толқын тағы бар. Сондықтан да кеңес өкіметі құлап қалғанша сол бағытымыздың дұрыстығына өзі де сеніп, өзгелерді де сендіріп келгендердің аз болмағанын дәлелдеп жатудың еш қажеті бола қоймаса керек. Болшевиктік басшылықтың белгілеп берген саяси нұсқамасын (установкасын) бұлжытпай орындайтын пролетариятшыл, ортақшыл ғалымдар жаңа бағыттың көрегендікпен белгіленгендігін дәлелдеп, бүкіл терминологиялық жұмыстарды қазақ совет терминжасам принциптеріне сүйеніп жүргізгендіктен біз қазақ терминологиясын қалыптастырудан гөрі совет халқына ортақ терминологиялық қор (общесоветский терминологический фонд) құруға көбірек еңбек сіңірдік. Терминді шығармашылықпен жасауға емес, оны өзге тілдерден дайын қалпында қабылдауға дағдыландық. Терминологиямыздың 70-80 пайызын орыс тілі арқылы өзгеріссіз қабылданған кірме терминдер құрайтындығы соның нәтижесі.

Терминологиямыздың одан кейінгі дамуы отызыншы жылдары Мәскеу белгілеген принциптерге негізделді. Ұстанған бағытымыздың дұрыстығы, осы бағыттан жаңылмау керектігіміз дүркін-дүркін есімізге түсіріліп, санамызға сіңіріліп отырды. Терминологияны одақтық көлемде біріздендіруге байланысты арнайы Үкімет қаулылары да шығарылды, бүкілодақтық конференциялар мен семинарлар да өткізіліп тұрды. Ондай алқалы жиындарда терминологияны кеңестік тіл саясатына сәйкес дамытудағы жетістіктер мен жіберілген кемшіліктер сараланып, бұдан әрі бұл бағыттағы жұмыстар қалай жүргізілуі керектігі ғылыми дәйектеліп отырды. Мәселен, 1959 жылы Мәскеуде өткен бүкілодақтық мәжілісте сөйлеген кіріспе сөзінде академик В.В.Виноградов та, «КСРО халықтары тілдерінің сөздік құрамын дамытудағы орыс тілінің рөлі» деп аталатын бас баяндамасында Т.А.Бертагаев пен Ю.Д.Дешериевтер де, сол кездегі совет халықтары тілдеріндегі терминологияның жай-күйін талдаған Н.А.Баскаковтың баяндамасында да терминологияны біріздендіру жұмыстары орыс тіліне негізделе жүргізіліп, терминқорымыздың барлық совет халқына ортақ болуы қажеттігі, терминологияның халықаралық сипатын арттыра түсудің маңыздылығы ғылыми тұрғыдан тиянақталды. Олардың көтерген негізгі мәселесі орыс тіліне негізделген кеңес халқына ортақ терминқор құру ісін шашау шығармай жүргізудің қағидатын белгілеу еді. Ол – кеңес халықтары тілдерінің терминологиясы арасындағы айырмашылықтарды мейлінше азайту қағидаты (принцип минимальных расхождений) болатын. Семинар бірауыздан бұл принциптің дұрыстығын қолдап, тиісті ұсыныс жасалды.

Бас баяндамада бұл қағидаттың дұрыстығы, басқа жолдың жоқтығы түпнұсқа тілден аудармай қаз-қалпында бергенде былайша баяндалды: «Задачам коммунистического строительства в нашей стране может отвечать лишь один принцип, а имено: принцип минимальных расхождений. Он является наилучшим с точки зрения реализации задачи (мұны - мемлекеттің саяси нұсқамасын орындау үшін – деп ұққан жөн. Ш.Қ.) дальнейшего сближения совет-

ских народов и их культур для последующего слияния всех наций в единую коммунистическую семью»<sup>216</sup>

Ұлт тілдері терминологиясы арасындағы айырмашылықтарды барынша молайту қағидатының (принцип максимальных расхождений) тиімсіздігі, оның пуризмге бастап, ол қағидатты ұстанған халықтардың тілдері ортақ терминқор құру, терминологияны халықаралықтандыру үрдісінен шет қалып, толық оқшаулану (полная изоляция) күйіне тап болатындығы баса айтылды. «Бөлінгенді бөрі жейді», «оқшаулансақ оңбаймыз» деп көпшілдік, ортақшылық танытып, осы бағытты қолдағандардың, терминологиямызды дамытуда, терминжасам тәжірибемізде осы қағидатты ұстанған халықтардың ең алдыңғы қатарында біз жүрдік. Нәтижесі белгілі. Ал бізбен бір одақ құрамында болған кейбір халықтар кенестік тіл саясатын бірінші күннен қолдап, 30-жылдарға дейін Ахаң бастаған қазақ зиялылары ұстанған дұрыс бағытты күрт өзгертіп, Мәскеу белгілеп берген принциптерге бірден бейімделіп біз сияқты КСРО халықтарына ортақ терминқор қалыптастыруға белсене кірісіп кетпей, терминологиясын өздерінің ұлт тілдері негізінде, өз тілдерінің ерекшелігін ескере отырып дамытты. Сондықтан да олардың терминологиясы ұлттық сипатынан айрылған жоқ. Олардың қатарына латыш, эстон, литва халықтары тілдерінің терминологиясын жатқызуға болады. 1959 жылғы бүкілодақтық семинардың бас баяндамасын жасаған ғалымдар бұл халықтар терминологиясын қалыптастыруда негізінен өз тілдерінің сөзжасам тәсілдері мен басқа да лексиканы дамытудың ішкі мүмкіндіктерін пайдаланып отырғандығымен ерекшеленетіндігін атап көрсетеді. «Эти языки развиваются, полностью сохраняя свою национальную специфику. Лексические заимствования из русского и других языков играют в них лишь дополнительную, перифериную роль. В этом одна из особенностей развития языков народов советской Прибалтики» (Стр. 25).

Жалпы бұл жиын терминологияның отызыншы жылдары белгіленген бағытын өзгертерліктей жаңалық әкелген жоқ. Тек сол ұстанған бағытымыздың дұрыстығын тағы бір рет пысықтап, совет халқы дейтін бір халыққа, бір ұлтқа айналып (единая нация – единый язык), бір тілде сөйлейтін ел болуды көздейтін ұлы мақсатқа жету жолындағы саяси курсымыздан жаңылмайтындығымызды, ғылыми принциптерімізден бас тартпайтындығымызды еске салып қоюдан аса алмады. Басқа мақсат көзделмеген де еді. 1981 жылы «Одақтас республикалардың ғылым академияларындағы терминологияны жасау мен реттеудің проблемалары» деген тақырыппен өткізілген бүкілодақтық семинарда да негізінен барлық мәселелер *ұлтаралық кәсіби қарым-қатынас құралы ретіндегі орыс терминологиясының маңызы мен ұлт тілдерінің терминологиясын жасаудағы «айырмашылықтарды мейілінше азайту қағидатын»* басшылыққа алу тұрғысынан сөз болды.

Жалпы Одақ көлемінде 90-жылдарға дейін өткен жиындарда да ғалымдар тарапынан терминологияның жекелеген теориялық, практикалық, ғылыми-әдістемелік мәселелерін шешуге жарайтын ғылыми құнды тұжырымдар

жасалғанмен, КСРО халықтары тілдеріндегі терминологияны дамытудың негізгі бағыт-бағдары өзгерген жоқ. Қайта терминологиялық жұмыстарды сол отызыншы жылдары белгіленген бағытта жүргізудегі сабақтастықты сақтап, дәстүрді орнықтырып, ортақ терминдер қорын молайта түсу басты назарда ұсталып отырды. Мемлекеттің тіл саясаты соны көздеді.

Ал тәуелсіздік алғаннан бергі он жыл ішінде мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту бағытында біздің елімізде терминологияны ретке келтіру (упорядочение), жетілдіру (усовершенствование) бағытында мемлекет тарапынан қандай қарымды қадамдар жасалды, нақты қандай істер атқарылды деген мәселеге келсек, бұл жөнінде мынаны айтуға болады. Біріншіден, 90-жылдары қоғам өмірінде болған саяси-экономикалық түбегейлі өзгерістер тәуелсіз, егеменді жас мемлекеттің тіл саясатын да еліміздің мемлекеттік ұлттық саясатына сәйкес белгілеуі қажет болды. Тілімізге мемлекеттік мәртебе беріліп, соған сәйкес оған мемлекеттік тіл атқаруға тиісті қызметтердің барлығын жүзеге асыру міндеті жүктелді. Ал тіл ғылым-білімнің, техниканың яғни барлық арнаулы салалардағы қызметін мүлтіксіз атқаруы үшін оның сол салалардағы кәсіптік қатынасымды қамтамасыз ете алатындай біріздендірілген, жүйеленген, ретке келтірілген ұлттық терминологиялық қоры жасалуы керек. Бұл мәселенің маңызын терең пайымдаған қазақ зиялылары, тілші-ғалымдар мен салалық мамандар тарапынан соңғы он шақты жыл ішінде терминологияның түрлі мәселелері көтерілді. Термин шығармашылығы біршама жанданып, арнаулы салаларда жаңа атаулар жасалып, олар біртіндеп тілдік қолданысымызға ене бастады. Республикалық деңгейдегі ғылыми конференциялар, семинарлар өткізілді. Бұл саладағы шешімін табуға тиісті бірқатар мәселелер анықталды. Ғылыми еңбектер жарық көріп, терминологиялық сөздіктер шығарыла бастады. Соңғы жылдары Мемтерминком да өзіне берілген өкілеттілік шеңберінде біршама өнімді жұмыс істей бастады. Алайда бұл салада атқарыла бастаған жұмыстан гөрі алдағы уақытта атқарылуға тиісті жұмыстардың, шешімін таппаған мәселелерден шешімін табуға тиіс мәселелердің әлденеше есе көп екендігін ашып айтқан абзал. Жалпы терминологияның қай мәселесі де кез келген өзге ғылым салаларындағы сияқты кәсіби біліктілік тұрғысынан келу арқылы шешілуге тиіс. Қазіргі термин шығармашылығындағы, терминологиялық сөздіктер түзу мен өзге де терминологиялық жұмыстарды жүргізу кезінде көптеген кемшіліктерге жол беріліп жатқандығы кейбір ағайындардың кәсіби дайындықсыз-ақ іске кірісіп кетіп, Абайша айтқанда «өзінде бармен көзге ұрып» жүргендігінің салдары екенін айтпасқа болмайды.

Қазір біздегі қордаланып қалған терминология мәселелерін тоқсанына бір рет жиналып қол көтеріп шешіп жүрген консультациялық-кеңесші орган ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы да, ҚР Мәдениет ақрапат және қоғамдық келісім министрлігі құрамындағы Тіл департаментінің құрамындағы үш-ақ адамнан тұратын ономастика және терминология бөлімі де шеше алмайды. Бұл құрылымдар осы салада атқарылуға тиісті жұмыстарды шама-шарқына қарап там-тұмдап қана жүргізіп отыр. Сондықтан да тер-

минология саласында шешімін таппаған мәселе, атқарылмай жатқан істер көп. Республикадағы барлық терминологиялық жұмыстардың кәсіби тұрғыдан жүргізілуіне тікелей жауап беретін, білікті ғылыми кадрлары, өкілеттілігі, қыруар жұмысты атқаруға қажетті қаржысы бар қауқарлы құрылым болмай істің жолға қойылмасы анық. Ғалымдар мен салалық мамандар тарапынан бұл мәселе қанша рет көтерілсе де шешімін таппай-ақ қойды. Жалпы терминология тағдырына бұлай қарау – тәуелсіз мемлекет екендігімізді жариялағаннан бергі уақытта бұл істің мемлекеттік маңызын жете түсініп, мақсатты тіл саясатын жүргізіп отырғанымызды көрсете алмаса керек.

Ұлттық терминқорды қалыптастырып, терминологиялық жұмыстарды кәсіби деңгейде жүргізу кез келген мемлекеттің тіл саясатының ерекше көңіл бөлетін, басымдық беріле отырып жүзеге асырылатын жұмыстардың бірі болып табылады. Бұл орайда бізде де Үкіметтің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасында терминологиялық базаны қалыптастыру қажеттілігі айтылып, тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Терминологиялық шығармашылық жоспарлы түрде жүзеге асырылатын қызмет жүйесінің бірыңғай принциптеріне сүйенген, орталықтандырылған, ғылыми негізделген болуға тиіс» делінгенімен іс жүзінде олай болмай отыр. Себебі бізде әлі мұндай ауқымды жұмыстарды жүйелі түрде жүргізудің тетігі жасалмаған. Сол себепті бұл саладағы республика көлемінде орталықтандырылған түрде жүзеге асуға тиісті барлық терминологиялық жұмыстар қажетті кәсіби деңгейде жүргізілмей келеді. Мемлекеттік тілдің арнаулы салалардың барлығында мүлтіксіз қызмет етуін көздейтін ел екендігіміз рас болса, терминологиялық жұмыстарды жүргізудің жалпы мемлекеттік маңызы ескеріле отырып, соған сәйкес бұл істің республика көлемінде үйлестіріле жүргізілуі де мемлекет тарапынан қамтамасыз етілуі қажет. Қазіргідей барлық терминологиялық жұмыстарды жүргізуді кеңесші орган Мемтерминкомға тапсырып қойып, жылына үш-төрт рет жиналғанда істеген азын-аулақ ісімізге тоқмейілісіп отырсақ, қазақ терминологиясын осы ғасырда ретке келтіретінімізге үлкен күдікпен қарауға тура келеді. Әйтеуір біздің бүгін істеуге тиісті істерімізді ертеңге ығыстыра беретіндігімізден, тілімізді ғылым-білімнің, техниканың сан саласындағы қызметін мүлтіксіз атқаратын ұлттық терминқоры қалыптасқан шын мәніндегі мемлекеттік тіл деңгейіне көтеріміз деген мәселені келер ғасыр басында өмір сүретін ұрпақ та күн тәртібіне қойып жүрмесе жарар еді.

## **1.2. Терминология қағидаттары және біріздендіру мәселесі**

Терминология дамуының қағидаттарын белгілеу мемлекеттің жүргізіп отырған тіл саясатына сәйкес белгіленгені сияқты терминологияны біріздендіру жұмысы да сол бағытта жүргізілді.

Терминологияны біріздендіру мәселесі термин жасау мен оларды қалыптастыру жұмыстарын үйлестіре жүргізуге, жарыспалылықты болдырмауға

байланысты туындайды. Термин шығармашылығы кезінде жарыса қолданылып жүрген баламалардың біріне тоқталып, оны арнаулы ұғымның атауы ретінде терминологиялық лексикада тұрақтандыру процесін *біріздендіру* деп түсінетініміз белгілі. *Біріздендіру* термині 2000 жылы Мемтерминком ресми бекіткенге дейін кеңестік дәуірде қалыптасқан *унификация* нұсқасында қолданылып келді. Қазақ тілі білім беру мен ғылым саласындағы қызметін атқару мүмкіндігіне ие болып, терминдерді ұлт тілінде жасап, қалыптастыруға бет бұрған өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап, аталған терминнің формасы ғана емес мағынасы да өзгеріске ұшырағаны байқалады. Термин шығармашылығының отызыншы жылдардан тоқсаныншы жылдарға дейінгі кезеңінде терминдерімізді орыс терминологиясына қарап қалыптастыру дәстүрі орныққан болса, терминологиядағы біріздендіру жұмыстары да сол бағытта жүргізілді. Белгілі бір терминнің шет тілі мен орыс тіліндегі және қазақ тіліндегі нұсқаларының бірін таңдау қажет болған жағдайда, көбінесе, ең алдымен орыс тілінде орныққан нұсқа басымдыққа ие болатын еді. Мұндай таңдау кеңестік тіл саясатына да ұлт тілдерінде терминологияны дамытудың сол кезеңдегі принциптеріне де сәйкес келетін. Тілімізге қабылдаған кірме терминдердің орыс тіліндегі жазылуына нұқсан келтіріп алмау үшін әліпбиімізге өзгертулер мен толықтырулар енгізгеніміз де ешкімге құпия емес. Отызыншы жылдарға дейін жасалып, қалыптаса бастаған көптеген терминдер, жаңа қолданыстар отызыншы жылдардың бас кезінен бастап, қолданыстан шеттетіліп, олардың орны орыс тіліндегі нұсқасымен алмастырылды. Мәселен, 1925 жылы Мәскеуде Қошке Кемеңгерұлының редакторлығымен басылып шыққан «Қазақша-орысша тілмашта» берілген төмендегідей терминдер мен атауларға мән беріп көрелік: *пленка – үлдірік, экономия – үнем, экономный – үнемшіл, экономность – үнемшілдік, экономист – үнемші, прогресс – үдеу, колонизатор – отаршыл, колонизаторство – отаршылдық, патриот – отаншыл, патриотизм – отаншылдық, федерация – құрама, экспертиза – сарап, эксперт – сарапшы, интеллигент – зиялы, центробежный – делегей, урок, лекция – дәріс, поэма – дастан, творчество – шығарғыштық, антитеза – шендестіру, чиновник – төре, чиновничество – төрешілдік, музыка – әуез өнері, администратор, правитель – әкім, административность, власть – әкімдік, методика – әдістеме.*

Осы атаулардың барлығы дерлік қазақ терминологиясы дамуының А.Байтұрсынұлы кезеңінде баспасөз беттерінде кеңінен қолданылып, сол кезеңде жарық көрген оқулықтар мен оқу құралдарына, сөздіктерге еніп, тілде орныға бастаған болатын. Ұлт тілдерінде терминологияны дамытудың 30 жылдардан бастау алатын келесі кезеңінде бұл терминдердің халықаралық сипатын арттырып, орыс тіліндегі нұсқасын қалдыру қажет деп танылды. Терминдерді біріздендіру жұмысының бағыты да басқа арнаға ойысып, ұлт тілінде жасалған терминдердің арнаулы салалардан орын алу мүмкіндігі барынша шектелді. Нәтижесінде *пленка, колонизатор, патриот, экспертиза, интеллигент, творчество, антитеза, администратор* тәрізді шет тілдерінен қабылданған мыңдаған терминдер мен кірме сөздерге басымдық беріліп, олар тілімізден



берік орын тепті. Терминдерді біріздендіру мәселесі терминологияны халықаралықтандыру бағытына сәйкес жүргізілді. Бір ғана ұлт тілінің ауқымында жүргізілетін *тілішілік біріздендіру (внутриязыковая унификация)* жұмысынан гөрі кеңестік тіл саясатының мүддесіне сай келетін *тіларалық біріздендіру (межъязыковая унификация)* ісіне мемлекет тарапынан айрықша мән берілді. Кейбір ғалымдар *терминологияны іштей біріздендіру (внутренняя унификация терминологии)* терминін де қолданып жүр. Біздіңше, *тілішілік біріздендіру* термині ықшамдылығы жағынан да, терминологиялық жұмыстың мазмұнын ашуы тұрғысынан да алдыңғы терминнен гөрі ұтымдырақ.

Тіларалық біріздендіру жұмыстарын жүргізуде КСРО халықтарының ортақ тілі орыс тілін үлгі етіп алу ұсынылды. Мәскеудегі КНТТ (Комитет научно-технической терминологии) Одақ көлеміндегі терминологиялық жұмыстарды үйлестіріп отырған басты мемлекеттік орган әрі ғылыми мекеме ретінде кеңес халқына ортақ терминологиялық қордың (*общесоветский терминологический фонд*) орыс тілі негізінде қалыптасуына үлкен ықпал етті.

1981 жылы наурыз айында Мәскеуде терминология мәселелеріне арналып өткізілген бүкілодақтық семинарда жасаған бас баяндамасында академик Г.В. Степанов терминологияны біріздендіру жұмыстарының елеулі қиындықтарға тап болып отыруына республикаларда орыс, латын, грузин, армян графикаларына негізделген төрт түрлі әліпбидің пайдаланылуының себеп болып келе жатқандығын және орфографияның фонетикалық, фонематикалық, морфологиялық, тарихи принциптерге негізделуі де өзара термин алмасу процесін қиындатып отырғанын айтады. Өз жазуларын сақтап қалған армян, грузин және латын графикасын пайдаланған балтық жағалауы республикалары болмаса, кириллицаға көшіп, 30-жылдары-ақ әліпбиімізді орыс сөздерін бұрмаламай жазу үшін бейімдеп, кеңейтіп, толықтырып алғандықтан біз академик атап көрсеткендей, терминологияны біріздендіруге де, термин алмасуға да кедергі келтіргендер қатарына жатпаймыз. Керісінше, сол кедергіні алғаш бұзып терминологиямыздың советтік-халықаралық сипатын барынша арттырған халықтар санатына қосыламыз.

Г.В.Степанов осы баяндамасында терминологиялық жұмыстардың ең негізгілерінің бірі ретінде біріздендіруге айрықша мән беру қажеттігін айта келіп, бұл жұмыстың маңызын былайша атап көрсетеді: «В многонациональном государстве важное значение приобретает работа по унификации, смысл которой состоит в достижении соотносимости научных и технических понятий, выражаемых терминами на различных национальных языках»<sup>217</sup>.

Көпұлтты мемлекетте терминологияны халықаралықтандырудың, тіларалық біріздендірудің маңызды мәселе ретінде көтеріліп, оған мемлекеттік тұрғыдан үлкен мән берілуі түсінікті. Онсыз ғылым мен техника саласындағы және басқа да тілдік қатынастарда бір тілдің үстемдігін орнату мүмкін болмаған болар еді.

217 Степанов.Г.В. Современная научно-техническая терминология на языках народов СССР и за рубежом//Проблемы разработки и упорядочения в Академиях наук союзных республик. –М., 1983. Стр.13.



«Термин *унификация* употребляется в постановлении об унификации терминологии на языках народов СССР» – деп көрсетеді Ю.Д.Дешериев өз мақаласында<sup>218</sup>. Терминологияны тіларалық біріздендіруге мемлекеттік тұрғыдан айрықша мән берілгендігін бұл істі бүкіл одақ көлемінде үйлестіре отырып жүргізу мақсатымен арнайы қаулы қабылданғандығынан да көруге болады. Ондағы түпкі мақсат – бір тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласындағы қызметін атқаруына мемлекеттік тұрғыдан барынша ықпал ете отырып, жүйелі де жоспарлы жұмыстар жүргізу арқылы көпұлтты құрама елдің тіл мәселесін түбегейлі шешу еді. Кеңестік тіл саясатының көрегенділікпен жүргізіліп отырғандығын, терминологияны біріздендірудің бүкілодақтық деңгейде орыс тілін үлгі етіп ала отырып жүзеге асырылып жатқандығының дұрыстығын және бұл үрдістің солай жалғастырыла беруі қажеттігін әр қырынан дәлелдеуге ат салысқан ғалымдар Мәскеуде де ұлттық республикаларда да аз болмағаны белгілі. Мәселен, мәскеулік ғалым Р.Г.Котов терминологиялық тасқынның ғылым мен техникадағы, басқару саласындағы қарым-қатынасты едәуір қиындатқанын, көп тілді елдегі мұндай кедергінің туындауына тілдік бөгеттің (языковой барьер) үлкен тосқауыл болып отырғанын, оны жою керектігін айта келіп, былай дейді: «Таким образом, проблемы развития и упорядочения терминологии оказываются тесно связанными с актуальными информационными проблемами современного общества, среди которых важное место занимает проблема преодоления языковых барьеров»<sup>219</sup>.

Әрине, көпұлтты елде тілдік бөгеттің шешімін күтетін әлеуметтік лингвистикалық күрделі мәселе ретінде көрініс беруі табиғи нәрсе. Ғалымның бұл мәселені терминологияны дамыту және реттеумен тығыз байланыста шешуі қажет деуі де орынды. Алайда мәселенің үлкені сол терминологиялық жұмыстарды жүргізу барысында қай тілдің мүддесі көзделіп отырғандығында.

Ғалымдардың алға тартқан дәлелдері мен ұсыныс-пікірлерінен біріздендіру жұмыстарын қандай мақсатпен, қай бағытта жүргізу көзделгенін көруге болады. Жалпысоветтік терминологиялық қор құру мақсатын көздеген терминологияны біріздендіру жұмыстары мемлекеттік тұрғыдан қолдау тауып, ғылыми-әдістемелік негізде бір орталықтан үйлестіріле жүргізіліп отырғандықтан едәуір жетістіктерге қол жеткізді. Оған 70-80 пайызын орыс терминологиясымен ортақ терминдер құрайтын біздің терминологиялық лексикамыз бен біз тәрізді одақ құрамында болған көптеген халықтардың терминологиялық қоры құрамына қарап-ақ көз жеткізуге болады.

Ендігі жерде терминологияны біріздендіру жұмысы қалай, қай бағытта жүргізілуі қажет деген мәселеге келсек, бұл жұмыс мемлекеттік мәртебеге ие

218 *Дешериев Ю.Д.* Проблемы универсализации (интернационализации) терминологии в условиях развития национально-русского двуязычия (применительно к развитию языковой жизни советского общества). В книге: Проблемы разработки и упорядочения терминологии в Академиях наук союзных республик. –М., 1983. Стр.33.

219 *Котов Р.Г.* Развитие терминологии и информационные потребности современного общества//Проблемы разработки и упорядочения терминологии в Академиях наук союзных республик. –М., 1983. Стр.39.

болған қазақ тілінің мүддесін көздей отырып жүзеге асырылуы керек екендігі дау тудырмайды. Қоғам өмірінде болған саяси, тарихи-мәдени өзгерістерге байланысты көптеген жаңа терминдер жасалды және кезінде орынсыз шеттетілген бірқатар терминдер терминологиялық лексикамызға қайта қосылды. Оған жоғарыдағы Қошке Кеменгерұлының сөздігінен алынған мысалдағы *отаршылдық, отаншыл, отаншылдық, сарапшы, зиялы, дәріс, дастан, шендестіру, әкім, әкімдік, әдістеме* атауларының тілімізде кеңіне қолданыс тауып жүргендігі, тіпті кейбіреулерінің ресми бекітілген термин ретінде терминологиямыздан орын алғандығы дәлел бола алады.

Біріздендіру жұмысы ең алдымен, ұғым мазмұнын дәл бермейтін, терминге қойылатын талаптарға сай келмейтін атаулардан арылып, сәтсіз жасалған баламалар мен терминологияда ретсіздік туғызып, жарыса қолданылып жүрген нұсқаларды сараптан өткізіп, солардың бірін тілде орнықтырудан бастау алуға тиіс. Сондай-ақ тілімізде арнаулы ұғымды дәл беретін байырғы атауы бола тұрып орынсыз шет тілінің сөзімен алмастырылған немесе сөзжасам, терминжасам тәсілдерін ұтымды пайдалана отырып сәтті жасалған терминдер де ұлттық терминологиялық қордан орын алу қажеттігін назардан тыс қалдыруға болмайды. Термин шығармашылығы терминологияны біріздендіру, жетілдіру жұмыстарымен қатар жүріп жататын үздіксіз процесс болғандықтан, жаңадан жасалып қолданысқа ене бастаған терминдерді іріктеп алумен бірге қажеттілігіне қарай жаңа терминдер жасап, оларды тілде орнықтыруға да көңіл бөлінгені жөн. Бұл жұмыс барлық арнаулы саланың терминдер жүйесін қамти отырып жүзеге асыруды қажет етеді. Яғни тілішілік біріздендіру ісіне жете мән берілуі керек.

Ал тіларалық біріздендіру жұмысы да бұрынғыдай орыс тілін ғана үлгі етіп алып, бір жақты сипат алмай, ғылыми негізделген байыпты бағытты ұстануы керек. Әсіресе, туысқан түркі тілдес халықтар тілдерінің арасындағы терминжасам тәжірибесін бөлісу мен термин алмасу ісін дұрыс жолға қоюдың маңызы өте зор. Ділі мен тілінің ұқсас қырлары, ортақ жақтары мол туысқан халықтардың өзара термин алмасу ісін жолға қоймай, өзгеге тәуелді кезде солардың белгілеп берген қағидаттарын әлі басшылыққа алып, ескі сүрлеуден шыға алмай отыруымызды құптау қиын. Бұл осы саладағы жұмыстардың тиісті деңгейде жүргізілмей отырғанын көрсетсе керек. Тілдік туыстығы жағынан бір топқа жататын өзге халықтар тілдері арасындағы термин алмасу тәжірибесі де ескеріліп, оның ұтымды жақтары бізге үлгі болуы қажет. Бірімізде жоғымызды бірімізден тауып, тілдік байланысымыз бен ғылым саласындағы ынтымақтастығымызды нығайтудың тарихи-мәдени әрі саяси маңызы да зор деп білеміз.

Орыс тілімен және орыс тілі арқылы еуропа тілдерімен арадағы термин алмасу дәстүрі бізде кеңестік кезеңде әбден орныққан деуге болады. Тіпті, термин алмасудың бірден-бір дұрыс жолы ретінде ұсынылды десек, шындықтан ауытқымаймыз. Ол дәстүрден үзілді-кесілді бас тартып, туыстық жақындығы жоқ тілдерден сөз, термин алмасуды тоқтатайық деген жолды ешкім де ұсы-

нып отырған жоқ. Ұлт тілінде термин жасау, тіліміздің ішкі мүмкіндіктерін тиімді пайдалану үрдісі жандана бастады деген соңғы он шақты жылдың көлемінде де еуропа тілдерінен көптеген терминдер тілімізге еніп үлгерді. Ол тілдерден ендігі жерде сөз алуға болмайды деуге де еш негіз жоқ. Еуропа тілдері де өзге тілдер сияқты терминологиялық лексиканы қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде қала беруге тиіс. Тек терминдерді қай тілдерден қандай мөлшерде, нендей тілдік және тілден тыс заңдылықтарға сүйене отырып қабылдайтындығымыздың себептерін ғылыми тұрғыдан анықтап алуға тура келеді. Саяси және экономикалық тұрғыдан ықпалы зор, әскери қуаты күшті, ғылым-білімі өркендеген елдердің тілдерінен термин қабылдау қашанда, қай тілдің де басында болатын құбылыс. Мемлекет нығая түскен сайын мемлекет құраушы ұлттың ғылымды өз тілінде өркендетіп, ақпарат алмасу процесінде өзінің тиесілі орнын алуға ұмтылуы табиғи нәрсе. Біз қазір дәл осы кезеңді бастан кешіріп отырмыз. Қазіргі кезеңде де кешегі кеңестік дәуірдің кемшіліктерін қайталап, терминологияны дамытуда біржақтылыққа ұрынуға жол беруге болмайды. Әлемдік ғылымның даму үрдісіне сәйкес өзге тілдердің терминдер қорын қалыптастырудағы ұстанып отырған бағытын, терминологиясын қалыптастыру тәжірибесін де ескеріп, алайда басқаныкінің бәрін асыл көріп, көзсіз көшіруге ұрынбай, ұлт тілі мен ғылыми-техникалық прогрестің мүддесін ұштастыра жұмыс жүргізгенде ғана мәселе дұрыс шешімін таппақ.

Сонымен қорыта айтар болсақ, тілішілік біріздендіруді де, тіларалық біріздендіру жұмысын да ендігі жерде ескі сарынмен жүргізе беруге болмайды. Тілішілік біріздендіру барысында ұлт тілінің ішкі мүмкіндіктері сөз жүзінде емес, іс жүзінде барынша кәдеге жаратылуы керек. Барлық лексикалық қабаттарды терминологияны қалыптастырудың ішкі көзі ретінде, ал сөзжасам, терминжасам тәсілдерін тіліміздегі термин жасаудың жолы ретінде кәсіби шеберлікпен пайдалану арқылы ғана ғылыми-техникалық терминдер қорын ұлттық тіл негізінде қалыптастыра аламыз. Ал тіларалық біріздендіру ғылым мен техниканың өркендеуі немесе мемлекеттердің саяси және экономикалық ықпалдылығы сияқты тілден тыс (экстралингвистикалық) факторларға ғана негізделмей, тілдердің туыстығы мен құрылымдық ұқсастығы тәрізді таза тілдік (лингвистикалық) факторларды да ескере отырып жүргізілуі қажет. Сонда бізде терминологияны қалыптастыруда кеңестік кезеңдегідей орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы қабылдаудан басқаны білмейтін біржақтылық орын алмайды. Терминологиялық қорды қалыптастырудың сыртқы көзін қажеттілігіне қарай сұрыптап пайдалануға, терминді қандай тілдерден қабылдаудың тиімділігін анықтап, оларды елеп-екшеп алуға да мүмкіндік туындайды.

## II ТАРАУ

ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ «БАЙТҰРСЫНОВ  
КЕЗЕҢІНДЕГІ» ДАМУ БАҒЫТЫ

(1910-30 жылдар )

**А**.Байтұрсынұлының 125 жылдығына арналған ғылыми жинақтың жауапты редакторы, филология ғылымдарының докторы Е.Жанпейісов: «Жиырманшы ғасырдың алғашқы қырық-отыз жылы – қазақ өркениетінің ең бір қарқынды дамыған, гүлденген тұсы. Олай дейтініміз: ұлт мәдениеті, үлкен әдебиет, қазақтық ғылым, білім де – бәрі шын мәнінде осы кезде ірге көтере бастады. Бәрінің де кейін қаз тұрып кетуіне, қалыптасуына Ахмет Байтұрсынұлы тікелей мұрындық болды. Сондықтан да осы қырық-отыз жылды қазақ өркениетінің «Байтұрсынұлов дәуірі», «Байтұрсынұлов ғасыры» десе де болады» –депті.

Дәл осы сөз болып отырған кезеңде қазақ тіл білімінің ғылым ретінде іргесі бекіп, ұлттық ғылыми терминологияның негізі қаланды. 1910-1930 жылдар аралығын еш талассыз қазақ терминологиясы дамуының «Байтұрсынұлы кезеңі» деуге толық негіз бар. Өйткені ғасыр басынан 30-жылдарға дейінгі қазақ терминологиясының дамуы Ахмет Байтұрсынұлы есімімен тығыз байланысты. Өйткені ол өзі жүздеген терминдер жасап, оларды қолданысқа енгізіп, ұлт тілінде термин жасаудың үлгісін көрсетті. Қазақтың ғылым тілінің, ұлттық терминологиялық қорының қалыптасуына Аханның өзі тікелей басшылық етті.

Байтұрсынұлов кезеңінде қазақ тілі білікті ұлттық кадрлардың арқасында ғылыми-техникалық прогреске шапшаң икемделіп, лап берген терминдер тасқынына тойтарыс беріп, оларды игеруге мүмкіндігі мол тіл екендігін дәлелдей бастаған болатын. өкінішке қарай, өктемдік етушілерге осы бағыт үрей туғызғандықтан да оған күшпен тосқауыл қойылды. Ал кейінгі жаңа заман талабына толық сәйкес келетін бағыт қазақ терминологиясын бүгінгідей жағдайға жеткізіп, термин жасаудан гөрі дайын терминдерді қорытпай қабылдай беруге үйретті.

Тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болған бүгінгі таңдағы термин жасаудағы жаңа үрдіс ХХ ғасыр басында болған құбылысқа өте ұқсас. Айырмаса – онда қазақ жұрты ғылым әлеміне енді аяқ басқан болса, қазір ғылыми-техникалық прогрестің бел ортасында жүрміз. Алғашқы кезеңде А.Байтұрсынұлы бастаған ғалымдар термин жасау принциптеріне келісіп, бір бағытта жұмыс істеген болса, бүгін олай болмай отыр. Оның себептері жеткілікті. Ең алдымен, лек-легімен өзгеріссіз қабылдап алған мыңдаған терминдеріміз бір-екі ұрпақтың санасына сіңіп, оқулықтар мен ғылыми әдебиеттерде

әбден орнығып, құлағымызға үйреншікті естіліп, көзімізге ыстық көрінетін дәрежеге жетті. Сондықтан да оларды шаң жуытпай қорғаушылардың табылуы табиғи нәрсе. Оған таңданудың қажеті жоқ. Бұл тек лингвистикалық қана емес, психолінгвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық та мәселе болып табылады. Сол себепті терминологияны жетілдіру, реттеу жұмыстарын жүргізу кезінде мәселенің осы қырына да міндетті түрде мән беруге тура келеді. Екіншіден, термин жасаудағы тәжірибеміздің жеткіліксіздігінен, өзіміз қазақ тілі бай тіл деп дәлелдегенімізбен, іс жүзінде сол байлық пен тіліміздің сөзжасам тәсілдерін А.Байтұрсынұлдары тәрізді шебер пайдалана алмауымыздан (немесе термин жасау ісінде тіліміздің мүмкіндігін сарқа пайдалануға дағдыланбағандығымыздан) және әлі де кезінде саяси себептермен өзге тілдің мүддесіне лайықталып жасалған қағидаттарынан шыға алмай отырғандығымыздан да термин жасау ісі бізде қазір де жоғары кәсіби деңгейде жүргізіле алмай келеді. Қазіргі ғалымдарымыз бен салалық мамандарымыздың бәрі бірдей ғасыр басындағы қазақ зиялылары сияқты ана тілін жетік білмейтіндігі, ана тілінің уызына жарымағандықтан да оны термин шығармашылығында пайдалануға қабілетсіздігі тағы бар. Оның сыртында, күні кеше ғана кеңестік терминологиялық қор қалыптастыру қағидаттарының дұрыстығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге тікелей атсалысып еңбектер жазған қазіргі аға буын ғалымдардың кейбір өкілдері мен солар тәрбиелеген жас мамандар терминологияның жаңа бағытта дамуына, оның өткеніне бүгінгі күн тұрғысынан жаңаша баға берілуіне аса мүдделілік танытып отырған жоқ. Қайта керісінше, қазіргі терминология саласында орын алып жүрген кейбір кемшіліктерді барынша дабырайтып көрсетіп, «адасып барамыз», «кеше бәрі де жақсы еді, бүгін соны бүлдіріп жатырмыз» деген пікірдің орныққанын қалайтындар да табылып қалады.

Қалай болғанда да қазіргі термин жасау ісіндегі жаңа үрдісті біз мүмкіндігі шектеліп келген тіліміздің еркіндікке ие болған тұстағы жаңа қарқыны, табиғи құбылыс деп танимыз. Тәжірибесіздік пен жауапсыздық салдарынан сәтсіз жасалған терминдердің лексикалық қорымызға енуіне жол бермеу дұрыс. Алайда ондай терминдерді мысалға ала отырып, бұл үрдістің астарынан пуризм іздеп, ұлт тіліндегі термин шығармашылығына қалайда тосқауыл қоюға ұмтылушылардың қарекетін құптауға негіз бар деп айта алмаймыз. Жаңадан жасалып жатқан терминдердің арнаулы ұғымды дәл бере алатындарын іріктеп алып, ресми бекітуге ұсынған жөн. Сәтті жасалғандарын дұрыс саралап алып, олар бекітілгеннен кейін жатсынбай, бір ізді қолданып, қалыптасып кетуіне мүмкіндік туғызсақ, төл терминологиямыздың ұлттық сипаты арта түскен болар еді. Тілші ғалымдар мен салалық мамандардың қазіргі таңдағы міндеттерінің бірі де осы болса керек.

Ана тілінің негізінде жасалынып, терминологиялық жүйеден орын алған терминдердің өзінің жасалуына негіз болған жалпы тілге қайта өту мүмкіндігі мол. Терминологияның ұлттық тілді байытудың бір көзі екенін мойындасақ, шет тілдерінің сөздерін шектен тыс көп қабылдау және оларды тіліміздің

дыбыстық жүйесіне бағындырмау сол бұлақтың көзін бітеумен бірдей. Өзге тілдік қалпын бұзбай қабылданған терминдердің бейтерминдену мүмкіндігі өте төмен. Олар терминологиялық өрістен шыға алмай, арнаулы лексика шеңберімен ғана шектелетіндіктен де терминология мен жалпы лексиканың арасы алшақтай түседі. Нәтижесінде тілдің жалпы лексикасы мен арнаулы лексикасының арасында үздіксіз жүріп жататын табиғи процеске нұқсан келеді. Қазіргі кезде тіл білімінде кейбір белгілі тілші-ғалымдардың жалпы лексика мен арнаулы лексика арасындағы байланыс қандай, терминология әдеби тілдің құрамына кіре ме деген мәселені қоюы жайдан-жай болмаса керек.

Терминология дамуының бұл кезеңінде білім беру мен ғылым саласында қазақ тілінің ішкі ресурстарын, лексикалық байлығын, сөзжасам тәсілдерін барынша пайдалануға айрықша мән беріліп, соның нәтижесінде терминқорымыздың ұлт тілі негізінде қалыптаса бастағаны белгілі. «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 12 тамыздағы санында жарияланған «Қазағыстан оқу кемесеретінің орынбасары Жолдыбайұлы Молдағалимен әңгіме» деп берілген «Қазақ тілін байытамыз» атты шағын мақаладан да сол кезеңдегі терминологиялық жұмыстардың қай бағытта жүргізілгенін көруге болады.

«1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшыландыратын кемесие құрылған. Кемесиенің құрылғаннан бергі жұмысы аз емес. Мыңмыңдаған сөздер қазақ тіліне аударылып, иә қазақ тіліне үйлестіріліп, қазақ тілі байытылды. 1924 жылғы қазақ білімпаздарының сиезі мен биыл Бакудегі түрік тілінің сиезі біздің кемесиенің жұмысын дұрыс тапты»<sup>220</sup>.

Оқу комиссариатының орынбасары дұрыс атап көрсеткеніндей сол жылдарда қазақ тілі, оның терминологиялық қоры байыды, ғылым ұлт тілінде сөйлей бастады.

### **І І.1. Қазақ терминологиясын қалыптастырудағы Ахмет Байтұрсынұлының ұстанған қағидаттары**

Терминологияның қалыптасуы ғылыми еңбектердің, оқулықтардың, терминологиялық сөздіктердің жарық көруімен, олардың өзге тілдерден аударылуымен және қабылдануымен тығыз байланысты. Бізде қазақ тілінде жазылған ондай еңбектердің ХХ ғасырдың бас кезінде көптеп жарық көре бастағаны белгілі.

Осы кезеңде қазақ тілінде алғашқы оқулықтар мен түрлі деңгейдегі ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектер жазып, бұл істің басында тұрған А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Күдерин, Е. Омарұлы, С.Қожанұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, Н.Төреқұлұлы, Ғ.Қараш, К.Жәленов, Т.Шонанов сияқты қазақ зиялыларының салалық терминологияның қалыптасуына өзіндік үлестерін қосқандығы бүгінде жұртшылыққа

220 Қазақ тілін байытамыз//“Еңбекші қазақ”, 1926 жылғы 12 тамыз. (Қазағыстан оқу кемесеретінің орынбасары Жолдыбайұлы Молдағалимен әңгіме)

жақсы таныс. Оған аттары аталған зиялылардың еңбектерінде кездесетін, бүгінгі терминқорымыздан берік орын алған көптеген ғылыми атаулар куә бола алады. Соңғы он-он бес жылдың көлемінде тілші-ғалымдар мен әртүрлі сала мамандары тарапынан ХХ ғасыр басындағы қазақ әдеби тілінің, терминологиясының дамуы жөнінде, бұрын аттары аталмай келген қазақ зиялыларының шығармашылығына арналған бірқатар ғылыми еңбектер, мақалалар жазылды. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты 1999 жылы Аханның 125 жылдық мерейтойына арналған «Ұлттық рухтың ұлы үні» деп аталатын көлемді ғылыми жинақ шығарды. 1998 жылы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі ғалым мерейтойына арналған республикалық конференция өткізіп, оның материалдарын да жинақ түрінде жариялады. Ахаң мұраларына арналған тілші, әдебиетші, тарихшы ғалымдардың, жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің өзге де көптеген еңбектері жарық көрді. Ахметтану бағытындағы ондай зерттеулердің әлі де жалғасын таба берері сөзсіз. Халқына адал қызмет еткен тұлғаларымыздың еңбектерін зерттеп, олардың шығармашылығымен тереңірек танысқан сайын ұлтымыздың рухы биіктеп, ғылыми санамыз жетіле түсеріне ешкім де күмән келтірмесі анық. Ұлтқа қызмет етудің үлгісін іздегенде, «халықтың ары», «ұлттың намысы» атанған Ахаңа, алаш зиялыларына жүгіне беретініміз де сондықтан болса керек.

Кез келген ғылымды оқып білу, меңгеру немесе оны өзгелерге үйрету сол ғылым саласында қолданылатын арнаулы ұғым атауларыңыз мүмкін емес. Қазақ тіл білімінің негізін қалаған ғалым ретінде А.Байтұрсынұлы осы ғылым саласындағы негізгі ғылыми ұғымдардың атауларын да алғаш жасаған.

Ғылыми ұғымдарға ат қою өте күрделі жұмыс. Ол үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық процесс. Онымен қоса, арнаулы ұғымдарға ат қою кезінде ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет. Атаудың ықшам болуы, бірмағыналылығы және ұғым мазмұнын қамтуы сияқты талаптар тағы бар. Осындай талаптарды мүлтіксіз орындаудың қиындығы терминдерді ана тілінде жасаудан гөрі көп жағдайда оны ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған өзге тілдерден дайын қалпында ала салуға (яғни, жасауға емес қабылдауға) мәжбүр ететін себептердің бірі. Бұл тұрғыдан келгенде, А.Байтұрсынұлы қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткен ғалым.

А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» (қазақша әліппе) өзінен *буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп)* сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Ал 1914-1915-жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше дүркін басылып тұрған «Тіл-құрал» оқулықтарында (қазақ тілінің сарфы) әбден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген және қолданыла беруге тиіс *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ* сияқты жүздеген терминдердің кездесетіні белгілі. Бұл терминдердің терминге қойылатын



талаптарға жауап беретіндігін дәлелдеп жату артық, өйткені олар уақыт сынынан өтіп, тұрақты қолданылатын дәрежеге жетті.

Мұнда ең басты атап айтатын нәрсе – А.Байтұрсынұлы бір топ терминдерді ғана емес, бүкіл бір ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын, дәлірек айтқанда, терминдер жүйесін жасаған. Ғылымның дамуына орай ұғымдар жүйесінің ұлғайып отыруы табиғи құбылыс. Ахаң қалыптастырған терминдер жүйесі де қазақ тіл білімі дамыған сайын жаңа элементтермен толыға түсуде.

**А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты да көптеген терминдер жасаған ғалым.**

Кезінде А.Байтұрсынұлы пуристік бағыт ұстады деп, ол жасаған терминдердің біразы қолданыстан шеттетілгені белгілі. А.Байтұрсынұлының лингвистикалық терминдерін оқытуға арналған көмекші құрал жазған Ш.Жалмаханов Ахаңның «Тіл – құрал» оқулығының әр жылғы басылымдарында 310 терминнің қолданылғанын солардың ішінде 118-і (38,5%) қазіргі тіл білімінде қолданылып жүр де, 192-сі (61,5%) қолданылмайды деп көрсетеді.<sup>221</sup>

Оның қаламынан туындаған терминдердің көпшілігі мақсатты түрде қолданыстан шеттетілгеніне қарамастан, Ахаң жасаған терминдердің елеулі бөлігі өзінің өміршеңдігін танытып келеді. Ал кезінде арнайы шеттетілген терминдердің арасында сұрыптап алып, бүгінде қайтадан қажетімізге жаратуға болатындары да аз емес.

Әдебиетші ғалым, академик Р.Нұрғалиев Ахаңның еңбегіне жазған алғы сөзінде «сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап саралауға мүмкіндік беретін *сауықтама, зауықтама, сарындама, салттама, ғұрыптама, қалыптама* деген терминдер қазіргі ұғымымызға өзі сұранып тұр»<sup>222</sup>– дейді.

Шындығында да А.Байтұрсынұлы жасаған ондай терминдерді құнттап қолдана білсек, талай терминдеріміз қазақы қалпына келіп, терминологиямыздың ұлттық сипаты арта түскен болар еді.

Белгілі тілші ғалым Р.Сыздықованың «... жалпы мәдениетке, тарихқа қатысты әлеуметтік терминдердің де көпшілігі Байтұрсынов қаламынан туып, қазір авторы ұмытылып, жалпы халықтық кәнігі сөздер болып кеткендігін де айту керек»<sup>223</sup> – деген пікірі де айрықша назар аудартады.

Жалпы алғанда, Ахаңның термин шығармашылығында лексика-семантикалық тәсілден гөрі морфологиялық және синтаксистік тәсілдерді көбірек пайдаланғандығы аңғарылады. Ш.Жалмаханов жоғарыда аталған еңбегінде «Ахаң пайдаланған терминдердің ішінде ең көп қолданылғаны

221 Жалмаханов Ш. А. Байтұрсынұлы – қазақ лингвистикасы терминдерінің негізін салушы. – Қарағанды, 1997. 3-б.

222 Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек // А. Байтұрсынов. Ақ жол. – Алматы, 1991. – 13 бб.

223 Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов // Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 33-б.



күрделі тұлғалы терминдер – 245, ал дара тұлғалы терминдер – 65, оның 20-сы түбір сөзден, 45-і туынды сөзден болған» – дейді. Мұны кездейсоқ нәрсе деуге болмайды. Ғалым ұғымдар жүйесінің ерекшелігін терең түсіне отырып, әр ұғымның көлемі мен мазмұнын дәл қамтитын атау жасауды көздеген. Яғни, әр ұғымның өз таңбалаушысы болуына мән бергендігі байқалады. Сондықтан да ол аталған тәсілдерді пайдалану арқылы көптеген жаңа терминдер жасаған.

**А.Байтұрсынұлы жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға.**

Ғалымның терминжасам тәсілдерін көрсетіп, оларды пайдалана отырып, 1910 жылдардан бастап тіл білімі, әдебиет ғылымдарының терминологиясын, өзге арнаулы салаларға қатысты терминдер жасауы — ғасыр басындағы өзге ғылым салалары бойынша оқулықтар мен түрлі ғылыми еңбектер жазған авторларға таптырмайтын үлгі болды. А.Байтұрсынұлының кейбір термин жасау үлгілерін (модельдерін) немесе ұлт тілінде бұрыннан бар тұлғалас сөздерді терминдік мағынада жұмсаған тәжірибесін кейінгі оқулықтар жазған авторлар салалық термин жасауда пайдаланған. Өзге еңбектеріміздің бірінде біз А. Байтұрсынұлының қаламынан туындаған *тұрлаусыз мүше, тұрлаулы мүше, одағай сөз, сабақтас сөйлем* терминдері Е.Омарұлының көрсетілген оқулығындағы *тұрлаусыз шама, тұрлаулы шама, одағай сан, сабақтас пішін* терминдерінің жасалуына себеп болғандығын, олардың арасындағы сабақтастықты көрсететін басқа да нақты мысалдар келтірген болатынбыз.

Ахаң ұлт ғылымының көшбасшысы Академиялық орталықтың («Акцентр») тұңғыш төрағасы, өзге тілдерден енген терминдерді ұлт тіліне аударып, термин жасап, қазақ терминологиясын қалыптастыру үшін 1922 жылы құрылған комиссияның төрағасы ретінде ғылым тілінің даму үрдісін белгілей отырып, терминқорымыздың ұлт тілі негізінде жасалуына өлшеусіз үлес қосты.

Ғалымның тіл білімпазы ретінде қазақ тілінде термин жасаудың үлгісін көрсете отырып, ғасыр басындағы термин жасау ісіне тікелей ықпал еткен зор тұлға екендігі оның ұлттық терминқорымызды қалыптастыруда қандай қағидаттарды басшылыққа алу керектігін белгілеп бергенінен де көруге болады.

**А.Байтұрсынұлы XX ғасырдың басындағы қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы, яғни қазақ терминологиясының тұңғыш ғылыми қағидаттарын жасаушылардың бірі.**

1924 жылдың маусым айында Орынборда «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің 1-съезі» болып, онда қазақ терминологиясын қалыптастырудың алғашқы қағидаттары бекітілді. Съезде терминологияны қалыптастырудың басты қағидаттарын белгілеу жөніндегі баяндаманы Елдес Омарұлы жасады. «Қазақша пән сөздер тақырыпты Елдестің баяндамасы» негізінде сиез қаулы қабылданды.

Ол қағидаттар мыналар:

1. Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатын болсын. Қазақша сөздерден түбірге жұрнақ жалғап, жаңа сөз шығарғанда, - жұрнақтарды Елдестің баяндамасында айтылған жолмен талғап алуға тиіс.

2. Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрік халықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер – жалпы түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, – ондай сөздер жатырқамай алынсын.

3. Иауропа халықтарының бәрінің де тіліне сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің заңдарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын, - жалпы Иауропа сөзі мен қазақша сөз түбінде екеуі қатар жазылып отыратын болсын;

4. Қазақтың өз тілінен басқа тілдерден алынған пән сөздер қазақ тілінің баяндамада көрсетілген заңдарынша өзгертіп алынсын.

5. Қазақша пән сөздерін тексеріп қабылдап алатын орыс, қазақша ілім кеңесі, – жалпы қазақ халқы үшін жалғыз болсын; пән сөздер әуелі ілім кеңесінің жанында өз пәнінің мамандарынан сайланған, өз пәнінің өзіне дербес кемесиелерде тексерілетін болсын; Кемесиенің қабылдап алған сөздері баспасөз жүзінде жарияланып, көптің сынына түскеннен кейін, ілім кемесиесінің қарауына тапсырылып, сонда бекіп шығатын болсын;

6. Қазақша сөздер әліпби ретімен тізіліп, лұғат кітебі болып жазылып шығарылсын.

Бұл қаулыға қосымша есебінде, Әлиқанның: қағаз бетіне кісінің аты-жөнін жазғанда, орысшаға еліктеп, әкесінің атына «оп» деп қосып жазу қалсын – деген ұсынысы тіркелді.

Е.Омарұлының баяндамасында ұсынылған жобаға Нәзір Төрөқұлұлы, Манан Тұрғанбайұлы, Халел Досмұхамедұлы, Ишанғали Арабайұлы сияқты сиез делегаттары өз тараптарынан пікір білдіріп, ұсыныстарын енгізген. Қабылданған қаулыда сол ұсыныс-пікірлердің де ескерілгенін айту керек.

1924 жылы сиезде жасалған баяндамада көрсетілген қағидаттарды Е.Омарұлы өзі ғана дайындады ма, ол баяндама Ахандармен ақылдаса отырып термин комиссиясының атынан жасалды ма, нақты деректерді кездестірмегендіктен ол жайында кесімді пікір айту қиындау. Бірақ термин комиссиясының сол кездегі төрағасы А.Байтұрсынұлының ол жобамен сиезге ұсынылғанға дейін таныс болмауы, оған ат салыспауы мүмкін емес сияқты. Жобаны талқыланған кезде оған Аханның араласпауы да осындай ойға жетелейді. Осы жайттарды және сол кезеңдегі бүкіл терминологияны қалыптастыру ісінің басы-қасында Аханның жүргенін, жетекшілік жасағанын, термин жасаудың үлгісін көрсеткенін және сиез бекіткен қағидат негізінде біршама толықтырылып, жүйеленген терминология қағидаттары жөніндегі баяндаманы Бакуде өткен Бірінші бүкілодақтық түркологиялық құрылтайда А.Байтұрсынұлының жасағанын ескерсек, оның бұл іске тікелей қатысы болғанын, қосқан үлесінің үлкен екенін көруге болады. Ондағы Аханның ұсынған қағидаттары мыналар:

**«А) Ең алдымен термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін**

**қазақ сөздерін алу.** Бұл қазақ тілінің жоғарыдағылар мен төмендегілердің, дәлірек айтқанда сауаттылар мен сауатсыздардың тілі болып жіктелмесі үшін керек. Қай жерде және кім бастырып шығарса да баспа өнімдері, газет-журналдар, кітапшалар пайда әкелуі үшін, тіл қалың көпшілікке түсінікті болуға

тиіс. Сонда аз ғана пайызды құрайтын сауаттылар көптеген сауаты жоқтарға қызмет көрсете алады.

**Б) Ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда оларды туыстас тілдерден алу.** Олай етуіміздің себебі: 1) туыстас тілдердің көптеген сөздерінің тұлғалары бірдей болмаса да олар ортақ түбірден тараған, сол себепті туыстас емес тілдердің сөздеріне қарағанда оларды түсіну жеңіл және естігенде де айқанда да бөтен болып сезілмейді; 2) түркі халықтары қашанда өзара қарым-қатынаста болған және бола да береді, сондықтан да бір тілдің көптеген сөздері ортақ түбірден өрбімесе де өзге тілдің тұтынушыларына таныс болуы мүмкін.

**В) Жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек.** Оларды алмастыруға болатын қазақ сөздері болған жағдайда таңдауды қоғамның өзі жасауы үшін, екеуі де қатар алынуға тиіс. Жаппай қолданылатын деп біз араб сөздерін емес, қазіргі кең тараған еуропа сөздерін айтып отырмыз. Араб сөздеріне қарағанда оларға басымдық беріп отыруымыздың себебі біз қазір араб емес еуропа мәдениетіне ден қойып отырмыз. Еуропа мәдениетінің барлық жетістіктері тұтастай еуропа тілдерінде атала алады. Алайда кірме терминдер біздің қазақ тілінің айтылуына бағынуға тиіс, яғни оларға тілдің қалыпты артикуляциясынан бастау алатын біздің тіліміздің дыбыстық заңдылықтары үстемдік етуі (таратылуы) керек. Шет тілдерінің сөздерін өзіміздікі ету үшін, бұл міндетті түрде солай болуы қажет.

**Г) Қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін барлық өзге тілдердің сөздері дәл қазақтың айтуына сәйкес өзгертілуі керек.** Бұл дегеніміз, біріншіден, құрамында қазақ тіліне жат дыбыстары бар барлық сөздердің тиісті төл дыбыстарымызбен алмастырылады, екіншіден, кірме сөздердің жұрнақтары қазақ жұрнақтарымен алмастырылады, үшіншіден, қосарлы дыбыстардың біреуі ғана қабылданады, төртіншіден, қазақ тіліне жат қосымшалар Оренбург – Орынбор, Самара – Самар, пуховой – бөкебай, покров – боқырау, Адамовский – Адамау т.б. сияқты тілге қажетті талап шеңберінде өзгертілуге тиіс».

А.Байтұрсынұлы құрылтайға қатынасушыларға осы принциптерді таныстыра отырып және өзге түркілердің де ғылыми терминологияны қалыптастыруда оларды басшылыққа алса дұрыс болатындығын айта келіп, өз ойын былай түйіндейді: «Этим путем каждый из нас, разгрузив свой язык от балласта чужих слов и отчистив его от засоренности влиянием чужого языка, сделали бы доступными произведения своей печати и своей народной массе и другим тюркским народностям»<sup>224</sup>.

Осы түрікшілдер құрылтайының күн тәртібіндегі 14 мәселенің 6-сы терминология мәселелері болғанын, онда қандай баяндамалар жасалғанын Ахан өзінің «Жаңа мектеп» журналына жазған мақаласында көрсеткен болатын. «**6) Пән сөздерінің жүйесі туралы.** Баяндамашылар: Шобан зада профессор мен Зиенат деген. **Түрік тілінің пән сөздері туралы.** Баяндамашылар: Зайналы, Одабаш, Байтұрсынұлы»<sup>225</sup>.

224 Байтұрсынұлы А. Шығармалар. – Алматы, 1989. –141-б.

Ескерту: Жоғарыдағы қағидаттар А.Байтұрсынұлының 1926 жылы Бакуде сиезде жасаған орысша баяндамасындағы орысша нұсқасынан аударылып беріліп отыр.

225 А.Байтұрсынұлы. Түрікшілдер құрылтайы. «Жаңа мектеп», 1926, №7-8, 43-50бб.

Бірнеше елдердің көрнекті тілші-ғалымдары жиналған халықаралық мәртебеге ие бұл алқалы жиында қазақ тілінің терминдері, түрік терминологиясы жөнінде ғылыми баяндама жасап, терминологияның даму бағытын белгілеуі, өзге түркілерге біздің жолымызды ұсынуы, олардың терминологияны қалыптастырудағы кемшіліктерін атап айтуы - Ахаңның кең ауқымды түрколог ғалым екендігін көрсетеді.

Бұдан ғұлама ғалымның қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаумен қатар, бүкіл түркі халықтары терминологиясының дамуына көңіл аударып, термин жасауда ортақ қағидаттар ұстану арқылы туыстас халықтардың өзара ғылыми және рухани-мәдени, тілдік байланыстарының тереңдей түсуін көздегенін көруге болады. Бірінші бүкілодақтық түркологиялық құрылтайда жасаған баяндамасында А.Байтұрсынұлы қазақ білімпаздарының 1924 жылғы сиезінде қаулымен бекітілген терминологияны дамыту қағидаттарын өзгелерге үлгі ретінде ұсынды. Оның бұл ұсынысы құрылтайға қатысушы түркітілдес елдерден келген ғалымдар тарапынан да қолдау тапты.

**Сол жол басқа түріктер қолдануына да теріс болмас делінді. Құрылтай қарары да осы негізді болды.** (*Қою әріппен ерекшелеген біз – Ш.Қ.*) Бірақ жалғыз қазақ емес, басқалар да қолданатын болғандықтан, біздің қолданған тәртібімізге қосқандары мынау болды: түрік жұрттары тілдерінің жақындығына қарай топталып бөлінсін, пән сөз топ ішіндегі жұрттардың бәріне ортақ түрде алынсын.

1-ші басқыштағы мектептерде қолданатын пән сөздер әр жұрттың өз тілінен алынуы абзал; 2-ші басқыштағы мектептерде қолданылатын топқа ортақтастырып алған пән сөздер болсын. Жоғарғы мектептерде әлемге жайылған Европа пән сөздері қолданылсын делінді» ( сонда. 413-б.).

Жоғарыда атап көрсетілген «Молдағали Жолдыбайұлы мен әңгіме» деп берілген «Қазақ тілін байытамыз» атты шағын мақалада сол кезеңде термин жасаумен кімдер айналысқандығы және өзге тілдерден термин қабылдауда қандай қағидат басшылыққа алынғандығы, осы істі жүзеге асырудағы Ахаңның рөлі атап көрсетіледі.

Жат сөздер қазақ тіліне сол күйінде алына берсе, жұртшылықтың олардың мағынасын түсінбей, тек дағдылы түрде салдырлатып айта беретіндігі туралы сөз бола келіп, былай делінеді:

«Жат сөздер қалай алынады?

Алдымен, жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзі алынады. Оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түрік сөздері алынады. Түрік сөздері де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріліп, ауропа сөздері алынады.

Ескерту: Бұл мақаланың қазіргі жазуға көшірілген нұсқасы 1992 жылы Р.Сыздықова мен Ш.Сарыбаевтардың редакторлығымен жарық көрген «Тіл тағылымы» атты А.Байтұрсынұлы еңбектерінің жинағында (411-416 беттерде) берілген.

Кемесиеле қазақ тіліне жетік 5-6 қазақ қызметкерлері жұмыс істейді. Оның үстіне кемесиенің жұмысына түрлі білімнің басын ұстаған мамандар қатыстырылады. **Кемесиенің ағасы қазақ елінің әсіресе тіл заңына жетік оқымысты данышпаны Байтұрсынұлы Ақымет.** (қою әріпен ерекшелеген біз – Ш.Қ.) Мүшелері партиядағы жауапты қызметкерлер. Кемесиенің қазақ тіліне аударып, қазақ тіліне үйлестіріп алған атаулары газет-журналға басылып, көптің талқысына салынады. Алынған атауларды Қазағыстанның білімпаздар сиезі бекітеді.

Кемесие жұмысының бүкіл қазақ елі үшін маңызы зор. Кемесиенің иждияты мен қазақ тілі байып, мәдениетті тілдер қатарына қосылады. Қазақ елінің ұлт мектебін, ұлт әдебиетін жасауға алдымен қазақ тілінің кедейлігі қамашау. Кемесие шамасынан келгенше осы кемшілікті жоюға тырыспақ. Кемесиенің негізгі мақсаты – қазақ тілін өнер-білімге бейім мәдениетті тіл қылу».

Көріп отырғанымыздай, қазіргі Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының жұмыс тәртібінің, құрамын жасақтаудағы өлшемдердің (критерийлер) сонау 20-жылдардағы Ахаң төрағалық еткен комиссиядан айтарлықтай айырмашылығы жоқ деуге болады. Нақтырақ айтар болсақ, комиссия құрамына қазақ тілін жетік білетін мамандардың, партияның жауапты қызметкерлерінің, әртүрлі сала мамандарының тартылуы, сондай-ақ терминдерді газет-журналдарға жариялап көпшіліктің талқысына салу тәжірибесі бүгінгі Мемтерминкомға да тән сипаттар. Өткен ғасыр басында жаңа жасалған немесе өзге тілдерден аударылып алынған терминдер білімпаздар сиезінде бекітілген болса, бүгін де Мемтерминком қараған терминдерді үкіметтің қаулысымен немесе Парламентте қарап бекіту туралы ұсыныстар айтылып жүр. Бұл фактілер бір жағынан Ахаң басқарған комиссия жұмысының жан-жақты ойластырыла отырып ұйымдастырылғанын көрсетсе, екінші жағынан арада ғасырға жуық уақыт өткеніне қарамастан, оның жұмыс тәжірибесінің күні бүгінге дейін пайдаланылып отырғандығының куәсі.

«Кемесиенің негізгі мақсаты – қазақ тілін өнер-білімге бейім мәдениетті тіл қылу» дегеніне келсек, Ахаң басқарған комиссия мақсатына адал болып қана қойған жоқ, қазақ тілін білім-ғылым тілі ету жолында қыруар іс тындырды. «Байтұрсынов кезеңінде» қазақ тілінде жазылған көптеген оқулықтар мен, оқу құралдары, сөздіктер соның дәлелі бола алады. Оның бәрі азғантай ғана қазақ зиялыларының үлкен қажырлы еңбегінің, мақсаты жұмыстарының нәтижесі. «Қазақша–орысша тілмаш» пен Н.Қаратышқанов құрастырған «Пән сөздерінен» 1931жылы жарық көрген «Атаулар сөздігіне» дейінгі екі тілді және терминологиялық сөздіктер Ахандар ұстанған қағидаттарға сәйкес жасалған.

Ахаң басқарған жылдарда комиссия жұмысының нәтижелі болғанын Қазақ АССР Оқу Халық Комиссариатының 1921-1923 жылдардағы Академиялық Орталықтың атқарған қызметі туралы есебінен де көруге болады. Онда былай делінген:

«Қазақ өлкесін зерттеу жөніндегі ғылыми жұмыстармен қатар, Академиялық Орталықтың өткен жылдарда екінші бір маңызды жұмысы мынау болды:

а) қазақ ғылыми тілін жасау,

б) жалпы жұртқа түсінікті, саяси әдебиетті қазақ тіліне аудару.

Қазақ ғылыми-әдеби советі өткен жылдарда қазақ тілінің дәл ғылыми терминологиясын жасаумен айналысты, оны жергілікті қазақ баспасөз орындарында жариялап отыру арқылы жалпы жұрттың міндетті түрде қолдануын қадағалап отырды»<sup>226</sup>.

Бұдан Ахаң бастаған қазақ зиялыларының терминдерді жасап қана қоймай, олардың қолданысын, қалыптасып, тілде орнығып кетуіне де ерекше мән беріп, істің барысын қадағалап отырғанын да көруге болады. Олардың бұл тәжірибесін бекіткен терминдерінің елеулі бөлігі әрқелкі қолданылып жатын бүгінгі Мемтерминком жұмысында пайдалануға әбден болады.

XX ғасыр басында басшылыққа алынған бұл қағидаттарды ескіріп қалды дегуге ешқандай негіз жоқ. Кезінде солақай саясаттың салдарынан олардың орынсыз шеттетілгені белгілі. Кейінгі жылдары қоғамдық-саяси өмірімізде болған түбегейлі өзгерістер қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың жаңа қағидаттарын белгілеудің қажеттілігін туғызып отыр. Уақыт талабына сәйкес кейбір толықтырулардың болу мүмкіндігіне қарамастан сонау 20-жылдары Ахаң ұсынған қағидаттар, терминологиялық жұмыстарды жүргізуде басшылыққа алатын жаңа қағидаттар жасауға негіз болатындығы күмән туғызбайды.

Орыстың ғылым тілінің даму тарихын зерттеуші ғалымдар бірауыздан энциклопедист-ғалым М.В.Ломоносовты «орыс ғылыми терминологиясының атасы»<sup>227</sup> – дейтін болса, Қазақстан ғылымының тарихындағы ондай орынды ұлтымыздың бағына туған перзенті, аса дарынды ғалым Ахмет Байтұрсынұлы иеленіп тұр.

## **ІІ.2. Терминология қағидаттары және 20-жылдардағы терминографиялық жұмыстар**

Қазақ терминологиясы дамуының әр кезеңінде жарық көрген терминологиялық сөздіктерді лингвистикалық сараптан өткізіп, олардың жетістіктері мен кемшіліктерін айқындау арқылы терминқорымыздың қалыптасуының дәуірлік сипатын көрсетумен бірге, қазіргі терминжасам тәжірибемізде өткеніміздің ұтымды жақтарын пайдаланып, сәтсіздіктерін қайталамауға мүмкіндіктер туындайды.

Сапалы салалық терминологиялық сөздіктер түзу ісі бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Әр жылдары жарық көрген терминологиялық сөздіктердің жетістіктері мен кемшіліктерін, жасалу принциптерін анықтау - терминография тарихы үшін де алдағы уақытта жасалатын сөздіктердің сапасын арттыру үшін де өте қажет. Ұлт тіліндегі алғашқы терминологиялық сөздіктеріміз өткен ғасырдың 20-30-жылдары жарық көргені белгілі. Бұл тұрғыда

226 Қазақ ССР архиві, фонд 81, опись 1, №56 іс.

227 *Даниленко В.П., Канделаки Т.Л.* Русская терминология// Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. –М., 1986. –Стр.182.

хронологиялық жағынан Н.Қаратышқанұлының «Пән сөздері»<sup>228</sup> ең алғашқы жарық көрген терминологиялық сөздік ретінде көрсетіліп жүр. Сөздікте «Қазағыстан оқу кемесеретінің білім ордасы қабылдаған пән сөздері» қамтылып, 10 000 дана таралыммен 1927 жылы Қызылордада басылып шыққан. Көлемі – 128 бет.

1910 жылдардан 1930 жылдарға дейінгі аралықта А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының ұстанымдарына сәйкес термин шығармашылығының ұлттық сипатта дамуымен ерекшеленетіндігі белгілі. Сол кезеңде жарық көргендіктен бұл сөздік те өз уақытының талабына, терминологияның даму үрдісіне сай жасалған. Дәлірек айтқанда, 20- жылдары ғылымның сан түрлі салалары бойынша қазақ зиялылары жасап, өздерінің ұлт тілінде жазған оқулықтары мен ғылыми еңбектеріне алғаш енгізген және сол кезде шығып тұрған мерзімді баспасөз беттерінде қолданылған терминдер осы сөздіктен орын алды. Сөздікке енгізілген ондай терминдерді Қазақстан оқу комиссариатының білім ордасы бекітіп отырған. Сөздік бекітілген терминдерді көпшілікке таныстырып, оларды мамандардың бірізді қолданылуын мақсат еткен алғашқы құрал болуымен де құнды. Кейін бұл бастама жалғасын тауып, дәстүрге айналды деуге болады. Терминология дамуының әр кезеңінде Мемтерминком бекіткен терминдер жеке сөздік түрінде түрлі авторлардың құрастыруымен үнемі шығарылып келеді.

Н.Қаратышқанұлы құрастырған сөздіктің өзіндік ерекшеліктеріне келсек, ол қазіргі салалық терминологиялық сөздіктер сынды белгілі бір арнаулы саланың ғана терминдерін қамтымайды, оған әскери іс, биология, математика, экономика, іс қағаздары сияқты бірнеше ғылым саласына қатысты терминдер енген. Терминдер қай ғылым саласына қатысты екендігі көрсетілмей, әліпбилік тәртіппен беріледі. Осы сөздіктегі математика терминдерінің берілуі жөнінде С.Елубаев өз мақаласында былай деп көрсетеді: «В 1927 г. В Кызыл-Орде был выпущен первый словарь «Пән сөздері» на арабской графике, составленный Каратышкановым. Словарь охватывает около 300 терминов математического содержания, причем правильные термины составляют почти одну четвертую часть из них. Среди них есть переводные международные и русские термины.»<sup>229</sup>

Кеңес одағында тұратын халықтардың терминологиясын орыс тілінің заңдылықтарын сақтау арқылы барынша халықаралықтандыру қағидатын (принцип максимума международности) ұстанып отырған кезең тұрғысынан қарағанда мақала авторының халықаралық және орыс тілінен енген терминдерді аударуды кемшілікке санап, Н.Қаратышқанұлы құрастырған сөздіктегі математика терминдерінің төрттен бірі дұрыс жасалған еді деген тұжырымын түсінуге болады. Алып мемлекеттің жүргізіп отырған тіл саясатына сәйкес жасалған терминологияны дамыту принциптері әбден орныққан 80-жылдары басқаша пайымдаған күннің өзінде, осылай жазуға тура келер еді. Кеше осындай пікір айтқан ғалымдардың бірқатарының пікірі мүлде өзгеріп, қазір

228 *Қаратышқанұлы Н.* «Пән сөздері» (Қазағыстан оқу кемесеретінің білім ордасы қабылдаған пән сөздері). – Қызылорда, 1927

229 *Елубаев С.Е.* Основные принципы образования терминологии по математике//Қазақ терминологиясының мәселелері. – Алматы, 1986. 91-б.

сол кезде жазғандарына кереғар тұжырым жасап жүргендері де бар. Сондықтан сөздікте қамтылған терминдерге сол кезеңнің өзіндік ерекшелігін, уақыттың талап-тілегін ескере отырып, объективті баға берген дұрыс.

Сол кезеңде Ахаң бастаған ұлт зиялылары термин шығармашылығында ең алдымен, өзге тілдің атауларына өз тілімізден балама табу, екіншіден, лайықты қазақ сөзі табыла қоймаған жағдайда түркі тілдерінен сөз алу, ондай да мүмкіндік бола қоймаған жағдайда еуропа тілдерінің сөздерін қазақ тілінің заңдылықтарына бағындырып қабылдау қағидаттарын басшылыққа алғаны белгілі. Әңгімемізге арқау болып отырған сөздік аталған кезеңде жарық көргендіктен, әрі онда қамтылған терминдер аталған қағидаттарға жүгіне отырып термин жасаған авторлардың еңбектерінен алынып бекітілгендіктен, одан сол уақыттағы термин шығармашылығының барысын анық аңғаруға болады. Оны білу бізге бір жағынан қазақ терминографиясының тарихы үшін қажет болса, екінші жағынан, терминжасам тәжірибеміздің кешегісі мен бүгінгісін салыстыра саралау арқылы оның дамуының ертеңгі бағыт-бағдарын белгілеу үшін де керек.

Өзге тілдерден (негізінен еуропа халықтарының тілдерінен) қабылданған терминдер қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп алынған. Мысалы, **абгамат** (автомат), **алжебір** (алгебра), **әкті** (акт), **әксие** (акция), **атым** (атом), **бәктері** (бактерия), **глицерин** (күлсерен), **депезет** (депозит), **мекрепон** (микофон), **негетіб** (негатив), **пұркерел** (прокурор), **іренті** (рента), **іспектір** (спектор), **қылор** (хлор), **сипыр** (цифра) т.б.

«Пән сөздерінде» кездесетін көптеген атаулар сол кезден бастап тілдік қолданысымызға еніп, ұлт тілінде жасалған терминқорымызды байытты. Мысалы, **алқа** (коллегия), **аталық** (тычинка), **әсірелеу** (гипербола), **баяндама** (доклад), **болмыс** (бытье), жазықтық (плоскость), **жәбірленуші** (потерпевший), **көшірме** (выписка), **күлте** (венчик), **қаулы** (постановление), **қолқа** (аорта), **дәріқана** (аптека), **тергеуші** (следователь), **нұсқау** (инструкция), **нұсқаушы** (инструктор) т.б.

Бұлар Мемтерминком тарапынан әр жылдары бекітілгенмен тілдік қолданыстан шығып қалған жоқ.

Сөздікте берілген атаулардың бірқатары кейінгі кеңес халқына ортақ терминқор құруды мақсат еткен кезеңде негізсіз шеттетіліп, 30 жылдардан бергі уақытта шыққан сөздіктер мен оқулықтарға енгізілмеді. Кеңестік жүйенің ұстанған тіл саясатын қолдау арқылы «прогресшіл жаңа бағытты» ұстанушы басшылыққа жағуды көздеген немесе кеңес идеологиясымен ұланып, құйтырқы саясаттың астарына үңіле алмаған кейбір қазақ оқығандары ол терминдерді алаш зиялыларының «көзіндей көріп», қайткенде тілдік айналымнан аластауға тырысты. Бұл бағытты ұстанушылар орыс жазуына көшуді, орыс сөздерін олардың дәл өздеріндегідей етіп өзгеріссіз жазуымыз үшін әліпбиімізге орыс әріптерін енгізуді, орыс тіліне негізделген совет халқына ортақ терминқор құру арқылы бәрімізге ортақ ғылым тілін жасауды көздеді. Ахаң бастаған алаш зиялылары қазақтың ғылым тілі ұлт тілі негізінде жасалып, терминқорымыздың (пән сөздеріміздің) негізгі бөлігін өз тіліміздің



заңдылықтарына сай жасалған төл терминдеріміз құрауы қажет, өзге тілден қабылданған атаулар тіліміздің фоно-морфологиялық заңдылықтарына сәйкестендіріліп алынуы тиіс деген ұстанымды басшылыққа алғаны белгілі. Ұлт тілінің терминқорын жасап, қалыптастырудағы Ахаңдар бастаған алаш зиялылары мен 30 - жылдардан кейінгі терминологияның халықаралық сипатын барынша арттыра отырып, КСРО халықтарының бәріне ортақ жалпысоветтік терминологиялық қор қалыптастыруды көздегендердің алға қойған мақсаттары да, соған сәйкес ұстанған ұстанымдары да бір-біріне қайшы келіп жатты. Сол себепті 30-жылдарға дейін жасалған көптеген терминдер кейінгі кезеңде жарық көрген сөздіктерге енгізіліп, оқулықтар мен ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиеттерде қолданылмады. Әрине, термин шығармашылығының бастапқы кезеңінде тәжірибе мен қалыптасқан дәстүрдің болмауынан терминге қойылатын талаптарға сай жасалмаған бірқатар терминдердің кейінгі басылымдарға енгізілмеуі орынды. Одан бері арада бір ғасырға жуық уақыт өткеніне қарамастан терминжасамдағы ондай кемшіліктерден біз қазір де арыла алмай отырмыз. Алайда 1910-1930 жылдар аралығында қазақ зиялыларының қаламынан туындап, кейін қолданылмай қалған терминдердің барлығы болмаса да басым көпшілігі негізсіз шеттетілген. Ондай терминдердің бір тобы өткенімізді саралап қарай бастаған соңғы жылдары араға 70-80 жыл уақыт салып барып қайта қолданысқа енгізіліп, терминқорымыздан орын алып жатыр. Мәселен, қазір Н.Қаратышқанұлының сөздігінде берілген **салым** (вклад), **әдіс** (метод), **әдістеме** (методика), **кеңес** (совет), **жасақ** (отряд), **жанартау** (вулкан) сияқты атаулар еш өзгеріссіз сол қалпында алынып ресми бекітілген терминдеріміз ретінде кеңінен қолданылып жүр. Сондай-ақ онда кездескен кейбір терминдер **бәсекешілік** (конкуренция) қазір **бәсекелестік** түрінде, **әкім** (администрация) қазір администратор сөзінің баламасы ретінде, **қаттама** (ведомость) протокол, **жарнама** (объявление) реклама терминдерінің баламасы ретінде азды-көпті мағыналық немесе тұлғалық өзгерістермен терминқорымызға қосылды. Н.Қаратышқанұлының сөздігінде берілген ондай терминдердің ішінде 30-жылдардан бастап мүлде қолданылмай кеткендері де едәуір. Мысалы, олардың қатарына мына сияқты терминдерді жатқызуға болады: **аламан** (партизан), **аласылы** (кредитор), **ауғын** (переселенец), **бет алыс** (тенденция), **бұзылыс** (дезорганизация), **білімдендіру** (образование), **ескішілдік** (консерватизм), **есірткіш** (алкоголь), **желдік** (парус), **жол негіз** (принцип), **жол түйіс** (перекресток), **келіс** (сделка), **көнешілдік** (архаизм), **қалытқы** (парашют), **қар** (катет), **қашақ** (дезертир), **қозар** (бригада), **қостабан** (трапеция), **қыстырық** (задвижка), **мүйет** (буфер), **оқ тізер** (обойма), **оңтай** (прием), **сияқ** (аналогия), **сүйкім** (симпатия), **тайғанак** (каток), **тұрлау** (тезис), **түйім** (восприятие), **үлдірік** (перепонка), **шошақ** (конус), **шүлдік** (ось), **шынықтау** (гимнастика), **іскек** (поршен) т.б.

Бұл терминдердің ішінде *желкен(парус), мәміле(сделка), жарғақ(перепонка), қағидат(принцип), үрдіс(тенденция), піспек(поршен)* сияқты кейіннен басқа баламалармен алмастырылғандары да бар. Жалпы алғанда сол 20-жылдары қазақ зиялыларының қаламынан туған осы терминдердің

бірді-екілісі болмаса, көпшілігінің сәтті жасалғанын көруге болады. Кейінгі кезеңдерде өзгертілмей бірізді қолданылғанда олардың басым көпшілігі бүгінге дейін үйреншікті атауларымызға айналып, терминқорымызға кірігіп кетер еді. Қазір қолданылмай жүргендерінің ішінен де іріктеп алып қажетімізге жаратуға болатындары жоқ емес. Мысалы, **ауғын, бет алыс, жол түйіс, қар, оқ тізер, сияқ, сүйкім** атауларын солардың қатарына қосқан болар едік. Бұлардың ішінде **қар, оқ тізер** терминдерін геометрия мен әскери іс саласы бойынша соңғы жылдары жарық көрген сөздіктерге енгізе бастаған жекелеген авторлар да бар. Көрсетілген терминдердің арасынан **бет алыс, жол түйіс, оқ тізер** сияқты бөлек жазылғандарын **беталыс, жолтүйіс, оқтізер** түрінде бірге жазып алсақ, олардың атауға тән сипаты мен қолдануға қолайлығы да біршама арта түсер еді. Ал ұғымды дәл беру жағынан келгенде бұл терминдердің өзге тілдегі атауы арқылы берілетін мағынасының негізгі семантикалық белгілерін қамтитындығына күмән келтірудің реті онша байқалмайды. Ал орыс тіліндегі *аналогичный – сияқты, симпатичный – сүйкімді* болғанда *аналогия* мен *симпатия* атауларының қазақша баламаларын **сияқ, сүйкім** түрінде неге алмасқа? Сондай-ақ **сияқтану**, «үй (адам т.б.) **сияғы жоқ**», **сүйкімсіз, сүйкімі жоқ** (кету) сөздердің (сөз тіркестерінің) құрамынан да **сияқ, сүйкім** сөздерін осы тұлғасында атау сөз ретінде қолдануға болатындығы аңғарылып тұр.

Қазақ лексикографиясы бір ғасырға жуық даму жолынан өтіп, терминография оның жеке саласы ретінде тармактанып бөлініп отырған бүгінгі күннің тұрғысынан қарағанның өзінде өткен ғасыр басында жарық көрген бұл сөздіктің ғылыми құндылығын жоймағанын көруге болады. Қазіргі терминологиялық сөздіктеріміздің де кемшіліктерден құр алақан емес екендігі ешкімге құпия болмаса керек. Арнаулы сөздіктер түзу ісі бір ғасырға жуық даму жолынан өткеніне қарамастан бұл саладағы кемшіліктерден әлі арыла алмай отырғанда, ұлт тіліндегі термин шығармашылығы жаңадан қолға алына бастаған кезеңде жарық көрген алғашқы терминологиялық сөздікке сын айтудың өзі де артықтау болар. Дегенмен, Н.Қаратышқанұлы түзген сөздікті мүлде кемшіліксіз деуден де аулақпыз. Онда терминге дәл балама тауып, ықшам сөз жасаудан гөрі *растрата – жұмсап жоқ қылу, бомбардировка – зеңбірек астына алу, гаубица – келте зеңбірек, гейзер – ыстық бұлақ, место – кен шығатын жер, отвертка – бетін ашқыш, бұранда кілт* түрінде оның мағынасын түсіндіріп, сипаттап аудару немесе *аэроавтика – қалықтама, музыка – күй, оригинал – өзі, спорт – ермек* сияқты аса сәтті жасала қоймаған терминдер де ұшырасады. Сөздіктен орын алған ондай жекелеген терминдерді жалпы сол уақыттағы терминжасамдағы алғашқы ізденістердің тәжірибелері деп қабылдаған орынды болар. Мұндай кемшіліктерді сөздік түзген авторға телудің де негізі жоқ. Өйткені ол оқу комиссариатының білім ордасы қабылдаған атауларды жинақтап, әліпбилік тәртіпке келтіріп жүйелеуші, құрастырушы болып табылады.

1930-жылдарға дейінгі қазақ терминологиясы дамуының Байтұрсынұлы кезеңі ұлттық ғылым тілінің қалыптасуына, ұлт тіліндегі термин шығармашылығының іргесінің қалануына айрықша үлес қосқандығымен

ерекшеленеді. Сол кезеңдегі жарық көрген қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарында және мерзімді баспасөз беттерінде біршама тұрақты қолданыла бастаған терминдер арасынан іріктеліп алынып бекітілгендері енгізілгендіктен де Н.Қаратышқанұлының құрастырған сөздігінен термин шығармашылығының кезеңдік келбетін айқын аңғаруға болады.

«Пән сөздері» бірнеше арнаулы салалардың алғашқы ресми қабылданған терминдерін қамтыған бірінші терминологиялық сөздік болып саналатындығына қарамастан, қазақ терминографиясының тарихы жөнінде сөз болған жерде «Қ.Кемеңгерұлының редакторлығымен 1925 жылы Мәскеуде жарық көрген «Қазақша-орысша тілмаш»<sup>230</sup> (казахско-русский словарь) та назардан тыс қалмауға тиіс. Бұл сөздікке тек орысша-қазақша сөздік ретінде қарамай, онда сол кезеңде жасалған терминдердің молынан қамтылғандығы ескерусіз қалмағаны жөн. Авторлардың өздері осы сөздіктің алғысөзінде «В данное время, в связи с переводом научных книг, у нас сильно идет словообразование» деп атап көрсеткеніндей, сол кездегі жана жасалған ондай атауларды өз сөздіктеріне енгізген. Ол атаулардың көпшілігі араға бір-екі жылдай ғана уақыт салып барып жарық көрген «Пән сөздерінен» де, 1931 жылы шыққан «Атаулар сөздігінен» де орын алған. «Қ.Кемеңгерұлының редакторлығымен жарық көрген «Орысша-қазақша тілмаш» та терминологиялық сөздік болмағанмен қазақ лексикографиясының тарихы үшін айрықша мәні бар алғашқы сөздіктердің бірі ретінде терминографиялық зерттеулерде де оған тиісті деңгейде назар аударылғаны жөн.

Жалпы қазақ терминологиясы дамуының әр кезеңінде жарық көрген кез келген терминологиялық сөздік мамандар сарабынан өтіп, лексикографиялық, терминографиялық тұрғыдан зерттеліп отырса, терминологиямыз кемшіліктерден арылып, оның жетілдіріле түсері анық. Әсіресе, соңғы он-он бес жылдың көлемінде көптеген терминологиялық сөздіктер басылып шықты. Олардың арасында терминографиялық талаптарға сай жасалған, білікті мамандардың қолынан шыққандары да болуымен қатар, сын көтермейтін сапасыз сөздіктер де аз емес. Терминдердің бірізді қолданылуы, қалыптасуы терминологиялық сөздіктердің сапалы жасалуымен тікелей байланысты. Сол себепті ғылым мен техниканың, мәдениет пен өнердің, жалпы кез келген арнаулы саланың терминологиялық сөздігін жасауға, оларды бастырып шығаруға, таратуға үлкен жауапкершілікпен қарау қажет. Олай болмаса, жүйеленген, жетілдірілген терминқор қалыптастыру бағытындағы істеріміздің кемшіліктерден арыла қоюы да қиынға соғады.

Сөз болып отырған кезеңнің соңғы жылдарында жарық көрген терминографиялық еңбектердің бірі – «Атаулар сөздігі».

Осыдан жетпіс жылдан астам уақыт бұрын жарық көрген «Атаулар сөздігі» де қазақ терминографиясының тарихында өзіндік орны бар әрі бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда да ғылыми құндылығын жоймаған еңбектердің бірі. Бұл сөздікті 1931 жылы 5000 дана таралыммен Халық ағарту комиссариаты білім кеңесінің терминология комиссиясы шығарған. Сөздікте сегіз мыңнан аса атаулар қамтылған. «Атаулар сөздігі» қазір өте

230 Қазақша-орысша тілмаш. (Казахско-русский словарь. Под ред. К.Кемеңгерова) –М., 1925

сирек кездесетін, таптыра бермейтін кітаптар қатарында. Осы сөздік туралы 1934 жылы жазған рецензиясында А.Самойлович «Мен 1932 жылдың аяғында Қазақстанның астанасы Алматыда болғанымда бұл сөздік таптырмайтын (был библиографической редкостью) еді»<sup>231</sup> – дейді. Ал Е.Кротович сөздіктің 1931 жылдың желтоқсанының аяғында баспадан шығып, 1932 жылдың қаңтарының соңына қарай сатуға түскенін атап көрсетеді<sup>232</sup>. Сонда жарық көргеннен кейін бір жылға жетпейтін уақыттың ішінде-ақ сөздік таралып кеткен болып шығады.

30-жылдардан бастап КСРО-дағы терминологиялық жұмыстардың бағыты күрт өзгертіліп, жаңа арнаға бұрылды. Соған сәйкес одақтас республикалардың көпшілігі партияның жүргізіп отырған тіл саясатына бейімделіп, орыс тіліне негізделген совет халқына ортақ терминологиялық қор құру мақсатын көздеген қағидаттарды ұстануға көшті. Бұл бағытты бодандыққа әлі бойы үйрене қоймаған Эстония, Латвия, Литва сияқты Балтық жағалауы республикалары бірден қолдай қоймады. Олар өздерінің ұлттық тілдерінің мүддесін көздей отырып қалыптастырып жатқан терминологиясы мен жазуын Мәскеудің ыңғайына қарай өзгертуге асықпады. Ал Қазақстанда Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Е.Омарұлы, Х.Досмұхамедұлы сынды алаш азаматтары, ұлттық элита жойылғаннан кейін олардың ісін өздері негізін қалаған бағытта жалғастырып әкеткен саяси күш пен ғылыми қауым бола қоймағандықтан да бізде әліпби, терминология, жазу мәселелері бойынша коммунистік партия идеологиясының, кеңестік тіл саясатының талаптарын қанағаттандыратын жолға түсу ұзаққа созылған жоқ. Бас аяғы он шақты жылдың ішінде екі рет жазу реформасын жүзеге асырып, 1929 жылы ғана алмастырылған латын әліпбиін тиімсіз деп танып, 1940 жылы кирилл әліпбиін қабылдадық. Одақтың басты тілінің дыбыстық заңдылықтарын бұзып алмау үшін әліпбиімізге тиісті таңбаларды енгіздік. Жалпысоветтік терминқор қалыптастыруға апаратын терминология қағидаттарын белгіледік. Сөйтіп, біз қырықыншы жылдары-ақ бағыт-бағдарымызды айқындап, сара жолымызды таңдап алдық. Тоқсаныншы жылдар келіп сол жолды көрсетіп берген алып мемлекеттің шаңырағы ортасына түскенше, таңдауымыздың дұрыс болғандығын дәлелдеуден бір жалыққан емеспіз. Қазір соның бәрін сарапқа салып, өткен кезеңге бүгінгі күн талабы мен ұлт мүддесі тұрғысынан қарай отырып, келешекте тіл саласындағы атқарылатын істеріміздің қай бағытта, нендей ғылыми негізге сүйене отырып жүргізілуі қажеттігін айқындау кезеңін бастан кешіп жатқан жайымыз бар. Қоғам дамуы мен ғылым дүниесіндегі әлемдік үрдістерді ескерумен бірге тәуелсіз дербес

231 *Самойлович А.* Терминологический словарь//Библиография Востока. Вып.2-4 (1933). –Ленинград: Изд-во АН СССР, 1934. –С. 93-95.

232 *Кротович Е.* Выправить недочеты в строительстве казахской терминологии//Просвещение национальностей, 1932, №8-9. –С. 94-96.

ел ретінде алдымен ұлттық мүддені ойлауға міндетті екеніміз де басы ашық мәселе. Осы орайда ұлтшыл, алашшыл атанған қазақ зиялыларының еңбектерін елеусіз қалдыра алмасымыз анық. «Атаулар сөздігі» алаш зиялыларының ұлттық терминологиялық қорды қалыптастыруда ұстанған қағидаттарына сәйкес жасалған соңғы басылымдардың бірі болғандықтан да оны қайта бастырып шығарып, мамандардың, зиялы қауымның назарына ұсынудың мәні зор. Е.Кротевичтің жоғарыда аталған мақаласында «Әзірше бұл комиссия дайындаған алғашқы да соңғы кітап» деп көрсеткеніндей, 30-жылдардан кейін терминологияны бұл бағытта дамытудың мүмкіндігі де болмаған еді әрі осы жолда жүрген көрнекті ұлттық кадрлар түгелге дерлік қуғын-сүргінге ұшырап, 37-38 жылдары олардың жойылғаны белгілі. Сондықтан да олардың ұстанымына сәйкес жасалған терминдер де, алаш зиялыларынан тұратын терминологиялық комиссияның шығарған бұл сөздігі де жаңашыл ғалымдар мен қайраткерлер тарапынан жақсы бағалана қоймады. Сөздіктің кемшіліктері, заман талабына сай жасалмағандығы баса көрсетіліп, сын көп айтылды. Әрине, айтылған сын-ескертпелердің бәрі бірдей орынсыз еді деуден аулақпыз. Олардың ішінде терминологиялық сөздік түзудің сапасын жақсартуға септігін тигізетін, жөнімен айтылған ұсыныс-пікірлер де бар. Алайда сол жылдары осы сөздікке тікелей және жанама қатысты бар жарияланған материалдарды қарап отырсақ, көпшілігінде сөздік түзушілердің ұстанған қағидаттарына байланысты мақсатты түрде сын айту, мәселеге саяси, әлеуметтік-таптық тұрғыдан баса мән берілгендігі байқалады. Сөздіктің жақсы жақтары, жетістіктері ауызға алына бермейді. Ал шын мәнінде сол жылдары мұндай терминдер сөздігінің басылып шығуының өзі елеулі оқиға еді.

Е.Кротевичтің осы сөздікті сынаған мақаласының «Выправить недочеты в строительстве казакской терминологии» деп аталып, оған И.Сталиннің «Буржуазиялық теориялармен аяусыз күреспей тап жауларын түпкілікті жеңу мүмкін емес» деген сөзін эпиграф ретінде алуынан-ақ оның қандай мақсатпен жазылғанын аңғаруға болады. Одан әрі ол қазіргі кездің терминологиясының социализм орнатушылардың талаптарына сәйкес әлеуметтік-таптық болуы керектігін баса айта отырып, комиссия жұмысын сынға алады. «Қазақстанда терминологияны қалыптастырумен бірнеше жылдан бері Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдістемелік кеңесінің терминологиялық комиссиясы айналысып келеді. Алайда бұл мәселеде осы күнге дейін біз әлі айқын марксистік ұстамды методологиялық нұсқаманы (установка) көре алмай келеміз. Жұмыстары бейберекет жүргізіліп келеді»<sup>233</sup>, - дейді ол. Автор мақаласының басынан бастап ұлттық тіл құрылысындағы, оның ішінде қазақ терминологиясын қалыптастырудағы негізгі нұсқамаларды қайта қарау міндеті тұрғанын атап айтады. Қазақстандағы терминология комиссиясының Кеңес Одағының ұстанып отырған саяси курсына сәйкес бетбұрыс жасамай келе жатқанын, марксистік методологияны негізге алмағандықтан бұл саладағы жұмыстардың дұрыс бағытта жүргізіліп жатпағандығын айта келіп, ол «Атаулар сөздігі» де сондай жүйесіз жұмыстың нәтижесі деп ұғындырғысы келеді.

Сөздікке кең тараған (*полигон*) терминдер енбей қалып керісінше, өте сирек қолданылатын (*гексагон, энзим, автаркия*) терминдер енгізілгендігі;

Терминологияға қатысы жоқ жалпы тілдің сөздігінде берілуге тиісті *азарт, бесплатно, босаяк, вдребезги, вечно, вещь, взгляд, вяло, жадный, желание, младенец, меньше, картина, неуклюжий, обучающий, пьяница, раз, удивление* сынды сөздердің де берілгендігі;

*Священник, знахрь, монастырь, патриарх, панихида* тәрізді діни атаулар мен басқа да қажетсіз (терминологический хлам) сөздерге орын беріліп, есесіне революциямен бірге қолданысқа енген *диктатура, большевик, ленинизм, марксизм, революция, пятилетка, комсомол, непрерывка, соревнование, ударник, ударничество, бригадир, обезличка, трактор* сияқты сөздердің аластатылуы;

*Роман, повесть* атауларын *готан* түрінде, *финансы, деньги* сөздерін *ақша* және *атмосфера, воздух – ауа*, тағы да осындай түрлі ұғым атауларының бір ғана сөзбен аударғандығы;

Сондай-ақ халықаралық терминдердің ұлт тіліне аударылғандығы мен терминдердің түрліше жазылғандығы Е.Кротевичтің сын мақаласында сөздіктің кемшіліктері ретінде атап көрсетіледі. Ол *базис (түп негіз, тірек), библиотека (кітапхана), гараж (гэраж, аптамабел албары), делегат (өкіл), диктатор (әмірші, әмір иесі, дектатыр), документ (ыспаттама), пианино (күй сандық), теория (қисын), транспорт (қатынас көлік, тыранспорт)* сынды халықаралық терминдерді аударуға болмайды, бұл сөздер қазақ тілінің азаматтығын алған дей келіп, «Это явление – нездоровое. Это свидетельствует о нацдемовской политике авторов, работающих над составлением словаря казакской терминологии» - деген тұжырым жасайды. Сөз соңында ол қазақ терминологиясы дамуының бағыт-бағдарын социалистік қоғамның даму үрдісіне сәйкес өзгерту қажеттігін атап көрсетеді. Автордың өз сөзімен айтқанда «Пересмотр и создание терминологии должны вестись в темпах, соответствующих общим темпам нашего социалистического строительства...»<sup>234</sup> - делінген.

М.Қайыпназарұлы да «Термин кемесіесі бұл сөздікте ентернасаналдық сөздерін аударуға келмейтіндеріне қазақ тонын кійгізіп барып алуға тырысқан, бұл дұрыс сайасат дей алмаймыз» - дейді. Ол 1932 жылы 10 қазанда «Социалды Қазағыстанда» жарияланған «Қазақ тілін өркендетуге басшылық күшейтілсін» деп аталған мақаласында алаш ордашылдық теорияларға тиісті соққы берілмегенін айта келіп, Қ.Кемеңгерұлының редакторлығымен жарық көрген «Орысша-қазақшати́лмашты» да, «Атауларсөздігін» деалашшылоқығандардың ықпалымен ұлтшылдық бағытында жасалған сөздіктер ретінде сынға алады. Оның келтірген мысалдары Е.Кротевичтің мақаласынан алынғаны, өзінің сөздікпен таныспай-ақ сын айтып отырғаны байқалады. Оны «Кәмуна деген сықылды қазақтың өз сөзіндей болып кеткен ентырнатсаналдық сөздердің де сөздікте аудармасы бар көрінеді» деген өз сөзінен де аңғаруға болады. Автор Ә.Бөкейханұлы мен Е.Омарұлының аудармаға, халықаралық терминдерді

қабылдауда көп зиянын тигізгенін, А.Байтұрсынұлының «үндестік заңы» мен Х.Досмұхамедұлының жат сөздерді қабылдау қағидаттарының қазіргі заман талабына қарсы екенін айта отырып, жаңа бағытқа сәйкес сөздіктер жасау керектігін, «қазақ тілі құрылысына бәлшебектік басшылық ету» қажеттігін атап көрсетеді<sup>235</sup>.

«Атаулар сөздігі» туралы жазылған мақалалар мен рецензияларда орынды айтылған сын ескертпелер, ұсыныстар аз емес. Алайда сөздік туралы пікір білдіргендердің оның сапасы, келесі басылымы жақсарсын деген ниеттен гөрі оны түзуші авторлардың ұстанып отырған бағытының бұрыстығын, ендігі жерде қазақ терминологиясын бұл бағытта дамытуға болмайтынын дәлелдеуге бейілді екендігі айқын аңғарылады. Сондықтан да сөздіктің жақсы жақтары туралы айтылмай, кемшіліктер ғана теріліп, біржақты сынға жол беріледі. Терминологиялық комиссия жұмысының жетістіктері жөнінде де сөз болмайды. Керісінше, олар комиссияның солақай саясат ұстанған алашшыл, ұлтшыл, пуристерден құралғандығын, социалистік қоғамға зиянды жолға бастап отырғандығын дәлелдеу арқылы, ендігі жерде жарқын болашаққа апаратын бағытты таңдай отырып, терминологиялық жұмыстардың жаңа арнаға бұрылуы керектігін айрықша атап өтеді.

Сөздікті түзушілер «Зымыраған ұшқыр өмір күнбе-күнгі керекке жұмсауға дайын тұрған тіл қаруын керек қылды. Сонымен аз күннің ішінде тездетіп, осы пән сөздігін құрастыруға тырыстық. Бұл құрастырылған пән сөздерінде талай кемшіліктер бар. Үйткені әр ғылымның тарауынан өзіне жүйрік кісілер шықпай, пән сөзі түзелмек емес» - деп, алғы сөзінде бұл басылымның қажеттілікке байланысты аз ғана уақыттың ішінде баспаға ұсынылғанын, ғылым мен техниканың түрлі салалары бойынша білікті мамандардың жетіспеуінен орын алап отырған кемшіліктердің бар екенін, келесі басылымдарда оларды түзету керектігін атап көрсетеді. Елдің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып, білім беру мен ұлттық ғылымды өркендету жолында аянбай тер төккен санаулы ғана қазақ зиялылары бір мезгілде сан саланың ісіне араласуына тура келді. Олардан уақыт соны талап етті. Қазіргі кезеңде алаш зиялыларының мұрасын зерттеп, жарыққа шығарып жүрген тілші, тарихшы, әдебиетші, саясаттанушы, философ ғалымдар мен басқа да сала мамандарының қай-қайсысының еңбектерін алып қарасақ та, олардың білім бер мен ғылым, тіл мен әдебиет, діл мен дін, ел мен жер, өнер мен салт-дәстүр мәселелерінде табандылық танытып, салиқалы саясат ұстанғанын, мемлекет мүддесіне, ұлт мүддесіне барынша адал болғандығын атап көрсетіп жүр. «Ұлттық элита, зиялы қауым өз жұртына осылай қызмет етуі қажет» деген ой ғалымдар тарапынан жиі айтылып, олардың еңбегі елге қызмет етудің жарқын үлгісі түрінде ұсынылып та келеді. Жалпы қоғам дамуының әр кезеңі тарихта араға уақыт салып барып таразыланып жататынын ескерсек, мұны алаш зиялыларының қызметіне бүгінгі күн тұрғысынан берілген әділ баға ретінде қабылдаудың негізі жоқ деп айта алмасақ керек.

235 Қайытпазарұлы М. Қазақ тілін өркендетуге басшылық күшейтілсін//«Социалды Қазағыстан». 10 қазан 1932. №232.



## III ТАРАУ

ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНДАҒЫ  
ЖАЛПЫКЕҢЕСТІК ТЕРМИНҚОР  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАҒЫТЫ

(1930-1990 жылдар)

III.1. 30-жылдардағы терминология дамуының бағытын белгілеудегі  
партиялық басшылықтың рөлі

20-жылдардың аяғынан басталған кезеңде әкімшіл-әміршіл жүйе тарапынан Ахаң мен онымен көзқарасы бір қазақ зиялылары жойылғаны белгілі. Одан кейінгі жылдарда олардың ұстанған бағытының күрт өзгертілуінің себебін - олар жасаған терминология қағидаттарының ғылыми-лингвистикалық негізінің осалдығынан немесе ұлт тіліне зиянын тигізетін қате бағыт ұстанғандығынан деп түсіндіруге тырысатындармен келісу қиын. Алаш зиялыларының ғылыми ұстанымдарының дұрыс-бұрыстығы ешқашан ашық пікірталас, дәйекті ғылыми еңбектер арқылы дәлелденген емес. Негізінен олардың ұстанымдарының КСРО тіл саясатының көздеген мақсатына жетуіне үлкен кедергі келтіретіндігі баса айтылып, саяси тұрғыдағы біржақты айыптау басым болды. Алашшыл, ұлтшыл, пуристердің тілге де, ұлтқа да, халықтар достығына да зиян келтіретін, қауіпті жолды таңдап отырғандығын, сондықтан олармен, олардың ұстанған бағытымен аяусыз күрес жүргізілуі керек деген ұрандатқан, айыптауға толы сырттан шығарылған үкім сынды дәлелдеулерінің басым көпшілігінің еш ғылыми негізі жоқ еді.

Бұл кезеңде жалпы компартияның ұстанған бағытына сай келмейтін, ғылыми теория да, көзқарас та дұрыс емес, зиянды деп танылып отырған. Әліпби, терминология, орфография т.б. тілдің көптеген мәселелері шектен тыс саясиландырылып, тіл білімі саласындағы ғылыми тұжырымдар мемлекеттің ұстанған саяси курсына, партиялық жүйенің белгілеген бағытына барынша икемделіп жасалған. Мұны да «әдебиеттің партиялылығы» дегеніміз сияқты «ғылымның партиялылығы» немесе «тіл білімінің партиялылығы» деген дұрыс болатын шығар.

Қазақ терминологиясының даму қағидаттары жөнінде сөз еткен экономист ғалым С.Бәйішевтің «Бұдан біз, алдымен, Қазақ ССР басшы партия совет органдарының (қою қаріппен айрықшалап көрсеткен – біз), мәдени-ағарту орындары мен ғылыми зерттеу мекемелерінің қазақ әдеби тілінің терминологиясын жасау ісімен үнемі, тынбастан шұғылданып отырғанын айқын көреміз»<sup>236</sup> деп жазғанындай, кешегі кеңес дәуірінде терминологияны

236 С.Бәйішев. Қазақ тілінің терминологиясын жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері//Терминология сөздігі. –Алматы, 1948.11-б.



қалыптастыру ісі ешқашан партиялық басшылықтың назарынан тыс қалып көрген емес. Керісінше, оған қашанда айрықша мән беріліп, оның даму бағыты мемлекеттің саяси курсына сәйкес сол партиялық басшылық тарапынан белгіленіп отырды.

Әлеуметтік лингвистика саласын зерттеп жүрген тілші-ғалымдардың бірі профессор Б.Хасанов біз сөз етіп отырған 30-жылдар туралы былай деп жазады:

«Со времен построения социализма в стране (второе половина 30-х годов) ощущалось кризисное состояние в языковом строительстве. Именно в годы культа личности произошел раскол между словом и делом – между конституционными гарантиями национально-языкового сосуществования и реальным положением дел. Под лозунгом укрепления экономической и оборонной мощи страны, в результате повальной коллективизации на теоретическом фундаменте сталинской концепции национально-культурной *автоматизации* национальные языки вновь начали вытесняться из каналов общественной коммуникации. При этом чрезвычайно важно отметить, что главная причина сужения общественных функций казахского языка - условия многоязычия, при которых главный упор делается в основном на развитие средства межнационального общения – русского языка»<sup>237</sup>

Автор атап көрсетіп отырғандай, орыс тілінің қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы қолданысын кенейте беру барысында өзге ұлттар тілдерінің тыныстары тарылып, мүмкіндіктері шектеле берді. Қазақ тілі де сол өрісі тарылған тілдердің бірі болды. Әсіресе, тілдің ғылым мен техника, өндіріс тағы басқа да арнаулы салалардағы қызметі барынша шектеуге ұшырады.

Академик Ә.Қайдаров термин жасауда «қазақ тілінің байлығын сарқа пайдалана алмадық. Ең басты себеп – замана үрдісі, тіл саясаты мен идеология ықпалы, орыс тілінің аз ұлттар тіліне жасаған үстемдігі мен өктемдігі. Екінші себеп – «еліміздегі ұлт, ұлыс тілдері өздерінің, дамудан кенжелеп қалуына байланысты ғылым тілі болып, орыс тілімен терезесі тең тұра алмайды» деген пікірдің орталықта да, жергілікті мамандар арасында да қалыптасуы. үшіншіден, терминдік ұғымдардың қайнар көзі орыс тілі болып саналады да, қалған жүздеген тілдердің бәрі тек «қабылдаушы» пассив тілдер болып келді. Төртінші себеп – ғасырлар бойы өз дәстүрімен еркін дамып келген тілдерді ғылыми-техникалық прогреске икемдеумен шұғылданбағандықтан бірден лап берген терминология тасқынына бұл тілдер төтеп бере алмады. Бесінші себеп – ана тілінің мүмкіншілігін толық ашып, терминология тасқынына қарсы қоярлықтай ұлт кадрлары тоталитарлық үкімет тарапынан кезінде жойылған болатын»<sup>238</sup> – деп өте әділ көрсеткен.

Автор көрсеткен себептердің соңғыларының барлығын біз біріншісінен туындаған, яғни сол басты себептің нәтижесі, салдары деп білеміз. Тоталитарлық жүйе қазақ халқын Ахмет Байтұрсынұлы сынды аса білікті

<sup>237</sup> Хасанов Б. Национальные языки, двуязычие и многоязычие: поиски и перспективы. – Алматы, 1989. Стр.23-24.

<sup>238</sup> Қайдаров Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993. –9-10-бб.

ұлттық кадрларынан айырды. Олар бастаған игілікті іс өз деңгейінде жалғасын табуына жол берілмеді. XX ғасыр басында ұлттық негізде іргесі қаланған ғылыми лингвистикалық мектептің шаңырағы шайқалып, бағыт-бағдары күшпен өзгертілді.

Егер ондай өктемдікке жол берілмей, термин жасаудағы Ахандар бастаған үрдіс жалғасын тапқанда, Мәскеуде де жергілікті мамандар арасында да біздің тіліміздің «орыс тілімен терезесі тең бола алмайды» деген пікір қалыптаспаған болар еді, өйткені қазақ зиялыларының өзгеше пікірде болғаны, біздің тіліміздің де қоғам өмірінің сан түрлі салаларындағы қызметін атқаруға мүмкіндігі толық жететіндігіне кәміл сенгені және олардың бұл бағытта мақсатты жұмыс жүргізгені белгілі. Қазақ тілі «қабылдаушы» пассив тілдер қатарына қосылмас еді. Себебі — А.Байтұрсынұлы барлық тіл мен әдебиет терминдерін (сондай-ақ, кейбір мәдени, саяси, әлеуметтік атауларды), Ж.Күдерин өсімдіктану терминдерінің түгелге жуығын ана тілінің негізінде жасағаны, олар ғана емес, осы кезеңде еңбек еткен көптеген авторлардың ғылыми ұғым атауларын ана тілінің негізінде жасағаны соны айғақтайды.

Түркі тілдерінің лексикологиясын, терминологиясын зерттеген белгілі түрколог ғалым К.Мұсаев бір сөзінде: «Попытка организовать терминологическую работу в национальных республиках страны была сделана в конце 20-х – начале 30-х годов Всесоюзном центральным комитетом Нового алфавита (ВЦКНА) при ВЦИК СССР, который специально занимался вопросами терминологии, разработал основные принципы создание национальных терминологических систем»<sup>239</sup>- деп, ұлт тілдерінің терминологиялық жүйесін 20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың басында Жаңа әліпби комитеті жасағанын айтса, екінші жерде ол бұл мәселенің қашан, дәл қай жылы және қандай жиында шешімін тапқанын атап көрсетеді.

К.Мұсаев туыстас тілдер терминологиясының мәселелері ұжымдық түрде тұңғыш рет 1926 жылы Баку қаласында өткен Бірінші бүкілодақтық түркология сиезінде талқыланғанын айта келіп, ұлт тілдерінде терминологияны жасаудың негізгі ғылыми принциптері 1930 жылы Екінші бүкілодақтық партия мәжілісінде айқындалды<sup>240</sup> – деп нақты атап көрсетеді.

Ә.Қайдаров пен Ө.Айтбаев «Қазақ терминологиясының қалыптасу тарихы, қазіргі жайы және міндеттер» атты мақаласында «1930 жылы Москва қаласында халық ағарту ісін арнайы қараған партияның Бүкілодақтық мәжілісінде де СССР халықтары тілінде термин жасаудың ғылыми принциптері қарастырылды»<sup>241</sup> деп көрсетсе, осы жинаққа енген «Основные принципы образования терминологии по математике» деп аталатын мақаласында С.Елубаев та осы Бүкілодақтық партия мәжілісінің терминологияны дамытудың бағыт-бағдарын белгілегендегі жөнінде былай дейді: На развитие национальных

239 Мусаев К. Формирование, развитие и современные проблемы терминологии на языках союзных республик СССР // Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. –М., 1986. Стр. 52.

240 Там же. Стр. 111.

241 Қайдаров Ә.Т., Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының қалыптасу тарихы, қазіргі жағдайы және міндеттері // Проблемы казахской терминологии. –Алматы, 1986. 14-6.

языков и терминологии обратило внимание Второе всесоюзное партийное совещание по народному образованию, состоявшееся в 1930г. в Москве и определившее основные принципы принятия терминологии на языках народов СССР: интернационализм и международная унифицированность<sup>242</sup> Ә.Қайдаров пен А.Әбдірахмановтың «Казахская терминология»<sup>243</sup> атты мақаласында да КСРО халықтары тілдерінің терминологиясын дамытудың қағидаттары осы бүкілодақтық мәжілісте белгіленгені айтылады.

Жоғарыда ғалымдардың барлығы атап көрсетіп, сілтеме жасап отырған Бүкілодақтық партия мәжілісінің стенографиялық есебі 1931 жылы Мәскеуде жарық көрді. Онда ұлт тілдері мен жаңа терминологияны жасаудағы кемшіліктерді түзету бағытында атқарылып отырған ауқымды жұмыстарды жүргізуге партия ұйымдары тарапынан айрықша мән бере отырып, төмендегідей принциптерді басшылыққа алудың қажет екендігі атап көрсетілген:

«а) для наиболее культурно-отсталых народов, создающих только сейчас научные основы языка, содействовать более быстрому сближению местных наречий и говоров в единый литературный язык, вместе с тем обеспечивая всемерное развитие определившихся на языков;

б) всемерное упрощение орфографии, писменности и приближение ее к фонетике языка за счет выбрасывания устаревших наслоений и освобождения от необоснованных подчинений другим языкам;

в) при выработке новой терминологии, особенно специальной и научной, необходимо бороться с широким и непременным пользованием арабизмами, иранизмами, латинизмами, руссизмами, и т.д. и преимущественно пользоваться общепринятыми терминами;

г) необходимо ускорить темп перехода восточных народов СССР с арабского алфавита на новый алфавит, так как одновременное существование рядом двух алфавитов крайне затрудняет дело просвещения широких масс»<sup>244</sup>.

Мұндағы басқа тілдерге негізсіз бағыныштылықтан арылу керек дегенді - біз үшін орыс тілінен басқа шығыс (араб, парсы, иран т.б) тілдердің ықпалынан деп, ал соңғы тармақтағы жаңа терминологияны жасауда жалпыға бірдей ортақ (общепринятыми терминами) терминдерді қолдану дегенді - өзге халықтардың терминдердің орыс тіліндегі орныққан нұсқасын алу деп түсіну керек.

Сондай-ақ бұл қағидатта халыққа білім беруді қиындатады дегенді желеу ете отырып, жаңа әліпбиге (яғни орыс алфавитіне) көшуді жеделдету керектігі айрықша атап көрсетілген.

Сөйтіп, 30-жылдардан бастап, осы көрсетілген жолға түсу үшін әліпби алмастыруды, оны қажетті таңбалармен толықтыруды жүзеге асыра отырып, орыс тіліне негізделген ортақ терминқор жасау бағытына қарай бет бұрдық.

242 С.Елубаев. Основные принципы образования терминологии по математике//Проблемы казахской терминологии. – Алматы, 1986. Стр.91.

243 Қайдаров А., Абдрахманов А. Казахская терминология//Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. – М., 1987. стр.29-46.

244 Второе всесоюзное партийное совещание по народному образованию. Стенографический отчет. – М., 1931. Стр. 308-309.

### III.2. Құдайберген Жұбановтың қазақ терминологиясын дамыту қағидаттары

Қазақ терминологиясы дамуының 30-жылдардан басталған кезеңі профессор Құдайберген Жұбанов есімімен тығыз байланысты. Ол тілші-ғалым ретінде де сол кезеңде Мемлекеттік терминология комиссиясының төрағасы ретінде де терминқорымыздың қалыптасуына тікелей ықпал еткен. Жалпы қазақ терминологиясының кеңес дәуіріндегі дамуын Қ.Жұбановсыз елестету мүмкін емес. Дәлірек айтқанда ол қазақ тіл білімі дамуының А.Байтұрсынұлынан кейінгі отызыншы жылдардан бастау алатын кезеңінің көшбасшысы. Қазақ совет тіл білімінің, терминологиясының отызыншы жылдардан басталған жаңа кезеңінде терминология қағидаттарын жасап, оның даму бағытын белгілеуші және сол жылдары осы салада өнімді де белсенді жұмыс атқарған ғалым. Оның қазақ тіл білімінің фонетикасы мен морфологиясы, синтаксисі сияқты салалары бойынша жазылған және тіл тарихына, әдістемеге қатысты еңбектері осы салаларды жан-жақты зерттеп жүрген тілші-ғалымдар назарынан тыс қалып көрген емес, әлі зерттеле де жатар. Біз бұл жерде ғалымның терминология саласындағы, оның ішінде, терминқор қалыптастырудың ол жасаған қағидаттар төңірегінде ғана сөз етпекшіміз. Қ.Жұбанов қағидаттары жөнінде сөз қозғап отырғандардың алды да соны да біз емеспіз. А.Әбдірахманов, Ө.Айтбайұлы, Ш.Білалов т.б. ғалымдардың еңбектерінде ол жасаған қағидаттар жөнінде түрлі пікірлер айтылады.

90-жылдардың басында осы уақытқа дейін қолданып келген қағидаттардың терминологиямыздың бүгінгі және болашақ дамуына жол сілтеп, негіз бола алмайтындығын алғаш атап көрсетіп, өз қағидаттарын ұсынған академик Ө.Қайдарболды. Оның «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» деп аталған шағын еңбегі терминология дамуының қазіргі кезеңінде терминқорымызды қалыптастырудың қағидаттарын белгілеу мәселесіне ғылыми жұртшылықтың назарын аударғандығын атап айтқан жөн. Ғалымның ұсынған қағидаттарына біз алда арнайы тоқталамыз.

Қазақ терминологиясын дамытудың Қ.Жұбанов қағидаттары жөнінде пікірін ұдайы айтып жүрген тілші-ғалымдардың бірі – академик Ө.Айтбайұлы. Өмекең сонау 80-жылдардан бастап, өзінің ғылыми мақалалары мен монографияларында Қ.Жұбанов қағидаттары жөнінде пікір білдіріп келеді. Оның пікірлері негізінен сөз болып отырған қағидаттағы кірме терминдерді ұлт тілінде жазу, терминдерді қалыптастырудағы орыс (кирилл) жазуының рөлі, халықаралық терминдерді қабылдау төңірегінде айтылған. Қ.Жұбанов жасаған қағидаттар туралы ғалымның пікірлерін айтылған уақытына, кезеңіне қарай да, мазмұнына қарай да екіге бөліп қарауға болады. Біріншісі – советтік ортақ терминқор қалыптастыру бағытын ұстанған 1990-жылдарға дейінгі пікірлер де, екіншісі – одан бергі терминология дамуының жаңа кезеңінде айтқан ой-пікірлері мен жасаған тұжырымдары. Ғалымның Қ.Жұбанов

қағидаттары туралы кеңестік кезеңде айтылған пікірлерінде бұл қағидаттардың прогрестік жағы, терминологияны дұрыс қалыптастыруға септігін тигізгені атап көрсетіледі де, ал соңғы 5-10 жылдың көлемінде жазылған еңбектерінде керісінше, бұл қағидаттардың ұлт тілінің мүддесіне сай жасалмағандығы, тілдік заңдылықтарымыздың ескерілмегендігі баса айтылады. Мәселен, 1988 жылы жарық көрген еңбегінде ол «Қазақ тілі терминдері мен орфографиясы жөніндегі жоба Қ.Жұбановтың мақалаларында термин сөздің ерекшелігі және жасалу принциптері жайында келелі әңгіме қозғалады. Қазақ тіліндегі терминдердің дұрыс дыбысталуы мен қалыптасуына үлкен септігі тиген шараның бірі ретінде Қ.Жұбановтың қазақ алфавитінің құрамына «ф», «х» әріптерін енгізу туралы ұсынысын айтуға болады. Шынында, *физика, философия, флора, химия* тәрізді терминдердің бұдан бұрынғы жазылу, айтылу кейпі *пизика, пиласопия, плора, қимия*, түрінде еді. Әлгі әріптердің біздің алфавитіміздің құрамына кешеуілдеп болса да енгені өте орынды болғанын (1938 жылдан былай қарай ғана енді) дәлелдеп жату артық деп санаймыз.»<sup>245</sup> - деп жазады. Ғалым осы еңбегінде Қ.Жұбановтың «Халықаралық терминдер орыс әдебиетінде қалай жазылса, сол түрінде қабылданады» деген бесінші принципін дұрыстығын, орыс жазуының артықшылығын да атап айтады.

«Сөйтіп жазуымыздың бірнеше сатылы кезеңдерін саралай келе айтпағымыз, қай тұрғыдан алып қарасақ та, орыс графикасына негізделген алфавиттің артықшылығы туралы. Шынында, тіліміздің қазіргі даму деңгейін деп таңбалап отырған қазіргі жазуымыз осылайша өрістемесе, біз сөздік құрамымыздағы мыңдаған сөздерді әлі күнге дейін былықтырып жазып келген болар едік. Әсіресе түбегейлі байлығымызға айналған қатары сан мыңдап саналатын халықаралық терминдер мен орыс тілі арқылы келген кірме сөздерді таңбалауда есепсіз былыққа батқан болар едік. Әрбір сөздің, әрбір терминнің графикалық пішінін дәл түсіруде орыс алфавитінен асқан үлгіні табу қиын. Қазір жер жүзі тілдерінің көбіне ортақ халықаралық терминдерді таңбалауда қазақ жазуы ешбір елден қалыспайды. Біз қазір мұндай сөздерді, терминдерді сол түпнұсқа күйінде айна қатесіз таңбалап, оқып, пайдалана аламыз. Яғни сауатты жетілдіруде ерекше роль атқаратын қазіргі жазуымыздың өрелілігін термин таңбалаудан да тануға болады.»<sup>246</sup>

Қ.Жұбанов отызыншы жылдардың орта шенінде алаш зиялыларының ұстанған бағыты тіл дамуына үлкен зиянын тигізіп отырғанын айрықша атап көрсетіп («Отсюда (в настоящее время) необходимость борьбы на фронте языкового строительства со всякими алашординскими пережитками и контрабандами»), бұдан былай бұл бағыттың өрістеуіне жол бермеу үшін күресті тоқтатпау керектігін ескерткен еді.

Өмекең де 80-жылдары профессор Қ.Жұбановтың осы пікірін қолдай отырып, алашорда өкілдерінің көбі революцияға дейін халықаралық терминдер мен орыс сөздерін өзгеріссіз алып келді де, «революция жеңгеннен кейін олар,

245 Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988. 95-б.

246 Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988. 86-87-б.

бәрін қазақша алу керек деген қыңыр да сыңаржақ пиғыл тізгінін ұстап, мүлде басқаша сөйлеп шыға келді.

Бұл тілдің даму жүйесіне, сауат ашу ісіне жасалған қиянат еді» –деп, бұл бағытты қолдамайтынын ашық білдіреді. Одан әрі ғалым өз ойын былайша дәлелдей түседі: «Орыс тілі арқылы басқа тілдерден еніп жатқан сан алуан халықаралық терминдерді мәселен *я, э, ц, ч* әріптерінің көмегінсіз өрнектей алмас едік. Осы әріптерді орыс графикасына негізделген қазақ әліппесінің құрамына енгізу арқылы қаншама терминдердің айтылуы мен жазылуы бір ізге түсті. Бір кезде неше алуан қиындықтар туғызған мұндай терминдердің қалыптасып, тіпті сіңісіп кеткені соншалық, қазір олар жайында ойланып, бас қатырып та жатпаймыз»<sup>247</sup>.

Ө.Айтбайұлының осы мазмұндас пікірлерімен келіспеушілігін білдірген ғалымдар да болды. «20-жылдарда пайда болып, қолданыста қилы-қилы өріс тауып, ала-құлалықты өрбіткен термин жасау процесіндегі шалағайлықтар; көбінесе мұның принциптерін жөнді түсінбегендіктен, термин жасау мен қабылдаудың қағидалары мен заңдылықтарын жете білмегендіктен кетіп жататын. Жолбасшылыққа алатын бірде-бір нұсқау, қағида болмайтын. Бұл түзілген принциптер осы олқылықтың орнын толтырды- деген Өмекеңнің пікірімен біз келісе алмаймыз. Принцип, қағида, заңдылық дегеніміз, Мемлекеттің қаулы-қарарымен ғана тұжырымдалып, бекітілген дүние емес, ол табиғаттың өзінен де туындап жатқан дүние. Яғни, ұлттық тіл табиғатын терең пайымдау негізінде, оның өзінен, өмір сүру, өсіп-өну, өрбіп-даму қажеттілігінен туындайтын табиғи ережелер. Сондықтан да 20-жылдардағы Ахаң (Ахмет Байтұрсынұлы) бастаған қазақ зиялыларына «шалағайлықтарды» таңу орынсыз, керісінше, олар ұлттық тілдің даму жолын, дамудың бағыт-бағдарын жете түсінгендіктен ғылыми атауларды қазақ тілінде жасауға барынша күш-жігер жұмсап отыр. Бұл – үлкен білімдарлықтың көрегенділіктің белгісі еді. Оны көріп-біле тұра, кереғар саясат ағымына ілесіп, басқалай бағалау, орынсыз болар еді.»<sup>248</sup> – деп жазады Өмекеңнің өз шәкірті, филология ғылымдарының докторы Ш.Біләлов. Ол мұндай тоқтамға келуінің себебін былайша түсіндіреді: «Қазақ тілінің қазіргі сүреңсіз жағдайы 20-жылдардағы «шалағайлықтардың» салдарынан емес, 30-жылдардан бастау алатын жалған «білімдарлықтың» зардабынан деп ұғынғандықтан ағамызбен «түс шайысып» отырған жағдайымыз бар. Бірақ қалай десек те, біздің қазіргі танымымыз тұрғысынан алғанда теріс пікір білдірген Өмекең де, 30-жылдарда ғылым тілінің ұлттық тірегін шайқалтуға ат салысқан ағалар да кінәлі емес, бәріне де уақыт кінәлі екенін еске саламыз»<sup>249</sup>.

Әрине, алдыңғы толқын ағаларды, өткен кезеңді кінәлағаннан ешкімнің ешнәрсе ұтпасы анық, оның қажеті де шамалы. Алайда қазіргі кезеңде терминология саласында қалыптасып отырған жағдайға шынайы баға беріп, оның алдағы уақыттағы даму бағытын дұрыс белгілеу үшін де терминкор

247 Сонда. 99-б.

248 Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. – Алматы, 1996. 93-б.

249 сонда. 94-б.

қалыптастыруда жүріп өткен жолымызды саралап, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді анықтап алмай болмайды. Өткеннен сабақ алып, ағабуынның тәжірибесі мен қол жеткізген нәтижелерін ұтымды пайдалану мен қатар алға қадам басу үшін кешегі кемшіліктер мен қателіктерді қайталамау да аса маңызды. Қазақ терминологиясының XX ғасырдағы даму, қалыптасу үрдісіне, басшылыққа алынған қағидаттарына арнайы тоқталып отыруымыздың себебі де осында. Қазақ терминологиясы бүгіннен бастау алып отырған жоқ, бізге дейін де бұл саланы дамытудың түрлі жолдары таңдалған, талай іс атқарылған, сондықтан да өткенімізді зерделеп алмай тұрып, ертеңіміз туралы әңгіме қозғау қисынсыздау. Өткеніміз туралы сөз қозғағанда тек замананы, уақытты ғана кінәлап, түрлі субъективтік себептермен «жауырды жаба тоқымай», әр кезеңнің ерекшелігін ескере отырып, сол кешегі күніміздің шындығын бұрмаламай көрсете алсақ қана, ертеңге дұрыс жол сілтеу мүмкіндігіне ие болсақ керек. Мұндай жауапкершілікті сезінбеген жерде ісіміздің ілгері басуына септігіміз тиеді дегенге сену қиын.

Ш.Біләлов 30-жылдардан бергі ғылым тілінің дамуын «ғылым тіліндегі ұлттық тіректің шайқалу кезеңі» деп атай отырып, Қ.Жұбанов қағидаттарының әр пунктіне арнайы тоқталып, талдау жасаған. (*Қ.Жұбанов қағидаттары төменде сиез бекіткен қалпында беріліп отыр*). Ол он қағидаттың тек екеуімен (3,10) ішінара ғана келіседі де, ал қалған сегіз (1,2,4,5,6,7,8,9) шартымен келіспейтіндігін білдіреді. Зерттеуші Қ.Жұбанов қағидаттарымен келіспеуге негіз болған өз дәйектерін алға тартады. Оның монографиясының он беті (92-102бб.) осы мәселеге арналғандықтан, біз барынша ықшамдап, негізгі тұжырымдарын ғана беріп отырмыз (*толық нұсқасымен автордың өз еңбегінен танысқан жөн*).

Ш.Біләлов Қ.Жұбанов қағидаттарының аталған сегіз шартымен келіспейтіндігін былайша білдіреді:

Бірінші шарт бойынша «Табиғаты мүлде жат сөзді, ғылым атауын «халықаралық» сияқты жасанды ұғымдар арқылы ұлт тіліне таңу күпірлік болар еді», екінші шарт бойынша «осы екінші шарттың қосымшасында ешбір қисын (логика) жоқ көңілге қонбайды. Кез келген ғылыми тұжырымда тиянақтылық болуы шарт», төртінші шарт бойынша «Осы бір қағида дұрыс анықталмаған. Қай кезде аударылып, қай кезде өз күйінде сақталатындығын білдіретін шартты белгі айқындалмаған.», бесінші шарт бойынша «Бұл дегеніміз, орыс тілін күштеп таңу деген сөз. Бұл қағидада ешқандай да ғылыми негіз жоқ», алтыншы шарт бойынша «Қазақы атауларға қатысты айтылған «жасанды сөзжасам» ұғымы орынсыз сияқты. Яғни, қазақы атауларда көзге ұрып тұрған жасандылық байқалмайды, және де қазақшаланғаннан терминдер түсініксіз тартты деу мүлде қисынсыз. Қазақ тілін кемсіткеннен ұтарымыз не сонда?», жетінші шарт бойынша «бұл қағида атаулардың орыс тіліндегі нұсқасына бейімделіп жасалған», сегізінші шарт бойынша «Бұл қағидамен келісу қиын.», алтыншы шарт бойынша «Бұл қағидамен келісе алмаймыз.Себебі, орыс тілінен гөрі қазақ тіліне жақын әрі туыс тілдер (түркі тілдері) тобында осы қағиданы ұстану үрдісі байқалмайды.... Бұл қағида орыс тілі ыңғайында жасалған. Орыс



тіліндегі жартыкеш аудармалар қазақ тілінде де солай беріліп, орыс тілінде аударылмай алынған сөздер қазақ тілінде де аударылмай алынсын дегенге саяды. Ондай тұжырымда ешқандай да ғылыми негіз болмақ емес».

Ішінара келісуге болады деген үшінші шарт бойынша ол «бұл қағидамен келісуге болады, бірақ бірыңғайлық бола бермейді. Мысалы, келтірілген атаулардың ішіндегі түбір сөзі ботаника мен лингвистикада бір мағынада қолданылса, математикадағы мағынасы оған сай емес. Осындай атаулар кездесе береді.» – десе, оныншы шарт бойынша «егер біріккен күрделі сөздерден тұратын атаулар мысалдағыдай қазақша берілетін болса, онда бұл қағидамен толық келісуге болады. Бірақ, дегенмен, бекітіп тас қылу дегеніңіз көңілге қаяу салатын сияқты.»- дейді.

Қ.Жұбанов қағидаттарын талдай келіп, Ш.Біләлов төмендегідей тұжырым жасайды. «Мінеки, мемлекет тарапынан қаулы қабылданып, заңдастырылған атау жасау қағидалары осындай. Бұл қағидалар мүлтіксіз орындауға міндеттейді. Сондықтан да, мемлекеттік қадағалауды қажет етеді. Бірақ, бұл мемлекет тарапынан жасалған ұлттық тілге деген қамқорлықтан гөрі, оған жасалып отырған қысымға көбірек ұқсайды. Бұл қағидалар орыс тіліндегі атаулар жасалу негізін басшылыққа алған. Әр тілдің өз ерекшеліктері, өзіндік даму жолы есепке алынбаған. Ғылыми тұрғыдан дәйекті түрде тиянақталмаған, түбегейлі зерттелмеген мәселені жаппай міндеттеу орынды іс емес, әрине. Бірақ мемлекет, қоғам даму бағыты осы жолды еріксіз таңдауға мәжбүр еткен іспетті. Сонымен, мемтерминком бекіткен атау жасау қағидалары ұлт тілінің даму аясын барынша тарылтып, оның еркін дамуына нұқсан келтірді».<sup>250</sup>

Ш.Біләловтің жазғандарынан көріп отырғанымыздай, ол Қ.Жұбанов қағидаттарының басым көпшілігімен келіспейді, дәлірек айтқанда, ұзақ жылдар басшылыққа алынып келген қағидаттардың түгелге жуық дерлік ғылыми негізі осал, «ғылыми тұрғыдан дәйекті түрде тиянақталмаған, түбегейлі зерттелмеген» дейді.

Ш.Біләлов еңбегінен кейін жарияланған терминтану саласындағы зерттеулерден де осыған ұқсас пікірлерді кездестіруге болады. Мәселен, Ө.Айтбайұлы кейінгі 5-6 жыл көлемінде жарық көрген еңбектерінде өзінің 80-жылдардың аяғына дейінгі айтқан пікірлеріне қайшы келетін тұжырымдар жасап жүр. Ғалым 1997 жылы жарық көрген «Қазақ сөзі» атты зерттеуінде Ахаң ұстанған әуелі ұлт тілінің байлығын іске жарату шартының бұрмаланғаны туралы сөз ете келіп, былай деп жазады:

«30-жылдардың екінші жартысында осы басты байламға күрделі өзгерістер енгізілді. Ол, әсіресе, орыс тілінен және сол тіл арқылы келген интернационалдық терминдерге қатысты болды. Онда тіліміздің емес, әлгі кірме терминдердің өзгертілмей айтылуы мен жазылуы қатты қадағаланды. Сөйтіп, ана тіліміздің табиғи болмысынан тыс, жат заңдылық күштеп енгізілді. Термин жасау принциптерінің алғашқы жобасын жасаған проф. Қ.Жұбанов екені рас. Алайда осы принципті түзу барысында профессор өз



еркінен тыс қатаң тапсырма торына түсіп қалған сияқты. Өйткені қазақ тілі заңдылықтарын бір білсе, осы адам дейтін ғұламаның өзге тілдік кірмелерді бұлжытпай алайық деуі ақылға қонбайды. Осының салдарынан қазір тілімізде өзгелік сөздер тым көбейіп кетті».<sup>251</sup>

Осыдан он шақты жыл бұрын ғана жазған еңбегінде (1988) ғалым мұндай терминдердің «қалыптасып, тіпті сіңісіп кеткені соншалық, қазір олар жайында ойланып, бас қатырып та жатпаймыз» – деген болса, енді «қазір тілімізде өзгелік сөздер тым көбейіп кетті» – деп жазып отыр. Бұл - уақыттың ықпалын, қоғамдық санадағы сілкіністің салдарын, терминологияға деген жаңаша көзқарастың басымдылық таныта бастағанын көрсетсе керек.

Ө.Айтбайұлының бұдан кейінгі жылдары жазған еңбектерінде де Қ.Жұбанов қағидаттары жөнінде осы мазмұндас ой-пікірлер, тұжырымдар ұшырасады. Мәселен, 1999 жылы жарық көрген «Профессор Қ.Жұбанов және қазақ терминологиясының кейбір мәселелері» атты мақаласында ол өз ойын былай түйіндейді: «Алайда кезінде қазақ терминологиясын жасау ісінде орыс үлгісінің ықпалы яғни «орыстандыру» саясатының әсері айрықша болғанын аса сауатты лингвист – Қ.Жұбанов еңбектерінің өзінен байқамай өте алмаймыз. Соның салқыны мына принциптерден де аңғарылады. Қазақ тілінің даму, қалыптасу заңдылықтары мен ерекшеліктерін мейлінше терең білетін тіл білімпазының өзі ұлттық терминологияны ұлттық негізде жасауға кесірін тигізетін ұстанымдарды басшылыққа алуға мәжбүр болған сынайлы. Әйтпесе, интернационалдық терминдер мен орыс тілінде қалыптасқан үлгілерді олардың қазақ тілінде баламасының бар-жоқтығына қарамастан бұлжытпай қапысыз қабылдай берейік деудің қисынға келе бермейтінін өмірдің өзі дәлелдеді.»<sup>252</sup>

Ғалымның бұл пікірі алдыңғы ойымен астасып, қабысып жатыр. Алдыңғы пікірінде ғалым кірме терминдерді орыс тіліндегі қалпында қабылдау «ақылға қонбайды» десе, енді ол қағидаттың «қисынсыздығын өмірдің өзі дәлелдеді» деген тұжырым жасап, кесімді пікір айтып отыр.

Араға тағыда екі жыл салып барып жариялаған мақаласында (2001 жылы) Өмекең терминологияның сөз болып отырған қағидаттарына қатысты пікірлерін бұрынғыдан да ащылау, батылдау айтады. Оған ғалымның мына сөздері дәлел бола алады: «Шынында, ойсыз-күйсіз, жан ауыртпай даярға ұмтылу салдарынан 70 жыл бойы тіліміздің шырқын бұзып келгенімізді ашып айтар кез келді. Сонау 30- жылдардың орта шенінен басталған тіл бұзар зиянкестік әлі күнге жалғасып келеді...(19-б.). «Алайда күні бүгінге дейін талассыз жүргізіліп келе жатқан бұл ісіміздің негізінен қате принциптерді ұстанғанын байқаймыз. Байқаймыз да, қазақ тілінің «орыстануына» тікелей өзіміз себепші болғанымызға күйінуге тура келеді. Неге десеңіз, сонау 1935 жылдан бастап қазақ тілінде терминжасау қазақ тілінің емес, орыс тілінің заңдылығын сақтау принципін көздеумен келген екен».<sup>253</sup>

251 Ө.Айтбайұлы. Қазақ сөзі. –Алматы, 1997. 47-48-бб.

252 Ө.Айтбаев. Профессор Қ.Жұбанов және қазақ терминологиясының кейбір мәселелері//Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. –Астана, 1999. 64-б.

253 Айтбайұлы Ө. Терминжасамның қайсыбір қалтарыстары//Терминология:теория және тәжірибе. –Астана,

Ө.Айтбайұлы 1935жылдан бастап терминқор қалыптастыруда басшылыққа алынып келген қағидаттарды негізінен «қате принциптер» деп атап көрсетеді. Ғалым бұл іске өзінің де қатысы болғаны үшін күйінетінін де жасырмайды. Оның «тікелей өзіміз себепші болғанымызға күйінуге тура келеді» деген сөзінен кезінде осы қағидаттардың дұрыстығын дәлелдеуге белгілі дәрежеде ат салысқаны үшін бүгін өкінетінін аңғаруға болады. Ғалымның терминология қағидаттары жөнінде жиі сөз қозғап жүруінің бір себебі - алдағы уақыттағы терминология дамуының бағытын белгілеуге үлес қосумен бірге кезінде осы қағидаттар жайлы уақыттың ыңғайында айтылған кейбір пікірлерінің бүгінгі күн талабына жауап бермейтіндігіне көзі жеткендіктен де болар. Ондай ой айтуға ғалымның жоғарыдағы сынды пікірлері себеп болғанын айтқан жөн. Қалай десек те, Өмекең соңғы жылдары Қ.Жұбанов қағидаттары жайлы үздіксіз түрде пікір айтып келе жатқан тілші-ғалымдардың бірі. Сондықтан да терминология қағидаттары жөнінде сөз болған жерде біз оның пікірлерінің қай-қайсысын да елеусіз қалдыруға тиісті емеспіз.

Ө. Айтбайұлы 2002 жылы «Қазақ тілінде термин жасау жолдары мен принциптері хақында» деп аталатын арнайы мақала жариялады. Бұл мақаласында да ғалым жоғарыда келтірілген пікірлерін қайталай отырып, Қ.Жұбанов қағидаттарының орыс тілінің мүддесіне сай жасалғандығын айтады.

«Әрине, кезеңіне лайықты мүддені көздеген оның қайсыбір қағидалық сипаттағы ұстанымдары қазіргі тілдік талап табиғаты тұрғысынан қарағанда пікірталасқа жетелейді. Бұл көрсетілген принциптер негізінен интертерминдер тағдыры туралы. Осының өзінен-ақ орталықтың тілге жасап отырған зор ықпалы мен нұсқау-тапсырмасының табы сезіледі». – дей келіп, Өмекең: «Байқап қараған адамға бұл принциптер, ең алдымен, қазақ тілінің мүддесінен гөрі, орыс тілінің мүддесін көбірек қамдастырып жасағандай»<sup>254</sup> деген тұжырым жасайды.

Жоғарыда келтірілген 1996 жылы жарық көрген Ш.Білалов монографиясы мен одан бергі жылдары жарық көрген Ө.Айтбайұлының еңбектеріндегі айтылған пікірлер негізінен мазмұндас екендігін, бір-бірімен сабақтасып жатқанын көруге болады.

Қ.Жұбанов қағидаттары жөніндегі пікірлерді терминология мәселелерін қарастырып, кандидаттық диссертациялар жазып жүрген кейінгі жас зерттеушілердің еңбектерінен де кездестіруге болады. Мәселен, қазақ тіліндегі психология терминдерінің тілдік табиғатын зерттеп, кандидаттық диссертация қорғаған С.Исақова өзінің «Қазақ тіліндегі психология терминдерінің лингвистикалық мәселелері» деп аталатын кітабында былай деп жазады: «Кірме терминдердің қазақ тіліне орыс тіліндегі қалпын сақтап алынуының және олардың аударылмауының басты себептерінің бірі – термин қабылдауда ұстанған принциптерімізге тікелей байланысты. Күні кешеге дейін

2001. 19, 21-б.

254 Айтбайұлы Ө. Қазақ тілінде термин жасау жолдары мен принциптері хақында//Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. –Астана, 2002. 26-б.

термин қабылдауда ұстанған принциптеріміз кірме терминдердің ана тілімізге аударылуына немесе тіліміздің дыбыстық заңдылықтарына сәйкес тұлғасын өзгертуіне кедергі жасап келді. 1935 жылы Алматыда өткен Бүкілодақтық мәдениет қызметкерлерінің бірінші съезінде мақұлданған, «қазақ әдеби тілі терминологиясының принциптері» осыған дәлел бола алады.

Қ.Жұбанов ұсынған 10 принциптің негізгі мақсаты – «халықаралық терминдер» деген жасанды атау жамылған Еуропа мен орыс тілінің сөздері мен қосымшаларын тілімізге өзгеріссіз енгізуге негізделген болатын».<sup>255</sup>

Қазақ терминологиясы дамуының тарихында ең алғашқы қағидаттарды (принциптерді) Қ.Жұбанов жасады деген пікір де пікірталасқа жетелейді. Ж.Молдажаров «В статье «О терминологии казахского языка» Х.К.Жубанов впервые в истории казахского языка разрабатывает принципы терминологии»<sup>256</sup>десе, М.Миров «Құдайберген Жұбанов «қазақ әдебиет тілінің терминдері туралы» мақаласында тұңғыш рет терминология принциптерін жасап, жұртшылық назарына ұсынды. Мәдениет қайраткерлерінің бірінші съезінде бірауыздан қабылданған бұл принциптер, терминжасау ісін бірізді жүйеге түсірді»<sup>257</sup> –деп жазады. Бұл пікірлермен келісудің негізін көре алмай отырмыз. Қ.Жұбанов жасап ұсынған қағидаттар 1935 жылғы Мәдениет қайраткерлерінің бірінші съезінде бекітілгені баршамызға белгілі. Ал Е.Омарұлы ұсынған терминология қағидаттары 1924 жылы қазақ білімпаздарының тұңғыш құрылтайының қаулысымен бекітілген болатын. 1926 жылы 26 ақпаны мен 6 наурыз аралығында Бакуде өткен Бірінші бүкілодақтық түркологиялық құрылтайда А.Байтұрсынұлы Пән сөздерінің жүйесі туралы баяндамасында бұл қағидаттарды ғалымдардың талқысына салып, бүкіл түркі халықтарының терминқор қалыптастыруда осы жолды таңдауы дұрыс болатындығы жөнінде ұсыныс жасаған болатын. Жалпы терминология дамуының Байтұрсынов кезеңіндегі терминқор қалыптастыру ісі осы қағидаттарға негізделіп жүргізілді. Оны қазақ зиялыларының 30-жылдардың басына дейін жарық көрген еңбектерінен, оқулықтар мен оқу құралдарынан, терминологиялық және екі тілді сөздіктерден анық көруге болады. Мұндай пікірлердің алаш зиялыларының атын атауға болмайтын кезеңде айтылса түсінуге болар еді, ал Ахандар ресми ақталғаннан (1989ж.) кейін жарияланып отырғанын еш түсіне алмадық. Ж.Молдажаровтың мақаласы 1990 жылы, ал М.Мировтың авторефераты 1999 жылы жарық көрген. Біз қазақ тіл білімінің тарихында өзіндік орны бар белгілі тілші-ғалым Қ.Жұбановқа «терминология қағидаттарын бірінші жасады» деген сөзді қимай тарынып отырған жоқпыз. Тарихи әділеттілік, ғылыми шындықтың бұрмаланбай айтылуын, жазылуын қалайтын қалың көпшіліктің бірі ретінде және осы мәселені арнайы сөз етіп

255 Исақова С. Қазақ тіліндегі психология терминдерінің лингвистикалық мәселелері (лингвистикалық зерттеу). – Алматы, 001. 92-б.

256 Молдажаров Ж.. Унификатор лингвистической терминологии//Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. – Алматы, 1990. 153-б.

257 Миров М. Профессор Құдайберген Жұбановтың ұлттық ғылым тілін жасаудағы рөлі. Филол. ғыл. канд. ғылы- ми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. – Алматы, 1999. 25-б.

отырғандықтан да айтылған пікірлердің шындықтан алшақтау екенін айтуға міндеттіміз.

Қазіргі кезеңде Қ.Жұбанов қағидаттарына қатысты ең бір көп дау туғызып жүрген мәселе оның «интернационалдық терминдерді өзгертпей, сол қалпында жазу керек» деген ұстанымы. Ғалым кезінде «Мұндай орфография қазақ тілінің дүние жүзіндегі интернационалдық бағытта дамуына, халықаралық терминдердің молынан енуіне жол ашпайды, керісінше, мұндай сөздердің жазылуы қазақ тілінің революцияға дейінгі деңгейінде «қазақ тілінің дыбыстық тонын киген» дәрежесінде қалады. Революцияға дейін араб-парсы тілдерінен енген сөздердің қазақ тілінің дыбыстық айтылуына лайықтап сөйленгені, жазылғаны рас, бірақ мұны қазіргі революциялық өзгерістер заманында қолдануға болмайды, сондықтан орфографияны қазақ тілінің жүріп жатқан прогрестік дамуына лайықтап жасау керек, интернационалдық терминдерді өзгертпей, сол қалпында жазу керек»<sup>258</sup> деген ұсынысын енгізген еді. (*Аударма А.Әбдірахмановтікі*).

Неліктен біздің тілімізге қабылданған өзге тілдің сөздері жаттығын жасырмай, сол тілдің дыбыстық жүйесіне тән ерекшеліктерін қазақ тіліне өзімен бірге әкеліп таып, «қазақ тілінің дыбыстық тонын» киюден бас тартуға тиіс? Әлде қазақ тілі тілдік иммунитеті соншалықты нашар тіл ме? Олай дейік десек, араб-парсының мыңдаған сөздері, иран мен орыс тілдерінен енген (*самаурын, болыс, бәтеңке, кереует т.б.*) сөздер кезінде біздің тілдің заңдарына бағынып-ақ қабылданып, өз сөздерімізге айналып кетіп еді ғой. Әлде қоғамда болып жататын революция, әрбір саяси, экономикалық тағы да басқа толып жатқан реформалар кезінде орфографиямызға, тіліміздің дыбыстық жүйесіне өзгеріс жасап отыруымыз керек пе? Олай болатын болса қазір біз ағылшын тілінің сөздерін көптеп қабылдап, сол тілдің орфографиясына, жазу ережелеріне көбірек сүйенуіміз керек қой. Ал алдағы уақытта кейбір ғалымдар болжамына сәйкес қазірдің өзінде екі миллиардқа жуық халық сөйлеп отырған қытай тілі әлемдегі ең кең тараған тілге айналса ше? Онда тіліміздің орфографиялық ережелерін шығыстағы ұлы көршіміздің тілдік заңдылықтарына бейімдеп, сөз алмасудың, термин қабылдаудың қайнар көзі ретінде осы тілді танып, батысқа қарап тұрған бетімізді күншығысқа қарай бұруымыз керек қой. Сонда біздің тілдің өз фонетикалық заңдылықтары, соған сәйкес жасалған орфографиялық ережелері қашан сақталуға тиіс? Мұндай прогресшілдік тілдің табиғи даму заңдылықтарымен қаншалықты қабысады? Дәл осы мәселеге келгенде А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы бастаған қазақ зиялылары мен профессор Қ.Жұбановтың пікірлері екіге жарылғанын, олардың екі түрлі бағытты ұстанғанын көруге болады.

Бодандық құрсауынан арыла алмай отырған, өзіндік дербестігі жоқ кейбір елдерде болмаса, кез келген ұлт тіліне өзгеден енген сөздер сол тілдің өзінің фоно-морфологиялық заңдылықтарына бағындырылып жазылады. Сондықтан да алаш зиялылары термин қабылдауда осы жолды ұстанды. «Тілге кірген жат

сөздер де сіну үшін, тілге «өзілік» болуы үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі керек. Бұйтпесе жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян береді...

Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөзді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады. Бұл туралы Аурупа тілдерінен алдымызда үлгі келтіреміз.

Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұл жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді. Зорлықпен кірген жат сөздер елдің түп қазығы болған тілді бұзады».<sup>259</sup>

Бұл Х.Досмұхамедұлының өзге тілдерден қабылдаған сөздерді жазу туралы көпшілікке белгілі пікірі.

Енді бұл мәселе жөніндегі Қ.Жұбанов пікіріне назар аударып көрелік. Ғалым Х.Досмұхамедұлы мен А.Байтұрсынұлы пікірлерімен келіспейтінін ашық та айқын етіп жазады.

«Изучив и установив эти нормы изменения звукового облика арабско-персидских и немногочисленных русских слов, проникших в казахский язык до Октября, один из лидеров Алаш-Орды – Х.Досмухамедов пришел к выводу, что и международные слова-термины будут и должны проникать в казахский язык по тем же законам, какие установились при проникновении арабско-персидских слов.

Этот якобы эмпирически установленный вывод, реакционный по своей природе, стал теми научными костылями, на которые опирались политически искалеченные алашординцы в вопросе создания казахской терминологии. Орфография терминов под соусом подчинения звуковым законам казахского языка настолько искажались, что сами термины стали неузнаваемы и никому непонятны». Бұдан әрі ғалым *футурист, осмос, лаборатория* сөздерінің қалай адам танымастай өзгеріске ұшырағанын мысалға келтіре отырып, бұл концепцияның жалғандығын әрі қажетсіздігін айтады.

«Всялживость и ненужность концепций досмухамедовых и байтурсиновых о «категорическом императиве», имманентно присущим природе казахского языка, в силу которого последний якобы всегда, при всех условиях и со всяким заимствованным языковым материалом будет поступать так же, как до сего времени с арабско-персидской лексикой, начало давать знать о себе уже к моменту установления действующей орфографии – к 1929 году»<sup>260</sup>.

Х.Досмұхамедұлы жат сөздерді өзгертпей алу шатасқандық, «Бұл жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді. Зорлықпен кірген жат сөздер елдің түп қазығы болған тілді бұзады» десе, Қ.Жұбанов керісінше, Х.Досмұхамедұлы мен А.Байтұрсынұлы ұсынған концепцияның «жалғандығын», «қажетсіздігін» айрықша атап көрсетеді. Халел Досмұхамедұлы тілімізге кірген жат сөздер «тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі керек» деген ұстанымда болса, Қ.Жұбанов шет тілдерінен қабылданған «терминдер соншалықты өзгеріске ұшырап, адам танымастай, ешкім түсінбейтін» қалыпқа түскенін

259 Х.Досмұхамедұлы. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы//Аламан. –Алматы,1991. 92-б.

260 Жұбанов Қ.Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы, 1966. 268-б.

қатты сынға алып, ендігі жерде терминдерді (орыс тілі арқылы қабылданатын еуропа тілдерінің сөздерін) араб-парсы тілдерінен қабылданған сөздер сияқты тіліміздің дыбыстық ерекшеліктеріне ыңғайлап қабылдауға болмайды деген тұжырым жасайды.

Қ.Жұбанов жаңа кезеңнің көшбасшысы ретінде алаш зиялыларының үрдісі жалғасын тапса тілге үлкен зиян келеді, сондықтан ондай озбыр (реакцияшыл) бағыттың өрістеуіне жол бермеу керек деп есептеді. «Алашординская тенденция – подчинить новый этап развития казахского языка дореволюционному его уровню – не получила достаточного отпора»<sup>261</sup> дей отырып, ғалым күрестің әлі аяқталмауы қажеттігін ескертеді.

Қ.Жұбанов қазан төңкерісінен кейінгі жылдары социалистік қоғамды дамытуға алаш зиялылары да қатыстырылғандығы жөнінде айта келіп, былай деп жазады: «К участию была широко привлечена и алашординская интеллигенция. Но она использовала это для возобновления прежней своей антисоветской деятельности и дошла до организованной контрреволюции. Свою вредительскую деятельность она продолжала где открыто, где тихой сапой во всех областях строительства, в особенности в области просвещения: при разработке учебников, в вопросе письменности, в процессе преподавания и особенно при создании литературного языка, в частности терминологии, чтобы язык не был понятен широким трудящимся, чтобы казахский литературный язык способствовал не приобщению широких трудящихся масс к передовой культуре, а, наоборот, к отрыву от нее. В этих целях они всячески изгоняли из казахского литературного обихода все международные термины, вводя их лишь в редких случаях и то с полным искажением звуковых и графических форм, в результате в них нельзя было узнать ни международного, ни казахского слова. .... Старое руководство казахской партийной организации хотя и дало некоторый отпор алашординским вылазкам, но, ограничившись мерами административного воздействия на отдельных личностей, не обратило должного внимания на последствия их вредительской работы на таких участках идеологического фронта, как язык и терминология. В результате этого, несмотря на то, что классово враждебная природа алашординского решения вопроса о терминологии была ясна, все же создание терминов по их образцу не прекращалось еще долгое время, что сказывается отрицательно и по сей день на развитии нашей культуры вообще, культуры языка в частности. Отсюда ( в настоящее время) необходимость борьбы на фронте языкового строительства со всякими алашординскими пережитками и контрабандами. Отсюда необходимость пересмотра всех терминов, даже уже вошедших в бытъ»<sup>262</sup>

Мұнда да Құдайберген Қуанұлы тіл құрылысындағы алаш зиялылары ұстанған бағыттың әлі де жақтаушылары бар екенін олармен тоқтаусыз күресе отырып, түбегейлі тойтарыс беру қажеттігін айрықша атап көрсетеді. Ғалым олардың (алашшылдардың) қалыптастырып кеткен, тіпті тілдік

261 Сонда. 269-б.

262 Жұбанов Қ. О терминологии казахского литературного языка//Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. 278-280б.

қолданысқа еніп кеткен терминдерін де түгелдей қайта қарау қажеттігін (*Отсюда необходимость пересмотра всех терминов, даже уже вошедших в быт*) ұсынады.

Терминологияны қалыптастырудағы ғылыми және саяси көзқарастарының қайшы келіп жататындығына қарамастан, А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбановтың еңбектері бір-бірімен өзара сабақтас, олардың арасында дәстүр жалғастығы сақталды, Қ.Жұбанов Ақаңның ізбасары деген де пікір бар. «А.Байтұрсынұлының еңбектеріне тыйым салынғаннан кейін, ғылымның дәстүрлі ісін, яғни ғылымның заңды сабақтастығын оның талантты ізбасары Қ.Жұбанов жалғастырды»<sup>263</sup> - деп жазады А.Есенғұлов.

Әрине, бұл ұлт тілінің дамуына әрқайсысы өзінше үлес қосқан қазақтың көрнекті ұлдарының бірін-екіншісіне қарсы қоймайын деген ізгі ниетпен айтылған пікір болар. Қазақ тіл білімінің даму тарихында өзіндік орны бар ірі ғалымдардың бірін асқақтатып, екіншісін аласартуды ешкім де мақсат етпейді. Алайда ақиқаттың, шындықтың қашанда қымбат екендігін әркім-ақ түсінеді. Сондықтан да мәселеге осы тұрғыдан келуге міндеттіміз. Ендеше саяси көзқарастары да, әліпби, орфография мәселелері мен терминқорды қалыптастыруда ұстанған қағидаттары, алға қойған мақсаттары да көп жағдайда бір-біріне қайшы келіп жататын екі тұлғаны бұлайша қолдан жақындастырудың тарих үшін де ғылым үшін де қажеті шамалы болса керек. Олардың әрқайсының ғалымдық, ағартушы-ұстаздық қызметтерін жазған еңбектерін, соңында қалдырған ғылыми мұраларын жан-жақты да шынайы зерттей отырып, соның негізінде ғана тұжырымдар жасасақ, ғылыми шындықтың бұрмалануына жол беріп алудан аулақ боламыз. Сондай-ақ А.Байтұрсынұлы сынды алашшыл ғалымдар мен қазақ совет тіл білімінің жаңа кезеңге лайық дамуына аянбай еңбек еткен профессор Қ.Жұбанов сияқты ғалымдардың еңбектерін, ғылыми қызметін олардың өз кезеңінің өмір шындығымен, сол уақыттағы қоғамдық-саяси жағдаймен де байланыста қарамай болмайды.

30-жылдардан бастап, 1990- жылдарға дейін тілші-ғалымдар тарапынан қазақ терминологиясы дамуының отызыншы жылдарға дейінгі кезеңінде пуристік үрдіс белең алды деген пікір басым болып келді. «1920-шы жылдары мен 1930-шы жылдардың басында термин жасауда пуристік тенденция басым болды.»<sup>264</sup>

Ал терминология саласында біршама өнімді еңбек еткен тілші ғалым А.Әбдірахманов «Қ.Жұбанов Пуристік бағытпен қажымай күрес жүргізді»<sup>265</sup> – деп атап көрсетеді. Ө.Айтбаев «Тіпті орыс тілі арқылы тілге еніп, сіңісіп жатқан халықаралық терминдердің өзін қалайда қазақша аударуға әрекеттенген солақай сақшылдықтың да (пуризм) болғаны белгілі»<sup>266</sup> – деп жазады.

263 Есенғұлов А. Грамматикалық қатынастар мен ұғымдардың номинациясы//Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. –Алматы, 1990. 159-б.

264 Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейсов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы, 1968. 183-б.

265 Әбдірахманов А. Қазақ терминологиясының түп қазығы//Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. –Алматы, 1990. 178-б.

266 Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. –Алматы, 1988. 93-б.

Аға буын ғалымдардың пікірлеріне табан тіреген кейінгі кейбір жас ізденушілер де қазақ терминологиясы дамуының «Байтұрсынов кезеңін» пуризмнің өрістеген кезеңі ретінде қарайды. Мәселен, М.Миров «Алайда, осы бір жалпы істерді атқару түрліше бағыттар мен көзқарастарды туғызды. Оның бірі – сол кезеңдегі А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов сынды қазақ зиялылары ұстанған пуристік ағым еді» – дейді. Бұдан әрі ол «Қазақ тілінде пуризм 1910-1920 жылдар аралығында кең өріс алды. Бұл бағыттағы адамдар қоғамдық ғылыми терминологияны қалыптастыруда көптеген шеттен енген сөздер мен интернационалдық терминдердің қазақша баламаларын беруге тырысты. Пуристік бағыт өкілдері «қазақ сөздерінің жазылуы мен шеттен кірген сөздердің жазылуы деген бөлек-бөлек ережелер болмауы керек, лексикамызға кірген барлық сөздер орфографиялық қатынаста қазақ тілінің негізгі заңдылықтарына бағынуы тиіс» деген көзқарасты ұстанды» дей отырып, олардың осы қателігін Қ.Жұбанов түзетті деген ой айтады. «Алайда әр жүйедегі тілдік құрылымдарды біріктіру, олардың формалары мен беретін мағыналарына қалай болса солай қарап, зорлап қиыстыру – тілді тұтыну жолын қиындатып, дәйекті ғылыми негізден аулақтатып жіберетінін ғалым Құдайберген Жұбанов дер кезінде дұрыс атап көрсеткен»<sup>267</sup> – дейді ізденуші.

Біздіңше, қазақ тілінің терминологиялық қорын қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосқан А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының ұстанған бағытын «пуризм» деп танып, біржақты баға беру негізсіз. Бізде пуризм туралы, оның қазақ терминологиясының даму тарихында қаншалықты орын алғандығы жөнінде әлі салиқалы ғылыми зерттеу жазыла қойған жоқ. Сондықтан бұл мәселе арнайы тоқталып, кеңінен сөз қозғауды қажет етеді. Ал кірме терминдердің жазылуына келсек, Ахаң бастаған зиялылардың бұл мәселеде дұрыс жолда болғанын қазір Ә.Қайдар, Ш.Сарыбайұлы, Ө.Айтбайұлы, Б.Қалиұлы, Ә.Жүнісбек, Мырзабектен Сапархан сынды белгілі тілші-ғалымдардың жазып та, айтып та жүргенін, өзге де көптеген ғылыми еңбектерде басқа тілдерден қабылданған терминдердің тіліміздің өз заңдылығына бағындырылып жазылуы қажеттігі дәлелді түрде көрсетіліп жүргенін ізденушінің ескерусіз қалдырғанын құптай алмаймыз.

Жалпы қазақ терминологиясы дамуының ХХ ғасырдың 90-жылдарына дейінгі даму тарихында бір-біріне қарама-қарсы екі бағыттың болғандығы айқын аңғарылады. Бірі – 30-жылдарға дейінгі А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ тілінің терминқорын ұлт тілі негізінде қалыптастыруды көздеген бағытты ұстанушылар да, екіншісі – сол 30-жылдардан бергі Қ.Жұбанов бастаған жалпысоветтік терминқор (общесоветский терминологический фонд) қалыптастыруды мақсат еткен бағыт. Бірінші бағыттағы ғалымдардың терминологияны дамыту қағидаттары алаш зиялыларының жүргізген тіл саясатына, саяси курсына сәйкес жасалды да олардың ұстанымдарының ұлттық сипаты басым болды. Ал екінші бағыттағы ғалымдардың жасаған

<sup>267</sup> Миров М. Профессор Құдайберген Жұбановтың ұлттық ғылым тілін жасаудағы ролі. Филол. ғыл.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. –Алматы, 1999.23-6.



қағидаттары орталықтың (Мәскеудің) белгілеп отырған тіл саясатына, КСРО деп аталған көпұлтты алып мемлекеттің саяси курсына негізделді. Алашшылдар ұлттық мемлекеттің негізін күшейтіп, соған сәйкес ұлт тілінің мәртебесін көтеруге, оның ғылым-білім, техника салаларындағы қолданысын қалыптастыруда мүмкіндігінше таза ұлттық атаулар қорын жасауға ұмтылды. Олар ұлт тілінде жасалған атаулардың басым болуын, тіліміздің қабылдаушы пассив тілге айналмай, термин шығармашылығында пайдаланылуын қалады. Алашшылдарға қарсы бағытты ұстанушылар КСРО-ның мемлекеттік тілі орыс тілін үлгі ретінде ала отырып, негізінен осы тілмен ұқсастығы, ортақтығы мейлінше мол, керісінше айырмашылығы мейлінше аз, совет халқына ортақ, халықаралық сипаты басым терминқор жасауға күш салды. Осындай екі жолды таңдаушылардың алға қойған мақсат-міндеттерінің сәйкес келмеуі – қазақ терминологиясының дамуындағы дәстүр жалғастығының, сабақтастықтың сақталмауына әкеп соқты. Керісінше, алдыңғылардың істегенін соңғылары жоққа шығаруға, ол бағыттың ұлт үшін, оның тілі мен терминологиясының дамуы, болашағы үшін зиянды, қауіпті екендігін дәлелдеуді алдарына міндет етіп қойды. Әкімшіл-әміршіл жүйе ұлттық мемлекеттің негізін нығайту бағытында еңбек еткен ел зиялыларының ісін жалғастырмау үшін оларға қарсы советтік идеологиямен қаруланған прогресшіл, советшіл ғалымдар мен қайраткерлерді дайындады. Барлық ұлттық республикаларда әр ұлттың өз ішінен өсіп шыққан сондай жаңашыл күштерге барынша мемлекеттік қолдау көрсету арқылы, ұлттық республикалардың даму бағытын өзгертіп, олардың ендігі жерде КСРО белгілеп отырған жолға түсуіне негіз жасалды. Бізде де тіл саласында сол кезге тән сөз қолданысымен айтқанда тіл майданында Ахаң бастаған алаш зиялылары «ұлтшыл», «түрікшіл», «пурист», «реакцияшыл», «антисоветтік», «кері тартпа» күштер ретінде танылып, идеология майданында оларға қарсы, олар бастаған істің барлығын теріске шығаруға бағытталған ашық күрес жүргізілді. Нәтижесі тарихтан белгілі.

Бұл ретте жаңа кезеңнің орнығуын барынша қолдаған ғалым С.Бәйішевтің мақаласы да біздің сөзімізге дәлел бола алады. Дәлірек айтқанда, ол екі бағыттың болғанын айқын жазады. «Қазақ әдеби тілінің терминологиясын жасау ісінде көпке дейін екі бағыт, екі көзқарас болып келді.

Қазақ әдеби тілінің терминологиясын жасаудағы бірінші бағыт, бірінші көзқарас бірден ғылыми дұрыс жолға түсті: қазақ халқының тіліндегі, мәдениетіндегі сөз байлығын сарқа пайдалана отырып, іске жарар, болашағы бар сөздердің бірін қалдырмай, ұлы орыс халқының бай мәдениеті мен тіліне сүйену жолына түсті. Соның арқасында бүкіл дүние жүзі мәдениеті мен тіліне мұрындық болып отырған орыс мәдениеті мен тілінің сарқылмас қорынан сансыз көп жаңа ұғымдар мен жаңа терминдер алынды. Біз бұл бағытты ең прогрестік бағыт деп таныймыз. Біз еш уақытта бұл бағыттан, бұл көзқарастан таймаймыз да, аумаймыз да. Қазақ әдеби тілінің терминологиясын жасау жолындағы бірден-бір дұрыс осы бағытқа екінші бір бағыт, екінші бір көзқарас, кейде жасырын түрде, кейде ашық түрде ылғи кедергі жасап келді. Бұл бағыт

қазақ әдеби тілінің дамуы мен баюы өзімен тектес тілге, яғни түрік тұқымдас тілге сүйенуі керек деген теріс, артта қалған, кертартпа көзқараста болды... Біз бұл бағытты нағыз барып тұрған регрестік, кері кеткен бағыт деп таныймыз. Мұның өзін өмір логикасы айқын көрсетті. Бұл регрестік бағыт қоғамдық даму өрісінде күл-талқан болып қыйрады.»<sup>268</sup>

Ғалымның екі бағыт, екі көзқарас туралы айтып отырған пікіріне біздің алып-қосарымыз жоқ. Ол терминология дамуының сол кезеңге тән шындығын бүкпесіз ашық көрсетіп отыр. Керісінше, бүгін ғылыми, тарихи шындықты бұрмалап, қазақ терминологиясы дамуындағы бір-біріне мүлде кереғар екі бағыттың арасынан сабақтастық, дәстүр жалғастығын іздеп, түрлі себептермен сол ойын дәлелдегісі келіп жүрген кейбір ғалымдарға өз заманының шындығын көзімен көрген және оны сол кезеңде барын бардай етіп жазып кеткен ғалымның еңбегіне жүгінгендеріңіз жөн деген болар едік. Тек С.Бәйішевтің терминология дамуындағы екі кезеңді «ақ» пен «қара» деп жіктеп, алғашқысын «регрестік», «кері кеткен бағыт» деп барынша мұқатып, іске алғысыз, аса зиянды жол деп біржақты бағалауымен де, ал екіншісін «ең прогрестік», «ғылыми дұрыс жол» деп асыра дәріптеуімен де келісу қиын. Ғалым айтып отырған «регрестік бағыт» қоғамдық даму өрісінде ғылыми негізінің әлсіздігінен, кертартпалығынан, тілдің даму заңдылықтарына сай жасалмағандығынан немесе ол бағытты ұстанушы зиялылардың табандылық таныта алмағандығынан «күл-талқан болып қыйраған» жоқ. Ол бағытты әкімшіл-әміршіл басқаруға негізделген, бір ғана компартияның саяси бағытына сәйкес келмеген жолды таңдауға ешбір ерік бермей, басқаша көзқарастағылардың бәрін жау көріп, оларды жою арқылы мәселені шешуге дағдыланған мемлекеттік жүйе күшпен қиратты. Сол жүйе өзінің көздеген мақсатына кедергі келтіретін бағытты өрістетпеуге, оның жолын кесуге ғылыми-шығармашылық қауымды, зиялыларды жұмылдырды. Солардың қолымен от көседі. Әйтпесе, ғасыр басында бүкіл қазақ баласы «халқымыздың рухани көсемі», «ұлтымыздың ар-ожданы» деп төбесіне көтеріп құрметтеген Ахмет Байтұрсынұлы мен алаштың ардагер ұлдары Ә.Бөкейхан, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, Х. Досмұхамедұлы, Е.Омарұлы, Қ.Кемеңгерұлы сынды зиялыларын совет халқының қамын ойламадың, совет халқының ортақ тілін, ортақ терминқорын жасауға қарсы болдыңдар деп қазақ құрбандыққа қияр ма еді, сендердің бастаған жолдарың теріс деп олар бастаған бағыттан сырт айналар ма еді? Алаштың қамын шын ойлаған ұлтжанды, қайтсек қазақ елінің іргесін нығайтамыз деген мақсатты көздеген мемлекетшіл тұлғалар өз халқын ғылымнан, мәдениеттен шет қалдыратын кері кеткен қате жолға бастады дегенге кім сенеді?

30-жылдары бүкіл қоғам өмірінде орын алған асыра сілтеушілік, ұрандатқан біржақтылық ғылымды, оның ішінде тіл, әдебиет, тарих, философия сынды гуманитарлық ғылымдарды да айналып өтпегені белгілі. Ғылыми-техникалық терминологияның дамуына көз жүгірсек, бұл салада да сол жылдардың ізі сайрап жатқанын анық көруге болады.

268 Бәйішев С. Қазақ тілінің терминологиясын жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері//Терминология сөздігі. –Алматы, 1948. 1-кітап. 13-15б.

Қазір Қ.Жұбанов кезеңі, ол жасаған қағидаттар туралы ғалымдардың пікірі де әр қилы. Кеңестік кезеңнің тіл саясаты мен сол кездегі тілдік ахуалға сәйкес Қ.Жұбанов қағидаттары туралы кеше бір пікір айтып, қазіргі кезеңде оған мүлде кереғар басқаша пікір білдірушілер де бар. Уақыт сынына төтеп беру, табандылық таныту, ғылыми ұстанымға беріктік тұрғысынан қарағанда мұндай пікір тұрақсыздығына оң баға берілмейтінін әркім-ақ біледі. Алайда замана желіне илікпей шындықты айту кез келгеннің қолынан келе бермейтін іс екендігі тағы да белгілі. Өткен кезеңнің кемшілігін кеш те болса көрсетіп, сол уақыттың ыңғайына бейімделіп айтылған кешегі пікірінен бас тартып, бүгінгі күннің талабына лайық сөз айтуды да азаматтық деп бағалаушылар табылар. Бұл әркімнің өз еркіндегі іс. Біздің қазіргі уақыттағы негізгі міндетіміз – қазақ терминологиясы дамуының әр кезеңіндегі басшылыққа алынған қағидаттарды саралай отырып, терминқорымызды жетілдіруде ендігі жерде қандай бағыт-бағдар ұстанатындығымызды анықтау болып отыр. Сондықтан да терминология қағидаттары жөніндегі мамандар тарапынан ертелі-кеш айтылған пікірлер мен жасалған тұжырымдардың барлығын да жинақтап, оларды қорыта отырып, тоқтамға келген орынды болмақ.

Ж.Молдажаров Қ.Жұбановтың өзі жасап ұсынған өзге де «терминдерінің сақталған-сақталмағаны, қолданыстан шығып қалғаны маңызды емес, оның терминологиялық концепциясы маңызды» дей келіп, «В сущности, работы Х.К.Жубанова подытоживают идеологическую борьбу тех лет в области языкового строительства»<sup>269</sup> – деп жазады.

Біздіңше, Қ.Жұбанов қаламынан туып тілімізде сақталып қалған терминдер оның термин шығармашылығын, терминжасам тәжірибесін зерттеп, біздің терминқорымызды ұлттық тіл негізінде байыту тұрғысынан маңызы да, қажет те. Оның жасаған, қалыптастырған терминдер несімен ерекшеленетінін, ол термин тудыруда қандай тәсілдерді ұтымды пайдалана білгенін анықтау бүгінгі термин шығармашылығын, терминжасам практикамызды жетілдіру үшін де пайдалы болар еді. Сондай-ақ оның қаламынан туған терминдердің не себепті қолданыстан шығып қалғанын білу арқылы да терминология тарихын толықтырып, Қ.Жұбанов шығармашылығын зерттеудегі нақтылыққа қол жеткізіп қана қоймай, қазіргі терминологиялық жұмыстарды жүргізуде қажетімізге жарайтын тиісті сабақ алған да болар едік деп ойлаймыз. Ал оның терминологиялық тұжырымдамасы (концепциясы), ол жасаған қағидаттар кешегі совет халқына ортақ терминқор қалыптастыруды көздеген кезең үшін маңызды болғанына күмәніміз жоқ. Алайда бүгінгі уақыт талабы басқа. Қазір ұлт тіліндегі термин шығармашылығын дамытуға, кірме терминдерді тіліміздің өз заңдылықтарына сәйкестендіріп жазуға, өз тіліміздің сөзжасам тәсілдері негізінде жасалған терминдеріміздің үлес-салмағы басым болуға тиіс деген көзқарастың үстемдік таныта бастағанын ешкім жоққа шығара алмаса керек. Бүгін біз кейбір ғалымдар айтып жүргендей, одақ құлап қалғандықтан

269 Молдажаров Ж. Унификатор лингвистической терминологии//Күдайбергін Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. –Алматы,1990. 158-б.

әдеттегідей жаһандануға елден бұрын бет алып халықаралық ғылым тілін жасауға, әлем халықтарына ортақ терминдер қорын қалыптастыруға ұмтылуымыз да мүмкін-ау. Бірақ кешегі совет халқының орнына, ТМД халықтарына немесе көп ұлттың өкілдері мекен еткен қазақстандықтардың бәріне түсінікті терминдер базасын жасауды мақсат етіп отырмағанымыз анық. Сондықтан да біз қазақ тіл білімінің қос ғұламасы, ұлттық терминологиямыздың екі кезеңінің көшбасшысы болған Ахмет Байтұрсынұлы мен Құдайберген Жұбанов жасаған қағидаттардан да, одан кейінгі жылдары ұсынылған қағидаттардың да қай қайсынан қажетімізді алып, солардың негізінде терминологияның алдағы даму бағытын белгілеуіміз керек.

Біз Ж.Молдажаровтың «Қ.Жұбанов еңбектері сол жылдардағы тіл құрылысы саласындағы идеологиялық күресті қорытындылайды» деген пікірімен келісеміз. Шындығында солай. Қ.Жұбанов өз кезеңінің талаптарына жауап беретін жаңа қағидаттар жасап, оны съезде ресми бекіту арқылы қазақ терминологиясы дамуының жаңа кезеңінің басталуына негіз қалады. Термин жасау, терминдерді шет тілдерінен қабылдау, терминдерді жазу, бір сөзбен айтқанда барлық терминологиялық жұмыстар ғалым жасаған қағидаттарды негізге ала отырып жүргізілді. 30-жылдардың орта шенінен бері қарай «қазақ терминологиясы дамуының Жұбанов кезеңі» басталды. Ол 30-жылдардың басынан бастап, өзі жаппай қуғын-сүргін құрбаны болған 1937-жылға дейінгі бірнеше жыл аралығында ғана терминология саласында барынша өнімді жұмыс атқарды. Мемтерминком жұмысына басшылық етті, Мемлекеттік терминология комиссиясы Бюллетенінің төрт санын шығарды. Онда әлеуметтік экономика, математика, физика, ботаника сияқты ғылым салаларының терминдері мен терминология, орфография мәселелеріне арналған мақалалар жарияланды. Ғалымның бұл саладағы еңбектері, белсенді қызметі тілші-ғалымдардың, терминология саласын зерттеп жүрген мамандар назарынан тыс қалып көрген емес.

Академик Ә.Қайдар «Қазақ совет тіл білімі атты пәннің ірге теуіп, шаңырақ көтеруі, одақ көлеміне танылған ілімге айналуы осы бір жаны жайсаң азаматтың қайраткерлігімен тығыз байланысты»<sup>270</sup> – деп жазса, тілші-ғалым А.Әбдірахманов «Қ.Жұбановтың осы айтылған идеялары мен қағидалары тіл майданындағы күресте жеңіп шықты. Интернационалдық терминдердің орыс тіліндегідей вариантта жазылуы Қ.Жұбановтың дәйекті күресінің арқасында 1935 жылы республика Мәдениет қызметкерлерінің съезінде қабылданып, қазақ тілінің дамуы барысында өмірден бекем орын тепті. Сөйтіп, Қ.Жұбановтың ғылым жолындағы табанды күресінің арқасында орфографияның негізгі мәселелері мен терминология программаларында нағыз төңкеріс жасалды, жаңа бағыт жүзеге асырылды.»<sup>271</sup> – дейді.

Академик Ә.Қайдардың қазақ совет тіл білімінің іргесін бекітудегі Қ.Жұбановтың қайраткерлігін, А.Әбдірахмановтың ғалымның табанды

270 Қайдаров Ә. Профессор Құдайберген Жұбанов//Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. 9-б.

271 Әбдірахманов А. Қазақ терминологиясының түп қазығы//Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. –Алматы, 1990. 176-б.

күресінің арқасында орфографияның негізгі мәселелері мен терминология программаларында нағыз төңкеріс жасалып, жаңа бағыттың жүзеге асырылғанын атап көрсетуі сол кезеңнің шындығы мен ғалымның белсенді қызметіне берілген әділ баға. Терминология дамуының жаңа бағытын белгілеуге, оның орнығуына ғалым аянбай еңбек сіңірді. Орфография мен терминология дамуындағы үлкен бетбұрыс жасап, жаңа бағытты жүзеге асыру жолындағы оның белсенді әрекеті, іс-қимылдары ғалымның табанды күрескер, өз кезеңінің қайраткері екендігін анық көрсетеді. Қ.Жұбанов жасаған қағидаттар көпұлтты мемлекетті құраушы халықтардың тілдерін, олардың терминқорын қалыптастыруда көздеп отырған мақсатына, жаңа заман талабына сай жасалды. Сондықтан да бұл қағидаттар терминологиялық жұмыстарды жүргізу барысында ұзақ жылдар бойы басшылыққа алынып келді. Кеңестік кезеңде терминология қағидаттары жөнінде әңгіме қозғап, өзіндік ұсыныстарын айтқан ғалымдар болды. Н.Сауранбаев, С.Бәйішев, М.Балақаев сынды ғалымдар тарапынан жазылған қағидаттар жөніндегі мақалаларды солардың қатарына қосуға болады. Алайда бұл мақалалар Қ.Жұбанов жасаған қағидаттардың одан әрі орныға түсуіне, осы саладағы жұмыстарды нақтылай түсуге септігін тигізгенімен, терминқор қалыптастыруда ұстанып отырған бағытымызды өзгерте қойған жоқ. Ондай өзгерістерді уақыттың өзі де қажетсіне қоймап еді. Сонымен терминология дамуының бұл кезеңінде қазақ совет тіл білімінің көрнекті өкілі профессор Құдайберген Жұбанов жасаған қағидаттар жалпысоветтік терминқор қалыптастыру бағытындағы терминологиялық жұмыстады жүргізуде бағдар беруші негізгі ғылыми құжат ретінде басшылыққа алынды. Қазақ тілінің бүгінгі қолданыстағы терминдерінің елеулі бөлігі кеңестік кезеңде осы қағидаттарға сүйене отырып жасалды, өзге тілдерден қабылданды және жазылды. Сол себепті қазақ терминологиясының даму тарихында Қ.Жұбановтың, ол жасаған қағидаттардың өзіндік орны бар.

Профессор Құдайберген Жұбанов жасап, 1935 жылы Мәдени қызметкерлер съезі бекіткен қағидаттарды ғалымның 1966 жылы жарық көрген «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты еңбегіндегі орысша нұсқасынан аударып беріп отырмыз.

### **Мемлекеттік терминология комиссиясы қолданатын қазақ әдеби тілі терминологиясының қағидаттары**

#### **(Мәдени қызметкерлер съезінде мақұлданған)**

1. Әдеби тілдер практикасында ұлт тілдеріне аударылмайтын, халықаралық біртұтас белгілері бар революция, совет, теория, практика, тенденция, медицина, хирургия, климат, абсолютный, конкретный, т.б. сияқты терминдер қазақ тіліне аударылмай, сол халықаралық біртұтас белгіленуінде қабылдансын.

2. Әдеби тілдер практикасында ұлт тілдеріне аударылатын

производство, труд, деньги, корень, стебель, мышцы, деление, умножение және т.б. сияқты халықаралық терминдер қазақ тіліне аударылсын. Егер де аударылуға тиісті терминнің қазақ тілінде баламасы болмаса немесе оның қазақ тіліндегі аудармасы оны түсініксіз ететін болса (кей жағдайларда терминнің мағынасын бұрмаласа), онда тиісті орыс сөзі қабылдансын: сословие, состав, клетка, слет және т.б.

3. Түрлі пәндерде белгілі бір мағынада немесе бір-біріне жақын мағыналарда қолданылатын терминдер бірдей белгіленсін: форма – *forma* (философияда және физикада), материя – *materija* (философияда және физикада), корень – *tybir* (математикада, ботаникада және лингвистикада), морфология – *morpologija* (ботаникада және лингвистикада), реакция – *reaksija* (химияда, биологияда, саясатта), экскурсия – *ekiskursija* (білім беру саласында және физиологияда).

4. Түрлі жағдайларда әртүрлі мағына беретін мануфактура (тарихи-экономикалық және тауарлық мағынада), продукт (өндіріс өнімі және азық-түлік мағынасында), легенда (фольклорлық жанр ретінде және аннотация ретінде) және т.б. осы сынды терминдер бір пән үшін термин ретінде қабылдансын, қалған жағдайларда аударылсын. Мысалы, мануфактура экономикалық дамудың кезеңі ретінде термин де (аударылмайды), ал тауар түрі ретінде термин емес (аударылады).

5. Халықаралық терминдер орыс әдебиетінде қалай жазылса, сол түрінде қабылданады. Егер қазақ тілінде кей дыбыстар болмаған жағдайда (бұл терминдерді беру үшін), олар қазақ әліпбиі шегіндегі әріптермен бейнеленеді (форма – *forma*, химия – *gijmija*, революция – *rebolutsija* және т.б.).

6. Қазақ тіліне аударылған терминдер (2-тармақты қара) өзінің ғылыми мазмұнын сақтаулары қажет. Оларды аудару кезінде қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін қатаң ескеріп, терминдерді түсініксіз қылып жіберетін жасанды сөз жасау амалдарын қолданбау керек. Мәселен, *berilis* – передача, *körkil* – многоугольник, *toqьta* – текстиль, *tәçirijbe* – практика, т.б.

7. Есім және етістік-есім формасында берілген терминдер сол күйінде қабылдансын (*изация, ификация, ация* формальдық элементтері арқылы жасалған «машинизация», «электрификация», «объективация» сынды каузативтік формасы бар сөздерді ескермегенде; олар қазақтың *masijnalandyruv, elektirlendiryuv, objektivlendiryuv* формаларына сәйкес келеді).

-ский, -ный жұрнақтарымен аяқталатын сын есімдерден жасалған анықтауыш халықаралық терминдер қазақ тілінде қысқа түрінде, яғни –ский, -ный-сыз қабылдансын: популярная книга – *popular kitap*; абсолютная величина – *absolut cama*; буржуазная идеология – *burçuas ijdeologija*; экстенсивное хозяйство – *ekstensijp caruvacььq*, дифференциальное уравнение – *dijperensijal теңгерме*.

Негіздегі *к* әрпін *ч* әрпіне айналдыру арқылы –ский жұрнағымен жасалған сын есімдер ешқандай қосымшасыз зат есім сияқты қалдырылсын: электрическая лампа – *elektir cam*; физическая география – *pizijka çaғарija* және

т.б. Зат есім және сын есім негізінде жасалған етістік формалары тиісті қазақ суффикстері арқылы жасалсын: изолировать – *ijzolatsijalav*, механизировать – *masijnalandyuv* және т.б. Орыс тілінде есім формалары жоқ, тек етістік формалары ғана бар немесе есім мағынасынан алшақтап кеткен терминдер контекске қарай аударылсын: игнорировать, регулировать, реагировать (соңғысы «реакция» деген есім формасынан өте алшақтап кеткен).

8. Терминдермен бірге қазақ тіліне халықаралық терминологиялық практикада қолданылатын, қазақ суффикстерімен алмастырылмайтын бірқатар аффикстер енгізілсін, мысалы, *ист, изм* (суффикстер); *ре, син, анти, контр* (префикстер).

Терминдерде кездесетін көптеген басқа аффикстер қазақ тілінде сақталсын, бірақ формальдық элемент ретінде атап көрсетілмей, негіздің құрамдас бөлігі саналсын.

9. Басқа сөздерге қосылатын терминдердің қысқарған түрлері (авто, аэро, авиа, т.т.) қазақ сөздеріне қосылып жазылсын: *aptoçol, aptoqatъnas, abiacana* және т.б.

Диктатура, революция, совет, теория, практика, контрреволюция, милитаризм және басқа да қазақ тілінде аударылып қана қолданылып жүрген терминдер аударылмай, интернационалдық формада қабылдансын.

10. Қазақ сөзжасамы практикасына Қазан революциясынан бастап қазіргі орыс тілінде кеңінен қолданылып жүрген қысқарған күрделі сөздер енгізілсін, сөзжасамның бұл тәсілі революция енгізген жетістік деп саналсын (политэкономия – *polijtekonomija*, райисполком – *avatkom* және т.б.). Дегенмен бұндай қысқартулар жасаған кезде оларды қазақ әдеби тілінің заңдарымен байланыстыра отырып, практикада Мемлекеттік терминология комиссиясы қабылдаған сөздерді ғана пайдалану керек.

11. Бұл қағидаттарда негізінен халықаралық терминдер мен орыс тіліндегі атауларды, қосымшаларды тілімізге қабылдаудың жолдары, тәртібі көрсетіледі.

### III.3. Терминологияны дамытудың өзге де қағидаттары жөнінде

Терминология дамуындағы жаңа бағытты орнықтыру жолындағы жұмыстар 30-жылдардың басынан бастап 40-жылдарға дейін сол кезеңнің ерекшелігіне сәйкес аса белсенділікпен жүргізіліп, барынша қарқын алып келе жатқан еді. Алайда екінші дүние жүзілік соғыстың басталуы бұл істің 5-10 жылға саябырлап қалуына себеп болды. Қырықыншы жылдардың аяғына қарай терминология мәселелері қайта сөз бола бастады. Мақалалар жарық көріп, терминологиялық сөздіктер шығару қолға алынды. 1948, 1950 жылдары академик Н.Сауранбаевтың редакторлығымен «Терминология сөздігі» екі кітап болып басылып шықты. Советтік идеология, саяси курс өзгермегендіктен, мемлекеттің тіл саясаты, оның ішінде терминология принциптері де бағытынан

жаңыла қоймады. «Терминология сөздігінің» алғы сөзін жазған академик Н.Сауранбаев Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемтерминкомның ресми бекіткен терминдері бұдан былай да осы жинақ сияқты жеке-жеке кітап болып шығып тұратынын айта келіп, «бұл жинаққа еніп отырған қазақ тілінің терминдері мынандай принциптерде қабылданған» дейді. Ол атап көрсеткен қағидағаттар он тарамақтан тұрады. Қысқартып алғанда, олар мыналар:

1) Дүниедегі тілдерге, әсіресе советтер одағындағы елдердің тілдеріне аударылмай қолданылатын халықаралық терминдер орыс тіліндегі қалпында алынады. Мысалы, *филология, физика, изотерма, унисон, хронограф, гелий, гейзер, висмут, шлак, агрегат* сияқты.

2) Толық мағынасында халықаралық болып саналайтын, бірақ терминдік мәні бар сөздер де аударылмай орыс әдеби тіліндегі қалпында алынды. Мыс., *купец, приказчик, резерв, руда, рынок(экон.), газ, заряд(физ), звено, овал, геол.* т.б.

Бұл сөздер халықтың көпшілігінде-ақ орысша түрінде қолданылып, жұртшылыққа түсінікті болып кеткен.

3) Аударылмай алынған тек жоғарғы 1 және 2 пункттегі терминдер ғана емес. Қазақ тілінде ешбір баламасы жоқ терминдер де аударылмай, орыс тілінде алынды. Мыс., *взрывник, воронка, затвор, вентиляция, капсюль, клапан (гор. дело), конопля, маевка, отставка, профессионал (соц.эк.)* сияқты.

4) Кейбір терминдердің бірнеше мағынасы болады. Мыс.блок: 1) одақ, 2) жүкті жоғары көтеріп шығаратын машина, брак: 1) неке, 2) жарамсыз. Мұндай терминдердің қай түрде алынуы бір принципке ғана шегенделмей, олардың мағыналарының қазақ сөздерімен аталу мүмкіншілігіне қарай шешілді.

5) Аударылмай алынған терминдердің мағынасына дәлме-дәл болмаса да, шендесетін қазақ сөздері орысша алынған терминдермен қатар беріледі. Мыс., *заговор – заговор, астыртын әрекет; аффикс – аффикс, қосымша; идеал – идеал, мұрат, арман, мақсат; афоризм – афоризм, нақыл сөз* т.б.

6) Қазақ тілінің лексикасында тең мағыналы баламасы бар және қазақ тілінің сөз тудыру тәсіліне сай істелген орынды, қонымды аудармасы бар терминдер қазақ тіліне аударылып алынды. Ол терминдер, мәселен, мынадай: *амнистия – кешірім, античное время – арғы заман, новое время – бергі заман, новейшее время – жаңа заман, община – қауым (қаум), оборот – айналым, отечество – отан, ощущение – түйсік, производство – өндіріс* т.б.

7) Полисемантикалы терминдердің әрбір мағынасына лайықты дәл балама сөз табылғанда, немесе қонымды аударма сөз тап келгенде, олардың әрбір мағынасы дербес сөздермен берілді. Мыс., *кузов: 1) шанақ, 2) қора, величина: 1) шама (физ.), 2) мөлшер (мат.); дисциплина: 1) тәртіп, 2) пән* т.б.

8) Аударылған терминдердің мағыналары ылғый қазақ тілінің лексикасында бұрыннан бар сөздермен ғана берілген жоқ, әлденеше жаңа туынды сөздермен де, сөз тіркестерімен де берілді. Мыс., *сыйымдылық (вместимость), көрсеткіш (показатель), жазықтық (плоскость. матем.), қосымша құн (сверхстоймость)* т.б.

9) Аударылмай алынған халықаралық терминдер зат есімнің жалғаусыз



атау қалпында (номинатив) алынды. Олардың бірнешеулері түбір түрінде, бірнешеулері туынды түрінде алынды. Мыс., *матрица, меридиан, логарифм*, т.б. атау қалпындағы туынды сөздермен бірге «изм», «ист», «ция», сияқты жұрнақтар: «бей», «аэро», «ре», «де» сияқты халықаралық сөзалды қосымшалар (префикстер) да қазақ тіліне еніп отыр.

10) Аударылмай алынған терминдер қазақ тілінің емле ережесінің туыс жүйелі принципіне сай орыс тіліндегі негізгі формасы сақталып жазылды (*материя, философия* т.б.).

Жоғарыдағы қағидаттардың тең жартысы 1,2,3,9,10 халықаралық терминдер мен орыс сөздерін қабылдауға, жазуға арналған. Қалған 4,5,6,7,8 шарттардың қазақ тілінде термин жасауға тікелей және жанама қатысы бар. Жалпы алғанда терминология сөздігі терминологиялық жұмыстарды жүргізудің жаңа бағытына сай жасалған. Терминология дамуының 30-жылдары жасалған қағидаттары іс жүзінде пайдаланылып, терминологиялық сөздіктер түзуде басшылыққа алынғанын көруге болады. Сөздік жасауда басшылыққа алынған бұл қағидаттардың 1935 жылы сиез қабылдаған қағидаттарға қайшы келетін, одан ауытқып кеткен тұстары жоқ. Бұл терминологияны қалыптастыруда айтарлықтай өзгерістің болмағандығының, советтік термин қор қалыптастыру ісінің белгіленген бағытта жүзеге асып жатқандығының көрсеткіші. Дегенмен, «аударылмай алынған терминдердің мағынасына дәлме-дәл болмаса да, шендесетін қазақ сөздері орысша алынған терминдермен қатар беруі» (5-пункттегідей: *заговор – заговор, астыртын әрекет; аффикс – аффикс, қосымша; идеал – идеал, мұрат, арман, мақсат; афоризм – афоризм, нақыл сөз* т.б.) мен «қазақ тілінің лексикасында тең мағыналы баламасы бар және қазақ тілінің сөз тудыру тәсіліне сай істелген орынды, қонымды аудармасы бар терминдерді қазақ тіліне аударып алуы» (6-пункттегідей: *амнистия – кешірім, античное время – арғы заман, новое время – бергі заман, новейшее время – жаңа заман, община – қауым, оборот – айналым, отечество – отан, ощущение – түйсік, производство – өндіріс* т.б.) Н.Сауранбаев редактолығымен жарық көрген сөздіктің қазақ тілінің жекелеген терминдерінің қалыптасуына септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Осы сөздікке алғы сөз ретінде Н.Сауранбаев пен бірге С.Бәйішевтің де «Қазақ тілінің терминологиясын жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері» деп аталатын мақаласы берілген. С.Бәйішев терминология дамуының 30-жылдардан бастау алатын жаңа бағытын қолдап, терминологиялық жұмыстардың осы бағытта жүргізіліп жатқанын және алдағы уақытта да осы жолдан таймау керектігін атап көрсетеді. Ол «бұрынғы бағытты жақтаушылар қазақ әдеби тілінің даму ісінде *ілгері* емес, *кері қарады*, халыққа *жаңалық* емес, *ескілікті, өсуші* емес, *өшуші* нәрселерді ұсынды. Бұлардың ендіремек болған ұғымы да, сөзі де халыққа сіңбеді. Осыдан келіп бұл бағыттың өрісі тар, өмірі қысқа болды» – дей келіп, «қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасаудағы прогрестік бағыттың жеңіп шығуына негізгі үш себеп, үш тірек болғанын» атап айтады. Олар мыналар:

«**Бірінші тірек.** Қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасауда

бұл бағыт әрі түгелдей, әрі берік түрде марксистік-лениндік методологияға түсті. Қазақ тілінің терминологиясын жасау жолында марксизм-ленинизм классиктерінің даналық нұсқауларына түгелдей сүйеніп отырды.

**Екінші тірек.** Қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасауда бұл бағыт орыс халқының аса бай тіліне, оның сарқылмас алтын қазынасына сүйенді. Мұның қазақ тілінің баюына, қорлануына, ғылыми-әдеби тіл болуына тікелей әсер етті, көп көмек берді.

**Үшінші тірек.** Қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасауда бұл бағыт Қазақстан К(б)П Орталық комитеті мен Қазақ ССР үкіметінің күнделікті қамқорлығына, тікелей жәрдемі мен басшылығына сүйеніп отырды.»<sup>272</sup>

Одан әрі ғалым ҚК(б)П Орталық Комитетінің қаулылары мен Мемтерминком ережелерінің де осы бағытты орнықтыруға негізделгенін айта отырып, «Қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетінің алдында тұрған бұл айбынды және абыройлы міндеттің жуық арада ойдағыдай орындалатындығында ешбір күмән жоқ» деп сөзін аяқтайды.

Сонымен 50-жылдарда да отызыншы жылдардан басталған терминқор қалыптастырудың жаңа бағытын өзгертуге деген қандай да бір қажеттіліктің туындағаны, ол бағытты өзгертуді былай қойғанда тың ізденістермен, толықтырулар енгізуге деген ниеттің болғандығы байқала қоймайды. Қайта салынған сара жолымыздан жаңылмаймыз, бізде одан өзге жол жоқ деген көзқарасты орнықтыруға деген ұмтылыс басым екендігін көруге болады.

### **Айырмашылықтарды мейілінше азайту қағидаты (принцип минимальных расхождений)**

Ол кезеңге дейін көптеген ұлттық республикаларда халықаралық терминдерді орыс тілі арқылы қабылдау және барлық өзге тілдерден қабылданған терминдерді орыс тілінің орфографиялық заңдылықтарына сәйкес жазу орнығып, үйреншікті жағдайға айнала бастаған еді. Енді орыс тіліне негізделген КСРО-ның барлық халықтарына ортақ советтік терминқор қалыптастыру ісін одан әрі тереңдетіп, бәрімізге ортақ терминдерді бұрынғыдан да молайтып, тағы бір қадам алға басу көзделді. Оны 1959 жылы Мәскеуде өткен мәжілістің айырмашылықтарды мейілінше азайту қағидатын (*принцип минимальных расхождений*) белгілеп, ендігі жерде терминологиялық жұмыстарды осы бағытта жүргізу қажеттігіне тоқталған шешімінен де көруге болады.

Онсыз да термин шығармашылығы тұралап тұрған тілге ортақ терминқорды қалыптастыруға атсалысу міндетін жүктеу – ұлт тілінде термин жасауды бұрынғыдан бетер шектеп, терминологияны ортақтандыру ісін батылырақ, жеделірек жүргізу керек дегенді білдіретін еді. Бұл қағидаттың туындауының негізгі мақсаты – бұрыннан басталған ісіміздің, таңдаған

272 Бәйішев С. Қазақ тілінің терминологиясын жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері // Терминология сөздігі. – Алматы, 1948. 1-кітап. 15-б.

жолымыздың дұрыстығын кеңес халқының есіне тағы бір рет салып, ендігі жерде осы бағыттағы жұмыстарымыздың қарқындылығын арттыра түсу керектігін жұртқа жеткізу еді. Кейбір кеңестік республикалар (мәселен, Балтық жағалауындағы және кавказдағы елдер) о бастан КСРО-ның тіл саясатындағы, терминқор қалыптастырудағы белгілеген бағытын қолдай қоймаған болатын. Сондықтан «айырмашылықтарды мейілінше азайту қағидатын» ұсынушылар ортақшыл жолда кімдердің суырылып алға шығып, қай елдердің көш соңында қалып қойғандығын да жұртқа жария етіп қоюды ұмытпады. Біз Мәскеу белгілеген бағытта белсенді түрде жұмыс жүргізіп жатқандығымызды мақтанышпен айтсақ, олар да біздің бұл адалдығымызды атап көрсетіп, өз тілдерінің ғана мүддесін ойлап кеңес халқының ғылым тілін жасауға, жалпыкеңестік ортақ терминқор қалыптастыруға асықпай отырғандарға, бұл істе алда жүрген біздерді үлгі етті. Бұл қағидат жөнінде осы еңбектің басында (І.1.) да айтылды. Сондықтан көп тоқталудың қажеті бола қоймас. Жалпы бұл қағидат кеңестік ортақ терминқор қалыптастыру бағытына қандай да бір өзгеріс енгізген жоқ. Керісінше, ұстанған бағытымыздың дұрыстығын атап көрсетіп, ортақ терминқорымызды одан да арттыру міндетін жүктеді.

### Түркішілдіктің тіл мәселесі жөніндегі қағидалары

Туыстас түркі халықтарының ішінде кезінде ұлт тілінің мүддесін көздеген терминология қағидаттары түрік тілінде жасалды. Социалистік және капиталистік лагерге жіктелген мемлекеттер арасында саяси-экономикалық, ғылыми т.б. байланыстар болмағандықтан, түрік ағайындармен біз бұл мәселелерді бірлесіп талқылап, тәжірибе алмаса алмадық. Алда терминологиялық жұмыстарды жүргізуде, терминология қағидаттарын белгілеуде ескеретін тұстары болғандықтан, кезінде түркішілдер жасаған бұл қағидаттарды ықшамдалған түрде бергенді жөн санадық.

«Түркішілдіктің тіл мәселесі жөніндегі қағидалары» деп жалпы тілге қатысты аталғанмен бұл қағидалар негізінен терминологияны реттеуге, дамытуға арналған. Сондықтан терминология қағидаттарын белгілеу кезінде ол қағидаларды да назардан тыс қалдырмай, сараптай отырып, барлығын болмаса да оның кейбір қажетті шарттарын ескеру қажет деп білеміз. «Түркішілдердің тілді жандандыру бағдарламасында»: «Жаңа түрік тілін қажетті дәрежеге жеткізу үшін мынадай шараларды жүзеге асырған жөн. Біріншіден, араб және парсы тілдерінен қажетсіз алынған артық сөздерден құтылу керек. Екіншіден, ауызекі тілде кең пайдаланылғанымен, жазбаша тілдің назарына іліге алмай жүрген сөздер мен сөз тіркестерін тілге енгізу қажет. Үшіншіден, лексикамыздың өзімізде жоқ қатарын халықаралық сөздердің есебінен толықтыру керек» деген негізгі бағдар ұстана отырып, төмендегідей қағидалар белгіленеді:

1. Ұлттық тілімізді қалыптастыру үшін біз осман тілінен жалпы бас тартып, халық әдебиетінің негізі болып табылатын түрік тіліне бет бұрып, халықтың, оның ішінде, әсіресе, стамбул әйелдерінің сөйлеу үлгісін «произношение») қабылдауға тиіспіз.

2. Түрікше баламалары бар араб және парсы сөздерін толығымен аластатқан жөн. Ал оның ішінде дәл баламалары жоғын қалдыру керек.

3. Жай халықтың тіліне енген араб және парсы сөздері сол өзгерген түрі мен мағынасын сақтаған күйінде және түрік терминдері ретінде қалуға тиіс. Олардың атылуы тіліміздің фонетика ережелеріне сәйкес болуға тиіс.

4. Кейінгі кезеңде дүниеге келген толық мағыналық баламалары бар ескірген түркі сөздерін қайтадан жандандыруға болмайды.

6. Жаңа терминдер қалыптастыру барысында ең алдымен жай халықтың тілінде бар сөздерге назар аударған жөн. Егер осы қайнар көз мұқтажымызды толығымен өтей алмаса, жаңадан сөздер жасауды қолға алуға болады. Бірақ бұл істі жүзеге асыру барысында міндетті түрде түрік грамматикасының аффикстерге, жіктеуге және күрделі сөздерге қатысты нормативті ережелеріне сүйену шарт. Егер қайсыбір түсініктерді белгілейтін сөздер табылмаса, оларды араб не парсы тілінен алуға болады. Бірақ бұл орайда араб не парсы грамматикасының ережелері талабына сәйкес құрылған жалғаулықты сөздерге жол жоқ. Белгілі бір дәуірлерге, кәсіп түрлерінің белгілі бір шарттарына қатысты сөздер мен өнеркәсіпте пайдаланылатын өндіріс құрал-жабдықтарының аттары тікелей қабылдануға тиіс.

7. Араб және парсы тілдерінің «шекара асып жүре беруіне» жағдай туғызған барлық лингвистикалық мүмкіндіктер жойылуға тиіс; шақ, аффикс және күрделі (жалғаулықты) сөздер категорияларына қатысты ережелердің ешбіреуі ешқандай жағдайда шеттен алынбайды.

8. Түркі халқына белгілі және түрік халқы пайдаланатын сөздердің барлығын түрік сөздері деп есептеуге болады. Халыққа жат болып көрінбей, оның санасына сіңген әрбір сөз ұлттық төл сөз болып табылады. Ұлттың тілі – тірі организм. Ол жаны кеткен тамырларының арқасында емес, күнделікті пайдаланудың арқасында өмір сүреді.

9. Стамбулдық түрік тілінің фонетикасы, морфологиясы мен сөздік қоры жаңа түрік тілінің негізі болып табылады. Осы жайтты ескере отырып, басқа түркі тілдерінен аффикс, шақ категорияларын және сөз жасау ережелерін ауыстырып алу туралы ойдан бас тартқан жөн. Алайда, бұл тілдердің өздерін түрік синтаксисі мен идиомаларын дұрыстап танып алу мақсатында мұқият зерттеу қажет болады.

10. Ежелгі түркі цивилизациясының тарихын зерттеу ісі одан әрі жалғастырылатын болғандықтан, ескі түркі сөздерінің бірқатарын, атап айтқанда, ежелгі түркі қоғамының атрибуттарының атауларын қазіргі түрік тілінің құрамына кіргізуге болады. Бұл ескі сөздерді тек олар бейнелейтін түсініктерге қатысты түрде ғана пайдаланған жөн. Жалпы лексикалық қордың құрамдас бөліктері ретінде қайта жандандыруға олар келмейді.

11. Сөздер өздері бейнелейтін сөздердің анықтаушы емес. Сөздердің мағынасын анықтау мәселесі олардың этимологиялық тегін айқындау арқылы ғана шешіле қоймайды.

12. Қазіргі түрік тілінің сөздік қоры мен грамматикасын жоғарыда көрсетілген қағидалардың негізінде қалыптастыру керек. Осы істің барысында түрік тіліне сіңіп кеткен араб және парсы сөздері мен олардың құрылымы жөніндегі мәліметтер тілдің даму барысына қатысты тарауларға емес, өткенді және тілдің генеалогиясын этимология шеңберінде қарастыратын тарауларға кіргізілуге тиіс<sup>273</sup>.

Бұл қағидалардың 3, 5, 6, 7 тармақтың талаптарын бізге терминология қағидаттарын белгілеуде, терминологиялық жұмыстарды жүргізудің практикалық, әдістемелік мәселелерін шешуде қажетіне қарай ескеруге болады деп ойлаймыз. Түрікшілдер қағидаларының кейбір шарттары ХХ ғасыр басында Ахаң бастаған алаш зиялылары жасаған қағидаттармен де үндесіп жатыр.

#### III.4. Термин, терминология мәселелерінің оқытылуы туралы

Кеңестік кезеңде жоғары оқу орындарында терминология лексикологияның бір тармағы ретінде оқытылып келді. Термин, терминология туралы жоғары білім алушыларға жан-жақты әрі толық мәлімет беріліп, бұл мәселенің қыр-сырын жақсы білетін мамандар дайындалды деп айту артықтау болар. Осы кезеңде жоғары білім алған көптеген мамандар термин дегенді негізінен шет тілдерінен, латын-грек, европа, орыс тілдерінен алынған кірме сөздер деп түсінді. Ондай атаулар орыс тіліндегі қалпында білім жүйесі (мектеп, ЖОО) арқылы санамызға сіңді. Бірнеше рет қайта басылып, жоғары мектепте ұзақ жылдар оқулық ретінде пайдаланылған лексикология оқулығынан алынған мына мысалдар осы айтқандарымыздың дәлелі бола алады. (Сөз болып отырған мәселе оқырманға түсінікті болуы үшін автордың термин, терминология туралы анықтамасы мен түсініктемесін де берілді.)

«Әрбір тілдің сөздік құрамында жалпылама ортақ лексикамен қатар ғылым мен техниканың, өндіріс пен шаруашылықтың әрбір саласына телінді арнаулы сөздері де болады. Мұны бір сөзбен айтқанда *терминдер* деп атайды. Терминдердің тууы мен пайда болуы ғылым мен техника атауларына тығыз байланысты. Ғылымы жоқ, техникасы болмаған елдерде термин жайында сөз де болуы мүмкін емес. Терминдер негізінен белгілі бір дара ұғымды дәл көрсететін болғандықтан, көбінесе бір мағыналы болып кездеседі. Сонымен қатар терминдерде стильдік эмоциялық мән де кездеспейді. Сондықтан да терминдердің мағынасы жылжымалы, өзгермелі емес, әрқашан тұрақты болады да, бір ғылымды меншіктеп, соған түпкілікті қызмет атқарады.

273 Зия Гезальн. Түрікшілдердің тілді жандандыру бағдарламасы. 21-23 беттер.

Сондықтан да терминдерді жалпылама ортақ сөздерден ерекшелеп *арнаулы сөздер* деп атайды. Арнаулы терминдер әрбір ғылым саласында бар. Мысалы:

**1. Математика терминдері:** логарифм, квадрат, аксиома, алгебра, трапеция, синус, косинус, радиус, котангенс, биссектриса, теорема, коэффициент т.б.

**2. Физика терминдері:** вольт, ампер, энергия, амплитуда, генератор, атом, монокл, квант, вектор, оптика, механика т.б.

**3. Химия терминдері:** катализ, индикатор, ерітінді, аммиак, озон, азот, қышқыл, хлор, синтез, бром, йод, сульфат, коллоид, гидрат т.б.

**4. География терминдері:** материк, глобус, планета, циклон, меридиан, оазис, экватор, полюс, архипелаг, масштаб, климат, тайфун, муссон, карта т.б.

**5. Спорт терминдері:** бокс, атлетика, футбол, волейбол, баскетбол, штанга, спартакиада, теннис, физкультура, стадион, шахматшы, хоккейші, акробат, акробатика т.б.

**6. Қоғамдық-саяси терминдер:** революция, демократия, конституция, кодекс, республика, реформа, совет, комсомол, коммунист, социализм, активист, программа, партия т.б.

**7. Әдебиет пен өнер терминдері:** театр, поэзия, сатира, опера, драма, комедия, роман, эпос, образ, филармония, консерватория, актер, либретто, дирижер, режиссер, пьеса т.б.

**8. Лингвистика терминдері:** лексикография, стилистика, орфография, фонема, морфема, фраза, идиома, эвфемизм, табу, синоним, антоним, акцент, архаизм т.б.

**9. Медицина терминдері:** хирургия, терапевт, аптека, амбулатория, диагноз, рентгенолог, фармацевт, процедура, препарат, кардиограмма, массаж, поликлиника, рецепт, диабет т.б.

**10. Биология терминдері:** ботаника, зоология, белок, протоплазма, аквариум, клетка, ткань, микроскоп, микроб, коллекция, калория, гибрид, коллекционер, биолог, ядро т.б.

**11. Әскери терминдер:** команда, командир, солдат, офицер, генерал, маршал, танк, снаряд, пулемет, ракета, артиллерист, мина, бомба, штаб, миномет, стратегия, тактика, маневр т.б.

Мұнан басқа өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының түрлі салаларына, транспортқа қатысты толып жатқан терминдер де кездеседі. Бір тілдің шеңберінде қолданылатын терминдерді түгелдей жинақтап, жүйелейтін ғылымды *терминология* деп атайды, Қазақ терминологиясы қазіргі таңда жан-жақты қарастырылып, қауырт жиналып терілуде, қазірдің өзінде терминдердің жетпістен астам сөздігі басылып шықты»<sup>274</sup>.

Белгілі тілші-ғалым, филология ғылымдарының докторы Ә.Болғанбаев ағамыздың лексикология оқулығы сөз, сөз мағынасы, жалпы лексикология жөнінде көптеген мамандардың қажетіне жарап, талай шәкірттің білім нәрімен сусындауына қызмет еткен еңбек. Өзіміз де осы оқулықтан білім алғанбыз.

Бұл оқулық қазір де құнын жойды деп ойламаймыз. Ұстазымыз, әріптесіміз болып бірге қызмет еткен ағамыздың оқулығын сынға алу ойынан да аулақпыз. Біз тек сол кездегі көптеген оқулықтар мен оқу құралдарындағы сияқты осы еңбектің «арнаулы сөздер» деп аталған бөлігіндегі термин сөздерге берілген мысалдарға ғана тоқталып отырмыз.

Жоғарыда он бір арнаулы саланың терминдері берілген. Барлығы –154 термин. Осы берілген мысалдың ішінде **ерітінді**, **қышқыл** деген екі-ақ химия терминнен басқа қазақ сөзі жоқ. 152-сі түгелдей кірме сөздер. Қазақ қосымшасын жалғандары да екеу-ақ - шахматшы, хоккейші.

Бұл мысалдардан термин дегеніміз шет тілдерінің сөздері де, терминология дегеніміз – сол шет тілдері сөздерінің жиынтығы екен ғой деген ой түюге болады. Біздің тіліміз термин жасауға икемсіз, ғылыми ұғымдарды атауға жаралмаған тіл екен-ау деген ой да осындайда қылаң береді.

Біздіңше, география терминдерінің қатарына *тау, өзен, түбек, қырат, арал, шатқал, жыра, беткей, жазық, жота, шоқы* терминдерін, тіл білімі терминдерінің қатарына *бастауыш, баяндауыш, анықтауыш толықтауыш, нысықтауыш, буын, түбір, сөз, сөйлем, дыбыс* сияқты терминдерді, басқа салалар бойынша да осылар сынды арнаулы сала атауларын қосқанда, білім алушыларда термин, терминология туралы біржақты түсінік қалыптаспас еді.

Терминология дегеніміз шет тілдерінен өзгеріссіз қабылданған кірме сөздер жиынтығы деген түсінік қалыптастырған маманның, ұлт тіліндегі термин шығармашылығын дамытып, ғылымды өз тілімде сөйлетейін деген мақсат қоюы да екіталай. Керісінше, сол шет тілдерінің сөздерін өзгеріссіз қабылдай берсек, терминқорымыз толығы береді деген тоқтамға келуіне негіз жасалатын тәрізді.

Сондықтан алдағы уақытта жоғары мектепте терминтануды арнайы оқытып, термин, терминология туралы шәкірттерге жан-жақты мәлімет берудің маңызы зор деп түсінеміз. Филологтарға да салалық мамандарға да арнаулы курстар жүргізіліп, ондай курстар тиісті бағдарламалармен, оқулықтар мен оқу құралдарымен қамтамасыз етілсе, жалпы терминтану мәселелеріне қажетті дәрежеде көңіл бөліне отырып оқытылса, ғылымды өз тілімізде игеруге үлес қосатын, ұлттық терминқорымызды қалыптастыруға бейілді мамандар саны арта түсер еді.

## IV ТАРАУ

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯ  
ДАМУЫНЫҢ БАҒЫТЫН БЕЛГІЛЕУ МӘСЕЛЕСІ

(90-жылдардан бергі кезең)

IV.1. Қазіргі термин шығармашылығында орын алып жүрген  
кейбір кемшіліктер

90-жылдардан бергі кезеңде терминология мәселесіне біршама көңіл бөліне бастады. Терминтану мәселелерін зерттеуге арналған бірқатар еңбектер жарық көрді. Докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалды. Көптеген терминологиялық сөздіктер басылып шықты. Осы еңбектердің барлығы бірдей төрт аяғын тең басып жатпаса да, олардың ішінде осы саладағы жұмыстардың дамуына ғылыми-теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да септігін тигізетін тұжырымдар бар екені даусыз. Бұл саладағы істің бәрін жоққа шығарғысы келетін кейбір әріптестер мен қаламдас ағайындардың кейде тым біржақты айтылып жататын пікірлерімен келісу қиын. Ең бастысы, тіліміз термин қабылдағыш салғырт тілдер қатарында қала бермей, ұлт тіліндегі термин шығармашылығы аздап болса да жандана бастады. Лексикалық қабаттарымыздың түрлі қатпарларында елеусіз қалып келген бірқатар сөздеріміз терминдік мәнге ие болып, терминқорымызға қосылды. Сөзжасам тәсілдерімізді пайдалану арқылы дұрыс жасалған, терминге қойылатын талаптарды қанағаттандыратын, тілдік нормаға сай келетін азын-аулақ жаңа атуларымыз да жоқ емес. Қай жылдары мүлдем қалғып кеткен терминологиялық жұмыстарды үйлестіруші мемлекеттік орган Мемтерминкомның да жұмысында бір жаңа серпін, ізденістер пайда бола бастады. Қалай айтсақ та, соңғы он-он бес жылда бұл салада бір қадам, жарты қадам болса да алға басу, ілгері жылжу байқалады. Атқарылған ісіміздің жетістіктері ешқайда қаша қоймас. Олар айтылар да. Біз орын алып жатқан кейбір кемшіліктерге тоқтала кеткенді жөн санадық.

Термин шығармашылығындағы тоқырау кезеңі аяқталып, ұлт тілінде термин жасала бастаған соңғы он шақты жылдың көлемінде терминге қойылатын талаптарға сай жасалып, терминологиялық қорымызды байытқан сәтті терминдермен бірге тәжірибесіздік пен кәсіби шеберліктің жетіспеуі салдарынан туындаған терминдер де аз болған жоқ. Ондай сәтсіз терминдер терминологиялық қорымызды байытуды былай қойғанда, ұлт тілінде жасалған терминдерге деген жұртшылықтың теріс көзқарасын туғызып, терминологияны ұлт тілі негізінде қалыптастыруға бағытталған оң үрдістің қарқын алуына нұқсан келтіруі мүмкін. Терминдерді шығармашылық шеберлікпен жасауға



емес, өзге тілдерден дайын қалпында қабылдауға дағдыланған, әлі де болса бас қатырып термин жасаудан гөрі сол дәстүрді жалғастыра беруге бейілді кейбір мамандарымыз үшін сәтсіз жасалған терминдер таптырмайтын мысал. Олар сондай терминдерді мысалға келтіре отырып, қазақ тілінде термин жасаудың қажетсіздігін, тіліміздің термин жасауға икемсіздігін дәлелдеп әуре болып жүр. Әрине, қисынға келмейтін терминдерді сынға алып, олардың орнына ұтымды балама ұсыну орынды. Алайда ондай терминдерді алға тарта отырып, тілімізде жаңа жандана бастаған термин шығармашылығына тосқауыл қоюға жол беруге болмайды. Термин шығармашылығымен кім болса сол айналысып, кәсіби дайындық пен тәжірибені қажет ететін жауапты іске атүсті қарауға жол берілмегені жөн. Бұл жұмысты үлкен жауапкершілікпен, жоғары кәсіби деңгейде жүргізу арқылы ғана терминологиямызды ұлт тілі негізінде қалыптастырып, қазақ тілінің ғылым саласындағы қызметін қамтамасыз етуге қол жеткізе аламыз.

Терминжасам барысында қандай кемшіліктер орын алып жүр деген мәселеге келсек, олар негізінен төмендегідей болып келеді: Біріншіден, тіліміздегі сөз тудырушы жұрнақтар терминжасам барысында орнымен жұмсалмай келеді. Белгілі бір жұрнақтарды шектен тыс көп пайдаланамыз да тілімізде бар жұрнақтардың қалған басым бөлігі іске қосылмай жатады. Соңғы он шақты жыл көлемінде жаңадан туындаған терминдер мен атауларды саралап көрсек, оған айқын көз жеткізуге болады. Бұл тұрғыдан келгенде қазіргі терминжасам барысында ең жиі қолданылып жүргендердің қатарына етістіктен зат есім тудыратын -ма /- ме (-ба/-бе, -па/-пе) жұрнағын да қосуға болады. Бұл жұрнақтың ХХ ғасырдың бас кезінде, дәлірек айтқанда А.Байтұрсынұлының терминжасам тәжірибесінде кеңінен қолданылғанын білеміз. Оған Ахаң қаламынан туындаған *сауықтама*, *зауықтама* *сарындама*, *салттама*, *ғұрыптама*, *қалыптама*, *кескіндеме* сияқты терминдері мысал бола алады. Осы үлгімен жасалған *анықтама*, *міндеттеме*, *мінездеме* сияқты бірқатар терминдер өткен ғасырдың 90-ыншы жылдарына дейін-ақ тілімізде орныққан болатын. Термин шығармашылығында ұлт тілінің ішкі мүмкіндігі біршама пайдаланыла бастаған қазіргі кезеңде де бұл жұрнақ өнімділік танытып отыр. Мәселен, *кепілдеме* (*рекомендация*), *көшірме* (*выписка*), *құжаттама* (*документация*), *бұрыштама* (*виза*), *аңдатпа* (*аннотация*), *жазба* (*записка*), *тізімдеме* (*опись*), *дайындама* (*заготовка*), *үстеме* (*надбавка*), *сараптама* (*экспертиза*), *ұңғыма* (*скважина*), *үстеме* (*нагрузка*), *қаптама* (*кожух*), *орама* (*обмотка*), т.б.

Әлде бұл жұрнақтардың өнімділік танытуының өзге де себептері бар ма деген мәселеге келер болсақ, өзге сөз тудырушы жұрнақтардан қандай да бір артықшылығы бар деудің аса қисыны бола қоймас. Керісінше, бұл жұрнақ арқылы жасалған терминдерді болымсыз етістікпен (*барма*, *келме*, *оқыма*, *жүрме*) тұлғалас болғандықтан атауға аса лайық емес деген пікір де айтылып жүр. Мәселен, *кірістірме* (*вставка*) *лықсыма* (*сброс*), *кеңейме* (*дилатация*), *жылжыма* (*оплывина*), *тәртіптеме* (*распорядок*), *қайталама* (*вторичный*), *сынама* (*проба*), сияқты баламалардың контекстен тыс тұрғанда

ұғым атауы емес болымсыз етістік ретінде қабылданары сөзсіз. Атау сөздің, оның ішінде терминнің ұғымды дәл беріп, басқа ұғыммен ассоциация туғызып, екіұштылыққа жетелемегені жөн-ақ. Әрине, бұл баламалар жаңадан жасалып жатқандықтан олардың әлі тілдік норма ретінде орнығып, тіл тұтынушыларының санасына сіңіп кете қоймағандығын да ескерген орынды. Әйтпесе, жоғарыда атап көрсеткен *анықтама*, *мінездеме* тәрізді -ма, -ме жұрнағының жалғануы арқылы жасалған сөздердің сөздік құрамымызда бұрыннан да бар екені белгілі. Ол аз десек, *бөлме (комната)*, *көрме (выставка)*, *тапсырма (задание)*, *аялдама (остановка)*, *сарқырама (водопад)*, *аударма (перевод)* сияқты осы үлгімен жасалған көптеген атауларды да осы қатарға қосуға болады.

Әсіресе іс жүргізу саласы терминдерінің осы үлгімен көбірек жасалғанын көруге болады. Оған *хаттама (протокол)*, *бұрыштама (виза)*, *мінездеме (характеристика)*, *мәлімдеме (рапорт)* сияқты терминдер тізбегі мысал бола алады. Ұғымдар жүйесінің ерекшелігі мен өзара байланысын тілдік тұрғыдан да жүйелеп беру үшін белгілі бір морфемаларды пайдалана отырып, ортақ моделмен, тұлғалас терминдер тізбегін түзу – салалық терминологияны қалыптастыруда қажетті талаптардың бірі болып табылады. Осы талап тұрғысынан қарағанда іс жүргізу саласы терминдері бір үлгімен жасалғандығы құптарлық іс. Алайда -ма, -ме жұрнағы мұндай жекелеген арнаулы салалармен шектелмей, барлық саланың терминдерін жасауда жиі пайдаланылып жүр. Тілімізде сөзжасам, терминжасам ісінде кәдемізге жаратылмай жатқан көптеген көмекші морфемаларымыз тұрғанда болымсыз етістікпен тұлғалас, мағынасы екіұшты әрі омонимдер қатарын көбейтетін атауларды туғыза беруді термин жасаудың ең ұтымды жолы ретінде танудың негізі бар деу қиын. Бір морфемаға сонша салмақ салудың қажеттілігі де байқалмайды. Тілші-ғалым С.Мырзабеков түзген «Қазақ тіліндегі көмекші морфемалардың сөздігінде» 849 қосымша морфеманы алфавит тәртібімен беріп, олардың сөз табына қатысын әрі мағынасы мен қызметін көрсетуге арналған мысалдар берген. Автор осы шағын еңбегінің алғы сөзінде «Қосымша морфемалардың саны, біздің пайымдауымызша, барлық варианттарын қоса есептегенде 1000-ның о жақ, бұ жағында болуға тиіс»- деп атап көрсетеді<sup>275</sup>. Осыншама көмекші морфемалар қорының ішінен негізінен сөз тудырушы жұрнақтарды грамматикалық мағынасы мен қызметіне қарай тиімді пайдалана алмай отырғанымыз анық. Сол себепті белгілі бір жұрнақтарға ғана салмақ сала береміз.

Термин шығармашылығында соңғы жылдары өте жиі қолданылып жүрген көмекші морфеманың бірі етістіктен зат есім туғызатын -м, -ым, -ім жұрнағы. Термин шығармашылығындағы өнімділігі тұрғысынан қарағанда бұл жұрнақ -ма// -ме-ден кейінгі орынды иеленіп тұр. Төмендегі берілген мысалдар осы аталған жұрнақтың жалғануы арқылы жасалған атаулардың бір бөлігін ғана құрайды. Мәселен, *басылым (издание)*, *тіркелім (прописка)*, *таралым (тираж)*, *ұстаным (кредо, позиция)*, *салым (вклад)*, *айырым (разность)*, *өтінім (заявка)*,

275 Мырзабеков С. Қазақ тіліндегі көмекші морфемалардың сөздігі. – Алматы, 1992. 4-б.

*әкелім (ввоз), отбойка (уатым), жарылым (разлом), көрсетілім, берілім (передача), қойылым (постановка), оқылым (чтение), айтылым (высказывание), құрылым (структура), тізілім (реестр), ауысым (смена), өткізілім (реализация), жеткізілім (поставка), төсем (настил), иілім (изгиб), сұраным (запрос), жиналым (кворум), шегерім (вычет), маманданым (специализация), тоғысым (смычка), жуысым (щелинность), түрленім (модификация), т.б.*

Терминжасамдағы өнімділігі жағынан *-ма/-ме және -м,-ым/-ім* жұрнақтарымен теңеспесе де кейінгі жылдар жиірек **қолданылып жүрген қосымша морфемалар қатарына** *-с, -ыс, -іс* жұрнағын да қосуға болады. **Мысалы, сұраныс (спрос), тексеріс (проверка, досмотр), тапсырыс (заказ), сілкініс (сотрясение), шығыс (расход), кіріс (приход), керіліс (натяжение), түйіс (стык), жарылыс (взрыв) т.б.**

Әрине, сөзжасам, терминжасам процесінде бұл жұрнақтарды пайдаланбау керек деуден аулақпыз. Біздің айтпағымыз – ғылым мен техниканың, арнаулы салалардың барлығында айналдырған екі-үш жұрнақты пайдаланумен шектелуге болмайтындығы.

Осыған дейін де соңғы жылдары да сөзжасам, терминжасам барысында біркелкі өнімділік танытып келе жатқан *-шы/-ші, -лық/-лік, (-дық/-дік, -тық/-тік)* жұрнақтары. Соңғы кездері бұл жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалған *тапсырышы (заказчик), әкімші (администратор), мұрағатшы (архиварус), салымшы (вкладчик), кеуектілік (пористость), сығылғыштық (сжимаемость), алағандық (лихоимство), әкімдік (акимат)* тәрізді көптеген термин сөздер арнаулы лексикамыздың қорын толықтырды.

Термин шығармашылығында аса өнімділік таныта қоймаса да біршама орнымен жұмсалып жүрген жұрнақтар да бар. Олардың қатарына *-қыш/-кіш, -ғыш/-гіш, -уыш/-уіш, -қы/-кі, -ғы/-гі* сияқты жұрнақтарды қосуға болады. Мысалы, *тұтатқыш (воспламенитель), түзеткіш (выпрямитель), жайтартқыш (громоотвод), ерігіш (растворимое), бөлгіш (делитель), тежеуіш (супрессор), шектеуіш (ограничитель) бұрауыш (отвертка), реттеуіш (регулятор), орауыш (катушка), қырнауыш (шабер), тамызғы (капельница), сорғы (насос), жүгірткі (бегунок), сүйреткі (шлейф), өріштікі (катализатор), сүзгі (фильтр)* сияқты бірқатар терминдер осы жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалған. Бұл жұрнақтардың көмегімен жасалған сөздерден терминге қойылатын талаптар мен атауға тән бірқатар артықшылықтарының аңғарылатынын да айта кеткен жөн болар.

Бұрын «Бабырнама», «Шаһнама», «Мұхаббатнама», «Өсиетнама», «Тотынама» сияқты кітап атаулары мен *жылнама, наурызнама* сияқты бірнеше атаулардың ғана құрамында кездесетін, бізге парсы тілінен енген *-нама* жұрнағының жалғануы арқылы да соңғы жылдары бірнеше жаңа сөздер туындады. Мысалы, *заңнама (законодательство), дәуірнама (эпопея), сауалнама (анкета), тұғырнама (платформа), сұраунама (вопросник), қазанама (некролог), рұқсатнама (виза), есімнама (персоналий), ғұмырнама (мемуар), әдіснама (методология), сапарнама (путевые записки), ғарышнама*

(космология), мадақнама (грамота), әзілнама (юмористика), өмірнама (биография), жұлдызнама (гороскоп), нақылнама .

Терминжасамға тікелей қатысы болмағандықтан әрі тіл мамандары тарапынан – хана жұрнағының орынды-орынсыз қолданылып жүргендігі жайлы айтылғандықтан оған тоқталып жатуды қажет деп таппадық. Сондай-ақ термин шығармашылығында аса өнімділік танытып жүрмеген өзге де жұрнақтардың барлығын бір мақала көлемінде қамтуды мақсат етпедік.

Екіншіден, **тіліміздің әртүрлі лексикалық қабаттарына жататын сөздер термин шығармашылығында ұтымды пайдаланылмай жатады.** Терминологиялық қорымызды ұлттық негізде байытудың ішкі көзі болып табылатын көнерген сөздер, кәсіби сөздер мен диалектизмдерді термин қалыптастыру кезінде барынша ұтымды пайдаланып отырмыз деуге әлі ерте. Мәселен, *айдауыл (конвой), жасауыл (пристав), бақауыл (надзиратель), торуыл (засада), тосқауыл (заслон)* сияқты көнерген сөздер мен *құжат (документ), ұжым (коллектив), үрдіс (тенденция), түнек (лежка), төп (барда)* тәрізді аймақтық лексика есебінен терминқорымызды байытатын сөздер тілімізде баршылық. Оларды ыждағаттылықпен жинақтап, талғаммен пайдалана білсек, ғылыми-техникалық терминологиямыздың ұлттық сипаты арта түсері анық. Батырлар жыры мен лиро-эпостық жырлардан, дастандардан, жыраулар мен ақын-жазушылар шығармаларынан, көне жазба ескерткіштерден тілімізді түлетуге жарайтын сөздерді іздеп тауып, олардың мағынасын жаңғыртып қажетімізге жаратып жатырмыз деп те айта алмаймыз. Жалпы қолданыстағы синоним сөздерді мағыналық реңктеріне қарай саралап қолдансақ та талай ұғымдардың аражігі ажыратылар еді.

Үшіншіден, **аудару барысында сөз мағынасын түсініп, ұғымның мазмұны мен көлемін ажырата білмеуден туындайтын орашолақ аударма атаулар да термин шығармашылығында орын алып жүрген кемшіліктер қатарына кіреді.**

Мысалы, мына төмендегі атауларды солдардың қатарына қосуға болады: *Грибковые заболевания – саңырауқұлақ аурулары, (бона аурулары), дочерные предприятия – қыз кәсіпорындар, цельное молоко - мақсатты сүт, рукопашный бой – қоян-қолтық ұрыс, подзаконный акт – заң асты актісі, генерал-майор – қыран, капитан – қаршыға, смертность - өлімпаз, насос – алсор* т.б. Мұндай сорақы аудармаларды арнаулы салалардың қайсынан да табуға болады.

Төртіншіден, **бір ғана ұғымның әртүрлі ғылым салаларында түрліше аталуына жол берілуі де термин шығармашылығында кездесіп жататын кемшіліктердің бірі.** Бұл кемшілік терминологиялық жұмыстарды жүргізуде ғылымаралық үйлестірудің әлсіздігінен орын алып жатады. Жалпы әртүрлі салалардағы терминдердің ортақ атаумен берілуін бір саладағы терминдердің атауларының сәйкес келуімен бірдей үлкен кемшілік деп қарауға болмайды. Бұл ұғымдық, логикалық тұрғыдан қарағанда көрінетін кемшілік. Бір ғана ұғым түрлі ғылым саласында сол ғылымның нысаны ретінде әр қырынан қаралуы мүмкін. Қай ғылымның нысаны ретінде алынып отырғанына қарамастан


ұғым біреу болса, онда оның атауы да әртүрлі болмауға тиіс. Барлық жағдайда орындала бермесе де терминологияда «бір ұғымға – бір атау» деген талаптың бар екендігі белгілі. Осы талап тұрғысынан келгенде әртүрлі арнаулы сала терминдерінің де аттас болмағаны жөн-ақ. Мысалы, *инструктаж* (әскери іс) да, *сноска* (іс жүргізу) да *нұсқама* деп бір терминмен беріліп жүр.

Бесіншіден, **керісінше, бір ғана арнаулы саланың терминологиялық жүйесін құрайтын әртүрлі ұғымдардың ортақ атаумен берілуі де терминжасам барысында кездесетін кемшіліктердің бірі.** Бұл бір ғана арнаулы сала ішінде де әртүрлі салаларда да болып жататын кемшілік. Мәселен, іс қағаздары саласында қолданылатын *көшірме (выписка)*, *көшірме (копия)*, *шарт (договор)*, *шарт (условия)*, *тәртіп (порядок)*, *тәртіп (дисциплина)*, *түбіртек (корешок)*, *түбіртек (квитанция)*, *тізімдеме (опис)*, *тізімдеме (каталог)* терминдері немесе әскери терминологияда *атака*, *нападение*, *наступление* терминдерінің қазақ тіліндегі баламасы бір ғана *шабуыл* сөзімен, экономикада *надбавка*, *наценка* терминдерінің *үстеме* сөзімен берілуін аталған кемшілік қатарына қосуға болады.

Алтыншыдан, **бір ғана ғылыми ұғымның оқулықтар мен оқу құралдарында терминологиялық сөздіктерде сол еңбектердің авторларының қалауынша түрліше аталып жарыспалылыққа шектен тыс көп жол берілуі де терминжасам ісінде көрініс беріп отырған кемшіліктердің қатарына кіреді.** Мысалы, *списание* термині түрлі терминологиялық сөздіктерде *есептен шығару*, *шығынға жазу*, *шығарып тастау* түрінде, *заклад* термині *кепілге салу*, *кепілге ұстау*, *мүлік салу*, *салынған мүлік* нұсқаларында жарыса қолданылып жүр. Терминологиядағы жарыспалылықты қазіргі қазақ терминологиясындағы ең жиі кездесетін кемшіліктің қатарына қосуға болады. Жарыспалылықты болдырмау үшін ұсынылған баламалардың ішінен терминге қойылатын талаптарға жауап беретін ұтымдысын дер кезінде таңдап алып, баспасөзде, оқулықтар мен оқу құралдарында, терминологиялық сөздіктерде солардың ғана қолданысын қамтамасыз етіп, термин қалыптастыру ісін жіті қадағалап отыру қажет.

Жетіншіден, **бір-бірімен тығыз байланысты ұғым атауларын терминологиядағы жүйелілікті сақтамай аудару да термин қалыптастырудағы кемшіліктердің бірі.** Мәселен, *теле-* терминдік элементімен келетін терминдер тізбегінен *телеграмма – жеделхат* деп, микрорайон атауын ықшам аудан түрінде аударып алдық та *телефон*, *телефонограмма*, *телевизор* және *миркоорганизм*, *микроэлемент*, *микрофлора* сияқты терминдер тізбегін сол қалпында қалдырдық. Сондай-ақ орыс тіліндегі бір түбірден өрбитін терминдерді аударып алу кезінде де бірізділік сақталмай жатады. Мысалы, *совместитель – қоса атқарушы*, *совладелец – ортақ иеленуші*, *сопредседатель – тең төраға*, *содокладчик – қосымша баяндамашы*, *соаренда – қосарлас жалгерлік*, *соисполнитель – бірлесе орындаушы*, *соавтор – бірлескен автор*, *тете автор*, *телтуындыгер* терминдері сөзімізге дәлел бола алады. Осы мысалдан орыс тіліндегі бір ғана **со** деген сөзалды қосымшамен

келетін сөздердің біздің тілімізде *ортақ, тең, қосымша, қосарлас, бірлесе, бірлескен, тете, тел* сияқты сегіз сөзбен беріліп жүргенін көруге болады. Оны сызба түрінде былай көрсетуге болады:



Ең дұрысы осы **со** приставкасымен келетін терминдерді түрлі анықтауыштарды қосып шұбыртпай тілімізде біршама орныққан *современник – замандас, сообщник – сыбайлас, содолжник – борыштас, соотечественник – отандас, соединение – қосылыс, соратник – пікірлес, сопредельный – шектес, іргелес, сослуживец – қызметтес* немесе ортақ етіске зат есім тудыратын **-лық/-лік(-тық/-тік, -дық/-дік)** жұрнағы жалғану арқылы жасалған *содружество – достастық, сообщество – қоғамдастық, соперничество – бәсекелестік* сияқты сөзжасам үлгісімен жасалған сөздер сияқты ықшам үлгілермен, бір-екі модельмен ғана жүйелеп берген жөн деп білеміз. Бұл терминдердің ықшамдылығы, тұлғаластығы, жүйелілігі және сөз тудыру мен қолдануға қолайлылығы сынды талаптарына да жауап берген болар еді.

Сегізіншіден, туыстас түркі тілдерінің лексикалық қорында сақталған сөздерді пайдалану, олардың терминжасам тәжірибесін бөлісу мен термин алмасу мәселесі ескерілмей келеді. Бұл мәселеге біз бұған дейін де арнайы тоқталғандықтан, жан-жақты сөз қозғаудың қажеті бола қоймас деп ойлаймыз. Ұлт тілінің терминқоры ішкі және сыртқы көздер арқылы қалыптасатыны белгілі. Терминқорымызды байытатын сыртқы көздер ретінде біз тарихи-саяси себептер мен соңғы ғасырлардағы ғылыми-техникалық прогрестің даму үрдісіне сәйкес орыс тілі мен еуропа халықтары тілдерін ғана танып келдік. Соның салдарынан термин алмасу ісі біржақты сипат алды. Ендігі жерде бұрынғы сүрлеуден шықпай тек орыс пен еуропа халықтары тілдерінен ғана сөз алумен шектелмей, туыстас түркі халықтарының тілдері арасындағы өзара термин алмасуын да жолға қойған жөн. Ең алдымен туыстас тілдерден сөз алмасу әлем тілдерінің термин қалыптастыру тәжірибесінде де орныққан дәстүр деуге болады. Түркі халықтарының тілдік табиғатын, туыстығын негізге ала отырып, бірімізде жоғымызды екіншімізден алып, түркі тілдеріне ортақ терминдер қорын қалыптастыру – сыртқы көзді пайдаланудың ұтымды жолы болар еді деп білеміз.

Тоғызыншыдан, қытай, моңғолия қазақтарының тілдерінде бар сөздерді сұрыптап пайдалану жетіспейді. Мәселен, компьютердің үстел бетімен жылжитқанда экрандағы меңзерді қозғалтатын, қолмен басқарылатын кішкене

құрылғысын 2002 жылы шыққан «Информатика және компьютерлік техника» түсіндірме сөздігінде орыс тілінен тікелей аударып *тышқан* деп алсақ, келесі бір сөздікте ағылшын тіліндегі нұсқасы сақталып *mouse* түрінде беріліп жүр. Бұл екеуінің де келісіп тұрмағаны анық. Сәтті балама табылмағандықтан алынғаны көрініп тұр. Дәл осы терминнің баламасы ретінде қытай қазақтарының тілінде қолданылып жүрген тінтуір сөзін алуға әбден болады. «Тінт» сөзінің мағынасы түсіндірме сөздікте «бір нәрсені іздеп үй ішін т.б. жерді ақтарып-төңкеріп қарау, іздеу» деп түсіндірілген. Компьютер құрылғысының қызметін терминжасамның уәжі етіп алсақ, ағылшын тіліндегі пішін ұқсастығына қарай жасалған *mouse* терминне қарағанда ұғым мазмұнын ашатын оның басты белгілері біздің тіліміздегі атаудан айқын көрініп тұрар еді. Біздіңше, *мінтуір* термині сәтті жасалған термин. Компьютерлік техника терминдерін тек көшіріп қабылдаумен шектелмей оның ұлттық сипатын арттырамыз десек, *мінтуір* тәрізді ұғым мазмұнын ұтымды бейнелеп беретін атауларды қолданысқа енгізген жөн.

Оныншыдан, аударуды қажет етпейтін терминдерді қазақшалаймыз деп қателіктерге ұрыну жиі ұшырасады. Мәселен, эпонимдерді аударудың еш реті жоқ. Алгоритмді *бағдаржол* деп аударудың ешқандай қисынға келмейтіні анық. *Алгоритм* адам аты «*әл Хорезм*» (латынша *Algoritmi*) оны аударудың қажетсіздігі өз-өзінен түсінікті. Бұл жөнінде айтылып та жазылып та жүргеніне қарамастан әлі де *бағдаржол* терминін қалыптастыруға ұмтылушылар бар. Атаудан гөрі анықтамаға жақын көпкомпонентті шұбалаңқы, түсініктеме терминдер түзу де термин шығармашылығында кездесіп жатады. Тіліміздің терминқорына өзге тілдерден еніп «халықаралық терминдер» деп аталып жүрген терминдердің қай түрлерін аударып, қаншалықты бөлігін тіліміздің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп қалдыру керектігі де өз алдына арнайы сөз студі қажет ететін ғылыми шешімін таппаған мәселелердің қатарына кіреді.

Біз қазіргі термин шығармашылығында жиі ұшырасып жататын барлық салалық терминдер жүйесіне тән басты кемшіліктерді атап көрсетуді мақсат еттік. Термин жасаушы, сөздік түзуші салалық мамандар осы аталған кемшіліктерге назар аударар деген үміттеміз. Бұл көрсетілген жайттардың мамандар жұмысына практикалық көмегі болып, ойдан ой туындап жатса, ортақ іске септігіміздің тигені деп білеміз.

#### IV.2. Қазақ терминологиясының академик Ә.Т.Қайдар ұсынған Қағидаттары

XX ғасырдың 30-жылдарынан басталған терминология дамуының бағыты әбден орнығып, дәстүрге айналған болатын. Бұл бағыттың дұрыстығына 40-жылдардан кейін көп ешкімнің күмән келтіріп, басқаша пікір айта қойғаны байқалмайды. Оған қырықыншы жылдардың екінші жартысынан бастап жарық көрген ғылыми және оқулық әдебиеттер мен баспасөзде жарияланған мақалаларға, терминологиялық сөздіктерге шолу жасау арқылы көз жеткізуге болады. Қазақ терминологиясының соңғы жарты ғасырдан астам уақыт ішіндегі дамуы-

на сыни тұрғыдан қарап, тың пікірлер айтыла бастаған кезең 90-жылдарға сәйкес келеді. Жаңаша көзқарастың пайда болуына қоғам өміріндегі түбегейлі өзгерістердің себеп болғаны белгілі. Әсіресе, алаш зиялыларының ғасыр басында жазған еңбектерінің қайта басылып шығып, жұртшылықтың қолына тиюі 30-90 жылдар аралығындағы ғылым-білімнің, оның ішінде, қоғамдық ғылымдардың дамуын қайта зерделеу қажеттігін аңғартты. Алаш зиялыларының, қазақ филологиясының негізін қалаған аса ірі ғалым А.Байтұрсынұлының терминологияны қалыптастыруда басшылыққа алған қағидаттары мен олардың терминжасам тәжірибесімен танысқаннан кейін олар ұстанған бағыттың жалғасын таппай не себепті өзгертілгендігін, басқаша жол таңдауда қандай мақсат көзделгенін пайымдау мүмкіндігіне ие болдық. Ахаң бастаған алаш зиялылары ұлттық сипаты басым, өз тіліміздің дыбыстық-құрылымдық ерекшеліктерін сақтай отырып жасалған терминқор қалыптастыруды мақсат етсе, кейін олардың бұл ісі «ұлтшыл», «түрікшіл», «пурист», «кертартпа», «антисовет», «контрререволуционер», «халық жауларының» қаскөйлігі, зиянкестік әрекеті ретінде бағаланды. Сөйтіп, ондай аса зиянды бағыттағы термин шығармашылығының жалғасын табуына жол беруге болмайтындығы биік мінберлерден ұрандата айтылды. Айтылып қана қойған жоқ, аяусыз күрес ашық майдан басталып та кетті. Ескілікпен күресушілер жаңа бағытты белгілеп, орнықтыруға таптық, саяси-идеологиялық тұрғыдан келіп, партиялық әкімшіл-әміршіл жүйенің күш-қуатын барынша пайдаланды. Ұлт тіліндегі терминологияның даму бағытын белгілеу, жазу, әліпби мәселелерінің қай-қайсысы да ашық ғылыми пікірталас негізінде емес, советтік жүйенің саяси курсына сәйкес келу тұрғысынан шешімін тауып жатты. Ұлт тілдерінің терминологиясын дамытудың орталықтан басқарыла отырып, белгіленген жаңа бағыты бас-аяғы он шақты жылдың көлемінде күшпен орнықтырылды. Бір тілде сөйлеп, ғылым мен техника саласындағы қарым-қатынасты да ортақ тілде жүзеге асыруды көздеген тіл саясатына сәйкес жасалған терминология дамуының қағидаттары да терминологияны халықаралықтандыруды, совет халқы деген халыққа ортақ терминқор құруды мақсат етті. Ол мақсат орындалды. Терминологиямызды байытудың сыртқы көзі ретінде туысқан түрік, ноғай, қарақалпақ, қырғыз тілдері емес, билеуші ұлттың тілі танылып, орыстың сөзін, орыс тілі өзінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкестендіріп алған өзге халықтар сөздерін біздің де өзгеріссіз қабылдауымыз бұлжымас заңға айналды. Соңғы он бес жылдың көлемінде осы дәстүрге айналған қағидаттарды ендігі жерде терминологиялық жұмыстарды жүргізу барысында басшылыққа алуға болмайтындығы туралы көп айтылып, жиі жазыла бастады.

КСРО деп аталатын алып мемлекет ыдырап, тәуелсіз ұлттық республикалар бұрынғыдай ортақ мүддені көздеген бағыттан бас тартып, ұлттық дербестікті мақсат ететін жол таңдауына байланысты олардың тіл саясатында да түбегейлі өзгерістер жасалды. Ондай өзгерістердің алғашқы нәтижелері терминология саласынан анық көрініс таба бастады. Оның басты себебі - кеше сол одақтың өзі белгілеп берген терминологиялық жұмыстарды жүргізудің орыс тіліне негізделген жалпыкеңестік терминологиялық қор (общесоветский терминологический



фонд) құру мақсатының да мәні жойылуынан еді. Қоғам өмірінде болған өзгерістер терминологияны дамытудың кеңестік қағидаттары өз уақытына ыңғайланып жасалғандықтан жаңа кезеңнің талабына толық жауап бере алмайтындығын, оған қайшы келіп жататын тұстарының аз емес екендігін көрсетті. Сол себепті қалыптасқан қағидаттар басшылыққа алынбай, ал жаңа қағидаттар әлі белгіленбей термин шығармашылығында стихиялық әрекеттер көрініс беріп жатты. Ғылыми көпшілік бұл салада анархияға бастайтын бейберекет тірліктің өріс алып бара жатқанын айтып, дабыл қаға бастады. Терминология саласындағы жұмыстардың бағыт-бағдарын белгілеуге міндетті «тілшілер қауымы қайда қарап отыр» деген сыни пікірлер, талап-тілектер сол жылдары БАҚ беттерінде аз айтылған жоқ. Сондықтан да белгілі тілші-ғалым академик Ә.Қайдар уақыт жүктеп отырған жауапкершілікті сезіне отырып, қазақ терминологиясы дамуының жаңа кезеңіне сәйкес қағидаттарды ұсынуды сол 90-жылдардың басында өз міндетіне алған сияқты. Ғалымның өз сөзі де осылай пайымдауға толық негіз болады.

«Егер терминология «шаруашылығымыз» тіл табиғатына, замана талабына сай жүріп жатса, іштей қобырап, қисыны кетіп, көрінгенге көз түрткі болмаған болар еді. Ол 70 жылдан кейін тығырыққа тіреліп отыр. Сондықтан көптің бірі ретінде осы мәселеге өз көзқарасымызды білдіріп, пікірімізді ортаға салуды жөн көрдік. Осыған орай, біз, терминология саласында қолданылып жүрген принциптер бола тұрса да, өз тарапымыздан оларға балама ретінде он бір принциптің жобасын ұсынып отырмыз және олар бұрынғы қалыптасқан дәстүрдің де, жүз беріп отырған жаңа үрдістің де тиімді жақтарын қамтыды ғой деп ойлаймыз.»<sup>276</sup>

Ғалым терминология саласындағы жұмыстарымыздың 70 жылдан кейін тығырыққа тірелгенін, оның тіл табиғатына, уақыт талабына сай жүргізілмей отырғанын айта келіп, сол себепті осы қағидаттарды ұсынғандығын айтады.

Академик Ә.Қайдардың бұл қағидаттары 1993 жылы «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» деген атпен жеке кітапша түрінде және «ҚР ҰҒА-ның Хабарлары» ғылыми журналының 1993 жылғы №1 санында жарияланды<sup>277</sup>. Біз төменде осы қағидаттарды барынша ықшамдап, оның негізгі ұстанымдарын ғана беріп отырмыз. Толық нұсқасымен ғалымның өз еңбегінен танысуға болады.

### Академик Ә.Т.Қайдар ұсынған қағидаттар:

1- принцип: Егеменді ел, тәуелсіз мемлекеттің басты белгілерінің (атрибууттарының) бірі – мемлекеттік тіл десек, оның негізгі тіректерінің бірі – терминологияны жан-жақты дамытуға, реттеуге, қалыптастыруға, кеңінен қолдануға сол мемлекеттің өзі қамқорлық жасауы керек.

2-принцип: Қазақ тілі терминологиясының жақсы дәстүрлерін жалғасты-

<sup>276</sup> Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993. 4 -5 б.

<sup>277</sup> Қайдаров Ә. Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас//ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1993. №1, 3-17 бб.

ра, өскелең өмірдің биік талап-талғамына сай жүз беріп отырған бұқаралық үрдістің тіл үшін тиімді де қажетті жақтарын саналы түрде пайдалану.

3-принцип: Салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл, және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану.

4-принцип: (қазақ терминологиясы үшін жаңа бағыт): Термин шығармашылығында бұдан кейін туысқан түркі тілдерінің (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық тәжірибелерінен, терминдік өрнек-үлгілерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану.

5-принцип: (бұрынғы принциптің жаңаша баяндалуы): Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау.

6-принцип: Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген термин-атауларды мүмкін болғанынша қазақша аударып қолдану; аударуға келмейтіндерін бұрынғыдай сол қалпында емес, қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау.

7-принцип: (қысқартылған терминдер мен атаулар жайында): Салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша (сөз араластырылып та) кеңестік-интернационалдық термин-атаулардың үлгісімен қысқартып қолдануды заңдастыру.

8-принцип: Күн санап толассыз туындап жатқан терминдік ұғымдарға тілімізден дәл балама іздеуде де, термин-атауларды жаңадан жасауда да жалпы терминдерге тән талаптарды сақтай отыра, дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау.

9-принцип: Тілімізге қабылданатын терминдер мен атаулардың мағыналық, тұлғалық жағынан жақындарын өзара топтастырып, салыстыра отырып, лексикалық байлығымызды салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану.

10-принцип: Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин- атаулардың сандық және сапалық ара салмағын табиғи қалыпта сақтаудың жолдарын іздестіру.

11-принцип: Терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу.

Ғылыми жұртшылықтың талқылауына осыдан он жылдан астам уақыт бұрын ұсынылғанымен бұл қағидаттар жөнінде тілшілер қауымы мен салалық мамандар жаппай пікір білдіріп, талқылауға асыға қоймағаны байқалады.

Ә.Қайдардың ұсынған қағидаттарына пікір айтып, өз ойын ортаға салған ғалымдардың бірі - Ә.Айтбайұлы. «Біз проф. Ә.Қайдаровтың бұл «жаңаша көзқарасын» негізінен қуаттай отырып қайсыбір тұстардағы өзіміздік топшылауларымызды да ортаға сала кеткенді жөн көріп отырмыз.

Біз қазақ тілінде термин жасаудың он бір емес, шынтуайтына келсек, жеті принципі бой көрсететінін байқаймыз. Тілдік материалдар осы жеті принцип шеңберіне топтай беретін тәрізді. Әңгіме бұл принциптердің санында емес, мәнінде ғой.»<sup>278</sup> - дейді ол.

Сөйтіп, Ө.Айтбайұлы академик Ә.Қайдар ұсынған 11 қағидаттың жетеуін қалдырған жөн деп есептейді.

Біз Әбекең ұсынған қағидаттардың ішінен 3,4,5 қағидаттарды терминология дамуының негізгі қағидаттарының қатарына қосуға болады деп санаймыз. Ал қалған (1,2,6,7,8,9,10,11) пункттерде аталып көрсетілген мәселелер терминологияны дамытуда, жетілдіруде жалпы басшылыққа алынып, негізгі қағидаттарды жүзеге асыруға бағытталған терминологиялық жұмыстарды жүргізу кезінде ескерілуге тиіс. Дәлірек айтқанда, академик Ә.Қайдар жеке қағидат ретінде көрсеткен мәселелердің бірқатарын терминологиялық қызметке (*терминологическая деятельность*) басшылық жасаудың тиімді жолдары, терминологиялық жұмыстарды республика көлемінде үйлестіру мен ұйымдастырудың тетігі ретінде тану керек те, енді бірқатарын термин шығармашылығын дамытудың әдіс-тәсілдері деп білген орынды болар деген ойдамыз.

Айталық бірінші қағидатта «терминологияны жан-жақты дамытуға, реттеуге, қалыптастыруға, кеңінен қолдануға сол мемлекеттің өзі қамқорлық жасауы керек.» – делінген. Қазақ тілі – біздің еліміздің мемлекеттік тілі ретінде басты заңымыз Конституцияда мәртебесі айқындалған, соған сәйкес «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заң мен өзге де нормативтік-құқықтық актілерде қызмет шеңбері белгіленген тіл. Сөз жоқ соған сәйкес оның терминологиясының дамуы мен жетілдірілуіне мемлекет қамқорлық жасауы керек. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 сәуірдегі № 444 қаулысымен мақұлданған «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасында» да бұл іске мемлекеттік тұрғыдан ұдайы қамқорлық жасалуы қажеттігі атап көрсетілген. (Осы еңбектің соңында Үкімет қаулысы мен Тұжырымдама беріліп отыр.) Түрлі себептермен терминологияны дамытуға жеткілікті көңіл бөлінбей отырғандығын жоққа шығара алмаймыз. (Әбекең сондықтан да бұл мәселені жеке принцип ретінде белгілеу керек деген болуы тиіс.) Бұл мәселеге тиісті дәрежеде мән беру қажеттігін талап ету, шешімін таппаған мәселелер қатарында күн тәртібіне қою, тіл саясатын жүргізу өкілеттілігі берілген мемлекеттік органдар мен түрлі ғылыми, қоғамдық ұйымдардың, жалпы мемлекеттік тілді құрметтейтін әрбір Қазақстан азаматының парызы. Мемлекет қандай бір себептермен бұл мәселеге тиісті көңіл бөлмей, маңызды істі кейінге ысырып жатса, немесе аталған органдар мен тиісті мекемелер бұл саладағы жұмыстарды дұрыс ұйымдастыра алмай, ғылыми шешімін таба алмай отырса ол басқа мәселе. Ондай жағдайда сол мекемелер (мемлекеттік, ғылыми) мен түрлі ұйымдардың құрылымдық, кадрлық мәселелерін дұрыс шешу арқылы істі жолға қою жағын ойластыру керек болар. Сондықтан да біз ғалымның «терминологияны дамытуға мемлекеттің өзі қамқорлық жасауы керек» деген пікірін, жеке қағидат емес, тіліміздің заңды мәртебесіне сәйкес терминологиялық жұмыстарды жүргізуде ескерілуге тиісті талаптардың бірі деп білеміз.

Екінші қағидатта «жүз беріп отырған бұқаралық үрдістің тіл үшін тиімді де қажетті жақтарын саналы түрде пайдалану» қажеттілігі айтылған. Терминология дамуының кез келген кезеңінде болып жататын өзгерістерді, жаңа теориялар мен ғылыми бағыттарды, белең алған қандай да бір үрдістерді жан-жақты талдап, терең зерделеп, оған ғылыми баға беріп отыру сол саланы арнайы зерттеп жүрген ғалымдардың міндеті болуға тиіс. Сондықтан да терминология дамуының 90-жылдардан басталған жаңа кезеңіне баға беріп, үрдістің тиімді немесе тиімсіз қырларын анықтауды терминология дамуының жеке қағидаты емес, тіл білімі, терминтану тұрғысынан арнайы қарастырылу арқылы шешімін табуға тиісті ғылыми мәселе деп білген дұрыс.

Терминология дамуының қазіргі үрдісін термин шығармашылығында мүмкіндігі шектеліп келген тілге тән табиғи құбылыс ретінде танитындығымызды, ұлттық терминқор қалыптастыру үшін бұл үрдістің тиімділігі мен орын алып жатқан кемшіліктер жөнінде осы саланы зерттеп жүрген тіл мамандарының бірі ретінде біз де өз тарапымыздан қал-қадірімізше жазғанбыз. Өз пікірлерін ортаға салып жүрген өзге әріптестеріміз де бар. Қысқасы, бұл ғалымдардың еншісіндегі ғылыми мәселе ретінде назардан тыс қалған жоқ.

5,6 және 11 қағидаттарда бір қағидаттың ішінде қарастырылатын мәселелер бөлек-бөлек берілген. 6,11 қағидаттар жеке алынбай 5-ші қағидаттың аясында қарастырылуға тиіс деп есептейміз. Шет тілдерінен алынған халықаралық терминдер де, орыс тілінен алынған терминдер де тіліміздің фономорфологиялық заңдылықтарына, жазу дәстүрімізге сәйкестендірілуі керек. Қай тілден енегеніне қарамастан біздің тіліміз үшін олардың барлығы да шет тілдерінің сөздері. Орыс, жалпы славян тілдерінен енген терминдерді өзге шет тілдерінің терминдерінен бөліп қараудың, лингвистикалық тұрғыдан да, саяси-мәдени т.б. жағынан да негізі бар деп ойламаймыз.

Ал 7,8,9-қағидаттарды біз терминология қағидаттары емес, термин шығармашылығында пайдалануға тиісті амал-тәсілдер деп білеміз. Ғалымның бұл ұсыныстарының қай-қайсысы да терминжасам тәжірибесінде сөзсіз пайдаланылуы керек. Өйткені ұлт тілінде термин жасау практикасында қолдануға болатын нақты, терминге қойылатын талаптарды қанағаттандыратын ұсыныстар жасалған. Термин шығармашылығындағы шарттылық мәселесіне біз арнайы тоқталып, өз пікірімізді білдіргеміз.

10-қағидат бұл терминологиялық жұмыстарды жүргізу мен ұйымдастыру кезінде ескерілуге тиісті, тілдің бүгінгі мен болашағы үшін маңызы бар мәселелердің бірі. Ғалымның бұл ұсынысы статистикалық мәліметтерді жинақтап, қорытып барып, терминологиялық жұмыстарды жоспарлауда үнемі ескеріп отыруды қажет етеді. Ұлт тілінің негізінде терминологиялық қор түземіз десек, ұлттық және интернационалдық термин-атаулардың сандық және сапалық ара салмағын қадағалап, реттеп отыру терминологиялық жұмыстарды жүргізу барысында назардан тыс қалмауға тиіс. Ұлттық тілдің мүддесін ескере отырып айтылған бұл ұсыныстың стратегиялық мәні бар. Алайда жеке қағидат ретінде белгілеудің қажеттілігі бола қоймаса керек.

Жалпы алғанда академик Ә.Қайдар ұсынған қағидаттар терминологияның бірқатар маңызды мәселелерін уақытында көтеруімен де, өзге ғалымдарға ой салғандығымен де, термин шығармашылығында кеңінен пайдалануға болатын бірқатар нақты ұсыныстардан тұратындығымен де құнды еңбек.

### **IV.3. Ұлттық терминқор қалыптастырудың қағидаттарын белгілеудің ғылыми негіздемесі**

Әлем тілдерінің терминқор қалыптастыру тәжірибесінде барлық тілдерге бірдей қолдануға болатын қағидаттар қалыптасқаны байқалмайды.

Жалпы біздің түсінуімізше, қағидаттар терминология дамуының негізгі бағыт-бағдарын ғана белгілеуі қажет. Ол қағидаттар бір жағынан, ұлт тілінің терминқорын жетілдіріп отыру мақсатында үздіксіз жүргізіліп жататын терминологиялық жұмыстардың барлығына жалпы бағдар беретін, оның стихиялық сипат алып кетуіне жол бермей басты даму үрдісін көрсететін бағдарлама, екінші жағынан, осы саладағы атқарылатын істердің бастау көзі, іргетасы, ғылыми тірегі болуға тиіс деп ойлаймыз. Ал термин шығармашылығы үнемі жетілдіріліп, толықтырылып отыратын шығармашылық процесс болғандықтан, оның барлық қырларын алдын ала белгілеп, ереже-қағидаттармен бекітіп тастау мүмкін де, қажет те емес. Онда ондай қағидаттар терминологияны дамытушы емес, қайта белгілі дәрежеде шығармашылық процесті тұсаушы, тежеуші факторға айналуы да ықтимал. Сондықтан терминология қағидаттарына сөзжасам, терминжасам жолдары мен тәсілдері байлаулы болмай, сол амал-тәсілдердің ұтымды пайдаланылып, жетілдіріле отырып, қандай мақсатқа қызмет етуі керек екендігі көрсетілсе керек. Терминологияны жетілдіру жұмыстары тоқтаусыз жүргізіліп, терминжасамның жаңа үлгілері мен амал-тәсілдері пайда болып, бұл саладағы үздіксіз ізденістер тоқталмағанда ғана даму, өркендеу процесі жалғаса бермек.

Түптеп келгенде, терминология дамуының қағидаттары «ұлттық терминқор қалыптастыруда қандай бағыт-бағдар ұстанамыз?» және «терминологиялық лексиканы қалыптастырудың ішкі және сыртқы көздерін қалай пайдалануымыз керек?» деген бір-бірімен тығыз байланысты негізгі екі сұраққа жауап беруге тиіс деп ойлаймыз. Ал барлық терминологиялық жұмыстардың жүргізілуі, бүкіл термин шығармашылығы біздің осы екі мәселеге қалай жауап бергенімізге байланысты шешімін таппақ. Терминологиямыздың даму тарихына тереңірек үңілер болсақ, Ахмет Байтұрсынұлы мен Елдес Омарұлынан бастап Әбдуәли Қайдарға дейінгі қолданыста болған немесе іс жүзінде қолданылмаса да мамандар тарапынан әр кезеңде ұсынылған терминология қағидаттарының барлығы да жоғарыдағы екі сұраққа берілген түрлі жауаптар екенін көруге болады. Ғылым мен техниканың даму деңгейі мен жалпы қоғам өміріндегі өзгерістерге сәйкес бұл сұрақтардың әр кезеңде қайта қойылуы да заңдылық болса керек. Өйткені кез келген ұлт тілінің дамуына немесе оның

мүмкіндігі шектеліп, қоғам өмірінен ығысып шыға бастауына тілдік және тілден тыс факторлардың түрлі дәрежеде әсер ететіні белгілі. Ел тәуелсіздігі тіл тәуелсіздігіне де жол ашып, ұлт тіліне оның иеленген мәртебесіне сәйкес жаңа міндеттер де жүктеп отыруына байланысты қоғам өмірінің барлық саласына қатысы бар аса қомақты қабат болып саналатын терминқорымызды жетілдіру, толықтыру жолында ендігі жерде қандай бағыт ұстанатындығымызды тағы да бір анықтап алуымыз керектігін уақыттың өзі көрсетіп отыр. Ендеше, жоғарыдағы сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

Бұған дейін де қазіргі кезеңде де терминтану саласындағы зерттеулерде әртүрлі елдердің ғалымдары тарапынан негізінен екі түрлі үрдісті ұстану қажеттігі айтылып келеді. Оның біріншісі – терминологияны халықаралықтандыру (*интернационализация*) да, екіншісі – терминологияның ұлттық сипатын арттыру (*деинтернационализация*).

Алайда ұлт тілдерінің бәрі терминологияларын дамытуда осы екі бағыттың бірін ғана қатаң басшылыққа алып отыр екен деген түсінік тумауға тиіс. Ғалымдар атап көрсеткен бұл бағыттар ұлттық тілдердің терминологиясын дамытуда көбінесе жалпы басшылыққа алынады. Жекелеген елдерде кейде түрлі экстралингвистикалық факторлардың әсерінен бір үрдіске басымдық беріліп жатуы да мүмкін. Біздің терминологиямыздың 30-90 жылдар аралығындағы даму кезеңінде терминологияны халықаралықтандыруға үлкен маңыз берілді. КСРО халықтарына ортақ жалпысоветтік терминқор қалыптастыру арқылы көпұлтты елдегі ғылыми, кәсіби қарым-қатынасты жақсартамыз дедік. Мұндай таңдау біздің терминологиямызды дамытудағы басым бағытымыз ретінде танылды. Терминологиямызды халықаралықтандырудағы негізгі үлгі тұтқан тіліміз орыс тілі болды. Қазір ол көзқарасымызды өзгерттік. Орыс әліпбиін латын әліпбиімен алмастыру мәселесі күн тәртібіне қойылып, тілші-ғалымдар мен салалық мамандардың көбі орыс тілінен енген терминдерді түгелдей өз тілімізге аударайық, балама табайық деген пікірге келіп отыр. Ә.Қайдар орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген термин-атауларды мүмкін болғанынша қазақша аударып қолдануды жеке қағидат ретінде ұсынады (*қараңыз: б-принцип*). Бүгінгі таңда бізде білім беру мен ғылым жүйесінде ағылшын тіліне айрықша орын беріліп, болашақ жоғары білімді мамандар мен ғалымдардың бұл тілді жетік білуі көзделіп отырғандығы белгілі. Мұны біздің еліміздің ресми тұрғыдан белгіленген білім саясаты деп қабылдайтын болсақ, онда ендігі жерде терминқор қалыптастыруда да ағылшын тілін бетке алуымыз қажет пе? Ал осы ғасырдың бірінші жартысында-ақ шығыстағы алып көршіміз Қытай елінің саяси-экономикалық ықпалы артып, тілі де қазіргі ағылшын тілі сияқты дүние жүзіне ең кең тараған тілге айналса ше? Аз ғана мерзім ішінде араб жазуынан - латынға, одан орыс жазуына көшіп, енді қайтадан латын әліпбиін қабылдауды көздеп отырғанымыздай, тағы да жазуымызды өзгертіп, қытай иероглифтерін қабылдаймыз ба? Әлемде қай тілдің ықпалы күшейсе, сол тілге қарай бет бұрып, сол тілді терминқор қалыптастыруда үлгі ете беретін болсақ, сонда біздің өз тіліміздің төл табиғатынан туындайтын, оның мүддесін

ескеретін, болашақтағы дамуын ойлай отырып жасалған дәстүрлі ұстанымдары қашан орнығады? Жалпы біздің әліпбиіміз бен емле ережелеріміздің жиі алмастырылып, терминологиялық қорымыздың тұрақсыздық танытып, қоғам өміріндегі тарихи-мәдени, саяси-экономикалық өзгерістерге тым тәуелді болуының өзі тіліміздің негізгі заңдылықтарын сақтап, дәстүрлі даму жолына түсе алмай келе жатқандығымыздан емес пе екен деген ойға жетелейді.

Қазақ тілінде термин жасау ісі де біршама жандана бастауына байланысты терминжасамның ұлттық үлгілерін (модельдерін) қалыптастырудың қажеттілігі де айқын аңғарылып отыр. Тіліміздегі кейбір қосымшалардың арнаулы салалардың терминдерін жасау барысында өнімді пайдаланыла бастағандығын көруге болады. Бір айта кететін нәрсе – қазіргі термин шығармашылығы өткен ғасыр басындағы термин жасау тәжірибесіне табан тіреп отырғандығы. А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының термин жасау үлгісімен туындап жатқан көптеген жаңа терминдер соның дәлелі бола алады. Мұны үзіліп қалған ұлттық терминжасам дәстүрінің араға 60-70 жыл салып барып қайта жалғасын табуы деп бағалаған дұрыс болар.

Жүйеленген салалық терминологияны қалыптастыруда сол саланың терминдерін белгілі бір сөз тудырушы морфемаларды немесе терминдік элементтерді пайдалана отырып жасау тәжірибесі бар. Бізде де кейбір арнаулы сала терминдерін жасауда соңғы жылдары біршама өнімді жұмсалып жүрген жұрнақтардың бар екенін аңғаруға болады. Мәселен, Іс жүргізу саласында **-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе анықтама, хаттама, баяндама, мінездеме, мәлімдеме, көшірме, баянжазба** т.б. Тіл білімінің фонетика саласында **-м, -ым/-ім айтылым, алмасым, естілім, жасалым, екшелім, жалғаным, қатынасым** т.б. Синтаксис саласында кезінде А.Байтұрсынұлы жасап тілімізге енгізіп кеткен **бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш** терминдерін туғызған **-уыш, -уіш** жұрнағы бар екені белгілі. Әскери іс саласында **-уыл/-уіл, -ауыл/-еуіл** үлгісімен жасалған **шабуыл, айдауыл, ереуіл, жасауыл** сияқты көне атаулар қолданысқа ене бастады. Мұндағы бір айта кететін жайт соңғы үлгімен жасалған атаулар тілде дайын қалпында қолданысқа ене бастағанымен терминжасамда бұл үлгі алдыңғы жұрнақтар сияқты жаңа терминдер тудыруда пайдаланылмай келеді.

Энергетика саласында кейінгі жылдары **-қыш/-кіш, -ғыш/-гіш** жұрнағы арқылы жасалған терминдердің молайғандығы байқалады. Мәселен, **ажыратқыш – выключатель, электроқозғалтқыш – электродвигатель, араластырғыш – смеситель, қыздырғыш – нагреватель, жайтартқыш – молниеотвод, ауа жинағыш – воздухоборник, ауабаптағыш – кондиционер, ауа үрлегіш – воздуходувка, бу таратқыш – парораспределитель, вагонадарғыш – вагоноопрокидыватель, жерлендіргіш – заземлитель, көбейткіш – умножитель, күлтұтқыш – золоуловитель, ағытқыш – расцепитель, оқшаулатқыш – изолятор, сақтандырғыш – предохранитель** т.б. терминдер. Бұл морфеманың көмегімен жасалған терминдер осы мысалдардан көрініп тұрғанындай негізінен орыс тіліндегі **-тель** суффиксімен жасалған қосымшаларға сәйкес келеді.

Бірішіден, мұнда бірізділік бар. Екіншіден, тіларалық сәйкестік сақталған. Орыс тіліндегі құрал-саймандар мен жабдықтардың, механизмдердің атауын жасауда жиі қолданылатын суффикс арқылы жасалған терминдер біздің тілімізде дәл сондай мағына беретін жұрнақ арқылы туындаған. Үшіншіден, бұл көмекші морфема арқылы жасалған терминдердің ықшамдылығымен, қолдануға қолайлылығымен де ерекшеленетіндігін айту керек. Біздіңше, бұл терминжасам үлгісін тек энергетика саласында ғана емес жалпы техника, механика, машинажасау, сәулет және құрылыс сияқты өзге де көптеген салалардағы заттық, нақты ұғымдарды атауда пайдалануға болады. Тек қазіргі терминжасам тәжірибесінде орын алып жүргендей белгілі бір жұрнақтарға салмақ салып, барлық арнаулы салалардың терминдерін жасау кезінде соларды ғана жаппай жалғай беруге жол бермеу жағын да ойдан шығармаған жөн.

Ұлт тіліндегі термин шығармашылығының жандана бастауына байланысты бұрын бірен-саран терминдерді жасауға ғана қатысып, аса өнімділік таныта қоймаған жұрнақтарды пайдалану арқылы жаңа терминдерді жасау үрдісі де байқалады. Оған Ахаң ізімен жасалған мына төмендегі информатика және есептеуіш техника терминдерін мысалға келтіруге болады. *Талдауыш – анализатор, жабдықтауыш – поставщик, жүктеуіш – загрузчик, қосындылауыш – сумматор, құжаттауыш – документатор, жинақтауыш – накопитель, шоғырлауыш – концентратор, шектеуіш – ограничитель, өңдеуіш – обработчик, модульдеуіш – модулятор, марируттауыш – маршрутизатор, құрылмауыш – конструктор, жөндеуіш – отладчик, жоспарлауыш – планировщик, сипаттауыш – описатель, вычислительная, вычислительный(-ная) – есептеуіш, кодтауыш – кодировщик т.б.*

Берілген мысалдардан көріп отырғанымыздай информатика және есептеуіш техника терминологиясында қазақ тіліндегі бір ғана **-уыш/ -уіш** жұрнағы орыс тіліндегі **-атор/-ятор/-тор, -щик, -чик, -тель, -н/ая, -н/ый** суффикстері арқылы жасалған терминдердің қазақша нұсқасын жасауда пайдаланылған. Бұл үлгімен жасалған терминдердің ішінде **-атор/-ятор/-тор** суффиксіне сәйкес келетіндерін ғана сәтті терминдер қатарына қосуға болады. Өзгелері ұғым мазмұнын дәл беру тұрғысынан да қосымшаларды мағынасына қарай ұтымды пайдалану жағынан да кемшіліктен ада емес. Бұл арада термин жасаушы салалық мамандар терминжасамның лингвистикалық қырына және терминтандудың жүйелілік сияқты маңызды талаптарына жете мән бермегені байқалады. Терминжасамда сөздің лексикалық мағынасына тән нәзік реңктерін, мағына көлемін дәл ажырата білу де оңай емес. Ал қосымшалардың ерекшелігін, грамматикалық мағына сияқты ұғымдарға сала мамандарының мән бере бермеуі жиі кездесіп жататын жайт. Оған мысалды салалық терминологиялық сөздіктердің кез келгенінен дерлік келтіруге болады. Мұндай кемшілікке жол берудің ұлт тіліндегі термин шығармашылығына үлкен нұқсан келтірері сөзсіз. Бұл тіл мамандары, терминологтар тарапынан ерекше назар аударуды қажет ететін маңызды мәселе. Сондықтан терминжасамның лингвистикалық мәселелерін арнайы сөз етіп, салалық мамандарға арналған олардың сөздік түзу,



термин жасау барысында басшылыққа алуына болатын әдістемелік, көмекші құралдар дайындаудың қажеттілігі айқын аңғарылып отыр. Әсіресе, қазақ тіліндегі сөз тудырушы жұрнақтардың қазіргі терминжасам процесінде қаншалықты тиімді пайдаланылып жатқандығын анықтап, оларды термин шығармашылығында қалай орнымен қолданған жөн екендігін көрсетіп бере алатын практикалық тиімділігі бар құралдар дайындаудың маңызы өте зор. Бұл көмекші морфемалардың табиғын, олардың мағынасы мен қызметін жақсы ажырата білетін, сөзжасам, терминжасам мәселесінен хабары мол тіл маманының атқаратын ісі.

Араб және еуропа, орыс тілдерінен енген сөздер мен терминдер құрамында болмаса, біздің тілімізде артикль, приставка сияқты сөзалды қосымша түрлерінің жоқ екені белгілі. Сондықтан сөзжасам, терминжасам барысында қолданылатын негізгі тәсілдің бірі – сөз тудырушы жұрнақтар арқылы термин жасау болып табылады. Бұл тәсіл арқылы туындап терминқорымызға енгізілетін терминдеріміздің тіліміздің табиғатына сай, терминге қойылатын талаптарға жауап бере алатындай лингвистикалық тұрғыдан сауатты жасалуы үшін – тіліміздегі сөз тудырушы жұрнақтарды жіктеп-жіліктеп, оларды қалай дұрыс та ұтымды пайдалану керектігі көрсетілуі тиіс. Сонда термин жасағанның жөні осы екен деп, жұрнақтарды тұспалмен немесе әркімнің қалауынша оңды-солды жалғай беру фактілері азайып, сауатты жасалған, жүйеленген ұлттық терминқор қалыптастырудың негізі нығая түспек. Мұндай жұмыстың жүзеге асырылуы біз сөз етіп отырған терминжасамның ұлттық үлгілерінің (модель) орнығуына да тікелей әсері болады деп білеміз.

Орыс ғалымдарының еңбектерінде термин құрамындағы суффикстердің мағыналарының кеңеюі мен тарылу мәселесі де біршама сөз болған. Біздің тіліміздегі термин шығармашылығында пайдаланылып жүрген сөз тудырушы форманаттардың терминологияға бейімделуін де арнайы қарастырған жөн.

Қазіргі термин шығармашылығында өнімділік танытып жүрген *-ма/-ме, -м, -ым/-ім, -с, -ыс/-іс, -лық/-лік* және аса өнімділік таныта қоймаса да біршама терминдерді жасауда пайдаланылып жүрген *-шы/-ші, -гіш/-ғыш, -қыш/-кіш, -уыш/-уыш, -қы/-кі, -ғы/-гі; -қ/-к, -ақ/-ек* жұрнақтары арқылы жасалған терминдерді саралап қарағанда-ақ, өзге тілдердің терминдік элементтері мен қосымшаларына орынды-орынсыз жүгіне бермей өз тіліміздің форманттарын құптап қолдану арқылы да терминологияның барлық талаптарына сай келетін терминдер тудыруға болатындығына көз жеткізуге болады. Терминжасам барысында бірді-екілі болса да термин жасауға қатысып немесе мүлде іске жартылай жатқан *-ат(қырат, суат), -қа(жонқа, тұтқа; қырқа, қолқа); -л(болжал), -мыс(болмыс, тұрмыс), -н, -ын/-ін(боран, қорған, жсауын, жиын, түйін, келін), -сын(сусын, ықтасын), -шақ/-шек(қатпаршақ, жұмыршақ, түйіншек, тепкішек), -ық/-ік(қабық, бөлік, үзік)* сияқты т.б. жұрнақтарды қалтарыста қалдыра бермей, орнымен пайдалану арқылы да терминологиямыздағы ұлттық термин жасау үлгілерінің қатарын толықтыра түсу мүмкіндігі бар.

Тіліміздің әртүрлі лексикалық қабаттарына жататын сөздердің термин-

денуі, лексика-семантикалық тәсіл жөнінде, терминологияны қалыптастыру кезінде пайдаланылатын ішкі көздер жөнінде бұған дейінгі еңбектерде тоқталғандықтан біз жоғарыда тек морфологиялық тәсілді пайдалану мәселесі төңірегінде ғана сөз қозғадық. Синтаксистік тәсіл мен калькалау жолымен термин жасау, оларды термин шығармашылығында ұтымды пайдалану жайында да арнайы сөз болуы керек.

Терминология дамуының қағидатарын белгілеуде қиындық туғызатын, ендігі бір арнайы назар аударуды қажет ететін мәселенің бірі – халықаралық терминдер деп аталып жүрген өзге тілдерден қабылданған атаулар. Бұл санатқа жататын атауларды аудару-аудармау, қабылдау, жазу туралы тілші-ғалымдар мен салалық мамандардың пікірлері сан қилы. Соңғы жылдары бұл мәселеге мамандар назары айрықша аударыла бастады. Осы кітаптың кейінгі бөлімінде халықаралық терминдер мәселесі арнайы сөз болатындықтан, бұл арада ондай атаулар жайында қысқаша ғана тоқталып өтеміз.

«Сөздің халықаралық терминдер қатарына енуі немен байланысты?, «Қазақтың төл сөздері қандай жағдайда халықаралық қолданысқа түсуі мүмкін?» – деген сұрақтардың туындауы заңды.

Түркілер дүрілдеп тұрған замандарда біздің сөздеріміз де өзге тілдерге жүздеп, мыңдап енгені тарихтан белгілі. Мәселен, Е.Н.Шипова 1976 жылы жарық көрген «Словарь тюркизмов в русском языке» деп аталатын сөздігінде бір ғана орыс тілінде екі мыңдай түрік сөзі қолданылып жүргенін көрсетеді. Кейіннен тарих аренасындағы иеленген орнымызға қарай біздің тіліміздің ықпалы да әлсіреді. Ал соңғы 70 жылдың көлемінде термин шығармашылығын дамытудан гөрі дайын терминдерді қабылдауға әбден дағдыланғандық. Терминологияны халықаралықтандыру бағытын ұстанып келгендіктен терминқорымыздың басым бөлігін өзге тілдерден дайын күйінде орыс тіліндегі қалпын сақтап қабылданған терминдер құрайтын болды. Терминтануда осы терминқорды халықаралықтандыруға қарсы деинтернационализация деген процесстің бар екендігін жоғарыда айттық. Бұл бұрын тарихи, саяси-экономикалық немесе басқа да жағдайларға байланысты өзге тілдерден дайын терминдерді шектен тыс көп қабылдап келген халықтардың сол халықаралық терминдердің орнын өз тілдерінің сөздерімен жаппай алмастыру процесі. Мұндай процесс әдетте қабылдаушы тілдердің иесі болып табылатын халықтың ғылым-білімі, экономикасы дамып, ұлттық мемлекеттің негізі нығая бастаған уақытта қылаң береді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде бізде де бұл құбылыс пайда бола бастады. Ұлттық мемлекетіміздің сипаты мен тіліміздің қоғам өмірінде алып отырған орнына, яғни елдегі тілдік ахуалға сәйкес деинтернационализация процесі бізде өте әлсіз, мардымсыз түрде жүріп жатқаны байқалады. Терминолог ғалым В.А.Татаринов бұл жөнінде: **«Деинтернационализация терминологии – это понятийный рост на национальной почве.** (қою әріппен ерекшеленген біз – Ш.Қ.) Интернациональная терминология не бывает наднациональной, с ее помощью можно проследить особенности технологической конкуренции между культурами и сделать выводы о жизнестойкости той или иной нацио-

нальной культуры». (Татаринов В.А. Теория терминоведения. Том 1.С. 226-227.)

Ғалым пікіріне сүйенсек, біз ұғымдарды ұлт тілінде атау арқылы ұғымдар жүйесін өз тілімізде игере бастаған болып шығамыз. Алайда элеуметтік лингвистикалық факторларға сәйкес бұл процестің жандануына қарсылық та бар. Ұлт тіліндегі термин шығармашылығы жандана бастаса оны пуризмге жол беріп жатырмыз деп дабырайта көрсетуге құмар немесе объективтік, субъективтік түрлі себептерге байланысты соған мүдделі адамдар да жоқ емес. Түптеп келгенде, осының өзі ұлттық негізі берік қалыптасқан елге тән нәрсе емес. Кез келген ұлттық мемлекет өз тілінің кең таралуын көздейді, мүмкіндігінің жеткенінше сол бағытта мақсатты жұмыс жүргізеді. Олар терминологияда деинтернационализация процесінің өз тілдерінің ішінде жүзеге асып, халықаралықтандыру процесінің өздері тарапынан өзге тілдерге қатысты жүргізілгенін қалайды. Оны терминологияны халықаралықтандыру ғылым қажеттілігі деп сөз жүзінде өзгелерге қатысты ғана айтқанымен, өздері керісінше бағыт ұстанып отырған көптеген дамыған ұлттық мемлекеттердің әрекетінен көруге болады. Айталық, француздар неге ағылшын сөздерін тіліне қабылдаудан қашады? Біз неліктен көршісі әрі туыстығы жағынан бізден гөрі әлдеқайда жақын француз тілі іргесін аулақ салып отырған сол ағылшын сөздерін қабылдауға тиіспіз?

Ұлттық мемлекетіміздің іргесі бекіп, оның экономикасы мен ғылым-білімі өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне күмән келтірмеуге болады. Бірақ мұның бәрі оп-оңай, өздігінен бола салатын нәрселер емес. Әр ұлт өз тілінің өркендеуін, кең таралуын көздейді. Сол ұлттық тіл мемлекеттік тіл болып саналатын ел тіл саясатын өз жұртының тілдік мүддесін, оның бүгінгі мен болашағын жан-жақты ойластыра отырып белгілейді. Белгілеп қана қоймайды, мемлекет сол өзі белгілеген бағытта мақсатты түрде жұмыс істейді.

Сонымен сөзімізді қорытындылай келгенде, қазақ терминологиясын дамыту мен жетілдіруде төмендегі негізгі екі қағидат басшылыққа алынып, терминологиялық жұмыстардың барлығы осы бағытта жүргізілуі қажет деп ойлаймыз.

### IV.3.1. Қазақ терминологиясының ғылыми қағидаттары

**Бірінші қағидат: Ұлттық терминқор қалыптастырудың ішкі көзі қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша ұтымды пайдалану.**

Ешбір талассыз қазақ терминологиясы дамуының ең басты, ең бірінші қағидаты осы болуы керек. Оның ең негізгі себебі - ұлттық терминқорымызды ұлт тілінде қалыптастырамыз десек, ең алдымен, сол тілдің өзінің лексикалық байлығы мен сөзжасам, терминжасам тәсілдерін ұтымды пайдаланып, ұлт тіліндегі термин шығармашылығын дамытуға міндеттіміз. Терминдерді өзіміз жасамай өзге тілдерден дайын қалпында алып әбден дағдыланып қалғандықтан,

соңғы жылдары жасалған азын-аулақ терминдерді көп көріп «жасандылыққа ұрынып жатырмыз», «термин жасаумен көп әуестеніп кеттік», «пуризм етек алып барады» деп дабыл қағушылар да бар. Тіліміздің лексикалық қоры мен сөзжасам тәсілдерін барынша тиімді пайдаланып жатырмыз деуге әлі өте ерте. Термин шығармашылығымыздағы сәтті-сәтсіз ұмтылыстарымыздың бар екені рас, алайда әзірге өзге тілдерден термин алмасу айтарлықтай бәсеңсіп, кешегі мыңдаған шет тілі терминдерін өзгеріссіз қабылдау арқылы қалыптастырған терминқорымыздың мұрты бұзыла қойған жоқ. Сондықтан тіліміз кешегідей термин қабылдаушы салғырт (пассив) тілдердің қатарында қалып, ұлт тіліндегі термин шығармашылығы тұралаған қалпында тұра берсін демесек, «қазақ тілі термин жасауға қатты араласып кетті» деген орынсыз байбаламға жол беріп, тілімізде жаңадан басталған табиғи процеске тосқауыл қоймай, бұл саладағы атқарылатын істеріміздің жоғары кәсіби дәрежеде жүзеге асырылуын қамтамасыз етуіміз қажет. Терминқор тізуде орын алып жатқан кемшіліктерді уақтылы түзетіп, термин шығармашылығын үздіксіз дамытып, жетілдіріп, терминологиялық жұмыстарды бір орталықтан үйлестіріп, кәсіптік деңгейде жүргізгенде ғана жүйеленген ұлттық терминологиялық қор қалыптастыра аламыз. Жалпы ұлт болашағы, тіл мүддесі тұрғысынан келгенде, қазақ тілінің өз лексикалық байлығы мен сөзжасам мүмкіндіктерін барынша ұтымды пайдалана отырып ұлттық терминологиялық қор қалыптастыру – бет алған негізгі бағыт-бағдарымыз, ұстанатын басым бағытымыз, терминологиядағы басты қағидатымыз болуы керек деп санаймыз.

Бұл қағидат қазақ терминологиясы дамуының бұған дейінгі жасалған қағидаттарының да негізі болған.

1924 жылы Е.Омарұлы ұсынған қағидаттың бірінші тармағында

«Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатын болсын» делінсе, 1926 жылғы Аханның баяндамасында «Ең алдымен термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу.» қазақ терминологиясын дамытудың басты қағидаты ретінде көрсетілген. 1993 жылы Ә.Қайдар ұсынған 11 қағидаттың үшіншісі «қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану» деп белгіленген.

Терминге және терминологияға қойылатын талаптарға жауап беретіндей атауларды сұрыптап алып, барынша ұтымды пайдаланылуға тиісті қазақ тілінің ішкі лексикалық қоры – жалпы қолданыстағы сөздер, көнерген сөздер, кәсіби сөздер мен диалектизмдер сияқты лексикалық қабаттар мен өзге де өнімсіз көздер болуға тиіс.

Түрлі лексикалық қабаттардан сұрыпталып алынатын атаулар есебінен терминқорды толықтырумен бірге лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік және калька, терминдену сияқты сөзжасам, терминжасам тәсілдерін ұтымды пайдалану арқылы да ұлт тілінің термин шығармашылығы үздіксіз дамып отыруы керек. Жалпы терминологиялық және жекелеген арнаулы салалардың ұғымдық жүйесінің логикалық, тектік-түрлік байланыстарын тілдік тұрғыдан да жүйелеп бере алатын ұлттық терминжасам үлгілерін

орнықтыру бағытында кәсіби мамандар тарапынан жоспарланған мақсатты жұмыстарды рет-ретімен жүзеге асырмай болмайды.

Мұндай терминологиялық жұмыстардың барлығы да тиісті ғылыми мекемелер мен ғалымдар тарапынан теориялық, ғылыми-әдістемелік, практикалық тұрғыдан қамтамасыз етіліп, өкілетті мемлекеттік органдар бұл ауқымды істің жүзеге асырылуын қадағалап, үйлестіріп, арнайы қаржы бөліп, отыруы қажеттігін дәлелдеп жату артық болар.

### **Екінші қағидат: Терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі болып табылатын өзге тілдерден термин қабылдау**

Өзге тілдердің барлығы да біз үшін терминологиялық лексикамызды толықтырудың сыртқы көзі болып табылатыны рас. Алайда оларды пайдалану мәселесіне келгенде түрлі пікірлер бар. Біріншісі – ғылымы мен экономикасы жақсы дамыған ықпалды еуропа мемлекеттердің тілдерінен термин сөздерді көптеп қабылдау арқылы терминологияны халықаралықтандыру, батыс ғалымдарымен кәсіби қарым-қатынасты жеңілдету мүмкіндігіне ие боламыз дейтін де көзқарас та, екіншісі – генетикалық таралуы жағынан жақын, туыстас тілдер арасындағы терминалмасуды бірінші кезекке қою қажет дейтін көзқарас. Сондай-ақ әлем тілдерінің бәрін де терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде бірдей пайдаланайық дейтін пікір айтушылар да бар. Тілдік дыбыстық-құрылымдық, ұлттық-танымдық, генетикалық және типологиялық жіктелісі тұрғысынан қарағанда терминқор қалыптастырудың сыртқы көзін кәдемізге жатаруда туыстас тілдерге басымдық беру дұрыс деп санаймыз. Оның кейбір артықшылығын кезінде Ахаң да атап көрсеткен болатын. Сондай-ақ мұндай бағыт ұстану туыстас тілдер тобын құрайтын өзге тілдер тәжірибесінде де бар. Сондықтан сыртқы көзді пайдалануда алдымен түбі бір туыстас тілдерге жүгініп, содан кейін барып өзге тілдерден терминалмасу осы қағидатты басшылыққа алудың реті болуға тиіс. Қазақ тіліне қай тілден сөз (термин) қабылданса да, олар тіліміздің дыбыстық-құрылымдық заңдарына бағындырылып алынуы қажет.

#### **а) Туыстас түркі тілдерінен термин қабылдау**

Е.Омарұлында «Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрік халықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер – жалпы түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, - ондай сөздер жатырқамай алынсын» делінсе, Ахаңда «Ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда оларды туыстас тілдерден алу» деп, екеуінде де екінші қағидат ретінде ұсынылған. Ә.Қайдар ұсынған қағидаттардың төртіншісі «Термин шығармашылығында бұдан кейін туысқан түркі тілдерінің (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық тәжірибелерінен, терминдік өрнек-үлгілерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану» белгіленеді.

Алдымен туыстас тілдерден термин іздеу қажеттігіміздің себептерін А.Байтұрсынұлы былай түсіндірген болатын. «Олай етуіміздің себебі: 1) туыстас тілдердің көптеген сөздерінің тұлғалары бірдей болмаса да олар ортақ түбірден тараған, сол себепті туыстас емес тілдердің сөздеріне қарағанда оларды түсіну жеңіл және естігенде де айтқанда да бөтен болып сезілмейді; 2) түркі халықтары қашанда өзара қарым-қатынаста болған және бола да береді, сондықтан да бір тілдің көптеген сөздері ортақ түбірден өрбімесе де өзге тілдің тұтынушыларына таныс болуы мүмкін».

Бізде туыстас тілдер арасындағы өзара терминалмасу осы уақытқа дейін іс жүзінде жүзеге асып, қалыптасып дәстүрге айналмаған қағидат. Кеңестік кезеңде КСРО халықтары тілдерінің терминологиясын қалыптастырудың негізгі бағыт-бағдарын олардың болашақта көшуге тиісті ортақ тілдері орыс тілінің мүддесіне сәйкес Мәскеу белгіледі. Түркі халықтары да КСРО құрамындағы өзге де көптеген ұлттар мен ұлыстар сынды ғылыми-техникалық терминдер қорының орыс тілімен ортақтығын молайта беру бағытын ұстанды. Терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі, термин қабылдайтын бірден-бір тіл, орыс тілі болды. Біз еуропа тілдерінің сөздерін де тек орыс тілі арқылы, олардың өз тілдеріне бейімдеп, тиісті дыбыстық-құрылымдық өзгерістер жасап алған қалпында айна-қатесіз қабылдадық. Алаш зиялыларының сөзімен айтқанда еуропа халықтары тілдерінің «орыс шапанын жамылып» қабылданған сөздеріне біз өз шапанымызды жабуға да жарамай, сол орыстанған күйінде сөздік құрамымызға енгіздік. Ондай кірме атаулардың бас-аяғын бүлдіріп алмау үшін орыс тілінің жекелеген қосымшаларын да тілімізге өзгертпей қабылдау туралы ережелер жасап, заңдастырып та қойдық. Одан да бұрын кириллицаға көшіп, әліпбиімізді орыс сөздеріне нұқсан келтіріп алмайтындай етіп жазуға икемдеп, қажетті таңбалармен толықтырып алғанымыз белгілі. Бұл тұрғыдан келгенде 30- жылдардан бастап бір сөзінің де қылшығын қисайтпай, қаз-қалпында қабылдаған бізге орыс тілінің еш өкпесі жоқ шығар. Ол жөнінде сонау 20-жылдары-ақ Ахандар бастаған алаш зиялыларының айтқанына, мәселен, Х.Досмұхамедұлының «Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады» деп жазғанына қарамастан әлем тілдердің барлығының дерлік сөзалмасу(*заимствование*), терминалмасу(*терминозаимствование*) тәжірибесінде жоқ дәстүрді қалыптастыру біздің маңдайымызға жазылған сияқты. Біздіңше, өзге тілдерден сөз алудың мұндай советтік тәсілін тілдерде бұрыннан-ақ бар *сөзалмасу*, *терминалмасу* деп атаудан гөрі *термин көшіру* деп атасақ дәлірек, әділеттірек болатын сияқты. Өйткені өзге тілден қабылдаған терминдерді әр тіл өзінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне қарай икемдеп алатыны ешкімге де құпия болмаса керек.

Шығыс, ислам мәдениетіне емес еуропа мәдениетіне ден қойып, ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи-мәдени байланыстарымыздың, еларалық қатынастарымыздың бағыт-бағдарын өзгертуімізге орай, біздегі тіларалық сөзалмасу процесі де басқа арнаға бұрылды. Мұсылманша білім алуды орысша оқумен, араб әліпбиіне негізделген жазуымызды алдымен латынмен, көп ұзамай орыс әліпбиімен алмастырғанымыз т.б. рухани-мәдени, материалдық

өміріміздегі көптеген өзгерістеріміз соның көрінісі еді. Кеңес өкіметі КСРО-ның барша халқына орыс мәдениетін үлгі етіп ұсынумен бірге одақта орыс тілінің толық үстемдігін орнатуды мақсат етті. Бүкіл «кеңес халқының» ғылым мен техника, басқа да арнаулы салалардағы кәсіби қарым-қатынасын қамтамасыз етуге тиіс жалпыкеңестік терминқорын (общесоветский терминологический фонд) да орыс тілін үлгі ете отырып қалыптастыру көзделді. Нәтижесінде терминалмасу ісінде біржақтылық орын алып, бұрын терминқор қалыптастырудың сыртқы көздерінің қатарында пайдаланылып келген араб, иран т.б. шығыс тілдерін былай қойғанда тегі, түбі бір туыстас түркі халықтарының бір-бірінен сөз алуы ерсі құбылыс ретінде қабылдана бастады. Тіпті келе-келе түркі тілдері бір-бірін сөздік қорын байытудың сыртқы көзі ретінде танудан қала бастаған тәрізді. Бодандық құрсауында болған кезең олардың орыс терминологиясы сырттан не алып, қалай қабылдаса, бізге не ұсынса соның бәрін заңдылық ретінде танып, өзгеріссіз қайталап үйренгенін аңғартады. Кеңестік идеология мен тіл саясаты қалыптастырып кеткен бұл жағдайдың түркі халықтары тәуелсіздіктерін жариялап, егеменді ел ретінде өзге жұрттармен көпвекторлы саясат жүргізе бастаған жылдарында да өзгере қоймағанын байқауға болады. *Ұшақ* тәрізді бірлі-жарым сөз алмасқанымыз болмаса, ғылыми, тіларалық байланыстарымызды нығайтып, бірімізде жоғымызды екіншімізден іздеп жатқанымыз аңғарыла қоймайды. Түркілердің кешегі өткен кезеңде одақтастардың кеңес халқына ортақ терминқор қалыптастыруын көздегеніндей, өз ішінде халықаралық біріздендіру жұмысын жоспарлы түрде жүргізуді немесе қазақ, түрік, өзбек тілдерінің біріне негізделген терминқор жасауды да мақсат етіп қоюдың қажеті де бола қоймас. Бірақ біз сөздік қоры мен сөздік құрамында онсыз да ортақтығы мол түбі бір туысқан тілдердің қажетіне қарай сөзалмасу, терминалмасу арқылы қаншама ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан өзара сабақтастық пен тіларалық байланысты сақтап, дыбыстық-құрылымдық болмыс-бітімі ұқсас тілдердің өзіндік табиғатын жоғалтуына да әр халық мүдделі болуы керек деп есептейміз. Сондықтан да түркі халықтарының бұл тұрғыда кеңестік тіл саясаты белгілеп берген терминалмасу қағидаттарының шырмауынан шығып, жаңаша тілдік қатынастар қалыптастыруды қолға алатын кезі жетті деп білеміз.

### ә) туыстық жақындығы жоқ тілдерден термин қабылдау

Әрине, әлем халықтарының бәрінен бірдей сөз ала бермейтініміз белгілі. Африка халықтарының тілдерінен, урду, пушту немесе Америка үндістерінің тілі мен еуропаның неміс, француз, ағылшын тілдерін сыртқы көз ретінде осы уақытқа дейін бірдей пайдаланған емеспіз және алдағы уақыттарда да олардың бәрін өнімді көз ретінде қажетімізге жарата қоймасымыз анық. Саяси-экономикалық, ғылыми-мәдени байланыстарымыз бен мемлекеттердің ықпалдылығы тұрғысынан қарағанда осыған дейін еуропа халықтарының тілдерінен терминдерді көптеп қабылдап келгеміз, әлемдік өркениеттің даму

деңгейінде басқаша бетбұрыс болмаса, әзірге сол тілдер терминқорымызды толықтырудың сыртқы көзінің өнімді бөлігі ретінде қала берсе керек. Өркениеттің бұл талабына өзгеріс енгізу оңай бола қоймас.

Е.Омарұлы өзі ұсынған қағидатта «Иауропа халықтарының бәрінің де тіліне сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің заңдарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын, - жалпы Иауропа сөзі мен қазақша сөз түбінде екеуі қатар жазылып отыратын болсын» десе, А.Байтұрсынұлы: «Жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек.» деген болатын. Академик Ә.Қайдар да «интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау» (5-қағидат) қажет деп атап көрсетеді.

Ғалымдардың бұл мәселедегі көзқарастарының бір жерден шығып жатуы кездейсоқтық емес. Аханның «кірме терминдер біздің қазақ тілінің айтылуына бағынуға тиіс, яғни оларға тілдің қалыпты артикуляциясынан бастау алатын біздің тіліміздің дыбыстық заңдылықтары үстемдік етуі (таратылуы) керек. Шет тілдерінің сөздерін өзіміздікі ету үшін, бұл міндетті түрде солай болуы қажет» деген пікірі термин қабылдаудың қай кезеңінде де құнын жоймаса керек. Кезінде А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омарұлы, Н.Төрөқұлұлы сияқты алаш зиялыларының бұл ұстанымдары арадағы 70-80 жылды есептегенде бүгін де көптеген тілші-ғалымдар тарапынан қолдау тауып отыр.

Сондықтан өзге тілдегі терминдердің дәл баламасын табудың мүмкіндігі табылмаған немесе балама табуды қажет етпейтін эпонимдер (адам аттарымен аталған) мен таңба терминдерді, әлемнің көптеген тілдерінде қолданылып жүрген кейбір кең тараған терминдерді өз тіліміздің дыбыстық-құрылымдық табиғатына сәйкестендіріп қабылдау - екінші қағидатты жүзеге асырудың негізгі шарты болуға тиіс.

Терминология дамуының осыған дейінгі кезеңінде тілімізге қабылданып, арнаулы салалардың көпшілігінде орнығып, білім беру мен ғылым тілінде, мамандардың кәсіби қарым-қатынасында қолданылып жүрген мыңдаған кірме атаулардың бәріне балама табамыз, аударамыз десек, жүзеге асатын мақсат қойдық деуіміз қиын болар. Тілдердің даму тарихы мен жалпы тілдік заңдылықтардан хабары бар мамандардың ешкімнен сөз алмайтын, ерекше тіл боламыз демесі де анық.

Екі-үш ұрпақтың санасына сіңіп, сонау 30-жылдардан бастап осы уақытқа дейін жарық көрген кітап қорымыздың барлығында (оқулықтар мен оқу құралдарында, сөздіктер мен анықтамалықтарда, энциклопедияларда, танымдық, ғылыми және ғылыми-көпшілік әдебиеттерде т.б.) орыс тіліндегі нұсқасымен бірдей қолданылып келген мыңдаған кірме терминдерді жаңаша жазып, оған көз үйретіп, құлаққа сіңісті ету де оп-оңай орындала салатын іс емес екендігі де белгілі. Мәселенің әлеуметтік лингвистикалық, психолингвистикалық қырларын да ескерген дұрыс. Алайда кезінде ғалымдар мен әлеуметтің қарсылығына, алға тартқан ғылыми дәлелдеріне қарамастан, шет тілдерінің сөздерін орыс тіліндегідей жазуды күштеп заңдастырып, жаппай оқыту мен насихаттау нәтижесінде бүгін оларды бөтенсімей



қабылдайтын дәрежеге жеткеніміз сияқты, қазір де кірме атауларды тіліміздің өз табиғатына икемдеп жазып, оқыта бастасақ, біраз уақыт өткеннен соң өзіміздің де, келер ұрпақтардың да оларды жатсынбай қабылдайтынын ұмытпаған жөн. Әрине, әліпби өзгерту, тұрақтай бастаған жазу ережелерін жиі алмастыру қажетті де, құптарлық та іс емес. Бірақ сол әліпби мен орфография ережелеріміздің тіліміздің төл табиғатына негізделіп жасалуы қажеттігі дау туғызбаса керек. Бар мәселе осында болып отыр.

Соңғы жылдары әліпби мәселесі жиі сөз болып күн тәртібінен түспей келе жатқаны белгілі. Кірме терминдерді жазу да осы әліпби, орфография ережелерімен бірлікте, кешенді түрде шешуді қажет ететін мәселе.

Бұл зерттеуімізде біз өткен ХХ ғасырдың 20-жылдарынан бастап, аяғына дейінгі аралықта Ахмет Байтұрсынұлы мен Елдес Омарұлы, Құдайберген Жұбанов, Нығмет Сауранбаев, Сақтаған Бәйішев, Әбдуәли Қайдарсындығалымдар жасаған, ұсынған қағидаттарды зерттеу нысаны ретінде қарастырумен қатар басқа да түрлі сала мамандары тарапынан терминология қағидаттарына қатысты тікелей немесе жанама айтылған ой-пікірлерді ескеріп, оларды қал-қадірімізше сараптай отырып, қорытындыға келдік деуге болады. Аталған ғалымдар тарапынан жеке қағидат ретінде ұсынылған тармақтардың бірқатарын біз, жоғарыдағы негізгі екі қағидаттың аясында қарастырған дұрыс деп санайтындығымызды немесе осы қағидаттарды жүзеге асыру кезінде орындалуға тиісті шарттар мен амал-тәсілдер, талап-тілектер ретінде пайдаланған орынды екендігін атап көрсеттік.

Жалпы өткен ғасырдың әр кезеңінде жасалып басшылыққа алынған немесе ғалымдар тарапынан ұсынылған қағидаттарды ой елегінен өткізіп, алда қандай қағидаттарды басшылыққа алуымыз қажет деген сұраққа жауап іздеу барысында біз бұл мәселеде о баста-ақ алаш зиялылары дұрыс бағыт ұстанғандығына көз жеткіздік десек болады. Одан кейінгі кезеңдерде бір ғана тілдің үстемдігін орнатып, сол тілге негізделген барлық кеңес халқына ортақ терминқор қалыптастыруды мақсат еткен кеңестік жүйе ұлт тілінің мүддесіне, оның өзіндік заңдылықтарын сақтай отырып дамуына сәйкес келмейтін қағидаттар белгілеуінің нәтижесінде қазақ терминологиясының даму бағыты басқа арнаға бұрылған. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлы мен Елдес Омарұлы жасаған, 30-жылдарға дейін ұлттық терминқорымызды қалыптастыруда алаш зиялылары басшылыққа алған қағидаттарға қайта оралып отырмыз. Ұлт тіліндегі термин шығармашылығын дамытып, әлемдік ғылымның жетістігін бейнелейтін термин сөздерімізді тіліміздің өз заңдылықтарына сәйкес жазып, қоғамдық өміріміздің барлық салаларындағы қарым-қатынастарымызды қамтамасыз ететін ұлттық терминқор қалыптастыратын жасампаз ұлт боламыз десек, басқа жол таңдау қиын. Араға бір ғасырға жуық уақыт салып барып Ахандарға оралып, солар жасаған қағидаттарды қайта жаңғыртып, соған негізделген қағидат қалыптастырсақ деп, бағдар белгілеп, жол таңдауымыздың басқа себебі де, негізі де жоқ. Ал 70-80 жыл басқа бағдар ұстанып, соны соқпақпен жүріп үйреніп қалғандықтан, бетбұрыс жасап, күре жолға қайта түсуге қабілет-қарымымыз, қажыр-қайратымыз бен ерік-жігеріміз

жете ме, жетпей ме оны уақыт көрсетеді. Бірақ біз қалайда қазақ тілінің қамын шын ойлап, қасиетін ұғынып, ерекшеліктерін ескере отырып белгіленген бағытқа бет бұрып, ұлттық терминқор қалыптастырудың тура жолына түсуге міндеттіміз.

**IV.4. ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы басшылыққа алып, терминологиялық жұмыстарды жүргізу кезінде қазір басшылыққа алынып жүрген нормативтік-құқықтық құжаттар**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ**

2004 жылғы 21 сәуір  
№444

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ  
ТУРАЛЫ**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасы мақұлданын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі Д. Ахметов**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2004 жылғы «21» сәуірдегі  
№ 444 қаулысымен  
мақұлданған

## Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

### 1. Кіріспе

Әлемдік қауымдастық Қазақстан Республикасын демократиялық және зайырлы мемлекет ретінде таныды. Кез келген елдің мемлекеттілігін айқындайтын негіз қалаушы фактор оның тілі болып табылады.

Көп ғасырлық тарихы бар қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілуіне байланысты оның қоғамдық маңызы арта түсті. Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қоғамдық функциясын дамытуда, оның қолданылу аясын кеңейтуде ұлттық терминологияны реттеудің, жүйелеу мен дамытудың ерекше маңызы бар.

Ұлттық тілді дамытуға мүдделі өркениетті мемлекеттерде тіл саясатының маңызды құрамдас бөлігі ретінде терминология проблемаларына үлкен мән беріледі. Германия, Франция, Ресей сияқты елдерде терминология комитеттерінің, комиссиялары мен қоғамдық институттарының жұмысы жолға қойылған. Олар өздерінің терминологиялық жұмыстарды үйлестіру және ұйымдастыру жөніндегі қызметін мемлекеттік деңгейде жүзеге асырып қана қоймай, сонымен қатар терминологиялық жұмыстардың негізгі салалық ғылыми-әдістемелік бағыттарын да айқындайды. Бұл ретте нысаны жағынан болсын, сол сияқты мазмұны жағынан да ұлттық ерекшелікті сақтауға айрықша мән беріледі.

Қазақстан тілдің өзара іс-қимылын, тіл құрылымын, оның ішінде терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі қызметте халықаралық қатынастардың тең құқықты субъектісі ретіндегі тәуелсіз мемлекет бола отырып, әлемдік тәжірибенің неғұрлым оң үрдістерін тиімді пайдалануға тиіс. Тәуелсіз мемлекеттің тілді дамыту саласындағы ғылымы елдің барлық рухани-мәдени өмірінің оң ілгерілеуіне және прогресіне сәйкес келуі тиіс. Қоғамдық өмірдің маңызды салаларында қолданылу аясын кеңейтуді талап ететін мемлекеттік тілдің қазіргі жай-күйі, оның даму преспективалары ұлттық терминологияның даму деңгейімен, оны реттеумен, жүйелілігімен, тұрақтылығымен және оның қолданылу аясының ауқымымен өзара тығыз байланысты.

Ұлттық терминология саласындағы қол жеткен нәтижелер мен орын алған кемшіліктерді талдай отырып, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуының қазіргі кезеңіндегі өзекті негізгі мақсаттар мен міндеттерді басшылыққа ала отырып, оны дамытудың қағидаттары мен бағыттарын белгілеу қажет, осыған байланысты еліміздегі демократиялық өзгерістерге сәйкес келетін терминология саласындағы жұмыстарды одан әрі дамыту, жүйелеу мен үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасындағы терминологиялық жұмыстың біртұтас тұжырымдамасын әзірлеу қажеттігі туындап отыр.

Тұжырымдама салалық және салааралық ғылыми терминдерді қалыптастыруға, ғылым салалары бойынша сөздіктер дайындауға, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге, оны бір жүйеге келтіруге, терминдер жасауға негізгі бағыттар сілтейді.

## 2. Терминологиялық ахуалдың сипаттамасы

Қазақ терминологиясының дамуы ұлттық тілдің дамуымен, оның қалыптасуының тарихымен өзара тығыз байланысты.

А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхемедұлы, Е.Омаров, Т.Шонанов, Ә.Ермеков, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Қ.Кемеңгерұлы, Ж.Күдерин, М.Жұмабаев, Н.Төреқұлұлы сияқты ағартушы қазақ зиялыларының өкілдері өткен ғасырдың бірінші он жылдығынан бастап қазақ тілінде алғашқы оқулықтарды шығарып, орыс тілінен кейбір шығармаларды аударып бастады. Қазақ зиялыларының өкілдері ғылымның кейбір салалары бойынша сол тарихи кезеңнің қажеттіліктеріне сәйкес терминологиялық атаулар жүйесін іріктеуді ғылыми негізде жүргізді.

Ұлттық терминологияның қалыптасуына, әсіресе нақты ғылыми салалар жекелеген пәндерге деген мұқтаждықты қамтамасыз етуге елеулі үлес қосқан ұлы ғалым А.Байтұрсынұлының еңбегі айрықша маңызға ие болды.

Қоғамдық сананың ғылыми нысанын дамытуда және оны тереңдетуде, ғылыми танымның ауқымын кеңейтуде жоғарыда аталған ғалымдар еңбектерінің ықпалы өлшеусіз мол болды. Тап осы кезең – қазақ тілін әртүрлі салаларда байыту мен дамыту кезеңі болды. Осылайша, тілде терминологиялық сипаттағы жана атаулар мен сөз орамдары пайда болды.

XX ғасырдың 10-30 жылдарындағы, А.Байтұрсынұлы кезеңіндегі ұлттық терминологияның ең басты ерекшелігі – бұл термин ретінде қазақтың байырғы сөздерін кәдеге жарату және жалпы халық тілінің сөз байлығын барынша пайдалану болды. Алайда, бұл қағидаттың ғұмыры қысқа болды.

1940 жылдан бастап идеологиялық қысымның салдарынан терминдерді аудармасыз қолдану не орыс тіліндегі нысанын өзгеріссіз сақтау практикасы кеңінен енгізіле бастады. Әсіресе, 1960 жылдардан бастап жасалған терминдердің ішінде қазақ терминдерінің саны шектеулі болды. Дегенмен, 1940-1990 жылдар кезеңінде 150-ден астам терминологиялық сөздік шығарылды. Олардың ұлттық терминологияны қалыптастырудағы оң маңызын теріске шығаруға болмайды.

Кенес дәуірінде қазақ терминологиясында орыс және шетел терминдері сыни талғамсыз қолданылды, қазақ терминологиясының басты қағидаттары еленбей қалды. Орыс тілінен енгізілген терминдер және орыс тілі арқылы келген халықаралық терминдер орыс тіліндегі сияқты өзгеріссіз қолданылуы тиіс деген ереже күштеп енгізілді және осы нұсқау заңдастырылды.

Осы кезеңде шығарылған терминологиялық сөздіктердің көпшілігі басқа тілдерден алынған терминдердің негізінде әзірленді. Нәтижесінде терминология жүйесінде қазақ сөзінің үлес салмағы мүлдем аз болды. Осылайша, қазақ терминологиясы өзінің ұлттық келбетін жоғалта бастады.

Егемендік алуға және қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесінің берілуіне байланысты ұлттық терминология проблемаларына ерекше мән беріле

бастады. Қазақ терминологиясының ұлттық ерекшелігін жаңғырту үшін жаңа мүмкіндіктер ашылды. Бұрынғы ондаған шет тілі терминдеріне сәтті қазақша баламалар таңдалып алынды. Тәуелсіздік жылдары әртүрлі ғылым салалары бойынша шығарылған сөздіктердің жалпы саны жүзден асып жығылады.

Соңғы жылдары ресми іс жүргізу саласында, бұқаралық ақпарат құралдарында және білім беру мекемелерінде мемлекеттік тілді пайдаланудың үлес салмағы арта бастады. Қазақ тілін жазбаша және ауызша нысанда қолданудың жандануына байланысты зерттеушілердің басым көршілігінің назары тілдің ішкі мүмкіндіктерін зерттеуге аударылды. Сондай-ақ, сөзжасамдық белсенділік те жаңа сапалы деңгейге көтерілді.

Іс-тәжірибесінде қолданылып жүрген терминдердің едәуір бөлігі ғылым-білім, оқу-тәрбие, әлеуметтік-саяси салалардағы ежелгі сөздерді «жаңғырту» жолымен жасалды.

Алайда, соңғы жылдары қазақ тілінің терминологиялық жүйесін әзірлеу белсенділігінің күрт өсуіне қарамастан, ұлттық нақыштағы терминдерді жасау кезінде қазақ тілінің ішкі ресурстары, лингвистикалық ғылымның жетістіктері барынша толық пайдаланылмай келеді. Қолданылып жатқан шаралар жеткіліксіз болуда. Оның басты себептері: өзара әрекеттесетін екі негізгі фактордың – тілдік фактордың әсіре бағалануынан және тілдік емес (әлеуметтік, саяси, экономикалық, психологиялық, тарихи, географиялық, өзге де) факторлардың ескерілмеуінен тілдік ахуалдың қалыптасуы болып табылады.

### 3. Ұлттық терминологияны дамытудың негізгі міндеттері

Ұлттық терминологияны дамытудың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) қазақ терминологиясын реттеу. Бұл міндет – мемлекеттік іс болып табылады. Терминология туралы мемлекет тікелей қамқорлық жасамаған, өз тарабынан қажетті шаралар қабылдамаған, қаржыландыру және идеологиялық қолдау болмаған жағдайда оның орындалуы дүдәмал. Сондықтан Мемтерминкомның мәртебесі өзгертіліп, оның ережелері, міндеттері (термин жасау, өзгерту, реттеу, жүйелеу, қалыптастыру, жариялау, қолданыс аясын кеңейту, тұрақты қолдану, салалық, терминологиялық бюллетеньдер шығару және т.б.), құрылымы қайтадан қаралып, жаңа бағыттары белгіленген ресми орган ретінде бекітілуі қажет.

Бұдан басқа бүкіл ғылыми-шығармашылық мүмкіндікті, ғылым мен техника, өндіріс пен мәдениет салаларында нәтижелі жұмыс істеп жүрген қостілді әрі көптілді мамандарды осы проблема төңірегіне топтастырып, олардан әрбір сала бойынша авторлық және шығармашылық ұжымдар құру қажет.

Бұлардың қызметіне Мемтерминком басшылық етіп, салалық терминологиялық сөздіктер серияларын жасау мәселелерін шешуі, пәндер бойынша оқулықтар, анықтамалар дайындау жөнінде қажетті шаралар қабылдауы, оларға қаржы бөлу және авторларды ынталандыру мәселелерін шешуі тиіс;

1) салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, оларды өзгерту мен ауыстыруда қазақ тілінің қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану;

2) күн санап толассыз туындап жатқан терминологиялық ұғымдарға тілімізден дәл балама табуда да, сондай-ақ жаңа термин-атауларды жасауда да терминге тән нақтылықты сақтай отырып, олардың тілдегі қолданысында болатын белгілі бір шарттылықты мойындау;

3) терминдер мен атауларды қазақ тілінің негізгі ережелеріне, жазу дәстүріне сәйкес реттеу;

4) туыстас түркі тілдерінің тәжірибесін назарға алу;

5) сөз құрау моделінің барлық түрінің термин құрайтын мүмкіндіктерін ашу;

6) баламасыз шетел терминдерін ұлттық тілдің дыбыс жүйесіне бейімдеу;

7) ғылымның нақты салаларына орныққан шығу тегі латын, грек, араб және т.с.с. халықаралық терминдердің белгілі бір көлемін қамтитын жеке сөздік шығару;

8) зерттеу процесінде қолданылатын әлемдік тәжірибені, туыстас тілдердің, интернационалдық терминдердің моделдері мен терминдік атауларын пайдалану, оларды қазақ тілінің фонеморфологиялық ерекшеліктері мен ережелеріне сәйкес бейімдеу;

9) орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминологиялық атауларды мүмкіндігінше қазақ тіліне аударып пайдалану, аударуға келмейтіндерін мағына жағынан сақтай отырып, грамматикалық тұлға жағынан қазақ тілінің фонеморфологиялық ерекшеліктеріне бейімдеп пайдалану;

10) терминография бойынша жұмыстарды дамыту;

11) терминология салалары бойынша жүргізілетін кешенді іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету.

#### **4. Терминологиялық жұмыстың басты бағыттары**

##### **Ғылыми қамтамасыз ету**

Бұл бағытты қамтамасыз етудің негізгі құралдары мыналар болып табылады:

бекітілген терминдерді пайдалану әрі бір ізге түсіру жөніндегі жұмысты үйлестіру және оларды ұдайы жетілдіру;

компьютерлік терминологиялық база жасау;

ғылым мен мәдениеттің салалары бойынша терминологиялық сөздіктер шығаратын жекелеген адамдардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, оқу орындарының қызметін үйлестіру мақсатында, сондай-ақ А.Байтұрсынов атындағы тіл білімі институтының картотекалық базасы негізінде тиісті түрде талдаудан кейін қазіргі заманғы сөздіктерді, салалық, салааралық екі тілді және көп тілді терминологиялық сөздіктер, жинақтарын әзірлеу үшін Терминологиялық сөздіктер бас редакциясын құру;

басып шығаруға дайындалатын сөздіктер мен анықтамалардың қолжазбаларына білікті мамандардың сараптама жүргізуі және осы саланы терминологиялық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты жанындағы терминологиялық орталықта оларды талқылау және Мемтерминкомның отырысында мақұлдау;

бекітілген терминдерді насихаттау, терминологияның өзекті проблемаларын талқылау мақсатында жылына төрт рет Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетеньдерін шығару және оларды мемлекеттік органдар мен ұйымдарға, кітапханалар мен жоғары оқу орындарына тарату;

терминологиялық жұмыстың өзекті проблемаларының теориялық және практикалық аспектілеріне ғылыми зерттеулер жүргізу;

орталықтандырылған, ғылыми негізделген, ел Үкіметі бекітетін арнайы бағдарлама негізінде жоспарлы тәртіппен жүзеге асырылатын бірыңғай қағидаттарға сүйенген, қызмет жүйесіне айналуға тиісті терминологиялық шығармашылық.

### **Нормативтік құқықтық база**

Ұлттық терминологияны дамытудағы өзекті міндеттерді іске асыру жөніндегі шаралардың нәтижелілігі оларды нормативтік құқықтық қамтамасыз етумен тікелей байланысты. Осыған байланысты мынадай іс-шараларды жүзеге асыру көзделеді:

1) терминологиялық жұмыстың құқықтық негіздеріне және Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен терминдерді пайдалануға қатысты бөлігінде нормативтік құқықтық кесімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) қазақ терминологиясын жүйелендіру жөніндегі қызметтердің іс-әрекетін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдер әзірлеу.

### **Ұйымдастыру іс-шаралары**

Тұжырымдаманы іске асырудан мынадай нәтижелер күтілуде:

Терминологиялық жұмыс тұжырымдамасы мемлекеттік тілдегі термин шығармашылығының, терминжасамның жалпы бағыттарын белгілейді;

Терминологияны біріздендіру, жүйелеу, жетілдіру, реттеу, стандарттау жөніндегі терминологиялық жұмыстарды жүргізу кезінде осы Тұжырымдама негізге алынады;

Тұжырымдама негізінде салалық терминдердің, соның ішінде электрондық жеткізгіштердегі екі тілді және көп тілді түсіндірме сөздіктері шығарылады;

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы терминдерді қарау, бекіту кезінде осы Тұжырымдаманы негізге алатын болады.



\* Бұл тұжырымдаманы ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрінің 2003 жылдың 10 қыркүйегіндегі №257 бұйрығымен құрылған төмендегі құрамдағы мамандандырылған Жұмыс тобы дайындады.

**Құрманбайұлы Шерубай** – ҚР Мәдениет министрлігі Тілдерді дамыту департаментінің басқарма бастығы, филология ғылымдарының докторы, профессор (*топ жетекшісі*)

**Хұсайын Көбей Шахметұлы** – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор (*топ жетекшісі*)

**Қайдар Әбдуәли Туғанбайұлы** – А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, ҚР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор

**Айтбайұлы Өмірзақ** – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жанындағы терминология орталығының директоры, ҚР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор

**Қалиұлы Байынқол** – Абылай хан атындағы Әлем тілдері және халықаралық қатынастар университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

**Уәлиұлы Нүргелді** – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары, филология ғылымдарының кандидаты

**Жүнісбек Әлімхан** – А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор

### Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

1998 жылғы 21 сәуір  
№ 367

### Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы (Мемтерминком) туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Күші жойылған деп танылсын:

«Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы (Қазмемтерминком) туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 30 маусымындағы № 744 қаулысы;



«Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 30 маусымындағы № 744 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 17 қазандағы № 1339 қаулысы.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі  
№ 367 қаулысымен бекітілген*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫ (МЕМТЕРМИНКОМ)  
ТУРАЛЫ

Е Р Е Ж Е

**1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) экономиканың, ғылымның, техниканың, мәдениеттің барлық салалары бойынша ұсыныстарды әзірлейтін консультациялық кеңес органы болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комиссияның жеке құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

4. Комиссия өз қызметінде:

қазақ тілінің байырғы лексикалық байлығын (кәсіби лексика, көнерген сөздер, диалектизмдер, ауызекі тіл үлгілері, т.б.) термин жасау ісіне сарқа пайдалану;

термин жасауда түркі тілдерінің озық тәжірибесін пайдалану;

халықаралық экономикалық, мәдени, ғылыми-техникалық қарым-қатынастарды жеңілдетуге қажетті шетел терминдерін қазақ тілінің емлесіне бағындырып, қабылдау ұстанымдарын басшылыққа алады;

мағына мен тұлғасы жағынан бір текті терминдердің ғылым мен техниканың салалық және салааралық жүйелерінде қолдануын үйлестіріп, ұлттық және халықаралық термин-атаулардың табиғи арасалмағының бұзылмауын қадағалап отырады.

## 2. Негізгі міндеттері мен өкілеттігі

5. Комиссияның негізгі міндеттері мен өкілеттігі:

талқыланып, әзірленген терминдер мен атауларды мәжілісінде қарап, бекітеді;

экономиканың, ғылымның, техниканың және мәдениеттің әртүрлі салалары бойынша Комиссия бекіткен терминдердің бюллетеньдері мен салалық сөздіктерін шығаруға, сондай-ақ терминдерді республикалық ақпарат құралдарында жариялауға ұсыныстар дайындайды;

Комиссияның құзыретіне енетін жекелеген мәселелерді қарау үшін терминологиялық секциялардың ғылыми хатшылары мен Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тілдерді дамыту жөніндегі департаменті терминология және ономастика бөлімі қызметкерлерінің ішінен жұмыс топтарын құрады;

терминдер мен атаулардың қолданылуын және дұрыстығын анықтау мақсатында, қазақ тілі терминологиясын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін ғалымдарды, газет пен журнал, теледидар мен радио, кітап баспаларының, сондай-ақ мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қызметкерлерін қажет жағдайда қатыстырып жиындар өткізеді;

экономиканың, ғылымның, техника мен мәдениеттің тиісті салалары бойынша терминологиялық секциялар құрады.

## 3. Жұмысын ұйымдастыру

6. Комиссияның отырысы оның төрағасы бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүйелі түрде өткізіледі.

Егер оған оның мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, Комиссияның отырысы күші бар деп саналады.

7. Комиссияның хатшысы отырыстардың жұмыс жоспарын, күн тәртібін жасайды. Комиссия мүшелерінің өзара іс-қимылын ұйымдастырады және іс қағаздарын жүргізуге жауап береді.

8. Комиссияның шешімі оның отырысына қатысып отырған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс берумен қабылданады.

9. Комиссия өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне бағынады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

- Айгабылұлы А.* Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы, 1995.
- Айтбайұлы Ө.* Қазақ тілінде термин жасау жолдары мен принциптері хақында//Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. – Астана, 2002.
- Айтбайұлы Ө.* Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – А., 1988.
- Айтбайұлы Ө.* Профессор Қ.Қ.Жұбанов және қазақ терминологиясының кейбір мәселелері//Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. – Астана, 1999. 64-б.
- Айтбайұлы Ө.* Терминжасамның қайсыбір қалтарыстары// Терминология: теория және тәжірибе. – Астана, 2001. 21-б.
- Айтбайұлы Ө.* А.Байтұрсынов қазақ терминологиясының атасы// Қазақстан әйелдері. 1989.-№4; А.Байтұрсынұлының терминжасам тәжірибесі//ҚР ҒМ-ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 1979
- Ақаев С.* Терминнің танымдық табиғаты. – Алматы, 2000
- Ақаев Ы.* Термин-теріні терминші илесе// «Түркістан» газеті. – Қазан 2004.
- Аперсян Ю.* Дистрибутивный анализ значений и структурные семантические поля// Лексикографический сборник. – М.,1962. Вып. V.
- Артемов Р.Н.* Разработка принципов и методов построения и упорядочения терминологий различных областей знаний, науки и техники// Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. – М., 1970. С. 171.
- Арын М.* Бес анық. – Алматы, 1996.
- Атаулар мен терминдер. (Құрастырған - Әбдірахманов А.) – А.,1990.
- Ахманова О.С.* Словарь лингвистических терминов. – М., 1966.
- Әбдірәсілов Е.* Лингвистикалық терминдердің семантикалық қатынастары. канд. дисс. атореф. – А.,1999.
- Әбдірәсілов Е.* Терминологиялық сөздіктерді түзуде негізге алатын әдістемелік бағдарлар//«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. 2004. №7.76-81 бб.
- Әбдірахманов А.* Термин қалыптастыру тәжірибесінен// Қазақ терминологиясының мәселелері. – А.,1986. 65-71б.
- Әбдірахманов А.* Қазақ терминологиясының түп қазығы//Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. – А.,1990.
- Әбілқасымов Б.* XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің жазба нұсқалары. – Алматы, 1988.
- Әбілқасымов Б.* Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы, 1971.
- Әлісжанов С.* Терминология мәселелері (оқу құралы). – Астана, 2004.
- Әлісжанов С.* Ғылым тілі және оған қатысты кейбір ұғымдар//Терминологиялық хабаршы. 2004, №3. 13-16 бб.
- Әуезов М.О.* Ақаңның 50 жылдық тойы// Ақ жол, 1923, 4 ақпан.
- Әуезов М.О.* Қазақтың әдеби тілі туралы// Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т. 19. – Алматы, 1985.
- Байтұрсынұлы А.* Тіл-құрал. (қазақ тілінің сарфы) Бірінші жылдық. – Орынбор, 1914.

- Байтұрсынұлы А.* Тіл-кұрал. (қазақ тілінің сарфы) Екінші жылдық. – Орынбор, 1914., Әдебиет танытқыш. Қызылорда–Ташкент,
- Байтұрсынов А.* Әдебиет танытқыш//А.Байтұрсынов шығармалары. – Алматы, 1989.
- Байтұрсынов А.* Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
- Байтұрсынов А.* Шығармалар. – Алматы, 1989.
- Барлыбаев Р.* Қазіргі қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы, 1978.
- Бәйішев С.* Қазақ тілінің терминологиясын жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері: терминология сөздігі (Алғы сөз). – А., 1949; Халық мұғалімі, 1948, №5.
- Бодуэн де Куртенэ.* Избранные труды по общему языкознанию. – М., 1963. Т. II.
- Болғанбаев Ә.* Қазақ тілінің лексикологиясы. – А., 198
- Блинова О.И.* Термин и его мотивированность// Терминология и культура речи. – М., 1981.
- Блумфилд Л.* Заимствования в условиях двуязычия//Язык. – М., 1968.
- Білалов Ш.* Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. – Алматы, 1996.
- ВВПС – II Всесоюзное партийное совещание по народному образованию. – М.-Л., 1931.
- Виноградов В.В.* Словообразование в его отношении к грамматике и лексикологии//Вопросы теории и истории языка. – М., 1952.
- Виноградов В.В.* Основные типы лексических значений слова// Избранные труды. Лексикология и лексикография. – М., 1977.
- Винокур Г.О.* О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии// ПР. МИФЛИ. – М., 1939. -Т.5.
- Володина М.Н.* Теория терминологической номинации. – М., 1997.
- Володина М.Н.* Соотношение национальных и интернациональных элементов в терминологической лексике//Филологические науки. 1984. №3.
- Гегальп Зия.* Түркішлдердің тілді жандандыру бағдарламасы. – А., 1999.
- Гречко В.А.* Каким должен быть термин?//Актуальные проблемы лексикологии и словообразования. – Новосибирск, 1976.
- Голованевский А.Л.* Формирование общественно-политической лексики как идиологически-оценочной категории в русском литературном языке дооктябрьского периода. ДДА. – М., 1989.
- Гринева С.В.* Введение в терминоведение. – М., 1993.
- Даниленко В.П.* Грамматические особенности терминов// Исследования по русской терминологии. – М., 1971.
- Даниленко В.П.* Лексико-семантические особенности слов- терминов// Исследования по русской терминологии. – М., 1971.
- Даниленко В.П.* Русская терминология. – М., 1977.
- Даниленко В.П., Кандалаки Т.Л.* Русская терминология// Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. – М., 1986.
- Дианова Г.А.* Термин и понятие: проблемы эволюции (к основам исторического терминоведения): Автореф ди д-ра фил. наук. – М., 1996

- Досмұхамедұлы Х.* Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм. Ташкент, 1924;  
*Досмұхамедұлы Х.* Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы// Аламан. – Алматы, 1991.
- Дулатов М.* Есеп құралы. – Орынбор, 1918;  
 Елдегі екі мұғалім. Термин жайындағы кейбір қате пікірлер туралы// «Еңбекші қазақ». 1935, 26 май.
- Елубаев С.Е.* Основные принципы образования терминологии по математике// проблемы казахской терминологии. – А., 1986. С.89-105.
- Жалмаханов Ш.* (құрастырушы) А. Байтұрсынұлы – қазақ лингвистикасы терминдерінің негізін салушы. – Қарағанды, 1997.
- Жанұзақов Т.* Қазақ тілінің терминологиясы хақында//«Қазақ әдебиеті» 1956ж. 28 қыркүйек.
- Жанұзақов Т.* Атаулар жайлы сыр шерткен//Профессор Қ.Жұбановтың 90жылдығына арналған ғылыми конференция материалдары. – А., 1990. 83-88 б.
- Жана атаулар. (Құрастырғандар: Алдашева А., Сарыбаев Ш., Уәлиев Н.). – Алматы, 1992.
- Жәленов К.* Есеп тану. – Ташкент, 1923
- Жұбанов Х.К.* Принципы терминологии казахского литературного языка, применяемые Государственной терминологической комиссией// Исследования по казахскому языку. – Алматы, 1966.
- Жубуева Ф.Х.* Семантические изменения литературных слов в процессе их терминологизации//Актуальные вопросы русской лексикологии и терминологии. – Алматы, 1986.
- Жұмабайұлы М.* Педагогика. – Орынбор, 1992.
- Жұмашева Г.* «Жаңа мектеп» журналының тіліндегі терминдер: филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 1996.
- Журавлева Т.А.* Особенности терминологической номинации. – М., 1995
- Журgenов Т.* Вопросы терминологии казахского языка// Большевик Казахстана. – Алматы, 1935. №6.
- Зия Көкалып.* Түрікшілдіктің негіздері. – А., 2000.
- Елубаев С.Е.* Основные принципы образования терминологии по математике//Қазақ терминологиясының мәселелері. – А., 1986
- Иванов В.* Терминология и заимствования в современном китайском языке. – М., 1973.
- Иванов В.В.* Терминология и заимствования в терминологической лексике современного китайского языка. – М., 1981. .
- Исаев С.* Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1989.
- Исаев С.* Язык периодической печати 1920-х годов: Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1966;
- Қазақ тілінің совет дәуірінде дамуы. -Алматы, 1973;  
 Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы. – Алматы, 1983;  
 В.Н. Ботаника. – Алматы, 1954.;
- Исақова С.* Қазіргі қазақ тіліндегі психология терминдерінің лингвистикалық

мәселелері (лингвистикалық зерттеу). – А., 2001.

*Кайдаров А., Абдрахманов А.* Казахская терминология//Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. – М., 1987. стр.29-46

*Кайдаров А.Т.* Процессы взаимодействия народной и научной терминологии в казахском языке// Вопросы киргизской терминологии. – Фрунзе, 1989;

*Калиев Б.* Лексико-семантическая и мифологическая структура названий растений в казахском языке. – Алматы, 1996.

*Қалиев Б.* Мемлекеттік тіл және оның терминологиясы//Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. – Астана, 2002. 28-35-бб.

*Қалиев Б., Жылқыбаева А.* Сөз мағыналарының негіздері. – А., 2002.

*Қалиұлы Б.* Қазақ тілі терминдерінің сөздігі. – А., 2000.

*Қалиұлы Б.* Қазіргі қазақ тілі. – А., 2004.

*Капанадзе Л.А.* Функционирование терминов науки и техники в общелитературном языке XX века// Русский язык и советское общество. – М., 1968. -С.152.

*Кенесбаев С., Жанузаков Т.* Русско-казахский словарь лингвистических терминов. – А., 1966.

*Кеңесбаев І., Мұсабаев F.* Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). – Алматы, 1975. -57-б.

*Кияк Т.Р.* Мотивированность как возможный критерий отбора и упорядочения терминов-интернационализмов// Научно-техническая информация . Сер. 1. 1985. №10. С. 15-19.

*Коготкова Т.С.* Терминология и культура речи. – М., 1981. - №61.

*Коготкова Т.С.* Национальные истоки русской терминологии. М., 1991.

*Конкашпаев Г.К.* Казахские народные географические термины// Изв. АН КазССР. Сер. географ. 1951. №99. Вып. 3.:

*Корчагина В.А.* Ботаника. – Алматы, 1978

*Көшербаев Е.* Техникалық термин бастамасы. «Қазақ әдебиеті», 1972 29 қыркүйек.

*Крыжановская А.В., Симоненко Л.А.* Актуальные проблемы упорядочения научной терминологии. – Киев, 1987.

*Кротевич Е.* Выправить недочеты в строительстве казахской терминологии// Просвещение национальностей. 1932. С. 8-9. -С.94-96.

*Кузнецова Э.В.* Лексикология русского языка. – М., 1989. - С.32.

*Кулебакин В.С., Климовицкий Я.А.* Работы по построению научно-технической терминологии в СССР и Советская терминологическая школа//Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. – М., 1970.

*Кутина Л.Л.* Термин в филологических словарях//Проблематика определений терминов в словарях разных типов. – Л., 1976. -С.21.

*Кутина Л.Л.* Формирование терминологии физики в России. – М.; -Л., 1966. -С.286.

*Күдерин Ж.* Өсімдіктану. – М., 1927.,

*Күдерин Ж.* Өсімдіктану. – Алматы, 1992. -9-6.

Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері (Республикалық ғылыми-прак-

тикалық конференцияның материалдары). – Астана, 2002.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1975-86. 1-10т.

Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. – Алматы, 1969.

Қазақ тілі көп томдық түсіндірме сөздігінің инструкциясы. – Алматы, 1976, 28-6.

Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. (Құрастырғандар: *Алдашева А., Әнесов Ф., Сарыбаев Ш., Сыздықова Р., Уәлиев Н.*). -Алматы, 1990.

Қазақ терминологиясы және бұқаралық ақпарат құралдары. (Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары). – Астана, 2004.

Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы, 1989. 17-б.

*Қайдаров Ә.Т.* Жаңалыққа жатсынбай, жасампаздыққа жармаспай қазақ тілі терминологиясына жаңашыл көзқараспен қарайық//«Егемен Қазақстан». 1992. 3 наурыз.

*Қайдаров Ә.Т.* Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993. -42б.

*Қайдаров Ә.Т.* Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас//ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1993.№1,2. 3-17бб.

*Қайдаров Ә.Т.* Ғылым тілі және әдеби тіл статусы//Терминдер және олардың аудармалары. – А.:Ғылым. 1990.

*Қайдаров Ә.Т., Айтбаев Ә.* Қазақ терминологиясының қалыптасу тарихы, қазіргі жағдайы және міндеттері//Проблемы казахской терминологии. – А.,1986. 9-30бб.

*Қайыпназарұлы М.* Қазақ тілін өркендетуге басшылық күшейтілсін//Әдебиет майданы. 1932. -10. -59-61-бб.

*Қалиев Б., Жылқыбаева А.* Сөз мағыналарының негіздері. – Алматы, 2002.

*Қалиев Б.* Мемлекеттік тіл және оның терминологиясы//Қазақ терминологиясының өзекті мәселері. – Астана, 2002. 28-35-бб.

*Қалиұлы Б.* Жат сөздер жағадан ала бермесін//Қазақ тілінің көкейтесті мәселелері. – Алматы, 1997. -108-б.

*Қарааш Ф.* Ойға келген пікірлерім. – Орынбор, 1910;

*Қарашева Д.Н.* Грамматические особенности языка казахской публицистики начала XX века (на материале журнала «Айқап»): Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1959;

*Қожанұлы С.* Есеп тану құралы. – Ташкент, 1924.

Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. – А.,1990.

*Құл-Мұхаммед М.* Ұлт тірегі – тіл//Терминологиялық хабаршы. – Астана, 2003 №3

*Құрманбайұлы Ш.* Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы,1998.

*Құрманбайұлы Ш.* Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. – Астана, 2002.

*Құрманбайұлы Ш.* Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминдер сөздігі. Бекітілген терминдер. (электронды сөздік). – Алматы, 2004.

*Құрманбайұлы Ш., Сапина С.* Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминдер сөздігі. (Бекітілген терминдер). – Алматы, 2004.

- Құрманбайұлы Ш.* Мемлекеттік саясат және терминология мәселесі// «Егемен Қазақстан» 30 қазан 2003жыл.
- Құрманбайұлы Ш.* Терминжасамның ұлттық үлгілерін қалыптастыру мәселесі//Терминологиялық хабаршы. 2003. №3(5). 42-46 б.
- Құрманбайұлы Ш.* Терминологияны біріздендіру мәселесі// Терминологиялық хабаршы. 2003. №1(3). 20-25 б.
- Қыз Жібек. – Алматы, 1963. 1995
- Лейчик В.М.* Предмет, методы и структура терминоведения: Автореф. дис... д-ра филол. наук. – М., 1989.
- Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1990.
- Локшина С.М.* Краткий словарь иностранных слов. – М., 1987.
- Мәжітаева Ш.* Социально-лингвистическая характеристика казахского литературного языка 1920-30-х годов XX в. Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1992;
- Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. – Астана, 1999.
- Мишланова С.Л.* Терминоведение XXI века: история, направления, перспективы//. – М., 2003.
- Момынова Б.* Общественно-политическая лексика газеты «Қазақ»: Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1993;
- Момынова Б.* Газет лексикасы (*жүйесі мен құрылымы*). – А., 1999.
- Мординов А.Е.* О развитии языков социалистических наций в СССР// Вопросы философии. 1950. №3.
- Морозова Л.А.* Особенности функционирования специальной лексики в неспециальной литературе // Современные проблемы русской терминологии. – М., 1986.
- Мусаев К.М.* Современные проблемы терминологии на тюркских языках СССР// Советская тюркология. – Баку, 1989. №4.
- Мусаев К.М.* Формирование, развитие и современные проблемы терминологии на языках союзных республик СССР// Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. – М., 1986.
- Мусаев К.М.* Современные проблемы терминологии на тюркских языках СССР // Советская тюркология. – Баку, 1989. № 4.
- Мусаев К.* Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. – М., 1986.
- Мырзабектен Сапархан.* Термин тезі//Терминологиялық хабаршы. – Астана, 2004. №2(8).
- Мырзабектен Сапархан.* Терминге түскен тың түрен//Терминологиялық хабаршы. 2004. №3 (9).
- Никитина С.Е.* Семантический анализ языка науки. – М.: Наука. 1987.
- Нұрғалиев Р.* Алып бәйтерек//А.Байтұрсынов. Ақ жол. – Алматы, 1991.
- Ольски Л.* История научной литературы на новых языках. В 3-х т. – М; Л., 1933. Т.1.



- Омарұлы Е.* Пішіндеме. – Қызылорда, 1928;
- Ошанин И.М.* Китайский язык//БСЭ. 2-е изд. Т.21.
- Пән сөздері. (Құрастырған – Н.Қаратышқанұлы) Қызылорда, 1927. – Алматы, 2004.
- Пюрбеев Г.Ц.* Современная монгольская терминология. – М., 1984.
- Риггз Ф.В.* Терминология в социальных науках. Гонолулу. – М., 1979.
- Реформатский А.А.* Что такое термин и терминология // Вопросы терминологии. – М., 1961.
- Реформатский А.А.* Мысли о терминологии//Современные проблемы русской терминологии. – М., 1986. С.172.
- Реформатский А.А.* Термин как член лексической системы языка// Проблемы структурной лингвистики. – М., 1968.
- Салалалық терминология: бүгіні мен болашағы. (Республикалық ғылыми-практикалық семинардың материалдары). – Астана, 2003.
- Сарыбаев Ш., Нақысбеков О.* Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. – Алматы, 1989.
- Сауранбаев Н.* Қазақ тіл білімінің проблемалары. – Алматы, 1982.
- Сауранбаев Н.* Алғы сөз//Терминология сөздігі. I кітап. – А., 1948.
- Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О.* Қазіргі қазақ әдеби тілі. Морфология мен синтаксис. – Алматы, 1991.
- Серғалиев М.* Қ.Жұбановтың терминологиялық еңбектері//Қазақстан мектебі. 1968. №6.
- Серғалиев М.* Кейбір ұғымдар мен терминдердің қолданылуы туралы//Терминологиялық хабаршы. – А., 2003. №2(4). 20-26 б.
- Серғалиев М.* Термин сөзге мағынаның нақтылығы қажет//Терминология: теория және тәжірибе. – Астана, 2001. 26-32 б.
- Сороколетов Ф.П.* О месте производственной терминологии в толковом словаре русского языка//Лексикографический сборник. – М., 1957. Вып. I.
- Степанов Г.В.* Современная научно-техническая терминология на языках народов СССР и за рубежом//Проблемы разработки и упорядочения терминологии в Академиях наук союзных республик. – М., 1983.
- Суперанская А.В.* Литературный язык и терминологическая лексика// Проблемы разработки и упорядочения терминологии в Академиях наук союзных республик. – М., 1983.
- Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В.* Общая терминология: Вопросы теории. – М., 1989.
- Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В.* Общая терминология. Терминологическая деятельность. – М., 1993
- Суперанская А.В.* Поле// Общая теория имени собственного. – М., 1973.
- Сыздықова Р.* Язык «Жами ат-тауарих» Жалаири. – Алматы, 1989.
- Сыздықова Р.* Ахмет Байтұрсынов// Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
- Сыздықова Р.* Ахмет Байтұрсынов. – Алматы, 1990.
- Татаринов В.А.* Теория терминоведения: теория термина: история и современ-

ное состояние. Том 1. – М., 1996.

*Татаринов В.А.* История отечественного терминоведения: Направления и методы терминологических исследований. – М., 1995

*Татаринов В.А.* Теория терминоведения. Теория термина: история и современное состояние. Том 1. – М., 1996.

Терминология және тіл мәдениетінің мәселелері. (Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана, 2004.

Терминологиялық жинақ. (құрастырғандар – АлпысбаевТ., Әбдірахманов А.). – Астана, 1998.

Терминологиялық хабаршы. 2002, № 1. Терминология: теория және тәжірибе. (Терминология мәселелеріне арналған дөңгелек үстел материалдары). – Астана, 2001.

*Тетюев В.А.* Ботаника, 1954.

*Толикина Е.Н.* Некоторые лингвистические проблемы изучения термина// Лингвистические проблемы научно-технической терминологии. – М., 1970.

*Төрқұлұлы Н.* Жат сөздер туралы. – М., 1927.

*Үәлиұлы Н.* Терминология және тілдік норма//Терминология және тіл мәдениетінің мәселелері. (Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары). – Астана, 2004. 34-46 б.

Философский энциклопедический словарь. – М., 1983.

*Флоренский П.А.* Термин//Вопросы языкознания. 1989, №3. С. 104-117.

*Фомина М.И.* Современный русский язык. Лексикология. – М., 1983.

Формирование терминологии на титульных языках республик Российской федерации и СНГ. – Москва, 2000.

*Фролова О.П.* Словообразование в терминологической лексике современного китайского языка. – М., 1981.

XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі. – Астана, 2000.

*Шелов С.Д.* Опыт построения терминологической теории: значение и определение терминов, автореф. дис... д-ра филол. наук. – М.,

*Шкатова Л.А.* Различные степени терминологизации наименований лиц// Современные проблемы русской терминологии. – М., 1986.

*Шонанов Т.* Шет сөздердің емлесі жайында// Еңбекші қазақ. 1929. 25-26 наурыз., (т.б. мақалалары);

*Щеглова Н.А.* К вопросу о грамматических средствах терминологизации русских глаголов в профессиональной речи XVII-XVIII веков// Уч. зап. МГПИ им. В.И.Ленина. – М., 1968. Т.XXXVIII. Вып. 8.

*Щур Г.С.* Теории поля в лингвистике. – М., 1974.

*Zulfikar H.* Terim sorunlari ve ttrim yarma yollari. Ankara, 1991.

*Ысқақов А.* Проф. Қ.Жұбанов және қазақ тіл білімі//Қазақстан мектебі. 1965. №3.

*Юсуп К.* Құжат тілі (сипаты, белгілері, ерекшеліктері) – Павлодар, 2001.

*Яковлев Н.* О принципах терминологии в национальных языках//Культура Востока. – М., 1931, кн. 7-8. стр.91.



## АЛАШ ЖӘНЕ ТЕРМИНТАНУ XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ

(1910-1930 жылдар)

*Бұл монографияда XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы қарастырылады. Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Халел Досмұхамедұлы, Жұмахан Күдерин, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Міржақып Дулатұлы сынды қазақ білімпаздарының терминологияны қалыптастырудағы ролі, терминжасам тәжірибесі жан-жақты талданады. 1910-1930 жылдар аралығындағы терминологияның даму бағыты, сол кезеңнің сипаты, ерекшеліктері көрсетіледі.*

## КІРІСПЕ

Қазіргі қазақ терминологиясы өзінің даму, қалыптасу тарихында бірнеше кезеңдерден өтті. Ол кезеңдердің әрқайсысы қоғамымыздың саяси-экономикалық, тарихи-мәдени өмірінде болған өзгерістермен тығыз байланысты. Қоғам өмірінде болған ондай өзгерістер терминологиялық лексиканың қалыптасуына тікелей әсер етті.

XX ғасырда қазақ халқының қоғамдық-саяси, рухани-мәдени өмірі елеулі өзгерістерге қаншалықты толы болса, ондай өзгерістер терминологияның, ғылым тілінің дамуына да соншалықты әсер етті, із қалдырды. Өткенімізден сабақ алып, атқарылған ісіміздің дұрысы мен бұрысын сарапқа салып, елеп-екшеп алу ең алдымен, болашақта істелер істеріміздің баянды болуы үшін қажет. Ұлттық терминқордың әр кезеңінің ерекшелігін, өзіндік сипатын анықтаудың маңыздылығы да сонда. Сол себепті жаңа ғасыр басталып, терминтанудың алдына да жаңа міндеттер жүктеліп отырған қазіргі шақта қазақ терминологиясының даму, қалыптасуының айрықша бір кезеңі болып саналатын өткен ғасырдың 20-жылдарын арнайы қарастырудың өзектілігі еш дау туғызбайды. Ұсынылып отырған зерттеу еңбегімізде терминология дамуының аталған кезеңіне тікелей тоқталып, ой-пікірлеріміз бен тұжырымдарымызды ортаға салуды өзімізге міндет санағандығымыз да сондықтан.

Бүгін «Алаш», «Алашорда» десек, XX ғасырдың 20-30 жылдары еліне қалтқысыз қызмет еткен үркер шокжұлдызындай бір топ қазақ зиялылары, мемлекетшіл тұлғалар, халқымыздың қайраткер ұлдары ойымызға оралады. Ел мүддесі, ұлттық мемлекеттілік үшін қажымай күресіп, аянбай еңбек еткен олардың есімдері ұзақ жылдар бойы аталмай келсе, ал қазір «алаш қайраткерлері», «алаш зиялылары» деп айрықша құрметпен аталатын болды. Алашының азаттығы жолында басын бәйгеге тіккен нар тұлғалардың, алаш зиялыларының соңында қалған мұраларын жан-жақты зерттеп, тарихтан сабақ ала отырып, сол мұраны олар армандаған тәуелсіз мемлекетіміздің, ұлттық өнеріміз бен ғылымымыздың игілігіне жарату – бүгінгі ұрпақтың, баршамыздың парызымыз. Белгілі алаш зиялыларының ішінде тіл мәселесіне, оның ішінде, терминология, терминжасам мәселелеріне соқпағаны кемдекем. Әрине, 20-30-жылдары әліпби, емле, аударма, фонетика, тілді оқытудың әдістемесі сияқты мәселелер де алаш зиялылары назарынан тыс қалмады. Әсіресе, әліпби, терминология, емле мәселелері пікірталас нысанына айналып, қазақ білімпаздары тарапынан қызу талқыланды.

Кейінгі он-он бес жыл көлемінде Алаш мұрасы тарихшы, тілші, әдебиетші, философ және т.б. түрлі сала ғалымдары тарапынан біршама зерттеле бастады. Ұлт тарихы үшін айрықша мәні бар осы кезеңді сала мамандарының арнайы зерттеп, ғылыми еңбектер жазуының маңызы өте зор. Тәуелсіз елдің іргесін нықтап, ұлттық құндылықтарымызды түгендеп жатқанда алаш мұрасынан аттап кете алмасымыз анық. Тарихымыздың ақтаңдақ беттерін толықтырып,

одан сабақ ала отырып, ертеңімізді баянды ету үшін ХХ ғасыр басындағы қазақ білімпаздарының еңбектерінен аларымыз мол екендігі еш күмән туғызбайды. Алайда кейінгі жылдары жарық көріп жатқан еңбектер арасында білікті ғалымдар тарапынан жазылған ғылыми құндылығы жоғары зерттеулермен қатар, атүстілеу айтылған пікірлер мен жайдақ баяндаулар да орын алған диссертациялық зерттеулер мен мақалалар да ұшырасып жататынын да жасырудың жоқ. Сондай олқылықтарымыз ХХ ғасыр басындағы қазақ оқығандарының мұрасына аса абай болып, оларды зерттеуді әр саланың белгілі ғалымдары қолға алып жатса ғой деген ойға жетелейді.

Бұл тұрғыдан келгенде алаш зиялылары сөз еткен тіл мәселелері де сала-саласына қарай жинақталып, тіл білімінің тиісті салалары бойынша терең маманданған, кәсіптік дайындығы жоғары тілші-ғалымдар тарапынан арнайы зерттелгені жөн. Сонда ғана осы кезеңде еңбек еткен білімпаздарымыздың лингвистикалық мұрасын өз дәрежесінде зерттеп, қажетімізге жарата аламыз. Ұлтымыздың ардақты ұлдарының қаламынан туындаған еңбектерін, жалпы қазақ тіл білімінің ғылым ретінде қалыптасуының бастау көздерін, кешегі даму тарихын зерттеуде үстірт пайымдаулар мен жалаң баяндауларға ұрынбай, ғылыми негізделген байыпты байламдар мен салиқалы тұжырымдар жасап, кәсіби тұрғыдан зерделеу мүмкіндігіне ие боламыз.

Қазақ терминологиясы дамуының әр кезеңінде термин жасауға, терминологияның қалыптасуына айрықша ат салысқан, оның даму бағыттарын белгілеп, ғылым ретінде өркендеуіне үлкен үлес қосқан тұлғалар, ғалымдар мен салалық мамандар болды. Еңбекте терминологияның даму тарихындағы солардың бірқатарының алатын орны, жеке үлестері, мен терминологияны қалыптастыруға қатысты жеке көзқарастары туралы да сөз болады. Мәселен, монографияда Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Халел Досмұхамедұлы, Нәзір Төреқұлұлы, Мұхтар Әуезов, Қошке Кеменгерұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Жұмахан Күдеріұлы, Міржақып Дулатұлы сынды қазақ зиялыларының терминологияны дамытудағы ұстанған қағидаттары мен терминжасам тәжірибелеріне арнайы тоқталдық. Олардың атқарған істері, жазған еңбектері негізінде терминология дамуының сол кезеңінің жалпы сипатын, басты ерекшеліктерін анықтауды мақсат еттік.

Қазақ тілінің терминологиялық қорының қалыптасу тарихы жалпықоғамдық мән-маңызы бар тәжірибе ретінде қорытылып, сараптан өтіп, белгілі дәрежеде бүгінгі қажетімізге жарап, ұлт игілігіне асқанда ғана оның ғылыми құндылығы болмақ. Олай етпесек, әңгімеміз өткенді бекер дәріптеу, құрғақ сөз болған болар еді.

Кеңестік билік жүйесінде қалыптаса бастаған жаңа партиялық номенклатура «Күніне бір мәрте Алашорда жөнінде бір ғайбат сөз айтпаса, тамағына ас батпайтындай күйге жетті» деп Сұлтанбек Қожанұлы айтқандай, алаш зиялыларының тіл саласында атқарған істерін, жазған еңбектерін негізсіз қаралап, олардың қаламынан туындаған терминдерді өркениеттің қас жауындай көріп, қолданыстан аластауды айғайлап айтудан талмайтын

тіл ғылымының советшіл, әсіре белсенді өкілдері аз болған жоқ. Алаш зиялылары жасаған көптеген сәтті терминдердің қолданыстан шеттеп, олар бастаған қазақ тілінде термин жасау ісінің жалғасын таппай, ұл тіліндегі термин шығармашылығының тоқырауға ұшырауына кеңесшіл, ортақшыл оқығандарымыздың қосқан «үлесі» зор болды.

Кеңестік идеология үстемдік құрып тұрған тұста алаш зиялылары мен олардың тіл саласындағы атқарған істерін, ұстанған қағидаттарын, жазған еңбектерін қаралау, оларды жарыса жамандау заман ағымына бейімделушілердің, кеңесшіл оқығандардың әдетіне айналғанын айғақтайтын деректер жеткілікті. Оған өткенге салауат деп, кешіріммен қарауға болар. Ал кеңестік идеология құрсауынан құтылғанымызға бірнеше жыл өткеннен кейін де алаш ғалымдарын «түрікшілдер», «пуристер» деп жүрген кейбір тіл мамандары мен жас ізденушілердің пайымы еріксіз тандандырады. Жекелеген тіл мамандарының кешегі кеңестік кезеңде алаш білімпаздарына қарсы ұстанымда болған аталарының жолын ақтауға тырысудан аса алмай жүргендігі өкінішті. Тіл мүддесі, ғылыми әділеттілік тұрғысынан қарай білсек, ондай олқылықтарға жол бермеген болар едік. Бұл тұрғыдан келгенде алаш мұрасын зерттеушілер еңбектерінде де оларды құрғақ дәріптеу мен орынды-орынсыз мадақтаулар ұшырасып қалып жатады. Алаш оқығандары атақ, дәреже үшін емес, елге пайдалы болуды ойлап, ұлт мүддесіне де, өз істеріне де адал қызмет еткен. Сондықтан да олардың атқарған істерінде бізге сабақ боларлық, еңбектерінде қажетімізге жарарлық құнды деректер баршылық. Соны саралап, ғылыми тұрғыдан объективті түрде анықтай алсақ қана, алаш мұрасына адал, ұлты үшін жанын пида еткен халқымыздың аяулы ұлдарының арман-мұраттарын алға апарушы, олардың ғылымдағы дәстүрлерін жалғастырушы, бастаған істерін сабақтастырушы ұрпақ бола аламыз. Сол себептен де бізге бұл іске үлкен жауапкершілікпен қарау парыз екенін ұмытуға хақымыз жоқ.

Алаш идеясының негізгі өзегі – ұлттық мемлекеттілік болды. Сондықтан да алаш зиялыларының бүкіл қызметі, атқарған істері ұлттық мемлекеттің іргетасын нығайтуға бағытталды. Олардың тіл саласындағы атқарған істерінен, терминологияны қалыптастыруда ұстанған қағидаттарынан да оны анық байқауға болады. Олар ұлттық мемлекеттің ғылыми-техникалық терминологиясының да ұлт тілі негізінде жасалып, қалыптасуын көздеді. Бұл бағытта мақсатты жұмыстар жүргізе отырып, қыруар шаруа бітіріп, айналасы он шақты жыл ішінде ұлттық терминологиялық қордың негізін қалайтын жүздеген терминдерді жасап, қолданысқа енгізді. Ендеше, қазақ терминологиясын кешегі кеңестік дәуірдегідей негізінен көшірінді терминдер арқылы қалыптастыру үрдісінен арылып, терминқорды ұлт тілінің негізінде жасап, жетілдіруге үлкен мән беріле бастаған қазіргі кезеңде терминологиядағы осы дәстүрдің негізін қалаған ХХ ғасыр басындағы алаш зиялыларының терминжасам тәжірибесін жан-жақты зерттеп, олардың ісінен тағылым алудың маңызы зор.

## I ТАРАУ

### АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТЕРМИНҚОР ҚАЛЫПТАСТЫРУ МІНДЕТІ

#### I.1. Уақыт жүктеген міндетті сезіну және қазақтың ғылым тілінің, ұлттық терминологиялық қорының қалыптасуына негіз болған факторлар туралы

Тілдің және оның ғылыми-техникалық терминологиясының дамуы мен қалыптасуын елдің қоғамдық-саяси, ғылыми-мәдени өмірінен бөліп қарауға болмайды. XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы туралы сөз қозғағанда да осыны ескеруге тиіспіз. 1917 жылғы 21-26 шілде аралығында өткен Бірінші жалпықазақтық съезде жалпыұлттық саяси партия құру туралы шешім бірауыздан қабылданып, оның «Алаш» деп аталғаны тарихтан белгілі. Алайда сол кездегі тарихи-саяси жағдайға байланысты бұл саяси ұйымның шын мәніндегі партия ретінде қалыптасып, ал «Алашорда» үкіметі аумақтық тұтастыққа негізделген ұлттық мемлекеттің үкіметі болып өзге елдерге ресми танылып үлгермей жатып тарих сахнасынан күштеп кетірілгені де сол кезеңнің шындығы. Кеңес Үкіметі де оған қарсы күрескен антисоветтік үкіметтер де Алашорданы ұлттық мемлекеттің үкіметі ретінде танымауы Алаш қайраткерлерін күрделі жағдайға душар етті. Алаш қайраткерлерінің антисоветтік күштердің қолдауымен өздерінің позициясын нығайтпақ болған үміті ақталмады. Колчак бар билікті өз қолына алған соң, Уақытша Сібір үкіметі 1918 жылғы 4 қарашада Алашорданы тарату туралы шешім шығарды. Осыдан кейін көп ұзамай Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алашорданың Торғай бөлімшесі, кейінірек 1919 жылдың аяғы мен 1920 жылдың басына қарай оның басқа бөлімшелері де Кеңес үкіметі жағына шықты.

Осы кезеңді терең зерттеген белгілі тарихшы ғалым К.Нұрпейісов «Алаш партиясының құрамына әуел бастан-ақ қазақтың ғылыми және шығармашылық зиялыларының өкілдері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, және Халел, Жаһанша Досмұхамедовтар, М.Тынышбаев, Х.Ғаббасов, Ә.Ермеков, Ш.Құдайбердиев, Ғұмар Қарашев т.б. кірді. Сөз жоқ, Алаш партиясының құрылуы қазақ халқы өміріндегі елеулі саяси оқиға болды, өйткені ол тұңғыш саяси ұйым еді» дей келіп, «Алаш пен Алашорда тарқағаннан кейін оның белсенді қайраткерлері 20-шы жылдардың соңына дейін негізінен ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметте болды» деп жазады. (Қайраткер Халел//Халел тағылымы. Алматы, 1994. 31-32 б.). Көрнекті ұлт қайраткерлерінің, сол кезеңнің ең алдыңғы қатарлы, жоғары білікті азаматтарының ғылыми-педагогикалық қызметпен айналысуы білім мен ғылым саласының қарқынды түрде дами бастауына негіз болды. Мемлекет



мүддесі, қазақтың қамы үшін қолда бар билігімен де қаруымен де күресуден аянбаған зиялылар енді сол күрестерін қалам күшімен, халықты ағарту ісімен жалғастырды. 1910 жылдардың орта тұсы мен 1930 жылдардың бас жағына дейінгі аралықтағы уақытта ұлт көшбасшыларының төңірегіне елге қызмет етуді мақсат еткен талантты қауым жиналып, қазақтың білікті ұлттық кадрлар шоғыры қалыптасып, білім беру мен ғылымды ұлт тілінде дамытудың негізі қалана бастады. Аталған уақыт ішінде ғылымның әртүрлі салалары бойынша жазылған қазақ зиялыларының еңбектері жарық көрді.

Ғылымның көптеген салалары бойынша қазақ тіліндегі төл оқулықтардың жазылуы және өзге тілдерден аударылуы ұлттық терминологиялық қордың қалыптасуына жол ашты. Сол кезеңге дейін термин жасаудың белгілі бір орныққан дәстүрі, басшылыққа алатын, тұрақты қағидаттары болмағандықтан, ондай күрделі міндеттерді атқару ісі – қазақ оқымыстыларының өздеріне жүктелді. Уақыттың өзі алға тартып отырған жауапты міндетті ұлт мүддесіне адал, өресі биік тұлғалар өз деңгейінде абыроймен атқара білді.

XX ғасыр басында қазақ қоғамында рухани зерделі, түрлі мамандықтарды кәсіби деңгейде игерген білімді де елшіл азаматтар өсіп жетіліп, мемлекет пен ұлт мәселелерін шешуге қабілетті зиялы қауым қалыптасып еді. Қоғам өмірінің сан саласын қамтитын мәселелерді шешіп, ауқымды істерді атқаруды көздеген алаш оқығандарының айрықша мән берген мәселелерінің бірі – тіл мәселесі болды. Олар қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтіп, оның әліпбиін, емле ережелерін жетілдіруге, функционалдық стилдерді даралап орнықтыруға, қазақ тіліндегі түрлі әдебиеттер қорын жасауға бағытталған істерді қолға алды. Алашшыл оқығандар ұлт тілін өркендетуге, оның қоғам өмірінің сан саласындағы қызметтерін атқаруына арналған игі істердің бастамашысы болды. Соның ішінде, олар қазақтың ұлттық терминологиялық қорын қалыптастыруға айрықша мән берді. Бұл бағытта көп іс тындырды. Неге олар термин мәселесіне ерекше мән берді? Алаш оқығандары терминологиялық қор жасаудың маңызын өздері тікелей қолға алған ғылыми-ағартушылық қызметтерін атқару барысында сезінді. Мәселенің мәнісін іс басында, ұстаздық, ағартушылық қызметпен айналысу үдерісі кезінде терең түсінді. Қалай? Қазақтың мәдениетті, іргелі елдер қатарына қосу үшін сауатты, оқыған ұрпақ тәрбиелеуіміз керек деген олар қазақ балаларына арнап оқулықтар жазу ісін қолға алды. Оқулықтар мен оқу құралдарын жазу барысында авторлардың қай-қайсысы да термин мәселесімен бетпе-бет келді. Кез келген пәнді оқыту үшін сол саланың арнаулы ұғымдарының атын атап, түсін түстеу қажеттілігі туындайды. Қазақ тілінде алғашқы оқу құралдарын жазушылардың барлығы да осы проблемаға келіп тірелді. Қай істің де жай-жапсарын сол іспен тікелей айналысқандар ғана біледі. Арнаулы ұғымдардың аттарын атамай бала оқытуға, кітап жазуға, ғылым жайын сөз етуге болмайтынын да осы істі өз қолдарына алған зиялылар көзімен көрді. Сондықтан да олардың қазақтың терминдер қорын жасап, қалыптастырмай тұрып, оны білім беру мен ғылымның тілі деңгейіне көрсетуге болмайтынын теориялық тұрғыдан пайымдап немесе



біреудің айтып-жазуымен ұғынып қана қоймай, іс жүзінде көріп-білуіне тура келді. Олар бұл істің қазақ баласына, қазақ жұртына қажеттілігін, терминдер қорын қалыптастырмай тұрып қазақ тілінің қанат жая алмайтынын анық біле отырып қызмет етті. Сол себептен де олардың сенімі зор, атқарған істері нәтижелі болды. Уақыт жүктеген міндетті, ұрпақ алдындағы жауапкершілікті терең сезіне отырып атқарылған істің ілгері басатынын алаш зиялыларының қызметінен анық көруге болады.

Алайда 30-жылдарға қарай олардың бастаған іргелі ісінің жалғасын табуына жол берілмеді. Ұлт тілінде білім беріп, ұлттық терминологиялық қор қалыптастыруды көздеген алаш зиялылары түгелге дерлік тоталитарлық жүйе тарапынан қуғын-сүргінге ұшырады. Оларға нақақтан-нақақ жала жабылып, «халық жауы» деген ауыр айып тағылды. Халқының қамын жеген адал ұлдары, қазақ тілін ғылым тілі ретінде қалтқысыз қызмет ететіндей деңгейге жеткізуді көздеген қайраткерлер, білікті мамандар ақыры сол зұлмат жылдардың құрбаны болды. Одан былайғы жерде олар бастаған істің бағыты күрт өзгертіліп, әкімшіл-әміршіл жүйенің ыңғайына көніп, мүддесін қорғауға бағытталған істер ғана ілгері басатын болды.

Ұлттық ғылым мен мәдениетті өркендетуге, өз ұлтының мүддесі үшін табандылықпен күресуге дайын зиялылар емес, орталықтан басқаруға қолайлы, «совет халқына» қызмет ететін кадрларды даярлауға айрықша мән берілді. Кеңестік идеологияны тез сіңіріп, бұл жолға түскендер барынша дәріптелді. Ал қазақты іргелі елдер қатарына қосу жолында аянбай еңбек еткен алаш зиялылары «ұлтшыл», «түрікшіл», «алашшыл» деп танылып, олардың есімдерін атауға қатаң тыйым салынды. Өткен ғасыр басындағы термин шығармашылығы сол кезеңде түрлі пәндер бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын жазған, ғылыми немесе ғылыми-танымдық еңбектерді өзге тілдерден аударған, терминологиялық және екі тілді сөздіктер жасаған қазақ зиялыларының есімдерімен тікелей байланысты қаралуға тиіс. Ғасыр басында халықтың сауатын ашу, білім беру күн тәртібінде тұрған ең басты мәселелер қатарында болғандықтан, қазақ оқығандары осы бағытта көп жұмыстар атқарды. Ұлт тағдыры, оның болашағы үшін ана тілінде білім беріп, ұрпақ тәрбиеленудің маңызын терең түсінген олар өздері маманданған сала бойынша қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын жазуды алдарына мақсат етіп қойғандығы байқалады. Тіпті олардың арасында өздері басқа саланың маманы болса да қажеттілікті өтеу үшін бірнеше ғылым саласы бойынша еңбек жазғандары да бар. Бұл орайда уақыт талабы мен алаш зиялыларына жүктелген міндеттің, қажеттіліктің қандай болғанын сол кезеңде ұлтқа қызмет еткен білімпаздардың ең көрнектілерінің бірі Х. Досмұхамедұлының 1922 жылы Ташкентте басылып шыққан «Жануарлар» атты еңбегінің алғы сөзіндегі мына пікірінен анық көруге болады. Онда ол – «Дәрістік кітептердің жоқтығы үлкен кемшілік және халық ағарту жолындағы зор кедергі. Осындай кемшілікті жойып, кедергіні бұзу білімі бар қазақ зиялыларының міндеті. Алаштың ішіндегі білімділердің мойнындағы борышын атқаратын заман келді. Білімді дегендердің көбі

дәрістік кітептерді не өз бетінен жазуға, не бөтен тілдерден аударуы керек» – деп жазады. Осы еңбегінен бір жыл бұрын 1921 жылы басылған «Табиғат тану» атты құралында да ол, бұл еңбегіміз «білім қысқаннан жазылған жоқ, мұқтаждық жаздырды» – дейді. Қазір де көптеген мамандықтар бойынша қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдары, терминологиялық сөздіктер жетіспейді. Арнаулы салалардың бірқатарының ұлт тіліндегі терминдер жүйесі жасалмаған. Жасалғандарының да кемшіліктері, жетілдіруге тиісті қырлары аз емес. Бүгін ғасыр басындағыдай оқығандарымыз санаулы ғана дей алмаймыз. Ғылыми атақ-дәрежесі бар ғалымдар мен ұстаздар қауымы, тіпті ондаған ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындары да бар. Алайда уақыт талабы мен ұлт тілінің мүддесін, қажеттілікті алаш зиялыларындай терең сезініп, осы жолда жарғақ құлағы жастыққа тимей, еңбек етуге итермелейтін елшілдігіміз, мемлекетшілдігіміз, ұлтшылдығымыз жетісе бермей ме деген ойға жетелейтін жайттар аз емес.

Ғылымы ертерек дамыған елдердің жетістіктеріне сүйене отырып, ана тілінде оқулықтар жазу барысында сол салалардағы арнаулы ұғымдарды қазақша атау қажеттілігі туындады. Сол кезге дейін тіліміздің ғылыми-техникалық прогреске икемделіп, терминжасам тәжірибесі қалыптаса қоймағанын ескерсек, бұл қажеттілікті өтеудің оңай жұмыс болмағандығын пайымдау қиын болмаса керек. Дәлірек айтқанда, қазақ зиялыларының алдына ұлт тілінде термин жасаудың тұңғыш үлгісін көрсете отырып, қазақ терминологиясын қалыптастырудың бағыт-бағдарын айқындау міндеті тұрды.

Мұндай аса жауапты міндетті атқаруда қазақ оқығандарының арасында А.Байтұрсынұлының орны айрықша болды. Ол жүздеген тіл, әдебиет және жалпы мәдениетке қатысты терминдерді жасап, оларды қолданысқа енгізе отырып, өз замандастарына ана тілінде термин жасаудың жарқын үлгісін көрсете білді. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, өзі өмір сүрген дәуірде қазақ халқының «рухани көсемі» атанған дара тұлғаның термин шығармашылығындағы ісі өзгелерге де өнеге бола отырып, ғасыр басындағы бүкіл термин жасау процесінің бағытын белгілеуге негіз болды десек, артық айтқандық болмайды.

Оқулықтармен қатар сөз болып отырған кезеңде қазақ тілінде «Айқап» (1911-1915), «Жаңа мектеп» (1925-1933) журналдары мен «Қазақ» газетінің (1913-1918) шығып тұрғаны жұртшылыққа аян. Термин жасау мен оларды қалыптастырудағы бұл басылымдардың рөлі тілші-ғалымдар тарапынан біршама зерттелді. XX ғасырдың бас кезінен бастап 30-жылдарға дейінгі аралықтағы қазақ тіл білімінің, тілдің стильдік тармақтарының дамуы мен қалыптасуына байланысты осы кезеңді арнайы зерттеген С.М.Исаев, Айтбаев, Б.Әбілқасымов, Е.Жанпейісов, Р.Барлыбаев, Ш.Мәжітаева сияқты ғалымдардың еңбектерінен мол мәлімет алуға болады. Сондай-ақ осы кезеңде жарық көрген басылымдардың тілі мен ондағы терминдердің қолданысына байланысты да бірнеше кандидаттық диссертациялар қорғалды. Осыларды ескерер болсақ, сөз болып отырған кезеңді зерттеу тілші-ғалымдар назарынан тыс қалды дей

алмаймыз. Алайда алаш зиялылары белсенді қызмет еткен жылдарға сәйкес келетін ХХ ғасырдың басындағы қазақ терминологиясы дамуының өзіндік ерекшеліктері мол осы кезеңі терминтанушылық тұрғыдан тұтас қамтылған жүйелі зерттеу нысаны бола алмай келді. Сол себептен терминология дамуының осы кезеңінің негізгі сипатын ашып, алаш оқығандарының терминжасам тәжірибесі мен ұстанған қағидаттарына ғылыми-лингвистикалық талдау жасап, олардың «терминологиялық көзқарастарын» анықтау міндеті алдымызда тұр.

Біздің пікірімізше, терминологияның қалыптасуына қазақ баспасөзінің де өзіндік ықпалы болғанына қарамастан, салалық терминологияның сараланып, тілдің терминологиялық жүйесінің қалыптасуы – ғылымның жеке салалары бойынша жазылған алғашқы оқулықтардың, ғылыми еңбектер мен терминологиялық сөздіктердің жарық көруімен тікелей байланысты.

Өткен ғасырдың 10-жылдарынан бастап, ғылымның түрлі салалары бойынша қазақ тіліндегі жекелеген зерттеу еңбектері, түрлі оқулықтар мен оқу құралдары жазылып, қазақ баспасөзінің ел арасына ғылым-білімді кеңінен насихаттауы – қазақтың ғылым тілінің, ұлттық терминологиялық қорының қалыптасуына негіз қалады.

## **1.2. Алаш зиялыларының терминологияны қалыптастырудағы негізгі мақсаты мен ұстанған бағыты**

### **1.2.1. Алаш зиялыларының терминқор қалыптастырудағы басты мақсаты**

Алаш зиялылары терминологияны қалыптастыруда қандай мақсат көздеді? Сол мақсаттарына жету үшін қай бағытта жұмыс істеп, нендей қағидаттарға сүйенді? деген сұрақтардың жауабын күтері сөзсіз. Алдымен, олардың термин жасауда, термин шығармашылығында не мақсат көздегендігіне тоқталудан бастаған орынды болса керек. ХХ ғасырдың 20-жылдары термин, терминология мәселелерімен айналысқан ұлт зиялыларының термин шығармашылығы мен олардың жазған еңбектері, мақалалары, баяндамалары, түрлі жиындарда (съезд, конференция) айтқан пікірлері негізінде олардың көздеген мақсатын анықтауға болады. Бұл тұрғыдан келгенде осы кезеңді зерттеу барысында біз мынаған көз жеткіздік.

Өткен ғасыр басында ғылым-білім саласында еңбек еткен алаш оқығандары терминологиялық қорды қазақ тілі негізінде жасап, ұлттық ғылым тілін қалыптастыруды мақсат етті.

Олар қазақ балалары ана тілінде білім алып, ғылымды өз тілінде игеруі қажет деп санап, оған өте үлкен мән берді. Қазақ білімпаздары аталған мақсаттарына сәйкес жұмыстар атқарды. Оны ең алдымен, ғасыр басында (20-30-жылдары) алаш оқығандарының қаламынан туындаған оқулықтар мен оқу құралдарынан анық көруге болады. А.Байтұрсынұлының – «Тіл

– құрал», «Әліппе», «Әдебиет танытқыш»; Е.Омарұлының – «Пішіндеме» Х.Досмұхамедұлының – «Жануарлар», «Адамның тән тірлігі», «Табиғаттану», Ж.Аймауытұлының – «Психология», Ж.Күдериннің – «Өсімдіктану», М.Жұмабайұлының – «Педагогика», М.Дулатұлының – «Есеп тану» сынды оқулықтары мен оқу құралдарындағы терминдердің орта есеппен 90 пайызы қазақ тілінің төл сөздері немесе солардың негізінде жасалған жаңа атаулар болып келеді. Кірме атаулар 10-15 пайыздан аспайды. Олардың дені тіліміздің дыбыстық ерекшеліктерін ескеріп, үндестік заңын сақтай отырып өзгертіліп алынған. Осы деректің өзі алаш оқығандарының қазақ тіліндегі термин шығармашылығына басымдық бергеніне дәлел бола алады.

Екіншіден, сөз болып отырған кезеңде жарық көрген алғашқы терминологиялық сөздіктер де алаш зиялыларының терминқор қалыптастырудағы мақсаттарын айқындай түседі. Онда да біз «Орысша-қазақша әскерлік атаулары», «Пән сөздері», «Атаулар сөздігі» сияқты қазақ тіліндегі алғашқы терминологиялық сөздіктерді түзуде алаштықтардың ұлт тіліндегі термин шығармашылығына барынша басымдық бергенін көреміз.

Сондай-ақ алаш оқығандары өздері жазған төл оқулықтармен қатар ғылыми, танымдық және оқулық әдебиеттерді орыс тілінен аудару кезінде де оларда қолданылған терминдерді қазақша атауға, тілімізде бұрын болмаған ғылыми ұғымдардың атауларын білдіретін жаңа баламалар жасауға көп мән берді. Сол жылдардағы аударма әдебиеттерден мұны анық аңғаруға болады. Рас, жасалған баламалардың бәрі бірдей сәтті, ұғым мазмұнын дәл берді дей алмаймыз. Мысалы, «жауыздық низамнамасы», «шошақ», «боқша», «қара айғыр», «бейбауырмал», «атым оқ дәрі» сияқты бірқатар сәтті жасалмаған, дәл аударылмаған терминдер де болды. Соған қарамастан, 20-жылдарда қазақ оқығандары терминжасам үдерісінде қазақ тілінің барынша тиімді пайдаланылуына үлкен мән берді. Олардың бұл бағытта елеулі іс тындырғанын ғылым тілінің тарихын, тіл білімінің ғасыр басындағы дамуын зерттеушілердің қай-қайсысы да мойындаса керек.

Жалпы терминологияны қалыптастыруға қатысты алаш оқығандарының өз арасында кейбір мәселелерге қатысты өзіндік пікірлері, жеке көзқарастары болғанмен, дәл терминқорды ұлт тілінде қалыптастыруға келгенде олар ортақ ұстаным төңірегіне топтасты. Яғни, қазақ тілінің терминологиялық лексикасының негізгі басым бөлігін ұлт тілінде жасап қалыптастыру – олардың ортақ мақсаты болды.

Бұл тұрғыдан келгенде, бізге алаш зиялыларының ісінен тағылым алуға тура келеді. Қазіргі кезеңде ұлт тілінде термин жасаудың жанданып отырғаны белгілі. Көптеген жаңа терминдер жасалып қолданысқа көше бастады. Бұл ұлт тілінің ғылым саласындағы қызметін атқара бастауының бір көрінісі. Оны «пуризм», «псевдопатриотизм» деп танып, қазақ тілі ғылымға, термин шығармашылығына шектен тыс көп араласып кетті деуге болмайды. Бұл, түптеп келгенде, онсыз да мүмкіндігі шектеліп келген тілдің ғылым саласындағы қызметінің қалыптасуына жол бермеу болып табылады. Рас,

жасалып жатқан терминдердің бәрін бірдей мінсіз деп айта алмаймыз. Олардың ішінде терминологиялық жүйе мен терминдерге қойылатын талаптарға жауап бере алмайтындарының да бар екендігі даусыз. Ондай терминдердің қолданылуына жол бермеу дұрыс. Алайда, сәтсіз жасалған кейбір терминдерді мысалға келтіре отырып, қазақ тілінің термин жасауға икемсіздігін, ғылыми ұғымдарды дәл беруге мүмкіндігінің жетпейтіндігін дәлелдеуге тырысқысы келетіндермен келісуге болмайды.

Егер белгілі бір ұлттың тілі қоғамдық өмірдің қандай да бір саласындағы қызметін атқара алмай жатса, ол үшін тілді кінәлау мүлде дұрыс емес. Оның себептерін сол тілдің дамуына мүмкіндік бермей отырған қоғамнан іздеу немесе өз тілін қажетті деңгейде дамытып, тиісті салада қолдана алмай отырған ұлт зиялыларының өзінен көргені жөн. Сондықтан, мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілін термин шығармашылығын да тиімді пайдаланып, оны шын мәніндегі ғылым мен техниканың тілі ете білу өзімізге тікелей байланысты. Бұл істе жалпы ұлттық кадрлардың, оның ішінде, ғалымдардың, салалық мамандардың рөлі айрықша.

Ал сәтсіз терминдердің жасалу себебіне келсек, ол терминжасаушының терминге қойылатын талаптарды білмеуінен, тілді дұрыс пайдалана алмауынан, ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшелігін ескермеуден, тәжірибесіздіктен немесе жауапкершілікті сезінбеуден туындайтын әрекет. А. Байтұрсынұлы айтқандай, тілді жұмсай білу, сөзден сөз жасап шығару екінің бірінің қолынан келе беретін жұмыс емес.

### **1.2.2. Алаш зиялыларының терминалмасу жөніндегі көзқарастары**

Жалпы тілдер арасындағы өзара сөзалмасу, терминалмасу қашанда болып отыратын табиғи құбылыс. Өзге тілден сөз қабылдамай, тек өз ішінен байып отыратын тілді кездестіру қиын. Әлем халықтары тілдерінің қай-қайсысы да сөзалмасу құбылысынан тыс қала алмайды. Қазақ тілі де солай. Біздің лексикалық қорымызда да әр кезеңде түрлі халықтардың тілдерінен қабылданған сөздер едәуір. Мәселен, тілімізде араб-парсы, моңғол, орыс, қытай т.б. тілдерден енген сөздердің үлесі де тілімізге қабылдануына себеп болған факторлар да әрқелкі.

XX ғасыр басында қазақ тілінде білім беру ісі қарқынды түрде қолға алына бастағандықтан, ең алдымен мектеп оқулықтарында қолданылатын терминдерді жасау, оларды аудару (негізінен орыс тілінен) мәселесі туындады. Бұрын ұлт тілінде болмаған көптеген ұғымдардың атауларын түгелдей қазақша жасау оңайға соқпасы белгілі. Сондықтан, ондай бейтаныс, жат ұғымдардың атауларын алмастыратын ұтымды сөз, сәтті балама табылмаған жағдайда түпнұсқа тілдегі сөзді қабылдауға тура келеді. Осы мәселе бастапқыда алаш зиялыларының да алдынан шықты. Олар ғылыми ұғымдардың атауларын қай тілдерден алғанымыз дұрыс деген мәселенің шешімін іздеді. Алғашқыда түрлі

пікірлер болды. Бірқатар оқығандар терминқорымызды қалыптастырудың өнімді сыртқы көзі ретінде араб-парсы тілдерін тануымыз керек деді. Олар негізінен мұсылманша білім алғандар болды. Енді бір топ білімпаздар түрік тілдеріне басымдық беру керек деген пікірге тоқталды. Келесі бірқатар зиялылар орыс, еуропа тілдеріне иек арту қажет деп санады. Олар негізінен орысша білім алғандар болатын. Осы ұстанымдарына қарай олар «исламистер» немесе «арабшылдар», «түрікшілдер», «еуропашылдар» болып жіктелді. Бастапқыда осындай түрлі көзқарастар болғанымен, кейінірек олар пікірталастыра келіп, шет тілдерінен терминалмасу мәселесінде ортақ ұстанымға бір тоқтамға келді. Олардың мұндай ортақ ұстанымға келуіне тіл білімінің үлкен білгірі Ахмет Байтұрсынұлының үлкен ықпалы болғанын айту керек. Ол осы мәселеге қатысты пікірін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, алғашқыда өзгеше көзқараста болған кейбір әріптестерін өз жағына шығара білді.

Араб пен парсы сөздерін термин ретінде көбірек пайдалануды жақтаушы мұсылманша оқығандар – «біз шығыс, мұсылман мәдениетінің бір бөлшегіміз, бірнеше ғасырға созылған тарихи байланысымызды үзуге негіз жоқ» – деген уәжді алға тартты. Ал оларға қарсы пікірдегілер – «араб елдері (мұсылман әлемі) бір кезде дәуірлеп дамығанмен, қазір олар өркениет көшінің соңында қалып отыр, әлемдік ғылымға қосары шамалы болып отыр, сондықтан олардан ғылым үйренеміз, термин аламыз деу қателік» деген ұстанымда болды. Оның үстіне КСРО орнағаннан кейін дінге деген коммунистік көзқарастың үстемдік етіп, қоғамға атеизмнің кеңінен насихаттала бастағаны белгілі. Сондай-ақ кеңес қоғамында орыс тілінің үстемдігі жыл санап артып, славян мәдениетінің үлгі ретінде ұсыныла бастауына байланысты бұл бағытты жақтаушылардың үні бәсең шықты. Олар 20-жылдарға дейін әлсін-әлсін мәселе көтергенімен, кейінірек мүлде тынышталып қалды.

Бұл жерде мына мәселені атап айту керек. Рас, XX ғасырда араб-парсы тілдері қазақ тілі үшін термин алудың сыртқы көзі өнімді пайдаланылған жоқ. Алайда тіліміздің оған дейінгі даму кезеңдерінде, айталық 7-9 ғасырлар мен орта ғасырларда бұл тілдің жалпыхалықтық лексикамыз бен ғылыми ұғымдар атаулардың қорын байытатын негізгі сыртқы көз болғанын ұмытуға болмайды. Біздің тілімізге әбден сіңіп, төл атауларымызға айналып кеткен мыңдаған араб-парсы сөздері бар. Шығыстанушы-арабист ғалымдар араб-парсы сөздері бүгінгі лексикалық қорымыздың шамамен 30 пайыздайын құрайтынын атап көрсетеді. Ендеше, лексикалық байлығымыз, терминқорымыз туралы сөз еткенде мұндай елеулі деректі, тарихи факторды ескерусіз қалдыру әділетсіздік болар еді. Қазақтың терминологиялық қорын қалыптастыруға аса қомақты үлес қосқан Ахмет Байтұрсынұлы да *наху* (грамматика), *әріп* (харіф) сынды араб сөздерін термин ретінде пайдаланудан қашпаған.

Тәуелсіздік алған 90-жылдардан кейін тілімізде араб сөздерін термин ретінде пайдалану үрдісі жаппай қарқын алып кетпесе де біршама жанданды. Әрине, қазіргі уақыттағы араб сөздерінің термин ретінде қолданысқа ене бастауын 7-9 ғасырлар мен орта ғасырлармен салыстыруға келмейді.

Дәлірек айтқанда, қазіргі уақыттың үлкен ерекшелігі бар. Біз бүгінгі таңда ертеректегідей араб тілін термин алатын сыртқы көз ретінде тікелей пайдаланып отырған жоқпыз. Яғни, осы мерзімде терминалмасу қазіргі араб әдеби тілінен қазақ тіліне тікелей термин қабылдау жолымен немесе бір делдал тілдің көмегімен жүзеге асып жатқан жоқ. Терминқорымызға соңғы он-он бес жыл көлемінде енген атаулар негізінен XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде тілімізде қолданылған атаулар. Кеңес дәуірі тұсында тілімізден шеттеп қалған сол атаулардың бірқатарын біз термин ретінде қайта пайдалана бастадық. Мысалы, *мәтін (текст)*, *құқық (право)*, *құжат (документ)* сияқты атаулар сол қатарға кіреді.

Ал түрікшілдер – «терминдерді туысқан түрік тілдерінен алғанымыз дұрыс, түбі бір тілдердің сөздері тілімізге тез кірігеді, мағынасы да түсінікті, көмескі емес» деген дәлел ұсынды. Түрікшілдерге қарсы пікірдегілер – «түркі халықтарының өзінде ғылым дамымаған (оның ішінде түріктерде де), өздері араб пен еуропаға жүгініп отырғандардан сөз іздеп әуре болудың қандай қажеті бар» – деді.

Ерекше назар аудартатын мәселенің бірі – алаш зиялыларының өздері түрік тілдерін терминжасамның сыртқы көзі ретінде тани отырып, термин алмасу үрдісінде пайдаланбағандығы. Бұл мәселенің лингвистикалық, тілден тыс (экстралингвистикалық) қырларына тереңірек үнілу қажет деп санаймыз. Бізге белгілі кейбір деректер негізінде әзірге мынадай болжамдар айтуға болады деп ойлаймыз. Алаш зиялыларының XX ғасыр басында түркі тілдестер арасында, жалпы Орта Азияда ғылымды дамытуда, саясатта көшбасшылық рөлге ұмтылғаны байқалады. Сондай-ақ алаш оқығандарының көпшілігі қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең бай және таза сақталған тіл деп санды. Сондықтан туысқан тілдестердің терминологиясын қалыптастыруда қазақ тіліне көбірек жүгінгені жөн деген де көзқарас болды. Осындай себептер көрші өзбек, қырғыз, татар және өзге де түрік тілдерінен терминалмасудың өріс алмауына негіз болған факторлардың қатарын құрады деп пайымдаймыз. Біз бұл тұста кейбір өзімізге мәлім деректерге ғана сүйеніп пайымдап отырғандықтан, мәселенің барлық қырын қамтыдық дей алмаймыз. Түркі тілдерінің терминалмасу мәселесі әлі де жан-жақты, терең лингвистикалық талдауларды қажет етеді. Біз атамаған басқа да көптеген факторлар мәселені арнайы зерттеу арқылы айқындалуы тиіс деп білеміз. Туыстас тілдердің өзара терминалмасуының күні бүгінге дейін жолға қойылмай келе жатқаны анық. Жалпы бұл тек тілдік тұрғыдан ғана сөз етіп қоймай, түркі тілді халықтардың болашағымен, еларалық ынтымақтастығымен де байланысты саяси-мәдени, ғылыми тұрғыдан кешенді түрде мән беруді қажет ететін маңызды мәселе.

Кез келген халық даму, өркендеу үрдісінде өзінен озық тұрған, ғылым-білімі, экономикасы жақсы дамыған жұрттардан көбірек үлгі алып, соларға қарап бой түзеуі, ұмтылуы да табиғи құбылыс. Терминалмасуда бұл да сөзсіз ескерілуі тиіс мәнді фактор.

Алаш оқығандарының арасында еуропа тілдеріне кең тараған термин-

дерді қабылдаудан қашпау керек дегендері де болды. Олар ғылымы дамыған жұрттардың сөздерін түпнұсқа тілдегіден көп өзгертпей қабылдау керек деген тұжырымға табан тіреді. Бірақ олардың бұл пікірі алаш оқығандарының көпшілігінің қолдауына ие болмады. Керісінше, Ахаң, Халел, Елдес сынды оқымыстылар шет тілдерінің сөздері адам танымастай өзгеріске ұшырап, қазақ сөзінің кейпіне еніп қабылдануы керек деген ұстанымда нық тұрды. Түбі солардың пікірі үстемдікке ие болып, термин қабылдауда 30-жылдарға дейін басымдық танытты. Сонымен алаш зиялылары терминалмасудың сыртқы көздерін екіге бөліп қарады. Біріншісі әрі негізгісі – түркі тілдері. Екіншісі – еуропа халықтары тілдері. Онда олардың кең тараған, халықаралық сипатқа ие болғандарын ғана қабылдау қажет деп санады. Ал орыс тілінің атауларын аударып, оларға балама табу қажет деген пікірде болды. Олар орыс тілін терминқор қалыптастыруда пайдаланылатын сыртқы көз ретінде атап көрсетпеді.

Алаш зиялылары қазақ тілінің терминологиялық қорын қалыптастыруда бірінші кезете тіліміздің ішкі мүмкіндігіне сүйене отырып термин жасауға барынша басымдық берді. Алайда олар шет тілдерінен сөз алуға үзілді-кесілді қарсы болды деуге болмайды. Жалпы шет тілдеріне көп жүгінуге, кірме терминдердің басымдыққа ие болуына келіспеді десек, орынды болады. Олар еуропа сөздерін қабылдауды түркі тілдерінен ғылыми ұғымды атауға лайықты сөз табылмаған жағдайда ғана қабылдау керек деген ұстанымға тоқтады. Нәзір Төрекұлұлы оларды «еуропаның ортақ сөздері» деп атады. Араб тіліне қарағанда еуропа тілінен термин қабылдау дұрыс деушілердің пікірі басымдыққа ие болып отырды. Мәселен, Н.Төрекұлұлы «Білім ордасы ауропа терминдеріне қарағанда араб-парысқа қарағанда кеңірек жол ашсын. Аурупаның терминдеріне кеңірек жол ашсын дегенде барлық ауропа елдеріне ортақ терминдерді ойлап айтамыз» – деп жазды.

Әр ұлт тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес түрлі дәрежеде өзгеріске ұшырағанымен, негізінен түпнұсқа тілдегі қалпы мен мағынасын сақтап, аударылмай бірқатар тілдерде ортақ қолданылып жүрген терминдер бар. Қазақ терминологиясының тарихында ондай терминдерге деген көзқарас әр кезеңде әртүрлі болған. Оны терминология дамуының әр кезеңінде осы терминдердің қалай аталғандығынан да көруге болады. Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының бас кезіндегі қазақ оқығандары өзге тілден қабылданған сөздерді «*жат сөздер*», «*кірме сөздер*», «*бұратана сөздер*», «*бөгде сөздер*», «*қотыр сөздер*», «*бұралқы сөздер*» деп атап, бұл сөздердің тілімізге көптеп кіруін тілімізді шұбарлау ретінде қабылдады. Нәзір Төрекұлұлы «Жат сөздер» деген кітап жазса, Қошке Кеменгерұлы «қотыр сөздер» деген мақала жазды.

Өзге тілдерден енген сөздерді төл сөздеріміздей көрмей, оларды бөтенсініп *жат*, *кірме*, *бөгде*, *қотыр*, *бұралқы*, *бұратана* деген анықтауыштармен беру тіл тұтынушыларының, зиялылардың бұл сөздерге деген сол кезеңдегі көзқарасын білдіреді. Ал 30-жылдардан бастап бұл атауларға «*интернационалдық терминдер*», «*халықаралық терминдер*» деген ат беріп, мұндай атаулардың көптеген халықтардың тілдеріне ортақтығын, ғылым-білім саласындағы қарым-қатынасты



жеңілдететіндігін баса айта бастадық. Ондай сөздерді белгілі бір халық тілінің шеңберімен ғана шектелмейтін, бірнеше тілге қызмет ететін әмбебап сөздер ретінде оларға «халықаралық» деген айрықша мәртебе беріп тілімізге көптеп қабылдаудың прогрессивтік жағын атап айтатын болдық. Қоғам дамуының, терминология қалыптасуының әр кезеңіндегі шет тілдерінен енген сөздердің түрліше аталуы бір қарағанда соншалықты назар аударар қоятындай мәселе сияқты көрінбеуі де мүмкін. Ал шын мәнінде бұған елеусіз қалдыра салатын ұсақ-түйек нәрсе деп қарауға болмайды. Өйткені дәл сол атаулар арқылы ұлт зиялыларының, ғылыми жұртшылықтың, көпшілік қауымның кірме сөздерге берген бағасын, оларға деген көзқарасын көруге болады. Өзге тілден енген терминдердің мұндай атаулары тек атауыштық қана емес, сонымен бірге бағалауыштық қызмет те атқарып тұр. Бұл әлеуметтік лингвистикалық, психолингвистикалық тұрғыдан қарастыруды, арнайы мән беруді қажет ететін тіл үшін маңызды мәселе. Мұндай нәрсеге қоғамдық сананың экстралингвистикалық факторлардың ықпалымен немесе табиғи жолмен өзгергендігін, болмаса мәжбүрлеу жолымен өзгертілгендігін анықтауға негіз болатын тілдік-тарихи дерек ретінде қараған абзал. А.Байтұрсынұлы, Н.Төреқұлұлы, Х.Досмұхамедұлы сияқты ұлт зиялылары бастаған қазақ қауымы өзге тілден енген термин сөздерді «жат сөздер», «кірме сөздер» десе, кейінгілер неліктен оларды «интернационализмдер», «халықаралық терминдер» деп атайтын болғаны жөнінде шындап ойланып, оның себептерін іздеп те көрмеген екенбіз.

Өзге тілдерден сөз қабылдамай, сөз алмасу, термин алмасу процесіне мүлде тосқауыл қойып тастау мүмкін де, қажет те емес. Тілдер арасындағы өзара сөз алмасу қашанда болған, бола да береді. Шет тілдері терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде орнымен пайдаланылса дұрыс, ал ұлт тіліндегі термин шығармашылығын шектеп, өзге тілдерден термин қабылдауға жаппай жол беріп қарап отыру – шарасыздық. Ұлт тілінің бағын байлайтын, мүмкіндігін шектейтін ондай әрекетсіздіктің жалғаса беруіне немқұрайды қарауға болмайды.

Ғылымды игеру сол ғылым тілінің негізгі кілті болып табылатын (терминдерді) жұмбақ атауларды жаттаудан, жадына тоқудан, алдымен сол атаулардың мәнін ашып, не мағына беретіндігін біліп алудан басталатынын бізде мектеп оқушысынан бастап академикке дейін білсе керек. Бастауыш деген терминнің сөйлемнің басында тұратын бас мүше екендігін, ал анықтауыштың анықтайтын сөздің алдынан келетін сөйлем мүшесі екенін, ана тілінде тілі шыққан кез келген оқушының алғаш естігенде-ақ тұлғасына қарап тұспалдайтынын, ал кейін оның сөйлемдегі қызметі мен анықтамасын білген соң ешқашан ұмытпайтынын дәлелдеп жату артық болар. Себебі *бастау*, *анықтау* сөздерінің мағынасын тіл ғылымын әлі оқымағанына қарамастан әр бала біледі. Термин мағынасының ұғынықтылығы (прозрачность термина) мен тұлғасы таныстығы ғылым-білімді игеру кезінде ғана емес, оның ұзақ уақыт есте сақталуына, оңайлықпен ұмытылмауына да себеп болады. Мәселенің бұл қырына мән бермеу үлкен қателік.

### 1.2.3. Алаш зиялылары және кірме терминдерді жазу мәселесі

Жат сөздерді жазу да алаш оқығандары тарапынан әңгіме арқауы болған мәселелердің бірі. Кірме терминдерді жазудың тәртібін белгілеу шет тілдерінен термин қабылдау үдерісінде туындайтындықтан, мұны термин алмасу құбылысының бір қыры деп тануға болады. Жалпы кірме терминдерді жазу мәселесі ХХ ғасыр басында да, жалпыкеңестік терминқор қалыптастыру бағыты 30-жылдардың ортасында да көтерілді. Қазақ терминологиясын дамытудың кеңестік қағидаттарына қайта қарай бастаған 90-жылдардың басынан бастап, бұл мәселе қайта күн тәртібіне шықты. Қазір де терминологиядағы шешімін күтіп отырған мәселенің біріне айналып отыр.

ХХ ғасыр басында қазақ зиялылары бұл мәселені қалай шешті дегенге келсек, олар қай тілден сөз алса да қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сәйкестендіріп қабылдау керек деген қағидатты ұстанды. Алаш оқығандары жат сөздер тілімізге «қазақтың шапанын жауып», «қазақтың тымағын киіп» енуі тиіс деген тұжырымды басшылыққа алды.

«Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар «деп жазды Ахмет Байтұрсынұлы. Мұны қазақтың бас тілшісінің сол кезеңдегі кірме терминдерді жазуға қатысты ұстанымы деп тануға болады. Кірме терминдерді жазу мәселесін алғаш арнайы зерттеп, терең талдау жасағандардың бірі – Нәзір Төрекұлұлы. Ол өзінің «Жат сөздер туралы» деп аталатын еңбегінде араб сөздерін жазуды, еуропа сөздерін жазуды жеке-жеке бөліп қарастырды. Н.Төрекұлұлының бұл еңбегін қазақ терминологиясының тарихындағы алғашқы зерттеу еңбектерінің бірі деп тануға толық негіз бар. Бірнеше тілді жетік білетін ғалым мәселенің мәніне терең үңіліп, ғылыми-практикалық құны зор тұжырымдар жасай білген. Мәселен, ол, тәшдид арқылы таңбаланатын қосарланып келген дауыссыздары бар араб сөздерінің қазақша қалай жазылуы керектігін көрсетеді. «Тәшдид мәселесі де жеңіл. **Л, М, Н** әріптері қатар келмейді. Қабат келіп қалғанда **Л, Н**-ның екіншісі **Д** болып кетеді. *Алла, молла, селле, міннет* (бұл сөздер түпнұсқада арабша берілген – Ш.Қ.) сықылды сөздер қазақшада *Алда, молда, селде, міндет* болып айтылады» – деп жазады ол.

Ғалым араб сөздерін өзгертпей алудан сақтандырады. Мұндай әрекеттің өз тіліміздің заңдарына қайшы келетінін айрықша атап өтеді. «Біздің тілімізге соңғы заманда кірген я енді кірейін деген араб-парыс сөздері толып жатыр. Бұл сөздер көбінше «тымақ» кимей кіріп барады. Мұның себептері бар. Ең бірінші себебі: Арқадағы прессе араб-парыс сөздерін көбірек татардан үйренеді. *Ғылым, гибрат, гизат, Құсейін, Ғазыза, гараб, әлібба, әдабиат, мәданиат* деп қазақ тілін бұзу әдеті татардан Арқа қазағына өтіп, жалпы қазақ әдебиетіне күйедей жұғып барады. Бұл әдетті жою керек. Бұл жараны күйдіріп тастау керек. Татарда араб-парыс сөздерін бұзбай алу, бұзбай айту мінезі бар.

Бұл мінез қазаққа жарамайды. Басқаның сөзін бұзбай айтам деп тілінді бұрап жүргенде, өз тіліңнен айырылып қаласың» – дейді ғалым.

Араб тілін жетік меңгерген ғалым араб-парсы сөздерінің мағынасы мен жазылуын жіктеп-жіліктеп көрсете отырып, оларды қазақ тілінде қалай жазу қажеттігін екі тілдің дыбыстық жүйесін салыстыра отырып нақты көрсетіп береді.

Кірме сөздерді жазу мәселесіне «Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сингармонизм заңы» атты белгілі мақаласында Халел Досмұхамедұлының да арнайы тоқталып, көптеген ғылыми құнды тұжырымдар жасағаны мәлім. Ол да «Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге лайықтап алу керек» деген қағидатты берік ұстанды. Өз ұстанымының дұрыстығын жан-жақты дәлелдеді.

Елдес Омарұлы да шет тілдерінен кірген терминдерді жазу мәселесін талқылаудан шет қалмады. Ол түбір сөздермен ғана шектелмей, кірме қосымшалардың да төл жұрнақтарымызбен алмастырылуы қажет деп санады. «Жаңа сөзді түбірге жат жұрнақ жалғап шығарғаннан өз жұрнағымызбен шығарған артық» - деп жазды ғалым.

Көріп отырғанымыздай, алаш зиялылары кірме терминдерді жазу мәселесіне ерекше мән берді. Оқығандардың көпшілігі мәселені шешу жолдарын ұсынып, өз пікірлерін ортаға салды. Алаштың көрнекті тілші ғалымдарының, тіл мәселесіне терең бойлай білген зиялылардың көпшілігінің кірме атауларды жазу туралы пікірлері бір арнаға тоғысты. Олар кірме терминдерді қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бағындырып (үндестік заңын, дыбыстар тіркесімін сақтай отырып) жазу қажет деп санады. Бұл – кірме терминдерді жазудағы олардың ортақ ұстанымы болды.

### **І.3. Алаш зиялылары және қазақ тілінің терминқорын қалыптастырудың бағыты**

Тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болған бүгінгі таңдағы термин жасаудағы жаңа үрдіс ХХ ғасыр басында болған құбылысқа өте ұқсас. Сол себептен де алаш зиялыларының термин шығармашылығын жүзеге асыруда таңдаған жолына ерекше мән берген абзал. Қазіргі термин жасау ісіндегі жаңа үрдісті біз мүмкіндігі шектеліп келген тіліміздің еркіндікке ие болған тұстағы жаңа қарқыны, табиғи құбылыс деп танимыз. Тәжірибесіздік пен жауапсыздық салдарынан сәтсіз жасалған терминдердің лексикалық қорымызға енуіне жол бермеу дұрыс. Алайда ондай терминдерді мысалға ала отырып, бұл үрдістің астарынан «пуризм» іздеп, ұлт тіліндегі термин шығармашылығына қалайда тосқауыл қоюға ұмтылушылардың қарекетін құптауға негіз бар деп айта алмаймыз. Жаңадан жасалып жатқан терминдердің арнаулы ұғымды дәл бере алатындарын іріктеп алып, ресми бекітуге ұсынған жөн. Сәтті жасалғандарын дұрыс саралап алып, олар бекітілгеннен кейін жатсынбай, бір ізді қолданып, қалыптасып кетуіне мүмкіндік туғызсақ, төл терминологиямыздың ұлттық

сипаты арта түскен болар еді. Тілші-ғалымдар мен салалық мамандардың қазіргі таңдағы міндеттерінің бірі де осы болса керек.

Ана тілінің негізінде жасалынып, терминологиялық жүйеден орын алған терминдердің өзінің жасалуына негіз болған жалпы тілге қайта өту мүмкіндігі мол. Терминологияның ұлттық тілді байытудың бір көзі екенін мойындасақ, шет тілдерінің сөздерін шектен тыс көп қабылдау және оларды тіліміздің дыбыстық жүйесіне бағындырмау сол бұлақтың көзін бітеумен бірдей. Өзге тілдік қалпын бұзбай қабылданған терминдердің бейтерминдену мүмкіндігі өте төмен. Олар терминологиялық өрістен шыға алмай, арнаулы лексика шеңберімен ғана шектелетіндіктен де терминология мен жалпы лексиканың арасы алшақтай түседі. Нәтижесінде тілдің жалпы лексикасы мен арнаулы лексикасының арасында үздіксіз жүріп жататын табиғи үдеріске нұқсан келеді. Қазіргі кезде тіл білімінде кейбір белгілі тілші-ғалымдардың жалпы лексика мен арнаулы лексика арасындағы байланыс қандай, терминология әдеби тілдің құрамына кіре ме деген мәселені қоюы жайдан-жай болмаса керек.

Түптеп келгенде, терминология дамуының қағидаттары «ұлттық термин қор қалыптастыруда қандай бағыт-бағдар ұстанамыз?» және «терминологиялық лексиканы қалыптастырудың ішкі және сыртқы көздерін қалай пайдалануымыз керек?» деген бір-бірімен тығыз байланысты негізгі екі сұраққа жауап беруге тиіс деп ойлаймыз. Ал барлық терминологиялық жұмыстардың жүргізілуі, бүкіл термин шығармашылығы біздің осы екі мәселеге қалай жауап бергенімізге байланысты шешімін таппақ. Терминологиямыздың даму тарихына тереңірек үңілер болсақ, Ахмет Байтұрсынұлы мен Елдес Омарұлынан бастап Әбдуәли Қайдарға дейінгі қолданыста болған немесе іс жүзінде қолданылмаса да мамандар тарапынан әр кезеңде ұсынылған терминология қағидаттарының барлығы да жоғарыдағы екі сұраққа берілген түрлі жауаптар екенін көруге болады. Ғылым мен техниканың даму деңгейі мен жалпы қоғам өміріндегі өзгерістерге сәйкес бұл сұрақтардың әр кезеңде қайта қойылуы да заңдылық болса керек. Өйткені кез келген ұлт тілінің дамуына немесе оның мүмкіндігі шектеліп, қоғам өмірінен ығысып шыға бастауына тілдік және тілден тыс факторлардың түрлі дәрежеде әсер ететіні белгілі. Ел тәуелсіздігі тіл тәуелсіздігіне де жол ашып, ұлт тіліне оның иеленген мәртебесіне сәйкес жаңа міндеттер де жүктеп отыруына байланысты қоғам өмірінің барлық саласына қатысы бар аса қомақты қабат болып саналатын термин қорымызды жетілдіру, толықтыру жолында ендігі жерде қандай бағыт ұстанатындығымызды тағы да бір анықтап алуымыз керектігін уақыттың өзі көрсетіп отыр.

Бұған дейін де қазіргі кезеңде де термин тану саласындағы зерттеулерде әртүрлі елдердің ғалымдары тарапынан негізінен екі түрлі үрдісті ұстану қажеттігі айтылып келеді. Оның біріншісі – терминологияны халықаралықтандыру (*интернационализация*) да, екіншісі – терминологияның ұлттық сипатын арттыру (*деинтернационализация*).

Алайда ұлт тілдерінің бәрі терминологияларын дамытуда осы екі бағыттың бірін ғана қатаң басшылыққа алып отыр екен деген түсінік тұмауға тиіс.

Ғалымдар атап көрсеткен бұл бағыттар ұлттық тілдердің терминологиясын дамытуда көбінесе жалпы басшылыққа алынады. Жекелеген елдерде кейде түрлі экстралингвистикалық факторлардың әсерінен бір үрдіске басымдық беріліп жатуы да мүмкін. Біздің терминологиямыздың 30-90 жылдар аралығындағы даму кезеңінде терминологияны халықаралықтандыруға үлкен маңыз берілді. КСРО халықтарына ортақ жалпысоветтік терминқор қалыптастыру арқылы көпұлтты елдегі ғылыми, кәсіби қарым-қатынасты жақсартамыз дедік. Мұндай таңдау біздің терминологиямызды дамытудағы басым бағытымыз ретінде танылды. Терминологиямызды халықаралықтандырудағы негізгі үлгі тұтқан тіліміз орыс тілі болды. Қазір ол көзқарасымызды өзгерттік. Орыс әліпбиін латын әліпбиімен алмастыру мәселесі күн тәртібіне қойылып, тілші-ғалымдар мен салалық мамандардың көбі орыс тілінен енген терминдерді түгелдей өз тілімізге аударайық, балама табайық деген пікірге келіп отыр.

XX ғасырдың бас кезінде қазақ терминологиясының даму бағытын белгілеу міндеті алғаш рет алаш зиялыларына жүктелді. Олар мәселенің мәнісіне терең үңіліп, ашық пікірталастар мен талқылаулар өткізе отырып, терминологияны ұлт тілінде қалыптастыру үрдісін таңдады. Қазақ зиялылары ғылымы дамыған, ғылым тілі орныққан тілдерге орынсыз жүгініп, термин қабылдағыш тілге айналмау үшін термин шығармашылығында о бастан өз тіліміздің мүмкіндіктерін пайдалануымыз қажет деп санады. Пән терминдерін жасауда олар осы бағытты ұстанды да. Олардың он-он бес жыл көлемінде мындаған терминдер жасап, ондай атаулардың көпшілігін қолданысқа енгізіп кеткендігі соның айқын дәлелі. Сонымен қатар алаш зиялылары бұл жолдарының дұрыстығын ғылыми негізделген дәйектеме әрі ресми құжат түрінде бекітіп, терминдерді жасау мен қабылдау үдерісінде оны басшылыққа алды. Ол – 1924 жылы съез қаулысымен бекітілген терминологияны дамыту қағидаттары. Ол қағидаттар төменде Елдес Омарұлы жөнінде сөз болғанда толық берілді. Бұл жерде оның алғашқы үш тармағын ғана берсек те жеткілікті деп білеміз:

7. Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатын болсын. Қазақша сөздерден түбірге жұрнақ жалғап, жаңа сөз шығарғанда, - жұрнақтарды Елдестің баяндамасында айтылған жолмен талғап алуға тиіс.

8. Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрік халықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер – жалпы түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, - ондай сөздер жатырқамай алынсын.

9. Иауропа халықтарының бәрінің де тіліне сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің заңдарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын, - жалпы Иауропа сөзі мен қазақша сөз түбінде екеуі қатар жазылып отыратын болсын;

Терминология қағидаттарының осы негізгі үш тармағынан алаш зиялыларының өткен ғасыр басында ұстанған бағытын, таңдаған жолын айқын көруге болады.

Терминология дамуының бұл кезеңінде білім беру мен ғылым

саласында қазақ тілінің ішкі ресурстарын, лексикалық байлығын, сөзжасам тәсілдерін барынша пайдалануға айрықша мән беріліп, соның нәтижесінде терминқорымыздың ұлт тілі негізінде қалыптаса бастады.

#### **1.4. Терминологиядағы алаш зиялылары қалыптастырған дәстүрдің үзілу себептері**

Алаш зиялылары негізін қалап, орнықтыра бастаған терминқор қалыптастыру дәстүрі жалғасын таба алмады. Көп ұзамай-ақ оның бағдары өзгертіліп, басқа арнаға бұрылды. Олар атқарған іске, олар белгілеген терминологияны дамыту қағидаттарына деген басқаша, жаңаша көзқарас пайда болды. XX ғасыр басында-ақ терминологиялық қордың негізі қаланып, оны дамыту қағидаттары белгіленіп, терминжасам дәстүрі орныға бастағаны рас болса, ол неге үзілді? Дәстүрдің негізі берік қаланбағаны ма, әлде сол дәстүрді қалыптастыруға тірек болған ғылыми тұжырымдардың осал болғаны ма? Бұл сұрақтардың жауабы қазақ терминологиясы дамуының әр кезеңі жан-жақты зерделенгенде ғана беріледі.

Біздің терминдер қорымызға зер салып қараған адам одан еліміздің, қазақ тілінің, қазақ ғылымының даму тарихын, басынан өткен кезеңдерін айқын көре алады. Терминологиялық қорымызда кешегі жүріп өткен жолымыздың іздері сайрап жатыр. Жуырда ғана аяқталған XX ғасырдың 20-сыншы, 30-ыншы және 90-ыншы жылдары қазақ терминологиясының даму бағыты үш рет өзгерді. 1920-жылдарды қамтитын алғашқы кезеңде терминологияның даму бағытын Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялылары белгіледі. Ал 30-жылдардан басталған екінші кезеңде оның даму бағытын Кеңес Одағының жүргізіп отырған тіл саясатына сәйкес Мәскеу айқындады. Сол кездегі біздің саяси және ғылыми элита КСРО орталығы белгілеген бағытты барынша қолдап, оның дұрыстығын дәлелдеп, солар көрсеткен жолмен жүруді таңдап алды. Қазақтың ұлттық ғылым тілі, терминдер қоры 60 жылдай уақыт кеңестік қағидаттарға сәйкес дамып, қалыптасты. Ол жолдан жаңылуымызға сол бағытты белгілеп берген КСРО-ның өзі ыдырап кетуі себеп болды. Сөйтіп, біз тәуелсіздігімізді жариялаған 90-жылдары терминология дамуының жаңа кезеңі басталды. Терминология дамуының бұл кезеңдерінің әрқайсысына біз болашақта жеке тоқталу ниетіндеміз. Әзірге терминология дамуының алаштық кезеңі арнайы сөз болып отырғандықтан, қалған кезеңдер туралы кейде сөз арасында, жалпылама, мейлінше қысқа ғана айтылуы мүмкін.

Ұлттық мемлекет құруды көздеген Алаш зиялылары қазақ терминологиясын да ұлттың өз тілінің негізінде жасауды мақсат еткенін атап айттық. Айналдырған он шақты жыл ішінде аз ғана алаш оқығандары жүздеген терминдер жасап, қолданысқа енгізді. 20-жылдары жасалған терминологияның ұлттық сипаты мейлінше басым болды. Бұл кезеңде ұлттық терминологиялық қорды қалыптастыруда басшылыққа алынуға тиіс ғылыми қағидаттарды ешқайда жалтақтамай, ешкімнің нұсқауын күтпей қазақ

зиялыларының өздері белгіледі. Олар терминдерді де өзге тілдерден дайын күйінде өзгертпей қабылдай беруге әуестенбей, сол қағидаттарға сәйкес өздері жасады. Кеңес өкіметі тұсында қолданыстан шеттетілгендігіне қарамастан, Ахмет Байтұрсынұлының жасаған тіл мен әдебиет терминдерінің, Халел Досмұхамедұлының биология-медицина терминдерінің, Жұмахан Күдериннің өсімдіктану терминдерінің елеулі бөлігін біз осы уақытқа дейін пайдаланып келеміз. Қазақтың ғылым тілінде берік орныққан ондай атаулар қатарында Е.Омарұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ж.Аймауытұлы, Т.Шонанұлы, М.Жұмабайұлы сынды өзге де алаш зиялыларының қаламынан туындаған терминдер де бар.

Алаш арыстары сол 30-жылдары қуғын-сүргінге ұшырап, абақтыларға камалып, жазықсыз жазаланбағанда біз де өз жолымызбен дамыған болар едік-ау деген ойдың туындауы да табиғи нәрсе.

Латын әліпбиіне көшуге қарсы Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының 20-жылдары өз ұстанымдарын табандылықпен қорғағаны тарихтан белгілі. Орта Азия елдерінің ішінде, тіпті КСРО-ны құраған ұлттық республикалардың арасында терминология дамуының өзіндік бағыт-бағдарын алғаш белгілеген де алаш зиялылары болды. Қазақ терминологиясын дамытудың тұңғыш ғылыми қағидаттары 1924 жылы сол кездегі ел астанасы Орынбор қаласында өткен «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінің» қаулысымен бекітілген еді. Термин комиссиясын Аханның өзі басқарып, алаш зиялылары бірлесіп белгілеген бағытта қарқынды қызмет етіп жатты. Олар бұл бағытынан ешқашан бас тартқан жоқ. Таңдаған жолдарының дұрыстығына сенімді болды. Бастары оққа байланып тұрған тұста да таңдаған бағытынан таймады. Егер 30-жылдары терминологияның дамуын ғылыми негізге сүйеніп, өркениетті жолмен белгілегенде алаш білімпаздарының ұсынған бағытының дұрыстығы сөзсіз дәлелденер еді. Бірақ олай болмады. Оның себептерін іздеуде алаш зиялыларының о баста қате жолды таңдады деген пікірдің негізі жоқ. Мәселе – алаш зиялыларына өздері таңдаған жолдаманың дұрыстығын дәлелдеп, қалыптастыра бастаған дәстүрлерін жалғастыру мүмкіндігінің мүлде берілмегендігінде. Кез келген ұстанымның, ғылыми тұжырымның дұрыс-бұрысын анықтау ашық талқылау арқылы жүзеге асуы керек еді. Әміршіл жүйе олай істемеді. Ашық пікірталасқа, диалогқа бармады. Өктемдікке жол беріп, мәселені күшпен шешті. Алаш зиялыларын, олардың таңдаған жолын негізсіз қаралады. Әсіре советшіл жергілікті белсенділерді алаш үшін жанын аямаған ұлтымыздың аса көрнекті тұлғаларына қарсы айдап салды. Солардың қолымен от көседі. Ахметті айыптағандар, Халелді қаралағандар, Міржақыпқа мін тағып, Жүсіпбекті жау санағандар олардың атқарған істерінің бәрін терістеп, билеушілер ұсынған сара жолды дәріптеу арқылы олар негізін салған дәстүрдің де жалғасын табуына бөгет жасады.

Егер алаш арыстары сол 30-жылдары қуғын-сүргін құрбаны болмағанда олар негізін салған қазақ лингвистикасы бастапқы бет алған бағытында дамып, солар қалыптастырған терминологиядағы ұлттық дәстүр үзілмеген болар еді. Олай болмады. Әміршіл жүйе, коммунистік партия басшылығы ұлттық



ғылымның да даму бағытын өз мақсаттарына қарай икемдеп бұрып, кеңестік даму жолын, моделін ұсынды. Сөйтіп, қазақ терминологиясы дамуының алаш оқығандары белгілеген қағидаттары теріске шығарылып, орыс тілінің КСРО-дағы басты тіл ретіндегі орнын нығайтуға бағытталған жалпыкеңестік терминқор қалыптастыру бағытына қарай бет бұрды. Кеңестік идеология мен тіл саясатына сәйкес келетін терминология дамуының жаңа бағытын, жаңа қағидаттарын белгіледік.

Алаш зиялылары жасаған терминдердің сәтті-сәтсізін, олар белгілеген терминологияны дамыту қағидаттарының дұрыс-бұрыстығын анықтауға біз араға 60-70 жыл салып барып қана мүмкіндік алдық.

Сонымен алаш зиялылары қалыптастырған терминологияны дамыту дәстүрінің үзіліп қалуына мынадай себептер негіз болды:

- алаш зиялылары белгілеген терминология қағидаттары КСРО орталығы белгілеген саяси курсқа сай келмеді;

- ұлттық республикалардың терминологиялық қорды әрқайсысы өздерінің тіл байлығы негізінде қалыптастыруға ұмтылған бағыты орыс тілін Кеңес Одағының мемлекеттік тіл, ұлтаралық қатынас тілі мәртебесіне ие дара тіл, кеңес халқына ортақ тіл ретінде қалыптастыру саясатына қайшы келді;

- қазақ терминологиясы дамуының бағыт-бағдарын, ғылыми қағидаттарын белгілеп, ұлт тіліндегі терминжасам мәселесімен және терминологиялық жұмыстарды жүргізу ісімен тікелей айналысқан білікті ұлттық кадрлардың барлығы дерлік саяси қуғын-сүргін құрбаны болды;

- алаш оқығандарының терминологиядағы дәстүрін жалғастыратын, оны қорғай алатын ұлттық ғылыми элита, зиялы қауым, тілшілер шоғыры болмады. Бірлі-жарым табандылық танытқандар, ұлтшылдардың ізбасарлары, «халық жауларының» жақтастары ретінде қуғындауға ұшырады. Керісінше, кеңестік тіл саясатына сәйкестендірілген бағыт кеңінен насихатталды. Оны жақтағандарға сенім артылып, жол ашылды.

Негізінен осы аталған себептер терминологиядағы алаш дәстүрінің жалғасын таппауына, алаш зиялылары атқарған істерге біржақты теріс баға беріліп, 90-жылдарға дейін олар белгілеген терминология қағидаттары елеусіз қалып келуіне негіз болды.





## II ТАРАУ

### АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТЕРМИНҚОРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

**Х**Х ғасыр басындағы 10-жылдардың ортасы мен 30-жылдардың басына дейінгі уақыт аралығы қазақ терминологиясы дамуының тарихындағы айрықша кезең екендігі анық. Зерттеуіміздің алғашқы тарауында ол жөнінде сөз болды. Ал енді осы кезеңнің өзіндік сипатын толық ашу – аталған мерзім аралығында еңбек еткен, терминология мәселелеріне арнап үлкенді-кішілі еңбектер жазған, терминжасам ісіне, терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыруға араласқан авторлардың шығармашылығын зерттеу арқылы ғана жүзеге аспақ. Терминологияны қалыптастырудағы ұлт зиялыларының рөлін де олардың атқарған істері мен жазған еңбектерінің айқындай алмасымыз анық. Сондықтан төменде ХХ ғасыр басында қазақтың ғылым тілінің қалыптасуына, ұлттық терминологиялық қордың жасалуына өзіндік үлес қосқан зиялылардың еңбектеріне жеке-жеке тоқталамыз.

#### II.1. Қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы Ахмет Байтұрсынұлының рөлі

Қазақ тіл білімінің, оның ішінде ғылыми терминологияның қалыптасуы мен дамуы туралы сөз қозғағанда, алдымен Ахмет Байтұрсынұлының есімі ойымызға оралады. Әрине, басқаша болуы да тиіс емес. Себебі – қазақтың ұлттық ғылым тілінің, терминологиялық қорының дамып, қалыптасуының тұтастай бір кезеңі ғалым еңбектерімен, оның ғылыми-педагогикалық, ағартушылық және көшбасшылық-ұйымдастырушылық қызметімен тікелей байланысты. Сондықтан да қазақ терминологиясының тарихы, оның даму, қалыптасу кезеңдері туралы сөз қозғағанда Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми шығармашылығы мен қоғамдық қызметіне жан-жақты тоқталу, оны терең зерттеу өте маңызды. ХХ ғасыр басындағы қазақ терминологиясының дамуы мен алаш зиялыларының ұлттық ғылым тілін қалыптастырудағы рөлі туралы сөзді Ахмет Байтұрсынұлынан бастайтындығымыздың себептерін нақты тілдік-тарихи деректерге негіздей отырып айта алсақ қана біз ғалым мұрасының қадіріне жетіп, оның озық ойлары мен терминжасам тәжірибесін қажетімізге жарата аламыз. Сондай-ақ ол бастаған жолды жалғастырып, ғылым тілін дамытудағы ол қалыптастырған лингвистикалық дәстүрді сабақтастыру мүмкіндігіне ие боламыз. Сол себептен де Ахаң мұрасына аса мұқият қарап, оған әр қырынан үңіліп, жан-жақты зерделеу – қазақ тілі білімінің кешегі тарихы үшін ғана емес, оның алдағы уақыттағы дамуы үшін де қажет іс. Біз төменде ғалымның қазақтың ұлттық терминологиялық қорын

қалыптастыруда ұстанған бағыты, қалыптастырған қағидаттары, айтқан ойлары мен терминжасам тәжірибесі төңірегінде ой өрбітпекшіміз.

Терминологияның қалыптасуы жөнінде сөз қозғағанда мына мәселе туралы айта кеткен орынды. Ол жекелеген сөздердің терминдік мәнде қолданыла бастауы мен арнаулы салалардың терминологиялық жүйелерінің қалыптасуының бір емес екендігі. Қазақ тілінің терминологиялық қорының қалыптасуына негіз болған басты көз ұлт тілінің өз байлығы екендігі сөзсіз. Оның бастауларын әріден, түркі тілдерінен, төл тіліміздің тармақталып дербес даму тарихымен байланыста қараған жөн. Бұл терминология тарихын диахронды зерттеу барысында зерделенетін мәселелер. Ал бүгінгі қолданыстағы арнаулы лексикамызды құрайтын жекелеген сөздердің терминдік мәнде жұмсала бастауын Абайдың кара сөздерінен, XIX ғасырдың екінші жартысында шыққан кітаптар мен осы кезеңде басылып тұрған «Дала уәлаяты», «Түркістан уәлаяты» газеттерінің беттерінен кездестіруге болады. Ал салалық терминологияның қалыптасуы белгілі бір арнаулы саланы құрайтын ұғымдар жүйесінің тілде таңбалануы болып табылады. Өз алдына дербес терминологиялық өріс құрайтын қазіргі қолданысымыздағы арнаулы салалардың атаулар жүйесінің бөлініп шығуы негізінен өткен жиырмасыншы ғасырдың 10-жылдарынан бергі кезеңде қалыптаса бастады.

Нақты бір ғылым салалары бойынша терминологияның қалыптасуы алғашқы ғылыми еңбектердің, оқулықтардың, терминологиялық сөздіктердің жарық көруімен, олардың өзге тілдерден аударылуымен тығыз байланысты. Бізде қазақ тілінде жазылған ондай еңбектердің жарық көруі аяқталған ғасырдың бірінші онжылдығынан басталады. Яғни, бұл дегеніміз, қазіргі қазақтың ғылыми терминологиясының тұтас жүйе ретінде қалыптаса бастауы да дәл осы кезеңмен байланысты деген сөз.

Бұл істің басында кімдер тұрды дегенге келер болсақ, осы кезеңде қазақ тілінде алғашқы оқулықтар, оқу құралдары мен түрлі деңгейдегі ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектер жазған А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, Ж.Күдерин, С.Қожанұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, Н.Төреқұлұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ғ.Қараш, К.Жәленов, Т.Шонанұлы сияқты қазақ зиялыларының есімдері аталуға тиіс.

Осы аталған авторлардың әрқайсысының қазақтың ғылым тілінің, салалық терминологияның қалыптасуына өзіндік үлестерін қосқандығы дау тудырмайды. Оған аттары аталған зиялылардың қазақ тілінде жазған еңбектерінде кездесетін ғылыми атаулар куә бола алады. Соған қарамастан, олардың арасынан А.Байтұрсынұлының есімін ерекше атаған орынды.

Кезінде М.Әуезов, Е.Омарұлы, С.Сәдуақасұлы, М.Дулатұлы, С.Сейфуллин, Т.Шонанұлы сияқты қазақ зиялылары негізін қалаған Ахметтану ілімі араға алпыс жылдан астам уақыт салып барып жалғасын тауып отыр. А.Байтұрсынұлы ақталғаннан бергі он бес-жиырма жыл уақыт ішінде ұлы тұлғаның соңына қалдырған еңбектері әртүрлі қырынан зерттеле бастады. Бұл істен тілші-ғалымдар да шет қалмай өз үлестерін қосып келеді. Р.Сыздықова,

Ә.Қайдаров, Ө.Айтбаев, М.Жүсіпов т.б. ғалымдардың жариялаған еңбектері соның дәлелі бола алады.

Бір басынан бар мамандық табылатын, халқымыздың «рухани көсемі», «ұлт мәдениетінің Хан тәңірі» атанып жүрген алып тұлғаны тереңірек таныған сайын ұлтымыздың рухы биіктеп, тарихымыздың тасада қалып келген тұстары айқындалып, ғылыми санамыз да өсе түспек. Сондықтан ғалымның қаламынан туған әр еңбегіне, оның қаламынан туындаған әр сөзіне жете мән берген жөн.

Ахметтануға ат салысып жүрген белгілі тілші-ғалым Р.Сыздықова ғалымның тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының, қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салушы және жаңашыл ағартушы, ірі көсемсөз шебері, дарынды ақын екендігін айта келіп, былай дейді: «Әрине, біздің сипатымыз өте жалпы айтылып, қысқа қайырылған түйін. А.Байтұрсыновтың ағартушылық, ғылыми еңбектерімен қатар, оның поэтикалық творчествосын, саяси-әлеуметтік көзқарастарын нақтылы, арнайы және терең зерттеу – алдағы міндет, әр сала мамандарының жұмысы»<sup>2791</sup>.

Сөз жоқ, ғалымның атап көрсеткеніндей, А.Байтұрсынұлының мұрасын сала-салаға бөліп арнайы зерттегенде ғана оның бай әлеміне терең бойлап халқымыздың игілігіне жаратумен қатар, қайталанбас тұлғаның қазақ ғылымының дамуына қосқан үлкен үлесін анықтап, тарихымыздың төрінен алатын орнын да нақты көрсетіп беру мүмкіндігіне ие бола аламыз.

А.Байтұрсынұлының қазақ терминологиясын қалыптастырудағы рөлін көрсетуде де оның бұл саладағы еңбектері жан-жақты қарастырылып, сондай зерттеулер нәтижелерінің негізінде тиісті қорытындылар жасалуы қажет. Ғалымның ұлттық терминологияны жасауға, ғылым тілін қалыптастыруға қосқан үлесі туралы мәселеге арнайы тоқталып отырған бір ғана біз емеспіз. Осыған дейін де тіл мамандары тарапынан мақалалар жарық көріп, түрлі пікірлер айтыла бастады. Сондай-ақ өзге де салалардың мамандары еңбектерінен де ғалымның қаламынан туындаған терминдер туралы айтылған пікірлерді кездестіруге болады. Алайда ғалымның бұл салаға қатысты еңбектері жүйелі түрде зерттеліп, түбегейлі қарастырылды деуге әлі ертерек. Қайта ғылыми тұрғыдан аражігі ажыратылуға, айқындалуға, нақтылануға тиісті жайттардың жетерлік екені дау тудырмайды. А.Байтұрсынұлының қазақ терминологиясын қалыптастырудағы рөлі туралы айтпас бұрын алдымен «*терминология*» терминінің өзіне тоқтала кетудің қажеттілігі байқалып отыр. Себебі, «*терминология*» көп мағыналы термин. Тілші-ғалымдар оның бес түрлі мағынасын көрсетіп жүр<sup>2802</sup>.

Олардың ішінен терминологиялық мағыналары әбден орныққан негізгі еш мағынасын бөліп алуға болады. Біріншісі – белгілі бір ғылым саласындағы (өсімдіктану терминологиясы, химия терминологиясы т. б.) терминдердің жиынтығы, екіншісі – тілдегі бүкіл термин сөздердің (немесе көлемі белгісіз

279<sup>1</sup> Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұв//Тіл тағылымы. –Алматы, 1992. -28-б.

280<sup>2</sup> Суперанская А. И др. Общая терминология: Вопросы теории. –М., 1989. –Стр. 14.

көптеген терминдердің) жиынтығы; екіншісі – жалпы терминологиялық ілім. Яғни, зерттеу нысаны логика, философия, онтология, классология, информатика, тіл білімі (оның ішінде семасиология мен номинация теориясы тұрғысынан қарастырылатын) ғылымдары тұрғысынан қарастырылатын ғылым саласы. Бұл ғылым қазір *терминтану (терминоведение)* деп те аталып жүр.

Біз А.Байтұрсынұлының ғылыми терминологияны қалыптастыруға қосқан үлесі де осы бір ғана терминмен таңбаланып жүрген ғылыми ұғымдар тұрғысынан жіктеліп, аражігі ашыла отырып қарастырылуы арқылы айқындалуы қажет деп санаймыз. Бұл тұрғыдан келгенде, біріншіден, мынаны айтуға болады. Ғалым жекелеген немесе бір топ терминдердің ғана авторы емес, ол бірнеше ғылым саласының терминдер жүйесінің негізін қалаушы.

Ең алдымен, **А. Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы.** Кез келген ғылымды оқып білу, меңгеру немесе оны өзгелерге үйрету сол ғылым саласында қолданатын арнаулы ұғым атауларынсыз мүмкін емес. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде А.Байтұрсынұлы осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесін түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да жасаған.

Ғылыми ұғымдарға ат қою оп-оңай жұмыс емес. Ол үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық процесс. Онымен қоса, арнаулы ұғымдарға ат қою кезінде ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет. Атаудың ықшам болуы, бірмағыналылығы және ұғым мазмұнын қамтуы тағы бар. Осындай талаптарды мүлтіксіз орындаудың қиындығы терминдерді ана тілінде жасаудан гөрі көп жағдайда оны ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған өзге тілдерден дайын қалпында ала салуға (яғни, жасауға емес қабылдауға) мәжбүр ететін себептердің бірі.

Бұл тұрғыдан келгенде, ғалым қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткен.

А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» (қазақша әліппе) өзінен *буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп)* сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Ал 1914-1915-жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше дүркін басылып тұрған «Тіл-құрал» оқулықтарында (қазақ тілінің сарфы) әбден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген және қолданыла беруге тиіс *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ* сияқты жүздеген терминдердің кездесетіні белгілі. Бұл терминдердің терминге қойылатын талаптарға жауап беретіндігін дәлелдеп жату артық, өйткені олар кезінде арнайы шеттетілгендігіне қарамастан уақыт сынынан өтіп, тұрақты қолданылатын дәрежеге жетті.

Мұнда ең басты атап айтатын нәрсе – А.Байтұрсынұлы бір топ терминдерді ғана емес, бүкіл бір ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар

жиынтығын, дәлірек айтқанда, терминдер жүйесін жасаған. Ғылымның дамуына орай ұғымдар жүйесінің ұлғайып отыруы табиғи құбылыс. Ахаң қалыптастырған терминдер жүйесі де қазақ тіл білімі дамыған сайын жаңа элементтермен толыға түсуде.

Ғалымның осындай тұтас терминдер жүйесін қалыптастыруы оның қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы екендігінің дәлелі бола алады.

Белгілі әдебиеттанушы ғалым Р.Нұрғалиев өзінің «Алашординцы» атты кітабында «Книга А.Байтұрсынова «Тіл құрал» (Пособия по языку) содержит множество разделов, посвященных фонетике, морфологии, синтаксису и орфографии, - заметим, каждый из этих терминов дан на казахском языке, автор, кроме того, воссоздал несуществовавшие до него понятия – такие, как «гласный звук», «согласный», «подлежащие», «сказуемое» и др. Ученый снабжает термины четкими, емкими и образными определениями, и в то же время, определения эти имеют строго научный характер» (С.19) деп жазады.

Әрине, «гласный звук», «согласный», «подлежащие», «сказуемое» сынды ұғымдар лингвистикада Ахаңа дейін де белгілі болған, алайда қазақ тіліндегі осы дыбыстар мен сөйлем құрылысының табиғатын анықтап, олардың қазақша баламалары мен анықтамаларын дәл де айқын бергенін академик ғалым өте орынды атап көрсетіп отыр.

А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің ғана емес әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы екендігі мойындалған шындық - 1923 жылы ғалымның мерейтойына арналған мақаласында М.Әуезов «Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахаңды өзінің басшысы деп санайды»<sup>2811</sup>, – деген болса, әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев оның «Әдебиет танытқышы» туралы айта келіп. «...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған»<sup>2822</sup> – деп әділ көрсетеді.

**Сонымен, екіншіден, қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым осы ғылым саласының ғылыми терминологиясын да жасаған.**

Терминделуші ұғымдарды дәл білдіретін жүздеген әдебиеттану терминдерін жасай отырып, ғалым олардың ғылыми терминге тән дефинициясын да (ғылыми анықтамасын) берген. Ол дегеніміз – ғылыми ұғымның, өзіне ғана тән белгілерін айқын көрсетумен қатар, олардың ұғымдар жүйесіндегі алатын орнын да көрсету деген сөз. Мысалы, «*Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады*»<sup>2833</sup>.

Бұл мысалдан байқайтынымыз, ғалым біріншіден, өлеңнің құрылым-құрылысын (түр-түрпатын – А. Б.) анықтаған, екіншіден, әрбір ұғымның

281<sup>1</sup> Әуезов М.О. Ақанның 50 жылдық тойы//«Ақ жол»газеті. 1923, 4 ақпан.

282<sup>2</sup> Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек//А.Байтұрсынов. Ақ жол – Алматы, 1991. –12-13 бб.

283<sup>3</sup> Байтұрсынов А. Әдебиет танытқышы//А.Байтұрсынов шығармалары. –Алматы, 1989. –192-б.

өзіндік ерекшелігін, басты белгісін, іргелес өзге ұғымдардан айырмасын көрсететін анықтама берген. Яғни, әрбір ұғымның мазмұны мен көлемін анықтаған; үшіншіден, әр ұғымның ғылыми атауын (*айшық, шумақ, тармақ, бунақ, буын*) жасаған; төртіншіден, терминдердің жүйелілік ерекшелігін ескере отырып, жалпы қолданыстағы бір үлгімен жасалған (модель) сөздерді термин ретінде пайдаланған; бесіншіден, ғылыми ұғымдардың арасындағы жүйелілік құрылымдық байланысты көрсеткен. Дәлірек айтқанда, *ай-шықтың –шумақтан, шумақтың – тармақтан, тармақтың – бунақтан*, ал *бунақтың – буыннан* құралатындығын сатылай көрсету арқылы ұғымдың микрожүйенің өзіндік табиғатын танытқан.

Бұдан ғалымның өзі зерттеп отырған ғылым саласындағы ұғымдар жүйесінің ішкі байланысы мен ерекшелігін терең білумен бірге, оларды таңбалауда тілді өте шебер пайдалана алғандығы анық көрініп тұр. «Әдебиет танытқыштан» мұндай мысалдарды әлі де көптеп келтіре беруге болады. Жеке ғылымдардың өзара байланысынан барып ұғымдар жүйесі құралатыны сияқты соларға сәйкес келетін жекелеген термин сөздердің жиынтығы терминдер жүйесін, яғни салалық терминологияны құрайды.

«Әдебиет танытқыштағы» ғалым қаламынан туындаған біртұтас жүйе құрайтын терминдер оның әдебиеттану ғылымының ғылыми терминологиясын қалыптастырғанын көрсетеді.

Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлы тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының ғылыми терминологиясын жасаумен бірге, қазақ тілін оқыту әдістемесінің де негізін қалаушы ретінде бұл салаға қатысты көптеген терминдерді жасаған. Олардың қатарына *әдіс, әдісқой, сауаттау әдісі, жалқылау әдісі, жалпылау әдіс, жалқылау-жалпылау әдіс* сияқты терминдерді жатқызуға болады.

Бұлармен қоса А. Байтұрсынұлының тарих, этнограф Мұхтар Әуезов 1923 жылы (жоғарыда аталған мақаласында) ғалымның «Мәдениет тарихы» атты кітап жазып бітіргенін айтқан болатын.

Ғылым, білім саласында қазақ тілінің қолданыс аясының кеңеюіне мақсатты түрде үлкен мән берген және термин шығармашылығында ұлт тілінің өз мүмкіндігін шебер қолдана білген ғалымның әлі баспа бетін көрмеген немесе кезінде жарияланып, қазір қолға түспей жүрген ондай еңбектері табылып жатса, олардың ішінде де көптеген терминдер мен жаңа қолданыстардың болатындығына еш күмәндануға болмайды.

Сонымен, үшіншіден, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, **А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты көптеген терминдер жасаған ғалым.**

Ғалымның термин шығармашылығындағы қызметінің бір ғана ғылым саласымен шектелмейтіндігі оның жалпы қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орнының айрықша екендігін көрсетеді. Алайда, А.Байтұрсынұлының қазақ терминологиясының қалыптасуына қосқан үлесі бұлармен ғана бітпейді. Оның Қазақстан ғылымын ұйымдастырушылардың

бірі ғана емес, солардың ішіндегі аса ірісі, бірегейі екендігін дәлелдейтін деректер ғалым мұрасына тереңірек үнілген сайын табыла береді.

Ендігі бір айрықша атап айтуды қажет ететін мәселе – ғалымның терминжасамның тәсілдері мен жолдарын анықтап бергендігі. Яғни төртіншіден, **А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтап, оларды өзінің терминжасам тәжірибесінде кеңінен пайдаланған ғалым.**

Терминжасам тәсілдерінің аражігі ашылып, олардың термин шығармашылығында іске қосылуы қазақ тілінің грамматикасының (сарфы) жазылуымен тікелей байланыста қарастыруды қажет етеді. Бүгінгі терминжасам тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктері бар екендігіне қарамастан, ол негізінен қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерінің құрамына енеді.

А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтаумен қатар, ол тәсілдерді термин жасауда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткендігін оның қаламынан туындаған жүздеген терминдері дәлелдейді. Мәселен, ғалымның *жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше, әдіс* т. б. осылар сияқты терминдері семантикалық тәсілмен, *жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекші, буыншы, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, әуреленіс, күліс, әлектеніс, әліптеме, зауықтама, мазмұндама, ермектеме, қорытпа, ұсынба, сұқтаныс, азаптаныс, жалғаулық, есімдік* тәрізді көптеген терминдері морфологиялық тәсілмен, ал *дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем* сынды терминдер тобы синтаксистік тәсілмен жасалған.

Бұл аталған терминдердің кейбіреулері орыс тіліндегі терминдердің негізінде калькалану арқылы (дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, қос сөз т. б.) жасалғандығы аңғарылып тұр. Бұдан ғалымның калька тәсілін де ұтымды пайдаланғанын көруге болады.

Г.Ц.Пюрбеев «Калькалау арқылы термин жасау өте күрделі мәселе. Аударманың сәтті шығуы үшін өзге тілдегі сөздің (сөз тіркесінің) семантикасын, морфологиялық құрылысы мен қолданылатын саласын жақсы білу керек»<sup>284</sup> – деген болатын.

А.Байтұрсынұлы жоғарыдағы терминдердің орыс тіліндегі аталған қасиеттерін жақсы білумен бірге, қазақ тілінің өз материалын ұтымды пайдалана отырып, сәтті терминдер жасаған. Көрсетілген терминдердің қазақ тілінің терминологиялық лексикасының қатарынан берік орын алып, күні бүгінге дейін өзгеріссіз қолданылып әбден қалыптасып кеткендігі олардың сәтті жасалғандығының айқын дәлелі бола алады.

Ғалым еңбектерінен қимыл атау формасымен келетін *аңдау, ауыстыру, әсірелеу, әсерлеу, байымдау, бернелеу, бүкпелеу, дамыту, кейінтеу, көріктеу, мезгеу, меңзеу, теңеу, түйдектеу, үдету, шендестіру* сияқты әдебиеттану

терминдері мен *демеу, жалғау, үстеу, шылау* тәрізді тіл білімі терминдерін көптеп кездестіруге болады. Заттық ұғым мен процестік ұғымды ұштастырып тұратын мұндай терминдерді жасау Ахаңнан бастау алып, бүгінгі қазақ терминологиясындағы термин жасаудың өнімді бір үлгісіне айналғанын аңғарамыз. Бұл терминдердің қайсыбірі (мысалы, *ауыстыру, теңеу* т. б.) тілде бұрыннан бар сөздердің терминденуі арқылы жасалған болса, кейбіреулері (мысалы, *лептеу, ойламалдау* т. б.) сол үлгімен, яғни етістік түбіріне – у жұрнағын жалғау жолымен жасалынған.

Терминделуші ұғым мен терминденуші сөзді сәйкестендіру үшін ұғымдар жүйесіне де, терминдер жүйесіне де бірдей мән беру термин жасаушыға аса қажет. А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің түгелге жуық сәтті шығуының сыры – оның нағыз терминші ретінде терминге лексикология тұрғысынан да, концептология тұрғысынан да қарай білуінде жатса керек.

Кезінде А.Байтұрсынұлы пуристік бағыт ұстады деп, ол жасаған терминдердің біразы қолданыстан шеттетілгені белгілі. Соған қарамастан, Ахаң жасаған терминдердің көпшілігі өзінің өміршеңдігін танытып келеді. Ал арнайы шеттетілген терминдердің арасында бүгінде қайтадан қажетімізге жарайтындары аз емес.

Әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев Ахаңның еңбегіне жазған алғысөзінде «сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап саралауға мүмкіндік беретін *сауықтама, зауықтама, сарындама, салттама, зұрыптама, қалыптама* деген терминдер қазіргі ұғымымызға өзі сұранып тұр»<sup>2851</sup> – дейді.

Шындығында да А.Байтұрсынұлы жасаған ондай терминдерді құнттап қолдана білсек, талай терминдеріміз қазақы қалпына түскен болар еді.

Белгілі тілші-ғалым Р.Сыздықованың «... жалпы мәдениетке, тарихқа қатысты элеуметтік терминдердің де көпшілігі Байтұрсынұлы қаламынан туып, қазір авторы ұмытылып, жалпы халықтық кәнігі сөздер болып кеткендігін де айту керек»<sup>2862</sup> – деген пікірі назар аударады.

А.Байтұрсынұлының термин жасауда ұстанған бағыты мен оның қаламынан туған басы ашық терминдері-ақ Ахаңның қазақ терминологиясының негізін қалаушы және ғасыр басындағы бүкіл ғылыми ой-сананың қалыптасуына ықпал ете білген зор тұлға екенін дәлелдей алады. Алайда, оның қаламынан туған терминдер мен сөздер мүмкіндігінше анықталып жатса, тарихи әділеттілік болмақ. Сондықтан ғалым мұрасын зерттеушілердің оны естен шығармағаны абзал.

Академик Ә.Қайдар термин жасауда «Қазақ тілінің байлығын сарқа пайдалана алмадық. Ең басты себеп – замана үрдісі, тіл саясаты мен идеология ықпалы, орыс тілінің аз ұлттар тіліне жасаған үстемдігі мен өктемдігі. Екінші себеп – «еліміздегі ұлт, ұлыс тілдері өздерінің, дамудан кенжелеп қалуына байланысты ғылым тілі болып, орыс тілімен терезесі тең тұра алмайды» деген пікірдің орталықта да, жергілікті мамандар арасында да қалыптасуы.

285<sup>1</sup> Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек//А.Байтұрсынұлы. Ақ жол – Алматы, 1991. -13 бб.

286<sup>2</sup> Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынұлы//Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. -33-б.



Үшіншіден, терминдік ұғымдардың қайнар көзі орыс тілі болып саналады да, қалған жүздеген тілдердің бәрі тек «қабылдаушы» пассив тілдер болып келді. Төртінші себеп – ғасырлар бойы өз дәстүрімен еркін дамып келген тілдерді ғылыми-техникалық прогреске икемдеумен шұғылданбағандықтан бірден лап берген терминология тасқынына бұл тілдер төтеп бере алмады. Бесінші себеп – ана тілінің мүмкіншілігін толық ашып, терминология тасқынына қарсы қоярлықтай ұлт кадрлары тоталитарлық үкімет тарапынан кезінде жойылған болатын»<sup>2871</sup> – деп жазады.

Біз автор атап көрсеткен себептердің соңғыларының барлығын біріншісінен туындаған, яғни сол басты себептің нәтижесі, салдары деп білеміз. Тоталитарлық жүйе қазақ халқын Ахмет Байтұрсынұлы сынды аса білікті ұлттық кадрларынан айырды. Олар бастаған игілікті іс өз деңгейінде жалғасын табуына жол берілмеді. XX ғасыр басында ұлттық негізде іргесі қаланған ғылыми лингвистикалық мектептің шаңырағы шайқалып, бағыт-бағдары өзгертілді. Егер ондай өктемдікке жол берілмей, термин жасаудағы Ахандар бастаған үрдіс жалғасын тапқанда, орталықта да жергілікті мамандар арасында да «орыс тілімен терезесі тең бола алмайды» деген пікір қалыптаспаған болар еді. Өйткені қазақ зиялыларының өзгеше пікірде болғаны белгілі. Қазақ тілі «қабылдаушы» пассив тілдер қатарына қосылмас еді. Себебі – А.Байтұрсынұлы барлық тіл мен әдебиет терминдерін (сондай-ақ, мәдени, саяси, әлеуметтік атауларды), Ж.Күдерин өсімдіктану терминдерінің түгелге жуығын ана тілінің негізінде жасағаны, олар ғана емес, көптеген авторлардың ғылыми ұғым атауларын ана тілінің негізінде жасағаны соны айғақтайды.

Дәл осы кезеңде қазақ тілі білікті ұлттық кадрлардың арқасында ғылыми-техникалық прогреске шапшаң икемделіп, лап берген терминдер тасқынына тойтарыс беріп, оларды игеруге мүмкіндігі мол тіл екендігін дәлелдей бастаған болатын. Өкінішке қарай, өктемдік етушілерге осы бағыт үрей туғызғандықтан да оған күшпен тосқауыл қойылды. Ал кейінгі жаңа заман талабына толық сәйкес келетін бағыт қазақ терминологиясын бүгінгідей жағдайға жеткізіп, термин жасаудан гөрі дайын терминдерді қорытпай қабылдай беруге үйретті.

Тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болған бүгінгі таңдағы термин жасаудағы жаңа үрдіс XX ғасыр басында болған құбылысқа өте ұқсас. Айырмасы – онда қазақ жұрты ғылым әлеміне енді аяқ басқан болса, қазір біздің халық та ғылыми-техникалық дамудан шет қалмай, әлемдік ғылыми кеңістіктен өзіндік орнын алып, үн қосып отырған жайымыз бар. Алайда өткен ғасыр басында А.Байтұрсынұлы бастаған ғалымдар термин жасау қағидаттарына келісіп, бір бағытта жұмыс істеген болса, бүгін олай болмай отыр. Оның себептері жеткілікті. Ең алдымен, лек-легімен өзгеріссіз қабылдап алған мыңдаған терминдеріміз әбден орнығып, бірнеше ұрпақтың санасына сіңіп, көзімізге ыстық көрінетін дәрежеге жетті. Сондықтан да оларды шаң жуытпай қорғаушылар аз емес. Екіншіден, өз тілімізде термин жасаудағы тәжірибеміздің жеткіліксіздігінен, ұлттық терминжасау дәстүріміздің орнықтағандығынан,

2871 Қайдаров Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. –Алматы, 1993. –9-10-бб.

терминжүйені қалыптастыру мен жетілдіру бағытындағы жұмыстар тиісті деңгейде жүргізілмей отыр. Ондай жұмыстар тиісті кәсіби деңгейде жүзеге аспаған жерде кемшіліктердің орын алмай қоймайтыны белгілі.

Өзіміз қазақ тілі бай тіл деп дәлелдегенімізбен, іс жүзінде сол байлықты А. Байтұрсынұлдары мен оның замандастары тәрізді шебер пайдалана алмауымыздан, термин жасау ісінде тіліміздің мүмкіндігін сарқа пайдалануға дағдыланбағандығымыздан және әлі де кешегі кеңестік терминжасау қағидаттарынан шыға алмай отырғандығымыздан да термин жасау ісі өз бағытын анықтап, жүйелі даму жолына түсе алмай отыр. Қазіргі ғалымдарымыз бен салалық мамандарымыздың бәрі бірдей ғасыр басындағы қазақ зиялылары сияқты ана тілін жетік білмейтіндігі, сондықтан да оны термин шығармашылығында пайдалану мүмкіндігінің төмендігі тағы бар.

Қалай болғанда да қазіргі термин жасау ісіндегі жаңа үрдісті біз мүмкіндігі шектеліп келген тіліміздің еркіндікке ие болған тұстағы жаңа қарқыны, терминологиясы дамыған ұлт тілдері тәрізді ғылыми ұғымдар жүйесін атау қабілетін қалыптастыру жолындағы табиғи құбылыс деп танимыз. Тәжірибесіздік пен жауапсыздық салдарынан сәтсіз жасалған терминдердің қолданысқа енуіне жол бермеу дұрыс. Алайда сондай сәтсіз жасалған терминдерді мысалға ала отырып, бұл үрдістің астарынан пуризм іздеп, оған тосқауыл қою керек деушілерді құптай алмаймыз. Тілші-ғалымдар мен салалық мамандардың қазіргі таңдағы міндеті – ұсынылып жатқан терминдердің арнаулы ұғымды дәл бере алатындарын тіл табиғаты мен терминжүйе талаптарына сәйкес іріктеп алып, ресми бекіту арқылы қолданысқа енгізу. Сәтті жасалғандарын дұрыс саралап алып, олар бекітілгеннен кейін жатсынбай, бір ізді қолданып, қалыптасып кетуіне мүмкіндік туғызсақ, төл терминологиямыздың ұлттық сипаты арта түскен болар еді.

Ана тілінің негізінде жасалынып, терминологиялық жүйеден орын алған терминдердің өзінің жасалуына негіз болған жалпы тілге қайта өту мүмкіндігі мол. Терминологияның ұлттық тілді байытудың бір көзі екенін мойындасақ, шет тілдерінің сөздерін шектен тыс көп қабылдау және оларды тіліміздің дыбыстық жүйесіне бағындырмау сол бұлақтың көзін бітеумен бірдей. Ондай өзге тілдік терминдердің бейтерминдену мүмкіндігі өте төмен. Олар терминологиялық өрістен шыға алмай, арнаулы лексика шеңберімен ғана шектелетіндіктен де терминология мен жалпы лексиканың арасы алшақтай түседі. Нәтижесінде тілдің жалпы лексикасы мен арнаулы лексикасының арасында үздіксіз жүріп жататын табиғи үрдіске нұқсан келеді.

Жалпы алғанда, ғалым термин шығармашылығында синтаксистік және морфологиялық тәсілдерді көбірек пайдаланған. Ахаң қаламынан туындаған терминдердің құрамына назар аударсақ, оған анық көз жеткізуге болады. А.Байтұрсынұлының лингвистикалық терминдерін жинақтап, шағын кітапша түрінде жариялаған Ш.Жалмаханов былай деп жазады: «Ахаң пайдаланған терминдердің ішінде ең көп қолданылғаны күрделі тұлғалы терминдер – 245, ал дара тұлғалы терминдер – 65, оның 20-сы түбір сөзден, 45-і туынды сөзден болған».

Мұны кездейсоқ нәрсе деуге болмайды. Ғалым ұғымдар жүйесінің ерекшелігін терең түсіне отырып, әр ұғымның көлемі мен мазмұнын дәл қамтитын атау жасауды көздеген. Яғни, ғалымның әр ұғымның өз таңбалаушысы болуына мән бергендігі байқалады. Сондықтан да ол аталған тәсілдерді пайдалану арқылы көптеген қазақша жаңа терминдер жасаған.

Бесіншіден, **А. Байтұрсынұлы жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға.**

Ғалымның терминжасам тәсілдерін көрсетіп, оларды пайдалана отырып, тіл білімі, әдебиет ғылымдарының терминологиясын, өзге арнаулы салаларға қатысты терминдер жасауы – ғасыр басындағы өзге ғылым салалары бойынша оқулықтар мен түрлі ғылыми еңбектер жазған авторларға таптырмайтын үлгі болды. Бұл пікіріміздің негізсіз емес екендігіне А.Байтұрсынұлынан кейін әртүрлі ғылым салалары бойынша еңбектер жазған қазақ зиялыларының жасаған терминдері дәлел бола алады. Оны мына кесте арқылы көрсетуге болады.

<b>А.Байтұрсынұлы</b> «Тіл құрал». Орынбор, 1914, 1915...	<b>С.Қожанұлы</b> «Есептану құралы» Ташкент, 1924	<b>Ж.Күдерин</b> «Өсімдіктану». Москва, 1927.	<b>Е.Омарұлы</b> «Пішіндеме» (геометрия) Қызылорда, 1928
Сызықша, есімше, көсемше	Жақша	Сабақша, тұқымша, қайықша, тостағанша т.б.	Текше, тікше, қиықша
Сұраулық, етістік, жалғаулық, есімдік	Құралғыштық, барабарлық, бөлінгіштік	Тұқымдық, аналық, аталық	өлшемдік, құрылымдастық, ұқсастық
Бастауыш, баяндауыш, анықтауыш пысықтауыш, толықтауыш т.б.	өлшеуіш	қаптауыш	өлшеуіш
Оралым	Айырым, алым, бөлім	Бітім	

Бұл кесте арқылы біз кейінгі оқулықтар жазған авторлардың А.Байтұрсынұлының кейбір термин жасау үлгілерін (модельдерін) қалай пайдаланғанын немесе ұлт тілінде бұрыннан бар тұлғалас сөздерді терминдік

мағынада жұмсағандығы арқылы олардың арасындағы сабақтастықты көрсетуге тырыстық.

Осы деректердің өзі ғалымның тіл білімпазы ретінде қазақ тілінде термин жасаудың үлгісін көрсете отырып, ғасыр басындағы термин жасау ісіне тікелей ықпал еткен зор тұлға екенін анық аңғартады.

Мұндаймысалдарды әлі декелтіруге болады. Мысалы, А.Байтұрсынұлының қаламынан туындаған *тұрлаусыз мүше, тұрлаулы мүше, одағай сөз, сабақтас сөйлем* терминдері Е.Омарұлының көрсетілген оқулығындағы *тұрлаусыз шама, тұрлаулы шама, одағай сан, сабақтас пішін* терминдерінің жасалуына себеп болғандығына да дау айту қиын ғой деп ойлаймыз. Ал мәселенің екінші қырынан қарағанда мұны ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде қанаттасып қатар қызмет еткен қазақ тіл білімінің қос ғұламасының термин жасау ісіндегі шығармашылық сабақтастығының көрінісі деп тануға да негіз бар.

Алтыншыдан, **А.Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басындағы қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы, ол Е.Омарұлы екеуі қазақ терминологиясының тұңғыш ғылыми қағидаттарын белгілеушілер.**

1924 жылды маусым айында Орынборда «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің 1-съезі» болып, онда терминологияны қалыптастырудың қағидаттары съез қаулысымен ресми бекітілді. Араға екі жылдай уақыт салып, 1926 жылы Бакуде өткен «Түрікшілердің 1-інші құрылтайында» жасаған баяндамасында А.Байтұрсынұлы қатынасушыларға осы қағидаттарды таныстыра отырып, өзге түркілерге де ғылыми терминологияны қалыптастыруда қазақ білімпаздары жасаған осы қағидаттарды басшылыққа алуды ұсынды.

Бұл жерде А.Байтұрсынұлының терминологияны дамытудағы жетекшілік қызметінің тағы бір қыры көрініс береді. Ол – ғалымның қазақ терминологиясын қалыптастырудың бағыт-бағдарын көрсетумен шектелмегендігі.

Сонымен жетіншіден, **Ахаң қазақ оқығандары жасап, ресми бекіткен терминология қағидаттарын бүкіл түркі халықтарына ұсына отырып, түбі бір туыстас тілдердің терминологиялық қорының ортақтық сипатын арттыруды көздеген кең тынысты түрколог ғалым.**

Ол қазақ өз баяндамасында қазақ білімпаздары жасаған қағидаттарды түркология съезіне қатысушыларға таныстыра келіп, өз ойын былай түйіндейді: «Этим путем каждый из нас, разгрузив свой язык от балласта чужих слов и отчистив его от засоренности влиянием чужого языка, сделали бы доступными произведения своей печати и своей народной массе и другим тюркским народностям»<sup>2881</sup>.

Бұдан ғұлама ғалымның қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаумен қатар, бүкіл түркі халықтары терминологиясының дамуына көңіл аударып, термин жасауда ортақ қағидаттар ұстану арқылы туыстас халықтардың өзара тілдік, ғылыми және рухани-мәдени байланыстарының тереңдей түсуін көздегенін көруге болады. Сонымен

288<sup>1</sup> Байтұрсынұлы А. Шығармалар. – Алматы, 1989. –141-б.

қатар қазақ оқығандарының өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы ғылыми-ағартушылық саладағы жетекшілік рөлін, ықпалын, ұлттық және түркілік терминқор жасау, ғылым тілін қалыптастыру мәселелерінде туыстас халықтардан біршама озық тұрғанын да аңғаруға болады.

XX ғасыр басында жасалып, сол кезеңдегі термин шығармашылығында он шақты жыл тікелей басшылыққа алынған бұл қағидаттарды «ескіріп қалды», «бүгінгі күн талабына жауап бермейді» деуге ешқандай негіз жоқ. Кезінде солақай саясаттың салдарынан олардың орынсыз шеттетілгені белгілі. Кейінгі жылдары қоғамдық-саяси өмірімізде болған түбегейлі өзгерістер қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың жаңа принциптерін белгілеудің қажеттілігін туғызып отыр. Уақыт талабына сәйкес кейбір толықтырулардың болу мүмкіндігіне қарамастан 20-жылдары жасалған сол қағидаттардың алдағы уақытта бекітілетін жаңа қағидаттар қатарынан орын алуға тиістілігі күмән туғызбайды.

А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің өміршеңдік танытуының сыры неде деген сұраққа жауап іздесек, ол ең алдымен ұғымға атау беруге ұлттық таным тұрғысынан келген. Сондықтан оны қазақ қауымы алғашқыда аздап жатсынғанмен, тез қабылдап санасына сіңіре алған. Екіншіден, сол кездегі Ахаңның зиялылар арасындағы зор беделі мен тіл саласындағы бірегей ірі оқымысты ретінде мойындалуы да оның жасаған терминдерінің шығармашыл қауым тарапынан талқысыз қабылдануына себеп болды. Онымен иықтастұрып, ой жарыстырып, пікір таластырып, өз терминдерін ұсына қоятын тіл мамандары қалыптаса қоймап еді. Оның маңайындағы тіл мәселелеріне жетік деген Е.Омарұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төреқұлұлы сынды алаш білімпаздарының да ғалым пікіріне құрметпен қарағаны байқалады. Үшіншіден, ол қазақ тіліндегі сөз тудырушы жұрнақтарды, байырғы лексикалық қорды, жалпы алғанда сөз тудыру тәсілдерін өте ұтымды, шебер пайдалана білген. Тілдік нормаларға сай, айтуға ыңғайлы, естуге жағымды, көңілге қонымды, бір сөзбен айтқанда қолдануға қолайлы атаулар жасай білгендіктен, оның қаламынан туындаған терминдері уақыт сынына төтеп беріп, ұрпақтан-ұрпаққа қызмет етіп келеді.

«30-жылдардың аяғына қарай толық салтанат құрған сталинизм ұлт зиялысын қаусатып салғанмен Алаш идеясын өлтіре алмады. Ол хрущевтік «жылымық», брежневтік тоқырау тұсында да қазақ даласын елес болып шарлады» деп жазады белгілі тарихшы ғалым Х.Әбжанов<sup>289</sup>

Бұлорайдакөрнектітілші-ғалымМәуленБалақаевтыңА.Байтұрсынұлының терминдері туралы мына төмендегі пікірі де тарихшы ғалым ойымен астасып жатыр. Ол былай деп жазады:

«Тіл құрал» кезінде «алашордашылардың, ұлтшылдардың» кітабы болғандықтан, оны пайдалануға тыйым салынса, жаңа грамматика авторы да «халық жауы» атанып, кітабы қолданудан қалып қойды. Енді қайту керек?

Тірі қалғандарымыз мектептерді оқулықтармен қамтамасыз ету үшін

289 Әбжанов Х. Алаш аманаты және ұлттық идея//Алаш және Әуезов. –Алматы, 2007. 96-б.

еңбектенгенде, алдымен грамматикалық атауларды қалай атаймыз деген проблема туды. Біз бұрыннан үйреншікті болған Ахмет терминдерін қазақ тілінің, қазақша айтылған бұрынғы сөздері деп танып, солай атай бердік. Себебі басқаша жазу мүмкін емес, әдеби нормаға айналып, қалыптасып кеткен еді. Ахмет Байтұрсынов шығарған терминдер екенін білсек те, қазақ тілінің сөз байлығы деп танығанбыз. (Ахмет Байтұрсынов//Зерде баспалдақтары. Алматы, 1992. 152 б.).

Бүгін баршамыз алаш ардақтысы Ахаң қаламынан туындаған терминдердің де алаш идеясы сияқты өміршендік танытқанының куәсі болып отырмыз.

А.Байтұрсынұлының 125 жылдығына арналған ғылыми жинақтың жауапты редакторы, филология ғылымдарының докторы Е.Жанпейісов: «Жиырманшы ғасырдың алғашқы қырық-отыз жылы – қазақ өркениетінің ең бір қарқынды дамыған, гүлденген тұсы. Олай дейтініміз: ұлт мәдениеті, үлкен әдебиет, қазақтық ғылым, білім де – бәрі шын мәнінде осы кезде ірге көтере бастады. Бәрінің де кейін қаз тұрып кетуіне, қалыптасуына Ахмет Байтұрсынұлы тікелей мұрындық болды. Сондықтан да осы қырық-отыз жылды қазақ өркениетінің «Байтұрсынов дәуірі», «Байтұрсынов ғасыры» десе де болады» – депті.

Дәл осы сөз болып отырған кезеңде қазақ тіл білімінің ғылым ретінде іргесі бекіп, ұлттық ғылыми терминология жасала бастады. Ақаң бастаған алаш зиялылары тарапынан алғаш рет терминологияны дамытудың бағдары белгіленді. Терминологияға қатысты айтқанда отыз-қырық жылды дей алмасақ та, жиырма жылдай уақытты, дәлірек келгенде, 1910-1930 жылдар аралығын «қазақ терминологиясы дамуының Байтұрсынұлы кезеңі» деуге толық негіз бар. Өйткені ғасыр басынан 30-жылдарға дейінгі қазақ терминологиясының дамуы Ахмет Байтұрсынұлы есімімен тығыз байланысты. Өйткені ол өзі жүздеген терминдер жасап, оларды қолданысқа енгізіп, ұлт тілінде термин жасаудың үлгісін көрсетті. Осы аталған уақыт аралығында қазақтың ғылым тілінің, ұлттық терминологиялық қорының қалыптасуына Ахаңның өзі тікелей басшылық етті. Ал «Байтұрсынов дәуірі», «Байтұрсынов ғасыры» дегенге келсек, терминологияға қатысты тұтас дәуірді, ғасырды А.Байтұрсынұлы есімімен байланыстыра қарасақ, онымыз тарихи шындықпен қабыса қоймайды. Себебі, Ахаң терминология мәселелерімен 10-жылдардың орта тұсынан бастап, жиырманшы жылдардың аяғына дейін он бес жылдай белсенді айналысты. 30-жылдардың бастапқы жылдарына дейін ол бастаған іс жалғасын тауып отырды. Одан кейінгі уақытта ол негізін қалаған бағыт, ұлт тіліндегі термин шығармашылығы тосқауылға ұшырап, оның бағдары күрт өзгертілді. 30-жылдардың орта тұсынан бастап, терминологияны дамытудың жаңа бағыты қарқын алды. 90-жылдарға дейін Ахаң дәстүрі жалғаспақ түгілі оның атын атауға тиым салынғаны белгілі. Сондықтан біз қанша қаласақ та, Ахаң есімін терминологияға қатысты айтқанда «дәуір», «ғасыр» ұғымдарымен байланыстырып, қолдана алмаймыз. Рас, 30-жылдары алаш зиялыларына қатысты әділетсіздік, қуғын-сүргін орын алып, Ахаң ісі жалғасын тапқанда, сөз жоқ, тұтас бір дәуір «Байтұрсынов дәуірі», ал XX ғасыр «Байтұрсынов

ғасыры» болар еді. Бірақ, олай болуын Кеңестік жүйе қаламағаны, оған жол бермегені тарихтан белгілі. Сол себепті біз қазақ терминологиясының ХХ ғасыр басындағы 10-15 жылдық мерзімді «А.Байтұрсынұлы кезеңі» деп атаған орынды деп санаймыз.

«Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын... Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді»<sup>2901</sup> – деп, тілдің міндетін терең түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген ұлы тұлғаның қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ұшан-теңіз.

Орыстың ғылым тілінің даму тарихын зерттеуші ғалымдар бірауыздан энциклопедист-ғалым М.В.Ломоносовты «орыс ғылыми терминологиясының атасы»<sup>2912</sup> – дейтін болса, Қазақстан ғылымының тарихындағы ондай орынды ұлтымыздың бағына туған перзенті аса дарынды ғалым Ахмет Байтұрсынұлы иеленіп тұр.

### II.1.2. Ахмет Байтұрсынұлы және ХХ ғасыр басындағы терминологиялық жұмыстардың жүргізілуі

Ұлтқа сіңірген еңбегі мен ел мүддесі, халқының болашағы жолындағы қалтқысыз қызметі Ахаң мен онымен замандас, мұраттас алаш зиялыларына деген жұртының шынайы құрметін туғызды. Олардың атқарған істері жөнінде оқып-біліп, шығармашылығымен тереңірек танысқан сайын есімдерін ерекше ескеріп, аттарын айрықша құрметпен атайтындар артқан үстіне арта берері хақ. Өйткені олар халқының қамын жеп, ел мүддесі үшін адал да шынайы қызмет етті. ХХ ғасыр басында қызмет еткен аз ғана ұлт зиялылары ұрпақтары ұлағат аларлық істер атқарып, өнеге боларлық өмір кеше білді. Біз әдетте, перзенттік парыз, азаматтық ұстаным, мемлекетшілдік, отаншылдық сынды қастерлі ұғымдар туралы ойлансақ, ұлтқа қызмет етудің үлгісін іздесек, Ахаңа, алаш зиялыларына жүгіне беретініміз де сондықтан болса керек. «Алаштың Ахаңы» атанған Ахмет Байтұрсынұлы атқарған істердің бірі – қазақ терминологиясы дамуының бағыт-бағдарын белгілеу, ұлттық терминологиялық қор қалыптастыру десек, ол бұл іске де ел мен тіл мүддесі тұрғысынан қарай білді. Оны ғалымның ұстанған жолынан, белгілеген бағытынан, өзі бас болып атқарған істерінен айқын көруге болады.

Ахаң ұлт ғылымының көшбасшысы Академиялық орталықтың («Акцентр») тұңғыш төрағасы, өзге тілдерден енген терминдерді ұлт тіліне аударып, термин жасап, қазақ терминологиясын қалыптастыру үшін 1922

290 <sup>1</sup> Байтұрсынұлы А. Шығармалар. – Алматы, 1989. –141-б.

291 <sup>2</sup> Даниленко В.П., Канделаки Т.Л. Русская терминология//Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. –М., 1986. –Стр.182.

жылы құрылған комиссияның төрағасы ретінде ғылым тілінің даму үрдісін белгілей отырып, терминқорымыздың ұлт тілі негізінде жасалуына өлшеусіз үлес қосты.

1924 жылдың маусым айында Орынборда «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің I-съезі» болып, онда қазақ терминологиясын қалыптастырудың алғашқы қағидаттары бекітілді. Съезде терминологияны қалыптастырудың басты қағидаттарын белгілеу жөніндегі баяндаманы Елдес Омарұлы жасады. «Қазақша пән сөздер тақырыпты Елдестің баяндамасы» негізінде сиез қаулы қабылданды.

Е.Омарұлының баяндамасында ұсынылған жобаға Нәзір Төрешұлы, Манан Тұрғанбайұлы, Халел Досмұхамедұлы, Ишанғали Арабайұлы сияқты сиез делегаттары өз тараптарынан пікір білдіріп, ұсыныстарын енгізген. Қабылданған қаулыда сол ұсыныс-пікірлердің де ескерілгенін айту керек.

1924 жылы сиезде жасалған баяндамада көрсетілген қағидаттарды Е.Омарұлы өзі ғана дайындады ма, ол баяндама Ахандармен ақылдаса отырып термин комиссиясының атынан жасалды ма, нақты деректерді кездестірмегендіктен ол жайында кесімді пікір айту қиындау. Бірақ термин комиссиясының сол кездегі төрағасы А.Байтұрсынұлының ол жобамен сиезге ұсынылғанға дейін таныс болмауы, оған ат салыспауы мүмкін емес екендігі анық. Жоба талқыланған кезде оған Ахаңның араласпауы да осындай ойға жетелейді. Осы жайттарды және сол кезеңдегі бүкіл терминологияны қалыптастыру ісінің басы-қасында Ахаңның жүргенін, жетекшілік жасағанын, термин жасаудың үлгісін көрсеткенін және сиез бекіткен қағидат негізінде біршама толықтырылып, жүйеленген терминология қағидаттары жөніндегі баяндаманы Бакуде өткен Бірінші бүкілодақтық түркологиялық құрылтайда А.Байтұрсынұлының жасағанын ескерсек, оның бұл іске тікелей қатысы болғанын, қосқан үлесінің үлкен екенін көруге болады. Ондағы Ахаңның ұсынған қағидаттары мыналар:

**«А) Ең алдымен термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін**

**қазақ сөздерін алу.** Бұл қазақ тілінің жоғарыдағылар мен төмендегілердің, дәлірек айтқанда сауаттылар мен сауатсыздардың тілі болып жіктелмесі үшін керек. Қай жерде және кім бастырып шығарса да баспа өнімдері, газет-журналдар, кітапшалар пайда әкелуі үшін, тіл қалың көпшілікке түсінікті болуға тиіс. Сонда аз ғана пайызды құрайтын сауаттылар көптеген сауаты жоқтарға қызмет көрсете алады.

**Б) Ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда оларды туыстас тілдерден алу.** Олай етуіміздің себебі: 1) туыстас тілдердің көптеген сөздерінің тұлғалары бірдей болмаса да олар ортақ түбірден тараған, сол себепті туыстас емес тілдердің сөздеріне қарағанда оларды түсіну жеңіл және естігенде де айқанда да бөтен болып сезілмейді; 2) түркі халықтары қашанда өзара қарым-қатынаста болған және бола да береді, сондықтан да бір тілдің көптеген сөздері ортақ түбірден өрбімесе де өзге тілдің тұтынушыларына таныс болуы мүмкін.

**В) Жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады,**



**бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертілуі керек.** Оларды алмастыруға болатын қазақ сөздері болған жағдайда таңдауды қоғамның өзі жасауы үшін, екеуі де қатар алынуға тиіс. Жаппай қолданылатын деп біз араб сөздерін емес, қазіргі кең тараған еуропа сөздерін айтып отырмыз. Араб сөздеріне қарағанда оларға басымдық беріп отыруымыздың себебі біз қазір араб емес еуропа мәдениетіне ден қойып отырмыз. Еуропа мәдениетінің барлық жетістіктері тұтастай еуропа тілдерінде атала алады. Алайда кірме терминдер біздің қазақ тілінің айтылуына бағынуға тиіс, яғни оларға тілдің қалыпты артикуляциясынан бастау алатын біздің тіліміздің дыбыстық заңдылықтары үстемдік етуі (таратылуы) керек. Шет тілдерінің сөздерін өзіміздікі ету үшін, бұл міндетті түрде солай болуы қажет.

**Г) Қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін барлық өзге тілдердің сөздері дәл қазақтың айтуына сәйкес өзгертілуі керек.** Бұл дегеніміз, біріншіден, құрамында қазақ тіліне жат дыбыстары бар барлық сөздердің тиісті төл дыбыстарымызбен алмастырылады, екіншіден, кірме сөздердің жұрнақтары қазақ жұрнақтарымен алмастырылады, үшіншіден, қосарлы дыбыстардың біреуі ғана қабылданады, төртіншіден, қазақ тіліне жат қосымшалар Оренбург – Орынбор, Самара – Самар, пуховой – бөкебай, покров – боқырау, Адамовский – Адамау т.б. сияқты тілге қажетті талап шеңберінде өзгертілуге тиіс».

Осы түрікшілдер құрылтайының күн тәртібіндегі 14 мәселенің 6-сы терминология мәселелері болғанын, онда қандай баяндамалар жасалғанын Ахаң өзінің «Жаңа мектеп» журналына жазған мақаласында көрсеткен болатын. «6) **Пән сөздерінің жүйесі туралы.** Баяндамашылар: Шобан зада профессор мен Зиенат деген. **Түрік тілінің пән сөздері туралы.** Баяндамашылар: Зайналы, Одабаш, Байтұрсынұлы»<sup>292</sup>.

Бірнеше елдердің көрнекті тілші-ғалымдары жиналған халықаралық мәртебеге ие бұл алқалы жиында қазақ тілінің терминдері, түрік терминологиясы жөнінде ғылыми баяндама жасап, терминологияның даму бағытын белгілеуі, өзге түркілерге біздің жолымызды ұсынуы, олардың терминологияны қалыптастырудағы кемшіліктерін атап айтуы – Аханьның кең ауқымды түрколог ғалым, терминология жайын терең білетін терминтанушы екендігін көрсетеді.

Бұл орайда Ахаң туралы К.Мұсаұлының «А.Байтұрсынұлы – түркологияның төрінде отырған ғалым» деген пікірі өте орынды айтылған деп білеміз.

Бірінші бүкілодақтық түркологиялық құрылтайда жасаған А.Байтұрсынұлының баяндамасында қазақ білімпаздарының 1924 жылғы сиезінде қаулымен бекітілген қағидаттардың өзгелерге үлгі ретінде ұсынылып, оның **түркі тілдестер тарапынан да қолдау тапқаны жөнінде, ғалымның өз сөзінде**

292 А.Байтұрсынұлы. Түрікшілер құрылтайы. «Жаңа мектеп», 1926, №7-8, 43-50бб.

Ескерту: Бұл мақаланың қазіргі жазуға көшірілген нұсқасы 1992 жылы Р.Сыздықова мен Ш.Сарыбаевтардың редакторлығымен жарық көрген «Тіл тағылымы» атты А.Байтұрсынұлы еңбектерінің жинағында(411-416 беттерде) берілген.

былай баяндалады: «Пән сөздері жағынан басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды, басқа түріктер әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса көркем болады дегендіктен, екінші, өз тілдерінен пән сөздеріне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу даражаға жеткен.

Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы қазақтың қат білетін, білмейтін – қайсысына да болса түсінікті болуын көздеді. Тіл арасына жік түсіріп алмас үшін, жат сөздерді амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды. Ол тәртіп қазақ білімпаздарының тұңғыш тобында қабылданғаны айтылды. **Сол жол басқа түріктер қолдануына да теріс болмас делінді. Құрылтай қарары да осы негізді болды.** (Қою әріппен ерекшелеген біз – Ш.Қ.) Бірақ жалғыз қазақ емес, басқалар да қолданатын болғандықтан, біздің қолданған тәртібімізге қосқандары мынау болды: түрік жұрттары тілдерінің жақындығына қарай топталып бөлінсін, пән сөз топ ішіндегі жұрттардың бәріне ортақ түрде алынсын.

1-ші басқыштағы мектептерде қолданатын пән сөздер әр жұрттың өз тілінен алынуы абзал; 2-ші басқыштағы мектептерде қолданылатын топқа ортақтастырып алған пән сөздер болсын. Жоғарғы мектептерде әлемге жайылған Еуропа пән сөздері қолданылсын делінді» (сонда. 413-б.).

Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 12 тамыздағы санында жарияланған «Қазағыстан оқу кемесеретінің орынбасары Жолдыбайұлы Молдағалимен әңгіме» деп берілген «Қазақ тілін байытамыз» атты шағын сұхбатта сол кезеңде термин жасаумен кімдер айналысқандығы және өзге тілдерден термин қабылдауда қандай қағидат басшылыққа алынғандығы, осы істі жүзеге асырудағы Ахаңның рөлі атап көрсетіледі.

Сұхбатта жат сөздер қазақ тіліне сол күйінде алына берсе, жұртшылықтың олардың мағынасын түсінбей, тек дағдылы түрде салдырлатып айта беретіндігі туралы сөз бола келіп, былай делінеді:

«Жат сөздер қалай алынады? Алдымен, жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзі алынады. Оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түрік сөздері алынады. Түрік сөздері де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріліп, ауropa сөздері алынады. Кемесиеде қазақ тіліне жетік 5-6 қазақ қызметкерлері жұмыс істейді. Оның үстіне кемесиенің жұмысына түрлі білімнің басын ұстаған мамандар қатыстырылады. **Кемесиенің ағасы қазақ елінің әсіресе тіл заңына жетік оқымысты данышпаны Байтұрсынұлы Ақымет.** (қою әріппен ерекшелеген біз – Ш.Қ.) Мүшелері партиядағы жауапты қызметкерлер. Кемесиенің қазақ тіліне аударып, қазақ тіліне үйлестіріп алған атаулары газет-журналға басылып, көптің талқысына салынады. Алынған атауларды Қазағыстанның білімпаздар сиезі бекітеді.

Кемесие жұмысының бүкіл қазақ елі үшін маңызы зор. Кемесиенің иждиаты мен қазақ тілі байып, мәдениетті тілдер қатарына қосылады. Қазақ елінің ұлт мектебін, ұлт әдебиетін жасауға алдымен қазақ тілінің кедейлігі қамашау. Кемесие шамасынан келгенше осы кемшілікті жоюға тырыспақ. Кемесиенің

негізгі мақсаты – қазақ тілін өнер-білімге бейім мәдениетті тіл қылу».

Барлығы 5-6 адамнан тұратын комиссия үлкен іске мұрындық болып, көп іс тындыра білді. Оқу комиссариатының орынбасары атап көрсеткеніндей сол жылдарда қазақ тілі, оның терминологиялық қоры байыды, ғылым ұлт тілінде сөйлей бастады. Қазақ тілі термин шығармашылығында пайдаланылып, терминжасам тәжірибесі, дәстүрі қалыптаса бастады. Ахаң төрағалық еткен бұл комиссия – қазақ тілінің терминологиялық қорын қалыптастырудың негізін салды, іргетасын қалады. Бұл істің ілгері басуына көрнекті көшбасшы, тіл, терминология жайын терең білетін ірі тілші-ғалым, тарихи тұлға А.Байтұрсынұлының жеке үлесінің зор болғанын атап айтқан абзал.

Жолдыбайұлы Молдағалидың әңгімесінен көріп отырғанымыздай, қазіргі Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының жұмыс тәртібінің, құрамын жасақтаудағы өлшемдердің (критерийлер) сонау 20-жылдардағы Ахаң төрағалық еткен комиссиядан айтарлықтай айырмашылығы жоқ деуге болады. Нақтырақ айтар болсақ, комиссия құрамына қазақ тілін жетік білетін мамандардың, партияның жауапты қызметкерлерінің, әртүрлі сала мамандарының тартылуы, сондай-ақ терминдерді газет-журналдарға жариялап көпшіліктің талқысына салу тәжірибесі бүгінгі Мемтерминкомға да тән сипаттар. Өткен ғасыр басында жаңа жасалған немесе өзге тілдерден аударылып алынған терминдер білімпаздар сиезінде бекітілген болса, бүгін де Мемтерминком қараған терминдерді үкіметтің қаулысымен немесе Парламентте қарап бекіту туралы ұсыныстар айтылып жүр. Бұл фактілер бір жағынан Ахаң басқарған комиссия жұмысының жан-жақты ойластырыла отырып ұйымдастырылғанын көрсетсе, екінші жағынан арада ғасырға жуық уақыт өткеніне қарамастан, оның жұмыс тәжірибесінің күні бүгінге дейін пайдаланылып отырғандығының куәсі.

«Кемесиенің негізгі мақсаты – қазақ тілін өнер-білімге бейім мәдениетті тіл қылу» дегеніне келсек, Ахаң басқарған комиссия мақсатына адал болып қана қойған жоқ, қазақ тілін білім-ғылым тілі ету жолында қыруар іс тындырды. «Байтұрсынұлы кезеңінде» қазақ тілінде жазылған көптеген оқулықтар мен, оқу құралдары, сөздіктер соның дәлелі бола алады. Оның бәрі азғантай ғана қазақ зиялыларының атқарған үлкен ісі, солардың қажырлы еңбегінің, мақсатты жұмыстарының нәтижесі. «Қазақша-орысша тілмаш», Н.Қаратышқанов құрастырған «Пән сөздері» мен «Орысша-қазақша әскерлік атауларынан» бастап 1931 жылы жарық көрген «Атаулар сөздігіне» дейінгі екі тілді және терминологиялық сөздіктер Ахаңдар ұстанған қағидаттарға сәйкес жасалған.

Ахаң басқарған жылдарда комиссия жұмысының нәтижелі болғанын Қазақ АССР Оқу Халық Комиссариатының 1921-1923 жылдардағы Академиялық Орталықтың атқарған қызметі туралы есебінен де көруге болады. Онда былай делінген:

«Қазақ өлкесін зерттеу жөніндегі ғылыми жұмыстармен қатар, Академиялық Орталықтың өткен жылдарда екінші бір маңызды жұмысы мынау болды:

а) қазақ ғылыми тілін жасау,

б) жалпы жұртқа түсінікті, саяси әдебиетті қазақ тіліне аудару.

Қазақ ғылыми-әдеби советі өткен жылдарда қазақ тілінің дәл ғылыми терминологиясын жасаумен айналысты, оны жергілікті қазақ баспасөз орындарында жариялап отыру арқылы жалпы жұрттың міндетті түрде қолдануын қадағалап отырды.»<sup>293</sup>

Бұдан Ахаң бастаған қазақ зиялыларының терминдерді жасап қана қоймай, олардың қолданысын, қалыптасып, тілде орнығып кетуіне де ерекше мән беріп, істің барысын қадағалап отырғанын да көруге болады. Термин комиссиясінің қадағалау, бақылау құқығы болғаны айтылады. Олардың бұл тәжірибесін бекіткен терминдерінің елеулі бөлігі әрқелкі қолданылып жататын бүгінгі Мемтерминком жұмысында пайдалануға әбден болады.

Сонымен қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлы ХХ ғасыр басындағы терминологиялық жұмыстардың ел ішіндегі жүргізілуіне басшылық етіп, терминалмасу мен терминологияны халықаралық (түркі тілдері арасындағы) біріздендіру жолдарын ұсынушы. Сондай-ақ ол ұлттық терминқор қалыптастыруда ұстанатын бағыт-бағдарды айқындап, қазақ терминологиясы дамытудың тұңғыш қағидаттарын белгілеуге тікелей атсалысып, осы істің басы-қасында болған аса көрнекті тілші-ғалым.

## II.2. Елдес Омарұлы және қазақ терминологиясын дамыту қағидаттары

ХХ ғасыр басындағы қазақ терминологиясының дамуы туралы сөз еткенде Елдес Омарұлының есімін ерекше атауға тиіспіз. Ол ұлттық ғылым тілінің дамуына, қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей атсалысқан, бұл салаға қатысты құнды ғылыми еңбектер жазған алаш зиялыларының бірі. Ол алғашқы күндерінен бастап Алашорда жұмысының бел ортасында жүріп, белсене қызмет еткен жетекшілер қатарында болды. 1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында «Жалпы қазақ-қырғыз съезін» өткізгенде оны ұйымдастырып, шақырғандар қатарында Елдес Омарұлы да болды. Съез қаулысында «Сиез шақырушылар: Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Сағындық Досжанұлы, Міржақып Дулатов»<sup>294</sup>. Осы съезде Алашорда басшысы болып, Әлихан Бөкейханұлы, ал оқу комиссиясына А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабайұлы, Е.Омарұлы, Б.Сәрсенұлы, Т. Шонанұлы сайланды.

Алаш зиялыларының білім беру мен ғылым саласындағы жұмысын ұйымдастыруда бұл комиссия үлкен рөл атқарды. Комиссия хатшысы ретінде Е.Омарұлы комиссия төрағасы Ахаңмен тығыз байланыста жұмыс жүргізе отырып, білім саласының, тілдің көптеген мәселелерін бірлесіп, пікірлесіп, талқылай келіп шешкен. Ғалымдардың бізге жеткен еңбектері олардың әліпби, терминология, емле төңірегіндегі көзқарастары бір арнаға тоғысып, ойлары

293 Қазақ ССР архиві, фонд 81, опись 1, №56 іс.

294 Жалпы қазақ-қырғыз съезінің қаулысы// Алаш қозғалысы. – Алматы, 2005. – 21 б.

бір жерден шығып, пікірлері үнемі үндесіп отырғандығын көрсетеді. Ахаңмен қатар еңбек еткен алаш оқығандарының арасында тіл білімінің аса көрнекті маманы, оның ішінде терминология мәселелерін ең терең білетіндердің бірі де Елдес Омарұлы болған еді. Тек терминология ғана емес, жалпы қазақ тіл білімінің көптеген мәселелерін арнайы зерттеген, бірқатар құнды ғылыми еңбектер жазып, мектептер мен жоғары оқу орындарында қазақ тілінен дәріс оқыған, сабақ берген Елдес Омарұлын қазақтан шыққан алғашқы кәсіби лингвист-ғалымдардың, білікті педагогтің бірі деп тани отырып, оның лингвистикалық мұрасын арнайы зерттеу бүгінгі ұрпақтың міндеті. Біз ғалымның терминологияға қатысты еңбектеріне ғана тоқталамыз.

Ал қазақ, орыс, неміс, татар және түркі тілдерін жақсы білген, тіл білімі, математика, физика, заң, география, медицина сияқты салалар бойынша еңбектер жазған кең тынысты, жан-жақты білімді, кезінде замандастары «қазақтың Ломоносовы» деп атаған ғалымның мұрасын жан-жақты зерттеу алдағы күндердің ісі болып қала бермек. Оның сан салалы еңбектерін сол салалардың білікті мамандары терең зерттегенде ғана елін сүйіп өткен Елдестей азаматтың ғалымдық қыры мен азаматтық тұлғасы мейілінше айқындала түседі. Бұл бір жағынан тарихи, ғылыми әділеттілік үшін атқарылуға тиіс шаруа болса, екінші жағынан, бүгінгі ұрпақтың өзі үшін аса қажетті іс.

Елдес Омарұлының ХХ ғасыр басындағы терминологиялық жұмыстарды жүргізуге ерекше атсалысқан, осы іспен тікелей айналысқан алаш оқығандарының бірі екенін оның тергеушіге берген мына жауабынан да соны байқауға болады. Онда ғалым былай дейді: «Мен онымен (Қаныш Сәтбаев) 1923 жылы, ол Қазақ Оқу-ағарту комиссариатының академиялық орталығына қазақ тілінде жазылған алгебра оқулығының қолжазбасын табыс еткен кезінде таныстым. Мен академиялық орталықтың жанындағы ғылыми комиссияның хатшысы ретінде алгебра терминдерін жасау жөніндегі жұмысқа қатыстым және Сәтбаевтың қолжазбасы жөніндегі хабарламашы болдым» (Тұрсын Жұртбай. Абақтыдағы алаш. «ЕҚ» 7 желтоқсан 2007 жыл).

Жан-жақты білімділігімен, көп тіл білетіндігімен ерекшеленген ғалым математика, геометрия, физика, тіл білімі сияқты бірнеше саланың терминдерін жасауға белсене араласқан. 90-жылдардан кейін Е.Омарұлы еңбектерінің бірқатарын жинақтап, алғаш жариялаушылардың бірі М.Шуақбаев «Елдестің медицина институтында сақтаулы жеке ісінде оның медицина қызметкерлеріне арнап қазақ тілінде сөздік дайындағаны туралы анықтама бар. Сөздік күні бүгінге дейін табылмай отыр» деп жазады. Бұл деректер оның медицина терминдерін жасаумен де айналысқандығынан хабардар етеді.

Елдес Омарұлы тіл маманы, ұлт тілінің үлкен жанашыры ретінде қоғамдық өмірдің өзге де салаларына қатысты жаңа сөздерді, терминдерді жасауға атсалысқан. Мәселен, Г.Әлімбаева ғалымның физика оқулығы туралы сөз еткен мақаласында «Сол кездегі Министрлер Советі Председателін» тұңғыш рет «Кіндік Үкімет Төрағасы» деп өзі аударып, жоғарыға арнайы ұсыныс

құжатын түсіртеді»<sup>295</sup> деп жазады. Термин қалыптастыру ісінің үнемі басы-қасында болған ғалым қаламынан туған атаулар мұнымен де шектелмесе керек. Ғалым мұрасын жинақтап, арнайы зерттесек, әлі де оның қаламынан туындаған көптеген терминдердің табылатындығына күмән келтірмейміз.

Елдес Омарұлы пән сөздерінің баспасөзде қолданылуына, ерекше мән берген. Ол өзінің білімпаздардың тұңғыш сиезінде пән сөздері туралы жасаған баяндамасын баспасөз тіліне тоқталудан бастайды. «Басылып шыққан газет, журналдарды қазақ оқи алатын болуы үшін, оның пән сөздері де қазаққа түсінікті болуы керек» деп жазады ғалым. Баспасөздің қоғамдағы атқаратын рөлі қашан да айрықша. Ал ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы хат таныған, білімі барлардың саны халықтың белгілі бір бөлігін құраған кезеңде баспасөздің орны тіптен айрықша болды. Ғылымның түрлі салаларын меңгерген ғалымдар мен жоғары білімді мамандар қауымы жаңа-жаңа қалыптасып келе жатқан уақытта қазақ тіліндегі ғылыми әдебиеттер де көп болған жоқ. Барларының өзін жаппай қолданатындай сауатты қауым әлі қалыптаса қоймап еді. Қалың жұртшылық қоғам өмірінде болып жатқан күнделікті жаңалықтармен қатар ғылым-білім саласындағы жаңа ақпараттарды да негізінен газет-журналдар арқылы алып отырды. Көптеген жаңа терминдердің баспасөз беттерінде жиі қолданылуына да осындай факторлар әсер етті. Терминдерді алғашқы сәттен бастап дұрыс қалыптастыру мен жұртшылықты жаңылыстырмау үшін термин қолданысына ерекше мән беру керек те еді. Осыны жақсы түсінген Е.Омарұлының өз баяндамасында бұл мәселеге арнайы тоқталуы да сондықтан. Терминдердің негізгі қолданылатын жері арнаулы мәтіндер, ғылыми әдебиеттер мен оқулықтар, оқу құралдары. Алайда қазақ тіліндегі ондай әдебиеттердің де, оларды кәсіби қызметінде пайдаланатын ғылыми қауымның да қалыптаса қоймауы себепті баспасөздің осы кеңістікті толтыруына тура келді. Е.Омарұлының «газет, журналдарды қазақ оқи алатын болуы үшін, оның пән сөздері де қазаққа түсінікті болуы керек» деген сөзі сол кезеңдегі қазақ баспасөзінде терминдердің көптеп қолданылғанынан хабардар етсе, екінші жағынан терминологияны қалыптастыруда терминдерді ұлт тілінде жасауға ерекше мән беру керектігін атап көрсетіп отыр.

Біздің ғалымдарымыздың көпшілігі қазір ғылым мен техника саласындағы жаңа ұғымдардың атаулары туралы сөз бола қалса, мұндай ұғым қазақта болмаған, сондықтан оны басқаша атап бас қатырып жатпай, ең дұрысы сол ұғымның атауын да өзге тілдегі қалпында өзгеріссіз қабылдау деп жатады. Мұндай уәжге тоқталатындар аз емес. Тілші-ғалымдар мен сала мамандарының арасында жаңа термин жасауға мейілінше қарсы, еуропа халықтары тілдерінің сөздерін өзгертпей алуға бейілділер жиі ұшырасады. Ал жиырмасыншы ғасыр басындағы қазақ ғылымы мен білім саласының дамуына аянбай еңбек еткен алаш оқығандарының көпшілігі бұл мәселеде басқаша ұстанымда болды. Соның ішінде алаш зиялы қауымының көрнекті өкілі, тіл білімпазы Елдес Омарұлының пікірі айрықша көңіл аудартады. «Пән кітебтері үшін пән сөздері

керек. Ондай сөздер қазақтың өз тілінде бұрын болмаған; Оны жаңадан ойлап шығару керек» – деп жазады ол. Ғалым бізде бұрын болмаған сөздерді ала берейік деген ойдан мүлде аулақ. Ол керісінше, ондай атауларды «жаңадан ойлап шығару керек» дейді. Жоқты бар етуді, өзгенікін дайын қалпында қабылдай бермей, өзіміздікін жасауды міндет санайды. Алаш зиялылары «осылай істеу керек», «жаңадан жасау керек» деп өзгелерге жол сілтеп, ақыл айтып қана қоймай, өздері пән атауларын жасап, қолданысқа енгізіп үлгі көрсете де білді. Олардың сөзі мен ісінің арасында қайшылық, алшақтық болмады. Елдес Омарұлы да өзінің бұрын қазақта болмаған терминдерді «жаңадан ойлап шығару керек» деген сөзіне сәйкес іс істеді. Ол көптеген геометрия, физика, медицина терминдерін қазақша тұңғыш рет өзі жасап, жазған оқулықтары, мақалалары мен құрастырған сөздіктері арқылы тілдік қолданысқа енгізді. Айтып қана қоюмен шектелмей, ол өз айтқандарын ісімен де дәлелдей білді. Мәселен, оның «Пішіндеме» (геометрия) оқулығындағы мына атаулардың барлығы да автордың қаламынан туындаған терминдер: *аудан, аттас көбкіл, берне, бернелес шама, бет, бөлу амалы, буын, доға, дөңгелек, жанама, жарма, жиек, екінші дәрежелі өрнек, еселік арасы, керме, кесе, кесінді, көбкіл, көлденең, кіндік сызығы, кіші кесінді, кіші өріс, қабырға, қар, қатар сызық, қима, қиықша, қия, қоршаулы бұрыш, қостабан, құрылымдастық, одағай сан, ортан бөлек, өлшемдестік, өлшеуіш, өріс, өрістік, өсінді, пішін, ұқсастық, ұлы өріс, сүйір бұрыш, табан, ен, пішіндеме, сабақтас пішіндер, сабақ кіндігі, саты, сыртынан сабақтас пішін, текше, тетік, төбе, түбір, тікше, тұрлаулы шама, тұрлаусыз шама, тұзу сызық, түйін, теңгіл, тік бұрышты үшкіл, тең бүйірлі үшкіл, үлес, үшкіл, шаршы, шек, шеңбер, ыңғайластық, ыңғайлас пішін, ішінен сабақтас пішін* т.б.

Ғалым тілде бұрыннан бар бірқатар *бет, буын, жиек, өріс, табан, ен, төбе, түбір* іспеттес сөздерді пән сөзі ретінде қолданып, оларға терминдік мағына жүктесе, енді бірқатар терминдерді жаңадан жасайды. Ондай жаңа терминдерді өзге тілдерге жүгіне бермей, қазақтың өз сөздерінен өрбітеді. Е.Омарұлының жасаған геометрия терминдеріне математик-филолог ғалым Ш.Білал арнайы тоқталып, талдау жасаған болатын<sup>296</sup>. Сондықтан біз бұл мәселеге көп аялдамаймыз.

Елдес Омарұлының жаңа терминдердің түсініктілігі туралы сонау жиырмасыншы ғасыр басындағы айтқан пікірі күні бүгінге дейін құнын жоғалтқан жоқ. Ол былай деп жазады: «Бұрын естілмеген жаңа сөз елге бірден түсінікті бола қоймайды. Бірақ пән сөз қазақтың өз тілінен алынып, мағынасы аз да болса тиісті ұғымды сездірерлік болса, оны түсіну қиын болмайды. Сондықтан пән сөзді қолдан келгенше қазақтың өз тілінен алу керек».

Бұл тұжырымы арқылы ол алдымен «пән сөзді қолдан келгенше қазақтың өз тілінен алу керек» дей отырып, екіншіден, неліктен сол пән атауларын үлт тілінен алу керектігіне жауап береді. Қазақ зиялысының терминтану ғылы-  
296 Білал Ш. Елдес Омаров – пішіндемедегі ұлттық таным өрнегін жасаушы//Елім деп өткен Елдес. – Алматы, 1998. 36-48 б.

мы едәуір дамыған кейінгі кезеңдерде сөз болған мәселелерін ерте ұғынып, тіліміздің терминологиясын қалыптастырудың алғашқы жылдарында-ақ айтып кеткендігі ерекше назар аудартады. Бұл оның асқан аңғарымпаз, өресі биік, зерделі жан екендігін көрсететін фактор. Біздің бұл жерде айтып отырғанымыз – «термин ұғынықтылығы» мәселесі. Бізде күні бүгінге дейін «терминді өзге тілден алғанда тұрған ештеңе жоқ» деген пікір үстемдік етіп келеді. Кеңестік дәуірде көп насихатталған осы пікірді жақтаушылар қазір де аз дей алмаймыз. Ұлт тілінде термин жасауды қолдамайтындар, терминологияны, ғылым тілін халықаралықтандыру қажет деп санайды. Жалпы бұл өз алдына жеке қарастыруды арнайы сөз етуді қажет ететін мәселе. Ал Елдес Омарұлының айтып отырғаны – терминнің атау болған ұғымы жөнінде мәлімет беріп тұруы. Ол дегеніміз – сол терминнің жасалуына негіз болған сөздің мағынасы тілді тұтынушыға түсінікті болып, ұғым жөнінен хабардар етуі. Ұлт тілінің өзінен алынған сөздің мағынасы сол тілде сөйлейтіндер үшін көмескі, жат болмайды. Сондықтан да белгілі бір ұлттың тіліне негізделіп жасалған атау жаңа сөз болса да, тез ұғынылады, оңай түсініледі. Елдес Омарұлының «пән сөз қазақтың өз тілінен алынып, мағынасы аз да болса тиісті ұғымды сездіретін болса, оны түсіну қиын болмайды» деп отырғаны осы. Орыс, неміс терминтанушы ғалымдарының кейінгі 15-20 жыл көлемінде айтып жүрген «термин мағынасының ұғынықтылығы» (прозрачность термина) дегені осы. Көріп отырғанымыздай, қазақ тіл білімінің мамандары бұл мәселеге жиырмамыншы ғасыр басында-ақ назар аударған.

Елдес Омарұлы термин жасау кезінде жұрнақтарды дұрыс пайдалануға алғаш мән берген қазақ зиялыларының бірі. Ол сөзге жалғанғанда тұрақты мағынаны білдіретін **-лық, -шы, -шыл, -лы, -сыз, -уыш, -тар** сияқты жұрнақтарды «тұрлаулы жұрнақтар» деп, ал ондай тұрақты мағынасы жоқ **-қ, -н, -ақ** тәрізді жұрнақтарды «тұрлаусыз жұрнақтар» деп екіге бөледі.

Елдес Омарұлының «тұрлаулы жұрнақ» және «тұрлаусыз жұрнақ» терминдері Ахмет Байтұрсынұлы жасап қалыптастырған «тұрлаулы мүше», «тұрлаусыз мүше» терминдерінің үлгісімен жасалған. Сондай-ақ жоғарыда атап көрсеткеніміздей, оның 1928 жылы Қызылордада жарық көрген «Пішіндеме» оқулығындағы «тұрлаулы шама», «тұрлаусыз шама», «сабақтас пішін» (сабақтас сөйлем), «одағай сан» (одағай сөз) терминдері де Ахаң үлгісімен жасалған атаулар.

«Қазақтілінің жұрнақтары жете тексерілген емес. Тұрлаусыз жұрнақтардың да түбір сөздің мағынасына дыбыстарына қарай, айрықша бір мәнісі болуы мүмкін, сондықтан түбірге тұрлаусыз мүше жалғағанда аса сақ болу керек. Қазақша түбір сөзге жұрнақ жалғап жаңа сөз шығарғанда – қолдан келгенше тұрлаулы жұрнақпен шығару керек; тұрлаусыз жұрнақтарды тексеріп сырын біліп алу керек» дейді ғалым.

Бізде қазір терминжасам барысында төл жұрнақтарымызбен қатар көптеген латын, грек терминбөлшектері мен кірме жұрнақтар да пайдаланылады. Алайда сол жұрнақтардың терминжасам үрдісіндегі үлесі мен пайдаланылу жиілігі анықталып, статистикалық есеп жүргізіліп жатқан жоқ. Елдес



Омарұлының өткен ғасыр басында-ақ жұрнақ жалғау арқылы термин жасау мәселесіне ерекше көңіл бөлуі назар аудартады. Ол тіліміздегі жұрнақтардың жете зерттелмегендігін айта отырып, жаңа атаулар жасағанда оларды орнымен пайдалану керектігін ескертеді. Ғалым термин жасағанда мүмкіндігінше тұрлаулы жұрнақтарды жалғаған дұрыс деп санайды. Оның тұрлаусыз жұрнақтарды пайдаланғанда аса сақ болу керек дегенінде үлкен мән жатыр. Мәселе мұнда жұрнақтың тұрлаулы немесе тұрлаусыз болуында емес. Автордың өзі атап көрсетіп отырған тұрлаусыз жұрнақтардың мағыналарының анық ажыратылмағандығында. Лингвистика тілімен айтқанда сөз жұрнақтардың семантикасы туралы болып отыр. Ғалымның бұл пікірі күні бүгінге дейін құнын жойған жоқ. Бүгінгі уақытта морфологиялық тәсілмен термин жасау барысында ең бір жиі кездесетін кемшіліктің бірі сөз тудырушы жұрнақтардың мағынасын білмей жалғау. Тіл мамандарынан гөрі терминологиялық сөздік жасаушы өзге салалардың мамандары бұл кемшілікке көп жол береді. Елдес Омарұлының «тұрлаусыз жұрнақтарды тексеріп сырын біліп алу керек» деуі олардың семантикасын анықтап алу керек дегені.

Ғалымның төл жұрнақтар мен кірме жұрнақтарды пайдалану мәселесіне қатысты да өзіндік ұстанымы бар. «Үндестік заңына бағынбайтын жұрнақтардың көбі қазақ тіліне сіңіп кеткен жат жұрнақтар. Олармен мәндес түбірмен үндесіп жалғанатын қазақтың өз жұрнақтары бар. Жаңа сөзді түбірге жат жұрнақ жалғап шығарғаннан өз жұрнағымызбен шығарған артық» деп жазады ол. Мұнда алаш зиялысы екі мәселеге қатысты өз пікірін ашық білдіріп отыр. Біріншіден, ол тілімізде кірме жұрнақтармен мағыналас, үндестік заңын бұзбайтын төл жұрнақтар бар екендігін ескертіп отырса, екіншіден, термин жасам үрдісінде төл жұрнақтарды пайдаланған артық деп көрсетеді.

Елдес Омарұлы да өзге замандас әріптестері сияқты қазақ тілінен терминге лайық сөз табылмай жатқан жағдайда, еуропаға кең тараған латын сөзін алуға болады деп санайды. «Пән сөзді өз тілімізден таба алмаған күнде, иауропа қолданған латынша пән сөздерді алуға болады. Бірақ ондай жат сөздерді алғанда, оны тіліміздің заңына келтіріп, өзгертіп алу керек» дейді баяндамашы. Ғалымның өз сөзін келтірсек, баяндамада былай делінген: «Жат сөздің асыл түрін бұзбай алсақ: ондай сөзге қазақтың тілі келмейтін болады; Жана қазақ тілінің заңына келмеген сөзді, оған қазақша жұрнақ, жалғаулар жалғап өзгертуге де болмайды. Ондай сөз қазақ тіліне қазақтың өз сөзіндей болып сіңісе де алмайды, бір түрлі ерсі сөз болып қалады. Жат сөз қазақ тіліне сіңіп түпкілікті қазақ сөзі болып шығуы үшін, – мағынасы түсінікті болмаса да, айтуға жеңіл, құлаққа ерсі болмауы керек».

Бір қарағанда баяндамашының бұл пікірінде негізгі бір ғана ой айтылып тұрған сияқты болғанымен, оның осы сөзінде кірме терминдерді қабылдаудың бірнеше мәселесі қамтылып тұр. Ол бұл жерде «Жат сөздерді қазақ тіліне неліктен икемдеп, өзгертіп алу керек?» деген сұраққа лингвистикалық тұрғыдан жауап беріп отыр. Яғни, баяндамада кірме сөздерді ұлт тіліне өзгертіп қабылдаудың себептері атап көрсетіледі. Ал енді ғалымның баяндамасындағы

сол айтылған себептерді нақтылап, айтқан тұжырымдарының аражігін ашып, жіктеп көрсетер болсақ, олар мыналар: Біріншіден, өзгертілмей алынған сөзге қазақтың тілі келмейтін болады. Екіншіден, қазақ тілінің заңына бағындырылып алынбаған сөзге төл жұрнақтарымызды жалғап өзгертуге де болмайды. Үшіншіден, өзгеріссіз қабылданған сөз қазақтың өз сөзіндей болып тілге сіңіп кете алмайды. Төртіншіден, сөздің дыбысталуы жағымды және айтылуға жеңіл болуы керек деп түйіндейді.

«Тілдің заңына келмейтін жат сөздер көбейіп кетсе, тіл бұзылады, - тілдің негізгі қасиеттері, тұрлаулы заңдары бұзылады» деп, ұлт тілінің қадір-қасиетін терең сезінген, оның негізгі заңдары ментазалығын, әуезділігін сақтау қажеттігін ғылыми тұрғыдан дәлелдей білген ғалым, өз идеясына, ғылыми ұстанымына беріктігімен де ерекшеленеді. Оны ғалымның шығармашылығынан және ұлтшыл, алашшыл, пурист деп айыптаған жылдарда да алған бағытынан бас тартпағандығынан, табандылық танытқандығынан да байқауға болады.

Елдес Омарұлының білімпаздардың тұңғыш сиезінде жасаған баяндамасына ерекше мән беріп, айрықша тоқталып отыруымыздың өзіндік себептері бар. Ең бірінші себебі – бұл бүкіл қазақ-қырғыз зиялылары, алаштың ең білімді азаматтарының бас қосқан алқалы жиынында терминология мәселелерін алғаш рет ресми түрде талқылауға ұсынған баяндама. Оған дейін де түрлі басылымдарда жеке ғалымдар мен қазақ оқығандары тарапынан термин, терминология мәселелері туралы сөз қозғалғанымен, бірақ дәл білімпаздар құрылтайындай жоғары деңгейде өткен салиқалы жиында арнайы сөз болмаған еді. Сондықтан да терминология мәселелерінің елдегі түрлі көзқарастағы бүкіл ғалымдарының жиналған съездің күн тәртібіндегі негізгі мәселенің бірі ретінде қаралуы – қазақ терминологиясының тарихындағы айтулы оқиға еді. Екінші себебі – осы баяндамада тұңғыш рет ұлттық терминологиялық қорды қалыптастырудың негізгі бағыттары, терминологияны дамытудың қағидаттары ұсынылып, жан-жақты талқылаудан кейін съезд оны ресми бекіткен болатын. Сонымен 1924 жылы съезд қаулысымен ресми бекітілген қазақ терминологиясының тұңғыш ғылыми қағидаттары Елдес Омарұлының баяндамасына негізделді. Нақтырақ айтқанда, пән сөздерге арналған баяндама съезд делегаттары тарапынан қызу талқыланғанмен, баяндамашының ұсынған мәселелері бойынша айтарлықтай өзгеріс енгізілген жоқ. Жалпы көтерген мәселесі, ғылыми құндылығы жағынан да Е.Омарұлының бұл баяндамасын қазақ терминологиясының тарихындағы алатын орны айрықша «Елдестің ерекше баяндамасы» деп атауға толық негіз бар.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде жасаған Елдес Омарұлының «Қазақша пән сөздер» атты баяндамасы туралы айтқанда тағы бір мәселеге ерекше мән беру керек. Ол бұл баяндамаға Ахмет Байтұрсынұлының қатысы жөніндегі мәселе. Мемлекет ісінде де, ұлт мәселесінде де ұстанымдары ортақ мүдделес, идеялас Ахмет Байтұрсынұлының сенімді серігі болған Елдес Омарұлы қай істе де Ахаңмен пікірлесіп, ой бөлісіп отырған. Ахаңды Елдес Омарұлы қандай айрықша құрметтеп, азаматтық тұлғасы мен ғалымдығын

жоғары бағаласа, Ахаң да Елдесті дәл сондай ерекше құрмет тұтып, оның білім-парасатын, кісілік келбетін қадірлей білген. Олар көзқарастары бір, мақсат-мүдделері ортақ, ұлт болашағы үшін адал қызмет еткен қазақтың нағыз зиялы, қайраткер азаматтары ретінде бірін-бірі жақсы түсінген, тізе қосып бір жүрген, жақын сырласып, шынайы сыйласа білген. Әсіресе, тіл мәселесінде олар бір-бірін терең түсініп, кеңесіп-келісе отырып қызмет еткен. Оның да өзіндік себептері бар. Ахаң ғасыр басында қызмет еткен қазақ зиялыларының арасына шоқтығы биік тұрған зор қайраткер тұлға болумен қатар, ол – қазақ тіл білімінің негізін қалаған бас тілші-ғалым еді. Ал Елдес Омарұлы физика, геометрия, математика пәндерін де жақсы меңгерген білімпаз болумен бірге, ол негізінен лингвистикалық білімі өте терең Ахаңмен қанаттасып қатар жүре алатын ірі тілші-ғалым болды. Алаштың осы қос арысының бір-біріне қалтқысыз сеніп, өмірлерінің соңына дейін сыйластығы жарасып, қатар қызмет етуі бір жағынан олардың адамгершілік қасиеттері мен кісілік келбеттеріндегі сәйкестікке байланысты болса, ал тіл мәселесінде бірлесіп, түсінісе жұмыс істеулері олардың тіл мамандары ретінде кәсіби деңгейлерінің биік болуымен де байланысты екендігі даусыз.

Е.Омарұлының баяндамасында ұсынылған жобаға Нәзір Төреқұлұлы, Манан Тұрғанбайұлы, Халел Досмұхамедұлы, Ишанғали Арабайұлы сияқты сиез делегаттары өз тараптарынан пікір білдіріп, ұсыныстарын енгізген. Қабылданған қаулыда сол ұсыныс-пікірлердің де ескерілгенін айту керек.

1924 жылы сиезде жасалған баяндамада көрсетілген қағидаттарды Е.Омарұлы өзі ғана дайындады ма, ол баяндама Ахаңдармен ақылдаса отырып термин комиссиясының атынан жасалды ма, нақты деректерді кездестірмегендіктен ол жайында кесімді пікір айту қиындау. Бірақ термин комиссиясының сол кездегі төрағасы А.Байтұрсынұлының ол жобамен сиезге ұсынылғанға дейін таныс болмауы, оған ат салыспауы мүмкін емес деп ойлаймыз. Елдестің баяндамасын талқылау кезінде оған Ахаңның араласпауы да осындай ойға жетелейді. Термин жайын терең білетін Ахаңның айтары болмады деуге негіз жоқ. Керісінше, Ахаң сиезге дейін-ақ өз ұсыныстарын, алып-қосарларын айтқан немесе Елдестің пікірін толық қолдаған десек, шындықтан алшақ кетпейміз. Тағы бір назар аударатын мәселе қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде термин жөніндегі баяндаманы Елдес Омарұлы жасап, қазақ терминологиясын дамыту қағидаттары осы баяндама негізінде бекітілгеніне қарамастан, 1926 жылы Бакуде өткен Бүкілодақтық түркология сиезінде терминология қағидаттары жөніндегі баяндаманы А.Байтұрсынұлының жасағаны. Ахмет Байтұрсынұлы баяндамасын былай деп бастайды: «Основные мои мысли по выработке терминологии мною высказаны в тезисах, с котрыми, полагаю, все делегаты Съезда знакомы. Настоящий мой доклад к ним ничего нового в основе не прибавить».

Көріп отырғанымыздай, баяндамашы тезистегі айтылған ойларды да, баяндаманы да өз атынан айтып отыр. Осы мәліметтерге сүйенсек, Елдес Омарұлының қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде жасаған пән сөздері

жөніндегі баяндамасында Ахаңның ұсыныс-пікірлері де ескерілген деуге негіз бар. Бір жағынан басқаша болуы да мүмкін емес. Ғасыр басындағы термин шығармашылығының басы-қасында болған, термин комиссиясының төрағасы Ахаң мен комиссия хатшысы, бірнеше саланың терминдерін жасауға тікелей өзі қатысқан Елдес Омарұлының қазақ терминологиясының болашақ даму бағытын белгілеп отырған маңызды ғылыми құжат болып табылатын негізгі қағидаттарды өзара ақылдаспай съез қарауына ұсынуы да қисынсыз болар еді. Іс жүзінде, 20-жылдардан бастап, термин шығармашылығында алаш зиялылары өздері ұстанып келген жолдарын, жүйелеп, тиянақтап ресми бекітуді қажет деп тапқан. Мұндай маңызды істің Елдес Омарұлына тапсырылып, съезде пән сөздері жайындағы баяндаманы оның жасауы да жайдан-жай емес. Тіл білімпазы, термин жайын жақсы білетін ғалым ретінде ол өзіне тапсырылған міндетті абыроймен атқарып, ғылыми құндылығы аса жоғары баяндама дайындады. Съез делегаттары баяндаманы талқылағанда ол, айтылған сын-пікірлер мен қойылған сұрақтарға нақты дәлелдер келтіре отырып анық та айқын жауап берді. Ұсынылып отырған қағидаттардың дұрыс екендігіне мамандардың көзін жеткізіп, өз ұстанымын дәлелдей білді. Нәтижесінде оның баяндамасы негізінде терминологияға байланысты съез қаулысы қабылданды. Бұл қазақ терминологиясының, ғылым тілінің даму тарихындағы айрықша оқиға болды. Қазақ терминологиясы дамуының алғашқы кезеңінде бекітілген бұл тұңғыш ғылыми қағидаттар алаш зиялыларын әкімшіл-әміршіл жүйе жойғанға дейін он шақты жыл басшылыққа алынды. Қазақтың ұлттық ғылыми терминологиясының негізі дәл осы қағидаттарды басшылыққа ала отырып жасалды. Сонау XX ғасыр басында жасалған бұл қағидаттардың ғылыми негізінің беріктігіне, құндылығын еш жоймағанына бүгін де көз жеткізіп отырмыз. Араға ғасырға жуық уақыт салып барып, біз алаш зиялылары жасаған осы қағидаттарға қайта оралып жатуымыздың да сыры осында. Сондықтан да қазақ терминтануының тарихында Елдестің баяндамасы ерекше ескерілуі тиіс. Бұл баяндама қазақ терминологиясының мәселелерін елдің бүкіл зиялы қауымы бас қосқан алқалы жиында, биік мінберден тұңғыш сөз еткен тарихилығымен құнды. Сонымен қатар Елдес жасаған баяндама ұлттық терминологияны дамытудың 30-жылдарға дейінгі тұтас бір кезеңінің бағыт-бағдарын белгілеген, қазақтың терминқорын қалыптастыруға ғылыми-лингвистикалық тірек болған тұғырнамалық құжат.

**1924 жылдың маусым айында Орынборда «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің 1-съезінде» Елдес Омарұлы жасаған «Қазақша пән сөздер» тақырыпты баяндаманың негізінде бекітілген қазақ терминологиясын қалыптастырудың алғаш рет (съез қаулысымен) ресми бекітілген қағидаттар мыналар:**

1. Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатын болсын.

Қазақша сөздерден түбірге жұрнақ жалғап, жаңа сөз шығарғанда, – жұрнақтарды Елдестің баяндамасында айтылған жолмен талғап алуға тиіс.

2. Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрік

халықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер – жалпы түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, – ондай сөздер жатырмай алынсын.

3. Иауропа халықтарының бәрінің де тіліне сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің заңдарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын, - жалпы Иауропа сөзі мен қазақша сөз түбінде екеуі қатар жазылып отыратын болсын;

4. Қазақтың өз тілінен басқа тілдерден алынған пән сөздер қазақ тілінің баяндамада байыналап көрсетілген заңдарынша өзгертіп алынсын. Бұл қағидаттармен қатар, съез қаулысының 5, 6 пункттері ретінде терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыру мен үйлестіруге қатысты нұсқаулар да енгізілген. Олар мыналар:

5. Қазақша пән сөздерін тексеріп қабылдап алатын орыс, қазақша ілім кеңесі, – жалпы қазақ халқы үшін жалғыз болсын; пән сөздер әуелі ілім кеңесінің жанында өз пәнінің мамандарынан сайланған, өз пәнінің өзіне дербес кемесиелерде тексерілетін болсын; Кемесиенің қабылдап алған сөздері баспасөз жүзінде жарияланып, көптің сынына түскеннен кейін, ілім кемесиесінің қарауына тапсырылып, сонда бекіп шығатын болсын;

6. Қазақша сөздер әліпби ретімен тізіліп, лұғат кітебі болып жазылып шығарылсын.

Сондай-ақ қаулыға қосымша есебінде, Әлиқанның: қағаз бетіне кісінің аты-жөнін жазғанда, орысшаға еліктеп, әкесінің атына «оп» деп қосып жазу қалсын – деген ұсынысы тіркелді.

### II.3. Мұхтар Әуезов және қазақтың ғылым тілінің мәселелері

XX ғасырдағы қазақ терминологиясының, ғылым тілінің тарихы туралы сөз қозғағанда М.Әуезовтің есімін атамай кетуге болмайды. Өйткені ол ғасыр басынан бастап-ақ ғылым тілінің, терминологияның маңызын терең түсініп, оны дамыту мен қалыптастырудың өзекті мәселелерін арнайы сөз еткен қазақ зиялыларының бірі болып табылады. Оның бұл мәселеге арналған алғашқы мақалаларының 1917, 1918 жылдары-ақ жарық көруі соның айқын дәлелі бола алады. Ғалымның «Қайсысын қолданамыз?» деген мақаласы 1917 жылы Семейде шығып тұрған «Сарыарқа» газетінде жарияланған.

«Жұрт оянып, көзін ашып, жұрттыққа бетін түзесе, күннен күнге мұқтажы табылып көбеймек. Осы күнгі біздің көп мұқтажымыздың ішінде ең ірісі – ғылым» - деп басталатын осы мақаласында ол *«Қазаққа келсек, мектепке арналған ретті бір кітап жоқ. Себебі, мұны ниет қылған талапкерлердің алдынан көлденең шығатын бір зор кедергі барлығы. Ол – ғылым тілі. Ғылым тіліне қазақ сөзі жетпейтіні, жететін болған күнде де, аршылып, арналмағандығы анық. Қандай тілге бай жұрт болсын, ғылым жолына түсе бастағанда тілі кемшілік қылып, қашанғы ескісін алып құрастырып, бөтен жұрттың тілін жасау қылып, неше түрлі болып аламыштанады.*

*Бір халықтың ғылымсыз күніндегі тілін алып, артынан ғылымды болған күндегі тілін алсақ, соңғы тілі жаңа туғандай болып өзгереді»- деген пікір айтады.*

Сол кезде жиырма жастағы жас Мұхтар Әуезовтің баспа бетін көрген қаламалды еңбегінің бірінен саналатын бұл шағын ғана мақаласының құндылығы – өткен ғасырдың бас кезінде-ақ ғылым тілінің мәселесін алғашқылардың бірі болып көтеруінде. Біріншіден, мақала авторы білім беру ісінде кедергі туғызып отырған мәселенің бірі ғылым тілінің, терминологияның қалыптаспағандығы екенін атап көрсетеді. Екіншіден, ғылыми ұғымдарды білдіретін қазақ сөздерінің жетісе бермейтіндігі, ал бар сөздердің сұрыпталып алынып (Әуезовше айтқанда аршылып) терминдік мәнде, арнайы мағынада жұмсалмағандығы (арналмағандығы) да дәл сол кезеңнің шындығы ретінде өте орынды айтылған пікір. Үшіншіден, ұлттық ғылым тілінің алғашқы қалыптасу кезеңінде болатын қиыншылықтарды атап көрсетеді. Мәселен, көне сөздерге жаңа мағына жүктеп, өзге тілдерден сөз алуға тура келетінін айтуы соның айғағы. Төртіншіден, ғылымның дамып, өркендеуіне байланысты ұлт тілінің үлкен өзгерістерге ұшырайтынын да («жаңа туғандай болып өзгереді» -М.Ә.) орынды атап өтеді. Тілге сондай өзгерістер енгізу кезеңі жаңа басталған сол уақытта бұл дер кезінде айтылған пікір еді.

Өткен ғасырдың басында М.Әуезов көтерген мәселелердің бірқатары бүгін де түпкілікті шешімін тапты деп айту қиын. Одан бері арада бір ғасырға жуық уақыт өтсе де ғылым тілінің, терминологияның көптеген мәселелері бүгін де күн тәртібіне өткір қойылып отыр. М.Әуезов мектепке арналған бір ретті кітап жоқ, оны жазуға ғылым тілінің қалыптаспауы кедергі келтіріп отыр деген болса, қазір оқулықтарымыз баршылық, алайда ғылым тілі мен терминология мәселесі тұрғысынан келгенде және олардың сапасын жақсарту бағытында атқарылатын істер әлі де аз емес. Мұндай мәселенің туындарын да ол күні бұрын сезіп, дөп басып айта білген. Оған оның осыдан 85 жыл бұрын жазылған осы мақаласындағы мына пікірі дәлел бола алады: «Бұл, ғылым тілі деген мәселе, - өз мектебіміз, өз мұғалім, үйретушілеріміз бола бастаған сайын «шеш!» деп, дікілдеп қысатын мәселе».

Қазіргі білім беру жүйемізді ХХ ғасыр басындағымен салыстыруға мүлде келмесі анық. Одан бері ғылым-білім жүйесі бір ғасырға жуық даму жолынан өтті, әлдеқайда өркендеді. Бүгінгі заман талабына сай жабдықталған мектептеріміз де білікті ұстаздар қауымы да жоқ емес. Тек 90-жылдардан бергі уақыт ішінде ғана әртүрлі сатыдағы оқу орындарының оқушылары мен студенттеріне арналған қаншама оқулықтар жарық көрді. Алайда уақыт озған сайын заман талабы да күшейе беретіндігі өркениеттің бұлжымас заңы екендігі белгілі. Бұл тұрғыдан келгенде қазіргі кезеңде де Мұхтар Омарханұлының сөзімен айтқанда бізге «шеш!» деп, дікілдеп қысып, шешімін күтіп отырған мәселелер жетерлік. Терминдердің қолданысындағы бірізділіктің болмауы, жарыспалылыққа жол берілуі, оқулық тілінің ауыр немесе аударма сарынды болып келуі сияқты кемшіліктердің орын алып отырғандығы жөнінде мамандар

тарапынан аз айтылып жүрген жоқ. Ұлт тілінде білім берудің сапасын жақсарту беру үшін ғалымдар мен ұстаздар қауымы алдында бүгінгі күннің осындай бірқатар мәселелерін шешу міндеті тұр. Ғылым тілінің, ғылыми-техникалық терминологияның қалыптасуы оқулықтардан басталары анық. Ғылыми ұғымдардың атауларымен танысу, олардың мағыналарын ұғынып, санамызға сіңіру алдымен мектеп оқулықтарынан басталса, арнаулы және жоғары оқу орындарының оқулықтары мен оқу құралдарында олардың саны одан да арта түсері мәлім. Мұндағы бір назар аудартатын мәселе оқулықтарға математика, физика, биология, тіл білімі сияқты басқа да барлық арнаулы салалардың негізгі ұғымдарының атаулары енгізіледі. Салалық терминдердің көпшілігі сол негізгі ұғым атауларынан туындап жатады. Ондай атаулар арнаулы саланың тұтастай терминологиялық жүйесінің қалыптасуына ұйытқы болады. Осыны жақсы түсінген Ахаң бастаған ұлт зиялылары ХХ ғасыр басында ғылым тілін халық тілінің негізінде қалыптастыруға айрықша мән берді.

Өткен ғасырдың бас кезінде білім беру және ғылым тілі мәселесі сөз болғанда орысша оқығандар мен мұсылманша оқығандар арасында пікір қайшылығы туындап, әр қайсысы өз ыңғайына қарай тартқаны белгілі. Бұл мақаласында осы мәселеге басты назар аудара отырып, болашақ ғалым-жазушы өз ойын былай деп білдіреді: «Бізге осы күннен оқу тілі мәселесін ашып, бір жолға бетті түзеу керек. Осы туралы орысша оқыған өз машығына, мұсылманша оқыған өз машығына тартпай, дәлелімен қай тілдің мағынасы орамдырақ, қай тіл қазақтың өмір жөніне қолайлы, осыны салыстырып, біреуін ұстау керек».

Әрине, бұдан кейінгі кезеңде қай бағытты ұстанғанымыз баршамызға аян. Өткен ғасыр басында қазақ оқығандарының алдында сондай таңдау тұрса, бұл ғасырдың басында да терминологияның кешегісі мен бүгінгісін сараптап алып, бұдан былайғы даму бағытын айқындау қажет болып отыр. Терминологияны ұлт тілінде қалыптастырудың маңызы мен оның халықаралық сипатын сақтау керектігін дәлелдеп жүрген мамандардың зерттеу нәтижелерін қорыта отырып, соның негізінде қазақ терминологиясының ғылыми принциптерін белгілеуге тура келеді.

М.Әуезовтің қаламалды мақалаларының бірін ғылым тілінің мәселесіне арнауы қазақ терминологиясының тарихы мен ғылым тілінің қалыптасуын зерттеушілер назарынан тыс қалуға тиіс емес. Екінші жағынан ғылым тілі мәселесінің өткен ғасырдың басында-ақ арнайы сөз болуы айрықша көңіл аудартады. Тағы бір назар аудартатыны қазақ газеттерін зерттеген ғалым Ү.Сұбханбердинаның еңбектеріндегі мәліметтерге сүйенсек, бұл мақала М.Әуезовтің жеке өз авторлығымен жазылып баспа бетін көрген екінші мақаласы екен. Өйткені ол ең алғаш баспа бетін көрген «Адамдық негізі – әйел» деп аталатын мақаласы туралы өзі жазған өмірбаянында мынандай мәлімет келтірген екен: «Ең алғашқы баспаға шыққан статьям «Сарыарқа» газетінде: «Адамдық негізі – әйел» деген нәрсе еді. Бұл анығында менің жалғыз өзімдікі емес, Тұраш екеуіміздікі болатын... Мақаланы бергенімізде ешқайсымыздың

қолымыз жоқ еді. Басқармадағы Сәбит Дөнентай баласы ма, болмаса Әлімбеков пе, біреуі – мен әкеп берген соң «Семинарист Әуезов» деп аяғына қол қойып жіберіпті» (Архив ЛММА. КПП- I

«Адамдық негізі – әйел» 1917 жылы «Сарыарқа» газетінің 5 қыркүйектегі № 12 санында жарияланған болса, одан кейінгі «Әуезов оқудағы құрбыларына» деп аталатын мақаласы осы газеттің 1917 жылдың 17 қыркүйегіндегі санында жарық көріпті. Біз сөз етіп отырған «Қайсысын қолданамыз?» атты мақаласы осы газеттің 1917 жылғы 19 қазандағы №17 санында жарияланып, мақалаға «Мұхтар Әуезов» деп қол қойылған. Осы үш мақала бір айдан сәл ғана асатын мерзімінің ішінде жарияланған. Сонда семинарист Әуезовтің ғылым тілі жөнінде жазған мақаласы жеке өзінің авторлығымен жазылып баспа бетін көрген екінші мақаласы болып шығады. Бұдан ғалым-жазушы, академик-жазушы атанып, ғалымдық пен жазушылықтың тізгінін тең ұстап, оны ұстаздықпен ұштастыра білген ірі тұлғаның шығармашылық жолындағы алғашқы қадамынан бастап-ақ қаламгерлік пен ғалымдыққа қатар ден қойғанын айқын аңғаруға болады. Ол ірі әдебиетші ғалым, әлемге әйгілі жазушы болумен бірге кең ауқымды филолог ретінде тіл ғылымының күрделі мәселелері жөнінде құнды пікірлер айтып, оларды шешудің жолдарын ұсынған. Оған ғалымның ғылым тілі, терминология және көркем шығарма тілі туралы жазған ғылыми мақалаларындағы ойлары, тың тұжырымдары айқын дәлел бола алады.

М.Әуезовтің ғылым тілінің тарихында ескерусіз қалмауға тиісті еңбегінің бірі - «Ғылым тілі (научный термин)» деп аталатын мақаласы. Бұл мақала жоғарыда сөз болған «Қайсысын қолданамыз?» атты мақаладан кейін арада бір жылдай уақыт өткенде 1918 жылы «Абай» журналының №7 санында жарияланған. Мақала соңында «Мұхтар» деп қол қойылыпты. Аты айтып тұрғандай мақала тікелей ғылым тіліне, ғылыми термин мәселесіне арналған. Өткен ғасыр басындағы ғылым тілінің мәселелерін сөз еткен ең алғашқы еңбектердің бірі болғандықтан мақаланың ғылым тілінің тарихы үшін маңыздылығы дау тудырмасы анық. Мақалада көтерілген кейбір мәселелердің бүгін де маңызын жоймағандығы тағы бар. Соған қарамастан термин, терминология мәселелерін зерттеушілер тарапынан М.Әуезовтің бұл мақаласы туралы сөз болмай келуі түсініксіз.

Бұл мақаланы 1917 жылы «Сарыарқа» газетінде жарияланған алдыңғы сөз болған «Қайсысын қолданамыз» атты мақаласының заңды жалғасы деуге болады. Автор алғашқы мақалада көтерген мәселелері туралы ойларын одан әрі жалғап, тұжырымдарын тиянақтай түскен. Мақаланың бірінші сөйлемі – «Ғылым тілі – бұл уақытқа шейін қазақ оқығанының бір қалыпқа қойып, бір негізге құра алмай келе жатқан мәселесінің бірі» – деп басталыпты. Мұндай пікір айтылғаннан бері арада сексен жыл уақыт өткеніне қарамастан, ғылым тілінің бар мәселесі шешілді деп айту қиын. Тіпті сонау XX ғасыр басында көтерілген кейбір мәселелердің күн тәртібіне бүгін қайта қойылып жатқандығының да куәсі болып жүрміз. Ғылым тілін бір қалыпқа түсіріп, бір негізге құрдық деуге



әлі ертерек. Ендеше Әуезов көтерген мәселенің әлі де құнын жоймағандығы. Ол алғашқы мақаласында алға тартқан мәселені қайтадан қозғап, былай деп жазады: «Қазіргі қазақ тіліндегі оқу екі ағысқа бөлініп барады. Бірі – мұсылманша оқығандардың жолы. Ғылым тілін арапшаға, мұсылман негізіне тартады. Екіншісі – орысша оқығандар, ғылым тілін орысшаға, европа негізіне тартады. Бұл жік тәртіпті бастауыш мектептердің һәм курстардың оқуында айқын білініп отыр. Әркімнің өз білгеніне тартатыны мәлім нәрсе». Дәл осы ойды ол алдыңғы мақаласында да айтып, бұл мәселеге ерекше мән беру қажеттігін көрсеткен. Бұдан жас зерттеушінің сол кездің өзінде-ақ мәселенің маңызын терең түсінгендігін байқауға болады. Алдыңғы мақаласында ол екі бағыттың бірін таңдап, ғылым тілін бір ізге түсіру қажеттігін айтса, соңғы мақалада өзінің қай бағытты қолдайтынын білдіріп, неге ол бағытты ұстану керектігінің себептерін көрсетеді, өзіндік дәлелдерін алға тартады. Қазан төңкерісінен бастап 30-жылдар ішінде терминологияны қалыптастыру ісінде пантүркішілдер, панисламистер, бұқарашылдар (демократшылдар), европашылдар бағыты болғаны мәлім. М.Омарханұлы бұл бағыттардың қайсысын ұстанған дұрыс екендігін айта келіп, өзгелерін сынға алады. «Қазақтың мәдениетін түрік үлгісіне қарай тарта беретін мұғалімдердің негізгі жолдары – «пан-тюркизм», «пан-исламизм» тағы әртүрлі «пан-пәленизмдерді» жол қылып ұстайтыны белгілі. Бірақ сол «пандардың» жолына қай жұрт болсын надан күйінде ғана мойынсұнады. Мәдениетке бет қойып, басқыштан ілгерілеген сайын пандардан жұрт жиреніп, пайдасыз бір іс деп санап, далада қалдырады. Осы күнде көзін жұмып, аузын ашып, тәтті қиялды қорек қылған адам болмаса, ширақ ақылмен қараған кісіге бұдан кейінгі «пан» - саясат хаосы екені мәлім боларлық болған. Себебі: қай жұрт болсын, өз бетінде жұрттығы болмаған күнде ғана басқа, өзіне жақын жұрттың тілеуін тілейді. Өз жұрттығы буын бекітіп, бас қалқайтса, алыстағы жұртқа тілеген тілекті қайтып алып, өз жұртына жұмсайды. Бұл адам баласының сүйегіне сіңген табиғи мінезі». Кешегі кеңестік кезеңде «совет халқына» ортақ терминдер қорын құру бағытын ұстансақ, егемендігімізді алып, тәуелсіздігімізді жариялаған күннен бастап, дербес мемлекет ретінде өз мүддемізді көздейтін тіл саясатын жүргізе бастағанымыз белгілі. Ұлт тілінде термин жасау ісінің жандануы, кеңестік кезеңнің 30-ыншы жылдарынан бастап 90-ыншы жылдарға дейінгі алпыс жылдың ішінде жасалмаған терминдердің соңғы он жыл ішінде жасалып, қалыптасып жатуы соның айқын дәлелі бола алады. Өзінің дербестігі, Мұхаңша айтқанда, жұрттығы болмаған елдің өзгенің тілеуін тілейтіндігін өзгелердің жүріп өткен жолынан емес өз басымыздан өткізген халық ретінде өте жақсы білеміз. Өкінішке қарай, біз өзімізге жақын жұрттың емес, сол жақындарымыздың бәрін қосып билеп отырған жұрттың тілеуін тілеуге мәжбүр болған елміз. Соның салдарынан терминологиямыз да өзіміз тілекші болған жұрттың ықпалымен жасалып, солардың терминологиялық қорымен ортақтығы мол, керісінше, ұлттық сипаты әлсіз болып қалыптасты. Ал түбі бір түркі халықтарының арасындағы тілдік туыстастықты ескере отырып

терминологияны қалыптастыруды назардан тыс қалдыра тұруымызға тура келді. Ғалымдарымыздың ғылыми-техникалық терминологиямыздың 70-80 пайызын кірме терминдер құрайды деп жүргені соның айғағы болса керек.

Әуезовтің пантүркішілдер туралы көзқарасы да айқын. Ол өздері европа дастарханының шетінен орын алып отырған түріктерді үлгі тұтудың қажеті жоқ деген пікір айта келіп, «Пан-тюркизм» қазақ мәдениетінің жолын өрлетіп, жұрттықтың бойын өсірмейді. Саясат жолына кірген жұрт туысқандық, жақындық деген нәрседен айрылады»-дейді. Түріктің бірінші университеттеріндегі басты тілдер англия, франция, германияныкі екендігін мысалға келтіреді. Бұл мақала жазылған кезеңде түркі терминологиясының біз үлгі аларлықтай болмауы мүмкін. Алайда біз орыс терминологиясын үлгі етіп алуға біржола көшкен 30-ыншы жылдары Түркияда ел басына Ататүріктің келуімен оларда терминологияны ұлт тілінде қалыптастыру бағытында үлкен өзгерістер болды. Сондай-ақ қазақ терминологиясының атасы атанған Ахаң түркі тілдерінде терминалмасуды ұлттық терминологияны дамытудың принциптерінің бірі ретінде танығаны белгілі. Кейінгі кезеңдерде туыстас тілдер арасында термин алмасу мәселесіне ерекше мән беріп отырған елдердің де аз емес екенін айта кету керек.

Семинарист Әуезов бұл мақаласында ғылым тілін арабшаға негіздеуге де келіспейтіндігін айтады. Бізге ертедегі араб мәдениеті мен XIII-XV ғасырлардағы олардың ғылымын оқумен шектеліп қалмай, қазіргі одан бері көп дамыған европа ғылымын игеруге ден қою керек деп санайды. Ол европашылдар бағытын қолдай отырып, «Бұл мәселе турасында қарсы пікірде болған кісілер болса, дәлелдерін баяндағаны жөн» - деп, өзінің ашық ғылыми пікірталастан бас тартпайтынын білдіреді.

Мақала авторының демократшылдар (бұқарашылдар) жөнінде сөз қозғамағанына қарағанда сол кезеңде бұл ағымның өзге ағымдар сынды айқын көрініс таба қоймағандығынан болса керек.

Мақаладағы Мұханның орыстар мен жапондардың тіл жолындағы қателіктерін қайталаудан сақтандырған пікірі де айрықша назар аудартады. Ол орыс әдебиеті аяғын апыл-тапыл басып, буынын бекіте алмай жүргенде «шіркеулік-словян» (церковно-славянский) тілімен аламыштанғанын айта келіп, «Орыс ол қатесін бері келген соң зорға түзетті» – дейді. Ал оның жапон тілі жөніндегі пікірімен танысқанда қазақ тілін қандай тағдыр күтіп тұрғанын алдын ала болжай білген екен-ау деген ойға қаласың. Ғалым пікіріне назар аударып көрелік. «... япония жұрты надан күнінде жазу, оқу, аз-аз өнер үлгілерін берген апасы қытай болып, қытайды көсемі қылып алдына салып, етегінен ұстап жүріп, қытай тілін әдеби тіл қылып ұстады. Бұл күнде қытай жұртта қалып, япония ұзап кетсе де қытай тілі әдеби тіл болып қалып, японияға дерт болып, құтыла алмай, әуреді жүр. Қазіргі уақытта японияның баласы өз оқуын оқудан бұрын қытай оқуын оқып, содан кейін басқа жұрттың өнерін, басқа жұрттың ғылым тілдерін оқиды. Қытай оқуы ешбір пайдалы оқу емес; жалғыз-ақ ерте уақыттағы японияның басшыларының ойланбағандығынан

өз оқуларын қытай оқуына араластырып алып, өз оқуын өзінікі қылып әкете алмағандығынан керексіз бір нәрсені жамап алып отыр. Міне, осындай халге қазіргі бетімізбен жүре берсек, бізде бір күні ұрынатын секілдіміз».

Кеңестік кезеңде біз де орыс тілін үлгі етіп алу арқылы терминологиялық қорымызға мыңдаған шет тілі терминдерін дайын күйінде қабылдап алдық. Нәтижесінде терминологиямыздың ұлттық сипаты әлсіреді. Ұлттық тілге негізделген термин шығармашылығы дамытылмады. Қазақ тілінің лексикалық байлығын ұтымды пайдаланып, қосымшаларымызды құнттап қолдана алмадық. Терминологияны қалыптастырудың ең басты жолы өзгелердің жасағанын бас қатырмай өзгеріссіз қабылдау деген түсінікті қалыптастыра бастадық. Соның салдарынан шет тілдерінен енген терминдер саны шектен тыс артып кетті. Сол себепті тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болып, ғылым саласындағы қызметін атқаруға көше бастаған соңғы он шақты жыл көлемінде ғалымдар кеңестік дәуірде қалыптасқан терминологиялық лексика төңірегінде әртүрлі сын-пікірлер айта бастады. 60-70 жыл бойы кеңестік тіл саясатына сәйкестендіріп қалыптастырып, екі-үш ұрпақтың санасына сіңіріп үлгерген терминдерімізді өзгертудің оңайға соқпасы анық. *Самолетті – ұшақ, вертолетті – тікұшақ, семьяны – отбасы, спонсорды – демеуші* түрінде қолданысқа енгізудің қаншалықты қиындықпен жүзеге асып жатқандығын айтсақ та жеткілікті. Санадағы сілкіністен туындаған термин шығармашылығындағы аздаған ізденістер болмаса, өзгенікінің бәрін асылға балап үйренген әдетімізден жаңыла қоймас та едік. Сол үшін тілімізге шет тілдерінің терминдерін қабылдап, әбден қалыптастырып алғаннан кейін оны қалай өзгертудің жолын іздеп әуреленгенше, оны қалыптастырмастан, тілге енгізіп алмастан бұрын алдын ала ойланған дұрыс. Бұл жөнінде де 21 жастағы Мұхтар Әуезовтің салиқалы пікір айтқанын көреміз. Ол «Біреу оңға, біреу солға тартып, илей беруге көне беретін ғылым жолы – терінің пұшпағы емес. Әуелде қалай беттесе, көп уақытқа шейін сол бетінде жол болып бекіп қалады. Сол себепті қазақ оқуының бетіне қандай жаңалық кіргіземіз десек те, әуелі кеңінен толғап ойланбай іс қылудың артынан талай аурулы мәселе туып кетуін ұмытпау керек»- деп жазды.

Кезінде Мұхаң атап көрсеткен, сақтандырған аурулы мәселенің туындағанын көруімізге тура келіп отыр. Оның себебін КСРО құрамына кірген ұлттар тілдерінің терминологиясын қалыптастырудың жолын көрсеткен тіл саясатынан, терминологиялық қорымызды түзу кезінде 60-70 жыл бойы ұстанған бағытымыздан іздеген жөн. Қазіргі кезеңде де терминологияны дамытудың дұрыс бағытын белгілеп бердік деп айтуға негіз жоқ. Қазір нағыз біреу оңға, біреу солға тартып жатқан кезең. Әркім өз бағытының дұрыстығын дәлелдеуге тырысып бағып, әркім жеке терминологиялық сөздік шығарып, өз терминін қолданысқа енгізуге күш салуда. Бұл үрдіске біржақты теріс баға беруге болмасы анық. Алайда жарыспалылық пен ретсіздікке жол бермей терминологияны жетілдіру, дамыту кезінде қандай критерийлерді басшылыққа алатындығымызды ғылыми негізге сүйене отырып келісе жұмыс

жүргізілмесе, Мұхаң айтқандай ғылым тілін «терінің пұшпағындай» жан-жаққа тартқылау тоқтала қоймайды. Бүгін біздің алдымызда 90-жылдарға дейін термин қалыптастыруда орын алған олқылықтардан арылу мәселесі тұрғаны белгілі. Қазіргі термин шығармашылығында жол беріліп жатқан кемшіліктер дер кезінде түзетілмеген жағдайда, онда оларды біз де кейінгілер шешсін деп келер ұрпақтың еншісіне қалдыруымызға тура келеді. Біздің дұрыс қалыптастырмаған атауларымыз тағы да бір ұрпақтың санасына сіңсе, терминологиядағы жүйесіздік бұрынғыдан бетер артып, оның ұлттық сипатта дамуы қиындай түспек. Сондықтан М.Әуезовтің «...Әуелде қалай беттесе, көп уақытқа шейін сол бетінде жол болып бекіп қалады» деген пікірін терминологиямызды жетілдіру мен терминдерімізді қалыптастырудың қай кезеңде де ескеріп отырудың мәні зор.

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің ғылым тілі мен терминологиялық қорды қалыптастыру жөніндегі көзқарасын анықтап, оның бұл мәселедегі негізгі ұстанымдарын жан-жақты ашып көрсету үшін оның кейінгі кеңес дәуірі тұсында жазған еңбектеріне де тоқталуға тура келеді. Оның ұстанымдарының қалыптасуына алаш зиялыларының, Ахмет Байтұрсынұлының қаншалықты ықпалы болғанына сонда ғана көз жеткізе аламыз. Сол себептен, біз оның ғасыр басында жазылған мақалаларымен ғана шектелмей, кейінгі кеңестік кезеңдегі жазған еңбектеріне де тоқталып отырмыз.

М.Әуезовтің қазақ әдеби тілінің, оның ішінде, ғылым тілінің мәселелерін жан-жақты сөз еткен «Тіл және әдебиет мәселесі» деп аталатын көлемді мақаласынан да терминологияны қалыптастыруда қажетімізге жарататын көптеген құнды пікірлерді табуға болады. Ғалымның бұл мақаласы 1951 жылы «Әдебиет және искусство» журналының № 4 санында жарияланған. Атынан көрініп тұрғандай мақалада тіл мен қатар әдебиет мәселесі де сөз болған. Көтерген мәселелерінің ауқымдылығы, онда жасалған ғылыми тұжырымдардың маңыздылығы жағынан бұл мақаланы бір монографияның жүгін аркалап тұр деуге жақындайды. Ғалымның бұл мақалада көтерген әдебиет туралы және әдеби тілдің қалыптасуы, қазақ жазушыларының сөйлем құрау шеберлігі, сөз қолданысы сияқты мәселелерін жеке әңгіменің арқауы етіп алып, оның ашылмаған қырларын анықтап, бұрынғы зерттеулерді толықтырып жатқанның артықтығы болмасы анық. Тілші-ғалымдардың еңбектерінде әрі Б.Исхановтың «М.Әуезов және қазақ тілі мәселелері» деп аталатын кандидаттық диссертациясында арнайы сөз болғанына қарамастан Әуезовтің тіл мәселелеріне арналған еңбектері тілші-ғалымдар тарапынан толық зерттеліп, жан-жақты, терең талдау жасалып болды десек артық айтқандық болар еді. Ғалымның осы мақаласында айтылған ойлары мен жасаған тұжырымдары төңірегінде де талай мәселені қозғап, талдап, таратып көрсететін жайттардың аз емес екендігі аңғарылып-ақ тұр. Тілші-ғалымдар тарапынан ондай зерттеулердің әлі жалғасын таба беретіндігіне күмәніміз жоқ. Біз академик жазушының ғылым тілі, термин және терминология туралы пікірлері төңірегінде ғана сөз қозғамақшымыз.

Біріншіден, ғалым кеңестік кезеңге дейін де қазақ тілі арнаулы лексикасының бақташылық, аңшылық немесе балықшылық сияқты кәсіптер мен салтқа қатысты атауларға бай болғандығын айта келіп, керісінше, қай салада ондай атаулардың өте аз ұшырасатынын атап көрсеткен. Оған ғалымның «Абай заманындағы ғылым, техника, философия, социология, саясат – баршасынан қазақ тілінің сөздігі мүлде құралақан еді» деген пікірі дәлел бола алады.

Екіншіден, ол төңкерістен кейінгі молыққан терминологиялық лексиканы қамти отырып, терминдер сөздігін шығаруды тіл мамандарының алдындағы міндет деп көрсетеді. Ол Армения, Латвия сияқты одақтас республикаларда бір-неше ғылым салалары бойынша үлкен терминологиялық сөздіктердің шығып жатқандығын мысалға келтіріп, бізде «...проф. Н.Сауранбаевтың басқаруымен терминдік сөздіктер енді-енді шыға бастады... ..бұл күнде аса қажет болып отырған сөздік томдары тумай келе жатқаны, үлкен өкінішті жай»- деп қынжылыс білдіреді. Бұл ұлттық ғылым тілін дамытудың маңызын терең түсінген, терминографиялық жұмыстардың уақыт талабына сай жүргізілмей, кенжелеп қалып жатқандығына алаңдаушылық білдірген ұлт зиялысының сөзі.

Үшіншіден, термин сөздердің ақын-жазушыларымыздың шығармаларында аз қолданылатынын айта келіп, олай болуының себептерін де атап көрсетіп, өзі көтерген мәселеге өз жауабын да береді. «Қазақ тілінде шығып жатқан ғылымдық кітаптарда жаңа атаулар көп, сондай-ақ жұмысшы, колхозшы, интеллигенция арасында мол тараған жаңа сөздер де көп. Бірақ осы сөздік байлықты қазақ жазушылары өз шығармаларына тым сараң кіргізеді. Орыс поэзиясын алсақ, неше алуан ғылым-техника сөздіктерін барынша батыл, мол араластырады» – дей келіп, оның себебін орыс және шет тілдерінен алынған атаулардың бізде әлі дұрыс жолға қойылмағандығымен түсіндіреді. Орыс сөздері, шетел атаулары орысша қалай жазылса, қазақта да солай жазылуы керек деген қағидамыздың қайшылықтарын көрсетеді. Бұл ереженің мұғалімдер мен оқушыларға үлкен қиындық туғызып жүргенін айтады. «Орыстың тілінде француз, ағылшын, неміс, латыннан кірген ұшан-теңіз сөздер бар екен. Олар орыс тілінің заңына бағына айтылады да, жазылады да. Қазіргі орыс балалары сол сөздердің неміс, француз, ағылшын тілдерін оқи бастағанда, басқаша айтылып жазылатынын жолай қиналмай-ақ түсініп, ұғынып келе жатқан жоқ па? Біздің грамматикамызда осы жөнде асыра сілтеу, сынаржақтық бар сияқты» деп өте орынды пікір айтады. Өкінішке қарай, ғалымның осыдан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын айтылған пікірін ескерусіз қалдырып келеміз. Оның бұл пікірі Х.Досмұхамедұлының 1923 жылы жазылған мақаласындағы «Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады» деген пікірімен үндесіп жатыр. Қазақ ақын-жазушыларының кірме сөздерді сирек қолдануының себебін де сұңғыла ғалым дұрыс аңғара білген. «Біз жоғарыда, қазақ жазушылары ғылым, техника сияқты, қазақ тіліне молынан кірген сан-сала жаңалық атауларды қолданбайды дедік. Соларды тілдің грамматикалық көп түрлеріне өзгертіп, өлең жолына қолданудың

ақындарға қиын соғатыны да бар. Әсіресе, орыс сөзі мен шет сөздерді алу, жазудағы біздің бүгінгі орфографиямыз қиындық туғызады. Өлең жолына дәл орысша орфографиясын аудармай кіргізсе, оған қазақтың тіліндегі жаңағы аталған жалғау, жұрнақтар сияқты қосымша буындарды үстемелеп жалғатса, өлең жолына симайтын шұбыртпа шығатыны даусыз»-дейді ғалым. Мағыналары көмескі, тіпті көбінің мағынасын салалық мамандардан өзгелер арнайы түсініктеме арқылы ғана түсінуге болатын шет тілдері сөздерінің құрамындағы кірме дыбыстар жатық айтылуға илікпей, қазақ сөздерімен үндесіп, ұйқасқа көнбей тұратыны белгілі. Шет тілдерінің сөздерін қабылдауда орын алған бұл кемшілікті және соның салдарынан олардың тілге сіңбей, қолданысқа енбей жатқанын әділ атап көрсеткен. Одан әрі ол революциядан кейінгі кезде орыс тіліне көршілес халықтар тілінен еніп жатқан көптеген сөздерді олар өз тілінің заңдылықтарына бағындырып алып жатқандығын нақты мысалдармен көрсетеді. «Джайлау, акын (ақын емес) тәрізді сан сөздер орыс тілінің фонетикалық, грамматикалық жағдайларына бейімделіп алынып отырған жоқ па?» деу арқылы ол - біз неге осылай істемейміз, біздің тіліміздің заңдылықтары неліктен аяқ асты болады? – деген ойды ашық айтып отыр емес пе? Орыс тілін совет халқының ана тіліне айналдыруды мақсат етіп отырған тіл саясаты үстемдік етіп тұрған сол кезеңде бұдан артық қалай айтуға болады.

Орыс терминологиясы өзге тілдерден өз тілінің заңдылықтарына сәйкестендіріп қабылдаған терминдерді біз олардан сол қалпында өзгертпей алдық. Сөз соңындағы кейбір қосымшаларды ғана қазақыландырған болдық. Бұл кейінгі кеңестік кезеңнің термин қалыптастыруда бізге ұсынған принциптерін басшылыққа алу еді. Нәтижесінде Мұхаң атап көрсеткендей, ақын-жазушылардың шығармаларында қолдануға икемсіз, жаттығын жасырмай өзге тілдің заңдылықтарын мойындамай қасарысып тұрған кірме сөздер қатары көбейгенмен олар бейтерминденіп, жалпы қолданысқа көшіп, тілге сіңіп кете алмады. Оларды кезінде *самаурын*, *кереует*, *бәтеңке* сынды тіліміздің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп қабылдағанда арада өткен 60-70 жылдың ішінде тек арнаулы лексика шеңберімен шектелмей қолданыс жиілігі де артып, қазіргі кезеңде болып жатқан қарсылыққа ұшырамай Халелше айтқанда, тілге «өзілік» болып кетер еді. Сонау 1923 жылы-ақ Х.Досмұхамедұлы «Тілге кірген жат сөздер сіңу үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі керек. Бұйтпесе жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян келтіреді. Жат сөздерді өзгертпей алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұл жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді» – деп жазып еді. Ал Ахаң өзге тілдерден енген сөздердің тіліміздің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес өзгерістерге ұшырауы керектігін термин қабылдаудың бір принципі ретінде атап көрсеткені мәлім. Ол бірінші бүкілодақтық түркология съезінде жасаған баяндамасында «...займствованные термины должны подчиняться нашему казахскому говору, т.е. на них должны распространяться звуковые законы нашего языка, исходящие из привычных артикуляций языка. Для

того, чтобы иностранные слова сделать нашими, это необходимо» – дей келіп, «Все неказахские слова, не согласующиеся с природой казахского языка, точно должны подвергаться изменениям соответственно казахскому говору» деген терминологияны қалыптастырудың жеке бір принципін ұсынған. Кірме сөздер құрамындағы өзге тілге тән дыбыстардың, қосымшалардың төл дыбыстарымызбен, өз қосымшаларымызбен алмастырылуын, қосар дыбыстардың орнына жалқы дыбыстарды қолдану қажеттігін атап көрсеткен. М.Әуезов Ахаңның осы принципін толық қолдап отырғанын көреміз. Өкінішке қарай, орыс тілінің заңдылықтарын ғана мойындауды білетін кеңестік тіл саясатының өктемдігімен әліпбиімізге жат дыбыстарды таңбалайтын әріптер енгізіліп, өз ғалымдарымыз оны орыс тіліне деген үлкен жанашырлықпен, партияға шын берілгендікпен дәлелдеп, А.Байтұрсынұлы принципін ауытқу арқылы Х.Досмұхамедұлы атап көрсеткендей шатасқан жолға бастап берді. Өртүрлі объективтік және субъективтік жағдайларға байланысты бұл бағыттың дұрыстығын қолдаушылар бүгін де табылып отыр. 20 жылдары А.Байтұрсынұлы мен Х.Досмұхамедұлы дәлелдеген мәселенің араға отыз жылдай уақыт салып барып, академик М.Әуезов тарапынан қайта көтеріліп жатуы бір жағынан ең көрнекті қазақ зиялыларының ой-пікірлерінің бір жерден шығып үндесіп жатқанын көрсетсе, екінші жағынан, сол пікірдің ғылыми негізінің беріктігін де дәлелдей түссе керек.

Төртіншіден, М.Әуезов тек орыс тілінен ғана емес туыстас түркі халықтарының тілдерінен де сөз алмасу қажеттігін кеңестік кезеңде атап көрсетіп, Ахаңның терминологияны қалыптастырудағы тағы бір принципін қолдаған ғалым. Кеңестік дәуірде терминологиямызды қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде біз тек орыс тілін таныдық деуге болады. Еуропа тілдерінен енген терминдерді орыс тілі сіңіріп алғаннан кейін ғана солар арқылы біз қабылдадық. А.Байтұрсынұлының терминологияны қалыптастыру принциптерінің бірінде «В случае отсутствия в казахском языке подобного рода слов, заимствовать таковые из родственных казахскому языков» – дей отырып, оның себептерін де атап көрсетеді. Ал Мұхаң «Советтік әдеби тіліміздің байып, өсуіне қосымша қорды біз қазір жалғыз орыс тілінен аламыз да қоямыз деп, кесіп байлау да дұрыс емес. Орыс халқының тілінен алудың үстіне, қазақтың әдеби тіліне көршілес туысқан елдер тілінен келіп араласқан, біте қайнасып кеткен көп сөздерден де жазба әдебиетіміз қашпау керек» – дейді. Бұл мәселеде де қос ғұламаның пікірлері бір жерден шығып, Ахаңның терминологияны қалыптастырудың бір сыртқы көзі ретінде туыстас түркі тілдерін таныған ұстанымының Мұхаң тарапынан кеңес дәуірінің күшейіп тұрған кезінде қолдау тауып отырғанын анық көруге болады.

Бесіншіден, М.Әуезов қазақтың жазба әдебиетінде, ғылым тілінде қазақ тілінің бар байлығын, оның ішінде, архаизмдер, кәсіби сөздер мен жергілікті тіл ерекшеліктерін сарқа пайдалануды ұсынған. Ғалымның мына төмендегі айтқан пікірлері соның айқын дәлелі бола алады: «...жазба әдебиетіміздің өзіне де әлі халқымыздағы таза қазақ тілінің бар байлығы, барлық ерекшеліктері

мен сөздік байлығы түгел кіріп болған жоқ. ...Тарихтық, мәдениеттік жағдай енді бізден қазақ халқының бар шет түкпірлеріндегі бұрын окшаулық, өзгешелік күйде жүрген сөздік қорлардың бәрін ортаға салып, түгел туыстыра, араластыра қосып, пайдалануды тілейді. ...әдебиет тілін жасауда, жоғарыдағы саналған жолдармен көп ізденіп, ғылым, техника сөздіктерін және бүгінгі Қазақстанның бар өлкесіндегі халықтық тіл байлықтарын мол пайдалану мәселелерін үнемі шартты талап етіп, сынап отыру керек».

Ғалым қазақ тілінің барлық лексикалық қабаттарын ұтымды пайдаланудың қажеттігін атап көрсетіп отыр. Диханшылық, балықшылық сияқты әртүрлі кәсіптерге байланысты сөздерді шығармаларында молынан пайдаланбай жүрген белгілі ақын-жазушылардың онысын кемшілік деп бағалау керек дейді. Көркем шығармалар мен ғылым тілінде аталған қабаттардың елеусіз қалып жатқанын көрсетудің үлкен жетістік екенін айтқан жөн.

Алтыншыдан, М.Әуезов осы мақаласында ғылым тілін, терминологияны қалыптастырудағы ұлттық кадрлардың, ғалымдардың рөлін атап көрсеткен. Ол қазақтан шыққан инженерлер, дәрігерлер, биологтар мен математиктердің еңбектерін өз халқының тілінде жазбауын еш ақтауға болмайтынын үлкен күйінішпен айта отырып, сол арнаулы салалардағы ұғымдар атауларын, тілін қалыптастыру солардың тікелей міндеті екендігін ескертеді. Ғалымдардың «диссертациялық еңбектерін, ең алдымен қазақ тілінде жазуды шарт етіп қою, анық орынды орайлы шараның бірі болар еді» – дейді. Ғылым тілінің мектеп оқулықтарынан бастап, қоғамдық өмірдің сан түрлі салаларында еңбек етіп жүрген ғалымдардың жазған оқулықтары, ғылыми еңбектері, түзген сөздіктері арқылы қалыптасары сөзсіз. Ал тілдің ғылым саласындағы қызметін қалыптастырады деп жүрген білікті мамандарымыз ғылыми еңбектерін өзге тілде жазса, ұлт тілінің бұл салалардағы қолданысына үлкен нұқсан келері күмәнсіз. Бірақ сол жылдары бұл мәселені көтергеннен гөрі заман ағымының дұрыстығын, кеңестік тіл саясатының көрегендікпен жүргізіліп отырғанын, ұлы орыс тілінің біздің тіліміздің дамуына орасан зор ықпал етіп келе жатқанын жазу әлдеқайда тиімді еді. Сондықтан да мәселенің мәнісін түсінгендер болғанмен олардың бұл мәселені көтеруге келгенде асықпағаны түсінікті. ХХ ғасырдағы әдеби тілдің тарихын зерттеушілер 1947 жылы Қазақстан Орталық Комитетінің «Қазақ ССР ҒА-ның Тіл мен әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателер туралы» қаулы шығарғанын айта келіп, «Бұл жылдары мәдениет пен ғылым, әсіресе қоғамдық ғылымдар, партияның дүркін-дүркін қабылдаған қаулы-қарарларының әсеріне ұшырады. Биология ғылымындағы вейсманнизм-морганизм (1948-1949), ғылым мен өнердегі космополитизм (1949-1950), мәдениет пен әдебиеттегі ұлтшылдық (1951-1952) сияқты науқандар бірінен соң бірі үзіліссіз жүріп жатты»<sup>2971</sup> деп жазды. Уақыттың тамыр бүлкілін жақсы сезінген Мұхаң «екінші ана тіліміз орыс тілі» дегенді айта отырып, қазақ тілінің өзекті мәселелерін орайын келтіріп көтере білген. Бұдан тілге

297<sup>1</sup> ХХ ғасырдағы қазақ әдеби тілі. Астана, 2000. -291-б.



деген нағыз ұлт зиялысының жанашырлығы ғана емес, сонымен бірге оның тіл маманы еместігіне қарамастан елдегі тілдік ахуалды, тіл саясатын ескере отырып, ғылым тілінің ең өзекті мәселелерін, орын алған кемшіліктерін дөп басып айта білген кең тынысты, ірі филолог ғалым екендігі айқын көрініп- ақ тұр.

Бұл айтылғандармен қатар, педагогика ғылымының кандидаты Е.Көшербаев өзінің «Қазақ әдебиеті» газетінің 1972 жылдың 29 қыркүйегіндегі санында жариялаған «Техникалық термин бастамасы» деген шағын мақаласында «М.Әуезов профессор В.Эвальдтің «Құрылыс материалдары» деп аталатын көлемді еңбегін қазақшаға аударып, 1933 жылы Қызылорда қаласында бастырып шығарыпты. Сөйтіп, біз М.Әуезов қазақ тілінде тұңғыш техникалық термин жасаушылардың бірі болғанына көз жеткізіп отырмыз» дей келіп, оның құрылысқа байланысты терминдерді жүйеге келтіруде жаңа бағыт ұстанғанын, аудару барысында 7 түрлі принципті басшылыққа ала отырып жұмыс істегенін атап көрсетіпті. Мақала авторы «Техникалық терминдердің М.Әуезов ұсынған қазақша баламаларының дені қазіргі сөз қолданысымызда берік орын алып келеді» деп сөзін аяқтапты. Автордың атап көрсеткен мәселелерін ескере отырып, Мұханның аудармасын тілдік тұрғыдан қарастырып, терминдердің қолданысы мен жасалуын әлі де жан-жақты зерделей түссек, ғалымның терминологияны дамытуға қосқан үлесі нақтылана түсер еді.

Мұханның ғылым тілін, терминологияны қалыптастыру мәселеріне арналған мақалаларын жазылған жылдарына қарай хронологиялық тұрғыдан алып қарар болсақ, семинарист Әуезов пен академик Әуезов жазғандарынан ғалымның кемелдену кезеңіне қарай сөз етіп отырған мәселе төңірегіндегі көзқарасының ауқым аясы кеңейіп, жасаған тұжырымдарының салмақтанып, тереңдей түскенін аңғаруға болады. 1918 жылы жазылған мақалада ол панисламизм, пантүркизм ағымдарын сынға ала отырып, «Саясат жолына кірген жұрт туыскандық, жақындық деген нәрседен айрылады» – деп негізінен еуропаға қарап бағыт -бағдар ұстануды ұсынса, кейінгі мақалада көршілес туыстас түркі халықтарының тілдерінен сөз алудан қашпау қажеттігін алға тартады. Бұл тұста оның семинаристен академиктікке дейінгі өсу жолын, ірі ғалым ретінде қалыптасуын, кемел шаққа келуін ескерудің орынды екендігі талас тудырмаса керек. Сонымен бірге оның ғылым тілін қалыптастырудағы көзқарасының орнығуына А.Байтұрсынұлы ұсынған ұстанымдардың әсері болмады деп айтуға негізіміз жоқ. Дәлірек айтқанда, Әуезовтің соңғы мақаласындағы айтылған ойлары мен тұжырымдары негізінен Ахаң қағидаттарымен үндесіп, Ахаң ойымен астасып жатқанын аңғаруға болады. Бұл сабақтастықты ұлылардың ұғынысуы, тұлғалардың түсінісуі деуден гөрі нақтылай түсер болсақ, 50 жылдары терминологияны дамытуда кеңестік саясаттың талабына толық сәйкес келетін бағыттың үстемдік етіп тұрған тұсында Әуезов еңбегінен 20 жылдары А.Байтұрсынұлы ұсынған принциптердің қолдау тауып отырғанын көреміз. Сондықтан қазақ

терминологиясының даму, қалыптасу тарихын сөз еткенде де, қазіргі кезеңдегі даму бағытын белгілеу кезінде де мұны ескерусіз қалдырмаған жөн.

Қазақ жазушыларының, әдебиетші ғалымдарының тілдің әртүрлі мәселелеріне еңбек жазғандары аз емес. Сөз зергері, академик-жазушы Ғ.Мүсіреповтің, қаһарман қаламгер Б.Момышұлының тіл жайында жазғандарын кім білмейді? Ал тікелей ғылым тілінің, терминологияның мәселелерін ең алғашқылардың бірі болып көтеріп, шығармашылығының әр кезеңінде арнайы сөз етіп, оның даму бағытын белгілеуге белсене араласып, өзекті мәселерін көтеріп, салиқалы ой, салмақты пікір айта білген М.Әуезовтің орны айрықша. Ол қазақтың ғылым тілінің қалыптасуына ат салысып, өзіндік үлес қосқан ғалым. Сондықтан ғылым тілінің, оның терминологиясының дамуы мен қалыптасуы туралы сөз болғанда М.Әуезов есімі ерекше аталуға тиіс.

#### **II.4. Халел Досмұхамедұлы және қазақ терминологиясының мәселелері**

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының арасында тіл мәселелеріне арналған еңбектер жазып, термин жасау ісіне айрықша атсалысқан тұлғалардың бірі, Алаш қозғалысының қайраткері, белгілі ғалым-ұстаз – Халел Досмұхамедұлы. Ол Санкт-Петербург императорлық әскери-медициналық академиясын үздік бітірген (1903-1909), негізгі мамандығы дәрігер болғанымен, тіл мәселелеріне қатысты бірнеше еңбектің авторы. Жан-жақты білім иесі болған ғалымның тіл мәселелеріне арналған еңбектерін арнайы қарастырудың мәні зор. Бұл орайда Ш.Сарыбаев, Р. Сыздықова, Ғ.Әнес сынды тілші-ғалымдар Халел Досмұхамедұлының лингвистикалық еңбектерін жинақтап, жарыққа шығарумен бірге оны зерттеуді де қолға алып, оның шығармашылығы жөнінде мақалалар жариялады. Халелтануға дәрігер, тарихшы, саясаттанушы ғалымдармен қатар тілшілер қауымы да өз тарапынан үлестерін қосып жатыр деуімізге болады. Халел Досмұхамедұлының тіл саласындағы еңбектері негізінен емле, фонетика, термин, әліпби, әдеби тіл, жер-су аттары, аударма, түркі тілдерінің тарихы, көне сөздердің мағыналарын, этимологиясын ашуға арналған. Оның 1922 жылы алғаш жарияланған «Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сингармонизм заңы» деп аталатын еңбегі күні бүгінге дейін құндылығын жоймаған аса маңызды зерттеу деп саналады. Ғалымның лингвистикалық мұрасын түгел қамтып, жан-жақты талдау үшін ол жөнінде арнайы зерттеу еңбегін жазуға тура келеді. Біз төменде өз тарапымыздан Х.Досмұхамедұлының терминологияны дамыту мен терминжасам тәжірибесіне қатысты ғана сөз қозғамақшымыз.

Халел Досмұхамедұлының еңбектерімен танысқан ғалымдардың барлығы да оның табиғи талантын, ғалымдығын айрықша атап көрсетеді. Мысалы, көрнекті тарихшы ғалым, академик К.Нұрпейісов қоғамдық-саяси қызметі, қайраткерлігі жайында жан-жақты айта келіп, мынадай пікір айтады: «Халел Досмұхамедовтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметінен

оның ғылыми-ағартушылық және шығармашылық еңбегі әлдеқайда қомақты да жемісті болды. Жалпы алғанда, Халел Досмұхамедов өзінің табиғи таланты, жеке басының өзіне тән ерекшеліктері бойынша қоғамдық-саяси қызметтен де әмбебап ғалым болу үшін жаратылған тұлға сияқты»[1].

Белгілі тарихшы ғалым Алаш партиясының белді мүшесі, Алашорда үкіметінің Батыс бөлімі жетекшілерінің бірі болған тұлғаның қоғамдық-саяси қызметіне де кеңінен тоқтала келіп, «Қайраткер Халел» дей отырып, оны әмбебап ғалым болу үшін жаралған деуінің үлкен мәні бар. Академик К.Нұрпейісовтің Халелдің ғалымдығы туралы пікірінің өте әділ айтылғандығын ғалымның көзін көрген, Алаш үкіметінің құрамында болған қазақтың аса көрнекті тұлғаларының бірі Мұхаметжан Тынышбаевтың 1931 жылғы қарашаның 5-інде ОГПУ тергеушісіне берген жауабынан анық аңғаруға болады. «Досмұхамедовтердің екеуі де аса ерекшеленіп тұратын. Мәселен, Халел – үлкен теоретик, кабинеттік қызметкер, ұйымдастырушы; практикалық мүмкіндігіне қарағанда ұйымдастырушылық қабілеті жоғары. Есесіне практикалық жұмысқа Жанша икемдірек көрінетін» – депті қазақтан тұңғыш шыққан ірі инженер ғалым, тарихшы М.Тынышбаев. Сондықтан ғалым мұрасын мұқият зерделеу арқылы оның ғылымға қосқан үлесін көрсетіп, қазақ ғылымының даму тарихындағы орнын айқындау – бүгінгі ғылыми қауымның міндеті. Жалпы Халел мұрасы туралы сөз қозғаушылардың қай-қайсысы да оны көп қырлы энциклопедиялық білім иесі деп таниды. Оған дау айтудың реті де жоқ. Ғалымның медицина, биология, табиғаттану, әдебиет, тарих, лингвистика салаларына қатысты мәселелерді зерттеуге арналған еңбектері, оқулықтары мен оқу құралдары оның таным ауқымының кеңдігін, әмбебаптығын көрсетеді.

Соның ішінде қайраткер ғалымның тіл білімінің мәселелерін сөз еткен еңбектері, тілшілік қыры өз алдына бір төбе. Бұл жөнінде белгілі тілші-ғалым, Халел мұрасын зерттеуге алғашқылардың бірі болып араласқан академик Ш.Сарыбаев былай деп жазады: «Халел Досмұхамедовты біз негізінен дәрігер, биолог, әдебиетші, қоғам қайраткері деп келдік. Енді міне, қазақ тілінің терминологиясы, фонетикасы, емле, түркі тілдерінің тарихы, әдеби тіл, әдебиет тілі туралы пайымдаулары оның лингвист-ғалым екенін еріксіз мойындатып отыр. Байқап отырсақ, осы күнде өткір қойылып отырған зәру, көкейтесті мәселелердің көпшілігі кезінде Халекеннің еңбектерінде сөз болған. Сондықтан ғалымның қаламынан туған еңбектері, пайымдаулары осы күні де мәнін жоймай келе жатқан еңбектер деп есептейміз»[2]. Қазақтың көрнекті қаламгері Ә.Кекілбаев та Халел Досмұхамедовтің бірнеше тілді меңгерген лингвист-ғалым екендігін айрықша атап айтады. «Өзіне табиғат аямай берген дарынды терең біліммен толықтырып, ана тілімізге қоса латын, араб, парсы, түрік, орыс, неміс және француз тілдерін қажетті дәрежеде меңгеріп, сол тілдерде еркін оқып, сөйлеп, жаза білген Х.Досмұхамедұлы көзінің тірі кезінде ғажайып лингвист, фольклорист, тарихшы-этнограф, аудармашы болған» [3] дейді ол.

«Түркі тілдері туралы», «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», «Диуани лұғат түрк», «Алаш не сөз», «Жат сөздер» туралы сияқты еңбектері Х.Досмұхамедұлының қазақ лингвистикасының тарихында өзіндік орны бар ғалым екендігінің көрінісі. Сондықтан ол лингвист ретінде 1998 жылы жарық көрген «Қазақ тілі энциклопедиясынан» орын алды. Оның терминжасам тәжірибесі бойынша кандидаттық диссертация қорғалды.

XX ғасыр басында еңбек еткен зиялылардың көпшілігі тіл мәселелерін талқылауға белсене қатысып, жазу, емле, әліпби жөнінде мақалалар жазды. Ол кезеңде ғылым мен техниканың барлық салалары бойынша жоғары білім алған білікті мамандар санаулы-ақ болды. Бүгінгідей академиялық ғылыми орта, тәжірибелі ұстаздар қауымы әлі қалыптаса қоймап еді. Сондықтан да қазақ қоғамын ғылым-білімі дамыған өзге жұрттардың қатарына қосуды міндет санаған аз ғана алаш зиялылары өздері маманданған салалар бойынша да, жекелеген өзге пәндер бойынша да оқулықтар мен оқу құралдарын жазып, сөздіктер жасады. Сондай-ақ ғылыми және танымдық еңбектер жариялады немесе оларды өзге тілдерден қазақшаға аударды. Олар ғылыми-ағартушылық, ұстаздық қызметтер атқара жүріп, қоғамның саяси-мәдени өміріне де белсене араласты. Елдің оқыған білімді азаматтары ретінде ұлтқа қызмет етуді өздеріне парыз санады. Ұлт мүддесін бәрінен жоғары қойып, ол үшін аянбай күресе білді. Азаматтыққа адалдық таныта білген осы бір шоғыр ұлт зиялыларының арасында Халелдің алатын орны айрықша. Оның қоғамдық-саяси, ұстаздық қызметтерін өз алдына, ал ғалым ретіндегі ғылымның әртүрлі салалары бойынша жазған еңбектерін жеке-жеке қарастыру арқылы қазақтың мемлекеттілігі мен ұлттық ғылымының қалыптасу тарихындағы орнын айқындауға болады.

Қазақтың ғылым тілінің, терминологиясының дамуы мен қалыптасуының өзіндік тарихы бар. XX ғасырдың жиырмамыншы жылдары ұлттық терминологиялық қордың қалыптасуындағы айрықша кезең болып саналса, осы кезеңде еңбек еткен қазақ зиялыларының сол терминдер қорын жасауға, қалыптастыруға қосқан үлесі де мол болды. Ғылымның бірнеше салалары бойынша ғылыми еңбектер мен оқулықтар, оқу құралдарын жазған ғалым-ұстаз ретінде Х.Досмұхамедұлы да бұл істің бел ортасында жүріп, көптеген терминдерді алғаш жасап, қолданысқа енгізді.

Еңалдымен, Халел Досмұхамедұлы қазақтың ғылым тілін қалыптастырудың маңызын терең түсініп, бұл іске саналы түрде араласқан ұлт зиялыларының бірі. «Қазақ тілі – ғылым жолына шалынбаған, сөздері ғылым іретіне қарай жөндікпеген тіл. Сондықтан қазақ тілін ғылыммен таныстырып, ғылым жолына салатын заман келді» – деп жазады ғалым. Ол осы пікірі арқылы сол кезеңде ұлттық ғылым тілінің қалыптаспағанын мәселе етіп көтере отырып, қазақтың ғылым тілін қалыптастыратын уақыттың жеткенін айтады. «Жануарлар» атты еңбегінің алғысөзінде ол бұдан әрі былай деп жазады. «Ғылымды өз тілімізге аударғанда, ең керегі ғылым тіліндегі атауларды (термин) дұрыстап түсінікті қылып аудару. Ғылым тіліндегі қолданылған атауларды қазақ тіліне дұрыстап

түсінікті қылып аудару – өте қиын жұмыс. Ғылым атауларына келісті ат тағу деген алғашқы уақытта қыйын болса да, өте мұқтаж нәрсе. Сөздің жүйесін келтіріп, көркем қылып жазу да керекті нәрсе. Ғылым атауларына ылайықты ат қою алғашқы уақытта тым мұқтаж, бүтін ілгері болашаққа жол салатын нәрсе; сондықтан алғашқы жазылған кітептерде, әсем қылып, сөздің жүйесін келтіріп жазудан көрі, ғылым атауларына ылайықты атақ тағу жағын қарастыру керегірек дейміз» (Жануарлар. Бірінші бөлім. Алғысөз).

Бұл жерде ғалым терминдерді ұлт тіліне дұрыс аудару керектігін айта отырып, ғылыми стилді қалыптастыру мәселесіне көңіл бөлу керектігін алға тартады. Оның «сөздің жүйесін келтіріп, көркем қылып, әсем қылып жазу керек» деп отырғаны – шығарылатын кітаптардың тілі, стилі де дұрыс болуы тиіс дегені. Алайда ғалым алғашқы кезде кітаптардың стилінен гөрі ғылыми ұғымдарға атау беріп, терминдерді жасап алу (ылайықты атақ тағу) маңызды, басты мәселе деп атап көрсетеді. Бұл да істің мәнін терең түсініп, бірінші кезекте тұрған мәселені, екінші, үшінші орынға шығаруға болмайтынын, алдымен неден бастау қажеттігін айқындап отырған білікті маман сөзі. Автордың терминдерді жасап қалыптастыру ісіне алғашқы күннен бастап мән беру керектігін атап көрсетуі өте маңызды пікір. Ол «бүтін ілгері болашаққа жол салатын нәрсе» деу арқылы, терминдерді бүгін қалай қалыптастырсақ, келешекте терминологиямыз сондай болады деп отыр. Қазақ терминологиясының, ғылым тілінің болашағы, оның қалыптасуы бүгіннен басталады деген дәл осындай пікірді, қазақтың аса көрнекті ұлдарының бірі М.Әуезов те айтқан болатын. Ол 1918 жылы жарық көрген «Ғылым тілі» атты мақаласында «Біреу оңға, біреу солға тартып, илей беруге көне беретін ғылым жолы – терінің пұшпағы емес. Әуелде қалай беттетсе, көп уақытқа шейін сол бетінде жол болып бекіп қалады» деген еді. Мұнда да терминологияны дамытуда бастапқыда қандай бағытты белгілесек, ол тұрақтап, орнығып қалады деген пікір айтылып отыр. Қазақтың ең таңдаулы ұлдарының өз ұлтының ғылым тілінің ертеңі үшін алаңдап, оны бастан дұрыс қалыптастыруға ерекше мән беруі де таби нәрсе болса керек.

Екіншіден, Х.Досмұхамедұлы қазақ терминологиясын қалыптастыруда Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы ұсынған ғылыми қағидаттарды басшылыққа алған, сол бағытты барынша қолдаған, Ахандармен ұстанымдары бір, көзқарастары ортақ болған ғалым. Оны ғалымның жасаған терминдерінен, жазған еңбектері мен термин мәселесін талқылау кезінде сөйлеген сөздерінен анық көруге болады.

Халел де ғасыр басында еңбек еткен өзге алаш зиялылары сынды термин шығармашылығында тіліміздің төл лексикалық байлығын барынша тиімді пайдалануды дұрыс деп санады. Ол «Қазақ тілі тексеріліп болған жоқ. Біз жат тілдерге қызығуды қойып, әуелі өз тілімізді дұрыстап тексеруіміз керек. Шындап тексерсек, қазақ тілінің өзінен пәнге жарайтын көп сөздер табылады» – еп жазды. Бұл алаш зиялыларының терминологияны қалыптастырудағы басты қағидаты еді. Осы қағидатты берік ұстана отырып ол, өз тіліміздің

лексикалық қорынан термин болуға жарайтын сөздердің көптеп табылатынын атап көрсетеді. Оның «Қазақ тілінен табылмаған сөздерді басқа түріктерден алу керек» деген сөзі де, қазақ білімпаздарының екінші съезінде ресми бекітілген терминология қағидаттарының бірі. Сондай-кірме терминдерді қабылдау мәселесінде де ол алаш зиялыларынан өзге бағыт ұстанған жоқ. Жалпы бұл мәселеге ол ерекше назар аударып, арнайы тоқталды.

Сонымен, үшіншіден, Халел Досмұхамедұлы шет тілдерінен термин қабылдаудың, кірме терминдерді жазудың жолдарын ұсынды. Ол өзінің «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты белгілі еңбегінде былай деп жазады: «Осы күнгі қазақтың әдебиетінде шеттен кірген сөздер көбейіп кетті. Төңкерістен кейін шыққан журнал-газеталардың іші толған жат сөз. Білім, оқу әдебиеті де жат сөзге байыды. Заманымыздың көркем әдебиетіміз де жат сөзден құр емес. Оқушыға да, үйренушілерге де, үгіттеушілерге де, жазушыға да, білімдіге де, шешенге де, ақынға да жат сөзсіз күнелте алмайтын заман туды. Топан судай қаптап тілімізді жат сөздер басып бара жатқан мезгілде ескерілмей, ұмытылуға айналған тіліміздің бір негізгі заңын еске салғымыз келеді».

Ғалым тілде болып жатқан құбылысты, кірме сөздер тасқынының күшейгенін айта отырып, бұл үрдістен шет қалу мүмкін болмайтын уақыт туындады дейді. Ол өзге тілдерден сөз қабылдағанда өз тіліміздің заңдылықтарын сақтауды ең басты мәселе ретінде көтереді. Бұл орайда тіліміздегі үндестік заңы қатал сақталуы қажет деп есептейді. «Тілге кірген жат сөздер де сіңу үшін, тілге «өзілік» болуы үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай хәлге келуі керек. Бүйтпесе жат сөздер бұралқы болып, тілдің шыркын бұзады, тілге зиян береді... Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады... Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұ жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді... зорлықпен кіргізген жат сөздер елдің түп қазығы болған тілді бұзады». Өз сөзінен көрініп тұрғанындай, ғалымның жат сөздерді қабылдауға қатысты пікірі айқын. Кірме сөздер тілімізге қабылданғанда танымастай болып өзгеріп, қазақ тілінің заңдарына бағынуы керек дейді. Ол өзі қолданған кірме терминдерді қазақтың айту мәнеріне лайықтап, өзгертіп жазды. Мысалы, оның авторлығымен жарық көрген оқу құралдарында терминдер **неріб** (*нерв*), **эмөбі** (*амеба*), **дезентерие** (*дизентерия*), **мекірескөп** (*микроскоп*), **пизиелогия** (*физиология*), **доктыр** (*доктор*), **элемент** (*элемент*), **мүлиен** (*миллион*) түрінде қолданылады.

Жат сөздерді қабылдау туралы арнайы еңбек жазған ғалымдардың бірі Нәзір Төрекұлұлы. Ол бір пікірінде «жат сөздерді асылын өзгертпей алу керек» деген еді. Мұндағы оның «асылын өзгертпеу» деп отырғаны – терминнің түпнұсқа тілдегі қалпын бұзбау. Халел Досмұхамедұлы ғалымның осы пікірімен келіспейді. Ол өз пікірін былай түйіндейді: «Нәзірдің жат сөздерді асылын өз-

гертпей алу керек дегені қата. Біз тілімізге жат сөз кіргізгенде, оның түбірін ғана кіргізуіміз керек жана түбірінің өзін де қазақ тілінің заңдарына келтіріп, өзгертіп алуымыз керек. Жат тілдің жұрнақтарын алудың жөні жоқ, жат тілден алынған түбірге біз өз жұрнақтарымызды жалғайтын болуымыз керек».

Халел Досмұхамедұлы бұл тұжырымы арқылы шет тілдерінің сөздерін қабылдауға қатысты екі мәселені атап көрсетеді. Біріншісі – кірме сөздердің тек түбірін ғана қабылдау. Екіншісі – өзге тілдерден жұрнақтар алмай, кірме сөздердің барлығына төл жұрнақтарымызды ғана жалғау. Ол кірме түбірлерді өзгертпей қабылдауға қарсы, оларды қазақ тілінің заңдарына сәйкестендіріп алуды ұсынады. Мұны ғалымның кірме терминдерді қабылдаудағы берік ұстанымы деуге болады. Олай дейтініміз – ол бұл пікірін шет тілдерінің сөздерін қабылдауға қатысты сөз еткен тұстарының бәрінде қайталайды. Мысалы, кітаптарының алғы сөзінде, үндестік заңына арналған мақаласында, термин мәселесін талқылаған пікірталаста, Нәзір Төрқұлұлының еңбегіне жазған рецензиясында ол осы ұстанымынан айнымайды. Шет тілдерінен термин қабылдау жөніндегі бұл тоқтамын үнемі алға тартып, түрлі деректер келтіріп отырады. Айталық, ол еуропа халықтары, орыс халқы терминдерді өзге тілдерден қалай алып отырғанын да мысал етіп көрсетті. «Аурупа жұрты латын сөздерін термин қылып қолданғанда бұлжытпай алып отырған жоқ, әр сөзді әркім өз тіліне бейімдеп өзгертіп қолданып жүр, сөзді өзгерткендер әрқайсысы өз тілдерінің заңымен өзгертеді» деген ғалым пікірінен оның ізденіс ауқымының кеңдігін, жан-жақты білімділігін аңғаруға болады. Одан әрі ғалым сөз етіп отырған мәселеге қатысты өз ойын былайша сабақтайды. «Аурупа сөздерін орыстың айтуынша қолданып жүрміз. Бұл дұрыс емес. Аурупа сөзін асыл нұсқасынан алып, өзгертіп қолдану керек... Күнбатыс Аурупа сөздерін алғанда түбірін тексеріп, шамадан келгенше сөзді түпкі иесінің сөйлеуіне жақындатып алу керек. Сөз франсоздікі болса, франсоздың айтуына, немістікі болса, немістің айтуына жақындатып алу керек. Көпке дейін аурупамен біздің арамызға орыс тілі дәнекер болады. Орыстар Аурупа сөздерін өзінше өзгертіп алады. Мұны үнемі ұмытпасқа керек. Аурупа сөздерін орыс арқылы алғанда өте сақтық керек. Аурупа сөзін орыс өзгертіп, орыстың өзгерткенін біз тағы өзгертсек, ақырында Аурупа сөзі танымастай болып кетіп, аурупаша да болмай, орысша да болмай шатақ болуы мүмкін».

Ғалымның сонау 20-жылдары айтқан бұл пікірі бүгін де құнын еш жойған жоқ. Өкінішке қарай, шет тілдерінен термин алудың аса бір нәзік тұсын дәл аңғара білген ғалымның білімдарлықпен айтылған осы пікірі ескерілмей келді. Біздің көп уақытқа дейін еуропа халықтарының сөздерін қабылдауда орыс тіліне жүгінетінімізді ол сол кезде-ақ болжай білген. Болжап қана қоймай, орыс тілінің ықпалында кетіп қалудан сақтандырған да болатын. Бірақ біз сақтана алмадық. «Аурупа сөздерін орыстың айтуынша қолданып жүрміз. Бұл дұрыс емес» деген ғалым пікірі о баста-ақ айтылса да, одан қорытынды шығара алмадық. Керісінше, ол ескерткен, сақтандырған мәселе кеңес дәуірінде біздің тіліміздің сөз қабылдау дәстүріне, қағидатына айналды. Сондықтан да енді

оны бұзу, өзгерту өте қиын да күрделі мәселе ретінде көрініс тауып отыр. Ғалымның «Жат сөз тілдің заңына бағынбаса сіңбейді, қазаққа мұра бола алмайды» деген сөзінің өміршеңдігін уақыт өзі дәлелдеп отыр. Өзгеріссіз қабылданған сөздердің терминқорымызға еніп, біз оларды жатқа біліп, жаппай қолданып жүргенімізге елеулі уақыт өтсе де, тілімізге сіңісер емес.

Халел Досмұхамедұлы өз замандасы Нәзір Төрекұлұлының 1926 жылы жарық көрген «Жат сөздер туралы» атты еңбегіне рецензия жазады. «Жат сөздер туралы» деп аталатын оның осы рецензиясы Н.Төрекұлұлының кітапшасын терең талдап, әділ пікір айтып, өз деңгейінде бағалай білген өте құнды мақала. Оның осы рецензиясынан да ішкі мәдениетінің жоғарылығын, ғылыми әдепті сақтай білетін ғалымға тән зиялылығын аңғаруға болады.

Төртіншіден, Х.Досмұхамедұлы терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыру жолдарын ұсынып, бұл іске айрықша атсалысқан зиялылардың бірі. Ғалымның өткен ғасыр басындағы терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыруға қатысты пікірлері бүгінге дейін құнын жойған жоқ. Ол қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде терминология мәселелерін талқылауға қатысты жарыссөзде былай дейді: «Пән сөздерін қабылдау реті мынадай болу керек: бүтін қазақ халқы үшін жалғыз Білім кеңесі болу керек. Ол Білім кеңесінің жанында әр пәннің мамандарынан сайланған кемесиелер болу керек. Пән сөздер әуелі тиісті кемесиенің сынына түсіп, оның қабылдап алған сөздері баспасөз жүзінде жарияланып, көптің талқысына түсуге тиіс, ол пән сөздер сонан соң ғана барып Білім кеңесінің қарауына түсіп, бекіліп шығуға тиіс».

Шындығында біздегі терминдерді бекіту реті ғасыр басынан бастап, күні бүгінге дейін ғалым айтқан тәртіппен жүзеге асырылып келді. Қайта кейінгі уақыттарда терминдерді баспасөзде жариялап пікір білдіру мен сала мамандары тарапынан талқылау формалдық сипат алып, Мемтерминком қарауына ұсыныла беретін болды. Мемлекеттік комиссияда да әр терминді талқылауға жете мән беріледі дей алмаймыз. Сол себептен де бүгін бекіткен терминдерді ертең терістеп, бір терминге байланысты қайта-қайта шешім шығару жиілеп барады.

«Жазылған кітаптар тез басылып шығуы керек. Жазылған сөз тез басылып шығып тұрса, арналғандарға тиетін төте пайдасынан басқа да көп әсер береді. Ішіндегі сөздері сыналып, әсіресе, ғылым атаулары (терминдері) көптің сынынан өтіп, қолданып, білім тілін байытып, ғылым тілінің бір жолмен жүруіне себеп болады» деп жазыпты ғалым. Әрине, қазақша кітап қоры мүлде тапшы болған ол кезеңде солай ету керек еді. Бүгін мұндай мәселе туындап отыр деуге негіз жоқ. Керісінше, оқулықтар мен ғылыми әдебиеттер, терминологиялық сөздіктер көптеп шығып, оларды сараптан өткізу, ондағы терминдердің дұрыс-бұрысын дер кезінде анықтап отыру жағы кемшін түсіп жатқаны анық.

«Елдің тілін бұзатын – көршілес елдердің мәдениетін үлгіге алған мәдениетті елдердің әсері. Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгертуге жол



басшы болады. Оқығандар өзіне лайық әдебиет тілі деген тіл түзейді. Түзеген жаңа тілін ел ішіне жая бастайды, көбіне зорлап кіргізеді» деген ғалым пікірі де шындықтан алшақ кетпейді. Ғасыр басында да мұсылманша оқығандар бір жаққа, еуропаша оқығандар екінші жаққа тартқаны мәлім. Орыс тілінің ықпалы күшейіп, орысша оқығандар саны артқан кеңестік кезеңде біздің ғылым тіліміздің, терминологиямыздың даму бағытын солар белгілеп, үлкен өзгерістер жасағаны белгілі. Ғалым пікірінің дұрыстығын дәлелдеуге бүгінгі қазақ терминологиясынан жүздеген мысалдар келтіру еш қиындық туғызбайды.

Бесіншіден, Халел Досмұхамедұлы қазақтың биология-медицина, табиғат тану терминдерін жасап, қолданысқа енгізген ғалым. Ол қазіргі кейбір ғалымдарымыз сынды «қазақ тілінің мұндай ұғымдарды білдіруге мүмкіндігі жетпейді» деп өздерінің дәрменсіздігін мойындамай, өз ұлтының тіліне мін таққан жоқ. Керісінше, тілдің мүмкіндігін дұрыс пайдалана алмауды үлкен мін деп санады. «Ғылым атауларын дұрыстап таға алмай, тілімізді ғылым жолына сала алмай, кей жұрттарша араб пен парсыны, латын мен орысшаны араластырып былжыратсақ, бұл тіліміздің жарлылығынан, кемдігінен емес, кітеп жазушыларымыздың нашарлығынан. Өз тілін әбден білмегендігінен болады» (Жануарлар. Бірінші бөлім. Алғысөз.) деген ғалым сөзі соны айғақтайды.

Ғылыми ұғымды дәл бейнелеп, тіл тұтынушыларының көңілінен шыға қоятындай термин жасау – тілді жетік білуді, шығармашылық шеберлікті, көп ізденісті қажет ететін өте күрделі шаруа. Ғалым оны жақсы түсінді. Сөйте тұрып, жауапкершіліктен, қиындықтан қашқан жоқ. Ол қазақ ұлтына, оның ғылым тілін, терминдер қорын жасауға қызмет етуді өзіне міндет санады. 1921 жылы Ташкент қаласында жарық көрген «Табиғат тану» оқулығының алғы сөзінде ол «Термин табу бек қиын. Сөйткенмен қолдан келгенінше терминдерді нағыз қазақ сөзінен алдық. Қата кеткен терминдер болса, хат арқылы білдірулеріңізді өтінеміз» – десе, «Жануарлар» атты еңбегінің екінші бөлімінің алғы сөзінде «Сөздің көбі жат жануарлар турасында болғандықтан, ғылым атауларын дұрыстап тағу жөнінде көп бейнет шегілді. Ғылым атауларын қолымыздан келгенінше түсінікті қылуға тырыстық» деп жазыпты.

Алаш зиялысының қазақтың өз тілінде термин жасаудың бейнетін көргеніне, ғылыми ұғымдардың атауларын қазақша жасауға шын бас қатырғанына еш күмән келтіре алмаймыз. Өйткені, оның сөзіне істеген ісі нақты дәлел болады. Ғалым қазақ баласына арнап жазған оқу құралдары мен оқулықтарының қай-қайсын ашып қарасаңыз да, кірме атаулар үлесі өте аз. Ондағы терминдердің негізгі басым бөлігін автордың өзі ұлт тілінде жасағанын көруге болады. Ұлт тілінде терминжасам тәжірибесі орнықпаған, терминүлгілер тұрақтай қоймаған кезеңде тыңнан термин жасау батыл қадам, бастамашылдық қана емес, бұл ғалымның асқан ізденімпаздығын, алдына үлкен мақсат қоя білгендігін көрсетеді. Бұл орайда белгілі тілші-ғалым Р.Сыздықтың «Өзіне дейін ешбір үлгісі жоқ, терминологиясы мүлде жасалмаған әр алуан

ғылым салалары бар екендігі қаперіне кіріп шықпаған қазақ оқушыларына зоология, анатомия, табиғаттану пәндерінен оқулықтар жазу – қай халықтың тарихында да сирек кездесетін құбылыс, ал қазақ дүниесінде теңдесі жоқ харекет болды»[4] деген сөзі орынды айтылған.

Ғалымның терминология мәселелеріне арналған еңбектері мен қаламынан туған терминдері туралы тілші-ғалымдар мен сала мамандары тарапынан сөз бола бастауы Халелтанудың қолға алынып, оның мұрасын зерттеуге ынта білдірушілердің артып отырғанын байқатады. Халел Досмұхамедұлының таңдамалы еңбектерін жинақтап, бастырып шығарушылар ғалым еңбектеріндегі кейбір терминдердің жарыса қолданылғанын дұрыс аңғарған. «Х.Досмұхамедұлының еңбектеріндегі ғылыми жаңа (жасанды) терминдердің бірен-сараны енді қалыптасу процесінде болғандықтан, екі түрлі жазылғаны байқалады. Мысалы, осы күнгі *оттегі* деген термин бірде *қышқылтуым*, енді бір жерлерде *қышқылтум* деп жазылған»[5].

Оқулықтардағы терминдердің барлығы дерлік ғалым тарапынан алғаш жасалып, қолданысқа жаңадан енгізіліп отырған сол кезең үшін бұл табиғи нәрсе. Оның біз қарастырған еңбектерінде де *ет //борша, қан жүйесі // қан таратушы жүйе, ақ түйіршік// ақ түйір, қызыл түйіршік //қызыл түйір, даншық//түйіртпекшік, кіндік түйіршік//кіндік бүйінішік, ауаның қысуы//ауа қысуы, ұлпа // өрім* сияқты жарыса қолданылған, қатар ұсынылған терминдер кездеседі. Бұл терминологияның алғаш жасалу, қалыптасу кезеңі үшін қалыпты құбылыс деп саналады. Ұсынылған терминдерді бірнеше електен өткізіп, қалың жұртшылықтың талқысына салып отырған қазіргі кезеңде де көптеген терминдер ұзақ мерзімге дейін тілде орныға алмай, жарыспалылыққа жол беріліп жатады. Әрине, қазіргі жағдай сұрыптау, терминологиялық сараптау жұмыстарының тиісті деңгейде жүргізілмеуінен болып жатса, ХХ ғасыр басында ондай жұмыстарды атқара қоятындай білікті биологтар мен лингвистер қауымының өсіп жетіле қоймағаны белгілі. Соған қарамастан, осыншама қыруар жұмысты аз ғана қазақ оқығандарының атқаруы теңдессіз тірлік екенін айтпауға болмайды. Қазіргі таңдағы алаш зиялыларына деген халық құрметінің артуы, олардың өмірі мен шығармашылығымен танысуға деген ынтаның зор болуының сыры – осы тұлғалардың туған халқының тағдыры үшін аянуды білмей адал қызмет етуінде жатса керек. Халел Досмұхамедұлы да өткен ғасыр басындағы азаматтық тұғырынан айнымай, алаш алдындағы перзенттік парызына адал болған халқымыздың аяулы ұлдарының бірі. Сондықтан да Халел Досмұхамедұлы сынды ұлтының мүддесі үшін аянбай еңбек етіп, қазақ ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан көрнекті тұлғалардың мұрасына мұқият болу, оларды зерттеп-зерделеп қажетімізге жарата білу бүгінгі ұрпақтың міндеті. Бұл бағыттағы істер әлі де жалғасын таба беретіндігіне сенім мол.

## Әдебиеттер

1. Нұрпейісов К. Қайраткер Халел//Халел тағылымы. –Алматы, 1994. 32-б.
2. Сарыбаев Ш. Тіл білімпазы//Халел тағылымы. –Алматы, 1994. 41-б.
3. Кекілбайұлы Ә. Есімі мен еселі еңбегі халқымызға қайтып оралған қайран Халел //Халел Досмұхамедұлы. Таңдамалы. –Алматы, 1998. 5-б.
4. Сыздық Р. Халел шыңдары //Халел Досмұхамедұлы. Таңдамалы. – Алматы, 1998. 24-б.
5. Редакция алқасынан//Халел Досмұхамедұлы. Таңдамалы. –Алматы, 1998. 9-б.

#### І.41. Халел Досмұхамедұлының еңбектерінде қолданылған терминдер

**«Жануарлар» атты еңбегінің екінші бөлімінде қолданылатын терминдер:** *Хұжайра (клетка), кеңірдек түтіктері, пілеуір қуысы, таптастыру (классификация), түсім-шығыс (смета), дарухана (аптека), бұхырлау (дезинфекция), жұқпалы ауру, орта дәуір,*

*Жануарларды таптастыруы: топ – тап – бөлім – жыныс – ұру – түр.*

*Жануарларды сегіз топқа бөледі: жап-жайшалар, бірқуыстылар, бұлттар, тікенділер, құрттар, былқылдақ тәнділер, буын аяқтылар, сүйектілер.*

*Шапанша, арқалық (бел омыртқа), жорғалаушылар (қазіргі бауырмен жорғалаушылар), сүт емушілер (сүт қоректілер), сауытшықтар (балықтың қабыршықтары), желбезек қақпақтары, торсылдақ, борша (ет), мый қобдишасы, томпашық ? (269 бетте), көлденең қанат, ұшты қанат, инешік, сүйеу сүйектер, иін белбеу, қорда, ас сіңірім (қазіргіше ас қорыту), дем алыс мүшелер (қазіргіше тыныс алу), желбезек қабығы, қан жолы, қан ыдыстары, жүрекшік, қарынышық, қақпақшық, тамыршық, қолқа, қышқылтуым (оттегі), тән жылылығы, қышқылдану, зәр шығаратын мүшелер, естік және сезім мүшелер, сыртқы естік мүшелер, ақ тамыр, бас естік мүшелер, сопақ мый, кіші мый, орта мый, алдыңғы мый, иіскеулік түйіршік, иіскеулік тамыр, жан сызықтар, кезеген неріб, түрткі, сездіруші нерібтер, қимылдатушы нерібтер, сыртқы ақ қабық, ортадағы тамырлы қабық, ішкі тор қабық (тор), көздің дәнегі, көздің су әйнегі, қалташық, тұқымдық, жақты ауыздылар.*

**«Жануарлар» атты еңбегінің екінші бөлімінде қолданылатын терминдер:** *Бір хұжайралық жануарлар, тамыр-аяқтылар, шыбыртқылылар, инфузориелер, микроскоп, протоплазма, түйіртпек, жалған аяқтар (псевдоподы), қурылғыш көпіршік (уакуол), қорғау қабық, хитин, нуммулит, бейнет бөлу, хлоропил, қышқыл көмір (қазіргіше көмір қышқылы), паразит (бейнетсіз жер), трипанозомдар, көп хұжайралық жануарлар*

**«Жануарлар» атты еңбегінің үшінші бөлімінде қолданылатын терминдер:** *сегмент, қитын, артқы тесік (көтен), неріб тізбесі, кеңірдек*

(трахея), түрленбей өсуші, шала түрленіп өсуші, толық түрленіп өсуші, буын, барлауыл, көбею, қос сыңарлық жануарлар, ұлна (өрім), жабын, арқау, мүше, мүше жүйесі, дем алатын мүше жүйесі, қан жүргізетін мүше жүйесі, зәр шығаратын мүше (жүйесі), борша жүйесі, сүйек жүйесі, сезім мүше жүйесі, неріб жүйесі, ұлы даражалы жануарлар, төменгі даражалы жануарлар, қызыл түйір, қаңқа (сүйек тұтасы), бауырлық неріб тізбегі.

**«Адамның тән тірлігі» атты еңбегінде қолданылатын терминдер:** өлі табиғат, тірі табиғат, сутуым, натыр, паспар, поспор, нитірік азат, өзекті бұйым, өзексіз бұйым, құрама бұйым, калий, калтсий, қылор, мегнез, газ, күкірт, жазықтық, тік жазықтық, сагитал жазықтық, пұрентал жазықтық, жатық жазықтық (гөризентал), бітім, омыртқалы, мүше, қос мүше, дара мүше, мүше жүйесі, қаңқа (сүйек жүйесі), ет (борша) жүйесі, асқазан жүйесі, тыныс жүйесі, сідік жүйесі, шағылыс жүйесі, еркек түйіршік, ұрғашы түйіршік, қан жүйесі (қан таратушы жүйе), жүйке (неріб) жүйесі, тері (өң) жүйесі, ұлна, денелік ұлна, тұқымдық ұлна, өң (жабын) ұлна, демеу ұлна (арқау ұлна), ет (борша) ұлна, жүйке (неріб) ұлна, сұйық ұлна (қан), түйіршік немесе құжайра, мекірөн, шарана (пыратапылазым), түйіртпек, түйірпек торы, қыраматын, линін, даншық (түйіртпекшік), кіндік түйіршік (кіндік бүйінішік), көп түйіршікті жануар, без түйіршігі, ас баптаушы без, без өзегі, сідік түтіктері, жыбырлақ ұлна, түйіршікті аралық заты, эпидерім, жалғау ұлна, шеміршек ұлна, сүйек ұлна, талды жалғау ұлна, май жалғау ұлна, тор жалғау ұлна, сілекей жалғау ұлна, шырыш тал (көлеген), пысық ұлна, бос ұлна, шырыш тал, сернімді ұлна, елес ұлна, май ұлна, тор ұлна, сілекей ұлна, қан ыдысы немесе қан тамыры, қан пылазым, қызыл түйіршік (қызыл түйір) – еритіресит, ақ түйіршік (ақ түйір) – лейкоцит, қан тақташық (тұрамбасит), токсин, бактер, басытқы (атитоксин), небіринеген(небіріндегіш), небірин, сер (қанның сары суы)гемегілебен, оксигемегілебен, қышқыл гемегілебен, артерқан, таза қан, бене қан, бұзық қан, лейкоциттің босуы, емикіретсиесі, опқырлық, пагеситез, лимпі (сөл) безі, лимпситсүйек ұлна, асеин, сүйек тақташықтар, ұзын сүйек, қысқа сүйек, жалпақ сүйек, ми қуысы, бөксе қуысы, бос байланыс, шиіе байланыс, жік, ұша, қайнап біту, қазық, сіңірмен байланысу, үндес жік, буын, буындасу, әйнек шеміршек, буын шеміршек, буын қуысы, жәрдемшіі сіңір, сенебей қабық, сенебей дорбасы, буын шеміршегі, буын дорбасы, буын дорбасының астары, буынның қуысы, кеуде, кеуде қаңқасы, иін сүйегі, бөксе сүйектері, дем алу, дем шығару, өкпе, танау (мұрын қуысы), танаудың аузы, мұрын тесігі, тамақ, көмей, көмекей, кеңірдек, жұтқыншақ, ұрт, кеңсірік сүйек, желбезек сүйегі, желбезек шеміршегі, қуан, өре сүйек, танаудың жолы, маңдай сүйек, без дорбасы, иіскеуші бөлім, дем аушы, тыныстаушы бөлім, сілекей қабық, жұтқыншақ, мойын омыртқа, ауыздың тесігі, көмейдің тесігі, танау бөлімі, есту түтігі, ауызтақи тұрбасы, жұтқыншақ безі (бадам), жұмсақ таңдай, ауыз бөлім, көмей бөлім, нақ секілді қуыс, өңештің аузы, көмейдің аузы, қалқан шеміршек, жүзік шеміршек, көмей қақпағы, шөміш шеміршек, көмей қуысы, жолақ ет, дыбыс сіңірі, дыбыс үлгідегі, астар

қабық, дыбыс тесігі, жалған дыбыс сіңірі, тон, негізгі тон, қосымша тон, шу, дыбыс түсі, тембірі, дыбыстың күші, өңеш, шеміршек сақина, бұранық, оң бұранық, сол бұранық, қыл кеңірдек, бұранықшал, өкпенің ұясы, өкпенің албиелі, пілеуір, өкпелік пілеуір, қабырғалық пілеуір, өкпенің бөлімшігі, қан қапирлері, тыныстау тетігі, кеңірдек түтіктері, пілеуір қуысы, тыныстау, басқалдақ ет, аралық ет, көк шандыр, құрсақ тыныстауы, қабырға тыныстауы.

**Ю.Вангер.** «Өсімдіктердің тіршілігі мен түзелуі туралы әңгімелер» (аударған Х.Досмұхамедұлы. Ташкент, 1924. 107 б.) атты аудармасында қолданылған терминдер: *Тамыршық, бүршік, бұтақшық, жан бүршіктер, бұтақ, сабын жапырақ, жапырақтың басы (жаймасы), жапырақтың жұмсағы, үлкейтетін шөлмек (шиша), сабақша, кесекше, ұяшық, көпіршік, текшешік, бұдыр, жапырақ, тамыр, сабақ, тұңғыш көпіршік, тыс, қабық, бөлуші шымылдық, әтіз (жүйек), жапырақшық, шұқыршақ, бұдырмақ, бүршікшік, құртышық, құртышық құйыршығы, тамыршық, сабақшық, ақ зат (ақ), ұрық.*

**Ю.Вангер.** «Денеміздің түзелуі мен жұмыс қылуы туралы әңгімелер» (аударған Х.Досмұхамедұлы. Ташкент, 1924. 130 б.) атты аудармасында қолданылған терминдер: *мүше без, без, түкірік без, жылауық, тер без, ақыл тіс, емшек тіс, тісеу, нағыз азу, үлкен азу, шошақ тіс, күрек тіс, қызыл иек, тіс мойыны, емел (эмальды оспай атаған), тамақтың бапталуы, ас баптаушы мүше (асқазан), қышқылтқы, ақ жалпақ, крахмал, клейстр, түкірік, түкірік бездері, сілекей бездері, сілекей қабық, пергемент, ерітінді, уақ қарын бездері, уытталу.*

Ғалымның 1921-жылы Ташкентте жарық көрген «**Табиғаттану**» атты дәрістер жинағында төмендегідей терминдер қолданылады: *Ауа, газ, ауаның қуысы, ауаның қысуы//ауа қысуы, тығыз ауа, сирек ауа, ауаның ағысы, салқын ауа, тозаң, күкірт қышқылтқысы, жану, қышқылдану, тоттану, жалын, жалынның өзегі, жалынның жарығы, жалынның шегі, күйе, металл, мығдын, руда, күлше, кен, метал жылтырағы, асыл метал, тау жыныстары, кристал, жоса, шлэк, болат, шойын, темір, минерал, бронза, малахит, никкел, мелихор, қалайы, тсиңк, сынап, амалгам, күміс, алтын, күн тұтылу, ауа жарығы, планет.*

«**Мәшиненің күші**» (1923 ж.) атты шағын еңбегінде *мәшине, жел кеме, қара-айғыр (паравоз), отарба (поезд, вагон)* сынды жаңа қолданыстар кездеседі.

Х.Досмұхамедұлының тілге қатысты жазылған еңбектерінде *билік рай, етістіктің тұқылы, үнемдікөсемше, ниеттікөсемше, ұйғарынды есімше, сөздің басуы, наху, сарф* сынды терминдер кездеседі. Алайда бізге бұл терминдердің авторы А.Байтұрсынұлы екені мәлім. Ахаңның еңбектері хронологиялық жағынан бұрынырақ жарық көргендіктен, Х.Досмұхамедұлының өзіне дейін А.Байтұрсынұлы жасаған (*наху, сарф* сынды кірме атаулардан өзгесі) терминдерді қолдануы заңды.

Ә.Р.Шокин, Е.Б.Керімбеков сынды медик-биолог ғалымдар 1931 жылы Х.Досмұхамедұлының көзі тірісінде «**Жаратылыс тану терминологиясының орысша-қазақша сөздігі**» жарық көргенін айтады. Алайда біз әзірге осы еңбекті

қолымызға түсіре алмадық. Х.Досмұхамедұлының қазақ терминологиясын қалыптастыруға сіңірген еңбегі туралы сөз етіп отырғандықтан, алдағы уақытта оған арнайы тоқталу міндетіміз деп санаймыз.

Жоғарыда берілген терминдердің бірқатары ғалым еңбектерінде қайталанып берілсе, кейбіреулері келесі басылымдарда жаңа терминдермен алмастырылған. Ғалымның терминжасам тәжірибесі мен терминдерді қолдану ерекшеліктерін анық сипаттау үшін біз оларды ғалым өз еңбектері бойынша беріп отырмыз.

## **II. 5. Жұмақан Күдеріұлы ұлт тіліндегі өсімдіктану терминологиясының негізін қалаушы**

30-жылдары қуғын-сүргін көріп, ақыры сол солақай саясат үстемдік еткен уақыттың құрбаны болған ұлт зиялыларының қатарында қазақтан шыққан тұңғыш биолог-ғалым Жұмақан Күдеріұлы да болды. Ол 7-9 сынып оқушыларына арнап қазақ тіліндегі ең бірінші «Өсімдіктану» оқу құралын жазу барысында көптеген биология терминдерін де қазақ тілінде алғаш жасап, оларды қолданысқа енгізген ғалым.

Ж.Күдеріұлының «Өсімдіктану» атты бұл оқу құралын 1926 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінде оқып жүргенде жазған. Автордың өз қолымен жазған алғысөзінде («дәйектеме» деп берген) кітапты 1926 жылғы 10 мамыр күні аяқтағанын көрсетеді.

Бұл оқулықтың бірінші кітабы 1927 жылы араб әрпімен Москвада, ал екінші кітабы 1930 жылы латын әрпімен Қызылорда қаласында басылған. 1992 жылы екі кітабы да қазіргі жазуымызға көшіріліп, «Рауан» баспасынан жарық көрді. Кітаптың Мәскеуден шыққан басылымының мұқабасында автордың аты-жөні мен кітап атауы бірінші араб әліпбиімен, екінші оның астында латын әліпбиімен қазақша, үшінші ең төменгі жағында кирилл әліпбиімен орысша беріледі. Автордың аты-жөні арабша және латын әліпбиімен «Күдері ұлы Жұмақан» деп көрсетілсе, үшінші қатардағы орысшасында «Ж.Күдерин» деп берілген. Ал 1930 жылы латын әрпімен Қызылордада жарық көрген басылымда кітап авторының аты-жөні тек қазақша «Күдері ұлы Жұмақан» деп көрсетілген. Өз әкесі Маусымбай болса да ол тегін Маусымбайұлы емес, Күдеріұлы деп жазыпты. Ғалым кітаптарының мұқабасындағы аты-жөнінің берілуі оның да ғасыр басындағы алаш зиялылары сынды аты-жөнін «ұлы» нұсқасымен жазуға басымдық бергенін байқатады. 1992 жылы қайта бастырып шығарушылар да автордың аты-жөнін орысшадағыдай берген. Бізде оның жеке құжаттарында аты-жөнін қалай жазғаны жөнінде мәлімет жоқ. Алайда қызының «Лариса Күдерина» деп жазылғанына қарағанда төлқұжатында «Күдерин» деп жазылуы мүмкін деп пайымдауға негіз бар. Кейінгі жылдары ғалым есімі негізінен «Ж.Күдерин» деп көрсетіліп жүр. Соған қарамастан, біз тарихи әділеттілік үшін ғалымның аты-жөнін қарастырып отырған еңбектеріндегідей «Күдеріұлы Жұмақан» деп көрсеткен жөн деп санадық.

Осы соңғы басылымның алғы сөзін жазған биолог-ғалым Қабділрашид Қайым кітаптың ғалымдар мен мұғалімдердің іс жүзінде кең пайдаланып, жетекші құрал етуіне таптырмайтын қомақты еңбек екенін айта келіп, биология ғылымының докторлары Ғ.З.Бияшев пен А.Алманиязовтың пікірлерін келтіреді. Онда «биолог-ғалым Ж.Күдериннің «Өсімдіктану» кітабы қазірдің өзінде маңызын жоғалтқан жоқ. Ол әлі де болса қазақ арасына өсімдік өмірі жөнінде ғылыми білімді таратудың өте құнды құралы болып табылады» делінген.

Қазақ тілінде жазылған тұңғыш өсімдіктану оқулығы екендігіне және жарық көргеніне 70 жылдан астам уақыт өткендігіне қарамастан, бұл еңбектің бүгінгі күні жоғарғы ғылыми дәрежесі бар белгілі биолог ғылымдары тарапынан бұлайша бағалануы жалпы ғасыр басындағы қазақ зиялыларының кәсіби деңгейінің қаншалықты биік болғандығынан хабардар етумен бірге, солардың ішінде Ж.Күдеріұлының де орны бөлек тұлғалардың бірі екендігін көрсетеді.

Ғалымның биология ғылымын дамытуға қосқан үлесі мен оның еңбектерінің құнды жақтарын анықтау осы саланың мамандарының яғни, биолог-ғалымдардың еншісіне тиетін жұмыс. Біз төменде өз тарапымыздан тіл маманы ретінде оқулық авторының қаламынан туған терминдері туралы ғана сөз етеміз.

Ж.Күдериннің 1927 жылы жарық көрген «Өсімдіктану» оқулығында 300-ге жуық қазақ тілінде жасалған терминдер мен көптеген қазақша өсімдік атаулары кездеседі. Бұл оқулықтағы терминдердің барлығы дерлік сөз болып отырған кезеңдегі қазақ зиялыларының термин шығармашылығында ұстанған принциптеріне сәйкес жасалғандығының көрінісі. Мысалы, *аналық, аталық, тұқымдық, түйіршік, тостағанша, сабақша, қалбырша, қабықша, қалташа, қайықша*, сияқты терминдер морфологиялық тәсілмен, *аналықтың мойны, аналықтың аузы, ағаштың сүйегі, бұтақты тамыр жолы, жапырақтың тақтасы, тұқым жапырақшасы, ұялы тозаң, тұқымқап, қылшабуын, гүлжапырақ* тәрізді терминдер аналитикалық тәсіл арқылы, ал *буын, тарамыс, түйір, тұғыр, түк, тап, тыс, тегеурін, желек, жік, шаң, шырын, сақина, құндақ, өзек, сұрып, оба* сынды терминдер жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі арқылы жасалған.

Келтірілген мысалдардан байқап отырғанымыздай, өсімдіктану терминдерін жасауда ғалым қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін кеңінен пайдаланған. Бұл терминдердің көпшілігі қалыптасып, қазіргі өсімдіктану терминдерінің қатарынан орын алған.

Айталық, кезінде ғалым өз оқулығында алғаш қолданған *аналық, аталық, тозаң, сабақша, қабыршақ, қайықша, гүлжапырақ, қабықша, аналық аузы, аналық мойны* сияқты терминдерді бүгінгі ғылыми әдебиеттер мен оқулықтардың, терминологиялық сөздіктердің барлығынан ұшыратуға болады.

Бұл Ж.Күдериннің тек алғашқы оқулық авторы ғана емес, ғылым тілінің,



өсімдіктану терминологиясының қалыптасуына үлкен үлес қосқан, осы істің басында тұрған қазақтың озық ойлы биолог-ғалымы екенін көрсетсе керек. Сондықтан да термин жасау мен өсімдіктану ғылымын қазақ тілінде сөйлетуге қосқан үлесін толық көрсету үшін оның еңбектері тілші-ғалымдар тарапынан арнайы қарастырылатын да жөні бар. Біз бұл жерде ғалымның өсімдіктану оқулығында қолданылған терминдері төңірегінде ғана сөз етіп отырмыз. Оның бастауыш мектептің оқушыларына арналған «Әліппе», «Халық әдебиетінің жинағы», «Қоғамдық еңбек» атты хрестоматиясы, «Қой мен оның жүні», «Кенеп», «Кендір» сияқты еңбектерін тілдік тұрғыдан қарастырар болсақ, Ж.Күдеріұлының қаламынан туған терминдер анықталып, оның ғылым тілінің дамуына қосқан үлесі де нақтылана түсер еді. Жалпы сол кезеңде қазақша еңбектер жазған, ғылым тілінің қалыптасуына қосқан үлесі бар барлық қазақ зиялыларының еңбектерін жан-жақты зерттеу ұлттық ғылым тілінің, терминологияның тарихы үшін өте қажет.

Ж.Күдеріұлы тілімізде бұрыннан бар бірқатар сөздерді жалпыхалқтық тілден алып, биология термині ретінде пайдаланған. Ғалым жасаған сондай терминдердің бірі – *«тегеурін»*. Орыс тіліндегі *«Шпорец»* немесе *«шпорец цветка»* терминдерінің қазақша баламасы ретінде алынған бұл термин жалпы қолданыстағы сөздің терминденуі арқылы жасалған.

Түсіндірме сөздікте тегеурін сөзінің екі түрлі мағынасы берілген: *«екпін, қарқын, пәрмен, қайрат, күш»* және *«қыран құстың алдыңғы үш тырнағына жембасарына қарсы біткен артқы жалғыз тырнағы»*.

Арнаулы сөздікте бұл терминге *«жабық тұқымды өсімдік гүліндегі шірне жинақталатын күлтежапырақшалар қуысы»* деген анықтама берілген.

Ал Ж.Күдеріұлы өз еңбегінде арнаулы ұғымды былайша түсіндірді: *«Кейбір өсімдіктердің желегінің төменгі жағы шиыршықталып шығып тұрады. Жалғыз бармақ сияқты болып тұрғаннан кейін оны тегеурін дейді. Тегеурін тура тостаганиша шешекте де, солпы тостаганиша шешекте де болады»*.

«Тегеурін» сөзінің лексикалық мағынасы мен *тегеурін* терминінің терминологиялық мағынасын түсіндіретін анықтамаларды салыстырып қарар болсақ, жалпы қолданыстағы сөздің метафоралану жолымен терминденгенін байқау онша қиынға соқпайды. Бір ғана лексемамен әртүрлі ұғымдардың таңбалануына, басқаша айтқанда, бір ұғым атауының екінші ұғым атауына алмасуына осы ұғымдардың сыртқы ұқсастықтары негіз болған. Яғни, өсімдіктану термині жалпы қолданыстағы *тегеурін* сөзінің түсіндірме сөздікте берілген екінші мағынасының метафоралануы арқылы туындаған. Оны термин жасаушының *«жалғыз бармақ сияқты болып тұрғаннан кейін оны тегеурін дейді»* – деген өз сөзі де дәлелдей түседі.

Оқулықтағы *тұғыр* термині де дәл осы жолмен жасалған. Түсіндірме сөздікте *тұғыр* сөзінің мағынасы *«қолға үйретілген саят құстарының (бүркіт, қаршыға, ителгі т.б.) қонақтайтын орны, биіктеу ағаш қондырғы»*, – деп түсіндірілген. Өсімдіктануда *тұғыр* деп *«гүлсағақ немесе сабақтың гүл орналасатын созындысын»* – айтады.



Саят құстарының қонақтайтын орны мен сабақтың гүл орналасатын созындысы пішіндерінің (форма) ұқсастығы жалпы қолданыстағы сөздің терминденуіне себеп болған.

«Тұғыр» термині Ж.Күдеріұлы оқулығынан кейін «Ботаника» оқулықтары авторларының тарапынан бірнеше рет өзгеріске ұшырады. Нақтырақ айтқанда, ол В.Н.Исаинде, (1954) – *гүл тұғыры*, В.А.Тетюрев пен Б.В.Игнатъевтің оқулықтарында (1954) – *гүл табаны*, ал Т.Мұсақұловта (1962) *гүл тұғыры*, *гүл кіндігі*, *гүл табаны* түрінде үш вариантта, Б.В.Всесвятскийде (1964) *гүл табаны*, В.А.Корчагина (1978) мен Р.Әлімқұлқызы бастаған авторлардың соңғы оқулығында (1993) *гүлтабан* түрінде қолданылған.

Алғашқы сөз болған *тегеурін* термині де кейінгі авторлар мен аудармашылар тарапынан өзгеріске ұшырап, қазір *гүлтепкі* түрінде тұрақтанды. Әрине, соңғы қалыптасқан терминдерді енді өзгертудің ешбір қажеті жоқ, алайда оларды Ж.Күдеріұлы жасаған қалпында қалдырғанда да қалыптасып кеткен болар еді.

Жалпы Ж.Күдеріұлы оқулығында кездесетін терминдердің шамамен бестен бірінен астамы яғни 15 пайыздайы жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі, тең жартысына жуығы (50 пайызы) синтаксистік тәсіл, 35 пайыздайы морфологиялық тәсіл арқылы жасалған. Өсімдіктану ұғымдарының деректілігіне (нақтылығына) байланысты болуы керек, жалпы әдеби тілдегі сөздер мағыналарының, метафоралану жолымен терминденуі көбінесе ұғымдардың сыртқы ұқсастықтарына (пішін, көлем, түр т.б.) негізделетіндігімен ерекшеленеді. Ал морфологиялық тәсілмен жасалған терминдер негізінен **-лық/-лік (-дық/ -дік, -тық/ -тік), ша/-ше, -шық/-шік, -ыс/-іс, -лы/-лі (-ты/-ті, -ды/-ді), -сыз/-сіз, -у** сияқты сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалады. Ал аналитикалық жолмен жасалған терминдер арасында *тұқымқап, тозаңқап, тамырқап, ұрыққап, жалаужелек, жіпұяшық, қышқылкөмір, гүлжапырақ, ожаужапырақ* сөздердің біріктірілуі арқылы жасалған атаулардың да едәуір орын алатыны аңғарылады.

Ғалымның көптеген қазіргі тілші-ғалымдар мен сала мамандары аударуға болмайды деп жүрген, осы уақытқа дейін аудармай қолданып келген терминдерді қазақша жасағандығы назар аудартады. Мысалы, «микроскоп» терминін – *«асылшыны»*, «микроспоры» терминін – *«аталықшаң»*, («макроспоры» терминін – *«аналықшаң»*), «паразит» терминін – *«арамтамақ»*, «ядро» терминін – *«түйір»*, «ядрочко» терминін – *«түйіршік»*, «протоплазма» терминін – *«жалқаяқ»*, «хлорофилла» терминін – *«көкше»*, «хлорофильное зерно» терминін – *«көкше түйір»* т.б.

Бұрын қазақ ұғымында болмаған ғылыми ұғымдардың атауын жасау, басқа тілдердегі сөздерге ұтымды балама табу көп ізденісті қажет ететін машақаты мол күрделі шаруа екендігі даусыз. Қазақ білімпаздары осы қиындықтан қашпаған. Керісінше, олардың өздері маманданған немесе қажеттілікті өту мақсатымен алғашқы оқу құралдарын жазған салаларының терминдерін әуел бастан-ақ ұлт тілінде жасап қалыптастыруды міндет санағаны байқалады. XX ғасырдың 20-жылдары оқулық жазып, терминжасам мәселесімен бетпе-

бет келген өзге қазақ зиялылары сынды Ж.Күдеріұлы да термин жасаудың қиындығын атап көрсетеді. «Бұрын өсімдік туралы қазақша жазылған кітаптар жоқ. Орысша, яки басқа латынша сөздерді қазақшалау өте қиындық көрсетті» деп жазады ғалым.

Кірме терминдерді жазу мәселесінде де ғалым өзімен замандас алаш оқығандары сынды ұстанымға тоқтаған. Оған осы оқулықтағы *боснар* (фосфор), *бөренке* (воронка), *беймаза* (мимоза) тәрізді терминдерді жазуы дәлел бола алады. Бұл жерде бір нәрсені атап айту керек. Ол – Ж.Күдеріұлының өсімдіктану терминдерін қазақша жасауға барынша көп көңіл бөлгендігі. 1927 жылы Мәскеуде басылған бірінші оқулықта қолданылған жүздеген терминдердің арасынан бар болғаны жоғарыдағы келтірілген үш-төртеуі ғана тілімізге бейімделіп аударылмай алынғандығынан оны анық байқауға болады. Сондай-ақ бұл деректер қазақтан шыққан жоғары кәсіби білім алған тұңғыш биолог ғалымының өсімдіктану терминологиясын жасаудағы, ғылым тілін қалыптастырудағы ұстанымын да көрсетеді.

### Жұмақан Күдеріұлының 1930 жылы жарық көрген «Өсімдіктану» оқулығында қолданылған терминдер

*Топырақ, қара топырақ, сұр топырақ, тоң топырақ, құм топырақ, тұз топырақ, шөл топырақ, балшық топырақ, балшықты топырақ, май топырақ, саз топырақ, құмайт топырақ, майда балшық топырақ, құнарлы шірінді топырақ, түп топырақ (материковая порода), топырақ маңыздылығы, топырақтың сіңіргіштік қасиеті, топырақтың жылу сыйымы, қызыл топырақ – қызыл қоңыр топырақ, қызыл күрең топырақ, қызғылт топырақ, құла топырақ, ақтаңдақ топырақ; сары топырақ – құрым топырақ, қоңыр топырақ, ақсары топырақ, ақшыл сары топырақ; көк топырақ – қара көк топырақ, көкше топырақ, күл топырақ; боз топырақ – бозғылт топырақ, боз топырақ; шірінді, бөренке (воронка), ерітінді, дымқылдық сыйымы, минерал заттар, лакмус қағазы (құбылмалы қағаз), сахар (щелочи), қышқыл (кислота), өзекті зат(органическое вещество), тамыр, сабақ, жапырақ, бұтақ, шешек (гүл), өсімдік, өсімдібұтақ, өнімді бұтақ, өсімдік мүсіні, тұқым, дән, бұта, бактер, қауыз, қабық, кебек, екі бөлек дәнді тұқым, дара дәнді тұқым, бітім (тұқым бітімі), бітім қолқасы, бітім бүршік, тамыр бүрі, қабық ішіндегі жарты дән, жапырақ бүрі, қаптауыш, жібек тамыр, ұршық жұмыр тамыр, домалақ тамыр, бұтақты тамыр, тармақты тамыр, түк тамыр, жұп тамыр, біржылдық өсімдік, екіжылдық өсімдік, көпжылдық өсімдік, ағаш тамырлы өсімдік, тарам тамырлы өсімдік, тері қабық, жұқа қабық, қалың қабық, шел қабық, қуыс тамыр, түтікше, жапырақша, сабақша, тамырша, алғашқы жапырақша, жапырақтың беті, оттегі, өсімдіктің тамақтануы, жапырақ сабағы, буынқап (жапырақтың буынқабы), бірбетті жапырақ, көпбетті жапырақ, қос жапырақ, айналмалы жапырақ, тегіс жиекті жапырақ, ирек жиекті жапырақ, жырық жиекті жапырақ, жазық*

жапырақ, тал жапырақ, айыл жапырақ, жұмыр жапырақ, бұр жапырақ, көкше дән (хлорофильные зерна), жапырақ түгі, жапырақтың жұқа қабығы, жапырақтың жұмсақ бөлігі, тыныс жолдары, жапырақ тесігі, крахмал, крахмал дәні (крахмальное зерно), крахмал түйіршіктері, тұқым, тұқымның құрылысы, тұқымның қабығы, жарылыш, дәндік, ұшырғыш (машина), сұрыптағыш (машина), тұқымның шымылдығы, тұқымның өскеледігі, тұқымның шаруашылық жарамдылығы, тұқым шығымдылығы, тұқымды шашу, көпжылдық жуан сабақ, біржылдық сабақ, екіжылдық сабақ, соя сабақ, қурай сабақ, сабан сабақ, желілі сабақ, тік қурай сабақ, сабақ буыны, қаптама жапырақ, сойма қабық, ағаш сүйегі, үшкірлі үйшік (парезенхимный), доғал үйшік (перенхимный), өсімдік ұяшықтары, сыртқы қабық, қатынасатын түтік жолдар, жұмсақ бөлік, аралас түтік жолдар, түтікше//түтікше жол, оралмалы жол, айналмалы жол (айналмалы түтікше), сүзгілі жол, сүзгілідыс, асылшыны, шешекті өсімдіктер, шешексіз өсімдіктер, толық шешек, шала шешек, тостағанша, күлте, аталық, аналық, желек, жұбайлы шешек, жұбайсыз шешек, бірүйлі өсімдік, екіүйлі өсімдік, тұғыр, астылы аналық, қатарлы аналық, үстілі аналық, күлтелі күлі, жеке желекті шешек, тұтас желекті шешек, гүл жапырақшасы, тозаңдық, жіпіше, тозаң, тозаң ұясы, тозаңқап, бүрлік жатыны//бүрлік, аналық аузы//ауыз, аналық мойны//мойын, түйін, тұқымша, тұқым жолы, ұрыққап, өсімдіктің үйігуі, жеміс, жалған жеміс, жемісқап, тұқым қабығы, жемістің еті, етті жеміс, құрғақ жеміс, сүйекті жеміс, сүйексіз жеміс, тұқымқап, бітеу жеміс, ашылмалы жеміс, тұр, жыныс, тұқымдас, сұрып, сұрыптау, шешекті өсімдік, шешексіз өсімдік, шаңды өсімдік, жабық тұқымды өсімдік, ашық тұқымды өсімдік, бір дәнді өсімдіктер, екі дәнді өсімдіктер, жеке желекті өсімдіктер, тұтас желекті өсімдіктер, түссіз шешекті өсімдіктер, түйінді өсімдік, жоғары түйінді өсімдік, буынқап, балақ жапырағы, балақ жапырақшасы, масақты шешек, бір шешекті, екі шешекті, көп шешекті, сыртқы қауыз, ішкі қауыз, мұрт, жабайы өсімдік, аталық шашағы, аналық шашақ//аналық шашағы, гүл жапырақ, күлте, гүл желегі, қалбырша, тұқым мамығы, бұрқырама, мақтаның құсығы, айырық желекті өсімдіктер, қалташа, саусақ жапырақ, астауша, екі ағайынды, қатар жапырақты өсімдік, үш жапырақты өсімдік, көпсаусақ жапырақты өсімдік, жай жапырақты өсімдік, қиықша, оралмалы сабақ, тұқымқап, желегі тіл сықылды шешек, желегі мұржа сықылды шешек, желегі мұржа тілді шешек, текемойын жапырақ, шешекқап, тік сабақ, бүтін жиекті жапырақ, төрт қырлы сабақ, жеміссіз тұқым, жемісті тұқым, солқылдақ, қайыңның бүрі, жалаңаш тұқымды өсімдіктер, жалған жеміс, бұтақты бұр, боздан қабы, шешексіз өсімдіктер, шаңсабақ, шаңқап, аналық тұқымшасы, аналық шаңы, арамтамақ (паразит), ұяша, жіп, жіпіше, көбек, ұяшық, аяқша, түкті бактер, түксіз бактер, шаңмен өсу, ноқат бактер (кокк), тізбелі бактер (стрептококк), сопақ бактер (батсек), қышқыл көмір (углерод), сутуым (водород), қышқылтуым (кислород), жарықтуым (фосфор).

## II.6. Жүсіпбек Аймауытұлы және қазақ терминологиясын жетілдіру мәселелері

Алаш зиялыларының арасында қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей атсалысқандардың бірі – Жүсіпбек Аймауытұлы. Ол жеке ғылым саласының терминдерін жасап, оларды қолданысқа енгізумен қатар өзге тілдерден термин қабылдау мен терминологиялық жұмыстарды жүргізудің өзіндік жолын ұсынып, жеке көзқарасымен ерекшеленген білімпаз. Сондықтан қазақтың аса дарынды қаламгерінің төл терминологиямызды қалыптастыруға сіңірген еңбегі мен осы жолда ұстанған қағидаттарын жеке қараудың өзіндік себептері, негізі бар.

Жүсіпбек Аймауытұлының терминология туралы ойлары мен оны қалыптастыру туралы негізгі ұсыныстары оның «Ақ жол» газетінің 1925 жылғы 1 мамырдағы санында жарияланған «Пән сөздері қалай табылады?» деп аталатын мақаласында айтылады.

Жүсіпбек Аймауытұлының терминологиялық көзқарасын сөз етпес бұрын мына мәселеге назар аударған жөн. 1924 жылы «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» Елдес Омарұлының баяндамасы негізінде терминологияны дамытудың қағидаттары ресми бекітілді. Алаш зиялылары, осы алқалы жиынға қатысқандар баяндаманы қызу талқылай отырып, ортақ пікірге, бір пәтуаға келді. Съез қаулысымен бекітілген қағидаттардың қолданысқа енгеніне бір жыл да толмай жатып Жүсіпбек Аймауытұлының қайта мәселе көтеріп, ресми белгіленген қағидаттардан ерекшеленетін, өзгешелеу жол ұсынып отыруы назар аудартады. Ж.Аймауытұлының аталған мақаласы Ахмет, Елдес, Халел сынды тіл білімпаздары мақұлдаған қағидаттардан бөлек жол ұсынуының өзі оның пікіріне ерекше мән беруді талап етеді. Сонымен терминологияны қалыптастырудың өзіндік жолын жұртшылық талқысына ұсынған осы мақалаға ретімен тоқталып көрелік.

Автор мақаласын былай бастайды: «Қазақ тілінде кітап көбейген сайын, пән сөздері де молайып келеді. Барлық пәнге керекті сөздерді ойлап тауып, жеткіземіз деп білім кеңестері әуре болып жатыр. Тәуір, ұғымсыз-қолайсыз сөздер де көп, қолданылып жүрген сөздер де көп. Сонымен жұрттың бірсыпырасы пән сөздеріне жарымай жүр. Бұл әңгіме былтыр білімпаздар кеңесінде де сөз болып еді. Әлде болса сөз болу керек көрінеді. Сондықтан пән сөздерін қалай табу туралы пікір ұсынып, ойшылдардың алдына салмақпыз» дейді.

Мақала авторының сөз бастасынан, мәселе қойысынан не аңғаруға болады? Біріншіден, ол терминологияны қалыптастыру мәселесінде атқарылып жатқан жұмыстардың бар екендігіне қарамастан, білім кеңесінің әлі де бұл істі жолға қоюға шамасы жетпей жатқанын аңғартып өтеді. Оның «жұрттың бірсыпырасы пән сөздеріне жарымай жүр» деуі атқарылған іс нәтижесіне қанағаттанбайтындығын байқатады. Екіншіден, білімпаздар съезі бекіткен терминология қағидаттарына қосары бар екендігін, онымен толық

келісе алмайтындығын сыпайылап, ғылыми әдеппен жеткізеді. «Бұл әңгіме былтыр білімпаздар кеңесінде де сөз болып еді. Әлде болса сөз болу керек көрінеді» деген жолдардан қаламгердің айтары аңғарылып тұр. Бұдан әрі ол осы ойын одан әрі түйіндей түседі. «Менің ойымша пән сөздерін мекемеде отырып, жиылыспен, айтыспен, қол көтеріп, қаулы қылумен табуға болмайды-ау деймін» деу арқылы ол білім кеңесінің жұмысына да, съез қаулысымен бекітілген қағидаттарға да көңілі толмайтынын, мәселенің онымен ғана шешімін таппайтындығын айтып отыр.

Одан ары қарай автор терминологиялық жұмыстарды неліктен олай ұйымдастыруға болмайтындығының себептеріне тоқталып, оларды санамалап көрсетеді. Ол бірінші себеп ретінде мынаны айтады:

1. «Тіл» деген нәрсе біліммен бірге өсетін, өрбитін жанды нәрсе. Тілдің өсіп, өркендеуі де табиғи жол болуы керек. Жанды нәрсе өз ағынымен, өз еркімен, қысылмай, зорлық көрмей, өсіп жетілмек. Мәдениетіміз күшейсе, тіліміз өзінен-өзі күшейеді. Қалай күшейеді? Жаңа сөздерді қайдан алады? Байқап отырсақ, жат ұғым жат сөзді өзі кіргізетін көрінеді. Төңкерістен бері еріксіз кіріп кеткен жат сөздер бар. Оларды халық сіңіріп алып қойды. Жұрттың миына орнап қалды. Енді олардың орнына жаңадан қазақ сөзін тауып кіргізіп, жат тілді қуып шығамыз деп талпынғанмен болмайды. Бойға сіңіп кеткен асты қайта құсуға бола ма? Сол тәрізді, сондай бойға тарап кеткен сөздерге мысал мыналар: *автономия, республика, сәбет, кәменес, ісполком, сайоз, мандат, агент, милисия, әтред, налог, кәператсия, метеңгі, сабрание, әрістабайт, кунпескебайт, нұраба, контр, нұртокол, ыстаж, бюджет, кәтегерие* т.б.

Бұл сөздерді еш білімдар ойлап тауып кіргізген жоқ. Өмір кіргізіп отыр. Өмір кіргізген жаңалықты жауып тастауға болмайды. Сондықтан жат тілден кашамыз десек те қаша алмаймыз».

Бұл Ж.Аймауытұлының білімпаздар құрылтайында бекітілген қағидаттарға қарсы келтіріп отырған бірінші дәлелі. Мұны оның терминологиялық қорды қалыптастыруда басшылыққа алып отырған ең басты ұстанымы деп те тануымыз керек.

Әрине, өзге тілдерден сөз алмайтын тіл болмайтыны белгілі. Бірақ автордың тілдің өркендеуін еркіне жіберіп, табиғи жолмен дамуына мүмкіндік беру керек деген пікірінің ғылыми негіз берік деуге болмайды. Ұлттың тілі ғылым мен техниканың, білімнің тілі ретінде қарқынды даму кезеңін басынан кешпеген уақытта оның табиғи жолмен қалыпты түрде өркендеуі мүмкін. Ал тілдердің өзара байланысы күшейіп, мәдениеттердің бір-біріне ықпалы артқан, ұлттың ғылым мен техниканы игеруге өз тілінде араласып, терминдер тасқыны, ақпараттар ағыны келе бастаған мезгілде тілдің өз бетінше дамуына жол беру қажет деген пікірге қосылу қиын. Себебі, терминологияның дамуын ыркына жіберген жағдайда, біз көптеген қиындықтарға, проблемаларға тап болатынымыз анық. Терминологиядағы жүйесіздік, семантикалық сәйкессіздік, жарыспалылық, терминдердің үндесімсіздігі, терминологиялық бейберекеттік сияқты кемшіліктер дәл осы терминологияның дамуын

қадағаламаудан, үйлестірмеуден туындайды. Әлем тілдерінің қай-қайсысында да тіл мәдениеті, тілдік нормалардың сақталуы жолындағы жұмыстар толастамай жүргізіліп отырады. Ал терминологиядағы кемшіліктердің орын алмауы үшін жүргізілетін жұмыс түрлерінің басын біріктіріп – «терминологиялық жұмыстар» деп атайды. Осы терминологиялық жұмыстар тілдің, терминдер қорының өз бетінше дамып, қалыптасуы үшін емес, керісінше сол терминдердің жасалуы мен қолданысын, олардың мағынасы мен құрылымын үнемі қадағалап, осы үрдіске саналы түрде араласып отыру үшін атқарылады. Мұндай жұмыстар мемлекеттік мәртебесі бар немесе білім беру мен ғылым, техника мен өндіріс салаларында қолданылатын барлық тілдерде жүргізіледі. Міне сондықтан да терминологияның дамуын өз ағымына жіберу керек деген тұжырымның негізі бар дей алмаймыз. Бұл орайда Жүсіпбек Аймауытұлының замандастары Ахмет Байтұрсынұлы мен Елдес Омарұлы, Халел Досмұхамедұлдары ұстанған жолдың дұрыстығына күмән келтіруге болмайды. Олардың белгілеген қағидаттарының дұрыстығы сонда олар терминологияның дамуын өз ағымына, ырқына жіберуді емес, оны реттеп, ұлт тілінің заңдылықтары мен мүддесіне сәйкес реттеп, жүйелеп отыруды көздеді. Қазіргі терминтану ғылымында терминологияны дамытуды қадағалап, жоспарлап, үйлестіріп отыру қажеттілігі дәлелденді. Сондықтан жат ұғым кірсе онымен бірге сол ұғымның атауы да бірге кіруі керек деген тоқтам жасау негізсіз. Әр ұлт ұғымға өзіндік таным тұрғысынан қарап, кез келген ұғымды өз тілінде атай алады. Ондай мүмкіндік болмаған жағдайда өзге тілдің атауын өз тіліне лайықтап, өзгертіп, қабылдаушы тілдің заңдылықтарына бағындырып қабылдай алады.

Мақаладағы жұрттың санасына сіңіп кеткен кірме сөздерді қуып шығуға болмайды деуінде белгілі дәрежеде шындық бар. Әсіресе кірме сөздер тым көбейіп кетсе, олардың бәрін ұлт тілінің өз сөзімен алмастыру өте қиынға соғатыны рас. Оған бүгінгі қазақ терминологиясындағы мыңдаған кірме терминдер нақты мысал бола алады. Алайда тілге кірген жат сөздерден мүлде арылуға болмайды деп кесіп айтудың да негізі бар дей алмаймыз. Мұндай пікірде біржақтылық бар екендігін айту керек. Әлемнің көптеген тілдерінде ұзақ жылдар бойы қолданыста болған жүздеген өзге тілдік атауларды төл сөздерімен алмастырылғанын дәлелдейтін деректер аз емес. Тіпті алысқа бармай-ақ мақала авторының өзі мысалға келтіріп отырған сөздерін алып қарасақ та оған көз жеткізуге болады. Оның бойымызға тарап кетті, енді оларды өзгертуге болмайды деп мысалға келтірген жоғарыдағы сөздерінің көпшілігін біз бүгін өзгертіп, қазақша нұсқасында қолданып жүрміз. Мәселен, мына атаулар: *кеңес (совет), атқару комитеті (исполком), одақ (союз), жасақ (отряд), салық (налог), жиналыс (собрание), тұтқындау (арестовать), тәркілеу (конфискация), құқық (право), хаттама (протокол), санат (категория)*. Бұлардың бірі ерте, бірі кеш тілге сіңіп, ресми бекітілген, жұртшылық қабылдаған сөздер қатарына енді. Мұндай мысалдарды әлі көптеп келтіре беруге болады. Сол себептен де қазақтың аса көрнекті қаламгері, көркем сөздің хас шебері Жүсіпбек



Аймауытұлының білім-парасатын құрметтей отыра, оның терминологияны дамытуға қатысты бұл ұстанымының ғылыми-лингвистикалық негізі берік дей алмасақ керек.

Жүсіпбек Аймауытұлы екінші себеп ретінде мынаны атап көрсетеді:

2. «Жаңадан жасалған сөздер күшпен тіл бола алмайды. Тілдің қолайлысы, ұғымға жайлысы алынады. Қолайсызы шығып қалып отырады. Тіршілік тартысында қандай талғау таңдау болса, тіл де сондай таңдау іздейді. «аухалтер» (аудандық халық тергеушісі), «кек» (кесіпшілер кеңесі), «хан бөлбас» (ханшілік бөлімі бастығы), «сәрсендеме» (гимнастика) деген сөздер өтпейді. Бұларды тіл қыламыз десек зорлық болады. Ел «атком»-нан «ісполком»-ды жақсы біледі. «Одақ»-тан «сайоз»-ды артық көреді: «сайоз»-дан нәрсе алады, «сайоз» ұйымнан пайдаланады. «ауылдық кеңес» дегеннен «ауылнай сәбет» дегенді жеңіл көреді. «Интернационал»-ды олай аударып, былай аударып, қазақтан қолайлы сөз таба алмай қойды. Бұл не? Тіл орынсыз бұрмалауды көтермейді екен».

Алдыңғы тармақта автор қазақ тіліне өзге тілдерден енген кірме атауларды жатсынбау керек, олар тілге сіңіп кетті десе, екінші тармақта ол жаңа сөздерді күштеп тілге енгізудің қажеті жоқ дейді. Мұнда да ол негізінен тілдің дамуын еркіне жіберу керек деген бастапқы ойын жалғастырып, сабақтай түседі. Жалпы алғанда жазушы кірме сөздерді аударып өз атауларымызды жасауға аса ынталылық таныта қоймайды. Айтқан ойы да, келтірген мысалдары да соны аңғартады. Оның жоғарыда айтқан сөздің қолайлысы, ұғымға жайлысы алынады дегені дұрыс. Бірақ сол қолайлыны, жайлыны анықтап, іріктеп, саралап отыруды жалпы халыққа жүктеп қоюдың реті жоқ. Ондай іспен мамандар, тілдің заңдылықтарын, сөзге, терминге қойылатын талаптарды білетіндер айналысуы тиіс. Тілге сәтсіз жасалған, тілдік нормаларға жауап бермейтін сөздердің де еніп кетіп, орнығып қалғаннан кейін солардан арыла алмай жататын жағдайларымыз да аз емес. Бұл тиісті саралау жұмыстарының уақытында өз деңгейінде жүргізілмегендігінен, істің кәсібилікпен атқарылмағандығынан орын алатын кемшіліктер. Автордың екінші пунктте халық «жақсы біледі», «жеңіл көреді» деп атап көрсеткен, қолдаған сөздерінің бірқатары уақыт өте келе қолданыстан шығып қалды. Керісінше, «ісполком» орнына ол сынаған – *атқару комитеті*, «сайоз» орнына – *одақ*, «ауылдай сәбет» орнына – *ауылдық кеңес* орнықты. Мұны уақыт сыны дейтін болсақ, сол кезеңде осы сөздерді жасап, қолданысқа енгізген зиялыларды тілге зорлық жасады дей алмасақ керек.

Мақала авторы үшінші себеп ретінде мына мәселелерге тоқталады:

3. «Мектептердің пән сөздерін кеңседе жасау дұрыс емес. Пән сөзін пән маманы, кітап жазушы шығару керек. Ешбір ғалым пән сөздерін кеңседе шешкізіп, жасамайды. Кітап жазушы өзі табады. Бір ғалымның шығарған кітабында кейбір сөздер қолайсыз болса, екінші жазушы ол сөздерін түзеп, өзгертіп, жаңа сөз кіргізеді. Сөзді пән иесі ғана шығармаса, бөгде кісілердің шығаруы мүмкін емес, өйткені әр пәнге жетік адамдар білім кеңесінде болмайды. Пән иесі көп ойланып, көп еңбектеніп тапса, кеңес сөзге көп

ойланып отыра алмайды. Білім кеңестерінің жиылысында болғанымыз бар, онда сөздер жете тексерілмей үстірт қаралатындығы, көп отырса, жалығып, қолайсыз сөздерді де ала салатыны байқалады.

Білім кеңестерінің сөз табуы ғылымға негізделген (академически) жол емес, бұтақ (кустарник) жол. Ілім негізімен шешу үшін пән сөздерін жасаушылар әр тілді (араб, парсы, түрік, Европа тілдерін) білетін (филолог) адамдар болу керек. Сондықтан тіл қарастыру жұмысы білімге негізделмей, жорамалдаумен, сипаттаумен «осынау қалай болар екен?»-мен шешіліп жүр».

Ж.Аймауытұлы бұл жерде «терминдерді кім жасауы керек?», «термин шығармашылығымен кімдер айналысуы тиіс?» деген мәселелерге өз пікірін айтады. Автордың атып отырған ойы орынды. Әр саланың терминдерін сол саланың мамандары, оқулық, кітап жазушы авторлар жасауы керек. Өйткені олар сол өзі маманданған саласының ұғымдарын, олардың өзара байланысы мен ерекшеліктерін жақсы біледі. Бірақ мұнда мәселенің екінші қыры бар. Сала мамандарының бәрі бірдей тілді, оның заңдылықтарын, терминге қойылатын талаптарды жақсы біле бермейді. Сондықтан да автор бұл мәселені ғылыми тұрғыдан дұрыс шешу үшін «әр тілді білетін филолог адамдар» шешуі керек деп түйіндейді. Яғни ол бұл тұста мәселенің екінші қырын да дұрыс байқай білген. Жекелеген терминологиялық жұмыстарды сала мамандарының атқаратындығына қарамастан, жалпы қазіргі уақытта әлем халықтарының терминологиялық жүйесін жетілдірумен, жүйелеумен және терминтануды ғылым ретінде зерттеп, пән ретінде оқытумен айналысушылар негізінен лингвистер болып отыр. Бұл терминнің сөз, сөз тіркесі ретінде тіл білімінің зерттеу нысаны болғандығынан болса керек.

Жүсіпбек Аймауытұлының білім кеңесінің жұмысына сын айтуына келер болсақ, оның сонау XX ғасыр басында айтқан пікірі бүгінгі күн үшін де маңызды болып отыр. Оның «Білім кеңестерінің жиылысында болғанымыз бар, онда сөздер жете тексерілмей үстірт қаралатындығы, көп отырса, жалығып, қолайсыз сөздерді де ала салатыны байқалады» деген сөзі дәл бүгінгі біздің Мемтерминкомға қатысты айтылғандай. Термин қалыптастыруға, оны жасау мен бекітуге деген жауапкершілігіміз бен бұл іске кәсіби тұрғыдан келу мәселесі бізді әлі шешімін таппай келеді. Қалай болғанда да ол кездегі аз ғана қазақ зиялыларының терминологияны қалыптастыруға қосқан үлесі өте зор. Халықтың сол кездегі білім деңгейін, жалпы халыққа шаққандағы оқығандардың үлесін, алаш зиялыларының терминологияны қалыптастыруда атқарған істерін ескерсек, сын айтудың өзі артықтау сияқты көрінеді. Соған қарамастан, білім кеңесінің жұмысына оқығандардың үлкен талап қойып отырғанын көреміз. Ал оқығандарды айтпағанда, жоғары білімі барлар мен ғылыми атаққа иелердің өзі жүздеп, мыңдап саналатын бүгінгі таңда терминологияның көптеген мәселелерінің шешімін таба алмай, терминологиялық жұмыстардың тиісті деңгейде атқарылмай отырғандығын ақтап жату артық.

Алаш зиялысының атаған төртінші себебі мынадай:



4. «Бұл күнде білім кеңесі пән тілдерін жасап отырса, кітап жазушылардың нашарлығынан, пән мамандары жоқтығынан еріксіз жасап отыр. Тіл мамандары (филологтар) болмағанмен, бізде пән мамандары болу керек. Белгілі пәннің соңына түсіп, ізденген, кітап қарастырған адам азды-көпті сол пәнге маман болып алады. Бір адам әртүрлі пәннен жазбақшы болса, оныкі терең болмайды».

Ж.Аймауытұлы салалық мамандардың жоқтығынан, кәсіби деңгейлерінің төмендігінен терминдерді білім кеңесі жасап отырғанын айтады. Оның бұл пікірін сол кезеңнің шындығы ретінде қабылдаған абзал. Химия, физика, астрономия, география, психология, биология сияқты түрлі салаларға маманданған жоғары білікті ұлттық ғылыми кадрлардың өте аз болғаны айдай ақиқат. Одан бері жағдай өзгерді. Біз қазір жиырмасыншы ғасыр басындағыдай, жоғары білімді пән мамандары жетіспейді дей алмаймыз. Жекелеген жаңа қалыптаса бастаған салаларда болмаса, ғылым мен техниканың қай саласын алсақ та, ғалымдар мен тәжірибелі практик мамандар баршылық. Әр саланың мамандарын дайындайтын оқытушы ұстаздар мен пән мұғалімдері жүздеп, мыңдап саналады. Бірақ соған қарамастан, қазақ терминологиясының негізгі бөлігі қазақ тілінде жасалып, термин шығармашылығы жоғары кәсіби деңгейде жүзеге аспай отырғанын немен түсіндіруге болады. Бұл ең алдымен, кеңестік дәуірде терминологияны ұлт тілінде дамытуға емес, оның орыс тілімен ортақтығын күшейтуге көп көңіл бөлінгендігінен, біздің терминологиямызды халықаралықтандыруға басымдық бергенімізбен байланысты. Қазақ балаларының мектепте орысша оқып, жоғары оқу орындарында ұлт кадрларының орыс тілінде білім алуы түрлі салаларды ұлт тілінде сөйлететін тілге жетік мамандар тапшылығына әкеп соқты. Ж.Аймауытұлы атап көрсетіп отырғандай, XX ғасыр басында жоғары білімі бар мамандар тапшылығы қазақ терминологиясының дамуына кедергі келтірген болса, бүгін XXI ғасыр басында кеңестік дәуірде орысша оқып өсіп жетілген ұлттық ғылыми қауымның, зиялылардың елеулі бөлігі өз шығармашылығында қазақ тілін пайдалана алмайтындығы үлкен мәселе болып отыр. Кеше мамандар жетіспеушілігі қолбайлау болған болса, қазір мыңдаған білікті салалық мамандарымыз бола тұра, олардың ұлттық терминқорды қазақтың өз тілінің негізінде қалыптастыруға ғылыми шығармашылықта ұлт тілін пайдалана алмаушылығы тежеуіш факторға айналып отыр. Өйткені қазіргі ғалымдар мен салалық мамандардың елеулі бөлігі орысша тілі шығып, орыс тілінде білім алғандықтан, ғасыр басындағы қазақ зиялыларындай өз ұлтының тілін терең біле бермейді. Тіл білмейтін маманның ғылымды өз тілінде сөйлетуге, ұлттық терминдер қорын жасауға құлықты болмайтынын, тіпті құлқы болған күннің өзінде оған құзыреті жетпейтінін уақыт көрсетті. Сондықтан біз бұған білім саясатын жүргізуде, ғылыми кадрлар даярлауда ескерілуге тиісті стратегиялық маңызы зор ұлттық, мемлекеттік мәселе ретінде қарай отырып, осы бағытта атқарылатын жұмыстардың барлығын да ел мүддесіне сәйкес ұйымдастыруға баса мән беруіміз керек.

Жоғарыда айтылған ой-пікірлерін қорыта келіп, Ж.Аймауытұлы қазақ

тілінің терминологиялық лексикасын қалыптастырудың, терминдер қорын жасаудың тиімді жолдарын көрсетіп, өз жобасын ұсынған. Оның мақала соңында түйіндеп берген 9 тармақтан тұратын ұсыныстары, өз сөзімен айтқанда жобасы төмендегідей:

«Пән тілдерін табу қиын болатын көрінеді. Сондықтан жоғарыда айтылғандарды еске алып, сөз табу туралы менің ұсынатын жобам:

1. Сөз туралы қиналмай, тілді өз ағымына жіберейік. Ұнамды сөз алынып отырар да, ұнамсызы шығып қала берер.

2. Кіріп қалған жат сөздерден қашпайық. Орынсыз тілге зорлық қылмайық.

3. Сөзді пән мамандары, кітап жазушылар шығарсын.

4. Сөз таба алмайтын шәлдірік адамдар кітап жазбасын. Оқу кітаптарын педагогтар жазуы тиіс. Оқыту жолын білмеген адамның кітабы ұғымды болмайды. Педагогтің қаламға шебері жазу керек.

5. Жаңадан сөз қосушылар тапқан сөздерін кітабына айрықша жазып отырсын.

6. Кітап жазушылар, екі-үш жыл өткенде, тіл туралы кеңесіп, табылған тілдерді қорытып отырсын.

7. Пән сөздері әйтеуір жаттап алынған сөздер, мейлі кітап бетінде мейлі газет-журнал бетінде болсын, орысшасымен бірге жазылып отырсын.

8. Қолайсыз алынған сөздер туралы баспа сөз бетінде сын жазылып, жобалар ұсынылсын.

9. Білім кеңесі (яки оның орнындағы мекеме) істей алса, жаңа шыққан сөздерді жинастырып, лұғат кітап бастырып шығарсын.

Міне осы жолмен ғана тіл мәселесін оңай шешуге болады деп ойлаймын. Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралдағы» жаңа сөздері осы жолмен тарап кеткенін көреміз. Бұл табиғи жол деп жоримын».

Оның бұл ұсыныстарының бірқатары сол кезеңдегі терминологиялық жұмыстардың жүргізілуіне септігі тиіп, айтқан пікірлері замандас әріптестері тарапынан ескерілді, термин жасаушыларға, қазақ тіліндегі оқулықтар мен ғылыми кітаптар жазушыларға ой салды деп білеміз. Мәселен, Білім кеңесінің ұйғаруымен термин комиссиясы 1926 жылы «Орысша-қазақша әскерлік атаулары», 1927 жылы «Пән сөздері» сияқты терминологиялық сөздіктерді бастырып шығарды. Сондай-сол кездегі жарық көрген оқулықтар мен ғылыми әдебиеттердің бірқатарында жаңа терминдер айрықша шрифтпен беріліп, олардың орысша нұсқалары жақша ішінде беріліп отырды. Бірқатар әдебиеттерде жаңа терминдер сөздік түрінде кітап соңына енгізілді. Әрине, мұның бәрін тек Ж.Аймауытұлының ұсыныстары негізінде жүзеге асқан деуден аулақпыз, өзге алаш зиялылары тарапынан да, баспасөз бетінде түрлі ұсыныс-пікірлер айтылған. Алайда Ж.Аймауытұлының жоғарыда айтқан пікірлерінің арасында осы ұсыныстардың болғанын атап айту орынды. Сондай-ақ жазушының сонау өткен ғасыр басында жазғандарының ішінде бүгін де ескеруге болатын, ғылыми және практикалық құндылығын жоймаған ұсыныстардың да бар екендігін ескерусіз қалдырмаған жөн.

Алайда мына мәселеге ерекше назар аудармасқа болмайды. Ж.Аймауытұлы ұсыныстарының көпшілігі А.Байтұрсынұлы бастаған термин комиссиясының бағытымен сәйкес келгенмен, оның бірінші және екінші тармақтардағы «тілді өз ағымына жіберейік», «кіріп қалған жат сөздерден қашпайық» деген басты қағидаттары Елдес қағидаттарымен толық қабыса бермейді. Оның терминологияны қалыптастыруға қатысты ұстанған бағытының басты ерекшелігі де осында. Жалпы тілдік деректер мен ғалымдардың бізге белгілі лингвистикалық мұралары Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Халел Досмұхамедұлы сынды алаш зиялыларының терминологияны қалыптастырудағы ұстанған бағыттары бір, көзқарастары ортақ екендігін, олардың қазақ тілінің терминдер қорын жасауда өздері бірлесіп белгілеген қағидаттар төңірегінде топтасқандығын көруге болады.

Жүсіпбек Аймауытұлы біз сөз етіп отырған мақаласын 1925 жариялағанына қарамастан, Ахаң 1926 жылы Бакуде өткен бүкілодақтық түркология құрылтайында Елдес ұсынған қағидаттарды бүкіл түркі жұртына үлгі ретінде ұсынды. Ал бұл қағидаттардың 1924 жылы қазақ білімпаздарының бірінші съезінде бекітілгенін ескерсек, одан бір жыл кейін Жүсіпбек Аймауытұлы жобасындағы ұсыныстардың А.Байтұрсынұлы баяндамасында көрініс таппауы – Ахаңның Елдес ұсынған қағидаттарды толық қолдағанын көрсетеді. Егер одан да дәлірек айтар болсақ, 1924 жылғы Елдес баяндамасы мен 1926 жылғы Ахаңның баяндамаларында көрсетілген терминология қағидаттары толық сәйкес келеді.

Жат сөздерді қабылдау мәселесінде терминқор қалыптастыру ісіне араласқан өз замандастарынан өзгешелеу ұстанымда болғанмен, негізінен Жүсіпбек Аймауытұлы да барлық алаш зиялылары сынды терминологияны ұлт тілінде қалыптастыру бағытын қолдаған. Ол көптеген қазақша терминдер жасап, оларды қолданысқа енгізген, ұлттық ғылым тілінің жасалуына белсене атсалысқан білімпаздардың бірі.

Ж.Аймауытұлы газет тіліне, терминдердің бұқаралық ақпарат құралдарындағы қолданысына да ерекше мән берген. Ол 1925 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің 405-ші санында жариялаған «Газет тілі қалай түзеледі?» деген мақаласында газеттердегі терминдер қолданысындағы ала-құлалықты бір ізге түсірудің жолдарын ұсынады. Ол өз тарапынан төмендегідей 7 түрлі шараны жүзеге асыру қажет деп есептейді. «Толып жатқан мекеме аттары, қызмет аттары, кеңсе тілдері әлі бір ізге салынбай келеді. Тіл шоқпытталып, қойыртпақ болып барады. Бұл қалыпта жүргізе беруге болмайды. Бұл туралы аудармашыларды да жазғыруға болмайды. Бұған шара істеу керек; мен сондай шараны ұсынамын:

1) Бұл мәселені жайға қарата бермей, әрі болса, 15 күннен қалдырмай газет басқармасы өзі қолданатын сөздерін тізсін (сөз аударушыларына тапсырсын, газеттен жинатсын, мекемелерден алсын, әйтеуір хат сөздер терілсін).

2) Білім кеңесі қабылдап, бекілген сөздер сол күйінде қолданылсын. Қолайсыз аударылған сөздер қайта қаралсын.

3) Тізілген сөздерді әуелі басқарма өзі аударсын. Өз шамасы келмесе, білім кеңесіне қаратып алсын. Оның қолы тимесе, газетке жарияласын, болмаса қаламшыларға қаратып, аудартып, солардың ең қолайлысы қабылдансын.

4) Әбден қабылданған даусыз сөздер газет бетінде жарияланып отырылсын.

5) Сөзді аударарда, қай газет қай сөзді қалай аударып, қолданып жүргені де еске алынсын. Солардың ұнамды сөздері де алынсын.

6) Қабылданған сөздер орыс әліппесінің ретімен жазылып, басқармада ілулі тұрсын; лұғатина бөліп басылсын, өзге газет басқармаларына да жіберілсін.

7) Ұғымсыз, тың сөздер алғашқы кезде орысша, қазақшасы қатар (біреуі жақша ішіне) жазылып отырсын.

Басқарма бұл іске кірісетін болса, қызметіне дайындық әркімдер солай ойлайды деп сенемін.

Бұлай қылмасақ, тіліміз бұзылады, шоқпыт болады. Ел ұқпайды. Баспа сөздің қадірі кемиді, оқымайды. Зиян шегеміз».

Ж. Аймауытұлының бұл ұсыныстарын газет редакциясы бірден қабыл алады. Осы мақаланың соңына басқарманың мынадай түсініктемесі беріледі: «Басқармадан: орысшадан аударма сөздердің бір ізге түсе алмай келе жатқаны – талассыз мәселе. «Еңбекші қазақ» бұл іске кірісуші. Жат сөздердің қазақшасы бұдан былай газетте жарияланып отырылады».

Жазушы пікірінің ескеріліп, ұсыныстарының басқарма тарапынан талассыз қабылдануы – ең алдымен ол жасаған ұсыныстардың дәлелділігін, екінші жағынан оның зиялы қауым алдындағы беделін де көрсетеді. 20-жылдардағы қазақ баспасөзінің бет алысын қадағалап, оның тіліне, сөз қолданысына, терминдердің аударылуы мен бірізділігіне ұдайы мән беріп отырған, орын алып отырған кемшіліктерді көре білген адам ғана осындай нақты ұсыныстар жасай алмақ. Ал оның жасаған ұсыныстарының қабыл алынып, «Еңбекші қазақ» газетінің кірме терминдер аудармаларының жұртшылыққа жария етіліп отыруы – Жүсіпбек Аймауытұлының терминологиялық жұмыстардың жүйеге түсуіне ықпал еткен тұлғалардың бірі болғанын айғақтайды.

Жалпы бұл мақалада баспасөздің терминологияны қалыптастырудағы рөлін атап көрсетумен қатар терминдерді біріздендіру мәселесі де көтеріледі. «Ұғымсыз сөйлемдер өз алдына, бір сөзді әркім әртүрлі, әйтпесе, бір кісінің өзі әртүрлі аударып жүреді. Бір жерде «Сабнарком», бір жерде «халық кемесерлер кеңесі», бір жерде «ҚазЦИК», бір жерде «Қазатком». Келіспейді. Не орысшасын қысқартып қолдану керек, не бәрін де қазақша алу керек. Кейде «пәлесе», кейде «пәлецие», кейде «кәперацие», кейде «кәпратип», біресе «инструктор» болып отырады» – деп жазады мақала авторы.

Мұнда автор қысқартылып алынған гибрид (аралас) атаулар мен кірме терминдердің түрлі нұсқада жазылып, түрліше аударылып жүргендігіне назар аударып, оларды біріздендіру керектігін айтады. Бұл мәселе термин шығармашылығында үнемі кездесіп отыратын, бүгін де жиі ұшырасатын құбылыс. Терминологияны біріздендіру мәселесімен мамандар мен арнаулы құрылымдар үздіксіз айналысып отыруы тиіс. Қазақ оқығандарының, оның

ішінде Жүсіпбек Аймауытұлы сынды көрнекті қаламгердің бұл мәселеге сонау ХХ ғасыр басында-ақ көңіл аударуы – алаш зиялыларының басым көпшілігінің ұлттық ғылым тілін қалыптастыру ісінен шет қалмағанын көрсетеді.

«Кітап, құрал жоқтықтан осы күнгі газет, журналдар мектепке кітап орнында қолданылып тұр. Ендеше, газеттеріміз – әрі хабар, әрі кітап болып отыр. Газет сөзі әлгіндей болып отырса, оны қалай оқытарсың?» деп жазады автор. Оның бұл пікірі ХХ ғасыр басындағы қазақ қауымының жай-күйін, білім беру ісінің, баспасөздің рөлі мен кемшіліктерін жақсы білетін алдыңғы қатарлы ұлт зиялысының сөзі екендігі еш күмән туғызбайды. Жазушының баспасөз бетіндегі термин қолданысын реттеуге қатысты айтқан пікірлерінің бірқатары әлі де құнын жойған жоқ. Оларды ескерсек, қазіргі баспасөздегі термин қолданысында орын алып жататын кейбір кемшіліктерге жол берілмеуіне септігі тиер еді.

### **II.6.1. Жүсіпбек Аймауытұлы және қазақтың психология терминдері**

Арнаулы салалардың терминдерін негізінен тіл мамандары мен әр саланың өз мамандары жасайды, қалыптастырады. Әлемдік тәжірибеде солай. Ал тілші-ғалымдар мен ғылым мен техниканың, өнердің, өндірістің түрлі салалары бойынша кәсіби мамандар қалыптаспаған, жетіспеген жағдайда ондай міндетті кім атқаруы керек. Қазақ терминологиясының қалыптасу тарихына зер салсақ, ХХ ғасыр басында жоғары білікті мамандар қауымы қалыптаса қоймағандықтан, бұл істі алғашқыда ұлтымыздың орта және жоғары білімі бар оқығандары атқарыпты. Олардың көпшілігі өзі маманданған салаларының ғана атауларын жасаумен шектелмей, өзге ғылым салаларының терминдерін қалыптастыруға атсалысыпты. Солардың бірі – Жүсіпбек Аймауытұлы. Ол белгілі қазақ қаламгері, сөз зергері. Ол қазақ прозасының озық туындыларын туғызып қана қойған жоқ. Білікті мамандар жетіспей жатқан кезеңде елдің оқыған азаматы ретінде қазақ терминологиясының жасалуына, ұлттық ғылым тілінің қалыптасуына да үлес қосуды өзіне парыз санады. Сөйтіп, психолог болмаса да қаламгер Аймауытұлы қазақ тіліндегі психология оқулығын жазды. Оқулық жазу барысында ондаған терминдерді жаңадан жасады немесе орыс тіліндегі, шет тілдеріндегі нұсқаларынан қазақшаға аударды. Оның психология ғылымын қазақша сөйлетуге алғаш атсалысқан қазақ зиялысы екендігін атап айтқан орынды. Бұл орайда Қ. Жарықбаев, С.Қалиев сынды ғалымдардың «Қазақ тәлім-тәрбиесі» (Алматы, 1985) атты еңбектерінде «Ұлттық ғылыми психологиялық терминдерінің белгілі жүйеге түсуі де Ж.Аймауытов есімімен байланысты» деген пікірлерін әділ айтылған деп білеміз. Оған жазушының ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдары жарық көрген «Психология» оқулығын жазу барысында өзі жасаған немесе тіліміздің лексикалық қорынан алып терминдік мағынада қолданған көптеген атаулары дәлел бола алады.

Біз Ж.Аймауытұлының 1926 жылы Қызылорда – Ташкентте жарияланған

«Психология» оқулығын сүзіп шыққанда, онда шамамен 300-ден астам терминнің қолданылғанын анықтадық. Ғылым тілі жаңа қалыптаса бастаған кезеңде жарық көрген еңбек болғандықтан және біз психолог болмағандықтан жекелеген сөздердің терминдік мағынада жұмсалғанын аңғармай қалуымыз да мүмкін екендігін жоққа шығармаймыз. Дегенмен, сондай бірлі-жарым атаулар болмаса оқулықта қолданылған терминдер негізінен толық жинақталды десек болады. Оқулықта кездесетін терминдердің жалпы саны – 320 шамасында. Олар мына терминдер:

*Санашылдық, затшылдық, жан, жан күйі, жан жүйесі (психология), тән, сана, адамгершілік, әділдік, ізгілік, жауыздық, әдет, салт, мінез, түс көру, құрғақ даналық (метофизика), зейін, зерде(рассудок), зат (материя), деректі заттар, саналаушы (создающий), жаратылмыс (существо), рух, рух субстанциясы, ерсілі-қарсылы қисын (теория взаимодействия), қуат (энергия), қуат сақтау заңы, келістік (гармония), болмыс, жан-тән бірлігі (ионизм), тәжірибелі психология, құрғақ даналық(метофизика), құрғақ даналық психология, зейіндік психология, саналаушы, мен, жаратылмыс (существо), жан тіршілігі, ерсілі-қарсылы қисын (теория взаимодействия), түйсік (восприятие), ақыл, қайрат, ұшқыр қайрат, тұтқыр қайрат, сезім, сыртқы сезім, перне, бөгеуші перне, бөгелуші перне, ұғым, жад (память), қиял(воображение), жаңғыртушы қиял, жасаушы қиял, көркемдік қиял, ойлау, көңіл, ынта, ілтипат, пайым, шіміркеніс/шіміркену (раздражение), шіміркенгііштік (раздражительность), шіміркендіргіш (раздражитель), парыз, болмыс, қабілет, білу қабілеті, жан қабілеті, саналы қайрат, затшыл, жандықтар, қылық (поведение), жандықтардың қылығы, заттың бөлімдері (молекула), көлемдік (пространство), тәжірибелі бақылау, жай бақылау, сұрау (анкета), ым(мимика), ымдасу (патомима), болжау қисыны (теория вероятности), өзін бақылау (самонаблюдение), әлеуметтік адам, дана ақыл, сара ақыл, амал етуші дене (организм), қозғыштық (возбудимость), тұрткі (стимул), қуат (энергия), уыз (белок), шілтер (клетка), бір шілтерлі, кішкене бөлімше (атом), саңлау мүшесі, жүйке, сезгіштік, шығыршық, жүйкенің түйіншегі, рефлекті қозғалыс, ішкі қоздырғыштар, без шырындары, шартты рефлекс, сілекей бездері, әдет, соқыр сезім(инстинг), жад (память), жұлын ми, түйсіктеу, машықтау, зерде, дауыстау, жұртшылық, масылдық, қосақтық, еліктеу, жаңғырту, жаңғырықтырғыш (резонатор), жүйке саласы, ми, жұлын, кіндікке шабушы жүйкелер, кіндіктен тараушы жүйкелер, қозғаушы жүйкелер, сезу жүйкелері, қорғаушы жүйке, жүйке шілтері, бытырама жүйкелер, ұзыншақ ми, уарлы көпір, көру түймесі, төрт төбелік, кішкене ми, ұлы ми, ұзын жықпыл, селеу жықпыл, Роланд жықпылы, жүйкенің қозуы, шала рефлекс, түске соқырлық (дальтонизм), сыртқы құлақ, орта құлақ, ішкі құлақ, құлақ қошқары, шыбықша, Корти доғасы, негізгі желбіреуік, сәуле тары(сетчатка), көз алмасы, таяқша, селеу бас, қызылды сезуші тал, жасыл түсті сезуші тал, күлгін түсті сезуші тал, сипау, сипалау жүйкелері, иіскеу, дәм айыру, дене сезуі, буынның беті, жылбыс қабық, шаршау сезімі, саңалау*

мүшелері, көз алпеті, беттің ымы (мимика), ақжарқын күлкі, шат күлкі, қорқу, имену, ынталану, таңдану, рахаттану, күлу, жылау, ұялу, ұялишақтық, қозым (возбуждение), шыдамсыздық, түйсіктену, қорғану, ішкі серпіліс (реакция), сүйекке біткен серпілу, жүре табылатын серпілу, сыртқы сезім (ощущение), дене сезімі, көру сезімі, ырықсыз қозғалыс (рефлекс), тегіне тарту(атавизм), табынғыштық, табынғыштық (фетишизм), тіршілік ету именісі, именшектік, паңдық, зымияндық, көнгіштік, күншілдік, озбырлық, сараңдық, таңсыққойлық (любопытство), еліктеу, еліктегіштік, қорқыныш, үрей, аңсау (любопытность), күйректік (сентиментализм), соқыр наным (фонатизм), тентектік, меншік сезімі, зерделі құлық, саңлау (ощущение), әсер, жаңғырту, перне(представление), мұрат (идея), тәжірибехана, ояныс, талдар (волокна), перне іліктестігі (ассоциация), орайлас іліктестігі, ұқсас іліктестік, іліктестік заңы, сандырама әуес, ынта, тума ынта, жасанды ынта, мүдде, кіндіктес әдіс, жиынды әдіс (комплексный метод), ілтифат (внимание), еріксіз (ырықсыз) ілтифат, ырықты ілтифат, тоғысты пернелер, жадқа сақтау, еске түсіру, іліктестік беріктігі, жұлма жад, жабайы іліктестік, меңзес іліктестік, серпілу, түйсіктегіш (апперцепсия), оңашаландыру, көлемдік, көретін көлемдік, сипап білетін көлемдік, қозғалумен білетін көлемдік, сәуле торы, сары таңба, жалпы перне, талдау (анализ), іріктеу (абстракция), сіңістіру(ассимиляция), ұластыру(синтез), тұқымдас перне, сөйлесу, сөз, даналық (разум), пайымдау (суждение), тайқалақтау//күдіктену, алдану (иллюзия), елес (галлюцинация), топшылау (рассуждение), қорытынды(умозаключение), жалпылау (индукция), жалқылау(дедукция), ерік(воля), икемдік, еркіндік, лажсыздық, бостандық, ұйқы, түс, көз байлау(гипноз), теріс қылық, бассыздық (анархия), әлеуметшілдік, дене (организм), дара(индивид), тап психологиясы, әдіс өнері(техника), құқық (право), көркемдік (эстетика), апперцепсия, субстанция, спигмограф, гимограф, кардеограф, спирометр, пневмограф, енизм, оскидаза, ион, тропизм, кислота, рефлекс, хлороформ, алкоголь, нейрон, нервит, дернит, агрофия, анзия, камертон, спектр, эфир, эмоция, молекула, процент.

Психология терминдерін жасауда оқулық авторы қандай қағидатты басшылыққа алды деген сұрақтың туындары сөзсіз.

«Бір фәлсәфәні керекті жеріне кіргізіп, көбінесе, өмірге керекті, пайдалы сөздерді тердік, шама келгенше, бас қатырарлық пән сөздерінен қаштық. Ұғымсыз, жат сөздердің орысшасын жақшаға алып қойып отырдық» деген автордың өз сөзінен, оның терминдерді жасауда, қолдануда қандай ұстанымдарға сүйенгенін, не мақсат көздегенін аңғаруға болады.

Оқулық жазушының қаламынан туындаған терминдерге талдау жасау арқылы да оның ұстанымын, терминжасамдағы өзіндік қолтаңбасы мен пайдаланған тәсілдерін анықтауға болады. Ең алдымен, өзге тілден сөз қабылдау мен өз тіліміздің ішкі мүмкіндігін пайдалану мәселесіндегі Жүсіпбек таңдаған жол қандай, ол қай бағытқа басымдық берді дегенге келсек, оның оқулықтағы қолданған терминдерінің шығу тегіне, тілдерге қатысына мән бергеніміз жөн. «Психология» оқулығында қолданылған терминдерді ұлттық

және кірме атаулардың ара-салмағына қарай жіктер болсақ, тілдік деректер мынаны көрсетеді: Жоғарыда «Психология» оқулығында қолданылған терминдердің жалпы саны 320-дай болады дедік. Оның ішінде 300-ге жуығын, 90 пайыздан көбін қазақша жасалған немесе дайын қалпында өз тілімізден алынған төл атаулар құрайды. 30 шақты өзге тілден алынған атаулар кездеседі. Олар *анперсепсия, оскидаза, ион, тропизм, кислота, рефлекс, хлороформ, нейрон, нервит, дернит, агрофия, анзия, камертон, спектр, эфир, эмоция* тәрізді атаулар. Оқулықта орыс тіліндегі жазылуын сақтамай, қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп қабылданған атаулар бірлі-жарым ғана. Мәселен, *фәлсәфә, туфалкі* сынды. Жалпы өзге тілдерден аударылмай қабылданылған кірме атаулар оқулықтағы бүкіл терминдердің шамамен 8-10 пайызға жуығын құрайды. Ендеше, бұл статистикалық деректерге сүйене отырып, оқулық авторы психология терминологиясын қалыптастыруда ұлт тілінде термин жасауға, қазақ тілінің өз мүмкіндігін барынша тиімді пайдалануға басымдық берді деп қорытынды жасауға толық негіз бар.

Терминологиялық қорды қалыптастырудың өзіндік ерекшелік жолын ұсынғанмен, Жүсіпбек Аймауытұлының негізінен іс жүзінде жеке термин шығармашылығында ғасыр басындағы алаш зиялылары ұстанған бағытынан алшақ кетпегенін анық аңғаруға болады.

Жүсіпбек Аймауытұлының терминжасам тәжірибесі, ол пайдаланған сөз тудыру тәсілдері қандай екен деген сұрақтың жауабын іздер болсақ, тағы да оның оқулығындағы терминдердің лексикалық мағынасына, морфологиялық және синтаксистік құрамына назар аударуымызға тура келеді. Бұл тұрғыдан келгенде мынаны айтуға болады:

1. Ж.Аймауытұлы қазақ тілінің лексикалық қорында бұрыннан бар төл атауларды тура өз мағынасында немесе оларға ғылыми ұғымға тән қосымша терминдік мағыналық реңк бере отырып пайдаланған. Мысалы, оқулықтағы *жан, тән, сана, әдет, салт, мінез, зейін, зерде, зат, рух, қуат, мен, түйсік, ақыл, қайрат, сезім, перне, ұғым, қиял, көңіл, ынта, ілтипат, пайым, парыз, қылық, қабілет, күлкі, ми, жұлын, қорқыныш, үрей, ұйқы, түс, жүйке, қуат, уыз, сөз, мұрат, елес, ерік, тап, ым, жад, жандықтар, түрткі, шығыршық, шілтер, тегіне, әсер, талдар, мүдде, дене, дара, ілтифат, құқық* сынды психология терминдері осы қатарға жатады. Бұлар тілден дайын қалпында алынған атау сөздер, зат есімдер. Бірақ бұлардың мағыналарының тарылуы мен кеңеюі, терминдену деңгейі бірдей емес. Осы қатарға *ойлау, түйсіктеу, машықтау, дауыстау, жаңғырту, қорқу, имену, алдану, ынталану, таңдану, аңсау, рахаттану, күлу, жылау, ұялу, қорғану, тарту, еліктеу, серпілу, пайымдау, ұластыру, топшылау, сұрау, сипау, иіскеу, түйсіктену, оңашаландыру, талдау, сөйлесу, іріктеу, күдіктену, сіңістіру, айыру, тайқалақтау, жалпылау, жалқылау* сынды қимыл атаулары немесе тұйық етістік формасындағы атауларды да қосуға болады. Бұл атаулардың семантикалық өзгерістерге ұшырауы жоғарыдағы есім сөздерге ұқсас. Айталық, *ойлау, күлу, жылау, ұялу, қорғану, тарту, еліктеу, қорқу, имену, алдану, таңдану, аңсау* сынды етістіктерге



ғылыми мағына жүктелгенмен, олардың тілде бұрыннан бар жалпыхалықтық мағынасы басымдыққа ие болып тұр. Бұл терминдердегі тірек мағына тілдегі қарапайым ұғымды білдіріп келген бастапқы лексикалық мағыналары. Ал *жаңғырту, сипау, жалпылау, жалқылау, түйсіктеу, оңашаландыру, талдау, түйсіктену* сынды атауларда жаңа қосылған семантикалық реңк, терминдену үдерісі кезінде үстелген ғылыми атауға тән семантикалық белгілер басым. Яғни, халық тілінде бар сөзге автор тарапынан қосымша жүк арту, жаңаша мағыналық реңк беру байқалады.

Төл атаулар дегенде олардың арасында ертеректе араб, парсы тілдерінен қабылданып тілімізге сіңіп кеткен *әдет, қиял, ынта, литипат, пайым, парыз, мүдде* сынды сөздердің де бар екенін айту керек. Түбі арабтікі болғанымен, тіліміздің заңдарына бағынып қабылданып, қазақтың өз сөзіне айналып кеткендіктен оларды төл атаулар ретінде қарастырғанымызды айту керек. Тілімізде бұрыннан бар сөздерді терминдендіру, лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған терминдер оқулықтағы барлық терминдердің 3/1-ін (үштен бірін) құрайды. Бұл лексика-семантикалық тәсілдің оқулық авторы тарапынан өнімді пайдаланылған көрсетеді.

2. Оқулық авторының психология терминдерін жасауда ең өнімді пайдаланған сөз тудыру тәсілі – синтаксистік тәсіл. Екі немесе үш сөздің тіркесуі арқылы жасалған көп сынарлы терминдер оқулықтағы қолданылған терминдердің жартысына жуығын, яғни 50 пайызға жуық бөлігін құрайды.

*жан күйі, жан жүйесі, түс көру, ұшқыр қайрат, тұтқыр қайрат, жаңғыртушы қиял, жасаушы қиял, деректі заттар, рух субстанциясы, ерсілі-қарсылы қисын, қуат сақтау заңы, жан-тән бірлігі, тәжірибелі психология, құрғақ даналық, құрғақ даналық психология, зейіндік психология, жан тіршілігі, ерсілі-қарсылы қисын, сыртқы сезім, бөгеуші перне, бөгелуші перне, көркемдік шіміркеніс/шіміркену, білу қабілеті, жан қабілеті, саналы қайрат, жандықтардың қылығы, заттың бөлімдері, тәжірибелі бақылау, жай бақылау, болжау қисыны, өзін бақылау, әлеуметтік адам, дана ақыл, сара ақыл, амал етуші дене, бір шілтерлі, кішкене бөлімше, саңлау мүшесі, жүйкенің түйіншегі, рефлекті қозғалыс, ішкі қоздырғыштар, без шырындары, шартты рефлекс, сілекей бездері, соқыр сезім, жұлын ми, жүйке саласы, кіндікке шабушы жүйкелер, кіндіктен тараушы жүйкелер, қозғаушы жүйкелер, сезу жүйкелері, қорғаушы жүйке, жүйке шілтері, бытырама жүйкелер, ұзыншақ ми, уарлы көпір, көру түймесі, төрт төбелік, кішкене ми, ұлы ми, ұзын жықпыл, селеу жықпыл, Роланд жықпылы, жүйкенің қозуы, шала рефлекс, түске соқырлық, сыртқы құлақ, орта құлақ, ішкі құлақ, құлақ қошқары, Корти доғасы, негізгі желбіреуік, сәуле тары, көз алмасы, селеу бас, қызылды сезуші тал, жасыл түсті сезуші тал, күлгін түсті сезуші тал, сипалау жүйкелері, дене сезуі, буынның беті, жылбыс қабық, шаршау сезімі, саңалау мүшелері, көз әлпеті, беттің ымы, ақжарқын күлкі, шат күлкі, дәм ұялшақтық, ішкі серпіліс, сүйекке біткен серпілу, жүре табылатын серпілу, сыртқы сезім, дене сезімі, көру сезімі, ырықсыз қозғалыс, тіршілік ету именісі, соқыр наным,*

*меншік сезімі, зерделі құлық, орайлас іліктестігі, ұқсас іліктестік, іліктестік заңы, сандырама әуес, тума ынта, жасанды ынта, кіндіктес әдіс, жиынды әдіс, перне іліктестігі, еріксіз (ырықсыз) ілтифат, ырықты ілтифат, тоғысты пернелер, жадқа сақтау, еске түсіру, іліктестік беріктігі, жұлма жад, жабайы іліктестік, меңзес іліктестік, көретін көлемдік, сипап білетін көлемдік, қозғалумен білетін көлемдік, сәуле торы, сары таңба, жалпы перне, тұқымдас перне, көз байлау, тап психологиясы, әдіс өнері, құрғақ даналық, теріс қылық.*

3. Морфологиялық тәсілмен жасалған терминдер оқулықтағы барлық терминдердің 7/1-ін, пайызға шаққанда 15%-ға жуық бөлігін құрайды. Синтаксистік және морфологиялық тәсілге қарағанда бұл тәсілмен жасалған терминдердің үлесі біршама төмен екендігін көруге болады. Қосымшалар арқылы жасалған терминдер мыналар: *әділдік, ізгілік, жауыздық, икемдік, еркіндік, лажсыздық, бостандық, көркемдік, келістік, шіміркендігіштік, көлемдік, қозғыштық, сезгіштік, масылдық, қосақтық, әлеуметшілдік, бассыздық, жаңғырықтырғыш, түйсіктегіш, шіміркендіргіш, шыбықша, таяқша, қозым, шыдамсыздық, табынғыштық, именшектік, паңдық, зымияндық, көнгіштік, күншілдік, озбырлық, даналық, сараңдық, таңсыққойлық, еліктегіштік, күйректік, тентектік, көлемдік, адамгершілік, жұртшылық, саналаушы, жаратылмыс, болмыс, ояныс, қорытынды, затшыл, тәжірибехана.*

Бұл терминдердің негізгі бөлігі зат есім тудыратын **-лық/-лік, (-дық/-дік, -тық/-тік)** жұрнағын жалғау арқылы жасалған. Ал **-ғыш/-гіш** (*жаңғырықтырғыш, шіміркендіргіш, түйсіктегіш*), **-шілік/-шылық** (*адамгершілік, жұртшылық*), **-ша/-ше** (*шыбықша, таяқша*), **-шы/-ші** (*саналаушы*), **-ыс, -мыс, -шыл, -ынды, - хана** жұрнақтары арқылы бірді-екілі терминдер жасалғаны болмаса, аса өнімді пайдаланылмаған.

Жүсіпбек Аймауытұлының «психология» оқулығында кездесетін терминдердің барлығы да оның қаламынан туындаған авторлық терминдер деген қорытынды жасауға болмайды. Олардың арасында сол дәуірде түрлі оқу құралдарын жазып, сөздіктер жасаған өзге оқығандардың қаламынан туындаған терминдер де бар екендігін айту керек. Ж.Аймауытұлы бұл еңбегінде өзімен замандас зиялылар жасаған сондай бірқатар биология, медицина, педагогика, әдістеме терминдерін пайдаланған. Ондай терминдердің қайсыбірі жиырмасыншы жылдардың мерзімді баспасөзінде қолданылып жүрсе, енді бірқатарын термин комиссиясы бекітіп, жинақ түрінде жариялаған еді. Сондай-ақ Ж.Аймауытұлының ғасыр басында жарық көрген алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарынан да олардың авторы жасаған терминдерді алып пайдалану мүмкіндігі болды. Жүсіпбек қаламын туындағандары негізінен психологияның төл терминдері. Психология пәнін қазақша оқытуға арналған алғашқы оқу құралының авторы ретінде оның көптеген ғылыми ұғым атауларын жасауға, аударуына тура келген. Ж.Аймауытұлын қазақтың ұлттық психология терминологиясын алғаш жасаушы, қалыптастырушы, оның негізін қалаушы деп таныған орынды.

Ж.Аймауытұлы кұралында психология терминдерімен қатар **су тас** (хрусталь), **есірткіш сусындар** (алкогольные напитки), **талғақ //талғақ ауру**, **білімдан**, **жандық дүниесі** (жануарлар дүниесі), **шойын жол**, **ақыл жұмысы**, **дене жұмысы**, **санақ білімі** (статистика), **жаңашыл** (либерал), **жалшы** (пролетариат), **қисын** (теория), **түр салу** (орнаментика), **сұрақ-қағазы** (анкета) сынды әртүрлі салаға қатысты атаулар да қолданылады.

Ж.Аймауытұлының «Жан жүйесі мен өнер таңдау» атты 1926 жылы жарық көрген еңбегінің соңында «Пән сөздері (термины)» деген атпен кітабында қолданылған терминдерінің қазақша-орысша сөздігін береді. Онда 427 атау қамтылған. Онда терминдермен бірге *бильярд, вокзал, бой-скаут, академия, половец, квартал, директор, диқаншы* сынды түрлі атаулар да, пән аттары мен етістіктер де ұшырасады. Оларды мәлімет ретінде сол қалпында беріп отырмыз:

### Пән сөздері (термины)

Бұл кітаптың ішіне кіргізілген пән тілдерін, ұғымсыз сөздерді әліп-би ретімен тіздім. Қай жағынан қарасақ та, бұл өте пайдалы. Бұған ешкім талас ете алмайды. Қазақ тілінде әрбір кітап жазушылар осы жолды қолданса, жақсы болар еді.

#### А

Алжәбір	- алгебра
Аксүйек	- аристократ
Атлас	- атлас
Аспап	- прибор
Академия	- академия
Акварюм	- аквариум
Ауа	- атмосфера, воздух
Ауа райы	- климат
Әлпет	- выражение
Әсер	- впечатление
Ақыл	- ум, разум
Ақыл тетігі	- высший центр (мозга)
Әлем	- вселенная, мир
Ашу	- гнев
Адамгершілік	- нравственность, мораль
Адамшылық ғылымы	- гуманитарные науки
Арман	- идеал
Айқасын	- реакция (психологическая)
Әуез өнері	- музыка
Әуестік	- любопытство

Абзалы	- лучше
Әдіс, амал	- метод, техника
Әдістеме	- методика
Әдіс ғылымы	- технология
Анықтама	- определение
Айналысуға	- обращаться
Айыруға	- разбираться, ориентироваться
Аудан	- площадь
Аға	- председатель
Ағым	- течение, процесс, ход
Ауыспалық	- преемственность
Әдет	- привычка
Алпауыт	- помещик
Әр затты	- разнородный
Әңгіме	- рассказ
Ара	- среда, отношение
Айнала, орта	- среда, сфера, окружающий мир
Асылы	- сущность
Әлеумет ғылымы	- социология
Әлеумет	- общество
Әлеуметтік	- социальный, общественный
Азаттық	- каникулы
Әдішiлдік	- тактичность
Әдемілік сезімі	- эстетическое чувство
Әдемілік пәні	этика
Әлем ғылымы	- космография
Аманат	- залог

## Б

Бедел	- авторитет
Белсенді	- активный
белсеніс	- активность
Белсенсіз, жадағай	- пассивный
Бильярд	- бильярд
Бой-скаут	- бой-скаут
Вокзал	- вокзал
Бажайлы	- выразительный
Басты	- главный
Баяндама	- доклад
Бұхара	- демократия
Балалық	- детство
Бірегейлік	- единство

Баулу мектебі	- единая трудовая школа
Басы	- начало занятий
Бақылау, байқау	- наблюдение
Байыптауға	- соображать
Байып, пайым	- соображение
Білдіргіш	- справочник
Бірлестік	- коллектив
Басыбайлы	- крепостной
Квартал	- квартал
Бор	- мел
Болмашы	- незначительный, второстепенный
Білімдендіру	- образование
Бап, бабына	- пункт
Байланыс	- связь, взаимодействие
Басқыш	- ступень
Беталыс	- тенденция
Болмыс	- факт
Бағыт	- направление
Бәсеке	- состязание, конкуренция, соревнование

Педагогика	П	- педагогика
Пысықтау		- повторение
Піскен		- зрелый
Политехникум		- политехникум
Пайдакүнем, пайдакес		- утилитарный
Пішін		- фигура
Пішіндеме		- геометрия
Пердесіз		- непосредственно
Половец		- половцы
Печенек		- печенег
Программа		- программа

Талдау	Т	- анализ
Тап		- класс, вид
Таргыс		- борьба
Түйсік		- восприятие
Түйін		- теорема, вывод
Түр		- форма, вид
Тәрбие		- воспитание

Тәжірибе	- опыт, эксперимент
Туынды	- производный, генетический
Тәртіп	- дисциплина, порядок
Тетік	- механизм
Тәптіш	- деталь
Тілек	- требование, желание
Тарих	- история
Тексеруде	- исследовать, разбирать, ревизовать
Текше	- куб
Тәжірибехана	- лаборатория
Тұрпат, үлгі	- модель
Тетік ғылымы	- механика
Тау жынысы, жер жынысы	- горные породы
Түс	- свет
Тұс	- страна света
Түсіндіру	- объяснение
Табыну	- культ
Тарау	- отрасль
Табыс, табу	- приобретение
Табиғат тану	- природоведение
Тыныштық	- покой, спокойствие
Тыныстау	- перемена (между уроками)
Тақырып	- тема
Тұрмыс жүйесі	- политическая экономия
Тоғышар	- обыватель, педант
Түбір	- корень, первоначальный
Тетелік	- последовательность
Тілсіз күш	- стихийная сила
Том	- том
Тыңғылықты	- успешный
Табанды, тұрлақты	- устойчивый, настойчивый
Тән тіршілігі	- физиология
Тұлып	- чучело
Төтен, тосын	- случайный, эпизодический
Талас, бәсеке	- состязание
<b>Ж</b>	
Жұлдыз ғылымы	- астрономия
Желдеткіш	- вентиляция
Жанама	- второстепенный
Жаңғыртуға	- воспроизводить
Жетілту, жетілу	- развивать, развитие

Жағрафия	- география
Жалпы	- общий
Жору	- гипотеза, предположение
Жалқылау	- дедукция
Жалпылау	- индукция, обобщение
Жан қуаттары	- душевные силы
Жасанды	- искусственный
Жаратынды	- естественный
Жануар	- животное
Жік, жіктеу	- расслоение, классификация, разделение, дифференциация
Желі	- конспект
Жентектеме сурет	- лепка
Жоспар	- план
Жүйе	- система
Жан жүйесі	- психология
Жемісті, үнемді	- продуктивный
Жәт	- прилежание
Жат	- оригинальный, новый
Жад	- память
Жандандыруға	- одухотворять
Жеткіншек	- отрок
Жиынды	- итог
Жоба	- предложение, проект
Жасауға	- производить, создавать
Жабайы	- простой, элементарный
Жағдай	- условие, положение
Жол	- путь, принцип
Жүзе ғылымы	- прикладная наука
Жан қию	- самоотречение
Жетекші	- руководство
Жігіттік	- юношество
Шек	Ш - граница, ограничение
Шарт	- условие, требование
Шындық	- истина
Шын	- правда
Шолу	- обзор, очерк
Шұқыма, түйтінек	- кустарничество
Шама тілі	- математика

Шебер	- ремесленник, мастер
Шеберлік	- ремесло
Шара	- способ, выход
Шама	- величина, силы
Шығарма	- сочинение, произведение
Шығарғыштық	- творчество
Шоғыр	- совокупность
Шыныққан	- закаленный, зрелый

Дерек (білім жүзінде)	Д	- материал
Деректі		- конкретный, реальный
Дерексіз		- отмеченный, абстрактный
Дербес		- исключительный, самостоятельно
Данышпан		- гений
Дәуір		- века
Дидактика		- дидактика
Дифтерит		- дифтерит
Дәулет		- достояние
Директор		- директор
Диканшы		- земледелец, хлебороб
Дарқан		- знаток, профессионал
Дара		- индивидуальный
Дана		- мудрый
Даналық		- мудрость
Дағды		- навык
Дәме, ереуіл		- претензия
Дәстүр		- традиция
Дәл		- точно
Дәлді		- тождество
Даму		- эволюция
Дәріс		- лекция

Ресми	Р	- официальный
Риясыз		- бескорыстный
Рух		- дух
Ру		- род
Реңк		- влияние
Руханилар		- духовенство



Зарлауықтық	- зубрежка
Зат	- вещество, предмет, материал
Затшылдық	- материализм
Заман	- эпоха
Зейін	- рассудок
Зеректік	- способность
Зерттеуге	- исследовать, изучать
Зеңгір	- голубой

Сан жүйесі	С	- арифметика
Сөйлеу түрі		- излагательная форма или акроматическая форма
Сазай		- возмездие
Саулық сақтығы		- гигиена, гимнастика
Сенім		- доверие
Саты		- таблица, постепенность
Сорап		- каста, сословие
Суреттеу		- представление
Суретті сөз, суреттеу		- описание
Сезім		- ощущение
Сурет		- картина, рисунок
Сандықша		- прямоугольник
Серуен-сейіл		- экскурсия
Себепкер		- фактор
Себеп		- причина
Сылтау		- повод, предлог
Сарқыт, сарқыншақ		- пережитки
Сері		- рыцарь
Созылмалы		- растяжимый
Сабак реті		- расписание уроков
Сәйкес		- соответствующий
Сана		- сознание
Салт-сана		- идеология
Салдар		- следствие, последствие
Социалдық		- социальный, социалистический
Сымбат өнері		- скульптура
Сифр		- цифра
Сәулет өнері		- архитектура
Сөз өнері		- словесность
Сын-сипат		- качество, признак
Сіңіру		- усвоить

Сыңар жақ	- односторонний
Сырлы әдебиет	- художественная литература
F	
Ғасыр	- век
Газ	- газ
Ғылым	-наука
Ғамал	- действие
Ф	
Пән	- наука, учебный предмет
Пікір	- мнение, взгляд, идея, мысль
Пәлсафа	- философия
Философ	- философ
Фотографияшы	- фотограф
Қ	
Қожалық	- власть, диктатура
Қызмет	- деятельность
Қозғауыш тетік	- двигательный центр
Қорытынды	- заключение
Карта	- карта
Құрылыс	- конструкция, устройство
Қара шаруа	- крестьянин
Құлық, хұлық	- нрав
Қылық	- поведение
Қылмыс	- преступление
Қатынас	- отношение, взаимоотношение
Қол өнері	- ручной труд
Қайталау	- реакция
Қолма-қол	- непосредственный
Құмарлық	- страсть
Құбылыс	- явление
Қоздыруға, қыздыруға	- возбудить
Қалып	- форма
Қалыпты	- формальный
Қасиет	- свойство
Қайрат	- воля
Қанау	- эксплуатация
Қатал	- строгий
Қазына	- сокровище
Құрал	- посбие, орудие

Көзқарас	К	- воззрение, взгляд
Көрініс		- выставка
Көшірме		- выписка, копия
Кеңсешілдік		- бюрократизм
Келістік		- гармония
Кен жұмысы		- горное дело
Кен		- руда
Көз		- источник
Кескіндеу		- изображение
Комиссия		- комиссия
Капитал (байлық)		- капитал
Коллекция (жинақ)		- коллекция
Курс		- курс
Кіндіктес		- концентрический
Көркемдік		- красота
Көрікті жер		- ландшафт
Кез, кезек		- момент
Көңіл, күйі		- настроение, чувство
Күзет		- надзор
Көлем		- объем
Көлемді		- пространство
Көмірлі зат		- ограниченное вещество
Химия		- химия
Күйлеу		- похоть
Көрнекі		- наглядный
Кексе		- пожилой
Кері кету		- регресс
Күш		- сила
Кемел		- совершенство
Күрделі		- сложный
Кейіпкер		- тип
Кинематограф		- кинематограф
Кәсіп		- промысел, промышленность
Кәдігі		- обыкновенный, нормальный
Лұғат	Л	- словарь
Лицей		- лицей

М

Мән, мағына	- значение, смысл
Мәселе	- вопрос, задача, проблема
Мағсұд, мақсат	- цель, задача
Мағлұмат	- сведение, значение, материал
Маңыз	- значение, влияние
Мазмұн	- содержание
Мазмұндау	- изложение
Мүдде	- интерес, цель
Мәдениет	- культура
Махаббат	- любовь
Машықтау	- минерал
Минерал	- минерал
Микроб	- микроб
Мезгіл	- период, срок
Маман	- специалист
Меншік	- собственность
Мейірімділік	- гуманность
Мүше	- элемент, член
Мінез	- характер
Менмендік	- эгоизм
Мағлұматшы	- энциклопедия

## Н

Назар	- внимание
Ниет	- намерение
Негіз	- основа, основание, принцип
Нысан	- символ
Нүкте	- точка
Нәтиже	- результат

## О

Озат, үздік	- даровитый, талантливый
Озаттық	- дарование
Орасан	- значительный, чрезмерный
Ой	- мысль
Ойлау	- мышление
Ой жүйесі	- логика
Оңтай	- прием
Отан тану	- краеведение
Орта	- среда, сфера
Оқу	- учение

Өсімдік	Ө	- растение, растительность
Өмір		- жизнь, действительность
Өлшеуіш		- единица, мерка
Уалаят		- край, страна
Өнер		- искусство, профессия
Өз		- оригинал
Өнім		- продукт
Өнеге		- пример
Өсу, өну, өркендеу		- развитие
Өркен		- задатки
Өзгеріс		- реформа
Университет		- университет
Өрнек		- формула, орнамент
Ұйым	Ұ	- организация
Ұғым		- понятие
Ұста		- ремесленник
Оқиға		- событие
Ұластыру		- синтез
Ұшқары, үстірт		- поверхностный
Үлгі	Ү	- образец
Үлгілі		- классический, образцовый
Үйірлік		- общение
Үстірт		- плоскогорье
Үрдіс, үнемі		- постоянный
Үкім		- произвол
Ерсі, тұрпайы	Е	- безобразный
Ерік		- воля
Ескерту		- напоминание, примечание
Елігу		- влечение, увлечение
Еліктеу		- подражание
Ес		- дух
Едәуір, жөпшенді		- значительный
Инженер		- инженер
Есеп		- задача, отчет
Ереже		- правила, положение, норма

Еңбек	- труд
Еңбектестік	- сотрудничество
Ермек	- спорт, развлечение
Ізгілік	- добро

Іліктік	Ы	- ассоциация
Ілтипат		- внимание
Ықпал		- воздействие, влияние
Инспектор		- инспектор
Ырымшылдық		- предрассудки
Ынта		- интерес
Справка		- справка
Ықтиқат		- убеждение
Істей білу		- умение
Емтихан		- экзамен
Ыспаттау		- доказывать

Игілік	И	- благо
Иемдену		- владеть, обладать
Институт		- институт
Икемділік, икемдік		- склонность, наклонность
Иман		- вера, убеждение

Пәмән	П	- постоянно, всегда
-------	---	---------------------

Қиял, қиялдау	Х	- воображение
Хал		- случай, положение
Харекет		- занятие
Құқық		- право
Құлық		- нрав
Қажет (әжет)		- необходимо
Үкімет		- правительство

## II.7. Мағжан Жұмабайұлы және қазақ тілінің педагогика терминологиясы

XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы туралы сөз болғанда Мағжан Жұмабайұлының есімін де ескерусіз қалдыра алмаймыз. Ол да өз замандастарымен қатар қазақ тіліндегі алғашқы оқу құралдарын жазып, ұлт тілінде термин жасауға атсалысқан алаш зиялыларының бірі. Мағжан Жұмабайұлы «Бастауыш мектепте – ана тілі» (Ташкент, 1923), «Сауатты бол» (Мәскеу, 1926) оқулығы, «Қызыл әскер әліппесі» (Мәскеу, 1926), «Педагогика» (Ташкент, 1923) еңбектердің авторы. Оның бұл еңбектерінің ішінде терминдер негізінен соңғы аталған «Педагогика» атты құралында көбірек кездеседі. Біз автордың осы құралымен танысып, онда қолданыс тапқан терминдерді жинақтағанда 300-ге тарта термин қамтылғанын анықтадық. Олар мына төмендегі атаулар:

*Дене тәрбиесі, өлшеу, жылылық, дем алу, тамыр соғу, қолдан асырау, емізік, аралас тамақтандыру, тісеу, ақыл тәрбиесі, құлық тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, жан тәрбиесі, жан көріністері, өзін бақылау, тап-тапқа бөлу (классификация), дене көріністері, өзін бақылау, ақыл көріністері, әсерлену, жалпы сезім, дене әсерленуі, сыртқы сезім, сыртқы сезім әсерленуі, көру, есту, сипау, иіскеу, тату, көру әсерленуі, көру//көру сезімі, көру нервалары, сығыр(близкорукий), есту// есту сезімі, иіскеу//иіску сезімі, иіскеу нервалары, сипау//сипаусезімі, сипау нервалары, қозғау нервалары, тату//татусезімі, тату нервалары, ет сезімі, абай, ерікті абай, еріксіз абай, табанды абай, табансыз абай, ішкі абай, тысқы абай, әсер, жан толқындануы, бейғамдық, суреттеу, жалпы суреттеу, жалқы суреттеу, жабайы суреттеу, күрделі суреттеу, суреттеулер ассоциациясы, жақындық ассоциациясы, тұқымдастық ассоциациясы, ұқсастық ассоциациясы, қарсылық ассоциациясы, көршілестік ассоциациясы, замандастық ассоциациясы, себеп ассоциациясы, ес//зейін, жалқы ойын, жалпы ойын, ойлау, ұғым, жалпылау, шектеу, хукм, ой шығару, толық силлогизм, шолақ силлогизм, ішкі сезім, көңіл, еске түсіру, көру есі, есту есі, қозғалу есі, баланың есі, байлау, нысықтау, қиял(хиял), ерікті қиял, еріксіз қиял, ойлау, ұғым, жалпылау, шектеу, ұғымның іші, ұғымның ауданы, жабайы ұғым, күрделі ұғым, ұқсас ұғымдар, қабысатын ұғымдар, ұқсамайтын ұғымдар, қарсы ұғымдар, жалаңаштау (абстракция), жалпы ұғым, дербес ұғым, жалқы ұғым, тұқым ұғым, төр ұғым, жалпы ұғымның төрі, дербес ұғымның тұқымы, бағынушы ұғым, бағындырушы ұғым, бірге бағынатын ұғымдар, хукм (хүкм), хукмнің іші, айтылыс, шешпе хукм, қоспа хукм, жалпы хукм, жалқы хукм, дербес хукм, бекітетін хукм, бекерлейтін хукм, кесімді хукім, шартты хукм, бөлмелі хукм, мүмкін хукм, шын хукм, міндетті хукм, ой шығару, ұйғару, қазия, орта термин, зор термин, толық индукция, кем индукция, ішкі сезім, ақыл көріністері, ішкі сезім көріністері, қайрат көріністері, жағымды ішкі сезімдер, жағымсыз ішкі сезімдер, жан күйі, өзімілдік(эгоизм), көпімілдік*

(альтруизм), ашу, қорқу, жеңіл қорқу, тынышсыздану, қатты қорқу, үрейі ұшу, ұялу сезімі, өзіне-өзі разы болу сезімі, аяу сезімі, достық сезімі, іш пысу, зерігу, аяу, бір түрлілік, сұлулық сезімі(эстетика), құлық сезімдері, ізгілік, қайрат, тартылу, ұмтылу, тілеу, дәлелдер күресі, бекіту, орындау, әдет, құмарлық, мінез, қайратты мінез, күшті мінез, берік мінез, жұмсақ мінез, тума мінез, жан әсері, кәміл жас, қадақ, ұялу, ұят, ақыл, қайрат, ой, қуаныш, қайғы, байлам, ашу, ұйқы, бақылау, өзін бақылау, пішінішіл (физиономисть), орда бөлім, ми жұлыны, бұтақ бөлімі, егіз нерв, сезу нервтары, нерв ұшы, қозғалу нервтары, ордадан қашатын нервтар, мидың қажуы, тынығу, ақыл көріністері, ішкі сезім көріністері, қайрат көріністері, аңдау, орда нерва, әсерлену, әсерленудің іші, әсерленудің күші, әсерленудің тоны, орындастыру(локализация), сезім алдауы (иллюзия), елес, дене әсерленулері, ет әсерленулері, нерв әсерленулері, тамақтану әсерленулері, қан жүру әсерленулері, дем алу әсерленулері, жылылық әсерленулері, суықтық әсерленулері, тынығу т.б.

Мағжан елін ерекше сүйген, ұлтшыл болумен бірге еуропа мәдениетінің жетістіктерін, батыс поэзиясының озық үлгілерін, жыр жауһарларының түртұлғасын жатсынбаған ақын. Ол жөнінде М.Әуезов «...Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқырағын, әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан Арқа қызын көріп-сезінгендей боламын. Мағжан – культураны зор ақын» дегені белгілі. Мағжан мәдениетінің жоғарылығын поэзиясынан ғана емес, оның қаламынан туған оқу құралынан да байқауға болады. Ақынның стилі жатық, баяндау мәнері сыпайы да жағымды. Ойқышойқы, олпы-солпы жазу оған тән емес. Жазған құралы оқушысын баурап, кедергісіз жеңіл оқылады. Автордың білімділігі мен ішкі мәдениетінің жоғарылығы оның мәтін түзуі мен жазу, баяндау барысында анық байқалады. Педагогика оқулығы ұлттық танымға лайықталып, қазақ баласына арналып жазылған құрал болғанына қарамастан, мұнда да оның еуропа, әлем мәдениетін жатсынбайтынын байқауға болады. Ол кең тараған халықаралық атаулардың, шеттілдерісөздерінің бірқатарына аудармай колданады. Оған оқулықта кездесетін *концентр, фантазия, категория, дедукция, индукция, аналогия, силлогизм, гипотеза, аффект, апатия, мотив, темпараметр, сангвинник, холерик, флегматик, меланхолик, нерв системасы, перцепция, апперцепция, иллюзия, галлюцинация, ассоциация, гипотеза, аффект, темпараметр, термометр, спиритуализм, идеализм, феноменализм, эмперизм, физиономист, аппарат, паралич, афазия, локализация, перцепция, тон, эмпиризм, гимнастика* сынды терминдер мен атаулар дәлел бола алады. Бұл көрсетілген кірме атаулар жеке термин түрінде де *жақындық ассоциациясы, тұқымдастық ассоциациясы, толық силлогизм, шолақ силлогизм, толық индукция, кем индукция, егіз нерв, сезу нервтары, әсерленудің тоны* секілді екі сыңарлы терминдер құрамында да кездесіп отырады.

Мағжанның көптеген жаңа терминдер жасап, оларды қолданысқа енгізу арқылы қазақтың төл терминологиясын қалыптастыруға елеулі үлес қосқаны



күмәнсіз. Оның терминқорымызды қалыптастыруда Ахаң бастаған алаш оқығандары белгілеген бағытты қолдап, ғылым тілінің ұлттық сипатының басым болуы қажет деп танығаны да анық. Солай бола тұрғанмен де өз замандастарының, алаш зиялыларының арасында еуропа халықтарының тілдеріне енген атауларды аса жатсынбай, оларды оқулықтар жазған өзге авторларға қарағанда салыстырмалы түрде біршама көбірек пайдаланғаны да Мағжан Жұмабайұлы. Алаш арысының автолығымен жарық көрген осы оқу құралында қолданылған терминдердің шамамен алтыдан біріне жуығын өзгеріссіз қабылданған кірме атаулар құрайды.

«Бізде бұрын жасалған пән тілі болмағандықтан, түрлі терминдерге тап басқандай қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда, курстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орыс сөздері қазақшаға айналдырылды. Ал енді жаһан тілі болып кеткен шет сөздерді қазақшаға аударам деп азаптануды тиісті таппадым» деп жазады автор.

Бұл сөзінен оның да сол кезеңде қазақ тілінде алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарын жазған өзге авторлар сияқты оқытатын пәндерін меңгеруге қажетті қазақ тіліндегі термин сөздердің тапшылығы, оларды жасаудың қиындығы, ұлт тіліндегі терминжасам тәжірибесінің қалыптаспағандығы сияқты мәселелермен бетпе-бет келгендігін айқын аңғарамыз. Сондай-ақ автордың кең тараған атауларды аударуға қатысты өзіндік көзқарасын, ұстанымын да көруге болады. Осы ұстанымына сәйкес ол «Педагогика» оқулығында жоғарыда келтірілген бірнеше атауларды қазақ тіліне аудармай қолданған. Ал таза орыс сөздерін аударып алуды жөн санаған. Оқулыққа енген терминдерді аудару барысында бұл іске ол курста оқыған мұғалімдерді де тартып, олардың көмегіне жүгінгенін де айтады.

Мағжанның терминжасам тәжірибесі туралы айтар болсақ, ол педагогика терминдерінің бірқатарын қазақ тілінің лексикалық қорынан дайын қалпында алып пайдаланған немесе оларға қосымша терминдік мағына жүктеген. Мәселен, *абай, ұят, ақыл, қайрат, ой, қуаныш, қайғы, байлам, ашу, ұйқы, көңіл, ұғым, мінез, әдет, елес, емізік, ес, зейін, ізгілік, қадақ, әсер, сығыр* сынды сөздер сол қатарға жатады. Қазақтың төл сөзі болып саналатын немесе ертеректе араб-парсы тілдерінен еніп тілімізге әбден сіңіп кеткен бұл атаулар негізінен өздерінің тура мағынасында жұмсалған. Мұндай атаулар жалпы тілдегі лексикалық мағынасын сақтай отырып, ендігі жерде белгілі бір пән атауы, ғылыми термин ретінде дәл дефиницияға ие болған. Жалпы халық түсінігіндегі қарапайым ұғым атауы терминологиялық өріске еніп, ғылыми ұғым атауы ретінде қолданыс тапқан.

М.Жұмабайұлы жазған «Педагогика» оқулығындағы дара тұлғалы терминдердің елеулі бөлігі қимыл атау (тұйық етістік) формасында болып келеді. Мысалы, *аңдау, аяу, әсерлену, байлау, бақылау, бекіту, есту, жалпылау, жалаңаштау (абстракция), зерігу, иіскеу, көру, қорқу, ойлау, орындау, орындастыру (локализация), өлшеу, нысықтау, сипау, суреттеу, тату, тартылу, тілеу, тісеу, тынышсыздану, тынығу, ұйғару, ұмтылу, ұялу, шектеу* сынды терминдер сол қатарға жатады.

Ал морфологиялық жолмен жасалған атауларға келсек, әдетте термин шығармашылығында өнімді жұмсалатын **-лық/-лік** (-дык/-дік, -тық/-тік) жұрнағының көмегімен туындаған *бейғамдық, жылылық, құмарлық, өзімшілдік(эгоизм), көпшілдік (альтруизм), іссіздік* сынды бірнеше атау кездеседі. Сондай-ақ оқу құралында **-шіл** және **-ыс** жұрнақтарын жалғау арқылы жасалған *пішіншіл (физиономисть), айтылыс* тәрізді бірді-екілі терминдер бар. Жалпы сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған терминдер көп емес. Олар санаулы-ақ.

«Педагогика» оқу құралындағы терминдердің басым көпшілігі – тіркесті терминдер. Ондай атаулар осы құралда кездесетін барлық терминдердің 50 пайыздан астам бөлігін құрайды. Олар негізінен екі сыңарлы болып келеді, үш сыңарлы терминдер саны шектеулі. Ондай терминдердің басымдығын жоғарыда беріліп отырған терминдер арасынан айқын аңғаруға болады. Мұны сала терминологиясының табиғатымен байланыса қарған жөн деп ойлаймыз. Жалпы терминтанушы ғалымдардың пайымдауынша, тұтас терминологиялық лексиканы алып қарағанда да, кез келген жеке саланың терминологиясын алса да, оларды құрайтын терминдердің басым бөлігі екі немесе үш, одан да көп құрамды терминдер болып келеді екен. Бұл әдетте негізгі ұғымнан өрбитін түрлік ұғымдардың басым болатындығына байланысты туындайтын объективті құбылыс. Педагогика саласының терминологиясынан соны байқауға болады. Мысалы, бір ғана «мінез» деген негізгі ұғымнан – *қайратты мінез, күшті мінез, берік мінез, жұмсақ мінез, тума мінез* сынды мінез түрлерін білдіретін атаулар өрбісе, *әсерленудің іші, әсерленудің күші, әсерленудің тоны, дене әсерленулері, ет әсерленулері, нерв әсерленулері, тамақтану әсерленулері, қан жүру әсерленулері, дем алу әсерленулері, жылылық әсерленулері, суықтық әсерленулері* сияқты мына атаулардың барлығы да бір ғана «әсерлену» ұғымынан туындаған, оның түрлерін, өзге де қасиеттерін білдіретін ұғымдар. Бір ғана «ұғым» атауымен байланысты – *ұғымның іші, ұғымның ауданы, жабайы ұғым, күрделі ұғым, ұқсас ұғымдар, қабысатын ұғымдар, ұқсамайтын ұғымдар, қарсы ұғымдар, жалпы ұғым, дербес ұғым, жалқы ұғым, тұқым ұғым, төр ұғым, жалпы ұғымның төрі, дербес ұғымның тұқымы, бағынушы ұғым, бағындырушы ұғым, бірге бағынатын ұғымдар* деген терминдер тізбегі туралы да осыны айтуға болады. Ендеше, тіркесті терминдердің оқу құралында қолданылған барлық терминдердің тең жартысынан астамын құрауы терминологиялық жүйенің өзіндік ерекшелігімен байланысты деген тұжырымға тоқталуға негіз бар деп білеміз.

Оқу құралында бірқатар терминдер жарыса жұмсалады. Мысалы *көру// көру сезімі, есту// есту сезімі, иіскеу//иіску сезімі, сипау//сипау сезімі, тату// тату сезімі, ес//зейін, хукм //хукм, қиял//хиял* тәрізді терминдер сондай жарыса қолданылып отыратын атаулар қатарына кіреді. Қазақ тіліндегі сала терминдері енді ғана жасалып, әлі қалыптасып, қолданыс бірізділігі сақтала қоймаған кезең үшін бұл құбылысты табиғи нәрсе деп қабылдауға болады.

Бірқатар алаш зиялылары сол кезеңде **-паз** жұрнағын қолданудың

қажетсіздігін айтқан болса, Мағжан Жұмабайұлы керісінше, бұл жұрнақты жиі пайдаланғаны аңғарылады. Оған оқу құралында кездесетін автордың қолданысындағы *ауырымпаз (31), бұзылымпаз (39), естімпаз (66), ұстампаз(85), жаттампаз(86), әсерленімпаз (93), құбылымпаз (122), іші пысымпаз(130), оянымпаз (132), еліктемпаз (152)сенімпаз (154)* сынды сөздер дәлел бола алады.

Оқу құралы – келтірілген мысалдардың қазақ ұғымына сай, ұлттың өзінің өмір-тұрмысынан алынып отыратындығы мен баяндауының жатық қазақы тілде болуымен бірден ерекшеленеді. Сондықтан жеңіл оқылады, айтылған ой оңай да дәл ұғынылады. Көптеген оқу құралдарынан байқалатын орыс тілінің сөйлем құрылысына таңылған сірескен стиль, аударма құралдарға тән түпнұсқа тілге байлаулылық Мағжаннан аңғарылмайды. Термин, термин шығармашылығына тікелей қатысты болмаса да, көзге бірден ұрып көріп тұрған ерекшелік болғандықтан, біз бұл жерде осы мәселеге сөз арасында ғана тоқталып отырмыз. Жалпы бұл арнайы қарастырып, кеңірек тоқталуға сұранып тұрған дүние.

Оқу құралындағы *ордадан қашатын нервалар, төр ұғым, жалпы ұғымның төрі, табанды абай* сияқты терминдер құрамындағы «төр», «орда», «табанды» немесе «қадақ» сынды ұлттық ұғыммен байланысты сөздердің терминдену арқылы жаңаша жұмсалудың оның авторының төл мәдениеті мен ұлт тілінен терең сусындағаны анық аңғарылады. Қай-қайсысы да қазақ тілін жетік білген, өз тілінен жери қоймаған ол кезеңдегі қазақ оқығандары үшін бұл қалыпты құбылыс болғанымен, бүгін олай деп айта аламаймыз. Бұдан ұлттық ұғымдарды ұқсастық негізде жаңғыртып, жаңартып, қолдану үшін де оларды білу, ұлттың тұрмыс-тіршілігімен етене таныс болу керектігі аңғарылса керек.

Мағжан жасаған ол қолданған терминдердің бәрі мінсіз болды, олардың бәрі тілдік айналымға еніп кетті деуден аулақпыз. «Жабайы ұғым», «жабайы суреттеу», «шолақ силлогизм» сынды жекелеген терминдерді басқаша атауға да болар еді. Ол жасаған немесе өз замандастары ұсынған терминдердің бірқатары тірек термин ретінде бүгінге дейін қажетімізді өтеп отыр. Мәселен, *дене тәрбиесі, дем алу, тамыр соғу, ойлау, әсерлену, ұғым, жалпылау, бекіту, әдет, құмарлық, мінез, пысықтау* тәрізді көптеген терминдерді сол қатарға жатқызуға болады. Олардың бірқатары дәл сол бастапқы мағынасында енді біреулері сәл мағыналық өзгерістермен қолданылып жүр. Терминология уақыт өткен сайын дамып, жетіліп отыратын сөздер қоры екендігі белгілі.

Мағжан Жұмабайұлы қазақ тілі терминологиясының мәселелерімен, терминологиялық жұмыстарды жүргізу ісімен А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төреқұлұлы сынды тікелей айналыспаса да, ол қазақша оқу құралын жазып, ұлттық терминқордың қалыптасуына өзіндік үлес қосқан ұлт зиялысы. Оның қазақ тілінде алғаш педагогика оқу құралын жазып, осы саланың көптеген терминдерін жасағанын, қолданысқа енгізгенін айрықша атап көрсету орынды.

## II.8. Нәзір Төрәқұлұлы және кірме терминдерді қабылдау мәселесі

Тіліміздің ұлттық терминқорын қалыптастыруда тілдік және тілден тыс факторларға байланысты өзге тілдерден дайын атауларды көбірек қабылдап келгеніміз белгілі. Әсіресе, өткен XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап, орыс тіліне негізделген кеңестік терминқор қалыптастыру мақсаты көзделгендіктен, еуропа халықтарының тілдеріндегі атауларды орыс тіліндегі қалпында өзгертпей қабылдап келдік. Жетпіс жылдай осы бағыттан таймағандықтан, термин қабылдау арқылы сыртқы көздің есебінен атаулар қорын қалыптастыру бізде дәстүрге айнала бастады. Алайда осы терминқор қалыптастырудың сыртқы көзін пайдалануда сол отызыншы жылдарға дейін қазақ зиялылары түгелге дерлік басқа пікірде болды. Солардың қатарында жат сөздерді қабылдау, тіліміздің дыбыстық-құрылымдық ерекшеліктеріне сәйкестендіріп жазу туралы сонау жиырмасыншы жылдары-ақ арнайы еңбек жариялаған халқымыздың белгілі қайраткер ұлдарының бірі Нәзір Төрәқұлұлы да бар.

Осыдан бірер жыл бұрын ғана «Алаш» баспасынан Нәзір мұрасын жинақтап, зерттеп жүрген ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Ж.Әлмашұлының құрастыруымен Н.Төрәқұловтың екі томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Көрнекті қайраткердің соңында қалдырған мұрасының «шаң басқан архивтерде» елеусіз жата бермей, қалың жұртшылыққа жетіп жатуы - қуанарлық та, құптарлық та іс. Бұл орайда біз де Н.Төрәқұлұлының жуырда жарық көрген шығармалар жинағына еңбеген 1926 жылы Мәскеуден басылып шыққан «Жат сөздер туралы» деп аталатын шағын еңбегін араб графикасынан қазіргі жазуымызға түсіріп, қайта бастырып шығардық. Өткен ғасырдың сонау жиырмасыншы жылдары қазақ терминологиясы дамуының Байтұрсынов кезеңінде жарық көрген бұл еңбектің терминтану тарихында өзіндік орны бар. Терминологияда күні бүгінге дейін шешімін таппай, ғалымдар тарапынан түрлі әңгіменің арқауы болып жүрген халықаралық терминдер мәселесін осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын арнайы сөз еткен бұл еңбекте бүгінгі терминологиялық жұмыстарды жүргізу барысында, шет тілдерінен термин қабылдауда назарға алатын құнды пікірлер аз емес.

Н.Төрәқұлұлы осы еңбегін жазудағы мақсаты туралы: «Біздің бұл жазудағы тілегіміз: сол жат тілдерден қазақшаға кірген сөздердің өзгеру заңын табу» дей келіп, ол жарыса қолданылып, әртүрлі жазылып жүрген сөздерді бір ізге түсіріп жазу – бір жағынан бүгінгі жазуымызды тәртіпке келтірсе, екінші жағынан, тіліміздің болашақтағы дамуына да үлгі болатынын айтады. Олардың жөнге салған ісінің болашаққа үлгі болып қалыптасып қалатындығы жөніндегі ойын автор өз сөз қолданысында «тілдің келесіде баюына жол тазалау» – деп береді.

Н.Төрәқұлұлы қазақтың білімді, зиялы азаматы ретінде шет тілдерінен термин қабылдаудың тілдік заңдылықтарын анықтап, соған сәйкес жазу үлгісін қалыптастыруды өзіне міндет санайды. Өзге тілдерден сөз қабылдамай тұра алмайтынымызды айта келіп, ол – «...сертсіз, заңсыз жат сөздерді бос

қоя беру де жарамайды, опыр-топыр болып, тіліміздің негізгі заңдылықтарын бұзып, тас-талқанын шығарып жібереді»- дейді.

Автордың бұл ойы да, «Қазақ тіліне кірген жат сөз болса, қазақтың тымағын киген жалпақ қазақ сөзі болып кірсін» деген ұстанымы да өзімен замандас, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы сынды қазақ зиялыларының пікірлерімен үндесіп, сабақтасып жатыр. Олардың барлығы да шет тілдерінің сөздері тіліміздің дыбыстық-құрылымдық заңдылықтарына бағындырылып қабылдануы қажет деген тұжырымға тоқталады.

Мәселені арнайы зерттеген тілші-ғалымдардың көрсеткен мәліметтеріне сүйенсек, тіліміздің лексикалық қорының 30 пайыздан астамын араб-парсы сөздері құрайды екен. Бұл тұрғыда Нәзір Төрөқұлұлы сол жиырмасыншы жылдары-ақ тілімізге енген араб-парсы сөздерінің игерілуін, көптеген нақты мысалдармен көрсетіп берген. Оның тілімізге сіңіп кеткен араб-парсы сөздердің қалай және қандай өзгерістерге ұшырай отырып қабылданғанын анықтау арқылы өзге тілдердің сөздерін де игерудің жолын табамыз деуі – тіліміздің сол кезеңге дейінгі даму тарихы мен сөз қабылдау тәжірибесіне жіті назар аударып білген зерек зерттеушінің аса байқампаздықпен айтылған, ешқашан құнын жоймайтын құнды пікірі. Зерттеушінің осы ойының бір түйіні ретінде айтылған – «Араб-парсы сөздеріне елдің баяғы заманда өзінен пішіп қойған үлгісі жалпы жат сөздердің барлығына жарамаса да, бірсыпырасына жарайды» – деген пікірі қазір де құнын жойған жоқ деп білеміз. Жалпы жиырмасыншы ғасырдың басында қазақ зиялылары көтерген термин мәселелерінің көпшілігі қазірге дейін шешімін таппай, қайтадан күн тәртібіне қойылып жатқан бүгінгі таңда олардың қай-қайсысының да еңбектерін елеусіз, пікірлерін ескерусіз қалдыруға тиіс емеспіз.

Бұл еңбегінде Нәзір Төрөқұлұлы араб тілін жетік білетін білікті маман ретінде арабтың қай дыбысының қазақтың соған сәйкес келетін (жақын келетін) қандай дыбыстарымен алмастырылғанын, қалай таңбаланғанын немесе кей дыбыстардың мүлде түсіп қалатынын көптеген мысалдармен нақты (сөз басында, ортасында және сөз соңында) көрсетіп берген. Сондай-ақ ол - «Жалғыз-ақ әріп ауыстырумен жат сөз қазақ сөзі болмайды. Қазақ сөзі болып әбден сіңуі үшін сөздің жалпы құрылысы қазақша болуы керек.» – дейді. Зерттеуші араб-парсы сөздерінің ішінде әсіресе жіңішке буынды сөздердің көп өзгеріске ұшырайтынын айта келіп, ..... , ..... сияқты сөздердің құрамында өзгертін әріптердің жоқ екендігіне қарамастан, қазақ тіліне кіргенде *береке*, *керемет* түрінде таңбаланып, адам танымастай өзгеріске ұшырағанын мысалға келтіреді.

Н.Төрөқұлұлы араб тіліндегі фатха, кесре, гамма және тәшдидтің біздің тілімізге қалай қабылданғанын да көрсетеді. Мәселен, жіңішке буынды сөздердің құрамындағы фатха тілімізге көбінесе е болып өтетінін көрсететін бірнеше мысалдар келтіреді. Сол сияқты гамманың ү, ұ, о болып, кесренің е, ы, і болып қабылданатынын да, л, м, н әріптерінің қатар келмейтінін (тәшдид) де көптеген нақты мысалдармен көрсетіп береді.

Автордың «Татарда араб-парсы сөздерін бұзбай алу, айту мінезі бар. Бұл мінез қазаққа жарамайды» дей келіп, татар тілінен бізге де сол сөздерді өзгеріссіз қабылдауға жол беруге болмайды деген пікірі де орынды айтылған.

Кезінде бізге парсы тілінен енген -кер, -паз, -стан сияқты қосымшаларды қазір біз аса жатсына қоймайтынымыз, олардың тілімізге сіңісті болып қалғаны белгілі. Н.Төреқұлұлы бұл қосымшалар «үндестік заңын ойран қылады», сондықтан олардың жалғануы арқылы жасалған *жұмыскер, білімпаз, өнерпаз, әсемпаз, Қазақыстан, Татарыстан* сияқты сөздерді осы қалпында қалдырмай, *-ғыш, -гіш, -шы, -ші* сияқты төл жұрнақтарымызбен алмастырып немесе *білім иесі, қазақ елі, татар елі* деп өзгертіп алған дұрыс деп санайды.

«Жат сөздердің» бірінші бөлігі араб-парсы тілінен енген сөздерге арналса, екінші жартысы «Ауропа сөздері» деп аталады. Еуропа сөздері туралы әңгіме бастағанда-ақ автор – «Жалпы құрылысына қарағанда араб-парсы сөздеріне пішкен заңдарымыз ауропа сөздеріне де жарайды десек, үлкен жаңылыс болмайды. Ауропа сөздері де араб-парсы сөздеріндей өзгеруге тиіс» – дейді.

Жалпы Ахаң бастаған алаш зиялылары мен Нәзір Төреқұлұлының шет тілдерінен термин қабылдауға қатысты көзқарастарында айтарлықтай алшақтық жоқ. Алдымен өз тіліміздің мүмкіндігін пайдалану мен өзге тілдер сөздерінің барлығын да тіліміздің дыбыстық-құрылымдық заңдарына бағындырып қабылдау мәселесінде Н.Төреқұлұлы Қазақстан білім ордасының белгілеген қағидаттарымен, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омарұлы, М.Дулатұлы сияқты ұлт зиялыларының ұстанымдарымен келіседі. «Жат сөздер» авторы ұсынысының білім ордасы бекіткен қағидаттардан негізгі айырмашылығы – ол араб-парсының, түркілердің емес, еуропа тілдерінің сөздеріне басымдық беру қажет деп санайды. Оның себебін бір сөзінде ол «Біздің мәдениет кеңес мәдениетімен бірге кетпек. Біздің алдымыздағы 50-60 жыл ішінде қазақ баласы орыс мектебін көрмей, жоғары білімді алалмайды (*қазіргіше - ала алмайды*)» деп, түсіндірсе, келесі сөзінде «Қазақ тілі жетпеген сөзін Ыстанбол мен Қазаннан іздемей-ақ ауропадан алады. Үйткені қазақ кедей болса, көбінше әзірге мәдениет, техникке терминдеріне кедей. Осылай болған соң тілдес елдердің өздері жетпеген терминдерін ауропадан алып отырған шақта «далделсіз» тура ауропадан алсақ не болады?!» – дейді.

Н.Төреқұлұлының еуропа сөздерін делдалсыз-ақ тікелей түпнұсқа тілден алайық деген ұсынысы дұрыс-ақ. Бірақ бұл мәселе 1924 жылы білім ордасы бекіткен қағидаттардан көрініс тапқан болатын. Елдес Омарұлы сиезде жасаған баяндамасы бойынша қойылған сұрақтарға жауап бергенде: «Түркі халықтарының бәріне ортақ жалпы түрік сөзі болмаса, - түрік халықтарының кез келген біреуінде бар сөзді жақын көрудің қыйсыны болмайды. Қазақта жоқ сөзді басқа түріктерден іздеу керек – деген жобаны: түрік халықтарының бәріне ортақ сөздерден іздеу керек – деп түсіну керек»<sup>298</sup> дейтін түсініктеме берген еді. Оның үстіне сиезде Н.Төреқұлұлы да баяндаманы талқылауға қатысып, өз пікірін айтқан болатын. Жалпы білімпаздар сиезінің «Иаурыпа

298 Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. – Орынбор, 1925. 84-6.

қалықтарының бәріне сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің дыбыстарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын» деген қағидатты бекітуі Н.Төрөқұлұлы ұсынысының алаш зиялылары жасаған қағидаттардан толық көрініс тапқанын көрсетеді.

Н.Төрөқұлұлының М.Дулатұлының тұжырымдарына қатысты айтқан сыни пікірлерінің арасында да ескеретін тұстар аз емес. Алайда ондай пікірлердің бірқатары ғылыми көзқарастарының алшақтығынан, ұстанған қағидаттарының бөлектігінен туындамағаны, оның басқа себептері бар екендігі аңғарылып тұр. Жалпы алаш зиялылары белгілеген терминология қалыптастыру қағидаттарының дұрыс жасалғандығына күмән келтіру қиын. Оны Қазақстан білім ордасының жұмысына барынша сын көзбен қарай отырып жазған, жан-жақты білімді қазақ зиялысы Н.Төрөқұлұлының осы еңбегінен де көруге болады. Егер 1924 жылы сиез бекіткен қағидаттардың ғылыми негізінің қандай да бір осал тұсын байқағанда, Н.Төрөқұлұлы өзіне тән өткір тілімен «тіліп-тіліп» айтқан болар еді.

Кітапшаның «Ауропа сөздері» деп аталған екінші бөлігінде де автор еуропа тілдеріндегі қай дыбыстың қалай өзгертіліп алынуы керектігін немесе араб сөздерін алғандағыдай жолмен қабылдауға болатынын көрсететін мысалдар келтіреді.

Нәзір Төрөқұлұлының жиырмасыншы жылдары термин, терминология мәселелері жөнінде сөз еткен қазақ зиялыларының көпшілігінен «Қазақ тілінен лайық сөз табылмайтын болғанда, пән сөзді асыл түбірінен алу керек» деген пікірімен ерекшеленеді. Ол еуропа тілдерінің сөздерін бізге дейін қабылдаған тілдерден емес, аралық делдал тілдің көмегінсіз тікелей түпнұсқа тілден алған дұрыс санайды. Бұдан ол еуропа терминдерін өзгертпей жазуды қолдады екен деген түсінік тұмауға тиіс. Ол еуропа сөздерін де араб тілінен енген сөздер сынды тіліміздің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп, өзгертіп алу керек деді. Оған ғалымның «Жаңа келген араб сөзінен жаңа сөз жасау қазақ тіліне қиын. Ауропа сөзін тілегенімізше бұзып, жаңа сөз жасау жеп-жеңіл» деген өз сөзі дәлел болады. Ол араб сөздеріне қараанда еуропа сөздерін қабылдауға басымдық беру керек дегенімен, еуропа сөздерін де қалағанымызша өзгертіп алуды қолдайды.

Н.Төрөқұлұлының бұлеңбегі кірмес сөздерді тіліміздің дыбыстық-құрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып қабылдау тұрғысынан А.Байтұрсынұлы мен Х.Досмұхамедұлдарының, жалпы алаш зиялыларының көзқарастарымен сәйкесіп жатқан, көп тілді білетін білікті маман ретінде өз тарапынан қосқан нақты ұсыныстары мен тұжырымдары бар, осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын жазылғанына қарамастан, күні бүгінге дейін ғылыми құндылығын жоймаған кітап. Кірме терминдерді жазу бізде әлі толық шешімін таппаған, соңғы жылдары мамандар тарапынан жиі сөз болып жүрген мәселе. Бұл мәселені шешу барысында Н.Төрөқұлұлының еңбегі ескерусіз қалмайды деп ойлаймыз.

«Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылдың 14 сәуіріндегі санында «Кітап



сыны» деген айдармен аты-жөнін «Т.» түрінде қысқартып берген азаматтың «Жат сөздерге» жазған рецензиясы жарық көрді. Онда пікір білдіруші Н.Төреқұлұлының кейбір ойларына қатысты сыни пікірлер де айтылумен қатар – «Тегінде Нәзір кітабы қазақ тілін таза сақтауға едеуір шылбырдың ұшын береді. Нәзір қазақ тіліндегі сингармонизм жолын қуаттаушы жазушы. Мұндай кітаптар шыға беруіне тілектеспіз» – деп, бұл кітаптың құнды жақтарын айта келіп, сөзін аяқтапты.

Жарық көрген кезде де оң бағасын алған бұл еңбектің, кірме атауларды қабылдау мәселесі әлі шешімін таба қоймаған қазіргі кезеңде де қажетімізге жарайтынына еш күмән келтірмейміз.

### II.9. Міржақып Дулатұлы математика терминдерін алғаш жасаушы

20-жылдары емле, аударма, газет тілі, терминжасам сияқты тілдің түрлі мәселелері жөнінде сөз қозғап, ұлт мәдениеті мен ғылымының өркендеуіне айрықша атсалысқан қазақ оқығандарының бірі Міржақып Дулатұлы болды. М.Дулатұлының көпшілікке көбірек таныс «Қазақ тілінің мұңы» және басқа да тілдің қолданысы мен түрлі мәселелеріне арналған мақалаларын жеке арқау еткен жөн болар. Біз термин, қазақ терминологиясының қалыптасу, даму тарихы жайлы сөз етіп отырғандықтан, М.Дулатұлының осы мәселеге қатысты еңбектеріне ғана тоқталмақпыз. Ол «Жауыздық низамнамасы», «Терминдер туралы», «Қазақ тілін жүргізетін комиссияның құлағына алтын сырға», «Газет тілі оңды болсын» сияқты мақалаларында термин жасау мен аударма барысындағы кемшіліктерді сөз етеді. Мәселен, жазушы 1924 жылы «Ақ жол» газетінің 436-санында жарияланған «Жауыздық низамнамасы», «Баяғы «Жауыздық низамнамасы» (№ 464) атты екі мақаласында да «Қылмыстық кодексті» аудару барысында орын алған кемшіліктерге, ондағы сәтсіз терминдерге тоқталады. Ол: «Сондықтан «Қылмыс заңы» бізге түсінікті де, мынау «Жауыздық низамнамасы» жат, топас, ерсі көрініп тұр. «Низамнамасы» – «низам» болсын, намысына жол болсын» дегіміз келеді. Кітапты ақтарып, әр жерін көзбен шолып өткенде, жалғыз бұл «нама» емес, өзге «нама»-лар да толып жатыр екен. Мәселен, *міндетнама, егланнама, мағлұматнама, жазанама, куәнама, өтірікнама* сияқты. Бұл неғылған қаптап кеткен нама екенін түсіне алмадық. Түркістан қазағы «*жаза, заң, низам, куәлік, өтірік*» деген сөздерді «нама»-сыз-ақ айта білетін еді. Тегінде бұл «нама»-ларды аудармашы өз жанынан қосып жіберсе керек» деп сапасыз аударылған кітапты сын тезіне алады. Автор бұл мақалаларында жаңа жасалып жатқан заң терминологиясындағы кемшіліктерді, термин жасау барысында жұрнақты орынсыз жалғауға жол берілгенін көрсетеді. Біліктілігі төмен аудармашының жауапсыз ісін мысалға ала отырып, салалық терминдерді аударуға, жасауға үлкен жауапкершілікпен қарау керектігін ескертеді.

Міржақып Дулатұлы өзге авторлардың терминжасам мен аудармадағы



кемшіліктерін атап көрсетумен ғана шектеліп қалған жоқ. Ол өзі термин жасап, терминдерді қазақшаға аударды. Оның бұл бағыттағы атқарған ісі – «Есеп құралы» атты оқу құралын жазу барысында жүзеге асты. Математиканы қазақ баласына қазақша оқыту мақсатын көздей отырып жазған осы еңбегінде ол көптеген терминдер жасады, бірқатар терминдерді орыс тілінен тікелей аударды. Қазақ тіліндегі оқу құралдарының көпшілігі 20-жылдардың басынан бастап жарық көре бастағаны белгілі. М.Дулатұлының «Есеп құралы» 1914 жылы Орынборда басылуының өзі көп нәрсені аңғартады. Оның бұл құралы Ахаңның «Әліппе» мен «Тіл – құрал» сынды еңбектерімен қатар жарық көрген. Яғни, қазан төңкерісіне, 20-жылдарға дейін-ақ қазақ тіліндегі оқу құралының авторы болып, бұл іске алғашқылардың қатарында араласқан алаш зиялысы. М.Дулатұлының осы алғашқы құралының өзінде *сан, цифр, бірлік, ондық, жүздік, қосу, алу, азайту, бөлу, көбейту, көбейту кестесі, қадақ, пұт, ен, ұзындық, кем, артық, есе артық, есе кем, шақырым, саржын, сағат, минут, секунд, алу белгісі, қосу белгісі, көбейту белгісі, бөлу белгісі, есеп, бұрыш* сынды математика терминдері қолданылады. Қарапайым арифметикалық ұғымдарды білдіретін бұл атаулардың дені күні бүгінге дейін тұрақты қолданылып, математика тілінен берік орын алды. Ал М.Дулатұлының 1927 жылы Қызылордада басылған «Есеп құралы» (Екінші жылдық) атты оқу құралында 1914 жылы басылған құралдағы кездесетін атаулардан өзге мына төмендегідей терминдер кездеседі:

*Есеп сызғышы, бірінші жүздік, шатшаң санау, деректі сан, тік бұрышты үшкіл, төрткіл, метр жүйесі, шотқа салу, өлшеу, ескі өлшеу, жаңа өлшеу, ірі өлшеу, сантиметр, бөршек, дүйім, мысқал, кез, десте, километр, тонна, килограмм, грамм, миллиметр, литр, дюжина, тік төрткіл, аудан, қабырға, айырма, десятина, жарты десятина, шетберт, шетберк, шегеру, көбейту сатысы, сандықша, шаршы, толық ондық, екі цифрлы сан, бөлшек, дөңгелек, шаршы кез, шаршы пұт, шаршы таяқ, шаршы бөршек, шаршы дүйім, шаршы дециметр, шаршы таяқ, қума метр, қума кез, ширек, қалдық сан, үлес сандар, процент, дөңгелек ондық, гектар, өспе сан, өсірме сан, өсінді сандар, бөлінбе сандар, бөлме сандар, ондық бөлік, есеп сатысы, кесе сызықтар, бұрыштық.*

Оқу құралының кейінгі басылымы, бастапқы шыққан басылымынан біршама күрделеніп, жаңа ұғымдар қосылған. Соған сәйкес алғашқы құралдағы терминдермен қоса тағы жоғарыдағы көрсетіліп отырған бірқатар терминдер қосылған. Білім алушыларға математика ұғымдарының атаулары мен қоса геометриялық фигуралардың атаулары, ұлттық өлшем бірліктерімен қатар олардың орыс тіліндегі және әлем тілдеріне кең тараған атаулары таныстырылады. Қазақ баласының ұғымына қонымды болуы үшін автор сөз болып отырған құралдардың екеуінде де *мысқал, кез, қадақ, пұт, шақырым* сынды ұлттық өлшем-мөлшер атауларын қолданған. Есеп құрастыру, мысал келтіру барысында да автор қазақтың тұрмыс-салты мен тіршілігіне табан тіреп отырады. Жалпы оқу құралы қазақ баласының ұлттық таным-түсінігін, өскен ортасын, этностың өзіндік болмысын ескере отырып жазылғандығымен

ерекшеленеді. М.Дулатұлының екі оқу құралында қазақша-орысша жарыспа нұсқаларымен қосып алғанда барлығы 80 шақты термин қолданылады. Олардың арасында *километр, тонна, килограмм, грамм, миллиметр, литр, дюжина* өлшем-мөлшер бірліктері мен *тік бұрышты үшкіл, төрткіл, тік төрткіл, дөңгелек* геометриялық фигуралардың атаулары да бар. Оқу құралдары бастауыш мектептің екінші жылдығына арналып отырғандықтан, терминдер санының аса көп болмауы да табиғи нәрсе. Алайда бұл құралдарда математика пәнінің ең қарапайым да басты ұғымдарының атаулары қамтылған.

Оқу құралындағы *бірлік, ондық, жүздік және алу, қосу, бөлу, көбейту, азайту, шегеру* тәрізді терминдер тізбегі мен *деректі сан, белгілі сан, кіші сан, үлкен сан, өспе сан, өсірме сан, өсінді сан, бөлінбе сан, бөлме сан* сынды терминдер ұғымдар жүйесінің ерекшелігіне сәйкес бір терминүлгі бойынша жасалған. Ал **-ша, -ма, -тық** сөз тудырушы жұрнақтары арқылы морфологиялық тәсілмен жасалған *сандықша, айырма, бұрыштық* тәрізді терминдер пішіні жағынан ықшамдылығымен, мейлінше жаңа атау болуымен ерекшеленіп тұр.

Міржақып Дулатұлының бес томдық шығармалар жинағының 4-томының алғысөзін жазған педагогика ғылымдарының докторы Серғазы Қалиұлы былай деп жазады: «Ал енді Міржақып Дулатұлының сол кезде бірнеше рет басылып шыққан «Есеп құралы» кітабын парақтап отырсаңыз, төрт түрлі ерекшелігімен көзге түседі. Біріншіден, орыс, татар, мешер (башқұрт), т.б. мәдениеті өркендеген елдердің оқулығына қарап отырып, тыңнан тілімізге жүзге тарта математикалық жаңа терминдер енгізген. Мәселен, *қосынды, қосылғыш, ондық сандар, бірлік сандар, теңге, тиын, шақырым, қарыс, сүйем, екі белгілі сандарды көбейту, көбейткіш, көбейтінді, есе артық есе кем, бөлу, бөлгіш, бөлінді, пұт, қадақ, баспа табақ, мыңның ішіндегі сандардың жазылуы, таңба, алу, көбейту кестесі, сағат, минут, секунд, алыпсатар, еңбекақы, азайтынды, қалдық, сан* т.б.».

Педагог ғалымның М.Дулатұлының қазақша математика терминдерін жасап, терминқор қалыптастыру ісіне атсалысқан алаш зиялыларының бірі екендігін атап көрсетуі орынды. Дегенмен оның оқу құралындағы *алыпсатар, еңбекақы, баспа табақ* сынды сөздерді терминдер қатарына қосуының негізі бар дей алмаймыз. Сондай-ақ, *«мыңның ішіндегі сандардың жазылуы», «екі белгілі сандарды көбейту»* деген сөйлемдер де математика термині бола алмаса керек. Сондай-ақ оның өзі алғысөз жазып отырған М.Дулатұлы шығармалары жинағының төртінші томында берілген «Есептану құралының» екі басылымынан да *бізқосынды, қосылғыш, көбейткіш, көбейтінді, бөлгіш, бөлінді, азайтынды* деген терминдерді кездестіре алмадық. Алғысөз авторы мүмкін оқу құралдарының басқа басылымдарынан алды ма, ол жағы айтылмайды. Сондай-ақ алғысөздегі «татар, мешер (башқұрт), т.б. мәдениеті өркендеген елдердің оқулығына қарап» деген жолдар біздің қызығушылығымызды оятып, назар аудартты. М.Дулатұлының терминжасам тәжірибесінен, кейбір терминдерді аударуынан орыс тіліндегі терминдер үлгісі (*бұрыштық, дөңгелек ондық, өспе сан* т.б.). аңғарылады. Ал татар, башқұрт тілдерінің

үлгісі бар деген ой ашылып, айтылып нақты тілдік деректермен дәйектеле түскенде орынды болар еді. Әрине, Серғазы Қалиұлы терминтанушы ғалым емес, ол М.Дулатұлының жасаған терминдерін арнайы зерттеп те отырған да жоқ. Соған қарамастан, оның М.Дулатұлының математика терминдерін жасаушы екендігін алғаш атап көрсетушілердің бірі екендігін айтқан жөн. Ол ұлт зиялысы шығармашылығының өзі байқаған бір ерекшелігін атап көрсетіп отыр. Ал біз М.Дулатұлының терминжасам тәжірибесіне арнайы тоқталып отырған тіл маманы, терминтанушы ретінде осы мәселеге қатысты айтылған әр тұжырымға мұқият назар аударуды міндет санағандықтан, С.Қалиұлының қысқаша пікірінің әр сөзіне мән беруге тырыстық.

Сонымен қорыта айтқанда, қазақтың көрнекті қаламгері, халқымыздың қайраткер ұлы Міржақып Дулатұлы ұлттық терминологиялық қорды қалыптастыруға айрықша атсалысып, математика пәнінің бастауыш мектеп оқулықтарынан бастап қолданылатын негізгі атауларын алғаш жасаған тіл жанашыры.

## II. 10. Қошке Кеменгерұлы және термин мәселесі

XX ғасырдың 20-жылдары қазақ тілінің түрлі мәселелерін сөз еткен, оның терминологиялық қорының қалыптасуына атсалысқан алаш қайраткерлерінің бірі – Қошке Кеменгерұлы. Ол өткен ғасыр басындағы ұлттық ағартушылық бағыттың көрнекті өкілі. Алған мамандығына келсек, ол алдымен 1913 жылы Омбыдағы ауыл шаруашылығы училищесінің ауыл шаруашылығы бөліміне түсіп, оны 1918 жылы аяқтаған. Одан кейін 1918 жылы Сібір ауыл шаруашылық және өндіріс институты ветеринария факультетінің медицина бөліміне оқуға түсіп, оны төртінші курсы бітірген соң 1924 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетіне ауысқан. Ташкентке ауысқаннан кейін ол газет-журнал жұмысына араласады, Орта Азия университетінде және Түркістан әскери училищесінде қазақ тілінен сабақ береді. Оның журналист, жазушы ретіндегі қызметі Омбыдағы ауыл шаруашылығы училищесіне түскен жылдардағы газет ісіне араласқаннан басталса, тілші ретінде қалыптасу кезеңі Ташкентте басталады. Ғалымның бүгінге дейінгі белгілі еңбектерінің ішіндегі тілге қатыстылары 1928 жылы Ташкентте, 1929 жылы Қызылордада жарық көрген екі кітаптан тұратын – «Жабыропалықтар үшін оқу құралы», Г.Архангельскийдің авторлығымен (Қ.Кеменгерұлының редакторлығымен), 1927 жылы жарық көрген Қ.Кеменгерұлының лекциялары негізінде дайындалған «Қазақ тілінің грамматикасы» және 1925 жылы Мәскеуде Қ.Кеменгерұлының басқаруымен жарияланған – «Орысша-қазақша тілмаш». Сондай-ақ оның мақалалары мен түрлі жиындарда сөйлеген сөздерінде де тіл мәселелеріне қатысты ойлар мен ұсыныс-пікірлер бар. Солардың бәрін жинақтап, алаш зиялысының лингвистикалық мұрасын жан-жақты қарастырудың маңызы зор. Әрине, тіл мамандары тарапынан ғалым мұрасы біршама зерттеле бастағанын да айту

керек. Бұл орайда О.Жұбаеваның 2002 жылы қорғалған «Қ.Кемеңгерұлының тілтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары» тақырыпты кандидаттық диссертациясын атау орынды. Біз бұл тұста өз тарапымыздан негізінен оның терминологияға қатысты ойлары мен еңбектерінде қолданған терминдері жөнінде ғана сөз қозғап отырмыз.

XX ғасыр басында жарық көрген еңбектердің бірі Қошке (Қошмұхаммед) Кемеңгерұлының басқаруымен басылған «Қазақша-орысша тілмаш» деп аталған сөздік. «Қазақша-орысша тілмашты» құрастырғандар: Қошке (Қошмұхаммед) Кемеңгерұлы, Мұстафа Бұралқиев, Есім Байтасов, Абдолла Байғасқин, Шәкір Баймаханов, Ғаббас Дәулетбеков, Сұлтан Темірбеков, Төлеутай Сәрсенбаев. Қ.Кемеңгерұлы тілмашты құрастырушылар қатарында болумен бірге, оның жалпы редакциясын да басқарған.

Қошке (Қошмұхаммед) Кемеңгерұлының шығармаларын құрастырып, алғысөзі мен түсініктемелерін жазған филология ғылымдарының кандидаты Рәзия Рүстембекова бұл сөздік жөнінде «құрастырушылар, Қошкеден басқасы, тілші де әдебиетші де емес. Бірақ аса қажетті істі атқаруға белсеніп кіріседі. Сөздік тіл дамыту тарихындағы тұңғыш құрал болғандықтан ғана емес, мазмұнымен де құнды рухани қазынамыздың қатарында»<sup>299</sup> – деп жазады.

«Қазақша-орысша тілмашқа» дейін де бірқатар еңбектердің жарық көргенін ескерсек, Р.Рүстембекованың тілмашты «тіл дамыту тарихындағы тұңғыш құрал» деген пікірімен келіспеушілердің табылары сөзсіз. Ал оның өзге келтірген мәліметтері де, сөздіктің мазмұны жөніндегі пікірі де орынды.

Сол кезеңде жаңадан жасалған көптеген терминдердің жалпы филологиялық сөздікке енгізілуі ондай терминдердің сала мамандарының шеңберімен шектеліп қалмай, қалың жұртшылықтың арасына тез тарап, санасына сіңіп, қалыптасып кетуіне септігін тигізді деп білеміз. Өйткені екі тілді аударма сөздікті жалпы жұртшылық жаппай пайдаланады.

Тілмаштың алғы сөзінде авторлар «В данное время, в связи с переводом научных книг, у нас сильно идет словообразование» деп жазады. XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары қазақ тілінің сөзжасам қабілеті артып, көптеген жаңа атаулардың қолданыла бастағаны бізге сол кезеңде жарық көрген әдебиеттер мен мерзімді басылымдар арқылы жақсы мәлім. Ұлттық ғылым тілін қалыптастыру мәселесі қолға алынып, ел зиялылары бұл іске үлкен мән беріп, олардың өздері тікелей атсалысып отырған кезеңде басқаша болуы да мүмкін емес еді. «Қазақша-орысша тілмашта» авторлардың өздері айтып отырған сол кезеңдегі жаңа жасалған атаулар көптеп қамтылған. Мысалы, **аласылы** (кредитор), **артыс** (нагрузка), **аударыс** (переворот), **бересілі** (должник), **бірік** (коллектив), **білдіргіш** (справочник), **үлдірік** (плёнка), **үнемші** (экономист), **ортақшыл** (коммунист), **ортақшылдық** (коммунизм), **кұрама** (федерация), **кұралық** (календарь), **сәрсендеме** (гимнастика), **заман хат** (мемуары), **делегей** (центробежный), **шендестіру** (антитеза), **шығарғыштық** (творчество), **дәуірлес** (современник), **әріптес** (соученик), **тартым** (конъюктура), **дерексіз**

даналық (метафизика), шама тілі (математика), тек мүше (элемент), жермай (керосин), жан жүйесі (психология), тіл қисыны (стилистика), әуез өнері (музыка), адамшылық (гуманность), тәжірибақана (лаборатория), тетік (механизм), тетік күш (механическая сила), тетік ғылымы (механика), жауапкер (ответчик), шаңдақтық (тычинка), зейіндеме (рассуждение), салт-сая (идеология), саудагершілік (коммерция), сылау (массаж), керкету (регресс), кездеме (мануфактура), кеңсешілдік (бюрократизм), келістік (гармония), мәжілісқат (протокол заседания), мұқам (жаргон), мұқыр (дезинфекция), алас (дезинфекция) т.б.

Тілмашты сүзіп шыққанда біз жиырмасыншы жылдары жасалған жоғарыдағы сынды терминдер мен жаңа қолданыстардың сөздікке молынан енгізілгенін аңғардық. Бұл сөздік авторларының жаңа атауларды тілмашқа көптепенгізуі—олардың алаш зиялыларының терминологияны қалыптастыруда ұстанған бағытын қолдайтындығын және сол атаулардың көпшілік санасына сіңіп, кең таралуына мүдделі болғандығын көрсетеді. Егер тілмаштың жалпы редакциясын басқарушы Қ.Кемеңгерұлы немесе өзге авторлар басқаша көзқараста болып, қазақ тілінде жасалып жатқан атаулардың лексикалық қордан орын алуын қаламаған болса, онда оларды сөздікке енгізбеген болар еді. Екінші жағынан, ондай атаулардың зиялылар мен жұртшылық тарапынан дұрыс қабылданып, баспасөзде, өзге де әдебиеттерде жаппай қолданыла бастауы да олардың сөздіктегі реестр сөздер қатарынан орын алуға себеп болғанын назардан тыс қалдыруға болмайды. Тілмаш авторлары алғысөзде бұл еңбектерін негізінен еуропалықтарға арнадық деп жазады. Жалпы сөздік типі жағынан терминологиялық немесе оқулық сөздік емес, жалпыға арналған екі тілді аударма сөздік. Сондықтан бұл сөздік түрін белгілі бір мамандық иелері ғана пайдаланып қоймайды, қалың жұртшылық қажетіне жарата алады. Сондай-ақ терминдік мағынада жұмсалған немесе қазақ тілінде жаңа жасалған термин сөздің орыс тіліндегі қай терминнің баламасы екендігін де анықтау мүмкіндігіне ие болады. Негізінен белгілі бір саланың мамандары көбірек пайдаланатын терминологиялық сөздік сияқты емес, екі тілді аударма сөздікке жұрт көбірек жүгінеді. Сол себептен де онда қамтылған жаңа терминдердің таралу аудиториясы кеңейе түседі. Міне бұл тұрғыдан келгенде, «Қазақша-орысша тілмаш» ХХ ғасыр басында жасалған қазақ терминдерінің көпшілікке таныла түсуіне белгілі дәрежеде ықпал еткен сөздік деуге толық негіз бар. Әрине, бұл сөздікке енген терминдер мен жаңа сөздердің бәрі бірдей тілде орнығып қала алмайды. Оған жоғарыда келтірілген мысалдағы атаулар дәлел. Бірақ оның себебін ондай атаулардың сәтсіз жасалғандығынан немесе сөздік авторларының жаңа сөздер мен терминдерді талғамсыз енгізе бергенінен деп түсінуге болмайды. Олай болуының басты себебі – сол жиырмасыншы жылдардың соңына, отызыншы жылдардың басына қарай ұлт тілінде термин жасауда алаш зиялылары ұстанған бағыттың өзгертіліп, терминологияны қалыптастырудың басқа арнаға бұрылуы. Терминологияның халықаралық сипатын арттыру, советтік терминологиялық қор қалыптастыру бағытының

белгіленуі алаш оқығандарының қаламынан туындаған көптеген терминдердің қолданыстан шеттетілуіне негіз болды. Соның салдарынан көптеген ұтымды жасалған атаулар лексикалық қорымыздан орын ала алмады. Керісінше, өміршеңдік танытып, терминқорымызды толықтырғандары да аз емес. Олардың қатарына осы сөздікте қамтылған мынадай атауларды жатқызуға болады:

**Әдістеме** – методика, **әкім** – администратор, **власть**, **әкімдік** – административность, **зиялы** – интеллигент, **мінездеме** – характеристика, **отаршыл** – колонизатор, **отаршылдық** – колонизаторство, **сарап** – экспертиза, **сарапшы** – эксперт, **тозаң** – пыль, **үндестік** – сингармонизм, **отаншыл** – патриот, **отаншылдық** – патриотизм, **дәріс** – лекция, урок, **салым** – вклад, **сөгіс** – выговор, **сезікті** – подозрительный (подозреваемый. юр.), **сұйықтық** – жидкость, **құқық** – право, **ұйым** – организация, **етістік** – глагол, **етіс** – залог, **балама** (эквивалент), **бақылаушы** (наблюдатель) т.б.

Бұл терминдердің едәуір бөлігі тілдік қолданысқа бірден еніп кетсе, ал кезінде заман ағымына байланысты шеттетілген *әдістеме, әкім, әкімдік, зиялы, сарап, сарапшы, отаншыл, отаншылдық, дәріс, салым, құқық* сынды бірқатарын кейінгі кезеңде 90-жылдардан бастап қайта қажетімізге жарата бастадық. 20-жылдарда жарық көрген әдебиеттерден, газет-журналдардан және осы сөздіктен алынған бұл атаулар қазір кеңінен қолданыс тауып отыр. Сөздіктен сұрыптап алып, қолдануға болатын сәтті баламаларды әлі де кездестіруге болады. Айталық, **ауғын** (переселенец), **аужай** (положение), **тауал** (энергия), **тамтық** (остаток), **сіңім** (питательность), **ыспар** (практик) сынды бірқатар атауларды дәл сөздіктегідей мағынада болмаса да, мағынасын жаңғыртып, осыған жуық мағынадағы баламасы табылмай жүрген кейбір кірме атаулардың орнына қолдануға болады.

Өзге тілдегі атаулардың барлығына бірдей дәл балама табу оңай іс емес екендігі белгілі. Ұлт тіліндегі термин шығармашылығының алғашқы кезеңдерінде кейбір ұғым атауларына балама таппаған жағдайда оларды сипаттай аудару, бір сөздің мағынасын екі немесе одан да көп сөз арқылы беру жиі байқалатын құбылыс болды. Тіпті қазіргі уақытта да ондай сипаттама түріндегі аудармаларды кездестіру қиын емес. «Қазақша-орысша тілмашта» **ұшқыш машина** (аэроплан), **қызметкер саны** (штат), **көрікті жер** (ландшафт), **жырық саға** (дельта), **от тау** (вулкан), **дарынды сөз** (поэзия), **әлем-тапырақ** (хаос), **әдемілік пәні** (эстетика), **әдіс ғылымы** (технология), **бет алыс** (тенденция), **тұрпат үлгі** (модель), **қару құрал** (вооружение) сияқты сипаттай аударған атаулар біршама. Жат тілдік атаудың қандай ұғымды білдіретіндігін түсіндіру, олардың мағыналарын жалпы сипаттап болса да қазақ тілді қауымға ұғындыру маңызды болған кезең үшін бұл да қажет еді. Алайда еуропалықтар мен славяндарға олардың тілдеріндегі атаулардың қазақша баламасы мынау деп беру тіл үйренушілерге қиындық туғызатындығын да жоққа шығаруға болмайды.

Ал кірме терминдерді жазу, оларды қазақ тіліне қабылдау мәселесіне

келгенде, сөздік авторлары ХХ ғасыр басындағы алаш зиялылары ұстанған қағидатты басшылыққа алған. Тілмашта қазақша баламасы табылмаған атаулардың барлығы дерлік ұлт тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес өзгертілген нұсқасында беріледі. Оған сөздіктегі мына төмендегі сынды атаулар айқын дәлел болады. Мысалы, **әгент** (*агент*), **әктіп** (*актив*), **әлжебір** (*алгебра*), **бағызал** (*вокзал*), **бексіл** (*вескель*), **декірет**, **мәшине**, **мәшинеші**, **мәгнет** (*магнит*), **панар** (*фонарь*), **жағрапия** (*география*), **жанарал** (*генерал*), **жантар** (*янтарь*), **зауыт** (*завод*), **сыйпыр** (*цифра*), **кәссі** (*касса*), **көлексие** (*коллекция*), **күріс** (*курс*), **кемесие** (*комиссия*), **кібитансие** (*квитанция*), **кимие** (*химия*), **мекрүп** (*микроб*), **натарыс** (*нотариус*), **өктебір** (*октябрь*), **үйез** (*уезд*), **енженер** (*инженер*), **бартал** (*квартал*) т.б.

Терминдердің емлесі мәселесінде осы тілмаш жарық көрген 1925 жылдары да одан кейінірек те Қ.Кемеңгерұлының ұстанымының айқын болғанын көрсететін деректер кездеседі. 1929 жылғы маусымның 2-4 аралығында Қызылорда қаласында орфография мәселелеріне арналып өткен ғылыми конференцияда сөйлеген сөзінде Қошқе Кемеңгерұлы кірме терминдердің емлесі туралы ұсыныстарын ортаға салды. Орысша сөйлеген сөзінде ол өз ойын былай деп түйіндейді. «Тепер вопрос об орфографировании иностранных терминов... Если мы в основу орфографии казакских слов кладем фонетический принцип, за некоторым исключением, то, мне кажется, излишне поднимать вопрос об орфографировании иностранных слов по морфологическому принципу». Ғалым кірме терминдерді жазуда фонетикалық қағидатты басшылыққа алуды дұрыс деп санайды. Тілмашқа енгізілген кірме терминдер де осы қағидатқа бағындырылып жазылған. Қ.Кемеңгерұлының осы конференцияда сөйлеген сөзіндегі орыс тілінің кірме терминдерді қабылдау тарихын мысалға келтіруі де назар аудартады. Ол екі тілдің термин қабылдауын салыстыра баяндайды. «У русских вводились термины не революционно, а эволюционно, в течение веков, даже сохраняя влияние греческое, церковно-славянское, затем влияние Западной Европы. В течение трех с половиной столетий получилось освоение терминов русской письменностью. Мы вынуждены вводить громадное количество терминов в течение 5-10 лет»<sup>300</sup>.

Ол қазақ тілінің мындаған терминдерді қысқа мерзімде қабылдауға мәжбүр екендігін айта отырып, одан әрі оларды қабылдау кезінде морфологиялық құрылымына назар аудару керектігін алға тартады. Бұдан ғалымның кірме терминдерді де төл сөздеріміз сынды фонетикалық қағидатқа негіздеп жазғанмен, олардың түпнұсқа тілдегі қалпын анықтауда морфологиялық қағидатқа сүйенуді қолдағанын көруге болады.

Қ.Кемеңгерұлының редакторлығымен жарық көрген «Қазақша-орысша тілмаш» қазақтың лексикография тарихында өзіндік орны бар сөздік болумен қатар, ХХ ғасыр басындағы ұлт тіліндегі термин шығармашылығынан көрініс беретін, терминжасам үрдісінен хабардар ететін және кезінде жаңадан

300 Стенографический отчет научно-орфографической конференции, созданной 2-4 июля 1929 г., Научно-методическим Советом НКП и ЦКНТА. – Алматы, 1930.



жасалған терминдердің қалыптасуына белгілі дәрежеде ықпал еткен еңбек. Әр кезеңде бұл сөздік жөнінде заман ағымына сай айтылған пікірлер мен сындар да болды. Отызыншы жылдары оның құндылығын мүлде жоққа шығарғысы келген сыңаржақ сындар айтылса, тәуелсіздігімізді жариялағаннан кейінгі жылдары алаш мұрасына көңіл бөліне бастаған жылдарда негізі берік дәлелді тұжырымдар жасаушылармен қатар кейде ғылыми нақтылықтан гөрі үстірт пайымдаулар мен жалпы дәріптеулерге жол берген пікір айтушылар да кездесіп жатады. Алаш мұрасына адал болу, оны зерттеуге үлкен жауапкершілікпен қарау бүгінгі ұрпақ парызы екендігі даусыз. Сондықтан құрғақ дәріптеуге ұрынбай, сол кезеңде жарияланған еңбектердің жетістіктері мен кемшіліктерін ашық көрсетіп, оларды кәсіби біліктілікпен талдап, ғылыми құндылығын анықтай отырып ұрпақ қажетіне жарату міндет.

30-жылдары М.Қайыпназарұлы «Социалды Қазағыстан» газетінде жарық көрген «Қазақ тілін өркендетуге басшылық күшейтілсін» деген мақаласында «Оқу кемесеретінің термин кемесиесінде алашшыл оқығандардың ықпалы күшті болып тұрған кезде Кеменгер ұлының басқаруымен бір сөздік (сылобар) шыққан; ол жалпы алғанда ұлтшылдық бағытында болды; білім жағынан толымды бола алмады»<sup>301</sup> деп жазды.

Сөздіктің алашшыл оқығандардың ықпалы күшті болып тұрған кезеңде жарық көргені рас. Алайда бұл сөздікті М.Қайыпназарұлы айтқандай, «білім жағынан толымды бола алмады» деу негізсіз. Дәлірек айтқанда, сын айтушының қандай толымсыздық туралы айтып отырғаны түсініксіз. Пікірін дәлелдеп, нақты мысалдар келтірмейді. Ал «ұлтшылдық бағытында болды» дегені, бұрын аударылмай алынып жүрген терминдердің аударылуы, сөздікке қазақша жасалған терминдердің көптеп енгізілуі болса керек. Қазақтың ұлттық терминологиясын қалыптастыру, ұлттың өз тілінде жаңа терминдер жасауы ұлтшылдық белгісі емес, бұл тіршілік етіп жатқан тірі тілдерге тән табиғи үрдіс. Сәтсіз жасалған, ғылыми ұғымның мазмұнын қамти алмайтын терминдер болса, оларды нақты көрсетіп, ондай атаулардың кемшіліктерін айқындап берсе, ондай сынның пайдасы болар еді.

Ал 1926 жылы «Оқушы» деген бүркеншік атпен жарық көрген шағын пікірде сөздіктің қажеттілігі, кейбір сөздердің берілуі мен аудармаларының дәл еместігі орынды атап көрсетілген. Мәселен, пікір білдірушінің мына келтірген деректері көңілге қонады. «Әр жерінен ақтарып қарағанымызда, бұл тілмаштың кемшілігі де аз еместігі көрінеді. Мәселен, *аюланбақ* – *медвежиться*, *шешелемек* – *называть матерью*, *әтештенбек* – *петушиться* деген сықылды. Кей сөздерге берген мағаналары қазақша да емес, жатық та емес, түсінікті де емес. Мәселен: *тауқымет* – *насилие*, *ғадауат* – *вражда*, *саранжам* – *порядок*, *шапагатшы* – *заступник*, *соламай* – *все, что есть*, *тоңғармақ* – *опрокинуть*, *тазданбақ* – *плешиветь*, *ақыланбақ* – *отказываться от оказания другому бесплатных услуг*, *ғарық болмақ* – *утонуть*.

301 *Қайыпназарұлы М.* Қазақ тілін өркендетуге басшылық күшейтілсін// «Социалды Қазағыстан». 10 қазан 1932. № 232.



Мұндай қолайсыз сөздер бірен-саран теріс мағаналар табыла беретін көрінеді. Бұл кемшіліктер екінші басылымда түзетілуі керек»<sup>302</sup>

«Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 24 қарашадағы санында «оқушы» деген бүркеншік атпен жазылған автор пікіріне Қ.Кемеңгерұлы жауап береді. «Қазақша-орысша тілмаш» туралы түсініс» деп аталған бұл жауабында сөздік редакторы 400-дей сөздің баспадан қате терілгенін, *аюланбақ*, *шешелемек*, *әтеіштенбек* сөздерінің еуропалықтар үшін қажетті екенін және *тауқымет*, *ғадауат*, *саранжам*, *соламай*, *тазданбақ*, *ақыланбақ* сынды өзге де сөздердің қай авторлардан, қандай кітаптардан алынғанын көрсетеді. Сөздік редакторы өз ұстанымдарын дұрыс деп санайды. Сыни пікір айтушының ешбір ұсынысын қабылдай алмайтынын айтады.

Тілмашқа *тауқымет*, *ғадауат*, *саранжам*, *шапағатшы* сынды тілімізде қолданыс тауып жүрген сөздердің енгізілуі де, оған қатысты жазылған «оқушының» пікіріне Қ.Кемеңгерұлының дау айтуы да өте орынды. Ал енді *аюланбақ*, *шешелемек*, *әтеіштенбек* сынды сөздердің берілуіне қатысты «оқушы» пікіріне құлақ асу керек еді деп білеміз. Өйткені бұл үлгідегі сөздерді реестр ретінде бермей, түбірін және қандай қосымшалар арқылы мағына туындап тұрғаны көрсетілгені немесе қимыл атауы түрінде берілгені ұтымдырақ болар еді.

«Қазақша-орысша тілмаш» туралы өзге де айтылған пікірлер бар. Мәселен, «Ақ жол» газетінің № 431 санында «Тілмаш жайынан» деген мақала жарияланған. Сондай-ақ кейінгі кезеңде де бұл сөздік жөнінде тілші, әдебиетші ғалымдар тарапынан сөз қозғаушылар болды. О.Жұбаева, Р.Рүстембекова, Н.Кемеңгеров, Д.Қамзабекұлы сынды авторлардың бірі бұл сөздікті ХХ ғасыр басындағы қазақ лексикографиялық мұрасы ретінде лингвистикалық тұрғыдан арнайы қарастырса, екіншілері оны қайта бастырып шығарып, алғысөзін, түсініктерін жазды. Ал біз оны терминологиялық сөздік болмаса да ХХ ғасыр басындағы терминжасам үрдісі жөнінде мол мәлімет беретін сөздік ретінде қарастырдық.

ХХ ғасыр басында еңбек еткен алаш зиялылары сынды Қ.Кемеңгерұлы да ұлт тілінде термин жасауға, өзге тілдегі атауларды қазақшаға аударуға ерекше мән берген. Оның бұл ұстанымына берік болғанын ісінен де сөзінен де көруге болады. «Терминдерді алу туралы кейбіреу басқа елдер қалай атаса, қазақшаға айналдырмай-ақ, біз де солай атайық десті. Бұл – тіпті адасқан пікір. Күйіміз келсе, сөзіміз жетсе, қазақшаландырып алуымыз керек. Мәселен, «геометрия»-ны қазаққа *геуметрие* десек, көзіне түк елестемейді. Ал «пішіндеме» десек, қазаққа таныс, елестейді. Сондықтан терминді қазақша алуға дауласуда мән жоқ»<sup>303</sup>.

Ғалымның осы пікірінен оның кірме терминдерді қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес өзгертіп қабылдаудан гөрі, қазақша термин жасауға баса мән бергенін көруге болады. Кірме терминдерді сол қалпында өзгертпей,

302 Оқушы. «Еңбекші қазақ», 1926 жылғы 12 қазан, № 225 (662).

303 Кемеңгерұлы Қошкениң сөзі. Әріп мәселесі туралы айтыс. //«Еңбекші қазақ», 19 маусым 1927 жыл.

қазақшаға аудармай алуды ол «адасқандық» деп санайды. Олай істеуге барынша қарсы. Ғалым сонау өткен ғасыр басында «терминді қазақша алуға дауласуда мән жоқ» деген тұжырым жасаса, бүгін «терминді қазақшалап әуре болудың мәні жоқ» дейтін пікірді қолдаушылар аз емес. Біз кеңестік дәуірдің 30-жылдардан бергі 60-70 жылында қазақ тіл білімі дамуының, оның терминологиялық қорын қалыптастырудың бастауында тұрған Қ.Кемеңгерұлы сынды алаш зиялыларының осы ұстанымдарын ескермей, олардың пікірлеріне құлақ асып, термин шығармашылығында олар басшылыққа алған қағидаттарға тиісті дәрежеде назар аударма алмай келдік. Олардың ұстанымдары 30-жылдардың бас кезінде қатаң сынға алынса, кейіннен мүлде ұмыт қалып, ғылыми айналымнан шығып қалғандай. Сол себептен де қазақ терминологиясының ұлттық сипатын әлсіретіп алдық. Алаш мұрасына, олардың ұлттық ғылым тілін дамытуда ұстанған бағытына, басшылыққа алған терминжасам қағидаттарына қайта жүгініп жатуымыз кездейсоқтық емес. Бұл қажеттіліктен туындап отырған әрекет. Өткенімізді парықтап алмай тұрып, алға қадам басуымыз қиын.

Жоғарыда келтірілген пікірінде Қ.Кемеңгерұлы *геуметрие* десек, қазақтың «көзіне түк елестемейді» депті. Бұл бір қарағанда аса көңіл аударуды қажет етпейтін сөз сияқты болып көрінуі мүмкін. Шындығында олай емес. Керісінше, ғалымның осы пікірі айрықша назар аударуды қажет етеді. Терминологияда «термин мағынасының ұғынықтылығы» (прозрачность значения термина) деген ұғым бар. Кеңес ғалымдарының өзі бұл мәселеге кейіннен 70-80 жылдары ғана ден қойды. Қ.Кемеңгерұлының жиырмасыншы жылдары-ақ ұлт тілін тұтынушыға терминнің белгілейтін ұғымы жөнінде ашық мәлімет беріп тұруы керек деуі айрықша құнды пікір. Алаш зиялыларының лингвистикалық мұрасына тереңірек үңілген сайын мұндай ғылыми құндылығын жоймаған тұжырымдарды әлі кездестіре беретіндігімізге күмән келтіре алмаймыз.

Қошкелі мұрасын зерттеуші О.Жұбаева «Мұрағат деректеріне зер салсақ, Қ.Кемеңгерұлы жаратылыстану, химия пәндері бойынша оқулықтарды қазақ тіліне аударғанынан хабардар боламыз. Сонымен қатар мұрағат қорында Қ.Кемеңгерұлының 1925 жылдың 16 қарашасында «Ауылшаруашылық ғылымы» атты кітапты аударуға келісім беретіні жайында хаты сақталған»<sup>304</sup> деп көрсетеді. Ғалымның осы аталған және өзге де аудармалары мен «Орысша-қазақша сөздігі» табылып жатса, оның қаламынан туындаған көптеген терминдерін де анықтаудың, оның терминжасам, аударма тәжірибесінің ерекшеліктерін көрсетудің де мүмкіндігі туындары сөзсіз. Сондықтан тілші-ғалымдардың, Қошкетанушылардың бұл бағыттағы ізденістері әлі де жалғаса беруге тиіс.

304 Жұбаева О. Алғы сөз//Қошкелі Кемеңгерұлы. Үш томдық шығармалар жинағы. –Алматы, 2006. -9 б.

### III ТАРАУ

## 20-ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОГРАФИЯСЫ

### III .1. Термин, терминология мәселелерінің мерзімді баспасөз беттерінде сөз болуы

Қазақтың ғылым тілінің, терминологиясының қалыптасу тарихында XX ғасыр басындағы жарық көрген мақалалардың, оқу құралдарының, сөздіктердің алатын орны айрықша. Бұл кезеңде терминологияны қалыптастыру ісімен қазақ тіл білімінің негізін қалаушы аса көрнекті ғалым А. Байтұрсынұлы және онымен замандас, мұраттас алаш оқығандары айналысқандығы белгілі. Бұл кезең оныншы жылдардан басталғанымен алаш зиялыларының қарқынды жұмыс істеген уақыты 1920 жыл мен 1930 жылға дейінге он жылдай уақытты қамтиды. Соңғы он-он бес жыл көлемінде Алаш зиялыларының шығармалар жинағы жарық көрді. Сол кезеңде жарық көрген терминдер сөздігі мен зерттеу еңбектері қайта басылып шықты. Олардың қатарына «Пән сөздері», «Орысша-қазақша әскерлік атаулары», «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі», Н. Төреқұлұлының «Жат сөздер туралы» сияқты еңбектерді қосуға болады. Кезең келбетін айқындау бағытында жүргізілген ізденістеріміз де жоқ емес. Бұл кезеңнің ерекшелігі, Ахаңның терминологияны қалыптастырудағы рөлі туралы бірқатар мақалалар жарық көргенімен, жүйелі жазылған, терең лингвистикалық талдау жасалған осы кезеңнің толық сипатын ашып көрсететін іргелі ғылыми еңбек әлі жариялана қойған жоқ. Ондай іргелі еңбек осы кезеңде жазылған ірілі-ұсақты еңбектерді, мақалаларды, сөздіктерді жинақтап, оларды ғылыми сараптау арқылы жазылары сөзсіз. Біздің жиырмамыншы жылдары жарық көрген бірқатар еңбектерді қайта бастырып шығарып, сол жылдары жарық көрген мақалалардың жинағын құрастырудағы басты мақсатымыз – алаш зиялыларының қазақ терминологиясын дамыту бағытында атқарған істерін, жұртшылыққа таныстыра отырып, олардың қалдырған мұрасы арқылы сол кезеңнің тұтас келбетін айқындау болатын. Олай дейтініміз, кеңестік дәуірдің 30-жылдардан кейінгі жетпіс жылға жуық тарихында терминология дамуының бұл кезеңіне, алаш зиялыларының атқарған істеріне, ұстанған бағыттарына тек теріс баға беріліп келді. Оларды негізсіз қаралау, кінәсіз айыптау орын алды. Алашшылдардың тілді, оның терминологиясын дамытуда ұстанған жолы көпұлтты кеңес одағының жүргізіп отырған тіл саясатына жасалған қарсылық, кертартпа бағыт деп танылды. Буржуазиялық, ұлтшылдық, пантүркішілдік, пуристік бағыттың тамырына балта шабу қажет деген ғылыми негізі жоқ жалаң ұраншылдық, әсіре белсенділік жаппай белең алды. Ол – кеңестік саяси-идеологияға негізделген сыңаржақтық, қазақ зиялыларының атқарған істерін бір жақты бағалау еді. Ал шын негізінде

қазақтың ғылым тілінің, терминологиясының дамуына Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялылары өздері осы істің басында болған 10-15 жыл көлемінде өлшеусіз үлес қосты. Олар қазақ терминологиясының даму бағытын, ғылыми қағидаттарын белгіледі, ұлттық терминқордың негізін қалыптастырды, ұлт тіліндегі терминжасам үлгісін көрсетті және термин шығармашылығының тәжірибесін қолға алып, бұл істе нақты нәтижелерге қол жеткізді.

Сондықтан да негізсіз бұрмаланған тарихи шындықты қалпына келтіріп, олардың ұлт тілін дамыту мен оның терминқорын қалыптастыруда атқарған істеріне әділ бағасын беру өз алдына, біздің осы саладағы ісіміздің ілгері басуы үшін олардан үйренетініміз де аз емес. Мұндай мақсатымызға біз алаштың тілдік мұрасын жинақтап, оларды жан-жақты зерттеу арқылы ғана қол жеткізе аларымыз анық.

Бұл кезеңде терминологияны дамыту стихиялы түрде жүзеге асқан жоқ. Қазақ зиялылары ұлттық терминқор қалыптастырудың басты қағидаттарын талқыға сала отырып, ресми бекітті. Білімпаздар сиезінің арнайы қаулысын шығарды. Өз жұмыстарын жүргізуде сол қағидаттарды басшылыққа алды. Алаш зиялыларын айыптаушылар олар пуристік бағыт ұстанды деген кінә тағады. Сол кінәлаушылар алаш зиялылары әлем тілдеріне кең тараған халықаралық терминдерді өз тіліміздің заңдылықтарына сәйкестендіріп қабылдауды өздері жасаған қағидаттарының бірі ретінде белгілегенін көргісі де, айтқысы да келмеді. Түркі тілдеріне жататын қазақ тілінің өзімен түбі бір туысқан тілдерінен сөз алуын, осы тілдер арасындағы терминалмасуды да кері кеткендік деп санаушылар болды. Қазақ зиялыларының туыстас тілдер арасында терминалмасым болуы қажет деген ұстанымдарын кеңесшіл ғалымдар мен қызыл белсенділер олардың кемшілігі ретінде көрсетті. Алаш зиялыларының ғылым тілін, терминологияны қалыптастыруда ұстанған қағидаттары о бастан-ақ кеңестік тіл саясатын жүзеге асырушыларға ұнай қойған жоқ. Бірақ соған қарамастан, Ахаң бастаған қазақ зиялыларының ел ішіндегі зор беделі мен оларға деген сенімнің арқасында кең қолдау тапты. Сондықтан да олардың айналасы он шақты жылдың ішінде атқарған істері нәтижелі, жемісті болды. Олар көптеген салалық терминдерді жасап, қолданысқа енгізіп, қалыптастырып кетті. Ең бастысы олар қызмет еткен кезеңде қазақ терминологиясын дамытудың ұлт тілінің мүддесіне, төл заңдылықтарына негізделген қағидаттары белгіленді, ұлттық терминқордың негізі қалана бастады. Әрине, алаш зиялыларының атқарған істерінің нәтижелі болуын олардың кәсіби біліктілігі мен өз ісіне деген жауапкершілігімен, ұлт тіліне деген зор құрметі мен жалпы елге деген адал қызметімен байланыстырған жөн. Елге қалтқысыз қызмет етудің үлгісін іздесек, алаш зиялыларына көп жүгінетініміз де сондықтан болса керек.

Тілші-ғалымдардың, терминология тарихын зерттеушілердің, терминтанушылар мен терминографтардың, терминологиялық сөздік түзушілердің, қазір сонау 20-жылдары басылған мақалалар мен түрлі еңбектерді табу оңайға түспейді. Олар сирек қолжазбалар мен кітаптар,

басылымдар қорына еніп, саны әбден сиреп көпшіліктің қолы жете бермейтін дүниеге айналған. Оларды тауып пайдалану зерттеушілердің, ізденушілердің, болашақ филолог мамандардың көп уақытын алады. XX ғасыр басындағы терминологияға қатысты еңбектерді жинақтап, ғылыми қауым мен филологтардың зерттеуіне, студенттердің пайдалануына қолайлы болу үшін біз «Терминология мәселелері» 2006 жылы жинақ түрінде жариялаған едік. Аталған жинаққа А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, Е.Омарұлы, С.Қожанұлы, Н.Төрекұлұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы, Т.Шонанұлы, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан сынды қазақ зиялыларының сол жылдар басылымдарындағы жарық көрген мақалалары, ұсыныс-пікірлері, сын-ескертпелері енді. «Еңбекші қазақ», «Ақ жол», «Советская степь» сияқты мерзімді басылымдардан жинақталған ондай жарияланымдардан дәл сол кезеңдегі термин қалыптастыру, терминологияның даму бағытын айқындаудағы қазақ зиялыларының ұстанған қағидаттарын, терминжасам тәжірибелерін көруге болады. Қазақ терминологиясының XX ғасыр басындағы дамуын, оның сол кезеңге тән ерекшелігін, негізгі сипатын анықтау – ғылым тарихы үшін ғана емес, ғылым тілі мен терминологияны дамытудың ертеңі үшін де аса қажет. Бұл тұрғыдан келгенде, жинақтың практикалық тиімділігі, осы кезең қызықтыратын мүдделі қауымға нақты көмегі болады деп білеміз. Сондай-ақ аталған жинақты жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттеріне терминология бойынша жүргізілетін курстарға қосымша құрал, хрестоматия ретінде де пайдалануға болады. Біздің осы зерттеу еңбегіміз арқылы алаш зиялыларының, жалпы 30- жылдарға дейін жарық көрген термин, терминология жөніндегі мақалалардың әрқайсысына жеке тоқталып, бәрін бірдей қамтып, олардың мазмұнымен ғылыми қауымды таныстыруға мүмкіндігі жете бермейді. Сол себепті, сол жылдар жарияланымдарымен танысқысы келетін қауым қажетіне жаратар деген мақсатпен жоғарыда аталған жинақ туралы сөз арасында мәлімет беріп отырмыз.

Жиырмасыншы жылдар басылымдарында «Қыр баласы», «Мадияр», «Сен», «Түпте», «Оқытушы», «Таймінер», «Токпақ» сияқты бүркеншік аттармен жазған мақалалар да бар. Бұл мақалалардағы бүркеншік аттар сол кездегі пікірді ашық білдіру мүмкіндігі болмаған, қудалау, жеке көзқарасы үшін айыптау қарқын алып тұрған кездің бір ғана көрінісі. Сондай-ақ бүркеншік есімдердің басқа да себептермен пайдаланылатыны мәлім. Мақалалар соңында көрсетілген бүркеншік есімдердің арасында «Қыр баласы» – Әлихан Бөкейхан, «Мадияр», «Таймінер» – Міржақып Дулатұлы, «Токпақ» – Сұлтанбек Қожанұлы, сынды «құпиясы ашылған» жұртшылыққа танымалдары болуымен бірге, «Сен», «Түпте», «Оқытушы», сияқты аз ұшырасатын «Бүркеншік есімдер» сырын ашқан зерттеушілер еңбектерінде кездесе бермейтіндері де бар.

Жоғарыда аталғандай авторлардың өз аты-жөндерін ашық көрсетпеуіне негізінен сол тұстағы саяси ахуал себеп болғанымен, сын мақалалары үшін жеке бастың араздығын тудырмау мақсатын көздеу және өзге де объективті-субъективті себептердің болғандығын айту керек. 20-жылдар баспасөзінде

бүркеншік есіммен жарияланған мақалалардың жиірек жариялануы да сол кезеңнің өзіндік келбетін байқататын құбылыстардың бірі.

Баспасөз беттерінде жарияланған ондай мақалаларда негізінен жарық көрген терминологиялық сөздіктердегі терминдердің мағынасы, орыс тіліндегі терминдердің аударылуы, терминдердің қолданысы, жарыспалылығы, бірізділіктің сақталмауы сияқты мәселелер төңірегінде көбірек сөз болып отырған. Жекелеген терминдердің аударылуына қатысты ұсыныстар айтылып, өз баламаларын ұсынушы белсенді авторлар да аз болмаған. Термин сөздің жасалу сапасына, мағынаны дәл беру тәрізді қасиеттерімен қатар мәселеге саяси астар беру алдыңғы қатарға шығып кетіп отырған жағдайлар да ұшырасып отырады. Мәселен, орыс тіліндегі «ура» сөзінің «алаш» деп аударылуы жөніндегі Ахмет Байтұрсынұлы мен Сәбит Мұқановтың мақалалары, «интернационалдың» – «бейбауырмал» деп аударылуы туралы С.Сейфуллиннің және өзге де авторлардың мақалалары соған дәлел болады.

Жалпы алғанда 20-жылдары баспасөз бетінде термин мәселесі жиі сөз болып отырды. Оның басты себебі, қазақ тіліндегі термин шығармашылығы қарқынды жүргізіліп, олар іріктелу сатысынан өтіп, қалыптасу кезеңі жүріп жатқандықтан деп білеміз. Терминдердің тілдегі қолданысы жаңа орныға бастаған мерзімде олардың мағынасы мен тұлғасына қатысты түрлі пікір-ұсыныстардың айтылуы да табиғи құбылыс болуға тиіс. Ондай пікірлер сол дәуірдің мерзімді баспасөзінде көрініс тапқандықтан, 20-жылдар баспасөзінің термин қалыптастырудағы рөлін де ескерусіз қалдыруға болмайды.

Бұл кезеңде термин жайын сөз еткен түрлі мақалалармен қатар алғашқы терминологиялық сөздіктер мен терминдер жинақтары да жарық көрді. Қазақ терминографиясы дамуының бастаулары, терминологиялық сөздік жасаудың алғашқы тәжірибелері болып саналатын ондай еңбектерге арнайы тоқталудың маңызы зор. Сол себепті төменде негізінен 20-жылдары жарық көрген сөздіктер жайы сөз болады.

### **III.2.20-жылдардағы терминологиялық сөздіктер жасау тәжірибесі**

Қазақ терминологиясы дамуының әр кезеңінде жарық көрген терминологиялық сөздіктерді лингвистикалық сараптан өткізіп, олардың жетістіктері мен кемшіліктерін айқындау арқылы терминқорымыздың қалыптасуының дәуірлік сипатын көрсетумен бірге, қазіргі терминжасам тәжірибемізде өткеніміздің ұтымды жақтарын пайдаланып, сәтсіздіктерін қайталамауға мүмкіндіктер туындайды.

Сөз болып отырған кезеңде «Орысша-қазақша әскерлік атаулары»( 1926), «Пән сөздері» (1927), «Атаулар сөздігі»(1931) сынды сөздіктер жарық көрді. Төменде осы сөздіктердің әрқайсына жеке-жеке тоқталып, олардың өзіндік ерекшеліктері туралы сөз етпекпіз.

### III.2.1. «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» – қазақ тіліндегі әскери терминологияны жүйелеудің алғашқы ізденістер нәтижесі

Қазақ терминологиясы дамуының Ахмет Байтұрсынұлы кезеңінде жарық көрген еңбектердің бірі – «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» (Русско-казацкая военная терминология) деп аталған терминологиялық сөздік.

Сөздікті білім кеңесінің ұйғарымына сәйкес атау комиссиясы дайындаған. Аудармашысы – А.Үмбетбайұлы. Сөздік 1926 жылы 5000 дана таралыммен Қызылорда қаласында басылып шыққан. Сөздік соңында сол кездегі Қазақ білім комиссиясының төрағасы Ахмет Байтұрсынұлы мен комиссия хатшысы Ғаббас Нұрымұлының бұл сөздікке енген атаулар туралы 1926 жылдың 12 маусымында берген анықтамасы бар. Онда былай деп көрсетілген: «Бұл атаулар қазақ білім кемесіесінің 1925-інші жылғы октәбірден 1926-ыншы жылғы үйенге шейін болған міжілістерінде тексеріліп осы күйінде қабыл алынды.»

Сонымен бұл басылым ХХ ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлының өзі төрағалық еткен комиссияның ресми бекіткен терминологиялық сөздіктерінің бірі.

Осы кезеңде жарық көрген алғашқы терминологиялық сөздіктер сияқты «әскерлік атаулары» да алаш зиялыларының термин жасау, өзге тілдерден термин қабылдау және оларды жазу қағидаттарын басшылыққа ала отырып жасалған. Терминологиялық сөздік жасаушылардың ең алдымен қазақ тілінде бар атауларды барынша пайдаға жаратып, оларға арнайы мағына жүктеумен бірге ұлт тілінің сөзжасам тәсілдері арқылы жаңа атаулар жасауды мақсат еткені аңғарылады. Мысалы, *айдаушы (досылатель), аламан (партизан), ертелі (допризывник), қашақ (дезиртир), қыстырық (задвижка), кідіріс (задержка), қысқы (зажим), лап (залп), иықтық (запечник), кемешік (катер), тайғанақ (каток), көздем (кругозор), сүңгір (подводная лодка), орағытпа (маневр), орағыту (маневрирование), пидагер (волонтер, доброволец), кемеші (матрос), қап-төсек (матрац), мүйет (буфер), тетік (механизм), тетікші (механик), тіреуіш (кранштейн), оқ шаашар (огнемет), қалтқы (парашют), қорғандық (гарнизон), оқтық (патроник), айқыш (перекрестный), далағай (плац), далаңқай (площадка), орағым (вольт), өтім (пропуск), тимеушілік (неприкосновенность), ұшар (самолет), шапқын (атака), шиыр, серіппе (пружина), ширатқы (гимнастика), шотанақ ( багор), үстеме (надбавка), іркін (илюз) сияқты көптеген ресми қабылданған атаулардың сөздікке енгізілуі соның айқын дәлелі бола алады.*

Әскерлік атаулар сөздігін жасаушылар әскери құрылымдардың атаулары мен пәрмендерді (команда) де қазақша қалыптастыруды көздеген. *Дивизия – түмен, полк – қол, отряд – жасақ, батальон, батарея – қос, взвод - бунақ, вольно – ықтияр, в ру-ку – қол-ға, заряжай – оқта, к ноге – аяқ-қа, кругом – ай-нал, напра-во – оң-ға, на ле-во – сол-ға, разоидись – тарал, стройся –*



*тізіл, шире шаг – соза-бас* тәрізді көптеген атауларды жасап сөздікке енгізуін олардың осы бағыттағы ізденістерінің нәтижесі деуге болады.

Жалпыкеңестік терминқор түзуді мақсат еткен кезеңде термин шығармашылығының бастапқы кезеңінде жасалған атаулардың негізсіз қолданыстан шеттетілгеніне қарамастан, бұл сөздікке енген терминдердің елеулі бөлігі бүгінгі қалыптасқан терминқорымыз бен жалпы лексикалық қорымыздан берік орын алғанын атап айту қажет. Олардың қатарына мынадай атауларды қосуға болады: *атқылау (обстрел), әдіс (метод), әдістеме (методика), бақылаушы (наблюдатель), жазықтық (плоскость), жасақ (отряд), кемер (борт), көздеу (наводка), көздеуші (наводчик), көшпелі атыс (беглый огонь), қазына (казна), қазынашы (казначей), қатар (шеренга), қауға (бадья), кеңсе (канцелярия), оқтізер (ұмтыла ұрысбойма), оқшонтай (патронтаж), орауыш (бинт), пана (убежище), пәтер (квартира), серіппе (пружина), сүмбі (шомпол), шабандоз (наездник), шағым (жалоба), іс жүргізуші (делопроизводитель)* және т.б.

Бұл атаулардың бірқатары бірден сол қалпында қолданылып қалыптасып кетсе, көпшілігі кейінгі он – он бес жылдың көлемінде қайта бекітіліп терминқорымыздан орын алды.

Сөздікте сұрыптап алып бүгін де қажетімізге жаратуға болатын атаулар да аз ұшыраспайды. Мәселен, *күндікші (дневальный), қайнатқы (кипятильник), тұстық (компас), толым (комплект), далағай (плац)* тәрізді атауларды сол қатарға қосуға болады деп білеміз.

Сөздіктегі *газшашар (газомет), оқшашар (пулемет), отшашар (огнемет)* атаулары да бірізділік сақтала отырып ұтымды жасалған.

Терминология дамуының кейінгі кезеңдерінде басқаша атаулармен алмастырылып, әскери термин ретінде қалыптасып кеткен кейбір атаулардың осы сөздікке енгізілген о баста жасалған нұсқасының артықшылығы, атау сөзге тән сипатының басымдығы аңғалады. Айталық, *подводная лодка* деген атауды *сүңгуір қайық* деп орыс тіліндегі нұсқасына байланбай-ақ, әскерлік атауларындағыдай *сүңгір* түрінде алғанда сәтті жасалған бір термин қалыптасып кеткен болар еді.

Соңғы жарық көрген терминологиялық сөздіктерде орыс тіліндегі *атака, нападение, наступление* атауларының барлығы да *шабуыл* деп қазақ тіліндегі бір ғана сөзбен беріліп жүр. Әскерлік атауларында олардың өзіндік мағыналық ерекшеліктерінің ескерілгенін *атака – шапқын, набег – шабу, бас салу, наступление – ұмтыла ұрыс* түрінде аударылғанынан да байқауға болады.

XX ғасыр басындағы Ахандар ұстанған термин қабылдау қағидаттарының бірі - өзге тілдердің атауларын тіліміздің дыбыстық жүйесіне бағындырып алу болатын. Бұл сөздікті түзу барысында да осы қағидат басшылыққа алынған. Оны сөздікке енгізілген *абтамат (автомат), атұлтан (адъютант), арматыр (арматура), балістіке (баллистика), бетен (бетон), бұражсектір (прожектор), жанарал (генерал), газ (газ), дұратнауыт (дредноут), зәпеске записка), инспектір (инспектор), келейдескеп (калейдоскоп), кәмір (камера),*



**канал** (канал), **көпет** (капот), **кәпсүл** (капсоль), **кемесер** (комиссар), **көнбей** (конвой), **лабыратыр** (лаборатория), **лоспан** (лоцман), **лұпа** (луна), **метір** (метр), **меліметір** (миллиметр), **меніжіл** (мензула), **банарам** (панарама), **ыштаб** (штаб), **ыстанса** (станция) сияқты көптеген терминдердің жазылуынан көруге болады.

Әрине, терминологиялық сөздіктер түзу тәжірибесі әлі орныға қоймаған сонау жиырмасыншы жылдары жасалған әскерлік атауларының сөздігі мүлде мінсіз болды десек, онымыз шындыққа жанаса қоймаған болар еді. Қазақ терминографиясының бастауында тұрған бұл сөздіктің де лексикографиялық тұрғыдан да, терминге қойылатын талап тұрғысынан да кейбір олқы тұстары жоқ емес. Олардың негізгілері ретінде төмендегілерді атауға болады:

Сөздікте дәл аударылмаған немесе аса сәтті жасалмаған терминдер де ұшырасады. Мысалы, **төгінді** (десант), **жеңіл доп** (граната), **сәскелік** (завтрак), **кенеге** (журнал), **дүкен** (заведение), **жайлау** (лагер), **мотор қайық** (мотор), **доп**, **домалақ** (ядро), **қағаз** (документ), **қыран** (истребитель), **магнит тас** (магнит) т.б.

Мағыналық айырмашылықтары, ренктері бар жекелеген атаулар бір ғана сөзбен аударылған жағдайлар да ішінара байқалып қалады. Мысалы, *вестовой*, *курьер*, *посыльный*, *гоонец*, *ординарец* атауларының бәрінің баламасы ретінде бір ғана *шабарман* сөзі берілген.

Ұғымның мағынасын түсіндіріп, сипаттай аудару да термин шығармашылығының алғашқы кезеңінде жиі ұшырасатын құбылыс. Мәселен, *авнгард* – **артқы әскер**, *арсенал* – **қару қоймасы**, *бойница* – **мылтық тесігі**, *бомбардировка* – **зеңбірек астына алу**, *заряд* – **атым оқ дәрі** сияқты ондай атаулар бұл сөздікте де кездеспей қалмайды.

Термин сөз ұғымды дәл бейнелеумен қатар айтуға жеңіл, құлаққа жағымды болуы қажет дейтін талап та сақталмай, қарабайырлау немесе «жалпақ тілмен» айтылған атаулар да ішінара ұшырасып қалады. Термин жасау барысының эстетикалық қағидат сақталмаған ондай атаулардың қатарына **боқша** (сумка), **көттік** (ободовый ремень), **көт жағы** (казенная часть), **емшектің бойы** (грудная высота), **түбінің, көтінің тығыны** (донная, доньевая втулка) сияқты атауларды қосуға болады.

Сондай-ақ сөздікте кейбір әскери терминологияға тікелей қатысы жоқ атаулар да кездеседі. Мәселен, *вор* – **ұры**, *ведро* – **шелек**, *болото* – **батпақ**, *банник* – **моншашы**, *лисья нора* – **түлкі іні**, *хобот* – **тұмсық** т.б.

Тұтастай бір сөйлемнің (*Вещевая ведомость казенному имуществу, состоящему на на военно-служащих роты* – **бұйым қаттамасы**) термин ретінде берілген тұстары да кездеседі.

Кейбір кірме терминдерді жазуда бірізділік бұзылып (*вахта* – **уақты**, *вахтер* – **бақты**), үндестік заңы сақталмай (*магажін* – **магазин**, *маскі* – **маска**, *мекіраскөп* – **микроскоп**, *нагірет* – **награда**) кететін тұстар да ұшырасып қалады.

Сөздікте ішінара әліпби реті сақталмаған тұстар да кездесіп қалып жатады.

Түпнұсқаны сақтау үшін біз оларды сол қалпында өзгеріссіз қалдырдық. Бұл бір жағынан терминологиялық сөздік түзу тәжірибесінің бастапқы деңгейін, өз кезеңіне тән келбетін қаз қалпында көрсетумен қатар оның кейінгі даму дәрежесін салыстыра айқындау үшін де керек. Сөздіктің кей тұстарында бір түбірден өрбитін, тектік-түрлік ұғымдарды қатар беру мақсатымен әліпби тәртібі сақталмаған. Ондай жерлерде біз сөздікті пайдаланушыларға қолайлы болу үшін бір текті ұғымдардың түрлерін білдіретін атауларды сол орнында қалдыра отырып, негізгі сөзтізбе қатарынан ішке қарай екі таңбаның орнын бос қалдырып, ұялық әдіспен бердік.

Бұл сөздік жайында кезінде 1928 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде белгілі қазақ жазушысы Сәбит Мұқанов та пікірін білдіріп, Ахандардың «ура»-ны «алаш» деп аударғанын қатты сынға алған болатын. Оған Ахаң «Сәбитке жауап» деп өзі жауап жазған. Сәбең қайтадан жауапқа жауап берген еді. Ахмет Байтұрсынұлы мен Сәбит Мұқановтың «Еңбекші қазақ» бетіндегі жарияланған сол мақалалары осы сөздік соңында берілді. Сәбеңнің мақаласында лингвистикалық сараптан гөрі сөздікке таптық тұрғыдан баға беріп, алаш зиялыларын саяси айыптау басым екендігін аңғару қиынға соқпайды. Оның «Әскерлік атауларында» оңған термин шамалы.» - деуі де тым артықтау айтылған сөз еді. Қазақ терминологиясы бір ғасырға жуық даму жолынан өткен бүгінгі күннің тұрғысынан қарағанның өзінде бұл сөздік әскери терминологияның тарихында өзіндік орны бар, ғылыми құндылығын жоймаған еңбек.

Біз сөздікте берілген атаулардың әрқайсына жеке тоқталып, сараптама жасауды міндетімізге алған жоқпыз. Алғашқы әскери терминдер сөздігінің басты ерекшеліктерін, өткен ғасыр басындағы терминографиялық ізденістердің өзіндік айырмашылықтарын, жетістіктері мен орын алған кемшіліктерін атап көрсетуді мақсат еттік. Жалпы әр терминді жеке қарастырып, оған толық сипаттама беруге болады. Сондықтан зерттеушілер тарапынан бұл сөздік әлі де жан-жақты талданып жатса, еш артықтық етпейді.

Жалпы алғанда бұл сөздіктің қазақ терминографиясының тарихында өзіндік орны бар басылым екендігіне дау айту қиын. Алаш зиялыларының арнаулы сөздік жасау тәжірибесі әлі қалыптаспаған кездің өзінде алғаш бастырып шығарған терминологиялық сөздіктерінің өзі-ақ сол уақыттың қажетін өтеуге толық жараған. Бұл бағыттағы терминографиялық жұмыстар жалғасын таба бергенде сөздіктердің келесі басылымдары бұрынғысынан да жетілдіріліп, олардың сапасы алғашқы шыққандарынан арта түсетініне күмән келтірудің негізі жоқ. Егер терминологиялық қорымызды қалыптастыруда, арнаулы салалардың терминдер сөздіктерін түзуде о баста алаш зиялылары белгілеген қағидаттарды басшылыққа ала бергенде арнаулы сөздеріміздің негізгі бөлігі қазіргідей орыс тілінің дыбыстық заңдылықтары мен жазу ережелеріне негізделіп қабылданған шет тілдерінің сөздерінен тұрмаған болар еді. Керісінше, ұлттық терминологиялық лексикамыздың басым бөлігін өз тіліміздің сөздік қоры мен сөзжасам тәсілдеріне негізделіп жасалған төл

атауларымыз құрайтын еді. Өз тіліміздің ішкі мүмкіндіктерін ұтымды пайдалану, ұлт тілінде термин жасау тәжірибемізді жетілдірген болар едік. Ұзақ жылдар бойы өзге тілді үлгі тұтып, өз тіліміздің мүмкіндіктерін шектеп келгендіктен бізде қазір термин шығармашылығы жоғары кәсіби деңгейде жүргізіле аламай келеді. Жалпыкөнестік терминқор қалыптастыру кезеңінде Ахандардан басталған ұлт тілінде термин жасау дәстүрі жалғасын таппай, термин шығармашылығы тоқырауға ұшырады. Біз өзіміз термин жасауға емес, негізінен өзгелердің жасаған дайын терминдерін қабылдауға дағдыландық. Өз тілімізде білім беру, ғылымды игеру, ақпарат алу мүмкіндігіне ие болған бүгінгі кезеңде арнаулы салалардың атауларын өз тілімізде жасаудың үлгісін көрсеткен Ахандарға, алаш зиялыларына жүгініп, олардың осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрынғы тәжірибелеріне ден қойып жатуымыздың да сыры сонда жатыр. Ұлттық терминқор қалыптастырудағы жақсы дәстүр жалғасын тапса екен дейміз. Дәстүр сабақтастығы сақталған жерде іс ілгері басып, тәжірибе жинақталары сөзсіз. Бұл тұрғыдан келгенде Ахандар бастаған алаш зиялыларының терминологияны дамыту қағидаттарына сәйкес жасалып, солардың қолынан өткен алғашқы терминдер сөздіктерінің бірі әскерлік атаулары да жұртшылыққа пайдалы болар деп сенеміз.

### **III.2.2. «Пән сөздері» – бекітілген терминдердің бірізді қолданылуын мақсат еткен сөздік**

Сапалы салалық терминологиялық сөздіктер түзу ісі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Әр жылдары жарық көрген терминологиялық сөздіктердің жетістіктері мен кемшіліктерін, жасалу принциптерін анықтау – терминография тарихы үшін де алдағы уақытта жасалатын сөздіктердің сапасын арттыру үшін де өте қажет. Ұлт тіліндегі алғашқы терминологиялық сөздіктеріміз өткен ғасырдың 20-30-жылдары жарық көргені белгілі.

Бұл тұрғыда хронологиялық жағынан Н.Қаратышқанұлының «Пән сөздері»<sup>305</sup> ең алғашқы жарық көрген терминологиялық сөздік ретінде көрсетіп жүргендер де бар. Ондай пікір оған дейін жарық көрген еңбектердің болғанынан хабарсыздықтан айтылған. Бұл сөздікте «Қазағыстан оқу кемесеретінің білім ордасы қабылдаған пән сөздері» қамтылып, 10 000 дана таралыммен 1927 жылы Қызылордада басылып шыққан. Көлемі – 128 бет.

1910 жылдардан 1930 жылдарға дейінгі аралықта А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының ұстанымдарына сәйкес термин шығармашылығының ұлттық сипатта дамуымен ерекшеленетіндігі белгілі. Сол кезеңде жарық көргендіктен бұл сөздік те өз уақытының талабына, терминологияның даму үрдісіне сай жасалған. Дәлірек айтқанда, 20- жылдары ғылымның сан түрлі салалары бойынша қазақ зиялылары жасап, өздерінің ұлт тілінде

305 Қаратышқанұлы Н. «Пән сөздері» (Қазағыстан оқу кемесеретінің білім ордасы қабылдаған пән сөздері). Қызылорда, 1927

жазған оқулықтары мен ғылыми еңбектеріне алғаш енгізген және сол кезде шығып тұрған мерзімді баспасөз беттерінде қолданылған терминдер осы сөздіктен орын алды. Сөздікке енгізілген ондай терминдерді Қазақстан оқу комиссариатының білім ордасы бекітіп отырған. Сөздік бекітілген терминдерді көпшілікке таныстырып, оларды мамандардың бірізді қолданылуын мақсат еткен алғашқы құрал болуымен де құнды. Кейін бұл бастама жалғасын тауып, дәстүрге айналды деуге болады. Терминология дамуының әр кезеңінде Мемтерминком бекіткен терминдер жеке сөздік түрінде түрлі авторлардың құрастыруымен үнемі шығарылып келеді.

Н.Қаратышқанұлы құрастырған сөздіктің өзіндік ерекшеліктеріне келсек, ол қазіргі салалық терминологиялық сөздіктер сынды белгілі бір арнаулы саланың ғана терминдерін қамтымайды, оған әскери іс, биология, математика, экономика, іс қағаздары сияқты бірнеше ғылым саласына қатысты терминдер енген. Терминдер қай ғылым саласына қатысты екендігі көрсетілмей, әліпбилік тәртіппен беріледі. Осы сөздіктегі математика терминдерінің берілуі жөнінде С.Елубаев өз мақаласынада былай деп көрсетеді: «В 1927 г. В Кызыл-Орде был выпущен первый словарь «Пән сөздері» на арабской графике, составленный Каратышкановым. Словарь охватывает около 300 терминов математического содержания, причем правильные термины составляют почти одну четвертую часть из них. Среди них есть переводные международные и русские термины.»<sup>306</sup>

Кеңес одағында тұратын халықтардың терминологиясын орыс тілінің заңдылықтарын сақтау арқылы барынша халықаралықтандыру қағидатын (принцип максимума международной) ұстанып отырған кезең тұрғысынан қарағанда мақала авторының халықаралық және орыс тілінен енген терминдерді аударуды кемшілікке санап, Н.Қаратышқанұлы құрастырған сөздіктегі математика терминдерінің төрттен бірі дұрыс жасалған еді деген тұжырымын түсінуге болады. Алып мемлекеттің жүргізіп отырған тіл саясатына сәйкес жасалған терминологияны дамыту принциптері әбден орныққан 80-жылдары басқаша пайымдаған күннің өзінде, осылай жазуға тура келер еді. Кеше осындай пікір айтқан ғалымдардың бірқатарының пікірі мүлде өзгеріп, қазір сол кезде жазғандарына кереғар тұжырым жасап жүргендері де бар. Сондықтан сөздікте қамтылған терминдерге сол кезеңнің өзіндік ерекшелігін, уақыттың талап-тілегін ескере отырып, объективті баға берген дұрыс.

Сол кезеңде Ахаң бастаған ұлт зиялылары термин шығармашылығында ең алдымен, өзге тілдің атауларына өз тілімізден балама табу, екіншіден, лайықты қазақ сөзі табыла қоймаған жағдайда түркі тілдерінен сөз алу, ондай да мүмкіндік бола қоймаған жағдайда еуропа тілдерінің сөздерін қазақ тілінің заңдылықтарына бағындырып қабылдау қағидаттарын басшылыққа алғаны белгілі. Әңгімемізге арқау болып отырған сөздік аталған кезеңде жарық көргендіктен, әрі онда қамтылған терминдер аталған қағидаттарға жүгіне отырып термин жасаған авторлардың еңбектерінен алынып бекітілгендіктен,

306 Елубаев С.Е. Основные принципы образования терминологии по математике// Қазақ терминологиясының мәселелері. А.,1986. 91-б.

одан сол уақыттағы термин шығармашылығының барысын анық аңғаруға болады. Оны білу бізге бір жағынан қазақ терминографиясының тарихы үшін қажет болса, екінші жағынан, терминжасам тәжірибеміздің кешегісі мен бүгінгісін салыстыра саралау арқылы оның дамуының ертеңгі бағыт-бағдарын белгілеу үшін де керек.

Өзге тілдерден (негізінен еуропа халықтарының тілдерінен) қабылданған терминдер қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп алынған. Мысалы, **абтамат** (автомат), **алжебір** (алгебра), **әкті** (акт), **әксие** (акция), **атым** (атом), **бәктері** (бактерия), **глицерин** (күлсерен), **депезет** (депозит), **мекрепон** (микофон), **негетіб** (негатив), **пұркерел** (прокурор), **іренгі** (рента), **іспектір** (спектор), **қылор** (хлор), **сипыр** (цифра) т.б.

«Пән сөздерінде» кездесетін көптеген атаулар сол кезден бастап тілдік қолданысымызға еніп, ұлт тілінде жасалған терминқорымызды байытты. Мысалы, **алқа** (коллегия), **аталық** (тычинка), **әсірелеу** (гипербола), **баяндама** (доклад), **болмыс** (бытье), жазықтық (плоскость), **жәбірленуші** (потерпевший), **көшірме** (выписка), **күлте** (венчик), **қаулы** (постановление), **қолқа** (аорта), **дәріқана** (аптека), **тергеуші** (следователь), **нұсқау** (инструкция), **нұсқаушы** (инструктор) т.б.

Бұлар Мемтерминком тарапынан әр жылдары бекітілгенмен тілдік қолданыстан шығып қалған жоқ.

Сөздікте берілген атаулардың бірқатары кейінгі кеңес халқына ортақ терминқор құруды мақсат еткен кезеңде негізсіз шеттетіліп, 30 жылдардан бергі уақытта шыққан сөздіктер мен оқулықтарға енгізілмеді. Кеңестік жүйенің ұстанған тіл саясатын қолдау арқылы «прогресшіл жана бағытты» ұстанушы басшылыққа жағуды көздеген немесе кеңес идеологиясымен уланып, құйтырқы саясаттың астарына үңіле алмаған кейбір қазақ оқығандары ол терминдерді алаш зиялыларының «көзіндей көріп», қайткенде тілдік айналымнан аластауға тырысты. Бұл бағытты ұстанушылар орыс жазуына көшуді, орыс сөздерін олардың дәл өздеріндегідей етіп өзгеріссіз жазуымыз үшін әліпбиімізге орыс әріптерін енгізуді, орыс тіліне негізделген совет халқына ортақ терминқор құру арқылы бәрімізге ортақ ғылым тілін жасауды көздеді. Ахаң бастаған алаш зиялылары қазақтың ғылым тілі ұлт тілі негізінде жасалып, терминқорымыздың (пән сөздеріміздің) негізгі бөлігін өз тіліміздің заңдылықтарына сай жасалған төл терминдеріміз құрауы қажет, өзге тілден қабылданған атаулар тіліміздің фоно-морфологиялық заңдылықтарына сәйкестендіріліп алынуы тиіс деген ұстанымды басшылыққа алғаны белгілі. Ұлт тілінің терминқорын жасап, қалыптастырудағы Ахандар бастаған алаш зиялылары мен 30-жылдардан кейінгі терминологияның халықаралық сипатын барынша арттыра отырып, КСРО халықтарының бәріне ортақ жалпысоветтік терминологиялық қор қалыптастыруды көздегендердің алға қойған мақсаттары да, соған сәйкес ұстанған ұстанымдары да бір-біріне қайшы келіп жатты. Сол себепті 30-жылдарға дейін жасалған көптеген терминдер кейінгі кезеңде жарық көрген сөздіктерге енгізіліп, оқулықтар мен ғылыми, ғылыми-

көпшілік әдебиеттерде қолданылмады. Әрине, термин шығармашылығының бастапқы кезеңінде тәжірибе мен қалыптасқан дәстүрдің болмауынан терминге қойылатын талаптарға сай жасалмаған бірқатар терминдердің кейінгі басылымдарға енгізілмеуі орынды. Одан бері арада бір ғасырға жуық уақыт өткеніне қарамастан терминжасамдағы ондай кемшіліктерден біз қазір де арыла алмай отырмыз. Алайда 1910-1930 жылдар аралығында қазақ зиялыларының қаламынан туындап, кейін қолданылмай қалған терминдердің барлығы болмаса да басым көпшілігі негізсіз шеттетілген. Ондай терминдердің бір тобы өткенімізді саралап қарай бастаған соңғы жылдары араға 70-80 жыл уақыт салып барып қайта қолданысқа енгізіліп, терминқорымыздан орын алып жатыр. Мәселен, қазір Н.Қаратышқанұлының сөздігінде берілген **салым** (вклад), **әдіс** (метод), **әдістеме** (методика), **кеңес** (совет), **жасақ** (отряд), **жанартау** (вулкан) сияқты атаулар еш өзгеріссіз сол қалпында алынып ресми бекітілген терминдеріміз ретінде кеңінен қолданылып жүр. Сондай-ақ онда кездескен кейбір терминдер **бәсекешілік** (конкуренция) қазір **бәсекелестік** түрінде, **әкім** (администрация) қазір администратор сөзінің баламасы ретінде, **қаттама** (ведомость) протокол, **жарнама** (объявление) реклама терминдерінің баламасы ретінде азды-көпті мағыналық немесе тұлғалық өзгерістермен терминқорымызға қосылды. Н.Қаратышқанұлының сөздігінде берілген ондай терминдердің ішінде 30-жылдардан бастап мүлде қолданылмай кеткендері де едәуір. Мысалы, олардың қатарына мына сияқты терминдерді жатқызуға болады: **аламан** (партизан), **аласылы** (кредитор), **ауғын** (переселенец), **бет алыс** (тенденция), **бұзылыс** (дезорганизация), **білімдендіру** (образование), **ескішілдік** (консерватизм), **есірткіш** (алкоголь), **желдік** (парус), **жол негіз** (принцип), **жол түйіс** (перекресток), **келіс** (сделка), **көнешілдік** (архаизм), **қалытқы** (парашют), **қар** (катет), **қашақ** (дезертир), **қозар** (бригада), **қостабан** (трапеция), **қыстырық** (задвижка), **мүйет** (буфер), **оқ тізер** (обойма), **оңтай** (прием), **сияқ** (анология), **сүйкім** (симпатия), **тайғанақ** (каток), **тұрлау** (тезис), **түйім** (восприятие), **үлдірік** (перепонка), **шошақ** (конус), **шүлдік** (ось), **шынықтау** (гимнастика), **іскек** (поршен) т.б.

Бұл терминдердің ішінде *желкен(парус), мәміле(сделка), жарғақ(перепонка), қағидат(принцип), үрдіс(тенденция), піспек(поршен)* сияқты кейіннен басқа баламалармен алмастырылғандары да бар. Жалпы алғанда сол 20-жылдары қазақ зиялыларының қаламынан туған осы терминдердің бірді-екілісі болмаса, көпшілігінің сәтті жасалғанын көруге болады. Кейінгі кезеңдерде өзгертілмей бірізді қолданылғанда олардың басым көпшілігі бүгінге дейін үйреншікті атауларымызға айналып, терминқорымызға кірігіп кетер еді. Қазір қолданылмай жүргендерінің ішінен де іріктеп алып қажетімізге жаратуға болатындары жоқ емес. Мысалы, **ауғын, бет алыс, жол түйіс, қар, оқ тізер, сияқ, сүйкім** атауларын солардың қатарына қосқан болар едік. Бұлардың ішінде **қар, оқ тізер** терминдерін геометрия мен әскери іс саласы бойынша соңғы жылдары жарық көрген сөздіктерге енгізе бастаған жекелеген авторлар да бар. Көрсетілген терминдердің арасынан **бет алыс, жол түйіс, оқ**

**тізер** сияқты бөлек жазылғандарын **беталыс, жолтүйіс, оқтізер** түрінде бірге жазып алсақ, олардың атауға тән сипаты мен қолдануға қолайлығы да біршама арта түсер еді. Ал ұғымды дәл беру жағынан келгенде бұл терминдердің өзге тілдегі атауы арқылы берілетін мағынасының негізгі семантикалық белгілерін қамтитындығына күмән келтірудің реті онша байқалмайды. Ал орыс тіліндегі *аналогичный – сияқты, симпатичный – сүйкімді* болғанда *аналогия* мен *симпатия* атауларының қазақша баламаларын **сияк, сүйкім** түрінде неге алмасқа? Сондай-ақ **сияктану**, «үй (адам т.б.) **сияғы жоқ**», **сүйкімсіз, сүйкімі жоқ** (кету) сөздердің (сөз тіркестерінің) құрамынан да **сияк, сүйкім** сөздерін осы тұлғасында атау сөз ретінде қолдануға болатындығы аңғарылып тұр.

Қазақ лексикографиясы бір ғасырға жуық даму жолынан өтіп, терминография оның жеке саласы ретінде тармактанып бөлініп отырған бүгінгі күннің тұрғысынан қарағанның өзінде өткен ғасыр басында жарық көрген бұл сөздіктің ғылыми құндылығын жоймағанын көруге болады. Қазіргі терминологиялық сөздіктеріміздің де кемшіліктерден құр алақан емес екендігі ешкімге құпия болмаса керек. Арнаулы сөздіктер түзу ісі бір ғасырға жуық даму жолынан өткеніне қарамастан бұл саладағы кемшіліктерден әлі арыла алмай отырғанда, ұлт тіліндегі термин шығармашылығы жанадан қолға алына бастаған кезеңде жарық көрген алғашқы терминологиялық сөздікке сын айтудың өзі де артықтау болар. Дегенмен, Н.Қаратышқанұлы түзген сөздікті мүлде кемшіліксіз деуден де аулақпыз. Онда терминге дәл балама тауып, ықшам сөз жасаудан гөрі *растрата – жұмсаб жоқ қылу, бомбардировка – зеңбірек астына алу, гаубица – келте зеңбірек, гейзер – ыстық бұлақ, место – кен шығатұн жер, отверстие – бетін ашқыш, бұранда кілт* түрінде оның мағынасын түсіндіріп, сипаттап аудару немесе *аэронавтика – қалықтама, музыка – күй, оригинал – өзі, спорт – ермек* сияқты аса сәтті жасала қоймаған терминдер де ұшырасады. Сөздіктен орын алған ондай жекелеген терминдерді жалпы сол уақыттағы терминжасамдағы алғашқы ізденістердің тәжірибелері деп қабылдаған орынды болар. Мұндай кемшіліктерді сөздік түзген авторға телудің де негізі жоқ. Өйткені ол оқу комиссариатының білім ордасы қабылдаған атауларды жинақтап, әліпбилік тәртіпке келтіріп жүйелеуші, құрастырушы болып табылады.

1930-жылдарға дейінгі қазақ терминологиясы дамуының Байтұрсынұлы кезеңі ұлттық ғылым тілінің қалыптасуына, ұлт тіліндегі термин шығармашылығының іргесінің қалануына айрықша үлес қосқандығымен ерекшеленеді. Сол кезеңдегі жарық көрген қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарында және мерзімді баспасөз беттерінде біршама тұрақты қолданыла бастаған терминдер арасынан іріктеліп алынып бекітілгендері енгізілгендіктен де Н.Қаратышқанұлының құрастырған сөздігінен термин шығармашылығының кезеңдік келбетін айқын аңғаруға болады.

«Пән сөздері» бірнеше арнаулы салалардың алғашқы ресми қабылданған терминдерін қамтыған бірінші терминологиялық сөздік болып саналатындығына қарамастан, қазақ терминографиясының тарихы



жөнінде сөз болған жерде «Қ.Кемеңгерұлының редакторлығымен 1925 жылы Мәскеуде жарық көрген «Қазақша-орысша тілмаш»<sup>307</sup> (казахско-русский словарь) та назардан тыс қалмауға тиіс. Бұл сөздікке тек орысша-қазақша сөздік ретінде қарамай, онда сол кезеңде жасалған терминдердің молынан қамтылғандығы ескерусіз қалмағаны жөн. Авторлардың өздері осы сөздіктің алғысөзінде «В данное время, в связи с переводом научных книг, у нас сильно идет словообразование» деп атап көрсеткеніндей, сол кездегі жаңа жасалған ондай атауларды өз сөздіктеріне енгізген. Ол атаулардың көпшілігі араға бір-екі жылдай ғана уақыт салып барып жарық көрген «Пән сөздерінен» де, 1931 жылы шыққан «Атаулар сөздігінен» де орын алған. «Қ.Кемеңгерұлының редакторлығымен жарық көрген «Орысша-қазақша тілмаш» та терминологиялық сөздік болмағанмен қазақ лексикографиясының тарихы үшін айрықша мәні бар алғашқы сөздік ретінде терминографиялық зерттеулерде де оған тиісті деңгейде назар аударылғаны жөн.

Жалпы қазақ терминологиясы дамуының әр кезеңінде жарық көрген кез келген терминологиялық сөздік мамандар сарабынан өтіп, лексикографиялық, терминографиялық тұрғыдан зерттеліп отырса, терминологиямыз кемшіліктерден арылып, оның жетілдіріле түсері анық. Әсіресе, соңғы он-он бес жылдың көлемінде көптеген терминологиялық сөздіктер басылып шықты. Олардың арасында терминографиялық талаптарға сай жасалған, білікті мамандардың қолынан шыққандары да болуымен қатар, сын көтермейтін сапасыз сөздіктер де аз емес. Терминдердің бірізді қолданылуы, қалыптасуы терминологиялық сөздіктердің сапалы жасалуымен тікелей байланысты. Сол себепті ғылым мен техниканың, мәдениет пен өнердің, жалпы кез келген арнаулы саланың терминологиялық сөздігін жасауға, оларды бастырып шығаруға, таратуға үлкен жауапкершілікпен қарау қажет. Олай болмаса, жүйеленген, жетілдірілген терминқор қалыптастыру бағытындағы істеріміздің кемшіліктерден арыла қоюы да қиынға соғады.

### **III . 2.3. Алаш зиялылары белгілеген қағидаттарға сәйкес жасалған соңғы сөздік**

#### **(«Атаулар сөздігі» туралы)**

Осыдан жетпіс жылдан астам уақыт бұрын жарық көрген «Атаулар сөздігі» де қазақ терминографиясының тарихында өзіндік орны бар әрі бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда да ғылыми құндылығын жоймаған еңбектердің бірі. Бұл сөздікті 1931 жылы 5000 дана таралыммен Халық ағарту комиссариаты білім кеңесінің терминология комиссиясы шығарған. Сөздікте сегіз мыңнан аса атаулар қамтылған. «Атаулар сөздігі» қазір өте сирек кездесетін, таптыра бермейтін кітаптар қатарында. Осы сөздік туралы

307 Қазақша-орысша тілмаш. (Казахско-русский словарь. Под ред. К.Кемеңгерова) – М., 1925



1934 жылы жазған рецензиясында А.Самойлович «Мен 1932 жылдың аяғында Қазақстанның астанасы Алматыда болғанымда бұл сөздік таптырмайтын (был библиографической редкостью) еді»<sup>308</sup> - дейді. Ал Е.Кротевич сөздіктің 1931 жылдың желтоқсанының аяғында баспадан шығып, 1932 жылдың қаңтарының соңына қарай сатуға түскенін атап көрсетеді<sup>309</sup>. Сонда жарық көргеннен кейін бір жылға жетпейтін уақыттың ішінде-ақ сөздік таралып кеткен болып шығады.

30-жылдардан бастап КСРО-дағы терминологиялық жұмыстардың бағыты күрт өзгертіліп, жаңа арнаға бұрылды. Соған сәйкес одақтас республикалардың көпшілігі партияның жүргізіп отырған тіл саясатына бейімделіп, орыс тіліне негізделген совет халқына ортақ терминологиялық қор құру мақсатын көздеген қағидаттарды ұстануға көшті. Бұл бағытты бодандыққа әлі бойы үйрене қоймаған Эстония, Латвия, Литва сияқты Балтық жағалауы республикалары бірден қолдай қоймады. Олар өздерінің ұлттық тілдерінің мүддесін көздей отырып қалыптастырып жатқан терминологиясы мен жазуын Мәскеудің ыңғайына қарай өзгертуге асықпады. Ал Қазақстанда Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Е.Омарұлы, Х.Досмұхамбетұлы сынды алаш азаматтары, ұлттық элита жойылғаннан кейін олардың ісін өздері негізін қалаған бағытта жалғастырып әкеткен саяси күш пен ғылыми қауым бола қоймағандықтан да бізде әліпби, терминология, жазу мәселелері бойынша коммунистік партия идеологиясының, кенестік тіл саясатының талаптарын қанағаттандыратын жолға түсу ұзаққа созылған жоқ. Бас аяғы он шақты жылдың ішінде екі рет жазу реформасын жүзеге асырып, 1929 жылы ғана алмастырылған латын әліпбиін тиімсіз деп танып, 1940 жылы кирилл әліпбиін қабылдадық. Одақтың басты тілінің дыбыстық заңдылықтарын бұзып алмау үшін әліпбиімізге тиісті таңбаларды енгіздік. Жалпысоветтік терминқор қалыптастыруға апаратын терминология қағидаттарын белгіледік. Сөйтіп, біз қырықыншы жылдары-ақ бағыт-бағдарымызды айқындап, сара жолымызды таңдап алдық. Тоқсаныншы жылдар келіп сол жолды көрсетіп берген алып мемлекеттің шаңырағы ортасына түскенше, таңдауымыздың дұрыс болғандығын дәлелдеуден бір жалыққан емеспіз. Қазір соның бәрін сарапқа салып, өткен кезеңге бүгінгі күн талабы мен ұлт мүддесі тұрғысынан қарай отырып, келешекте тіл саласындағы атқарылатын істеріміздің қай бағытта, нендей ғылыми негізге сүйене отырып жүргізілуі қажеттігін айқындау кезеңін бастан кешіп жатқан жайымыз бар. Қоғам дамуы мен ғылым дүниесіндегі әлемдік үрдістерді ескерумен бірге тәуелсіз дербес ел ретінде алдымен ұлттық мүддені ойлауға міндетті екеніміз де басы ашық мәселе. Осы орайда ұлтшыл, алашшыл атанған қазақ зиялыларының еңбектерін елеусіз қалдыра алмасымыз анық. «Атаулар сөздігі» алаш зиялыларының

308 *Самойлович А.* Терминологический словарь//Библиография Востока. Вып.2-4 (1933). –Ленинград: Изд-во АН СССР, 1934. –С. 93-95.

309 *Кротевич Е.* Выправить недочеты в строительстве казакской терминологии//Просвещение национальностей, 1932, №8-9. –С. 94-96.

ұлттық терминологиялық қорды қалыптастыруда ұстанған қағидаттарына сәйкес жасалған соңғы басылымдардың бірі болғандықтан да оны қайта бастырып шығарып, мамандардың, зиялы қауымның назарына ұсынудың мәні зор. Е.Кротевичтің жоғарыда аталған мақаласында «Әзірше бұл комиссия дайындаған алғашқы да соңғы кітап» деп көрсеткеніндей, 30-жылдардан кейін терминологияны бұл бағытта дамытудың мүмкіндігі де қалдырылмап еді әрі осы жолда жүрген көрнекті ұлттық кадрлар түгелге дерлік қуғын-сүргінге ұшырап, сол жылдары олардың қамалып, соңынан жойылғаны белгілі. Сондықтан да олардың ұстанымына сәйкес жасалған терминдер де, алаш зиялыларынан тұратын терминологиялық комиссияның шығарған бұл сөздігі де жаңашыл ғалымдар мен қайраткерлер тарапынан жақсы бағалана қоймады. Сөздіктің кемшіліктері, заман талабына сай жасалмағандығы баса көрсетіліп, сын көп айтылды. Әрине, айтылған сын-ескертпелердің бәрі бірдей орынсыз еді деуден аулақпыз. Олардың ішінде терминологиялық сөздік түзудің сапасын жақсартуға септігін тигізетін, жөнімен айтылған ұсыныс-пікірлер де бар. Алайда сол жылдары осы сөздікке тікелей және жанама қатысты бар жарияланған материалдарды қарап отырсақ, көпшілігінде сөздік түзушілердің ұстанған қағидаттарына байланысты мақсатты түрде сын айту, мәселеге саяси, әлеуметтік-таптық тұрғыдан баса мән берілгендігі байқалады. Сөздіктің жақсы жақтары, жетістіктері ауызға алына бермейді. Ал шын мәнінде сол жылдары мұндай терминдер сөздігінің басылып шығуының өзі елеулі оқиға еді.

Е.Кротевичтің осы сөздікті сынаған мақаласының «Выправить недочеты в строительстве казакской терминологии» деп аталып, оған И.Сталиннің «Буржуазиялық теориялармен аяусыз күреспей тап жауларын түпкілікті жеңу мүмкін емес» деген сөзін эпиграф ретінде алуынан-ақ оның қандай мақсатпен жазылғанын аңғаруға болады. Одан әрі ол қазіргі кездің терминологиясының социализм орнатушылардың талаптарына сәйкес әлеуметтік-таптық болуы керектігін баса айта отырып, комиссия жұмысын сынға алады. «Қазақстанда терминологияны қалыптастырумен бірнеше жылдан бері Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдістемелік кеңесінің терминологиялық комиссиясы айналысып келеді. Алайда бұл мәселеде осы күнге дейін біз әлі айқын марксистік ұстамды методологиялық нұсқаманы (установка) көре алмай келеміз. Жұмыстары бейберекет жүргізіліп келеді»<sup>310</sup> – дейді ол. Автор мақаласының басынан бастап ұлттық тіл құрылысындағы, оның ішінде қазақ терминологиясын қалыптастырудағы негізгі нұсқамаларды қайта қарау міндеті тұрғанын атап айтады. Қазақстандағы терминология комиссиясының Кеңес Одағының ұстанып отырған саяси курсына сәйкес бетбұрыс жасамай келе жатқанын, марксистік методологияны негізге алмағандықтан бұл саладағы жұмыстардың дұрыс бағытта жүргізіліп жатпағандығын айта келіп, ол «Атаулар сөздігі» де сондай жүйесіз жұмыстың нәтижесі деп ұғындырғысы келеді.

Сөздікке кең тараған (*полигон*) терминдер енбей қалып керісінше, өте

сирек қолданылатын (*гексагон, энзим, автаркия*) терминдер енгізілгендігі;

Терминологияға қатысы жоқ жалпы тілдің сөздігінде берілуге тиісті *азарт, бесплатно, босяк, вдребезги, вечно, вещь, взгляд, вяло, жадный, желание, младенец, меньше, картина, неуклюжий, обучающий, пьяница, раз, удивление* сынды сөздердің де берілгендігі;

*Священник, знахрь, монастырь, патриарх, панихида* тәрізді діни атаулар мен басқа да қажетсіз (терминологический хлам) сөздерге орын беріліп, есесіне революциямен бірге қолданысқа енген *диктатура, большевик, ленинизм, марксизм, революция, пятилетка, комсомол, непрерывка, соревнование, ударник, ударничество, бригадир, обезличка, трактор* сияқты сөздердің аластатылуы;

*Роман, повесть* атауларын *готап* түрінде, *финансы, деньги* сөздерін *ақша* және *атмосфера, воздух – ауа*, тағы да осындай түрлі ұғым атауларының бір ғана сөзбен аударғандығы;

Сондай-ақ халықаралық терминдердің ұлт тіліне аударылғандығы мен терминдердің түрліше жазылғандығы Е.Кротевичтің сын мақаласында сөздіктің кемшіліктері ретінде атап көрсетіледі. Ол *базис(түп негіз, тірек), библиотека (кітапхана), гараж (гэраж, аптамабел албары), делегат (өкіл), диктатор (әмірші, әмір иесі, дектатыр), документ (ыспаттама), пианино (күй сандық), теория (қисын), транспорт (қатынас көлік, тыранспорт)* сынды халықаралық терминдерді аударуға болмайды, бұл сөздер қазақ тілінің азаматтығын алған дей келіп, «Это явление – нездоровое. Это свидетельствует о нацдемовской политике авторов, работающих над составлением словаря казакской терминологии» - деген тұжырым жасайды. Сөз соңында ол қазақ терминологиясы дамуының бағыт-бағдарын социалистік қоғамның даму үрдісіне сәйкес өзгерту қажеттігін атап көрсетеді. Автордың өз сөзімен айтқанда «Пересмотр и создание терминологии должны вестись в темпах, соответствующих общим темпам нашего социалистического строительства...»<sup>311</sup> - делінген.

М.Қайыпназарұлы да «Термин кемесиесі бұл сөздікте ентернасаналдық сөздерін аударуға келмейтіндеріне қазақ тонын кійгізіп барып алуға тырысқан, бұл дұрыс сайасат дей алмаймыз» – дейді. Ол 1932 жылы 10 қазанда «Социалды Қазағыстанда» жарияланған «Қазақ тілін өркендетуге басшылық күшейтілсін» деп аталған мақаласында алаш ордашылдық теорияларға тиісті соққы берілмегенін айта келіп, Қ.Кемеңгерұлының редакторлығымен жарық көрген «Орысша-қазақша тілмашты» да, «Атаулар сөздігін» де алашшылоқығандардың ықпалымен ұлтшылдық бағытында жасалған сөздіктер ретінде сынға алады. Оның келтірген мысалдары Е.Кротевичтің мақаласынан алынғаны, өзінің сөздікпен таныспай-ақ сын айтып отырғаны байқалады. Оны «Кәмуна деген сықылды қазақтың өз сөзіндей болып кеткен ентырнатсаналдық сөздердің де сөздікте аудармасы бар көрінеді» деген өз сөзінен де аңғауға болады. Автор Ә.Бөкейханұлы мен Е.Омарұлының аудармаға, халықаралық терминдерді қабылдауда көп зиянын тигізгенін, А.Байтұрсынұлының «үндестік заңы» мен

Х.Досмұхамедұлының жат сөздерді қабылдау қағидаттарының қазіргі заман талабына қарсы екенін айта отырып, жаңа бағытқа сәйкес сөздіктер жасау керектігін, «қазақ тілі құрылысына бәлшебектік басшылық ету» қажеттігін атап көрсетеді<sup>312</sup>.

Бұл сөздік туралы 60-жылдары белгілі лексикограф ғалым Ш.Сарыбаев та пікірін білдірді. «Әрине, бұл дәуірде пуризмнің кейбір элементтері, сарқыншақтары болды. Мысалы, *председатель, интеллигенция, секретарь, авиация*, сияқты сөздер сол орысша күйінде жазылмай, *төраға, зиялы, аға* (орталық комитеттің ағасы), *әуе кемесі* түрінде қазақшаланып алыныпты. Орыс тілінен аударылмай алынуға тиісті сөздерді ретсіз аудару беру тәжірибесі әсіресе сол уақыттағы терминологиялық сөздіктерге тән еді. Мысалы, 1931 жылы Қызылордада басылып шыққан терминологиялық сөздікте мынадай аудармалар кездеседі: палач – *жәлләт*, партизан – *аламан*, переводчик – *тілмаш*, пианино – *күй сандық*, предисловие – *дәйектеме*, пролетарская демократия – *пұрылтариат бұқарашылдығы*, публицистика – *жұртышылдық (қоғамшылдық)*, диалектический материализм – *диалектика затшылдығы*, идеализм – *мұратшылдық*»<sup>313</sup> – деп жазады ғалым.

«Атаулар сөздігі» туралы жазылған мақалар мен рецензияларда орынды айтылған сын ескертпелер, ұсыныстар аз емес. Алайда сөздік туралы пікір білдіргендердің оның сапасы, келесі басылымы жақсарсын деген ниеттен гөрі оны түзуші авторлардың ұстанып отырған бағытының бұрыстығын, ендігі жерде қазақ терминологиясын бұл бағытта дамытуға болмайтынын дәлелдеуге бейілді екендігі айқын аңғарылады. Сондықтан да сөздіктің жақсы жақтары туралы айтылмай, кемшіліктер ғана теріліп, біржақты сынға жол беріледі. Терминологиялық комиссия жұмысының жетістіктері жөнінде де сөз болмайды. Керісінше, олар комиссияның солақай саясат ұстанған алашшыл, ұлтшыл, пуристерден құралғандығын, социалистік қоғамға зиянды жолға бастап отырғандығын дәлелдеу арқылы, ендігі жерде жарқын болашаққа апаратын бағытты таңдай отырып, терминологиялық жұмыстардың жаңа арнаға бұрылуы керектігін айрықша атап өтеді.

Сөздікті түзушілер «Зымыраған ұшқыр өмір күбе-күнгі керекке жұмсауға дайын тұрған тіл қаруын керек қылды. Сонымен аз күннің ішінде тездетіп, осы пән сөздігін құрастыруға тырыстық. Бұл құрастырылған пән сөздерінде талай кемшіліктер бар. Үйткені әр ғылымның тарауынан өзіне жүйрік кісілер шықпай, пән сөзі түзелмек емес» – деп, алғы сөзінде бұл басылымның қажеттілікке байланысты аз ғана уақыттың ішінде баспаға ұсынылғанын, ғылым мен техниканың түрлі салалары бойынша білікті мамандардың жетіспеуінен орын алап отырған кемшіліктердің бар екенін, келесі басылымдарда оларды түзету керектігін атап көрсетеді. Елдің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып,

312 *Қайытназарұлы М.* Қазақ тілін өркендетуге басшылық күшейтілсін// «Социалды Қазағыстан». 10 қазан 1932. №232.

313 *Ш. Сарыбаев.* 1920-1930 жылдардағы әдеби тілдің тарихына қатысты кейбір мәселелер (Мерзімді баспасөз материалдары негізінде)//қазақ тілі мен тарихы диалектологиясының мәселелері. 5-шығуы. –Алматы, 1963.

білім беру мен ұлттық ғылымды өркендету жолында аянбай тер төккен санаулы ғана қазақ зиялылары бір мезгілде сан саланың ісіне араласуына тура келді. Олардан уақыт соны талап етті. Қазіргі кезеңде алаш зиялыларының мұрасын зерттеп, жарыққа шығарып жүрген тілші, тарихшы, әдебиетші, саясаттанушы, философ ғалымдар мен басқа да сала мамандарының қай-қайсысының еңбектерін алып қарасақ та, олардың білім беру мен ғылым, тіл мен әдебиет, діл мен дін, ел мен жер, өнер мен салт-дәстүр мәселелерінде табандылық танытып, салиқалы саясат ұстанғанын, мемлекет мүддесіне, ұлт мүддесіне барынша адал болғандығын атап көрсетіп жүр. «Ұлттық элита, зиялы қауым өз жұртына осылай қызмет етуі қажет» деген ой ғалымдар тарапынан жиі айтылып, олардың еңбегі елге қызмет етудің жарқын үлгісі ретінде ұсынылып та келеді. Жалпы қоғам дамуының әр кезеңі тарихта араға уақыт салып барып таразыланып жататынын ескерсек, мұны алаш зиялыларының қызметіне бүгінгі күн тұрғысынан берілген әділ баға деуге негіз бар.

Қазақ терминографиясының тарихында өзіндік орны бар «Атаулар сөздігі» өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы термин шығармашылығы мен терминологиялық сөздік түзу ісінің кезеңдік келбетін, терминология комиссиясының жұмысы мен алаш зиялыларының ұлттық терминқор қалыптастыруда ұстанған ұстанымдарын көрсететін нақты тілдік-тарихи дерек ретінде қала бермек.

### **III . 2.4. Қазақ тілі мен оның терминологиялық қорын дамытудағы білімпаздар съезінің алатын орны**

Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі ХХ ғасыр басындағы Қазақстанның рухани-мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды. Бұл съезд 1924 жылы маусымның 12-18 күндері аралығында Қазақ АССР-інің сол кездегі астанасы Орынбор қаласында өтті.

Съезге Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Елдес Омарұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Нәзір Төрөкұлұлы, Телжан Шонанұлы сынды белгілі қазақ зиялылары қатысып баяндама жасауы, сөз сөйлеуі өткен ғасыр басында болған бұл алқалы жиынның салмағын аңғартса керек.

Съез жұмысына Мәскеуден, Қазақстан оқу комиссариатынан, Түркістан, Бұқар, Хорезм аймақтары қазақтарынан, Қостанайдың, Семейдің, Оралдың, Бөкейдің губернелік оқу бөлімдерінен, Қазақстан ғылым ордасы, ғылым қауымы, жалпы ресейлік кеңес қызметкерлерінің қазақстандық бөлімінен, Компартияның Қазақстандық комитетінен шақырылған делегаттардың, қырғыз ағайындар мен Башқұртстан өкіметі өкілдердің қатысуы оның ауқымының кеңдігін көрсетеді.

Білімпаздар съезіне қазақ зиялылары тарапынан үлкен мән берілгенін, қазақ қоғамының даму тарихында оның айрықша екендігін съезді ашып, оған төрағалық еткен Қазақстан оқу комиссары Нұғыман Зәлиұлының: «Қазақ

қазақ болғалы мұнан бұрын мұндай съездің болмағанын; бұл съезд қазақ-қырғыз халқы білімпаздарының тұңғыш съезі болғандықтан мұның жұмысы аса мағыналы, елге аса пайдалы болуға тиіс екенін; Жана: Бұрын патша өкіметі заманында мұндай съездің болуы мүмкін де емес болғанын» атап өткен құттықтау сөзінен де аңғаруға болады. Әрине, тұңғыш рет білімпаздардың басын біріктіріп қазақ ғылымының, білім беру, оқыту жүйесінің маңызды мәселелерін елдің бүкіл аймақтарын қамтыған салиқалы жиында сөз еткен бұл съездің тарихи мәні зор екендігі дау туғызбайтын шындық.

Съезде жазу ережелері, әліпби мен қазақша пән сөздер мәселесі, ауыз әдебиетін жию шаралары, ғылыми және оқытуға арналған кітаптарды шығару, бастауыш мектептің бағдарламаларын дайындау мәселелері қаралды. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінің материалдарынан филологтар, педагогтар, әдіскер мамандар және ғылым тарихын зерттеушілер ғылыми құндылығын еш жоймаған тұжырымдар мен құнды деректер табады деп ойлаймыз. Бұл съезде әсіресе тіл мәселесіне айрықша көңіл бөлінген. Съездің күн тәртібіндегі негізгі алты мәселенің үшеуін яғни тең жартысын тікелей тіл мәселелері құрайды. Әліпби, терминология, жазу ережелеріне арналған баяндамалар мен соларды талқылауға қатысып, жарыссөзге шығып сөйлеген делегаттардың сөздері барлығы 118 беттен тұратын кітаптың үштен екісін 90 бетке жуығын қамтиды. Сондай-ақ кітаптың қалған бөлігінде де тілді оқыту, сауатты жазу сияқты тілге қатысты ойлар мен тұжырымдар аз кездеспейді. 12-18 маусым аралығында жеті күнге созылған съездің бес күнінде (12-сінен 16-сы күні кешке дейін) тіл мәселесі сөз болған. Сондықтан да қазақ тілінің өзекті мәселелерін алқалы жиында алғаш сөз еткен бұл съездің ұлттық тіл білімінің даму тарихында өзіндік орны бар екендігі дау туғызбасы анық. Сол себепті ең алдымен тілші-ғалымдар үшін тарихи әрі ғылыми мәні бар еңбек ретінде съезд материалдарының лингвистер қауымының кәсіби қызығушылығын туғызатындығы табиғи нәрсе болуға тиіс. Бізді де тіл маманы ретінде қызықтырған, кітапты араб графикасынан қазіргі жазуымызға түсіріп, қайта бастырып шығаруға себеп болған мәселенің осы қыры екендігін, жалпы қазақтың тіл ғылымының іргетасы қалана бастаған кезеңде жарық көрген бұл еңбекті қалың жұртшылықтың, зиялы қауымның, тілші-ғалымдардың, жас зерттеушілер мен филология факультеттері студенттерінің еш қиындықсыз таба алатындай болуы қажет деп санағандығымыздан екендігін айтқан жөн.

Съездегі жазу ережелеріне арналған бірінші баяндаманы Елдес Омарұлы жасаған. Маусымның 12-сі күні кешкі мәжілісте жасалған бұл баяндаманы 15-і күнгі түскі мәжіліске дейін 4 күнге жуық талқылаған. Елдестің баяндамасынан кейін оны талқылауға Ахмет Байтұрсынұлы, Нәзір Төрқұлұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Телжан Шонанұлы, Мұхтар Мырзаұлы, Манан Тұрғанбайұлы, Мұхтар Саматұлы, Ишанғали Арабайұлы, Молдағали Жолдыбайұлы, Николай Бутовский қатысып, олардың әрқайсысы өз дәлелдері мен тұжырымдарын ортаға салған.

Жазу ережелерінің талас тудырған мәселелерін жете тексеріп, дұрыс

пешу үшін, Ахаңның ұсынысымен арнайы комиссия құрылып, шешімді сол комиссия қабылдаған.

Ахмет Байтұрсынұлы төрағалық еткен бұл комиссияның құрамына Телжан Шонанұлы, Елдес Омарұлы, Мұхтар Мырзаұлы, Халел Досмұхамедұлы кірген.

Елдес Омарұлы баяндамасында жазу қағидаттары (принциптері) туралы сөз ете келіп, «Иауропа халықтарының көбінде жазу сөз жүйесінше түзелген; біз білетін орыс халқының жазуы да сөз жүйесінше. Біздің жазуымыз бұл уақытқа шейін дыбыс жүйесінше болып келді» – дейді. Елдес Омарұлының бұл айтып отырғаны – қазіргіше айтқанда жазудың морфологиялық және фонетикалық қағидаттары. Баяндамашы одан әрі дәлелдерін келтіре отырып, қазақ жазуы фонетикалық қағидатты басшылыққа алуы қажет деген тұжырым жасайды.

«Қазақша жазу жеңіл болу үшін де, дұрыс болу үшін де,- дыбыс жүйесінше болуы керек. Сондықтан біз жазу ережелерін тексеріп түзегенде, оның дыбыс жүйесінше болуын ескеруіміз керек. Біздің ұстаған негізгі жолымыз дыбыс жүйесі болуға тиіс.» – дейді баяндамашы. Баяндаманы талқылау барысында Николай Бутовский фонетикалық қағидатқа қарағанда морфологиялық қағидаттың тиімділігін айтып, Елдеске қарсы уәждер айтады. Қайта сөз алған баяндамашы онымен келіспейтіндігін былайша білдіреді: «Бутобскийдің мұнысы қата. Тілдің кетігі сол тілмен сөйлейтүн елде, бұқарада. Елдің тілі, сырттан бір төтенше себеп болмаса, еркімен өзгеріп, өркендей беруге тиіс. Мәселен қазақ тілі солай өзгеріп, дыбыстары тап-тапқа бөлініп, бірінен бірінің жігі ашылып шыққан, – қазақ тілінің олай өркендеуіне сырттан бөгеу болған жоқ, тілдің бұл өзгерісіне себеп болған: сол тілмен сөйлеген ел, сол елдің тұрмысы. Ноғай тілі олай өзгерген жоқ, ноғай тілінің дыбыстары бірінен бірінің жігі ашылмаған, – оның себебі жазу, әдебиет; Бутобскийше айтқанда,- жазудың арқасында ноғай тілі қазақ тіліндей, бұзылмай аман қалған – деуге болады. Дұрысында қазақ тілі бұзылған жоқ, – еркімен өзгеріп өңделіп шыққан; ноғай тілі олай еркімен өзгере алмай, жазу-әдебиетпен шегеленіп қалған. Жазудың, әдебиеттің қызметі: тілдің өзгерісіне әсер беру емес, сол өзгерістен қалмай еріп отыру, – болған өзгерісті қаттаб таңбалап отыру».

Жазу ережелеріне арналған баяндама бойынша жіктік жалғауының екінші жағы «сың» немесе «сын» болуы керектігі жөнінде қызу пікірталас болған. Елдес Омарұлының – *сың* тұлғасының ел ішінде кең тарағанын, ал Ахаңның азырақ қолданылғанымен тарихи тұрғыдан келгенде – *сын* дұрыс екендігін алға тартып, екеуінің де нақты өзге де дәлелдер келтіруі олардың мәселенің мәніне терең үнілгенін көрсетеді. Елдес баяндамасы бойынша ең бір ұзақ пікірталасқа арқау болған мәселе – **и** мен **у** дыбыстарының дауысты немесе дауыссыз екендігі.

Баяндамада көтерілген өзге мәселелер бойынша да осылай қызу пікірталас өрбиді. Баяндамашының негізгі ұстанымдарын қолдаушылармен қатар оның жекелеген ұсыныстарына қарсы уәж айтушылар да болған. Баяндамашының

ұстанымдары мен жарыссөзге шығып сөйлеушілердің пікірлерін сарапқа сала отырып, ақырғы шешімді съез сайлаған арнайы комиссия қабылдаған.

«Х», «ш», «ф», «һ» әріптері қазақ әліпбиінен шығару, сүйеу таяқ («а») жою, «ы» бітеу буында жазылмайды – деген ережені бұзу, «қ» мен «к» бір дыбыс, «ғ» мен «г» бір дыбыс, «қ» мен «к»-нің орнына бір әріп, «ғ» мен «г» нің орнына бір әріп алу, демеуліктердің жазылуы, үндестік заңына бағынбайтын «кер», «дікі», «паз» сықылды жұрнақтардың түбір сөзге жалғану тәртібі және т.б. мәселелер бойынша осындай қызу талқылаудан кейін 11 пункттен тұратын шешім қабылданады.

Съез материалымен танысқан адам талқылаудың ашық та тартысты, шынайы өткеніне көз жеткізеді. Бізде кейде қандай да бір мәселені талқылау барысында сол мәселеге тікелей қатысы бар ғылыми дәлелдерге тоқтаудан гөрі мәселеге тура қатысы жоқ жанама факторлардың, бедел мен атақ, лауазым немесе басқа да жекелеген себептердің жетегінде кетіп, жалпы ұлттық мүдде мен ғылыми қағидаттардан ауытқып, біржақты шешім қабылданып жататын жағдайлардың орын алып жататындығын өзімізден өзіміздің жасыруымыздың пайдасынан зияны көп болса керек. Бұл тұрғыдан келгенде де, өткен ғасыр басындағы алаш зиялыларынан үйренетін, үлгі алатын тұстарымыздың бар екендігін айтпасқа болмайды.

Бұл съезде сөз болған жазу мәселелерінің бүгінгі жазу ережелерімізден орын алып, оның негізін қалағанын, кейбір тұжырымдарының тіл ғылымының даму барысында жетілдірілгенін, енді бірқатар тұжырымдардың әлі де арнайы зерттеуді қажет ететінін айту керек. Сондай-ақ алаш зиялылары дұрыс белгілеген ғылыми тұжырымдар мен ережелердің ішінде кейінгі кезеңде кеңес одағының жүргізген саясаты мен компартия идеологиясының қойған талаптарына сәйкес келмейді деген желеумен ешбір ғылыми негізсіз әкімшіл-әміршіл жүйеге тән үстемдікпен орынсыз шеттетілгендері де бар. Сол себептен де алаш зиялыларының қалдырған лингвистикалық мұраларын жан-жақты зерттеудің маңызы зор.

Одан кейінгі әліпби мәселесіне арналған баяндаманы Ахмет Байтұрсынұлы жасаған. Ахаң араб графикасына негіздеп өзі түрлеген қазақ (түрік) әліпбиінің тиімділігін барынша жан-жақты дәлелдеп, өз жобасын ұсынса, Нәзір Төреқұлұлы латын әліпбиіне көшу керектігін, оның артықшылықтарын алға тартады. Алдымен Ахаңның ұсынысы бойынша қаулы қабылданса, артынша Зәлиұлы Нұғманның ұсынысы бойынша бұл мәселе қайта дауысқа салынып, түпкілікті шешім қабылдау келесі съездің қарауына қалдырылады. Жалпы латын әліпбиіне көшу мәселесі қайта көтеріліп отырған бүгінгі таңда қазақ зиялыларының сонау өткен ғасырдың басында айтқан ойлары мен келтірген дәлелдерін ескерусіз қалдыруға болмайды. Олардың сол кездің өзінде бүгінге дейін ғылыми құндылығын жоймаған пікірлер айтқанына осы еңбекпен танысқан, зиялы қауымның көңілі ояу оқырманның көзі жететіндігіне күмәніміз жоқ.

Ахаңнан кейін қазақша пән сөздерін (терминдерді) қалыптастыруға арналған баяндаманы тағы да Елдес Омарұлы жасайды.



Айрықша атап өтуді қажет ететін мәселенің бірі – тұңғыш рет қазақ терминологиясын дамытудың қағидаттары осы съезде белгіленді. Кезінде алаш зиялыларының аттарын атауға, олардың еңбектері туралы сөз қозғауға болмайтындықтан болса, олар ақталғаннан бергі кезеңде де түрлі себептермен, бірқатар тіл мамандары алғашқы терминология қағидаттары 30-жылдардың орта тұсында жасалды деп жазып жүр. Бұл пікірдің шындыққа жанаспайтындығына осы съез материалдары нақты дәлел бола алады. Терминология дамуының тұңғыш қағидаттары қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінің қаулысымен бекітілген. Бұл қағидаттар съез қаулысымен ресми бекітіліп қана қойған жоқ, алаш зиялыларын қуғын-сүргінге ұшыратып, істен шеттеткен отызыншы жылдардың басына дейін олар терминологиялық жұмыстарды жүргізуде басшылыққа алынды. Сол кезеңде жарық көрген «Орысша-қазақша әскерлік атаулары»(1926), «Пән сөздері» (1927), «Атаулар сөздігі»(1931) сияқты терминологиялық сөздіктердің барлығы осы қағидаларға негізделіп жасалған. 1925 жылы Қошкелі Кеменгерұлының редакторлығымен Мәскеуде жарық көрген «Қазақша - орысша тілмаш» деп аталған екі тілді сөздікке енген терминдер мен жаңа атаулар да осы қағидаттарға сәйкес жасалған болатын. Бұл қағидаттардың өмір талабына, тілдің даму үрдісіне сай келмейтін, ұлтшылдардың, алашшылдардың кертартпа, қате ұстанымы ретінде ғылыми дәлелсіз-ақ «дәлелденуі» КСРО-ның саяси курсына бейімделуді көздеген, әміршіл орталықтың тапсырмасын бұлжытпай орындаудан аса алмаған кейінгі кезеңнің жемісі еді.

«Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды; жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де, ішінде жат дыбысы бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді; сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, қат таныйтұн бұқара біздің жазған сөзімізге түсінбейтін болады. Ол болмай ойда жоқ бір керемет себептер болып бұқара оқығандардан қалыспай, жат сөздерді жат дыбыстармен бұлжытпай айта алатұн болып кетсе, - қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды.» - дейді Елдес Омарұлы.

Біз жат сөздерді қалың бұқараның жат қалпында бұлжытпай айтуы үшін, әліпбиімізді, жазу ережелерімізді, термин қабылдау, қалыптастыру тәртібімізді бәрін де икемдедік. Ұлт тілінің емес, жат тілдердің, жат сөздердің ыңғайына қарай икемдедік. Сол икемделген жолмен ұзақ мерзім бойы жүргендіктен, қазір соның «жемісін» жеп отырмыз. Жат сөздерді бастауыш мектептен бастап, білім жүйесінің барлық сатыларында оқытып, жаттатқызып, жұртшылықтың санасына құйғанымызбен, тіліміздің заңдылықтарын сақтап, ұлт тіліндегі термин шығармашылығын дамытуға дәрменіміз жетпей отыр. Елдестің осыдан сексен жылдан астам бұрын дұрыс айтылғанын «жақсы болмайдысының» тілдің тағдырын ойлап, біліп айтылған алаңдаушылық екендігіне бүгін көзіміз тағы жетіп отыр.

Елдес Омарұлынан кейін қазақша оқытатын төрт жылдық бастауыш мектептің бағдарламаларына арналған баяндаманы Телжан Шонанұлы жасаған. Ана тілі, шама тілі(сан жүйесі), табиғаттану, жертану, елтану, тарих, сурет пәндерінің оқытылу жайы, білім мазмұны, бағдарламалары туралы

қазір де қажетімізге жарататын құнды пікірлер мен ұсыныстар мұнда да бар. Мәселен, Телжан Шонанұлының «жағырапияны оқытқанда әуелі туған жер, сонан жақын маңайы, сонан кейін дүние жүзімен таныстыру керек» деген сөзі қандай орынды айтылған пікір. Осындайда кезінде біздің де өсімдіктанудан алдымен өз жерімізде өсетін жусан мен селеуді ажыратып, ермен мен алаботаның қандай өсімдік екенін біліп алмай жатып, жерімізде өспек түгілі атын естіп көрмеген папортниктер мен теңіз амебасын, тарихтан әз Тәуке мен Есім ханды, Қасым ханды, Абылай хан мен Кенесары ханды танып алмай тұрып, Наполеон мен І Петрдің кім екенін, Киев рүсінің тарихын білуді міндеттейтін бағдарламалармен оқығанымыз есімізге түседі. Қазақ зиялылары тарапынан білім-ғылымға қатысты ғасыр басында-ақ дұрыс көрсетілген осындай көптеген мәселелердің орынсыз бұрмаланып, шолақ белсенділік пен саяси сыңаржақтыққа жол берілгені ұлттық болмысымыз бен білім жүйесіне қаншама кесірін тигізді.

Съезде сондай-ақ қазақтың ауыз әдебиетін жию, оқу құралдары мен оқулықтарды, ғылыми кітаптарды бастырып шығару, мұғалімдер даярлайтын техникумдер мен институттардың мәселелері де сөз болған.

Съездің президиум мүшесі, соңғы күні съез жұмысына төрағалық еткен қырғыз халқының өкілі Ишанғали Арбайұлы қорытынды сөзінде «Бұл сіиез бұрын-соңды болмаған, қазақ-қырғыз қалқының ғылым мәселелерін бастап ауызға алған, қазақ-қырғыз білімпаздарының бастап бас қосқан тұңғыш сіиезі болды. Бұл сіиездің маңызы зор, қызметі айрықша. Сіиез негізді мәселерді шешті, елдің болашағына жөн сілтеп, жол салды...» – деген екен.

Мұны ешбір талассыз съездің білім-ғылым тарихында алатын орны мен маңызын түсіне отырып дер кезінде әрі өте орынды айтылған сөз деп білеміз. Одан бері де арада бір ғасырға жуық уақыт өткеніне қарамастан қазақ зиялыларының көтерген мәселелері, жасаған тұжырымдары ұлттық ғылым мен білім жүйесінің, оның ішінде, тіл ғылымының дамуы үшін маңызын жоймай отырғанына, олардың о баста білімдарлықпен негізін берік қалаған ілімдерінің әлі де қажетімізге жарай беретініне еш күмән келтіре алмаймыз.

### Қорытынды

Қазақ терминологиясы өзінің даму тарихында бірнеше кезеңдерден өтті. Біз сол кезеңдердің әрқайсының басты сипатын, өзіндік ерекшеліктерін анықтау арқылы ғана қазақтың терминтану ғылымының дамуы мен ұлттық терминологиялық қорымыздың қалыптасу тарихын ғылыми тұрғыдан толық зерделей алмақпыз. Бұл тұрғыдан қарағанда бірқатар ізденістер, жекелеген жарияланымдар болғанымен, терминология дамуының әр дәуірін жан-жақты сипаттап, таратып талдап бере алатындай жүйелі зерттеу жұмыстары күні бүгінге дейін жарық көре қоймады. Терминологиямыздың дамуына назар аударма бастасақ, XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары қазақтың ғылым тілінің, ұлттық терминологиялық қорының қалыптасуындағы айрықша

кезең екендігіне көз жеткіземіз. Сондықтан біз қазақ терминологиясы қалыптасуының XX ғасыр басындағы бір кезеңін арнайы қарастырып, соның негізінде төмендегідей қорытындыға келіп отырмыз.

- XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы дамуының басты ерекшелігі – төл лексикалық байлығымызды барынша тиімді пайдалана отырып, терминологиялық қорды ұлттың өз тілі негізінде қалыптастыру болды.

- Осы кезеңде терминологияны дамытудың тұңғыш ғылыми қағидаттары жасалып, съез қаулысымен ресми бекітілді.

- 20-жылдары ғылыми терминологияны жасап, қалыптастыру стихиялы түрде жүзеге асырылмай, терминологиялық жұмыстарды мақсатты, жүйелі жолмен жүргізу қолға алына бастады. Термин комиссиясы құрылып, онда шоғырланған мамандар қазақша терминдерді жасау, іріктеу, көпшілікке ұсыну ісімен айналысты.

- 20-30-жылдар аралығында ғылымның бірқатар салалары бойынша қазақ тіліндегі тірек терминдердің негізгі қоры жасалды. Олардың көпшілігі сол жылдары жарық көрген төл оқулықтар арқылы қолданысқа енді.

- Түркі халықтарына ортақтығы мол терминологиялық қор қалыптастыру мен туыстас тілдер арасындағы өзара терминалмасу мәселесін көтерген, бұл бағытта алғаш нақты қадамдар жасаған алаш зиялылары болды. Түркітілдестердің өзара терминалмасу мәселесі қазақ білімпаздары ресми қабылдаған ұлттық терминологияны дамыту қағидаттарының бірі ретінде белгіленді және осы қағидат бүкілодақтық түркология сиезінің мінберінен өзге түркі халықтарына да ұсынылды. Алаш оқығандары туыстас түркі тілдерін термин алуға болатын қазақ тілі үшін ең жақын сыртқы қайнаркөз ретінде таныды.

- Алаш зиялылары әлем тіліне кең тараған халықаралық терминдерді қазақ тілінің дыбыстық-құрылымдық ерекшеліктеріне бейімдеп қабылдау қажет деген қағидатқа тоқталды. Олар қазақ тілінен ғылыми ұғымды атауға лайықты сөз табылмаған жағдайда ондай атауларды туысқан түркі тілдерінен алу қажет деп санады. Туыстас тілдерден де ғылыми ұғымды дәл беретіндей атау табыла қоймаған жағдайда ғана еуропа халықтарының тілдеріне кең тараған терминдерді қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бағындырып қабылдау жолын ұстанды.

- XX ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ терминологиясын жасау, қалыптастыру, оның даму бағытын белгілеу ісіне аса көрнекті тілші-ғалым, ұлт қайраткері А.Байтұрсынұлы басшылық жасады.

- А.Байтұрсынұлы қазақ тілінде термин жасаудың ұлттық үлгілерін айқындап (нац. терминомодель), оларды термин шығармашылығында пайдалану жолдарын көрсетті.

- А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің, қазақ әдебиеттану ғылымының терминологиясын жасап, қолданысқа енгізді.

- А.Байтұрсынұлы терминологиялық жұмыстардың бүкіл ел көлеміндегі жүргізілуіне, үйлестірілуіне басшылық етті. Ол – терминология комиссиясының (термин кемесіесі) тұңғыш төрағасы.

• ХХ ғасыр басында алаш зиялылары ұлттық ғылым тілін қалыптастыруды өздеріне міндет санап, термин қорды қазақ тілі негізінде жасауға жұмыла атсалысты. Олар ғылыми еңбектері мен оқу құралдарын қазақ тілінде жазып, термин шығармашылығында ұлт тілін барынша ұтымды пайдалана отырып, әрқайсысы жекелеген ғылым салаларының қазақша терминдерін жасады.

- А. Байтұрсынұлы – тіл мен әдебиет, Е. Омарұлы – геометрия мен физика, Х. Досмұхамедұлы – табиғаттану және зоология, Ж. Күдеріұлы – өсімдіктану, Ж. Аймауытұлы – психология, М. Жұмабайұлы – педагогика терминологиясының негізін қалады.

ХХ ғасыр басында термин, терминология мәселелері жөнінде алғаш арнайы сөз болып, оның пән ретінде қалыптасуына алғышарттар жасалып, негіз қалана бастады. А. Байтұрсынұлы, Е. Омарұлы, Х. Досмұхамедұлы, Н. Төрекұлұлы, М. Әуезұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Дулатұлы термин мен терминологияның ғылыми-теориялық, практикалық және ұйымдастыру мәселелерін арнайы сөз еткен ғылыми, ғылыми-танымдық және публицистикалық еңбектер жариялады.

ХХ ғасырдың басы – қазақ тіліндегі терминологиялық сөздіктер жасау ісі жанадан қолға алынып, қазақ терминографиясының бастау алған кезеңі болып табылады. «Пән сөздері», «Орысша-қазақша әскерлік атаулары», «Атаулар сөздігі» сияқты сынды алғашқы терминологиялық сөздіктер осы кезеңде жарық көрді.

Біздің терминологиямыздың ХХ ғасырдың басындағы дамуын кімдердің жүзеге асырғанына қарай – «қазақ терминологиясының алаштық кезеңі», ал жалпы сипатына, көздеген мақсатына қарай – қазақ тіліндегі термин шығармашылығына негізделген «ұлттық терминологиялық қор қалыптастыру кезеңі» деп атауға болады. Себебі бұл уақытта терминологияны дамытудың бағыт-бағдарын, басшылыққа алатын қағидаттарын алаш зиялылары белгіледі. Терминдерді қазақ тілінде жасап қолданысқа енгізгендер де, терминологиялық жұмыстарды атқарғандар да солар болды. Бұл кезеңге тән басты ерекшелік – терминологиялық қорымыздың негізгі бөлігін қазақ тілінде жасау, тілдің ішкі байлығын барынша тиімді пайдалану.

### Қосымша

30-жылдарға дейінгі термин қор қалыптастыру үрдісінің өзіндік ерекшелігін айқындап, қазақ тіліндегі термин шығармашылығының бағытын бағамдап, термин жасам тәжірибесіне үңілу үшін сол кезеңде жасалған терминдермен танысуға тура келеді. Төменде аталған кезеңде түрлі газеттер арқылы жұртшылық талқысына ұсынылған және Қазақстан Оқу комиссариатының білім секциясы бекіткен пән сөздері беріліп отыр. Бұл атаулардың арасынан сұрыптап алып, пайдалануға болатын сәтті терминдерді бүгін де табуға болды деп білеміз.

**Мынау пән атаулары дұрыс па?**

- Абзац – сымбал  
Абонамент – абанамент  
Абрикос – өрік (кептірген өрік)  
Абсентеизм – сырдан  
Абцесс – шірінді  
Абулия – әлсіздік  
Авантаж – пайда  
Авантюра – аламан (аламандық)  
Авнтюрист – аламан  
Авгур – балгер  
Авиатор – ұшушы  
Авиация – ұшушылық  
Авианосец – ұшқыр кеме  
Авиомаяк – әуе маяк  
Авиотранспорт – әуе жолы  
Аврора – таң шапағы  
Автаркия – желбуаз  
Автобиография – өз өмірін жазу  
Автогенез – өз бетінше есею  
Автограф – аптыржазу  
Автопруг – аптасоқа  
Автор – аптыр  
Авторское право – аптыр еркі  
Автосани – апташана  
Автотранспорт – аптакірекеш  
Агглютинативные языки – жалғамалы тілдер  
Аглометр – түрлі жыныстар (біріккен)  
Агония – өлім жазасы  
Аграмант – таңдайлау  
Аграф – қаптырма  
Агрессивный – үдемелі  
Агрономическая помощь – ағыраномдық көмек  
Аграрная политика – жер саясаты  
Аграрный закон – жер заңы  
Аграрный кризис – жер дағдарысы  
Аграрная реформа – жер өзгерісі  
Адвокат – атпекет  
Административное право - әкімшілік еркі  
Азбука – әліппи  
Азойская эра – жәндіктерден бұрынғы заман  
Айрширская порода – мөшке сиыр тұқымы

- Аккомпонимент – үн қосу  
Аккорд – шырқау  
Аккумуляция – қорлану (електір)  
Акциз – жапсырма салық  
Алфавит – әліппе  
Альтиметр – биіктік өлшеуіш  
Алый – қанқызыл  
Альманах – әлманақ  
Альвеолы – тіс қуысы  
Альбинизм – түсі айнушылық  
Альбумин – жұмыртқаның ағы (уыз)  
Альпийские растения – тау өсімдіктері  
Альпинизм – тау кезушілік  
Альт – нәзік үн  
Алой – дәрі шөп  
Аменоррея – етеккірі тоқталу  
Аморфный – қырсыз (түрсіз)  
Ампутация – оташылық  
Амфистомы – бүйен құрты  
Анабиоз – жәндіктердің қайта тірілуі  
Анастомоз – жүйке торабы  
Ангар – қоналқа  
Андромания – жеру (аурулы күй)  
Анестезия – аурықсынбау  
Анкета – әнкет  
Анналы (летопись) – заман жазу  
Аноним – тұйық  
Анонимное письмо – тұйық қат  
Антисанитарный – былапыт  
Антисептика – шірітпеу  
Антисептическое средство – шірітпеу амалы  
Античное искусство - әнтік өнері  
Антракт – тыныстау  
Антропография – адам нәсілін әліптеу  
Антропофагия - кісі етін жеушілік  
Аннулировать – бұзу  
Анурия – несеп тоқталу  
Апатия – меңзең  
Апогей – шарықтау  
Апокрифический – алғаң  
Апоплексия – миға қан құйылу  
Апорт – апорт  
Апостроф – дәйекші

Апостериорный – тәжірибе мен айыратын  
 Аппендицит – кірне  
 Априорный – сана мен айыратын  
 Арена – майдан  
 Арматура – аспап  
 Архегоний – аналық  
 Арьергард – артқы әскер  
 Аскетизм – сопылық (нәпсі тыюшылық)  
 Аскет – сопы  
 Ассимиляция – ымыралау  
 Атеизм – дінсіздік  
 Атрофия – нәр алмау  
 Аудиенция – ресми жолығу  
 Афоризм – нақыл  
 Ахроматизм – түссіздік  
 Аэрология – әуе ғылымы  
 Аэронават – әуеде қалқу  
 Аэропочта – әуе пошта  
 Аэросани – әуе шана

Осы көрсеткен атауларға қарсы болған кісілер, өздерінің тапқан мағаналырақ пән атауларын оқу кәмесиесінің білім кеңесіне жіберіп, пікірлерін ескертуін сұраймыз.

*Тіл кәмесиесінің қатшысы Әлкей Марғұлан  
«Еңбекші қазақ» 1930. 14 март № 60 (1665)*

### Осы пән атаулары дұрыс па?

Забой – забой (кен орны)  
 Забойщик – кен қазушы (забойшы)  
 Забол ривание почвы –  
 Заводская книга – тұқым кенеге  
 Загон – түнек – шарбақ  
 Заготовительная цена – даярлау баға  
 Заградительный огонь – жау бөгейтін от  
 Задачник – есептік  
 Заказ – заказ  
 Законодательная власть – заң шығару орны  
 Законодательная инициатива – заң шығару иелік  
 Закономерность –  
 Законоположение – салынған заң (жол)  
 Законопроект – заң жобасы  
 Закон убывающего плодородия – жер сүмесінің кему заңы  
 Заливные луга – қорық

- Залепсь – 1) қордалы кен; 2) тыңайту (жерді)  
Залежная система полеводства – жер тыңайту жүйесі  
Замещение (хим.) – ауыстыру  
Замкнутое хозяйство – бұйығы шаруа  
Заочное обучение – сырттан оқу  
Заочное решение – сырт билік  
Зарница – найзағай (жасыл)  
Зародышевая плазма – тұқымдық шарана  
Засухоустойчивость – құрғаққа төзімді  
Затон – затон (тығырық)  
Затор – іркілу  
Захватное землевладение – жерді тартып алып иемдену  
Затуги – толғақ  
Зачаток – басталу  
Защитная окраска – сақтаушы түс  
Звездная система – жұлдыз қотаны (құрысы)  
Звездное скопление – жұлдыз шытырманы  
Зверинец – аң көрмесі  
Звероводство – аңшылық  
Звукоподражание – дыбыс еліктеуі  
Звукопроводность – дыбыс өтерлік  
Зебра – ала құлан  
Зеленое удобрение – көк пен өңдеу  
Зеленое насаждение – көк егу  
Зеленый корм – көктем (көк шөп)  
Зеленая рента – жер ренті  
Земельное общество – жер қоғамы  
Землеведение – жер су тану  
Земледельческая артель – егіншілік әртел  
Земледельческая машина – егіншілік мәшине  
Землеройка – көртесер  
Землечерпание – жер аршу (көз аршу, кен аршу)  
Землечерпательница (землечерпалка) – жер қазғыш  
Землесос – терендеуіш  
Земельный участок – жер танабы  
Земляника – қайың бүлдірген (жидек, жиде)  
Землячество – жерлестік  
Зерно – дән, тұқым, ұрық  
Зерновой влагомер – астық дымын өлшеуіш  
Зерноочистительная машина – тұқым тазартатын жер  
Зерноочистительный пункт – тұқым тазартатын жер  
Зернодробилка – дән жарғыш (уатқыш)  
Зерносушилка – тұқым тобартқыш



- Зернотрест – зернатірес  
 Зернохранилище – тұқым қоймасы (астық қоймасы)  
 Зефир – 1) қоңыржел; 2) зепір (сарша-матай)  
 Зимаза – аштқы (қор)  
 Злободневный – қыл үстіндегі  
 Знаки препинания – жазу белгілері  
 Знахарь – дауашы  
 Зодукальный свет – ақтанлақ  
 Золотопромышленность – алтын кесібі  
 Зоология – залогие («жануарлар»)  
 Зоогеография – айуанат жағрапиясы  
 Зоооигиена – зауагегиене  
 Зоопалентология – зауапаленталогие (тұқымдары құрыған айуандызер,  
 ғылым)  
 Зоопатология – зауапаталогие (айуан ауруын қарастыратын ғылым)  
 Зоопозы – айуанат ауруы  
 Зоопсихология (псих. животных) – зауапсикалогие (айуанат өмірін  
 қарастыратын ғылым)  
 Зоологический сад (зоол. парк) – залогие бағы  
 Зоологическая станция – залогие ыстансасы  
 Зоотехника (зоотехния) – зауатекнике  
 Зрения – көру  
 Зрительная труба – көру дүрбісі  
 Зрительный нерв – көз тамыр  
 Зритель – қараушы  
 Зубчатые колеса – тісті дөңгелек  
 Земная кора (литосфера) – жер қабығы  
 Земной магнетизм – жер мәгниті

*Әлкей*

*«Еңбекші қазақ» 1930. 7 апрель №79 (1684)*

### **Осы пән атаулары дұрыс па?**

- Навозная жижа –  
 Наглядный метод – төндірмелі әдіс  
 Наглядное пособие – төндіріс құрал  
 Накануне – қарсаң  
 Нанизм – қортық (мал туралы)  
 Напластование (наслоение) – қатталу (қабатталу)  
 Наркодиспансер – есірік деспансыр  
 Наркоз – елтіру (талдыру, елтітіп ұйықтату)  
 Наркотин – елтіткіш  
 Наркомическое вещество – елтіткіш заттар  
 Наркомическое растение – елтпе өсімдік

- Народоведение (этнография) – қалық тану  
Нарывный газ – күйдіргі ғаз (улы ғаз)  
Насекомые – құрт-құмырсқа  
Наследие – мұра  
Наследственные болезни – тұқым куалаған дерт (мирасты ауру)  
Натура – натыр (табиғат, мінез, құлық)  
Натурализация – натурлау  
Натурализм – натуршылық  
Натуралист – натуршы  
Натуральное хозяйство – натур шаруа (піспеген шаруа)  
Натуральный налог – натур салық  
Натуральные повинности – натуралы міндеттер  
Натуральный доход – натуралы кіріс (түсім)  
Натуральный логорифм – натурлы лоғарыпым  
Натуральный обмен – натур айырбас  
Натурфилософия – натурпәлсапа  
Натурщик(ца) – натуршы  
Научная организация труда – ғылыми ұйымдасқан еңбек  
Научно-исследовательский институт – ғылым-зерттеу үнстеті  
Научный труд – ғылыми еңбек  
Нафтеиновые кислоты – мұнай қышқыл  
Нафтенy – нәптен (мұнай)  
Нафтолы – нәптел  
Национализация земли – жерді мемлекеттікілендіру  
Национализация промышленности – өндірісті мемлекеттікілендіру  
Национальное самоопределение – ұлт еркіндігі  
Национально-каолиционная партия – ұлт билік партиясы  
Национально-культурная автономия – ұлт мәдениет аптаном  
Национально-территориальная автономия – ұлт жерлік аптаном  
Национальное меньшинство (нацмен) – аз ұлттар  
Национальное формирование – ұлт әскерін құру  
Национальный конгресс – ұлт кәнгресі  
Небесная сфера – көк айдыны  
Небесные координаты – аспан (көк) кәрдинаттары  
Небоскреб – заңғар үй  
Неврастения – жүйке бұзылу (жел ауру)  
Неврология – жүйке ғылымы  
Невропотология – жүйке ауру ғылымы  
Негритянский вопрос – зеңгі (негір) мәселесі  
Нейрология – нейрәлогие (жүйке торабын тексеретін ғылым)  
Некробиоз – некребез  
Некроз – некрез  
Некролог – некрелок

- Некратия (этногр.) – аруақ шақыру  
 Нектон – суда жүзушілер (жәндіктер)  
 Немой обмен – мылқау айырбас  
 Неквалифицированный труд – ысылмаған еңбек  
 Необходимое рабочее время – күнкөріс азығының мезгілі  
 Необходимый продукт – күнкөріс азығы  
 Необходимый труд – күнкөріс еңбек  
 Неокантианство – жаңакантшылық  
 Неолит – жаңатас дәуірі (соңғы тас дәуірі)  
 Неоплатонизм – жаңа аплатоншылық  
 Неоромантизм (неоромантика)  
 Неотропическая область – жаңа ыстық өлейет (оңтүстік, орталық Әмерике)  
 Непарнокопытные – бітеу тұяқтылар  
 Неплатежеспособность – төлей алмайтындық (шамасы келметйт)  
 Неопознаваемое (филос.) – ұғылмайтын (күдікті)  
 Непорочное зачатие – қайыптан шығу (басталу, жаралу)  
 Неправосудный приговор – әделетсіз үкім  
 Непрерывное поточное производство – үртіс өткізбелі өндіріс  
 Непрерывное производство – үртіс өндіріс  
 Непроизводительное потребление – өндіріссіз тұтыну (ұстау) (жатып жұмсау)  
 Непроизводительный труд – өнімсіз еңбек  
 Непроходимость кишок – шек түйілу  
 Нептун – нептун (пыланет)  
 Нетунизм – нептүншілік (тау, жер жынысының асылы мұқит суынан алынды деушілік)  
 Нервная ткань – жүйке өрмегі  
 Нервность – жүйке ауруы  
 Нервные болезни – жүйке ауру (жел ауру)  
 Несменяемость – ауыспас (ауыспайтын, ауысусыз)  
 Нетрудоспособность – әжетке жарамсыздық  
 Нетто – нетто  
 Нетто-бюджет – таза бюджет  
 Неудобные земли – жарамсыз жер (жыртуға қолайсыз жер)  
 Неуклюжий – топас, ардаң, сойқы қақсағай  
 Нефрит – неприт (менерал)  
 Неурожай – егін шықпау (астық шықпау)  
 Нефротизм – непрелитаз (бүйрек қиыршығы)  
 Нефтепровод – мұнай ағызғыш  
 Нефтепродукты – мұнай заттары  
 Нефтяная промышленность – мұнай кәсібі  
 Нефтенной газ – мұнай газ  
 Нефтенной эфир – мұнай епір

- Нефундированный доход – жалаң түсім (қоры жоқ қарыз)  
Нефундированный заем – жалаң қарыз (қоры жоқ қарыз)  
Нивелир – небілір (жер бетін өлшеуіш)  
Низшие растения и животные – аяқ өсімдік пен айуанаттар  
Никелирование - бедерлеу  
Никель – бедер  
Нимфомания – күйіт (күйітті ауру)  
Нистагм – жыпық (қапалақ көз)  
Нитратин – нетретін (дәрі)  
Нитраты – нетреттер (азотты тұз)  
Нитрлы – нетріл (дәрі)  
Нитробензол – нетребензол  
Нитроглицерин – нетрекулсерен  
Нитросоединение – нетрелі қоспа  
Нищенство – тіленшілік  
Нобелевские премий – нөбіл сыйы (атақты майталман мен ғалымгерге, жазушыларға жыл сайын берілетін сый)  
Новый свет (Америка и Австралия) - жана дүние  
Ногтоеда – күбіртке (кұрт)  
Номады – көшпелілер (көшпелі жұрт, бақташы ел)  
Номогенез – жәндіктердің дамуы  
Нониус – нөніс (тастап өлшеуіш)  
Норма - нормы (өлшеу, ереже, шек, қағида)  
Норма выработки – іс нормы  
Норма заработной платы – еңбек табыс нормы  
Норма прибавочной стоимости – қосымша құн нормы  
Норма прибыли – пайда нормы  
Норма процент – пұрасент нормы  
Нормализация – нормылау  
Нормальный раствор – дұрыс ерітінді  
Нормативный – нормылы  
Нормированные продукты – нормыланған азық  
Нормы застройки – соғу нормы  
Носовая полость – кеуілжір (кеңсірік, саңырық)  
Носорог – керкеден  
Нота – ноты  
Нотариус (нотариат) – натарыс  
Нуклиены – нуклен  
Нумизматика – нөмізматике (мәнет ғылымы)

**Осы пән атауларына қарсылық  
білдірген білетін кісілер, өз жобаларын ұсынуын сұраймыз**

- Массив – қорым  
 Магистраль – мағыстырал (ұлы сызық)  
 Магма – мағма (жерастындағы жалыңқы заттар)  
 Магматические породы – мағмалы жыныстар (жер жарып шыққан зат)  
 Мажирный тон – лепірме үн  
 Маклер – мәклүр  
 Мекроском – асқаралы әлем (ұлы дүние)  
 Марс – марс (пыланет)  
 Маскировка (воен.) – маскелеу (түс бояу)  
 Маслобойная промышленность – май қорту кесібі  
 Масляная краска – май бояу  
 Масляный газ – май газ  
 Массаж – сылау  
 Массовое производство – шом алды өндіріс  
 Математическая география – шамалы жағырапия  
 Материнский род (матриаркат) – аналық ру (дәуір)  
 Маховое колесо – серіппелі дөңгелек  
 Машиностроение – мәшине жасау кесібі  
 Меганомания – сандырақтау (ауырғанда беталды сөйлеу)  
 Мегафон – мегепон  
 Медальерное искусство – медел өнер  
 Международный язык – бүтін қалық тілі  
 Межпланетное путешествие – пыланет саяқаты  
 Мезозойская эра – мезазой дәуірі  
 Мелиоративное хозяйство – жер өңдеу серіктігі  
 Мемуары – мемуар (1) көрген-білген; 2) ғылыми мақала)  
 Менструация – етек кірі (айлық)  
 Мерзлота – тоң  
 Меридиан – мердиан  
 Мерило стоимости – құн өлшеу  
 Мертвое пространство (воен. термин) - өлі дала  
 Местожительство – тұратын орны  
 Месторождение – кен орны  
 Металлические деньги – метал ақша  
 Металоиды – металойды  
 металлопромышленность – метал кесібі  
 металлообрабатывающая промышленность – метал шығару кесібі  
 металлургическая промышленность – метал табу кесібі  
 Металлотерапия – метал мен емдеу

- Метаморфизм (геол.) – метаморпоз (тау, жер жыныстарының өзгеруі)  
Метаморфические породы – метаморпозды шыны тау  
Метаморпоз (зоол.) – метаморпоз (өсіп өзгеруі)  
Метеорологические знаки – метеорологие белгі  
Метеоры – ақпа жұлдыз  
Метод целых слов – бүтін сөз әдісі  
Методология – әдіс ғылымы  
Метранпаж – метрампаж  
Метроном – метраном (аспап)  
Метрополия – метраполие (отар қожасы)  
Миграция – жосу (айуанат туралы), жөңкілу, босу  
Миграционная теория – жосу қисыны  
Миграция населения – қалықтың жосуы  
Мизантроп – кісі киік (адамға жуыспайтын) жұрттың бәрін жек көретін  
Микрометр – мекрометр  
Микрохимия – мекрохимие  
Мили – мел  
Миндаль – бадам  
Миниатура – миньетүр (сұлу сурет)  
Минеральные грязи – менералды сор  
Минеральное топливо – менерал отын  
Минеральное удобрение – мэнерал мен тыңайту  
Миология – миалогие (ет бітісі жайындағы ғылым)  
Мировая война – дүние соғысы  
Мировая скорбь – дүние зары  
Мироздание - әлем құрылысы  
Миссионер – дінге үндеуші  
Миссия – елшілік (мессие)  
Митоз – митоз  
Миф – мип (қиялы ертегі)  
Млекопитающие – сүт қоректілер  
Многоножки – қырық аяқтылар (қырықаяқтылар)  
Многополье – көптанапты  
Мода – моды  
Модернизм – сонышылдық (жаңашылдық)  
Модуль – мәдүл (өлшеуіш)  
Мозаика – мезеике (әшекей)  
Мозолистоногие – көнтабандылар  
Молозиво – уыз  
Монастырь – сопықана (манастыр)  
Моногамия – жұбайылық  
Моногенизм – бір тектілік (бір нәсілдік)  
Моннограмма – манағырам (әріптердің қосылысы)

- Монография – манағырапия (ғылыми шығарма)  
 Монолит – сом (тұтас, манолит)  
 Монолог – монолог (жеке сөйлеу)  
 Моноплан – манопылан (бір нәрсені ерекше иелікке алу)  
 Монтит – манотип (баспа мәшине)  
 Монтаж – монтаж (1) мәшине құрылысы, 2) сақынада қойылған сурет, 3) кино үлгісі)  
 Монтанизм – монтанышылық дүние соңы жуық деушілік  
 Монтер – мәнтер (мәшине іреттеуші)  
 Морзе азбука – морзе әліпби (телгірап аппараты)  
 Морские отложения – теңіз тұнбасы  
 Морфология – марпалогие (түр сыпаттау)  
 Москательные товары – мүскет табар  
 Мотив – әкуен (аяғы, сөз әуені, күй әуені)  
 Мотор – матор (мәшине)  
 Мочеопловые органы – несеп шығатын мүшелер  
 Мочеточник – несептамыр (бүйректамыр)  
 Мощность – әлі (мощный - әлді)  
 Музыкальная драма – мүзикелі дырама  
 Мукомольная промышленность – тиірменшілік кесібі  
 Мумия – мүмие  
 Мышечная ткань – ет өрмегі

*Әлкей*

*«Еңбекші қазақ» 1930. 27 апрель № 93 (1698)*

### **Қазақстан оқу кемесеретінің білім сексиесі алған пін сөздері**

- Киінешілдер ұйымы – ОДК  
 Бала жандар ұйымы – ОДД  
 Ұрадия шылдар ұйымы – ОДО  
 Сауатсыздықты жоюшылар ұйымы – ОДН  
 Жұрт-жұрттың төңкеріс құрбандарына көмек ұйымы – Мопр  
 Әуе кмие – Авиахим  
 Қазағыстанды зерттеу ұйымы – Об. изуч. Казакстана  
 Аталық – Тычинка  
 Аналық – Пестик  
 Ауыз – Рыльце  
 Азот (тітірік) – Азот  
 Ашу – Брожение  
 Ашытқы – Дрожжи  
 Аналық мойын – Столбик  
 Бактеры – Бактерии

Сою тамыр – Стежневый корень.  
Боспар – Фосфор  
Бунақ – Узел  
Бір ұялы – Однодомный  
Екі ұялы – Двудомный  
Күл – Цветок  
Бояу – Пигмент  
Қағанақ – Оболочка  
Түтікше – Сосуд  
Тамыр түгі – Корневой волосок  
Түк – Усик  
Тұғыр – Цветоножка  
Тозаң – Пыльце  
Тасқына – Лишайник  
Шашақ тамыр – Мочковатый корень  
Тамыр қап – Корневой чехлик  
Тостаған жапырақ – Чашелистик  
Тұтас желекті – Сrostколепестый  
Тозаң ұясы – Пыльцевые гнезды  
Тозаң қабы – Пыльниковый Мешок  
Тұқымдық – Плодник  
**Жеке терминтану** (*частное терминоведение*) – терминтанудың белгілі бір ұлт тіліндегі жекелеген салалардың арнаулы лексикасы мен ұғымдарын зерттейді.

**Типологиялық терминтану** (*типологическое терминоведение*) – терминологияның жалпы қасиеттері мен әр сала терминологиясының өзіндік сипатынан туындайтын ерекшеліктерін айқындау үшін жекелеген сала терминологияларын салыстыра зерттейтін терминтанудың бір тармағы.

**Салғастырмалы терминтану** (*сопоставительное терминоведение*) – әртүрлі тілдердің арнаулы лексикасының жалпы қасиеттері мен айырмашылықтарын салыстыра зерттейді.

**Семасиологиялық терминтану** (*семасиологическое терминоведение*) – арнаулы лексемалардың мағынасын (семантикасын), мағынаның өзгері

мен көпмағыналлылық, омонимия, синонимия, антонимия, сияқты түрлі семантикалық құбылыстарға қатысты мәселелерді зерттейді.

**Ономасиологиялық терминтану** (*ономасиологическое терминоведение*) – арнаулы лексемалардың құрылымдық формаларын, арнаулы ұғымдарға ат беру процестері мен атаулардың тиімді формасын таңдауды зерттейді.

**Тарихи терминтану** (*историческое терминоведение*) – терминологияның жасалу және даму үрдісін анықтай отырып, соның негізінде оны ретке келтіруге арналған дұрыс ұсыныстар беру үшін зерттейтін терминтанудың бір саласы.

**Функциональды терминтану** (*функциональное терминоведение*) – терминдердің әртүрлі мәтіндер мен кәсіби қарым-қатынас жағдаяттарындағы, мамандар даярлаудағы қазіргі кезеңдегі қызметін, сондай-ақ терминдердің сөйлеу процесі мен компьютерлік жүйелерде пайдаланылу ерекшеліктерін қарастырады.

**Гносеологиялық (когнитивтік) терминтану** (*гносеологическое терминоведение*) – ғылыми таным мен ойлау процесіндегі терминдердің рөлін зерттейді.

**Контрастивті терминтану** (*контрастивное терминоведение*) – тілдер арасындағы өзара сәйкестікті, қатынасты терминологиялық лексикамен байланыста зерттейді.

**Терминтану тарихы** (*история терминоведения*) – терминология туралы ғылымның даму, қалыптасу тарихын зерттейді.

\* \* \*

Терминтанудың (немесе терминологияның) кейбір салалары бірқатар елдерде едәуір терең зерттелгендігімен, жақсы дамығандығымен ерекшеленеді. Олардың қатарына *неонимия, терминография, терминжасам, терминологиялық дериватология* сияқты салаларды жатқызуға болады.

**Терминография** (*терминография*) – арнаулы сөздіктер түзудің жалпы әдіснамасы мен нақты тәсілдерін жасауды, терминологиялық сөздіктерді түріне қарай топтастыру мен жіктеудің қағидаттарын жасауды, жекелеген типтегі сөздіктерге арнаулы лексиканы таңдап алу мен оларды сөздікте берудің, сипаттаудың, мағынасын түсіндірудің ғылыми негізделген қағидаттарын жасауды қарастыратын терминтанудың саласы.

Терминографияны терминтанудың жеке бір саласы ретінде қарастырушы ғалымдар оны іштей бірнеше тармаққа жіктейді. Мысалы, терминографияның методологиялық, теориялық мәселелерін қарастыратын саласын – **жалпы терминография** (*общая терминография*), екі тілді терминологиялық сөздіктер жасаудың ғылыми-практикалық мәселелерін қарастыратын саласын – **екітілді терминография** (*двуязычная терминография*), көптілді (үш немесе одан көп тіл) терминологиялық сөздіктер жасаудың ғылыми-практикалық мәселелерін қарастыратын саласын – **көптілді терминография** (*двуязычная терминография*), ал бір ғана арнаулы саланың терминологиялық сөздіктерін жасау мәселелерін қарастыратын саласын – **салалық терминография** (*отраслевая терминография*) деп атаушы ғалымдар бар.

«Терминография» терминін 1971 жылы А.Д.Хаютин ұсынған болатын. Қазір бұрын қолданыста болған «терминологиялық лексикография» (*терминологическая лексикография*), «ғылыми-техникалық лексикография» (*научно-техническая лексикография*) терминдерін «терминография» термині толық алмастырды деуге болады. Соңғы жылдары Ресей терминтанушылар мектептері өкілдерінің барлығы дерлік «терминография» терминін бірізді қолданып жүр. Ал бізде бұл термин кейінгі 5-6 жыл көлемінде ғана қолданыс таба бастады.

Бізде терминологияны негізінен семасиологиялық терминтану, тарихи терминтану, салғастырмалы терминтану, қолданбалы терминтану тұрғысынан зерттеу біршама қолға алына бастады. Жарық көрген ғылыми еңбектердің терминология мәселелерін осы аспектілерде қарастырғанын айту керек. Терминография саласын зерттеуге арналған Е.Әбдірәсіловтің «Қазақ терминографиясының жүйесі» (2005) атты алғашқы монографиялық еңбегі жарық көрді. Ал терминтанудың қалған аспектілері тұрғысынан жүргізілуге тиісті зерттеулер әлі өз кезегін күтіп тұр деуге болады.

**Неонимия** (*неонимия*) – жаңа терминдердің пайда болуының себептерін, семантикасын, т.б. зерттейтін неологияның бір тармағы.

«Неонимия» терминтанудың ішкі бір тармағы ретінде Канадада жақсы дамыған. Канадалық ғалым Рондо «неонимия – жаңа терминдердің пайда болуы туралы ғылым» деп таниды.

**Терминжасам** (*терминообразования*) – термин жасаудың тәсілдерін, оның ұлт тілінің сөзжасам тәсілдерінен өзіндік ерекшеліктері мен ортақ жақтарын ескере отырып қарастыратын терминтанудың саласы.

**Терминологиялық дериватология** (*терминологическая дериватология*) – түбір терминдерден жаңа терминдердің жасалу үлгілерін, заңдылықтары мен тәсілдерін зерттейді.

## II. ТЕРМИН

**Термин** – ғылыми немесе өндірістік-технологиялық ұғым атауы болып табылатын арнайы қолданыстағы дефинициясы (ғылыми анықтамасы) бар сөз немесе сөз тіркесі.

Терминтанушылық анықтама:

**Термин** – терминологиялық жүйенің элементі.

Арнаулы мақсаттар тілі теориясы тұрғысынан берілген анықтама:

**Термин** – адам қызметі мен білімнің арнаулы салаларының жалпы, нақты немесе абстракті ұғымдарын белгілейтін белгілі бір арнаулы мақсаттар тілінің лексикалық бірлігі.

**Термин анықтамасы** (*дефиниция термина*) – ұғымның тиісті ұғымдар жүйесіндегі орнын, қалпын көрсететін, сөз арқылы берілген сипаттамасы.

Терминнің анықтамасы – ұғымды анықтау процесінің нәтижесі. Онда өзге іргелес ұғымдардан өзіндік ерекшелігі, басты белгілері көрініс табады. Термин

өзінің анықтамасына тең болады, ал оның анықтамсы ұғым мазмұнына сәйкес келіп, оның негізгі мазмұнын береді.

Термин ұғым атауы болса, терминнің дефинициясы деген – сол ұғым атауына берілген дәл ғылыми анықтама. Термин сөздің мағынасы оның дефинициясы арқылы анықталады.

**Термин-сөз** (*термин-слово*) – бұл ұғымның атауы, сөз арқылы белгіленуі. Термин-сөз белгілі бір терминологиялық өріске қызмет ететін лексикалық жүйенің мүшесі.

**Термин-ұғым** (*термин-понятия*) – белгілі бір ғылыми түсінік (концепт). Термин-ұғым арнаулы салалар ұғымдар жүйесінің мүшесі, оның сол жүйедегі нақты орны бар.

**Термин авторы** (*автор термина*) – терминді алғаш жасап, қолданысқа енгізуші.

## II. 1. «Термин» ұғымының атауы туралы

«Термин» атауының өзі әр кезеңде ұлт тіліне түрліше аударылып, оның бірнеше балама нұсқасы ұсынылды. О баста қазақ терминологиясы дамуының Байтұрсынұлы кезеңінде «пән сөз» деп аталды. Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары жарық көрген алаш оқығандарының еңбектерінде, сол жылдардың мерзімді басылымдарында осы термин жиі қолданыла бастаған еді. Ахаң да «пән сөзі» деп қолданған. Елдес Омарұлы, Нәзір Төреқұлұлы, Халел Досмұхамедұлдарының еңбектерінде де осы атау пайдаланылды. Е.Омарұлы 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде жасаған баяндамасы «Қазақша пән сөздер» деп аталса, А.Байтұрсынұлы 1926 жылы Бакуде өткен бүкілодақтық конференцияда жасаған баяндамасында «пән сөз» терминін қолданған. Білім ордасы бекіткен терминдер сөздігі 1927 жылы Н.Қаратышқанұлының құрастыруымен «Пән сөздері» деген атпен жарық көрді. Бұл атау сол қалпымен бірізді қолданыла бергенде қазіргі күнге дейін қалыптасып, төл терминдеріміздің бірі болып та кеткен болар еді. Алайда отызыншы жылдардың бас кезінен бастап терминологияны халықаралықтандыру, орыс тілінің терминологиясын үлгі етіп алу бағытына бет бұрғандықтан, «пән сөзді» – «термин» атауы алмастырды. Дәлірек айтқанда, ұлттық терминқорды қалыптастыруда Ахаңдар ұстанған бағыттан өзге жолды таңдап, сол жолдың прогресшілдігіне сенген қазақ совет оқығандары, терминология тізгінін ұстаған ғалымдар мамандар алмастырды. Отызыншы жылдардан бастап тоқсаныншы жылдарға дейін «термин» сөзі барлық әдебиеттерде баламасыз бірізді қолданылып келді. Елдегі орныққан тілдік жағдаят пен терминологияны дамытуда ұстанған қағидаттарымызға сәйкес отызыншы жылдардан кейін оны ұлт тіліне аударуды, оған қазақша балама табуды ойлап көп ешкім бас қатыра да қоймады. Уақыттың талабына бағыну, заман ағымынан шықпау – жаңаша жол іздеуді, қандайда бір өзгеріс жасауға талпынуды қажет етпейтіні белгілі. Сол себепті бұл сөз аталған

кезеңде (1930-1990 жылдар аралығы) білім алған екі-үш ұрпақтың құлағына құйылып, санасына сіңіп, үйреншікті атауымызға айналды десек те болады.

Отызыншы жылдары «пән сөз» терминінің «пән атаулары» деген нұсқасын қолданған жекелеген зиялылар да болды. Мысалы, Әлкей Марғұлан 1930 жылғы «Еңбекші қазақ» газетінің наурыз, сәуір айларында жарық көрген бірнеше санында (№60, 64, 72, 73, 75, 82, 87) «Осы пән атаулары дұрыс па?» деген атпен жұртшылық талқысына көптеген терминдерді ұсынды. Бірақ бұл атау жаппай қолданыла қоймады. Сондай-ақ сол жылдары «пән атаулары» терминінің пәнге қатысын көрсетпей-ақ «атау» түрінде қолдану да болды. Мысалы, 1931 жылы Халық ағарту комиссариаты білім кеңесінің терминология комиссиясы бекіткен терминдерін «Атаулар сөздігі» деген атпен шығарды. Осыдан былайғы уақытта, яғни 30-жылдардың басынан бастап «термин» сөзі жаппай қолданысқа көше бастады. Совет халқына ортақ терминологиялық қорды қалыптастыру бағыты белгіленгендіктен, бізде ғана емес өзге ұлттық республикаларда да бұл атау біркелкі қолданыла бастады. Сонау 20-30-жылдардан кейін «термин» сөзіне қазақша балама табу, оны қазақтың төл сөзімен атау мәселесі араға 60-70 жыл салып барып, тек 90-жылдары ғана қайта сөз бола бастады. Кеңес одағын құраған ұлттық республикалар тәуелсіздіктерін жариялап, тілдері мемлекеттік тіл мәртебесін алуына байланысты сол кеңес дәуірінде қалыптасқан терминқорға да жаңаша қарау көрініс берді. Дәл осы соңғы он-он бес жыл көлемінде «термин» атауына байланысты түрлі ұсыныстар айтылды. Ұсыныс білдірушілердің арасында отызыншы жылдарға дейін қолданыста болған «пәнсөз» немесе «атау» терминін қайта жаңғыртып қолдануды ұсынушылар да, «термин» атауын қалдырған дұрыс деушілер де, «аталым», «атаусөз», «ұғымсөз» сынды жаңа баламалар жасап ұсынғандар да болды. Сондай-ақ сөз болып отырған атауды 30-жылдары фонетикалық өзгеріске ұшыратып «термин» түрінде қолданғандар да болды, бүгін де осы нұсқаға тоқталғанымыз дұрыс деп санайтын мамандар бар.

Сонымен ғасырға жуық уақыт аралығында арнаулы лексиканың бірлігі болып табылатын бір ғана ұғым атын – пән сөз, пән атаулары, атау, аталым, атаусөз, ұғымсөз, термин//термин//термен түрінде тоғыз түрлі нұсқада атау жөнінде ұсыныс жасалып, олардың бірнешеуі әр кезеңде қолданыс тапқан екен. Бұлардың арасынан нақты қолданыс тапқандары – пән сөз бен термин. Қалғандары жеке авторлар қолданысы мен кейбір басылым беттерінде ғана ұшырасқаны болмаса, жалпы қолданысқа көше алмады. Ал ұғым мазмұнын қамту жағынан да ретімен атар болсақ, пәнсөз, термин, атау сөздерін атауға болады. Бүгінгі біздің тілдік қолданысымыздағы «термин» сөзінің ұсынылған баламаларының қайсысына басымдық берген жөн дегенге келер болсақ, әзірге бұл жөнінде мамандар тарапынан бір тоқтамға келген ортақ шешімнің жоқ екендігін айту керек.

Жоғарыдағы көрсетілген нұсқалардың әрқайсына өз тарапымыздан қысқаша тоқталсақ, мынаны айтуға болады:

«Пән сөз» туралы. Термин «пән» және «сөз» деген екі сөздің тіркесуі

арқылы жасалған. Ертеректе араб тілінен еніп, өз сөзімізге айналып кеткен пән (арабша – фән, орысша – предмет) сөзі «білімнің, ғылымның, өнердің жеке бір саласы» деген мағынаны білдіреді. Терминнің ғылым мен техниканың немесе өзге де арнаулы салалардың ұғымдарының атауы екені белгілі. Ендеше ғасыр басында жасалған бұл сөз өзі білдіретін ұғымның негізгі белгілерін қамтыған. Терминнің белгілі бір пәнге тән, белгілі бір саланың сөзі екендігі оның басты ерекшелігі ретінде ұғым атауынан көрініс тапқан. Термин сәтті жасалған. Сондықтан да болса керек, жаңа жасалған атау екендігіне қарамастан, бұл сөз жиырмасыншы жылдары зиялылар тарапынан қолдау тауып, жаппай қолданысқа көше бастаған еді. Бұл атаудың терминқорымыздан берік орын алмай, қолданыстан шеттетілуі оның сәтсіз жасалғандығынан емес, терминологияны халықаралықтандыру бағытының басталып кеткендігінен болды. Әрине, екі сөзді біріктіріп «пәнсөз» түрінде жазғанда атаудың ықшамдылығы артып, қолданылу, сөз тудыру мүмкіндігі арта түсер еді деп ойлаймыз.

«Атау» туралы. «Атау» жаңа сөз емес, тілімізде бұрыннан қолданылады. Терминнің де атау екені рас. Оған таласудың еш реті жоқ. Бірақ «атау» сөзі өте кең ұғымды білдіреді. Атау тек термин сөзді емес, атауыштық қызмет атқаратын өзге сөздер түрлерін де қамтиды. Сондықтан да оларды іштей бір-бірінен ажырату үшін «термин» атауы пайдаланылады. Сонау жиырмасыншы ғасырдың басында-ақ Ахаң бастаған алаш зиялылары «атау» сөзі тұрғанда, «пән сөз» атауын бекерден-бекер ойлап тапқан жоқ. Олар ұғымдар арасын ажырату қажеттігін сол кезде-ақ жақсы түсінген. Мысалы, тілімізде мал атаулары, өсімдік атаулары, жер-су, елді мекен атаулары, аң-құс, жануарлар атаулары, балық атаулары, газет-журнал атаулары сияқты т.б. атаулар көп. Олардың бірі жалпы есімдер болса, екіншілері – жалқы есім сөздер. Бұлардың барлығы да атау сөздер. Осы секілді атау сөздердің бәрін терминдер қатарына қоса алмасымыз белгілі. Сондай-ақ терминге бір табан жақын *номен* деп аталып жүрген сөздер де бар. Олар да атау сөздер қатарына кіреді. Термин атау деген жалпы ұғымның ішіне кіргенмен, оның өзге атау сөздерден өзіндік ерекшеліктері бар екендігі сөзсіз. Сол себептен де терминді – атау, терминтануды (терминологияны) – атаутану деп атайық деген ұсыныс туралы ойланғанда мәселенің осы қырын ескерген жөн болар деп білеміз. Біздіңше, тіліміздегі «атау» сөзі орыс тіліндегі – *название, именованье* сөзінің, ал «атаутану» – *номинация* ұғымдарына дәлірек сәйкес келеді. Сондай-ақ атаутану тек терминдерді ғана емес, бүкіл атау сөздерді зерттейтін ғылым саласы деген ұғымды қамтып тұр.

«Пән атаулары» туралы. Бұл «пән сөз» терминінің үлгісімен жасалған. Алайда форма сәйкестігі болғанмен мұнда мағына дәлдігі, ұғым мазмұнын қамту жетісіңкірей бермейді. Олай дейтініміз бұл атау терминнің баламасы емес, ғылым, техника, білім салаларының, яғни пәннің өзінің атауы деген ұғымды білдіріп тұр. Мысалы, өсімдіктану, тәнтану, табиғаттану, тілтану, әдебиеттану, елтану немесе физика, химия десек, пәннің, ғылым салаларының атаулары болады. Сондай-ақ мұнда атау сөзден гөрі сипаттау басым, шұбалаңқылығы және бар.



«Аталым» туралы. Бұл балама 90-жылдардан кейін ұсынылған жаңа сөз. Ол осы кезеңде -м, -ым/-ім жұрнағының көмегімен туындаған *айтылым, жазылым, тыңдалым, естілім* сияқты тіл білімі терминдерінің үлгісімен жасалған. Алғашқы ұсынылған кезде жекелеген авторлар тарапынан қолданылғанмен, қазір өте сирек аталып, ұмытыла бастады. Бұл үлгімен жасалған терминдер қазір біршама қолданыла бастады. Термин шығармашылығында бір нәрсені ескерген дұрыс. Ол – негізгі, тірек терминдердің мейлінше қысқа болуын ескеру. Сонда солардың негізінде сөз тудыру, ұялас терминдер жасау, жаңа атаулар өрбіту мүмкіндігі сақталады. Тірек терминдер қай саланың да басты, негізгі ұғымдарын білдіретіндіктен, олардан туындайтын, олармен байланысты болатын тектік, түрлік ұғым атаулары көп болатыны анық. Жалғамалы тіл үшін, сөз тудырушы жұрнақтар сөз соңына ғана жалғанатын біздің тіліміз үшін бұл маңызды мәселе. Мүмкіндігінше бір немесе екі буынды болғаны жөн. Үш буыннан асқаннан кейін сөз ықшамдылығынан, сөз тудыру қабілетінен айрыла бастайтындығы байқалады. Сөз шығармашылығымен айналысушылар мұны ескермеуіне болмайды. Бұл тұрғыдан келгенде *пәнсөз, атау, термин* сөздерінің мүмкіндіктері бірдей. Айталық *пәнсөзтану, атаутану, терминтану* сынды атаулардың *аталымтану, атаусөзтану, ұғымсөзтану* терминдеріне қарағанда айтуға, жазуға, қолдануға қолайлы екендігі сөзсіз.

Қазір терминологияда шұбалаңқы, көп сыңарлы терминдер өте мол. Салалық терминологиялардың бірқатарында 60-70 пайызға дейін, жекелеген салаларда одан да жоғары мөлшерді құрап жатады. Ал шұбалаңқы терминдердің атау ретінде қолдануға қолайлы бола алмайтыны белгілі.

«Атаусөз, ұғымсөз» баламалары туралы. Бұл сөздерді ұсынған авторлардың өздерінен басқа көп ешкім қолдана қойған жоқ. Біздіңше, «атауды білдіретін, атау болатын сөз» деген мағынаны беретін «атаусөз» баламасының екі сөздің бірігуінен жасалған тұлғалық жаңалығы болмаса, тіліміздегі бұрыннан бар «атау» сөзінен мағыналық-семантикалық жағынан еш айырмасы жоқ. Дәлірек айтсақ, тілдегі терминнен өзге де атауыштық қызмет атқаратын сөздердің барлығы да «атаусөз» бола алады. Яғни бұл атау терминнің өзіне ғана тән басты ерекшелігін білдіріп тұр дей алмаймыз. «Ұғымсөз» де осы үлгімен жасалған. «Ұғымды білдіретін сөз» деген бұл атаудың мағынасы терминге сәйкес келе алмайды. Терминнің заттық немесе абстракты ұғымдарды білдіретіні рас. Бірақ термин емес, өзге сөздер де ғылыми, техникалық болмаса да қарапайым ұғымдарды білдіре алады. Екінші сыңары «сөз» де мағыналық тұрғыдан үйлесіп тұрған жоқ, бұл жерде оның орнына «ат», «атау» сөздері әлдеқайда дәл келер еді. Қысқасы, бұл екі атауды да сәтті баламалар қатарына қоса алмаймыз.

«Термин» атауы туралы. Бұл атаудың латын тілінде «шек», «шекара» деген мағынаны білдіретіні белгілі. Біздің тілімізде орыс тіліндегі таңбалануына сәйкес XIX ғасырда жарық көрген кейбір еңбектер мен басылымдарда кездесе бастаса, XX ғасырдың басында жұртшылыққа біршама жақсы таныс болды. Жиырмамыншы жылдары ұлт тілінде жасалған баламасына жарыспалы нұсқа ретінде сиректеу қолданылып жүрсе, 30-жылдардан бастап «термин» сөзі



жаппай қолданылатын, тұрақтаған атауға айналды. 90-жылдарға дейін алпыс жылдай уақыт бұл терминді ұлттық баламамен алмастыру туралы әңгіме қозғалған емес. Тек қоғам өмірінде елеулі өзгерістер болған сол 90-жылдардан бастап қана оны өз тілімізде бұрыннан бар сөзбен немесе жаңа жасалған баламамен алмастыру мәселесі көтеріле бастады. Тілімізде қазір *фонетика, фонема, лексика, лексема, морфология, морфема, синтаксис, фразеология* сияқты ондаған өзге тілдерден қабылданған тіл білімі терминдері өзгеріссіз қолданылып жүргенде неге солардың ішінен «термин» атауына ерекше көңіл аударылып отыр? Оның себебін мына мәселелермен байланысты деп түсінген жөн. Біріншіден, орыс тілін үлгі ете отырып жалпыкеңестік терминқор қалыптастыру бағытына деген көзқарас өзгеріп, ұлт тіліндегі термин шығармашылығын дамыту мәселесінің күн тәртібіне қойылып отыруы көпшілік санасына жалпы әсер етті. Екіншіден, бұл сұрақтың туындауына негізінен терминнің тілшілердің қолданысымен, бір ғана лингвистиканың шеңберімен шектелмей, бүкіл сала мамандарының, көпшілік қауымның назарын аудартып отырған өзекті мәселе ретінде көрініс беруі басты себеп болды. Жалпы термин, терминология мәселелерінің қоғам назарын айрықша аудартып, қалың қауымның әңгіме арқауына айналып отыруына байланысты ұғым атауының өзі де жұртшылық талқысына түсті. Әйтпесе, бұл атау да алпыс жылдан астам тілдік қолданысымызда болып келген өзге де кірме сөздер сияқты лингвистикалық әдебиеттерде өзгеріссіз қолданыла берген болар еді немесе тіл мамандарының өз арасында ғана талқыланар еді.

«Термин» атауын өзгертуді ұсынушылардың оған тағатын негізгі «міні» оның кірме сөз екендігі. Біз ұлт тіліндегі термин шығармашылығын толық қолдаймыз. Ұлттық терминқорымызды қалыптастыруда қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша тиімді пайдалану қағидатын бірінші орынға қою қажет деп санаймыз. Алайда тіліміздегі кірме сөздердің бәрін төл сөзімізбен алмастыру және алдағы уақытта шет тілдерінен сөз қабылдамау мүмкін емес екендігін түсінуге тиіспіз. Сондықтан да «термин» сөзінің қолданыла бергені жөн. Ал «термин» түрінде тіліміздің дыбыстық жүйесіне икемдеп алайық деген ұсыныспен келісуге негіз бар. 20-30 жылдар аралығында жарық көрген кейбір басылымдарда «термин» түрінде қолданылған да болатын. Сол жылдары жарық көрген кейбір газет мақалаларында «термен» нұсқасы да қолданылған болатын. Араб тілінен еніп тілімізге әбден сіңісті болып кеткен аумин («айтқаныңыз келсін, тілек қабыл болсын» деген мағынада қолданылатын) сияқты бірілі-жарым сөз болмаса бұл үлгімен жасалған сөздердің лексикалық қорымызда аз ұшырасатыны рас. Соңғы кезде *реліс, тәбіл, режім, кәбіл* сияқты терминдерді ресми бекіте бастағанымыз белгілі.

Сонымен қорыта айтқанда, «термин» (немесе «термін») сөзінің терминқорымызда қала беруіне мынадай себептер бар:

Біріншіден, «термин» тілімізде сексен жылдай уақыт қолданылып, миллиондардың санасына сіңіп, көзі үйреніп, құлағы тосырқамайтын жағдайға

жеткен сөз. Бұл – психоллингвистикалық фактор. Мұнымен санаспауға болмайды.

Екіншіден, бұл «термин» атауын халық жаппай қолданып келді. Соңғы үш ұрпақ қай әлеуметтік топқа жататындығына қарамастан, білім беру жүйесі, БАҚ құралдары арқылы осы сөзді тілдік норма ретінде қабылдады. Бұл – әлеуметтік лингвистикалық фактор. Онымен де санасуға тура келеді.

Үшіншіден, бұл атау терминтану саласының тірек термині болып табылады. Терминологияны зерттейтін ғылымның атынан бастап, ондаған, жүздеген терминдер осы атаудан туындаған немесе онымен тіркесу арқылы жасалған. Мысалы, *терминтану, терминология, терминография, терминжасам, терминжүйе, термин шығармашылығы, терминологиялық лексика, терминоид, терминбөлшек* сияқты көптеген терминдерді өзгеріске ұшыратып, бүкіл саланың атауларын алмастыру оңай жүзеге асатын іс емес.

Төртіншіден, жоғарыда ұсынылған баламалардың барлығы дерлік терминге қойылатын талаптарға сай жасалып, ұғым мазмұнын дәл қамтып тұрған сәтті атаулар деп айта алмаймыз. «Пәнсөз» бен «атау» сөздерінен өзгелері ұғым мазмұнын қамту жағынан да, атау сөзге тән қасиеттері жағынан да сәтті жасалған сөздер қатарына қосылып тұрған жоқ. Ол баламалар жөнінде жоғарыда қысқаша тоқталдық және осы соңғы аталып көрсетілген факторлар да бар.

## II. 2. Терминнің негізгі қасиеттері

Ұғым атауы болуы (*названия понятий*) – терминнің белгілі бір арнаулы сала ұғымының (абстракты, заттық) атауы ретінде сол саланың тілінде ұғымның негізгі белгілерін білдіруі.

Ғылыми анықтамасының болуы (*дефинированность*) – өзі белгілейтін ұғымның басты белгілерін қамтитын дәл ғылыми анықтамасының болуы.

Термин өзінің анықтамасына (дефинициясына) тең болады да, ал анықтама ұғым көлеміне сәйкес келіп, оның негізгі мазмұнын береді.

Салаға тәндігі (*отраслевая отнесенность термина*) – белгілі бір терминологияның мүшесі, сол арнаулы сала ұғымының атауы болуы.

Біздіңше, терминнің бұл белгісінің *жалпығылымдық, салааралық* терминдерге қаншалықты қатысты екендігі арнайы қарастыруды қажет етеді.

Мағына дәлдігі (*точность значения*) – термин мағынасы шекарасының анық, айқын болуы. Термин атаудың өзі белгілейтін ұғымның мазмұнын қамтып, ұғымның негізгі басты белгілерінің термин мағынасы арқылы берілуі.

Біз термин мағынасының дәлдігі туралы сөз қозғағанда бұл талапты оның дефинициясының дәл берілуіне қатысты қойған дұрыс деп пайымдаймыз. Бұл талапты «терминнің толықмағыналылығы» деп атайтын ғалымдар да бар. Олар «термин мағынасында ол белгілейтін ұғымды дәл беретін ең басты, мейлінше аз белгілерінің қамтылуы» оның толық мағыналылығы деп түсінеді.

Терминнің бұл белгісін «мазмұн дәлдігі» (*содержательная точность*)

деп атап жүрген ғалымдар да бар. Сондай-ақ кейбір ғалымдар *мағына дәлдігін* терминнің белгісі емес, ол *терминге қойылатын талап* деп біледі. Контекстке тәуелсіздігі (*независимость от контекста*) – терминнің контекстен тыс тұрып та өзі атау болған арнаулы ұғым жөнінде мәлімет беретіндігі. Басқаша айтқанда, термин мағынасының контекст көмегінсіз де түсінікті болатындығы.

Өзге лексикалық қабаттарды құрайтын сөздермен салыстырғанда айрықша байқалатын терминнің бұл қасиеті әдетте оның ұғым атауы болатындығымен, бірмағыналылығымен байланысты түсіндіріледі.

Стильдік бейтараптылығы (*стилистическая нейтральность*) – терминмен белгіленетін ұғым мазмұнының объективтілігіне байланысты көп жағдайда оның қандай да бір қосымша ассоциация, стильдік реңк туғызбайтын қасиеті.

Терминологиялық әдебиеттерде терминнің бұл белгісін *«терминнің эмоционалды бейтараптылығы»*, *«терминнің экспрессивтік бейтараптылығы»*, *«терминнің эмоционалды-экспрессивтік бейтараптылығы»*, *«терминнің модалдық бейтараптылығы»* деп атау да кездеседі.

Арнайы жасалатындығы (*целонаправленный характер появления*) – терминнің көп жағдайда ғылыми-техникалық және басқа да арнаулы салалардың ұғымдарының атауы ретінде мақсатты түрде жасалу қасиеті. Терминнің бұл белгісін бүкіл терминологиялық лексикаға тән белгі деп тану қиын болғанымен, көптеген терминтанушы ғалымдар

Дайын қалпында қолданылуы (*воспроизводимость в речи*) – құрамында бірнеше сөз болатындығына қарамастан терминологиялық сөз тіркестердің синтаксистік бірлігін сақтай отырып, тұрақты қалпында, семантикалық тұтастықта жұмсалыуы.

Атауыш сөз болуы (*номинативный характер*) – терминнің атау сөз болып, қандай да бір ұғымды белгілеуі.

Жалпы әдеби тілдегі сөздер қарапайым ұғымдардың атауы болса, термин сөздер адам қызметінің түрлі салаларына қатысты арнаулы ұғымдардың, ғылыми және ғылыми-техникалық ұғымдардың атаулары болады.

Терминологиялық тіркестердің семантикалық тұтастығы (*семантическая цельность терминологических словосочетаний*) – құрамында бірнеше сыңары бар күрделі терминдердің бөлшектенбей, мағына тұтастығын сақтау қасиеті.

Терминнің бұл ерекшелігін көрсетуде «аталым тұтастығы» (*цельность номинации*), «құранды терминдердің бөлшектенбеуі» (*неделимость составных терминов*) терминдерін қолданатын да ғалымдар бар.

Терминнің келісімділігі (*конвенциональность термина*) – терминнің терминтанушылар мен сала мамандарының келісімі негізінде, мақсатты түрде жасалатындығы. Осы ерекшелігіне байланысты кейбір ғалымдар терминнің бұл сипатын «терминнің шарттылығы» (*условность термина*) және «терминнің жасалатындығы» (*создаваемость термина*) деп те атайды.

Терминдердің елеулі бөлігі қажетіне қарай ойлап табылатындығы, келісім негізінде жасалатындығы рас. Алайда, көптеген терминдер ұлттың тұрмыс-тіршілігіне, ата кәсібіне байланысты ертеден қалыптасқан байырғы

сөздер болады. Олар ұлт тілінде бұрыннан бар, тарихи қалыптасқан атаулар болғандықтан, оларды мамандар келісіп жасады деу қиын. Сондықтан терминнің бұл сипатын бүкіл терминдерге тән деп қараудың негізі берік дей алмаймыз.

### II. 3. Термин мағынасы

**Термин мағынасы** (*значение термина*) – терминнің ғылыми анықтамасында (дефинициясы) қамтылған, өзі атау болған ұғым жөнінде арнаулы ақпарат беретін мағынасы.

Бұл терминнің «*терминнің мазмұн межесі*» (*план содержания термина*), «*термин семантикасы*» (*семантика термина*), «*терминнің мәні*» немесе «*терминнің мәндік мағынасы*» (*смысловое значение термина*) сияқты ғалымдар тарапынан жарыса қолданылып жүрген нұсқалары да бар.

**Термин мағынасының кеңеюі** (*расширение значения термина*) – термин мағынасының ауқымы мейлінше кеңейіп, бұрынғы ұғым орнына сол ұғым да кіретін тектік ұғымды немесе жалпы ұғымды білдіруі.

**Термин мағынасының тарылуы** (*сужение значения термина*) – термин мағынасының мейлінше нақтыланып, бұрынғы кең ұғым орнына оның бір түрін (түрлік ұғымды) немесе соның бір бөлігін білдіруі. «Терминнің арнайылануы» деген терминді қолданған да ғалымдар болған.

**Анық мағыналы термин** (*дефинитивный термин*) – терминнің тұлғасы атау болған ұғымның мазмұнын жеткілікті дәрежеде ашып тұратындықтан, оның анықтамасынан сол мазмұнды құрайтын бірқатар белгілері көрініс табуы қажет болмайтын термин.

Тең мағыналы терминдер (*равнозначные термины*) – бір ұғымның атауы ретінде пайдаланылатын мағыналары бірдей (немесе дәл сондай) терминдер.

**Терминнің бірмағыналылығы** (*однозначность термина*) – терминнің бір ғана ұғымның атауы болып, бір ғана мағынаны білдіруі.

Көптеген терминтанушы ғалымдар терминнің бірмағыналылығы белгілі бір арнаулы сала шеңберінде ғана сақталуы мүмкін деген пікірді қолдайды.

**Терминнің абсолютті бір мағыналылығы** (*абсолютная однозначность термина*) – терминнің белгілі бір ұлт тілінің шеңберінде бір ғана мағынаны білдіруі.

**Терминнің салыстырмалы бірмағыналылығы** (*относительная однозначность термина*) – терминнің белгілі бір сала терминологиясының шеңберінде немесе туыстас пәндер терминологиясында бір ғана мағынаны білдіруі.

**Терминнің көпмағыналылығы** (*многозначность термина*) – бір терминнің бірнеше мағынаны білдіруі.

Терминологияда термин бір ғана мағынаны білдіріп, «бір сөз – бір ұғымды білдіруі керек» деген талап болғанымен, көпмағыналылық кездесіп тұратын құбылыс. Соған сәйкес жалпы тілдегі сияқты терминологияға да көпмағыналылық тән деген пікірді ұстанатын ғалымдар да бар.

**Авторлық көпмағыналылық** (*авторская многозначность термина*) – жеке авторлардың өзі жасаған терминдерін қолдануы.

Қазақ терминологиясының тәуелсіздік тұсындағы дамуы кезеңінде авторлық көпмағыналылық айрықша көрініс берді. Мысалы, бір ғана экономика термині әртүрлі авторлар жасаған терминологиялық сөздіктерде – *демеуші, мияткер, жебеуші, қолдаушы, спонсор* түрінде қолданыс тапса, сол сияқты биология термині – *жасуша, торша, торкөз, клетка, ұлпа* түрінде қолданылды. Мұндай көпмағыналылық әр салада орын алды.

**Терминнің жасырын көпмағыналылығы** (*скрытая многозначность термина*) – әртүрлі тілдердегі терминдерді салыстыру барысында анықталатын көпмағыналылық.

**Термин түсініктілігі** (*понятность термина*) – терминнің тілді тұтынушылар тарапынан қиындықсыз қабылдануы, жалпыға ұғынықтылығы. Бұл терминді «термин мағынасының тұнықтығы» (*прозрачность значения термина*) деп атайтын ғалымдар бар.

**Терминнің уәжділігі** (*мотивированность термина*) – термин мағынасының ұғынықты, семантикасының айқындығы, ал тұлғалық тұрғыдан өзі белгілейтін ұғымы жөнінде анық мәлімет беруі.

**Термин уәжінің дәлдігі** (*точность мотивированности термина*) – терминнің белгілейтін ұғымы мен уәжінің дәл сәйкес келуі, жалған уәждің болмауы.

**Жартылай уәжді термин** (*частично мотивированный термин*) – термин сөздің мағынасы мен терминді құраушы сыңарлардың жекелеген бөліктерінің ғана мағынасы түсіндірілетін термин.

**Толық уәжді термин** (*полностью мотивированный термин*) терминді құраушы бөліктер мен құрамы арқылы термин мағынасын толық түсіндіруге болатын термин.

**Жалған уәжді термин** (*ложномотивированный термин*) – белгілейтін ұғымы мен уәжі сәйкес келмейтін термин.

**Дұрыс бағыттаушы термин** (*правильноориентирующий термин*) – мағынасы ұғым мазмұнын дәл беретін, мағына қайшылығы болмайтын термин.

**Терминнің мағыналық құрылымы** (*состав значения термина*) – терминнің мағынасын құраушы сыңарлар жиынтығы.

**Мағына ажыратушы белгі** (*дифференциальный признак*) – іргелес ұғымдардан терминмен таңбалашушы ұғымның мағыналық айырмашылығын көрсететін белгі.

**Тектік белгі** (*родовой признак*) – термин арқылы таңбаланған ұғымның тегін ажырататын белгі.

**Түрлік белгі** (*видовой признак*) – термин арқылы таңбаланған ұғымның түрін, түрлік байланысын ажырататын белгі.

**Елеулі белгі** (*существенный признак*) – термин мағынасындағы ұғымның басты ерекшелігін көрсететін белгісі.

**Елеусіз белгі** (*несущественный признак*) – термин мағынасындағы ұғымның маңызды болып саналмайтын қасиетін көрсететін белгісі.

**Сипаттаушы белгі** (*характеристический признак*) – термин мағынасындағы таңбаланған нысандар тобының (класының) барлығына тән сипатын көрсететін елеулі белгі.

**Жалған белгі** (*ложный признак*) – термин мағынасынан орын алғанымен, ұғымның қандай да бір қасиетін білдірмейтін, басы артық белгі.

**Терминнің арнайылануы** (*специализированность термина*) – белгілі бір арнаулы сала ұғымының атауы ретінде термин мағынасының кәсіптік сөзге тән сипатқа ие болуы. Осы ерекшелігіне байланысты кейбір ғалымдар «термин мағынасының арнайылануы», «терминнің кәсіптік сипаты» деген терминдерді де қолданады.

**Терминнің жалпылануы** (*эврисемантизация термина*) – термин мағынасының кеңейіп, жалпы ғылыми терминге немесе терминбөлшекке айналуы.

#### II. 4. Термин түрлері

**Байырғы термин** (*исконный термин*) – белгілі бір тілде ертеден бар немесе сол тілдің терминологиясы қалыптаса бастаған алғашқы кезеңдерде жасалған термин.

**Жаңа термин** (*термин-неологизм*) – жаңа ұғымдардың атауы ретінде жасалып қолданысқа енген немесе бұрыннан бар ұғымның жаңа атауы ретінде ұсынылған термин.

Канадалық терминтанушы ғалымдар жаңадан жасалып, негізінен арнаулы салаларда қолданылып жүрген термин сөздерді «неоним» деп атап, ал жалпы тілдегі жаңа сөздерді «неологизм» деп атауды ұсынады. Олардың бұл ұсыныстары біртіндеп қолдау тауып, жаңа терминдерді «неоним» деп атаушылар қатары көбейіп келе жатқаны байқалады.

**Көне термин** (*термин-архаизм*) – ертеде болған ұғымды білдіргенмен, көп уақыт бұрын қолданыстан шығып, қазір мағынасы мүлде түсініксіз болып қалған термин.

**Ескірген термин** (*устаревший термин*) – кейіннен мейлінше сәтті әрі ұғымды дәл бейнелейтін атаулар жасалғандықтан, қазіргі уақытта қолданыстан шеттеп қалған термин (көбінесе синоним термин).

**Тарихи термин** (*термин-историзм*) – тарихи ұғым атауы ретінде сақталғанымен, ол белгілейтін ұғымның өзі жойылғандықтан, қазір қолданылмайтын көнерген термин түрі.

**Кірме термин** (*заимствованный термин*) – өзге тілдерден тұтастай немесе жекелеген аспектілері (тұлғасы ғана, мазмұны ғана, құрылымы) алмасқан термин.

Өзге тілден алмасқан элементтерінің түрлеріне қарай (тұлғасы немесе жасалу үлгісі) олар *тұлғасы* (форма) *алмасқан* және *сөзжасамдық* немесе *синтаксистік құрылымы алмасқан* терминдер деп екіге бөлінеді.



**Калька термин** (*термин-калька*) – өзге тілден сөзжасамдық немесе синтаксистік құрылыммен алмасқан термин.

Калька термин – өзге тілдегі терминді оның құрылымын сақтай отырып, ұлт тіліне соған сәйкес келетін сөзбен, морфемамен дәл аудару арқылы жасалатын сөз термин немесе тіркесті термин.

**Гибрид термин** (*гибридный термин, гибридо-термин*) – бір бөлігі өзге тілден алмасқан, ал өзге бөлігі қабылдаушы тілге аударылған немесе байырғы сөз болып келетін терминдер. Мысалы, олардың қатарына *жартылай калька* (мысалы, **теле** (tele) + **көпір** (мость), **радио** + қондырғы) және бір бөлігі өзге тілден алынған, ал екінші бөлігі төл сөз болып келетін *жартылай кірме терминдер* жатады. Мұндайда түбір морфема да (мысалы, **демократия** + лан/дыр/у, **реформа** + шыл/дық) немесе қосымша морфема да (**фото** + сурет, ....т.б.) алмасуы мүмкін.

**Диалект термин** (*термин-диалект*) – жергілікті сөздерді терминдендіру тәсілі арқылы жасалған термин.

Мысалы, *құжат, ұжым, үрдіс, түнек* т.б. терминдер осы тәсілмен жасалған. Қазақ тілінде жергілікті сөздерді терминқор қалыптастыру көзі ретінде танып, оларды термин шығармашылығында пайдалана бастау кейінгі жылдары ғана байқалып отырған үрдіс.

**Базалық термин** (*базовый термин*) – белгілі бір терминологияның алғаш пайда болуы кезінде сол терминологияның жасалуына негіз болған терминологиядан немесе лексиканың бір саласынан алмастырылып алынған термин.

**Негізгі термин** (*основной термин*) – белгілі бір арнаулы саланың негізгі ұғымдарын білдіретін термин. Мысалы, *дыбыс, фонема, буын, сөз, сөйлем, мәтін, морфема*, сияқты терминдер тіл білімінің негізгі терминдері.

**Тірек термин** (*опорный термин*) – терминологиялық сөз тіркестерін жасауда негізгі тірек етіп алынатын термин.

**Бастапқы термин** (*исходный термин*) – туынды терминдерді жасауда пайдаланылатын негіз.

**Өзіндік термин** (*собственный термин терминологии*) – арнаулы сала терминологиясының өз шеңберінде пайда болған термин.

**Қатыстырылған термин** (*привлеченный термин*) – іргелес білім саласының терминологияларынан алынып, сол саладағы мағынасын сақтай отырып қолданылатын термин.

**Ядролық термин** (*ядерный термин*) – белгілі бір терминологияның ядросын құрайтын термин. Э.Ф.Скороходько «Семантикалық байланыстары мейлінше көп терминдер» деген анықтама береді. Бұл анықтамалар бірін-бірі теріске шығармайды. Терминологияның қақ ортасында болатын терминдердің әдетте семантикалық байланысы мол болады.

**Шеткері термин** (*периферийный термин*) – терминологияның ядросынан алшақ, шеткері жататын термин.

**Әмбебап термин** (*универсальный термин*) – бірнеше тілдерде байқалатын құбылыстарды білдіретін термин.

**Бірегей термин** (*уникальный термин*) – бір ғана тілге тән ерекше құбылысты білдіретін термин.

**Көп мағыналы термин** (*многозначный термин*) – бірнеше мағынаны білдіретін термин.

**Уәжді термин** (*мотивированный термин*) – мағынасының ұғынықтылығы және тұлғасы (форма) арқылы белгілейтін ұғым жөнінде мәлімет беріп тұратын термин.

**Латын негізді термин** (*латинистический термин*) – латын негізіне ұлттық тіл қосымшасы жалғанып жасалған термин.

**Есім термин** (*эпонимический термин*) – кісі аттары немесе фамилияларынан жасалған термин.

Терминнің бұл түрін атау үшін шет ел ғалымдары әр жылдары «*фамильный термин*», «*термин-эпоним*», «*термин-антропоним*», «*деантропонимический термин*» терминдерін қолданған.

**Топоним термин** (*топонимический термин*) – жер-су аттарынан жасалған термин.

**Жалқы есім термин** (*термин-имя собственное*) – жалқы есімдерден жасалған терминдер. Бұл терминдер құрамына есім терминдер, топоним терминдер және басқа да жалқы есімдерден жасалған терминдердің барлығы кіреді.

Мұндай термин түрлерін ғалымдар әр жылдары «*ономастический термин*», «*ономасионный термин*», «*терминоним*» деп те атаған.

**Зат есім термин** (*термин-существительное*) – сөз таптарына қатысы тұрғысынан зат есім болатын термин.

**Етістік термин** (*термин-глагол*) – сөз таптарына қатысы тұрғысынан етістік болып келетін термин.

**Халықаралық термин** (*интернационализм*) – бірнеше ұлттардың тілдерінде қолданылып жүрген, ғылым тілінде кең тараған термин. Көбінесе латын, грек текті терминдер халықаралық термин мәртебесіне ие болған.

**Жартылай халықаралық термин** (*полуинтернационализм*) – терминнің бірінші негізі халықаралық терминмен сәйкес келетін, ал екіншісі сәйкес келмейтін термин.

**Жартылай аударма халықаралық термин** (*полускрытый интернационализм*) – бірінші негізі сәйкес келетін, ал екіншісі ұлт тіліне аударылып алынған термин.

**Таралғы термин** (*узловой термин*) – туынды, құранды және күрделі терминдерді жасауда дайын терминбөлшек ретінде пайдаланылатын негіз.

**Ішкі термин** (*внутренний термин*) – басқа көп сыңарлы терминнің құраушы сыңары болып табылатын термин.

**Сілтемелі термин** (*отсылочный термин*) – анықтамалық сөздіктер ұсынбаған, өзге нұсқасына сілтеме жасалған термин.

**Жалпы ғылыми термин** (*общенаучный термин*) – бірнеше ғылым саласында қолданылатын термин.



**Салалық термин** (*отраслевой термин*) – белгілі бір арнаулы салаға (ғылым, техника, өнер, өндіріс т.б.) тән, сол саланың терминжүйесінің мүшесі болып саналатын термин.

Терминдер қай саланың арнаулы ұғымын білдіретіндігіне, қай терминологияның мүшесі екендігіне қарай *ғылыми термин, техника термині, музыка термині, биология термині, заң термині, ботаника термині, экономика термині, әдебиеттану термині, тіл білімі термині, өнертану термині, философия термині, химия термині, физика термині, спорт термині, сәулет термині, математика термині, дипломатия термині, әскери термин, әкімшілік-саяси термин, өндіріс термині* деп аталады. Сондай-ақ бірнеше ғылым саласына қатысты ұғымдарды білдіретіндігіне байланысты *жалпы ғылыми термин, жалпы техникалық термин*, іргелес ғылымдарға ортақтығына қарай *ғылымаралық термин, салааралық термин*, ал ғылымдардың жіктелісіне қарай *гуманитарлық ғылымдар терминдері, дәл ғылымдар терминдері, жаратылыстану ғылымдары терминдері* деп бөлінеді.

**Тарсалалық термин** (*узкоотраслевой термин*) – бір арнаулы саланың ішкі кіші тарамағына тән термин.

## II. 5. Терминнің тұлғасы мен құрылымы

**Термин тұлғасы** (*форма термина*) – терминді таңбалаушы әріптер арқылы көрінетін оның сыртқы пішіні. Бұл терминнің «*терминнің дыбыстық жамылғышы*», «*терминологиялық пішін*», «*терминнің тұлғалық жағы*» сияқты нұсқаларын да қолданған ғалымдар бар.

**Сөз термин** (*термин-слова*) – бір сөзден тұратын, дара тұлғалы термин.

**Түбір термин** (*корневой термин*) – бір ғана түбір морфемадан тұратын термин.

**Туынды термин** (*производный термин*) – сөз тудырушы қосымшалардың жалғануы арқылы жасалған термин.

**Тіркесті термин** (*термин - словосочетание*) – екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуі арқылы жасалған термин. Ондай терминдерді кей ғалымдар **терминологиялық сөз тіркесі** (*терминологические словосочетания*) деп те атайды. Оған: «**Терминологиялық сөз тіркесі** – бұл арнаулы кәсіптік ұғымның атауы қызметін атқаратын екі (немесе бірнеше) толық мағыналы сөздердің мағыналық және грамматикалық бірлігі» деген анықтама береді. (*Авербух К.Я.*)

Бұл анықтамаларда қайшылық жоқ. Екінші анықтама біршама толықтау болғанымен, онда алдыңғы анықтамадан айтарлықтай айырмашылық байқалмайды.

**Тұрақты тіркесті термин** (*термин-фразеологизм*) – кемінде екі немесе үш сыңардан тұратын, құраушы сыңарлары өзге синоним сөздермен алмастырлмай, үнемі тұрақты қолданылатын терминологиялық сөз тіркесі.

Орыс терминтанушы ғалымдары әр жылдары бұл терминнің

«неразложимый термин-словосочетание», «несвободное терминологическое словосочетание», «термин-идиома», «идиоматичный термин», «терминологическое фразеологическое словосочетание» сияқты нұсқаларын қолданған.

**Еркін тіркесті термин** (*свободный многословный термин//термин-свободное словосочетание*) – көп сыңарлы терминнің бірінші сыңарының біріншісін синониммен алмастыруға болатын термин.

**Тізбекті термин** (*цепочечный термин*) – кемінде үш сыңардан тұратын, олардың аралары дефис арқылы бөлініп жазылатын термин.

Қос сөз түріндегі терминдер ұшырасқанмен, тізбекті терминдер үлгісі қазақ тілінде кездесе бермейді.

**Қосымшалы термин** (*аффиксиальный термин*) – негізгі түбір сөз бен қосымшадан тұратын термин. Туынды терминнің бір түрі.

**Күрделі термин** (*сложный термин*) – терминнің негізі бірнеше түбір морфемадан тұратын термин. Мысалы, *сегізбұрыш* (мат.),

**Сөзтаңба термин** (*термин-символослово*) – құрамында әріп немесе сан таңба және сөз болатын термин. Мысалы, Уран-235, М-мезон т.б.

**Моделсөз термин** (*термин-моделеслово*) – құрамына (сөзбен бірге) өз тұлғасымен белгілейтін нысанын модельдеуші графикалық таңба кіретін термин.

**Көп сыңарлы термин** (*многословный термин*) – құрамында үш немесе одан да көп түбір морфемалар болатын термин. Мысалы, біртекті сызықтық жүйе (мат). Көп сыңарлы терминдердің бір түрі – **тізбекті терминдер** (*цепочечные термины*) – кемінде мейлінше дербес үш негізден құралған (көбінесе дефис арқылы бірігетін) терминдер болса, екінші түрі – **жалғанбалы терминдер** (*агглютированные термины*) – құрамында кемінде өзара тығыз байланысқан үш негіз болатын терминдер.

**Екісыңарлы термин** (*двухсловный термин*) – екісыңарлы терминологиялық сөз тіркесі.

Мысалы, *ашық буын* (лингв.), *қосымша құн* (экон.), *ортақ көбейткіш* (матем.), *әдеби ағым* (әдеб.), *аралық ми* (биол.), *жарық шоғы* (физ.) т.б.

**Үш сыңарлы термин** (*трехсловный термин*) – үш сыңарлы терминологиялық сөз тіркесі.

Мысалы, *үш еселі нүкте* (матем.), *ас қорыту бездері* (биол.), *қос құлаштан жүзу* (спорт), *жеке тектік құжат* (іс жүргізу) *қос құрамды сөйлем* (лингв.) т.б.

**Төрт сыңарлы термин** (*четырёхсловный термин*) – төрт сыңарлы терминологиялық сөз тіркесі.

Мысалы, *айналым қаражаты айналымының саны* (экон.), *өзіндік векторлар бойынша жіктеу* (матем.), *ток көзінің ішкі кедергісі* (физика), *ерітіндінің иондық күш ережесі* (хим.) т.б.

**Құрама термин** (*термин-компози́т*) – бастапқы сөз тіркесінің негіздерін біріктіру арқылы жасалған термин.

Ескерту: «Латын-грек терминбөлшектерінен құрап жасалған терминді» де құрама термин деп санайтын ғалымдар да бар.

**Құранды термин** (*составной термин*) – бірнеше бөлшектен тұратын күрделі құрамды, туынды термин.

**Қысқартылған термин** (*аббревиатурный термин*) – ықшамдылыққа қол жеткізу мақсатымен әріптік, буындық немесе аралас қысқарту тәсілімен қысқартылып жасалған термин. Бұл – сөздерді түрлі жолмен қысқарту арқылы жасалған терминдердің барлығының басын біріктіретін жиынтық атау.

**Қима термин** (*термин-усечение*) – бастапқы сөздің бір бөлігін қиып (кесіп) алып тастау арқылы жасалған термин.

**Әріптік қысқарым** (*акронимный термин*) – термин құраушы сыңарлардың бастапқы әріптерін ғана алып қысқарту жолымен жасалған терминдер. Мысалы, ТМҚ (терминологиялық мәліметтер қоры).

**Күрделі қысқарым** (*сложносокращенный термин*) – терминді құраушы сыңарлардың бөліктері мен тұтас сөзді біріктіру арқылы жасалатын термин.

Ескерту: Күрделі қысқарымға сәл өзгеше анықтама беретін ғалымдар да бар. Мысалы: бастапқы бір сөз тұтас қалпында алынып, қалған екінші бөлігі өзге сыңарлардың бәрін қысқартып алу арқылы жасалған термин.

**Телескопиялық термин** (*телескопический термин*) – бастапқыда сөз тіркесі түрінде қолданылған терминнің бірінші сөзінің басқы бөлігін (алғашқы буынын) екінші сөздің соңғы бөлігін қосу арқылы жасалған термин.

**Терминдерді тұтастыру** (*стяжение терминов*) – терминнің отраңғы бөлігін алып тастап, бастапқы және соңғы бөліктерін тұтастырып ықшамдап алу.

**Терминнің қысқа варианты** (*краткий вариант термина*) – терминнің қысқартылып, ықшамдалып алынған нұсқасы. Мысалы, *терминөріс* (терминологиялық өріс), *терминқатар* (терминологиялық қатар) т.б.

**Терминнің толық варианты** (*полный вариант термина*) – терминнің қысқартылмай толық қалпындағы алынған нұсқасы.

**Терминнің графикалық варианты** (*графический вариант термина*) – терминнің тек жазылуы арқылы айрықшаланатын нұсқасы.

**Терминнің фонетикалық варианты** (*фонетический вариант термина*) – терминнің тек айтылуы арқылы айрықшаланатын нұсқалары.

**Терминнің фонетика-графикалық варианты** (*фонетико-графический вариант термина*) – терминнің айтылуы мен бірдей лексемалардың түрліше жазылуы арқылы айрықшаланатын нұсқасы.

**Терминнің синтаксистік варианты** (*синтаксический вариант термина*) – термин жасалуының синтаксистік үлгісі (моделі) арқылы айрықшаланатын тіркесті терминдердің нұсқалары.

**Терминнің сөзжасамдық варианты** (*словообразовательный вариант термина*) – терминнің әр түлі сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған нұсқасы. Мысалы, әкімдік – әкімият,

**Терминнің морфологиялық варианты** (*морфологический вариант термина*) – сөз өзгертуші қосымшалар арқылы ажырытылатын термин нұсқалары.

**Терминнің морфология-синтаксистік варианттары** (*морфолого-синтаксические варианты термина*) – бір нұсқасы тіркесті термин немесе күрделі термин болатын, ал екіншісі – синтаксистік және морфологиялық өзгерістерге ұшырау арқылы жасалған терминдер.

**Терминнің эллипс варианты** (*эллиптический вариант термина*) – бастапқыда сөз тіркесі түрінде қолданылған терминнің бір сыңарын қалдырып кету арқылы жасалған нұсқасы.

Мысалы, *дауысты дыбыстар* → *дауыстылар, дауыссыз дыбыстар, дауыссыздар* т.б.

**Терминнің құрама варианты** (*композитивный вариант термина*) – көп сыңарлы терминнің сөздерін немесе негіздерін біріктіру арқылы жасалған морфология-синтаксистік нұсқасы.

**Термин ұзындығы** (*длина термина*) – терминнің сол шекарасы мен оң шекарасының аралығы.

**Терминнің таңбалық ұзындығы** (*знаковая длина термина*) – терминді құрайтын әріп санымен өлшенетін ұзындығы. Бұл терминнен өзге «*терминнің әріптік ұзындығы*», «*терминнің графикалық ұзындығы*» деген атау да қолданылған.

**Терминнің төменгі шегі** (*нижний предел термина*) – термин мен термин емес сөздің шекарасы.

**Терминнің жоғарғы шегі** (*верхний предел термина*) – терминологиялық сөз тіркесі мен еркін сөз тіркесінің шекарасы.

**Термин шекарасы** (*границы термина*) – терминнің басы мен соңы, басталуы мен аяқталуы.

**Терминнің сол шекарасы** (*левая граница термина*) – терминнің басы. Мысалы, *Ібітеу буын* терминінің сол жақ шекарасы «/» таңбасымен көрсетілген.

**Терминнің оң шекарасы** (*правая граница термина*) – терминнің соңы. Мысалы, *тұйық буын* терминінің оң жақ шекарасы «/» таңбасымен көрсетілген.

**Термин құралымы** (*глубина термина*) – терминді құраушы морфемалар саны.

**Терминнің жүйелілігі** (*систематичность термина*) – белгілі бір ұғымдар жүйесіндегі алатын орны мен оның сол жүйедегі өзге ұғымдармен байланысы оны белгілейтін терминнің құрылымынан, тұлғасынан көрініс табуы.

**Терминдердің лексикалық ұштасымы** (*лексическая сопряженность терминов*) – әртүрлі тілдер терминологияларын құраушы терминдердің тұлғаларының (форма) жақындығы.

## II. 6. Термин қызметі

**Термин қызметі** (*функции термина*) – арнаулы сала ұғымының атауы ретінде термин атқаратын қызметтердің жиынтығы.

**Терминнің атауыштық қызметі** (*номинативная функция термина*) – терминнің ұғымның, заттар мен құбылыстардың атауы болу қызметі.

Терминнің танымдық қызметі (*гносеологическая функция термина*) – терминнің таным құралы қызметін атқаруы.

Терминнің таңбаланушылық қызметі (*денотативная функция термина*) – терминнің таңбаланушыны белгілеп, оның мазмұнын білдіру қызметі.

Терминнің ұғымдық қызметі (*сигнификативная функция термина*) – терминнің ұғымды белгілеп, оның мазмұнын білдіру қызметі.

Терминнің эврикалық қызметі (*эвристическая функция термина*) – жаңа білімді ашу, табу қызметі.

Терминнің жүйелеушілік қызметі (*систематизирующая функция термина*) – терминнің ұғымдар жүйесін тілдік таңбалар арқылы да жүйелеп беру қызметі.

Терминнің ақпаратты тіркеу қызметі (*функция фиксации термина*) – терминнің ғылыми-техникалық арнаулы ақпаратты сақтау қызметі.

Терминнің ақпараттық қызметі (*информационная функция термина*) – терминнің ақпараттық-қатысымдық қызметі.

Терминнің қатысымдық қызметі (*коммуникативная функция термина*) – терминнің білімді, арнаулы ақпаратты жеткізу қызметі.

Термин белгілі бір сала мамандарының арасындағы кәсіби қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Мамандар өз саласының терминдерін қолдану арқылы өзара ақпарат алмасады.

Терминнің оқулық қызметі (*учебная функция термина*) – терминнің білім беру, түсіндіру, оқыту мақсатында қолданылу қызметі. Терминнің бұл қызметін «*дидактикалық қызметі*», «*педагогикалық қызметі*» деп атайтын ғалымдар да бар.

Терминнің ажыратушылық қызметі (*различительная функция термина*) – терминологиялық жүйе шеңберінде терминдердің өздері белгілейтін ұғымдардың аражігін ажырату қызметі.

Терминнің анықтаушылық қызметі (*дефинитивная функция термина*) – терминнің тұлғасы арқылы ұғымның түрлік-тектік белгілерін көрсету мүмкіндігі.

## II. 7. Термин қолданысы

**Қолданыстағы термин** (*действующий термин*) – тыйым салынған, алмастырылған және көнерген терминдер қатарына жатпайтын, қазіргі ғылым тілінде бірізді қолданылып жүрген термин.

**Көпшілік қабылдаған термин** (*общепринятый термин*) – ғылыми қауым, жалпы көпшілік жаппай қабылдап, бір ізді қолданып жүрген термин.

**Идиолектілі терминдер** (*идиолектные термины*) – жеке қолданыстағы, авторлық терминдер.

Мысалы, *термин* – ұғымсөз, *алгоритм* – бағдаржол, *экономика* – үнемиет т.б.

**Метадиалект термин** (*метадиалектный термин*) – белгілі бір ғылыми мектеп өкілдері немесе ғылыми ұжым ғана қолданатын термин.

**Жиі қолданылатын термин** (*употребительный термин*) – белгілі бір арнаулы саланың тілінде жиі қолданылатын термин.

Бұл қатарға көбінесе негізгі термидерді, ядролық терминдерді жатқызуға болады. Мысалы, тіл білімінде – *дыбыс, фонема, сөз, сөйлем, мәтін* т.б., заң терминологиясында – *заң, құқық, заңнама* т.б.

**Сирек қолданылатын термин** (*малоупотребительный термин*) – ғылыми әдебиеттерде аз қолданылатын термин. Бұл терминнің мағынасы екі түрлі түсініліп жүр. Біріншісі – ұғымды белгілеуші атау сөздің сәтті жасалмауына, терминге қойылатын талаптардың барлығын бірдей қанағаттандыра бермейтіндігіне байланысты мамандардың оны аз пайдалануы. Екіншісі – ғылыми ұғымның ерекшелігіне сәйкес ол туралы мамандардың аз сөз қозғайтындығы. Бұл терминнің ғылым-білімнің қандай да бір тар саласының ұғымын білдіретіндіктен, шеткері термин болуымен т.б. себептермен байланысты болуы мүмкін.

**Бір реттік термин** (*оказиональный термин*) – белгілі бір контексте, мәтінде жеке автор тарапынан ғана қолданылып, жаппай қолданысқа ие болмаған, бір күндік терминдер. Осы қасиетіне қарай орыс тілінде бұл терминдерді «*термин-однадневка*» деп атайтын да ғалымдар бар.

Қазақ тілінде мұндай терминдер соңғы он-он бес жыл көлемінде жиі ұшырасатын болды. Оның себебін терминологиялық сөздіктердің, оқу құралдары мен оқулық, ғылыми әдебиеттердің терминологиялық сараптамадан өткізілмей шығарыла беретін болғандығымен, терминологиялық бақылаудың әлсіреуімен түсіндіруге болады. Мұндай терминдерді «біржолғы терминдер» деп атауға да болады.

**Шұбалаңқы термин** (*громоздкий термин*) – бірнеше сыңардан тұратын, ұғым мазмұнын қамтығанмен, сипаттамалық қасиеті басым, қолдануға ыңғайлы бола бермейтін термин.

**Ықшам термин** (*компактный термин*) – бір сыңардан тұратын, қолдануға қолайлы, жаңа термин жасауға мүмкіндігі мол термин.

**Терминнің қолданысқа енгендігі** (*внедренность термина*) – мамандардың, ғылыми қауымның жаппай қабылдауы және жиі қолданылуымен сипатталатын терминге қойылатын талап. Жазба тілде терминнің қолданыстылығы (употребляемость) оның мәтіндерде кездесетіндігін (саналу) есептеу арқылы анықталып, жиі ұшырасатындығына байланысты сипатталады.

**Стандартталған термин** (*стандартизированный термин*) – ресми терминологиялық стандарттарға енгізілген термин. Мұндай терминдерді бірізді қолдану жалпыға бірдей міндетті деп саналады.

(*предпочтительные термины*) – анықтамалық сөздіктерге енгізілген терминдер. Бірнеше сөздіктерде беріліп жүргендіктен мүмкіндігінше соларды қолданған дұрыс деп саналады.

**Қолдануға болатын термин** (*допустимый термин*) – терминологиялық стандарттар мен ұсынылған терминдер жинақтарында негізгі терминдермен қатар қолданылуына рұқсат етілген термин.

(*отсылочные термины*) – анықтамалық сөздіктер қолдануға ұсынбаған терминдер.

**Ұсынылған термин** (*рекомендуемый термин*) – міндетті түрде қолданылуы талап етілмейтін, мүмкіндігінше сол терминнің қолданылғаны дұрыс деп ұсынылатын жинақтарға енгізілетін терминдер.

**Ұсынылмаған термин** (*нерекомендуемый термин*) – ұсынылған терминдер жинақтарында оларды қолданбау қажеттігі атап көрсетілген термин.

**Тыйым салынған термин** (*недопустимый термин*) – терминологиялық стандарттарда қолданылуына тыйым салынған терминдер.

**Алмастырылған термин** (*замененный термин*) – орнына басқа термин ұсынылып, терминологиялық құжаттар арқылы ресми түрде алмастырылған термин.

Арнаулы салада қолданылуы (*специальная область употребления*) – терминнің өзіне тән терминологиялық мағынасын сақтай отырып, өзі мүшесі болып табылатын терминология шеңберінде, арнаулы мақсаттар тілінің бірінде қолданылу қасиеті.

Горький терминтану мектебі бұл терминді «*терминнің кәсіби қолданысы*» (*профессиональное употребление*) деп атайды.

## II. 8. Терминге қойылатын талаптар

Терминге қойылатын талаптар (*требования к термину*) – қазіргі заманғы термин жауап беруге тиісті негізгі шарттар.

Тіл мамандары мен терминтанушылардың басым көпшілігінің еңбектерінде атап көрсетіліп жүрген терминге қойылатын негізгі талаптар мыналар:

**1. Терминнің бірмағыналылығы** (*однозначность термина*). Терминнің негізінен бір арнаулы сала ішінде ғана бір мағынаны білдіруі, синонимдерінің болмауы. «Бір таңбаланушыға – бір таңба, бір таңбаға – бір таңбаланушы» сәйкес келуі керек деген қағидаттан туындаған бұл талапты орындауға салалық мамандардың қай-қайсысы да мүдделі. Кейде бұл талаптың да орындалмай қалып жататындығын кездестіруге болады. Терминнің бірмағыналылығы абсолютті және салыстырмалы болуы мүмкін (қараңыз → термин мағынасы). Бұл талаптың негізінен белгілі бір арнаулы терминология шеңберінде қойылатындығын ұмытпаған абзал.

**2. Терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы** (*краткость термина*). Бірнеше сөздің тіркесуінен тұратын көп сыңарлы терминнің ұғым атауы ретінде, атаусөз ретінде қолдану қолайлылық туғыза бермейді. Атау сөздердің қысқа да нұсқа болғаны жақсы-ақ. Тіл үнемділікті ұнатады. Тіліміздегі көптеген көп құранды тіркестердің лексикалануы, біріккен, кіріккен сөздердің пайда болуы, күрделі атаулардың ықшамдалуы осы үнем заңының талаптары. Алайда терминологияда бұл талап үнемі орындала бермейді. Терминологиялық тіркестер, терминдер жүйесінде көптеп кездеседі.

Терминнің көп құрамдылығы оның кемшілігі емес, қайта ондай атаулардың ұғым мазмұнын дәл беру тұрғысынан артықшылықтары бар деп санайтын ғалымдар да бар. Бұл тұрғыдан келгенде «Термин мағынасының дәлдігі оның қысқалығынан маңызды. Сондықтан да терминнің көп сыңарлы болуын оның кемшілігі деп есептеуге болмайды. Егер қандай да бір ұғым бір-бірімен өзара жақсы үндескен сөздерден тұратын тіркеспен аталса, онда ол терминнің жүйелілігін және сол ұғымның өзге ұғымдармен байланысын көрсетеді.» Терминнің қысқалығын:

а) лексикалық ықшамдылық

ә) тұлғалық ықшамдылық деп іштей екіге жіктеп көрсетушілер де бар.

**3. Терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі** (*соответствие словообразовательным законам языка*). Терминдер де негізінен жалпы әдеби тілдегі атау сөздер сияқты ұлт тілінің сөзжасам тәсілдерін пайдалану арқылы туындайды. Салалық терминдердің көпшілігі әр саланың ғалымдарының, практик мамандарының қаламынан туындайды. Салалық мамандардың барлығы бірдей ұлт тілінің сөзжасам тәсілдерін, тілдік заңдылықтарды, дыбыстардың тіркесімі мен қосымшалардың жұмсалыу ерекшелігін, сөздердің тіркесу қабілетін жетік біледі деп айту қиын. Оның үстіне ұтымды атау жасау үлкен талғампаздық пен шығармашылық қабілетті қажет ететін күрделі жұмыс. Сондықтан да терминологияда сөзжасам заңдылықтарын қанағаттандыра бермейтін термин-сөздер ұшырасып қалып жатады.

**4. Тілдік нормаға сәйкес келуі** (*соответствие нормам языка*) – кәсіби жаргондардың, фонетикалық және грамматикалық нормадан ауытқулардың болмауы.

**5. Терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы** (*derivационная способность термина*). Бұл талап терминнің ықшам болуы қажет деген талаппен үндеседі. Қазақ тілі жалғамалы тілдер қатарына кіретіндіктен неғұрлым қысқа, ықшам атауларға сөз тудырушы жұрнақтарды үсті-үстіне жалғау арқылы бір түбірден немесе негізден бірнеше туынды сөз, жаңа атау жасауға болады. Ал көп құрамды атаулар бұл талапқа жауап бере бермейді. Бұл талапты терминге *сөз тудыруға (derivациялық) қабілеттілігі* деп те атайды. Ықшам жасалған, қысқа терминнен туынды термин жасау мүмкіндігі қашанда мол.

**6. Терминде эмоцияналдылық пен экспрессиялықтың болмауы** (*отсутствие эмоциональности и экспрессии*). Жалпы ғылым тілі бейнелілікті, образдылықты емес, әр ұғымды өз атымен атауды қажет ететін дәлдікті, нақтылықты қалайды. Сол себептен де ғылым тілінің негізін құрайтын терминдердің эмоциональдық тұрғыдан бейтараптық танытып, оларға экспрессияның тән болмауы талап етіледі.

*Ескерту:* Терминге эмоцияналдылық пен экспрессиялық жат емес деп санайтын тілші-терминолог ғалымдар да бар. Солардың бірі В.Н.Прохорова «Терминнің эмоцияналдылығы туралы» деген мақаласында лексика-



семантикалық жолмен жасалған терминдердің метафорлылығы мен метонимиялылығы оның эмоциялылығын білдіреді... Сондай-ақ егер термин белсенді қолданыстағы эмоционалды сөздерден жасалса, онда термин де сол эмоционалды бояуды сақтайды – дейді.

**7. Эстетикалық талаптарға сай келуі** (*соответствие эстетическим требованиям*). Терминнің дыбысталуы айтуға қолайсыздық туғызбай, естуге жағымды болуы. Құлаққа қораштау естілетін, айтуға ауыр қарапайым лексика қатарынан, жаргон, арго сөздердің термин ретінде таңдалмағаны жөн.

Кейбір ғалымдардың «терминнің үндесімділігі» деп атап жүргені осы эстетикалық талапқа сәйкес келеді.

**Терминнің үндесімділігі** (*благозвучность термина*) – терминге қойылатын бұл талаптың екі аспектісі бар. Оның біріншісі – терминнің айтуға қолайлы болуына байланысты туындайтын орфоэпиялық тұрғыдан жағымды дыбысталуы. Мысалы, *құқық және т.б.*

Екіншісі – термин өзі қолданылатын саладан тыс қажетсіз, жағымсыз ұқсастық (ассоциация) туғызбауы керек. Мысалы, **боқша, қарайғыр**, т.б.

**8. Терминнің қолданысқа енгізілгендігі** (*внедренность термина*) – терминді мамандардың, ғылыми қауымның қабылдауы немесе оның жаппай бірізді қолданылатындығы.

**9. Синонимдердің болмауы** (*отсутствие синонимов*) – терминологиядағы «бір ұғымға – бір ғана атау» қағидатына сәйкес синонимдердің болмауы талап етіледі.

Мінсіз жасалған терминологияға қойылатын бұл талап үнемі орындала бермейді. Алайда «терминологияға да синонимділік тән» деп санайтын көзқарастың бар екендігіне қарамастан, терминологияда синонимділіктің болмауы үнемі талап етіліп келеді.

**10. Инварианттылық** (*инвариантность*) – фонетикалық, графикалық, морфологиялық, сөзжасамдық және синтаксистік варианттардың болмауы.

**11. Терминнің уәжділігі** (*мотивированность термина*) – термин мағынасының ұғынықты, өзі белгілейтін ұғымы жөнінде анық мәлімет беруі.

Жоғарыда аталған талаптарды терминнің мағынасына, тұлғасы мен қолданысына қарай – *семантикалық талаптар* (1. мағыналық қайшылықтың болмауы, 2. бірмағыналылық, 3. терминнің толықмағыналылығы, 4. синонимдердің болмауы), *терминнің тұлғасына қойылатын талаптар* (1. тілдік нормаға сәйкес келуі, 2. терминнің ықшамдылығы (қысқалығы), 3. сөз тудыруға (derivациялық) қабілеттілігі, 4. инварианттылық, 5. уәжділік) және *прагматикалық талаптар* (1. қолданысқа енгізілгендігі, жатық айтылуы немесе жағымды дыбысталуы) деп үшке жіктеп қарастыру жиі ұшырасады.

Негізінен терминологиялық әдебиеттердің көпшілігінде негізінен жоғарыдағы талаптар аталады.

Ол үш топтың ішіне жоғарыда біз көрсеткеннен өзге де кейбір талаптарды да қосатын ғалымдар бар. Кейде жекелеген ғалымдар тарапынан бұл талаптардан өзге талаптар да аталып жатады. Мәселен, прагматикалық талаптардың

қатарына терминнің қазіргі уақытқа лайық заманауилығы (*современность*), әлем ғалымдары арасындағы қарым-қатынасты жеңілдетуге қызмет ететін халықаралықтығы (*интернациональность*) және кейбір сала мамандарының (медицина т.б.) өздері ғана түсінуге тиіс құпиялылығы (*эзотеричность*) жатады деп санайтын ғалымдар да бар.

**Терминнің халықаралықтығы** (*интернациональность термина*) – бірнеше ұлттық тілдердегі (кемінде үш тілде) тұлғалануы жақын немесе бірдей және мазмұндары сәйкес келетін терминдердің болуы. Терминге қойылатын бұл талапты ұсынушылар оның себебін ғылыми зерттеушілердің оның халықаралықтандыру үрдісінің жанданып, мамандардың халықаралық байланысын жасауға деген сұранысының артуына орай туындап отыр деп түсіндіреді.

Екінші қырынан қарағанда, терминологияны халықаралықтандыруға қарсы – *деинтернационализация*, яғни терминологиялық лексиканың ұлттық сипатын арттыру үрдісі де бар. Әлемнің бірқатар елдері осы бағытты ұстанып тұр. Сондықтан да бұл талапты да терминге қойылатын негізгі талаптар қатарына қосудың негізі берік емес.

**Терминнің заманауилығы** (*современность термина*) – көнерген терминдерді қолданыстан шығарып, олардың қазіргі заманғы терминдерімен алмастыру арқылы жүзеге асырылатын терминге қойылатын талаптардың бірі. Бірақ терминтанушылардың көпшілігі, бұл талапты міндетті түрде орындалуға тиісті басты талаптарға қоса бермейді.

## II. 9. Терминнің түрлі сипаты

**Термин сапасы** (*качество термина*) – терминнің қолдануға жарамдылығын анықтайтын қасиеттер жиынтығы.

**Терминнің сөз тудыру қабілеті** (*деривационная способность термина*) – терминнің жаңа терминдердің жасалуына негіз болу қасиеті.

**Терминнің әлеуеттік сөз тудыру қабілеті** (*потенциальная деривационная способность термина*) – терминнің әлі пайдалануға болатын сөз тудыру мүмкіндігі.

**Терминнің пайдаланылған сөз тудыру қабілеті** (*реализованная деривационная способность термина*) – терминжасам барысында терминнің сөз тудыру қабілетінің пайдаланылғандығы.

**Термин ұялылығы** (*гнездовость термина*) – терминологиялық жүйе ішінде тектес терминдердің болуы.

Терминжүйе ішіндегі термин ұялылығына қарап, терминнің сөз тудыру мүмкіндігінің қаншалықты пайдаланылғанын көруге болады.

**Термин аудармалылығы** (*переводимость термина*) – терминнің ұлт тіліне аударылатындығы.

**Терминнің бір аудармалылығы** (*однопереводность термина*) – бір баламаның, бір аудару тәсілінің болуы.

**Терминнің түрлі аудармалылығы** (*разнопереводность термина*) – терминді аудару кезінде аударманың екі немесе одан да көп тәсілінің пайдаланылуы.

**Терминнің ішкі синтагматикасы** (*внутренняя синтагматика термина*) – құранды терминнің байланысу ерекшеліктері.

Терминнің интенциясы (*интенция термина*) – белгілі бір ұғымдық-заттық өріс ішіндегі таңбаланушыға оның қандай да бір басты сипатын және сол саланың атаулар жүйесімен сәйкесуін барынша дәл бөліп көрсетуге ұмтылу әрекеті. Терминнің интенциясы оның атауға, термин-сөзге қатысты қыры. Сондықтан да кейде мақсатты түрде термин жасауды – «*терминологиялық интенция*» деп атау ұшырасады.

Терминнің экстенциясы (*экстенция термина*) – термин сөздің мағынасы қамтитын, заттық-ұғымдық өріс аймағы. Терминнің экстенциясы оның ұғымдық жағы. Ұғымның сол саланың ұғымдар жүйесіндегі алатын орны.

**Терминнің дәлдігі** (*точность термина*) – терминнің өзі белгілейтін ұғым мазмұнын дәл қамтуы.

**Терминденгендік** (*терминологичность*) – термин тұлғасының жалпы қолданыстағы лексикадан байланысын үзуі, терминдену дәрежесі.

**Терминқор** (*терминофонд*) – белгілі бір ұлттың тіліндегі барлық арнаулы салалардың қалыптасқан, қолданыстағы терминдерінің жиынтығы. Бұл ұғымды білдіру үшін «**ұлттық терминқор**» термині де жиі қолданылады.

**Терминтоп** (*терминогруппа*) – тақырыптық, ұғымдық тұрғыдан өзара байланысты жүз терминге дейінгі терминдердің жиынтығы.

Бұл ұғымның атауы ретінде «тақырыптық топ» (*тематическая группа*), «терминдер тобы» (*терминдер тобы*), «ұғымдық терминологиялық топ» (*понятийная терминологическая группа*), «тақырыптық микроөріс» (*тематическое микрополе*) терминдерін қолданған да ғалымдар бар.

**Терминқатар** (*терминоряд*) – жарыса қолданылып жүрген мағыналас терминдер тізбегі.

Бұл ұғымды білдіру үшін ғалымдар тарапынан әр жылдары «Терминдер қатары» (*ряд терминов*), «синонимдер тобы» (*группа синонимов*), «терминологиялық тізбек» (*терминологическая цепочка*), «жарыспа қатар» (*вариантный ряд*) сияқты терминдер ұсынылған.

## II. 10. Терминнің кемшіліктері

**Терминнің кемшілігі** (*недостатки термина*) – терминге қойылатын талаптарға, тілдік нормаға сай келмеуі.

**Терминнің үндесімсіздігі** (*неблагозвучность термина*) – терминнің эстетикалық қағидаттарға сай жасалмай, жағымсыз дыбысталуы және жарасымсыз, қажетсіз ұқсастық туғызуы.

**Терминнің семантикалық сәйкессіздігі** (*семантические несоответствия*)

*термина*) – таңбаланушы ұғым мазмұнының терминнің мағынасынан дәл көрініс таппауы.

**Бұрыс бағыттаушы термин** (*ложноориентирующий термин*) – уәжі қате түсінікке жетелейтін термин.

**Термин шұбалаңқылығы** (*громоздкость термина*) – терминнің бірнеше (үш, төрт, бес немесе одан да көп) сөздің тіркесуі, қосарлануы, біріктірілуі арқылы жасалып, сөз туғызуға, айтуға, жазуға жалпы қолдануға қолайлы болмауы.

**Термин көпмағыналылығы** (*многозначность термина*) – терминнің бір терминологиялық жүйе шеңберінде бірнеше мағынаны білдіруі.

**Термин варианттылығы** (*вариантность термина*) – терминнің бірнеше нұсқасының жарыса қолданылуы.

**Квантативті варианттар** (*квантативные варианты*) – сыңарларының саны әртүрлі болатын жарыспалы нұсқалар.

**Салыстырмалы синонимдер** (*относительные синонимы*) – бірінің мағынасы екіншісінен кеңдеу синоним терминдер.

**Толық синонимдер** (*полноправные синонимы*) – барлық жағдаяттар мен тіркесім кезінде бір-бірімен алмастыруға болатын синоним терминдер.

**Толық сәйкеспейтін синонимдер** (*неполноправные синонимы*) – барлық жағдаяттар мен тіркесім кезінде бірінің орнын бірі алмастыра бермейтін синоним терминдер.

**Термин жүйесіздігі** (*несистематичность термина*) – терминнің түрді, текті немесе ұғымдар арасындағы қатынастарды білдіру тұрғысынан тұлғалық жүйесіздік туғызуы.

## II. 11. Термин және мәтін

**Терминтанушылық мәтін теориясы** (*терминоведческая теория текста*) – мәтіндердегі терминдердің қолданылуын және мәтінді термин арқылы, керісінше терминді мәтін арқылы зерттеу теориясы.

**Термин тудырушы мәтін** (*терминопорождающий текст*) – теорияларды мазмұндауға, арнаулы салалардың білімі мен қызметін баяндауға, сипаттауға арналған мәтін.

**Термин қолданылған мәтін** (*терминоиспользующий текст*) – белгілі бір арнаулы сала нысандары мен үдерістерін сипаттайтын мәтін.

**Термин тіркеуші мәтін** (*терминофиксирующие тексты*) – терминдер мен өзге де арнаулы лексемалар қамтылып, олардың мағыналары түсіндірілетін түрлі сөздіктер мәтіні.

**Мәтіннің терминдік құрылымы** (*терминологическая структура текста*) – мәтіндегі терминдердің орналасуы, мәтін құрауға қатысы.

**Мәтіннің терминдік толымдылығы** (*терминологическая насыщенность текста*) – арнаулы лексемалардың, оның ішінде терминдердің мәтіндегі толық мәнді сөздерге қарағандағы, әдетте пайыздық өлшеммен көрсетілетін ара салмағы.

**Мәтіндегі терминдер жиілігі** (*терминологическая частотность текста*) – арнаулы лексемалардың, оның ішінде негізінен терминдердің мәтіндегі барлық сөздермен салыстырғандағы жалпы саны.

**Мәтіннің терминдік бейнесі** (*терминологический образ текста*) – мейлінше ақпараттық мәнді терминдер жиынтығы арқылы көрінетін мәтіннің мазмұндық бейнесі.

## II. 12. Терминбөлшек

**Терминбөлшек** (*терминоэлемент*) дегеніміз – терминологиялық мағынасы бар ең кіші бірлік.

Терминбөлшек мағынасын түсіндіретін бірнеше анықтама бар. Солардың ішінде терминбөлшектің мағынасын толығырақ аша түсетін анықтама ретінде В.Ф.Новодранованың берген мына төмендегі анықтамасын айтуға болады:

**Терминбөлшек** – әдетте терминнің құрамында белгілі бір орынды иеленіп, мейлінше тұрақтаған жалпы мағынаны білдіретін, туынды терминдердің үнемі қайталанып отыратын және жаңа терминдер жасауға қабілетті бөлшегі.

Орыс тіліндегі «*терминоэлемент*» термині бізде соңғы уақытқа дейін өте сирек қолданылған, тіпті қолданыс таппаған термин деуге болады. Кейінгі жылдары кейбір ғылыми әдебиеттерде бұл терминді «*терминдік элемент*» түрінде тікелей аударып қолдану ұшырасып қалады. Біз бұл терминді қазақ тілінде «терминбөлшек» деп алсақ, ұғым мазмұны дәл қамтылады деп санаймыз.

**Терминбөлшек мағынасы** (*значение терминоэлемента*) – терминді құраушы бөлшектің, термин сыңарының семантикасы.

**Басты терминбөлшек сөз** (*ядерный лексемный терминоэлемент*) – терминологиялық сөз тіркесін жасауға негіз болған басты, айқындаушы сөз.

Бұл терминді «айқындаушы терминбөлшек сөз» (*определяющий лексемный терминоэлемент*) деп атап жүрген ғалымдар да бар (Гринев С.В.).

**Терминбөлшек сөз** (*лексемный терминоэлемент*) – термин түзуші сөз.

**Сын есім терминбөлшек** (*терминоэлемент-прилагательное*) – терминдерді жасауға негіз болатын сөз табы жағынан сын есімге жататын терминбөлшек.

**Түбір терминбөлшек** (*корневой терминоэлемент*) – терминбөлшек қызметін атқарып, терминдерді жасауға негіз болатын түбір.

**Морфемалық терминбөлшек** (*морфемный терминоэлемент*) – термин шығармашылығында тұрақты пайдаланылатын, мағынасы мейлінше жалпыланған термин тудырушы морфема.

**Сөзалды терминбөлшек** (*префиксальный терминоэлемент*) – терминжасауға негіз болған сөз алды қосымшасы.

Бұл тәсіл негізінен роман-герман, славян, араб тілдері сияқты тілдерге тән. Біздің тілімізде де латын, грек тілдерінің халықаралық сипаты басым сөзалды терминбөлшектер мен араб тілінен енген кірме қосымшалар арқылы жасалған терминдер бар.

**Қысқартылған терминбөлшек** (*аббревиатурный терминологический элемент*) – терминбөлшек ретінде дайын қалпында пайдаланылатын қысқартылған сөз.

**Шет тілдік терминбөлшек** (*иноязычный терминологический элемент*) – өзге тілден қабылданған терминбөлшек.

**Халықаралық терминбөлшек** (*интернациональный терминологический элемент*) – бірнеше тілдерде дайын қалпында пайдаланылып жүрген терминбөлшек.

**Грек-латын терминбөлшегі** (*греко-латинский терминологический элемент*) – шығу тегі жағынан грек-латын тілдерінің сөздері болғанмен көптеген ұлттық тілдердің терминологиясында кездесетін терминбөлшектер. Халықаралық терминбөлшектердің көпшілігі осы грек-латын сөздері болып табылады.

**Алдыңғы терминбөлшек** (*начальный терминологический элемент*) – термин сөздің алдыңғы, басқы жағында тұратын терминбөлшек.

**Соңғы терминбөлшек** (*конечный терминологический элемент*) – үнемі термин сөздің соңында тұратын терминбөлшек.

**Қажетсіз терминбөлшек** (*паразитный терминологический элемент*) – басы артық, термин құрамына енгені болмаса, нақты терминдік мағынаны білдірмейтін терминбөлшек. Мұндай терминбөлшекті «паразит терминбөлшек», «артық терминбөлшек», «плеоназм терминбөлшек» деп атап жүрген ғалымдар да бар.

**Айқындалушы терминбөлшек** (*определяемый терминологический элемент*) – терминнің мағынасын айқындайтын негізгі айқындалушы бөлшегі.

**Айқындаушы терминбөлшек** (*определяющий терминологический элемент*) – негізінен түрлік ұғымды білдіретін, терминнің айқындаушы бөлшегі.

**Терминдік формант** (*терминоформант*) – буын түріндегі терминбөлшек. Басқаша бұл терминді «терминдік буынбөлшек» деп атауға болады.

### II. 13. Терминүлгі

**Терминүлгі** (*терминомодель*) – туыстас, іргелес ұғымдардың өзара байланысын, бір-біріне сатылық бағыныстылығын тілдік тұрғыдан да құрылымдық және мағыналық жүйелілікті сақтай отырып көрсету мақсатымен жасалатын, арнаулы лексикадағы ұдайы қайталану үрдісіне сәйкес қалыптастырылатын терминжасам үлгісі.

Бұл терминнің толық нұсқасы «**терминологиялық үлгі**» немесе «**терминологиялық модел**». Терминологиялық әдебиеттерде терминүлгі – **құрылымдық үлгі** (*структурный модель*) және **семантикалық үлгі** (*семантическая модель*) деп екіге бөліп қарастырылып жүр.

**Терминүлгі өнімділігі** (*продуктивность модели термина*) – термин шығармашылығында терминүлгінің жиі пайдаланылып, терминжасам барысында белсенділік танытуы.

**Терминүлгі өнімсіздігі** (*непродуктивность модели термина*) – терминүлгінің терминжасам барысында сирек пайдаланылуы.

**Терминүлгінің тарихи өнімділігі** (*диахроническая продуктивность модели термина*) – ертеден бастап, қазіргі күнге дейін осы үлгімен жасалған



терминдердің жалпы саны арқылы анықталатын терминүлгінің үлесі, сөзжасамдық қасиеті.

**Терминүлгінің қазіргі өнімділігі** (*синхроническая продуктивность модели термина*) – белгілі бір мерзім ішіндегі (соңғы 30, 40, 50 немесе 100 жыл көлеміндегі) осы үлгімен жасалған терминдер саны арқылы анықталатын қасиеті.

**Үздік терминүлгі** (*эталонная терминомодель*) – терминге қойылатын талаптарға жауап беретін, терминжүйенің өзіндік сипатын көрсетіп бере алатын мүмкіндігі бар, болашақта өнімді түрде пайдаланылуы керек деп ұсынылатын терминүлгі.

## II. 14. Арнаулы лексемалар

**Номен** (*номен*) – көзге көрінетін және қабылданатын затты белгілейтін, алайда оның басқа заттармен қатынасы мен сыныптық (классификациялық) жүйедегі нақты орнын көрсетпейтін лексикалық бірлік. Номен термин сияқты жалпы ұғымдардың атаулары емес, көбінесе жекелеген ұғымдардың атаулары болып табылатын арнаулы лексема түрі. Оларды *номенклатуралық атаулар* деп те атайды. Номеннің өзіне тән кейбір ерекшеліктері анықталғанмен терминмен аражігі әлі толық ажыратылған деуге болмайды.

Номендерді арнайы зерттейтін саланы «номенология» деп атап жүрген ғалымдар да бар.

**Номеннің сипаттары** (*характеристики номенов*) – номен түрлерінің өзіне тән ерекшеліктері.

Номенклатуралық бірліктердің қызметтері (*функции номенклатурных единиц*) – номен түрлерінің атқаратын қызметтері.

Даралаушы қызметі (*индивидуализирующая функция*) – өнімнің ұқсастықтарын анықтап, олардың өзіндік қасиеттерін айрықшалап көрсету қызметі.

Ажыратушылық қызметі (*дифференцирующая функция*) – өнімді оған ұқсас өнімдерден ажырату қызметі.

Прагматикалық қызметі (*прагматическая функция*) – сатып алушының эмоциясына әсер ету қызметі.

Номен құрылымы (*структура номена*) – номеннің тұлғасын құраушы сыңарлары.

Номеннің әріптік бөлігі (*графемная часть номена*) – номенді құраушы сыңардың әріптерден тұратын бөлігі.

Номеннің сандық бөлігі (*цифровая часть номена*) – номенді құраушы сыңардың саннан тұратын бөлігі.

Терминалды атаулар (*предтермины*) – жаңа пайда болған ұғымдарды атау үшін пайдаланылатын, алайда терминге қойылатын негізгі талаптарға жауап бермейтін (көбінесе бірнеше сөзден құралып, ықшамдылық талабына жауап бермейтін) арнаулы лексемалар. Терминалды атаулар қатарына: (а)

терминнің ықшамдылық талабына жауап бермегенімен, ұғымның мазмұнын мейлінше дәл сипаттап беретін, бірнеше сөзден тұратын атауыштық сөз сипаттамалы оралымдар мен (б) есімшелі және көсемшелі оралымдар жатады. А.А.Реформатский мұндай термин түрін «үміткер термин» (кандидат в термины) деп атаған.

Түптермин (*прототермин*) – ғылыми кезеңге дейін пайда болған және қолданылған арнаулы лексемалар. Олар арнаулы ұғымдарды емес, арнаулы түсініктерді білдірген.

Қазіргі уақытта түптерминдер әлі ғылыми-теориялық негізі қалыптасып болмаған салаларда немесе ғылыми терминдермен қатар қолданылатын, алайда ұғымдар жүйесімен байланысы жоқ «халықтық терминдер» деп аталып жүрген лексикалық бірліктер түрінде кездеседі.

Терминоид (*терминоид*) – әлі толық қалыптасып болмаған және біркелкі түсінілмейтін, аражігі, шегі нақты анықталмаған, ғылыми анықтамасы берілмеген ұғымдардың атауы ретінде қолданылатын арнаулы лексемалар.

Терминтәрізділер (*квазитермины*) – жалпы ұғымдарды білдіріп, арнаулы лексика құрамында қолданылғанымен терминге қойылатын талаптарды қанағаттандырмайтын атаулар.

Кәсіби сөздер (*профессионализмы*) – адам қызметінің бір саласында мен кәсіп иелерінің тілінде қолданылатын сөздер.

Кәсіби жаргондар (*профессиональные жаргонизмы*) – шарттылығы анық байқалып тұратын, нормалық сипатқа ие болмаған кәсіби атаулар.

**Жартылай терминдер** (*полутермины*) – қызметтері өз алдына бөлек әртүрлі механизмдердің бір терминмен аталуы.

**Неоним** (*неоним*) – ұжымдық түрде, мамандар тобы жасаған тілдік таңба. Көбінесе оның тілге енуінің уақыты лексикографиялық тұрғыдан белгілі болады.

### III. ТЕРМИНОЛОГИЯ

**Терминология** (*терминология*) – арнаулы сала ұғымдарының жүйелік ерекшелігін көрсете отырып, оның коммуникативтік қажеттілігін өтеуге қызмет ететін атаулар жиынтығы». Ал екінші пікірді ұстанатындар үшін «**Терминология** – адам қызметі мен білімнің белгілі бір арнаулы саласының пайда болып, оның дамуы барысында стихиялы түрде қалыптасатын сол сала ұғымдарын белгілейтін табиғи тілдің лексикалық бірліктерінің жиынтығы»(Лейчик).

**Терминологиялық лексика** (*терминологическая лексика*) – арнаулы салалардың барлығында қолданылатын термин сөздер жиынтығы. «Көркем мәтін мен публицистикалық мәтіндерде қолданылатын термин сөздерді» – «терминологиялық лексика» деп түсіндірген де ғалымдар бар (Хаютин, 1972). Бірақ терминдердің арнаулы ортадан тыс қолданысын білдіретін бұл



анықтаманың ауқымы тар болғанмен, терминологиялық лексикаға берілген жоғарыдағы анықтамаға қайшы келмейді.

**Терминклатура** – «терминдер жиынтығы» деген ұғымды білдіру үшін «терминология» терминіне жарыстырыла ұсынылған нұсқа.

70-жылдары Н.Б.Вассович «терминология» терминін «номенклатура» атауының үлгісімен «терминклатура» терминімен алмастыруды ұсынған болатын. Алайда бұл атау еш қолдау таппай, ұсыныс ретінде қалып қойды. Бірқатар мамандар бұл атауды орынсыз ұсыныс ретінде қабылдап, жұртшылықты шатастырмау үшін оны *тыйым салынған терминдер* қатарына қосу қажет деп санайды.

**Терминология өлшемдері** (*параметры терминологии*) – терминдер жүйесінің қасиеттерін, терминологияның түрлі сипаттарын көрсететін өлшемдер жиынтығы.

Бұл ұғымды білдіру үшін терминтанушы ғалымдар тарапынан «терминология сипаттары» (*характеристики терминологии*), «терминология қасиеттері» (*свойства терминологии*), «терминжүйенің сапалық көрсеткіштері» (*качественные параметры терминосистем*), «терминдер жүйесінің қасиеттері» (*свойства системы терминов*) сияқты терминдер де қолданылады.

**Терминологиялық өлшем** (*терминологический параметр*) – терминологияның белгілі бір қасиетінің байқалу деңгейін көрсететін және сандық (есептік) өлшемдермен өлшеуге болатын сипаты.

**Терминологиялық кілт** (*терминологический ключ*) – сала терминологиясын жасауға қажетті терминбөлшектер (түбірлер мен қосымшалар) мен ережелер жиынтығы. Халықаралық терминдерді жасауға қатысатын терминбөлшектер мен ережелерді «терминологиялық кілт» деп түсінетін ғалымдар да бар.

**Терминологиялық жетімсіздік** (*терминологическая лакуна*) – белгілі бір терминжүйеде сол салаға қатысты ұғымдарды білдіретін терминдердің болмауы, жетіспеуі.

**Жеке терминология** (*индивидуальная терминология*) – белгілі ғалым жасаған, авторы белгілі терминология.

**Ғылыми мектеп терминологиясы** (*терминология научных школ*) – белгілі бір ғылыми мектеп өкілдері жасап, сол мектептің шеңберінде қолданылатын терминология.

**Жас терминология** (*молодая терминология*) – әлі толық жасалып болмаған, қалыптасу үстіндегі терминология.

**Ескі терминология** (*старая терминология*) – қазіргі уақытта арнаулы саланың даму деңгейіне сәйкес жаңа терминология қалыптасқандықтан, белсенді қолданыстан шеттеп қалған, алайда ғылым дамуының өткен кезеңдерінде қолданылған терминология.

**Алғашқы терминология** (*первичная терминология*) – арнаулы сала дамуының бастапқы кезеңінде жасалып, терминологияның қалыптасуына негіз болған терминдер жиынтығы.

**Терминологияның қалыптасу көздері** (*источники формирования терминологии*) – терминологияның қалыптастыруына негіз болған көздер.

**Терминологияның даму кезеңдері** (*периоды развития терминологии*) – ғылым мен техниканың даму қарқынына, қоғам өмірінде болған өзгерістерге байланысты терминология дамуының уақытпен өлшенетін сипаты.

**Терминологияның туындауы** (*зарождение терминологии*) – терминология дамуының ең бастапқы кезеңі. Бұл кезеңде терминология жасалып, оны қалыптастыруға бағытталған терминологиялық жұмыстар жүргізіліп жатады.

**Терминологияның қалыптасуы** (*формирование терминологии*) – терминологияның жалпы құрылымы жасалып болған, негізі қаланған кезеңі.

**Терминологияның арнайылануы** (*специализация терминологии*) – негізі қаланған, қалыптасқан терминологияның ұғымдар жүйесінің талаптарына сәйкестендіріліп, жетілдіру жұмыстарының жүргізілу кезеңі.

**Терминологияның кеңеюі** (*экстенсивное развитие терминологии*) – арнаулы саланың дамып, ұғымдар жүйесінің толығына байланысты терминологияның құрамына жаңа терминдердің көптеп қосылып, оның қарқынды түрде кеңею кезеңі.

**Терминологияның жойылуы** (*отмирание терминологии*) – қоғам өмірінде болған елеулі өзгерістер мен ғылымның даму қарқынына байланысты белгілі бір сала терминологиясының немесе бір ғылыми мектеп қалыптастырған терминологиясының қолданыстан шығып қалуы.

**Терминология дамуы** (*развитие терминологии*) – бүкіл ұлт тіліндегі терминологиялардың жалпы даму сипаты.

**Терминологияның толқынды дамуы** (*волновое развитие терминологии*) – терминологияның бірде қарқынды, бірде бәсең түрде дамуы.

**Терминологияның қарқынды дамуы** (*турбулентное развитие терминологии*) – ғылыми-техникалық прогресс кезеңінде, ғылымның белгілі бір салаларының тез дамуына, жаңа салалардың пайда болуына байланысты терминологияның қарқынды түрде дамуы.

**Терминологияның қалыпты дамуы** (*ламинарное развитие терминологии*) – терминологияның бірқалыпты дамуы.

Терминологияның тарихи сипаты – оның *жасын, жасалу тәсілдерін, байырғылығын, жасалу үлгілерін, тұйықтығын, тұрақтылығын* көрсету арқылы анықталады.

**Терминологияның жасы** (*возраст терминологии*) – белгілі бір саланың бөлініп шығу кезіне сәйкес мағынаны арнайыландыру арқылы жасалған терминдердің пайда болуының орташа уақытымен өлшенетін мерзім.

**Терминологияның шығу тегі** (*происхождение терминологии*) – шығу тегіне қарай терминология құрамының анықталуы.

Терминжасамның түрлі тәсілдері арқылы (лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік) жасалған терминдердің ара-салмағын нақтылауды да терминологияның шығу тегін анықтау деп түсіндіретін

ғалымдар бар. Терминологияны құраушы терминдердің ұлт тілдеріне қатысы тұрғысынан қарасақ та, терминжасам тәсілдері тұрғысынан қарасақ та бұл белгілі бір саланың терминжасам үрдісін, дәстүрін анықтап, сол саланың терминологиясын одан әрі жетілдіру үшін қажет жұмыс.

**Терминологияның байырғылығы** (*исконность терминологии*) – белгілі бір терминологияның құрамындағы байырғы терминдер мен өзге тілдерден енген терминдердің ара-салмағын анықтау арқылы айқындалатын сипаты.

Терминологияның бұл сипатын анықтау – сол сала терминологиясының қалыптасуына өзге ұлттар тілдерінің әсерін және ғылыми-техникалық қарым-қатынастың бағытын анықтау үшін қажет.

**Терминологияның құрылу үлгілері** (*модель образования терминологии*) – бұл терминологияның тиісті білім саласының құрылу, қалыптасу үлгісіне сәйкес келетін сипаты.

Ғылымтануда білімнің жаңа салалары үш негізгі үлгі бойынша қалыптасатындығы анықталған. Олар:

1 белгілі бір арнаулы саланы бөлшектеу және одан жаңа саланың тармақталып бөлініп шығуы (хирургия – абдоминальді хирургия, торакальді хирургия немесе гигиена – коммуналдық гигиена т.б.)

2. екі ғылым саласының тоғысуы(биохимия, биофизика, математикалық логика т.б.)

3. кешенді ғылымдар мен бірнеше ғылымдардың өзара байланысынегізінде қалыптасатын ғылымдар (ғылымтану, экология, информатика т.б.)

**Терминология тұйықтығы** (*замкнутость терминологии*) – бір тілдегі терминологиялардың бір-бірінен терминалмасуын, сол саланың өз терминдері мен өзге саланың терминдерінің ара-салмағын анықтау арқылы көрініс беретін сипаты.

Бұл осы арнаулы салаға іргелес немесе басқа салалардың терминдерінің қаншалықты дәрежеде енгендігін және терминологияның туыстығын айқындау үшін маңызды.

**Терминология толықтығы** (*полнота терминологии*) – терминология құрамында жетімсіздіктің, бос кеңістіктің болмауы.

**Терминология туыстығы** (*родство терминологии*) – бұл терминологияның туыстығы бір арнаулы сала лексикасынан бөлініп шыққан (*генетикалық*) және әртүрлі арнаулы сала лексикаларының шығу тегінің бірдей немесе ұқсас болу (*типологиялық*) сипаты.

**Терминология тұрақтылығы** (*устойчивость терминологии*) – терминологияның белгілі бір уақыт аралығында негізгі бөлігі мен құрылымын сақтап тұруы.

Жоғарыда терминологияның тарихи сипатын білдіретін ұғымдар аталып көрсетілді. Ал терминологияның формалды сипатын көрсететін ұғымдар мыналар:

**Терминология мөлшері** (*размер терминологии*) – терминологияның құрамына кіретін терминдер санымен айқындалатын сипаты.

Құрамына 100 терминге дейін кіретін болса оны – **микротерминология**, 100-ден 1000-ға дейін термин болса – **мезотерминология**, 1000-нан астам термин болса – **макротерминология**, ал 10 000 терминнен асса **мегатерминология** деп атайды.

**Терминологиядағы терминдердің орташа ұзындығы** (*средняя длина терминов терминологии*) – нақты бір терминологиядағы терминдерді құрайтын сөздердің орташа санымен (лексикалық өлшем) немесе терминдерді құрайтын таңба санымен (таңбалық өлшем) өлшенетін сипаты.

**Терминологияның құрылымдық құрамы** (*структурный состав терминологии*) – терминдердің түрі мен құрылымдық типтерінің арақатынасы арқылы көрінетін сипаты.

**Терминология уәжділігі** (*мотивированность терминологии*) – әртүрлі типтегі уәжі белгілі терминдердің жалпы пропорциясы мен арақатынасын анықтау арқылы көрінетін сипаты. (Гринев, 1993).

**Терминологияның заманауилығы** (*современность терминологии*) – ғылым мен техниканың қазіргі даму деңгейінің тиісті сала терминологиясынан көрініс табуы.

**Терминологияның халықаралықтығы** (*интернациональность терминологии*) – терминологиялық жүйенің халықаралық сипатының дәрежесі.

**Терминологияны халықаралықтандыру** (*интернационализация терминологии*) – терминологияның халықаралық сипатын арттыруды көздей отырып, мақсатты жұмыстар жүргізу үдерісі.

**Терминологияға қойылатын талаптар** (*требования к терминологии*) – терминологияға қойылатын талаптар жиынтығы.

**Терминология кемшіліктері** (*недостатки терминологии*) – терминологияға қойылатын талаптардың орындалмауын анықтау арқылы көрсетілетін кемшіліктер.

**Терминология жүйелілігі** (*системность терминологии*) – терминологияның арнаулы саланың өзіндік ерекшелігін дәл бейнелеп көрсетуі.

**Терминологияның логикалық жүйелілігі** (*логическая системность терминологии*) – тектік-түрлік және ұқсастық (ассоциативтік) қатынастардың терминологиядан көрініс табуы.

**Терминологияның тілдік жүйелілігі** (*лингвистическая системность терминологии*) – ұғымдар арасындағы байланыстардың тілдік формада көрініс табуы. Терминологияның бұл сипатын «**терминологияның сыртқы жүйелілігі**» (*внешняя системность терминологии*) деп атап жүрген де ғалымдар бар.

**Терминология жалқы есімділігі** (*эпонимичность терминологии*) – терминологиядағы жалқы есімдерден жасалған терминдердің үлес-салмағы, басымдылығы.

**Терминологияның ұғымдық сәйкестігі** (*понятийная изоморфность терминологии*) – арнаулы сала терминдерінің сол саланың ұғымдар жүйесіне сәйкес келу дәрежесі.

Терминологияның ұғымдар жүйесіне сәйкестігін анықтау кезінде омонимділік пен көпмағыналықтың және терминдердің синонимділігінің үлесіне де болжам жасалады.

**Терминология көпсатылылығы** (*иерархичность или многоуровневость терминологии*) – терминологияның бір-біріне бағынышты іштей шағын жүйелерден тұруы.

**Ғылыми терминология** (*научная терминология*) – жалпы ғылыми терминология, әртүрлі пән терминологиялары (математика, химия, тіл білімі т.б.) және сол пәндердің ішкі тармақтары (тригонометрия, фонетика т.б.) құрайтын тар салалардың терминологиялары кіретін терминология.

**Техникалық терминология** (*техническая терминология*) – жалпы техника терминологиясын, салалық терминологияларды, тарсалалық терминологияларды, тармамандық терминологияларын қамтитын терминология.

**Әуесқой терминология** (*любительская терминология*) – спорт, аңшылық, радиоәуесқойлық, филателия және т.б. терминологиялар.

**Ғылыми-техникалық терминология** (*научно-техническая терминология*) – ғылыми және техникалық терминологияларды қоса қамтып алғандағы терминдер жиынтығы.

**Жалпы ғылыми терминология** (*общенаучная терминология*) – жалпы ғылыми ұғымдарды білдіріп, көптеген ғылым салаларында қолданылатын терминдер жиынтығы.

**Ғылымаралық терминология** (*межнаучная терминология*) – іргелес ғылымдарға бірдей қатысы бар немесе оларға ортақ ұғымдарды білдіретін терминдер жиынтығы.

**Пән терминологиясы** (*предметная терминология*) – белгілі бір пәнді қамтамасыз ететін сол саланың өзіне тән терминдер жүйесі.

**Дәл ғылымдар терминологиясы** (*терминология точных наук*) – математика, физика, химия сияқты ғылым салаларының терминдер жиынтығы.

**Гуманитарлық ғылымдар терминологиясы** (*терминология гуманитарных наук*) – барлық гуманитарлық ғылымдар терминдерінің жиынтығы. Мысалы, тіл, әдебиет, тарих, әлеуметтану, құқықтану т.б. салалардың терминдері.

**Салааралық терминология** (*межотраслевая терминология*) – бір-бірімен іргелес салаларға бірдей қызмет ететін терминдер жиынтығы.

**Салалық терминология** (*отраслевая терминология*). Ғылым мен техниканың, өндіріс пен өнердің сан түрлі салалары болатындығы белгілі. Адам қызметінің алуан түрлі сондай арнаулы салаларындағы деректі және дерексіз ұғымдардың атаулары мыңдап саналады. Сондай белгілі бір арнаулы сала атауларының жиынтығын – *салалық терминология* деп атайды. Мұндай терминдер жиынтығын *география терминологиясы, физика терминологиясы, математика терминологиясы, музыка терминологиясы* деп өз саласының атымен қосып нақтылап та атай береді. Бұл салалардың атауларын негізінен

осы салалардың мамандары жасайды. Олар сол салаларды зерттеуші ғалымдар немесе практик мамандар болуы мүмкін. Біздегі ғылыми әдебиеттерде оларды көбінесе *салалық мамандар* деп атау дәстүрі бар.

**Тарсалалық терминология** (*узкоотраслевая терминология*) – ғылым мен техниканың немесе өзге де арнаулы салалардың бір тармағы болып табылатын ауқымы шектеулі тар сала терминологиясы.

Сондай-ақ белгілейтін саласының сипатына қарай терминологиялар – **жалпытехникалық терминология** (*общетехническая терминология*), **тарпәндік терминология** (*узкопредметная терминология*), **тарсалалық терминология** (*узкоотраслевая терминология*), **тармамандық терминология** (*узкоспециальная терминология*) деп жіктеледі.

**Терминжүйе** (*терминосистема*) – әліпби бойынша емес, белгілі бір ғылымның ұғымдарын классификациялау (сыныптастыру) бойынша реттелген терминдердің жиынтығы.

**Тұлғалық терминжүйе** (*личностная терминосистема*) – ғылым мен техниканың белгілі бір саласының дамуына айрықша үлес қосқан ірі ғалымдар жасаған, солардың есімдерімен байланысты терминдер жүйесі. Мұндай терминдер жүйесін сол ғалымдардың ізін жалғастырушы ғылыми бағыттардың, ағымдар мен ғылыми мектептердің өкілдері мен сол бағыттағы, олардың көзқарасын қолдайтын ғалымдар көбірек қолданады. Мұндағы «терминжүйе» терминінің орнына «терминология» термині де қатар қолданылып жүр (Б.Н.Головин). Мысалы, «Д.Менделеев терминологиясы», «И.Павлов терминологиясы», «Н.Марр терминологиясы», «В.Виноградов терминологиясы» т.б.

Қазақ тіл білімінде бұл термин әзірге қолданылмаған. Бір өзі жүздеген терминдер жасаған ірі ғалым есімімен «А.Байтұрсынұлы терминологиясы» деген терминді пайдаланып, үлкен ғылыми мектеп қалыптастырған аса көрнекті ғалымдар жасаған терминжүйелерді зерттеудің ғылым тарихы үшін де, терминология үшін де маңызы зор.

**Теория терминжүйесі** (*теория терминосистемы*) – белгілі бір ғылыми теорияның терминологиялық жүйесі.

Қандай да бір теорияны қолдайтын терминологиялық мектептің қолданатын терминологиялық жүйесі болғандықтан оны В.Лейчик «мектеп терминжүйесі» (*терминосистема школы*) деп те атаған.

**Көптілді терминжүйе** (*полилингвистическая терминосистема*) – бірнеше тілдің терминдерін калькалау немесе қабылдау арқылы қалыптасқан терминжүйе.

**Терминологиялық кіші жүйе**//шағынжүйе (*терминологическая подсистема*) – терминологиялық жүйенің шағын жүйе құрайтын бір бөлігі

**Терминжүйе дәлдігі** (*точность терминосистемы*) – терминологиядағы көп мағыналы және синоним терминдердің болмауы, ұғымдар жүйесін дәл бейнелеп беруі.

**Терминологиялық дерекқор**//мәліметтер қоры (*терминологический банк*

*данных ТБД*) – белгілі бір ақпараттық салаларға қызмет ететін, салалық тілдің үнемі дамып, жетілдіріліп, толықтырылып отыратын түгендеу (*инвентаризация*) жүйесі. *Терминологиялық мәліметтер қоры* – әртүрлі автоматтандырылған жүйелер мен ақпараттық технологияларды лингвистикалық тұрғыдан қамтамасыз ету орталығы деп саналады.

Терминжүйелер тез дамып, толығып отырған қазіргі кезеңде оларда болып жатқан өзгерістерді уақытында тіркеп, тиісті жаңалықтарды тұтынушыларға жеткізіп отыруға дәстүрлі терминологиялық сөздіктердің мүмкіндіктері жете бермейді. Сөздіктердің әр басылымының арасында жылдар өтіп жатады. Сондықтан да ол жұмыстарды машина арқылы жүзеге асыруды *терминологиялық мәліметтер қоры* түрінде түзуді уақыттың өзі алға шығарды.

*Терминологиялық мәліметтер қорында* көп аспектілі бастапқы терминологиялық ақпараттар сақталады. Ол мәліметтер түрлі лингвистикалық және бағдарламалық құралдар арқылы жеке тұтынушының сұранысына орай әр алуан сөздіктерге айнала алады.

*Терминологиялық мәліметтер қоры* нормативтік және түгендеу қызметтерін атқарады. Мысалы, **Норма-терм** (Франция), **ТЕРМ** (Батыс Берлин) нормативтік қызмет атқаруға бағытталған. Мәліметтер қорының басым көпшілігі түгендеу қызметін атқарады. Қазір әлемде бірнеше жүз терминнен бастап миллиондаған терминдерге дейін қамтитын ондаған *терминологиялық мәліметтер қоры* бар. Олар мынадай қызметтерді атқаруға бағытталған:

- технологиялар мен өнімдерге стандарттар жасаушыларға, оқулық және анықтамалық әдебиеттер жазушыларға, арнаулы сөздіктер түзушілерге, ғылыми-техникалық әдебиеттерді редакциялаушы әртүрлі сала мамандарына ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету;
- ғылыми-техникалық әдебиеттерді дәстүрлі жолмен аударуды жеңілдету;
- мәтінді өңдеудің автоматтандырылған жүйесін (бірінші кезекте – машинамен аудару жүйесін) қамтамасыз ету;
- ақпараттың автоматтандырылған жүйесін лингвистикалық тұрғыдан қамтамасыз ету;
- терминологиялық жұмыстарды (терминологияны біріздендіру мен стандарттау, терминологиялық сөздіктерді, сөзтізбелерді, көрсеткіштерді дайындау мен бастыруды автоматтандыру) қамтамасыз ету;
- терминтанушылық және лингвистикалық зерттеулерді қажетті мәліметтермен қамтамасыз ету.

**Салалық тіл** (*подъязык*) – барынша кәсіпке бағыттандырылғандығымен көрініс беретін, тілдің өмір сүруінің айрықша түрі. Әрбір салалық тіл адам қызметінің белгілі бір саласына қызмет етеді.

**Арнаулы мақсаттар тілі** (*язык для специальных целей*) –

### III. 1. Терминологиялық жұмыстар

**Терминологиялық жұмыстар** (*терминологические работы*) – терминологияны жасау, қалыптастыру, жүйелеу мен жетілдіру мақсатында атқарылатын жұмыстар түрі. Олар стандарттау, біріздендіру, реттеу, түгендеу, нормалау, сараптау, жүйелеу, талдау және басқа да төменде көрсетілген жұмыс түрлері.

**Терминологиялық жұмыстарды жоспарлау** (*планирование терминологических работ*) – терминологиялық жұмыстарды дұрыс ұйымдастырып, тиімді де жүйелі түрде жүргізу үшін олардың атқарылуын алдын ала белгілеу, жоспарлау әрекеті.

**Реттеу** (*упорядочение*) – терминдердің белгілейтін ұғымдарына мүмкіндігінше толық сәйкес келуін іздеуге бағытталған мамандардың бірлескен жұмысы.

**Стандарттау** (*стандартизация*) – әр ұғым үшін бір ғана терминді таңдап, оны арнайы құжаттарда бекіту. Бұл терминмен қатар кейде *кодификация* атауы да синоним ретінде қолданылады.

**Біріздендіру** (*унификация*) – әртүрлі ұлттық тілдердегі терминдермен аталатын ғылыми және техникалық ұғымдардың сәйкес келуі.

Терминологияны біріздендіру бірнеше сатыдан тұратын ауқымды да күрделі жұмыс. Тілші-терминолог ғалымдар терминологияны біріздендірудің бес сатысын атап көрсетіп жүр. Бірінші – *белгілі бір тар мамандықтың шеңберінде біріздендіру*; екінші – *сала шеңберіндегі біріздендіру*; үшінші – *нақты бір ұлт тілінің шеңберіндегі біріздендіру*; төртінші – *туыстас тілдер шеңберіндегі біріздендіру*; бесінші – *тіларалық, ұлтаралық біріздендіру*; алтыншы – *халықаралық, бүкіл ортақ терминдері бар тілдер арасындағы біріздендіру*.

Тіларалық біріздендіру жұмыстарын жүргізуде КСРО халықтарының ортақ тілі орыс тілін үлгі етіп алу ұсынылды. Мәскеудегі КНТТ (Комитет научно-технической терминологии) Одақ көлеміндегі терминологиялық жұмыстарды үйлестіріп отырған басты мемлекеттік орган әрі ғылыми мекеме ретінде кеңес халқына ортақ терминологиялық қордың (*общесоветский терминологический фонд*) орыс тілі негізінде қалыптасуына үлкен ықпал етті.

Халықаралық біріздендірудің түпкі мақсаты – екі немесе одан көп тілдердің терминологиялық жүйесінің ортақтығы артып, жақындай түсуін көздейді. Сол себепті де кезінде бұл терминді А.В.Крыжановская «*терминологиялық интеграция*» деп атауды ұсынған болатын. Алайда ғалымның бұл ұсынысы жаппай қолдау тауып кете алған жоқ. Ғылыми-техникалық әдебиеттерде бұрынғысынша көбінесе екі тілге қатысты *тіларалық біріздендіру*, екі немесе бірнеше тілге қатысты әңгіме қозғалғанда *халықаралық біріздендіру* термині қолданып келді.

КСРО халықтарының тілдерінде негізінен реттеу, стандарттау, біріздендіру



сияқты терминологиялық жұмыстар түрлері жүргізіліп келсе, соңғы жылдары терминологиялық жұмыстардың өзге де түрлері айқындалып отыр.

**Терминдерді түгендеу** (*инвентаризация терминов*) – белгілі бір саланың, пәннің барлық немесе оның бір тармағының терминдерін жинау және сипаттау.

**Ұғымдарды жүйелеу** (*систематизация понятий*) – сала ұғымдарын категориялары бойынша жүйелеу және ұғымдардың классификациялық схемасын жасау. Яғни, белгілі бір арнаулы саланың (білім, ғылым, техника) құрылымына сәйкес оның ұғымдарын орналастыру.

**Терминологияны талдау** (*анализ терминологии*) – терминологияның кемшіліктерін анықтау мақсатымен жүргізілетін талдау, сараптау жұмысы. Бұл жұмыс – *семантикалық талдау, функционалдық талдау, диахронды талдау* деп аталатын үш сатыдан тұрады.

Терминдерді нормаландыру (*нормализация терминов*) – мамандардың тілдік қолданысындағы терминдердің ішінен мейілінше қолайлы әрі дәл нұсқаларды, терминдерді қолдану мен жасау ережелерін таңдау және соларға басымдық бере отырып, бекіту. Терминологиялық норма жалпытілдік нормаға негізделеді, алайда оған сәйкес келмейтін жағдайлар да болады.

Терминологияны қалыптандырудың екі жағы бар. Біріншісі – терминдердің мазмұнын реттеуді көздейтін біріздендіру де, екіншісі – тұлғасы жағынан тиімді терминді таңдап алуды мақсат ететін оңтайландыру.

Терминологиялық сараптама (*терминологическая экспертиза*) – құжаттардағы қолдануға ұсынылмаған терминдер нормаланған терминдермен алмастырылады және құжаттағы барлық терминдердің жалпыға бірдей талаптарға сай келуіне баға беріліп, оларды жетілдіруге арналған ұсыныстар беріледі.

Терминологиялық аударма (*терминологический перевод*) – шет тілдері терминдерінің ұлт тіліндегі терминдерге сәйкестігі анықталады да, ұлт тілінде тиісті баламасы жоқ терминдер болса, соларға сәйкесетін жаңа терминдер жасалады.

Жаңа терминдер мен аударма сөздіктерге енбеген терминдерді аударуға қажетті деңгейдегі білім мен машық керек болады. Сондықтан да терминологиялық аударма кезінде жаңа терминдерді жиі жасауға тура келеді.

Терминологиялық редакциялау (*терминологическое редактирование*) – белгілі бір арнаулы саладағы жеке авторлардың жасаған терминдері мен жалпыға бірдей терминдерді сәйкестендіру, яғни авторлық қолданыстағы терминдерді алмастыру немесе түсіндіру арқылы жүзеге асыру жұмысы.

Бұл жұмыс әртүрлі арнаулы салалар бойынша шығарылатын ғылыми, оқулық, оқу-әдістемелік әдебиеттерді редакциялау кезінде жүзеге асады. Бізде бұл істі ғылыми әдебиеттер мен терминологиялық сөздіктерді басатын баспаларда, салалық заңдар мен түрлі нормативтік құқықтық құжаттарды дайындайтын, оларды сараптаудан өткізетін мемлекеттік органдарда қызмет істейтін мамандар, редакторлар атқарып жатады.

Терминологиялық оқыту (*терминологическое обучение*) – арнаулы

ұғымдар жүйесін жақсы түсініп, олардың оқытылатын пән саласындағы орнын білу арқылы алдағы оқу барысында берілетін материалдарды меңгеру «Мамандыққа кіріспе» пәнінің құрамында терминдер жүйесімен таныстыратын терминологиялық қызметтің жаңа саласы.

Терминжүйені қалыптандыру (*кодификация терминосистем*) – жасалған терминжүйені нормативтік сөздік түрінде рәсімдеу.

Терминжүйенің ерекшеліктеріне байланысты қалыптандыру *терминдер мен олардың анықтамаларының стандарты* түрінде немесе *ұсынылған терминдер жинағы* ретіндегі *ұсыныстар* түрінде де болуы мүмкін.

Терминологияны стандарттау (*стандартизация терминологии*) – құжаттарда міндетті түрде қолданылуы тиіс терминдер мен олардың анықтамаларын стандарт ретінде бекіту. Стандарттау халықаралық деңгейде, тіларалық немесе тілшілік деңгейде жүргізілуі мүмкін.

Терминологияны ұсыну (мақұлдау) (*рекомендация терминологии*) – шектен тыс нормалау (стандарт түрінде бекітіп тастау) шығармашылық ойлау мен термин шығармашылығын шектеуге апаратын жағдайда терминге қойылатын талаптарды қанағаттандыратын, мейлінше дұрыс жасалған терминдерді қолдануға ұсыну. Оның нәтижесі ұсынылған терминдер жинағы ретінде жарияланады.

Қазақстанда терминологияны қалыптандыру жұмыстары негізінен *ұсыныс* түрінде жүзеге асады. Салалық мамандар мен тілшілердің сараптамасынан өткізілген терминдер Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы арқылы бекітіліп, көпшілікке ұсынылады. Олар бекітілген терминдер жинағы ретінде жарияланып жүр. Бірақ олардың мүлтіксіз қолданылуы стандарт сияқты қатаң талап етілмейді.

Терминологияны үндестіру (*гармонизация терминологии*) – екі немесе одан да көп тілдердің терминологиясын салыстыру, яғни тіларалық реттеу жұмысы.

Терминологияны үйлестіру (*координация терминологий*) – жалпы терминдер жүйесі шеңберіндегі жекелеген терминологияларды үйлестіру.

Терминжүйені құрастыру (*конструирование терминосистем*) – білім-ғылымның жаңа саласының терминжүйесін құрау.

Терминжүйені жобалау (*проектирование терминосистем*) – белгілі бір терминжасау үлгісі бойынша терминжүйе жасаумен қатар, терминжүйенің одан әрі дамуы да қарастырылып, сол ұғымдар жүйесінің дамуына байланысты жана терминдер жасаудың ережелері белгіленеді.

Ұйымдық терминологиялық жұмыстар (*организационная терминологическая работа*) – терминологиялық органдарды құрып, ұйымдастырудан бастап, олардың қызметін жоспарлау мен үйлестіру және терминтанушылар мен терминшілерді даярлау жұмыстарының жиынтығы.

Терминологиялық бақылау (*терминологический контроль*) – әртүрлі мәтіндерде қолданылатын терминдердің өздері белгілейтін ұғымдарға барабар келуін, сол ұғымдарды дәл білдіруін тексеру.

Термин таңдау (*выбор термина*) – мамандар тарапынан ұсынылып жүрген терминдердің арасынан терминге қойылатын талаптарға мейлінше сай келетін нұсқаны сұрыптап, таңдап алу үдерісі.

### III. 2. Терминологиялық әдебиеттер

**Терминологиялық анықтамалық** (*терминологический справочник*) – терминдердің мағыналары түсіндіріліп, шығу тегі көрсетілетін басылым түрі.

**Терминологиялық басылымдар** (*терминологические издания*) – терминология мәселелеріне арналған журналдар, бюллетендер, жинақтар терминологиялық басылымдарды құрайды.

**Терминтанушылық жарияланымдар** (*терминоведческие публикации*) – терминология мәселелерін зерттеуге арналған ғылыми еңбектер (монографиялар), ғылыми мақалалар, рецензиялар.

**Терминологиялық құралдар** (*терминологические пособия*) – терминология мәселелерін оқытуға, өз бетімен оқып білуге арналған ғылыми, әдістемелік құралдар. Бұл құралдар белгілі қауымға (мысалы, мектеп оқушыларына, студенттерге, ғалымдарға) арналуы да, түрлі сала мамандарына арналуы да мүмкін.

**Терминологиялық сөздік** (*терминологический словарь*) – әртүрлі арнаулы сала ұғымдарының атаулары терминдерді қамтып, олардың мағыналарын түсіндіретін, жүйелік байланысын, аудармаларын, қолданылу ерекшеліктерін т.б. сипаттарын көрсететін сөздік түрі. (Қараңыз: осы құралдың соңында терминологиялық сөздіктер тізімі берілген).

Терминологиялық сөздіктер түрлі мақсаттарды (арельная ориентация, временная ориентация, метадиалектная ориентация) көздей отырып, түрлі тілді тұтынушыға (языковая ориентация) немесе мамандық иесіне (предметная ориентация) арналып жасалуы мүмкін. Терминологиялық сөздіктер әртүрлі типтегі болуы мүмкін. Мысалы, түсіндірмелі, аударма, ақпараттық, этимологиялық, энциклопедиялық т.б. олардың негізгілері мыналар:

**Әліпбилік терминологиялық сөздік** (*алфавитный терминологический словарь*) – сөздікте қамтылған терминдер әліпби тәртібімен берілетін терминологиялық сөздік.

**Әліпбилік-ұялық терминологиялық сөздік** (*алфавитно-гнездовой терминологический словарь*) – сөздікке енгізілген терминдер әліпбилік-ұялық тәртіппен берілетін терминологиялық сөздік.

**Түсіндірмелі терминологиялық сөздік** (*толковый терминологический словарь*) – терминдердің мағыналары түсіндірілетін терминологиялық сөздік түрі.

**Энциклопедиялық терминологиялық сөздік** (*энциклопедический терминологический словарь*) – сала терминологиясы жөнінде толық та жан-жақты мәлімет беретін терминологиялық сөздік.

**Нормативтік терминологиялық сөздік** (*нормативный терминологический*

*словарь*) – нормаланған терминдер қамтылатын терминологиялық сөздік.

**Этимологиялық терминологиялық сөздік** (*этимологический терминологический словарь*) – термин сөздердің шығу төркінін, қай тілге қатысын, қандай мағыналық-құрылымдық өзгерістерге ұшырағандығын көрсететін терминологиялық сөздік түрі.

**Түгендеуші терминологиялық сөздік** (*инвентаризационный терминологический словарь*) – сала терминдерін түгел қамтуды мақсат ететін терминологиялық сөздік.

**Тарихи терминологиялық сөздік** (*исторический терминологический словарь*) – терминологияның даму тарихын хронологиялық тұрғыдан көрсететін терминологиялық сөздік.

**Жаңа терминдер сөздігі** (*словарь новых терминов*) – жаңа қолданысқа енгізілген терминдерді қамтитын сөздік.

**Түсіндірмелі-аударма терминологиялық сөздік** (*тольково-переводной терминологический словарь*) – терминдердің мағынасын түсіндіретін әрі аудармасы қоса берілетін сөздік түрі.

**Аударма терминологиялық сөздік** (*переводной терминологический словарь*) – терминдердің аудармалары берілетін терминологиялық сөздік түрі.

**Оқулық терминологиялық сөздік** (*учебный терминологический словарь*) – оқу процесіне арналған терминдер сөздігі. Сөздік мектеп оқушыларына немесе жоғары оқу орындарының студенттеріне арналуы мүмкін.

**Біртілді терминологиялық сөздік** (*одноязычный терминологический словарь*) – терминдердің бір ғана тілдегі нұсқасы берілетін терминологиялық сөздік түрі.

**Екітілді терминологиялық сөздік** (*двухязычный терминологический словарь*) – терминдердің екі тілдегі сәйкес нұсқасы берілетін терминологиялық сөздік түрі.

Бізде терминологиялық сөздіктің осы түрі кең тараған. Бұл ұзақ жылдар бойы ғылым мен техниканың көптеген салаларында орыс тілінің үстемдік етіп келуімен, негізінен терминдердің орыс тілі арқылы немесе орыс тілінен тікелей аударылып алынуымен байланысты қалыптасқан жағдай.

**Көптілді терминологиялық сөздік** (*многоязычный терминологический словарь*) – терминдердің бірнеше тілдегі сәйкес нұсқасы қатар берілетін терминологиялық сөздік түрі. Мысалы, *ағылшынша-қазақша-орысша* немесе *орысша-қазақша-немісше* т.б. терминдер сөздігі.

**Бейнелі терминологиялық сөздік** (*иллюстративный терминологический словарь*) – ұғымның анықтамасын толықтырып, арнаулы ұғым жөнінде жан-жақты немесе қосымша мәлімет беру мақсатымен көрнекілік әдіс пайдаланылып, сурет, сызба, фото сияқты түрлі бейнелер беріліп отыратын терминологиялық сөздік түрі.

Бұл сөздік түрін абстракті ұғымдары көп ғылым салаларынан (философия, психология, әдебиеттану т.б.) гөрі заттық ұғымдары басым болатын техника, механика, радиотехника тәрізді салалар бойынша жасаған тиімді.

«Иллюстрация» – «айқындау, ашып түсіндіру» деген мағынаны білдірген [illustratio < illustrare] латын сөзі.

**Жалпы ғылыми атаулар сөздігі** (*словарь общенаучной лексики*) – жалпы ғылыми атауларды қамтитын терминологиялық сөздік.

**Көпсалалық терминологиялық сөздік** (*политехнический терминологический словарь*) – бірнеше арнаулы саланың терминдерін қамтитын терминологиялық сөздік. Бұл сөздік түрін «энциклопедиялық сөздік» деп атап жүрген ғалымдар да бар.

**Салааралық терминологиялық сөздік** (*межотраслевой терминологический словарь*) – салааралық терминологияны қамтитын терминологиялық сөздік.

**Салалық терминологиялық сөздік** (*отраслевой терминологический словарь*) – белгілі бір арнаулы саланың терминдерін қамтитын сөздік. Бұл сөздікті «салалық сөздік» деп те атайды.

**Терминдердің жиілік сөздігі** (*частотный терминологический словарь*) – пайдаланылу жиілігіне қарай орналасқан терминдер тізімінен тұратын терминологиялық сөздік түрі.

**Терминбөлшектер сөздігі** (*словарь терминологических элементов*) – терминбөлшектерді қамтитын терминологиялық сөздік. Терминбөлшектердің мағынасы, шығу тегі көрсетіледі.

**Қысқартылған терминдер сөздігі** (*словарь терминологических сокращений*) – терминдердің қысқартылған нұсқаларын қамтитын терминологиялық сөздік.

**Толық терминологиялық сөздік** (*полный терминологический словарь*) – бір саланың терминдерін толық қамтитын терминологиялық сөздік.

Бұл сөздік түрін «үлкен терминологиялық сөздік» деп атау да кездеседі. (Мысалы: С.Токсанбай. Толық экономикалық орысша-қазақша сөздік. А.,1999. – 816 бет.)

**Орташа терминологиялық сөздік** (*средний терминологический словарь*) – көлемі орташа, сала ұғымдарының барлығын қамтуды мақсат етпейтін терминологиялық сөздік.

**Қысқаша терминологиялық сөздік** (*краткий терминологический словарь*) – көлемі шағын, арнаулы саланың негізгі терминдерін қамтитын сөздік. Мұндай сөздіктерді кейде «Шағын терминологиялық сөздік» (*малый терминологический словарь*) деп те атайды.

**Стандартты терминдер сөздігі** (*словарь стандартных терминов*) – стандарттарға негізделіп түзілген терминдер сөздігі.

**Арнаулы сөздік қызметі** (*функция специального словаря*) – арнаулы сөздіктің (терминологиялық сөздік) негізгі міндеттері, атқаратын қызметі.

Арнаулы сөздіктер салаға қатысты **терминдерді түгендеу** (*инвентаризационная функция*), **нормалау** (*нормативная функция*), **анықтамалық** (*справочная функция*) қызметтерді атқарады.

**Терминдердің берілуі** (*подача/расположение терминов*) –

терминологиялық сөздіктердегі терминдердің берілу тәртібі, реті.

Мысалы, арнаулы сөздіктерде терминдерді берудің мынадай түрлерін атауға болады: **Терминдерді берудің алфавиттік тәртібі** (*алфавитный порядок расположения терминов*), **терминдерді берудің жүйелік тәртібі** (*систематический порядок расположения терминов*), **терминологиялық сөз тіркестерін беру** (*подача терминологических словосочетаний*), **көпмағыналы терминдерді беру** (*подача многозначных терминов*).

### III. 3. Терминологиялық құжаттар

**Терминологиялық стандарт** (*терминологический стандарт*) – стандарттау құқығы берілген мемлекеттік орган ресми бекітіп, белгілі бір мерзім аралығында ұсынылған қалпында өзгеріссіз қолданылуы міндетті саналатын терминологиялық құжат.

**Ұлттық терминологиялық стандарт** (*Национальный терминологический стандарт*) – бір ел көлемінде жаппай қолданылуы міндетті болып саналатын терминологиялық стандарт.

**Мемлекеттік терминологиялық стандарт** (*Государственный терминологический стандарт*) – Өкілеттілігі бар Мемлекеттік стандарттау органы ресми бекіткен, сол мемлекет көлемінде біркелкі қолданылуға тиісті терминологиялық стандарт түрі. Әдетте терминологиялық стандарттардың қолданылу мерзімі (3-5 жыл) көрсетіледі.

**Салалық терминологиялық стандарт** (*отраслевой терминологический стандарт*) – белгілі бір арнаулы сала көлемінде бірізді қолданылуға тиіс терминдер қамтылып, сол сала мамандарына ұсынылатын стандарт.

**Республикалық терминологиялық стандарт** (*Республиканский терминологический стандарт*) – республика көлемінде қолданылу құқығы берілген стандарт.

**Халықаралық терминологиялық стандарт** (*Международный терминологический стандарт*) – халықаралық стандарттау ұйымы ресми бекіткен, әлем халықтарының ғылыми қарым-қатынаста қолданылуы үшін қысынылатын және терминологияны халықаралықтандыру мақсатында жасалатын терминологиялық стандарт.

Мысалы, ISO бекіткен терминологиялық стандарттар.

**Терминология тұжырымдамасы** (*концепция терминологии*) – елдегі терминологиялық ахуалға сипаттама беріле отырып, ұлттық терминкорды қалыптастырудың негізгі міндеттері, терминологиялық жұмыстарды жүргізудің бағыттары, нормативтік құқықтық базасы көрсетілетін, терминологиялық жұмыстарды жүргізу кезінде басшылыққа алу үшін дайындалған терминологиялық құжат.

Қазіргі қолданыстағы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасы» 2004 жылы жарияланған. Бұл

тұжырымдама ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 21 сәуірдегі №444 қаулысымен мақұлданған.

**Терминология дамуының қағидаттары** (*принципы развития терминологии*) – терминологиялық қорды қалыптастырудағы әлемдік үрдіс пен ұлт тілдерінің ерекшеліктері ескеріле отырып жасалатын, терминологияны дамытуда басшылыққа алынатын негізгі бағыт пен басты қағидаттар көрсетілетін ғылыми негізделген ережелер жиынтығы.

### III. 4. Терминологиялық аталым, термин шығармашылығы, терминжасам

**Термин шығармашылығы** (*терминотворчество*) – терминжасам тәсілдерінің жиынтығы және сол тәсілдердің барлығын шығармашылықпен пайдалана отырып терминдерді жасау процесі.

**Терминжасам тәсілдері** (*способы терминообразования*) – терминдерді жасау кезінде пайдаланылатын тәсілдер. Ол тәсілдер қатарына *лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік, терминдену, калька* сияқты тәсілдер жатады.

**Терминдену** (*терминологизация*) – тілдің жалпы лексикасынан немесе арнаулы лексикасынан терминделуші ұғымға сәйкес келетін сөзді тауып, оны сол ұғым қатысты болатын терминологиялық өріске өткізу арқылы аталған ұғымның атауы ретінде оған терминдік мағына жүктеу процесі. Яғни, ұлт тілінде бұрыннан бар сөз дайын қалпында термин ретінде пайдаланылады.

Көптеген терминтанушы ғалымдар терминденуді термин жасаудың лексика-семантикалық тәсілінен өзіндік ерекшеліктері бар дербес тәсіл деп санайды. Сондай-ақ терминденуге терминжасам тәсілі тұрғысынан емес, құбылыс пен процесс тұрғысынан қарайтын да ғалымдар бар.

**Терминденгендік** (*терминологичность*) – сөз тұлғасының жалпы қолданыстағы лексикадан қол үзгендігі.

Бұл ұғымды «терминдену дәрежесі» деп атайтын ғалымдар да бар.

**Кері терминдену** (*ретерминологизация*) – бұрын бір арнаулы саладан екінші бір салаға транстерминдену жолымен алмасқан терминнің сол алмасқан саласындағы қалыптасқан мағынасын сақтай отырып, өз терминжүйесіне қайта оралуы.

**Транстерминдену** (*транстерминологизация*) – терминнің бір терминологиядан екінші терминологияға өтуі. Басқаша айтқанда, жалпы қолданыстағы сөздің емес, терминнің терминденуі.

**Терминдену шегі** (*порог терминологизации*) – терминденуші терминнің белгілі бір саланың терминжүйесінен орын алуы.

**Терминдену дәрежесі** (*степень терминологизации*) – терминологиялық өріске енген терминденуші сөздің сол арнаулы саланың термині ретінде қалыптасуының деңгейі.

Терминдену дәрежесі неғұрлым жоғары болған сайын, соғұрлым

терминдердің жасалуында шарттылық, жасандылық жоғары болады.

**Терминденудің нөлдік дәрежесі** (*нулевая степень терминологизации*) – терминденудің мүлде болмауы.

Терминденудің бұл деңгейінде сөз қалыптасқан белгілі терминологиялардың еш қайсынан орын алып, арнаулы лексика қатарына енбей, жалпы қолданыстағы мағынасын сақтап, контекске тәуелді болады.

**Терминденудің бірінші дәрежесі** (*первая степень терминологизации*) – арнаулы сала тілінде сөз жалпы қолданыстағы мағынасынан ажыратылмай, жарыспалы нұсқа ретінде қолданылады. Оның терминдік мағынасы айқын белгіленбейді. Белгілейтін ұғымының мазмұны анық белгіленбеген терминнің бір нұсқасы, «тұрмыстық термин» ретінде қолданылуы.

**Терминденудің екінші дәрежесі** (*вторая степень терминологизации*) – арнаулы қолданыста бекітілген мазмұны бар, жалпы әдеби тілдегіге қарағанда едәуір аражігі ажыраған ұғымдарды білдіріп, тұйықталған жүйе құрайтын атаулар.

Мысалы, «халықтық терминология», теңізшілер тіліндегі жел атаулары, өсімдіктер мен балық атаулары және басқа да атаулар осы қатарға жатады.

**Терминденудің үшінші дәрежесі** (*третья степень терминологизации*) – сөздің белгілі бір арнаулы ұғымға бекітіліп, ресми қабылданған, қалыптанған (кодифицированный) таңба ретінде арнаулы, оқулық және анықтамалық әдебиеттерде біркелкі қолданылатын деңгейі.

**Терминдену негізі** (*основание терминологизации/терминирования*) – терминнің туындауына негіз болған белгілер.

Сөздердің терминденуіне ұғымдардың көбінесе пішін ұқсастығы мен қызмет ұқсастығы негіз болады.

**Терминделуші ұғым** (*терминизируемое понятие*) – белгілі бір терминмен белгіленетін ұғым немесе зат.

Бұл терминнің «**терминделуші зат**» деген нұсқасы да кездеседі. Д.С.Лотте кезінде «**терминоноситель**» терминін қолданған. Кейінгі зерттеушілердің еңбектерінде бұл термин өте сирек қолданылды, тіпті қолданылмады десе де болады. Оның орнын жоғарыда көрсетілген нұсқасы алмастырды.

**Бейтерминдену** (*детерминологизация*) – белгілі бір терминологиялық жүйедегі терминнің жалпы қолданысқа көшу процесі.

Бейтерминденуекісатыдан тұрады. Біріншісі – терминнің терминологиялық мағынасын сақтаған сөз ретінде жалпы лексикалық өріске енуі де, екіншісі – сол терминнің негізінде жалпы қолданыстағы тұрмыстық сөздің туындауы.

**Бейлексикалану** (*делексикализация*) – сөздің дербес лексикалық мағынасында қолданылмай терминбөлшек қатарына өтуі.

**Терминологиялық аталым** (*терминологическая номинация*) – тілдік аталыммен тығыз байланысты болатын ғылым мен техниканың арнаулы ұғымдарына атау беру үдерісі.

Басқаша айтқанда, адам қызметі мен түрлі білім салаларындағы арнаулы ұғымдарды атаудың ойлау арқылы жүзеге асатын үдерісі.



**Терминалмасым** (*терминозаимствование*) – ұлт тілдері арасындағы бір-бірінен термин алу үдерісі.

Кейбір ғалымдар терминалмасымды терминжасамның тәсілі ретінде қарастырады.

### III. 5. Терминологиядағы бағыттар, ағымдар, үрдістер мен қағидаттар

**Терминология дамуының үрдістері** (*тенденции развития терминологии*) – қоғам дамуының түрлі факторларына байланысты терминология дамуында басымдыққа ие болып, кең қолдау тауып, айқын көрініс беріп отыратын процесс.

Терминологиядағы бұл құбылысты «**Терминологиялық үрдістер**» (*терминологические тенденции*) және «**терминологиялық дәстүрлер**» (*терминологические традиции*) деп атаған ғалымдар да бар.

Сондай-ақ «*терминология дамуының заңдылықтары*», «*терминологияның даму заңдары*», «*терминология заңдары*», «*терминология қалыптасуының заңдары*» сияқты атаулар да осы ұғымды білдіру үшін ғалымдар тарапынан әр кезеңде қолданылды.

**Терминжасамды дамыту үрдістері** (*тенденции развития терминообразования*) – терминдерді жасаудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру мақсатын көздей отырып жүргізілетін терминологиялық үрдіс.

**Терминдер тұлғасының біркелкілігі үрдісі** (*тенденция единообразия форм терминов*) – тектес немесе бір түрге жататын ұғымдарды білдіретін терминдердің тұлғалық біркелкілігіне қол жеткізуді мақсат ететін үрдіс.

**Тұтас аталым үрдісі** (*тенденция к цельнооформленной номинации*) – екі немесе одан да көп сынарлы терминдерді тұтас атауға айналдыруды көздейтін үрдіс. Бұл үрдіс сөздерді біріктіруге, кіріктіруге негізделген.

**Пуризм** (*пуризм*) – латынның *purus* – «таза» деген мағынаны білдіретін сөзінің негізінде француз тілінде *purisme* түрінде қалыптасқан. Бұл термин француз тілінен орыс тіліне, ал орыс тілінен біздің тілімізге өзгеріссіз қабылданған. Әдеби тілді өзге тілдерден енген сөздерден, әртүрлі жаңа түзілімдерден, әдеби тіл құрамына кірмейтін элементтерден (диалектизм, қарапайым сөздер, жаргон, арго т.б.) тазартуға ұмтылушылық.

Кеңестік тіл білімінде *пуризм* негізінен тілдік нормалау кезінде орын алатын шеткеріліктің бірі деп түсіндірілді. Бұл үрдістің зияны барынша ұлғайтылып көрсетілді. Термин шығармашылығындағы кез келген кемшілік, сәтсіз жасалған термин пуризмге саналды. Өйткені КСРО тіл саясаты кеңес халқына ортақ жазу, ортақ тіл, ортақ терминологиялық қор қалыптастыруды көздеді. Сондықтан да орыс тілінен өзге ұлттық әдеби тілдің негізінде термин жасау қолдауға ие болмады. Ресейлік, мәскеулік ғалымдармен қатар жергілікті ұлт өкілдерінің арасынан шыққан ортақшылдар да пуризммен аса белсенділікпен күресті. Нәтижесінде пуризмге ұрынып қалмайық деп жүріп, ұлт тіліндегі

термин шығармашылығының дағдарысқа ұшырауына жол берілді.

Жалпы пуризм ұлттық әдеби тілдердің қалыптасу кезеңдерінде, сондай-ақ демократиялық қозғалыстардың дамуы, төңкерістер мен соғыс т.б. қоғам өмірінде болатын елеулі өзгерістер кезінде көрініс беретін құбылыс деп саналады.

Қазір бізде 90-жылдардан бастап қазақ тілінде термин шығармашылығы біршама жандана бастауындағы да ХХ ғасыр басындағыдай «терминологиядағы пуристік ағым» пайда болды деп дабыл қағушылар да бар. Әрине, термин шығармашылығындағы орын алып жатқан кемшіліктердің, сәтсіз жасалған, дұрыс аударылмаған терминдердің бар екені рас. Оларды түзету, кемшіліктерге жол бермеу орынды. Алайда тағы да пуризммен күресуге шақырудың реті бар деп айту қиын.

**Терминологияны ұлттандыру** (*национализация терминологии*) – өзге тілдің (тілдердің) ықпалы күшті болған кезеңдерде ұлт тілінің терминдер қорына қабылданған халықаралық, кірме терминдерді төл терминдермен алмастыруға, ұлттың өз тілінде термин жасауға барынша басымдық беретін терминологияны халықаралықтандыруға қарсы бағытталған үрдіс.

Бұл үрдісті қолдаушылардың мақсаты – ұлт тіліндегі термин шығармашылығын дамыту, арнаулы салалардағы терминдердің негізгі бөлігін тілдің иесі болып табылатын халықтың өз тілінде жасау арқылы ғылым тілінің, терминдердің ұлттық сипатын сақтау. Ғылым-білімді ұлт тілінде игеру, салалық тілдер де ұлт тілінің фоно-морфологиялық, грамматикалық заңдылықтарының сақталуы басты назарда болады. Өзге тілдерден термин қабылдауға емес, ұлттың өз тілінде термин жасауға басымдық беріледі.

Бұл көптеген ұлт тілдеріне тән үрдіс. Қазақ терминологиясының даму тарихында ХХ ғасырдың 20-30-жылдары осы үрдіс айқын көрініс берді. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялылары мақсатты түрде осы үрдісті қолдап, оған басымдық берді.

**Терминологияны халықаралықтандыру** (*интернационализация терминологии*) – әлем халықтары тілдерінде ортақ терминдер қорын қалыптастыру арқылы ғылыми қарым-қатынасты жеңілдету, ғылыми ақпарат алмасуды жақсарту мақсатын көздеушілердің терминологиялық жұмыстарды жүргізу үрдісі. Негізгі мақсат – әлем елдеріне ортақ терминдер қорын молайта түсу. Терминологияны халықаралық деңгейде біріздендіруге, халықаралық терминологиялық стандарттар жасауға баса көңіл бөлінеді. Кейде *терминологияны халықаралықтандыру үрдісі* деп те аталады. Бұл үрдісті қолдаушы жекелеген ғалымдар да, терминтану мектептері де бар. Бірқатар елдерде терминологияны халықаралықтандыруға көп мән беріледі. Кезінде КСРО-да терминологияны халықаралықтандыруға, кеңес халқына ортақ жалпыкеңестік терминдер қалыптастыруға айрықша көңіл бөлінді. Қазақ терминологиясының даму тарихында 1930 - 1990 жылдар аралығында халықаралықтандыру үрдісі айрықша басымдыққа ие болды.

**Айырмашылықтарды мейлінше азайту қағидаты** (*принцип*

*минимальных расходов*) – түрлі ұлт тілдерінің терминологияларындағы мағыналары мен жазылуы бірдей бірнеше тілге ортақ терминдерді барынша көбейтіп, керісінше, айырмашылықтарды мейлінше азайту мақсатын көздей отырып, белгіленген қағидат.

Бұл қағидат КСРО кезінде белгіленіп, кеңес одағы халықтарының терминқор қалыптастыруда осы қағидатты ұстануы ұсынылды.

**Айырмашылықтарды барынша молайту қағидаты** (*принцип максимальных расходов*) – ұлт тілдеріндегі термин шығармашылығына басымдық бере отырып, әр тілдің өзіндік ерекшелігін сақтауды көздейтін, «айырмашылықтарды мейлінше азайту қағидатына» қарама-қарсы бағытталған үрдісті ұстануды белгілейтін қағидат.

КСРО кезінде бұл қағидат кеңестік ғалымдар тарапынан қатты сынға алынып, оған жол бермеу қажеттігі аталып көрсетілді. Бұл қағидат басшылыққа алынған жағдайда, жалпыкеңестік терминқор қалыптастыру идеясының жүзеге асуына үлкен нұқсан келетіндігін ерекше ескеру керек делінді.

**Терминологиядағы үнем қағидаты** (*принцип экономии в развитии терминологии*) – терминдердің қысқа нұсқасын жасауға ұмтыла отырып, тіркесті терминдер мен күрделі құрамды терминдерді қысқарту қағидаты.

Бұл қағидаттың **ойлау күшін үнемдеу** (*экономии мыслительных усилий*) – терминнің тұлғасы ықшам, мағынасы ұғынықты болып, адамның ойлауға жұмсалатын күшін үнемдеу мен **айту күшін үнемдеу** (*экономии произносительных усилий*) – терминнің айтуға жеңіл, шұбалаңқы болмауына қол жеткізуді көздейтін екі қыры бар. Екі қыры да негізінен терминнің тұлғасын ықшамдаумен байланысты жүзеге асады.

**Терминбөлшектердің жалпы санын үнемдеу қағидаты** (*принцип экономии общего числа терминологических элементов*) – терминбөлшектердің жалпы санын азайту мақсатын көздей отырып басшылыққа алынатын қағидат.

### III. 6. Терминологияның даму барысында болатын құбылыстар

**Терминологиялық жағдаят** (*терминологическая ситуация*) – терминологияның жай-күйі, жасалу дәрежесі, термин шығармашылығының қағидаттары, дамуының негізгі үрдістері.

Жаңадан қолданыла бастағандығына қарамастан, бұл терминді бізде «*терминологиялық ахуал*» және «*терминологиялық жағдай*» деп аударып қолдану да ұшырасып қалады.

**Терминологиялық көшкін** (*терминологическая лавина*) – ғылыми мен техниканың аса қырқынды дамуына немесе қоғам өмірінде болған саяси-экономикалық, тарихи-мәдени күрт өзгерістерге байланысты күтпеген жерден мол терминдер (жүздеген, мыңдаған) легінің өзге тілден ұлт тіліне бір мезгілде (қысқа мерзім ішінде) енуі.

**Терминологиялық бейберекеттік** (*терминологический разбой*) – терминологиялық жұмыстардың жоспарлы да жүйелі түрде жүргізілмеуі,

дұрыс үйлестірілмеуі салдарынан сала мамандары арасында туындайтын келіспеушілік, термин шығармашылығындағы ала-құлалық.

Осы сипатына байланысты бұл құбылысты «терминологиялық келісімсіздік» (*терминологическая несогласованность*) деп атаған ғалымдар да болды.

**Терминологиялық дүмпу** (*терминологический взрыв*) – бұрын түрлі себептермен термин шығармашылығында пайдаланылмай келген ұлт тілінде термин жасау ісі күрт жанданып, бір мезгілде өзге тілден енген терминдердің басым бөлігін жана ұлттық терминдермен алмастыру құбылысы.

**Терминологиялық тасқын** (*терминологический потоп*) – арнаулы лексиканың дамуы мүлде қадағалаусыз, бақылаусыз бетімен кететін жағдайға жетуі.

**Терминологиялық ақпарат** (*терминологическая информация*) – бұл тілдік табиғаты бар ұғымдық (семантикалық) ақпарат. Практикалық және теориялық таным кезінде пайда болып, адам баласының кәсіптік-ғылыми қызметінде пайдаланылатын, тілдік форма арқылы жинақталып берілетін терминологиялық ақпараттың ұғымдық сипаты негізінен ғылыми ақпараттың анықтамасымен сәйкес келеді. (Супер. С. 225.)

**Терминологиялық варианттылық** (*терминологическая вариантность*) – сала мамандарының терминологиялық жұмыстарды үйлестіре жүргізбеуінің салдарынан бір ұғымның бірнеше атауы пайда болып, терминологияда жарыспалы терминдердің шектен тыс көбейіп кетуі.

Бұл терминді кейбір ғалымдар терминологиялық лексика құрамындағы варианттылықтың тілдік табиғатын түсіндіру кезінде де қолданады.

## IV. ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ҮЙЛЕСТІРІЛУІ

### IV. 1. Терминтану мектептері

**Вена терминология мектебі** (*Венская терминологическая школа*) – 1931 жылы Австриялық ғалым О.Вюстер негізін қалаған терминтану мектебі. Бұл мектеп «Австрия терминтану мектебі» деп те аталады.

Ол 1931 жылы «Техника, оның ішінде, электроника тілін халықаралық нормалау» деген тақырыпта жазылған докторлық диссертациясын жариялады. Оның осы еңбегі терминология теориясын жасаудың алғашқы ізденісі, 1930-жылдары шет елдердегі термин туралы ғылымның негізін қалауға бастаған еңбек деп саналады. Терминтанудың негізін қалаған ғалым О.Вюстер австриялық (немесе австрия-германиялық) терминтанушылар мектебіне жетекшілік етті.

Бұл мектеп термин мен терминологиялық жүйенің логикалық жағына, яғни, ұғымдардың табиғатына, олардың өзара қатынасына, қасиеті мен ұғымға берілген анықтамаға (дефинициясына), сондай-ақ терминдерді стандарттаудың практикалық мәселелеріне, әсіресе, терминологияны халықаралықтандыруға баса мән бергендігімен ерекшеленеді.

О.Вюстер Стандарттаудың ұлттық органдар халықаралық федерациясына (қазіргі Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым ИСО) кіретін Терминология жөніндегі техникалық комитетті құрудың бастамашысы болған. Оның бастамасымен 1971 жылы ЮНЕСКО жанындағы Терминология жөніндегі халықаралық ақпараттық орталық – ИНФОТЕРМ құрылған. Бұл мектептің дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар Х.Фельбер, К.Галинский, В.Недобиты, Г.Будин.

Көп кешікпей көршілес Германияда да терминология мәселелері жақсы зерттеле бастады. Австрия және Германия ғалымдарының ұстанған бағыттары бір, көп мәседе ортақ пікірге келіп, жұмыс жүргізіп жатқандықтан оларды бөлмей «Австрия-германиялық терминология мектебі» деп те атайды.

**КСРО терминтану мектебі** (*терминологическая школа СССР*) – КСРО-да терминологиялық жұмыстарға үлкен мән беріліп, 30-жылдары одақтық терминтану мектебінің негізі қаланды. Бұл мектеп «Кеңестік терминтану мектебі» (*Советская терминологическая школа*) деп те аталады. Кеңес одағы кезінде негізі қаланып, осылай аталып кеткені болмаса, бұл мектепті «Ресей терминтану мектебі» деп атауға болады.

1933 жылы С.А.Чаплыгин мен Д.С.Лотте сынды ғалымдардың ұсынысымен Техникалық терминология комиссиясы құрылды. Кейіннен бұл комиссия – Ғылыми-техникалық терминология комитеті болып қайта құрылды. Қазір бұл комитет – Ғылыми терминология комитеті деп аталады. КСРО ғылым академиясы жанынан құрылған бұл комитеттің негізгі міндеті терминология теориясы мен терминологияны реттеудің әдіснамасын жасау болды. Кеңестік терминтану мектебінің негізін қалаушылардың бірі саналатын Д.С.Лотте терминологиялық жұмыстарды жүргізудің әдіснамалық негізін қалай отырып, терминологияны реттеудің жалпы қағидаттарын белгіледі және тұңғыш рет терминге қойылатын талаптарды анықтады. Терминтанушы ғалымдар оның осы еңбектері мен Э.К.Дрезеннің еңбектері, Г.О.Винокурдың, А.А.Реформатскийдің мақалалары кеңестік терминтану мектебінің негізін қалады деген тұжырым жасайды.

Ресейдегі терминтанудың келесі кезеңі 40-жылдардың аяғы мен 60-жылдардың соңына дейінгі уақытты қамтиды. Бұл кезеңде негізінен терминнің мәртебесі төңірегінде Реформатский А.А., Капаназе Л.А. және басқа да ғалымдар арасында қызу пікірталас орын алған. Терминология тарихына арналған Л.Л.Кутина, П.Н.Денисова, А.С.Герд, Е.Д.Коновалова еңбектері, терминтанудың логикалық аспектісін зерттеген Е.К.Войшвилло, Н.И.Кондаков, Д.П.Горский және терминдерді аударуға арналған Э.Ф.Скорородько еңбектері жарық көрген. Бұл Ресей тілшілерінің терминология мәселелеріне шындап көңіл бөле бастаған кезең деп есептеледі.

70-жылдардан бастау алған келесі кезең терминтанудың нағыз кең қанат жайып, аймақтық терминтану мектептерінің пайда болған уақыты деп көрсетіліп жүр. Одақтың астанасы болған Мәскеуде терминтану саласындағы негізгі ғылыми жұмыстар КСРО ҒА-ның Ғылыми-техникалық терминология комитетінде Д.Лоттенің ізбасарлары А.М.Терпигорев, В.С.Кулебакин, В.И.Сифоров және Н.К.Сухов, С.И.Коршунов, К.А.Климовицкий, Э.А.Натансон, Т.Л.Канделаки, Г.Г.Самбурава, В.Ф.Журавльев сынды ғалымдар тарапынан жүргізілсе, екінші үлкен орталық Мәскеу мемлекеттік университетінің (МГУ) филология факультетінде П.Н.Денисов, В.П.Даниленко, В.М.Лейчик, В.Н.Прохорова, П.В.Веселов, Р.С.Саголова сынды ғалымдар зерттеулер жүргізіп, Г.Н.Агапова, Н.Б.Гвишиани, М.М.Глушко, С.В.Гринев, В.Л.Налепин сынды ғалымдар кіретін профессор О.С.Ахманованың мектебі қалыптасқан.

Осы кезеңде Л.Л.Кутина, Ф.П.Сороколетов, Е.Д.Коновалова, А.С.Герд, А.И.Моисеев сынды ғалымдар негізін қалаған Ленинградтық терминтану мектебі, Б.Н.Головин мен Р.Ю.Кобрин, В.Н.Немченко, К.А.Авербух сынды ғалымдар кіретін Горький терминтану мектебі, С.З.Иванов, Е.С.Анюшкин бастаған Воронеж терминтану мектебі пайда болған. Сібір мен Оралда да зерттеулер жүргізілген.

Ал 80-жылдардың басынан бастап, терминография теориясы жасауға бағытталған (Шайкевич, А.С.Герд, С.В.Гринев, Ю.Н.Марчук); терминологиялық редакциялаудың қолданбалы және терминтанудың философиялық және әлеуметтік лингвистикалық (В.М.Лейчик, С.Е.Никитина), салғастырмалы, гносеологиялық мәселелері зерттеле бастады.

90-жылдардан бастап терминтанудың когнитивтік, ақпараттық (М.Н.Володина, Л.В.Ивина) және мәтінмен байланысты мәселелерін зерттеуге арналған жұмыстар жарық көрді.

Сөйтіп, КСРО кезінде бастау алған терминтану саласындағы зерттеулер саны жыл өткен сайын артып, Ресейде терминтанудың үлкен ғылыми орталығы қалыптасты.

Қазіргі уақытта да ресей ғалымдары терминтану саласындағы сол басымдығын сақтап қалып отыр. Себебі оларда қалыптасқан ғылыми мектеп және сол мектептен тәрбиеленіп, өсіп шыққан терминтанушы ғалымдар шоғыры бар.

Сонымен қазіргі Ресей терминтану мектебі – Мәскеу терминология мектебі, МГУ терминология мектебі, Ленинград терминтану мектебі, ЛГУ терминология мектебі, Горький терминология мектебі, Воронеж терминология мектебі деп іштей жіктеліп жүр. Олардың әрқайсының көрнекті өкілдері, ұстанған өзіндік бағыттары бар.

**Чехословакия терминология мектебі** (*Чехословакия терминологическая школа*) –1930-жылдары негізі қаланған Австрия және КСРО сияқты екі ірі мектептен кейінгі үлкен ғылыми орталық ретінде қалыптасқан терминтану мектебі. Қазіргі Чехия мен Словакия бір ел болып тұрған кезде негізі қаланғандықтан, әлі де солай аталып келеді.

Прага лингвистикалық үйірмесінің негізінде қалыптасқан бұл мектеп

терминдердің мәтіндердегі қолданысына мән бере отырып, терминологиялық лексикаға функциональдық және әлеуметтік мәдени тұрғыдан келетіндігімен ерекшеленеді. Ғылым тілін зерттеу оларда тілді мәдениет, өркениет пен технология саласындағы қатынас құралы ретінде қарастыра отырып жүргізіледі. Бұл мектепті «Прага терминтану мектебі» деп те атайды. Чехословакия терминтану мектебінің дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар чехиялық Л.Дрозд бен словакиялық Я.Горецки.

Прага мектебінің Австрия және КСРО терминтану мектептерінен басты өзгешелігі – олардың ұлттық терминқор құру бағытын ұстанғандығы. Кеңес одағының терминтану мектебі де О.Вюстер негізін қалаған австрия-германиялық терминтану мектебі де терминологияны халықаралықтандыру бағытын ұстанып отырғанда олардың арасында орналасқан Прага терминтанушылар мектебі латын-грек және неміс терминдерінің орнына ұлттық, славияндық терминдер жасауға басымдық берді. Бұл жағынан олар француздар мен француз тілді Канада терминтанушылар мектебіне ұқсайды. Қазақстанда бұл бағыт 20-жылдары алаш зиялылары қауымдасып еңбек еткен терминқор қалыптастыру ісінің басында Ахмет Байтұрсынұлы тұрған кезеңде басымдыққа ие болғаны белгілі.

**Канада терминология мектебі** (*Канадская терминологическая школа*) – Канада ғалымдары негізін қалап, қазір де өзіндік бағытын ұстанып келе жатқан терминтану мектебі. Бұл мектеп «Квебек терминология мектебі» немесе «Канада-Квебек терминология мектебі» деп те аталып жатады.

Канадада терминтанушылар ең алдымен терминнің лингвистикалық мәселелеріне көп көңіл бөледі. Мысалы, түрлі тілдердегі терминдерді аудару мен салғастыру, терминжасам, терминологиялық деректер қорын жасау т.б. Терминжасам мәселесі Г.Рондо «Неонимия» (терминтанудың саласы) деп атауды ұсынған ғылым аясында қарастырылады.

Скандинавия елдерінде де терминологиялық жұмыстар қарқынды жүргізіліп, терминтанушыларды дайындау дұрыс жолға қойылған. Онда Х.Пихт сияқты ірі терминтанушы ғалымдар жұмыс істейді.

Терминтануды дамытуда елеулі жұмыстар атқарып отырған Польшада С.Гайда, В.Новицки, З.Строберски сияқты белгілі мамандар қызмет етеді.

Жалпы қазір әлем елдерінің барлығында дерлік терминологиялық орталықтар құрылған, онда зерттеулер жүргізіліп, терминологиялық жұмыстар атқарылады. Алайда аталған терминтану мектептері әлемде кеңірек танымал.

## IV. 2. Терминологиялық органдар мен ұйымдар түрлері

Халықаралық терминологиялық орган (*международный терминологический орган*) – бір ел көлемімен шектелмей, терминологиялық жұмыстарды бірнеше елдермен байланыста жүргізетін ұйым.

Ұлттық терминологиялық орган (*национальный терминологический орган*) – терминологиялық жұмыстарды бір ел ішінде жүргізетін орган.



Өңірлік терминологиялық орган (*региональный терминологический орган*) – терминологиялық жұмыстарды белгілі бір өңірді қамти отырып жүргізетін орган.

Терминдерді стандарттау органы (*орган по стандартизации терминов*) – салалық терминологиялық жұмыстарды жүргізуге жауапты, стандарттау жөніндегі бас ұйым).

Анықтамалық-терминологиялық қызмет (*справочно-терминологическая служба*) – терминология мәселелері бойынша анықтама, қажетті мәліметтер беретін қызмет түрі.

Терминология комиссиясы (*терминологическая комиссия*) – терминология мәселелерімен айналысатын түрлі сала мамандарынан құралған комиссия.

Мұндай комиссиялар құру КСРО кезінде кең тарап, ұлттық республикалардың көбінде құрылды. Қазір де сол үлгімен жұмыс істейтін комиссиялар кейбір ТМД елдерінде бар. Бізде бұл комиссия сол кездегі дәстүрмен жұмыс істеп келеді. Ол «ҚР Үкіметі жанындағы мемлекеттік терминология комиссиясы» деп аталады. Мемтерминком тоқсанына бір рет жиналып, түрлі сала мамандары ұсынған терминдерді талқылап, өз шешімімен бекітеді. Бекіткен терминдерін көпшілікке ұсынатын консультациялық кеңес органы болып табылады.

Терминология секциясы (*терминологическая секция*) – әртүрлі ғылым салаларының терминдері бойынша жұмыстар жүргізіп, ұсыныстарын терминология комиссиясына бекітуге жолдап отыратын сала мамандарынан құралған жұмыс тобы.

Терминологиялық қауымдастық (*терминологическая ассоциация*) – терминтанушы, терминші мамандардың өз жұмыстарын бірлесіп, қауымдаса отырып жүргізу мақсатымен құрылатын ұйымы.

### **IV. 3. Әлем елдерінің терминологиялық органдары мен ұйымдары**

**Араб ақпараттық терминологиялық желісі** (ArabTerm), Тунис.

**Бельгия терминологиялық орталығы** (CBT – Le Centre de Terminologie de Bruxelles.), Брюссель.

**Ғылыми-техникалық терминология комитеті** (КНТТ – Комитет научно-технической терминологии АН СССР), Мәсеку.

**Ғылыми және қолданбалы терминологиялық зерттеулердің пәнаралық тобы** (GIRSTERM), Квебек, Канада.

**Ғылыми және техникалық терминология орталығы** (Hispanoterm), Мадрид, Испания.

**Дания терминология орталығы** (DANTERM)

**Европа Қауымдастығының терминологиялық деректер қоры** (EURODICAUTOM).

**Жапония терминологиялық қауымдастығы** (JTA – Japan Terminology Association), Токио.



**Инфотерм** (Infoterm) – Халықаралық ақпараттық терминологиялық орталық. 1971 жылы ЮНЕСКО-ның қолдауымен құрылған. Вена, Австрия.

**ISONET** – терминологиялық оқуларды жүзеге асыратын, әртүрлі елдерде тұратын өз мүшелеріне терминологиялық қорда бар барлық ұғымдар мен терминдерді пайдалануға рұқсат беретін, терминологиялық мәліметтерді алмасуға көмектесетін ISO-ның ақпараттық желісі.

**ISO/TC 37** – ISO-ның № 37 техникалық комитеті «Терминология (қағидағтар мен үйлестіру)».

**Компьютерлендірілген терминология мен аударма жөніндегі агенттіктердің бірлескен мәжілісі** (JIAMCATT), Женева.

**Қазіргі неміс тілі Клубы жанындағы аудармашылар қоғамы** (INTERTERMIN), Чехия.

**Қытай ғылыми-техникалық ақпарат институты** (ISTIC – Institute for Scientific and Technological information of China; Китайский институт научно-технической информации)

**Нидерландтілді терминология терминология саласындағы ынтымақтастық одағы** (SaNT – Samenwerkingsverband Nederlandstalige terminologie).

**Ресей терминологиялық қоғамы** (Россиская терминологическая общества РоссТерм), Мәскеу.

**Скандинавия терминология орталығы** (NORDTERM), Дания.

**ТермНет** (TermNet немесе TN) – Терминологиялық ақпаратты тегін (коммерциялық емес) тарататын терминологиялық қорлар мен қызметтердің халықаралық желісі.

**Терминологиялық орталық** (BTERM немесе TermCat.) Барселона, Испания.

**Терминологиялық құжаттамаларды қалыптастыру жөніндегі ұйым** (ClearTerm.) Вена, Австрия.

**Терминологиялық неологизмдерді біріздендіру жөніндегі халықаралық ұйым** (IOVTON – International Organization for Unification of Terminological Neologisms). Польша.

**Терминология және неология орталығы** (CTN).

**Терминдерді біріздендіруге арналған көптілді жүйе, ғылым мен техниканың әлемдік ақпараттық желісі** (UNISIST).

**Техникалық номенклатура орталығы** (TNC – Teknika nomenclaturcentralen). Швеция.

**Техникалық терминология кеңесі** (RTT – Rfdet for Tenisk terminologi), Норвегия.

**Тіл және терминология жөніндегі бүкіләлемдік ұйым** (WOLT – World Organization for Language and Terminology), Польша.

**Халықаралық терминдердің бүкіләлемдік қоры** (WBIT – World Bank of International Terms), Польша.

**Халықаралық терминология қауымдастығы** (TERMIA), Квебек, Канада.

Халықаралық терминологиялық зерттеулер институты (ИТР – International Institut for Terminology Research немесе ИТФ; Международный институт терминологических исследований)

Эстон терминологиялық банкі (ЭСТЕР – Эстонский терминологический банк).

#### IV. 4. Терминология мәселелерімен айналысушы мамандар

**Терминтанушы** (*терминвед*) – терминнің, терминологияның теориялық, қолданбалы және әдістемелік мәселелерін зерттеуші, жүйелеуші тіл маманы.

Бұл терминді бастапқыда Кобрин Р.Ю., Кулль Р.В., Авербух К.Я сияқты ғалымдар қолданса, қазір кең тарай бастады.

**Терминші** (*терминолог*) – терминологияның қолданбалы мәселелерімен шұғылданушы сала маманы.

Ресей ғалымдары мұндай маманды *специалист-терминолог, специалист-предметник, терминолог-практик* деп атап жүр. «Терминвед» термині қолданысқа енгенге дейін Ресейде де, бізде де термин мәселесімен айналысушылардың барлығын да «терминолог» деп қолданып келдік. Қазір олардың араларын ажыратып қолдана бастадық. Әлі де ғалымдар мен салалық мамандар арасында термин мәселесіне қатысы барлардың бәрін бұрынғыша «терминолог» деп атаушылар бар.

**Терминограф** (*терминограф*) – терминографияның теориялық мәселелерімен, терминологиялық сөздіктер жасаудың ғылыми-практикалық, әдістемелік мәселелерімен айналысатын маман.

Арнаулы сөздіктер түзудің жалпы әдіснамасы мен нақты тәсілдерін жасау, терминологиялық сөздіктерді түріне қарай топтастыру мен жіктеудің қағидаттарын жасау, жекелеген типтегі сөздіктерге арнаулы лексиканы таңдап алу мен оларды сөздікте берудің, сипаттаудың, мағынасын түсіндірудің ғылыми негізделген қағидаттарын жасау сияқты мәселелер терминограф мамандардың атқаратын жұмыстары болып саналады.

«Терминограф» терминін 1975 жылы Э.Н.Натансон ұсынған.

**Редактор-терминші** (*редактор-терминолог*) – түрлі құрылымдардың іс қағаздарын жүргізу, редакциялау, сараптау бөлімдерінде қызмет істеп, терминдердің біркелкі қолданылуын қадағалап, сәтсіз жасалған немесе тыйым салынған, ұсынылмаған терминдердің құжаттарға, әртүрлі мәтіндерге енуіне жол бермей, құзыретті орган тарапынан ұсынылған терминдердің қолданылуын жүзеге асыратын мамандар.

Бізде редактор-терминші мамандығы ресми тіркелген мамандықтар қатарына кірмеген. Сондықтан ондай мамандар арнайы дайындалмайды. Алайда олардың жұмыстары түрлі деңгейдегі мемлекеттік құрылымдар мен мекемелер қызметкерлері тарапынан орындалып жатады. Мысалы, ҚР Президент әкімшілігінің Жалпы бөлімі, ҚР Үкіметінің құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі, ҚР Парламенті Сенатының редакциялық-баспа бөлімі,

ҚР Парламенті Мәжілісінің редакциялау және аударма бөлімі, министрліктер мен облыстық әкімдіктердің тіл мәселелерімен айналысатын бөлімдерінің қызметкерлері, баспа редакторлары қоса атқарып отыр. Атқарылып жатқан істің сапасы сол құрылымдардағы мамандардың кәсіби дайындығы мен тәжірибесіне байланысты әртүрлі деңгейде болып жатады. Әрине, бұл іспен барлық деңгейде арнайы маманданған редактор-терминшілер айналысса, терминологиялық редакциялау жұмысы жоғары кәсіби деңгейде жүргізіліп, мәтіндердегі термин қолданысы жолға қойылар еді.

**Терминологиялық қызметші** (*терминологический работник*) – терминологиялық жұмыстарды жүргізетін органдар мен ұйымдарда үйлестіру, ұйымдастыру және басқа да практикалық жұмыстарды атқаратын қызметкер.

**Терминком мүшесі** (*член терминологической комиссии*) – терминология комиссиясының құрамына енген, терминдерді сұрыптауға, бекітуге қатысатын белгілі бір сала маманы.

#### IV. 5. Терминология мәселелерінің біздің еліміздегі зерттелу жайы

##### IV. 5. 1. Лингвистер тарапынан қорғалған диссертациялар

###### Докторлық диссертациялар

1. **Айтбаев Ө.** Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қалыптасуы мен дамуы. (А., 1992. Ғылыми кеңесшісі – Ө.Қайдар).
2. **Құрманбайұлы Ш.** Қазақ лексикасының терминдену үрдісі. (А., 1999. Ғылыми кеңесшісіз қорғалған. 10. 02. 02 – қазақ тілі).

###### Кандидаттық диссертациялар

1. **Исамбаев М.О.** О формировании терминов при составлении русско-латинско-казахского медицинского терминологического словаря. (А., 1961).
2. **Рамазанов Е.** Формирование ботанических терминов на казахском языке и русско-казахский словарь по ботанике. (А., 1964).
3. **Молдажаров Ж.М.** Қазақ лингвистикалық терминологиясының қалыптасуы мен дамуы. (1972. жетекшісі – А.Ысқақов).
4. **Оспанова К.Т.** Лексико-грамматические способы образования химических терминов в современном казахском языке. (А., 1987).
5. **Аяпбергенова К.Г.** Истоки формирования и развития медицинской терминологии в казахском языке. (А., 1987).
6. **Джансеитова С.С.** Терминология казахской музыки (на материале казахского и русского языков. . (А., 1989).
7. **Құрманбайұлы Ш.** Өсімдік мүшелері мен құрылым-құрылысына қатысты терминдер. (А., 1994. Ғылыми жетекшісі – Қалиев Б. 10. 02. 06 – түркі тілдері).

8. **Жұмашева Г.** «Жаңа мектеп» журналының тіліндегі терминдер. (А., 1996. жетекшісі – Сарыбаев Ш.).
  9. **Әлісжанов С.Қ.** Қазіргі қазақ тіліндегі философиялық терминдердің қалыптасу процесі. (А., 1996. жетекшісі – Сайрамбаев Т.).
  10. **Ақшалова Б.** Макроэкономикалық терминдердің лексика-грамматикалық сипаты. (А., 1998. жетекшісі – Нұрмаханова Ә.).
  11. **Исанова А.** Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі заң терминдері. (А., 1998. жетекшілері – Томанов М., Серғалиев М.).
  12. **Омарова Г.Е.** Термины синтаксиса в учебной литературе. (А., 1998).
  13. **Төренизова А.** Қазақ әдеби тілі синонимдер жүйесінің термин жасамдағы рөлі. (А., 1999. жетекшісі – Алдашева А.).
  14. **Әбдірәсілов Е.** Лингвистикалық терминдердің семантикалық қатынастары. (А., 1999. жетекшісі – А. Аманжолов).
  15. **Миров М.** Профессор Қ. Жұбановтың ұлттық ғылым тілін қалыптастырудағы рөлі. (А., 1999. жетекшісі – Жұбанов Е.).
  16. **Дәулетов Е.Г.** Қазақ тіліндегі мемлекеттік құрылыс терминологиясының қалыптасуы. (А., 1999. жетекшісі – Б. Әбілқасымов).
  17. **Нұржанова Ә.** Қазақ тіліндегі мұнай терминдерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері (А., 2000. жетекшісі – Смағұлова Г.).
  18. **Қабатаева Қ.** Х. Досмұхамедұлы еңбектеріндегі қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік терминдер. (А., 2000. жетекшісі – Сарыбаев Ш.).
  19. **Әміров Ә.** Қазақ баспасөзінің 1990-2000 жылдар аралығында терминологияны қалыптастырудағы рөлі. (А., 2002. жетекшісі – Құрманбайұлы Ш.).
  20. **Сәрсенова С.Е.** Қазақ тіліндегі физика және астрономия терминдерінің құрамы мен құрылымы. (А., 2002. жетекшісі – Қалиев Б.).
  21. **Исақова С.** Қазақ тіліндегі психология терминдері. (А., 2000. жетекшісі – Қалиев Б.).
  22. **Мұратбаева И.** Қазіргі қазақ және орыс тілдеріндегі метафораланған терминдердің семантикасы. (А., 2000. жетекшісі – Авакова Р.).
  23. **Қоңырова А.Т.** Қазақ тіліндегі филологиялық терминдердің дамуы мен қалыптасу тарихы. (А., 2003. жетекшісі – Ә. Айтбаев).
  24. **Әбдірахман Ә.Ә.** Құран кәрімдегі тұрақты тіркестер мен термин сөздердің қазақ тілінде берілуі (лингвомәдени аспектісі). (А., 2004ж. Ғылыми жетекшісі – Ә. Айтбайұлы. Ғылыми кеңесшісі – Б. Жұбатова).
  25. **Ашинова К. А.** Қазақ және ағылшын тілдеріндегі дипломатиялық терминдердің жасалымы (А., 2006. Ғылыми жетекшісі – Ахметжанова З.Қ. мамандығы: 10. 02. 20 – салыстырмалы-тарихи, типологиялық және салғастырмалы тіл білімі).
  26. **Қожағұлова Қ.** Қазақ тіліндегі әскери лексиканың мағыналық құрылымы. (Астана, 2006. жетекшісі – Әбдіғалиева Т. 10. 02. 02 – қазақ тілі).
- Тікелей терминология мәселелерін зерттеуге арналмаса да, оған әртүрлі дәрежеде қатысы бар кандидаттық диссертациялар да бар. Р. Баймұхамедова (Терминосочитания, индуцированные русским языком, в тюркских языках

кыпчакской группы. А., 1993) мен Қ.Қадырқұлов (Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен жаңа қолданыстар. А., 1995) сияқты тіл мамандары тарапынан қорғалған кандидаттық диссертацияларды қосуға болады.

#### IV. 5. 2. Салалық мамандар тарапынан қорғалған кандидаттық және докторлық диссертациялар

1. Конкашбаев Г.К. Казахские народные географические термины. (А., 1949). Географ маман тарапынан география ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалған диссертация.

2. Мусақұлов Талип. Биологические термины, принципы их принятия и применения естествознания в казахской школе. (1958. Автореф. дисс. канд. пед. наук.) Биолог маман тарапынан педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалған диссертация.

3. Нугуманов М.М. Проблема терминологии в преподавании химии в казахской средней школе. (А., 1966). Химик маман тарапынан педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалған диссертация.

4. Нугуманов М.М. (А., 1993). Химик маман тарапынан педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалған диссертация.

5. Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілі негіздерін қалыптастыру (А., 1997. Ғылыми кеңесшілері – Айтбаев Ө., Ойнаров Б.). Математика, физика-математика ғылымдарының кандидаты тарапынан – филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалған диссертация.

6. Ақаев С. Терминнің тілдік және танымдық табиғаты. (А., 2002. Ғылыми кеңесші – Ө.Қайдар). Химик, химия ғылымдарының кандидаты тарапынан – филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалған диссертация.

### V. ТЕРМИНЖАСАМ ТӘСІЛДЕРІ

Терминдерді ұлт тілінің өз лексикалық қорынан алып, мағынасына қарай терминдік жүк артып пайдалануға немесе өзге халықтардың тілдерінен дайын қалпында қабылдап қолдануға болады. Сонымен қатар әр тілдің сөз жасау жолдары, тәсілдері бар. Өзге тілдерден дайын атауларды алмай ұлт тілінде термин жасау кезінде осы тәсілдер пайдаланылады.

Кезінде ұлт тілінде термин жасаған ұлт зиялыларының тілді жақсы білуімен қатар, тілдің заңдылықтары мен сөзжасам тәсілдерінен хабары мол болғанын байқауға болады. Оған Ахмет Байтұрсынұлының, Елдес Омарұлының, Нәзір Төреқұлұлының, Мағжан Жұмабайұлының, Жүсіпбек Аймауытұлының, Халел Досмұхамбетұлының, Жұмахан Күдериннің, Сұлтанбек Қожанұлының, Телжан Шонанұлының т.б. өткен ғасыр басындағы қазақтың ғылым тілінің қалыптасуына ат салысқан алаш азаматтарының жасаған терминдері мен жазған еңбектері дәлел бола алады.

Кеңес одағы халықтарына ортақ терминологиялық қор қалыптастыру бағытын ұстанған кезеңде ұлт тіліндегі термин шығармашылығы қолдан жасалған дағдарысқа ұшырады. Сол себепті тіліміздің сөзжасам тәсілдері іске қосылып, қажетті дәрежеде кәдеге жаратылмады. Орыс тіліндегі терминдердің тұлғасын сақтап аудару үшін толық және жартылай калька тәсілі ғана біршама пайдаланылды. Нәтижесінде терминқорымыздағы ұлт тілінде жасалған терминдеріміздің үлесі өте төмен болып шықты. Егер отызыншы жылдарға дейінгі алаш оқығандары секілді әр саланың терминдерін өз тілімізде жасауға үлкен мән беріп, бұл іске белсене араласып отырғанда қазір терминжасамның үлгілері орнығып, термин шығармашылығындағы төл тәжірибе мен ұлттық дәстүріміз қалыптасқан болар еді. 90-жылдардың басынан бастап қана ұлт тілінде термин жасау ісі қайта қолға алына бастады.

1924 жылы қазақ білімпаздарының бірінші съезінде Нәзірдің баяндамасын талқылау кезінде «Біз көрініп тұрған дайын нәрсеге қызыққышпыз, өнер-шеберлік жұмсап, ой жүгіртіп өзімізге қолайлы нәрсені істеп алуға жалқаумыз.» – деген екен Ахмет Байтұрсынұлы.

Ахаңның осы сөзін біздің терминжасам, ұлттық терминқорымызды қалыптастыру барысындағы іс-әрекетіміздің еш боямасыз шындығы, дәл сипаты деуге болады. Кеңестік дәуірде қалыптасқан терминологиялық қорымыздың 70-80 пайызын кірме терминдер құрайды делініп жүр. Өз тіліміздің мол лексикалық байлығы, сөз тудырушы жұрнақтары, сөзжасам тәсілдері бола тұра кірме сөздерді осынша көп мөлшерде және орыс өз тіліне қалай алса, біз де солай айнытпай қабылдағанымызды басқаша түсіндіру қиын.

Термин жасаушы, терминдер сөздігін түзуші маман сол өзі арнаулы саланың атауын жасап отырған тілді жетік білуімен қатар оның сөзжасам, терминжасам тәсілдерін де білуге тиіс. Онсыз ол ұлт тілін іске қосып, оның мүмкіндіктерін термин жасау барысында барынша ұтымды пайдалана алмайды.

Тіл білімінде, терминтануда ғалымдар терминжасам тәсілдерін түрліше жіктейді. Бірқатар ғалымдар терминжасам (терминообразование) тәсілдерінің бәрінің басын біріктіріп, *термин шығармашылғы* (терминотворчество) деп атайды. Біз осы пікірдегі ғалымдарды қолдаймыз. Олай жіктейтіндер үшін терминжасам терминдену мен терминалмасудан өзге морфологиялық, синтаксистік және морфология-синтаксистік тәсілдердің жиынтығынан тұратын термин шығармашылғының бір ғана тәсілі. Енді бір ғалымдар үшін терминжасам тек морфологиялық тәсіл. Терминдік жүйені жасуда терминжасамның әлемде ең кең тараған төрт түрлі тәсілі пайдаланылады, олар: 1) терминжасам (сөзжасамның түрлі тәсілдерін пайдалану арқылы), 2) терминдену (термин емес сөздердің терминдер қатарына өтуі), 3) қайта терминдену (өзге саланың дайын терминін пайдалану), 4) терминалмасу, халықаралықтандыру (өзге тілдерден дайын терминдерді қабылдап алу) деп түсіндіретін де зерттеушілер бар.

С.В.Гринев терминжасам тәсілдерінің түрлерін *семантикалық*

*терминжасам, морфологиялық терминжасам, синтаксистік терминжасам, морфолого-синтаксистік терминжасам, терминологиялық алмасым (заимствование)* деп беске жіктесе, қазіргі қытай тілінің терминологиядағы сөзжасам мәселесін арнайы зерттеген еңбегінде О.П.Фролова терминжасам тәсілдерін *терминдену, күрделі терминдер жасау(сөзқосым, тұрақты сөз тіркестерін жасау, қысқарту, қосымша арқылы сөз жасау), алмасу* деп үшке бөліп қарастырады.

Бұл жіктеулердің барлығын да негізінен тілдің семантикалық, аналитикалық, синтетикалық тәсілдерінің құрамында қарастыру терминтану саласындағы еңбектерде жиі ұшырасады. Тек кальканы, қысқартуды, терминалмасымды жеке тәсіл ретінде қарастыру төңірегінде әлі тереңірек зерделеп, арнайы зерттеу негізінде басы ашылуға тиіс мәселелер бар.

### V. 1. Терминжасамның морфологиялық (синтетикалық) тәсілі

Қазақ тіліндегі сөзжасамның тәсілдері мен жолдары ішіндегі ең өнімділерінің бірі – қосымшалар арқылы сөз жасау тәсілі деп саналады. Сөзжасамның бұл түрін тіл білімінде синтетикалық тәсіл немесе морфологиялық тәсіл деп атайды. Жалпы жалғамалы тілдерде синтетикалық тәсіл туынды сөздерді жасаудың ең негізгі, өнімді тәсілдерінің қатарына кіреді. Бұл тәсіл арқылы туындайтын сөздер екі тілдік бірліктің қатысуымен жасалады. Олар лексикалық мағыналы сөз және сөзжасамдық жұрнақ. Басқаша былай өрнектеп көрсетуге болады:

1	2	3
<b>лексикалық мағыналы сөз + сөзжасамдық жұрнақ = туынды сөз.</b>		

Тіліміздің сөз тудырушы жұрнақтарының толық лексикалық мағынасы бар сөздерге жалғану арқылы жасалған атау сөздер, ғылым мен техниканың түрлі салаларының терминдері сол ұғымдар жүйесінің өзара ішкі байланысын, жүйелік ерекшеліктерін көрсетіп тұруы үшін туынды терминдердің тұлғасы да белгілі бір үлгімен жасалуы тиіс.

Арнаулы салалардың терминдері ұлт тілінде түрлі сөзжасамдық үлгімен жасалып, олар бір сөзжасамдық түр (сөзжасамдық тип) құрап тұрса, онда терминологиялық лексиканың жүйелілігі арта түсері анық. Ғылым мен техниканың әр саласының терминдерін ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін, ішкі байланысын логикалық тұрғыдан ескере отырып, олардың атауларын бірнеше сөзжасамдық типпен жасау орнықса, онда бүкіл терминологиялық лексиканы тілдік тұрғыдан жүйелеуге де негіз қаланады.

Бір сөзжасамдық түрге бірнеше сөзжасамдық үлгі кіре алатын болғандықтан, термин жасау барысында туынды терминдердің жасалу

үлгілерін анықтау арқылы сөзжасамдық түрдің ішкі құрылымын да айқындап, термин шығармашылығында соны ескеріп отыру да маңызды.

Сөзжасамдық үлгі дегеніміз – туынды сөздердің нақты жасалу үлгісі<sup>314</sup>. Сөзжасамдық жұп – туынды сөздің жасалуына негіз болатын сөз бен одан жасалған туынды сөзден тұратын сөзжасамдық тізбектің ең кіші мүшесі. (ҚГ).

Қосымшалар арқылы сөз жасаушы мамандар сөзжасамдық ұя (словообразовательное гнездо), сөзжасамдық тарам (словообразовательная парадигма), сөзжасамдық жұп (словообразовательная пара), сөзжасамдық тізбек (словообразовательная цепочка), сөзжасамдық саты (словообразовательная ступень) сияқты ұғымдарды да біліп, термин шығармашылығында олардың өзара байланысына назар аударғаны жөн. Жүйеленген терминология жасау үшін мәселенің бұл қырын назардан тыс қалдыруға болмайды.

Термин жасау барысында жұрнақтардың қандай грамматикалық мағына үстейтінін, жалғану ерекшеліктерін білмей болмайды. Сол себепті төменде әртүрлі сөз таптарынан зат есім тудыратын негізгі жұрнақтар мысалдарымен қоса беріліп отыр.

**V. 1. 1. Ұлт тіліндегі терминдерді жасауда пайдаланылып жүрген немесе пайдалануға болатын сөзжасамдық жұрнақтар**

№	Жұрнақ	Мысалдар	Түсініктеме <i>Ескерту</i>
1.	<b>-а</b>	Жаз/ <b>а</b> , жыр/ <b>а</b> , айнал/ <b>а</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ. Сөзжасамдық аясы кең емес.
2.	<b>-ай</b>	Маң/ <b>-ай</b> , мал/ <b>-ай</b> , бау(ы)р/ <b>ай</b>	Зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ
3	<b>-ақ</b>	жат/ <b>ақ</b> , қон/ <b>ақ</b> , тұр/ <b>ақ</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ. Соңғы жылдары бұл жұрнақтың қатысуымен <i>Ұш/ақ</i> сынды бірлі-жарым терминдер ғана жасалды.
4.	<b>-ақ<sup>1</sup></b>	Бу(ы)н/ <b>ақ</b> , жұр(ы)н/ <b>ақ</b> , жи(ы)н/ <b>ақ</b>	Зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ

314 Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. А., 1989. 62-б.



5.	<b>-ақ<sup>2</sup></b>	Бұлт/ <b>ақ</b> , бұрк/ <b>ақ</b> , балп/ <b>ақ</b> , тық/ <b>ақ</b> , қылж(аң)/ <b>ақ</b> <i>т.б.</i>	Еліктеуіш сөздерден зат есім туғызатын жұрнақ
6.	<b>-ан</b>	От/ <b>ан</b> , ұл/ <b>ан</b>	Зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ
7.	<b>-ана</b>	Жүк/ <b>ана</b>	Зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ
8.	<b>-анақ</b>	Шығ(қ) <b>анақ</b> , сұғ(қ) <b>анақ</b> , шүк(ы) <b>анақ</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
9.	<b>-аң</b>	Тоз/ <b>аң</b> , жаз/ <b>аң</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
10.	<b>-ар</b>	Жан/ <b>ар</b> , қаш/ <b>ар</b> , қос/ <b>ар</b>	Зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ
11.	<b>-ат<sup>1</sup></b>	а) Баян/ <b>ат</b> , қыр/ <b>ат</b> , су/ <b>ат</b>  ә) сыз/ <b>ат</b>	а) Зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ ә) етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
12.	<b>-ат<sup>2</sup></b>	Ақпара/ <b>ат</b> , мағлұм/ <b>ат</b>	Араб тілінде көптіктің көрсеткіші
13.	<b>-арт</b>	Мұз/ <b>арт</b>	
14.	<b>-ау</b>	Қыл/ <b>ау</b> , от/ <b>ау</b> , жал/ <b>ау</b> , жыр/ <b>ау</b>	Зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ
15.	<b>-аушы</b>	Жол/ <b>аушы</b>	Зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ
16.	<b>-ауыл</b>	Сыр(ы)к/ <b>ауыл</b> , қырық/ <b>ауыл</b>	есімдерден зат есім тудыратын жұрнақ
17.	<b>-аш</b>	Бақыр/ <b>-аш</b>	зат есім тудыратын жұрнақ
18.	<b>-ашақ</b>	Ал/ашақ, бол/ашақ	Келер шақ <b>-ар/- ер</b> формантының ықшамдалған (редукцияланған) <b>-а/-е</b> нұсқасы мен «уақыт» мағынасында қолданылатын шақ лексемасының қосындысы (ҚГ, 309)

19.	<b>-ба</b>	Қаз/ <b>ба</b> , жаз/ <b>ба</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
20.	<b>-бақ</b>	Жұм/ <b>бақ</b> , жасырын/ <b>бақ</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
21.	<b>-бан</b>	Мейір/ <b>бан</b> , бағ(қ) <b>бан</b>	
22.	<b>-бе</b>	Көм/ <b>бе</b> , сүз/ <b>бе</b> , мін/ <b>бе</b> , кез/ <b>бе</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
23.	<b>-бек</b>	Дөң/ <b>бек</b>	
24.	<b>-ге</b>	Бұр/ <b>ге</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ. <b>-ға, -қа/-ке</b> нұсқалары бар.
25.	<b>-гей</b>	Күн/ <b>гей</b>	
26.	<b>-гек</b>	Жел/ <b>гек</b>	Қараңыз: <b>-ғақ</b>
27.	<b>гелдек</b>	Көз/ <b>гелдек</b> , без/ <b>гелдек</b>	
28.	<b>-ген</b>	Жеті/ <b>ген</b>	<b>-ған/-ген</b> өнімсіз жұрнақ
29.	<b>-гер</b>	Қалам/ <b>гер</b> , зер/ <b>гер</b> , қаржы/ <b>гер</b> , мәмле/ <b>гер</b> , тәлім/ <b>гер</b> <i>т.б.</i>	Зат есімнен зат есім тудыратын кірме жұрнақ
31.	<b>-гі</b>	Сүз/ <b>гі</b> , сүр/ <b>гі</b> , ез/ <b>гі</b> , бөктер/ <b>гі</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
32.	<b>-гін</b>	Сүр/ <b>гін</b> , кел/ <b>гін</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ.
33.	<b>-гір</b>	Дүн/ <b>гір</b> , шін/ <b>гір</b>	Еліктеуіш сөздерден зат есім туғызатын жұрнақ.. Бұл жұрнақтың жуан түрі <b>-ғыр</b> .
34.	<b>-гіш</b>	Сүз/ <b>гіш</b> , іл/ <b>гіш</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
35.	<b>-ғақ</b>	. Жар/ <b>ғақ</b> , тоң/ <b>ғақ</b> , қайыз/ <b>ғақ</b>	Негізінен сын есім кейде зат есімдер де жасайтын жұрнақ

36.	<b>-ғай</b>	Найза/ <b>ғай</b>	Өнімсіз жұрнақ. Төс/кей, алаң/ кай деген сөздерді жасаған <b>-қай/-кей</b> жұрнағының бір нұсқасы болуы мүмкін.
37.	<b>-ғалдақ</b>	Сар(ы)/ <b>ғалдақ</b> , қыз(ыл)/ <b>ғалдақ</b>	
38.	<b>-ғы</b>	Бұр/ <b>ғы</b> , шал/ <b>ғы</b> , қондыр/ <b>ғы</b> , сыпыр/ <b>ғы т.б.</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
39.	<b>-ғын</b>	Қу/ <b>ғын</b> , қыр/ <b>ғын</b> , тұр/ <b>ғын</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ. Қараңыз: <b>-гін</b>
40.	<b>-ғыр</b>	Дың/ <b>ғыр</b> , дан/ <b>ғыр</b> , сын/ <b>ғыр</b> (зың, ызың)	Қараңыз: <b>-гір</b>
41.	<b>-ғыш</b>	Қыр/ <b>ғыш</b> , сыз/ <b>ғыш</b> , сыпыр/ <b>ғыш т.б.</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
42.	<b>-дақ</b>	Мұз/ <b>дақ</b> , тоқыл/ <b>дақ</b> , шан/ <b>дақ</b> , бор/ <b>дақ</b> , бой/ <b>дақ</b>	<b>-лақ/-лек, -дақ/ -дек, -тақ/-тек</b> зат есімнен зат есім жасайтын өнімсіз жұрнақ. Сөзжасамдық қызметі <b>-лық, -лы</b> жұрнақтарымен сәйкеседі.
43.	<b>-дама</b>	Тұжырым/ <b>дама</b> ,	<b>дама/-деме, -тама/ -теме</b> зат есімнен зат есім туғызатын құранды жұрнақ. <i>Ескерту:</i> Бұл формант бұйрық 44.рай тұлғалы етістіктен <b>-ма/ -ме (-ба/-бе, -па/ -пе)</b> арқылы зат есім тудыратын жұрнақ ретінде де қарастырылады.

44.	-дас	Заман/ <b>дас</b> , жол/ <b>дас</b> , қарын/ <b>дас</b> , отан/ <b>дас</b>	Негізінен сын есім тудыратын жұрнақ. Алайда мысалда көрсетілген сынды бірнеше атаулар бірден субстантивтеніп зат атауы сапаына ие болған. Бұл жұрнақтың жұптас нұсқалары: - лас/-лес, - дас/-дес, -тас/-тес
45.	-дек	Кеңір/ <b>дек</b>	Қараңыз: -дақ
46.	-деме	Мінез/ <b>деме</b> , кепіл/ <b>деме</b> , пішен/ <b>деме</b> , мәлім/ <b>деме</b> т.б.	Қараңыз: -дама
47.	-дес	Күн/ <b>дес</b>	Қараңыз: -дас
48.	-деу	Күз/ <b>деу</b> , бел/ <b>деу</b> , тен/ <b>деу</b>	Есімдерден зат есім тудыратын жұрнақ.
49.	-дық	Қал/ <b>дық</b> , тұз/ <b>дық</b> , құл/ <b>дық</b> қастан/ <b>дық</b> , адал/ <b>дық</b> т.б.	Қараңыз: -лық
50.	-дырық	Табал/ <b>дырық</b> , сағал/ <b>дырық</b> , тұмыл/ <b>дырық</b> , уыл/ <b>дырық</b>	<b>Ескерту:</b> Бұл құранды жұрнақтың құрылымы жөнінде білгіңіз келсе –С.Аманжолов, А.Ысқақов, Б.О.Орузбаева, Ә.Төлеуов сынды ғалымдардың пікірлерімен танысуыңызға болады. Жіңішке түрі <b>-дірік</b>
51.	-дік	Бел/ <b>дік</b> , түн/ <b>дік</b> , күз/ <b>дік</b> ,	Қараңыз: -лық
52.	-дірік	Көзіл/ <b>дірік</b> , өміл/ <b>дірік</b> , уіл/ <b>дірік</b> , көгіл/ <b>дірік</b>	- <b>дырық</b> жұрнағының жіңішке нұсқасы.
53.	-е	Күй/ <b>е</b> , жет/ <b>е</b> ,	

54.	<b>-ек</b>	Күз/ <b>ек</b> , түн/ <b>ек</b> , бүй(і)р/ <b>ек</b>	Зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ
55.	<b>-еке</b>	Ағ(а)/ <b>еке</b> , шеше/ <b>еке</b>	Зат есімге реңк мәнін үстейтін жұрнақ. Сыйлау құрметтеу мәнін білдіреді.
56.	<b>-ексе</b>	өл/ <b>ексе</b>	Етістіктен зат есім туғызатын өнімсіз жұрнақ
57.	<b>-емел</b>	Түн/ <b>емел</b> , ти/ <b>емел</b>	
58.	<b>-ен</b>	Сүр/ <b>ен</b>	
59.	<b>-ең</b>	Бел/ <b>ең</b> , кез/ <b>ең</b> , өрт/ <b>ең</b>	зат есімнен → зат есім
60.	<b>-ер</b>	Шек/ <b>ер</b>	
61.	<b>-ермен</b>	Көр/ <b>ермен</b>	Етістіктен зат есім тудыратын құранды жұрнақ. Бұл үлгідегі сөздерді <b>-ман/-мен</b> жұрнағы арқылы жасалған деген де пікір бар.
62.	<b>-ес</b>	Бел/ <b>ес</b> , дөн/ <b>ес</b> , күн/ <b>ес</b>	Зат есімнен зат есім тудырады. Кішірейту мәнін үстейді.
63.	<b>-ет</b>	Көш/ <b>ет</b>	Қараңыз: <b>-ат</b>
64.	<b>-ешек</b>	Кел/ <b>ешек</b> , бер/ <b>ешек</b> , көр/ <b>ешек</b> , ки(і)м/ <b>ешек</b>	Қараңыз: <b>-ашақ</b>
65.	<b>-жан</b>	Аға/ <b>жан</b> , әке/ <b>жан</b> , көке/ <b>жан</b> , шеше/ <b>жан</b>	Зат есімге реңк мәнін үстейтін жұрнақ. Жақсы көру сезімін білдіру мәнін үстейді.
66.	<b>-зар</b>	Гүл/ <b>зар</b>	

67.	<b>-зада</b>	Бек/ <b>зада</b> , хан/ <b>зада</b> , асыл/ <b>зада</b>	Иран тілінде «тұқым-тегі, нәсілі» деген дербес мағынада қолданылса, қазақ тілінде жұрнақ қызметін атқарады. Тілімізде <i>Айзада</i> , <i>Гүлзада</i> сияқты антропонимдер құрамында жиі ұшырасады.
68.	<b>-й</b>	а) Шеше/ <b>й</b> , жеңге/ <b>й</b> , ата/ <b>й</b> , ә) Қура/ <b>й</b> , тақта/ <b>й</b> , қақпа/ <b>й</b>	а) Зат есімге реңк мәнін үстейтін жұрнақ. Сыйлау, ілтипат, ізет білдіру, үлкен тұту мәнін білдіреді. ә) етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ.
69.	<b>-к</b>	Тіле/ <b>к</b> , еле/ <b>к</b> , күре/ <b>к</b> , төсе/ <b>к</b> , біле/ <b>к т.б.</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ. Жуан дауыстылардан соң <b>-к</b> нұсқасы жалғанады.
70.	<b>-ке</b>	Мә/ <b>ке</b> , Жә/ <b>ке</b> , Сә/ <b>ке т.б.</b>	Зат есімге реңк мәнін үстейтін жұрнақ.
71.	<b>-кей</b>	а) Бет/ <b>кей</b> , төс/ <b>кей</b> , меш(с~ш)/ <b>кей</b> , ә) теріс/ <b>кей</b>	Зат есім мен сын есімнен зат есім тудыратын жұрнақ
72.	<b>-кек</b>	Ес/ <b>кек</b> , піс/ <b>кек</b> , іс/ <b>кек</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
73.	<b>-кел</b>	өт/ <b>кел</b>	етістіктен → зат есім
74.	<b>-келек</b>	өт/ <b>келек</b> , түрт/ <b>келек</b>	етістіктен → зат есім
75.	<b>-кем</b>	Жел/ <b>кем</b>	зат есімнен → зат есім

76.	<b>-кен</b>	әр/ <b>кен</b> , жел/ <b>кен</b>	зат есімнен → зат есім
77.	<b>-кер</b>	Қызмет/ <b>кер</b> , сурет/ <b>кер</b> , қайрат/ <b>кер</b> , айып/ <b>кер</b> , кейіп/ <b>кер</b> , талап/ <b>кер т.б.</b>	Қараңыз: <b>-гер</b>
78.	<b>-кет</b>	Бәле/ <b>кет</b>	зат есімнен → зат есім
79.	<b>-кеш</b>	а) Арба/ <b>кеш</b> , кіре/ <b>кеш</b> , түйе/ <b>кеш</b>  ә) өр/ <b>кеш</b> , қара/ <b>кеш</b> , жарты/ <b>кеш</b>	а) Кәсіптік мағына үстейді. Адамның әбден төселген, машықтанған ісін, мамандыққа қабілет- бейімін білдіреді.
80.	<b>-кі</b>	Күл/ <b>кі</b> , теп/ <b>кі</b> , түрт/ <b>кі</b> , есірт/ <b>кі</b> , ір(і)т/ <b>кі</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
81.	<b>-кіл</b>	Сеп/ <b>кіл</b>	етістіктен → зат есім
82.	<b>-кілік</b>	Іш/ <b>кілік</b>	етістіктен → зат есім
83.	<b>-кін</b>	Жет/ <b>кін</b> , көш/ <b>кін</b> , өс/ <b>кін</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
84.	<b>-кір</b>	Күр/ <b>кір</b> , дүр/ <b>кір</b>	Еліктеуіш сөздерден зат есім туғызатын жұрнақ.. Қараңыз: <b>-ғыр/-гір</b>
84.	<b>-қ</b>	Қайра/ <b>қ</b> , қарма/ <b>қ</b> , сұра/ <b>қ</b> , сана/ <b>қ</b> , тара/ <b>қ</b> , құра/ <b>қ</b> , сына/ <b>қ</b> , жаса/ <b>қ т.б.</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ. Қараңыз: <b>-к</b>
85.	<b>-қа<sup>1</sup></b>	а) жон/ <b>қа</b> , тұт/ <b>қа</b> ,  ә) қыр/ <b>қа</b> , қол/ <b>қа</b> , тор/ <b>қа</b>	а) Етістіктен және зат есімнен зат есім. тудыратын жұрнақ. Қараңыз: <b>-ге</b>

86.	<b>-қа<sup>2</sup></b>	Мұ/ <b>қа</b> , Жа/ <b>қа</b> <i>т.б.</i>	Зат есімге реңк мәнін үстейтін жұрнақ. Сыйлау, құрметтеу мәнін үстейді.
87.	<b>-қай</b>	Бала/ <b>қай</b> , алаң/ <b>қай</b>	Қараңыз: <b>-кей</b>
88.	<b>-қак</b>	Жабыс/ <b>қак</b> , тырыс/ <b>қак</b>	Қараңыз: <b>-ғак</b>
89.	<b>-қал</b>	Шат/ <b>қал</b>	Зат есімнің реңк мәнін тудыратын жұрнақ
90.	<b>-қан</b>	Бала/ <b>қан</b> , бота/ <b>қан</b> , қыл/ <b>қан</b>	Зат есімге реңк мәнін үстейтін жұрнақ. Еркелету әрі кішірейту мәнін білдіреді.
91.	<b>-қат</b>	Жара/ <b>қат</b>	зат есімнен → зат есім
92.	<b>-қаш</b>	Қыс/ <b>қаш</b>	етістіктен → зат есім
93.	<b>-қы</b>	Шап/ <b>қы</b> , шаныш/ <b>қы</b> , ашыт/ <b>қы</b> , ұйыт/ <b>қы</b> , қалт/ <b>қы</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
94.	<b>-қын</b>	бос/ <b>қын</b> , қаш/ <b>қын</b> , тұт/ <b>қын</b> , ұш/ <b>қын</b> , тос/ <b>қын</b> , шап/ <b>қын</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ. Қараңыз: <b>-кін</b> , <b>-ғын/-гін</b>
95.	<b>-қыр</b>	Сар/ <b>қыр</b> , сыр/ <b>қыр</b> , қыр/ <b>қыр</b> , зыр/ <b>қыр</b> , шыр/ <b>қыр</b> <i>т.б.</i>	
96.	<b>-қыш</b>	Тұт/ <b>қыш</b> , бас/ <b>қыш</b> , жырт/ <b>қыш</b> , ыс/ <b>қыш</b> , ұш/ <b>қыш</b> <i>т.б.</i>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
97.	<b>-л</b>	а) Болжа/ <b>л</b> , құра/ <b>л</b> , қама/ <b>л</b> , қапта/ <b>л</b> ә) төбе/ <b>л</b>	а) Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
98.	<b>-лақ</b>	Тай/ <b>лақ</b>	<b>-лақ/-лек</b> , <b>-дақ/-дек</b> , <b>-тақ/-тек</b> зат есімнен зат есім жасайтын өнімсіз жұрнақ. Сөзжасамдық қызметі <b>-лық</b> , <b>-лы</b> жұрнақтарымен сәйкеседі.



99.	-лық	Ай/лық, жар/лық, жақсы/лық, тату/лық, су/лық, құр(ы)/лық, құмар/лық <i>т.б.</i>	Зат есім мен сын есімнен зат есім тудыратын ең өнімді жұрнақтың бірі.
100.	-лек	Көй/лек, діріл/дек	
101.	-лік	Ер/лік, тер/лік, ертеңгі/лік, күнде/лік, ие/лік, бір/лік, қате/лік <i>т.б.</i>	-лық жұрнағының жіңішке нұсқасы.
102.	-м	Байла/м, болжа/м, тоқта/м, сөйле/м, күзе/м, талға/м, ұйы/м, шыда/м <i>т.б.</i>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
103.	-ма	Суыр/ма, тапсыр/ма, шығар/ма, бу/ма, мазмұнда/ма, аялда/ма, басқар/ма, қыстыр/ма, жар/ма <i>т.б.</i>	<b>Ескерту:</b> кейінгі жылдары термин жасауда өте өнімді пайдаланылған
104.	-мақ	Сыр/мақ, құй/мақ, сал/мақ, жар/мақ, ал/мақ, ой/мақ <i>т.б.</i>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
105.	-мал	Тасы/мал, сау/мал, ора/мал, жора (ы~а)/мал, ашы/мал <i>т.б.</i>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
106.	-ман	а) Тыңдар/ман, оқыр/ман, шабар/ман, алдар/ман  ә) ду/ман, қаһар/ман	а) Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ. <b>Ескерту:</b> Бұл үлгімен жасалған сөздерді <b>-арман/-ермен</b> жұрнақтары арқылы жасалған деп жіктеу де бар.
107.	-маш	а) тіл/маш ә) қуыр/маш	а) зат есімнен → зат есім ә) етістіктен → зат есім
108.	-ме	Бөл/ме, тер/ме, көшір/ме, сілте/ме, кер/ме, өр/ме, түсіндір/ме <i>т.б.</i>	етістіктен → зат есім
109.	-мек	Іл/мек, ер/мек, өр/мек	Қараңыз: <b>-мақ</b>
110.	-мел	Түне/мел, сүйе/мел	Қараңыз: <b>-мал</b>
111.	-мен	көрер/мен	Қараңыз: <b>-ман</b>

112.	-меш	Түй/меш	Қараңыз: -маш
113.	-мшік	Ірі/мшік	
114.	-мық	Қара/мық, ашы/мық, жылы/ мық	Сын есімнен → зат есім
115.	-мыс	Қыл/мыс, бол/мыс, тұр/мыс, тара/мыс, жаса/мыс, тұса/ мыс т.б.	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
116.	-мыш	Жаз/мыш, оз/мыш	Қараңыз: -мыс
117.	-міс	Же/міс, жөрге/міс (өсімдік)	Қараңыз: -мыс
118.	-н <sup>1</sup>	Бора/н, толқы/н, мақта/н, қорға/н, бөге/н т.б.	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
119.	-н <sup>2</sup>	Қалқа/н, шеге/н	Зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ
120.	-нама	Жар/нама, жыл/нама, есім/ нама, қаза/нама, ғұмыр/нама т.б.	<b>Ескерту:</b> иран тілінде «жазу», «шығарма», «кітап» мағынасын білдіретін дербес лексема.
121.	-нек	өр/нек, көр/нек	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
122.	-па	Бас/па, жылт/па, ысыт/па, қағыт/па, ашыт/па, қорыт/па	Етістіктен зат есім тудыратын
123.	-пақ	Ос/пақ, бат/пақ	
124.	-пақыл	Қақ/пақыл, ат/пақыл	
125.	-пан	Қақ/пан	етістіктен → зат есім. Өнімсіз жұрнақ.
126.	-паң	Ой/паң	
127.	-пар	Қат/пар, шок/пар, тұл/пар	Ғалымдар осы үлгімен кейінгі жылдары өсімдіктану термині <i>гулпар</i> жасалғанын атап көрсетеді. (Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. А., 1989. 130-б.)

128.	<b>-пат</b>	Ой/ <b>пат</b> , тұр/ <b>пат</b>	Зат есімнің реңк мәнін үстейтін өнімсіз жұрнақ.
129.	<b>-паш</b>	Жаңылт/ <b>паш</b> , қол/ <b>паш</b> , жал/ <b>паш</b>	Қараңыз: <b>-маш/-меш</b>
130.	<b>-пе</b>	Кіріс/ <b>пе</b> , кес/ <b>пе</b> , тес/ <b>пе</b> , бөс/ <b>пе</b> , ес/ <b>пе</b> , шерт/ <b>пе</b> <i>т.б.</i>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
131.	<b>-пек</b>	Піс/ <b>пек</b> , шерт/ <b>пек</b> , түрт/ <b>пек</b> , керт/ <b>пек</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
132.	<b>-пен</b>	Шек/ <b>пен</b>	Қараңыз: <b>-пан</b>
133.	<b>-пеш</b>	Керт/ <b>пеш</b>	Қараңыз: <b>-маш/-меш</b>
134.	<b>-р</b>	Үнгі/ <b>р</b> , шұқы/ <b>р</b> , аңса/ <b>р</b> , қара/ <b>р</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
134.	<b>-рат</b>	Кінә/ <b>рат</b>	
135.	<b>-с</b>	Тала/ <b>с</b> , тірке/ <b>с</b> , шайқа/ <b>с</b> , тіре/ <b>с</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
136.	<b>-са</b>		Бұл жұрнақ сөзжасамдық та, сөзтүрленімдік те қызмет атқарады. <b>-се, -ша/-ше</b> нұсқалары бар.
137.	<b>-сар</b>	Аң/ <b>сар</b> , жап/ <b>сар</b>	
138.	<b>-се</b>	Жең/ <b>се</b> , жіп/ <b>се</b>	Қараңыз: <b>-са</b>
139.	<b>-сымақ</b>	Бастық/ <b>сымақ</b> , күйеу/ <b>сымақ</b> , мырза/ <b>сымақ</b> , көше/ <b>сымақ</b> , өлең/ <b>сымақ</b> <i>т.б.</i>	Зат есімге реңк мәнін үстейтін жұрнақ. Кемсіну, қомсыну, менсінбеу мәнін білдіреді.
140.	<b>-сын</b>	а) Бора/ <b>сын</b> , ықта/ <b>сын</b> ә) су/ <b>сын</b>	а) Етістіктен зат есім тудыратын өнімді жұрнақ.
141.	<b>-сін</b>	Бөге/ <b>сін</b> , бүкте/ <b>сін</b> , күре/ <b>сін</b> , кеке/ <b>сін</b> , өте/ <b>сін</b> , сүйе/ <b>сін</b> <i>т.б.</i>	Қараңыз: <b>-сын</b>
142.	<b>-т</b>	Бөге/ <b>т</b> , шұба/ <b>т</b> , сырқа/ <b>т</b>	Етістіктен зат есім тудыратын өнімсіз жұрнақ.

143.	-та	Қыл/та, қарым/та	
144.	-тай	а) Аға/тай, әке/тай, апа/тай ә) бұйым/тай, оң/тай	а) Зат есімге реңк мәнін үстейтін жұрнақ. Жақсы көру сезімін білдіру мәнін үстейді.
145.	-тақ	Жауырын/тақ, мойын/тақ, қыс/тақ, шын/тақ <i>т.б.</i>	Қараңыз: -дақ
146.	-тандық	Бос/тандық, қас/тандық	Сын есімнен зат есім тудыратын құранды жұрнақ.
147.	-тек	Түбір/тек, көн/тек,	Қараңыз: -дақ
148.	-тқа	Жұмыр/тқа	
149.	-тық	Бас/тық, аш/тық, шат/тық, от/тық, қол/тық <i>т.б.</i>	Қараңыз: -лық
150.	-тік	Бек/тік, өш/тік, түс/тік, жетіс/тік, етіс/тік, бес/тік <i>т.б.</i>	Қараңыз: -лық
151.	-у	Еге/у, ок(ы)/у, сына/у, байқа/у, сайла/у, сыз/у, қаша/у <i>т.б.</i>	Зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ.
152.	-ушы	Жаз/ушы, тоқ/ушы	Бұл сөздерді -шы/-ші жұрнағы арқылы жасалған деген де пікір бар.
153.	-уші	Терге/уші, күт/уші	Қараңыз: -шы/ші
154.	-уыл	Шаб/уыл, жорт/уыл, тор(ы)/уыл	<b>Ескерту:</b> бұл үлгімен жасалған сөздерді қимыл атауына -ыл/-іл жұрнағы жалғану арқылы туындаған деген де пікір бар
155.	-уыр	Шымшы/уыр, қанда/уыр	<b>Ескерту:</b> бұл үлгімен жасалған сөздерді қимыл атауына -ыр/-ір жұрнағы жалғану арқылы жасалған деген де пікір бар

156.	<b>-уыш</b>	Баста/ <b>уыш</b> , баянда/ <b>уыш</b> , анықта/ <b>уыш</b> , толықта/ <b>уыш</b> , Бұра/ <b>уыш</b> , бұлға/ <b>уыш т.б.</b>	<b>Ескерту:</b> бұл үлгімен жасалған сөздерді <b>-ыш/-іш</b> жұрнағы арқылы жасалған деген де пікір бар.
157.	<b>-уіл</b>	Бөге/ <b>уіл</b> ,	Қараңыз: <b>-уыл</b>
158.	<b>-уір</b>	Сүнгі/ <b>уір</b>	Қараңыз: <b>-уыр</b>
159.	<b>-уіш</b>	Еле/ <b>уіш</b> , түйре/ <b>уіш</b> , желпі/ <b>уіш</b> , күлдіре/ <b>уіш т.б.</b>	Қараңыз: <b>-уыш</b>
160.	<b>-хана</b>	Кітап/ <b>хана</b> , баспа/ <b>хана</b> , ем/ <b>хана</b> , ас/ <b>хана</b> , ауру/ <b>хана</b> , шай/ <b>хана</b> , жатақ/ <b>хана</b> , ұста/ <b>хана</b> , сыра/ <b>хана т.б.</b>	Иран (кейбір ғалымдар парсы тілінен енген деп көрсетіп жүр.) тілінде «үй» деген мағынаны білдіреді. <b>Ескерту:</b> Соңғы жылдар бұл үлгімен <i>мейрамхана</i> , <i>тойхана</i> , <i>ойынхана</i> сияқты бірқатар жаңа сөздер жасалды.
161.	<b>-ш</b>	Бике/ <b>ш</b> , сәуле/ <b>ш</b> , қалқа/ <b>ш</b>	Зат есімге реңк мәнін үстейтін жұрнақ. Еркелету әрі кішірейту мәнін үстейді.
162.	<b>-ша</b>	Дорба/ <b>ша</b> , қобди/ <b>ша</b> , құда/ <b>ша</b> , ара/ <b>ша</b> , кітап/ <b>ша</b> , сандық/ <b>ша</b> , маңдай/ <b>ша т.б.</b>	Зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ. Түбірге кішірейту мәнін үстей отырып, сол кішірейту ұғымы арқылы дербес мағыналы сөз, термин тудырады.
163.	<b>-шақ</b>	Құлын/ <b>шақ</b> , тоқты/ <b>шақ</b> , жарық/ <b>шақ</b> , қатпар/ <b>шақ</b> , жұмыр/ <b>шақ т.б.</b>	Зат есімге реңк мәнін үстейтін жұрнақ. Кішілік мән үстейді.
164.	<b>-шар</b>	Жиен/ <b>шар</b>	

165.	<b>-ше</b>	Көрпе/ <b>ше</b> , өгіз/ <b>ше</b> , кілем/ <b>ше</b> , кеуде/ <b>ше</b> , көкірек/ <b>ше</b> , тіл/ <b>ше</b> , қалем/ <b>ше</b> , түйнек/ <b>ше</b> <i>т.б.</i>	Қараңыз: <b>-ша</b>
166.	<b>-шек</b>	а) Түйін/ <b>шек</b> , келін/ <b>шек</b> , тепкі/ <b>шек</b> , түлкі/ <b>шек</b> , желбір/ <b>шек</b> <i>т.б.</i> ә) бөл/ <b>шек</b> , ем/ <b>шек</b>	а) Зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ. Кішірейту мәнін үстейді.
167.	<b>-шы</b>	Жылқы/ <b>шы</b> , қуғын/ <b>шы</b> , мал/ <b>шы</b> , сак/ <b>шы</b> , сылақ/ <b>шы</b> , орман/ <b>шы</b> <i>т.б.</i>	Есімдерден зат есім тудыратын ең өнімді жұрнақтың бірі.
168.	<b>-шық</b>	Ойын/ <b>шық</b> , қап/ <b>шық</b> , қыл/ <b>шық</b> , тал/ <b>шық</b> , қала/ <b>шық</b> , қара/ <b>шық</b> <i>т.б.</i>	Кішірейту мәнін үстейтін, зат есім туғызушы жұрнақ..
169.	<b>-шылық<sup>1</sup></b>	Адам/ <b>шылық</b> , жұрт/ <b>шылық</b> , шығарма/ <b>шылық</b> , қазақ/ <b>шылық</b> , қысым/ <b>шылық</b> , құл/ <b>шылық</b> <i>т.б.</i>	<b>-шы(-ші)</b> және <b>-лық(-лік)</b> бірігуінен жасалған зат есімнен зат есім тудыратын құранды жұрнақ.
170.	<b>-шылық<sup>2</sup></b>	қиын/ <b>шылық</b> , тар/ <b>шылық</b> , мол/ <b>шылық</b> , жоқ/ <b>шылық</b> , тоқ/ <b>шылық</b> , жаман/ <b>шылық</b> <i>т.б.</i>	Сын есімнен туынды зат есім жасайтын өнімді жұрнақ. Көбінесе жалпылық мәнді зат есім жасалады. (Ә.Төлеуов)
171.	<b>-ші</b>	Тіл/ <b>ші</b> , егін/ <b>ші</b> , ескек/ <b>ші</b> , ел/ <b>ші</b> , кен/ <b>ші</b> , би/ <b>ші</b> , есеп/ <b>ші</b> <i>т.б.</i>	Зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ. Адамның кәсібі мен мамандығына қатысты атаулар көп жасалады. Қараңыз: <b>-шы</b>
172.	<b>-шік</b>	Үй/ <b>шік</b> , көл/ <b>шік</b> , төбе/ <b>шік</b> , бұр/ <b>шік</b> , түйір/ <b>шік</b> , мен/ <b>шік</b> , тіл/ <b>шік</b> <i>т.б.</i>	Зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ. Кішірейту мәнін үстейді. Қараңыз: <b>-шық</b>
173.	<b>-шілік</b>	Жігіт/ <b>шілік</b> , көп/ <b>шілік</b> , пенде/ <b>шілік</b> , мүмкін/ <b>шілік</b> , тір(i)/ <b>шілік</b> , кедей/ <b>шілік</b>	Қараңыз: <b>-шылық</b>

174.	<b>-ЫЗ</b>	Қау (қап)/ыз	
175.	<b>-ЫҚ<sup>1</sup></b>	Қаз/ық, қыз/ық, тамыз/ық, жаз/ық, сын/ық, жаңғыр/ық, ысқыр/ық <i>т.б.</i>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
176.	<b>-ЫҚ<sup>2</sup></b>	Қаб (қап) /ық, тот/ық	Зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ
177.	<b>-ЫЛ</b>	Шу/ыл, ыңк/ыл, қаңк/ыл, тарс/ыл, шыр/ыл, саңк/ыл, ши/қыл <i>т.б.</i>	Еліктеуіш сөздерден зат есім тудыратын жұрнақ. Қараңыз: <b>-УЫЛ</b>
178.	<b>-ЫМ</b>	Ал/ым, жұғ(қ)/ым, жұт/ым, ас/ым, шақыр/ым, сал/ым	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
179.	<b>-ЫН</b>	Жи/ын, ақ/ын, жау/ын, бу/ын, сау/ын, тығ(қ)/ын	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
180.	<b>-ЫНДЫ</b>	Жу/ынды, шай/ынды, қи/ынды, жыр/ынды, сыпыр/ынды, қос/ынды, қыр/ынды <i>т.б.</i>	Етістіктен зат есім тудыратын құранды жұрнақ
181.	<b>-ЫНЫШ</b>	Қор(ы)к/ыныш	
182.	<b>-ЫС</b>	Айт/ыс, ұр/ыс, ту/ыс, бат/ыс, соғ(қ)/ыс, бат/ыс, шығ(қ)/ыс, тойғар/ыс, бұрыл/ыс <i>т.б.</i>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
183.	<b>-ЫТ</b>	Шаб(п)/ыт, у/ыт, жарлау/ыт	
184.	<b>-ЫШ</b>	а) Қуан/ыш, жұбан/ыш, қызған/ыш, сағын/ыш, алдан/ыш, аян/ыш ә) қырнау/ыш, бұлғау/ыш, бұрау/ыш, байлау/ыш, бояу/ыш <i>т.б.</i>	а) етістіктен → зат есім ә) есімдерден → зат есім Қараңыз: <b>-УЫШ/-УІШ</b>
185.	<b>-ІК</b>	Бөл/ік, күй/ік, көр/ік, іл/ік, іс/ік, үз/ік, кес/ік, тес/ік, өл/ік, тіл/ік	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
186.	<b>-ІЛ</b>	Күңк/іл, бүлк/іл, дүңк/іл, зірк/іл, селк/іл, көлк/іл ә)	а) елітеуіш сөз → зат есім. Қараңыз: <b>-ЫЛ</b>

187.	<b>-ім<sup>1</sup></b>	Біл/ <b>ім</b> , сен/ <b>ім</b> , ки/ <b>ім</b> , төз/ <b>ім</b> , түс/ <b>ім</b> , бөл/ <b>ім</b> , тіз/ <b>ім</b> , келіс/ <b>ім</b> , біт/ <b>ім</b> <i>т.б.</i>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ. Қараңыз: <b>-ым</b>
188.	<b>-ім<sup>2</sup></b>	Мей(i)p/ <b>ім</b>	Сын есімнен зат есім тудыратын жұрнақ
189.	<b>-імдік</b>	Көр/ <b>імдік</b> , іш/ <b>імдік</b> , өс/ <b>імдік</b>	<b>Ескерту:</b> Бұл атауларды <b>-дык/ -дік</b> жұрнақтары арқылы жасалған деп бөлшектеуге де болады.
190.	<b>-ін</b>	Ег(к)/ <b>ін</b> , түй/ <b>ін</b> , түт/ <b>ін</b> , кел/ <b>ін</b>	Қараңыз: <b>-ын</b>
191.	<b>-інді</b>	Еріт/ <b>інді</b> , үг(к)/ <b>інді</b> , үй/ <b>інді</b> , өс/ <b>інді</b> , кес/ <b>інді</b>	етістіктен → зат есім Қараңыз: <b>-ынды</b>
192.	<b>-іс</b>	Жүр/ <b>іс</b> , жел/ <b>іс</b> , өр/ <b>іс</b> , ег(к)/ <b>іс</b> , көрін/ <b>іс</b> <i>т.б.</i>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ. <b>-ыс</b> жұрнағының жіңішке нұсқасы.
193.	<b>-іт</b>	Ки/ <b>іт</b> , ірк/ <b>іт</b>	Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақ
194.	<b>-іш</b>	а) өкін/ <b>іш</b> , сүйін/ <b>іш</b> , сүйен/ <b>іш</b> ә) керу/ <b>іш</b>	етістіктен → зат есім Қараңыз: <b>-ыш</b>

Жоғарыда берілген кестеде әртүрлі сөз таптарынан зат есім туғызатын сөз тудырушы жұрнақтар берілді. Олардың бірі сөзжасам, терминжасам барысында жиі қолданылып жүрген өнімді (құнарлы) жұрнақтар болса, екіншілері бірді-екілі ғана сөздерді жасауға қатысқан өнімсіз (құнарсыз) жұрнақтар. Алайда жұрнақтың өнімді немесе өнімсіздігі оның тұрақты сипаты деп тануға болмайды. Бір кездері өнімсіз болып келген жұрнақтарды термин шығармашылығында жиі пайдаланып, оның сөзжасам белсенділігін арттыруға болады. Сондықтан өнімсіз деп танылып келген кез келген жұрнақтың белгілі бір кезеңдерде өнімді жұрнаққа айналуы әбден мүмкін.

Сондай-ақ кестеге көне түркі тілінде пайдаланылған қазіргі қазақ тілінде сол қалпында кездесе бермейтін сөз тудырушы жұрнақтар, өлі жұрнақтар да енгізілген жоқ. Оларды іздеушілер тіл тарихын, өлі жұрнақтарды арнайы зерттеген ғалымдардың еңбектеріне, арнаулы әдебиеттерге жүгінгені жөн.

Мына төмендегідей сөздердің құрамында кездесетін құранды жұрнақтар



да кестеден тыс беріліп отыр. Себебі бұлардың морфологиялық құрамы анық ажыратылмаған. Бірқатар еңбектерде төмендегідей нұсқасы көрсетіліп жүргенімен оларды басқаша да морфемалар жігіне бөлуге болады.

**-ақай (ит/ақай), -қауыл (тос/қауыл), -қыншак ( жұт/қыншак), -қыншы ( басқыншы), -лғы (жора/лғы), -мешек (ки/мешек), -палық (ауырт/палық), -пеншілік (сүйіс/пеншілік), -танақ (қыл/танақ), -ташы (бак/ташы), -тегі (от/тегі, көмір/тегі, су/тегі.** Дұрысы – бұл сөздер **от + тек, су+ тек** сөздерінің бірігуі арқылы жасалған тәуелдік жалғаулы біріккен сөз болуы керек – Ш.Қ.), **-телік (ес/телік), -тпалық (ауыр/тпалық), -уық (шырма/уық), -уыр –ілдірік (көз/ілдірік), -ірткі (ішірткі), -істік (жетістік, кемістік).**

« **-арт, -қат, - тай, -ғама, -шар, -еке** сияқты тұлғалықтар жұрнақ па, жоқ әлде көне қалдық элемент пе, я өзге бір тілден өткен ауыс құбылыс па – қысқасы олардың морфологиялық статусы әзір жете анық емес» – деп атап көрсетеді сөзжасам мәселесін зерттеген ғалымдар.(142-б.)

Қазақ тіліндегі **-стан** – сөзжасамдық форманты иран тілінде «ел, жұрт» мағынасында қолданылатын дербес сөз. Қазақстан, Түркістан сияқты жалқы есімдер осы жұрнақ арқылы жасалған. Термин шығармашылығында қолданыла бермейді.

**-ашақ/-ешек** те жұрнақтары да сын есімдік сөзжасамға тән жұрнақтар. Алайда осы жұрнақтың көмегімен жасалған **болашақ, келешек** атаулары өздерінің әуелгі сындық сапасынан ажырап, лексикалық дербестікке жеткен толық мәнді туынды зат есімдер<sup>315</sup>.

Сын есімдер заттанып атау сөз қызмет атқаратын жағдайлар да болады. Мысалы, сын есім тудыратын **-паз** кірме жұрнағының жалғануы арқылы жасалған білім/паз, ас/паз сияқты сөздерді сондай сөздер қатарына жатқызуға болады. Мұндай заттанған сын есімдер бұлармен ғана шектелмейді. Сондықтан термин шығармашылығында оны ескерген абзал.

### V. 1.2. Халықаралық терминдердің жасалу үлгілері

*Қазақ терминологиясының құрамында жиі ұшырасатын грек-латын текті сөз жасаушы терминбөлшектер (терминоэлементы).*

Р/ с№	Термин бөлшектер	Мысалдар	Түсініктеме Ескерту
1.	<b>авиа-</b>	а)авиа/бүріккіш (авиаопрыскиватель), авиа/тозаңдатқыш (авиаопылиатель), ә) авиа/база, авиа/почта,	Латын тілінде «құс», «ұшу» деген мағыналарды білдірген.

315 Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі.А.,1989. 167-б

2.	<b>авто-</b>	<p>а) авто/көтергіш (автокран), авто/шығыр (автолебедка), авто/желі (автолиния), авто/науа (автокормушка), авто/соқа (автоплуг), авто/сүйрегіш (автотягач) т.б.</p> <p>ә) авто/камера, авто/цистерна, авто/клав, авто/корреляция т.б.</p>	Грек сөзі. Мағынасы – «өз, өзі».
3.	<b>агро-</b>	агро/техника, агро/минимум, агро/биология, агро/физика, агро/ном(ия), агро/химия т.б.	Грек, латын тілдеріндегі мағынасы – «алаң» (поле).
4.	<b>анти-</b>	ани/биотик, анти/фашист, анти/патия, анти/витаминдер, анти/гендер, анти/денотатор, анти/дот т.б.	Грек тіліндегі мағынасы – «қарсы»
5.	<b>архео-</b>	архео/графия, архео/логия, архео/графия т.б.	Грек тіліндегі мағынасы – «көне».
6.	<b>асро-</b>	астро/навт, астро/физика, астро/навигация, астро/блема, астро/граф, астро/метрия, астро/навигация, астро/ним т.б.	Грек, латын тілдерінде «жұлдыз» деген мағынаны білдірген.
7.	<b>аэро-</b>	<p>а) аэро/тенк, аэро/логия, аэро/клуб, аэро/флот,</p> <p>ә) аэро/түсіру (аэро/съемка), аэро/әдістер (аэро/методы)</p>	<p><b>Ескерту:</b> соңғы жылдары бұл терминдік элементтің қатысуымен жасалған жекелеген терминдер тіліміздегі <i>ауа, әуе</i> сөздерімен алмастырылып жүр. <i>М., ауа тозаңы (аэро/зол), әуежай (аэропорт), әуе айлағы (аэродром)</i></p>

8.	<b>био-</b>	био/логия, био/химия, био/физика, био/библиография, био/генез, био/климатъ, био/сфера т.б.	Грек тіліндегі мағынасы – «өмір».
9.	<b>гео-</b>	а) гео/тоңтану (геокриология), ә) гео/физика, гео/метрия, гео/химия	Грек тіліндегі мағынасы – «жер».
10.	<b>гидро-</b>	а) гидро/жетек (гидропривод), гидро/беріліс (гидро/передача), гидро/айырғыш гидро/сепаратор), гидро/күшейткіш гидро/усилитель), гидро/көтергіш (гидро/подъемник), ә) гидро/ним, гидро/лиз, гидро/метрия, гидро/монитор, гидро/сфера, гидро/циклон, гидро/элеватор т.б.	Грек тіліндегі мағынасы – «су». <b>Ескерту:</b> соңғы жылдары <i>гидро</i> терминдік элементінің орнына <b>су</b> сөзі падаланылып, бірқатар жаңа терминдер жасалды. Мысалы, <i>суқүресін (гидроотвал), суқұлып (гидрозамок), суқосқыш (гидромуфта)</i> т.б.
11.	<b>гипер-</b>	а) гипер/сүзгілеу(гипер/филтрация) ә) гипер/бола, гипер/дактилия, гипер/кератоз, гипер/тония, гипер/трихоз, гипер/нефрома т.б.	Грек тіліндегі мағынасы – «үсті, жоғарғы, арғы жақтағы»
12.	<b>-граф(ия)</b>	орфо/графия, океано/графия, карто/графия, гео/граф(ия), телег/граф, типо/графия, фото/граф(ия) т.б.	Грек тіліндегі мағынасы – «жазу».
13.	<b>-(о)дром</b>	авто/дром, вело/дром, мото/дром, танк(о)/дром,	Грек тіліндегі мағынасы – «қозғалыс, жүгіру жолы»

14.	<b>зоо-</b>	зоо/логия, зоо/парк, зоо/техник, зоо/ферма, зоо/фаг, зоо/латрия, зоо/морфизм, зоо/томия т.б.	Грек тіліндегі мағынасы – «жануар». <b>Ескерту:</b> соңғы жылдары зоо терминдік элементі кейде тіліміздегі «мал, хайуан, жануар» сөздерімен алмастырылып жүр. Мысалы, <i>хайуанаттар бағы, мал фермасы</i> т.б.
15.	<b>контр-, контра-</b>	Контр/революционер, контра/банда, контра/бас, контр/мина, контр/марш т.б.	Латын тіліндегі мағынасы – «қарсы». Қазір тілімізде бұл элементтің орнына <i>қарсы</i> сөзі қолданылып жүр.
16.	<b>-(о)лог(ия)</b>	иде/(о)/лог(и)я, миф/ (о)/лог(и)я, морф/ (о)/лог(и)я, гео/лог(и)я т.б.	Грек тіліндегі мағынасы – «сөз, ұғым, ғылым» Қазіргі терминологияда «ілім, ғылым, білім» мағынасында жұмсалады.
17.	<b>макро-</b>	макро/организм, макро/фауна, макро/элемент, макро/фиттер, макро/рельеф, макро/молекула т.б.	Грек тіліндегі мағынасы – «үлкен, ұзын» ( <i>makros</i> ). Қазір <i>макро-</i> орнына «ірі» сөзін қолданып жекелеген терминдерді аудару кездеседі. М., <i>Ірі тұтынушы</i> (макроконсумент).
18.	<b>-метр(ия)</b>	вольт/метр, калори/метр, тригоно/метрия т.б.	Грек тіліндегі мағынасы – «өлшеу».

19.	<b>микро-</b>	микро/биота, микро/климат, микро/косм, микро/фил, микро/фауна, микро/флора, микро/терм, микро/риза т.б.	ықшам/аудан, шағын/аудан (микрорайон)
20.	<b>моно-</b>	моно/графия, моно/гамия, моно/генизм, моно/грамма т.б.	Грек тіліндегі мағынасы – «бір, біртұтас, жалғыз»
21.	<b>мото-</b>	мото/роллер, мото/спорт, мото/бот, мото/ралли, мото/цикл т.б.	Латын тіліндегі мағынасы – «қозғалтқыш» (двигатель) «қозғалысқа келтіретін». Қазір <i>моторлы, моторландырылған</i> мағынасында жұмсалады.
22.	<b>нейр-, нейро-</b>	нейр/ит, нейр/ология, нейр/лингвистика, нейр/анатомия, нейр/психология т.б.	Грек тіліндегі мағынасы – «желі, жүйке».
23.	<b>нео-</b>	нео/ним, нео/логизм, нео/ген, нео/реализм, нео/фашизм т.б.	Грек тіліндегі мағынасы – «жаңа».
24.	<b>поли-</b>	поли/графия, поли/семия, поли/фония, поли/глот, поли/гамия, т.б.	Грек тіліндегі мағынасы – «көп».
25.	<b>радио-</b>	а) радио/қабылдағыш, радио/хабар, радио/тыңдаушы т.б. ә) радио/грамма, радио/графия, радио/компас, радио/метр, радио/телефон, радио/электроника т.б.	Латын тіліндегі мағынасы – «сәулелену».
26.	<b>супер-</b>	супер/элита, супер/арбитр, супер/маркет, супер/фосфат, супер/мен т.б.	Латын тіліндегі мағынасы – «үсті, үстіден»

27.	- (о)тека	Карт(о)/тека, библи(о)/тека, фон(о)/тека т.б.	
28.	теле-	теле/грамма, теле/граф, теле/скоп, теле/фон т.б.	Грек тіліндегі мағынасы – «алыс, алыстан». <b>Ескерту:</b> Мағынасына қарай аударылып жүрген <i>жеделхат</i> (телеграмма) сияқты жекелеген терминдер бар.
29.	термо-	термо/элемент, термо/метр, термо/изоляция, термо/сфера, термо/стат т.б.	Грек тіліндегі мағынасы – «жылу, ыстық».
30.	транс-	транс/акция, транс/крипция, транс/ляция, транс/миссия, транс/плантация т.б.	Латын тіліндегі і мағынасы – «тіке, арқылы».
31.	ультра-	ультра/вирустар, ультра/микробтар, ультра/микроскоп, ультра/марин т.б.	Латын тіліндегі мағынасы – «әрі, мейлінше, өте жоғары».
32.	фоно- және (о) фон(ия)	магнит(о)/фон, металл(о)/фон, сим/фон(ия), теле/фон, микро/фон, фоно/тека, фон/ема, фоно/граф, фоно/грамма, фоно/логия, фоно/метр т.б.	Грек тілінде «дыбыс, дауыс, шу, сөз» деген мағыналарды білдіреді.
33.	фото-	фото/аппарат, фото/пленка, фото/химия, фот/элемент т.б.	Грек тіліндегі мағынасы – «жарық».
34.	экс-	экс-король, экс-президент, экс-чемпион, экс-премьер, экс-министр т.б.	Грек, латын тілдеріндегі мағынасы – «тыс, сырт» .
35.	электр(о)	электр(о)/воз, электр(о)/мотор,	Грек тіліндегі мағынасы – «жақұт» (янтарь).

Бұл терминбөлшектер арқылы жасалған терминдердің негізгі басым бөлігі терминологиямызды қалыптастырудың кеңестік кезеңінде дайын қалпында орыс тілі арқылы қабылданған. Халықаралық терминдер үлгісімен, көрсетілген терминбөлшектерді пайдалана отырып жасалған терминдер де бар.

### V.1.3. Халықаралық терминдер мәртебесі туралы

Қазіргі қазақ терминологиясында арнайы назар аударуды қажет ететін мәселенің бірі – тілімізге өзге тілдерден орыс тілі арқылы еніп, халықаралық терминдер деген атқа ие болып жүрген атаулар. Мұндай атаулар көбінесе Еуропа мен ТМД елдерінің бірқатарында қолданылады. Бұл санатқа жататын атауларды аудару-аудармау, қабылдау, жазу туралы тілші-ғалымдар мен салалық мамандардың пікірлері сан қилы. Бізде бұл мәселе соңғы жылдары мамандар назарына жиірек іліге бастады. Дегенмен, жан-жақты зерттелген, ғылыми тұрғыдан толық шешімін тапқан мәселелердің қатарына қосуға әлі ертерек. Нақтылайтын тұстары баршылық.

Жалпы шет тілдерінен қабылданған терминдерге деген көзқарастың терминология дамуының әр кезеңінде әртүрлі болғандығы байқалады. Оны терминология дамуының әр кезеңінде осы терминдердің қалай аталғандығынан да көруге болады. Жиырмасыншы жылдың бас кезіндегі қазақ оқығандары өзге тілден қабылданған сөздерді «*жат сөздер*», «*кірме сөздер*», «*бұратана сөздер*», «*бөгде сөздер*», «*қотыр сөздер*», «*бұралқы сөздер*» деп атап, бұл сөздердің тілімізге көптеп кіруін тілімізді шұбарлау ретінде қабылдаса, 30-жылдардан бастап бұл атауларға «*интернационалдық терминдер*», «*халықаралық терминдер*» деген ат беріп, мұндай атаулардың көптеген халықтардың тілдеріне ортақтығын, ғылым-білім саласындағы қарым-қатынасты жеңілдететіндігін баса айта бастадық.

Өзге тілдерден енген сөздерді төл сөздеріміздей көрмей, оларды *жат*, *кірме*, *бөгде*, *қотыр*, *бұралқы*, *бұратана* деген анықтауыштармен беру тіл тұтынушыларының, зиялылардың бұл сөздерге деген сол кезеңдегі көзқарасын білдіреді. Бертінде ондай сөздерді белгілі бір халық тілінің шеңберімен ғана шектелмейтін, бірнеше тілге қызмет ететін әмбебап сөздер ретінде оларға «халықаралық» деген айрықша статус беріп тілімізге көптеп қабылдаудың прогрессивтік жағын атап айтатын болдық. Қоғам дамуының, терминология қалыптасуының әр кезеңіндегі шет тілдерінен енген сөздердің түрліше аталуы бір қарағанда соншалықты назар аударар қоятындай мәселе сияқты көрінбеуі де мүмкін. Ал шын мәнінде бұған елеусіз қалдыра салатын ұсақ-түйек нәрсе деп қарауға да болмайды. Өйткені дәл сол атаулар арқылы ұлт зиялыларының, ғылыми жұртшылықтың, көпшілік қауымның кірме сөздерге берген бағасын көруге болады. Өзге тілден енген терминдердің мұндай атаулары тек атауыштық қана емес, сонымен бірге бағалауыштық қызмет те атқарып тұр. Бұл әлеуметтік лингвистикалық, психолінгвистикалық тұрғыдан қарастыруды,

арнайы мән беруді қажет ететін тіл үшін маңызды мәселе. Мұндай нәрсеге қоғамдық сананың экстралингвистикалық факторлардың ықпалымен немесе табиғи жолмен өзгергендігін, болмаса мәжбүрлеу жолымен өзгертілгендігін анықтауға негіз болатын тілдік-тарихи дерек ретінде қараған абзал деп ойлаймыз. А.Байтұрсынұлы, Н.Төрекұлұлы, Х.Досмұхамедұлы сияқты ұлт зиялылары бастаған қазақ қауымы өзге тілден енген термин сөздерді «жат сөздер» десе, біз неліктен оларды «интернационализмдер», «халықаралық терминдер» деп атайтын болғанымыз жөнінде шындап ойланып, мұны назар аударатын мәселе ретінде қарамаған да екенбіз.

Бізде сонау отызыншы жылдардан бастап күні кешеге дейін терминдерді өзге тілдерден өзгеріссіз қабылдауды прогресшілдіктің, интернационалистіктің белгісі ретінде қабылдау, солай насихаттау орын алып келді. Тек 90-жылдардан бермен қарай ғана Ә.Қайдар, Б.Қалиұлы, Ә.Жүнісбек сынды тілші-ғалымдар мен салалық мамандар, жалпы зиялы қауымның жекелеген өкілдері өзгеше пікірлер айта бастады. Мұны да қоғам өмірінде болған өзгерістердің қоғамдық санаға әсері, санадағы сілкіністердің көрінісі деп танып, әлеуметтік лингвистикалық мәселе ретінде қарауға болады. Дегенмен, кешегі кеңестік білім беру жүйесі миллиондардың санасына халықаралық терминдер туралы біржақты түсінік қалыптастырғаны анық. Сондықтан да бүгінгі таңда ондай атауларды орынды-орынсыз қорғаштап, бұрынғыша өзге тілдерден дайын терминдерді лек-легімен қабылдай беруге бейілділердің аз болмауы да табиғи нәрсе. Оған танданудың қажеті жоқ. Біздің қазіргі міндетіміз – кешегіміздің кемшілігі мен жетістіктерін сараптай отырып, бұл мәселеде алдағы уақытта ұстанатын ғылыми негізделген байыпты бағытымызды белгілеу. Әрине, бұл тұста бізге кешегідей терминологиямызды шектен тыс халықаралықтандырамыз, советтік терминқор жасаймыз деп, біржақтылыққа ұрынғанымыз сияқты, тап-таза ұлттық терминология қалыптастырамыз, тілімізді тазалаймыз деп, шет тілдерінің сөздерінің бәрін жау көретін екінші бір шеткерілікке, біржақтылыққа бой алдырып алмау жағын да ұмытпауымыз керек.

Өзге тілдерден сөз қабылдамай, сөз алмасу, термин алмасу процесіне мүлде тосқауыл қойып тастау мүмкін де, қажет те емес. Тілдер арасындағы өзара сөз алмасу қашан да болған, бола да береді. Шеттілдері терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде орнымен пайдаланылса дұрыс, ал ұлт тіліндегі термин шығармашылығын шектеп, өзге тілдерден термин қабылдауға жаппай жол беріп қарап отыру – шарасыздық. Тілдің бағын байлайтын, мүмкіндігін шектейтін ондай әрекетсіздіктің жалғаса беруіне немқұрайды қарауға болмайды.

Кеңестік кезеңде терминологияны халықаралықтандыруға баса назар аударылғанына қарамастан, сол 70-80-жылдарда да идеология мен жалпы ағымның ыңғайында кете бермей, өзіндік пікірлерін айта білген, құнды тұжырымдар жасаған ғалымдардың да болғанын айту керек. Мәселен, В.А.Гречконың терминнің қандай болуы қажеттігі жөніндегі мақаласындағы мына тұжырымына назар аударып көрелік. Ғалым *«Геология и минералогия,*



например, располагают многими тысячами заимствованных терминов. И что же? Безоглядное заимствование иноязычных слов обрекло все грядущие поколения на изучение геологии как науки и как какого-то малознакомого языка. Это, конечно, создает дополнительные трудности в освоении науки. Выдержанные на национальной русской основе понятия и концепции этих наук усваивались бы легче.»<sup>316</sup> – деп жазды.

Біз ғалымның бұл пікірі өте орынды айтылған деп санаймыз. Ғылымды игеру сол ғылым тілінің негізгі кілті болып табылатын (терминдерді) жұмбақ атауларды жаттаудан, жадына тоқудан, алдымен сол атаулардың мәнін ашып, не мағына беретіндігін біліп алудан басталатынын бізде мектеп оқушысынан бастап академикке дейін білсе керек. Бастауыш деген терминнің сөйлемнің басында тұратын бас мүше екендігін, ал анықтауыштың анықтайтын сөздің алдынан келетін сөйлем мүшесі екенін, ана тілінде тілі шыққан кез келген оқушының алғаш естігенде-ақ тұлғасына қарап тұспалдайтынын, ал кейін оның сөйлемдегі қызметі мен анықтамасын білген соң ешқашан ұмытпайтынын дәлелдеп жату артық болар. Себебі *бастау*, *анықтау* сөздерінің мағынасын тіл ғылымын әлі оқымағанына қарамастан әр бала біледі. Термин мағынасының ұғынықтылығы (прозрачность термина) мен тұлғасы таныстығы ғылым-білімді игеру кезінде ғана емес, оның ұзақ уақыт есте сақталуына, оңайлықпен ұмытылмауына да себеп болады деп ойлаймыз.

Сонымен қатар, шет тілдерінің терминдерін ұзақ жылдар бойы біз өз тілімізге орыс тіліндегі қалпында өзгертпей қабылдап келеміз. Ондай терминдердің әдеби тілдің жалпы лексикасынан айрықша оқшауланып, тілге кірікпей, тұлғалық, дыбыстық өзгешелігін көрсетіп, бөлектеніп тұратындығы байқалады. Алаш зиялылары олардың осындай жаттығын жасырмай, өзгешеленіп тұратын қасиетін байқағандықтан да кезінде «жат сөздер» деп атаған болар. Бұл тұрғыда сол 80-жылдарда-ақ латыштардың кірме атауларды өз тіліне қабылдау қағидаттарын дұрыс белгілегені назар аудартады. Кезінде А.А.Реформатский де «өз тіліміздің сөздерінің арасында халықаралық терминдер жатжұрттық болып тұрмауы үшін, кірген тілінің тиісті қосымшаларын қабылдап, септеліп т.б. өзгерістерге ұшырауы керектігін»<sup>317</sup> атап көрсеткеніндей, В.П.Скуиня да өз мақаласында былай деп жазады: *«Чтобы заимствования лучше включились в общую систему заимствующего языка, при заимствовании иноязычных терминов следует соблюдать требования фонетико-морфологического принципа. Фонетический аспект этого принципа предусматривает благозвучность заимствования и соответствие его фонетическим нормам заимствующего (система звуков и букв, законы звуко- и буквосочетаемости и т.д.) морфологический аспект предусматривает соблюдение правил морфологической структуры и грамматикализации слов в заимствующем языке»*<sup>318</sup>.

316 Гречко В.А. Каким должен быть термин?// Актуальные проблемы лексикологии и словообразования. -Новосибирск, 1976. С.102.)

317 А.А.Реформатский. Мысли о терминологии//Современные проблемы русской терминологии. М.,1986. С.172.

318 Скуиня В.П. Принципы заимствования иноязычных терминов в латышской научной терминологии//Проблемы разработки и упорядочения терминологии в академиях наук союзных республик. М.,1983. с.253.

Алаш зиялылары белгілеген, сонау ХХ ғасырдың басында-ақ жасалған қағидаттарда бізде солай болған. 30-жылдарда біз мұндай қағидаттарды қатты сынға алып, кірме сөздерді «қорламай» орыс тіліндегідей жазу керек деген тұжырымға келдік. Содан бері өзге тілдерден термин қабылдауда сол жолдан ауытқыған емеспіз. Соңғы жылдары бірқатар тілші-ғалымдар тарапынан бұл мәселе қайта көтеріліп, орфографиялық ережелерге тиісті өзгерістер енгізу жөнінде нақты ұсыныстар айтылғанмен, дәстүрге айнала бастаған қағидат басшылыққа алынып келеді. Жекелеген атаулар мен термин сөздерді (*Мәскеу, зауыт, ыстанса, кәбіл, режим* т.б.) орфографиялық ережелеріміз бен терминология қағидаттарына сүйенбей жазып жүргенімізбен, аталған ереже, қағидаттарға өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, олар ресми түрде заңдастырылған жоқ.

Ұлттық терминқор қалыптастыруда термин сөздердің этно-мәдени, ұлттық мағынасын ескеруге де біз жеткілікті көңіл бөліп келдік деп айта алмаймыз. Бұл жөнінде ресейлік тілші-ғалым М.Н. Володинаның осыдан жиырма жыл бұрын кеңестік дәуірде айтқан төмендегі пікірі де назар аудартады. *«Внутренняя форма» термина нередко несет в себе дополнительное, специфически национальное значение, так называемый «семантический фон», обусловленный лингвистическими моментами, сопровождающими образование соответствующего термина.»*<sup>319</sup>

Ұлттық терминқор қалыптастыру, терминқорымыздың ұлттық сипатын арттыру туралы сөз қозғалғанда мәселенің осы қырын ескерусіз қалдыруға болмайды.

Жоғарыда келтірілген В.А.Гречконың пікірімен үндесіп, В.Н.Володинаның айтқан терминнің «ішкі пішінінің» кірме терминдерге қатысты қырын аша түсетін Т.Р.Кияқтың тұжырымы да ескеруді қажет етеді.

*«Следует учитывать тот факт, что внутренняя форма терминов-интернационализмов часто «затемнена» употреблением международных словообразовательных морфем, чрезмерное увеличение которыми может существенно затруднить взаимопонимание»*<sup>320</sup> – деп жазады ғалым.

Көріп отырғанымыздай, терминологияны халықаралықтандыру бағытын ұстанған кездің өзінде ғалымдар, ондай терминдерді шектен тыс көп қабылдай берудің, қабылдаушы тілдің заңдылықтарына икемдемеудің ұлт тіліне зиянын тигізетінін дәлелдейтін тұжырымдар жасаған. Өкінішке қарай бізде жетпіс жыл көлемінде халықаралық атауларды асыра дәріптеу, оларды прогрестің жаршысы, әлемдік ғылымды игерудің кілті, халықтар достығы мен ғылыми ынтымақтастықтың көрсеткіші ретінде түсіндіру орын алып келді. Сөйтіп, шет тілдерінің терминдерін шектен тыс көп қабылдап, терминқорымыздың ұлттық сипатын әлсіретіп, өз тіліміздегі термин шығармашылығын дамытуды тежеп келдік.

319 Володина М.Н. Соотношение национальных и интернациональных элементов в терминологической лексике// Филологические науки. 1984. №3. С. 77-81.

320 Кияк Т.Р. Мотивированность как возможный критерий отбора и упорядочения терминов-интернационализмов// Научно-техническая информация. Сер. 1. 1985. №10. С. 15-19.

Кейде «ұлы тіл» деген тіркесті орынсыз қолданып, немесе кең тараған ұлттардың тілін үлгі ретінде ұсынып, терминологиямызды дамытуда соларды бетке ұстауымыз керек дейтін де ойлар айтылып жатады. Мұндай пікірлерді қайсыбір БАҚ беттерінде кездесетін мақсатты түрде қазақ тілінің қолтығын жазбауын қалайтындар ғана емес, әсіре еуропашыл өз ғалымдарымыздың еңбектерінен де ұшыратуға болады.

Жалпы алғанда тіл білімі терминологиясында ресми тұрақтаған «ұлы тіл» деген термин қолданылмайды. «Әлем тілдері» (мировые языки), «халықаралық тілдер» (международные языки) деген атаулар, нақты ұғымдар бар. Тілдердің кең тарағандығына байланысты артықшылықтарын айтқымыз келгенде осы терминдер ойымызға оралады. Құқықтық тұрғыдан заңдастырылған БҰҰ-ның ресми және жұмыс тілдері болып табылатын алты тілді (ағылшын, араб, испан, қытай, француз, орыс) халықаралық тілдер дейтініміз белгілі. Бірақ бұл тілдердің мұндай мәртебені иеленуі олардың өзге тілдерден құрылымдық, сөздік құрам немесе стилдік тармақтарының жақсы дамығандығымен байланысты ғана екен деген біржақты түсінік туындамауы керек. Бұл жерде осы тілдердің иесі, тұтынушысы болып табылатын халықтар тұратын мемлекеттерінің саяси, экономикалық т.б. тұрғыдан дамуымен, тілдердің кең таралуымен, яғни тілден тыс факторлар ықпалының да зор екенін естен шығаруға болмайды.

Кеңестік дәуірде жазылған әдебиеттерде, басылымдарда «ұлы орыс халқы», «ұлы орыс мәдениеті», «ұлы орыс тілі» деген тіркестер көп жағдайда өзге халықтармен салыстыра алғанда орынсыз әрі жиі қолданылатын. Кезінде кеңестік идеология арқылы есімізді білер білместен осы ұғымдар санамызға сіңіріліп жататындықтан солай қабылданып, солай болуға тиіс сияқты болып та көрінетін. Кейін байқап қарасақ, оның астарында бір тілдің үстемдігін орнату пиғылы жатыр екен. Бодандықтан арылып, ұлттық санамыз оянып, біз де өз тіліміздің қадір-қасиетін ұғынып, оның да ұлы екенін ұлт ретінде жаппай сезіне бастаған кезеңде осы тіркестерден, өктемдіктің, шовинизмнің иісі аңқып тұрғанын аңғардық десек, артық айтқандық бола қоймас. Әділетсіздік қашанда қарсылық туғызады. Кейінгі жылдарда кешегі «ұлы халық», «ұлы тіл» деген тіркестердің тырнақшаның ішіндегі ұғымдар ретінде ұғынылып, жағымсыздау реңкке ие болып, «өктем халық», «өктем тіл» мағынасында қолданылып жүргендігі соның айқын көрінісі.

Шындығында ғасырлар бойы өркендеп, «халық тілі», «ұлт тілі», «әдеби тіл» дәрежесіне дейін дами алған тілдердің барлығы да ұлы тілдер. Саны жағынан салыстыруға келмейтін шағын ғана ұлттың тілінен ондаған, жүздеген миллиондар мен миллиардтар тұтынатын кең тараған тілдерден табыла бермейтін ұғым атаулары мен оралымдар, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер табуға болады. Сондықтан да әр тіл өзінше бірегей, әр тіл өзінше ұлы. Өртүрлі мәлімет көздерінен алған деректерге қарағанда қазір әлемде 3500-ден 5000 мыңға дейін тіл бар деп саналады. Осы тілдердің мұншасы «ұлы тілдер» ал мұншасы «қатардағы тілдер» деп әлемнің ешбір ғұламасы, бірде-бір

көрнекті тілші-ғалымы жіктеп-жіліктеп, бөліп бере алмаса керек. Сондықтан «ұлы тіл» деген тіркесті тілдерді салыстыра айтқанда қолданудың реті жоқ. Ал жеке бір ұлт тілінің ерекшелігін, бірегей қасиетін, сөздік қорының байлығын айту керек болғанда қолдануға неге болмасын? Ең алдымен, әркімнің дүниені танып білген өзінің ана тілін, әр халықтың ата-бабаларынан мұра болып қалған өз ұлтының тілін қымбат та ұлы санауы да табиғи нәрсе. Сол себепті белгілі бір халықтардың, ұлттардың ғана тілін кең тарағандығына немесе қуатты, ауқатты мемлекеттің тілі болғандығы үшін ұлы деп ұлықтаудың негізі жоқ.

Ұлт тілдерін халықаралық терминологияда орныққан сөздерінің үлес салмағына қарай бағалап, терминалмасым кезінде сол тілдерге басымдық беру қажет деп санайтындар да бар. Шығыс еуропа мен ТМД елдерінің тілдерінде ағылшын, француз, неміс сияқты еуропа халықтары тілдерінің сөздері көбірек кездесетіні белгілі. Оны өзіміздің терминқорымыздан да көруге болады. Бірақ оны сол тілдердің ұлылығынан деп ұғынуға болмайды. Ғылым-білімнің, экономиканың өркендеу деңгейіне, халықтардың ғылыми-мәдени қарым-қатынасына байланысты белгілі бір халықтардың сөздері, терминдері өзге тілдерге көбірек қабылдануы мүмкін. Бодан елдер мен дамушы елдер тілдеріне үстемдік етуші елдер тілдерінің жекелеген терминдері ғана емес қоғам өмірінің көптеген салаларында солардың тілі тұтастай үстемдік құруы да мүмкін екендігі белгілі. Сондай-ақ жазба ескерткіштерде сақталған қазіргі қолданыста жоқ өлі тілдердің де халықаралық терминологияда үлесі едәуір болуы мүмкін. Мысалы, латын тілі сөздерінің халықаралық қолданыстағы терминдер қатарындағы үлесі едәуір. Кейде қолданыстағы ұлт тілдерінің қатарында болмағандықтан да өлі тіл болса да латын тілінің сөздері терминдік элемент ретінде дайын күйінде пайдаланылып та жатады. Екінші жағынан алып қарасақ, бір жарым миллиардтан астам адам сөйлейтін БҰҰ-ның ресми тілдерінің бірі қытай тілінің халықаралық терминологиядағы үлесі жоқтың қасы. Ал бұл тілді дамымаған тіл, ұлы тілдердің қатарына жатпайды деп ешкім де айта алмайды. Керісінше, терминқорын өз тілінің негізінде қалыптастырып отырған сол қытай тілі үшін «халықаралық терминдер» деген ұғым мойындалмайды. Сол сияқты бірнеше араб елдерінің мемлекеттік тілі әрі халықаралық тіл болып табылатын араб пен Үндістандай миллиардтан астам халқы бар елдің тілі хинди тілдерін де халықаралық терминологиядағы үлесіне қарап ұлы тілдер қатарынан алып тастаудың қандай негізі бар? Ендеше, тілдердің ұлылығын олардың халықаралық терминқорға қосқан үлесіне қарай анықтауға болмайды деген сөз.

Соңғы жылдары халықаралық терминдер туралы бұрынғыша біржақты айтылмай, олардың табиғатына тереңірек үңілу нәтижесінде ескеруге тұрарлық тың пікірлер көрініс беріп жүр. Сондай пікірлердің бірін біз Ә.Қайдаровтың еңбегінен кездестіреміз. Ғалым халықаралық терминдер туралы сөз ете келіп былай дейді: «Тіл-тілдердің арасында ортақ интернационализмдер болмаса, немесе аз болса, ғылым дамымайды, ғылыми қарым-қатынас үзіледі» деп байбалам салудың бәрі бекер. Жер жүзіндегі терминдік ұғымдардың бәрін шет

тіл сөздері арқылы емес, өз тілінің негізінде меңгеріп, ғылым мен техниканы дамытып отырған қытай, жапон т.б. халықтарды біз жақсы білеміз. Демек, ортақ интернационализмдердің қажеттігі ең алдымен елдің саяси-әлеуметтік жағдайына, даму дәрежесіне, оларға деген сұраным мен қажеттілікке, әр тілдің өз мүмкіншілігіне байланысты екен<sup>321</sup>».

Шындығында да, халықаралық терминдерсіз ғылым дамымай, ғылыми қарым-қатынас әлсірейді деудің негізі жоқ. Біздің халықаралық терминдерге көп жүгінуіміздің ең басты себебі ғылыми ұғымдар жүйесін тілдік тұрғыдан жүйелеп берудің қиындығынан туындайды.

Терминология мәселесін арнайы зерттеп жүрген ғалымдар «Егер қандай да бір елдегі ұлттық тілдің ғылыми терминологиясы болмаса және ол жасалып жатпаса, онда ғалымдар терминологиясы қалыптасқан өзге тілге жүгінуге мәжбүр»<sup>322</sup>, – деп көрсетеді.

Әрине, солай болып жататыны рас. Бірақ мәселеге екінші қырынан қарайтын болсақ, біздің тілімізде ғылыми терминология жасалмаған деп үнемі өзге тілдерге жүгіне беруді еш ақтауға болмайды.

Өйткені сол ғылыми терминологиясы жақсы дамыған, қалыптасқан тілдің терминдерін ұлт тілінде жасаған сол елді ғалымдары мен салалық мамандары емес пе? Ендеше біз де неге солай істемейміз? Әлде кейбір ғалымдарымыз дәлелдеуге тырысып жүргеніндей, біздің тіліміз шынымен-ақ термин жасауға икемсіз тіл ме?

Жоқ, ешбір ұлттың тілін термин жасауға мүмкіндігі жетпейтін тіл деуге болмайды. Мәселе ұлт тілін термин шығармашылығында пайдалануға байланысты. Терминжасам процесінде өз тілімізді пайдаланбай өзге тілдерден дайын терминдерді өзгеріссіз қабылдай берсек, онда әрине, тіліміз ғылыми ұғымдарды атауға бейімделіп терминологиямыз ұлт тілінде жасалынбайды. Сондықтан ғылыми терминологияны ұлт тілінде қалыптастыру сол тілді тұтынушылардың, ұлттық кадрлардың қолындағы іс.

Халықаралық терминдер жөнінде соңғы жылдары жазылған еңбектердің ішінде Б.Қалиұлының мақалалары көңіл аударуды қажет етеді.

Ғалым халықаралық терминдер мәселесіне арнайы тоқтала келіп, оларды таралуына байланысты 5 аймаққа бөледі. Ол «Егер халықаралық терминдер бүкіл дүние жүзі тілдеріне ортақ екендігі рас болса, ол сөздердің Еуропа тілдеріне ғана емес, басқа да Азия, Африка, араб, қытай, жапон, үнді, Индонезия тілдеріне де ортақ болулары керек еді ғой. Жоқ, олай емес. Халықаралық терминдер делініп жүрген атом, газ, йод, цемент, цех сияқты сөздерді Шығыс Азия (қытай, жапон, корей, вьетнам), араб, үнді, Индонезия халықтарының тілдерінен кездестіре алмайсың. Бұл тұрғыдан алып қарағанда халықаралық терминдер дегеніміз, сайып келгенде, белгілі бір аймаққа тән ортақ сөздер болып шығады»<sup>323</sup>, – дейді.

Жалпы мұндай аймақ құру және ғылыми терминологияны ұлт тілінде

321 Кайдаров Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993. 22-б.

322 Суперакская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: Вопросы теории. – М., 1989. –С.4.

323 Қалиұлы Б. Жат сөздер жағадан ала бермесін//Қазақ тілінің көкейтесті мәселелері. – Алматы, 1997. -108-б.

қалыптастыру қытай, жапон тілдерін былай қойғанда Еуропа елдерінің тілдерінде де анық байқалып отырған құбылыс.

Өткен ғасырдың 70-жылдарында Еуропаның герман тілді елдерінде «арнаулы мақсаттар тілі» (язык для специальных целей LSP) деген термин пайда болады. Оның туындау себебі Австрия, Бельгия, ГДР, ФРГ (қазіргі біртұтас Германия), Швейцария елдерінің аумағында арнаулы салалардың тілі ретінде неміс тілін сақтау, фонетикалық, орфографиялық, лексикалық сәйкессіздікті жою. Сөйтіп, терминология саласында жұмыс істейтін мамандар ғылым мен техника саласындағы қатынастардың неміс тілінде болуы қажет деп тапты.

Біздегі халықаралық терминдер оларды өзгертуге болмайды деп жүрген, сондай-ақ Еуропа халықтары тілдерінің де көпшілігінде біркелкі (орфографиялық және орфоэпиялық өзгешеліктерді есептемегенде) қолданылатын радио, телевидение терминдерінің неміс тілінде Funk-, Rundfunk және Fernsehen түрінде ұлт тілінің негізінде жасалуы мен осы терминдерден көптеген туынды терминдердің (Funkanlage – «радиоустановка», Funkspruch – «радиограмма», Fernsehsendung – «телепередача», Fernsehapparat – «телевизор») өрбуі терминнің халықаралықтығының шарттылығын көрсетсе керек.

Чехословакияда 30 жылдардан бастап неміс және латын-грек терминдерінің орнын алмастыратын терминдер жасап, терминологияны ұлт тілі негізінде қалыптастыру бағыты үстемдік етіп келеді. Ал француз тілді Канадада ғылым мен техниканың барлық саласындағы ағылшын тілінен алынған терминдерді француз сөздерімен алмастырып, ғылыми терминологияны француз тілі негізінде қалыптастыру бағытын ұстанып отыр. Бұл жұмыс мемлекеттік маңызы бар іс деп саналады. Соңғы жылдары Францияда да ұлт тілінің тазалығын сақтау мәселесіне айрықша мән беріліп, әсіресе, ағылшын тілінің әсерінен арылу жолында белсенді жұмыстар жүргізілуде.

Түркі тілдес халықтардың арасында мұндай жұмыс тек түрік тілінде жүргізілді деуге болады. 1932 жылы Ататүріктің тікелей араласуымен «Түрік тілі» қоғамының өткізген бірінші құрылтайында бірнеше қаулылар қабылданды.

Онда халық тілінің байлығын жинастыру туралы шешім қабылданды: 1) Халық тіліндегі және ескі кітаптардағы түрік тілінің байлықтарын жинастырып оны жарыққа шығару; 2) Түрікше жаңа сөз жасау жолдарын іздестіріп, түрік түбірлері негізінде сөз тудыру; 3) Түріктің жазу тілінде өте көп қолданылып жүрген шет тілдерінен кірген сөздердің орнына таза түрік сөздерін алып, оларды жарыққа шығару және қалыптастыру<sup>324</sup>.

Жалпы түркі халықтарының ортақ терминологиялық қор құра алмауына, терминжасам тәжірибелерін бөлісуге мүмкіндіктің берілмеуіне қоғамның саяси жүйесі кедергі болып келді. Тәуелсіз түркі тілді мемлекеттердің құрылуына байланысты бұл мәселе көтеріліп жатқанымен түрлі себептерге байланысты әзірше нақты жұмыстар қолға алына қойған жоқ.

Біздің «аударуға болмайды» деп жүрген халықаралық терминдерімізді

монғол тілінің игеруі де айрықша назар аудартады. Олар: *микро-, авиа-, аэро-, анти-, контр-, транс-, моно-, гидро-, нео-, граф-, грамма-, гипер-, супер-, ультра-, архи-* сияқты грек, латын терминоэлементтерімен келетін халықаралық терминдерді ұлт тілі негізінде игеріп отыр. Мәселен, *хэт даралат «гипертония», хэт ихэсгэл «гипербола»; бичил харуур «микроскоп», бичил гадаргуу «микрорельеф»; улэмж урцэг «макроспоры», улэмж бутэц «макроструктура»; нисэх зам «авиатрасса», нисэх шугам «авиалиния», агаар судлал «аэрология»; агараарын эмчйлгээ «аэротерапия», ганц сэдэвт «монография», ганц утгат «моносемия»; шинэ иг хэллэг «неологизм», шин сийвэн «неоплазма»* т.б.<sup>325</sup>

Өртүрлі тілдердің термин жасауда ұстанған бағыттары, терминжасам тәжірибелері оларда біздегідей халықаралық терминдер деп аталатын аударуға, ұлт тілінің ерекшелігіне сәйкес өзгертіп жазуға болмайтын айрықша мәртебесі бар «киелі» сөздер тобының қалыптасқанын көрсетпейді.

Алайда ұлт тілдерінде халықаралық терминдердің орнын алмастыра алатын терминдер жасаумен бірге халықаралық терминологиялық қор құруға деген ұмтылыстың да бар екенін айтпаса болмайды. Өзірге дүние жүзі халықтарының барлығына ортақ ресми мойындалған терминдер қоры қалыптаса қойған жоқ. Тек бірнеше тілдерде сол тілдердің фоно-морфологиялық заңдылықтарына сәйкес түрлі деңгейде өзгеріске ұшырау арқылы қолданылып жүрген терминдер тобы – халықаралық терминдер деп аталынып жүр. Бұл қатарға әсіресе грек, латын терминдік элементтерімен келетін терминдер көбірек кіреді. Өйткені терминолог ғалымдар дұрыс көрсетіп жүргеніндей, ондай терминдік элементтердің қазіргі ұлт тілдерінің ешқайсысына қатыссыздығы, бірнеше тілге ортақтығы, ұғымдар жүйесін бірізділікпен беруге бейімділігі сияқты артықшылықтарының бар екендігі рас.

Қазақ терминологиялық лексикасының елеулі бөлігін халықаралық терминдер құрайтыны белгілі. Ондай терминдерді «аударуға болмайды», «ондай терминдермен таңбаланатын ұғымдарды біздің өз сөздеріміз бере алмайды» немесе «халықаралық терминдерсіз ғылымымыз дамымайды, өркениеттен шеттеп қаламыз» деген пікірлердің біржақтылығы сияқты «бірде-бір шет тілінің сөзін қалдырмай тап-таза ұлттық терминология жасаймыз» деген пікірді де терең зерттеу барысында қол жеткен түбегейлі ғылыми тұжырым деп тану қиын. Бұл мәселенің жан-жақты қарастырылып ғылыми тұрғыдан толық шешімін таба алмай отырғаны ақиқат.

Сондықтан да халықаралық терминдер мәселесін арнайы зерттеп, оларды қабылдау, аудару және жазу тәртібін белгілеу қазақ терминологиясының даму бағытын белгілеу үшін өте қажет.

Осы тұста «Сөздің халықаралық терминдер қатарына енуі немен байланысты?, «Қазақтың төл сөздері қандай жағдайда халықаралық қолданысқа түсуі мүмкін?» – деген сұрақтардың туындауы заңды.

325 Пюрбеев Г.Ц. Современная монгольская терминология. –М., 984. – С.103-106.

Түркілер дүрілдеп тұрған замандарда біздің сөздеріміз де өзге тілдерге жүздеп, мындап енгені тарихтан белгілі. Мәселен, Е.Н.Шипова 1976 жылы жарық көрген «Словарь тюркизмов в русском языке» деп аталатын сөздігінде бір ғана орыс тілінде екі мындай түрік сөзі қолданылып жүргенін көрсетеді. Кейіннен тарих аренасындағы иеленген орнымызға қарай біздің тіліміздің ықпалы да әлсіреді. Ал соңғы 70 жылдың көлемінде термин шығармашылығын дамытудан гөрі дайын терминдерді қабылдауға әбден дағдыландық. Терминологияны халықаралықтандыру бағытын ұстанып келгендіктен термин қорымыздың басым бөлігін өзге тілдерден дайын күйінде орыс тіліндегі қалпын сақтап қабылданған терминдер құрайтын болды. Терминтануда осы термин қорды халықаралықтандыруға қарсы деинтернационализация деген процестің бар екендігін жоғарыда айттық. Бұл бұрын тарихи, саяси-экономикалық немесе басқа да жағдайларға байланысты өзге тілдерден дайын терминдерді шектен тыс көп қабылдап келген халықтардың сол халықаралық терминдердің орнын өз тілдерінің сөздерімен жаппай алмастыру процесі. Мұндай процесс әдетте қабылдаушы тілдердің иесі болып табылатын халықтың ғылым-білімі, экономикасы дамып, ұлттық мемлекеттің негізі нығая бастаған уақытта қылаң береді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде бізде де бұл құбылыс пайда бола бастады. Ұлттық мемлекетіміздің сипаты мен тіліміздің қоғам өмірінде алып отырған орнына, яғни елдегі тілдік ахуалға сәйкес деинтернационализация процесі бізде өте әлсіз, мардымсыз түрде жүріп жатқаны байқалады. Терминолог ғалым В.А.Татаринов бұл жөніде: «Деинтернационализация терминологии – это понятийный рост на национальной почве. (қою әріппен ерекшелеген біз – Ш.Қ.) Интернациональная терминология не бывает наднациональной, с ее помощью можно проследить особенности технологической конкуренции между культурами и сделать выводы о жизнестойкости той или иной национальной культуры». (Татаринов В.А. Теория терминоведения. Том 1.С. 226-227.)

Ғалым пікіріне сүйенсек, біз ұғымдарды ұлт тілінде атау арқылы ұғымдар жүйесін өз тілімізде игере бастаған болып шығамыз. Алайда әлеуметтік лингвистикалық факторларға сәйкес бұл процестің жандануына қарсылық та бар. Ұлт тіліндегі термин шығармашылығы жандана бастаса оны пуризмге жол беріп жатырмыз деп дабырайта көрсетуге құмар немесе объективтік, субъективтік түрлі себептерге байланысты соған мүдделі адамдар да жоқ емес. Түптеп келгенде, осының өзі ұлттық негізі берік қалыптасқан елге тән нәрсе емес. Кез келген ұлттық мемлекет өз тілінің кең таралуын көздейді, мүмкіндігінің жеткенінше сол бағытта мақсатты жұмыс жүргізеді. Олар терминологияда деинтернационализация процесінің өз тілдерінің ішінде жүзеге асып, халықаралықтандыру процесінің өздері тарапынан өзге тілдерге қатысты жүргізілгенін қалайды. Оны терминологияны халықаралықтандыру ғылым қажеттілігі деп сөз жүзінде өзгелерге қатысты ғана айтқанымен, өздері керісінше бағыт ұстанып отырған көптеген дамыған ұлттық мемлекеттердің әрекетінен көруге болады. Айталық, француздар неге ағылшын сөздерін тіліне қабылдаудан қашады? Біз неліктен көршісі әрі туыстығы жағынан бізден гөрі



әлдеқайда жақын француз тілі іргесін аулақ салып отырған сол ағылшын сөздерін қабылдауға тиіспіз?

Ұлттық мемлекетіміздің іргесі бекіп, оның экономикасы мен ғылым-білімі өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне күмән келтірмеуге болады. Бірақ мұның бәрі оп-оңай, өздігінен бола салатын нәрселер емес. Әр ұлт өз тілінің өркендеуін, кең таралуын көздейді. Сол ұлттық тіл мемлекеттік тіл болып саналатын ел тіл саясатын өз жұртының тілдік мүддесін, оның бүгіні мен болашағын жан-жақты ойластыра отырып белгілейді. Белгілеп қана қоймайды, мемлекет сол өзі белгілеген бағытта мақсатты түрде жұмыс жүргізеді.

### III.2. Терминжасамның ұлттық үлгілерін қалыптастыру мәселесі

Тілімізде бар байырғы сөздеріміздің есебінен терминқорымызды толықтыру кезінде немесе кез келген арнаулы саланың жаңа терминдерін жасау барысында белгілі бір үлгіні сақтаудың терминология үшін маңызы зор. Бұл ең алдымен терминологиядағы жүйелілікті бұзбау үшін қажет. Ал терминологиядағы жүйелілікті кейбір терминолог ғалымдар терминологияның басты принципі деп санайды<sup>326</sup>.

Осы уақытқа дейін бізде көбінесе шетелдік, оның ішінде, латын, грек тілдерінен енген терминдік элементтерді пайдалана отырып термин жасасак, терминологиядағы жүйелілік сақталады деген пікірге иек артып келдік. Ал ұлт тіліндегі термин шығармашылығын дамытып, өз тіліміздің ішкі мүмкіндігін пайдалана отырып та ұлттық терминқорымызды жүйелі қалыптастыруға болатындығын ғылыми негіздеп, терминологияның практикалық жұмыстарын сол бағытта жүргізуге көңіл бөлінбеді. Салалық терминологиялары жүйеленген бірқатар тілдерде әр саланың өзіндік ерекшелігін, ұғымдар жүйесінің өзара байланысын дәл таңбалай отырып жасалған терминқорлары бар. Олар мұндай жүйеленген терминқор қалыптастыру үшін негізінен өз тілдерінің немесе қажеттілігіне қарай өзге тілдердің қосымшаларын, терминдік элементтерді пайдаланады. Біздің кеңестік кезеңдегі терминжасам тәжірибемізде өзге тілдік элементтерді пайдалану, дәлірек айтқанда, өзге тілде жасалған терминдерді дайын қалпында қабылдау дәстүрі орныға бастаған еді. Терминқорымыздағы *микро-, макро-, ультра-, гидро-, аэро-, авиа-, авто-, нео-, контр-, моно-, анти-, архи-, транс-, супер-, гипер-* сияқты грек, латын негізді терминдік элементтер соның көрінісі. Терминтануда *терминүлгі* (терминомодель) деген термин бар. Ол сала терминдерінің белгілі бір қалыптасқан сөзжасамдық үлгісі бойынша біртектес болып жасалуына негіз отырған үлгіні (моделді) білдіреді.

Кейінгі он-он бес жылда ұлт тілінде термин жасау ісі де біршама жандана бастауына байланысты терминжасамның ұлттық үлгілерін (модельдерін)

326 А.В. Суперанская, Н.В. Подольская, Н.В. Васильева. Общая терминология (вопросы теории) М., 1989. Стр. 213.

қалыптастырудың қажеттілігі де айқын аңғарылып отыр. Тіліміздегі кейбір қосымшалардың арнаулы салалардың терминдерін жасау барысында өнімді пайдаланыла бастағандығын көруге болады. Бір айта кететін нәрсе – қазіргі термин шығармашылығы өткен ғасыр басындағы термин жасау тәжірибесіне табан тіреп отырғандығы. А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының термин жасау үлгісімен туындап жатқан көптеген жаңа терминдер соның дәлелі бола алады. Мұны үзіліп қалған ұлттық терминжасам дәстүрінің араға 60-70 жыл салып барып қайта жалғасын табуы деп бағалаған дұрыс болар.

Жүйеленген салалық терминологияны қалыптастыруда сол саланың терминдерін белгілі бір сөз тудырушы морфемаларды немесе терминдік элементтерді пайдалана отырып жасау тәжірибесі бар. Бізде де кейбір арнаулы сала терминдерін жасауда соңғы жылдары біршама өнімді жұмсалып жүрген жұрнақтардың бар екенін аңғаруға болады. Мәселен, Іс жүргізу саласында – **ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе анықтама, хаттама, баяндама, мінездеме, мәлімдеме, көшірме, баянжазба** т.б. Тіл білімінің фонетика саласында –**м, -ым/-ім айтылым, алмасым, естілім, жасалым, екшелім, жалғаным, қатынасым** т.б. Синтаксис саласында кезінде А.Байтұрсынұлы жасап тілімізге енгізіп кеткен **бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш** терминдерін туғызған –**уыш, -уіш (-ыш/-іш)** жұрнағы бар екені белгілі. Әскери іс саласында –**уыл/-уіл, -ауыл/-еуіл** үлгісімен жасалған **шабуыл, айдауыл, ереуіл, жасауыл** сияқты көне атаулар қолданысқа ене бастады. Мұндағы бір айта кететін жайт соңғы үлгімен жасалған атаулар тілде дайын қалпында қолданысқа ене бастағанымен терминжасамда бұл үлгі алдыңғы жұрнақтар сияқты жаңа терминдер тудыруда пайдаланылмай келеді.

Энергетика саласында кейінгі жылдары –**қыш/-кіш, -ғыш/-гіш** жұрнағы арқылы жасалған терминдердің молайғандығы байқалады. Мәселен, **ажыратқыш – выключатель, электроқозғалтқыш – электродвигатель, араластырғыш – смеситель, қыздырғыш – нагреватель, жайтартқыш – молниеотвод, ауа жинағыш – воздухоборник, ауабаптағыш – кондиционер, ауа үрлегіш – воздуходувка, бу таратқыш – парораспределитель, вагонаударғыш – вагоноопрокидыватель, жерлендіргіш – заземлитель, көбейткіш – умножитель, күлтұтқыш – золоуловитель, ағытқыш – расцепитель, оқшаулатқыш – изолятор, сақтандырғыш – предохранитель** т.б. терминдер. Бұл морфеманың көмегімен жасалған терминдер осы мысалдардан көрініп тұрғанындай негізінен орыс тіліндегі –**тель** суффиксімен жасалған қосымшаларға сәйкес келеді. Біріншіден, мұнда бірізділік бар. Екіншіден, тіларалық сәйкестік сақталған. Орыс тіліндегі құрал-саймандар мен жабдықтардың, механизмдердің атауын жасауда жиі қолданылатын суффикс арқылы жасалған терминдер біздің тілімізде дәл сондай мағына беретін жұрнақ арқылы туындаған. Үшіншіден, бұл көмекші морфема арқылы жасалған терминдердің ықшамдылығымен, қолдануға қолайлылығымен де ерекшеленетіндігін айту керек. Біздіңше, бұл терминжасам үлгісін тек энергетика саласында ғана емес жалпы техника, механика, машинажасау,

сәулет және құрылыс сияқты өзге де көптеген салалардағы заттық, нақты ұғымдарды атауда пайдалануға болады. Тек қазіргі терминжасам тәжірибесінде орын алып жүргендей белгілі бір жұрнақтарға салмақ салып, барлық арнаулы салалардың терминдерін жасау кезінде соларды ғана жаппай жалғай беруге жол бермеу жағын да ойдан шығармаған жөн.

Ұлт тіліндегі термин шығармашылығының жандана бастауына байланысты бұрын бірен-саран терминдерді жасауға ғана қатысып, аса өнімділік таныта қоймаған жұрнақтарды пайдалану арқылы жаңа терминдерді жасау үрдісі де байқалады. Оған Ахаң ізімен жасалған мына төмендегі информатика және есептеуіш техника терминдерін мысалға келтіруге болады. *Талдауыш – анализатор, жабдықтауыш – поставщик, жүктеуіш – загрузчик, қосындылауыш – сумматор, құжаттауыш – документатор, жинақтауыш – накопитель, шоғырлауыш – концентратор, шектеуіш – ограничитель, өңдеуіш – обработчик, модульдеуіш – модулятор, маршруттауыш – маршрутизатор, құрылмалауыш – конструктор, жөндеуіш – отладчик, жоспарлауыш – планировщик, сипаттауыш – описатель, вычислительная, вычислительный(-ная) – есептеуіш, кодтауыш – кодировщик т.б.*

Берілген мысалдардан көріп отырғанымыздай информатика және есептеуіш техника терминологиясында қазақ тіліндегі бір ғана **-уыш/ -уіш** жұрнағы орыс тіліндегі **-атор/-ятор/-тор, -щик,- чик, -тель, -н/ая, -н/ый** суффикстері арқылы жасалған терминдердің қазақша нұсқасын жасауда пайдаланылған. Бұл үлгімен жасалған терминдердің ішінде **-атор/-ятор/-тор** суффиксіне сәйкес келетіндерін ғана сәтті терминдер қатарына қосуға болады. Өзгелері ұғым мазмұнын дәл беру тұрғысынан да қосымшаларды мағынасына қарай ұтымды пайдалану жағынан да кемшіліктен ада емес. Бұл арада термин жасаушы салалық мамандар терминжасамның лингвистикалық қырына және терминтанудың жүйелілік сияқты маңызды талаптарына жете мән бермегені байқалады. Терминжасамда сөздің лексикалық мағынасына тән нәзік реңктерін, мағына көлемін дәл ажырата білу де оңай емес. Ал қосымшалардың ерекшелігін, грамматикалық мағына сияқты ұғымдарға сала мамандарының мән бере бермеуі жиі кездесіп жататын жайт. Оған мысалды салалық терминологиялық сөздіктердің кез келгенінен дерлік келтіруге болады. Мұндай кемшілікке жол берудің ұлт тіліндегі термин шығармашылығына үлкен нұқсан келтіреті сөзсіз. Бұл тіл мамандары, терминологтар тарапынан ерекше назар аударуды қажет ететін маңызды мәселе. Сондықтан терминжасамның лингвистикалық мәселелерін арнайы сөз етіп, салалық мамандарға арналған олардың сөздік түзу, термин жасау барысында басшылыққа алуына болатын әдістемелік, көмекші құралдар дайындаудың қажеттілігі айқын аңғарылып отыр. Әсіресе, қазақ тіліндегі сөз тудырушы жұрнақтардың қазіргі терминжасам процесінде қаншалықты тиімді пайдаланылып жатқандығын анықтап, оларды термин шығармашылығында қалай орнымен қолданған жөн екендігін көрсетіп бере алатын практикалық тиімділігі бар құралдар дайындаудың маңызы өте зор. Бұл көмекші морфемалардың табиғатын, олардың мағынасы мен қызметін

жақсы ажырата білетін, сөзжасам, терминжасам мәселесінен хабары мол тіл маманының атқаратын ісі.

Араб және еуропа, орыс тілдерінен енген сөздер мен терминдер құрамында болмаса, біздің тілімізде артикль, приставка сияқты қосымша түрлерінің жоқ екені белгілі. Сондықтан сөзжасам, терминжасам барысында қолданылатын негізгі тәсілдің бірі – сөз тудырушы жұрнақтар арқылы термин жасау болып табылады. Бұл тәсіл арқылы туындап терминқорымызға енгізілетін терминдеріміздің тіліміздің табиғатына сай, терминге қойылатын талаптарға жауап бере алатындай лингвистикалық тұрғыдан сауатты жасалуы үшін – тіліміздегі сөз тудырушы жұрнақтарды жіктеп-жіліктеп, оларды қалай дұрыс та ұтымды пайдалану керектігі көрсетілуі тиіс. Сонда термин жасағанның жөні осы екен деп, жұрнақтарды тұспалмен немесе әркімнің қалауынша оңды-солды жалғай беру фактілері азайып, сауатты жасалған, жүйеленген ұлттық терминқор қалыптастырудың негізі нығая түспек. Мұндай жұмыстың жүзеге асырылуы біз сөз етіп отырған терминжасамның ұлттық үлгілерінің (модель) орнығуына да тікелей әсері болады деп білеміз.

Орыс ғалымдарының еңбектерінде термин құрамындағы суффикстердің мағыналарының кеңеюі мен тарылу мәселесі де біршама сөз болған. Біздің тіліміздегі термин шығармашылығында пайдаланылып жүрген сөз тудырушы форманттардың терминологияға бейімделуін де арнайы қарастырған жөн.

Қазіргі термин шығармашылығында өнімділік танытып жүрген –ма/-ме, -м, -ым/-ім, -с,-ыс/-іс, -лық/-лік және аса өнімділік таныта қоймаса да біршама терминдерді жасауда пайдаланылып жүрген –шы/-ші, -гіш/-ғыш, -қыш/-кіш, -уыш/-уіш, -қы/-кі, -ғы/-гі; -қ/-к, -ақ/-ек жұрнақтары арқылы жасалған терминдерді саралап қарағанда-ақ, өзге тілдердің терминдік элементтері мен қосымшаларына орынды-орынсыз жүгіне бермей өз тіліміздің форманттарын құнттап қолдану арқылы да терминологияның барлық талаптарына сай келетін терминдер тудыруға болатындығына көз жеткізуге болады. Терминжасам барысында бірді-екілі болса да термин жасауға қатысып немесе мүлде іске жаратылмай жатқан –*ат(қырат, суат),-қа(жонқа,тұтқа; қырқа, қолқа); -л(болжал), -мыс(болмыс, тұрмыс), -н,-ын/-ін(боран, қорған, жсауын, жиын, түйін, келін), -сын(сусын, ықтасын),-шақ/-шек(қатпаршақ, жұмыршақ, түйіншек, тепкішек), -ық/-ік(қабық,бөлік, үзік)* сияқты т.б. жоғарыдағы кестеде берілген жұрнақтарды қалтарыста қалдыра бермей, орнымен пайдалану арқылы да терминологиямыздағы ұлттық термин жасау үлгілерінің қатарын толықтыра түсу мүмкіндігі бар.

## V.2. Терминжасамның синтаксистік (аналитикалық) тәсілі

Ұлттық терминқорымызда аналитикалық жолмен жасалған терминдер өте мол. Соған қарамастан, қазақ тіл білімінде терминжасамның синтаксистік тәсілі, бұл тәсіл арқылы жасалған терминдердің тілдік табиғаты әлі арнайы зерттеле қоймаған, жекелеген ғылыми еңбектер мен мақалаларда ғана сөз

болып жүрген мәселелердің бірі. Терминологиялық лексикамыздың қомақты бөлігін екі, үш немесе одан да көп сыңарлы терминдердің құрайтынын ескерсек, терминжасамның бұл тәсілін арнайы қарастырудың, жан-жақты зерттеудің мәні зор екендігі сөзсіз.

Аналитикалық тәсіл ретінде қарастырылып жүрген сөзжасам амалдары жөніндегі осы саланы арнайы зерттеп жүрген ғалымдарымыздың пікірлері әр уақытта сәйкесе бермейді. Оны белгілі тілші-ғалымдардың мына төмендегі жазғандары анық көрсетеді.

«Тілдегі, тілдік процестегі себеп-салдарлық құбылыс, байланыстарға мән бере бермегендіктен кейде сөзжасамның бұл тәсіліне біріккен, кіріккен сөздер, қосарланған, қайталанған сөздер, тіркесті (күрделі) сөздер жатқызылды. Бұлар яғни, біріккен (кіріккен) сөздер, қос сөздер, тіркескен сөздер сөзжасам тәсілі емес, сол сөзжасам тәсілі (аналитикалық немесе синтаксистік) негізінде пайда болған нәтиже яғни жаңа туындылар, олар біріктіру процесі арқылы, қосарлау я қайталау, тіркестіру нәтижесінде туған тілдік единицалар. Сондықтан бұл екі түрлі тілдік құбылысты бір-бірімен шатастыруға болмайды. Соған қарамастан грамматикаларда бұлар күрделі сөздер және оның түрлері ретінде беріледі.<sup>327</sup>» – деп жазады тілші-ғалым С. Исаев.

Жуырда 2002 жылы тіл білімі институты шығарған көлемді еңбектің бірі саналатын «Қазақ грамматикасы» авторлары – «Біріккен сөздер дүние жүзіндегі тілдерге өте кең тараған. Олардың аналитикалық тәсіл арқылы жасалатыны да ғылымда әбден танылған.» (253-б.) және «қос сөздер тілдің аналитикалық тәсілінің қосарлама тәсілі арқылы жасалады»(256-б.) – деп жазады. Бұл еңбектің сөзжасам бөлігін жазған тілші-морфолог ғалым Н.Оралбаева.

Көріп отырғанымыздай, сөзжасам мәселелерін арнайы зерттеген белгілі тілші-ғалымдардың пікірлері бір арнаға тоғыса бермейді. Тіл білімінде бұл мәселе әлі де жан-жақты зерттеліп, ғалымдар бір ортақ пікірге келе жатар. «Қазақ грамматикасы» авторлар ұжымы жазған, А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтының ғылыми кеңесі ұсынған академиялық еңбек болғандықтан 1) *сөзқосым*, 2) *қосарлау*, 3) *тіркестіру*, 4) *қысқарту* тәсілдерін біз осы еңбек негізінде аналитикалық тәсілдің құрамында қарастырып, сала мамандарына ұсынып отырмыз.

Терминтанушылар әртүрлі еуропа тілдерінің терминологиясының 60% -дан 95% -ға дейін құрап, дара терминдерден әлдеқайда басым екенін атап көрсетіп жүр.

70- жылдары жазылған М.И.Макованың ғылыми мақаласында<sup>328</sup> ағылшын тіліндегі сөздердің тіркесуі арқылы жасалған терминдер терминологияның 70 пайызын құрайтынын көрсетсе, З.М.Осипенко кандидаттық диссертациясында<sup>329</sup> орыс терминологиясындағы тіркесті терминдердің

327 *Исаев С.* Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. А., 1998. 274-275 б.

328 *Макова М.И.* О структурных особенностях специальных словосочетаний в английском языке//Вопросы терминологии в лингвистической статистики. Воронеж, 1972. С. 32-41.

329 *Осипенко З.М.* Словосочетания и композиты в русской научно-технической терминологии 19-20 вв. : Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Киев, 1974. 23 с.

терминқордың 62-77 пайызын құрайды деп көрсетеді В.Н.Прохорова да орыс тіліндегі синтаксистік жолмен жасалған терминдер туралы пікірі сол алдыңғы ғалымның тұжырымын растай түседі. Ол «Терминжасамда синтаксистік тәсіл өте белсенді түрде жұмсалады. Орыс тіліндегі термин жасаудың бұл дәстүрлі тәсілі қазір де ең өнімді тәсілдердің бірі болып табылады<sup>330</sup>»- деп көрсетеді.

Бұл тәсіл қазақ тілінде де өнімділігімен ерекшеленеді. Олай болуының себептері арнайы зерттеуді қажет етеді. Алайда кейбір себептері туралы қазірдің өзінде айтуға болады деп ойлаймыз. Бір себебі – біздің терминологиялық лексикамыздың құрамындағы көпкомпонентті терминдердің басым бөлігі орыс тілінен тікелей аударылып алынған. Оған кез келген арнаулы саланың термин Терминологияда бір арнаулы ұғымның екіншісімен түрлі байланысын көрсететін, тегі бір ұғымдардың түрлерін білдіретін атаулар жиі ұшырасады. Әдетте ондай атауларды бір сөзбен беру оңай бола бермейді. Сондықтан екінші бір себебі – түр атаулары болып келетін терминдер, логикалық жүйеге сәйкес ұғым мазмұнын дәл беру мақсатымен көп сыңарлы болады.

Тек терминологияда емес қазақтың жалпыхалықтық тілінде де сөзтіркесімнің өнімді тәсіл болғандығын сөзжасам саласын зерттеген тіл мамандары атап көрсетеді. «Сөзтіркесім – жаңа сөз жасаудың ең өнімді жолы. Қазақ тілінде зат немесе құбылыстың атын тіркестіріп атау жиі ұшырайды. Бұл сөздер аталым (номинация) дәрежесіне жеткен сөздер. Егер сөз тіркесі лексикалық тұтастыққа айналып, аталым дәрежесіне ие болғанда сөз тіркесі қызметін тоқтатады. Мұндағы басты қасиет – ұғымның атауы дәрежесіне жетуі»<sup>331</sup>.

Біздің терминологиялық лексикамыздағы сөздердің тіркесуі арқылы жасалған терминдердің үлес-салмағы әзірге статистикалық тұрғыдан дәл көрсетілген емес. Дегенмен кейбір арнаулы салалардың терминдер жүйесін зерттеген еңбектердің нәтижесіне қарағанда қазақ терминологиясында да көп сыңарлы терминдердің 60 пайыздан (ең кем дегенде) аз болмайтыны байқалады. Ендеше мұндай өнімді тәсілдің лингвистикалық табиғатын арнайы зерттеп, термин шығармашылығында тиімді пайдаланудың қажеттігі күмән туғызбайды. Солай бола тұрса да, бұл мәселенің әлі басы ашылмаған, аражігі ажыратылмаған қырлары жеткілікті. Жалпы қазақ терминологиясында ең аз зерттелген мәселенің бірі осы көп сыңарлы терминдердің тілдік табиғаты.

Жалпы тілші-ғалымдар мен терминтанушылардың бірнеше сөздің тіркесуі арқылы жасалған терминдер туралы пікірлерінің өзі бір арнаға тоғыспайды. Бірқатар ғалымдар терминдердің көп сыңарлы болуы терминнің ықшамдылығы, қысқалығы талабына қайшы десе, екіншілері мұндай терминдер ұғым мазмұнын дәл береді деген пікір білдіреді. Мәселен, белгілі түрколог ғалым К.Мұсаев «Термин жасауда күрделі терминдердің сыңарларының (компонент) артуы жалпы үрдісі байқалады. Бұл үрдіс терминнің қысқалығы қағидатына қайшы келеді және тілдік практикада қиындықтар туғызады» - дейді.

Бұл пікірмен келісе бермейтін, мәселенің екінші қырына назар аудару

330 В.Н. Прохорова. Русская терминология (лексико-семантическое образование). М., 1996. стр.58.

331 Қазақ грамматикасы. А., 2002. 332-б.

қажет дейтін пікірдің бірін «жалпы терминология» атты монографиядан кездестіруге болады. «Сипаттама терминдерден арыламыз немесе қандай да бір жолдармен олардың санын кемітеміз деу мүлде дұрыс емес деп санаймыз. Егер термин жасалып, қолданылып жүрген болса, оны алмастыру – ол белгілейтін таңбаланушыны «қайта атау» болып табылады. Ал мұндай әрекет ғылыми және техникалық ойлау жұмыстарын жақсартпайтыны белгілі<sup>332</sup>».

Екі түрлі пікір айтқан ғалымдардың бірі – терминнің ықшам, қысқа болуы керек деген талапты басшылыққа алса, екіншісі – терминнің ұғым мазмұнын қамтуды, мағынасың дәлдігін ескерген.

«Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты ұжымдық монографияның авторлары аналитикалық тәсілдің ішкі түрлерін атап көрсетіп, олардың әрқайсысына анықтамалар берген<sup>333</sup>. Төмендегі аналитикалық тәсілдің жіктелуі мен анықтамалар осы еңбек бойынша беріліп отыр.

Олар: 1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту. Сөзқосым тәсілі арқылы біріккен, кіріккен атаулар жасалады. Ондай атаулар қазақ тілінде көптеп саналады. «Біріккен сөз дегеніміз – жеке-дара сөздердің өзара шоғырлана тұтасуынан жасалған дербес лексика-грамматикалық мағыналары бар туынды сөздер.»

Екі я онан да көп түбір сөздер біртұтас дыбыстық құрамға қосылып, бір лексикалық мағына беріп, бір ұғымды білдіріп, бір лексикалық единица жасайды. Мысалы, *еңбекақы, асқазан, зейнетақы, гүлсерік, бессайыс, елтаңба, аңұран, әуежай, бағдаршам, жеделхат, жанкүйер, желкерме (параюот), қолжазба, қолхат, мұражай, сусабын (шампунь), дәйексөз (цитата), оққағар (телеохранитель)* т.б. сөздер осы сөзқосым (словосложение) тәсілімен жасалған. Екі сөздің бірігу нәтижесінде іштей морфемалық, дыбыстық өзгерістерге ұшырап, әбден жымдасып, тұтасып кеткен біріккен сөз түрін кіріккен сөз дейді. Мысалы, *білезік, қарлығаш, сексен, тоқсан* т.б.

Сөздерді қосарлау ақылы сөз жасау қазақ тілінде бұрыннан бар тәсіл. Қос сөздер тілде екі сөздің қосарлануы арқылы және бір сөздің қайталануы арқылы жасалады. Соған сәйкес олар *қосарлама қос сөздер* және *қайталама қос сөздер* деп екіге бөлінеді. Бұл тәсіл терминжасамда да едәуір пайдаланылып жүр. Оған осы тәсілмен жасалған төмендегідей терминдер мысал бола алады. Мәселен, *оқ-дәрі (порох), сауда-саттық (торг), тепе-теңдік (паритет), керек-жарақ (принадлежность), келісім-шарт (контракт), қарама-қайшылық (противоречие), құрал-сайман (инвентарь), алым-салық (дань), шағым-талап (рекламация), қару-жарақ (вооружение), сана-сезім (сознание), көші-қон (миграция)* т.б.

**Тіркестіру.** Тіркесті күрделі атаулар – екі немесе одан да көп сөзден тұратын, әр сыңары бөлек жазылатын күрделі сөздердің түрі.

332 А.В.Суперанская, Н.В.Подольская, Н.В.Васильева. Общая терминология. Вопросы теории. М., 1989. С.98.

333 Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. А., 1989. 209-б.



Көп сыңарлы термин атауларды терминтану саласындағы еңбектерде *терминологиялық сөз тіркесі* деп те атайды. «**Терминологиялық сөз тіркесі** – бұл арнаулы кәсіптік ұғымның атауы қызметін атқаратын екі (немесе бірнеше) толық мағыналы сөздердің мағыналық және грамматикалық бірлігі<sup>334</sup>».

Терминологиялық лексика құрамындағы көп құрамды терминдердің едәуір бөлігі атаулық тіркестер мен күрделі сөздер болып келеді.

Кейінгі жылдары бөлек жазылатын күрделі сөздер мен атаулық (номинативті) тіркестерді құрылымы жағынан тең дәрежедегі тілдік бірліктер ретінде тану қажет дейтін көзқарас басымдыққа ие болып келеді.

«**Атаулық** (номинативті) **тіркестер** – бір жағынан, еркін тіркестер, яғни сөз тіркестерімен, екінші жағынан, біріккен, кіріккен сондай-ақ күрделі сөздер аралығындағы тіркестер, басқаша айтқанда, тұрақталған атаулар, сондықтан да бұлар сөз тіркесінің қатарына жатпайды. Бұл тәрізді тіркестер ғасырлар бойы қолданудың барысында синтаксистік қатынасы жағынан солғындап, бір заттың (ұғымның) атауы ретінде тұрақталған»<sup>335</sup>

Ғалымдар лексикалық бірлік ретінде орныққан мұндай тіркестерді сөз тіркесі деп тану дұрыс емес, оларды күрделі атау деп білу керек деген пікір айтады. Мысалы, *ауыз су, ақ орда, ас тұзы, асық жілік, ортан жілік, кәрі жілік, бел омыртқа, кіндік шеше, өгей шеше, күрек тіс, азу тіс, қарын бөле, мүшел жас, күйеу бала, тоқ ішек, ақ түйіршік, азат жол, ғарыш айлағы* сияқты атауларды сол қатарға жатқызуға болады.

Терминологиялық сөз тіркестерінің бәрін тіркесті күрделі атаулар деу қиын. Олардың арасында сөз тіркесі түрінде келетін, төрт, бес немесе одан да көп сөзден тұратын терминдер бар. Сондықтан тіркесті күрделі атаулар мен терминологиялық тіркес деп аталып жүрген терминдерді арнайы зерттеп, олардың өзіндік ерекшеліктері мен ортақ қырларын анықтаудың маңызы зор.

Сөз тіркестерін есімді тіркестер, етістікті тіркестер деп, септік жалғауларының қатысуына қарай – барыс жалғаулы, табыс жалғаулы, жатыс жалғаулы, шығыс жалғаулы, көмектес жалғаулы сөз тіркестері деп, ал байланысу жолдарына қарай – қабыса байланысқан, матаса байланысқан, меңгеріле байланысқан сөз тіркестері деп жіктеледі.

**Қысқарту** немесе **қысқарым** (аббревиация) тәсілі. Тілдегі ықшамдау заңдылығына байланысты сөздерді қысқартып алу қазақ тілінде ертеден бар тәсіл. Тілші-ғалымдар кеңес дәуіріне дейін кісі аттары Бекмұхамбет – Беке, Сәрсенғали – Сәке, Айнагүл – Айнаш т.б. қысқартылып алынғанын атап көрсетіп жүр. Ал кеңес дәуірінде көбінесе мекеме атаулары қысқартылып алынған.

Қысқарған сөздердің барлығы да сөз табы ретінде тек зат есімге жатады. Қысқарған сөздер жасалу жолына қарай 4 топқа бөлініп жүр.

#### 1. Дыбыстық я әріптік қысқарымдардан жасалған зат есімдер. *ТМД*

334 *Авербух К.Я.* Общая теория термина. Иваново, 2004. стр.142.

335 *Аблақов Ә., Исиев С., Агманов Е.* Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің дамуы мен лексикалану процесі. – А., 1997. 6-бет.



(Тәуелсіз мемлекеттер достастығы), *БАҚ* (Бұқаралық ақпарат құралдары), *АҚШ* (Америка Құрама штаттары), *БҰҰ* (Біріккен Ұлттар Ұйымы) т.б.

2. Буындық я бөлімдік қысқарымдардан жасалған зат есімдер. *Қалатком*, *кеңшар* (*кеңестік шаруашылық*), *Ономком* т.б.

3. Дыбыстық, әріптік және буындық қысқарымдардан жасалған зат есімдер. *ҚазМУ*, *ҚазААГ* (қазақтың ақпарат агенттігі)

4. Буындық я бөліктік қысқарым мен тұтас сөз бірікпесінен жасалған зат есімдер. *Мемтерминком*, *ҚазАқпарат*, *Қазақтелеком*, *Мембаспаком*, *ҚазМұнайГаз*, *Еуроазия* (*Европа – Азия*), *Меммүлік* т.б.

Қысқартудың бұл түрін *аралас қысқартулар* деп те атайды.

Қысқарған сөздерді қазақ тілінің өз табиғатына етене құбылыс емес деген пікір де бар. Алайда соңғы кезде сөз қысқартуды сөзжасам тәсілі ретінде ал қысқарған сөздерді лексикалық бірлік ретінде қарастырылып келеді. Оның себебі былай түсіндіріледі: «Қысқарған сөздер күрделі толық атаудың бір варианты ретінде дербес сөз қызметін атқарады. Сөзге қойылатын барлық талапқа жауап береді. Қысқарған сөздердің белгілі мағынасы бар, тілдегі дайын сөз, сөйлемге дайын сөз ретінде кіреді, сөйлемде бір сұраққа жауап береді, бір құрамда қолданылады яғни құрамы тұрақты, біртұтас қалпында жазылады, айтылады. Мұның өзі сөздің белгілері. Олай болса, қысқарған сөздер тілдегі лексикалық бірліктер тобынан жеке сөз ретінде орын алады.<sup>336</sup>»

### У.3.Терминжасамның лексика-семантикалық немесе терминдену тәсілі

Термин шығармашылығының бұл тәсілінің жалпы әдеби тілдегі лексика-семантикалық тәсілден елеулі өзгешеліктері бар екендігін тілші-ғалымдар атап көрсетіп жүр. Мәселен, В.В.Виноградов термин жасаудың семантикалық тәсілінің жалпы әдеби тілдегі семантикалық тәсілден айырмашылығы жалпы әдеби тілде сөздің семантикалық тұрғыдан өзгеріске ұшырауы терминологиядағыдай емес, ұзақ эволюциялық процесс екенін айтса, В.П. Даниленко да осы пікірді қолдап, терминологияда тілде бұрыннан бар сөздің семантикалық тұрғыдан өзгеріске ұшырап, жаңа мағынаға бейімделуі үшін ұзақ мерзімнің қажет емес екендігін атап көрсетеді. Сондай-ақ, соңғы аталған автор «жалпы әдеби тілде бұрыннан бар сөздердің семантикалық тәсіл арқылы мағыналық тұрғыдан қайта жаңғыруын яғни, семантикалық тәсілді сөзжасамның тұрақты және сенімді тәсілі деп тануға болмайды. Тек жаңа дербес мағынаға ие болған жекелеген сөздер туралы ғана айтуға болады. Ал ғылым тілінде семантикалық тәсілдің орны айрықша. Бұл тәсілдің көмегімен жаңа терминдерге деген барлық сұраныстар өтеліп отырады»-дейді.

Терминологияда бұл тәсіл түрліше аталып жүр. Түрколог ғалым К.Мұсаев терминжасамның бұл өнімді тәсілі – *халықтық лексиканың терминденуі*

(терминологизация народной лексики), лексика-семантикалық тәсіл, жалпы қолданыстағы сөздердің терминге айналуы, жалпы әдеби тілдегі сөздердің терминденуі, сөз мағынасының алмасуы, жалпы қолданыстағы сөздерге жаңа арнаулы мағына жүктеу, тілдегі сөздерді терминологиялық мағынада жұмсау, сөз мағынасын өзгерту – деп аталып жүргендігін айтады.

Соңғы жылдары жарық көрген Иванов В.В., Фролова О.П., Пюрбеев Г.Ц., Суперанская А.В. және т.б. ғалымдардың еңбектерінде терминжасамның бұл тәсілі көбінесе *терминологизация* терминімен аталып жүр. Терминжасамның бұл тәсілін *лексика-семантикалық тәсіл* деп атай отырып, терминденуді соның бір типі ретінде қарастыратын ғалымдар да бар.

Ғалымдардың түрліше атап жүрген атауларының ішінен біз *терминологизация* терминіне тоқталып, оның қазақ тіліндегі нұскасын *терминдену* деп атап жүрміз. Себебі, жоғарыда аталған терминдердің көпшілігі терминге қойылатын талаптарға сай емес немесе терминделуші ұғымды дәл бере алмайды. Мәселен, *жалпы қолданыстағы сөздің терминге айналуы, жалпы қолданыстағы сөздерге жаңа арнаулы мағына жүктеу, жалпы әдеби тілдегі сөздердің терминденуі, байырғы сөздерді терминологиялық мағынада жұмсау, тілдегі сөздерді терминологиялық мағынада қолдану, халықтық лексиканың терминденуі, сөз мағынасын өзгерту терминдері* – біріншіден тым шұбалаңқы, қолдануға қолайсыз, екіншіден, олардың ұғым атауы болудан гөрі сипаттық мәні басым, үшіншіден, ғылыми, ұғымның өзіне ғана тән ең маңызды белгілері қамтылмаған. Айталық, тек жалпы қолданыстағы немесе байырғы сөздер ғана термин ретінде қолданылмайды. Диалектизмдер, көнерген сөздер, кірме сөздер, қарапайым сөздер де, немесе белгілі бір арнаулы саладағы термин дайын қалпында өзге салаға көшірілу арқылы да термин жасалады. Сондықтан да бұл атаулар ұғымды дәл беріп тұр деп айту қиын.

### V.3.1 Терминдену тәсілінің түрлері

Жалпыхалықтық тілдегі сөздерге терминологиялық мағына жүктеу арқылы белгілі бір арнаулы саладағы терминдер қатарына өткізу жолымен термин жасау тәсілі – тіл білімінде терминдену деп аталынып жүргендігі белгілі.

Терминнің табиғатын ашу үшін терминтанушы концептолог сияқты ұғымнан сөзге қарай және керісінше, лексиколог тәрізді терминнің қолданысына мән бере отырып, лексиколог пен концептологтың арасынан табылуға тиіс деген пікірдің негізі бар. Сонда ғана терминнің термин-сөз және термин-ұғым деп аталатын екі қырына бірдей мән берудің мүмкіндігі туындайды.

Ғылым мен техниканың үздіксіз даму барысында белгілі бір ғылым саласында жаңа ұғым дүниеге келеді. Ол ұғым сол өзі қатысты болатын ұғымдар жүйесінен тиісті орнын алады. Яғни, ол ұғымның өзіне тән басты белгілері, басқа ұғымдардан ерекшелігі, көлемі айқындалады. Енді ол ұғым термин деңгейіне көтерілуі үшін тілде таңбалануы керек. Сол таңбаланушы ұғымды

– терминологияда *терминделуші ұғым* деп атауға болады. Осы терминделуші ұғымның өз таңбалаушысын (означающее) тауып, тілдік формаға ие болуы, яғни сөзбен белгілену процесі *терминделу* деп аталып жүр.

Ал терминденуге келер болсақ, ол терминделуге қарама-қарсы процесс. Жаңа ұғым өзін белгілі бір сөзбен атауды қажет ететіндігі сияқты тілдегі сөздердің арасынан сол ұғымның мәнін толық ашатындай сөзді табу да қажет. Осы екі қажеттіліктің өтелуі негізінде термин пайда болады.

Сонымен, **терминдену** дегеніміз — *тілдің жалпы лексикасынан немесе арнаулы лексикасынан терминделуші ұғымға сәйкес келетін сөзді тауып, оны сол ұғым қатысты болатын терминологиялық өріске өткізу арқылы аталған ұғымның атауы ретінде оған терминдік мағына жүктеу процесі.*

Ұғымның терминделуі мен сөздің терминденуі нәтижесінде термин туындайды. Терминделуді терминдену процесінің ұғым тұрғысынан қарағандағы екінші жағы деп түсінген жөн. Алайда терминологияда ең бастысы ұғым болғандықтан ұғым белгілі болмай тұрып, оны сөзбен белгілеудің қажеттілігі де болмайды. Яғни, терминделуші ұғым айқындалмаған болса, сөздің терминденуіне де негіз жоқ. Терминделу негізінде *термин-ұғым*, терминдену негізінде *термин-сөз* пайда болады да екеуінің бірлігінен термин жасалады. Терминделуші ұғым алғашқы болғандықтан терминденуші сөз оған бағынышты болады. Ғылым мен техниканың дамуына сәйкес ғылыми ұғым күрделенсе немесе мүлде өзгеріске ұшыраса, оның тілдік формасы термин-сөз де өзгеріске ұшырауы да, сол қалпын сақтап қалуы да мүмкін. Соған қарап термин-сөз жай ғана шартты таңба деп оның рөлін төмендетуге болмайды. Әрбір жеке термин-ұғым өзінің термин-сөзін иеленбесе, басқаша айтқанда, терминделуші ұғым белгілі бір сөзбен белгіленіп атауға ие болмаса, ол термин бола алмайды. Әрбір жеке ұғым ғана емес, олардың өзара байланысы тұтастай ұғымдар жүйесі термин-сөздерге де бағынышты. Ендеше термин-ұғым мен термин-сөзді де, терминделу мен терминденуді де бір бүтіннің екі қыры ретінде бірлікте, тұтастықта қарау қажет. Енді жалпыхалықтық тілдегі сөздердің қалай терминденетіндігіне көңіл аударып көрелік. Көп жағдайда жалпы қолданыстағы сөздің терминденуіне терминделуші ұғым мен тілде бұрыннан бар ұғымның қандай да бір ұқсастықтары себеп болады. Мысалы, жалпы қолданыста кебек деп «ұнды елегенде, алғаш түйілген астықты ұшырғанда шығатын қауызды» айтса, жол шаруашылығы терминологиясындағы **кебек** (*высевка*) термині «тау жыныстары мен жасанды тастарды, майдалағанда алынатын, мөлшері 3-5 мм майда тас қалдықтары» – деген ұғымды білдіреді.

Бұл жерде жалпы қолданыстағы сөздің терминденуіне ұғымдардың ұқсастығы (екеуінің де бір нәрсенің қалдығы екендігі) негіз болған. Нәтижесінде жалпы қолданыстағы сөзден өзге ұғымды білдіретін жаңа термин сөз туындады да ол өзінің жасалуына негіз болған сөздің омониміне айналды.

«Кебек» термині биологияда да кездеседі. Биологияда кебек (отруби) деп «ұн елеген кезде, дәнді дақылдарды түйгенде түсетін протеин, май, клетчатка және күлге бай қалдықты» – айтады.

Мұнда жалпы қолданыстағы сөз бен термин бір ғана ұғымның атауы болып тұр. Алайда, олардың анықтамаларынан көріп отырғанымыздай, өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Дәлірек айтқанда, айырмашылықтары өте үлкен. Терминнің анықтамасы мейлінше нақты және онда кебектің құрамында протеин, май, клетчатка, күл сияқты заттардың болатыны көрсетілген. Сондай-ақ «кебек»термині өзі қатысты болатын терминологиялық өріс ішінде терминге тән қасиеттердің бәріне ие.

Байқап отырғанымыздай, екі арнаулы саладағы «кебек» термині де жалпы қолданыстағы «кебек» сөзінің негізінде екі түрлі жолмен терминденген.

Жалпы қолданыстағы сөздердің терминденгені тәрізді белгілі бір арнаулы саланың термині де қайта ойлау негізінде өзге ғылым саласына ауысып, басқа терминологиялық өрістен орын алуы мүмкін. Терминденудің мұндай жағдайында салааралық омонимдер туындайды. Бірақ бұдан салааралық омонимдердің барлығы тек терминденудің осы сөз болып отырған түрі арқылы ғана пайда болады екен деген түсінік қалыптаспауға тиіс. Оның өзге де өзіндік себептері бар.

Жалпы, тіл білімінде терминжасамның қарастырылып отырған әдісі терминденудің бір түрі ретінде көрсетіліп жүр. В.Иванов, В. Даниленко сияқты ғалымдардың еңбектерінде терминденудің бұлаталған түрі «*екінші терминдену*» (*вторичная терминологизация*) деген терминмен аталса, А.В.Суперанская бастаған авторлардың еңбектерінде, «*транстерминологизация*» деген термин қолданылған.

Терминденудің бұл түрі тіл білімінде арнайы зерттелмегендіктен де оның ерекшеліктері айқындалып, соған сәйкес нақты атауға ие бола алмай жүргендігі аңғарылады. Ал жоғарыдағы терминдердің қайсысын қолданған дұрыс дегенге келер болсақ, біздіңше, терминденудің бұл түрін «*екінші терминдену*» деп атау терминдік ұғымды дәл бере алмайды. Себебі, кейбір сөздер жалпы лексикалық өрістен белгілі бір терминологиялық өріске өтіп, одан келесі ғылым саласынан немесе кез келген арнаулы саладан орын алумен ғана шектеліп, яғни екі-ақ рет терминденіп қана қоймауы мүмкін. Бір терминнің үш, төрт немесе одан да көп арнаулы салаға алмасуы терминологияда ұшырасып тұратын құбылыс. Мәселен, *редукция* термині философияда, заң ғылымында, тіл білімінде қолданылса, ісіну термині геологияда, медицинада, жол шаруашылығы терминологиясында қолданылады.

Ғылымның бір саласынан екінші, үшінші, төртінші... салаларына терминдену жолымен ауысқан мұндай терминдердің терминологияда аз ұшыраспайтыны аңғарылады. Егер сөздің немесе терминнің канша рет терминденгендігіне, яғни неше ғылым саласына ауысқанына қарап атар болсақ, онда «*үшінші терминдену*» «*төртінші терминдену?*»... деп терминологиядағы бір ғана құбылысты бірнеше атаумен атауымызға тура келген болар еді. Сондай-ақ жалпы қолданыстағы бір ғана сөздің негізінде бір мезгілде бірнеше арнаулы саланың терминдері жасалуы да мүмкін. Мәселен, тіліміздегі *ескек* сөзі терминденудің екі түрлі тәсілмен спорт терминіне және өсімдіктану терминіне айналған.

Бұлай терминдену бір ғылым саласындағы дайын терминнің екінші ғылым саласына өтуінен өзгеше. Мұнда да сөз екі рет терминденіп тұр. Сондықтан да «*екінші терминдену*» терминін сәтті жасалған терминдердің қатарына қосуға болады деп айта алмаймыз. А.В.Суперанская бастаған авторлардың өз еңбектерінде бұл терминді қолданбай «*транстерминологизация*» терминін енгізуінің өзіндік себептері болса керек. Біздіңше, осы соңғы термин алдыңғы терминге қарағанда терминделуші ұғымның мәнін аша түседі. Латын тілінен (француз тілінен емес) алынған «*транс*» терминдік элементі «*қандай да бір кеңістік арқылы ауыстыру*» деген мағынаны білдіреді.

Әрбір арнаулы саладағы ұғымдар бір-бірімен өзара байланыста бола отырып, өзіндік жүйе құрайды. Кез келген термин өзінің терминге тән барлық қасиеттерін сақтай алатын олардың өмір сүру аймағы — терминологиялық өріс өзінше дербес кеңістік болып табылады. Терминнің бір терминологиялық өрістің шекарасынан өтіп, келесі бір терминологиялық өрістен орын алуын «*транс*» терминдік элементі арқылы білдірудің себебі осында жатқан болар деп ойлаймыз. Сондықтан да алдыңғы терминмен (*екінші терминдену*) салыстырғанда терминденудің бұл түрін *транстерминологизация* деп атаудың артықшылығы бар деуге болады.

Ал қазақ тіліне келгенде терминденудің бұл түріне ат қоюда біз оған басқа қырынан келдік. *Транстерминологизация* терминінің құрамындағы «*транс*» терминдік элементінің орнына біз тіліміздегі «*ішкі*» сөзін алып, термин шығармашылығының (*терминотворчество*) бұл түрін «*ішкі терминдену*» деп атауды ұйғардық. Оның ең басты себебі — терминдену көзінде сөз жалпы лексикалық өрістен (немесе кәсіби сөздер мен диалектизмдер есебінен, яғни терминологиялық лексикадан тыс жатқан сөздердің негізінде жасалса) терминологиялық өріске өту арқылы термин жасалса, *ішкі терминдену* кезінде сырттан сөз алынбай, термин терминологиялық жүйенің өз ішінде белгілі бір ғылым саласындағы терминнің негізінде жасалады.

Яғни, ішкі терминдену тілдің кіші жүйесінің шеңберінде жүріп жататын процесс. Соған сәйкес *ішкі терминдену* термині аталған процестің өзіне ғана тән ерекшелігін және терминденудің алғашқы түрінен айыратын ең басты белгісін көрсетеді деген есеппен осы атауға тоқталдық.

Бұрын терминдік мағынада жұмсалмаған сөз бен белгілі бір арнаулы саладағы дайын терминді өзге ғылым саласының термині ретінде қайта пайдаланудың өзіндік ерекшеліктері бар. Сол ерекшеліктерін ескере отырып, оларды терминдену тәсілінің екі түрі деп тану қажет.

Терминологиялық жүйенің сыртында жатқан сөздердің (олардың қатарына жалпы қолданыстағы сөздер, диалектизмдер, кәсіби сөздер, көнерген сөздер жатады) термин ретінде пайдаланылуын шартты түрде «*сырттан терминдену*» деп атауға болады. Оны жалпы *терминдену* деп атайтынымыз белгілі. Біздің сырттан терминдену деп отыруымыздың себебі – ішкі терминдену мен сырттан терминдену процестерінің яғни, бір ғана терминдену құбылысының екі түрінің аражігін айқын көрсету мақсатынан туындап отырған әрекет. Енді

осы терминдену процесінің аталған екі түрінің басты айырмашылықтарына тоқталайық.

Сырттан терминденудің ең басты ерекшелігі – терминделуші ұғымға атау болып отырған сөз терминологиялық лексикадан алынбайды. Көбінесе жалпы қолданыстағы сөздерге терминдік мағына жүктеліп, белгілі бір арнаулы саладағы ұғымның атауы ретінде тиісті дефиниция беріледі. Сөз жалпы лексикалық өрістен терминологиялық өріске өтіп, соған сәйкес терминге тән қасиеттерді иеленеді. Терминдену жолымен жасалған терминнің туындауына негіз болған жалпы қолданыстағы сөздің де өзіндік қасиеттері сақталып, бастапқы мағынасында жұмсала береді. Терминдену нәтижесінде оның қолданысына нұқсан келеді деуге болмайды.

Жалпы қолданыстағы сөздің терминденуін мына мысалдан көруге болады. Жалпы қолданыста дабыл сөзі: 1) «Жаугершілікте, жорықта, той-думанда халықты бір жерге жию үшін пайдаланылған аспап» 2) «саусақпен қағып ойнайтын музыкалық аспап» деген ұғымдарды білдіреді.

Тіліміздегі осы сөздің терминденуі негізінде **дабыл** (*тревога*) әскери термині жасалған. Әскери терминологияда «дабыл» термині төмендегідей бір-бірімен өзара байланысты ұғымдарды білдіреді:

1) *Әскери бөлімшенің (бөлімнің құраманың) белгіленген мерзімде толық жауынгерлік дайындықта болуы және алдын-ала жоспарланған шепке (орын, жер) орналасуы үшін берілетін шартты (ракета, сирена, горн арқылы) белгі;*

2) *жергілікті жердегі халықты әуе қауіппен, атом, химиялық қарулардың қауіппен немесе т. б. сақтандыру хабары;*

3) *белгілі бір тәртіптің күшіне енгендігін көрсету үшін берілетін шартты белгі (немесе сигналдар жүйесі).*

Терминденудің мұндай жағдайында жалпы қолданыстағы термин емес сөз белгілі бір терминологиялық өріске енгізіліп, терминдік мағынаға ие болады да, соның нәтижесінде жалпы қолданыстағы сөз бен термин омонимге айналады немесе сөздің бастапқы мағынасы нақтыланады (тарылады, кеңиді). Терминденудің бұл түрі жалпы қолданыстағы сөздің бастапқы мағынасының метафоралануы, өзге тілдегі сөздің кальктануы (семантикалық конверсия) және сөз мағынасының, нақтылануы сияқты жолдар арқылы жүзеге асырылады.

Ал ішкі терминдену кезінде ең алдымен терминделуші ұғым атауы терминологиялық жүйенің өз ішіндегі белгілі бір терминологиялық өрістен алынады. Мәселен, физикада, психологияда, тіл білімінде қолданылатын «өріс» термині, философияда, тіл білімінде қолданылатын «байымдау» және «донор» (химия, медицина), «субъект» (философияда, логика, заң ғылымында) сияқты көптеген терминдер арнаулы лексиканың өз ішінде бір ғылым саласынан екінші ғылым саласына ауыстыру арқылы жасалған.

Мұндай салааралық омонимдердің туындауына көбінесе жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі тәрізді, ғылыми ұғымдардың өзара ұқсастықтары негіз болады. Сондай-ақ жоғарыда айтқанымыздай, терминологиядағы салааралық омонимдердің пайда болуына тек ішкі

терминдену ғана себеп болмайды. Жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуінің нәтижесінде де көптеген салааралық омонимдер туындауы мүмкін.

Ғылымда белгілі бір құбылысты, ұғымды әртүрлі ғылым тұрғысынан қарастыруға байланысты да салааралық омонимдер туындайды. Мысалы, *дыбыс* термині тіл білімінде, музыкада, физиологияда қолданылады. Тіл білімінде *«сөйлеу мүшелерінің қатысымен айтылып, естуге болатын ең кішкентай бөлшек дыбыс делінеді»*. Музыкалық терминологияда *«дыбыс деп – қатты дененің (металл, газ, ішек немесе қуыс трубканың ішіндегі ауаның) тербелісінің толқын түрінде таралатын қозғалысын»* – айтады. Ал физиологияда *«дыбыс дегеніміз – ауаның аумаққа қарай толқындалуы»*.

Ішкі терминденудің тағы бір өзіндік ерекшелігі – тіліміздегі сөзжасамның әртүрлі тәсілдері (аналитикалық, синтетикалық, лексика-семантикалық) арқылы жасалған терминдер де терминдене алады. Яғни, қандай да бір терминологиялық өріс ішіндегі термин шығармашылығының түрлі тәсілдері арқылы туындаған терминдер жалпы қолданыстағы сөздер тәрізді дайын атау ретінде бір саладан екінші салаға көшіріле береді. Терминденудің екі түрінің ұқсастығы да, осында жатыр.

Ішкі терминдену кезінде салалық терминологиялардың ішіндегі бұрын жасалған термин бір өрістен екінші өріске қалпын сақтай отырып ауысса, сырттан терминдену кезінде ұлттық тілде бұрыннан бар дайын сөз де сол қалпында тілдің арнаулы лексикасының бір саласы болып саналатын терминологияға өткізіледі. Сонымен қатар ішкі терминдену кезінде тек ұлттық тілдің негізінде жасалған атаулар ғана емес, шет тілдерінен алмасқан терминдер де терминденеді. Себебі, ішкі терминдену кезінде олар терминологиядағы дайын атаулар болып саналады. Мысалы, *донор* термині: 1) химияда, 2) медицинада; 3) техникада; субъект термині: 1) философияда; 2) заң ғылымында; 3) логикада; *редукция* термині: 1) философияда, 2) тіл білімінде (фонетикада), 3) заң ғылымында, 4) медицинада (стоматология саласында) қолданылады. Осы терминдердің барлығы да ішкі терминдену процесінің нәтижесінде бір арнаулы саладан келесі арнаулы салаға көшірілген. Мұндай терминдер терминологияда аз кездеспейді.

Бұдан шығатын қорытынды – ішкі терминдену кезінде терминнің қай тілдің сөзі екендігі ескерілмей, оның дефинициясы мен белгілейтін ұғымы негізгі рөл атқарады. Яғни, шет тілдерінен енген терминдер де (термин алмасу жолымен) ұлттық тілдегі сөздермен бірдей терминдік қасиеттерге ие болатындықтан терминдену кезінде де олармен тең дәрежеде тұра алады.

Ішкі терминдену кезінде жалпыхалықтық сөздердің терминденуі арқылы жасалған терминдер терминология көлемінде қайтадан терминденсе, яғни, бұл жолы бір тәсіл екі рет қолданылса, терминжасамның өзге тәсілдерінің көмегімен жасалған терминдер мен шет тілдерінен алмасқан терминдер енді термин шығармашылығының өздері жасалған жолынан бөлек тәсіл (ішкі терминдену) арқылы келесі бір ғылым саласындағы терминдердің қатарын



толықтырады. Бұл құбылыс термин шығармашылығында бір ғана сөздің, негізінде әртүрлі тәсілдерді пайдалану жолымен жаңа терминдердің жасала беретіндігін көрсетеді.

Жоғарыда жалпыхалықтық тілдегі сөздердің де, арнаулы саладағы терминдердің де терминденуінің нәтижесінде омонимдер туындайтындығы туралы сөз болды.

В.Даниленко ондай омонимдерді **жүйеаралық омонимдер** десе, кейбір авторлар (А.А.Реформатский, А.Суперанская т.б.) әртүрлі ғылым саласындағы терминдердің таңбалаушыларының сәйкес келуін – **«салааралық омонимдер»** (*межотраслевые омонимы*) – дейді.

Біздіңше, *жүйеаралық омонимдер* деп – жалпы қолданыстағы сөздер мен арнаулы саладағы терминдердің, яғни, тілдің жалпы лексикалық жүйесі мен терминологиялық жүйесінің арасындағы сәйкестікті атаған жөн. Ал *салааралық омоним* терминін аталған авторлар қолданған мағынада жұмсасақ, терминологиядағы омоним түрлерінің аражігі ашылып, аталған терминдер олардың өзіндік ерекшеліктерін көрсете түскен болар еді.

А.Суперанская бастаған авторлардың аталған еңбектерінде терминдену нәтижесінде бір ғылым саласынан өзге ғылым саласына немесе терминологияға алмасқан терминнің сол ғылым саласында қалыптасқан жаңа мағынасына сәйкес өзінің бастапқы саласына «қайта оралуын» – ішкі терминденудің бір түрі ретінде қарастырып, оны – ретерминологизация терминімен атайды. Терминденудің бұл түрін біз қазақ тілінде кері терминдену деп атасақ, терминделуші ұғымның мәні толық ашылады деп білеміз. Алайда, бұл процесс терминологияда өте сирек ұшырасатындықтан ол туралы арнайы сөз қозғаудың әзірше реті жоқ.

#### V.4. Калькалау – терминжасам тәсілі

**Калькалау** – өзге тілдердің терминдерінің жасалу үлгісі мен мағынасын пайдалана отырып, ұлт тілінде термин жасау болып табылады.

Кальканың тілдік табиғаты түрліше түсіндіріледі. Мысалы:

а) Калькалау термин шығармашылығында айрықша орын алады, осының өзі оны терминжасамның жеке амалы ретінде қарастыруға негіз болады.

ә) Калькалауды сөз алмасудың байқалмайтын түрі, оны «жасырын сөзалмасым» немесе «жабық сөзалмасым» (скрытое заимствование) деп түсіну керек.

б) «Калькалау терминдену, терминжасам және терминалмасым сынды негізгі үш тәсілдің бірігуінен (қиылысуы мен өзара әсерінен) тұрады<sup>337</sup>»

Калькада алдыңғы екі (а, ә) түрлі сипаттың болуын жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен үшінші тұжырымның негізі берік деуге болады. Калькалау барысында өзге тілдегі сөздің мағынасының, құрылымының

337 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Калкирование//Общая терминология. Вопросы теории. М.,1989.С.219.



пайдаланылатыны рас. Өнімділігіне қарай жеке тәсіл ретінде танылып, өзге тілден сөз алынбай ұлт тілінің өз сөзі пайдаланылатындықтан оны «жасырын сөзалмасым» немесе «жабық сөзалмасым» дейтіні де сондықтан. Калькалау барысында бір тілден екінші тілге сөз мағынасы да, сөздің құрылымы да алмасумен қатар нәтижесінде қабылдаушы тілде жаңа термин жасалады. Яғни мұнда тіларалық терминдену мен терминжасамдық сипат бар. Сол себепті калькалауды үш тәсілдің бірлігінен тұратын, терминжасамның құранды тәсілі ретінде қарастырудың негізі бар.

Калька құрылымы мен мазмұнының қабылдаушы тілде игерілуіне, қабылдануына қарай **сөзжасамдық калька, семантикалық калька, фразеологиялық калька** деп жіктеледі.

**Сөзжасамдық калька** – шет тілі сөзін әр морфемасы бойынша дәл аудару.

**Семантикалық калька** – шет тілі сөзінің ауыспалы мағынасын алу.

**Фразеологиялық калька** – фразеологизмді сөзбе-сөз аудару.

Сондай-ақ, кальканың сөз тіркесі түріндегі, сөйлем түріндегі **синтаксистік калька** деген де түрі бар.

Шет ел тіліндегі сөздердің толық немесе жартылай игерілуіне қарай да калькалар жіктеліп жатады. Егер өзге тілдегі сөз үлгісі жартылай көшірілсе, оны *жартылай калька* ал тұтастай көшірілсе, онда оны *толық калька* дейді. Басқаша айтқанда, толық калька – кальканың шет тілі сөзінің мағынасы мен мазмұнын ашуға оның терминнің барлық компоненттері қатысатын түрі. Ал жартылай калька – терминнің мағынасын ашуға сыңарларының бір бөлігі (немесе біреуі ғана) қатысып, қалған сыңарларының терминнің дыбысталуына ғана ықпал етіп, дербес мағынасы болмайтын түрі.

Шет тілдері сөздерінің семантика-морфологиялық құрылысын дұрыс түсінбеуден туындайтын, қате жасалған калькаларды *жалған калька* дейді.

Қазақ тілінің терминқорында калька тәсілімен жасалған термин сөздер көптеп саналады. Олар негізінен кеңестік дәуірде қалыптасқан терминдер. Қазақ тіліндегі калька терминдердің басым бөлігі орыс тіліндегі терминдер үлгісімен жасалған. Кеңестік дәуірде терминалмасым негізінен «орыс тілінен → қазақ тіліне» түрінде біржақты бағытта жүзеге асырылып, біздің тіліміз үшін орыс тілі терминқор қалыптастырудың бірден-бір сыртқы көзі, үлгі тіл ретінде танылды. Сондықтан да қазақ тіліндегі калька жолымен жасалған терминдердің негізгі бөлігінің үлгісі орыс тіліндегі терминдер болып келеді. Бізде осы тәсілмен жасалған терминдерді дұрыс қабылдап, бұл тәсілді термин шығармашылығында ұтымды пайдаланып, оның өнімділігін арттыра түсу қажет деп санайтындардан гөрі, бұл жолмен жасалған терминдерді сөзбе-сөз аудару, жасанды деп жатсыну көбірек байқалады. Оның бір себебі – кеңестік кезеңде үстемдігі өткен орыс тілінің ықпалынан арылып, соңғы жылдарда байқалып отырған ұлт тілінің сөзжасам тәсілдері мен ішкі лексикалық байлығын барынша тиімді пайдалануға ұмтылу үрдісімен де байланысты болса керек деп пайымдаймыз. Әрине, өзге тілдерге орынсыз көп жүгінудің реті жоқ. Алайда іргені аулақтаудың да жөні бар екенін естен шығармағанымыз

жөн. Калькалау өзге тілдердің сөздерін дайын өзгеріссіз көшіру емес. Біздіңше, жалпы калькалауды шет тілдерінің сөздерін игерудің тәсілі деп қарайтын ғалымдардың пікіріне көбірек ден қойған орынды. Толық калька жасау кезінде ұлт тілінің сөздері мен қосымшалары пайдаланылады. Термин жасаудың жаңа үлгілері туындайды. Семантикалық калька жасау барысында да метафоралау, алмастыру жолымен тіліміздегі сөздердің арнайылану, терминдену процесі жүзеге асады. Калькалауды механикалық түрде айнытпай көшіру деп қана қабылдамай, оның белгілі дәрежеде шығармашылық процес екендігін де ескерген дұрыс. Бұл орайда **«Калька – тіл тұтынушыларының шет тілдері сөздерінің еш өзгеріссіз ұлт тіліне енуіне қарсылығы»** деген пікірдің негізсіз емес екеніне назар аударған абзал. Әйгілі тілші-ғалым Л.Блумфилд кальканы шет тілінің сөзін аудару немесе шетел тілінің сөзі арқылы берілген ұғымды өз тілінің сөзімен атай отырып, жаңа сөз жасау деген болатын.

Жалпы қай тәсілмен болмасын жаңа сөз, жаңа термин жасауды оп-оңай шешімін табатын, әркімнің де қолынан келе беретін бұқаралық іс емес. Бұл арнайы біліктілікті, машықтануды, көп ізденісті қажет ететін, шығармашылықпен жүзеге асатын жұмыс. Калькалау да солай. Термин шығармашылығында бұл тәсілді пайдалана отырып арнаулы сала атауларын жасағанда бұл мәселенің «Калькалау тәсілімен термин жасау – оңай іс емес. Аударма сәтті болуы үшін шет тілі сөзінің семантикасын, морфологиялық құрылымы мен қолданылатын саласын жақсы білу керек.»<sup>338</sup> – деп Г.Ц.Пюрбеев атап көрсеткен қырларына жете көңіл аудармай болмайды.

Кейбір тілдерде калька шет тілдері сөздерін игерудің бірден-бір тәсілі болып саналады. Біз де солай етейік деп өзге тілдерді үлгі ете берудің реті бола қоймас. Бірақ қажетіне қарай, термин шығармашылығында бұл тәсілді де жатсынбай пайдаланып, оны тіліміздің табиғатына сәйкестендіріп жетілдіре білсек, терминжасам тәсілдеріміздің өрісі кеңейіп, өзге тілдердің сөздерін игеру мүмкіндігіміз арта түспек.



338 Пюрбеев Г.Ц. Калькирование иноязычных терминов // Современная монгольская терминология. М., 1984. С. 101.

## II БӨЛІМ

ТЕРМИНТАНУ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ОРЫСША-ҚАЗАҚША  
СӨЗДІГІ

## А

Аббревиатурный термин – қысқарған термин

Аббревиатурный терминологический элемент – қысқарған терминбөлшек

Абсолютная интернационализация терминов – см. Полная интернационализация

Абсолютная мотивированность – толық уәжділік

Абсолютная однозначность термина – терминнің толық бірмағыналылығы

Абсолютная синонимия терминов – терминдердің толық синонимділігі

Абстрактность терминов – терминдер дерексіздігі (абстрактілігі)

Австрийская терминологическая школа – см. Венская терминологическая школа

Австро-германская терминологическая школа – Австрия-германия терминтану мектебі

Автоматизированная система информационно-терминологического обслуживания – ақпараттық-терминологиялық қызмет етудің автоматтандырылған жүйесі

Автоматизация терминологических работ – терминологиялық жұмыстарды автоматтандыру

Автор термина – термин авторы

Авторская терминология – авторлық терминология

Авторский термин – авторлық термин

Административно-политический термин – әкімшілік-саяси термин

Акронимный термин – әріптік қысқартылған термин

Активное овладение терминологией – терминологияны белсенді меңгеру

Акцентологический вариант термина – см. Фонетический вариант термина

Аллотермины – см. Термины-варианты

Алфавитно-гнездовой терминологический словарь – әліпбилік-ұялық терминологиялық сөздік

Алфавитный терминологический словарь – әліпбилік терминологиялық сөздік

Анализ терминологии – терминологияны талдау

Антонимия терминов – терминдер антонимділігі

Апробация терминосистем – терминжүйені сынақтан өткізу

Ареал термина – термин аумағы

Ареальные дублеты – аймақтық дублеттер

Ареальный термин – аумақтық термин

Архаический термин – см. Устаревший термин  
 Архитектурный термин – сәулет термині  
 Аспектные синонимы – аспектілік синонимдер  
 Ассоциативная благозвучность термина – терминнің ұқсату үндесімділігі  
 Ассоциативная неблагозвучность термина – терминнің ұқсату үндесім-сізділігі

**Б**

Базовый отраслевой словарь – базалық салалық сөздік  
 Базовый термин – базалық термин  
 Базовый терминологический фонд – негізгі терминологиялық қор  
 Безэквивалентный термин – баламасыз термин  
 Биологический термин – биология термині  
 Бинарное терминологическое сочетание – см. Двухкомпонетный термин  
 Благозвучность термина – термин үндесімділігі  
 Большая терминосистема – см. Микротерминосистема  
 Ботанический термин – ботаника термині  
 Буквальное значение термина – терминнің дәлме-дәл мағынасы  
 Буквенная длина термина – см. Знаковая длина термина  
 Бытовой термин – тұрмыстық термин

**В**

Валентность термина – термин валенттілігі  
 Вариантность термина – термин варианттылығы  
 Вариативность термина – см. Вариантность термина  
 Введение термина в текст – терминді мәтінге кірістіру  
 Ведущий термин – см. Основной термин  
 Венская терминологическая школа – Вена терминтану (терминология) мектебі  
 Величина терминологии – терминология көлемі  
 Вертикальный терминологический ряд – тік терминологиялық қатар  
 Верхний предел термина – терминнің жоғарғы шегі  
 Взаимозаимствование терминов – өзара терминалмасым  
 Видовой термин – түртермин  
 Внедренность термина – терминнің қолданысқа енгендігі  
 Внутренняя унификация – тілішілік біріздендіру  
 Внутренний термин – ішкі термин  
 Внутригнездовой термин – ұяішілік термин  
 Внутриязыковая координация терминологии – терминологияны тілішілік үйлестіру  
 Военный термин – әскери термин  
 Возраст терминологии – терминология жасы  
 Волновое развитие терминологии – терминологияның толқынды дамуы  
 Воронежская терминологическая школа – Воронеж терминтану мектебі

- Время появления термина – терминнің пайда болу уақыты  
 Время исчезновения термина – терминнің жойылу уақыты  
 Вторая степень терминологизации – терминденудің екінші дәрежесі  
 Вторичная терминологизация – с. Транстерминологизация  
 Выбор термина – термин таңдау  
 Выборочный терминологический контроль – ішінара терминологиялық бақылау  
 Выделение терминов – терминдерді бөлу  
 Высокочастотный термин – см. Употребительный термин  
 Вышестоящий термин – см. Родовой термин

## Г

- Гармонизация терминологий – терминологияны үндестіру  
 Генезис терминологии – см. История терминологии  
 Генетические параметры терминологии – терминологияның генетикалық өлшемдері  
 Генетическое родство терминологии – терминологияның генетикалық туыстығы  
 Гетероним – см. Термин-эквивалент  
 Гибридная интернационализация – жартылай халықаралықтандыру  
 Гибридный термин – будан термин  
 Гибридо-термин – см. Гибридный термин  
 Гипероним – см. Родовой термин  
 Гипоним – см. Видовой термин  
 Глубина термина – термин құралымы  
 Гнездовое образование терминов – ұялы терминдер жасау  
 Гнездовость термина – термин ұялылығы  
 Гносеологическая функция термина – терминнің танымдық қызметі  
 Гносеологическое терминоведение – гносеологиялық терминтану  
 Горизонтальный терминологический ряд – көлденең терминологиялық қатар  
 Горьковская терминологическая школа – Горький терминология мектебі  
 Государственный терминологический стандарт – Мемлекеттік терминологиялық стандарт  
 Грамматическая ассимиляция термина – терминнің грамматикалық игерілуі  
 Грамматическая освоения термина – см. Грамматическая ассимиляция термина  
 Границы термина – термин шегі  
 Границы терминосистем – терминжүйелер шекарасы  
 Графемная часть номена – номеннің әріптік бөлігі  
 Графическая ассимиляция термина – терминнің графикалық игерілуі  
 Графическое варирование терминов – терминдердің графикалық варианттылығы

Греко-латинский термин – грек-латын термині

Греко-латинский терминологический элемент – грек-латындық терминбөлшек  
Громоздкий термин – шұбалаңқы термин

Громоздкость термина – термин шұбалаңқылығы

## Д

Двухкомпонентный термин – екі сыңарлы термин

Двухсловный термин – см. Двухкомпонентный термин

Двухсоставный термин – см. Двухкомпонентный термин

Двуязычная терминология – екітілді терминология

Деантропонимический термин – см. Эпоним.

Действующий термин – қолданыстағы термин

Денотативная функция термина – терминнің таңбаланушылық (денотативтік) қызметі

Деривационная продуктивность термина – см. Деривационная способность термина

Деривационная способность термина – терминнің сөз тудыру қабілеті

Деривационное терминообразование – см. Морфологическое терминообразование

Детерминологизация – бейтерминдену

Дефекты терминологии – см. Недостатки терминологии

Дефинитивная функция термина – терминнің анықтамалық қызметі

Дефинитивность термина – терминнің анықтамалылығы

Дефиниция термина – терминнің анықтамасы

Дефинированность терминологии – терминология анықтамаланғандығы

Диалектный термин – жергілікті термин

Диалектный терминологический словарь – диалектілік терминологиялық сөздік

Диакроническая продуктивность модели термина – терминүлгінің тарихи өнімділігі

Диакронические параметры терминологии – см. Генетические параметры терминологии

Диакронический анализ терминологии – терминологияны тарихи талдау

Диакроническое терминоведение – тарихи (диакронды) терминтану

Дидактическая функция термина – терминнің дидактикалық қызметі

Дипломатический термин – дипломатия термині

Дифференцирующая функция термина – номеннің ажыратушылық қызметі

Длина термина – термин ұзындығы

Длина терминов терминологии – терминология терминдерінің ұзындығы

Долгосрочная стандартизация терминологии – терминологияны ұзақ мерзімдік стандарттау

Долгосрочное терминологическое обеспечение – ұзақ мерзімдік терминологиялық қамтамасыз ету

Допустимый термин – қолдануға болатын термин  
 Дублетность терминологии – терминдер дублеттілігі  
 Дублетные термины – см. Термины-абсолютные синонимы

### Е

Единообразие терминологии – терминология біркелкілігі  
 Естественнаучный термин – жаратылыстану термині

### З

Задачи терминоведения – терминтану міндеттері  
 Заимствование иноязычных терминов – см. Терминозаимствование  
 Заимствованный термин – кірме термин  
 Законы развития терминологии – см. Тенденции развития терминологии  
 Закрепление терминологии – терминологияны бекіту  
 Замененный термин – алмастырылған термин  
 Замкнутость терминологии – терминология тұйықтығы  
 Зарождение терминологии – терминологияның туындауы  
 Звуковая оболочка термина – см. Форма термина  
 Знаковая длина термина – терминнің таңбалық ұзындығы  
 Значение термина – термин мағынасы  
 Значение терминологического элемента – терминбөлшек мағынасы

### И

Идеографический терминологический словарь – идеографиялық терминологиялық сөздік  
 Идеологическая окрашенность термина – терминнің идеологиялық боялымы  
 Идеологическая функция термина – терминнің идеологиялық қызметі  
 Идиолектный термин – см. Авторский термин  
 Идиоматичный термин – см. Термин-фразеологизм  
 Иерархичность терминологии – терминологияның сатылық байланысы  
 Избирательное информационно-терминологическое обслуживание – таңдамалы ақпараттық-терминологиялық қызмет көрсету  
 Изосемный термин – см. Равнозначный термин  
 Импликационное типологическое терминоведение – байланыспалы типологиялық терминтану  
 Инвентаризационный терминологический словарь – түгендеуші терминологиялық сөздік  
 Инвентаризация терминов – терминдерді түгендеу  
 Инвентаризационная функция терминологического словаря – терминологиялық сөздіктің түгендеу қызметі  
 Индивидуальная терминосистема – см. Личностная терминосистема  
 Индивидуализирующая функция номена – номеннің даралаушы қызметі  
 Индивидуальный термин – см. Авторский термин

- Иноязычный термин – өзгетілдік термин  
 Иноязычный терминологический элемент – шет тілдік терминбөлшек  
 Интернациональный термин – халықаралық термин  
 Интернациональный терминологический фонд – халықаралық терминологиялық қор  
 Интернационализация терминологии – терминологияны халықаралықтан-дыру  
 Интернациональность терминологии – терминологияның халықаралықтығы  
 Интенция термина – терминнің интенциясы  
 Интернациональный термин – халықаралық термин  
 Интернационализм – см. Интернациональный термин  
 Интернациональный терминологический элемент – халықаралық терминбөлшек  
 Интерпретирование терминов – терминдерді түсіндіру  
 Информативность термина – терминнің ақпараттылығы  
 Информационная функция термина – терминнің ақпараттық қызметі  
 Информационное обеспечение стандартизации терминологии – терминологияны стандарттауды ақпараттық қамтамасыз ету  
 Информационно-терминологическая служба – ақпараттық-терминологиялық қызмет көтсету  
 Исконность терминологии – терминологияның байырғылығы  
 Исконный термин – байырғы (төл)термин  
 Искусствоведческий термин – өнертану термині  
 Историко-типологическое терминоведение – тарихи-типологиялық терминтану  
 Исторический терминологический словарь – тарихи терминологиялық сөздік  
 История терминоведение – терминтану тарихы  
 История терминологии – терминология тарихы  
 Источник терминологии – см. Терминоисточник  
 Исходный термин – бастапқы термин  
 Индивидуальная терминология – жеке терминология

## К

- Калькирование терминов – терминдерді калькалау  
 Канадская терминоведческая школа – Канада терминтану мектебі  
 Категориальная мотивированность термина – терминнің категориялық уәжділігі  
 Категоринный терминологический элемент – санаттық терминбөлшек  
 Качество термина – термин сапасы  
 Квасисинонимы – жартылай синонимдер  
 Квазитермины – терминтәрізділер  
 Квизэквивалент – жартылай балама  
 Квантитативно-типологическое терминоведение – квантитативті-типологиялық терминтану



- Квантативные варианты – квантативті варианттар
- Квебекская терминологическая школа – Квебек терминология мектебі
- Классификация терминологии – терминологиялық лексиканы жіктеу
- Когнитивная терминография – когнитивтік терминография
- Когнитивное терминоведение – когнитивтік терминтану
- Кодификация терминологии – терминологияны қалыптандыру
- Кодифицированная терминосистема – қалыптанған терминжүйе
- Компактность термина – ықшамдылығы
- Коммуникативная функция термина – терминнің қатысымдық қызметі
- Коммуникативное терминоведение – қатысымдық терминтану
- Компактный термин – ықшам термин
- Комплексная унификация терминов – терминдерді кешенді біріздендіру
- Компьютерная терминография – компьютерлік терминография
- Конвенциональность термина – терминнің шарттылығы
- Конечный терминологический элемент – соңғы терминбөлшек
- Конкретность терминов – терминдер нақтылығы
- Конструирование терминосистем – терминжүйені құрастыру
- Контекстное значение термина – терминнің контекстік мағынасы
- Контекстуальная вариантность термина – терминнің контекстік варианттылығы
- Контекстуальное независимость термина – терминнің контекске тәуелсіздігі
- Контекстуально-типологическое терминоведение – контекстивті-типологиялық терминтану
- Контрастивная терминология – контрастивті терминология
- Концептуальная целостность термина – терминнің концептуалдық тұтастығы
- Координация терминологии – терминологияны үйлестіру
- Координация терминологических исследований – терминологиялық зерттеулерді үйлестіру
- Координация терминологической работы – терминологиялық жұмысты үйлестіру
- Корректировка дефиниций – анықтаманы түзету
- Корневой термин – түбір термин
- Корневой терминологический элемент – түбір терминбөлшек
- Краткий терминологический словарь – қысқаша терминологиялық сөздік
- Краткость термина – термин қысқалығы
- Критерии отбора терминов – терминдерді іріктеудің өлшемдері (критерилері)

## Л

- Лаконизм термина – см. Краткость термина
- Ламинарное развитие терминологии – терминологияның қалыпты дамуы
- Латинский термин – латын термині

Латинистический термин – латын негізді термин

Левая граница термина – терминнің сол шекарасы

Лексемный терминологический элемент – сөз терминбөлшек

Лексико-семантическая адаптация – см. Лексико-семантическая ассимиляция терминов

Лексико-семантическая ассимиляция терминов – терминдердің лексика-семантикалық игерілуі

Лексико-семантические параметры терминологии – терминологияның лексика-семантикалық өлшемдері

Лексическая длина терминов – терминдердің лексикалық ұзындығы

Лексическая мотивированность термина – терминнің лексикалық уәжділігі

Лексическая сопряженность терминов – терминдердің лексикалық ұштастығы

Лексический вариант термина – терминнің лексикалық варианты

Лексический статус термина – терминнің лексикалық мәртебесі

Лексико-семантический способ терминообразования – см. Семантическое терминообразование

Ленинградская терминологическая школа – Ленинград терминология мектебі

Линейная модель термина – терминнің желілік үлгісі

Лингвист-терминовед – см. Терминовед

Лингвистическая нормализация терминов – см. Оптимизация терминов

Лингвистическая системность терминологии – терминологияның тілдік (лингвистикалық) жүйелілігі

Лингвистический термин – тіл білімі термині

Личностная терминосистема – тұлғалық терминжүйе

Логико-терминологическая работа – логика-терминологиялық жұмыс

Логическая системность терминологии – терминологияның логикалық жүйелілігі

Логико-понятийное моделирование терминов – терминдерді логикалық-ұғымдық моделдеу

Ложная мотивированность термина – терминнің жалған уәжділігі

Ложномотивированный термин – бұрыс уәжді термин

Ложноориентирующий термин – бұрыс бағыттаушы термин

## М

Макротерминосистема – үлкен терминжүйе (макротерминжүйе)

Малая терминосистема – см. Микротерминосистема

Малоупотребительный термин – сирек қолданылатын термин

Машинный отбор терминов – терминдерді машиналық іріктеу

Международная терминологическая норма – см. Международный терминологический код

Международная унификация внешней формы терминов – терминдер

тұлғасын халықаралық біріздендіру

Международный термин – см. Интернациональный термин

Международный терминологический код – халықаралық терминологиялық код

Международный терминологический стандарт – халықаралық терминологиялық стандарт

Международный терминологический орган – халықаралық терминологиялық орган

Международный терминологический элемент – см. Интернациональный терминологический элемент

Межнаучный термин – ғылымаралық термин

Межнациональный термин – см. Интернациональный термин

Межотраслевая унификация – салааралық біріздендіру

Межотраслевой термин – салааралық термин

Межотраслевой терминологический словарь – салаларалық терминологиялық сөздік

Межотраслевой терминологический фонд – салааралық терминологиялық қор

Межотраслевые омонимы – салааралық омонимдер (салааралық омоним терминдер)

Межотраслевые термины – салааралық терминдер

Межсистемные омонимы – жүйеаралық омоним терминдер

Межъязыковая координация терминов – см. Гармонизация терминов

Межъязыковая (внешняя) унификация – тіларалық біріздендіру межъязыковая упорядочение терминологий – см. Гармонизация терминологии

Межъязыковой терминологический эквивалент – см. Термин-эквивалент

Местный термин – жергілікті термин

Метадиалектный термин – ұжымдық термин

Метафорическое терминообразование – метафоралық терминжасам

Метаязык – см. Язык науки

Методика упорядочение терминологии – терминологияны реттеу әдістемесі

Методическая терминологическая работа – әдістемелік терминологиялық жұмыстар

Методологическая функция термина – терминнің әдіснамалық қызметі

Микротерминосистема – шағынтерминжүйе (микротерминжүйе)

Многозначность термина – терминнің көпмағыналылығы

Многокомпонентный термин – көп сыңарлы термин

Многоязычная терминография – көптілді терминография

Модели образования терминологии – терминология жасаудың үлгілері

Моделирование терминосистем – терминжүйені моделдеу

Моделирующая функция термина – терминнің моделдеуші қызметі

Модель термина – см. Терминомодель

Модель терминологии – терминология моделі

Молодая терминология – жас терминология

Монолексемный термин – см. Однокомпонентный термин

Мононимичный термин – см. Однозначный термин

Моносемичность термина – см. Однозначность термина

Морфемный терминологический элемент – морфемалық терминбөлшек

**Морфологическая мотивированность термина – терминнің морфологиялық уәжділігі**

**Морфологическая структура термина – терминнің морфологиялық құрылымы**

Морфологический анализ терминологии – терминологияны морфологиялық талдау

Морфологический вариант термина – терминнің морфологиялық варианты

Морфологический способ образования терминов – см. Морфологическое терминообразование

Морфологическое варирование терминов – терминдердің морфологиялық варианттылығы

Морфологическое терминообразование – морфологиялық терминжасам

Морфолого-синтаксическое терминообразование – морфология-синтаксистік терминжасам

Московская терминологическая школа – Мәскеу терминология мектебі

Мотивационные связи терминов – терминдердің уәжділік байланысы

Мотивированность структуры термина – см. Мотивированность термина

Мотивированность термина – термин уәжділігі

Мотивированность терминологии – терминология уәжділігі

Мотивированный термин – уәжді термин

Многозначность терминов – терминдер көпмағыналығы

Многозначный термин – көп мағыналы термин

Многокомпонентный термин – көп сыңарлы термин

Многоязычный терминологический словарь – көптілді терминологиялық сөздік

## Н

Наглядность термина – см. Понятность термина

Назывная функция термина – см. Номинативная функция термина

Народная терминология – халықтық терминология

Народный термин – халықтық термин

Научная терминология – ғылыми терминология

Научная терминсистема – ғылыми терминжүйе

Научная точность термина – см. Точность термина

Научно-техническая терминография – см. Терминография

Научный идиолект – см. Индивидуальная терминология

Научный термин – ғылыми термин

Начальный терминологический элемент – алдыңғы терминбөлшек

Национализация терминологии – терминологияны ұлттандыру (терминологияның ұлттық сипатын арттыру)

Национальный термин – ұлттық термин

Национальный терминологический орган – ұлттық терминологиялық орган

Национальный терминологический стандарт – ұлттық терминологиялық стандарт

Неблагозвучность термина – термин үндесімсіздігі

Недостатки терминов – термин кемшіліктері

Недостатки терминологии – терминологияның кемшіліктері

Недопустимый термин – .... термин

Нейтральность термина – терминнің бейтараптығы

Немотивированный термин – уәжсіз термин

Неоним – жаңа термин, неоним

Неонимия – неонимия

Неполноформный термин – тұлғасы ықшамдалған термин

Непредпочтительный термин – артықшылықсыз термин

Непроизводный термин – см. Корневой термин

Непродуктивность модели термина – терминүлгі өнімсіздігі

Неправильноориентирующий термин – см. Ложноориентирующий термин

Неразложимый термин-словосочетание – см. Термин-фразеологизм

Нерекомендуемый термин – ұсынылмаған термин

Несвободное терминологическое словосочетание – см. Термин-фразеологизм

Неудобнопроизносимость термина – терминнің айтуға қолайсыздығы

Неустоявшийся термин – тұрақтамаған термин

Нижестоящий термин – см. Видовой термин

Нижний предел термина – терминнің төменгі шегі

Низкоупотребительный термин – см. Малоупотребительный термин

Номен – номен, атау

Номенология – атаутану, номенология

Номинативная функция термина – терминнің атауыштық қызметі

Номинативность термина – терминнің атауыштығы

Нормативная функция терминологического словаря – терминологиялық сөздіктің нормалау қызметі

Нормативный статус термина – терминнің нормативтік мәртебесі

Нормативный терминологический словарь – нормативтік терминологиялық сөздік

Нулевая степень терминологизации – терминденудің нөлдік дәрежесі

## О

Обиходный термин – см. Бытовой термин

Областной термин – см. Местный термин

Область применения термина – терминнің қолданылу саласы

Обмен терминологической информацией – терминологиялық ақпарат алмасу

- Обоюдное заимствование терминов – см. Взаимозаимствование
- Образный термин – см. Термин-метафора
- Обратный терминологический словарь – кері терминологиялық сөздік
- Обучение терминологии – терминологияны оқыту
- Общая терминоведение – жалпы терминтану
- Общая терминография – жалпы терминография
- Общая терминология – см. Общая терминоведение
- Общенаучная терминология – жалпығылыми терминология
- Общенаучный термин – жалпы ғылыми термин
- Общепринятый термин – көпшілік қабылдаған термин
- Общественно-политическая лексика – см. Общественно-политическая терминология
- Общественно-политическая терминология – қоғамдық-саяси терминология (терминдер)
- Общественно-политический термин – см. Административно-политический термин
- Общетехнический термин – жалпы техникалық термин
- Общеупотребительный термин – см. Общепринятый термин
- Обязательные требования к термину – терминге қойылатын міндетті талаптар
- Однозначный термин – бір мағыналы термин
- Однозначность термина – термин бір мағыналылығы
- Однокомпонентный термин – см. Однословный термин
- Однопереводность термина – терминнің бір аудармалылығы
- Однословный термин – сөз термин
- Одноязычный терминологический словарь – біртүлді терминологиялық сөздік
- Окказинальный термин – бір реттік термин
- Окончательный отбор терминов – терминдерді түпкілікті таңдау
- Омонимия терминов – терминдер омонимділігі
- Омонимичность терминов – см. Омонимия терминов
- Ономасиологическое терминоведение – ономасиологиялық терминтану
- Ономасионный термин – см. Эпонимичный термин
- Описание значение терминов – см. Интерпретирование терминов
- Оперативная стандартизация терминологии – терминологияны жедел стандарттау
- Оперативное терминологическое обеспечение – жедел терминологиялық қамтамасыз ету
- Определяемый терминологический элемент – айқындалушы терминбөлшек
- Определяющий терминологический элемент – айқындаушы терминбөлшек
- Оптимальная длина термина – терминнің ұтымды ұзындығы
- Оптимальная модель термина – терминнің ұтымды үлгісі
- Оптимальная структура термина – терминнің ұтымды құрылымы

- Оптимальная форма термина – терминнің ұтымды тұлғасы (формасы)  
 Оптимизация терминов – терминдерді оңтайландыру  
 Оптимизация терминологических форм – см. Оптимизация терминов  
 Описательное терминоведение – сипаттамалы терминтану  
 Описательный термин – см. Термин-описание  
 Опорный термин – тірек термин  
 Организация терминологической работы – терминологиялық жұмысты ұйымдастыру  
 Орфографическая неблагозвучность термина – терминнің орфографиялық үндесімсіздігі  
 Освоение иноязычного термина – өзге тілдік терминнің игерілуі  
 Основной термин – негізгі термин  
 Отбор терминов – терминдерді іріктеу  
 Отмененный термин – См. Недопустимый термин  
 Отмирание терминологии – терминологияның жойылуы  
 Относительная однозначность термина – терминнің салыстырмалы бір-мағыналылығы  
 Относительные синонимы – салыстырмалы синонимдер  
 Отраслевая отнесенность термина – терминнің салаға қатыстылығы  
 Отраслевая терминография – салалық терминография  
 Отраслевая терминология – салалық терминология  
 Отраслевое терминоведение – салалық терминтану  
 Отраслевой словарь – салалық сөздік  
 Отраслевой термин – салалық термин  
 Отраслевой терминологический стандарт – салалық терминологиялық стандарт  
 Отсылочный термин – сілтеме термин  
 Оценка терминологии – терминологияны бағалау

## II

- Парадигматическая вариантность термина – терминнің парадигмалық варианттылығы  
 Парадигматическая системность терминологии – терминологияның парадигмалық жүйелілігі  
 Паразитный терминологический элемент – қажетсіз терминбөлшек  
 Параметрический метод оценки терминологии – терминологияны бағалаудың өлшемдік әдісі  
 Первая степень терминологизации – терминденудің бірінші дәрежесі  
 Первичный отбор терминов – терминдерді алғашқы іріктеу  
 Переводимость термина – терминнің аударылатындығы  
 Переводной термин – см. Термин-калька  
**Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі:** Заңтану. – Алматы, 2002. - 336 б.

**Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі:** Педагогика және психология. – Алматы, 2002. - 256 б.

**Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі:** Экология және табиғат қорғау. – Алматы, 2002. - 392 б.

**Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі:** Тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық қызмет – Алматы, 2002. - 256 б.

**Орысша-қазақша-ағылшынша, қазақша-орысша-ағылшынша, ағылшынша-орысша-ағылшынша мұнай терминдерінің сөздігі.** (Құрастырушылар – Көшербаева А.М., Майлыбаев М.М., Ермакбай Г.Ж., Фаткуллин Р.Ф.) – Алматы, 2002. - 768 б.

## 2003

**Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі:** Кен ісі және металлургия. – Алматы, 2003. - 272 б.

**Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі:** Су шаруашылығы. – Алматы, 2003. - 392 б.

**Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі:** Геология. – Алматы, 2003. - 248 б.

**Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі:** Экономика және қаржы. – Алматы, 2003. - 304 б.

**Тұрсын Қ. Нұсқабайұлы Ж.** Теледидар сөздігі – тележурналист анықтамалығы. – Алматы, 2003. -380 б.

## 2004

**Құлманбет И.Ә., Құлманбет Р.И.** Орысша-қазақша стоматологиялық сөздік. – Алматы, 2004. – 248 б.

**Құрманбайұлы Ш.** Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминдер сөздігі (бекітілген терминдер. Электронды сөздік). «Сөздік-Словарь» баспасы, – Алматы, 2004.

**Құрманбайұлы Ш., С.Сапина.** Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминдер сөздігі (Мемтерминком бекіткен терминдер мен атаулар сөздігі). «Сөздік-Словарь» баспасы. – Алматы, 2004. 352 б.

**Пән сөздері.** Терминологиялық сөздік. – Алматы, 2004. -128 бет. Н.Қаратышқанұлының құрастыруымен 1927 жылы араб графикасымен Қызылордада жарық көрген. Кирилл әліпбиіндегі нұсқасы 2004 жылы Алматыда жарық көрді. Алғы сөзін жазған – Ш.Құрманбайұлы. Араб графикасынан кириллицаға көшіріп, баспаға дайындағандар - Ш.Құрманбайұлы мен О.Жұбаева).

**Атаулар сөздігі.** – Алматы, 2004. -184 б. 1926 жылы латын графикасымен Қызылордада жарық көрген. Кирилл әліпбиіндегі нұсқасы 2004 жылы Алматыдан жарық көрді. Алғы сөзін жазған – Ш.Құрманбайұлы. Латын графикасынан кириллицаға көшіріп, баспаға дайындағандар – Ш.Құрманбайұлы мен О.Жұбаева).

### 2005

**Ахметов М.** Медицина терминдерінің сөздігі. – Алматы, 2005. - 640 б.

**Қалиұлы Б.** Өсімдік атауларының орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігі. – Алматы, 2005. - 114 б.

**Нарықтық экономиканың түсіндірме сөздігі.** – Алматы, 2005. - 305 б. (Құрастырушылар: Өтебаев М., Сұлтанов Қ., Еспаев С., Басс Т., Сырғабаяева А.).

**Орысша-қазақша әскерлік атаулары.** – Алматы, 2005. - 136 б.

**Хамзин С. Қ.** Құрылыс терминологиясы. – Астана, 2005. -176 б.

**Энергетика саласында қолданылатын терминдердің орысша-қазақша сөздігі.** Құрастырушылар: Тобаяқов Б., Жақып Ә. – Астана, 2005. –168б.

### 2006

**Айтбайұлы Ө., Бұланбаева Ж.** Компьютер терминдерінің сөздігі. – Алматы, 2006. - 156 б.

**Жарықбаев Қ., Салгинбаев О.** Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2006. – 384 б.

**Қазақша-орысша дипломатиялық сөздік-анықтамалық.** (Құрастырған: Жамкенов Б.). – Астана, 2006. -500 б.

**Қалиев Ғ.** Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Павлодар, 2006. -548 б.

**Орысша-қазақша түсіндірме сөздік.** Әдебиет. (Жалпы редакциясын басқарған Е.Арын. Құрастырушылар: Жүсіп Қ.П., Сарбалаев Ж.Т., Тұрышев А.Қ., Зейнуллина А.Ф., Жүсіпов Н.Қ., Муталиева Р.М., Қажыбаева Г.К., Түсіпова Қ.Д., Баратова М.Н., тасболатова Қ.Т., Кәріпжанова А.О., Қопаева Ә.Қ.). – Павлодар, 2006. - 515 б.

**Орысша-қазақша түсіндірме сөздік.** Ғылымтану. (Жалпы редакциясын басқарған Е.Арын. Құрастырушылар: Жұматаева Е., Кабдиева С.Ш., Исамәдиева С.А.). – Павлодар, 2006. - 430 б.

**Орысша-қазақша түсіндірме сөздік.** Журналистика. (Жалпы редакциясын басқарған Е.Арын. Құрастырушылар: Шахметова Н.А., Бижан Ж.Қ., Серғазина Т.Т., Ашенова С.В., Омаров Н.Р., Сабырханова Р.Т., Аульбаева А.Р., Аманжолова М.Б.). – Павлодар, 2006. - 126 б.

**Орысша-қазақша түсіндірме сөздік.** Көлік. Транспорт. (Жалпы редакциясын басқарған Е.Арын. Құрастырушылар: тоқтағанов Т.Т., Абишов Қ.Қ., Құмаров Т.Қ., балтабекова А.Н., Шамгунов С.М., Омаров Т.А., Сембаев Н.С., Ибрагимова Г.Е., Сматаев Ә.М., Жұмаділов С.Қ., Адиханов Б.Қ., Тайшубекова А.Ж.). – Павлодар, 2006. - 474 б.

**Орысша-қазақша түсіндірме сөздік.** Метрология, стандартизация,

патенттану. (Жалпы редакциясын басқарған Е.Арын. Құрастырушылар: Кислов А.П., Царенко Л.А., Кислова В.П., Шкроба Е.В., Рахимжанов К.Х., Кривко Л.И., Талипов О.М.). – Павлодар, 2006. - 181 б.

**Орысша-қазақша түсіндірме сөздік.** Педагогика. (Жалпы редакциясын басқарған Е.Арын. Құрастырушылар: Кертаева К.М., Пфейфер Н.Э., Будрина Е.И., Семенова М.В., Галиева Б.Х., Гущина Л.Ю., Кайрбекова В.Н., Жуманкулова Е.Н., Ксембаева С.К., Тулекова Г.М., Мустафина С.С.). – Павлодар, 2006. - 482 б.

**Орысша-қазақша түсіндірме сөздік.** Сәулет және құрылыс. (Жалпы редакциясын басқарған Е.Арын. Авторлар ұжымы құрастырған). Павлодар, 2006. - 280 б.

**Орысша-қазақша түсіндірме сөздік.** Тарих. (Жалпы редакциясын басқарған Е.Арын. Құрастырушылар: Арын Р.С., Ешмурадов А.Қ., Мұсағажинова А.А., Елмұратова Б.Ж., Қасымханова М.А., Карманова Р.А., Батталов Қ.Қ., Бижан Ж.Қ., Қадысова Р.Ж., Захаренко А.Л., Григореева Р.В., Таштемханова Р.М., Мошна Н.И., Баймуханов О.К.). – Павлодар, 2006. - 400 б.

**Орысша-қазақша түсіндірме сөздік.** Физика. (Жалпы редакциясын басқарған Е.Арын. Құрастырушылар: Тлеукенов С.Қ., Биболов Ш.Қ., Жукенов М.Қ., Альжанов А.Б., Испулов А.С., Ботаева А.С., Досымбеков Қ.Р.). – Павлодар, 2006. - 449 б.

**Орысша-қазақша түсіндірме сөздік.** Электротехника, электроника және байланыс. (Жалпы редакциясын басқарған Е.Арын. Құрастырушылар: Тастенов А.Д., Еңсебаев Т.А., Мустафина Р.М., Жұмаділова А.С., Қалменбаева Ж.М., Абельдинов Д.С.). – Павлодар, 2006. - 288 б.

## 2007

**Бұқаралық ақпарат құралдарының сөздігі.** (Құрастырғандар: Тілешев Е., Негимов С.). – Алматы, 2007. -216 б.

**Бұланбаева Ж., Бұланбаев Н.** Орысша-қазақша-ағылшынша экономика терминдерінің сөздігі. – Алматы, 2006. -156 б.

**Қаржы-экономикалық сөздік.** Жалпы редакциясын басқарған – Ә. Әбішев. 2007 -720 б.

**Құрманбайұлы Ш.** Терминдер сөздігі (бекітілген терминдер). – Алматы, 2007. -232 б.

**Сарыпбеков Ж.С., Шенсізбаев Б.Ә., Ахметова С.Ғ., Нәлібаев Ж.Б.** Ақпараттандыру мен есептеу техникасы терминдерінің орысша-қазақша-ағылшынша сөздігі. – Алматы, 2007.-312.

**Саяси түсіндірме сөздік.** Құрастырушылар: Е.Саиров, Б.Әбдіғали, Т.Жабелова, Д.Әлібек. – Алматы, 2007. -616 б.

## ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАР

### Қаулылар, Ережелер, Тұжырымдамалар

**Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы мемлекеттік терминология комиссиясы туралы Ереже** (Қазақ ССР Министрлер Советінің жылғы ақпандағы қаулысымен бекітілген)//Проблемы казахской терминологии. – Алматы, 1986. 161-162 б.

**Положение о Государственной терминологической комиссии при Совете министров Казахской ССР**//Проблемы казахской терминологии. – Алматы, 1986. С. 163-164

### 2004

**Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасы**//«Терминологиялық хабаршы» 2004 №1. (ҚР Үкіметінің 2000-4 ж.21 сәуіріндегі № 444-ші қаулысы) -20-26. (Тұжырымдаманы дайындаған жұмыс тобы: Құрманбайұлы Ш., Хұсайын К., Қайдаров Ә., Айтбаев Ә., Қалиев Б., Жүнісбек Ә., Уәлиев Н.).

### Пайдаланылған әдебиеттер

**Айтбаев Өмірзақ Айтбайұлы.** Қазақстан ғалымдарының библиографиясына материалдар. – Алматы, 2007. - 112 б.

**Жанұзақ Телғожа.** Қазақстан ғалымдарының библиографиясына материалдар. – Алматы, 2002. - 84 б.

**Қазақ тіл білімі бойынша қорғалған диссертация авторефераттарының библиографиялық көрсеткіші.** Бірінші бөлім. (1950 – 2000 ж.ж.) – Алматы, 2003. Құрастырушылар: Ш.Ш. Сарыбай, М.Ш. Сарыбай.

**Қайдаров Әбдуәли Туғанбайұлы.** Қазақстан ғалымдарының библиографиясына материалдар. – Алматы, 2000. - 112 б.

**Құрманбайұлы Ш.** Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы, 1998. –208 б.

**Құрманбайұлы Ш.** Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. – Астана, 2002. –184 б.

**Құрманбайұлы Ш.** Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. – Алматы, 2004. – 208 б.

**Құрманбайұлы Ш.** Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы, 2005. – 215 б.

**Құрманбайұлы Ш.** Терминтану. – Алматы, 2006. -244.

**Құрманбайұлы Ш.** Терминтанушы құралы. – Алматы, 2007. -208.

**Сарыбаев Шора Шамғалиұлы.** Қазақстан ғалымдарының библиографиясына материалдар. – Алматы, 2000. - 64 б.

**Сарыбаев Ш.Ш.** Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші.

Бірінші бөлім. Толықтырылып, екінші рет басылуы. – Алматы, 1965. -270 б.

**Сарыбаев Ш.Ш.** Қазақ тіл білімі әдебиеттерінің библиографиялық көрсеткіші. Екінші бөлім. – Алматы, 1971, -240 б.

**Сарыбаев Ш.Ш.** Қазақ тіл білімі әдебиеттерінің библиографиялық көрсеткіші. Үшінші бөлім. – Алматы, 1977, -170 б.

**Сарыбаев Ш.Ш.** Қазақ тіл білімі әдебиеттерінің библиографиялық көрсеткіші. Төртінші бөлім. – Алматы, 1982, -164 б.

**Сарыбаев Ш.Ш.** Қазақ тіл білімі әдебиеттерінің библиографиялық көрсеткіші. Бесінші бөлім. – Алматы, 1987, -168 б.

**Сарыбаев Ш.Ш., Сарыбаев Қ.Ш.** Қазақ тіл білімі әдебиеттерінің библиографиялық көрсеткіші. Алтыншы бөлім. – Алматы, 1994, -240 б.

**Сауранбаев Н.Т. еңбектерінің библиографиялық көрсеткіші.// Сауранбаев Н.Т.** Қазақ тіл білімінің проблемалары. – Алматы, 1982, 346-350 б.

**Сыздықова Рабиға Ғалиқызы.** Қазақстан ғалымдарының библиографиясына материалдар. – Алматы, 1994. – 62 б.

### Дополнение

#### 2005

**Жүнісбек Ә., Жексенғалиев Б.** Фонетикалық терминдер сөздігі. – Орал, 2005. -102 б.

**Сабикенова З.С.** Русско-казахский налогово-правовой толковый словарь-справочник. – Алматы, 2005. -244 б.

#### 2006

**Банк терминдері мен ұғымдарының қазақша-орысша сөздігі.** Құрастырғандар: Сейіткасымов Ғ., Бейсенғалиев Б., Бекболатұлы Ж. – Алматы, 2006. - 241 б.

#### 2007

**Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі:** География және геодезия. – Алматы, 2007. - 264 б.

**Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі:** Қоғамық тамақтандыру. – Алматы, 2007. - 232 б.

**Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі:** Машинажасау. – Алматы, 2007. - 296 б.

**Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі:** Химия. (Нұрахметов Н., Ниязбаева А., Рысқалиева Р., Далабаева Н.). – Алматы, 2007. - 336 б.

**Окушева Г.Т., Жанәділова З.М., Еркінбаева Л.Қ.** Ағылшынша-орысша-қазақша заң терминдерінің сөздігі. – Алматы, 2007. - 106 б.





## ЖАҢА АТАУЛАР МЕН ҚОЛДАНЫСТАР

### 1-кітап

*Бұл кітапта соңғы 20 жылдай уақыт көлемінде жасалып қалыптасқан атаулар мен қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар 2008 – 2011 жылдар аралығындағы мерзімді баспасөз беттерінен жинақталып, мысалдарымен беріліп отыр. Автор қазіргі сөзжасам, терминжасам тәжірибесіне жан-жақты тоқталып, талдау жасайды. Баспасөздің жаңа қолданыстарды қалыптастырудағы рөлі мен онда орын алып отырған кемшіліктер атап көрсетіледі. 1990-жылдардан бергі кезеңдегі сөзжасам, терминжасам үдерісіне баспасөздің қатысы, осы кезеңнің сипаты, ерекшеліктері көрсетіледі.*

*Ғылыми еңбек тілші ғалымдар мен оқытушыларға, терминтанушылар мен терминшілерге, аудармашылар мен журналистерге, филология факультеттерінің студенттері мен магистранттарына, сондай-ақ қазіргі қазақ тілі лексикасының даму ерекшеліктері, бүгінгі сөзжасам, терминжасам үдерісі қызықтыратын көпшілік қауымға арналған.*

\* Бұл кітап бұрынғы жарық көрген нұсқасынан біршама ықшамдалып беріліп отыр.

## КІРІСПЕ

Қазіргі қазақ тілінің даму үрдісін, тілімізде болып жатқан түрлі үдерістер мен құбылыстарды үздіксіз бақылап, зерделеп отыру тілші ғалымдардың, тіл мамандарының төл міндеті. Қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі берілуіне байланысты ол кешегі кеңестік кезеңде атқармаған бірқатар қызметтерді атқарып, оған осыған дейін жүктелмеген жаңа міндеттер жүктеле бастады. Қазақ тілі мемлекеттік басқару, заң шығару, іс қағаздарын, сот ісін жүргізу сияқты қызметтерге біз күткен, ойлаған дәрежеде болмаса да, біртіндеп араласа бастады. Қазақ тілінде шығатын мерзімді басылымдардың, газет-журналдардың саны едәуір артты. Ғылыми, оқу-әдістемелік, сөздік-анықтамалық, публицистикалық, танымдық және көркем әдебиеттер саны да артты. Бір сөзбен айтқанда, қоғам өмірінің барлық саласындағы қазақ тілінің қолданыс аясы 90-жылдарға дейінгі кезеңге қарағанда едәуір кеңейді. Бұл бүгінгі өмір шындығы. Тілдің қолданыс аясының кеңейіп, арнаулы салаларда қолданыла бастауына байланысты әсіресе оның лексикалық қорында көптеген өзгерістер болды. Соңғы жылдар көлемінде қазақ тіліндегі сөзжасам, терминжасам үдерісі біршама жанданып, сөздік құрамымызға жүздеген жаңа атаулар қосылды. Жалпы жұртшылықтың көзқұлағы үйренісіп, жаппай қолданысқа көшкен атаулармен қатар, әлі де бірнеше нұсқалары жарыса жұмсалып, бірізді қолданылу дәрежесіне жете қоймаған сөздер де аз емес. Сондай атауларды уақтылы жинақтап, олардың қолданысын қадағалап отыру тіл үшін өте маңызды. Мұндай жұмыс лингвистер тарапынан жүйелі түрде жүргізіліп отырмаса, жаңа қолданыстарды дер кезінде сараптан өткізіп, олардың арасынан сәтті жасалғандарын іріктеп алу мүмкіндігін қолдан шығарып аламыз. Бұрынырақта 80-жылдары бұл жаңа қолданыстарды жинақтап, жариялап отыру мәселесіне тіл мамандары тарапынан біршама көңіл бөлініп отырған еді. Алайда соңғы жылдары бұл жұмыс назардан тыс қалып барады. Кейінгі жиырма жылдай мерзім ішінде жаңа қолданыстарды жинақтап ұсынған, оларға тілдік талдау жасаған еңбек жарияланбапты. Дәл осы соңғы 15-20 жыл көлемінде қазақ басылымдарының саны артып, жаңа атаулардың көптеп жасалғанын ескерсек, керісінше, мұндай атаулардың жасалуы мен қолданысына тіл мамандарының айрықша көңіл бөлуі тиіс еді. Біздіңше, қазіргі кезеңде тілдегі жаңа қолданыстарды жинақтап, жұртшылыққа таныстырып, әрбір 3-5 жыл сайын оларға лингвистикалық талдау жасап отыру өте маңызды. Егер осы жұмыс тиісті кәсіби деңгейде атқарылмаса, соның салдарынан жалпы қолданыстағы сөздер мен терминдердің жұмсалудағы бірізділікке жету қиындап, жарыспалылыққа жол берілуі мүмкін. Дәлірек айтқанда, қазіргі қазақ терминологиясында үйлестіру жұмыстарының әлсіздігінен ондай олықлықтарға орын беріліп те жатыр. Бұл айналып келгенде қолданбалы терминтану ауқымында атқарылуға тиісті түгендеу, ұсыну және өзге де терминологиялық жұмыстардың республикалық ауқымда тиісті

дәрежеде жүзеге асырылмауына байланысты орын алып отырған кемшілік. Біздің кейінгі жылдары пайда болған жаңа атауларды жинақтап, осы еңбекті ұсынуудағы мақсатымыз да аталған олқылықтың орнын толтыруға септігімізді тигізу. Біз 2009 жылы «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа атаулар мен қысқарған сөздер» деген кітабымызды шығарып, ары қарай да осы жұмысты жүйелі түрде жалғастырып отыратындығымызды айтқан едік. Одан кейінгі үш жылдағы баспасөздегі жаңа атаулар мен жаңа қолданыстарды жинақтап, саралағанда едәуір тілдік материал қордаланғандығына көз жеткізді. Сол себептен де жаңа атаулар мен қолданыстарды қысқарған атаулардан бөлек жеке басылым ретінде жариялау қажеттілігі туындады. Кітапта негізінен 2008-2011 жылдардағы қазақ баспасөзінде қолданылған жаңа атаулар мен жаңа қолданыстар қамтылды. Бұл басылымда біз соңғы жиырма жылдай көлемінде жасалып, қолданысқа еніп үлгерген жаңа атауларды да, әлі жаппай қолданысқа көшіп үлгере қоймаған жаңа қолданыстарды да қамтыдық. Сондай-ақ кейбір атаулар 90-жылдарға дейін жасалғанымен, тілде өте сирек қолданылып немесе мүлде ұмыт қалып қойды. Осындай бірқатар сөздер соңғы жылдары қазақ баспасөзінде жиі қолданыла бастады. Терминдер мен жаңа атаулардың жасалуына ғана емес, олардың қазіргі тіліміздегі қолданысына да мән беріп отырғандықтан, ондай сөздерді де басылымға енгізген орынды деп санадық. Біздің негізі мақсатымыз – қазіргі терминжасам, сөзжасам үдерісінің сипатын, беталысын анықтау, жаңа атаулар мен қалтарыста қалып келген сөздердің бүгінгі баспасөздегі қолданысына талдау жасай отырып, термин шығармашылығының жетістіктері мен кемшіліктерін атап көрсету. Жаңа атаулардың арасында жұртшылық жаппай қолданып, соңғы жылдары жасалғандығы, жаңалығы ұмытыла бастаған сөздер де аз емес. Олардың қысқа мерзімде тілге сіңіп, лексикалық қордан орын алуының себептерін анықтау да маңызы айрықша. Ондай себептердің анықталуы сөзжасамның, терминжасамның дұрыс бағытта жүргізілуін қамтамасыз етуге септігін тигізери сөзсіз.

Мұндай жұмысты жүргізу үшін алдымен ондай атаулардың өзін тауып, жинақтап, түгендеп алудан басталуы тиіс. Жинақталған, түгенделген атауларды лингвистикалық сараптаудан өткізіп, сәтті жасалған, ұғым мазмұнын тұтас қамтып, тілдік нормаға сәйкес келіп тұрғандарын жаппай қолданысқа енгізуге ұсыну немесе сәтсіз жасалғандарының қолданысына тыйым салу одан кейінгі кезектегі жұмыс. Ал бұл атаулардың арасындағы соңғы жылдары ресми бекітілгендерінің де бірізді қолданылып, тілде орныға бастағандары мен керісінше, Мемтерминком тарапынан бекітілгенімен, өзге варианттарының басымдық танытып немесе жарыса жұмсалып жүргендерін де анықтап, соған сәйкес тиісті жұмыстарды уақтылы атқару өте маңызды.

Біз ресми бекітілген терминдерді жеке жинақ түрінде бірнеше дүркін (1996, 2004, 2007 жылдары) бастырып шығарғанбыз. Жаңа қолданыс тауып жүрген атаулар мен соңғы жасалып, ресми бекітілген терминдерді бірге қарастырып отыруымыздың себебі – соңғы он-он бес жыл көлеміндегі қазақ тіліндегі сөзжасам, терминжасам үдерісінің жалпы беталысын, негізгі сипатын

айқындауды және жаңа атаулардың қазіргі тіліміздегі қолданысын көрсетуді көздегендіктен. Бұл басылымда барлық бекітілген терминдер қамтыла бермейді. Олардың кейінгі жылдары қазақ баспасөзінде қолданылып жүргендері ғана еніп отыр. Кәсіби мамандар тілінде, салалық терминология шеңберінде ғана қолданылатын да көптеген атаулар бар. Жалпы терминдер қорының негізгі бөлігі арнаулы әдебиеттерде қолданылады. Оларға біз арнайы тоқталып, жеке қарастырудамыз. Баспасөздегі жаңа атаулар мен терминдерді бөліп қарастыру арқылы біз термин сөздерді қандай топтарының терминологиялық өріс шеңберінен тыс қолданылатынын және олардың бейтерминдену деңгейі мен себептерін анықтау мүмкіндігіне де ие боламыз. Термин қолданысын, арнаулы лексика мен жалпы лексика арасындағы қатынасты анықтау үшін бұл да өте маңызды мәселе.

Соңғы жылдары тілімізге көптеген кірме атаулар енді. Олардың бірқатары баспасөз беттерінде жиі қолданылып жүр. Бұл да біздің лексикалық қорымызда болып жатқан жаңалықтардың бірі. Сондықтан кітап соңында ондай атаулар да берілді. Сондай-ақ кейінгі жылдары қолданысқа ене бастаған бейнелі атаулар мен әр түрлі нұсқада жазылып жүрген жалпы есімдерді, мемлекет, қала, халықтар атаулары сынды жалқы есімдерді де жинақтап бірізге түсіру, олардың қолданысын қадағалап отыру маңызды деп тапқандықтан, оларды да осы кітапқа енгізіп отырмыз.



### Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа атаулардың жасалу жолдары мен баспасөзде қолданылуы

Тәуелсіздік тұсында жасалып, қазіргі тілімізде қолданылып жүрген атауларды ең алдымен қазақтың өз сөздері мен қосымшалары негізінде жасалған және бір бөлігі қазақ сөзінен немесе қосымшалардан қалған бөлігі кірме сөздер мен қосымшалардан тұратын будан (гибрид) атаулар деп екіге жіктеуге болады. Қазақтың төл сөздерін терминдендіру немесе сөзжасам тәсілдерін пайдалану жолымен жасалған атаулардың да, аралас тұлғалы «будан» атаулардың да жасалу жолдарын тілдік тұрғыдан талдау өте маңызды. Тіліміздегі сөзжасам, терминжасам тәсілдерінің және сөз тудырушы жұрнақтардың қайсысы өніміділік танытқанын, керісінше, қай тәсіл мен қосымшалардың аз пайдаланылғанын, аралас тұлғалы сөздердің қалай жасалып жатқанын да анықтау қажет. Сол арқылы біз жаңа атаулар мен терминдердің баспасөздегі қолданысын, олардың жұртшылық тарапынан қабылдану деңгейін, бүгінгі баспасөздің термин қалыптастырудағы рөлін анықтай аламыз. Егер біз алдымен баспасөздегі, одан соң арнаулы салалардағы қалыптасып үлгерген жаңа атаулар мен әлі қалыптасу үстіндегі жаңа қолданыстарды жиып-теріп, оларға талдау жасайтын болсақ, қазіргі сөзжасам, терминжасам үдерісінің жалпы бағытын, термин шығармашылығының бүгінгі жай-күйін нақты сипаттау мүмкіндігіне ие боламыз.

### Қазіргі қазақ баспасөзіндегі қолданылып жүрген лексика-семантикалық тәсілмен жасалған жаңа сөздер

Бүгінгі баспасөз беттерінде кездесетін жаңа қолданыстардың бірқатары бұрынғы мағынасы кеңейіп, тарылып немесе мүлде бақаша жаңа мағынаға ие болған тілімізде бұрыннан бар атаулар. Мұндай қолданыстардың арасында жаппай қолданысқа көшіп, тілде орныға бастағандары бар да, бірнеше балама атаулармен қатар қолданылып әлі басымдыққа ие бола қоймағандары да бар.

Қазіргі баспасөзде тіліміздің түрлі лексикалық қабаттарынан дайын қалпында алынып, бірқатары бастапқы мағынасында, басым көпшілігі түрлі деңгейдегі мағыналық өзгерістермен қолданыс тауып жүрген *ағза*, *бағам*, *даңғыл*, *дәргей*, *діл*, *жиек*, *кеден*, *кент*, *құжат*, *мұрат*, *нарық*, *нысан*, *ота*, *өңір*, *рәміз*, *рәсім*, *рәуіш*, *сардар*, *серке*, *содыр*, *түлек*, *тығын*, *ұжым*, *үйек*, *үрдіс*, *шатыр* сынды сөздер кездеседі. Шығу төркініне үңілсек, бұлардың бір тобы қазақ тіліне ертеректе еніп, лексикалық қорымызға әбден сіңіп кеткендіктен, кірмелігі бірден байқала бермейтін араб-парсы сөздері болып шығады да, енді бірқатары байырғы өз сөздеріміз екендігіне көз жеткіземіз. Мәселен, *ағза*, *діл*, *құжат*, *мұрат*, *нарық*, *нысан*, *рәміз*, *рәсім*, *рәуіш*, *шатыр* тілімізге араб-парсы тілінен енген сөздер. Бұл сөздердің бірді-екілісі болмаса, басым көпшілігіне тән ортақ ерекшелігі – пассив сөздер қатарында болып, сирек қолданылып

келгендігі. Архаизм, историзм қатарына еніп, о бастағы мағыналары мүлдем ұмытылып немесе көмескі тартып келгендері де бар. Ұлт тіліндегі термин шығармашылығына, қазақша сөз жасауға көңіл бөліне бастаған кейінгі 15-20 жыл көлемінде осындай қалтарыста қалып келген атаулар, көнерген сөздер мамандар назарына ілікті. Мысалы, *дәргей, кеден, кент, құжат, нысан, ота, рәміз, рәсім, рәуіш, сардар, ұжым, үйек, үрдіс* сөздері өте сирек қолданылып, мағыналары көмескі тарта бастаған атаулар еді. Олардың бастапқы мағынасы негізге алына отырып, оған қосымша мағына жүктеу арқылы жаңаша қолданысқа енді. Бұл атаулардың бірқатары белгілі бір аумақта ғана қолданылып келген жергілікті сөздер. Мысалы, «*құжат*» сөзі Алматы облысының Нарынқол, Кеген аудандарында қазірігі мағынасында, «*ұжым*» сөзі Семей облысының Абай ауданында «*ұйым*» мағынасында, «*үрдіс*» атауы Түркменстан, Қарақалпақстан және Ақтөбе, Қызылорда облыстарының жекелеген аудандарында әдет, дәстүр мағынасында қолданылып келген. Аумақтық қолданыспен шектеліп келген бұл жергілікті сөздер аздаған мағыналық өзгерістерге ұшырау арқылы терминденіп, қазір ресми бекітілген терминдер қатарына қосылды. Осы сияқты *дәргей, кеден, кент, рәміз, рәсім, ұжым* сөздері де Мемтерминком тарапынан бекітіліп, жаппай қолдануға ұсынылған атаулар.

Ал *мұрат, нарық, өңір, серке, содыр, түлек, тығын* сөздері көнерген лексика қатарына енбеген, белгілі бір аумақпен де шектелмей, жалпыхалықтық тілде осыған дейін де қолданылып келген атаулар. Бұлар да осы уақытқа дейінгі білдіріп келген мағыналарынан біршама өзгеше немесе мүлдем жаңа мағынада қолданысқа көшкен сөздер. «Сотқар, тентек, бұзақы» деген мағынаны білдіретін «содыр» сөзі «саясатта тым солақай көзқарасты жақтаушы» деген мағына беретін «экстремист» сөзінің баламасы ретінде жұмсала бастады. Экстремистің әрекетінде сотқарлық, бұзақылық бар. Оның саяси мақсатына заңсыз, шектен шыққан әрекеттері арқылы қол жеткізуге баруын тентектік, бұзақылық ретінде қабылдау, содырға ұқсату бұл сөздің «экстеремистін» баламасы болуына негіз болған. Жалпы әдеби тілдегі «қыран құстың жасқа толған, бабына келген ұшар кезі» деген мағынаны білдіретін «түлек» сөзі, кейінгі жылдары «мектепті, жоғары оқу орнын бітіруші» деген мағынаны қоса жүктеп, орыс тіліндегі «выпускник» сөзінің баламасы ретінде қолданыс тауып жүр. Бұл оқу бітірушіні қанаттанып, өз бетімен ұшуға дайын болған қыран құсқа ұқсатудан, соған теңеуден пайда болған атау. Қыран құстардың балапандары жетіліп, қанаттары қатайып өскен ұясынан ұшатын кезге жеткені сияқты, оқу бітірушілер де білім алып, маманданып, әрі есейіп үлкен өмірге аяқ басатын сәтке жетеді. Осындай ұқсату «түлек» сөзінің орыс тіліндегі «выпускник» сөзінің баламасына айналуына себеп болған. Тіліміздегі «серке» сөзінің мағынасында өзінің тура мағынасымен қатар «топты бастаушы, жетекші» деген де мағына бар. Серке бүкіл отарды бастайды. «Ай мүйізді ақ серке қой бастайды...» деп серкенің жетекшілік рөлін халық ән-жырына арқау еткен. Серкенің осы қасиеті өз тіліміздегі «серке» сөзінің «көпке жетекшілік, басшылық етуші» деген мағынаны білдіретін орыс тіліндегі «лидер» сөзінің орнын алмастыруына себепкер болған.



Алайда бұл жерде, «лидердің» баламасы ретінде «серкемен» қатар жарыса ұсынылып жүрген біріккен сөз «көшбасшының» әлдеқайда жиі қолданылатын айтқан орынды. Дәлірек айтқанда, «көшбасшы» атауы басымдыққа ие болып, «лидердің» баламасы ретінде орныға бастады деуге болады. Ал «тығын» атауы тілімізде «бөтелке сияқты өңеші тар ыдыстың аузына тығылатын зат» деген ұғымды білдіреді. Бұл сөздің орыс тіліндегі «пробка» (транспортная) сөзінің баламасы ретінде ұсынылуына осы мағынадағы «тығылуы», «тығындалуы» семасының себеп болуы да мүмкін. Дегенмен, одан гөрі көліктің көптігінен көшедегі олардың қалыпты қозғалысының бұзылып, тоқталып қалуын білдіретін орыс тіліндегі «пробка» сөзінің тікелей «тығын» деп аудару арқылы, дәлірек айтқанда, қазақ тіліндегі бұрыннан бар баламасына жаңа мағына жүктеу пайда болған деуге негіз жеткілікті.

*Өңір, өлке, аймақ, аумақ* сөздері синоним ретінде жұмсала беретін. Жалпы әдеби тілдегі, көркем әдебиеттегі олардың контекстік қолданысын шектеудің реті жоқ. Алайда, осы атаулар аударма жасау, түрлі ресми құжаттарда қолдану кезінде бірінің орнына бірі жұмсалып, бірізділік сақтала бермейтіндіктен, олардың аражігі ажыратылып, Мемтерминкомның 2002 жылғы 11 желтоқсандағы мәжілісінде *өңір – регион, аймақ – зона, өлке – край, аумақ – территория* түрінде ресми бекітілді.

Кейбір жаңа қолданыстар баспасөзде бір-екі рет қана көрініс беріп, одан кейін ол мағынада жұмсалмауы да мүмкін. Бұл баспасөздегі сөз қолданысын қалт жібермей мұқият қадағалап отырған жағдайда ғана байқалып отыратын құбылыс. Өкінішке қарай, осындай жұмыс бізде тұрақты түрде жүзеге аса бермейді.

Бұрын «игілік» сөзі негізінен «благо» сөзінің баламасы ретінде жұмсалып келген болса, «Самұрық» және «Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры құрылған кезде кейбір басылымдар осы қор атауының құрамында кездесетін орыс тіліндегі «благосостояния» сөзін «игілік» деп аударып қолданды. Мысалы, Мәжілісте Президент «Самұрық» және «Қазына» ұлттық холдингтері біріктіріліп, олардың негізінде «Самұрық-Қазына» Ұлттық игілік қоры құрылғанын жария етті. («Астана ақшамы», 14 қазан 2008 жыл. № 121 (2285)). Бірақ бұл қолданыс сол күндері жарық көрген бірді-екілі басылымда ғана кездесті. Артынша, республикалық негізгі ресми басылымдардағыдай «әл-ауқат» сөзі ғана қолданылатын болды.

### **Қазіргі қазақ баспасөзіндегі қолданылып жүрген жұрнақтар арқылы жасалған жаңа атаулар**

Бүгінгі баспасөзде қолданылып жүрген жаңа атаулар мен жаңа қолданыстарды жинақтап, оларды жасалу жолдарына қарай іштей жіктегенде, олардың едәуір бөлігінің сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған сөздер екендігін аңғардық. Олар мына төмендегі атаулар:

**-шы/-ші:** *айтушы, аяқдопшы, әкімші, әрлеуші, байқаушы, байланысшы,*

*жолишы, жүргінші, зілтемірші, кеденші, көсемсөзші, көшбасшы, мәндісөзші, мұрағатшы, парашы, пәтерші, салықшы, салымшы, сәйкестеуші, тапсырысшы* т.б.

**-м, -ым/-ім:** *әзірленім, басылым, белсенім, елтаным, жарияланым, жинам, жөнелтім, көрсетілім, қантаным, оқылым, өтінім, өсім, салым, сұраным, таныстырылым, таралым, төтем, төлем, ұстаным, шақырылым* т.б.

**-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік:** *әкімдік, балапаздық, біртектілік, достастық, елжандылық, жемқорлық, зайырлылық, зияткерлік, кәсіпкерлік, қауымдастық, отансүйгіштік, парашылдық, серіктестік, сыбайластық, шығармашылық, ықпалдастық, іскерлік* т.б.

**-нама/-дама:** *әдепнама, әдіснама, әлеуметнама, дерекнама, жаднама, жарнама, жұлдызнама, заңнама, қазанама, құбылнама, сауалнама/сауалдама, сырқатнама (қағазы), тұжырымдама, тұғырнама* т.б.

**-гер/-кер:** *алаугер, әкімгер, борышкер, білімгер, бітімгер, дәріскер, заңгер, зейнеткер, кәсіпкер, қарызгер, сазгер, сахнагер, сәнгер, сөзгер, талапкер, үлгігер, үлескер, іскер, (киногер)* т.б.

**-ма/-ме, -па/-пе:** *бүктеме, жүктеме, көшірме, қағызпа, қайталама, мәлімдеме, мөлшерлеме, түйіндеме, үстеме, хаттама* т.б.

**-хана:** *зертхана, құмархана, мейрамхана, ойынхана, тойхана, тауықхана, намазхана* т.б.

**-ыс/-іс:** *доғарыс, отырыс, тапсырыс, тексеріс, үдеріс* т.б.

**-ақ/-ек:** *кептелек, өткелек; -ғыш/-гіш:* *суреттегіш, оқишаулағыш; -уыш/-уіш:* *тыңдауыш; -ша/-ше:* *парақша; -ман/-мен:* *оралман; -паз:* *масқарапаз; -кес:* *лаңкес; -шілік/-шылық:* *бітімгершілік.*

Қазақ тіліндегі бірқатар жұрнақтар сөз тудырудағы қалыптасқан белсендігін сақтап қалған. Солардың бірі **-шы/-ші** жұрнағы. Бұл жұрнақ сөз жасау үдерісінде бұрыннан-ақ өнімділік танытып келген. Баспасөз материалдары бұл жұрнақтың қазіргі таңда да өнімділік танытып, сөз тудыру жағынан алдыңғы орында тұрғанын көрсетеді. Бұл үлгімен жасалған атаулардың арасынан *айтушы, аяқдошы, жолишы, зілтемірші, мәндісөзші, көсемсөзші, парашы, пәтерші, салықшы, сәйкестеуші* сында атаулардың бірі жеке ұсыныс түрінде айтылумен шектеліп, енді бірі сирек қолданылып жүрсе, *әкімші, әрлеуші, байқаушы, байланысшы, жүргінші, кеденші, көшбасшы, мұрағатшы, салымшы, тапсырысшы* тәрізді бір топ сөздер негізінен қазір жиі қолданылатын, жұрт жатсынбайтын дәрежеге жетті.

Өнімді жұрнақтар қатарында саналып келген **лық/-лік** (-дық/-дік, -тық/-тік) жұрнағы да сөзжасам үдерісіндегі белсенділігін сақтап қалған. Бұл жұрнақтың көмегімен жасалған *әкімдік, достастық, жемқорлық, зияткерлік, кәсіпкерлік, қауымдастық, серіктестік, сыбайластық, шығармашылық, ықпалдастық* іскерлік тәрізді атаулар бүгін жаппай қолданатын атаулар қатарына қосылып үлгерді. «Әкімдік» атауының жарыспа нұсқасы «әкімият» ішінара қолданылып жүргенімен, Мемтерминком ресми бекіткен «әкімдік» сөзі айқын басымдыққа ие бола бастағанын аңғаруға болады. Ал *балапаздық, біртектілік, елжандылық,*



*елшілдік, зайырлылық, отансүйгіштік, отаншылдық, парашылдық* сынды атаулар әлі сұрыпталу кезеңінен өте қойған жоқ. Мәселен, орыс тіліндегі бір ғана «патриотизм» сөзінің баламасы ретінде *елжандылық, елшілдік, отаншылдық, отансүйгіштік* сөздері жарыса қолданылып жүр. Әрине, бұл атаулардың бірін «патриотизмнің» баламасы ретінде орнықтырғанның өзінде, қалғандары өзіндік мағыналық реңктерімен синоним сөздер ретінде жалпы тілде қолданыла берсе, артықтық етпейді деп ойлаймыз.

Кейінгі жылдары *-дық/-дік* үлгісімен жасалып, қолданысқа еніп үлгерген атаулардың бірі «әкімдік» сөзі екендігін жоғарыда айттық. Бұл терминді 2002 жылы Мемлекеттік терминология комиссиясы ресми бекітіп, жаппай қолдануға ұсынған. «Әкімдік» атауы тілімізде қолданыста бар *өкілдік, елшілік, хандық, әмірлік* сөздерінің үлгісімен жасалған. Дәлірек айтқанда бұл атау ХХ басында жасалған. «Әкімдік» сөзі 1925 жылы Қ.Кемеңгерұлының редакторлығымен Мәскеуде жарық көрген «Қазақша-орысша тілмаш» деп аталған еңбекте «административность» және «власть» сөздерінің қазақша баламасы ретінде көрсетіледі. Бұл термин сол кезеңде біраз қолданылып, сөздіктерге еніп, алайда 30-жылдардан кейін шеттетілеген сөздердің бірі. Орыс тіліндегі «администрация» сөзінің баламасы ретінде мұндаға дейін «әкімшілік» сөзі пайдаланылып келген. Президент әкімшілігін де, облыстық әкімшілікті де, қала, аудан, ауыл немесе қонақ үй әкімшілігін де солай атап келген едік. Тілімізде әбден орныққан «әкімшілік» сөзін жаңа сөзбен алмастырудың қандай да бір қажеттігі де туындаған жоқ болатын. Ол қажеттілік облыстық және қалалық, аудандық әкімшіліктерді орысша «администрация» емес, «акимат» деп атаумен байланысты туындады. Алғашқыда осы «акимат» сөзін «әкімият» деп орыс тілі үлгісімен тілімізге бейімдеп алушылар табылды. Бұл сөз орыс тілі үлгісін тікелей көшіру болғандықтан, басқаша сөздер ұсыныла бастады. Орыс тілінде **-ат** суффиксі екі түрлі мағынаны білдіреді:

а) Адам (лиц). Мысалы, *адрес/ат, азу/ат, депутат/ат, стипенди/ат* т.б.

ә) Бірнеше адамдар жиынтығы, мекеме (учреждения). Мысалы: *декан/ат, директор/ат, кобин/ат, старост/ат, чемпион/ат, ректор/ат, халиф/ат, султан/ат* т.б. Сондай-ақ, бұл жұрнақтың варианты – **иат**. Мысалы, *комиссар/иат, пролетар/иат, секретар/иат* т.б. Біздің әкімияттың жасалуына негіз болған осы орыс тілінің жұрнағы еді. Ал қазақ тілінде 1) – **ат** жұрнағы *қыр/ат, су/ат, сыз/ат* 2) – **ат** араб тіліндегі көптік көрсеткіші. Мысалы, *ақпар/ат, мағлұм/ат, салам/ат* т.б.

Бұл жұрнақтар араб елдерінің мемлекеттік құрылымына қатысты атаулар құрамында да кездеседі. Мысалы: **Сұлтанат** – сұлтан басқаратын монархтық мемлекет. **Халифат** – VII ғасырда құрылған араб мемлекетінің атауы. Халиф – мемлекет басшысының титулы. Ол мұсылмандардың дінбасы да болған. Халифтер Мұхаммедтің ізбасарлары саналған. **Эмират** – Кейбір Азия мен Африка елдеріндегі феодалдық мемлекет немесе оның иелігі. XVIII ғасырдан ХХ ғасырдың басына дейін Бұхар хандығы Эмират деп аталған. Қазір біз орыс тіліндегі Эмиратты (Обединенные арабские эмираты) – Әмірлік «Біріккен араб

әмірліктері» деп атап жүрміз. Басқаларын осы ізбен алғаннан кейін, *халифат*, *сұлтанат* атауларын да **-лық/-лік** (-дық/-дік, -тық/-тік) жұрнақтары арқылы *халифтік*, *сұлтандық* деп бірізді атаған орынды болар еді.

**Бұрын сөз тудыру үдерісінде сирек пайдаланылып келген -м, -ым/-ім жұрнағы соңғы жылдары өнімділік таныта бастады. Кейінгі жылдары бұл жұрнақ арқылы жасалған салалық терминдердің саны күрт өсті. Олардың арасынан қазіргі баспасөзде *басылым*, *жарияланым*, *жөнелтім*, *оқылым*, *өсім*, *салым*, *таныстырылым*, *таралым*, *төлем*, *ұстаным*, *шақырылым* сияқты тұрақты қолданысқа көшкен атаулар жиі кездеседі. Ал *әзірленім*, *белсенім*, *елтаным*, *жинам*, *көрсетілім*, *қантаным*, *өтінім*, *сұраным*, *төтем* сияқты бірқатар сөздер сирек қолданыс тауып жатады. Бұлардың *әзірленім*, *төтем* тәрізді бірқатарының қолданысы арнаулы сала шеңберімен шектелсе, қалғандары әлі кең тарай қоймағандықтан және жарыспа нұсқалары болуына байланысты баспасөзден сиректеу көрініс тауып жүр.**

Бүгінгі баспасөз беттерінде біршама жиірек қолданылып жүрген атаулардың бір тобы **-нама**(-дама) үлгісімен жасалған сөздер. Осы тұлғадағы сөздердің *әдепнама*, *әдіснама*, *әлеуметнама*, *дерекнама*, *сырқатнама* сынды бірнешеуінен өзге басым көпшілігі қазақ тілді басылымдарда бірізді әрі жиі қолданылып жүр. Мысалы, *жарнама*, *жұлдызнама*, *заңнама*, *қазанама*, *сауалнама*, *тұжырымдама*, *тұғырнама* атауларын бүгінгі жұртшылық жаппай қолданатын сөздер қатарына қосуға болады.

Бұрын аса белсенділігімен ерекшелене қоймаған **-гер/-кер** жұрнағы 90-жылдардан бастап өнімділік таныта бастады. Соңғы 15-20 жылдай уақыт көлемінде бұл жұрнақтың қатысуымен көптеген сөздер туындады. Солардың бірқатары қазіргі қазақ баспасөзінде жиі қолданылып жүр. Жоғарыда біз келтірген мысалдардағы осы жұрнақ арқылы жасалған атаулардың арасында *азаткер*, *борышкер*, *дәріскер*, *зейнеткер*, *кәсіпкер*, *талапкер*, *үлескер*, *іскер* сынды бірнеше сөз сала мамандары да, жалпы жұртшылық та жатсынбай қолданылатын, тілде орныққан атаулар қатарына қосылды. Бұл атауларының барылғы да (үлескерден басқалары) салалық терминологиялық сөздіктер мен екі тілді аударма сөздіктерде беріліп жүр. Мемтерминком ресми бекіткендері (*талапкер*, *кәсіпкер*, *зейнеткер*) де бар. «Үлескерден» өзгелері 2007 жылы 100 000 (жүз мың) дана таралыммен жарық көрген орфографиялық сөздіктің соңғы басылымына да енген. Кейінгі 1-2 жыл көлемінде ғана пайда болған «үлескер» атауы да қазір жаппай бірізді қолданылып жүр. Бұл атау орыс тіліндегі «дольщиктің» баламасы ретінде бірден жаппай қолданысқа көшкен әрі баспасөзде, электронды ақпарат құралдарында өте жиі кездесетін сөзге айналды. Бұдан БАҚ-тардың термин қалыптастырудағы рөлін, ықпалын да байқауға болады. Дәл осы атаудың аз мерзім ішінде жұртшылықтың санасына сіңіп, құлағы үйреніп кетуіне ақпарат құралдарының айрықша ықпал еткенін айту керек. Ал *алаугер*, *әкімгер*, *білімгер*, *бітімгер*, *қарызгер*, *сазгер*, *сахнагер*, *сөзгер*, *киногер* сияқты атаулар баспасөзде біршама қолданылып жүргенімен әзірге тілде орныға қоймаған сөздер тобынан. Мәселен, «білімгер» сөзі осы

жуырда ғана пайда болды, жиі қолданыла бастады. Ал «алаугер» сөзі 2007 жылдың жазында Бейжің олимпиадасы кезінде пайда болды да, қазір көп кездесе бермейді. «Қарызгер» термині экономикалық сөздіктерде орыс тіліндегі «заемщик» сөзінің баламасы ретінде қолданыла бастады. Баспасөзде де кейінгі уақытта жиірек ұшырасады. «Сазгер» сөзінің «композитордың» баламасы ретінде қолданылып жүргеніне едәуір уақыт өткенімен, бірізді жұмсалатын деңгейге жете алмады. Кәсіби музыканттар мен бірқатар тіл мамандары бұл сөздің «мелодисть» сөзіне жақсы балама болатынын айтып жүр. Осы пікірдің негізі бар. *Сахнагер, сөзгер, киногер* сөздері кейінгі уақытта жекелеген авторлар тарапынан қолданыс тауып жүрген жаңа қолданыстар. Бұлар әлі көпшілікке аса таныс емес. **-гер** жұрнағының кірме сөздерге жалғануы бұрын байқала бермейтін. «Киногер» сияқты будан сөздердің пайда болуы бір жағынан қазақ тіліндегі термин шығармашылығының біршама жандана бастауына байланысты туындап ортырған құбылыс болса, екінші жағынан бұл *-гер* жұрнағы өнімділігінің арта түскендігін аңғартады. «Әкімгер» мен «әкімші» жарыса жұмсалып жүргенімен, соңғысының алдыңғысына қарағанда, әлдеқайда жиі қолданылатынын айту керек. Дұрысы «бағдарлама әкімшісі», «қонақ үй әкімшісі» түрінде қолдану. Жалпы **-гер/-кер** жұрнағын жалғау арқылы жасалған атаулардың бірқатары қалыптасып үлгергенімен, осы жұрнақтың семантикасына мән бермей, орынсыз жұмсау, мамандыққа, кәсіпке қатысты атауларға талғамсыз жалғай беру орын алып жүр.

XX ғасыр басындағы термин шығармашылығында біршама пайдаланылып, одан кейінгі кеңестік кезеңде белсенділік таныта қоймаған

**-ма/-ме** (-па/-пе, ба/-бе) жұрнағы 90-жылдардан бастап, ең өнімді жұрнақтардың біріне айналды. Бұл жұрнақтың қатысумен жасалған атауларды қазір арнаулы салалардың бәрінен дерлік кездестіруге болады.

Олардың арасынан қазіргі баспасөзде жиі қолданылып жүрген *жүктеме, көшірме, мәлімдеме, үстеме, хаттама* тәрізділерін арнаулы салада да, жалпыхалықтық тілде де негізінен бірізді, тұрақты түрде қолданылатын терминдер деп атауға болады. Осы атаулардың ішіндегі *көшірме* мен *хаттама* терминқор қалыптастырудың алаштық кезеңінде, өткен ғасырдың 20-жылдары жасалып, қолданыста болған атаулар. 30-жылдары олар тілден шеттетілді. 90-жылдардан кейін біз оларды қайта қолданысқа енгіздік. Олар екінші өмірі басталған, бүгінгі күннің жаңа атаулары ретінде тілдік айналымға қайта оралған сөздер. Ал *бүктеме, қағытпа, қайталама, мөлшерлеме, түйіндеме* секілділерін көбінесе баспасөзде қолданылып жүргенімен тілде әлі толық орныға қоймаған атаулар деген орынды. «Мөлшерлеме» қаржы-экономика саласында, «түйіндеме» құжат тілінде біршама қолданылып жүргенімен, бұлар әлі терминжүйе мүшесі ретінде таныла қойған жоқ.

Аса белсенді түрде болмаса да, бұрын сөзжасам үдерісінде едәуір пайдаланылып жүрген *-хана* жұрнағының да кейінгі 15-20 жыл көлемінде өнімді жұмсала бастағанын көруге болады. Бұл жұрнақтың көмегімен жасалған сөздер аз емес. Қазіргі қазақ баспасөзінен солардың ішінен *зертхана, құмархана,*

*мейрамхана, ойынхана, тойхана, тауықхана* сияқтыларын кездестірдік. Бұлардың ішінде *зертхана, мейрамхана, тойхана* атаулары жұртқа көбірек таныс. Жиірек қолданатындары да осылар. *Ойынхана, құмархана* атаулары жарыса қолданылып жүрген, бір нұсқасы әлі басымдық танытып, тұрақтай қоймаған сөздер. Ал «тауықхана» атауына келсек, тілімізде бұрыннан бар «*тауыққора*» сөзі тұрғанда, онсыз да орынды орынсыз жиі жалғанып жүрген *-хана* жұрнағы арқылы сөз тудыруға қандай қажеттілік болғанын түсіну қиын. Жалпы бұл атауды әзірге бір реттік (аккозионал) қолданыс деп қабылдауға болады.

Кейінгі жылдарда сөзжасам үдерісінде өнімділік танытып жүрген қосымшалардан қатарына **-ыс/-іс** жұрнағын да жатқызуға болады. Мерзімді басылым беттерінде бұл жұрнақатың көмегімен жасалған *доғарыс, отырыс, тапсырыс, тексеріс, үдеріс* сынды сөздер жиі қолданылады. Алайда соңғы 15-20 жыл көлемінде осы жұрнақтың қатысуымен жасалған сөздер бұлармен ғана шектелмейді. Салалық терминдер жүйелерінде олар көптеп кездеседі.

Біз мысалға келтіріп отырғандарының арасынан *отырыс, тапсырыс, тексеріс* атауларын жұртшылыққа жақсы таныс, бірізді қолданылу деңгейіне жеткен сөздер қатарына қосқан жөн. Ал «*үдеріс*» соңғы 2-3 жыл көлемінде әсіресе баспасөзде өте жиі қолданылып жүргендіктен, бұрыннан келе жатқан кірме сөз «процесстің» орнын қысқа мерзімде алмастыра бастаған атау.

Заттық ұғымдардың атауларын жасауда кейінгі жылдары өнімді пайдаланылып жүрген жұрнақтардың бірі – **-ғыш/-гіш**. Біз жоғарыда баспасөзден алынған *суреттегіш, оқшаулағыш* сияқты бірді-екілі мысалдарды ғана келтіргенмен, кейбір арнаулы салаларда бұл жұрнақ арқылы жасалған атаулар көптеп саналады. Осы сияқты **-уыш/-уіш** жұрнағы да өнімділік таныта бастаған жұрнақтар қатарын құрайды. Ал **-ак/-ек, -ша/-ше, -ман/-мен, -паз, -кес, -шілік/-шылық** жұрнақтары аса өнімділік таныта қойманымен, бұл жұрнақтардың да сөз жасауға қатыса бастағанын байқалады.


### Сөздердің бірігуі арқылы жасалған жаңа атаулар

Қазіргі баспасөз беттерінен жинақталған тілдік деректер біз сөз етіп отырған мерзімде сөздерді біріктіру арқылы жаңа атаулар жасау тәсілінің жиі пайдаланылатыны байқалды. Негізінен екі сөзді біріктіру арқылы жаңа сөздердің көптеп жасалғанына мына төмендегі біріккен атаулар дәлел бола алады: *айдарбелгі, айыппұл, айыптұрақ, ақорда, ақуыз, элемтор, әнұран, әскербасы, әуежай, әуежол, әуесерік, бейнебақылау, бейнебаян, бейнежазба, бейнекөрініс, бейнеқұжат, бейнетаспа, бейнетүсірілім, босаралық, дәйексөз, елтаңба, зілтемір, дереккөз, жөргекпұл, затбелгі, зейнетақы, келіссөз, келісімшарт, қалабасы, мұхитарал, отиашу, өтемақы, пәтерақы, сыйақы, субұрқақ, төсбелгі, тікұшақ, ұнпарақ, шәкіртақы, хатқалта, іссапар, ықпалшара* т.б.

Біз жинақтаған баспасөз материалдары «бейне» сөзінің де термин түзуші бөлшек ретінде жиі пайдаланып, өнімділік таныта бастағанын көрсетеді.

Оның себебі, соңғы он бес жылдан астам уақыт көлемінде тілімізге «видео»-мен басталатын кірме сөздер көптеп кірді. Осы «видео»-ны «бейне» деп аударып алғандықтан, «бейне» сөзінің қатысуымен жасалған сөздер саны күрт өсті. Бұл сөз екі сыңары да қазақ сөзінен тұратын атауларды жасауда өнімді жұмсалудымен қатар, бір сыңары кірме сөзден тұратын будан атаулардың құрамында да кездеседі. Мысалы, *бейнебақылау, бейнебаян, бейнежазба, бейнекөрініс, бейнеқұжат, бейнетаспа, бейнетүсірілім және бейнекамера, бейнеклип, бейнемагнитофон, бейнефильм.*

Жалпы термин шығармашылығында бір үлгімен жасалған біріккен атаулар санының едәуір артқандығы айқын байқалып отырған құбылыс. Бұл орайда тіліміздегі «ақы», «басы», «бейне», «пұл» (*айыппұл, жөргекпұл*) сөздерінің қатысуымен жасалған атаулар сөзімізге дәлел бола алады. Сызбаға қараңыз:



### Жаңадан жасалған және жаңаша қолданыстағы қос сөздер

Біріккен, кіріккен сөздермен қатар кейінгі жылдары қос сөз түрінде келетін терминдер мен атаулар да пайда бола бастады. Солардың бірқатарын баспасөзден кездестіруге болады. Мысалы, *арыз-тілек (петиция), әлауқат (благосостояния), көші-қон (миграция), өлім-жітім (летальность), сауда-саттық (аукцион), штаб-пәтер (штаб-квартира), іс-қимыл (действия), іс-шара (мероприятия), іс-әрекетсіздік (бездеятельность)* т.б.

Бұл атаулардың кейінгі екеуінен өзгелері тілде бұрыннан қолданыста бар сөздер. Бұрыннан болғанмен бұлардың көбі дәл сол бастапқы мағыналарында қолданылып тұрған жоқ. Мағыналары мейлінше нақтыланып, қосымша мағына үстеп, белгілі бір терминдік мағынаны білдіретін ұғымдарға телінген. Бастапқы мағынасына барынша жақын, аса көп мағыналық өзгеріске ұшырамай қолданылғаны «өлім-жітім» атауы. Ал «штаб-пәтер» орыс тіліндегі «штаб-квартира» атауын жартылай калька тәсілімен тікелей аудару арқылы жасалған. «Іс-шара» кейінгі жылдары сөз қосарлау тәсілімен жасалып, қолданысқа енген жаңа атау.

Қазақ тілі қос сөздерге бай тіл болғанымен, 90-жылдарға дейін термин

шығармашылығында сөздерді қосарлау арқылы сөз жасау өте сирек кездесетін. Тіпті арнаулы салалар терминдерін жасауда сөз тудырудың бұл тәсілі мүлде пайдаланылмай, іске қосылмай келді деуге болады. Соңғы жылдары сөзжасам үдерісінде бұл тәсіл арқылы да сөз тудырудың жандана бастағанын байқауға болады. Жалпы осы құбылыстың өзі ұлт тілінің термин шығармашылығында, сөзжасам үдерісінде пайдаланыла бастағандығының бір көрінісі. Бұрын пайдаланылмай келген немесе өте аз пайдаланылған лексикалық қабаттар мен сөзжасам тәсілдерінің іске қосылуы соның дәлелі бола алады.

### Көп сыңарлы атаулар

Термин шығармашылығында сөздердің тіркесуі арқылы жасалған екі, үш, төрт сыңарлы атаулар елеулі орын алады. Оларды салалық терминдер жүйесінің әрқайсынан көптеп кездестіруге болады. Кейбір арнаулы салаларда бүкіл терминдерің 60-70 пайызын осындай тіркесті терминдер құрайды. Олардың бәрі газет-журналдарда қолданыла бермейді, көпшілігі арнаулы сала тілімен шектеледі. Қазіргі қазақ баспасөзінен төмендегідей екі-үш сыңарлы жаңа терминдер қолданылып жүр: *айлық есептік көрсеткіш, айналма жол, әлжуаз жіктер, бейіндік оқыту, бірреттік жәрдемақы, біртұтас әкімшілдендіру, галамдық жылыну, дыбысжазғыш құрылғы, дыбыс күшейткіш, жан сақтау, жол-көлік оқиғасы, зияткерлік меншік, көлік құралы, қанатқақты жобалар, қауіпсіздік белдігі, қорғаныш белбеуі, қол жетімділік, серпінді жобалар, сыбайлас жемқорлық, сырқатнама қағазы, төлқұжат үстелі, тектік қор, ұялы телефон, шаруа қожалығы, шепбұзар жобалар, ырықты экономика* т.б.

Қазіргі құжаттардың, іс қағаздарының көпшілігінде «әлсіз топтар» түрінде көбірек қолданыла бастаған тіркесті баспасөзде «әлжуаз жіктер» деп аударып қолданушылар да бар. Алдыңғысына карағанда бұлай аударылуының сәтсіздеу екендігі аңғарылып тұр. Сондай-ақ, осы атауды «әлсіз топтар» деп аударушылар да кездеседі. Бірнеше нұсқасының жарыса қолданылып жүргендігі әлі бұлардың біреуінің басымдыққа ие бола қоймағандығын көрсетеді. Сол секілді жарыса қолданылып жүрген тіркесті терминдер қатарын *серпінді жобалар, шепбұзар жобалар* терминдері де құрайды. Жоғарыдағы екі-үш сыңарлы терминдердің бірқатары іс қағаздарында, сала тілінде, мерзімді баспасөзде бірізді қолданылып, тұрақтала бастады. Ал *әлжуаз жіктер, бейіндік оқыту, бірреттік жәрдемақы, біртұтас әкімшілдендіру, жан сақтау, қанатқақты жобалар, қорғаныш белбеуі, сырқатнама қағазы, төлқұжат үстелі, шепбұзар жобалар* әлі бір ізге түспеген, ішінара немесе жарыса қолданылып жүрген атаулар қатарын құрайды.

### Будан атаулардың жасалуы мен қолданысы

Бір бөлшегі төл сөзіміз, екінші жартысы кірме сөз немесе шетелдік терминбөлшек болып келетін атаулар тілімізде көп емес еді. Бұрын *радиохабар,*



*телехабар* деген сияқты аралас құрамды сөздер аз ұшырасатын болса, бүгінгі уақытта олардың саны күрт өсті. Бұл ерекше назар аударатын құбылыс. Будан атаулар санының бірден артуының лингвистикалық, экстралингвистикалық себептерін анықтап, олардың жасалу жолдарын, мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін көрсету өте маңызды іс. Мұндай жұмыстарды атқарып, тиісті талдау жасау үшін алдымен оларды түрлі салалардан жинақтап, жүйелеп алу қажет. Ғылым салаларында да будан атаулар саны артып келеді. Оларды да сала-сала бойынша жинап, терминжасамдағы үлесін, жасалу ерекшеліктерін анықтау керек. Қазіргі қазақ баспасөзінде мына төмендегідей будан атаулар қолданылып жүр: *авиатасымал, автопат, автобекет, автожол, автожорық, автожүргізуші, автомектеп, автомотокөлік, автотұрақ, автоұшқыш, автошеру, агроқалашық, агросаясат, антидағдарыс, аудиокітап, әуебилет, әуевокзал, әуекеросин, бейнекамера, бейнеклип, бейнемагнитофон, бейнефильм, биоотын, биотөлқұжат, веложарыс, велошабандоз, газқұбыр, геосаясат, геосаяси, дендробақ, еуроаймақ, еуроодақ, зообақ, инфрақұрылым, киноөндіріс, кинотаспа, ксерокөшірме, макроөңір, метеожабдық, микродеңгей, мультинәтиже, санэпидқадағалау, субқоржын, телеайтыс, телеарна, теледидар, телеарна, тележүздесу, тележүргізуші, телекөрермен, телеөнер, телеойын, телетіліші, телехабар, трансұлттық, фотоайғақ, фотобайқау, фотокөрме, фотокөшірме, фотоқадағалау, фотоқондырғы, фотоқұжат, фототіліші, экожоба, экоорталық, этносаясат* т.б.

Келтірілген мысалдар көрсетіп отырғанындай, қазіргі баспасөзде қолданылып жүрген будан атаулар аз емес екен. Оның себебін іздей бастасак, бұл ең алдымен, біздің «халықарлық» деп аталып жүрген немесе кең тараған терминбөлшектерді аударай қабылдау дәстүрін орнықтыруымызбен байланысты. Қазақ тілінің жетпіс жылға жуық мерзімге созылған кеңестік терминжасам тәжірибесінде, термин қабылдау қағидаттарында халықаралақ терминдер мен негізінен латын, грек тілдеріне тән кең тараған терминбөлшектерді орыс тіліндегі жазылу үлгісіне сай өзгеріссіз қабылдау берік орнықты. Қазақ тілінде термин жасау қарқын ала бастаған тәуелсіздік кезеңінде де осы дәстүр көп бұзылған жоқ. Жекелеген терминбөлшектердің қатысуымен жасалған терминдер аударылып алынғанымен, оларды жаппай аудару құбылысы көрініс берді деуге болмайды. Мысалы, *аэро, видео* терминбөлшектері *әуе, бейне*, түрінде қазақшаға аударылып алынып жүргендігін жоғарыдағы мысалдардан көруге болады. Сондай-ақ, «телеграмма» атауының «жеделхат» түрінде аударылып, жиі қолданылатын атауға айналғаны белгілі. Ал жалпы алғанда кең тараған шет тілдік терминбөлшектердің қатысуымен жасалған жүздеген атаулар сол қалпында қолданылып келеді немесе олардың бір бөлігі аударылып будан атаулар жасала бастады. Баспасөз материалдары *авиа, авто, агро, анти, аудио, био, вело, гео, дендро, еуро, зоо, инфра, кино, ксеро, макро, метео, микро, мульти, суб, теле, транс, фото, эко, этно* сынды кең тараған терминбөлшектердің қатысуымен жасалған көптеген атаулардың екінші бөлігі ғана аударылып жүргендігін көрсетеді. Тағы бір назар аударатын нәрсе – жаңа пайда болған будан атау-

удардың қазақшаға аударылып алынған екінші сыңарларының көпшілігі орыс сөздері екендігі. Мысалы, *авиатасымал* (перевозка), *автожол* (дорога), *автожорық* (поход), *автоматкөлік* (транспорт), *автомұрақ* (стоянка), *агроқалашық* (городок), *аудиокітап* (книга), *веложарыс* (гонка), *велошабандоз* (гонщик), *еуроодақ* (союз), *инфрақұрылым* (структура), *киноөндіріс* (производства), *ксерокөшірме* (копия), *метеожабдық* (оборудование), *микродөңгей* (уровень), *мультинаәтиже* (результат), *тележүргізуші* (ведущий), *ележүздесу* (встреча), *телекөрермен* (зритель), *телеойын* (игра), *фотоайғақ* (доказательство), *фотокөрме* (выставка), *фотокөшірме* (копия), *фотоқондырғы* (установка), *экожоба* (проект), *экоорталық* (центр).

Тағы бір назар аударатын бұдан атаулардың түрі «мәжіліспен» (*парламентшіі/парламентарий*) және «газетхана» сияқты жаңа қолданыстар. Мұның біріншісі «мәжіліс» сөзіне ағылшын тіліндегі «адам» деген мағынаны білдіретін «тап» сөзін қосу арқылы жасалған. Бұл атау «конгрессмен», «бизнесмен» сияқты сөздердің үлгісін пайдалану арқылы жасалған. Бұрын сөз алмасуда негізгі көз орыс тілі болып келгені белгілі. «Мәжіліспен» сияқты сөздердің туындауы енді ағылшын тілінен тікелей сөзалмасу құбылысының пайда бола бастағандығының бір көрінісі. Қазақ сөзіне ағылшын сөзін қосып бұдан атау жасау бұрын байқала бермейтін мейлінше жаңа тәсіл деуге болады. Ал екіншісі қытай қазақтарының тілінде қолданылатын атау. «Газет» тілімізде көптен бері қолданылып жүрген кірме сөз екені мәлім. Оған жалғанып тұрған «хана» қосымшасы тілімізге негізінен өткен ғасыр басында иран тілінен енген, бастапқыда «үй» деген мағынаны білдіретін дербес мағыналы сөз болғанымен, қазір кірмелігі ұмытылып төл жұрнақтарымыздай қолданылатын дәрежеге жеткен. Кейінгі жылдары сөзжасам үдерісінде өнімділік танытып отыр.

### Калькалау тәсілімен жасалған жаңа атаулар

Жаңадан жасалған терминдер мен жалпы тілдегі атаулар қазіргі термин шығармашылығында, сөзжасам үдерісінде калька тәсілі өте өнімділік танытып отырғаны байқалады. Мына төмендегі атауларға назар аударып көрелік:

Ашық есік күні (*день открытых дверей*), ашық қоғам (*открытое общество*), Бір терезе (*одного окна*), сауда нүктесі (*торговая точка*), сенім телефоны (*телефон доверия*), үлкен сегіздік (*большая восьмерка*), айлық есептік көрсеткіш (*месячный расчетный показатель*), әлжуаз жіктер (*уезвимые слои*), ғаламдық жылыну (*всемирное потепление*), дыбысжазғыш құрылғы (*звукозаписывающее устройство*), дыбыс күшейткіш (*звукоусилитель*), елтаным (*страноведение*), жол-көлік оқиғасы (*дорожно-транспортное происшествие*), жүйеқұраушы (*системаобразующий*), зымырантасығыш (*ракетаноситель*), көлік құралы (*транспортное средство*), қауіпсіздік белдігі (*ремень безопасности*), өмірсүйгіш (*жизнелюб*), тауарөндіруші (*товаропроизводитель*), төлқұжат үстелі (*паспортный стол*), ұлтүстілік (*сверхнациональный*), ұшу-қону



жолы/ұшу-қону жолтабаны (*взлетно-посадочная полоса*), шаруа қожалығы (*крестьянское хозяйство*) т.б.

Осы күрделі атаулардың барылғы да орыс тілінен калькалау тәсілімен жасалған толық калькалар. Келтірілген мысалдағы калька атаулар бұл тәсілдің қазіргі таңда қандай өнімді тәсілге айналып отырғанын анық көрсетеді. Бұған жартылай калька мен семантикалық калькаларды қосар болсақ, бұл тәсілмен жасалған атаулар саны тағы да арта түспек. Қазіргі баспасөзде кездеспегенімен, арнаулы салалардың өзінде қолданылып жүрген калька тәсілімен жасалған терминдер үлесі тіпті үлкен. Жалпы бұл жеке әңгімеге арқау етіп алып, арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылуы тиіс мәселе.

Орыс және қазақ тілдеріндегі «кидать», «лақтыру» етістіктерінің мағыналары сәйкес келеді. Бұрын «лақтыру» етістігі қазақ тілінде негізінен «тас лақтыру», «таяқ лақтыру» және т.б. нәрсені лақтыру деген сияқты өзінің тура мағынасында қолданылатын. Ал орыс тілінде «кидать» етістігі тура мағынасынан өзге «алдап кету», «тақырға отырғызып кету» деген мағынада да жұмсалатын. Ал қазақ тіліндегі «лақтыру» етістігі мұндай мағынада жұмсалған емес. Кейінгі жылдары қазақ баспасөзінде де орыс тілінің әсерімен «лақтыру» етістігін оның орыс тіліндегі эквивалентінің ауыс мағынасын да семантикалық калькалау жолымен тікелей аударып қолдану өріс ала бастады. Бұл орыс тілі ықпалының әлі күшті екендігін, оның қазақ тілін тұтынушылар санасына бүгін де әсер етіп отырғанын көрсетеді.

Бізде көп жағдайда калькалау тәсілімен жасалған терминдерге қатысты біржақты пікірлер айтылып жатады. Оның басты себептерінің бірі калька тәсілімен жасалған атаулар табиғатының жан-жақты зерттелмеуі екендігін айту керек. Сол себепті тіліміздегі терминжасамның өнімді тәсілдерінің біріне айналып отырған калькалаудың табиғатына тереңірек үніліп, оның тиімді-тиімсіз қырларын көрсетіп, ғылым тіліндегі калька терминдердің алатын орнын, үлес-салмағын, жетістігі мен кемшіліктерін анықтау міндет.

### Бейнелі атаулар

Осы басылымның соңында соңғы жылдары пайда болған, калькалау арқылы жасалған жаңа перифраз атауларды да беріп отырмыз. Затты, құбылысты өз атымен атамай бейнелеп, басқаша айту арқылы жасалатын мұндай атаулар баспасөз беттерінде аса көп болмаса да біршама қолданыс тауып жатады. Мәселен, мерзімді баспасөз беттерінен мына сияқты бейнелі атауларды кездестіруге болады: *Алтын дауыс, ақ олимпиада, алтын квадрат, Аспанасты елі, Айдаһар елі (Қытай), Күншығыс елі (Жапония), Тай елі (Тайланд), Киелі тақ елі (Ватикан), бүкір көпір, гасыр дерті, жасыл өкпе, қара құрлық, қара маржан, қызыл әтеш, кәрі құрлық, көгілдір отын, көк қағаз, көк құрлық, ми орталықтары, мыстан аулау, тәжді сауал, темір ханшайым, тоқылдақ, тірі тауар, шымыр жаңғақ* т.б.

Перифраз атаулар тізімінде тек кейінгі жылдары жасалған жаңа

қолданыстармен қатар бұрыннан бар бірнеше атау берілді. Мысалы, *ақ алтын, Бостандық аралы, дөңгелек үстел, қара алтын, қара тізім, қырғиқабақ соғыс, көгілдір, көгілдір экран, крест жорығы, тұманды Альбион*.

Оның себебі осыған дейін қолданыста болған және кейінгі жылдарда жасалған перифраздардың жасалу, туындау жолдарын, ерекшеліктеріне айқындау. Бұныннан қолданыста бар перифраздар мен кейінгі уақытта пайда болған атауларды салыстырып қарар болсақ, олардың барлығы да орыс тіленен калькалау жолымен аудару арқылы жасалғанын көруге болады. Бұл орыс тілінің термин жасам үдерісінде де, перифраздарды туғызуда да әлі күшті ықпал етіп отырғанын көрсететін тілдік деректер. Кеңестік кезеңде жасалып тілдік айналымымызға енген перифраздарды да, кейінгі тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде туындағандарын орыс тілі үлгісімен жасағанымыз ап-анық аңғарылып тұр. Біз баспасөз беттерінен жинақтаған материалдар кешегі және бүгінгі уақытта туындаған перифраздардың орыс тілінен дәлме-дәл аударылып, түгелдей толық калька түрінде жасалғанын көрсетеді. Бұл термин жасам үдерісінде ғана емес, бейнелі атауларды жасауда да қазақ тіліне орыс тілі әсерінің өте күшті екендігінің дәлелі.

### **Қазіргі қазақ баспасөзіндегі жаңа атаулар мен терминдер қолданысындағы кемшіліктер**

Бұл жинақтағы атаулардың қазіргі баспасөз беттерінен жинаудағы мақсат – соңғы 15-20 жыл көлемінде жасалған жаңа атаулар мен жаңа қолданыстардың және Мемтерминком ресми бекіткен терминдердің жұртшылық тарапынан баспасөзде қаншалықты қолданылып, тілдік айналымға түсе бастауын байқау болатын. Жоғарыда біз жаңа қолданыстар мен кейінгі жылдары жасалғанымен жаңалығы ұмытыла бастаған кейбір атаулардың жасалу жолдарына тоқталсақ, енді олардың қолданысында кездесетін кемшіліктерге назар аударамыз. Қазіргі баспасөзде кездесетін жаңа атаулардың қолданысындағы орын алып жүрген кемшіліктің ең бастысы – ресми бекітілген терминдердің бірнеше нұсқасының жарыса жұмсалуды. Бүгінгі баспасөз беттерінен жинақталған жаңа атауларды сараптағанда мынадай сөздердің жарыса қолданылып жүргендігі анықталды:

**Администратор** – *әкімші, әкімгер*; **акимат** – *әкімдік, әкімият*; **бассейн** – *хауыз, әуіз*; **мобильный (сотовый) телефон** – *қалтателефон, ұялы телефон, қалтафон*; **интернет** – *әлемтор, галамтор*, **стюардесса** – *әуесерік, аспансерік*; **глобализация** – *галамдану, жаһандану, ауқымдану*; **транспортная пробка** – *кептелек, кептеліс, тығын, тығырық*; **семья** – *отбасы, жанұя*; **публицистика** – *көсемсөз, қоғамсөз, замансөз, мәндісөз*; **кресло** – *орынтақ, күрсі*; **медсестра-медбике, мейірбике**; **наушник** – *тыңдауыш, құлақкигіш, құлақілдірік*; **микрорайон** – *мөлтекаудан, ықшамаудан, шағынаудан*; **петиция** – *арыз-тілек, құзырхат*; **ремень безопасности** – *қауіпсіздік белдігі, қорғаныш белбеу*; **прорывные проекты** – *серпінді жобалар, шепбұзар жобалар*; **фонтан** – *субұрқақ, бұрқақ*; **казино** – *ойынхана, құмархана*; **патриотизм** – *отаншылдық*,

*отансүйгіштік, елжандылық; огнестрельное оружие – атыс қаруы, отты қару, модельер – сәнгер, үлгігер, телемост – телекөпір, бейнекөпір, біріккен кәсіпорын//бірлескен кәсіпорын, ұзақмерзімді/ұзақмерзімдік/ұзақ мерзімдік (долгосрочный) т.б.*

Бұл келтірілген мысалдардың арасында ресми бекітілгені де, біраздан бері қолданылып жүргенімен бекітуге ұсынылмағандары да, сондай-ақ жұртшылыққа аса таныс емес әлі сараптан өте қоймаған жаңа қолданыстар да бар. Бұлардың арасындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы тарапынан ресми бекітілгендері мыналар: *әкімші, әкімдік, жаһандану, отбасы, ықшамаудан. Соған қарамастан осы бекітілген атаулардың әкімгер, әкімият, галамдану, жаһандану, ауқымдану, жанұя, мөлтекаудан, шағынаудан* нұсқалары баспасөз беттерінде жарыса қолданылып келеді.

Мұның себебі не? Жалпы біздегі ресми бекітілген терминдердің бірізді қолданылмауының негізгі екі түрлі себебін атауға болады. Біріншісі – бекітілген терминдерді жұртшылыққа жеткізіп, олардың қолданысын қадағалап, үйлестіріп отыру жұмыстарының тиісті дәрежеде жүргізілмеуі. Екіншісі – терминдерді жасау, сараптау, ұсынылған нұсқалардың арасынан сәтті жасалғандарын іріктеп алу және бекіту жұмыстарының кәсіби тұрғыда жүзеге асырылмауы. Бізде тілді жақсы білетін термин шығармашылығына өз үлесін қосып, көптеген сәтті терминдер жасап, терминологиялық сөздіктер шығарып жүрген практиктер, сала мамандары бар. Алайда соған қарамастан, бүкіл термин шығармашылығын ұйымдастырып, оның барысын қадағалап, жетістіктерін үлгі ретінде ұсынып, кемшіліктерін түзетіп отыратын кәсіби мамандар шоғырланған орталық құрылымның болмауы бұл істің жүйелі түрде жүзеге асуына мүмкіндік туғызбай отыр. Сондықтан бекітуге ұсынылған терминдер немесе белгілі бір сала маманы дайындаған терминологиялық сөздік жан-жақты талданбайды. Мемтерминком қарауына үстірт, формальді түрде сараптан өтіп келген терминдер мен терминологиялық сөздіктер ұсыныла береді. Ал Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы мемлекеттік терминология комиссиясы мәртебесі зор комиссия болғанмен ол да тұрақты түрде жұмыс істейтін, тек терминология мәселесімен ғана айналысатын құрылым емес. Оған тек терминтанушы, терминограф, терминшілер ғана емес, жалпы филологиялық білімі барлар да, журналистер мен ақын-жазушылар да, қызметтік міндетіне сәйкес лауазымды тұлғалар да мүше бола алады. Оны қазақ тілін өте нашар білетін басшылар басқарып, құрамына тіл білмейтін, терминология мәселелерінен еш хабары жоқ мүшелер енгізілгенін де көзімізбен көрдік. Біз терминология мәселелерімен осы істің мән-жайын жетік білетін кәсіби маманданған кадрлар айналысатын жағдайға әлі жете алмай отырмыз. Сондықтан да осындай мәртебелі комиссияның бекіткен терминдерінен шикіліктер шығып қалып жатады. Бекітіліген терминдерді жұртшылыққа таныстырып, олардың қолданысын қадағалау жұмысы да осы уақытқа дейін бірқалыпты іске асып, бір ізге түсе қоймаған. Бекітілген терминдердің қолданысын қадағалау тетігі мүлде жасалмаған деуге болады. Терминдерді

жасау, оларды талқылау мен бекіту, қолданысын қадағалау кәсіби тұрғыдан жүзеге асырылмаған соң, жетілдірілген терминжүйе қалыптастыру жолындағы атқарылып жатқан жұмыстардың кемшіліксіз әрі нәтижелі болуы қиын екендігін дәлелеп жату артық болар. Бекітілген терминдердің бірізді қолданылмауы не олардың о баста дұрыс бекітілмегендігінен, не дұрыс жасалып, орынды бекітілген терминнің қолданысын қамтамасыз ете алмаудан екендігін ашып айтпасақ болмайды. Терминологиялық жұмыстарды орталықтандырылған түрде кәсіби тұрғыдан жүзеге асырмасақ, мұндай кемшіліктер орын ала беретіндігін біз үнемі айтып, тиісті органдар алдына шешімін табуы тиіс мәселе ретінде қойып-ақ келеміз. Бірақ әзірге одан айтарлықтай нәтиже шығып жатқаны шамалы. Терминологиялық жұмыстарды республикалық деңгейде үйлестіру ісі шешімін таппай, соған сәйкес бұл саладағы қордаланған мәселелер күннен-күнге, жылдан-жылға артқан үстіне арта түсіп отыр.

Ал ресми бекітілмеген атаулар мен термин сөздердің баспасөзде жарыса қолданылуына келсек, бұл құбылысты шектеудің реті жоқ. Тек терминдер жарыспалылығын тым ұзаққа созып алмай, қолданыста жүрген нұсқалар арасынан сын мерзімнен өтіп, терминге қойылатын талаптарға сай келетінін таңдап алып ресми бекітіп отыру қажет. Ал таңдаудан өтпегендерін ұсынылмаған, қолданысына тиым салынған (немесе шектелген) атаулар қатарына қосып отыру арқылы орынсыз жарыспалылыққа жол берілмеуін қамтамасыз етуге болады. Жоғарыдағы мысалдағы әлі бекітілмеген жарыспалы атауларға қатысты осы жұмыстар енді жүргізілуі керек.

Бұл аталғандармен бірге қазіргі термин шығармашылығы мен олардың қолданысында орын алып жататын өзге де кемшіліктер бар. Айталық, орыс немесе өзге шет тілінен енген дара тұлғалы терминдерді екі немесе үш сыңарлы термин түрінде сипаттай аудару кездесіп жатады. Мысалы, «распродажа» деген атауды қазақша «арзан сатылым» деп екі сөзбен беру термин ықшамдылығы тұрғысынан да мағыналық тұрғыдан да ұтымды жасалған дей алмаймыз. Экономикалық сөздіктерде бұл терминді сондай-ақ «жаппай сату», «сатып жіберу», «көтере сату» түрінде жарыстыра беріп жүр. Кейде екі ұғымды бір сөзбен атау сияқты кемшілік те байқалып жатады. Мәселен, баспасөз беттерінде «конференцияны» да, «маслихатты» да – «мәслихат» деп қолдану ұшырасып жатады.

«Легализация» термині заңдардың қазақшасында «заңдастыру» деп беріліп жүр. Мысалы: Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы. («Егемен Қазақстан», 8 қыркүйек 2009 жыл. № 293-294). «Заңдастыру» «легализациядан» гөрі «узаконить» сөзіне дәлірек сәйкес келетін атау.

«Конкурентная среда» деген тіркесті «бәсекелестік орта» түрінде аударып қолдаушылар бар. Осы аударма үйлесіп тұрған жоқ. Сөз тіркесінің бірінші сыңарының түбірі «бәсекелес» те, «бәсекелестік» те емес, «бәсеке» болуға тиіс те, ал оған жалғанған қосымша **-тік** емес, **-лі** болғаны орынды. *Конкуренция* – *бәсеке*, *конкурент* – *бәсекелес* болғаннан кейін *конкурентность* – *бәсекелестік*,

ал конкурентная среда – бәсекелі орта болғаны дұрыс деп білеміз. Сонда «бәсекелі орта» термині – бәсеке бар, бәсеке қалыптасқан орта деген ұғымды дәл береді.

Қолданысқа еніп жұртшылық жаппай қолданып жүрген терминдердің де кейде олқы қырлары, өзі балама болған ұғымның мазмұнын, басқа мағыналарын толық қамти алмайтын тұстары байқалып қалып жатады. Мәселен, «герб» терминінің баламасы ретінде кеңінен қолданылып жүрген «елтаңба» сөзінің мына төмендегі қолданысы соның бір көрінісі. «Астананың алғашқы елтаңбасының түпнұсқасы сақталмай қалды». («Алаш айнасы», 23 қараша 2011 жыл. № 208). Бұл қолданыста «елтаңба» сөзі бүкіл елдің емес, бір ғана қаланың таңбасының орнына жұмсалып отыр. Соңғы жылдары «төлтаңба» атауының қолданыла бастауының да себебі осыған байланысты.

### Терминдер мен жалпыхалықтық қолданыстағы атаулардың жазылуындағы кемшіліктер

Біз сөз өтіп отырған уақыт көлемінде кірме сөздерді орыс тіліндегі қалпында жазу дәстүрі қатаң сақталмай, өткен ғасыр басындағыдай өз тіліміздің дыбыстық жүйесіне икемдеп жазу үрдісі біртіндеп жанданып келе жатқандығы байқалып отыр. Мысалы: *Мәскеу, зауыт, еуропа, журнал, нөмір, рөл, машина, палте* сияқты көптеген сөздердің БАҚ беттерінде жазылуы соның көрінісі. Сондай-ақ кейінгі жылдары өткен мәжілістерінде Мемлекеттік терминология комиссиясы орыс тіліндегі қалпында жазылып келген бес-алты терминді *кәбіл* (31.03.2004.), *режім* (25.12.2004), *төкір, сілесір* (6.09.2005.) *станса, тәбіл* түрінде ресми бекітті.

Алайда ҚР Мемлекеттік терминология комиссиясы мақұлдауымен 2007 жылы өте үлкен 100 000 (жүз мың) дана таралыммен соңғы жарық көрген орфографиялық сөздікте де осы сөздікте *кабель, кабельге, кабелі, рельс, рельске, рельсі, слесарь, слесарьға, слесары, табель, табельге, табелі, токарь, токарьға, токары* түрінде берілуін түсіну қиын. Өйткені Мемтерминком аталған терминдерді қайтадан бұрынғыша жазу туралы шешім шығарып, осыған дейін шығарған шешімін өзгерткен жоқ. Ендеше, бұл кірме атаулар Мемтерминкомның 2004, 2005 жылдары шығарған шешімдеріне сәйкес берілуі тиіс еді. Сөздіктің алғысөзінде де бұл атаулар жөнінде бір ауыз сөз айтылмаған. Сөздіктің алғашқы бетінде «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік терминология комиссиясы мақұлдаған» деп жазылған. Мемтерминком өздері ресми бекіткен терминдерді өздері мақұлдап отырған сөздікте басқаша (бұрынғыша) беруін қалың жұртшылыққа түсіндіруді қажет деп санамапты. Енді аталған атауларды жүз мың таралыммен шыққан орфографиялық сөздікке сүйеніп жазамыз ба, әлде мемтерминкомның заңдық күшін жоймаған шешімдеріне сүйеніп жазамыз ба, ол жағы белгісіз.

Жұрт жаппай қазақ тіліне лайықталған нұсқасында қолданылып жүрген *зауыт, кәләш, кәстөм, мәйкі, палте, пойыз, пошта, тауар, шенеунік,*

*шопыр* сияқты бірқатар сөздер соңғы шыққан орфографиялық сөздікке көпшіліктің айтып, баспасөзде қолданып жүрген түрінде енгізілуі тіліміздің төл заңдылығының үстемдігін қалыптастыру бағытындағы өте орынды қадам болды. Дегенмен, сөздіктің алғысөзінде мысалға келтірілген «*шұрып*» сөздікке енбей қалыпты.

Баспасөз беттерінде кейде қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бейімдеп жазу барысында әркелкілік, бір атауды түрліше жазу да кездесіп жатады. Мысалы, *жұрнал//жорнал, станса//стансы*, т.б.

Бұл айтылғандардан біз кірме сөздердің бәріне тілімізден жаңа балама тауып, қалғандарының барлығын тіліміздің фоно-морфологиялық заңдарына бағындырып жазып жатыр екенбіз деген қорытынды жасауға болмайды. Жалпы алғанда кірме сөздерді орыс тілінен өзгеріссіз қабылдау мен жазудың кеңестік кезеңінде қалыптасқан дәстүрі сақталып отыр. Соңғы жиырма жылдай уақытта тілімізге көптеген кірме сөздер еніп, мерзімді баспасөз бен арнаулы салаларда кеңінен қолданыла бастады. Мысалы, *автобан, блог, брэнд, гастербайтер, модератор, портал, сайт* сынды кірме атауларды сондай сөздер қатарына жатқызуға болады. Сондай-ақ бұрын арнаулы сала тілінде ғана кездесіп, жалпы әдеби тілде өте сирек қолданылып келген бірқатар кірме терминдер қазіргі уақытта белсенді қолданысқа көшті. Мәселен, *инфляция, кластер, тендер* т.б.

Қазіргі қолданыстағы кірме сөздердің жазылуына қатысты әлі де көптеген деректер келтіруге болады. Олар жоғарыдағы біз келтірген мысалдармен ғана шектелмейді. Сондықтан алдағы уақытта тілшілер қауымы кірме сөздердің қабылдануы мен оларды ұлт тілінде жазудың біркелкі жүйесін, ғылыми негізделген жалпыға ортақ ережелерін қалыптастыруы тиіс.



## ЖАҢА АТАУЛАР МЕН ЖАҢА ҚОЛДАНЫСТАР (2008-2011 жылдардағы баспасөз материалдары бойынша)

### А

**АБАТ** – *благоустройство*. Абаты асқан аймақ. «Астана ақшамы», 26 шілде 2011 жыл. № 83 (2693).

**АБАТТЫҚ** – *аббатство*. «Нортенгер» абаттығы. «» кинофильмінен. «Мәдениет» телеарнасы. 2011 жылғы 26 қараша.

**АБАТТАНДЫРУ** – *благоустроит*. Әсіресе қаланың оңтүстік-шығысындағы Абылай хан даңғылы абаттанып шыға келді. «Айқын», 6 қыркүйек 2008 жыл. № 167 (1104); Жастар ауылды абаттандырмақшы. «Айқын», 11 наурыз 2011 жыл. № 44 (1711).

**АДАМЖЕГІШ** – *людоед*. Жағажайда адамжегіш-акула пайда болды. «Алматы ақшамы», 25 тамыз 2011 жыл. № 98 (4500).

**АҒЗА** – *организм*. Тірі ағзалардағы генетикалық бағдарлама. «Президент және Халық», 16 қаңтар 2009 жыл. № 02 (175). Демек, адам денесіне қажетті кальций, фосфор, калий, натрий құрамдары жарқылдауық шаянның ағзасынан табылады. «Егемен Қазақстан», 25 ақпан 2009 жыл. № 74-77 (25474); Ақшаң болса, ағзанды алмастырасың. «Алаш айнасы», 3 қыркүйек 2011 жыл. № 155 (607).

**АЗАМАТСЫЗДЫҚ** – *безгражданство*. Азаматсыздықты жою туралы конвенцияға – 50 жыл. «Алматы ақшамы», 3 қыркүйек 2011 жыл. № 103 (4505).

**АЗМАТША** – *гражданка*. Кеше Мәскеу қалалық соты БТА банкке қатысты қозғалған қылмыстық іске қатысы бар қазақстандық азаматша Вероника Ефимованы Қазақстанға экстрадициялау туралы шешімді қолдайтындығын білдірді. «Айқын», 10 желтоқсан 2010 жыл. № 230 (1654); Осы пікірді сауалнамаға қатысқан 5 қаланың 809 азаматшасы да қостапты. «Айқын», 11 наурыз 2011 жыл. № 44 (1711).

**АЗАПКЕР** – *мучник*. (азап шекендер) Азаттық азапкерлері мемлекеттік тұрғыда ақталуға тиіс. «Егемен Қазақстан», 15 желтоқсан 2009 жыл. № 419-421 (25818); Тоталитарлық қоғамның ұлы азапкері. «Қазақ әдебиеті», 18 ақпан 2011 жыл. № 7(3223).

**АЗАТКЕР** – *освободитель*. – Осыдан бірнеше жыл бұрын Венаға барағнымда, сондағы азаткер совет солдатының монументіне қашап жазылған мәтіннің Сіздің қолыңыздан шыққанын естідім. «Егемен Қазақстан», 14 шілде 2009 жыл. № 236-237 (25634).

**АЗШЫЛЫҚ** – *манишинство*. «Азшылық» та әскери қызмет атқарады. «Егемен Қазақстан», 21 қыркүйек 2011 жыл. № 447-448(26841).

**АЙДАРБЕЛГІ** – *эмблема*. Айдарбелгісі әзір болды. «Егемен Қазақстан», 25 сәуір 2009 жыл. № 147 (2554).

**АЙДАУЫЛ** – *конвойный*. 1929 жылдың 29 шілде күні сегіз адамның



алдын ала жүргізілген тергеуі аяқталып, Мәскеуге айдауылмен жөнелтілді. Бұлар айдауылмен апарылсын және бір-бірінен оңаша ұсталсын. «Айқын», 28 мамыр 2010 жыл. № 93(1517).

**АЙҚҰЛАҚ** – *собачка(@)*. Айқұлақ: интернеттегі қазақ контентін дамыту туралы ойлар. «Егемен Қазақстан», 23 шілде 2011 жыл. № 309-316 (26710).

**АЙҚЫШ** – *крест*. Алматы әуежайында омырауына салақұлаш айқыш (крест) таққан пірөдар ұсталды. «Жас қазақ», 16 қыркүйек 2011 жыл. № 36(348).

**АЙКЕЗБЕ//АЙҚҰМАР** – *лунатик*. Айқұмарлар. Ал біз сол «Айқұмарлар» жөнінде не білеміз? «Ана тілі», 21-27 қаңтар 2010 жыл. № 3(996); айкезбелігінің арқасында суретші атанды. «Алаш айнасы», 1 қыркүйек 2011 жыл. № 153 (605).

**АЙНАЛАҚ** – *колцевая дорога*. Айналақ. Жолдың орысша «кольцо» деп аталатын бөлігінде көлік шыр айналып жүреді. Оны қазақша «айналақ» деп атайды, – деді. (С.Медеубекұлы). «Ана тілі», 24-30 маусым 2010 жыл. № 24(1017).

**АЙНАЛМА ЖОЛ** – *колцевая дорога*. Алдымен Алматы айналма жол құрылысын тездетіп бастау керек. «Алматы ақшамы», 13 қазан 2009 жыл. № 119 (4210). Шығыс айналма жолы қала орталығындағы көлік тасқынын 30 пайызға азайтады. «Алматы ақшамы», 13 ақпан 2010 жыл. № 18 (4263); Айналма жол Алматы өңіріндегі қозғалысты жеңілдетеді. «Алматы ақшамы», 22 қазан 2011 жыл. № 124 (4526).

**АЙЛЫҚ ЕСЕПТІК КӨРСЕТКІШ** – *месячный расчетный показатель*. Егер бір жыл ішінде осы заң бұзушылық қайталанса, айыппұл 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерін құрайтын болады. «Егемен Қазақстан», 14 қараша 2008 жыл. № 345-346 (25316).

**АЙТЫМ** – *сөйлемнің ауызша түрі*. Айтайық дегеніміз, шешенсөзде, яғни ауызша публицистикада айтым – сөйлемнің ауызша түрі. Қолға алған болсақ, онда біз айтым мен айтынды сөздік қорымызға әлдеқашан енгізіп алған болар едік. (С.Медеубек). «Айқын», 1 сәуір 2010 жыл. № 54(1478).

**АЙТУШЫ** – *публицист*. Айтайық дегеніміз – тағы бір аталым тілге сұранып тұр. Ол – «айтушы» деген сөз. //Қоғамсөз..., Замансөз..., әлде Мәндісөз... (С.Медеубекұлы). «Айқын», 29 қазан 2008 жыл. № 203 (1140).

**АЙЫППҮЛ** – *штраф*. Айыппұл уақтылы төленбеген жағдайда өсім көбейеді. «Ел», 15 шілде 2008 жыл. № 28 (156). Мәселен, 144 мың жүргізушіге 337 млн. теңге айыппұл салынып, мемлекет қалтасына 187,5 млн. теңге түсті. «Егемен Қазақстан», 18 қараша 2008 жыл. № 348-349(25319). Алабайдың иесіне айыппұл салды. «Айқын», 14 қаңтар 2010 жыл. № 3(1427);

**АЙЫПТҰРАҚ** – *штрафная автостоянка*. Ал 8 шілдеден бастап көлік салығын уақытында төлемеген 2000-ға жуық жүргізушінің автокөліктері айыптұраққа қойылды. «Ел», 15 шілде 2008 жыл. № 28 (156); Автокөліктер айыптұраққа тоғытылуда. «Алаш айнасы», 23 қараша 2011 жыл. № 208 (660).

**АЙЫРҚАНАТ** – *аэроплан, самолет*. Айырқанат аспанкөкті айыра тіліп келеді, төменен Үлбі ақты үлбіреп... Жас қазақ», 9 қыркүйек 2011 жыл. № 35 (347).



**АҚЛАҚ//АҚЛИХАТ** – *мораль*. Ескі германдық жүйе өзін ақлақтық тұрғыда әбден түгесті деген күннің өзінде осы рында болар еді.//«Ана тілі», 20-26 мамыр 2010 жыл. № 20 (1013); Өткен социалистік қоғамда ақлихаттық (мораль) ілім қағидаттарын ұсындық. «Егемен Қазақстан», 15 ақпан 2011 жыл. № 46-47(26449).

**АҚОРДА** – *резиденция*. Президент ақордасы (тақырып). Қазақстан Республикасы Президентінің Ақордасының ресми тұсаукесері 2004 жылғы 24 желтоқсан күні өтті. «Дала мен қала», 4 шілде 2008 жыл. № 26-27 (254).

**АҚПАРАТ** – *информация*. Расында, мемлекеттік тіл бұқаралық ақпарат тарату саласында да қағажу көріп отыр. «Айқын», 7 қараша 2008 жыл. № 210(1147). Себебі ақпарат көзі кімде басым – сол әлемді билейді. «Ана тілі», 7-12 қаңтар 2011 жыл. № 1 (1046); Ақпараттық хабарлама. «Айқын», 26 шілде 2011 жыл. № 135 (1802).

**АҚУЫЗ** – *белок*. Құрамында көмірқышқылы төмен және ақуыздар көп тағамдарды жиі ішпеген жөн. «Айқын», 13 қараша 2008 жыл. № 214(1151);

Бұл дүниежүзіндегі ең үлкен ақуыз қоймасы. «Егемен Қазақстан», 25 ақпан 2009 жыл. № 74-77 (25474); Адамның жалқаулығы оның ақуыз синтезіне жауапты гендердің тапшылығынан болады екен. «Алаш айнасы», 7 қыркүйек 2011 жыл. № 157 (609).

**АҚЫНАЙ** – *поэтесса*. ... ақыры орыстың қолынан опат болған сері, батыр, әншә, сазгер Сары батақұлы, ақынай (поэтесса – М.К.) Таразы, көркемсөздің кеменгері Тахауи Ахтанов, осы күнгі тереңі толқын саясаткер Марат Тәжин, тағы басқалары сияқты ұлтқа ұран боларлық ұрпақтың ешқайсысы мен алтын қалпақ, жез телпек хан тұқымы едім демей-ақ әрқайсысы қазақтың бетке ұстар бейнелісі болды. (Мырзан Кенжебай). «Ана тілі», 14-20 қазан 2010 жыл. № 412 (1034).

**АҚЫРСӨЗ** – *заключительное слово*. Ресми отырыстарда жұмыс тілі есебінде емес, сәлемдесу, кіріссөз бен ақырсөз ретінде, мемлекеттік тілдің атқарымпаздық үдерісі емес, әлдебір реміздік кейпі ғана қалыптасқан. (Ресми хаттан. С.Ғаббасов, М.Бөтеев).

**АЛААЯҚТЫҚ** – *мощничество*. Осылайша, аудандық деңгейдегі ауыл шаруашылығы саласы басшыларының былыққа көз жұма қарауы, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасындағылардың көпе-көрнеу алааяқтықты «байқамай қалуы» нәтижесінде екі шаруашылық ұжымы 1,5 млн теңгеге жуық зиян келтірген. «Айқын», 27 қараша 2010 жыл. № 221 (1645).

**АЛАҢША** – *площадка*. 411 спорт алаңшасы ашылды. 10 айда аймақта халық көп шоғырланған жерлерде 411 спорт алаңшасы ашылды. «Айқын», 19 қараша 2011 жыл. № 217 (1884).

**АЛАП** – *массив*. «Пригородный» тұрғын үй алабы. Мұзқалашықтағы мереке. Тәуелсіздіктің 20 жылдығы шеңберінде Сарыарқа ауданының Көктал тұрғын алабында орналасқан № 68 орта мектептің маңында мұзқалашықтың ашылу мерекесі өтті. «Астана ақшамы», 22 желтоқсан 2011 жыл. № 147 (2757).

**АЛАУГЕР** – *факельщик*. Елбасымыз – олимпиаданың алғашқы алаугері// «Егемен Қазақстан», 4 сәуір 2008 жыл. № 99-101 (25073). Алаугер болу ардақты. «Ана тілі», 14-20 қазан 2010 жыл. № 41 (1034).

**АЛҒЫСХАТ//АЛҒЫС ХАТ** – *благодарственное письмо*. Сондай-ақ «Байқауға белсене қатысқаны үшін», «Үздік технологиялық жаңалығы үшін», «Үздік әдістемесі үшін» аталымдары бойынша Алғысхаттар табыс етілді. «Айқын», 27 қараша 2010 жыл. № 221 (1645); Қатысушылар мен жүлдегерлерге Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табыс етілді. «Нұр Астана», 1 қыркүйек 2011 жыл. № 34 (403).

**АЛДАТӨМПЕК** – .... Әр жерде алдатөмпек құсаған тастар тасбақаның қабығындай төңкеріліп түскен. «Жас қазақ», 23 қыркүйек 2011 жыл. № 37 (349).

**АЛҚАБИ//АЛҚА БИ** – *заседатели*. Алқабилер төрелік айтады. «Заң», 26 қыркүйек 2008 жыл. № 147 (137). Алқабилер сотының ғимараты. «Егемен Қазақстан», 27 қараша 2009 жыл. № 393-396 (25793). Алқабиден үміткерлер тізімі әзірленді. «Алматы ақшамы», 23 желтоқсан 2010 жыл. №154 (4399); Судья Қасым Қалмағанбетов алқа билердің шешімін оқуға кірісті. «Жас қазақ», 21 қазан 2011 жыл. № 41 (353).

**АЛҚАСӨЗ** – *круглый стол*. Алқасөз өтті. Алқасөзге баспалар директорлары мен республикалық газеттердің бас редакторлары қатысты. «Жас Алаш», 7 сәуір 2011 жыл. № 27 (15589).

**АЛМАСТЫРҒЫШ** – *заменитель*. Дайынтамақ өнімдері; алкогольді және алкогольсіз ішімдіктер және сірке суы; темекі және оның алмастырғыштары. «Егемен Қазақстан», 29 желтоқсан 2009 жыл; Темекі мен өнеркәсіптік темекі алмастырғыштар. «Егемен Қазақстан», 29 желтоқсан 2011 жыл. № 660-665(27057).

**АЛПАУЫТ** – *олигарх*. Алпауыттар әдейі асықпай отыр.(тақырып)// «Айқын», 15 наурыз 2008 жыл. № 48 (985). Алатау аданын алпауыттар асқақтатады. «Алматы ақшамы», 17 сәуір 2010 жыл. № 46(2010).

**АЛПАУЫТ** – *гигант*. Түске дейін Президент корей елінің ең ірі өнеркәсіп алпауыттарының басшыларымен кездесті. «Егемен Қазақстан», 23 сәуір 2010 жыл. № 150-153(25999).

**АНДАТПА** – *анонс*. Аптаның андатпасы. «Дала мен қала», 18 сәуір 2011 жыл. № 15 (395).

**АРААҒАЙЫНДЫҚ** – *(примерительный)*. Арада бір жыл өткенде, Ресейдің араағайындық танытуымен тараптар қарулы жанжалды тоқтату туралы ресми емес келісімді сақтауға келіскен болатын. «Егемен Қазақстан», 17 ақпан 2010 жыл. № 59-60 (25906).

**АРАҚАБЫРҒА** – *перегородка*.

**АРЗАН САТЫЛЫМ** – *распродажа*. Америкаға құны 11 миллиард пайда әкелген Жаңа жылдық арзан сатылым үш адамның өмірін жалмап кетті. «Ана тілі», желтоқсанның 18-і 2008 жыл. № 51 (940).

**АРЫЗ-ТІЛЕК** – *петиция*. Осы мүмкіндікті сәтті пайдаланған алаштың оқыған азаматтары 1905 жылы 26 маусымда Қарқара уезіне қарасты Қоянды жәрменкесінде бас қосып, Министрлер кеңесінің төрағасы атына қазақ ұлтының азаматтық құқы сақталмай, жергілікті билік тарапынан заң күшіндегі Далалық Ереже үнемі бұзылып отырғандығы жөнінде 11 баптан тұратын «Арыз-Тілек»

(«Петиция») жолдайды// «да Қазақстан» журналы, қараша 2008 жыл. № 3 (14) 11-бетте.

**АСПАНСЕРІК** – *стюардесса*. Гонконг аспансеріктері кунг-фуды үйренбекші. «Алаш айнасы», 19 сәуір 2011 жыл. № 66 (518).

**АСТАУКЕҢІСТІК** – *неф*. Төбедегі астаукеністіктерден (неф), бұрыш-бұрыштағы қуыстардан түскен жарықтанқашып бара жатқан, ұшып бара жатқан жәндіктер мен құстарды көргенде төбе құйқамыз шымырлап кетті! «Егемен Қазақстан», 22 сәуір 2011 жыл. № 160-163 (26565).

**АСТЫРТЫНБАРЛАУ** – *нелегальная разведка*. – «Шторм-333» операциясын КСРО КГБ Бірінші бас басқармасының астыртын барлау (нелегальная разведка) бастығы генерал-майор Юрий Дроздов басқарды, – дейді. «Айқын», 18 наурыз 2010 жыл. № 47 (1471).

**АСҮЙ** – *кухня*. Дүкенге келмес бұрын жақын жерде тұратын апасының үйіне соғып, асүй пышағын жымқырып кетіпті. «Алаш айнасы», 8 қыркүйек 2011 жыл. № 158 (610).

**АТАЗАҢ** – *Конституция*. Ата жолынан Атазаңға дейін. Десек те, 30 тамыз – Конституция күніне орай, Атазаң өз міндетін толық атқарып келе ме? «Қазақ әдебиеті», 26 тамыз – 1 қыркүйек 2011 жыл. № 34 (3250); 5 мың адам Атазаңға өзгеріс енгізуді талап етті. Егер Атазаң талабын Ақорда шешпесе, алаңда шешеміз! «Қазақ үні», 14 қазан 2011 жыл. № 41-42 (513).

**АТАЛЫҚ** – *көне атау*. *Ханға қызмет етуші рулар және хан балсын тәрбиелеуші дегне мағынаны білдірген*. Қазақ мемлекетінде аталықтардың маңызы зор болған. «Алаш айнасы», 23 желтоқсан 2011 жыл. № 227 (679).

**АТАЛЫМ** – *1. номинация: 2. термин*. 2007 жылдан бері дәстүрлі түрде жыл сайын өтетін бұл шарада Атымтай жомарттар 11 аталым бойынша марапатталды. «Алаш айнасы», 18 қараша 2011 жыл. № 205 (657).

**АТҚАРЫМПАЗДЫҚ** – *исполнительный*. Ресми отырыстарда жұмыс тілі есебінде емес, сәлемдесу, кіріссөз бен ақырсөз ретінде, мемлекеттік тілдің атқарымпаздық үдерісі емес, әлдебір рәміздік кейпі ғана қалыптасқан. (Ресми хаттан. С.Ғаббасов, М.Бөтеев).

**АТЫН** – *заголовок*. Меніңше, «тақырып» сөзін «тема» деген сөздің аудармасы ретінде қалдыру керек те, «заголовок» дегенді қазақшаға «атын» деп қотару керек. (С.Медеубек). «Айқын», 1 сәуір 2010 жыл. № 54(1478).

**АТЫС ҚАРУЫ** – *огнестрельное оружие*. Ауылдарда тұратын қойшылар да атыс қаруын әкеліп тапсырды. «Айқын», 19 қыркүйек 2008 жыл. № 176 (1113). Атыс қаруы бақылауға алынды. «Айқын», 15 қыркүйек 2010 жыл. № 169 (1593).

**АУДАРЫМ** – *перевод (денежный перевод)*. Ақша аударымдары әлемнің кез келген жеріне. «Астана ақшамы», 23 тамыз 2008 жыл. № 100 (2264); МӘСҚ әлеуметтік аударымдарды шоғырландыруды және әлеуметтік тәуекел туындаған жағдайда, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға әлеуметтік төлемдер төлеуді жүзеге асырады. «Астана ақшамы», 1 қазан 2011 жыл. № 112(2722).

**АУҚЫМДАНУ** – *глобализация*. Ал әлемдік ауқымдану (жаһандану),

ғаламдану) тарихпен бірге ілесіп, ірге кеңейтіп келе жатқан үрдіс болса да, термин атауын (ағылш. Global – әлемдік, дүниежүзілік, жалпы) ресми түрде алғаш рет ғылыми айналымға 1983 жылы ғана америкалық экономист Т.Левита енгізді.//«Ана тілі». Желтоқсанның 4-і 2008 жыл. № 49(938). (Ғұсман Жандыбаев қолданған термин).

**АУЫСЫМ** – *смена*. Патрульдік полиция екі ауысымда қазметке кірісті. «Алматы ақшамы», 9 қазан 2010 жыл. № 123 (4368).

**АШЫҚ ЕСІК КҮНІ** – *день открытых дверей*. Ашық есік күні өткізілді. «Астана ақшамы», 11 қазан 2008 жыл. № 120 (2284).

**АШЫҚ ҚОҒАМ** – *открытое общество*. Ашық қоғамда шенеуніктер неге «жабық»// «Егемен Қазақстан», 30 желтоқсан 2008 жыл. № 422-425 (25394).

**АШЫҚХАТ** – *открытка*. Маған құттықтау ашықхаты керек. «Сезон», журналы, № 10 (116).

**АЯҚДОП** – *футбол*. Дау-дамай қазақ аяқдобын тығырыққа тіреді. «Қазақстан - Zaman», 25 қыркүйек 2008 жыл. № 39 (706); «Оле Бразил» академиясында аяқдоптың қыр-сырын меңгеріп жүрген 26 жас футболшының 8-ін алмастыру туралы шешімге байланысты елордадағы «Астана-Арена» стадионында 22 ойыншыны қайта іріктеу сайысына қатысты. «Айқын», 16 ақпан 2010 жыл. № 26 (1450).

**АЯҚДОПШЫ** – *футболист*. Қарағандық аяқдопшылар өз алаңында өткен ойында бірде-бір жеңіліске ұшырамай, ақтөбелік футболшыларды қуып жетті. «Жас Алаш», 13 қаңтар 2008 жыл. № 4(15358); Аяқдопшылар аламанға дайындалуда. «Жас Алаш», 4 наурыз 2011 жыл. № 17-18 (15579-80);).

**АЯҚЖОЛ** – *тротуар*. Аяқжол көпір болса, темір конструкциялардан құрастырылып, тіреулері гранит тастармен қапталған. 4000 шаршы метрге аяқжол төселіп, 455 дана жарықтандыру шамдары мен демалушыларға арналған 100 дана орындық орнатылды. «Қазақ әдебиеті», 23-29 қыркүйек 2011 жыл. № 38 (3254).

## Ә

**ӘДЕПНАМА** – *этика*. Бұл оқу құралында мемлекеттік қызметкерлердің бейнесі (келбеі) мен әдепнамасының теориялық негіздері және олардың практикалық мәселелері қарастырылады, мемлекеттік қызметтің бейне-келбеттік сипаттамалары талданып, оң бейнесін қалыптастыруға кеңестер береді. «Айқын», 17 наурыз 2009 жыл. № 47 (1226).

**ӘДІЛҚАЗЫ** – *жюри*. Әділқазылар халықаралық Жәутіков олимпиадасы туралы не дейді? «Алматы ақшамы», 16 қаңтар 2010 жыл. № 6 (4251).

**ӘДІЛҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ** – *жюри*. Әділқазылар алқасы мүшелерінің пікірінше, Жәутіков олимпиадасы секілді мұндай додалардың күрделі болуы өте орынды көрінеді. «Алматы ақшамы», 16 қаңтар 2010 жыл. № 6 (4251). Байқаудың әділқазылар алқасы оның күрделі шығарманы орындаудағы кәсібилігін атап өтті. «Ана тілі», 7-12 қаңтар 2011 жыл. № 1 (1046).

**ӘДІСНАМА** – *методика*. 2008 жылғы шілдеде агенттік халық санағының

Әдіснамалық мәселелерін талқылау бойынша министрліктер, ведомствалар, халықаралық және қоғамдық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен дөңгелеук үстел өткізді. «Егемен Қазақстан», 25 ақпан 2009 жыл. № 74-77 (25474).

**ӘЗІРАС** – *столовая*. Демек, асхананы әзірас деп аударсақ тура, дәл мағынасын тапқанымыз. (Жұма-Назар Сомжүрек). «Ана тілі», 15-21 сәуір 2010 жыл. № 15(1008).

**ӘЗІРЛЕМЕ** – *разработка*. Стратегиялық әзірлемелер және талдау орталығы. «Алаш айнасы», 23 тамыз 2011 жыл. № 148 (600); Бұл 100 % қазақстандық әзірлеме болады. «Түркістан», 22 желтоқсан 2011 жыл. № 51 (909).

**ӘЗІРЛЕНІМ** – *разработка*. Ол үшін әзірленімнің нақты мәселелерін, валюталық-қаржылық бірлестікті әзірлеу, құру мен дамытуды талқылайтын жұмыс тобын құру қажет. «Егемен Қазақстан», 12 наурыз 2009 жыл. № 97 (25494).

**ӘЙГІЛЕНІМ//ӘЙГІЛЕНІС** – *симптом*. Сонымен қатар «симптом» деген әлемдік терминнің баламасына «әйгіленіс», «әйгіленім» деген жаңа сөзді телігеніне таңымыз бар (Т.Қоңыркұлжаев). «Ана тілі», 1-7 қыркүйек 2011 жыл. № 35 (1083).

**ӘКЕТУ** – *вывоз*. Үшінші елдерге қатысты кедендік әкету баждары туралы келісімді ратификациялау туралы (ҚР Республикасының Заңы). «Егемен Қазақстан», 21 қараша 2008 жыл. № 351-352 (25322).

**ӘКІМДІК** – *акимат*. Әкімдік қызметкерлері құқық қорғау органдарының көмегімен бұған дейін жабайы сауда жасаушыларға бірнеше мәрте ескерту жасаған болатын. «Алматы ақшамы», 25 қазан 2008 жыл. № 122(4060); Әкімдік жарты ақысын төлей ме екен? «Астана ақшамы», 11 тамыз 2011 жыл. № 90 (2700).

**ӘКІМИЯТ** – *акимат*. Жамбыл әкімиятының ғимаратын жөндеуге жарты миллиард теңге жұмсалды. «Жас Алаш», 19 ақпан 2009 жыл. № 15 (15369).

**ӘКІМТАҚ** – *кресло акима*. Әмірді орындамайды екенсің, әкімтағыңды босат! «Айқын», 27 тамыз 2008 жыл. № 160 (1097).

**ӘКІМШІ** – *администратор*. Астана қаласы соттар әкімшісінің сот орындаушысы. «Астана ақшамы», 26 тамыз 2008 жыл. № 101 (2265). Оның әкімшісі – Денсаулық сақтау министрлігі. «Айқын», 25 қазан 2008 жыл. № 202 (1139).

**ӘКІМШІЛДЕНДІРУ** – *администрирование*. «Айқын», 15 наурыз 2008 жыл. 48 (985). Кедендік әкімшілдендіру жайы қаралды. «Егемен Қазақстан», 25 ақпан 2009 жыл. № 74-77 (25474). Салықтық әкімшілдендіруді реформалау жөніндегі жоба. «Егемен Қазақстан», 31 желтоқсан 2010 жыл. № 556-559 (26402).

**ӘЛ-АУҚАТ** – *благосостояния*. Қ.Н.Келімбетовті «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы қызметіне тағайындау туралы. «Егемен Қазақстан», 14 қазан 2008 жыл. № 313-314 (25284).

**ӘЛЕМТОР** – *интернет*. Әлемтордың қазақшасы қалай? // «Ел», 11 наурыз 2008 жыл. № 10 (138).

**ӘЛЕУЕТ** – *потенциал*. Әлеуетімізден тұрмысымыз неге алшақ? «Нұр

Астана», 4 қыркүйек 2008 жыл. № 36 (249); Ұстаздар әлеуетімен кездесті. «Егемен Қазақстан», 14 қазан 2008 жыл. № 313-314 (25284). Қазақтан мен Корея арасындағы қарым-қатынастардың әлеуеті зор. «Астана ақшамы», 14 мамыр 2009 жыл. № 51 (2372); Әлеуеті артқан елеумет. «Астана ақшамы», 26 шілде 2011 жыл. № 83 (2693).

**ӘЛЕУМЕТНАМА** – *публицистика*. Олай болса, әлеуметке дегенін істету үшін ауызшанемесе жазбаша түрде айтылған сөздердің мағыналық һәм мәндік жиынтығын «әлеуметнама» деп қолдансақ, түйсігімізге түйткілсалмас, керісінше, түсінігімізге жақын болар// Қоғамсөз., Замансөз., әлде Мәндісөз... «Айқын», 29 қазан 2008 жыл. № 203 (1140).

**ӘЛЕУМЕТТАНУ** – *социология*. Сондағы модернизациялық үрдістерге қатысты қазақтың қазақтың қабілетін білгіміз келіп, Философия және саясаттану институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Зарема Шәукеноваға жолыққан едік. «Қазақ әдебиеті», 30 желтоқсан 2011 жыл. № 52 (3268).

**ӘЛЕУМЕТТАНУШЫ** – *социолог*. Әлеуметтанушылар әлеуетін байқатты. «Ана тілі», 9-15 желтоқсан 2010 жыл. № 49 (1042); Әлеуметтанушылар пікір алмасты. «Егемен Қазақстан», 23 сәуір 2011 жыл. № 164-165 (26567); Қазақатандық орыстарға арналған russiankz.info сайтында Максим Акимов деген әлеуметтанушының көлемді мақаласы жарияланды. «Жас Алаш», 25 тамыз 2011 жыл. № 68 (15630).

**ӘЛЕУМЕТТІК** – *социальный*. Әлеуметтік жобалар әлеуеті. «Егемен Қазақстан», 24 шілде 2009 жыл. № 245-247 (25644).

**ӘЛЖУАЗ ЖІКТЕР** – *уезвимые слои*. Әлжуаз жіктерді қолдау қағидаты сақталады. «Егемен Қазақстан», 3 сәуір 2009 жыл. № 122-123 (25520).

**ӘЛҚИССАЛЫҚ** – *сказовость*. Екінші жақтан сөйлеу үлгісіндегі әлқиссалық (сказовость) сарын бірден- бірге көшкен сюжет әңгімесінің көпшілік дауыстарды елестетер полифониялық мәнін мансұқ етпейді. «Қазақ әдебиеті», 15 желтоқсан 2009 жыл. № 52(3163).

**ӘЛІМҰЛЫҚ** – ..... Осы дінді әлімұлыққа жеткізуге бар күш-жігерін сарқа жұмсайтындар. (Әмірхан Меңдеке). «Жас Алаш», 29 қаңтар 2009 жыл. № 9 (15363).

**ӘМБЕБАП** – *универсал*. Кітап басылым басшысы Сауытбек Абдрахмановтың «Әмбебап» атты алғысөзімен ашылған. «Егемен Қазақстан», 29 қазан 2008 жыл. № 326-329(25299). Әмбебап бас киім. «Нұр Астана», 14 мамыр 2009 жыл. № 19(284).

**ӘНҰРАН** – *гимн*. Мектепте оқитын балаларға мемлекеттік Ту, Елтаңба, Әнұран хақында жиірек айтып, олардың рухани байлығымыз екенін құлақтарына құямыз. «Қазақстан-Zaman», 4 қыркүйек 2008 жыл. № 36 (703); Жүмекен Әнұранның алғашқы шумақтарын арқада жазды. «Айқын», 6 шілде 2011 жыл. № 122 (1789).

**ӘРЛЕУШІ** – *гримерша*. Айтулы тұлғалардың әрлеушісі. «Айқын», 4 қыркүйек 2008 жыл. № 165 (1102).

**ӘРТАРАПТАНДЫРУ** – *диверсификация*. Жобада ғылыми-техникалық жүйені әртараптандыру үшін жеке секторды тарту арқылы ғылыми ұйымдарды қаржыландырудың қосымша тетіктері қарастырылған// «Айқын», 15 наурыз 2008 жыл. 48 (985).; Әртараптандыру шикізатпен шектелмеуге жетелейді. «Ел», 15 шілде 2008 жыл. № 28 (156).

**ӘСКЕРБАСЫ** – *военноначальник*. 1920 жылы моңғол жерінде айдауда болған мажар әскербасы Иозеф Гелеттің баяндау хатында : «Ол (Жа-ламаны айтады – Б.Қ.) дзержинскидің «Чрезвычайный комиссиясына» шейін кіріп үлгерген еді», - деуіне қарағанда, Ресейдің кәсіби барлаушысы болған дейтін де де күдік бар. «Жас Қазақ», 17 сәуір 2009 жыл. № 15 (223).

**ӘСІРЕҰЛТШЫЛ** – *скинхед*. Орыс әсіреұлтшылдарын ауыздықтау мәселесін мемлекетаралық деңгейге көтерудің мезгілі жеткен жоқ па? «Алаш айнасы», 27 наурыз 2009 жыл. № 4 (41); Әсіреұлтшылдар биліктен қолдау көретіндей. «Егемен Қазақстан», 11 қараша 2011жыл. № 537-538 (26930).

**ӘТІРСАБЫН** – *туалетная мыла (вода)*. Әсіресе, сусабын, әтірсабын, иісмай, сынды күнделікті қолданылатын тауарлар қымбаттады. «Жас Алаш», 30 наурыз 2010 жыл. № 25 (15483).

**ӘУЕДОП** – *волейбол*. Әуедоптан әкім кубогы өтті. «Алматы ақшамы», 26 шілде 2011 жыл. № 86 (4488).

**ӘУЕДОПШЫ** – *волейболист*. Әуедопшы арулар Олимпиадаға барады. (мақала тақырыбы). «Айқын», 2008 жылғы мамырдың 27-і. № 95(1032).

**ӘУЕЖАЙ** – *аэропорт*. Халықаралық әуежай (тақырып). Бүгінгі таңда халықаралық әуежайдың маңыздылығы арта түсуде. «Айқын», 11 сәуір 2008 жыл. № 66 (1003). Әуежайды сақтап қалған азамат. «Айқын», 29 сәуір 2008 жыл. № 78 (1015).

**ӘУЕЖОЛ** – *воздушная дорога*. Олай болса, әуежол (әуе жолы емес), теңізжол (теңіз жолы емес), сужол (су жолы емес), газкұбыр (газ құбыры емес), жүкмәшине (жүк мәшинесі емес), ғарышайлақ (ғарыш айлағы емес) деп ықшамдап, біріктіріп жазуға да болар еді. (Н.Уәлиұлы). «Туған тіл» альманағы. 2009 жыл. № 2 (10). 14-бет.

**ӘУЕСЕРІК** – *стюардесса*. Әуесерік қыздың осы жауабынан кейін мен дереу шағым кітапшасын сұрадым. «Ана тілі», 2008 жылғы қарашаның 13-і. № 46 (935); Біраз уақыт өткен соң әуесерік қыздар жолаушыларға сусын, тағам тарата бастады. «Ана тілі», 28 сәуір – 4 мамыр 2011 жыл. № 17 (1062).

**ӘУІЗ** – *бассейн*. Әуізге де үшеуміз бірге барамыз. Әуіз (бассейн) – кәдімгі жасанды көл. (М.Қалдыбай). «Жас Қазақ», 29 қаңтар 2010 жыл. № 3 (263).

## Б

**БАҒАЛЫ ҚАҒАЗ//ҚҰНДЫ ҚАҒАЗ** – *ценные бумаги*. Бағалы қағаздың бағасы артатын сыңайлы. «Айқын», 24 тамыз 2011 жыл. № 156 (1823).

**БАҒАМ** – *курс*. Тәулік соңына қарай қор нарығындағы акция бағамдары біртіндеп өсе бастағанмен, жоғалтқан шығынның орнын жабу мүмкін болмады. «Түркістан», 30 қазан 2008 жыл. № 44 (746). БҰҰ жамандық шақырды: «теңге

бағамы долларға шаққанда 30 пайызға дейін құлдырауы мүмкін. «Жас Алаш», 29 қаңтар 2009 жыл. № 9 (15363).

**БАҒДАРЛАМА** – *программа*. «Қазақ тілі» қоғамының Жарғысы мен Программасы талқыланған отырыста одан «Бағдарлама» деген сөз естідік. «Ана тілі», 11-17 ақпан 2009 жыл. № 6 (999); Киносүйер қауым бес күн бойы 7 бағдарлама аясында 20 елдің картиналарын тамашаласа, осы аралықта қазылар алқасы 12 картинаны сарапқа салды. «Егемен Қазақстан», 28 қыркүйек 2011 жыл. № 461-464(26857); Бағдарламалар да бақылауды қажет етеді. «Ана тілі», 29 қыркүйек – 5 қазан 2011 жыл. № 39 (1087).

**БАҒЫТ** – *маршрут*. Алматыда биыл газбен жүретін автобустар бағытқа шығады. «Алматы ақшамы», 13 мамыр 2010 жыл. № 58 (4303); ... автобустар бағыттарға шықты. Осы мақсатта құрылған жұмысшы топ қалаішілік бағыттар бойынша жүретін автобустардың қозғалыс кестесіне қосымша өзгерістер енгізілмек. «Егемен Қазақстан», 20 шілде 2011 жыл. № 305-306 (26700).

**БАҒЫТТАМА** – *обективка*. Сол кездесуден кейін 3 күннен соң бір топ адамға Жаңаөзендегі тәртіпсіздіктерге қатысы бар күдіктілер ретінде суретімен бағыттама жарияланып, қаладағы барлық көпшілік орындарға ілінген. «Жас Алаш», 29 желтоқсан 2011 жыл. № 104 (15666).

**БАЙҚАУШЫ** – *наблюдатель*. Елімізде қазан айының 4-інде парламент Сенаты депутаттарының сайлауын бақылайтын халықаралық байқаушылар институты ашылды. «Айқын», 14 тамыз 2008 жыл. № 151 (1088); Байқаушылар тіркелуде. «Айқын», 12 наурыз 2011 жыл. № 45 (1712).

**БАЙЛАНЫСШЫ** – *связист*. Бұл шарада ардагер байланысшылар да назардан тыс қалмай, оларға марапаттар мен сыйлықтар тарту етілді. «Айқын», 13 тамыз 2008 жыл. № 150 (1087).

**БАҚЫР** – *монета*. Алмағы бір тоннадан асатын бақыр шығарылды. Австралияның Перт қаласындағы бақыр сарайы әлемдегі ең үлкен алтын шақаны құйып шығарды. «Алаш айнасы», 28 қазан 2011 жыл. № 192 (644).

**БАЛАМАСӨЗ** – *альтернатива (неоним)*. Баламасөз табылмаса. Осы ізденістер нәтижесінде туған жаңа сөздің аталымдық нұсқасы, яғни сырттан енген термин немесе аталым, болмаса атаудың мағынасын ұлт тілінде ашып бере алатын жаңа сөз «баламасөз» деп аталады. (С.Медеубек). «Айқын», 1 сәуір 2010 жыл. № 54(1478).

**БАЛАПАЗДЫҚ** – *гомосексуализм*. Лұт пайғамбардың тұсында Содом қаласының тұрғындары қызтекелік-балапаздық (гомосексуализм) дертіне ұшырайды. «Жас Алаш», 24 маусым 2008 жыл. № 50 (15300).

**БАЛАУЫЗ** – *воск*. Балауыз-ғұмырдың балауыз тұлғалары. «Ана тілі», 15-21 қазан 2009 жыл. № 41 (982).

**БАЛПАНАҚ** – *пингвин*. Алтыншы құрлықтағы биологиялық байлық сөз болғанда, адамдардың есіне әуелі балапанақ (пингвин) , түлен, аққаптал кит, ақ аю оралатындығы сөзсіз. «Егемен Қазақстан», 25 ақпан 2009 жыл. № 74-77 (25474).

**БАЛУАНТАС** – *гурия*. «Қазіргі біздің кір тасы деп жүргенімізді баяғыда



бабаларымыз «балуантас» деп атаған. Балуантасты көтеру тек бұлшық етті ғана қатайтып қоймайды, адамның барлық дене мүшесін шындайды. «Алаш айнасы», 13 қазан 2010 жыл. № 176 (402).

**БАПКЕР** – *тренер*. Бұл бапкерлердің кінәсінен бе, әлде спортқа қызығушылығының жоқтығынан ба? «Айқын», 16 ақпан 2010 жыл. № 26 (1450).

**БАСАР** – *издательство*. Өйткені кітап, журнал, үнпарақ басып шығаратын мекемеге «басар» деудің орнына «баспа» деген теріс атауды беріп, оны одан кейін көпшілік ақпарат құралдары: үнпарақ, журнал, радио жариялап жіберген. Шындығында, кітап, журнал, үнпарақтарды тасқа басып, жұртқа тарататын мекеме «басар» болуға тиіс емес пе? (Ұсынушы автор – Абдрахман Асылбек). «Айқын», 11 қаңтар 2011 жыл. №3 (1670).

**БАСБҰЗАР** – *экстремист*. «Талибан» басбұзарлары дүйсенбіде Кабулдағы Үкімет сарайларына шабуыл жасады. «Ана тілі», 21-27 қаңтар 2010 жыл. № 3 (996).

**БАСКӨТЕРУ** – *стачка или востание*. Жанбай ауылының балықшыларының баскөтерулері қосылуы мүмкін. «Жас Алаш», 2009 жыл 3 қыркүйек. № 71(15425).

**БАСҚАТЫРҒЫ//БАСҚАТЫРҒЫШ** – *головоломка*. Какуро (Жапон басқатырғысы). «Айқын», 10 маусым 2010 жыл. № 102 (1526). Какуро (Жапон басқатырғышы). «Айқын», 7 қазан 2010 жыл. № 185 (1609).

**БАСҚОСУ** – *саммит и форум*. Вашингтонның басын қатырған басқосу// «Айқын», 3 сәуір 2008 жыл № 60 (997); Басқосуға сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің қызметкері Бауыржан Үмбетов арнайы шақырылып, бейбіт заманның батырына құрмет көрсетілді. «Айқын», 9 мамыр 2009 жыл. № 82 (1263); Шұғылалы Шығыста Түркі әлемінің басқосуы өтті. «Айқын», 25 тамыз 2011 жыл. № 157(1824).

**БАСПАСӨЗ ПАРАҒЫ//БАСПАСӨЗ ПАРАҚШАСЫ//БАСПАСӨЗ АЙҒАҒЫ** – *прессрелиз*. Жасыратыны жоқ, қазақ журналистерін қандай шараға бармасын қазақшасы сауатсыз баспасөз парағы күтіп тұрады. Мемлекеттік тілді жазылған баспасөз айғағының «тіліне» түсінбеген жағдайда, сығалап қарау үшін. Негізінен, орыс тілінде әзірленген баспасөз парақшаларын қазақшаға қотарғандар одан сайын сорақысын шығарып, онсыз да жайы мүшкіл тілді «өлтiре тоқпақтайды». «Алаш айнасы», 16 тамыз 2011 жыл. № 143 (595).

**БАСТАМАШЫЛДЫҚ** – *инициативность*. Мұның барлығы да, қадiрлi Нұрсұлтан Әбiшұлы, тек сiздiң аса зор бастамашылдығызбен, ересен нiзбен мүмкiн болып отырған игiлiктер», – деп көсiлдiң. «Жас Алаш», 29 желтоқсан 2009 жыл. № 103 (15457).

**БАСЫЛЫМ** – *издания*. Бұл туралы ақпаратты Австрияның ықпалды басылымы der Standard жариялады. «Жас Алаш», 29 қаңтар 2009 жыл. № 9 (15363).

**БАСЫМ БАҒЫТ** – *приоритетное направление*. Басым бағыттар белгiлендi. «Түркiстан», 23 сәуiр 2009 жыл. № 16(770).

**БАСЫМДЫҚ//БАСЫМДЫЛЫҚ** – *приоритет*. Iшкi саясаттағы

басымдықтар. «Егемен Қазақстан», 29 тамыз 2008 жыл. № 267-268 (25238). Ұлттық мүддеге басымдық берілді. «Егемен Қазақстан», 1 қараша 2008 жыл. № 333 (25303); Тайм-менеджмент: Басымдықтарды анықтау. Басымдылық дегеніміз – шараларды аса маңыздыдан бастап маңызы азға дейін тізіп шығу. «Ана тілі», 29 қыркүйек – 5 қазан 2011 жыл. № 39 (1087).

**БАУЫРДАҚ** – *бауырдақ*. Бауырдақ деген атау алғаш тосын, тіпті оғаш болып естілуі мүмкін. Бірақ, бауырдақ қазақтың ұлттық тағамы – кәдуілгі бауырсақ пен қуырдақтың қосындысы. Яғни, бауырсақ ішіндегі қуырдақ. «Жас Алаш», 19 қаңтар 2010 жыл. № 5 (15463).

**БӘСЕКЕЛЕСТІК ОРТА** – *конкурентная среда*. Техникалық байқау бәсекелестік ортаға беріледі. Заңжобаны қабылдау, ол жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға, көлік құралдарының иелері үшін техникалық байқаудың бірыңғай жағдайын құруға, техникалық байқауды өткізудің функциясын бәсекелестік ортаға беру есебінен қосымша жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. «Айқын», 6 қаңтар 2011 жыл. № 1 (1668).

**БӘССАУДА** – *аукцион*. Жорамал бойынша бәссаудада оның құны 3300 долларға дейін көтерілуі мүмкін. «Алаш айнасы», 18 шілде 2009 жыл. № 119 (119).

**БЕДЕЛСӨЗ** – *авторитетное слово*. Беделсөз. (Газет айдары). «Астана хабары», 17 маусым 2008 жыл. № 72 (2236).

**БЕЗЕН** – *дизаин*. Біз шығарған газет безені сол кездегі техникалық мүмкіндіктердің нәтижесі болған. «Айқын», 2 сәуір 2011 жыл. №57 (1724).

**БЕНЕНШІ** – *дизайнер*. Түске дейін әдеби сарашы, техникалық сарашы, безенші, қатетузер секілді мамандар дәрісханаларда кезек-кезек дәріс өткізеді (С.Медеубекұлы). «Айқын», 2 сәуір 2011 жыл. № 57 (1724).

**БЕЗЕНДІРІЛІМ** – *оформление*. Пәлсапалық безендірілім. «Алматы ақшамы», 17 ақпан 2011 жыл. № 20 (2630).

**БЕЙБІТСҮЙГІШ** – *миролюбимый*. Ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан бейбітсүйгіш ел ретінде қазақтың аты әлемге әйгіленсе, оның атын шығарған тағы да Нұрсұлтан Назарбаев. «Айқын», 31 желтоқсан 2010 жыл. № 243(1667).

**БЕЙБІТСҮЙГІШТІК** – *миролюбивость*. Осы арқылы бейбітсүйгіштігін әлемге таныта білді. «Айқын», 16 сәуір 2010 жыл. № 65 (1489). Оның тарапынан бейбітсүйгіштік пен қонақжайлылық бейнеленсе дедім. «Егемен Қазақстан», 30 қазан 2010 жыл. №450-451 (26294).

**БЕЙБІТШІЛІКСҮЙГІШ** – *миролюбивый*. Бұл – Нұрсұлтан Назарбаевтың бейбітшіліксүйгіш құндылықтарды жоғары қоятын азаматтық қоғам құруға бағытталған саясатын ЕҚЫҰ таныды және мойындады деген сөз. «Алматы ақшамы», 16 қаңтар 2010 жыл. № 6 (4251).

**БЕЙДЕРЕК** – *абстрактный*. ... бейдерек атаулардың (білім, өнеге, тәрбие, ұғым, өнер т.б.); (Н.Уәлиұлы). «Ана тілі», желтоқсанның 18-і 2008 жыл. № 51 (940).

**БЕЙКЕМЕЛ** – *несовершенный*. Әлемдік қаржы құрылымының бейкемел

екені – бұрыннан айтылып жүрген әңгіме. «Жас Алаш», 29 қаңтар 2009 жыл. № 9 (15363).

**БЕЙНЕАРНА** – *видеоканал*. Интернет-бейнеарана бар екенін білесіз бе? «Егемен Қазақстан», 3 қараша 2010 жыл. № 456 (26299). **БЕЙНЕБАЙЛАНЫС** – *видеосвязь*. Сотталғандар жақындарымен бейнебайланысқа шықты. «Егемен Қазақстан», 25 қыркүйек 2010 жыл. № 388-389 (26232); Үкімет Жаңаөзенмен бейнебайланыс жасады. «Егемен Қазақстан», 29 желтоқсан 2011 жыл. № 660-665(27057).

**БЕЙНЕБАҚЫЛАУ** – *видеонаблюдение*. Оның үстіне жол қозғалысы ережесінің бұзылуын тіркеу мен автоматтандырылған бейнебақылау құралдарын қолдану арқылы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамсыз етуді жүзеге асыру үшін, ең әуелі, Ұлыбритания полициясының тәжірибесі ескерілді. «Егемен Қазақстан», 18 қараша 2008 жыл. № 348-349(25319).

**БЕЙНЕБАЯН** – *видеокип*. Маған арналған өзімнің орындауымдағы «Сен» деген әнге түсірілген бейнебаян телеарналардан көрсетіліп жүр, ондағы жігіттің рөлінде – біздің ұлымыз. «Жас Алаш», 12 тамыз 2008 жыл. № 64 (15314). Сын сүзгісінен өткен Алматыдағы «Қазақ» студиясы түсірген Ескендір Хасанғалиевтің «Айналдым елім» әнінің бейнебаяны бас жүлдеге лайық деп танылды. «Айқын», 27 қыркүйек 2008 жыл. № 182 (1119); Бейнебаяннан қашып құтыла алмайсың. «НұрАстана», 22 желтоқсан 2011 жыл. № 51(420).

**БЕЙНЕЖАЗБА** – *видеозапись*. Бұл аз десеңіз, бейнежазбаны қоса жіберген. «Жас Алаш», 13 қаңтар 2008 жыл. № 4(15358). Сондай-ақ, «құпия тұтқын» Жәкішевке қатысты ғаламторда пайда болған бейнежазба туралы да ешкім ләм-мим демеді. «Жас Алаш», 31 желтоқсан 2009 жыл. № 104(15458).

**БЕЙНЕКӨПІР** – *телемост*. Шырайлы Шымкент шаһарында шырмауы көп мәселенің шешімін тауып жатқан Үкімет мүшелері отырысқа бейнекөпір арқылы атсалысты. «Айқын», 29 қазан 2010 жыл. №188 (414).

**БЕЙНЕКӨРІНІС** – *видеосюжет*. Шұрайлы тілмен әдемі өрілген мәтін бейнекөріністерді ерекше жайнатып жіберген. «Айқын», 12 ақпан 2008 жыл. № 23(1204); Қаламды қолға алғандағы (кешіріңіз, компьютер тақтасын басқандағы) мақсат – ғаламтордан табылған бір бейнекөрініс жайлы айтпақ едік. «Қазақ әдебиеті», 30 желтоқсан 2011 жыл. № 52 (3268).

**БЕЙНЕҚОНДЫРҒЫ** – *видеоустановка*. Жол ережесін бұзғандарды бұдан былай полицейлер емес, 143 бейнеқондырғының өзі анықтайтын болады. «Алаш айнасы», 1 қараша 2011 жыл. № 193(645).

**БЕЙНЕҚОР** – *видеофонд*. Бейнеқорда бар қалғаны – 10 минуттық таспа ғана. «Алматы ақшамы», 27 қыркүйек 2011 жыл. № 113(4515).

**БЕЙНЕҚҰЖАТ** – *видеодокумент*. Грузия обудсмені Созар Субари президент сайлауының әділетсіз өткендігін дәлелдейтін бейнеқұжаттар бар екендігін жариялады. «Айқын», 25 сәуір 2008 жыл. № 76 (1013).

**БЕЙНЕОЙЫН** – *видеоигра*. 2003 жылы осы елде «Балаларды бейнеойындардағы жыныстық қатынас пен зорлықтардан қорғау» туралы заң қабылданыпты. «Егемен Қазақстан», 6 қараша 2010 жыл. № 459-460 (26303).

**БЕЙНЕСУРЕТ** – *видеофото*. Конференция шеңберінде тәуелсіз Қазақстанның өмірінен фото, бейнесурет көрмесін өткізу де жоспарланып отыр. «Егемен Қазақстан», 25 сәуір 2009 жыл. № 147 (2554).

**БЕЙНЕТАСПА** – *видеокассета*. Ол көпшілік назарына ұсынылған бейне таспаларда республиканың кейбір сайлау учаскелерінде бюллетендердің заңсыз тасталғандығы айғақталғандығы айтты. «Айқын», 25 сәуір 2008 жыл. № 76 (1013). Бірақ, 2002 жылғы сотта полиция түсірген бейнетаспаны толықтай көріп болғаннан кейін ғана шешетінін айтты. «Жас Алаш», 30 сәуір 2009 жыл. № 35 (15389);

**БЕЙНЕТҮСІРІЛІМ** – *видео съемка*. Банкоматта орнатылған бейнетүсірілім бойынша қылмыскерлердің суреттері жасалып облыстық ПД-нің Павлодар стансасындағы ЖПО, СҚО бойынша ҚБД қызметкерлеріне тапсырылды. «Егемен Қазақстан», 20 желтоқсан 2008 жыл. № 405-412 (25381). Ал Жәкішевтің өзі мұндай бейнетүсірілімнің болғанын растады. «Жас Алаш», 1 желтоқсан 2009 жыл. № 96 (15450).

**БЕЙНЕТІРКЕУ** – *видеорегистрация*. Елімізде барлы ғы 141 фото-бейнетіркеу жүйелері қондырылуда.» «Айқын», 30 қазан 2009 жыл. № 203 (1384).

**БЕЙРЕСМИ//БЕЙРӘСІМИ** – *неофициальный*. Бейресми жалпыкомандалық есеп. «Дала мен қала», 28 қыркүйек 2008 жыл. № 35 (262); Жапандағы жалаңаш еркек және бейрәсіми сиқырдың әліппесі. «Алматы ақшамы», 1 қыркүйек 2011 жыл. № 102(4504). «Алматы ақшамы», 1 қыркүйек 2011 жыл. № 102(4504).

**БЕЙСАНАЛЫ** – *несознательн(о)ый*. «Дертті адам өз бойындағы сұранысқа орай бейсаналы түрде әлгіндей мамандықтарды таңдап алады» деп есептейді ол. «Алаш айнасы», 5 қараша 2011 жыл. № 197 (649).

**БЕЙН** – *профиль*. Құдай бұйырса, философия (PhD), бейні бойынша доктор ғылыми дәрежесін алатын биыл екінші PhD докторанттар түлемекші. «Алаш айнасы», 17 маусым 2011 жыл. № 104(556).

**БЕЙНДІК** – *профильный*. Екіншіден, әлемдік тәжірибеге сәйкес бейндік мектепті енгізу қажет. «Егемен Қазақстан», 12 қаңтар 2011 жыл. № 8 (26410).

**БЕЙНДІК МЕКТЕП** – *профильное школа*. Министр бейндік мектептердің құқықтық мәртебесі анықталғандығын да тілге тиек ете кетті. «Егемен Қазақстан», 23 қыркүйек 2011 жыл. № 451-452(26845).

**БЕЙНДІК ОҚЫТУ** – *профильное обучение*. Бейндік оқытудың ерекшелігі. «Астана ақшамы», 4 қараша 2008 жыл. № 129(2293).

**БЕКЕТ** – *пост*. Кеше қазақ-қырғыз шекарасындағы Қордай кеден бекеті тағы да бір бақылау-өткізу бекетімен толықты. «Айқын», 4 қараша 2009 жыл. № 206 (1387).

**БЕКЕТ** – *станция*. Жанар-жағармай құю бекеттері тексеріледі. «Айқын», 4 қараша 2009 жыл. № 206 (1387); Алматыдағы жанармай бекеттерінде жалған жанармай сатылымға шығып кеткен. «Жас қазақ», 21 қазан 2011 жыл. № 41 (353).

**БЕКІМ** – *контракт*. Оған тоқтамасақ, осы ұғымды бейнелей алатын «бекімді» айналысқа оссақ, сірә, сіңіп кететін түрі бар. (Кеңес Юсуп). «Ана тілі», 17-23 маусым 2010 жыл. № 24 (1017).

**БЕЛГІТАҚТА** – *памятная доска*. Белгітақтаға Чикет аман деген алтайлықтардың тілінде тауға сәлем немесе жеке атаман мағынасын білдіреді деп жазыпты. «Жас қазақ», 23 қыркүйек 2011 жыл. № 37 (349).

**БЕЛГІТАС** – *памятник (надгробный камень)*. Алаш көсемі Аймауытовтың ұлына белгітас қойылды. «Айқын», 30 мамыр 2009 жыл. № 96 (1277). Бірліктің белгітасы Алтынемел асуында орнатылды. «Егемен Қазақстан», 20 қазан 2010 жыл. № 433-434 (26277).

**БЕЛДЕМШЕ** – *юбка*. Батыстың жезөкшелерінше, бұтында қысқа белдемше, бетінде баттастырып жағылған опа-далап, денесінде әлем-жәлем шүберек, тағысын тағылар. «Жас Қазақ», 8 қазан 2010 жыл. № 39 (299). Италия қысқа белдемшелерге тыйым салады. «Алматы ақшамы», 30 қазан 2010 жыл. № 133 (4378).

**БЕЛСЕНДІЛЕНДІРУ** – *активизация*. Парламентаралық ынтымақтастық мәселелеріне қатысты Төраға түркітілдес мемлекеттердің Парламенттік Ассамблеясы аясындағы үнқатысуды белсенділендіру жайында айтты. «Егемен Қазақстан», 13 ақпан 2010 жыл. № 54-56 (25902).

**БЕЛСЕНІМ** – *инициатива (активность)*. Пара берушілер қоғамдағы өз орнын біледі, артық белсенім көрсетпейді. (Мақала авторы Серік Әбдірешұлы). «Нұр Астана», 13 қараша 2008 жыл. № 46 (259).

**БЕЛСІЗДІК** – *импотенция*. Дәрігер-мамандар белсіздік ауруымен ауырғандарға дер кезінде кеңес беріп отырса дұрыс болады. «Алаш айнасы», 17 қараша 2009 жыл. № 204 (2304).

**БЕЛТЕМІР** – *турник*. Атақты данышпандар Сократ, Платон, Аристотель, Демосфен өз өмірлерінде белтемірге (турникке) тартылып, түрлі гимнастикалық жаттығулармен айналысыпты. «Алматы ақшамы», 12 наурыз 2009 жыл. № 29 (4120).

**БЕРЕНСӨЗ** – *публицистика*. Беренсөздің бірегей бегі. «Алаш айнасы», 3 қараша 2011 жыл. № 195 (647).

**БЕРЕШЕК** – *задолженность*. Салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары. //Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының Кодексі. «Жас Қазақ», 31 қазан 2008 жыл. № 43 (199).

**БЕРНЕ** – *функция*. Мәселен, тілімізде әлі күнге дейін *анатомия, косметика, кредит, маятник, пленка, рецепт, функция, факт* деп айтылып, жазылып жүрген сөздерді қазақша *тәнтану, риан, несие, бигеиш, жұқалтыр, дәрел, мәнбі, берне* деп алуға болатындығына көзіміз жетеді. «Ана тілі», 11-18 ақпан 2010 жыл. № 10 (1003).

**БЕТ-БЕЙНЕ** – *имидж*. Жемқорлық елдің бет-бейнесіне дақ түсірді. Ақыр соңында сыбайластық әлемдік қауымдастықтың көз алдында әлгі елдің имиджіне (бет-бейнесіне) нұқсан келтірді. «Алматы ақшамы», 9 қазан 2010 жыл. № 123 (4368).

**БЕТҚАЛҚА** – *маска*. «Білге Қаған да бетқалқа киген»//«Ана тілі», 2009 жылғы қаңтардың 8-і. № 1(942).

**БЕТ ҚАТТАУШЫ** – *верстальщик*. «Жас Қазақ» газеті 2009 жыл.

**БЕТМАЙ** – *крем*. Күндіз және түнде жағатын қоректендіретін бетмайларынан ешқашан қаржы аямаймын. «Айқын», 19 ақпан 2009 жыл. № 28 (1209).

**БИГЕШ** – *маятник*. Мәселен, тілімізде әлі күнге дейін *анатомия, косметика, кредит, маятник, пленка, рецепт, функция, факт* деп айтылып, жазылып жүрген сөздерді қазақша *тәнтану, риан, несие, бигеш, жұқалтыр, дәрел, мәнбі, берне* деп алуға болатындығына көзіміз жетеді. «Ана тілі», 11-18 ақпан 2010 жыл. № 10 (1003).

**БОЙСУЫТУ** – *гражданский брак*. Егер оны қазақтың жалпақ тіліне салсақ, бойсуыту деп атар едік. «Алаш айнасы», 11 қазан 2011 жыл. № 179(631).

**БОЛЖАМДАУ** – *прогнозирования*. ...Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы қалыптастыру, Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың санаттары топтары және тиісті топтары бойынша Ұлттық қорға, мемлекеттік және республикалық бюджетке түсетін түсімдерді болжамдау, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өтінімдерін қарау, олар бойынша қорытындылар дайындау. «Алаш айнасы», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 171 (623).

**БОПСА** – *шантаж*. Бопсадан сескенбеді. «Егемен Қазақстан», 27 шілде 2010 жыл. № 301-303 (26147).

**БОПСАЛАУ** – *шантажировать*. Ұсталғандардың әрекетінде азаматтардың заңсыз бас бостандығынан айыру мен ақша бопсалау жатыр. «Айқын», 13 тамыз 2008 жыл. № 150 (1087). Бұл бопсалауға ұласқан былық – жыл басынан бергі үшінші қылмастық оқиға. «Алматы ақшамы», 6 наурыз 2010 жыл. № 28-29 (4274).

**БОПСАЛАУШЫ** – *шантажист*. Бопсалаушылар әрекеті Қылмыстық кодекстің 125-бабына сәйкес кісі ұрлығы болып табылады. «Алматы ақшамы», 6 наурыз 2010 жыл. № 28-29 (4274). Бопсалаушы банкте бұғауланды. «Алматы ақшамы», 3 сәуір 2010 жыл. № 40 (4285).

**БОРЫШКЕР//БОРЫШҚОР** – *должник (кредитор)*. Кредит жолымен алынған ақшаның орнынан кепілге ешқандай мүлік қойылмағандықтан немесе борышкерлердің мекен-жайларын жиі ауыстыруынан, бұл санатғы жұмыстар кедергілерге тап келуде. «Астана ақшамы», 26 тамыз 2008 жыл. № 101 (2265). «Борышкерлерді жазалаудың заңды тетіктерін жетілдіру керек». «Заң», 7 қараша 2008 жыл. № 170(1396); Тағы да борышкерлер мәселесі сөз болды. «Айқын», 4 тамыз 2011 жыл. № 142 (1809). Борышқордың несие өтейтіндігі ескеріле ме? Борышқордан қарызымды өндіріп алу туралы шешім бар. «Алматы ақшамы», 15 қазан 2011 жыл. № 121 (4523).

**БОСАРАЛЫҚ** – *пробел*. Осындай біралуан тіркесті сөздерді тұлға жағынан ықшамдап, жазуда босаралықсыз жазылса, (босаралықтың өзі гафикалық таңба ғой) тұлға жағынан ықшамдалған күрделі атаулар мағына жағынан да жинақталып лексикалық бір бүтінге айналады. (Н.Уәлиұлы). «Туған тіл» альманағы. 2009 жыл. № 2 (10). 14-бет.

**БОЯМАҚ** – *раскраска*. Дау тудырған боямақ. «Алматы ақшамы», 1 қыркүйек 2011 жыл. № 102(4504).

**БӨГДЕҒАЛАМШАРЛЫҚТАР** – *инопланетяңцы*. Бөгдеғаламшарлықтар келе жатыр. «Ана тілі», 10-16 ақпан 2011 жыл. № 6 (1051); Жақында АҚШ-тың федералды зерттеу бюросы Жерге бөгдеғаламшарлықтардың аяқ басқаны жөніндегі ақпаратты жария етті. «Жас Алаш», 26 сәуір 2011 жыл. № 32(15594).

**БӨСТЕК** – *пүфик*. Бабын тапсаң бос бөтелкеден де бөстек жасап алуға болады екен. Бөстегіңіз дайын, тек қисалақтамай отырсаңыз болғаны. «Нұр Астана», 1 қыркүйек 2011 жыл. № 34 (403).

**БҰРҚАҚ** – *фонтан*. Бұрқақ басында кездесейік. «Астана ақшамы», 7 мамыр 2009 жыл. № 49 (2370). Асқақтап Астананың бұрқақтары. «Астана ақшамы», 14 мамыр 2009 жыл. № 51 (2372).

**БҮКТЕМЕ** – *буклет*. АҚТҚ және ЖҚТБ-дан қалай сақтану керек? ЖҚТБ & AIDS ЖОО студенттеріне арналған бүктеме. (Емхана бүктемесінен); «Мәмілегерліктің» бұлайша бүктемеде қалуы да дәйексіз көрінеді, бізге. «Алаш айнасы», 6 тамыз 2011 жыл. № 137 (589).

**БІЗКЕСТЕ** – .... Бізкестенің бағасын білеміз бе? «Алаш айнасы», 17 қараша 2011 жыл. № 204(656).

**БІЛКТІЛІК** – *квалификация*. Мұғалім біліктілігі – болашақтың кепілі. «Жас Қазақ», 9 желтоқсан 2011 жыл. № 48 (360).

**БІЛІМГЕР** – *студент*. Соның белгісі болар, ағайларының шығармашылық кешіне білімгерлері мол жиналды. «Айқын», 31 қазан 2008 жыл. № 205 (1142). Жоғары оқу орындарында білімгердің мамандығына сәйкес ағылшын, араб тілдері терендетіліп оқытылады. «Заң» газеті, 2 сәуір 2009 жыл. № 48 (1471). ТарМУ-дың 60-тан астам бітіруші-білімгерлері жұмысқа шаққу алды, 20 бітіруші әртүрлі мекемелерге бірден жұмысқа орналасты. «Жас Алаш», 18 қараша 2010 жыл. № 92 (15550); Білімгерлер белсенділігі жоғары. «Астана ақшамы», 25 тамыз 2011 жыл. № 96(2706).

**БІЛІМДӘН** – *знаток*. Білімдән (Қ.Ергөбек). «Астана ақшамы», 5 қараша 2011 жыл. № 127 (2737).

**БІРЛЕСКЕН КӘСПОРЫН** –

**БІР РЕТТІК** – *одноразовый*. Облыстық мәслихат базарларда бір реттік талонмен сауда жасайтын жеке тұлғалардан алынатын салықтың құнын 2003 жылдан бері өзгерткен жоқ. «Айқын», 30 мамыр 2009 жыл. № 96 (1277).

**БІРРЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫ** – *разовое пособие*. Мәселен, бала тууға байланысты бірреттік жәрдемақы мөлшері 35 мың 40 теңгені құрады// «Айқын», 13 наурыз 2008 жыл. 46 (983).

**БІРТЕКТІЛІК** – *идентичность*. Елдігін сақтауды көздеген кез-келген мемлекет алдымен ұлттық біртектілігін (идентичность) қалыптастыруға ұмтылады. «Түркістан», 24 шілде 2008 жыл. № 30-31. (732-733).

**«БІР ТЕРЕЗЕ»** – *«одного окна»*. «Бір терезе» жұмысты жеңілдетті. «Нұр Астана», 4 желтоқсан 2008 жыл. № 49 (262).

**БІРТҮТАС ӘКІМШІЛДЕНДІРУ** – *единое администрирования* //

«Айқын», 15 наурыз 2008 жыл. 48 (985).

**БІРТҰТАСТАНУ** – моно. Демек ендігі жерде тарихи Отанына оралған этникалық қазақтардың Қазақстан Республикасында заңда көрсетілген міндеттер мен борыштарды орындауы – олардың ұлттық біртұтастануға бет алғандығы болып табылады. Сөйтіп елге елдің қосылуымен Қазақстанда ұлттық біртұтастану процесінің басталып кеткен-ді. «Түркістан», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 39 (897).

**БІРІККЕН КӘСІПОРЫН** – *совместное предприятие*. Ресейдің «Газпромы» Орынбордағы газ және мұнай өңдеу зауытындағы қазақстандық-ресейлік біріккен кәсіпорындағы жұмысын бастауды кешіктіріп отыр. «Түркістан», 30 қазан 2008 жыл. № 44 (746).

**БІРІНШІЛІК** – *первенство*. Сонымен қатар төл біріншілігімізде азия ойындарында қазылық жасайтын қазақстандық төрешілер алқасы да белгілі болды. «Алаш айнасы», 22 желтоқсан 2010 жыл. № 222 (448); Австралияның ашық біріншілігі басталды. «Айқын», 18 қаңтар 2011 жыл. № 8 (1675); Біріншілік басталды. «Айқын», 13 наурыз 2012 жыл. № 47(1958).

**БІТІМГЕР//МӘМІЛЕГЕР** – *медиатор*. Жалпы, осы саланың «бүгешігесін» терең меңгерген мамандардың айтуынша, медиаторларды бітімгер немесе мәмілегер деуге әбден болады. «Айқын», 20 қаңтар 2011 жыл. № 10 (1677).

**БІТІМГЕР//БІТІМГЕРШІ** – *миротворец*. Бітімгер күштерсіз Бішкек мәселесі шешілмейді. «Жас қазақ», 25 маусым 2010 жыл. № 24 (284); Дағдарысты күшпен жеңетініне сенгендердің әрекеттері Оңтүстік Осетия және Грузия бейбіт тұрғындарының, сондай-ақ ресейлік бітімгершілердің қаза болуына әкеп соқты. «Астана ақшамы», 26 тамыз 2008 жыл. № 101 (2265); Сирияға бітімгершілер енгізуге шақырды. «Егемен Қазақстан», 14 ақпан 2012 жыл. № 57-60(27132).

**БІТІМГЕРШІЛІК** – *миротворческий*. Бітімгершілік батальондарына қабылданған қазақ сарбаздары тағы да бір ши шыққан жерге баратындығын айтып, тас-түйін дайын отырған көрінеді. «Айқын», 27 қыркүйек 2008 жыл. № 182 (1119); Бітімгершіліктің биік белесі. «Егемен Қазақстан», 7 желтоқсан 2010 жыл. № 520-521 (26364).

## Г

**ГҮЛБАҚ** – ..... Флоренция – Италияның айнасы, Тосканияның гүлбағы. «Алматы ақшамы», 22 сәуір 2010 жыл. № 48 (4293).

**ГҮЛДЕГІН** – .... «Шипагерлік баян» маркабатлы көзіңізбен көріп, құлағыңызбен естіп болғанын арнаулы ордаңыздан ұғындырғы (мектеп) ашып, ордаңыздағы гүлтекше үстінде өсіп тұрған гүлдегіндегі гүлдей жеткіншектерді өнерге баулып жеткізсеңіз, қарашаңыз менің ең зор арманым орындалған болар еді» - деп жазылған (Тұрсынәлі Рыскелдиев). «Жас қазақ» 2 қыркүйек 2011 жыл. № 34 (346).

**ГҮЛЗАР** – *цветник*, Гүлзарларға петуния, тагетис, цинерария, сальвия секілді желге, шөлге, аңызқаққа төзімді алуан гүлдерді егіміз. «Айқын», 15 қазан 2010 жыл. № 191 (1615); Көрікті көгалдар мен жаңа гүлзарлар бой түзеуде.



«Алматы ақшамы», 11 тамыз 2011 жыл. № 93 (4495 Тек 2011 жылдың өзінде қала аумағында 180 шаршы метрді құрайтын алаңда гүлзар отырғызылды. «Алматы ақшамы», 20 наурыз 2012 жыл. № 34 (4595).

**ГҮЛТЕКШЕ – цветник.** «Шипагерлік баян» маркабатлы көзіңізбен көріп, құлағыңызбен естіп болғанын арнаулы ордаңыздан ұғындырғы (мектеп) ашып, ордаңыздағы гүлтекше үстінде өсіп тұрған гүлдегіндегі гүлдей жеткіншектерді өнерге баулып жеткізсеңіз, қарашаңыз менің ең зор арманым орындалған болар еді» - деп жазылған (Тұрсынәлі Рыскелдиев). «Жас қазақ» 2 қыркүйек 2011 жыл. № 34 (346).

**ГҮЛТӨСЕМ – .....** Саябақтар, гүлзарлар мен гүлтөсемдер бұл қаланы бұрын-соңды болмаған көрікке бөлеп тұр. Кейбіреулер гүлге, гүлтөсемдерге қызыққаны сондай, әуелі шетіне отырып, сосын бара-бара гүлдердің кейбірін табанымен мыжып ортасын ойып тұрып, бір-бірін суретке түсіреді. «Айқын», 15 қазан 2010 жыл. № 191 (1615).

## Ғ

**ҒАЛАМДАСТЫРУ//ҒАЛАМДАНУ – глобализация.** Аграрлы қоғамда сақталуды ғана мұрат тұтып, ғаламдастыру жағдайына бейімделе дамудың жолын таппай, аңтарылу байқалады. «Айқын», 20 тамыз 2008 жыл. № 155 (1092); Ғаламдану үрдісінен ұлттық эконономика қауіпсіздігін қамтамасыз етуде кедендік одақтың тарихи маңызы зор. «Алаш айнасы», 26 шілде 2011 жыл. № 129 (581).

**ҒАЛАМДЫҚ ЖЫЛЫНУ – всемирное потепление.** Ғаламдық жылыну Қазақстанды құрсауға алып отыр. «Айқын», 26 қыркүйек 2008 жыл. № 181 (1118).

**ҒАЛАМТОР – интернет.** Ғаламторда Орта Азиядағы газ альянсіне қатысты мақала жарық көріпті. «Жас Қазақ», 7 наурыз 2008 жыл. № 9 (165); Сондай-ақ ғаламтор қызметін пайдаланатындар саны да артқан. «Айқын», 13 тамыз 2008 жыл. № 150 (1087); Ғаламторға әдеби әлем қосылды. «Айқын», 29 қазан 2010 жыл. № 188 (414); Ғаламтор телекөрсетімдер қатарын азайтып жаптыр. «Алаш айнасы», 8 қыркүйек 2011 жыл. № 158 (610).

**ҒАЛАМШАР – планета.** Жер шарын былай қойғанда, мекен етушісі табылса, өзге ғаламшардың тұрғындарына да мінезін сіңіргісі келіп тұратын ұлттар жетерлік. Ұлт келбеті // «Қазақ әдебиеті», 18 сәуір 2008 № 16 (3072). Ғаламшар (айдар). «Айқын», 2 шілде 2008 жыл. № 121 (1058). Ғылым ғаламшар тынысын кеңітеді. «Егемен қазақстан», 18 қараша 2009 жыл. № 379-380 (25777); Безгек паразиттері ғаламшарымыздың түрлі мекен етуші ағзаларының бірінен екіншісіне ауысып, тіршілік еткен. «Алаш айнасы», 8 қараша 2011 жыл. № 198 (650).

**ҒАРЫШАЙЛАҚ – космодрум.** Олай болса, әуежол (әуе жолы емес), теңізжол (теңіз жолы емес), сужол (су жолы емес), газқұбыр (газ құбыры емес), жүкмәшине (жүк мәшинесі емес), ғарышайлақ (ғарыш айлағы емес) деп ықшамдап, біріктіріп жазуға да болар еді. (Н.Уәлиұлы). «Туған тіл» альманағы. 2009 жыл. № 2 (10). 14-бет.

**ҒАРЫШХАНА** – *обсерватория*. Ең ғажабы сол, Омар Наям сол Ғарышхана құрылысы барысында жаңа «Күн тізбесін» дүниеге келтірген. «Алматы ақшамы», 20 наурыз 2010 жыл. № 334-35 (4280).

**ҒИБАДАТХАНА** – *храм*. Қазіргі кезде 3200-ге жуық мешіт, шіркеу, ғибадатханалар жұмыс істейді. «Жас Алаш», 16 ақпан 2010 жыл. № 13 (15471); Күлтөбеден көне ғибадатхана табылды. «Дала мен қала», 25 шілде 2011 жыл. № 30 (409); Абайдан ескерткіш, ғибадатхана жасайды. «Жас Қазақ», 5 тамыз 2011 жыл. № 30 (342); Қазақстан заңдарында ғибадатханалар салуға, сол жерге құлшылық жасауға ешқандай шектеу жоқ. «Айқын», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 180 (1847); Екінші қабатта ерлерге арналған 4000 орындық ғибадатхана, киінетін жері бар үлкен вестибюль орналасқан. «Астана ақшамы», 8 желтоқсан 2011 жыл. № 142 (2752).

**ҒИМАРАТ** – *здание*. Ғимарат ішіне екінші есіктен кіргізілген операциялық киімдер мен жаймалар тасымалдау арбашалар ішінен алынып, арнайы үстелдерде тазалық деңгейін анықтау үшін тексеруден өткізіледі. «Егемен Қазақстан», 7 қараша 2008 жыл № 338-339(25309); Ғимараттардың алды түрленді. «Жетісу», 18 қыркүйек 2010 жыл. № 108 (17377) ; Ғимараттарды қалай қазақыландырамыз? «Алаш айнасы», 3 қыркүйек 2011 жыл. № 155 (607).

**ҒҰМЫРБАЯН** – *автобиография*. Екінші жағынан, газеттің ғұмырбаяны қазақтың талай көрнекті қайраткерлерінің өмірімен тығыз байланысып жатыр. «Егемен Қазақстан», 3 наурыз 2009 жыл. № 84-86 (25483).

**ҒҰМЫРНАМА** – *мемуар*. Бұл баспадан К.Райстың үш томдық ғұмырнамалық еңбегі жарық көреді. «Жас Алаш», 30 сәуір 2009 жыл. № 35 (15389). Осыдан он жыл бұрын шыққан менің «Таңғажайып дүние» деген ғұмырнамалық романым бар. «Жас Алаш», 5 мамыр 2009 жыл. № 36 (15390).

**ҒЫЛЫМНАМА** – *энциклопедия*. Бұл еңбектің жүйелілігі, кемелдігі, ғылымнамалығы жағынан осы заманғы медициналық еңбектердің деңгейімен қарастырылып, терзесін теңестіре алады. (Тұрсынәлі Рыскелдиев). «Жас қазақ» 2 қыркүйек 2011 жыл. № 34 (346).

## Д

**ДАЛАН** – *подъезд*. Әр далаңда (подъезд) жылу орталығы, су стансасы орнатылыпты. «Жас Алаш», 27 шілде 2010 жыл. № 59 (15517).

**ДАҢҒЫЛ** – *проспект*. Әсіресе қаланың оңтүстік-шығысындағы Абылай хан даңғылы абаттанып шыға келді. «Айқын», 6 қыркүйек 2008 жыл. № 167 (1104). Әл-Фараби даңғылы ашылды. «Алматы ақшамы», 30 қазан 2008 жыл. № 123 (4061).

**ДӘЙЕКСӨЗ** – *цитата*. Путин эмиграцияға кеткен философ Ильиннен жиі дәйексөз алатын ұқсайды. «Астана ақшамы», 28 шілде 2009 жыл. № 82 (2403).

**ДӘЛЕЛДЕМЕ** – *доказательство*. Айыпталушылардың сот барысында берілген айғақтарын, оқиға орнынан табылған дәлелдемелерді сараптай келе, сот қылмысқа белсенді қатысқан төрт айыпталушыны кінәлі деп тауып, жарты жылға бас бостандықтарынан айырды. «Айқын», 1 қазан 2011 жыл. № 182(1849).

**ДӘЛІЗ** – *коридор*. Теңге бағамының дәлізі кеңейтілмек. «Жас Алаш», 26 қаңтар 2010 жыл. № 7 (15465); Көлік дәлізін қанша жұмысшы салып жатыр? «Алаш айнасы», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 171 (623).

**ДӘМДЕУІШ** – *приправы*. ...Халал-дәмдеуіштерін пайдалану, жануарлар майын және әртүрлі зиянды қоспалар пайдалануға тыйым салу секілді мәселелер талқыланды. «Айқын», 15 сәуір 2011 жыл. № 66 (1733); Сондай-ақ дәмдеуіштер мен бұрыштар да басқаша, май өте аз салынады екен, негізінен, құрғақ қара еттен әзірленген. «Айқын», 24 қараша 2011 жыл. № 220 (1887).

**ДӘММӘЗІР** – *кафе*. Демек, дәмхананы дәммәзір деп алсақ, тура төбесінен деп түсеміз. (Жұма-Назар Сомжүрек). «Ана тілі», 15-21 сәуір 2010 жыл. № 15(1008).

**ДӘМХАНА** – *кафе*. Кәймбервәлде қазақ-қырғыз дәмханасы ашылды. «Айқын», 27 мамыр 2009 жыл. № 93 (1274); Дәмхана түгел өртеніп кетті. «Алаш айнасы», 7 қыркүйек 2011 жыл. № 157 (609).

**ДӘНЕКЕРЛЕУШІ** – *сварщик*. Арада бір жыл өткен де осы оқиғаға байланысты істі қараған Астана қаласының Алматы аудандық соты көкөніс қоймасын салуға тапсырыс берген «Астанапром» ЖШС бас директоры Рафик Валиевті, оның орынбасары Құрманғазы Талжановты, «СИС» мердігер компания директорының орынбасары Вячеслав Канды, дәнекерлеуші Николай Скоковты 5-7 жылға бас бостандықтарынан айырды. «Айқын», 1 қазан 2011 жыл. № 182(1849).

**ДӘРГЕЙ** – *прерогатива*. Дәстүрлі әннің дәргейі. «Астана ақшамы», 8 қараша 2008 жыл. № 131-133(2297). Мәскеудегі орталық комитеттің қарамағына барып, құқық мекемелері дәргейіне көшкен соң «алашордашылардың» тергеу ісін желеу етіп «майданға еркін араласқан. Олардың дәргейсіздігінен бұл міндетті жазушылардың атқаруына тура келді. «Айқын», 10 ақпан 2010 жыл. № 22 (1446); Қазақ өкілі бұған дейін Нобель сыйлығын ұжым дәргейінде алды. «Алматы ақшамы», 24 қыркүйек 2011 жыл. № 112 (4514).

**ДӘРЕЛ** – *рецепт*. Мәселен, тілімізде әлі күнге дейін *анатомия, косметика, кредит, маятник, пленка, рецепт, функция, факт* деп айтылып, жазылып жүрген сөздерді қазақша *тәнтану, риан, несие, бигеи, жұқалтыр, дәрел, мәнбі, берне* деп алуға болатындығына көзіміз жетеді. «Ана тілі», 11-18 ақпан 2010 жыл. № 10 (1003).

**ДӘРМЕК** – *препарат, лекарство*. Сиқырлы дәрмектің күші. Брежневке арналған дәрмек. «Айқын», 4 тамыз 2011 жыл. № 142 (1809).

**ДӘРУГЕР** – ..... Дәругер «Ақшамның» денсаулық беті. «Алматы ақшамы», 3 желтоқсан 2009 жыл. № 141 (4232); Тән мен жанның дәругері. «Түркі әлемі», 2011 жыл, № 6 (110).

**ДӘРУМЕН** – *витамин*. Банан – дәруменге бай жеміс. «Қазақстан - Zaman», 1 тамыз 2008 жыл. Оның құрамында кальций, магний, калий, марганец, натрий сияқты дәрумендер, микроэлементтер бар. «Қазақстан-Zaman», 6 қараша 2008 жыл. № 45 (712)^ Ешкі сүті – дәрумен. «Алаш айнасы», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 171 (623).

**ДӘРІМЕК** – *аптека*. Сонда аптека – дәрімек болып аталады. (Жұма-Назар Сомжүрек). «Ана тілі», 15-21 сәуір 2010 жыл. № 15(1008).

**ДӘРІС** – *лекция*. Саясаттану жазғы мектебінде дәрістер өтеді. «Алаш айнасы», 27 шілде 2011 жыл. № 130 (582);

**ДӘРІСКЕР** – *лектор*. Қоңыр дауысты дріскердің құлаққа жағымды баяу үнмен оқыған дәрісі ұзын жолдан қиналып келген көңілге бір жайлылық силап, тұлабойға толық дамыл беретіндей. //Қанағат Әбілхайыр. Жаңа жылғы түс (Әзіз Несіннің ізімен). Қағаз қала. Алматы, 2008. 63-64 б.

**ДӘРІСХАНА** – *аудитория*. Түске дейін әдеби сарашы, техникалық сарашы, безенші, қатетузер секілді мамандар дәрісханаларда кезек-кезек дәріс өткізеді. «Айқын», 2 сәуір 2011 жыл. № 57 (1724); Каирдегі Сұлтан Бейбарыс кесенесі, кітапханасы мен дәрісханасы және басқа да ғимараттармен толық жөндеуден өткізілген. «Айқын», 1 қараша 2011 жыл. № 203 (1870); Дәрісханаға есімі берілді. «Алматы ақшамы», 20 желтоқсан 2011 жыл. № 154 (4556).

**ДӘРІТАНУ** – *фармацевтика*. Өтейбойдақтың артына қалдырған еңбегі өз алдына кемел медициналық ғылыми атауы – терминология, дәрітану ғылымы бар. (Тұрсынәлі Рыскелдиев). «Жас қазақ» 2 қыркүйек 2011 жыл. № 34 (346).

**ДӘУІРНАМА** – *эпопея*. Дәулетті өңірдің дәуірнамасы. «Егемен Қазақстан», 4 қазан 2011 жыл. № 474-478 (26870).

**ДЕМЕУҚАРЖЫ** – *дотация*. Мұндағылар да демеуқаржы алу үшін қажетті көлемді ауыл тұрғындарынан келісін 180-200 теңгеден жүн сатып алып, толтырыпты. «Айқын», 27 қараша 2010 жыл. № 221 (1645); Балмұздаққа да демеуқаржы береді. «Айқын», 31 мамыр 2011 жыл. № 96 (1763).

**ДЕНЕУ** – *лоббирование*. Денеу – лоббизм, денеушілік – лоббирование... Сөйтіп, «лоббизмнің орнына «денеушіліктің» сіңіп кетуі әбден ықтимал. (Кеңес Юсуп). «Ана тілі», 17 – 23 маусым 2010 жыл. № 24 (1017).

**ДЕНЕУШІЛІК** – *лоббизм*. Денеу – лоббизм, денеушілік – лоббирование... Сөйтіп, «лоббизмнің орнына «денеушіліктің» сіңіп кетуі әбден ықтимал. (Кеңес Юсуп). «Ана тілі», 17 – 23 маусым 2010 жыл. № 24 (1017).

**ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ** – *физкультура*. Мектептердегі денешынықтыру сабақтарының бағдарламасына қысқы спорт түрлерін енгізейік. «Айқын», 16 ақпан 2010 жыл. № 26 (1450); Мектепте денешынықтыру пәні бар, бірақ рухани тәлім беретін жан сауықтыру сабағы жоқ. «Алаш айнасы», 5 қараша 2011 жыл. № 197 (649).

**ДЕРЕККӨЗ** – *источник*. Еуропадағы басқа дереккөздердің хабарлауынша, Мұсаевтың хал үстінде жатқаны шындыққа жанаспайды, өйткені ол да, жанындағы аудармашысы да жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына сұхбат беріп, шауып жүр-мыс. «Айқын», 27 қыркүйек 2008 жыл. № 182 (1119); Бұған дейінгі сот процестерінде Сурганов жарияланған барлық фактілер сенімді дереккөздерден алынғанын, өзінің ешқандай кінәсі жоқ екенін айтып келді. «Айқын», 10 қараша 2011 жыл. № 210 (1877).

**ДЕРЕКНАМА** – *источник*. Дерекнама дәйегі. «Алматы ақшамы», 25 қазан 2008 жыл. № 122 (4060).

**ДОҒАРУ** – *порковка*. Мәселен, «порковканы» қазақтың «доғару» сөзімен ауыстыруға болады ғой (Н.Уәлиұлы). «Қазақ әдебиеті», 14 мамыр 2010 жыл. №19 (3183).

**ДОҒАРЫС** – *отставка*. Егер бұл мәселе шешімін таппаған жағдайда партиялар, қоғамдық ұйымдар және зиялы қауым мен жас буын өкілдері биліктің доғарысқа кетуін талап етуге құқылы екендігін ескертеміз. «Президент және Халық», 16 қаңтар 2009 жыл. № 02(175).

**ДОҚТЫРХАНА** – *поликлиника, больница*. Мен өткенде өзіңіз денсаулығыңыз жайында анықтама алатын доктырханада медбике болып істеймін. (Қ.Жұмаділов. Тұл махаббат). «Қазақ әдебиеті», 13 мамыр 2011 жыл. №19(3235).

**ДОҢЫЗ ТҰМАУЫ** – *свиной грипп*. Доңыз тұмауының күшею қаупі бар. «Айқын», 25 шілде 2009 жыл. № 135 (1316). «Доңыз тұмауы» Білім күнін кешіктіруі мүмкін. «Айқын», 5 тамыз 2009 жыл. № 142 (1323). Биологиялық соғыс. Доңыз тұмауы туралы шындық. «Айқын», 14 наурыз 2010 жыл. № 38(1462).

**ДОСТАСТЫҚ** – *содружество*. Достастық кубогы Қазақстанда өтсе... «Алаш айнасы», 27 қаңтар 2010 жыл. № 10 (236); Қазақстандық командаларға арман болған Достастық кубогы эзирбажандықтардың қанжығасына биыл үшінші рет байланды. «Жас Алаш», 25 қаңтар 2011 жыл. № 6 (15568); Достастықтың тарихи рөлі. «Алматы ақшамы», 29 қазан 2011 жыл. № 127 (4529).

**ДУАНБАСЫ** – *мэр города*. Бірақ, Латвия билігі мәскеулік қонақтың өз елдері туралы дуанбасы болып жүргенде айтқан кейбір келеңсіз сөздерін еске алып, оны «қара тізімге» енгізіп қойыпты. «Егемен Қазақстан», 19 қаңтар 2011 жыл. № 14-17(26419).

**ДУМАНХАНА** – *ресторан*. Думанханаға бардық. Рауль кастронның тапсыруы бойынша маған жеке стол дайындапты. «Жас Қазақ», 29 қаңтар 2010 жыл. № 3 (263). Думанханаға енді барғалы отыр едім, телефон шылдыр етті. Олар мені думанханаға шақырды. «Жас қазақ», 10 желтоқсан 2010 жыл. № 49 (309).

**ДҮНИЕБӨЛІС** – *мироделение*. Бірінші дүниежүзілік соғыста империялардың дүниебөліс үшін жүргізген қанды қырғында патшалықты қорғаған Мұстафа Кемал халықты соңынан ертіп, бақайшығына дейін қаруланған жаудан туған топырақты азат етті. «Жас Қазақ», 29 қаңтар 2010 жыл. № 3 (263).

**ДҮНИЕТАНЫМ** – *мировозрение*. Шынайы білім – тұтас дүниетаным мен жүйелі көзқарас бастауы. «Астана ақшамы», 25 тамыз 2011 жыл. № 96 (4500); Кеңестік идеология абай мұрасын материалистік, атеистік дүнетаным тұрғысынан ашқаны шындыққа сәйкес келмейді. «Қазақ үні», 14 қазан 2011 жыл. № 41-42(513).

**ДҮҢГІРШЕК** – *киоск*. Заңсыз дүңгіршектер – айып тұрағында. (мақала тақырыбы). «Астана хабары», 5 сәуір 2008 жыл. № 43(2207); Баспанаға зар болған 4 балалы ананың дүңгіршекте тұрғанына 8 жыл. «Қазақстан-Zaman», 24

шілде 2008 жыл. № 30 (697). Бүгінде облыс аумағында осындай 29 ақпараттық дүңгіршек орнатылған. «Егемен Қазақстан», 4 наурыз 2009 жыл. № 87 (25484).

**ДЫБЫСЖАЗҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫ** – *звукозаписывающее устройство*. Мейрамханаға барғанда аузыңа берік бол, өйткені онда дыбысжазғыш құрылғы орнатылған болуы мүмкін. «Заң», 2 шілде 2008 жыл. № 99 (1325).

**ДЫБЫС ЗОРАЙТҚЫШ//ДЫБЫС ҰЛҒАЙТҚЫШ** – *микрофон (звукоусилитель)*. Дыбыс зорайтқыштың тарихы. Дәл осы дыбыс ұлғайтқыштар біршама уақытқа дейін қымбатқа бағаланып келді. «Алматы ақшамы», 1 қыркүйек 2011 жыл. № 102(4504).

**ДЫБЫС КҮШЕЙТКІШ** – *звукоусилитель*. 19 бағдаршамда дыбыс күшейткіш бар. «Алматы ақшамы», 1 қараша 2008 жыл. № 124 (4062).

**ДЫБЫСТАНДЫРУ** – *озвучение*. Мысалы, нақ осы үлгілер қатарында мұз айдынын жарықтандыру жүйесін, телевизиялық және күзет пен бейнебақылау құралдарын, фтомәре автоматты тетіктері мен қазылық ету жүйесін, мұз айдынындағы қиқулаған дүбірлі оқиғаларды дыбыстандыру жұмысын атап айтуға болады. «Егемен Қазақстан», 13 қазан 2010 жыл. № 422-423 (26266).

**ДІЛ** – *менталитет*. Сондықтан да «бөгетті басынан бұз демекші», Конституцияда көзделген мұраттар (идеалдар) мен асыл құндылықтар жүйесін ұлттық мінез бен діліміздің (менталитет) аясында кең насихаттап-талдау арқылы, бүгінде «бөтеннің» күйін кешіп жүрген Конституцияны өзіміздікі (қазақтікі) етіп алуға ұмтылғанымыз жөн. «Айқын», 25 қазан 2008 жыл. № 202 (1139).

**ДІНАРАЛЫҚ** – *межконфессиональный*. Рухани келісім дінаралық теңдікті көрсетеді. «Алаш айнасы», 19 қазан 2011 жыл. № 185 (637).

**ДІНБАСЫ** – *Глава ... Дінбасы* сабырға шақырды. «Егемен Қазақстан», 20 наурыз 2010 жыл. № 104-107 (25958); Дінбасылар дидарласты. «Астана ақшамы», 8 желтоқсан 2011 жыл. № 142 (2752).

**ДІНТАНУ** – *теология или религиоведение*. «Дінтану» пәні секталарға тосқауыл қоя ма? «Түркістан», 10 желтоқсан 2009 жыл. № 49(803). «Дінтанудан» кім дәріс оқиды? «Айқын», 15 желтоқсан 2009 жыл. № 234 (1415); Сондықтан, алдағы уақытта дінтану кафедраларының жұмысын кеңейтіп, осы мамандыққа оқитын студенттерге грант бөлу мәселесін оң шешуіміз қажет. «Жас Қазақ», 19 тамыз 2011 жыл. № 32 (344).

**ДІНТАНУШЫ** – *теолог(религовед)*. Халыққа ақ пен қараны ажыратып беретін дінтанушы ғалымдар керек. Биылғы жылдың 29-шы қыркүйегінде алғаш рет дінтанушы ғалымдардың форумын өткізбекпіз. «Жас Қазақ», 19 тамыз 2011 жыл. № 32 (344).

**ДІНМАНДАЙША** – *портик*. Рождество қасбетінің бірнеше дінмандайшасы (портик) бар. Біз Баселонадан ала қайтқан бейнедискіден қайталай көргенімізде Үміт, Сенім, Мейірім дінмандайшаларындағы мүсіндік композициялардың әсері ерекше екеніне тағы көзіміз жете түсті. «Егемен Қазақстан», 22 сәуір 2011 жыл. № 160-163 (26565).

## Е

**ЕГЕМЕН** – *суверенный*. «Егемен Қазақстан» газеті, егемен ел т.б.

**ЕГІНЖАЙ** – *урожай*. Егінжай ерлері. «Қазақстан Zaman», 21 қазан 2010 жыл. № 42 (813); Егінжайда өткен семинар-кеңес. «Егемен Қазақстан», 26 шілде 2011 жыл. № 317-324 (26718); Партбилет егінжайда тапсырылды. «Дала мен қала», 24 қазан 2011 жыл. № 42 (421).

**ЕЗБЕ** – *паста*. Әсіресе ауа райының құбылмалы, яғни көктем мен күз мезгілдерінде құрамында сарымсағы бар езбені (паста) ас мәзіріне енгізсеңіз, отбасыңызды тұмаудан сақтап қаласыз. «Қазақстан әйелдері», тамыз 2009 жыл, № 8. 42-бет.

**ЕЗІНДІ** – *пюре*. Екеуінен екі бөлек езінді (пюре) жасайды. «Парасат» журналы, 2009 жыл, № 11. 33-бет.

**ЕКПЕ** – *прививка*. Әжімнен арылтатын екпе ақыл-ойды бұзады. «Алаш айнасы», 20 мамыр 2010 жыл. № 81 (307); Екпе егу екпінді өтті. «Алматы ақшамы», 5 қазан 2010 жыл. № 121 (4366); Сәбилерге екпе салу керек пе? Екпелер балаға оның салмағы мен денсаулық жағдайына байланысты салынадды. «Жас Алаш», 3 ақпан 2011 жыл. № 9 (15571); Кенеге қарсы тегін екпе жасалады. «Айқын», 22 сәуір 2011 жыл. № 71 (1738).

**ЕКІЖАҚТЫ** – *двухсторонний*. Екіжақты қатынастарды тереңдетудің мүмкіндігі мол. Екіжақты ынтымақтастыққа мүдделілік танытылды. «Егемен Қазақстан», № 43-45 (25891).

**ЕЛБАСЫ** – *Президент*. Елбасының Жолдауында аталып өткен «Тілдердің үш тұғырлығы» жобасын іске асыру бойынша педагогикалық ұжымдар айтарлықтай жұмыстар атқарған көрінеді. «Астана ақшамы», 26 тамыз 2008 жыл. № 101 (2265). Елбасы Қазақстан армиясын құруға тікелей басшылық жасап, үнемі қолдау көрсетеді. «Егемен Қазақстан», 8 мамыр 2010 жыл. № 178-180 (26026); Елбасының айтқанын Үкіметбасы орындауға кірісті. «Алаш айнасы», 19 сәуір 2011 жыл. № 66 (518).

**ЕЛДІМЕКЕН** – *населенный пункт*. Тоғыз елдімекенге су тасқыны қаупі төніп тұр. «Жас Алаш», 13 сәуір 2010 жыл. № 29 (15487).

**ЕЛЖАНДЫЛЫҚ** – *патриотизм*. Жиналғандар алдында жыр дүлдiлi Жамбыл жырларының жастарды елжандылыққа тәрбиелеудегі тәрбиелік маңызын айтып, саламатты өмір салтын көпшілікке насихаттады. «Егемен Қазақстан», 27 ақпан 2008 жыл. № 78-80(25477); Елжандылыққа тәрбиелейтін ертеңгілік. «Астана ақшамы», 24 желтоқсан 2011 жыл. № 148 (2758).

**ЕЛОРДА** – *столица*. «Оскар» иелері елордаға келеді. «Егемен Қазақстан», 5 шілде 2008 жыл. № 204-205 (25176). Өнерпаздар шеберханасы – елордада. «Айқын», 12 желтоқсан 2008 жыл. № 234 (1171). Осындай отбасылар елорда өмірінде көп болмаса да бар. «Астана ақшамы», 9 мамыр 2009 жыл. № 50 (2371). Елордада Ерболаттың көрмесі есік ашты. «Алаш айнасы», 20 мамыр 2010 жыл. № 81 (307); Елорданы әкімшілік қала ретінде сақтау үшін ірі өндіріс орындарын ашуға шектеу қою керек пе? «Алаш айнасы», 6 шілде 2011 жыл. № 116 (568).

**ЕЛТАНУШЫ** – *страновед*. Жергілікті елтанушы, жертанушы мамандар не айтады? «Жас Алаш», 16 тамыз 2011 жыл. № 65 (15627).

**ЕЛТАНЫМ** – *страноведение*. Ұлтсыздандырудың қитұрқы саясаты өткеніміз бен бүгінгіміздің арасындағы сабақтастықты жойып, ұлттық рухтың тағылымды ғибраты ғасырға жуық уақыт кеңестік идеологияның құрсауында тұмшаланып келгендіктен, жаңа ғасырдың ұрпағы жаңаша елтанымға зәру. «Егемен Қазақстан», 24 ақпан 2009 жыл. № 72-73 (25470).

**ЕЛТАҢБА** – *герб*. Мектепте оқитын балаларға мемлекеттік Ту, Елтаңба, Өнұран хақында жиірек айтып, олардың рухани байлығымыз екенін құлақтарына құямыз. «ҚазақстанZaman», 4 қыркүйек 2008 жыл. № 36 (703).

**ЕМДАУА** – *поликлиника*. Олай болса, поликлиникаңыз – Емдауа емес пе. (Жұма-Назар Сомжүрек). «Ана тілі», 15-21 сәуір 2010 жыл. № 15(1008).

**ЕНГІЗІЛІМ** – *внедрение*. Одан қалса, жаңа енгізілімге түбегейлі қарсы болмаса да, оның кезең-кезеңмен сіңірілуін қолдайтын ғалымдардың дені өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмаудың қамында десек, артық айтқандық емес. Бұл – барлық жаңа енгізілімдерге тән нәрсе. «Ана тілі», 20-26 мамыр 2010 жыл. № 20 (1013).

**ЕРЕЖЕ//ҚАҒИДА** – *правила*. Солардың бірі – «правила» сөзінің «қағида», «положение» сөзінің – «ереже» аталуы. Дұрысы – «правила» «ереже» болуы керек. Ал «положениюге» «қағида» сөзі лайық. «Ана тілі», 1-7 қыркүйек 2011 жыл. № 35 (1083).

**ЕРМЕКТЕМЕ** – (*досуг*). *газеттегі оқырмандар бос уақытында шешетін сөзжұмбақ, сөзтізбек т.б.* «Алматы ақшамы», 27 қыркүйек 2011 жыл. № 100-101 (4503).

**ЕРТЕҢГІЛІК** – *утренник*. Балабақшадағы ертеңгілік – тәуелсіздікке арналды. «Алматы ақшамы», 11 желтоқсан 2010 жыл. № 149 (4394); Елжандылыққа тәрбиелейтін ертеңгілік. «Астана ақшамы», 24 желтоқсан 2011 жыл. № 148 (2758).

**ЕСЕПТОП** – *расчеты*. Жауынгерлік есептоптар зенитті-зымыранды кешеннен әуе нысаналарын атса, ӘӘК-тің ұшақтары ӘШҚҚ позицияларына әуе бомбаларын тастады. «Алаш айнасы», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 171 (623).

**ЕСЕПТІЛІК** – *отчетность*. Есептілік мерзімін ескерген мақұл. «Алматы ақшамы», 3 қыркүйек 2011 жыл. № 100 (2710); Бухгалтерлік есептілік мәселесі қаралды. Егемен Қазақстан», 14 қазан 2011 жыл. № 494-496 (26888).

**ЕСЕПШОТ** – *счет*. ҚР Экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі таратқан мәліметке сәйкес, қылмыскерлер Теңіз картасын жасау кезінде 1 млрд теңгені «Қазгеодезия» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мен оған қарасты жалған фирмалардың есепшоттарына аударып, қолма-қол ақшаға айналдыру арқылы ұрлаған. «Алаш айнасы», 18 қазан 2011 жыл. № 184 (636).

**ЕСКЕКАЯҚШЫ** – *акволангист*. Ескекаяқшылар ерледі. «Егемен Қазақстан», 25 мамыр 2011 жыл. № 217-220 (26618).

**ЕСІРТКІ** – *наркотик*. Жастар есірткіге тәуелділік тестінен өтуде. «Айқын»,



12 қараша 2008 жыл. № 171 (1108); Алматы наркологтарының байқауынша, біздегі нарконарықтағы есірткі айналымының 80 пайызын героин құрайды. «Айқын», 12 наурыз 2011 жыл. № 45 (1712); Бас прокуратураның мәліметіне қарағанда, есірткі 31 наурызда жойылуы тиіс болған. «Айқын», 19 сәуір 2011 жыл. № 68 (1735).

## Ж

**ЖАБЫНДЫ** – покрытие. Жұмыстардың сапасын тексеру мақсатында жол жабындыларын төсеуде анықталған олқылықтарды жою мақсатында мердігер компанияларға ескертулер жасап, жіберілген кемшіліктерді қайтадан жою ескертілген. «Айқын», 2 қараша 2010 жыл. № 203 (1627).

**ЖАҒЫНДЫ** – мазок. Онкогинекологтың нұсқауымен науқасқа кольпоскопия жасалады (арнайы аппарат), онкоцитологиялық жағынды (мазок) алу мен қатар ісіктен биопсия, УЗИ жасалады. «Айқын», 21 сәуір 2011 жыл. № 70 (1737).

**ЖАДНАМА** – памятка. Энергияны үнемдеу бойынша жаднама. «Астана ақшамы», 31 қаңтар 2009 жыл. № 11(2332).

**ЖАЗАКЕШІМ** – помилование. «Депутаттар бұл мәселені шешеді және жазакешім жөнінде заң қабылдайды. «Жас Алаш», 28 қазан 2010 жыл. № 86 (15544); Жазакешім жасала ма? «Жас Алаш», 4 наурыз 2011 жыл. № 17-18 (15579-80).

**ЖАЗАРМАН** – пис. Алайда жазарман ағайынның бұл «үміті» ақталмады. «Алаш айнасы», 10 қараша 2011 жыл. № 200(652).

**ЖАЗБА ДАУЫС//ӨЗ ДАУЫСЫ** – живой голос. Олай болса, қазақтың «өз дауысы», «жазба дауыс» деген тамаша да тартымды сөз тіркемдері тұрғанда, одан неге бас тартып, жасанды сөздерге жармаса береміз? (Ұсынушы автор – Абдрахман Асылбек). «Айқын», 11 қаңтар 2011 жыл. №3 (1670).

**ЖАЗБАХАТ** – записка. Мемлекеттік органдардың құжаттарында қолданылып жүр.

**ЖАЗЫЛЫМ** – подпись. Жазылым – 2009. «Егемен Қазақстан», 4 қараша 2008 жыл № 334-335(25305).

**ЖАҚҚЫ** – мазь. Омыртқа қасап, буын сықырласа, осы жаққыны пайдаланған жөн. «Парасат», 2010 жыл. № 2. 36-б.

**ЖАҚПА МАЙ** – крем. Жақпа майдың құрамдас бөліктер буындардың ауруы мен қабынуын тез және жұмсақ басады. «Артроцин» кремінің тұтынушыға арналған ақпаратынан.

**ЖАҚ САҚАЛДЫ** – бакенбард. “Бакенбард” – жақ сақалды деп аударылады. Ауыз екі тілде қолданып жүрміз. Ал шындығында бұл неміс тілінен енген қос сөз. (Der Baker – жақ, der Vfird - сақал). Негізінде осы бір кірме сөзді аластататын уақыт жеткен сияқты. (“Айқын” 13 қаңтар 2005. Шәкен КҮМІСБАЙҰЛЫ).

**ЖАҒАРМАЙ** – смазочные материалы. Ал Еуропадан құтылап болса да жүздеген мың тонна жағармай тасып жүрміз. «Айқын», 18 наурыз 2010 жыл. № 47 (1471).

**ЖАҒДАЯТ** – *ситуация*. Бұл елдерде мекемелерге қыздар мен әйелдердің орамал тартып кіруіне тыйым салу, бірыңғай мұсылмандарды жамандау, мешіттерге әртүрлі сылтаумен қысым жасау сияқты жағдаяттар олардың осындай қорқыныштарының дәлелі сияқты. «Түркістан», 15 қыркүйек 2011 жыл. № 37(895).

**ЖАҚЫН ШЫРАҚ** – *фар ближний*. Құрбандарды жақын шырақты жағып еске аламыз. «Алаш айнасы», 15 қараша 2011 жыл. № 202 (654).

**ЖАЛПЫҚАЛАЛЫҚ** – *общегородской*. Жалпықалалық сенбілік өтеді. «Алматы ақшамы», 3 қыркүйек 2011 жыл. № 103 (4505).

**ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ** – *общенациональный*. Жалпыұлттық ереуіл басталды. «Егемен Қазақстан», 7 қыркүйек 2011 жыл. № 418-419 (26813).

**ЖАМБАСАҚЫ** – *оплата за проживание*. Оның үстіне мұндай қонақүйлерде жамабасақы (номердің ақысы) тәулігіне орта есеппен 300 долларға жетіп қалады. «Жас Қазак», 8 қазан 2010 жыл. № 39 (299). Әлем чемпионатының «іссапарлық» жамбасақысы. «Алаш айнасы», 11 қаңтар 2011 жыл. № 1 (453); Жолдама құнына жамбасақы, үш мезгіл ауқаттану, ем-дом шаралары кіреді. «Астана» журналы. 2011, № 1. 12-б.

**ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ** – *горючо-смазочные материалы*. Жан-жағармай құю бекеттері тексеріледі. «Айқын», 4 қараша 2009 жыл. № 206 (1387).

**ЖАНАРМАЙ** – *горючие материалы*. Қазіргі таңда Қазақстанның үш зауыты ішкі сұранысты жанармаймен толық қамтамасыз ете алмайды. «Айқын», 18 наурыз 2010 жыл. № 47 (1471).

**ЖАНАРМАЙ БЕКЕТТЕРІ** – *авто-заправочные станции (АЗС)*. Нәтижесінде «ҚазМұнайГаз өнімдері» акционерлік қоғамының автокөліктерге қызмет көрсететін жанармай бекеттері желілеріндегі бірқатар кемшіліктер анықталды.

**ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ БЕКЕТТЕРІ** – *горючо-смазочные станции*. Жан-жағармай бекеттері тексеріледі. «Айқын», 4 қараша 2009 жыл. № 206 (1387).

**ЖАНАРТАУ** – *вулкан*. Жанартау (вулкан) дәл түбінде тұрғандарға сұрапыл алапат болып көрінгенімен, алыстан бақылағандарға отшашу (фейерверк) сияқты әсер етеді. «Егемен Қазақстан», 30 шілде 2008 жыл. № 228-231 (25202).

**ЖАНДАУА** – *больница*. Олай болса, больницаңыз – жандауа. (Жұма-Назар Сомжүрек). «Ана тілі», 15-21 сәуір 2010 жыл. № 15(1008).

**ЖАНДЫ ДАУЫС** – *живой голос*. Ендігі есеп беру концертінді жанды дауыста өткізейін деп, арнайы командамен дайындалып жатқан жайым бар. «Айқын», 12 ақпан 2009 жыл. № 23(1204); Онда «Роза Рымбаева жанды дауыста, жаңа әндерімен мерекелік ән кешіне шақырады» деп жазылған. «Жас Алаш», 26 сәуір 2012 жыл. № 33 (15699).

**ЖАНКЕШТІ** – *камикадзе*. Жанкештілер (айдар). «Қазақстан-Zaman», 4 қыркүйек 2008 жыл. № 36 (703). 2000 жылдың бас кезінде «жанкешті» сөзі жиі қолданылды. Жанкешті маңындағы жолаушылар көзді ашып-жұмғанша мерт болған. «Жас Алаш», 1 сәуір 2010 жыл. № 26 (15484). Жанкештілер Маңғыстауда жүр ме? «Айқын», 3 сәуір 2010 жыл. № 56 (1480); Жанкешті. «Егемен Қазақстан», 18 қазан 2011 жыл. № 501-502 (26894).

**ЖАНПИДАШЫЛ** – *камикадзе*. Ресейдің Федеральдық қауіпсіздік қызметі төтенше штабтың хабарлауынша, жанпидашыл-әйелдер жасаған 2 жарылыстан 37 адам қаза тапты, 65 адам жараланды. «Жас Алаш», 30 наурыз 2010 жыл. № 25 (15483).

**ЖАНСАҚТАУ//ЖАН САҚТАУ** – *реанимация*. Оның біреуі таңертең аурухананың жан сақтау бөлімінде қайтыс болды. «Айқын», 22 шілде 2008 жыл. № 134 (1071). Олар жан сақтау бөлімінде жатыр. «Жас Алаш», 26 наурыз 2009 жыл. № 25 (15379); Дәрігерлердің айтуынша, бес адам ауыр халде жансақтау бөлімінде жатыр. Балалар аудандық аурухананың жансақтау бөлімінде қайтыс болды. «Жас Алаш», 1 сәуір 2010 жыл. № 26 (15484); Біз оны ауруханаға апарғанмен, ол жансақтау бөлімінде қайтыс болды, - дейді марқұмның үлкен қызы Майра Кенжебаева. «Жас Алаш», 29 желтоқсан 2011 жыл. № 104 (15666).

**ЖАН САҚТАУ //ЖАНСАҚТУ бөлімі** – *реанимационное отделение*. Кәукен аға жан сақтау бөлімінде жатқанда ізін басқан інілері барыпты// «Астана хабары», 18 наурыз 2008 жыл. № 36 (2200). Министр Ж.Досқалиев жан сақтау бөлімінде жатыр. «ҚазақстанЗАМАН», 30 қыркүйек 2010 жыл. № 39 (810); Бірақ араға бір күн салып, ол жансақтау бөлімінде қайтыс болды. «Алаш айнасы», 27 шілде 2011 жыл. № 130 (582);

**ЖАНҰЯ** – *семья*. Байқау қорытындысында Мендіғалиевтер жанұясы жеңімпаз деп танылып, облыстық сайысқа жолдама алды. «Жайық үні», 27 қараша 2008 жыл. № 48(933); «Жағдайың қалай, жанұя?». «Айқын», 23 мамыр 2009 жыл. № 91(1272). Жүзіктің көзінен өткен жүздеген қыздар – бүгінде бір-бір жанұяның жанашыры, өмірде өз биігіне қол жеткізген жандар. «Ана тілі», 11-17 қараша 2010 жыл. № 45 (1038).

**ЖАҢАРЫМ** – *инновация*. Біздің елде ғана емес АҚШ, Греция, Чехия, швейцария, Швеция т.б. мемлекеттерде жарық көрген 400 ден астам ғылыми еңбектер мен жаңарымдық (инновациялық) жобалардың және монографиялардың авторы (С.Медеубекұлы). «Айқын», 2 сәуір 2011 жыл. № 57 (1724).

**ЖАПСЫРМА//ЖАПСЫРМА ҚАҒАЗ** – *наклейка(этикетка)*. Сонымен қатар сырты оралған жапсырманың түпнұсқамен сәйкес келмейтіні белгілі болған. «Егемен Қазақстан», 10 маусым 2011 жыл. № 245-246 (26644); Кейінгі кезде Ресейден шығатын түрлі тауарлардың жапсырма қағаздарынан Кеңестер одағының төлтаңбасы мен туын, сондай-ақ басқа да рәміздерін жиі байқайтын болдық. «Жас Алаш», 13 қазан 2011 жыл. № 82 (15644).

**ЖАРИЯЛАНЫМ** – *публикация*. Жарияланымда айтылғандай, «билікке өткен жылдың желтоқсанында келген Австрияның жаңа үкіметі Әлиевтен құтылғысы келгенімен, Nabucco OMV газ құбыры сияқты Қазақстанмен арадағы өте маңызды экономикалық байланыстарды Әлиевтің күмәнді тұлғасы үшін құрбан қылғысы келмейді». «Жас Алаш», 29 қаңтар 2009 жыл. № 9 (15363).

**ЖАРИЯСӨЗ** – *пресс-релиз*. Тіпті, жариясөз (пресс-релиз) үстіртін, қатемен аударыла салады болмаса көптеген мекемелерде бұқараға арналған құжаттар орыс тілінде ғана таратылып, қазақтілді баспасөз талабы орындалмайды (Ресми хаттан. С.Ғаббасов).

**ЖАРНАМА** – *реклама*. Жарнама мәтінінің мазмұнына тапсырыс беруші жауапты. «Астана ақшамы», 12 тамыз 2008 жыл. № 95 (2259). Жарнамадан жаңалық сезілмейді. «Алматы ақшамы», 14 мамыр 2009 жыл. № 56 (4147).

**ЖАРНАМА ТАҚТАЙШАСЫ** – *билборд*. Алматыда 2 мыңна аса жарнама тақтайшалары бар. «Алматы ақшамы», 24 қыркүйек 2011 жыл. № 112 (4514).

**ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ** – *полугодие*. Алғашқы жартыжылдықта он жоба жүзеге асырылады. «Егемен Қазақстан», 30 сәуір 2010 жыл.

**ЖАРЫҚТАНДЫРУ** – *вспышка*. Айтайын дегенім, сол қолданыстағы фотожабдықтардың жартысы – жарықтандырумен (вспышка), жартысы – жарықтандырусыз суретке түсіреді. «Алматы ақшамы», 1 қараша 2008 жыл. № 124 (4062).

**ЖАРЫҚТАНДЫРУ** – *освещение*. Жақын ауылдар жарықтандырылады. «Алаш айнасы», 8 шілде 2011 жыл. № 117 (569).

**ЖАРЫҚТАНДЫРУ** – *освещение*. Мысалы, нақ осы үлгілер қатарында мұз айдынын жарықтандыру жүйесін, телевизиялық және күзет пен бейнебақылау құралдарын, фтомәре автоматты тетіктері мен қазылық ету жүйесін, мұз айдынындағы қиқулаған дүбірлі оқиғаларды дыбыстандыру жұмысын атап айтуға болады. «Егемен Қазақстан», 13 қазан 2010 жыл. № 422-423 (26266); 4000 шаршы метрге аяқжол төселіп, 455 дана жарықтандыру шамдары мен демалушыларға арналған 100 дан орындық орнатылды. «Қазақ әдебиеті», 23-29 қыркүйек 2011 жыл. № 38 (3254).

**ЖАСУША** – *клетка*. Ми жасушалары 20 жастан бастап өле бастайды. «жас Алаш», 4 желтоқсан 2008 жыл. № 97(15347). Жасушаның көлемі өте шағын. «Президент және Халық», 16 қаңтар 2009 жыл. № 02 (175); Донорлықты жүргізудің және жыныстық жасушаларды сақтаудың тәртібі мен шарттарын уәкілетті орган бекітеді. «Ана тілі», 20 – 26 қаңтар 2011 жыл. № 3 (1048); Аналық жасуша сақтауға алынды. Егемен Қазақстан», 10 тамыз 2011 жыл. № 358-359 (26753).

**ЖАСЫЛША** – *петрушка*. Аскөгіңіз бен жасылшаның және шалғамыңыз молынан пайдаланыла бастапты. «Егемен Қазақстан», 13 мамыр 2009 жыл. № 168-169(25566).

**ЖАТЖЕРЛІКТЕР** – *чужеземцы*. Күні бүгінге шейін біз (француздар) жатжерліктердің қамын ойлап, жатжерліктердің мәдениетіне дағдай жасап келдік. «Түркістан», 15 қыркүйек 2011 жыл. № 37(895).

**ЖАТЖҰРТТЫҚТАР//ЖАТҒАЛАМШАРЛЫҚТАР//ЖАТПЛАНЕТАЛЫҚТАР** – *инопланетяңцы*. «Тамғалы тастағы» бейнелер жатжұрттықтардың суреті ме? «Айқын», 23 сәуір 2011 жыл. № 72 (1739); Ай – жатғаламшарлық тұрғындардың мекені ме? «Айқын», 12 мамыр 2011 жыл. № 83 (1750); Жағымсыз жатпланеталықтар. «Халық сөзі», 16 наурыз 2012 жыл. № 21(165).

**ЖАҒАНДАНУ** – *глобализация*. Жаппай жағандану, интеграциялану жағдайында мәдениеттердің алдымен өзін-өзі жоғалтып алмай, сонымен қатар, бір мезгілде бірін-бірі ұғуға тырысуы, төзімділік танытуы аса маңызды дүниелер болып табылады. «Егемен Қазақстан», 13 тамыз 2008 жыл. № 251

(25221); Жаһандану дәуірі «жанақазак» бейнесінің қалыптасуын талап етті екен деп, діл, дін, ұлттық салт-дәстүр деген ұлылығы мол қасиеттерді жоғалтпаған абазал. «Қазақ әдебиеті», 8-14 қазан 2010 жыл. № 39 (3203).

**ЖӘДІГЕР** – *экспонат*. Жәдігерлерді қолмен ұстап көруге болады. Сол жәдігерлердің ішінде Д.Қонаевтың 80-нен астам қару-жарақтары, оттықтары(зажигалкалары), жеке заттары оның ішінде костюмдері, пайдаланғн үтігі, домбырасы, өзге де көптеген заттары мен жазбалары, сонымен қатар жазған кітаптары бар. «Алматы ақшамы», 22 мамыр 2010 жыл. № 62 (4307); Бір өзі елуден аса құнды жәдігерлерді қолды еткен күдіктіден қазіргі күні жәдігерлердің біразы тәркіленіп алынды. «Айқын», 24 мамыр 2011 жыл. № 91 (1758).

**ЖӘРДЕМАҚЫ** – *пособия*. «Бұрын жәрдемақы алмаған екен» деп Сізге ешкім де көмектесе алмайды. «Дала мен қала», 7 тамыз 2008 жыл. № 32 (259). Мүгедектердің бәріне бірдей жәрдемақы төленуі тиіс. «Заң», 12 қараша 2008 жыл. № 172 (1398). Сайрам ауданының өзінде 100-ге тарат мектеп басшылары еңбек демалысына заңсыз жәрдемақы қосып алғандығы анықталған. «Егемен Қазақстан», 18 қараша 2008 жыл. № 348-349(25319).

**ЖЕГІМ** – *напряж*???. Өстіп жүріп Ақ Өзенге жеткенжде жегімдегі үш топтың екеуі ғана қалған, ал жүріп өткен жолымыз – небәрі екі-ақ жүз миль! (189-б.); Оны біз бәрібір бұдан соң Пассук барлық жегімді өз қолына алған да, Джефф мүлде бос қалған еді(191-б). Джек Лондон. Әйел қырық жанды// Тектік сарын. (Аударған – Д.Әшімханұлы). – Астана, 2011. – 248.

**ЖЕДЕЛСАТЫ** – *лифт*. Жеделсатының тарифі қымбаттай ма? «Алаш айнасы», 17 қараша 2009 жыл. № 204 (204). Дегенмен, көпқабатты (5 қабаттан жоғары болатын) тұрғын үйлерде жеделсатылар (лифт) жұмыс істейді. «Алматы ақшамы», 6 ақпан 2010 жыл. № 15 (4260); Жеделсаты кабинасында сегіз адам болыпты. «Алаш айнасы», 22 шілде 2011 жыл. № 127 (579); Жарамсыз жеделсатылар қашан жөнделеді? «Айқын», 10 тамыз 2011 жыл. № 146(1813); Алматыда сегіз көпқабатты ғимараттың жеделсатысы жаңартылды. «Алаш айнасы», 17 қараша 2011 жыл. № 204(656).

**ЖЕДЕЛХАТ** – *телеграмма*. Шілденің 19-ы күні Қазақстан Республикасының вице-премьері Өмірзақ Шөкеев өзінің әріптесі, Өзбекстан үкіметі басшысының орынбасары РУСТАМ Азимовке үкіметтік жеделхат жолдады. «Экономика», тамыздың 8-і, 2008 жыл. № 31 (47). Мұражайда ғалымның жары жары Бәдрисафаның Дала губернаторына жолдаған жеделхаты сақтаулы. «Жас Алаш», 23 сәуір 2009 жыл. № 33(15387).

**ЖЕЗӨКШЕ** – *проститутка*. Жезөкшелер мен жеңгетайлар жазаланды. «Ел», 29 сәуір 2008 жыл. 17 (145). «Кеше Алматы полицейлері қонақүйде жезөкше қыздарды саудаға салып жүрген тағы бір «жеңгетайды» ақша алып тұрған жерінде ұстады» деп хабарлады Ішкі істер департаменті баспасөз қызметінің бастығы Салтанат Әзірбек. «Айқын», 30 қазан 2010 жыл. № 202 (1626); Жезөкшелердің құны қанша? «Ана тілі», 9-15 маусым 2011 жыл. №23 (1071).

**ЖЕЗӨКШЕЛІК** – *проституция*. Жезөкшелік... қоғамның бұл да кеселі. «Ана тілі», 9-15 маусым 2011 жыл. №23 (1071); Полиция қыздарды саусағына матап, жезөкшелікке жеккен азаматты анықтауға кірісті. «Жас қазақ», 12 тамыз 2011 жыл. № 31(343); Жезөкшелік... қоғамның бұл да кеселі. «Ана тілі», 9-15 маусым 2011 жыл. №23 (1071); Мұнда ашық түрде жезөкшелік насихатталады. «Айқын», 28 қыркүйек 2011 жыл. № 179 (1846).

**ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ** – *приватизация*. Еділбай Иманқұлов қазіргі таңда Ұлттық әл-ауқат қорының құрамында 400 компанияның бар екендігін, олардың жарғылық қоры 20 миллиард долларға жетіп қалғандығын, енді жекешелендіру мүмкіндігі бар-жоқтығын сұрады. «Егемен Қазақстан», 4 ақпан 2009 жыл. № 45-48 (25445). Бұрын жекешелендіру үшін пәтердің жалпы құнының 10 пайызын ғана төлеу керек болатын. «Айқын», 4 наурыз 2009 жыл. № 37 (1218).

**ЖЕКЕ ІС ПАРАҒЫ** – *личный листок*. Бұдан кейін кандидаттың жеке іс парағы академияның қабылдау комиссиясына жіберілді. «Астана ақшамы», 15 ақпан 2011 жыл. № 19(2629).

**ЖЕЛАЯҚ** – *бегун*. Ямайка желаяқтары 100 мың доллар ала ма? «Алматы ақшамы», 3 қыркүйек 2011 жыл. № 103 (4505).

**ЖЕЛТОҚСАНШЫ** – *декабрист*. Желтоқсаншылар тегін жүреді. «Жас қазақ үні», 10-25 қазан 2011 жыл. № 43(514); Желтоқсаншыларға медициналық қамқорлық. Желтоқсаншыларды емдеген абзал жан. «Түркістан», 22 желтоқсан 2011 жыл. № 51 (909).

**ЖЕЛШЕШЕК** – *ветрянка*. Желшешекке қарсы егу жұмысы қай кезде жүргізіледі. «Алаш айнасы», 24 желтоқсан 2011 жыл. № 228(680).

**ЖЕМҚОРЛЫҚ** – *коррупция*. Жемқорлықпен күрес – әділдіктің арқауы. «Астана хабары», 15 шілде 2008 жыл. № 83 (2247); Жемқорлықтың жолы кесілуі тиіс. «Айқын», 25 тамыз 2011 жыл. № 157(1824); Жемқорлықпен емес, оның пайда болу жолдарымен күресудеміз. «Алматы ақшамы», 25 тамыз 2011 жыл. № 95(14497).

**ЖЕҢГЕТАЙ** – *сутинер*. Жезөкшелер мен жеңгетайлар жазаланды. «Ел», 29 сәуір 2008 жыл. № 17 (145). Елорда вокзалында «жеңгетай жігіт» ұсталды. «Заң», 30 шілде 2008 жыл. № 114 (1340). Жеңгетайлардың дәурені жүріп тұр. «Нұр астана», 7 мамыр 2009 жыл. № 18 (283). Монша жұмыскері әрі «жеңгетай» 26 жасар жамбылдық әйел бұрын көкөніс дүкенінің сатушысы болыпты. «Алматы ақшамы», 29 с 2010 жыл. № 51 (4296); Ал оқиға орнында қолға түспеген жеңгетайларға іздеу салынады. «Жас қазақ», 12 тамыз 2011 жыл. № 31(343).

**ЖЕРАСТЫ ЖОЛЫ** – *подземный переход*. «Максиманың» алдына жерасты жолы қажет. «Алматы ақшамы», 22 қазан 2009 жыл. № 123 (4214). Сөйтіп бірінші қабатында ломбард орналасқан тұрғын үйдің жабық жертөлесіне жерасты жолымен жетеді. «Айқын», 28 қыркүйек 2010 жыл. № 178 (1602); саябақ жағында жерасты жолы бар. «Алаш айнасы», 9 желтоқсан 2011 жыл. № 219 (671).

**ЖЕРАСТЫ ӨТКЕЛІ** – *подземный переход*. Республика алаңында жерасты өткелі салына бастады. «Алматы ақшамы», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 114(4516).

**ЖЕРМОЙНАҚ** – ..... Ежелгі бабаларымыз Солтүстік Америкаға су арқылы емес, жермойнақ арқылы өткен. Кезінде Азия мен Солтүстік Американың арасында ені 50 милдік жермойнақ болған. Олар сол жермойнақ арқылы көшкен (Ө.Ахметов). «Алаш айнасы», 14 шілде 2011 жыл. № 121(573).

**ЖЕРТӨЛЕ** – *подвал*. «Кейбір жанұялар тұратын жерлері болмағандықтан саяжайлар мен жертөлелерді паналап жүр», – деді. «Жас Қазақ», 29 қаңтар 2010 жыл. № 3 (263); Сөйтіп бірінші қабатында ломбард орналасқан тұрғын үйдің жабық жертөлесіне жерасты жолымен жетеді. «Айқын», 28 қыркүйек 2010 жыл. № 178 (1602); Қазір аудандық аурухананың жертөлесін нег су басты деген заңды сауал туындауда. «Айқын», 15 сәуір 2011 жыл. № 66 (1733); Көкімовтің жертөлесі. «Алматы ақшамы», 26 шілде 2011 жыл. № 86 (4488).

**ЖЕТКІЗГІШ** – *носитель*. Қазақстан Республикасы азаматтарының электрондық ақпарат жеткізгіштері бар жеке куәлігінің үлгісі (сипаттамасы). «Егемен Қазақстан», 29 тамыз 2009 жыл. № 284-285 (25682).

**ЖЕТКІЗІЛІМ** – *доставка*. Болашақта мұнайдың транскаспийлік жеткізілімі көлемін ұлғайту қазақстандық мұнайды Еуропаға жеткізу көлемін кеңейтуге мүмкіндік береді. «Нұр Астана» 27 қараша 2008 жыл. № 48(261).

**ЖЕТІМХАНА** – *приют (дом) для сирот*. Кеше теледидардан жетімхана дан бала асырып алған Дүйсен Саркисян деген қазақстандықты көрсетті. «Астана ақшамы», 5 мамыр 2009 жыл. № 48 (2369); Жетімханаларымыздың жағдайы мәз болмаса, оған жағдай жасайық, мемлекетіміздің байлығы оған жетеді. «Алматы ақшамы», 13 мамыр 2010 жыл. № 58 (4303); Өйткені ешқандай алимент, жетімхана атаулы болмаған заманда жасөспірімдерді жеткізу, оларды тәрбиелеу және әйел баласының ала жіптен аттап кетпеуі жан-жақты ойластырылған. «Жас Алаш», 20 қаңтар 2011 жыл. № 4-5 (15566-67).

**ЖИЕК** – *бордюр*. Жолдар мен жиектер жөнделді. «Ел», 24 маусым 2008 жыл. № 25(153).

**ЖИНАМ** – *сбор*. Біз өз тарапымыздан, өзінің немесе өз отбасы мүшелерінің бірінің атына тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы келісімге комиссиялық жинамды төлемей-ақ (31.12.2008 - қоса есептегенде) отыра алатын мүмкіндікке ие болған жеңімпаздарды құттықтаймыз. «Егемен Қазақстан», 31 қазан 2008 жыл. № 330-331(25302).

**ЖИНАМАҚ** – *накопитель*. Ал түнде тар-тар «жинамаққа» әкеп тықты. «Жас қазақ», 11 қараша 2011 жыл. № 44(356).

**ЖИЫНАШАР СӨЗ** – *приветственное слово*. – Бүгін Қазақстанның рухани және мәдени өміріндегі айтулы күн деуге болады, – деп бастады жиынашар сөзді Мұхтар Абрарұлы. «Айқын», 26 мамыр 2009 жыл. № 92(1273).

**ЖОЛАҚЫ** – *плата за проезд*. Көлігіне мінген толық кісілерден жолақына көбірек сұрайтын жүргізушілер де көбейді. «Айқын», 7 қараша 2008 жыл. № 210(1147). Жанармай арзандаса да, жолақы өзгермей тұр. «Астана ақшамы», 7 ақпан 2009 жыл. № 14 (2335); Оның үстіне жүргізушілердің дені – бұрынғы



жолақыны өз қалтасына басып үйренген адамдар. «Алматы ақшамы», 16 шілде 2011 жыл. № 82 (4484); Жолақы тағы қымбаттай ма? «Айқын», 10 қыркүйек 2011 жыл. № 167 (1834).

**ЖОЛАЙРЫҚ** – *развязка*. Жаңа жолайрық. «Астана хабары», 1 шілде 2008 жыл. № 78 (2242); Биыл екі жолайрықтың құрылысы басталады. «Алматы ақшамы», 21 шілде 2011 жыл. № 84(4486).

**ЖОЛДАУ** – *обращение*. Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауында белгіленген стратегиялық міндеттер мен жалпыұлттық бағдарламаларды құқықтық қамтамасыз етуге арналғанын атап өте келіп, М.Нұртілеуов журналистерді заң шығару ісінің негізгі бағыттары туралы хабардар етті. «Егемен Қазақстан», 27 желтоқсан 2008 жыл. № 420-421 (25390).

**ЖОЛДОРБА** – *рюкзак*. Екі жыл бойы екі рет оқталып, үйінен жолдорбасын арқалап шығып тұрып сәті түспей қалған сапары ғой. Жас қазақ», 9 қыркүйек 2011 жыл. № 35 (347).

**ЖОЛЖАЗБА** – *путевые записки*. Жолжазба. «Ана тілі», ақпанның 12-сі, 2009 жыл. № 6(947); сол жолғы жолжазбада Ұлықбек ақынды ауызға алаған екенбіз. «Алматы ақшамы», 26 ақпан 2011 жыл. № 22 (4424); көкшіл тысты мына жұқа кітаптағы жолжазба жолдарына қарағанда, жолаушының танымға бастар саяхат-сапары оншалық оңай болмағанға ұқсайды. «Қазақ әдебиеті», 22-28 сәуір 2011 жыл. № 16 (3232).

**ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫ** – *дорожно-транспортное происшествие*. Жол-көлік оқиғасының ауыр салдарын төмендетудің ең маңызды шараларының бірі қауіпсіздік белдіктерін қолдану болып табылады. «Егемен Қазақстан», 14 қараша 2008 жыл. № 345-346 (25316).

**ЖОЛҚАПШЫҚ** – *рюкзак*. «Кейін жолқапшығын арқалап, Шоқан ғұмыр кешкен, ұлы ғалымның ізі қалған мекендерді бетке алып, саяхатқа шықты. Егемен Қазақстан», 16 сәуір 2009 жыл. № 15 (956).

**ЖОЛСАПАР** – *(командировка, поездка)*. Ұсақ шенеуніктерінің құлдық әрекеттері арқылы бұл қайраткерлердің әрбір қадамын аңду, жолсапарларына тосқауыл қою, барған жерлерінде таспен атқылау, сайлаушыларын қорқытып-үркітіп, олардың дауыстарын көпе-көрінеу барымталау секілді мысал аз болмады. «Жас Алаш», 15 мамыр 2009 жыл. № 39 (15393); Осы жолсапар жайлы үлкен мақала жазды. «Айқын», 16 наурыз 2012 жыл. № 50 (1961).

**ЖОЛСЕРІК** – *проводник*. Пойыздың купесінде Игорек есімді жолсерігімен танысады. «Айқын», 23 қаңтар 2010 жыл. № 10 (1434). Ол аздай, сапасыз, арзан киімдерді жолаушыларға ұсынып, көптің мазасын алатын саудагерлердің вагонда жүруіне жолсеріктер рұқсат етіп қояды. «Айқын», 16 сәуір 2010 жыл. № 65 (1489); Жолсеріктердің жасаған азаматтығы. «Жас Алаш», 4 тамыз 2011 жыл. № 62 (15624).

**ЖОЛСІЛТЕУШІ** – *указатель дорог, маршрутизатор*. Электронды жолсілтеуші студенттер үшін таптырмас көмекші. «Егемен Қазақстан», 31 желтоқсан 2008 жыл. № 426-428(25397).

**ЖОЛШЫ** – *дорожник*. Біздің тағдырымыз жолшылардың қолында.



«Айқын», 25 қазан 2008 жыл. № 202 (1139). –

**ЖОЛШЫБАЙ** – *попутчик*. Алғаш КСРО құрылған жылдары әдебиетте «жолшыбайлар» (попутчики) деген ұғым пайда болғанын білеміз. «Айқын», 16 сәуір 2011 жыл. № 67 (1734).

**ЖӨНЕЛТІМ** – *отправка*. Арнайы қосымшасының «Почта жөнелтімдері» деген 2-тарауын қабылдамайды» деген ескертпелерімен, ратификациялансын. «Егемен Қазақстан», 27 ақпан 2009 жыл. № 78-80(25477).

**ЖӨНЕЛТІЛІМ** – *посылка*. Темекі қоспасы салынған пакет Алматыда пошталық жөнелтілім (посылка) түрінде қабылдап тұрған азаматтан алынды. «Алматы ақшамы», 8 маусым 2010 жыл. № 8 (4315).

**ЖӨРГЕКПҮЛ** – *пособие для новорожденного*. К.Ахметова. «Қазақтың жанашыры – қазақ қана». Мақала тақырыбы. Түркістан», 6 наурыз 2008 жыл.

**ЖҮГІНУ ХАТЫ** – *письмо обращение*. Ресми құжаттарда қолданылып жүр.

**ЖҮЗІМДІК** – *виноградник*. **Жүзімдіктердегі жүйелі жұмыс**. Кластерлік жүйемен жұмысын бастаған кәсіпорындар соңғы жылдары жүзімдіктерді қалпына келтіре бастады. «Егемен Қазақстан», 21 қазан 2011 жыл. № 505-507 (26899).

**ЖҮЙЕКҰРАУШЫ** – *системаобразующий*. Бұдан бөлек, шағын және орта кәсіпкерлік еліміздегі **жүйекұраушы** кәсіпорындармен тығыз байланыста болғандықтан, бұл бағытта нысаналы мемлекеттік саясат болуы тиіс деп ойлаймын. «Айқын», 12 қазан 2011 жыл. № 189 (1856).

**ЖҮКҚҰЖАТ** – *накладная*. Құжаттарда қолданылып жүр.

**ЖҮКМӘШИНЕ** – *грузовик*. Олай болса, әуежол (әуе жолы емес), теңізжол (теңіз жолы емес), су жолы емес), газқұбыр (газ құбыры емес), жүкмәшине (жүк мәшинесі емес), ғарышайлақ (ғарыш айлағы емес) деп ықшамдап, біріктіріп жазуға да болар еді. (Н.Уәлиұлы). «Туған тіл» альманағы. 2009 жыл. № 2 (10). 14-бет.

**ЖҮКСАЛҒЫШ** – *багажник*. Әке-көкелеп жүріп жүксалғышына салуға әрең көкднрдік – дейді ол сол қырғын болған түнді еске алып. «Жас Алаш», 15 сәуір 2010 жыл. № 30 (15488).

**ЖҮКТЕМЕ** – *нагрузка*. Жоғары сыныптардың апталық жүктемесі 41-46 сағат. «Жас Алаш», 29 қаңтар 2009 жыл. № 9 (15363).

**ЖҮРГІНШІ** – *пещеход*. Сүйінбай даңғылындағы жүргіншіге қазақ газеттерін насихаттайтын «Саяхаттың» артындағы дүңгіршектің он жылдан бергі сатушысы Гүлжан Бидәулетова апайымыз ғана. «Ана тілі», 2008 жылғы қарашаның 13-і. № 46 (935); Жол үстінде жаяу жүргіншілер көпірі салынып, 9000 шаршы метр плиткалармен көмкерілді. «Қазақ әдебиеті», 23-29 қыркүйек 2011 жыл. № 38 (3254).

**ЖҮДЫРЫҚТАСУ** – *жудырыктасу*. **Жұдырықтасу** – қазақты әлемге танытатын үлкен өнер. «Мырза», қаңтар 2010 жыл. № 01(29).

**ЖҮҚАЛТЫР** – *пленка (целлофан)*. Жан-жағына іргетас жасап, қам кірпіштен белгілі биіктікке дейін дуал соғып, төбесін **жұқалтыр**мен жабады. «Егемен Қазақстан», 13 мамыр 2009 жыл. № 168-169(25566).

**ЖҰҚАЛТЫР** – *пленка*. Мәселен, тілімізде әлі күнге дейін *анатомия, косметика, кредит, маятник, пленка, рецепт, функция, факт* деп айтылып, жазылып жүрген сөздерді қазақша *тәнтану, риан, несие, бигеш, жұқалтыр, дәрел, мәнбі, берне* деп алуға болатындығына көзіміз жетеді. «Ана тілі», 11-18 ақпан 2010 жыл. № 10 (1003).

**ЖҰҚПА** – *инфекция*. Павлодар түрмелерінде ВИЧ жұқпасы өршіп тұр. «Қазақстан-Заман», 10 желтоқсан 2009 жыл. № 49(769); Қауіпті жұқпа. Жұқпа көзі – онымен ауырған адам болып табылады. «Жетісу», 18 қыркүйек 2010 жыл. № 108 (17377); Жұқпа орға жықпасын. «Астана ақшамы», 15 ақпан 2011 жыл. № 19(2629); Жіті респираторлық жұқпалар мен тұмаудың алдын алуға мүмкіндік беретін басқа да көптеген шаралар қарастырылған. «Алаш айнасы», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 171 (623).

**ЖҰЛДЫЗНАМА** – *гороскоп*. Жұлдызнама бойынша әркімнің өзіне тін мінез-құлқы бар емес пе? «Айқын», 25 қыркүйек 2008 жыл. № 180 (1117). Саясаткерлердің саяси жұлдызнамасы. «Айқын», 31 желтоқсан 2008 жыл. № 244(1181). «Құндыз жағамызды құрандай күтіп, жұлдызнамаға қол шығаратын» ғадетіміздің әу баста болмағаны анық. «Қазақ әдебиеті», 8-14 қазан 2010 жыл. № 39 (3203).

**ЖҰМЫСТОБЫ//ЖҰМЫСШЫТОБЫ** – *рабочая группа*. Сәдуақасованың айтуынша, қазір бағдарламаны іске асыру үшін ең алдымен Каспидегі мұнай өндіру қауіпсіздігін тексеру ниетінде жұмысшы тобын құру жөнінде қаулы әзірленіп жатыр. «Айқын», 14 мамыр 2010 жыл. № 83(1507).

**ЖҰЗБАСЫ** – *сотник*. Осы ұрыста жұзбасы (сотник) қашып кетеді, оны Мошан қуып жетіп, басын шауып, жұзбасының өзінің қызыл көйлегіне орап алып келеді. «Егемен Қазақстан», 15 қазан 2010 жыл. № 424-426 (26269).

**ЖҮЗІМДІК** – *виноградник*. Жүзімдіктердегі жүйелі жұмыс. Кластерлік жүйемен жұмысын бастаған кәсіпорындар соңғы жылдары жүзімдіктерді қалпына келтіре бастады. «Егемен Қазақстан», 21 қазан 2011 жыл. № 505-507 (26899).

**ЖҮЙЕКҰРАУШЫ** – *системаобразующий*. «Жүйекұраушы 4 банктің мемлекет басқаруындағы екеуң шетелдік валюта түріндегі міндеттемелерін орындауды тоқтатты. «Жас Алаш», 19 мамыр 2009 жыл. №40 (15394).

**ЖҮЙКЕ-ЖҮЙЕ** – *нервная система*. Сол кеністік тарылған сайын жүйке-жүйе құртыла береді. «Алаш айнасы», 5 қараша 2011 жыл. № 197 (649).

**ЖЫЛУЖАЙ** – *теплица*. Заманауи жылужайдың құрылысы мен жабдықтары және әлемдік жетекші өндірушілерден раушан гүлдерінің жаңа түрлерін алуға бағытталған инвестиция жылу орталығының өндіру қуатын 6 миллион раушан гүлін өсіруге дейін арттырады. «Ана тілі», қазанның 23-і, 2008 жыл. № 43 (932). («жылыжай» деудің орнына – «жылужай» деу қате қолданыс болуы керек).

**ЖЫЛЫЖАЙ** – *теплица*. «Нұрлы көш» бағдарламасын жүзеге асыру үшін Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ жылдық бюджетіне Оңтүстік

облысындағы жылыжайлар (теплица) құрылысын қаржыландыру үшін арнайы ақша бөлуге қатысты өзгерістер енгізді. «Айқын», 22 сәуір 2009 жыл. № 70 (1251).

**ЖЫЛЫСТАТУ** – *отмывание (денег)*. Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы. «Егемен Қазақстан», 8 қыркүйек 2009 жыл. № 293-294 (25691); Оған сәйкес, мәселен, жылыстатуға не террорды қаржыландыруға арналған деген негіздер болса, банктегі салымды беру тоқтатылуы мүмкін «Айқын», 21 сәуір 2012 жыл. № 73 (1984).

**ЖІКТЕУІШ** – *классификатор*.

### 3

**ЗАЙЫРЛЫ** – *светский*. Зайырлы мемлекет деген не? «Алаш айнасы», 8 қараша 2011 жыл. № 198 (650).

**ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ** – *светство*. Зайырлылық шарттарын жергілікті салт-дәстүрге икемдеу керек. «Айқын», 19 қыркүйек 2008 жыл. № 176 (1113); Зайырлылықтың екі үлгісі: Қазақстанның қандай жолмен жүргені жөн? . «Айқын», 21 қыркүйек 2011 жыл. № 174(1841).

**ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ // ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ // ЗИЯНСЫЗДАНДЫРУ** – *обезвреживание и обеззараживание*. Апат зардабын залалсыздандыруға бұрынғы Кеңестер одағынан 321 әскери бөлімше қатысты. «Парасат», журналы. 2008 жылғы маусым № 6. 21-бет. Құрал-жабдықты залалсыздандыру – денсаулық кепілі. «Егемен Қазақстан», 7 қараша 2008 жыл № 338-339(25309). Қоршаған ортаны қорғау министрі Нұрғали Әшімов мұндай шамдардың көбеюі – сынапты залалсыздандыру мәселесін туындататынын мәлімдеді. «Айқын», 20 ақпан 2010 жыл. № 30 (1454); Оны бірде «залалсыздандыру» деп аударып жүрді, енді бірде «зарарсыздандыру» деп те жүр. Менің ойымша, «обезвреживание» сөзін – зиянсыздандыру деп алған дұрыс. Сондықтан оған, яғни «обеззараживание» – залалсыздандыру баламасы лайықты. (Т.Қоңырқұлжаев). «Ана тілі», 1-7 қыркүйек 2011 жыл. № 35 (1083).

**ЗАМАНАЛЫҚ** – *современный*. Қазкоммерцбанк заманалық мәліметтерді өңдеу орталығын іске қосты. «Жас Алаш», 26 сәуір 2011 жыл. № 32 (15594).

**ЗАМАНАУИ** – *современный*. Ендігі міндет – осы заманауи жоспарды орындауға жалпы халық болып ұмылу, ұлт болып ұйысу//«Егемен Қазақстан», 30 желтоқсан 2008 жыл. № 422-425 (25394). Заманауи техникамен жабдықтау үшін оған шамамен 36 миллион теңге қаражат қажет көрінеді. «Айқын», 30 мамыр 2009 жыл. № 96 (1277). ...

**ЗАМАНСӨЗ** – *публицистика*. Қоғамсөз., Замансөз., әлде Мәндісөз... «Айқын», 29 қазан 2008 жыл. № 203 (1140).

**ЗАҢБҰЗУШЫЛЫҚ** – *нарушение закона*. Егер Конституция осы тетікті пайдалануға мұрсат берсе, оны сауатты түрде, дұрыс жүзеге асыра білсек, онда ешқандай заңбұзушылық болмайды. «Жас қазақ», 14 қаңтар 2011 жыл. № 1 (313); КТК телеарнасының хабарлауынша, тіпті заңбұзушылық әрекетін

өзгенің мойнына іліп жібермек болыпты. «Жас қазақ», 16 қыркүйек 2011 жыл. № 36(348); Өйткені, жемқорлық – заңбұзушылықтың шектен тыс зобалаңы. «Алматы ақшамы», 6 желтоқсан 2011 жыл. № 145 (4547).

**ЗАҢГЕР** – *юрист*. Алматыда отандық заңгерлердің қатысуымен сайлау құқығының проблемалары мен келешегіне арналған ғылыми конференция өтті. «Айқын», 16 мамыр 2009 жыл. № 16 (1267); Мұнайшылардың мүддесін қорғаймын деп жүрген заңгер айыпты саналып, 6 жыл өмірін абақтыда өткізетін болды. «Жас Алаш», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 180 (1847); Заңгерлер үлгі көрсетуі тиіс. «Ана тілі», 29 қыркүйек – 5 қазан 2011 жыл. № 39 (1087).

**ЗАҢЖОБА** – *законопроект*. Заңжобаны қабылдау, ол жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға, көлік құралдарының иелері үшін техникалық байқаудың бірыңғай жағдайын құруға, техникалық байқауды өткізудің функциясын бәсекелестік ортаға беру есебінен қосымша жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. «Айқын», 6 қаңтар 2011 жыл. № 1 (1668).

**ЗАҢНАМА** – *законодательства*. Кедендік және басқа да заңнамаларды бұзбаудың өзіндік артықшылықтары бар. «Нұр Астана», 7 тамыз 2008 жыл. № 32 (245). Салық заңнамасын жетілдіруде сындарлы қадам жасалды. «Дала мен қала», 21 тамыз 2008 жыл. № 34 «261».

**ЗАТБЕЛГІ** – *товарный знак*. «Буып-түюге, таңбалауға затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы Қазақстан Республикасының қаулысы.

**ЗАТТАҢБА** – *а*. Ол сондай-ақ қаладағы барлық дыбыстық, бейне және басқа көнекі ақпараттық безендіруде, халыққа қызмет көрсетуде, тауарлардың заттаңбаларын, оның ішінде дірі-дәрмектердің нұсқаулығын толтыруда, басқаша айтқанда, тіл әлдебір түрде қалыптасатын барлық жерлерде қиындық туғызады. «Айқын», 19 маусым 2010 жыл. № 109 (1533).

**ЗАТЫН** – *материал*. Бұқаралық ақпарат құралдарында, баспасөзде қолданылып жүрген «материал» деген сөзді «затын» деп алуды ұсынады. Сонда «затын, затынның, затында, затыннан, затынға, затынды, затынмен» деп септелетін, «затыным, затының, затыңы» болып жіктелетін атау сөз кез келген сөйлемді қазақыландырып жіберер еді. (С.Медеубек). «Айқын», 1 сәуір 2010 жыл. № 54(1478).

**ЗАУЫҚХАНА** – ..... Сөйтсе, іздеген адамы базардың ішіндегі бір зауықханада ішіп, гу-гу еткен жолдастарының ортасында маз боп отыр екен. «Астана», журналы. 2011, № 2. 55-бетте.

**ЗӘҢГІ** – *негр*. Күйеу балаңыз зәңгі емес пе? «Қазақ әдебиеті», 28 қаңтар 2011 жыл. № 4 (3220).

**ЗЕЙНЕТАҚЫ** – *пенсия*. Зейнетақы қорына салым салмаған ауыл халқы 10-15 жылда өз қарттығын қамтуға қабілетті бола алама, әлде Үкіметтің дұрыс зейнетақы саясатын құра аламауының ақыры әлеуметтік жарылысқа апарып соғуы мүмкін бе? «Айқын», 1 шілде 2008 жыл. № 120 (1057). Сенаторды зейнетақы мөлшері алаңдатады. «Егемен Қазақстан», 3 қазан 2008 жыл. № 302-303 (25273).

**ЗЕЙНЕТКЕР** – *пенсионер*. Ертеңгі зейнеткер қайтіп күн көреді, мұны болашақ зейнеткер де, билік те ойлап отырған жоқ. «Айқын», 1 шілде 2008 жыл. № 120 (1057). Қайнар енгізген «зілзала» (землетрясенкеие), «зейнет – зейнетақы – зейнеткер (пенсия – пенсионер), «зымыран» (ракета) сөздері тілдік қорға судай сіңіп, тастай батты. «Ана тілі», 11-17 ақпан 2009 жыл. № 6 (999).

**ЗЕЙНЕТКЕРЛІК** (*зат есім әрі сын есім*). – *пенсионный*. Зейнеткерлік жас (*пенсионный возраст*). Зейнеткерлікке дайындық. «Астана ақшамы», 11 тамыз 2011 жыл. № 90 (2700).

**ЗЕРТТЕУЛІК** – *мастерская*. Мысалы, зертхананы – зерттеулік; шеберхананы – шебермет десек, көңілге әлдеқайда қонымды емес пе. (Жұма-Назар Сомжүрек). «Ана тілі», 15-21 сәуір 2010 жыл. № 15(1008).

**ЗЕРТХАНА** – *лаборатория*. Заманауи зертхана. «Нұр Астана», 26 маусым 2008 жыл. № 26 (239). Осы жылдың тамыз айында барлық жұмыстар аяқталып, жарық белгісінің жабдықтары мен әуе қозғалысын басқару құралдары арнайы зертхана-ұшақпен айнала көтей ұшып тексерілді. «Егемен Қазақстан», 18 қараша 2008 жыл. № 348-349(25319); «Достық үйі» халықтар зертханасына айналды. «Айқын», 25 наурыз 2011 жыл. № 51 (1718); Заманауи зертхана ашылды. «Алаш айнасы», 21 шілде 2011 жыл. № 126 (578).

**ЗЕРТХАНАШЫ** – *лаборант*. Зертханашыға жалақы қай санат бойынша төленеді? «Алаш айнасы», 1 қазан 2011 жыл. № 173(625).

**ЗИРАТХАНА** – *кладбище*. Қазір «Коммунарка» зиратханасының аумағында шіркеу орналасқан. «Алматы ақшамы», 20 қазан 2011 жыл. № 123 (4525).

**ЗИЯЛЫ** – *интеллигентный*. Зиялылармен, діндарлармен ақылдаса келе, мемлекет және қоғам қайраткері Смағұл Садуақасұлы мәйітінің күлін жерлейтін екі орынның бірін таңдауды лайықты көріп отырмыз. «Айқын», 6 қаңтар 2011 жыл. № 1 (1668); Зиялыға зор міндет жүктеледі. «Ана тілі», 9-15 маусым 2011 жыл. №23 (1071).

**ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ** – *интеллигенция*. «Зиялы қауымы адасқан ел орға құлайды». «Жас Алаш», 7 маусым 2011 жыл. № 44 (15606); Зиялы қауым өкілі қоғамдағы орын алып отырған олқылықтарды ашып айта білулері керек. «Ана тілі», 9-15 маусым 2011 жыл. №23 (1071).

**ЗИЯТКЕРЛІК** – *интеллектуальный*. Зияткерлік туралы сөз. «Егемен Қазақстан», 14 қараша 2008 жыл. № 345-346(25316). Тоғұзқұмалақ – қазақтың зияткерлік спорттық ойындарының төресі. «Алаш айнасы», 22 мамыр 2010 жыл. № 83 (309); Телевизияда зияткерлік құқық мәселесі өте өзекті. «Айқын», 20 қаңтар 2011 жыл. № 10 (1677); Назарбаевтың зияткерлік мектебін бітіріп, үлкен бағдарлама ұсынып отырмыз. «Айқын», 23 қыркүйек 2011 жыл. № 176 (1843).

**ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК** – *интеллектуальная собственность*. Бізде зияткерлік меншік құқығын қорғау да жолға қойылған. «Егемен Қазақстан», 5 тамыз 2008 жыл. № 23-237 (25208); Зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізімі туралы// «Егемен Қазақстан», 2 сәуір 2011 жыл. № 124-127 (26529)

**ЗИЯТТЫЛЫҚ** – *интеллигентность*. Бауырларының бірі Оңланбек

Жақсыбай мырзаның тынымсыз тірлігі, зияттылығы, зерделілігі мен көргенділігі арқасында Қарекендей қарымды қалам иесінің қазақ тілінде бір кітабы, орыс тілінде бір кітабы және жазушы-журналист жөніндегі естеліктерден құрастырылған жинақ жарық көрмек. «Егемен Қазақстан», 5 мамыр 2009 жыл. № 158-159 (25556).

**ЗҰЛМАТ** – геноцид? «Ақтабан шұбырындыдан» асып түскен зұлмат бұл. «Егемен Қазақстан», 11 қыркүйек 2010 жыл. № 368-369 (26212).

**ЗЫМЫРАН** – *ракета*. Зымыраннан зиян көп. «Жас қазақ», 1 шілде 2008 жыл. № 26(347). Саддам Хусейннің режиміне «Скад» зымырандарын сатумен айналысқаны да белгілі. «Жас Алаш», 9 қыркүйек 2008 жыл. № 72 (15322). Дүйсенбі күні БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі Солтүстік Кореяның 4 сәуір күні «бейбіт мақсатта» деген желеумен құрлықаралық «Тэпходан-2» баллистикалық зымыранын сынағанын айтып, 2006 жылы енгізген санкцияны күшейтетіні жөнінде арнайы қарар қабылданған-ды. «Айқын», 15 сәуір 2009 жыл. № 65(1246).

**ЗЫМЫРАНТАСЫҒЫШ** – *ракетаноситель*. Соңғы 10 жылда Қазақстан территориясында гептилді қолданған «Протон» зымырантасығыштарының 7 апаты орын алған. «Жас қазақ», 1 шілде 2008 жыл. № 26(347).

**ЗІЛЗАЛА** – *землетрясение*. Қайнар енгізген «зілзала» (землетрясенкеие), «зейнет – зейнетақы – зейнеткер (пенсия – пенсионер), «зымыран» (ракета) сөздері тілдік қорға судай сіңіп, тастай батты. «Ана тілі», 11-17 ақпан 2009 жыл. № 6 (999) ; Зілзала Жапонияны есеңгіретіп кетті. «Егемен Қазақстан», 12 наурыз 2011 жыл. № 81-84 (26486): Зілзала тәулікті қысқартып, жер кіндігін жылжытты. «Жас Алаш», 15 наурыз 2011 жыл. № 20 (15582); Жапониядағы зілзала жер кіндігін 17 сантиметрге жылжытты. «Айқын», 15 наурыз 2011 жыл. № 46 (1713).

**ЗІЛТЕМІР** – *штанга*. Жанкүйерлердің сенімін ақтауда зілтемір көтеріп, күш-жігерлері мен кәсіби шеберлігін ұрымтал сәтте тиімді пайдаланғандар алғашқы жүлделерін Қазақстан қоржынына салғанын атап айтуға болады. «Егемен Қазақстан», 15 мамыр 2009 жыл. № 170-172 (25569). Өйткені қандай да зілтемір көтеруші басқа елдің азаматтығын қабылдағаннан кейін арада екі жыл өткеннен соң ғана ресми халықаралық жарыстарға қатыса алады. «Айқын», 20 қараша 2009 жыл. № 218 (1399).

**ЗІЛТЕМІРШІ** – *штангист*. Зілтеміршілер күш сынасты (мақала тақырыбы) //«Айқын», 22 наурыз 2008 жыл. 53 (990). Спорттың бұл түрі мемлекет қамқорлығына алынып, зілтеміршілердің еш алаңсыз даярлануына барлық жағдай жасалды. «Айқын», 29 шілде 2008 жыл. № 139 (1076). Өткен ғасырда халықаралық және бүкілодақтық додаларда дараланған зілтеміршілеріміздің қатары қалың болды. «Айқын», 14 мамыр 2009 жыл. № 84 (1265); Зілтемірші қыздардан қандай ана шығады? «Заң газеті », 18 ақпан 2011 жыл. № 24 (1840).

## И

**ИЕКҚҰЖАТ** – *патент*. Ең қызығы, осы «жаңалықтардың» барлығы да мемлекеттен иекқұжат (патент) алған. «Айқын», 12 мамыр 2011 жыл. № 83 (1750).

**ИДАРА** – *ведомство*. Алдымен бұл терминнің қазақ тілінде «идара» деген баламасы бар екенін «Ана тілінің» бетінде осыдан біраз жыл бұрын белгілі журналист марқұм Әбдуәли Қарағұлов ақсақал айтқан болатын. (Кеңес Юсуп). «Ана тілі», 17-23 маусым 2010 жыл. № 24 (1017).

**ИГІЛІК** – *благосостояния*. Мәжілісте Президент «Самұрық» және «Қазына» ұлттық холдингтері біріктіріліп, ролардың негізінде «Самұрық-Қазына» Ұлттық игілік қоры құрылғанын жария етті. «Астана ақшамы», 14 қазан 2008 жыл. № 121 (2285). «Самұрық» пен «Қазына» қорлары біріктіріліп, жаңа холдинг «Самұрық-Қазына» Ұлттық игілік қоры құрылды. «Ел», 14 қазан 2008 жыл. № 41 (169).

**ИЛТОН** – *дубленка*. Алматы қаласындағы дүкен мандайшасында жазылған.

**ИСМАЙ** – *крем*. Әсіресе, сусабын, әтірсабын, исмай, сынды күнделікті қолданылатын тауарлар қымбаттады. «Жас Алаш», 30 наурыз 2010 жыл. № 25 (15483).

## К

**КӘДЕСЫЙ** – *сувенир*. Азиаданың мәртебелі қонақтарына қандай кәдесыйлар тартпақпыз? «Алматы ақшамы», 25 қыркүйек 2010 жыл. № 117 (4362); Ағаш тамырынан да кәдесый жасауға болады. «Айқын», 3 қараша 2010 жыл. № 204 (1628).

**КӘМШАТ** – *бобр*. «Құндыз» бен «кәмшатты» айыра білейік. «Ана тілі», 12-18 қараша 2009 жыл. № 45 (986).

**КӘРЕЗ** – ..... «Кәрез байланысы» деген не? Егер қасымызда шала қазақтау біреу болып, бізден «кәрездің» не екенін сұрағанда, түк айта алмай, таза масқара болатын едік. «Жас Алаш», 28 қазан 2010 жыл. № 86 (15544).

**КӘРІПТАС** – *янтарь*. Зерттеушілер кәріптастарда (янтарь) сақталған ежелгі жәндіктерді сараптамадан өткізген. «Алаш айнасы», 8 қараша 2011 жыл. № 198 (650).

**КӘСІПКЕР** – *предприниматель*. Кеденшілер мен кәсіпкерлер келісті. «Айқын», 21 маусым 2008 жыл, № 114 (1051); Кәсіпкерлер үшін еркін өңір. «Айқын», 16 ақпан 2010 жыл. № 26 (1450); Кәсіпкерлердің құқығын қорғады. «Астана ақшамы», 13 тамыз 2011 жыл. № 91 (2701).

**КӘСІПКЕРЛІК** – *предпринимательство*. Жақында Алматы қаласының әкімдігінде дағдарыс кезеңінде мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік нысандарға көмек етуі үшін «Орта және кіші кәсіпкерліктің 2009-2011 жылдарға арналған даму бағдарламасы» талқыланды. «Заң», 6 қараша 2008 жыл. № 169 (1395), Экономиканың тіні – шағын кәсіпкерлік. «Егемен Қазақстан», 29 қыркүйек 2010 жыл. № 394-397 (26420); «Нұр Отан» кәсіпкерлікті қолдайтын бағдарлама әзірлеп жатыр. «Айқын», 17 тамыз 2011 жыл. № 151(1818).

**КӘСІПШІЛІК** – ремесло или предпринимательство. Су және жануардар дүниесі объектілерін заңсыз кәсіпшілік көзіне айналдыруға қарсы тұру мәселелері министрліктің басым бағыттарының бірі болып табылады. Мәселен, балықты жасанды жолмен өсіруді, балықтар мен жануарлардың теңіз кәсіпшілігін дамытуды..... «Айқын», 3 ақпан 2011 жыл. № 20 (1687).

**КЕДЕН** – *таможня*. Кеден органдары мемлекеттік толықтыру мен кедендік құқық бұзушылықтарға қарсы күресте бірталай шаруаның басын қайырыпты. «Айқын», 6 қараша 2008 жыл. № 209 (1146); Кеден одағы Еуропалық одақ секілді өзіне мүше елдердің тәуелсіздігіне ешқандай да нұқсан келтірмейді. «Айқын», 2 наурыз 2011 жыл. № 39(1706).

**КЕДЕНШІ** – *таможенник*. Кеденшілер мен кәсіпкерлер келісті. «Айқын», 21 маусым 2008 жыл, № 114 (1051). Кеденшілер үлесі де қомақты. («Егемен Қазақстан», 1 шілде 2008 жыл, № 196-197 (25168); Кеденшінің жұмысы қазынаға салық түсірумен өлшенбейді. «Дала мен қала», 24 шілде 2008 жыл. № 30 (257). Кеденшілер кеңесі. «Егемен Қазақстан», 19 наурыз 2010 жыл. № 100-103 (25949); Кеденшілер жұмысын қорытындылады. «Айқын», 19 ақпан 2011 жыл. № 32 (1699).

**КЕДЕН ОДАҒЫ // КЕДЕНДІК ОДАҚ** – *таможенный союз*. Кедендік Одақ талабынан туындаған тапсырмалар. «Егемен Қазақстан», 4 тамыз 2011 жыл. № 346 (26740); Сарапшылардың пайымдауынша, Кеден одағының құрылуы –Қазақстанға ондаған миллиардтар әкеледі. «Айқын», 16 маусым 2011 жыл. № 108(1775); Алматы ішкі істер департаменті, Қазақстан Кедендік одаққа кіргеннен кейін Қырғызстаннан келетін транспорт құралдарының айналымы мен қозғалысын қатаң бақылауға алды. «Айқын», 23 тамыз 2011 жыл. № 155 (1822); «Кедендік одақ шеңберінде екі елдің есігі айқара ашылды... «Жас қазақ», 23 қыркүйек 2011 жыл. № 37 (349); Кеден одағы комиссиясының мүшелерін қабылдады. «Егемен Қазақстан», 24 қыркүйек 2011 жыл. № 453-456 (26849).

**КЕЛІССӨЗ** – *переговоры*. Келіссөздер көкжиегі кеңейді. «Егемен Қазақстан», 4 қараша 2008 жыл. № 334-335(25305). Солтүстік Каспий өнімін бөлу жөніндегі келіссөздер табысты қорытындылады. «Егемен Қазақстан», 7 қараша 2008 жыл № 338-339(25309). Саммиттегі Армения мен Әзірбайжан Президенттерінің келіссөздері осы жағдайды шешудегі қадамдардың мардымдысы болар деген ойдамыз. «Ана тілі», 7-12 қаңтар 2011 жыл. № 1 (1046).

**КЕЛІСІМШАРТ** – *контракт*. Келісімшарт заңға қайшы. «Ана тілі», шілденің 31-і, 2008 жыл. №31 (920). Жалпы, аудан бойынша білім саласына бөлінген қаржыға келісімшарт жасау мен тасымал жүргізуді жеделдету қажеттігі тапсырылды. «Айқын», 27 тамыз 2008 жыл. № 160 (1097). Келісімшартпен әскерде жүргендердің саны қысқаруы мүмкін. «Жас Алаш», 26 ақпан 2009 жыл. № 17(15371); Қазақстан көршілермен келіссөз жүргізіп жатыр. «Қазақ әдебиеті», 26 тамыз – 1 қыркүйек 2011 жыл. № 34 (3250).

**КЕНЖАР** – *забой*. «Кенжар» деген балама «кен» және «жар» деген екі сөзден жасалған. «Айқын», 12 маусым 2009 жыл. № 105 (1286).



**КЕҢШАР** – *совхоз*. Алатау кеңшарының тұрғынымыз. «Жас Алаш», 29 қаңтар 2009 жыл. № 9 (15363).

**КЕНОРЫН** – *месторождение*. Маңғышлақтағы қара алтыны фонтанша атқылаған ірі мұнай кенорындары – Өзен мен Жетібайдың мұнайын игеруге атсалысып, бүгінде мұнайшылар астанасы атанған Жаңаөзен қаласының іргетасын қалаушылардың бірі. Әлемдегі қою парафинді мұнай кенорның игерудің негізін қалаған Р.Өтесінов тек инженер ғана емес, ғалым да болған. «Айқын», 12 қаңтар 2011 жыл. № 4 (1671).

**КЕНТ** – *поселок*. Құланды, құрық, жетібай, Мұнайшы кенттері тұрғындарына тауарлы газ беруге мүмкіндік туып, елуге тарта жұмыс орны ашылып отыр. «Егемен Қазақстан», 27 желтоқсан 2008 жыл. № 420-421 (25390). Кент өмірінде өзгеріс көп. «Егемен Қазақстан», 22 наурыз 2009 жыл. № 143 (5540); Кеңжолакты қолжетімділік немесе жет дегеніміз не? «Алаш айнасы», 27 қазан 2010 жыл. № 186 (412).

**КЕҢШАР** – *совхоз*. Кеңшаралар мен ұжымшарлар тарқап, барлығы жекешеленіп кеткенде сумен қамту жүйелері иесіз қалған. «Айқын», 31 қазан 2008 жыл. № 205 (1142). «Бес арыс» ЖШС. «Бес қасқа» – бір кеңшар. «Егемен Қазақстан», 20 қаңтар 2010 жыл. № 16-17 (25863).

**КЕПТЕЛЕК** – *транспортная пробка*. Көсегең көгергір кептелек. «Жас казак», 19 қыркүйек 2008 жыл. № 37 (193); Қаланың іші толған кептелек. «Ана тілі», 3-9 қараша 2011 жыл. № 44 (1092).

**КЕПТЕЛІС** – *транспортная пробка*. Көлік кептелісінен құтқарар жолайрық. «Егемен Қазақстан», 20 маусым 2008 жыл № 182-183 (25154); Кептелістің үстіне кептеліс әкеледі. «Алматы ақшамы», 21 қараша 2009 жыл. № 136 (4227). Әлемдегі ең үлкен көлік кептелісі Қытайда. «Ана тілі», 28 қазан – 3 қараша, 2010 жыл. № 43 (1036). Мехикодағы көлік кептелісі таңғы жетіден түнгі он бірге дейін созылады екен. «Айқын», 20 қаңтар 2011 жыл. № 10 (1677).

**КЕПІЛДЕМЕ** – *гарантия*. Тендерлік кепілдемелер бір күн ішінде! «Айқын», 18 наурыз 2010 жыл. № 47 (1471)

**КЕПІЛАҚЫ** – *залог*. Кепілақымды қалай қайтарамын? Мен үй сатып аламын деп сатушыға 1000 \$ мөлшерінде кепілақы бердім. «Нұр Астана», 1 қыркүйек 2011 жыл. № 34 (403).

**КЕПІЛГЕР** – *залогодатель*. Таратып айтсақ, магистратура мен докторантура бағдарламалары бойынша оқойтын стипендияттар оқу құнын 70 пайыздан аса кепілзатпен қамтамасыз ете алса – бір кепілгер, 50 пайыздан 70 пайызға дейін жапса – екі кепілгер, 30 пайыздан 50 пайызға дейін жапса – үш кепілгер қояды. «Жас Алаш», 29 желтоқсан 2011 жыл. № 104 (15666).

**КЕПІЛЗАТ** – *залог*. Таратып айтсақ, магистратура мен докторантура бағдарламалары бойынша оқойтын стипендияттар оқу құнын 70 пайыздан аса кепілзатпен қамтамасыз ете алса – бір кепілгер, 50 пайыздан 70 пайызға дейін жапса – екі кепілгер, 30 пайыздан 50 пайызға дейін жапса – үш кепілгер қояды. «Жас Алаш», 29 желтоқсан 2011 жыл. № 104 (15666).

**КЕПІЛШҰЛ** – *залог*. Кепілшұлды екі есе тіп қайтарып алуыңызға болады.

Кепілпұлды 6 мың доллар етіп қайтармаған жағдайда сотқа талап арыз жазып, сот арқылы өндіріп алуыңызға толық құқыңыз бар. «Жас Алаш», 9 желтоқсан 2010 жыл. № 98 (15556).

**КЕСЕР ТІЛІГІ//КЕСАРЬ ТІЛІГІ** – **кесерево сечение**. Ол – бүгінгі келіндеріміздің көпшілігінің «кесер тілігі» арқылы босанатындығы. Неге екені, бүгінгі келіндеріміздің көбі «кесер тілігі» арқылы босануға келіседі әрі көп жағдайда дәрігер де соған үгіттеуге «әуес». «Айқын», 30 наурыз 2010 жыл. № 52 (1476); Кесарь тілігінің келіншектерге кесірі тиіп жүр ме? «Ана тілі», 24 ақпан – 2 наурыз 2011 жыл. № 8(1053).

**КЕШЕН** – *комплекс*. Жүзге жуық тұрғын үй кешені жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. «Астана ақшамы», 25 қыркүйек 2008 жыл. № 113 (2277). Жаңа спорт кешені. «Егемен Қазақстан», 14 қараша 2008 жыл. № 345-346(25316). Агроөнеркәсіп кешені дамымақ. «Егемен Қазақстан», 29 мамыр 2009 жыл. № 188-189 (25586). Оны «кешен» деген де – Өзағаң (Өзбекәлі Жәнібеков). «Ана тілі», 11-17 ақпан 2009 жыл. № 6 (999).

**КӨЗҚАМАН** – *нигилист*. Көзқамандар кімдер? «Жас Қазақ», 17 шілде 2009 жыл. № 28 (236). Ал сол көзқаман, өлермендердің кесірінен қоғамдық ортада жазушы мен ақынның беделі түсіп, сөздерінің қадірі кетіп жатқаны жасырын емес. «Дала мен қала», 15 қараша 2010 жыл. № 45 (374).

**КӨЗҚАМАНДЫҚ** – *нигилизм*. Көзқамандық (мақала тақырыбы). Көзқамандық емей не бұл? «Дала мен қала», 15 қараша 2010 жыл. № 45 (374).

**КӨЗҚАМАНШЫЛЫҚ** – *нигилизм*. Туған елінің тарихын білмеу, білгісі келмеу де – көзқаманшылыққа тән нәрсе. «Жас Қазақ», 17 шілде 2009 жыл. № 28 (236).

**КӨКӨНІС** – *овоц*. Сырттан келетін көкөністі «қуып» шығатын күн де алыс емес. «Алаш айнасы», 11 тамыз 2011 жыл. № 90 (2700).

**КӨКТАЙҒАҚ** – *гололед*. Көктайғақтың салдарынан 70 жол-көлік оқиғасы тіркелді. «Алматы ақшамы», 10 қараша 2011 жыл. № 131(4533).

**КӨЛІК ДӘЛІЗІ** – *транспортный коридор*. Батыс Еуропа – Батыс Қытай көлік дәлізінің жобасы жол салушы мамандар армиясын қалыптастырады. «Айқын», 27 тамыз 2010 жыл. № 157 (1581); Көлік дәлізін қанша жұмысшы салып жатыр? «Алаш айнасы», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 171 (623).

**КӨЛІК ҚҰРАЛЫ** – *транспортное средство*. Бүгінгі таңда заң бұзушылық түрі бойынша 700 көлік құралының жүргізушілері әкімшілік жауапкершілікке тартылды. «Егемен Қазақстан», 14 қараша 2008 жыл. № 345-346 (25316).

**КӨМЕКҚАРЖЫ** – *финансовая помощь*. Қытайдан – 5, Арабиядан 1 миллиард доллар көмекқаржы келе жатыр. «Айқын», 22 сәуір 2009 жыл. № 70 (1251).

**КӨНІМПАЗДЫҚ** – *толерантность*. «Төзімділік, көмбістік, көнімпаздық (толерантность) – тек қазақтілділерге ғана тән» десеніз, қатты қателесесіз...» (Ө.Мендеке). «Жас Алаш», 5 мамыр 2010 жыл. № 35 (15493).

**КӨПӘЙЕЛДІЛІК** – *многоженство*. Егер көпәйелділік түсінігі қолға алынса, еркектеріміз екінші әйелінен туған балаға өз ата-тегін беріп,

бүлдіршіндеріміз «некесіз туған бала» деген жаман аттан аулақ болар еді. Айта берсек, әменгерлік пен көпәйелділіктің халқымызға берер пайдасы орасан зор. «Жас Алаш», 20 қаңтар 2011 жыл. № 4-5 (15566-67).

**КӨПКҮНДІК** – *многодневка*. Контодор – үшінші мәрте «Тур де Франс» мәртебелі көпкүндігінің жеңімпазы. «Алматы ақшамы», 2 қазан 2010 жыл. № 120 (4365).

**КӨПТОМДЫҚ** – *многотомник*. Қаламгердің қырық жылдық шығармашылық еңбегінің қорытындысы іспеттес көптомдыққа көркем шығармалары мен «Ғажапстанға саяхат» сериясы бойынша көпшілікке жақсы таныс деректі хикаяттары еніп отыр. «Қазақ әдебиеті», 15 желтоқсан 2009 жыл. № 52(3163); Тәлімдік ойлар антологиясының көптомдығы. «Қазақ әдебиеті», 8 сәуір 2011 жыл. № 14 (3230).

**КӨРСЕТІЛІМ** – *показ (презентация)*. Көрсетілімге қойылған әскери техникалар мен құрылғылар депутаттар көңілінен шыққандай әсер алдық. «Егемен Қазақстан», 23 мамыр 2009 жыл. № 181(25578); ...Тәулігіне 16 сағаттық көрсетіліммен шығатын болады. «Айқын», 24 қыркүйек 2011 жыл. № 177 (1844).

**КӨРСЕТІМ** – *показания*. Талдықорғандағы сотта қылмыскер Мирошниковтың: «Тергеуші маған «Караванды» ұсынып, оқы, осында жазылғандай көрсетім бересің» деп айтты» дегені есте. «Жас Алаш», 9 қазан 2008 жыл. № 81 (15331). Және де қазақстандық үкімет органдары мен өзге де жеке тұлғаларға қарсы көрсетім бергенім жоқ. «Жас Алаш», 13 қаңтар 2009 жыл. № 4(15358).

**КӨРСЕТІНДІ** – *показания*. Оның көсетінділеріндегі сөздерінен көркем ойдың табы шарпылып тұрады. Алғашқы көрсетінділерінде өзіне тағылған барлық айыптарды мойындайды. Тергеу ісіндегі көрсетінділердің бестен бірі осы үш қайраткер туралы. «Айқын», 10 ақпан 2010 жыл. № 22 (1446). Д.Әділовтің берген көсетіндісін Ж.Аймауытовтың өзі мойындаған. «Айқын», 28 мамыр 2010 жыл. № 93(1517).

**КӨРУ НҮКТЕСІ** – *точка зрения*. Өйткені көркем туындыдағы автор, кейіпкер, көру нүктесі тәрізді ұғымдар іске араласқанда зияткерлік үрдіс әдеттегі мағына немесе маңызды (значение) ой-қиял өңіріндегі құндылықтар таразысына салады. «Қазақ әдебиеті», 15 желтоқсан 2009 жыл. № 52(3163).

**КӨРІЛІМ** – *показ???* Қазқстанның әлемдік көрілімі. «Егемен Қазақстан», 11 маусым 2010 жыл. № 228-230 (26076).

**КӨСЕМСӨЗ** – *публицистика*. Қазақ көсемсөзі хақындағы іргелі еңбек. «Ана тілі», 11-17 ақпан 2009 жыл. № 6 (999); Көсемсөзден қарасөзге жол салған. «Ана тілі», 9-15 маусым 2011 жыл. №23 (1071).

**КӨСЕМСӨЗШІ** – *публицист*. Жуырда елордалық «Фолиант» баспасынан «Менің Отаным – Қазақстан» сериясымен журналист, көсемсөзші Сырым Бақтыгерейұлының «Ойыл» атты кітабы жарық көрген болатын. «Егемен Қазақстан», 24 ақпан 2009 жыл. № 72-73 (25470); Үздік көсемсөзшілер марапатталды. «Алаш айнасы», 24 қараша 2011 жыл. № 209(661).

**КӨТЕРМЕ АҚЫ** – *подемная*. Жас мамандар көтерме ақыларын ала алмай

жүр. «Егемен Қазақстан», 22 сәуір 2011 жыл. № 160-163 (26565).

**КӨШБАСШЫ** – *лидер*. Ордабұзар көшбасшылар он бес миллионымызды да, экономикамызды да өрге тартпақ (мақала тақырыбы) // «Нұр Астана», 26 наурыз – 2 сәуір 2008 жыл. № 13 (226). Отыз көшбасшының бірі іске қосылды. «Айқын», 2 шілде 2008 жыл. № 121 (1058). Ел арналарындағы қазақтілді жалғыз бағдарлама – «XXI ғасыр көшбасшысы». «Айқын», 4 қыркүйек 2008 жыл. № 165 (1102).

**КӨШБАСШЫЛЫҚ** – *лидерство*. 2020 Стратегиялық жоспары – көшбасшылыққа қазақстандық жол. «Егемен Қазақстан», 30 қаңтар 2010 жыл. № 33-35 (25881).

**КӨШЕТХАНА** – *парник*. Көшетханалардың іші қайнап тұр. «Егемен Қазақстан», 13 мамыр 2009 жыл. № 168-169(25566).

**КӨШІ-ҚОН** – *миграция*. Көші-қон туралы жаңа заң қажет. «Заң», 19 наурыз 2008 жыл. № 41 (1267); Ішкі көші-қон мәселесі бір тармақпен шешілмейді. «Айқын», 16 ақпан 2010 жыл. № 26 (1450); Көші-қон талабы күшейеді. «Егемен Қазақстан», 22 сәуір 2011 жыл. № 160-163 (26565); Өткен жылдың қараша айынан бастап, көші-қон мәселесімен тікелей Көші-қон полициясы комитеті айналысып келеді. «Айқын», 24 мамыр 2011 жыл. № 91 (1758).

**КӨШІРМЕ** – *выписка*. Алайда, сарапшылардың ойынша, бұл ресейлік әскери техникалардың көшірмесі жасалынбайды деген сөз емес. «Ана тілі», желтоқсанның 18-і 2008 жыл. № 51 (940).

**КҮЙТАБАҚ** – *CD диск*. Тұсаукесер барысында жаңа күйтабаққа енген композициялар орындалады. «Алаш айнасы», 28 қыркүйек 2011 жыл. № 170(622); Алмастың екінші күйтабағы. «Нұр Астана», 24 қараша 2011жыл. № 46 (415).

**КҮЛ ӘЛШБИ** – *рунический алфавит*. Егер В.Томсен мен В.В. Радлов заманында күл әліпбиіндегі дыбыстар мен мен таңбалар саны 39-40 шақты (кейбір таңбалардың дыбыстық мағынасы нақты анықталмаған) болса, кейінгі кездегі зерттеулердің нәтижесінде оған қосымша тағы да 30-дан аса дыбыстар мен таңбалар өзіне тән мән-мағыналарымен қосылып тұр. «Ана тілі», 9-15 маусым 2009 жыл. № 27 (968).

**КҮНТІЗБЕ** – *календарь*. «Ұйқыдағы күнтізбе». «Заң», 14 тамыз 2008 жыл. № 123 (1349). Шығыс күнтізбесі бойынша жыл атауы он екі түрлі жан-жануарлар мен хайуанаттардың атымен аталады. «Астана ақшамы», 16 қыркүйек 2008 жыл. № 109 (2273). Жуырда жарыс күнтізбесі белгілі болды. «Айқын», 8 қаңтар 2011 жыл. № 2 (1669).

**КҮРЕСІН** – 1. *свалка*. Қазақстан – күресін төгетін жер емес (мақала тақырыбы) //«Айқара», 2-9 сәуір 2008 жыл. № 12. Бұл ұғымды тарихтың өзі екшеп, жарамағаннан кейін, жарамсыз болғаннан кейін, яғни ғылыми негізі мен өмірлік негізі жоқ болғандықтан күресінге шығарып тастады. «Жас Алаш», 28 сәуір 2009 жыл. № 34 (15388).

**КҮРЕСІН** – 2. *мусор*. Сәбиін де, өзін де күресінге лақтырған ана не ойлады екен?.. «Алматы ақшамы», 10 қараша 2011 жыл. № 131(4533).

**КҮРТЕШЕ** – *куртка*. **Күртешелер** кеденде ұсталды. «Алаш айнасы», 17 қыркүйек 2011 жыл. № 164 (616).

**КҮШТІК ҚҰРЫЛЫМ(ДАР)//КҮШ ҚҰРЫЛЫМДАРЫ** – *силовые структуры*. Белгісіз топ күштік құрылымдар орналасқан ғимаратты басып алуға тырысқан. «Айқын», 27 мамыр 2009 жыл. № 93(1274); Ақтөбеде **күштік құқылым** өкілдері қателесіп, операция барысында төрт баласы бар оралманның үйін жарып жіберді. «Жас Қазақ», 5 тамыз 2011 жыл. № 30 (342); Бас прокуратураның ресми өкілі Нұрдәулет Сүйіндіков Қазақстанның **күш құрылымдары** лаңкестік, адам өлтіру, бала ұрлау сынды жалған ақпарат таратқан кез келген азаматты құқықтық жауапкершілікке тартып, тиісінше жазалайтынын жариялады. «Айқын», 10 қараша 2011 жыл. № 210 (1877).

**КІЛЕГЕЙЛІ ҚАБЫҚ//ШЫРЫШТЫ ҚАБЫҚ//СІЛЕМЕЙЛІ ҚАБЫҚ** – *слизистая оболчка*. Алайда бірсыпыра сөздіктер мен оқулықтарда әлі күнге ол «**шырышты қабық**» деп аталып келеді. ... яғни адам ағзаларындағы «слизистая оболчканы» – «**сілемейлі қабық**» деп атаған жөн екен. Біздің ойымызша, дұрысы – «**кілегейлі қабық**» болуы керек (Т.Қоңырқұлжаев). «Ана тілі», 1-7 қыркүйек 2011 жыл. № 35 (1083).

**КІЛТСӨЗ** – *парол*. Күлкі үйде жылылық орнатады, іскерлік қарым-қатынарда сенімділік атмосферасын қалыптастырады және достардың таптырмас **кілтсөзі**. «Алматы ақшамы», 26 ақпан 2011 жыл. № 22 (4424).

**КІНӘРАТ ХАТ** – ... *письмо*. Оны **кінәрат хат** деп атайды. **Кінәрат хаттың** екінші нұсқасына әлгі жер иесінің қолын қойдырып алғанды ұмытпағаныңыз жөн болады. «Ана тілі», 9-15 желтоқсан 2010 жыл. № 49 (1042).

**КІРЕБЕРІС** – *подъезд*. Онымен қатар бұл кеңселердің **кіреберісі** (подъезд) белгілі бір талапқа сай болуы керек. «Жас Алаш», 17 шілде 2008 жыл. № 57 (15307). Ал **кіреберісте** лифтінің ақаулы қызмет телефон нөмірі жеті санды. «Айқын», 19 ақпан 2010 жыл. № 29 (1453).

**КІРІССӨЗ** – *вступительное слово*. Ресми отырыстарда жұмыс тілі есебінде емес, сәлемдесу, **кіріссөз** бен ақырсөз ретінде, мемлекеттік тілдің атқарымпаздық үдерісі емес, әлдебір реміздік кейпі ғана қалыптасқан. (Ресми хаттан. С.Ғаббасов, М.Бөтеев).

**КІР ТАСЫ** – *гурия*. Ақсақал жаттығуын қызықтап жанына жиналатын ауыл балаларына **кір тасын** серпе көтеру, жұлқа көтеру, қоссайыс, көпсайыс, қолжалғау, қақпақыл жасау секілді көптеген түрлері болатынын, олардың әрқайсының өз айла-тәсілдері бар екенін түсіндіріп, көрсетуден жалықпайды. «Алаш айнасы», 13 қазан 2010 жыл. № 176 (402).

**КІШІЖАР** – *младшая жена*. **Кішіжар** (тоқал) алу арқылы жезөкшелік, ойнастық, зинақорлық, өзге ұлтқа тұрмыс құру секілді дерттердің алдын алуға болады. (Арман ӘУБӘКІР). «Ана тілі», желтоқсанның 18-і, 2008 жыл. № 51 (940). **Кішіжар** алса деп едім. Еркектің де **кішіжарға** жағу үшін күш-қуаты артады. «Мырза», қаңтар 2010 жыл. № 01(29).

## Қ

**ҚАБАЖАҚ** – пленка. Телевидениедегі: қабажақты (пленканы) желімдеуге байланысты баламасын табу керек болыпты. М.Кенжебай. Тіліміз аударма тілге айналып барады// «Ана тілі», наурыздың 20-сы 2008 жыл. № 12-13(901-902).

**ҚАБЫЛДАМПАЗ** – *воспримчивый*. Оңайырақ болатыны – олар сезімтал әрі қабылдампаз. «Егемен Қазақстан», 14 шілде 2009 жыл. № 236-237 (25634).

**ҚАБІРСТАН** – *кладбище и пантеон*. «Коммунарка» – қазақ қайраткерлері жерленген құпия қабірстан. «Алматы ақшамы», 20 қазан 2011 жыл. № 123 (4525); 2. «Қабанбай батыр жатқан жер» қабірстанға айналды. «Алаш айнасы», 10 қараша 2011 жыл. № 200 (652).

**ҚАҒАНАТ** – *империя*. Біз бұл-жерде қазақ деген ұлт атауының жеке мемлекет ретінде көрінуін емес, қаңтар заққа тән жүз-рулардың түп атасының есіміне, түркі тіліне қатысты ірілі-ұсақты хандықтар мен жыл. № қағанаттар (империя) кезіндегі жазу жүйелерін ескеріп отырмыз. «Ана тілі», 9-15 маусым 2009 жыл. № 27 (968).

**ҚАҒИДАТ** – *принцип*. «Бір терезе» қағидаты қызмет көрсету сапасын көтеруге серпін берді. «Егемен Қазақстан», 8 тамыз 2008 жыл. № 239-240 (25211). Ал барлық деректер бір сәттік қағидаты бойынша жинақталды. «Егемен Қазақстан», 27 желтоқсан 2008 жыл. № 420-421 (25390).

**ҚАҒЫТПА** – *анекдот*. Қазіргі Конситуция, ана бір қағытпада айтылып жүргендей, Қазақстанның алғашқы және соңғы президенті Назарбаевтың шексіз билігіне қызмет етеді. «Жас Алаш», 26 наурыз 2009 жыл. № 25 (15379); Тіпті екі ел президенті жөнінде мынандай қағытпаның ел арасына тарап кеткені бар. «Жас Алаш», 3 ақпан 2011 жыл. № 9 (15571).

**ҚАЗАНАМА** – *некролог*. Солардың бір тобы 1948 жылғы 3 қазанда «Социалистік Қазақстанда» қазанамасы жарияланған бес ғалым. «Егемен Қазақстан», 19 желтоқсан 2008 жыл. № 397-404(25373).

**ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ** – *казначейство*. Қазынашылық саласындағы алмасу. «Егемен Қазақстан», 28 қыркүйек 2011 жыл. № 461-464(26857).

**ҚАЗІРГІЛІК** – *современность*. Өткенді құрбандыққа шалатын қазіргілік туралы кейіпкер пікірі алдамшы. «Қазақ әдебиеті», 15 желтоқсан 2009 жыл. № 52(3163).

**ҚАЙНАРКӨЗ** – *источник*. Бір қайнаркөзден сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру. «Айқын», 4 тамыз 2011 жыл. № 142 (1809); Бір қайнаркөзден сатып алу жөнінде хабарлама. «Айқын», 23 қыркүйек 2011 жыл. № 176 (1843);

**ҚАЙНАТЫНДЫ//ҚАЙНАТПА** – *настойка*. Күніне бір стақан жалбыз қайнатындысын үшке бөліп пайдалану керек. Жоғарыда айтылған қайнатпамен тісіңізді тәулігіне екі реттен шайып жүрсеңіз, тіс жегісінен қорғайды және тістің сыртқы қабатын бекемдей түседі. «Жас Алаш», 6 мамыр 2011 жыл. № 35(15597).

**ҚАЙТАЛАМА** – *альтернатива*. Қазақ тілі – әлемдік тіл кеңістігінде қайталамасы жоқ, ғасырлар бойы гуманизм мен прогреске, қазақтардың ұлттық

тұтастығы мен бірлігін нығайтуға қызмет етіп келе жатқан тіл. «Ана тілі», желтоқсанның 18-і 2008 жыл. № 51 (940).

**ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАУ** – *реструктуризация*. Молдажанова өз компаниясында қаржы активтерін қайта құрылымдау ісімен табысты түрде айналысқан. «Айқын», 2 мамыр 2009 жыл. № 97 (1278). Қайта құрылымдауды жүргізіп жатқан дефолтқа ұшырағандардан өзге де жүйеқұраушы банктердің проблемалары шаш етектен болып шықты. «Жас Алаш», 2009 жыл 3 қыркүйек. № 71(15425).

**ҚАЛАӘКІМДІК** – *горакимат*. Гүл жайнаған шырағым, Қалаәкімдік – тұрағың. «Алматы ақшамы», 6 наурыз 2010 жыл. № 28-29 (4274).

**ҚАЛАБАСЫ** – *мэр города*. Қалабасы оқып берген Елбасының осы конференцияға жолдаған хатында «Келешек ұрпақ өз кезегінде, жаңа басталған тарихымыздың ең бір күрделі кезеңінде тәуелсіз мемлекетіміздің қлыптасуына қазақ зиялыларының көзге түсе бермейтін, бірақ мейлінше игілес қосқанын дұрыс бағалауға тиіс». «Айқын», 22 қараша 2008 жыл. № 221 (1158).

**ҚАЛАМИЯТ** – *к*. Туындыгердің қазақ қаламиятындағы сұңғыла ойлар мен сұңғақ бойларды, олардың қалыптасу жылдары мен соқтықпалы-соқпақсыз жолдарын егіздей сипатталуынан тартымдылық көрінеді. «Алматы ақшамы», 17 ақпан 2011 жыл. № 20 (2630).

**ҚАЛАМША** – *черенок*. Барлықтанаптардағы тіп-тіктұрған жүзімдердің араарасы – түп-түгел жаңа көшеттер, яғни бүршік жарып үлгермеген қаламшалар. (Бұрын биологиялық әдебиеттерде «қаламше» түрінде қолданылып келген). «Егемен Қазақстан», 13 мамыр 2009 жыл. № 168-169(25566).

**ҚАЛТАМАН** – *карманник, карманищик*. Қалтамандардың құпиясы немесе «ұрылар мектебінің» дәстүрлері. Қалтаға түсетін сұғанақ кол ұрыларды қазір ресми қалтаман дейтін болдық. «Айқын», 11 маусым 2009 жыл. № 104 (1285); Ал қалтаға түсуші ұрыларды қазақ «қалтаман» (карманник) дейді. «Ана тілі», 3-9 наурыз 2011 жыл. № 9 (1054).

**ҚАЛТАУЫЗ** – *хомяк*. Қалтауызды өлтірсең, темір торға тоғытыласың! Ол өзінің үйіндег қалтауызын (хомяк) микротолқынды пешке салып жіберген көрінеді. «Жас Қазақ», 1 қазан 2010 жыл. № 38(298).

**ҚАМТЫЛЫМ** – *охват*. Қазақстандық қамтылымның үлесі. «Егемен Қазақстан», 5 желтоқсан 2009 жыл. № 406-407 (25804).

**ҚАНАТҚАҚТЫ** – *пилотный*. Журналдың қанатқақты нөміріндегі жарияланымдардың кейіпкерлері, елорданың БАҚ басшылары қатысты. «Жас Қазақ», 3 шілде 2009 жыл. № 26 (234).

**ҚАНАТҚАҚТЫ ЖОБАЛАР** – *пилотные проекты*. Қанатқақты жобалар каралады (тақырып)//«Егемен Қазақстан», 12 наурыз 2008 жыл. № 65-68 (25040).

**ҚАНАТТЫ ЖОЛ** – *канатная дорога*. Қанатты жолды қалай атасақ екен? «Алаш айнасы», 22 желтоқсан 2010 жыл. № 222 (448).

**ҚАНТАНЫМ** – *генетика*. Біздіңше, қазірде халықаралық деп танылып жүрген мына тәрізді терминдердің түркілік қаны ап-анық. Мысалы: генетика – қантаным. //«Ана тілі», 2009 жылғы қаңтардың 8-і. № 1(942).

**ҚАНТ ҚҰРАҒЫ** – *тростник*. Осы себепті, ақ қанттың әлемдік рыноктағы бағасы да, Қазақстандағы бағасы да осы импорттық шикізат – қант құрағына («тростникке») байланысты болып отыр. «Егемен Қазақстан», 15 қазан 2010 жыл. № 424-426 (26269).

**ҚАПТАМА** – *чехол*. «Ол бұл сапарында алдымен өртсөндіргіш қаптама шығаратын зауыттың лентасын қиды. «Егемен Қазақстан», 19 қараша 2010 жыл. № 493-494 (26337).

**ҚАПТАМА** – *упаковка*. Тұтынуға арналған міндетті мәлімет қаптамаға жазылған( обязательная информация для потребления размещена на упаковке.

**ҚАРАМАЙ** – *нефть*. Қарамай қызығы таусылмасын! Қазір Құдайға шүкір, қарамайдың арқасында қазақтардың еңсесі көтеріле бастады. «Жас қазақ», 9 қыркүйек 2011 жыл. № 35 (347); Омбыда қарамай өңдейтін зауыт бар. «Жас қазақ», 23 қыркүйек 2011 жыл. № 37 (349).

**ҚАРАСӨЗ** – *проза*. Көсемсөзден қарасөзге жол салған. «Ана тілі», 9-15 маусым 2011 жыл. №23 (1071).

**ҚАРЖЫГЕР** – *финансист*. Бас қаржыгерге тапсырма берілді. «Айқын», 18 қаңтар 2011 жыл. № 8 (1675); Қаржыгер қайтарылды. «Жас Қазақ», 1 сәуір 2011 жыл. № 12 (324); Кәсіпкерлер мен қаржыгерлер келісімге келді. «Егемен Қазақстан», 26 тамыз 2011 жыл. № 151 (603).

**ҚАРЫЗГЕР** – *должник*. Қарызгер қарызды қалай қайтармақ? «Айқын», 19 шілде 2008 жыл. № 133 (1070). Алматылық қарызгерлер аштық жариялады. «Айқын», 21 қаңтар 2009 жыл. № 7 (1188).

**ҚАРСЫҚҰРТ** – *антивирус*. Білгіштер тіпті құртқұртқыш па, қарсықұрт па (антивирус), соның бір дауасы табылғаннан кейін де бола беретін қатер туралы қатер туралы көп айтып жүр. (М.Кенжебай). «Ана тілі», 18-24 маусым 2009 жыл. № 24 (965).

**ҚАРСЫМАН** – *иммунитет*. Егер өзінің дініне, ұлттық дәстүрлеріне негізделген заңдары, тәртіптері бұлжымай сақталып отыратын ел болса, әлгіндей өзге елдерден әртүрлі жолмен немесе әдейі әкеліп таратылатын кесел, сырқат атаулы қазақ сияқты тегі мықты, ағзасының қарсымандығы (иммунитеті) күшті халықты сырт айналып-ақ өтер еді. (М.Кенжебай). «Ана тілі», 18-24 маусым 2009 ждабыл. № 24 (965).

**ҚАСАПХАНА** – *бойня*. Қасапханада сойылмаған мал еті сатуға жіберілмейді. «Алматы ақшамы», 4 наурыз 2010 жыл. № 27 (4272).

**ҚАСБЕТ** – *фасад*. Рождество қасбетінің бірнеше дінмаңдайшасы (порттик) бар. Әрине, Гауди жауһарының ең кереметі – Рождество қасбеті. «Егемен Қазақстан», 22 сәуір 2011 жыл. № 160-163 (26565); Қасбеті, шатырды, жертөлелерді жөндеу және жылыту, желілерді, соның ішінде электр сымдарын ауыстыру, шамамен алғанда, 30-60 млн. теңге болып шығады. «Алматы ақшамы», 10 қараша 2011 жыл. № 131(4533).

**ҚАСҚАБАСТЫҚ** – *лысына*. Қасқабастықтың сыры ашылды... Қасқабастықтың сырын ашу жылдар бойы әлемдік медицинаның басты қызықты тақырптарының біріне айналған еді. Америкалық дәрігерлердің



қорытындысы бойынша, қасқабастық ер адам ағзасындағы тін жасушалары қызметінің бұзылуы салдарынан болады екен «Алаш айнасы», 11 қаңтар 2011 жыл. № 1 (453).

**ҚАСІРЕТНАМА** – *реквием*. Әлемдік қауіп-қатердің алдын алу үшін, өткеннен тағылым түйю үшін қасіретнама әлі де жазыла береді. «Алматы ақшамы», 26 ақпан 2011 жыл. № 22 (4424).

**ҚАТЕРЛІ ІСІК** – *злокачественный опухол (рак)*. Қатерлі ісік қауіпі қашан бәсеңдейді? «Айқын», 15 сәуір 2011 жыл. № 66 (1733); Грек жаңғағы сүт безі қатерлі ісігінен қорғайды. «Алаш айнасы», 6 қыркүйек 2011 жыл. № 156 (608).

**ҚАТЕТҮЗЕР** – *корректор*. Түске дейін әдеби сарашы, техникалық сарашы, безенші, қатетүзер секілді мамандар дәрісханаларда кезек-кезек дәріс өткізеді (С.Медеубекұлы). «Айқын», 2 сәуір 2011 жыл. № 57 (1724).

**ҚАТЫРМА ҚАҒАЗ** – картон. Қатырма қағаздан жасалған шаңсорғыш. «Алматы ақшамы», 26 шілде 2011 жыл. № 86 (4488).

**ҚАТЫСЫМ** – *коммуникация*. Қазақ тілі – мәдениетаралық қатысым құралы. «Ана тілі», 26 мамыр – 1 маусым 2011 жыл. № 21 (1069);

**ҚАУЫМДАСТЫҚ** – *ассоциация*. Қауымдастықтың қарқынды қадамы. «Нұр Астана», 10 шілде 2008 жыл. № 28 (241). Ашаршылық, эпидемия, экологияның нашарлауы, терроризм, есірткі саудасы – бірде-бір ғаламдық проблема халықаралық қауымдастықтың бірігуінсіз шешілуі мүмкін емес. «Астана ақшамы», 26 тамыз 2008 жыл. № 101 (2265).

**ҚАУІПСІЗДІК БЕЛДІГІ** – *ремень безопасности*. Қауіпсіздік белдігі – сақтық кепілі. «Егемен Қазақстан», 14 қараша 2008 жыл. № 345-346 (25316).

**ҚАЯЗ** – *унитаз*. **Air Astana**.

**ҚИРАНДЫ** – *обломки, развалина*. Қиранды орнында – жаңа мектеп. «Егемен Қазақстан», 5 қыркүйек 2008 жыл. № 273-274 (25244). Әзірге қирандылар арасынан мүрделер шығарылып жатыр. «Ана тілі», 9-15 желтоқсан 2010 жыл. № 49 (1042).

**ҚИЫРШЫҚТАС** – .....(*керамзит*). Қиыршықтас зауыты іске қосылды. «Егемен Қазақстан», 30 сәуір 2010 жыл.

**ҚИЯЛГЕР** – *фантаст*. Қиялгер неден қателесті? «Егемен Қазақстан», 24 маусым 2009 жыл. № 214-217 (25614); Кеңестің қызыл өкіметінің тыныш уақытында қазақтың Шоқан деген қиялгер-жазушысы кітапханаға қашып кіріпті. «Халық сөзі», 24 ақпан 2012 жыл. № 15 (159).

**ҚОҒАМСӨЗ** – *публицистика*. Қоғамсөз.., Замансөз.., әлде Мәндісөз...«Айқын», 29 қазан 2008 жыл. № 203 (1140).

**ҚОЙЫЛЫМ** – *постановка*. Қойылым соңында көз ждасыма ерік бердім. «Алматы ақшамы», 16 шілде 2011 жыл. № 82 (4484).

**ҚОҚЫСХАНА** – *свалка*. Өзге Өскемен: қоқысханадағы қаңғыбастар тойы. Мына қоқысхананың іргесіндегі үш ауыл жұртының біразына осы жер жұмыс тауып беріп отыр. «Дала мен қала», 1 тамыз 2011 жыл. № 31 (410).

**ҚОЛАРБА** – *инвалидная коляска*. Аудан әкімі қоларба сыйлады. «Алматы ақшамы», 25 қазан 2008 жыл. № 122 (4060).

**ҚОЛ ДОБЫ** – *гандбол*. Бүгін Алматыда қол добынан халықаралық турнир басталды. «Жас қазақ», 10 маусым 2011 жыл. № 22 (334).

**ҚОЛЖЕТІМДІ/ҚОЛ ЖЕТІМДІ** – *доступный*. Үй бағасының құлдырауы немесе қолжетімді үйлер салу баспана мәселесін қаншалықты шешеді? «Айқын», 3 қазан 2008 жыл. № 186 (1123); ... Бакыт Сұлтановтың төрағалық етуімен «Қазақстандағы қол жетімді үй, қолжетімді ипотека қалпына келтіру бағыты» атты дөңгелек үстел мәжілісі болып өтті. «Дала мен қала», 15 қараша 2010 жыл. № 45 (374).

**ҚОЛЖЕТІМДІК** – *доступность*. Ақпарат қолжетімдігі артатын болды. «Егемен Қазақстан», 23 сәуір 2010 жыл. № 150-153(25999).

**ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІК/ҚОЛЖЕТІМДІЛІК** – *доступность*. Сапа мен қол жетімділік көрсеткіштері. «Астана хабары», 3 сәуір 2008 жыл. № 42 (2206); Кенжолакты қолжетімділік немесе жет дегеніміз не? «Алаш айнасы», 27 қазан 2010 жыл. № 186 (412).

**ҚОЛ КҮРЕСІ** – *армрестлинг*. Алматыда қол күресінен өткен әлем чемпионатында еліміздің құрамасы жалпыкомандалық есепте екінші сатыға орнықты. «Жас Алаш», 6 желтоқсан 2011 жыл. № 97 (15659).

**ҚОЛМА-ҚОЛ АҚША** – *наличные деньги*. ҚР Экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі таратқан мәліметке сәйкес, қылмыскерлер Теңіз картасын жасау кезінде 1 млрд теңгені «Қазгеодезия» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мен оған қарасты жалған фирмалардың есепшоттарына аударып, қолма-қол ақшаға айналдыру арқылы ұрлаған. «Алаш айнасы», 18 қазан 2011 жыл. № 184 (636).

**ҚОЛСӨМКЕ** – сумочка. Қолсөмке. Ұсынылып отырған қолсөмке күнделікті ұстауға немесе ұсақ-түйек салуға арналған. «Ерке-Нұр» журналы, № 1-2 (13), 2010 жыл. 40-бет.

**ҚОЛ ТЕЛЕФОН** – *мобильный телефон*. Қол телефоныңыз суға түсіп кетсе. «Алматы ақшамы», 14 қаңтар 2010жыл. № (4250).

**ҚОНЫСТОЙ** – *новоселье*. Қызылағашта 100 үйде қоныстойы тойланды. «Айқын», 21 мамыр 2010 жыл. № 88 (1552); Қоныстойға аз қалды. «Заң газеті», 18 ақпан 2011 жыл. № 24 (1840); Қоныстой иелері өз пәтерлерін «Жағалау», «Зерде», «Тамыз», тұрғын үй кешендерінен алып отыр. «Айқын», 16 наурыз 2011 жыл. № 47(1714); Қоныстой формуласы. «Жас Алаш», 11 тамыз 2011 жыл. № 64 (15626).

**ҚОРҒАНЫШ БЕЛБЕУІ** – *ремень безопасности*. Көлікте қорғаныш белбеуін тағынбауды, бағдаршамның қызыл түсіне зулап өтуді, қарсы жолаққа шығып басып озуды көпшілік айбын-дәреже көреді. «Айқын», 9 шілде 2008 жыл. № 125(1062).

**ҚОРҚОР//ҚОР-ҚОР** – *калян*. Қорқорға құл болғандар саны артып келеді. «Алаш айнасы», 27 шілде 2011 жыл. № 130 (582); Қор-қор тартқан болар қор. «Астана пw» журналы; Қорқор тартып... қор болдық! «Айқын», 16 маусым 2011 жыл. № 108 (1775); Қорқор тартсаң ... қор боласың... «Жас қазақ», 12-19 тамыз 2011 жыл. № 32 (508).

**ҚОСӘЛЕМ** – *параллельный мир*. Қосәлемнің құпия қақпасы. Осындай қосәлемнің қилысып жатқан нүктесін қалай айыруға болады деген сұрақ оқымыстыларды талай ғасырдан бері толғандырып келеді. «Айқын», 10 қараша 2011 жыл. № 210 (1877).

**ҚОСТОТЫҚ** – *двуокисел*. Тер иісі құрамында көміртек қостотығы, аммиак, сүт қышқылы және жеті түрлі карбон қышқылы болады. «Алаш айнасы», 26 ақпан 2011 жыл. № 35(487).

**ҚОС ШАТЫРЛЫ (Парламент)** – *двухпалатный (Парламент)*. Қолданыстағы Конституцияның 53-ші бабының 1-тарамақшасы Мемлекет басшысына қос шатырлы Парламенттің мақұлдауымен, еліміздің Негізгі заңын өзгертудің қуатты тетігін беретіндігі мәлім. «Айқын», 3 ақпан 2011 жыл. № 20 (1687).

**ҚОЯН-ҚОЛТЫҚ ҰРЫС** – *рукопашный бой*. Қоян-қолтық ұрыстан спорт шеберіне үміткер Айдар Дәуітов әнші Бейбіт Қорған соққыға жықты деп арызданған. «Жас қазақ», 29 қазан 2010 жыл. № 42 (302).

**ҚУҒЫН-СҮРГІН** – *репрессия*. «Саяси қуғын-сүргін құрбандарының мұражайына» келіңіздер. «Мырза», қаңтар 2010 жыл. № 01(29). Сталиндік қуғын-сүргіннің ауыр жылдарында қазақ жері ондаған мың жер аударылған кәрістерді қабылдады. «Айқын», 23 сәуір 2010 жыл. № 70 (1494).

**ҚҰЖАТ** – *документ*. Құжаттарды ресімдеудің оңайлатылғаны халыққа тиімді. «Егемен Қазақстан», 5 тамыз 2008 жыл. № 23-237 (25208).

**ҚҰЖАТАЙНАЛЫМ** – *документоборот*. Осыған орай, электронды құжатайналымның бірыңғай жүйесіне қосылған орталық және жергілікті атқарушы органдарға Агенттік ЭҚБЖ электронды форматта ғана келесі хат-хабардан басқа құжаттарды жібереді.

**ҚҰЖАТНАМА//ҚҰЖАТТАМА** – *документация*. Бұл ресми құжаттардың көшірмелері музейдің көрме залына деректі құжатнама ретінде қойылған. «Жас Алаш», 23 сәуір 2009 жыл. № 33(15387); Бүкіл құжаттама, бүкіл ақпарат құралдары мен мәдениеттің сан саласы тек ағылшын тілінде. «Түркістан», 15 қыркүйек 2011 жыл. № 37(895).

**ҚҰЖАТТАНДЫРУ** – *документирование*. Ауданда әділет басқармасы атқаратын жұмыстардың басым көпшілігі азаматтарды құжаттандыруға саяды. «Егемен Қазақстан», 5 тамыз 2008 жыл. № 23-237 (25208); Құжаттандыру мәселесі халыққа түсіндірілді. «Алматы ақшамы», 2 тамыз 2011 жыл. № 89 (4491).

**ҚҰЗЫРЕТ//ҚҰЗЫРЕТТІЛІК** – *компетенция*. Құзыреттіліктің заман талабына сай кез келген саланың маманы болуға мүмкіндік беретін басты екі түрі белгіленіп отыр. «Егемен Қазақстан», 15 мамыр 2009 жыл. № 170-172 (25569); Лаңкестік оқиғаларға байланысты күштік құрылымдардың құзыретін кеңейту керек пе? «Алаш айнасы», 15 қараша 2011 жыл. № 202 (654).

**ҚҰЗЫРЛЫ** – *компетентный*. Құзырлы органдар қолдау білдіруде. «Ана тілі», 17-23 наурыз 2011 жыл. № 7 (1052); Ұлтымызды қорлап жатқанда құзырлы органдар неге үнсіз? «Алаш айнасы», 25 тамыз 2011 жыл. № 150(602); Жалпы,

ресейлік құзырлы орган мамандарының ойынша, банктен қарыз алушылардың дүкеннен тауар алатн тұтынушылардан еш айырмашылығы жоқ. «Алаш айнасы», 23 қыркүйек 2011 жыл. № 168 (620).

**ҚҰЗЫРХАТ** – *петиция*. Алаш қозғалысының басталу кезені жөнінде әңгіме болғанда, көбінесе, 1905 жылы Қоянды жәреңкесінде дүниеге келген Қарқаралы құзырхаты айтылады. «Астана ақшамы», 7 қазан 2008 жыл. № 118 (2282).

**ҚҰЙЫНДАУ** – *левитация*. Ол судың құйындау («левитация») күші арқылы кішігірім электростанция мен реактивті ұшақтардың двигателін жасап шығарды. «Жас Алаш», 21 сәуір 2009 жыл. № 32(15386).

**ҚҰҚ//ҚҰҚЫҚ** – *право*. Дәрігердің де, науқастың да құқын қорғайтын заң керек. Мұндай жағдай орын алғанда көбінесе науқас өз құқығын қорғай алмай пұшайман болып жатады. «Алаш айнасы», 11 тамыз 2011 жыл. № 140(592); Адам және құқық. «Егемен Қазақстан», 17 тамыз 2011 жыл. № 375-376(26770).

**ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ//ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ** – *правонарушение*. Атап айтсақ, аталған құқықбұзушылық үшін тек қана әкімшілік айыппұл салу жазасы ған көрсетілген. «Жас қазақ», 23 қыркүйек 2011 жыл. № 37 (349); Солардың көмегімен каншама құқық бұзушылық, қылмыс алдын ала ашылууда. «Айқын», 30 қыркүйек 2011 жыл. № 181(1848).

**ҚҰҚЫҚҚОРҒАУ** – *правоохранительный*. Құқыққорғау органдарының қызметіне енді бақылау күшейеді. «Айқын», 2 ақпан 2010 жыл. № 16 (1440).

**ҚҰҚЫҚҚОРҒАУШЫ** – *правозащитник*. Алматыда шұғыл баспасөз жиынын өткізген «Голос Республики» газетінің қызметкерлері құқыққорғаушылар тарапынан өздеріне қысым жасадлғанын жасырмады. «Жас Алаш», 18 қаңтар 2011 жыл. № 3 (15565). Қазақстанның адам құқығы жөніндегі бюросы құқыққорғаушы Евгений Жовтисті шартты түрде мерзімінен бұрын босатпауды ұйғарған биліктің ісін сынап мәлімдеме таратты. «Жас Алаш», 20 қаңтар 2011 жыл. № 4-5 (15566-67).

**ҚҰҚЫҚТАНУШЫ** – *правовед*. Құқықтанушылардың айтуы бойынша, сот алқабилері алғаш рет б.э.д. 829 жылы Францияда, одан соң 1066 жылы Англияда пайда болған екен. «Алаш айнасы», 11 тамыз 2011 жыл. № 140(592).

**ҚҰЛАҚҚАП** – *наушник*. Құлаққаптың зияны. Мамандар құлаққапты ұзақ уақыт бойы қолдану құлақтың есту қабілетін төмендетеді деп дабыл қағуда. «Алаш айнасы», 25 тамыз 2011 жыл. № 150 (602).

**ҚҰЛАҚКИГІШ** – *наушник*. Бұдан басқа, мидың сәуле алуынан сақтану үшін барлық телефондар құлақкигіштермен бірге сатылатын болады. «Президент және Халық», 16 қаңтар 2009 жыл. № 02 (175).

**ҚҰЛАҚНАН** – *пельмен*. Тіпті, «ұра берсе Құдай да өледі» демекші, шайнама (закусочное), құлақнан (пельмен), шығынқы қабат (цокольный этаж) дегендерге етіміз де үйрене бастағандай күйге түстік. «Алаш айнасы», 7 қараша 2009 жыл. № 198 (198).

**ҚҰЛТЕМІР** – *робот*. Автократиялық жүйеге «ақыл-ойлардан» гөрі «құлтемірлер» қажеттірек. «Жас Алаш», 7 сәуір 2009 жыл. № 28 (15382). Кім

аударғанын білмеймін, «роботты» қазір біз «құлтемір» деп тәржімалап жүрміз. Айтары жоқ, өте сәтті аударма. Ә.Меңдеке. Елі ұмытпайтын еңбек//Баққожа. Алматы, 2008. -162 б. Құлтемір (робот) сияқты қатып, семіп, сіресіп қалған. «Жас Алаш», 21 сәуір 2009 жыл. № 32(15386). Құлтемір ұстазды алмастыра ала ма? «Жас Алаш», 26 шілде 2011 жыл. № 58(15620).

**ҚҰМАРОЙЫНШЫ** – *азартный игрок*. Құмаройыншылар көз жұмды. «Ана тілі», 28 сәуір -4 мамыр 2011 жыл. № 17(1062).

**ҚҰМАРХАНА** – *казино*. Құпия құмарханалар. «Нұр Астана», 5-12 наурыз 2008 жыл. Қазақ қаражаты құмарханаларға құйылуда. «Жас Қазақ», 14 қараша 2008 жыл. № 45 (201). Құмарханалар заңсыз әрекетке көшті. «Түркістан», 23 сәуір 2009 жыл. № 16(770).

**ҚҰНДЫЗ** – *выдра*. «Құндыз» бен «кәмшатты» айыра білейік. «Ана тілі», 12-18 қараша 2009 жыл. № 45 (986).

**ҚҰНСЫЗДАНУ** – *инфляция*. Құнсыдануға қойылғант осқауыл. Алматы облыстық өнеркәсіп және кәсіпкерлік басқармасы аймақтағы құнсыздану үрдісін тежеу жұмыстарын үйлестіруде үлкен істер атқарып отыр. «Айқын», 30 мамыр 2009 жыл. № 96 (1277).

**ҚҰРСАҚ АНА** – *суррогатная мать*. «Ақшасы құрысын, өлермен болсам да енді құрсақ ана болмаспын» деп отыр. «Ана тілі», 20 – 26 қаңтар 2011 жыл. № 3 (1048).

**ҚҰРТ АУРУЫ//ҚҰРТ** – *туберкулез*. Құрт ауруы қағынып тұр маман дәрігерлер мүлде жетіспейді. «Айқын», 17 мамыр 2011 жыл. № 86 (1753).

**ҚҰРТҚҰРТҚЫШ** – *антивирус*. Білгіштер тіпті құртқұртқыш па, қарсықұрт па (антивирус), соның бір дауасы табылғаннан кейін де бола беретін қатер туралы қатер туралы көп айтып жүр. (М.Кенжебай). «Ана тілі», 18-24 маусым 2009 жыл. № 24 (965).

**ҚҰРЫЛЫМДАУ** – *структурализация*. Терімжолды құрылымдау жалғасады. «Айқын», 30 сәуір 2009 жыл. № 76(1257).

**ҚҰРСАҚ АНА** – *суррогатная мать*. «Құрсақ ана» болуды қазақ әйелдері кәсіпке айналдырған жоқ. «Астана ақшамы», 30 шілде 2011 жыл. № 85(2695).

**ҚҰРТАЛМАСТЫРҒЫШ** – *куртзаменитель*. Атам заманғы құрттың жасалу технологиясы бұзылып, оның орнына заманауи құрталмастырғыштар шыққалы қашан! «Алаш айнасы», 1 қазан 2011 жыл. № 173 (625).

**ҚҰСНИХАТ//ХҰСНИХАТ** – *колиграфическое письмо*. Сол Медеу есіміндегі шұрат қазір мыңдардың көзайымы, Алматының құснихатындай көрікті жері, ордалы орны. «Егемен Қазақстан», 13 қазан 2010 жыл. № 422-423 (26266); Ираннан жеткен құснихат. «Алаш айнасы», 15 қыркүйек 2011 жыл. № 162 (614);

**ҚҰСНИХАТШЫ//ХҰСНИХАТШЫ** – *колиграфист*. Бұл шығарманың әр уақытта, әр жерде, әр түрлі хұснихатшылар тарапынан көшірілген жеті нұсқасы сақталған (Н.Келімбетов)//Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. - Алматы, 2011. 57-б.

**ҚҰСТҰМАУ** – *птичий групп*. Шамасы,әлгі «құстұмау», «шошқатұмау-

лардың» өздерінен де олардың жанама, яғни келесі бір туынды вирустары қауіптірек сияқты. (М.Кенжебай). «Ана тілі», 18-24 маусым 2009 жыл. № 24 (965).

**ҚҰСШЫ** – *орнитолог*. Құсшы. «Ана тілі», 3-9 желтоқсан 2009 жыл. № 48 (989).

**ҚУЫРШАҚШЫ** – *кукольник*. Алматыға 21 елдің қуыршақшылары келе жатыр. Алматы қаласының әкімдігі, мемлекеттік қуыршақ театры, Дүниежүзілік қуыршақшылар Ассоциациясы және «Tanaris» кинокомпаниясы I Дүниежүзілік қуыршақ керуеніне дайындық жұмыстарын жүргізуде. «Алматы ақшамы», 22 қыркүйек 2011 жыл. № 111 (4513).

**ҚЫДЫРМА** – ..... Екіншіден, бұрын шетелден біраз ғана тұруға келіп жатқан саяхатшы, қыдырма, саудагер (бизнесмен) атаулы дәрігерлік тексеруден өтетін. (М.Кенжебай). «Ана тілі», 18-24 маусым 2009 жыл. № 24 (965).

**ҚЫЗАНАҚ** – *помидор*. Жылыжайдағы қызанақ та қымбат. «Жас Қазақ», 17 сәуір 2009 жыл. № 15 (223).

**ҚЫЗБА ОЙЫНДАР** – *азартные игры*. Қызба ойындарға кім қызқпайды? (Ж.Қырғызбай). «Айқын», 10 қараша 2010 жыл. № 209 (1633).

**ҚЫЛҚАЛАМ** – *кисть (художника)*. Поставангардизм бағытын бағытын ұстанған қылқалам шеберіне кеңес дәуірінде кедергі аз болған жоқ. Бұл жайында суретшінің талантты шәкірті, қылқалам иесі, сазгер Ерсайын Жапақ былай дейді. «Айқын», 18 қаңтар 2011 жыл. № 8(1675).

**ҚЫЛТИМА** – *болкон*. Қылтимасы опырылып түсті. «Жас Алаш», 29 сәуір 2010 жыл. № 34 (15492).

## Л

**ЛАҚТЫРУ** – *кидать, кинуть*. Ильинді лақтырды ма, әлде Ильин лақтырды ма? «Алаш айнасы», 7 қараша 2009 жыл. № 198 (198). (мақала тақырыбы).

**ЛАҢКЕС** – *террорист*. Қамауға алынған лаңкестің берген түсініктемесінде жарылысты ұйымдастыруға жергілікті әкімшіліктің 15 адамы көмектескен көрінеді. «Айқын», 12 тамыз 2008 жыл. № 149 (1086); Тарих бетінде қаралы Олимпиада ретінде сақталатын бұл доданың шырқын израильдік спортшыларды кепілге алған палестиналық лаңкестер бұзды. «Айқын», 4 наурыз 2010 жыл. № 38 (1462).

**ЛАҢКЕСТІК** – *терроризм*. Бейсенбі күні АҚШ президенті Джорж Буш Нельсон мандела жетекшілік ететін Африканың ұлттық конгресі ұйымын лаңкестік ұйымдардың қатарынан шығару туралы бұйрыққа қол қойды. «Дала мен қала», 4 шілде 2008 жыл. № 26-27 (254); «2001 жылы қыркүйекте АҚШ-та лаңкестік жасаған бен Ладеннің көзін жойдық. «Жас Алаш», 4 мамыр 2011 жыл. № 34 (15596).

**ЛАҢКЕСШІ** – *террорист*. Жергілікті полиция таратқан ақпарға сүйенсек, лаңкесші жанкештілер жиырма шақты болып шабуылға шыққан. «Associated Press» «лаңкесшілердің бірі өзін Президент сарайы жанында жарып жіберді» дегенді алға тартуда. «Ана тілі», 21-27 қаңтар 2010 жыл. № 3 (996).

**ЛЕБІЗХАТ** – *открытка*. Ең бірінші жаңажылдық лебізхаттар Англияда шыққан. Осы жаңажылдық лебізхаттар қашан және қайда шықты екен деген сұрақ көкейімді тесіп тұрады. «Алаш айнасы», 28 желтоқсан 2011 жыл. № 230(682).

## М

**МАҒҰЛЫМДАУ** – *декларирование*. Министрлердің мүлкі мен кірісін мағұлымдау – қоғамның социалистік сәнін келтірер іс. «Ана тілі», қазанның 23-і, 2008 жыл. № 43 (932).

**МАЗАРАТ** – *мавзолей*. Мазараттың салынуы мен Ленин денесін бальзамдау тарихы. «Ана тілі», 15-21 сәуір 2010 жыл. № 15(1008).

**МАЙСА** – .... Хан шатырының маңына 8 855 шаршы метр майса төселіп, 640 шаршы метр гүлтөсем салынып, 450 ағаш егілді. «Айқын», 15 қазан 2010 жыл. № 191 (1615).

**МАҚҰЛЫХАТ** – *фауна*. Мысалы, ол кісі «фаунаны» – мақұлыхат, «флораны» – нәбетат» деп алуға болатыны жайында ишара жасап, бұларды қолдануды, иә қолданбауды ырқымызға қалдырғанын білеміз. «Ана тілі», 17-23 маусым 2010 жыл. № 24 (1017).

**МАРДАТ** – *амбиция*. Кәсіпқой тілшілеріміздің саралауынан, талдауынан әрі мұқият екшеуінен өткізілген терминдерді қоданысқа енгізуге, сірә, біздің білгіштігіміз бен мардатымыз жібермей жүр ме екен? Бұл жерде мардат сөзін әдейі тырнақшаға алып бөліп көрсетуіміздің өзіндік сыры бар. Кейінгі кезде «амбиция», әсіресе, саяси мәтіндерде жиі ұшырасып жүр. Мәселен, «амбициозные планы» ... Ендігі жерде мардатты жоспарлар» деуіміздің ешқандай өрескелдігі бола қоймас деген ой келеді. (Кеңес Юсуп). «Ана тілі», 17-23 маусым 2010 жыл. № 24 (1017).

**МАСҚАРАПАЗ** – *клоун*. Әрине, енкеуі де әнші, жыршы, ақын әрі саятшы болғанымен, сал тентектеу, масқарапаз болған. «Нұр Астана», 2008, № 48 (261). Сөйтсек, бұл масқарапаз Мұтырғанчиктің Айгүл әпкесіне еркелегені екен. Жас Алаш», 13 шілде 2010 жыл. № 55 (15513). Сондағы Масқарапаз деген бет-аузын әлеміштеп бояған ойыншыдан өлердей қорқатынмын. «Айқын», 14 шілде 2010 жыл. № 125 (1549).

**МӘДЕНИЕТТАНУШЫ** – *культуролог*. Әуел баста әлгі көпмәдениеттілік, мультимәдениет деген идеяны көтергендердің өзі осы батыс елдерінің пәлсафашылары мен мәдениеттанушылары (культурологтар) еді. «Түркістан», 15 қыркүйек 2011 жыл. № 37(895).

**МӘЖІЛІСКЕР** – *депутат мажлиса, мажлисмен*. Мәжіліскер мемлекеттік заңды, ойға қонымды жағж қызметкерлерге жанашырлық білдірді. «Жас Алаш», 15 қазан 2009 жыл. № 83 (15437). Мәжіліскерлердің мұндай үндеуіне кім селт етер екен? «Жас Алаш», 24 желтоқсан 2009 жыл. № 102 (15456).

**МӘЖІЛІСМЕН** – *депутат мажлиса, мажлисмен*. [«мәжіліс» сөзіне ағылшын тіліндегі «адам» деген мағынаны білдіретін «тап» сөзін қосып, біріктіру арқылы «когрессмен», «бизнесмен» үлгісімен жасалған жаңа атау]. Жобасының таныстырылымы кезінде мәжілісмендер оның быт-шытын шығарып, біраз сілкілеп тастаған болатын. «Қазақстан-Zaman», 4 желтоқсан 2008 жыл. № 49 (716); 2009 жыл «Қазақстанның Германиядағы жылы» қарсаңында қазақстандық мәжілісмендер германиялық әріптестеріне қазақстан-

германия парламентаралық «Германия – Қазақстан» шағын тобын құруды және параламентаралық бірлескен конференция өткізуді ұсынды. «Егемен Қазақстан», 18 қараша 2008 жыл. № 348-349(25319).

**МӘЖІЛІСШІ** – депутат мажлиса. Сәрсенбі күні төменгі палатаның алқалы жиынында мәжілісші Амангелді Момышев Өзбекстандағы қазақ отбасының өліміне қатысты тергеу жүргізуге арнайы комиссия құруды талап етті. «Жас қазақ», 10 желтоқсан 2010 жыл. № 49 (309); сондықтан, бүгінгі сенаторлар болсын, мәжілісшілер болсын, басқалар болсын, бұлар элита емес. «Жас қазақ», 23 желтоқсан 2011 жыл. № 51 (363).

**МӘЗДЕМ** – клоун. (Жарлықап Бейсенбайұлы 21.12.05. мемтерминком отырысында айтты.)

**МӘЗІР** – меню. Дастарқан мәзірі. «Онда мына мәзірде олар неге толып тұр?» - деге екен әйгілі филолог. «Жас Алаш», 20 қаңтар 2011 жыл. № 4-5 (15566-67).

**МӘЙІТ-КҮЛ** – прах. Естеріңізге сала кетсек, осы конференция алдында Мәжілістің бір топ депутаттары да Смағұл Сәдуақасовтың мәйіт-күлін Астанада жерлеу туралы Үкіметке өз сауалдарын жолдаған болатын. Смағұл атамыздың мәйіт-күлін елге қайтару үкіметаралық келісіммен іске асып жатқан жоқ. «Жас Алаш», 20 қаңтар 2011 жыл. № 4-5 (15566-67); Қазір С.Сәдуақасұлының мәйіт-күлі бас қаланың ортасындағы қорымның ішінде жатыр. «Алаш айнасы», 10 қараша 2011 жыл. № 200 (652).

**МӘЙІТҚҰМАРЛЫҚ** – некрофилизм. Зорлықтан шошынып жүргенде, мәйітқұмарлық қайдан шықты? «Алаш айнасы», 5 қараша 2011 жыл. № 197 (649).

**МӘЙІТХАНА** – морг. Мәйітханадағы кездесу. «Оян, намыс. кз. журналы. 2011 жыл. № 1 (7) қаңтар-ақпан. 45-б.; Мәйітханадағы дәрігерлер қайтыс болған адамның ішін жарып, жарамды ағзалардың барлығын алып, қайтадан тігіп, туыстарына бере салады. «Алаш айнасы», 22 қазан 2011 жыл. № 188 (640).

**МӘКҮРІК** – микроб. Енді компьютер клавиатурасының зияндығына келер болсақ, зерттеушілердің айтуынша, клавиатураға мәкүріктің (микроб) түрі 3295-тен асады екен. Салыстыру үшін айта кетейік, әжетхана унитазындағы мәкүріктің түрі 49 ғана. «Жас Алаш», 4 наурыз 2010 жыл. № 18 (15476).

**МӘМІЛЕГЕР** – медиатор (дипломат). Неге «мәмілегер» демеске?! «Алаш айнасы», 6 тамыз 2011 жыл. № 137 (589).

**МӘМІЛЕГЕРЛІК** – дипломатия. Қазақстан мәмілегерлігінің мерейлі күндері. «Егемен Қазақстан», 30 қыркүйек 2009 жыл. № 319-322 (25719); Бала күнінен бойына дарыған тиянақтылық пен мәмілегерлік қаламгерлігінің қалыптасуына үнемі пайдасын тигізіп келеді. «Ана тілі», 3-9 қараша 2011 жыл. № 44 (1092).

**МӘМІЛЕГЕРЛІК** – медиация. «Мәмілегерліктің» бұлайша бүктемеде қалуы да дәйексіз көрінеді, бізге. «Алаш айнасы», 6 тамыз 2011 жыл. № 137 (589); Бала күннен бойына дарыған тиянақтылық пен мәмілегерлік қаламгерлігінің



қалыптасуына үнемі пайдасын тигізіп келеді. «Ана тілі», 3-9 қараша 2011 жыл. № 44 (1092).

**МӘНДІСӨЗ** – *публицистика*. Қоғамсөз., Замансөз., әлде Мәндісөз... (С.Медеубектің ұсынысы). «Айқын», 29 қазан 2008 жыл. № 203 (1140).

**МӘЛІМДЕМЕ** – *заявление*. Медведевтің кешегі мәлімдемесі де осы жайдан туындап отыр. «Егемен Қазақстан», 18 қараша 2008 жыл. № 348-349(25319).

**МӘНГҮРТ//МӘНГІРТ** – *мансурт*. Мұның аты «тұтастай мәнгірту» (*мәңгүрттену емес, мәңгірттену – автор. Ә.Меңдеке*) екен ғой. Бұл терминді ғылыми айналымға енгізген – білікті ұстаз, білгір ғалым Мекемтас Мырзахметұлы. 930-37 жылдардан кейін дүниеге келген бүгінгі аға ұрпақ өкілдері тұтастай мәнгірттену жағдайын бастан кешті. «Жас Алаш», 26 қаңтар 2010 жыл. № 7 (15465).

**МӘНГІЛЕУ** – *увековечит*. Құрметті адамдарды мәңгілеу үшін қала көшелеріне, мектептерге, түрлі мекемелерге есімін берсе жеткілікті. «Ана тілі», 7-12 қаңтар 2011 жыл. № 1 (1046).

**МӘНБІ** – *функция*. Мәселен, тілімізде әлі күнге дейін *анатомия, косметика, кредит, маятник, пленка, рецепт, функция, факт* деп айтылып, жазылып жүрген сөздерді қазақша *тәнтану, риан, несие, бигеш, жұқалтыр, дәрел, мәнбі, берне* деп алуға болатындығына көзіміз жетеді. «Ана тілі», 11-18 ақпан 2010 жыл. № 10 (1003).

**МӘНДІСӨЗШІ** – *публицист*. Тек мәнді сөз айтқанда ғана айтатын болсақ, онда «публицист» дегенді «мәндісөзші» деп қолданған да әлдеқайда ұтымды да тиянақты болатындай// Қоғамсөз., Замансөз., әлде Мәндісөз... «Айқын», 29 қазан 2008 жыл. № 203 (1140).

**МӘРЕ** – *финиш*. Мәре біреу, жол – үшеу. «Егемен Қазақстан», 4 ақпан 2011 жыл. № 36-37(26439); Мәреге жеткендер пәтерлі болады. «Айқын», 20 мамыр 2011 жыл. № 89 (1756); Өңірлер күні өз мәресіне жетті. «Айқын», 17 қараша 2011 жыл. № 215 (1882).

**МӘСЛИХАТ** – *конференция*. Бұл жөнінде елордада өткен баспасөз мәслихатында ҚР ІІМ Тіл саясаты және ақпарат департаментінің инспекторы Сәуле Қалиева хабарлады. «Айқын», 12 қараша 2008 жыл. № 213 (1150). Сонымен қарашаның 25-і күні Алматыдағы Ұлттық баспасөз клубына Алматы қаласында Интернет Дата Орталығының ашылуына орай баспасөз мәслихаты болып өтті. «Егемен Қазақстан», 27 желтоқсан 2008 жыл. № 420-421(25390)

**МӘСЛИХАТ** – *конференция и маслихат*. Ол үшін Парламент пен мәслихат депутаттары базарлар мен сауда орындарын аралап, жұртшылықпен жүздесулер өткізіп, мынадай қиыншылық тұсында бағаны шектеудің мән-маңызы мен осы орайдағы ел басшылығы атқарып жатқан іс-шараларды көпшілікке түсіндіруде. «Егемен Қазақстан», 19 мамыр 2009 жыл. № 175-176(25573); Мәслихат соңында Бас прокуратураның ресми өкілі ел азаматтарын радикалды құрылымдар қатарына қосылудан аулақ болуға шақырды. «Айқын», 10 қараша 2011 жыл. № 210 (1877).

**МӘТІН** – *текст*. Жолбике шумақтар мен мәні өзгерген мәтіндер. «Айқын»,

11 қараша 2008 жыл. № 212(1149). Хат мәтіні бойынша «2020» әскери бөлімінің «Қаптанбек» шекара бекетінің қызметкерлері шекараны қорғау кезінде үлкен қаптары бар белгісіз азаматты байқапты. «Айқын», 6 қазан 2010 жыл. № 184 (1608).

**МЕДБИКЕ** – *медсестра*. Медбикелер, еңбекақысы 25-30 мың теңге. «Астана ақшамы», 9 мамыр 2009 жыл. № 50 (2371). Медбике көбейді, дәрігер ше? «Ана тілі», 20-26 мамыр 2010 жыл. № 20 (1013).

**МЕЙМАНЖАЙЛЫҚ** – *гостепримство*. Мұндай мейманжайлыққа ауыздары ашылып таңғалады. «Жас қазақ», 23 қыркүйек 2011 жыл. № 37 (349).

**МЕЙМАНХАНА** – *гостиница*. Марқұмдарға арналған мейманхана ашылады. Жапонияда өлілерге арналған мейманхана ашылып жатыр. «Алаш айнасы», 17 қыркүйек 2011 жыл. № 164 (616).

**МЕЙРАМХАНА** – *ресторан*. Тіпті өз еліміздің әр қаласында да бірнеше қытай мейрамханалары бар. «Айқын», 14 тамыз 2008 жыл. № 151 (1088). Сондай-ақ Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаевтың мектеп бітіушілердің мейрамхана мен кафелерде салтанатты қоштасу кемтерін өткізуге үзілді-кесілді тыйым салуы құптарлық іс. «Айқын», 27 мамыр 2009 жыл. № 93(1274).

**МЕЙРБИКЕ** – *медсестра*. Ең үздік мейрбике баспаналы болды. «Алматы ақшамы», 14 мамыр 2009 жыл. № 56 (4147). Бірегей емхананың білікті мейрбикелері. «Алаш айнасы», 12 мамыр 2010 жыл. № 75 (301); Мейрбикелердің мәртебесін көтерді. «Алматы ақшамы», 16 шілде 2011 жыл. № 82 (4484).

**МЕКЕНЖАЙ** – *адрес*. Мұражай басқа мекенжайға көшірілсе... «Айқын», 21 қаңтар 2009 жыл. № 7 (1188).

**МЕКЕНШАҚ** – *хронотоп*. «Аңыздың ақыры»: мекеншақ пен семиозис. Шығарма мекеншағында ауыс-түйіс бола қалған жағдайда айрылмас сыңарымен бірге көшеді. «Қазақ әдебиеті», 15 желтоқсан 2009 жыл. № 52(3163).

**МЕРЕЙЖАС** – *юбилей*. Мерейжас алдында аймақтағы оқу орындарында өткізілген кездесулер жолын қуған таланттар есінде қалды. «Егемен Қазақстан», 16 сәуір 2010 жыл. № 138-140(25986).

**МЕРЕЙТОЙ** – *юбилей*. Мерейтойда марқасқалар бас қосты. «Айқын», 3 қыркүйек 2008 жыл. № 164 (1101). Біз ендігі жылы «Нұр Отанның» алғашқы мерейтойын лайықты атап өтуге тиіспіз. «Егемен Қазақстан», 27 желтоқсан 2008 жыл. № 420-421(25390).

**МЕМЛЕКЕТТІЛІК** – *гоударственность*. Мемлекеттіліктің темірқазығы. «Егемен Қазақстан», 29 тамыз 2009 жыл. № 284-285 (25682).

**МИЗАЯ** – *паранойк*. Төбе шашы тік тұрып, мұрты едірейіп, алдына келген оқымыстыларды бейшара күйге түсіріп, қорлаудан масаттана ләззат алатын мизаяны(паранойкті) көргенде Әлихан Бөкейханов: «Сауатсыз, өзі білмейтін, білгеннің тілін алмайтынның нағыз өзі екен. Қазақты былай қойғанда, ресейдің соры енді қайнайтын болды» – депті Әлімхан Ермековке. Т.Жұртбай. Алаш идеясы//Тәуелсіз қазақстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері. – Алматы, 2008. 63-б.

**МИЛЛЕТ** – *этнос*. әлбетте, қазақ миллетінің (этносының) этникалық дәстүрге, музыкаға, ата-баба тарихына қатысты мәселелерін көтеру - әбден заңды, ойға қонымды жағдаяттар. «Жас қазақ», 16 қыркүйек 2009 жыл. (қайта басылымы – «Қазақ альманағы», 2009 жыл, № 3).

**МОЙЫНШАҚ** – *воронка*. Осынау энергетикалық орталықтардың және олардың қимыл-қозғалысының пішімі мойыншақты (ворноканы) немесе алыстан көрінген алып құйынның сұлбасын көзге елестетеді. «Алматы ақшамы», 1 сәуір 2010 жыл. № 39 (4284).

**МӨЛТЕКАУДАН** – *микрорайон*. Сонымен, Шымкенттің «Қайпас – 1» мөлтекауданындағы уыздай қыздың өліміне апарып соққан, төрт адамды жан сақтау бөліміндегі төсекке таңған қанды оқиғаның, қылмыстың ізі суымай ашылды. «Айқын», 15 сәуір 2009 жыл. № 65 (1246). Биылғы жылдың 27 тамызында Тараз қаласы, «Аса» мөлтекауданындағы № 1 үйдің ауласында ойнап жүрген 1,5 жасар қыз бала жоғалып кеткен еді. «Жас Алаш», 10 қыркүйек 2009 жыл. № 73(15427).

**МӨЛШЕРЛЕМЕ** – *ставка*. Мәжіліс салықтың жаңа мөлшерлемесіне қарамастан үш жылдық бюджетті қарамақ. «Жас Алаш», 5 қыркүйек 2008 жыл. № 71 (15321); Мөлшерлемелер төмендетілді. «Алаш айнасы», 17 қыркүйек 2010 жыл. № 160(386); Сыйақы мөлшерлемелері төмендетіледі. «Жас Алаш», 18 қазан 2011 жыл. № 83(15645).

**МҰЗАЙДЫН** – *каток*. Мұзайдында – «Ақжайық». «Алаш айнасы», 22 қаңтар 2010 жыл. № 7 (233). Мұзайдында билеу сыны. «Алаш айнасы», 22 желтоқсан 2010 жыл. № 222 (448); Мұзайдында – 11ұжым. «Алаш айнасы», 15 қазан 2011 жыл. № 183(635):

**МҰЗҚАЛАШЫҚ** – *леденой городок*. Мұзқалашықтағы мереке. Тәуелсіздіктің 20 жылдығы шеңберінде Сарыарқа ауданының Көктал тұрғын алабында орналасқан № 68 орта мектептің маңында мұзқалашықтың ашылу мерекесі өтті. «Астана ақшамы», 22 желтоқсан 2011 жыл. № 147 (2757).

**МҰЗТАУ** – *айсберг*. Мұзтаулардың орташа салмағы – 20 миллион тонна. «Алматы ақшамы», 20 тамыз 2011 жыл. № 97 (4499).

**МҰНАҚЫП** – *некролог*. 18 желтоқсанда Т.Рысқұлов, Н.Нұрмақов, Ғ.Тоғжанов, М.Мырзағалиев, В.Шагов, А.Авдеев (бадам) қол қойған мұнақып (некролог) «Известия» газетінде басылған. Ресми мұнақыбында жазылғандай, ол ғұмырының соңғы жылы Мәскеу-Донбасс темір жолы құрылысында учасок басшысының орынбасары болып жұмыс істеген. «Айқын», 6 қаңтар 2011 жыл. № 1 (1668).

**МҰРАҒАТ** – *архив*. Ұлттық мұрағат үйі. Ұлттық мұрағат үйі қазақ елінің ең қымбат тарихи дүниелерін сақтап қана қоймай, оны ғасырдан ғасырға жеткізу үшін қызмет ететін болады. «Дала мен қала», 4 шілде 2008 жыл. № 26-27 (254). Құрбандар есімі электронды мұрағатқа енді. «Алаш айнасы», 30 қаңтар 2010 жыл. № 12 (238); Мұрағаттар қызметкерлеріне 25% қосымша төлемақы тиесілі ме? «Алаш айнасы1, 17 тамыз 2011 жыл. № 144 (596).

**МҰРАҒАТЖАЙ** – *архив*. Жиналыс құжатын керек еткен кісі ҚЖО-ның мұрағатжайынан да таба алар, ал Олжастың Мұқағалиды жеп қоярдай

кіжініп сөйлегеніне өзім куә болған ол жиналыстың қалай өткені Әбілмәжін Жұмабаевтың, Нұрмахан Оразбековтің естеліктерінде айтылыпты (Ғаббас Қабышұлы). «Қазақ әдебиеті», 15 сәуір 2011 жыл. № 14 (3230); Ол хатым Зекеңнің мұрағатжайында жатқан шығар (Ғаббас Қабышұлы). «Жас Алаш», 24 қараша 2011 жыл. № 94 (15656).

**МҰРАҒАТШЫ** – *архивист*. Мұрағатшылар сыбайластықтан сақтандырады. «Астана ақшамы», 30 қыркүйек 2008 жыл. № 115 (2279); Тарихи құжаттармен тұрақты жұмыс жасап келе жатқан мұрағатшылар сала ісінің ел тағдырымен қаншалықты тығыз байланысты екендігін өзгелерден біршама жақсы біледі. «Астана ақшамы», 10 желтоқсан 2011 жыл. № 143 (2753).

**МҰРАЖАЙ** – *музей*. Мектеп жанынан мұражай ашылды. «Алматы ақшамы», 30 қазан 2008 жыл. № 123 (4061); Екі айда екі мұражай ашылды. «Ана тілі», 20–26 мамыр 2010 жыл. № 20 (1013); Мұражайда Қонаевпен қайта жүздескендей боласыз. «Алматы ақшамы», 27 тамыз 2011 жыл. № 100-10 (4503).

**МҰРАТ** – *идеал*. Сондықтан да «бөгетті басынан бұз демекші», Конституцияда көзделген мұраттар (идеалдар) мен асыл құндылықтар жүйесін ұлттық мінез бен діліміздің (менталитет) аясында кең насихаттап-талдау арқылы, бүгінде «бөтеннің» күйін кешіп жүрген Конституцияны өзіміздікі (қазақтікі) етіп алуға ұмтылғанымыз жөн. «Айқын», 25 қазан 2008 жыл. № 202 (1139).

**МҰРАХАТ** – *завещательное письмо*. Қазақ мұрақат қалдыруды үйрене алмай жатыр. «Айқын», 5 маусым 2008ж. № 102 (1039).

**МҰХИТАРАЛ** – *океанариум*. Астанадағы «Думан» ойын-сауық орталығының Мұхитаралы – ТМД-дағы тұңғыш дүниеге келген бірден-бір нысан (Жарнамадан). «Егемен Қазақстан», 29 тамыз 2008 жыл. № 267-268 (25238); «Мұхитаралдағы» қанатты акуланың ұзындығы 2,5 метрге жеткен. «Мұхитаралда» тазартқыш балықтар бар. «Астана ақшамы», 21 ақпан 2012 жыл. № 21 (2782).

**МҮГЕДЕК-АРБА** – *инвалидная коляска*. Шенеуніктер жұмысының бір күнін мүгедек-арбада өткізіп көрсе ғой... «Алаш айнасы», 25 қазан 2011 жыл. № 189 (641).

**МҮРДЕХАНА** – *морг*. Олар балаларын мүрдеханадан да, ауруханадан да іздеген, таппаған. «Жас Алаш», 29 желтоқсан 2011 жыл. № 104 (15666).

**МҮШЕҚАП** – *презерватив*. Ал АҚШ-тың Луизиана штатында әйелдер ерлердің мүшеқабын сатып ала алмайды. «Айқын», 4 қыркүйек 2008 жыл. № 165 (1102); Мүшеқаптар сапасыз әрі ұсқынсыз болып шықты... «Жас Алаш», 2 желтоқсан 2010 жыл. № 96 (15554); Украинада мүшеқап дағдарысы басталды. «Алаш айнасы», 4 тамыз 2011 жыл. № 135 (587); Сапасы нашар 1,35 млн мүшеқап кері қайтарылды. «Алаш айнасы», 2 ақпан 2012 жыл. № 17 (699).

**МЫРЗАҚАМАҚ** – *домашний арест*. Мұндай құбылыс әлеуметтік-қоғамдық атауларда да кездеседі: бише – би баласы; құлшар – құл баласы; мағзұм – молданың баласы; ханшайым – хан қызы; ханзада – хан баласы; мырзақамак – үй тұтқыны. (Н.Уәлиұлы). «Туған тіл» альманағы. 2009 жыл. № 2 (10). 14-бет.

## Н

**НАҒЫЗДЫҚ** – *действительность*. Шынайылығында, қазақ тілші ғалымдары ақсақалының тіл байлығы туралы бағасы нағыздықтан тым алыс жатыр еді. Қ.Жүкешев. Мемлекеттік тіл: қазіргі күйі және даму философиясы. – Алматы, 2008. 22-б.

**НАҚПАРАТ** – *дезинформация*. (С.Медеубек). «Айқын», 1 сәуір 2010 жыл. № 54(1478).

**НАМАЗХАНА** – *молельная комната*. Олар сағана маңында басталған ірі кешен құрылысын (намазхана, кітапхана, медресе, демалатын орындар, дәретхана) таяу арада бітірмек ойда. «Айқын», 14 мамыр 2009 жыл. № 84 (1265); Қырғыз парламентінде намазхана ашылды. «Жас Алаш», 18 қаңтар 2011 жыл. № 3 (15565).

**НАРЫҚ** – *рынок*. Нарық қазаққа барымташылықтың жаңарған тәсілін қалыптастырып келе жатқандай. «Айқын», 7 қараша 2008 жыл. № 210 (1147). Қор нарығындағы қарбалас. «Түркістан», 30 қазан 2008 жыл. № 44 (746).

**НАУБАЙ** – *пекерня*. Ал наубайхананың «ханасын» алып тастап, түбірін қалдырсақ та, пекарняның тамаша аудармасы болмақ. Шынында, наубайға ешқандай қосымшаның қажеті жоқ. (Жұма-Назар Сомжүрек). «Ана тілі», 15-21 сәуір 2010 жыл. № 15(1008).

**НАУРЫЗДАМА**. Ұлыстың ұлы күні – наурыздама. М.Мырзахметов. «Қазақ қалай орыстанды? – Алматы, 2011. 320-б.

**НАШАҚОР** – *наркоман*. Ресми деректер бойынша 2000 жылы Қазақстанда 34 мың нашақор арнайы тіркеуде болған. «Айқын», 12 наурыз 2011 жыл. № 45 (1712).

**НАШАҚОРЛЫҚ** – *наркомания*. Нашақорлықты заңдастыру керек пе? «Айқын», 4 маусым 2011 жыл. № 100 (1767).

**НАШАҚҰМАР** – *нарколюбитель*. Нашақұмар ұшқыш. Тексере келгенде біртоп нашақұмарлар ұсталып, әлгі ұшқыштың соның бір белсенді мүшесі екені анықталды. «Алматы ақшамы», 20 қазан 2011 жыл. №123 (4525).

**НӘБЕТАТ** – *флора*. Мысалы, ол кісі «фаунаны» – мақұлыхат, «флораны» – нәбетат деп алуға болатыны жайында ишара жасап, бұларды қолдануды, иә қолданбауды ырқымызға қалдырғанын білеміз. «Ана тілі», 17-23 маусым 2010 жыл. № 24 (1017).

**НӘПАҚА** – *алимент*. Оның некелі әйелі, одан балалары болу-болмауына қарамастан, балаңызға нәпақа (алимент) төлеуге міндетті. «Заң», 8 қазан 2008 жыл. № 153 (1379).

**НӘРЛЕНДІРУШІ** – ..... **Жоба нәрлендірушілері** – Қазақстандағы БҰҰДБ мен Қазақстандағы Ұлыбритания елшілігі. «Егемен Қазақстан», 24 қараша 2009 жыл. № 386-388 (25785).

**НӘУБЕТ** – *геноцид*. Атамыз қазақтың арғы-бергі тарихында бұрын-соңды дәл осындай нәубет болған емес, деген едік сонда. «Егемен Қазақстан», 11 қыркүйек 2010 жыл. № 368-369 (26212). Нәтижесінде нәубеттерден көзі ашылмай келе жатқан, маңдайының соры бес елі өзақ халқы еңсесін көтер алмай, тауқыметінің

торына шырматылды да қалды. «Айқын», 27 қараша 2010 жыл. № 221 (1645).

**НЕСИЕ** – *ссуда*.

**НЕСИЕГЕР** – *кредитор*. Банк өзінің сыртқы қарыздарын қайта құрылымдау үшін құрамына тоғыз халықаралық банк кіретін несиегерлер комитетімен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. «Жас Қазақ», 17 шілде 2009 жыл. № 28 (236).

**НЕСИЕЛЕНДІРУ** – *кредитование*. Одан кейін банктердің қаржылық дағдарысы отандық экономиканың басты қозғаушысы өндіріс саласын несиелендіруге шамасы жетпейтін жағдайға жақындап қалды. «Астана ақшамы», 8 қараша 2008 жыл. № 131-133(2297); Ауылды несиелендіруді жетілдіре түсеміз. «Айқын», 3 тамыз 2011 жыл. № 141 (1808); Елбасы қазақстандық жобаларды теңгемен несиелендіруді ұсынды. «Айқын», 21 мамыр 2011 жыл. № 90 (1757).

**НЕСИЕЛЕУ** – *кредитование*. Үкімет басшысы өз сөзінде Стресті активтер қоры мен «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының көмегімен алдағы аптаның ішінде экономиканың нақты секторын несиелеуге қатысты проблемалардың шешіліп қалатынын атап көрсетті. «Айқын», 11 қараша 2008 жыл. № 212(1149).

**НИЗАМ** – *норматив//нормативный*. Ендеше сол «нормативтіктің» ғасырлар бойы аузымыздан түспей келе жатқан «низам» дейтін дәл баламасы бар болатын. (Кеңес Юсуп). «Ана тілі», 17-23 маусым 2010 жыл. № 24 (1017).

**НИЗАМНАМА** – *кодекс*. Түркістан әділет басқармасының өтінішімен РСФСР-дың жауыздық низамнамасы» кейін «РСФСР-дың қылмыстық низамнамасы» деп қазақ тіліне аударылады.»Жас Алаш», 20 қазан 2011 жыл. № 84 (15646).

**НӨЛДІК БЕЛГІ** – *нулевая отметка*. Түнде «нөлдік белгіге» 21 рет дәл түскен парашютші. «Алматы ақшамы», 2009 жыл 3 қыркүйек № 103(4194).

**НОЯН** – *фехтевальщик*. Нояндар Алматыға жиналды. Бұл сынға еліміздің барлық аймағының нояндары келді. «Алаш айнасы», 15 сәуір 2011 жыл. № 64 (516).

**НҰРШАМ** – *люстра*. Электроүнемдегіш шамдар, рефлекторлық шамдар, нұршамдар, галогендік шамдар (жарнамадан) // «да Қазақстан» журналы, қараша 2008 жыл. № 3 (14) 7-бетте.

**НЫСАН** – *объект*. 146 нысан қолға алынды. «Нұр Астана», 28 тамыз 2008 жыл. № 35 (248). Қала бойынша құрылыс жұмыстары тоқтап қалған 30 нысанның қоршаулары бұзылды. «Алматы ақшамы», 14 мамыр 2009 жыл. № 56 (4147). Азиада нысандарыны құрылысы белгіленген мерзімінде аяқталады. «Алматы ақшамы», 5 қазан 2010 жыл. № 121 (4366). Спорттық нысандар толықтай әзір. «Айқын», 20 қаңтар 2011 жыл. № 10 (1677).

**НЫСАНАЛЫ ТОП** – ..... Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы Жолдауын орындау мақсатында өңірде іс-әрекет жоспары жасалып, «Жол картасы» шеңберінде халықтың нысаналы тобы үшін әлеуметтік жұмыс орындарын құру және жас түлектер үшін жастар тәжірибесін ұйымдастыру арқылы жұмыспен қамту ісі жүзеге асырылуда. «Егемен Қазақстан», 3 маусым 2009 жыл. № 194 (25591).

## О

**ОЙСҮЗГІ** – ... Серікбол Хасан «Ақсүйектер ойынына» шолу жасап, спорт пен саясаттың арасалмағын ойсүзгіден өткізеді. «Ана тілі», 12-18 қараша 2009 жыл. № 45 (986).

**ОЙЫНХАНА** – *казино*. Заңсыз ойынхана жабылды. «Егемен Қазақстан», 12 наурыз 2008 жыл. (мақала тақырыбы). Жасырын ойынхана әшкере болды. «Егемен Қазақстан», 22 шілде 2008 жыл. № 220-221 (25192). Алматыда бес астыртын ойынхана табылды. «Айқын», 11 сәуір 2009 жыл. № 63 (1244).

**ОҚҚАҒАР** – *телеохранитель*. Оққағарлар жарысы басталды. «Айқын», 20 тамыз 2008 жыл. № 155 (1092); Мәсімов оққағарларынан бас тартар ма еді? «Жас Алаш», 2 ақпан 2010 жыл. № 9 (15467); Жәкішев оққағарының адвокаты сот ісіне сол күйі қатыса алмады. «Жас Алаш», 4 наурыз 2010 жыл. № 18 (15476); Губернатор оққағарынан ажал құшты. «Егемен Қазақстан», 6 қаңтар 2011 жыл. № 2 (26404).

**ОҚТҰМСЫҚ** – *боеголовка*. Әлгі 1,3 мың тонна бізде өндірілетін уранның 10 пайызын құрайды. Білетіндер бұдан 150 ядролық оқтұмсық жасауға болатынын алға тартады. «Жас Қазақ», 22 қаңтар 2010 жыл. № 2(262).

**ОҚЫЛЫМ** – *чтения*. Екінші оқылымға дайын. «Егемен Қазақстан», 20 қыркүйек 2008 жыл. № 287 (25257); Екінші оқылымда қарауға әзірлік кезінде Жоғарғы палата депутаттарының барлық ескертпелерін ескеру туралы Үкіметке ұсыныс түсті. «Айқын», 11 наурыз 2011 жыл. № 44 (1711).

**ОҚШАУЛАҒЫШ** – *изоляциятор*. Бүгінде ол Чешен Республикасы ІІМ уақытша ұстау оқшаулағышына қамалды. «Егемен Қазақстан», 31 қазан 2008 жыл. № 330-331(25302). Оқшаулағыштардағы олқылықтар. «Егемен Қазақстан», 5 қазан 2010 жыл. № 406-409 (26252). Оқшаулағыштардағы толқылықтар. «Егемен Қазақстан», 29 қазан 2010 жыл. № 447-449 (26292).

**ОНЖЫЛДЫҚ** – *десетилетие*. Бұл маңызды оқиға Қазақстанның еуропалық кеуделі ұйымға төрағалығына, Елбасының жаңа онжылдықтағы мемлекетіміздің өрлеуінің стратегиялық бағдарын айқындауына, еліміздің Үдемелі индустриялық-инновациялық даму белесіне аяқ басуына арналатындықтан, оған зор саяси маңыз берілмек. «Айқын», 3 ақпан 2010 жыл. № 17 (1441).

**ОҢАЛТУ** – *реабилитация*. Оңалту орталығы салынады. «Астана ақшамы», 4 қараша 2008 жыл. № 129(2293). Атырауда мүгедектерді оңалту орталығы мен стадион ашылды. «Айқын», 12 желтоқсан 2008 жыл. № 234 (1171).

**ОҢҚА (басу)** – *банка*. Оңқа басуды білесіз бе? Соның бірі – оңқа төңкеру. «Дала мен қала», 7 қараша 2011 жыл. № 44 (423).

**ОҢТАЙЛАНДЫРУ** – *оптимизация*. – Бүгінде «Самұрық-Қазына» қорының компаниялар тобының орталық аппаратының ұйымдастырушылық құрылымдары оңтайландырылды, – деді Қайрат Келімбетов. «Айқын», 13 мамыр 2009 жыл. № 83 (1264); Жолаушы тасымалын оңтайландыруға атсалысыңыз! «Алматы ақшамы», 8 қыркүйек 2011 жыл. № 105 (4507).

**ОРАЛМАН** – *репатриант*. Оралман тағдыры – қазақ тағдыры (Е.Кәпқызы, мақала тақырыбы). «Түркістан», 6 наурыз 2008 жыл. Оралмандарды қабылдауға дайын. «Айқын», 8 қараша 2008 жыл. № 211(1148). Оралман... өз бауырың ғой оралған. «Алтын Орда», 5-11 наурыз 2009 жыл. № 10 (476). Мен «оралман» деген сөзді жек көремін. «Айқын», 14 мамыр 2009 жыл. № 84 (1265); Оралмандар жазықты емес қой!.. «Айқын», 14 маусым 2011 жыл. № 106 (1773).

**ОРТАЛЫҚСЫЗДАНДЫРУ** – *децентрализация*. **Неғұрлым жиі талқыланатын негізгі өзекті мәселелер – сайлауды қаржыландыру, сайлаушыларды тіркеу, сайлау рәсімдерін орталықсыздандыру.** «Егемен Қазақстан», 24 қараша 2009 жыл. № 386-388 (25785).

**ОРЫНЖАЙ** – *помещение*. Сондай-ақ мұз айдынының әкімшілігі мен қызметкерлері үшін қосымша орынжайлар қатарға қосылыпты. «Егемен Қазақстан», 13 қазан 2010 жыл. № 422-423 (26266).

**ОРЫНТАҚ** – *кресло*. Қылдан тайса, орынтақсыз қалатынын жақсы білетін бұлар зиялыға тән міндетті мойнына алмақ түгілі бастығынан жарты адым алда жүруге қорқады. «Ел», 25 наурыз 2008 жыл. № 12 (140). Себебі елдегі саяси жағдайдың беталысына қарап, Елбасын қарсы шығатындар жоқ деп айтуға болады, бірақ оның орынтағынан үміттенетіндер, мұрагер болудан үміттенетіндер аз емес. «Айқын», 18 ақпан 2009 жыл. № 27 (1208); Маған керегі – орынтақ емес, әділет! «Жас Алаш», 21 қаңтар 2010 жыл. № 6 15464).

**ОРЫСТІЛДІ** – *русскоязычный*. Орыстілді болсам да, Әуезовтің лекциясына барушы едім. «Алматы ақшамы», 24 желтоқсан 2010 жыл. № 51-52 (311-312).

**ОТА** – *операция*. Пышақсыз ота Атырауда жүрек-қан тамырлары ауруына алғаш рет жасалды//«Егемен Қазақстан», 30 желтоқсан 2008 жыл. № 422-425(25394). Күрделі ота өзімізде жасалады. «Егемен Қазақстан», 12 маусым 2010 жыл. № 231-232 (26076). Елу баланың жүрегіне тегін ота жасайды. «Айқын», 1 қазақ 2010 жыл. № 181 (1605); Қазақстандық хирургтер жүрекке ашық ота жасауы мүмкін. «Айқын», 22 қаңтар 2011 жыл. № 11-12 (1678-1679).

**ОТА ЖАСАУ** – *оперировать* (операция жасау). 1999 жылы тамыз айына қарай дәрігерлер талантты тарланның жүрегіне дереу ота жасау керек екенін көрсетеді. Алайда аптап ыстық ота жасауға ешқандай мүмкіндік бермей қояды. Ота күзге шегерілген. («Алтын Орда» газеті. 23-29 тамыз 2007).

**ОТАРБА** – *поезд*. Отарбаның отаны қайда? «Алаш айнасы», 8 шілде 2011 жыл. № 117 (569); Теміржолда жүйткіді отандық отарба. «Дала мен қала», 18 шілде 2011 жыл. № 29(408).

**ОТАШЫ** – *хирург*. Кейбір емханаларда хирург дәрігерлер «оташы» деп аталып, олардың кабинеттерінің есігінде *хирург – оташы* деп жазылып жүр.

**ОТАШЫЛЫҚ** – *хирургический*. Сонымен қатар, 157 рет шағын оташылық операция жасалыпты. «Ана тілі», 7-12 қаңтар 2011 жыл. № 1 (1046).

**ОТАНСҮЙГІШ** – *патриот*. «Мақсатымыз – отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеу». «Дала мен қала», 10 қазан 2011 жыл. № 40 (419).

**ОТАНСҮЙГІШТІК** – *патриотизм*. Отансүйгіштік имандылықтан басталады. «Астана ақшамы», 8 қараша 2008 жыл. № 131-133(2297). Алаш



арыстарының өнегесі жастарды отансүйгіштік рухта тәрбиелейді. «Айқын», 22 қараша 2008 жыл. № 221 (1158).

**ОТАНШЫЛДЫҚ** – *патриотизм*. Отаншылдық қалай қалыптасады? «Нұр астана», 14 мамыр 2009 жыл. № 19(284). Отаншылдық рухты оятатын күн. «Алматы ақшамы», 11 мамыр 2010 жыл. № 57 (4302). Отаншылдық – рәміздерді құрметтеуден басталады. «Алматы ақшамы», 30 қараша 2010 жыл. № 144 (4389).

**ОТАРБА** – *поезд*. Отарбалар оңалып келеді. «Алматы ақшамы», 19 наурыз 2009 жыл. № 32 (4123). Отарбалар от алды. «Дала мен қала», 23 наурыз 2009 жыл. № 11 (290). Алғашқы отандық отарба от алды. «Қазақстан-Zaman», 10 желтоқсан 2009 жыл. № 49(769).

**ОТАРШЫЛДАНДЫРУ** – *колонизация*. Әскери даңқ саябағындағы отаршылдандыру саясатынан қалған әрбір белгінің көзін құртты. «Жас Алаш», 3 ақпан 2011 жыл. № 9 (15571).

**ОТАШЫ** – *хирург*. Оташылар, ой қос! «Дала мен қала», 27 шілде 2009 жыл. № 29 (307).

**ОТБАСЫ** – *семья*. Отбасы – ұлттың байлығы. «Егемен Қазақстан», 14 қазан 2008 жыл. № 313-314 (25284); Отбасы – ошақ қасы ғана емес... «Алматы ақшамы», 14 мамыр 2009 жыл. № 56 (4147); Әрбір балаға – отбасы бақыты. «Айқын», 1 ақпан 2011 жыл. № 18 (1685).

**ОТЖҰЛДЫЗ** – *Марс*. Ол мына фәниге қазақтың сөз өнері мен саз өнерін қос қанат етіп, жалындап келіп еді, өз отына өзі өртенген отжұлдыздай жанып кетті есіл азамат! (Д.Мәсімхан). «Қазақ әдебиеті», 24 маусым 2011 жыл. № 25(3241).

**ОТҚАРУ** – *огнестрельное оружие*. Отқарумен ойнау опа бере ме? «Дала мен қала», 7 қараша 2011 жыл. № 44 (423).

**ОТТЫҚ** – *зажигалка*. Сол жәдігерлердің ішінде Д.Қонаевтың 80-нен астам қару-жарақтары, оттықтары(зажигалкалары), жеке заттары оның ішінде костюмдері, пайдаланғн үтігі, домбырасы, өзге де көптеген заттары мен жазбалары, сонымен қатар жазған кітаптары бар. «Алматы ақшамы», 22 мамыр 2010 жыл. № 62 (4307).

**ОТТЫ ҚАРУ** – *огнестрельное оружие*. Сол бойынша қылмыстық іс қозғалып, тергеу амалдары басталып та кетті» - деп, Маңғыстау облыстық ПД бастығының міндетін атқарушы Аманжол Қабылов отты қаруларды заңсыз сақтап, оны тасығаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 251-бабы бойынша іс қозғалғаны жөнінде мәлімдеді. «Айқын», 22 мамыр 2009 жыл. №90 (1271).

**ОТТЫ НҮКТЕ** – *горячая точка*. Өйткені, отты нүктеде жанын шүберекке түйіп, от кешкен отандастарымыз қашан да мақтауға лайық. «Алматы ақшамы», 13 ақпан 2010 жыл. № 18 (4263).

**ОТТЫ ШАР** – *огненный шар (комета)*. «Отты шар» лаңы. Жарылысқа аспаннан құлаған «отты шар» себепкер болуы мүмкін. «Ана тілі», 29 қыркүйек – 5 қазан 2011 жыл. № 39 (1087).

**ОТШАШУ** – *фейерверк*. Жанартау(вулкан) дәл түбінде тұрғандарға сұрапыл алапат болып көрінгенімен, алыстан бақылағандарға отшашу (фейерверк) сияқты әсер етеді. «Егемен Қазақстан», 30 шілде 2008 жыл. № 228-231 (25202); Отшашуға орын жоқ. «Жас қазақ», 24 желтоқсан 2010 жыл. № 51-52 (311-312); Отшашумен ойнауға болмайды. «Астана ақшамы», 29 желтоқсан 2011 жыл. № 150(2760).

**ОТЫРҒЫШ** – *скамейка*. Екіншіден, көрермендер отырғыштары түгелдей жаңаланып ауыстырылған. «Егемен Қазақстан», 13 қазан 2010 жыл. № 422-423 (26266).

**ОТЫРЫС** – *заседание*. Астанада ШЫҰ Үкімет басшылары кеңесінің кезекті отырысы болып өтті. «Егемен Қазақстан», 31 қазан 2008 жыл. № 330-331(25302). Сәрсенбі күні Сыртқы істер министрлігі алқысының кеңейтілген отырысы болды. «Егемен Қазақстан», 21 қараша 2008 жыл. № 351-352 (25322).

## Ө

**ӨЗЕКТЕНДІРУ** – *актуализация*. Қазіргі кезде министрлік картаны өзектендіру жұмысын аяқтап қалды. «Айқын», 9 қараша 2011 жыл. № 209(1876).

**ӨЗІН ӨЗЕКТІЛЕНДІРУ** – *самоактуализация*. «Айқын», 20 тамыз 2008 жыл. № 155 (1092).

**ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ** – *самопознание*. «Өзін-өзі тану» өрісті бағдарлама. «Айқын», 14 қаңтар 2010 жыл. № 3(142. 7).

**ӨЗІН-ӨЗІ ТАРАТУ** – *самороспуск*. Өзін өзі тарату деген сөздің өзі дұрыс емес. «Жас қазақ», 11 қараша 2011 жыл. № 44(356).

**ӨЛІМ-ЖІТІМ** – *летальность*. 2008 жылдың 10 айы ішінде былтырғы жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда құрт ауруы 2 пайызға, өлім-жітім 8,2 пайызға азайған. «Нұр Астана» 27 қараша 2008 жыл. № 48(261). Аумақты жоспарлар мен пәрменді медициналық-ұйымдастыру шараларының нәтижесінде, облысымызда туберкулезден болатын өлім-жітім саны 2,2 есе азайса, сырқаттану деңгейі 1,3 есе кеміді. «Айқын», 23 қаңтар 2010 жыл. № 10 (1434).

**ӨМІРСҮЙГІШ** – *жизнелюб*. Байқағаным және дәрігерлерден естуімше, «жаман» ауруға ұшырағандар басқалар сияқты емес, үмітін үзбейтін, өмірсүйгіш келеді екен. «Нұр Астана», 28 тамыз 2008 жыл. № 35 (248).

**ӨНДІРІСШІ** (өндіруші) – *производитель*. Отандық дәрі-дәрмек өндірісшілері қолдаймыз. «Жас қазақ», 14 қазан 2011 жыл. № 40 (352).

**ӨНЕРАҚЫ** – *гонорар*. Аталмыш жайт бұл салаларға салықты төмендету, тиісті өнеракы төлеу секілді қарапайым шаралармен де көтермеленбеуде. (Ресми хаттан. С.Ғаббасов).

**ӨНЕРБАЯН** – *искусство*. Актер Досхан Жолжақсыновтың өнербаянынан ой иірімдері. «Ана тілі», 24 -28 қыркүйек 2011 жыл. № 38(1086).

**ӨНІР** – *регион*. Өңірлік проблемалар жайы сөз етілді. «Егемен Қазақстан», 7 қараша 2008 жыл. № 338-339 (25309). Есепші кадрлардың қауіпсіздігін

қамтамасыз ету, Үкіметтің шешіміне сәйкес, Ішкі істер министрлігінің республика өңірлеріндегі департаменттеріне жүктелген. «Егемен Қазақстан», 27 желтоқсан 2008 жыл. № 420-421 (25390).

**ӨРЕНЖІ** – ..... Оқуды бітіріп жатқан жылы үш ай жаз Қордайда әскери жаттығу жиынында жүргенімізде тағы да соның бастамасымен шанышқыдан қашқан құртқа шабақтай көптен жырылып шығып, ызғындай өренжінің үш мезгіл тамағын пісіріп беретін «көкинә командасын» құрдық. «Астана», журналы. 2011, № 2. 53-бетте.

**ӨРТСӨНДІРГІШ** – *огнетушитель*. Багажникті аштырып, өртсөндіргішіміздің жоқтығын да байқап қойды. «Алаш айнасы», 17 қараша 2009 жыл. № 204 (204). Өртсөндіргіш қаптама өрт сөндіру мәшинелеріне, ғимараттарға пайдаланылады. Ғимараттардағы өртсөндіргіштердің барлығы да Кеңес одағынан қалған. . «Егемен Қазақстан», 19 қараша 2010 жыл. № 493-494 (26337).

**ӨСІМ** – *пения*. «Ел», 15 шілде 2008 жыл. № 28 (156).

**ӨСІМПҰЛ** – *пения*. Қарызыңнан өсімпұлсыз құтыл. «Астана хабары», 26 шілде 2008 жыл. № 88 (2252). Өсімпұлды қалай есептейді? «Жас Қазақ», 22 тамыз 2008 жыл. № 33 (189). Өсімпұлмен дер кезінде қоштас. «Қарызды өсімпұлсыз өте!» акциясының екінші кезеңі басталды. «Жас Алаш», 14 қазан 2010 жэыл. № 82 (15540).

**ӨТЕМАҚЫ** – *компенсация*. Бағаның шарықтап өсуіне өтемақы төлеуді төлеуді түсіну үшін макроэкономика саласында арнайы маман иесі болудың қажеті жоқ. «Жас Алаш», 26 наурыз 2008 жыл. № 24(15274). Өтемақы төленбейді! «Жас Қазақ», 22 тамыз 2008 жыл. № 33 (189). Қаза болғандардың өтемақысын кім төлейді? «Айқын», 6 қыркүйек 2008 жыл. № 167 (1104).

**ӨТКЕЛЕК** – *пробка (транспортная)*. «Ағын суда өткелек бар, Керуен жолда кептелек бар» дегендегі «кептелекті» – «пробка» атауының баламасы ретінде қолданған дұрыс. (Сағатбек Медеубекұлы)

**ӨТІЛ** – *таж*. Бір әулеттің еңбек өтілі мұнай индустиясында 1000 жылдан асты. «Егемен Қазақстан», 5 сәуір 2008 жыл. 1997 жылы 51 жасымда төрт баламен, 30 жылдық еңбек өтіліммен зейнеткерлікке шықтым. «Жас Алаш», 23 сәуір 2009 жыл. № 33(15387).

**ӨТІЛЕТ** – *тажировка*. (С.Медеубек). «Айқын», 1 сәуір 2010 жыл. № 54(1478).

**ӨТІЛМЕН** – *тажер*. (С.Медеубек). «Айқын», 1 сәуір 2010 жыл. № 54(1478).

**ӨТІНІМ** – *заявка*. Тендерлік өтінімдер салынған конверттер мынадай мекенжай бойынша ашылады. «Айқын», 22 сәуір 2011 жыл. № 71 (1738); Бюджеттік өтінімдер талқыланды. «Егемен Қазақстан», 26 шілде 2011 жыл. № 317-324 (26718).

## II

**ПАЙЫЗ** – *процент*. Сондай-ақ, Мәжіліске өту межесі жеті пайыздан бес пайызға дейін төмендейді. «Ел», 8 шілде 2008 жыл № 27 (155); Осы уақытқа

дейін салық төлемей келген жүргізушілер 6-шілдеден бастап кешіккен әр күніне салық көлемінің 2,5 пайызына тең өсім төлейді. «Ел», 15 шілде 2008 жыл. № 28 (156).

**ПАРАШЫ** – *взяточник*. Парашылардан салықшы қалыптасып жарытпаса, паракорлардан менмлекеттік қызметкер шықпастан, сол қоғам түбінде даму тұйығына тірелмек. «Нұр Астана», 13 қараша 2008 жыл. № 46 (259).

**ПАРАШЫЛДЫҚ** – *взяточничество*. Сөйтіп, парашылдықтың түрлі санаттары мен сатылары пайда болады. «Нұр Астана», 13 қараша 2008 жыл. № 46 (259).

**ПАРАҚША** – *листовка*. Таратылған парақшадағы Мәдді кім? Бұл парақша бізді үлкен әңгіме айдынына шығарды. «Қазақстан-Zaman», 24 шілде 2008 жыл. № 30 (697); Оңтүстіктің полицейлері жұртты қорқытатын парақшалар таратып, лаң салып жүргендерді ұстады. «Алаш айнасы», 26 қазан 2011 жыл. № 190(642); Тағы үш ауданнан парақшалар табылды. «Жас Алаш», 1 қараша 2011 жыл. № 87 (15649).

**ПАТШАХАНЫМ** – *царица*. Мәселен, осындай құжаттардың арасында Абылай сұлтан мен Қоңырқұлжа Құдайменді сұлтанның Патшаханым Екатерина Алексеевнамен арада жазысқан хабар-ошарлары, Абылай ханның патша өкіметіне ант қабылдау жөніндегі хаты, Ішкі істер министрлігінің «Қырғыз даласы округтерінде аға сұлтандар сайлау туралы» жарлығы және басқа бағалы дерек көздері бар. «Астана ақшамы», 10 желтоқсан 2011 жыл. № 143 (2753).

**ПӘТЕРАҚЫ** – *квартиплата*. Мәселен, менің зейнетақым – 14 мың теңге, оның 12 мыңын пәтерақыға төлеймін. «Айқын», 31 қазан 2008 жыл. № 205 (1142). Себебі басы артық баспананың пәтерақысы ары кетсе айына 10-15 мың теңгені құрайды. «Айқын», 19 қаңтар 2010 жыл. № 6 (1430); Пәтерақы коммуналдық қызметтер деңгейінде болуы қажет. «Айқын», 10 қараша 2011 жыл. № 210 (1877).

**ПӘТЕРШІ** – *квартирант*. Себебі, пәтерші пәтерақына төлемей, өзі басқа пәтершіні кіргізіп, қашып кеткен. «Жас Алаш», 3 шілде 2008 жыл. № 53.

**ПӘТУА** – *консенсус*. Бірақ ЕҚЫҰ аясындағы шешім пәтуаның (консенсус) негізінде ғана қабылданатыны мәлім. «Егемен Қазақстан», 30 шілде 2009 жыл. № 223-224 (25621).

**ПЕРЗЕНТХАНА** – *роддом*. Қыздың қай облыста, қай перзентханада туғаны, әке-шешесінің кім екендігі туралы деректер айтылмайды. «Айқын», 16 қаңтар 2010 жыл. № 5 (1429).

**ПЕРНЕТАҚТА** – *клавиатура*. Бөтен тілдік дыбыс-әріптерден арылған әліпби барынша ықшамдалып, компьютер пернетақтасының әріптерге ғана арналған ұяшықтарына орналастырылып, онымен жұмыс істеу де жеңілдей түседі. «Айқын», 3 наурыз 2010 жыл. № 37 (1461).

**ПЕС** – *лефра*. Халық арасында үрей туғызған лефра, яғни пес ауруы бүгінде елімізде толастатылған, өшіп бара жатқан ошақтағы отқа тән құбылыс дейді мамандар. «Жас Алаш», 26 мамыр 2011 жыл. № 41 (15603).

**ПЕСХАНА** – *лефра ауруханасы*. Песханада өткен өмір. Тіпті 7-8 жасында емделуге келіп, әлі күнге песхананы паналап жүргендер кездеседі. «Жас Алаш», 26 мамыр 2011 жыл. № 41 (15603).

**ПҮТХАНА** – ..... Жолаушының теңіздің арғы бетінде өз қаржысына тұрғызған құлшылық үйлерінің кейпі христиан шіркеуіне, будда пұтханасына, мұсылман мешітіне ұқсайды. «Қазақ әдебиеті», 22-28 сәуір 2011 жыл. № 16 (3232).

**ПІКІРТЕРІМ** – *опрос*. Пікіртерім 2010 жылдың 15 тамызынан 30 тамызына дейінгі аралықта өтіп, жасы 18-ден асқан респонденттер арасында жүргізілген. Пікіртерім нәтижесі бір жағынан халықтың патерналистік көңіл-күй деңгейінің жоғары еместігін көрсетті. Олай дейтініміз, пікіртерім мәліметі бойынша, респонденттердің едәуір бөлігі, асылында, өздерінің бөтен адамдарға көмек көрсетуге дайындығын білдірген. «Егемен Қазақстан», 30 қазан 2010 жыл. №450-451 (26294).

**ПІСЕК** – *щприц*. Олай болса, «пісектің» ғұмыры ұзақ болуы тиіс еді. Шамасы «пісек» проблемасы тез шешілген соң, мақалалар сиреп, ол қолданылмай қалды-ау деймін. «Ана тілі», 11-17 ақпан 2009 жыл. № 6 (999).

## Р

**РӘМІЗ** – *символ*. Мемлекеттік рәміздерге – лайықты құрмет. «Астана ақшамы», 23 тамыз 2008 жыл. № 100 (2264). Советтік символикадан төл рәмізге дейін. «Айқын», 6 қараша 2008 жыл. № 209 (1146); Медеу ауданының рәмізіне балаймыз. «Алматы ақшамы», 23 шілде 2011 жыл. № 85(4487).

**РӘСІМ** – *церемония*. «Атамекен», мемориалдық кешенінің жанынан Ұлттық теннис орталығы бой көтеріп, халық игілігіне берілді. Кереметтей кешеннің ашылу рәсімін Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жасады. «Ел», 8 шілде 2008 жыл № 27 (155). Үш жүз атты, алты мың жаяу әскер бүкіл Ресейдің аяулы ұлын соңғы сапарға аттандыру рәсімінің құрметіне сапқа тұрып, тыныштығын күзетті. «Ана тілі», желтоқсанның 18-і 2008 жыл. № 51 (940).

**РӘУІШ** – ..... (*обстановка, дружеская обстановка*). Достық рәуішті кездесу. «Егемен Қазақстан», 11 маусым 2008 жыл. № 172-173(25144). Көрсеткенде, әдеттегідей, «халықтар достығы» рәуішінде. «Астана ақшамы», 5 мамыр 2009 жыл. № 48 (2369); Достық рәуіштегі қабылдау. «Егемен Қазақстан», 28 қыркүйек 2011 жыл. № 461-464 (26857); Рухани келісім рәуіші. «Астана ақшамы», 11 қазан 2011 жыл. № 116 (2726).

**РЕСІМДЕУ** – *оформления*. Құжаттарды ресімдеудің оңайлатылғаны халыққа тиімді. «Егемен Қазақстан», 5 тамыз 2008 жыл. № 23-237 (25208). Оңтүстік Қазақстанда зейнетақыны интернет арқылы ресімдеуге болады. «Алматы ақшамы», 9 қазан 2010 жыл. № 123 (4368). Аталған тұрғын үй нысандарының құжаттарын ресімдеуден кейін, яғни суірде құжат қабылдау басталады. «Айқын», 14 қаңтар 2011 жыл. № 6 (1673).

**РИАН** – *косметика*. Мәселен, тілімізде әлі күнге дейін *анатомия*,

*косметика, кредит, маятник, пленка, рецепт, функция, факт* деп айтылып, жазылып жүрген сөздерді қазақша *тәнтану, риан, несие, бигеш, жұқалтыр, дәрел, мәнбі, берне* деп алуға болатындығына көзіміз жетеді. «Ана тілі», 11-18 ақпан 2010 жыл. № 10 (1003).

**РИСАЛА** – *трактат*. «Наурызнама» рисаласы. Данышпан Омар Һайам Шығыс әлүмінде алғашқылардың бірі болып «Наурызнама» рисаласын жазғанын жақында өзіңізден естіп, бір жасап қалдық. «Алматы ақшамы», 20 наурыз 2010 жыл. № 334-35 (4280).

**РУХАНИЯТ** – *духовенство*. Мәдениет пен өркениет үйлесімі немесе ақын мен қайраткердің руханит аясындағы сұхбатын оқығаннан кейінгі туған ой. «Егемен Қазақстан», 5 тамыз 2009 жыл. № 259 (25656). Руханиятқа ұқыпты көзқарас қажет. «Егемен Қазақстан», 6 қазан 2009 жыл. № 327-328 (25725). Руханиятқа соқпай өткен ғұмыр – бос. «Айқын», 4 ақпан 2010 жыл. № 18 (1442); Әлемдік руханият ордасы. «Айқын», 6 шілде 2011 жыл. № 122 (1789); Төл руханиятымыз тұғырынан таймасын. «Ана тілі», 13-19 қазан 2011 жыл. № 41 (1089).

**РҰҚСАТНАМА** – *пропуск*. Оның ішіне кіріп-шығу үшін арнайы рұқсатнама бюросына кіріп, жеке куәлігіңізді көрсетіп, рұқсат қағаз аласыз. «Айқын», 4 қазан 2011 жыл. № 183 (1850).

## С

**САЗГЕР** – *композитор*. Осыған қарсы «Reprieve» құқық қорғау ұйымының қызметкерлері мен дыбыс жазу студиялары және сазгерлер арасында енді олар әндерінің түрмеде тұтқындарды қинау үшін қолданылуына қарсы екендерін білдіретін келіссөз жүргізілуде. «Ана тілі», желтоқсанның 18-і 2008 жыл. № 51 (940). Сазгер (мақала тақырыбы). Биыл асқаралы алпыс жастың төріне шығып отырған Бақытжан еліне тамаша тартулар жасаған сазгер. «Егемен Қазақстан», 14 мамыр 2011 жыл. № 196-199 (26601).

**САЙҚЫМАЗАҚ** – *клоун*. «Бораттың өкініші» немесе сайқымазақ Қазақстанға неге өкпелейді? «Егемен Қазақстан», 29 тамыз 2008 жыл. № 326-329(25299); Сайқымазақты састырған. «Жас Қазақ», 1 сәуір 2011 жыл. № 12 (324).

**САЙЛАУАЛДЫ** – *предвыборный*. Сайлауалды бағдарлама қоғамның барлық саласын қамтиды. «Нұр Астана», 24 қараша 2011жыл. № 46 (415); Сайлауалды науқанынан бастап кетті. «Егемен Қазақстан», 24 қаңтар 2012 жыл. № 27-32 (27104).

**САЛАМАТТЫЛЫҚ//САЛАУТТЫЛЫҚ** – .....*трезвост*. Жастардың саламаттылығы үшін. «Егемен Қазақстан», 20 қазан 2009 жыл. № 341-342 (25739); Саламаттылық негізі – сауаттылық. «Астана ақшамы», 19 ақпан 2011 жыл. № 21 (2631); Салауаттылық салтанаты. «Астана ақшамы», 9 тамыз 2011 жыл. № 89 (2699).

**САЛАМАТТЫ//САЛАУАТТЫ (ӨМІР САЛТЫ)** – *здоровый образ жизни*. Бұл жерде «Денсаулық» емдеу-сауықтыру поезының атқарған миссиясы

Елбасы пәрменімен жолға қойылған Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтауды дамытудың 2011- 2015 жылдарға дейінгі «Саламатты Қазақстан» бағдарламасының маңыздылығына жауап беретінін атап өткен орынды. «Ана тілі», 7-12 қаңтар 2011 жыл. № 1 (1046); Салауатты өмір салтын қалыптастыру жайы сөз болды. «Алматы ақшамы», 22 қыркүйек 2011 жыл. № 111 (4513).

**САЛПЫНШАҚ** – *брелок*. Әшекей салпыншақтар (брелок) 250 теңгенің көлемінде болса, келте жеңді жейделердің (футболка) бағасы 1200 теңгеден сатылып жатыр. «Алаш айнасы», 28 қаңтар 2011 жыл. № 14 (466).

**САЛТАНАТ ҚАҚПАСЫ** – *триумфальная арка*. Елорданың салтанат қақпасы. «Ана тілі», 22 желтоқсан 2011 жыл. № 52 (1100).

**САЛЫҚШЫ** – *налоговик*. Мұндай елдер соңғы кезде парашылар мен салықшылардың қактығысына ұшырап, түрлі төңкерістерге душар болатыны бар. «Нұр Астана», 13 қараша 2008 жыл. № 46 (259).

**САЛЫМ** – *вклад*. Салым мерзімі – автоматты түрде ұзартуды қосқанда 36 ай. «Астана хабары», 29 шілде 2008 жыл. № 89 (2253). Осы ретте тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің әр азаматтың баспана жағдайын жақсарту мақсатында дербес салымға ақша жинап, кейіннен банктен төмен пайыздармен заем алу мүмкіндігін қарастыратынын қайталап айтқымыз келеді. «Егемен Қазақстан», 24 қараша 2009 жыл. № 386-388 (25785);

**САЛЫМШЫ** – *вкладчик*. Аралық тұрғын үй заемдары салымшылар көңілінен шығуда. «Егемен Қазақстан», 29 шілде 2008 жыл. № 226-227 (25198). Зейнетақы қорларына салымшы тартар тетік қайсы? «Егемен Қазақстан», 15 мамыр 2009 жыл. № 170-172 (25569). Салымшылардың ақшасын қайтара алмаймыз. «Жас Қазақ», 8 қазан 2010 жыл. № 39 (299).

**САМАЙСАҚАЛ** – *бакенбард*. “Бакенбард” – «жақ сақалды» деп аударылады. Ауыз екі тілде қолданып жүрміз. Ал шындығында бұл неміс тілінен енген қос сөз. (Der Baker – жақ, der Bfird – сақал). Негізінде осы бір кірме сөзді аластататын уақыт жеткен сияқты. (“Айқын” 13 қаңтар 2005. Шәкен КҮМІСБАЙҰЛЫ). «Самайсақал» деген де келетін сияқты.

**САНАТ** – *категория*. ...Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы қалыптастыру, Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың санаттары топтары және тиісті топтары бойынша Ұлттық қорға, мемлекеттік және республикалық бюджетке түсетін түсімдерді болжамдау, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өтінімдерін қарау, олар бойынша қорытындылар дайындау. «Алаш айнасы», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 171 (623).

**САНАТКЕР** – *идеолог*. Сандырақсыз санаткер. «Астана ақшамы», 21 ақпан 2012 жыл. № 21 (2782).

**САНАТКЕРЛІК** – *идеология*. Менің әкем Кеңес өкіметін дүниеге әкелген нәби Лениннің (егер осылай деп атауға болса) жаңа саясатына уланып, бүкіл ғұмырын сол санаткерліктің (идеологияның) жолымен өткізген кісі еді. «Жас Алаш», 5 сәуір 2011 жыл. № 26 (15588); Санаткерлік тәрбие сағаты. «Астана ақшамы», 25 қазан 2011 жыл. № 122 (2732).

**САПАРЖАЙ** – *автовокзал*. Астана сапаржайының жолаушыларын

жекеменшік көлік иелері сапаржайға жеткізбей алып кетеді. «Эра» телеканалы. Кешкі жаңалықтар. 12 желтоқсан 2008 жыл.

**САПАРШЫ** – *путник или ...* Астанадан шыққан үш сапаршыға жолдан Жанарбек қосылды. Жас қазақ», 9 қыркүйек 2011 жыл. № 35 (347).

**САПАРТОП** – *туристическая группа*. Болгариядағы «Алтын құм» жағалауына ақтөбелік дәрігерлердің сапартобы аттанды. «Жас қазақ», 28 қаңтар 2011 жыл. № 3 (315); Сол жерде отырып, бүкіл сапартоп оқиғаны сырттан бақылып отырдық. «Жас қазақ», 11 қараша 2011 жыл. № 44(356); Корея Халықтық Демократиялық Республикасы бұл уақытта шетелдік сапартопты қабылдамайды. «Жас қазақ», 23 желтоқсан 2011 жыл. № 51 (363).

**САРАПТАМА** – *экспертиза*. Сот сараптамасы жетіле түседі. «Егемен Қазақстан», 21 қазан 2008 жыл. № 319-320 (25290); Жүрегінде күдік туған ана осыдан кейін екі бірдей ДНК сараптама жасатып, көмілген баланың қыз емес, ұл екенін және өзінікі емес екенін дәлелдеп шыққан. «Алаш айнасы», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 171 (623).

**САРАШЫ** – *редактор*. Түске дейін әдеби сарашы, техникалық сарашы, безенші, қатетүзер секілді мамандар дәрісханаларда кезек-кезек дәріс өткізеді (С.Медеубекұлы). «Айқын», 2 сәуір 2011 жыл. № 57 (1724).

**САРАПШЫ** – *эксперт*. Сарапшылардың бағалауы бойынша, жоба шеңберінде игерілетін «Қашаған» кен орны әлемдегі мұнай-газ саласындағы соңғы 30 жылдағы ең ірі кеніші болып табылады. «Нұр Астана» 27 қараша 2008 жыл. № 48(261).

**САРБАЗ** – *воин*. Сап құрады сарбаздарым қуатты. «Астана ақшамы», 7 мамыр 2009 жыл. № 49 (2370); Қазақ сарбазы Ауғанстанға аттанбақ. «Айқын», 20 мамыр 2011 жыл. № 89 (1756).

**САРДАР** – *командир*. Сардардың дені Ресейде оқиды. «Нұр астана», 7 мамыр 2009 жыл. № 18 (283).

**САТЫЛЫМ** – *продажа*. «Эйр Астана» әуекомпаниясы «алдын ала сатылым» тарифтері бойынша ішкі және халықаралық бағыттардағы әуебилеттердің сатылымы басталғандығын жариялайды. «Жас Алаш», 21 сәуір 2009 жыл. № 32(15386); Суретсіз темекілер сатылымнан алына ма? «Алаш айнасы», 3 қыркүйек 2011 жыл. № 155 (607); Тәркіленген мүлік сатылымға шығарылады. «Алматы ақшамы», 3 қыркүйек 2011 жыл. № 103 (4505); Алматыдағы жанармай бекеттерінде жалған жанармай сатылымға шығып кеткен. «Жас қазақ», 21 қазан 2011 жыл. № 41 (353).

**САУАЛДАМА** – *опрос*. Министрдің айтысына қарағанда, былтыр салық органдарының қызметін бағалауға қатысты жүргізілген сауалдамаға оған тартылғандардың 61 пайызы «қанағаттанарлық» деп жауап берген екен // «Егемен Қазақстан», 12 наурыз 2008 жыл. № 65-68 (25040). Әлеуметтік сауалдамалар әлеуеті. «Егемен Қазақстан», 4 сәуір 2011 жыл. № 128 (26530).

**САУАЛНАМА** – *анкета, опросник*. Санақ сауалнамасындағы балдыр-батпақ. «Айқын», 19 шілде 2008 жыл. № 133 (1070). Жемқорларды жіпке тізу үшін статистикалық мәліметтерді пайдаланып қана қоймай, шетелде бизнесі



бар компаниялардың басшыларының барлығын сауалнамаға тартқан. «Ана тілі», желтоқсанның 18-і 2008 жыл. № 51 (940).

**САУАТ//ҚҰРМЕТ САУАТЫ** – *грамота, почетная грамота.*

**САУДАГЕР** – *бизнесмен.* Екіншіден, бұрын шетелден біраз ғана тұруға келіп жатқан саяхатшы, қыдырма, саудагер (бизнесмен) атаулы дәрігерлік тексеруден өтетін. (М.Кенжебай). «Ана тілі», 18-24 маусым 2009 жыл. № 24 (965).

**САУЫҚЖАЙ** – *ресторан.* Олай болса, ресторанның ең дөп аудармасы – сауықжай. (Жұма-Назар Сомжүрек). «Ана тілі», 15-21 сәуір 2010 жыл. № 15(1008).

**САУЫҚХАНА** – *казино.* 2005 жылы «Золотой телец» атты сауықханада тағы біреулермен жанжалдасып қалады да, үйіне барып мылтық алып келіп, бұл қалада кез келген адамды атып тастай алатынын, ол үшін оған түк те болмайтынын айтып, казино ғимаратына жөн-жосықсыз оқ жаудыра бастайды. «Жас Алаш», 21 сәуір 23011 жыл. № 31 (15593).

**САУДА-САТТЫҚ** – *аукцион.* «Нұрбанк» АҚ-тың сенім білдірген тұлғасы кепілдегі мүлікті сату бойынша сауда-саттық өткізу туралы хабарлайды// «Егемен Қазақстан», 30 желтоқсан 2008 жыл. № 422-425(25394). «Назар аударыңыз, сауда-саттық! «Егемен Қазақстан», 11 қыркүйек 2010 жыл. № 368-369 (26212).

**САХНАГЕР** – *режиссер постановщик.* Сахнагер Сейтмет. «Нұр Астана», 2008, № 48 (261).

**САЯБАҚ** – *парк.* Атыраудың сыйы – саябақ. «Егемен Қазақстан», 5 сәуір 2008 жыл. № 102 (25074); Саябақ иттердің дәретханасы ма? «Алматы ақшамы», 14 мамыр 2009 жыл. № 56 (4147); Бүгінде саябақ аумағында 37 бригада жұмыс жасауда. «Алматы ақшамы», 16 тамыз 2011 жыл. № 95 (4497).

**САЯЖОЛ** – *аллея.* Үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысын талқылаған басқосудан кейін облыстың санитарлық дәрігерлері марқұм Марат Жақсыбаевқа арналған «Ескерткіш саяжолын» ашты. «Егемен Қазақстан», 16 маусым 2010 жыл. № 235-236 (26082).

**САЯСАТНАМА** – *политология//книга о правлении.* Шығыс даналығының ескерткіші «Саясатнама» кітабына ден қойсақ. «Егемен Қазақстан», 4 тамыз 2011 жыл. № 346 (26740).

**САЯСАТКЕР** – *политик.* Сенатта салмақты он алты саясаткер. «Айқын», 23 тамыз 2011 жыл. № 155 (1822); Саясаткер-велошабандоздар көп. «Алаш айнасы», 8 қыркүйек 2011 жыл. № 158 (610); Ол – қолдан жасалған саясаткер. «Жас Алаш», 27 қыркүйек 2011 жыл. № 77 (15639).

**САЯСАТКЕРСЫМАҚ** – *политикан.* «Өз оқырмандарыңызға айтыңыздар, бәрі орнында, елде жағдай тұрақты және саясаткерсымақтардың ойсыз мәлімдемелерінің ешқандай теріс ықпалы болмайды». «Түркістан», 15 қыркүйек 2011 жыл. № 37(895).

**САЯСАТТАНУШЫ** – *политолог.* Ал біздің саясаттанушылар жақын арада болған ауысулар мен тағайындауларға қатысты пікір айтады екен? «Қазақ әдебиеті», 15 -21 сәуір 2011 жыл. № 15 (3231); Біз ресейлік саясаттанушыға

ғаламтор арқылы хабарласып, өзімізді қызықтырған бірнеше сұрақтарға жауап алдық. «Айқын», 20 қазан 2011 жыл. № 195(1862); ... «Шығыс жолбарысын» жарнамалау үшін біздің салықтың есебінен көп ақша төлейтін сарапшылар мен саясаттанушылар жалдау жағынан Қазақстан, сөз жоқ, лидер. «Жас Алаш», 2 ақпан 2012 жыл. № 9 (15675).

**САЯСАТШЫ** – *политик*. Бірақ сол кезде тәуелсіздік идеясын айтқан қазақта жазушы да, жазушыны мен қоғамдық күштің өкілі ретінде айтып отырмын,, ғалым да, шындығын айтқанда, саясатшы да болмады (А.Сәрсебайұлы). «Жас Алаш», 20 қазан 2011 жыл. № 84 (15646).

**САЯСИ ҮНҚАТЫСУ** – *политический диалог*. **Ұйымның басты құралы** – **саяси үнқатысу**. «Егемен Қазақстан», 11 қаңтар 2010 жыл. № 4-5 (25851).

**САУДА НҮКТЕСІ** – *торговая точка*. Өрттің кесірінен 1 мың 875 шаршы метрді алып жатқан сауда нүктелері түгел өртеніп кетті. «Жас Алаш», 25 мамыр 2010 жыл. № 41 (15499).

**СӘБИҚҰМАРЛАР** – ..... «Сәбиқұмарларға» қандай жаза қолдану керек? «Айқын», 10 қыркүйек 2011 жыл. № 167 (1834).

**СӘЙКЕСТЕНДІРМЕ** – *идентификаци(онный)я*. 2012 жылдың 1 қаңтарына бастап сәйкестендірме нөмірлері енгізіледі. «Астана ақшамы», 9 тамыз 2011 жыл. № 89 (2699).

**СӘЙКЕСТЕУШІ** – *идентификатор*. «Адамдардың сәйкестеуші (идентификатор) рөлін атқаратын аты-жөн бетімен кеткен, ғылыми сарап пен оның қолданысы атымен жоқ». «Ана тілі», қазанның 23-і, 2008 жыл. № 43 (932).

**СӘЛЕМДЕМЕ** – *посылка*. Сәлемдеме күте тұрады. Оған анда-санда поштамен сәлемдеме жіберіп тұрамыз. «Алаш айнасы», 15 ақпан 2011 жыл. № 26(478).

**СӘНГЕР** – *модельер*. Сосын сәнгерлердің ұлттық киімді заманға икемдеу керек екен деп, оны батыстың қолбаласына айналдыруды доғарғаны жөн болар. «Ана тілі», 8-14 сәуір 2010 жыл. № 14 (1007); Егер сәнгер болмағаныңызда, кім болар едіңіз? «Нұр Астана», 28 шілде 2011 жыл. № 29 (398).

**СӘУЛЕТКЕР** (сәулетші) – *архитектор*. Саз сәулеткерінің сәулеті сүйсіндірді. «Алматы ақшамы», 18 қазан 2011 жыл. № 122(4524).

**СЕМСЕРШІ** – *фехтевальщик*. Біздің семсершілер үшін биыл маңызды жарыстар көп-ақ. «Алаш айнасы», 15 сәуір 2011 жыл. № 64 (516).

**СЕНІМГЕРЛІК** – *доверительность (в доверительное управление)*. Республикалық мүлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидасын бекіту туралы (ҚР Үкіметінің қаулысы). «Егемен Қазақстан», 23 шілде 2011 жыл. № 309-316 (26710); «Самұрық-Қазына» даму институттарын сенімгерлік басқаруға береді. «Алаш айнасы», 2 қыркүйек 2011 жыл. № 154(606).

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ** – *телефон доверия*. «2008 жылғы 15 қыркүйектен бастап 8-8000-080-30000 бірыңғай жалпыұлттық «сенім телефоны» орнатылды. «Дала мен қала», 2 қазан 2008 жыл. № 40 (267).

**СЕРКЕ** – *лидер*. Еуропаның серкесі. «Дала мен қала», 4 шілде 2008 жыл. №

26-27 (254); Қылмыс әлемінің серкелері. «Айқын», 21 қазан 2010 жыл. № 195 (1619).

**СЕРПІЛМЕ** – *трамплин*. Шаңғымен серпілмеден секіру. «Жас Алаш», 4 ақпан 2010 жыл. № 10 (15468).

**СЕРПІНДІ ЖОБАЛАР** – *прорывные проекты*. Серпінді жобаларға сенім де мол// «Егемен Қазақстан», 14 желтоқсан 2007 жыл. Серпінді жобалар сергек қарауды қажет етеді. «Егемен Қазақстан», 6 маусым 2008 жыл. № 166-167 (25138); Энергетика саласын серпінді жобаларсыз елестету мүмкін емес. «Алаш айнасы», 2 қараша 2011 жыл. № 194 (646).

**СЕРІКТЕС** – *партнер*. Сеул – сенімді серіктес. «Астана хабары», 19 шілде 2008 жыл. № 85 (2249).

**СЕРІКТЕСТІК** – *товарищество*. Сенімді серіктестік рухындағы кездесу. «Егемен Қазақстан», 27 мамыр 2008 жыл. № 152-153 (125124); Мемлекет пен жекенің серіктестігі қажет. «Алаш айнасы», 11 қаңтар 2011 жыл. № 1 (453).

**СОДЫР** – *экстремист*. Содыр болсам қайтеді? «Дала мен қала», 28 қыркүйек 2008 жыл. № 35 (262); Содырлар мінез танытты. «Ана тілі», 7 – 10 қазан 2010 жыл. № 40(1033); Тіпті, сол содырлардың кім екенін ашық айтпай, «дін жамылған террористер» деп оларды қалқалауы – нені көрсететіні белгілі ғой. «Қазақ үні», 14 қазан 2011 жыл. № 41-42(513).

**СОДЫРЛЫҚ** – *экстремизм*. Сәнге айналған содырлық. «Жас Қазақ», 9 желтоқсан 2011 жыл. № 48 (360).

**СОТ ӘКІМШІСІ** – *судебный администратор*. Астана қаласы соттар әкімшісінің ұжымы. «Заң», 15 шілде 2008 жыл. № 105 (1331).

**СӨЗБЕГІ** – *мастер слова*. Сөзбегі (Бесбоғда АЛТАЙ). «Айқын», 17 тамыз 2011 жыл. № 151 (1818).

**СӨЗГЕР** – *публицист*. «Публицист» дегеннің қазақша баламасы «сөзгер болып айтылса, тіл заңдылығына томпақ бола ма? Әрине, болмайды!»//Қоғам-сөз..., Замансөз..., әлде Мәндісөз...«Айқын», 29 қазан 2008 жыл. № 203 (1140).

**СӨЗЖАРЫС** – *прения*. Сөзжарыс барысында ортада туындаған мәселеге қатысты талқыны заң жобасын әзірлеу барысында кеңінен талқылау ұсынылды. «Егемен Қазақстан», 6 мамыр 2009 жыл. № 160 (25557).

**СӨЗЖАРЫС** – *дискуссия*. Ресей бағдарламаларының сөзжарыс ұйымдастыру барысы көрсетіп бергеніндей, біреулері «Ленинді өз өсиетіне сәйкес анасының жанынаарулап жерлеу керек, ал кесенені социализм дәуірінің ескерткіші ретінде сақтап қалған жөн» десе, екіншілері «бұл – біздің тарихымыз, оны апарып жерлегенде де, мұнда тұрғанда да ештеңе өзгермейді» дейді. «Ана тілі», 15-21 сәуір 2010 жыл. № 15(1008).

**СӨЗЖҰМБАҚ** – *кроссворд*. Сөзжұмбақтар. «Айқын», 7 қазан 2010 жыл. № 185 (1609).

**СӨЗТАҢБА** – *идеография*. Бұл жазудың түп-тегі шумерлер заманындағы сөзтанбалық (идеография) және оның арғы жағындағы суреттанбалық (пиктография) жазуға барып тіреледі. «Ана тілі», 9-15 маусым 2009 жыл. № 27 (968).

**СУБҰРҚАҚ** – *фонтан*. Субұрқақтар көздің жауын алады. «Ел», 1 шілде 2008 жыл. № 26(154). Сүбелі сый – субұрқақ. «Алтын Орда», 3-9 шілде № 27 (441); Бүгінде біздің қаламызда ұзын-саны 61 субұрқақтан тұратын 27 субұрқақ кешені бар. «Айқын», 15 қазан 2010 жыл. № 191 (1615); Субұрқақтар «жазғы демалыста». «Алматы ақшамы», 26 шілде 2011 жыл. № 86 (4488).

**СУЖОЛ** – *водная дорога*. Олай болса, әуежол (әуе жолы емес), теңізжол (теңіз жолы емес), сужол (су жолы емес), газқұбыр (газ құбыры емес), жүкмәшине (жүк мәшинесі емес), ғарышайлақ (ғарыш айлағы емес) деп ықшамдап, біріктіріп жазуға да болар еді. (Н.Уәлиұлы). «Туған тіл» альманағы. 2009 жыл. № 2 (10). 14-бет.

**СУҚОЙМА** – *водохранилище*. «Құпия» суқоймалардың сыры ашылмауының сыры неде? «Алаш айнасы», 27 наурыз 2010 жыл. № 48(274); Суқоймаларды, тоғандарды жекеменшіктің қолынан мемлекет өз қарамағына алуы керек. «Алаш айнасы», 26 қазан 2011 жыл. № 191(643).

**СУРЕТТАҢБА** – *пиктография*. Бұл жазудың түп-тегі шумерлер заманындағы сөзтаңбалық (идеография) және оның арғы жағындағы суреттанбалық (пиктография) жазуға барып тіреледі. «Ана тілі», 9-15 маусым 2009 жыл. № 27 (968).

**СУРЕТТЕГІШ**//**СУРЕТТЕГІШ** – *контррегулятор*. Салынатын нысанның аты – су реттегіш, контррегулятор. // «Айқын», 28 наурыз 2008 жыл. № 56 (993); Көсарай су реттегіші – ғасыр құрылысы. «Егемен Қазақстан», 15 сәуір 2011 жыл. № 148-151 (26553); Көксарай суреттегіші сенімді ақтады. «Алаш айнасы», 14 желтоқсан 2011 жыл. № 222 (674).

**СУСАБЫН** – *шампун*. Сусабындар «Астана», «Салтанат», «Бәйтерек» деп аталды. «Егемен Қазақстан», 22 желтоқсан 2009 жыл. № 427-429 (25826). Әсіресе, сусабын, әтірсабын, иісмай, сынды күнделікті қолданылатын тауарлар қымбаттады. «Жас Алаш», 30 наурыз 2010 жыл. № 25 (15483); Сусабын семіртпін жіберуі мүмкін. «Алаш айнасы», 2 шілде 2011 жыл. № 114(566).

**СУСЕПКИ** – *душ*. Мен сусепкіге кіріп шығайын. «Хабар» телеарнасы. «Күзгі жапырақтар» түрік телесериалының 56-сериясы. 22 шілде 2010 жыл.

**СҰҢҒАТ ӨНЕРІ** – *живопись*. Сұңғат өнерде, дизайнде, скульптурада талмай еңбек етіп келе жатқан ерен жанның жалғасы боларлық жас суретшілер де Ақанаевтың бейнелеу өнеріне берген сүбелі олжасы. «Егемен Қазақстан», 11 қыркүйек 2010 жыл. № 368-369 (26212).

**СҰРАНЫМ** – *запрос*. Халық сұранымы: екінші деңгейдегі банктерге ұлттық қазынадан қаржы бөлу тиімді емес. «Дала мен қала», 9 қазан 2008 жыл. № 41 (268); Егер жылжымайтын мүлік компания басшысының немесе құрылтайшысының жеке меншігі болып есептелсе, бірінші кезекте, жылжымайтын мүлік туралы сұраным жолдау керек. «Егемен Қазақстан», 23 қыркүйек 2011 жыл. № 451-452(26845).

**СҰРЫП** – *сорт*. Қазіргі кезде екінші сұрыпты нанның бір келісінің сатылым құны – 100 теңгеден төмендемей тұр. «Айқын», 25 қаңтар 2011 жыл. № 13 (1680); Оңтүстік саябақ аумағында апорт сұрыбының 125 көшеті отырғызылды.

«Айқын», 12 мамыр 2011 жыл. № 83 (1750); Үшінші сұрыпты бидайды сатып алу бағасы өсті. «Алаш айнасы», 21 ақпан 2012 жыл. № 29 (211).

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ** – *коррупция*. Сыбайлас жемқорлық қай мекемеде көп кездеседі? «Алматы ақшамы», 1 қараша 2008 жыл. № 124 (4062). «Сыбайлас жемқорлық» деген жаңа термин өмірімізге негелі, қоғам ахуалы күрт өзгерді. «Қазақ әдебиеті», 14-20 қараша 2008 жыл. № 46 (3102); Сыбайласқан жемқорлық – мемлекет пайда болғалы бар құбылыс. «Айқын», 20 ақпан 2010 жыл. № 30 (1454); Сыбайлас жемқорлықты бодырмау – басты міндетіміз. «Айқын», 16 маусым 2011 жыл. № 108(1775);

**СЫБАЙЛАСТЫҚ** – *коррупция*. Құрылыстағы сыбайластыққа тосқауыл. «Ана тілі», шілденің 31-і, 2008 жыл. №31 (920).

**СЫЗБА** – *схема*. Отан қорғаушылар алаңында Жеңіс күніне арналып өтетін мерекелік шаралардың сызбасы. «Астана ақшамы», 9 мамыр 2009 жыл. № 50 (2371); «Астана Арена» стадионында ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған гала-концертті өткізу кезіндегі жол қозғалысын ұйымдастырудың сызбасы. «Астана ақшамы», 15 желтоқсан 2011 жыл. № 145 (2755).

**СЫЗБА НҰСҚА** – *схема*. Айналып өту жолының сызбанұсқасы. Астана көшелерінің жарнама тақталарынан.

**СЫЙАҚЫ** – *вознаграждение*. Сыйақыны төлеу – ай сайын немесе салымның капиталға айналған мерзімінің аяғында. «Астана хабары», 29 шілде 2008 жыл. № 89 (2253). Оның үстіне, «сыйақысы» да аспандап кеткен. «Жас Алаш», 24 қараша 2009 жыл. № 94 (15448).

**СЫЙ-КӘДЕ** – *сувенир*. Сый-кәделер қанша тұрады? Елімізде тұңғыш рет өткізіліп отырған Азиданы тамашалуға келетін шетелдік меймандар мен оған қатысатын спортшыларға берілетін сый-кәделер арнайы жасалды. «Айқын», 1 ақпан 2011 жыл. № 18 (1685).

**СЫЙЛЫҚАҚЫ** – *премия*. Бұл орайда Қазақстандағы Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне тұрғындар назарын аударып отырған маңызды әрі тиімді мәселелердің бірі – мемлекеттік сыйлықақы жөнінде атап айту қажет сияқты. «Егемен Қазақстан», 18 қараша 2008 жыл. № 348-349(25319).

**СЫЛАУ** – *массаж*. Уқалау, сылау (массаж) процедуралары белгілі бір мөлшерде адамға оң әсерін тигізеді. «Қазақстан әйелдері», тамыз 2009 жыл, № 8. 42-бет.

**СЫНАМА** – *проба*. Токиодағы La Belle Vie зертханасының мамандары 2000 бүлдіршіннен алынған сынамаларды талдау нәтижесінде осындай қорытындыға келді. Бұл сынамалар сәбидің туылған сәтінде де, үш жасқа келгенде де, үш жасқа келген кезінде де алынған. «Алаш айнасы», 8 қараша 2011 жыл. № 198 (650).

**СЫН-ҚАТЕР** – *риск*. Қазақстан тәуелсіздік алған тұста бетпе-бет келген жиырма сын-қатер. «Егемен Қазақстан», 14 желтоқсан 2011 жыл. № ().

**СЫНЫП** – *класс*. Қазақ сыныптары орыс мектептерін сағалауға мәжбүр. «Егемен Қазақстан», 14 тамыз 2008 жыл. № 252 «25222».; Бастауыш сынып баласына ария айтқызу қажет пе? «Айқын», 3 қыркүйек 2008 жыл. № 164

(1101). 8 «ә» сынып оқушылары бастама көтерді. «Алматы ақшамы», 24 қараша 2009 жыл. № 137 (4228). Көп жыл «Егемен Қазақстан» газетінде қызмет атқарған Мәкең «сынып» сөзін де өз материалдарында алғашқылардың бірі болып пайдаланды. «Ана тілі», 11-17 ақпан 2009 жыл. № 6 (999); Ал 4-сынып оқушылары таза қазақ тілінде өткізілген ашық сабақта қазақ тілінің сан қырын танып, мақал-мәтелдерден жарыс ұйымдастырды. «Айқын», 23 қыркүйек 2011 жыл. № 176 (1843).

**СЫНЫПТАМА** – классификация. ...Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы қалыптастыру, Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың санаттары топтары және тиісті топтары бойынша Ұлттық қорға, мемлекеттік және республикалық бюджетке түсетін түсімдерді болжамдау, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өтінімдерін қарау, олар бойынша қорытындылар дайындау. «Алаш айнасы», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 171 (623).

**СЫНЫПТАС** – *одноклассник*. Елбасының сыныптастары туралы кітап. «Алаш айнасы», 6 шілде 2011 жыл. № 116 (568).

**СЫРҒАНАҚШЫ** – конкист. Ертең «Медеу» мұз айдыны салауатты өмір салтын серік еткен сырғанақшыларға құшағын айқара ашады. «Алматы ақшамы», 9 қазан 2010 жыл. № 123 (4368).

**СЫРҒЫТПА** – *замок*. Маған 15 сантиметрлік бір сырғытпа ала келші. «Күзгі жапырақтар» телехикаясынан.

**СЫРҚАТНАМА ҚАҒАЗЫ//ЕҢБЕККЕ ЖАРАМСЫЗДЫҚ ПАРАҒЫ/ ЖҰМЫСҚА ЖАРАМСЫЗДЫҚ АНЫҚТАМАСЫ** – *больничный листь*. Бүгін АҚШ-та 22 миллион әйелдің жұмысында сырқатнама қағазын төлемейді. «Айқын», 13 қараша 2008 жыл. № 214 (1151).

Бұл ретте, вахталық әдіспен жұмыс атақаратын қызметкерлерге уақытша еңбекке жарамсыздық парағы бойынша жалақы тек вахтаға келетін күндеріне ғана төленеді. «Алаш айнасы», 11 қаңтар 2011 жыл. № 1 (453). Жұмысқа жарамсыздық анықтамасымен жалақы төлене ме? «Алаш айнасы», 11 қаңтар 2011 жыл. № 1 (453).

**СЫРШЫРАЙ** – ..... Сәкеннің сыршырайлары. Енді бір сыршырайында шашын жайып жіберген анаға ұқсаған биенің шынғырған кескін-келбетін берген. Заман оның сыршырайларын түсінгісі келмеді, суретшінің осыған жаны ауырды. «Айқын», 18 қаңтар 2011 жыл. № 8(1675).

## Т

**ТАБАҚША** – диск. 8 мыңнан аса заңсыз табақша тәркіленді. «Алматы ақшамы», 23 шілде 2011 жыл. № 85(4487).

**ТАБЫТХАНА** – *пирамида*. «Табытханада табысқан» дәстүрлі діндер басшылары қазаққа жақсылық жасайын деп жүрген жоқ. Ұлттың санасын улап, оны тура жолдан тайдыру үшін келгендерге жол ашып берген табытхана – «Пирамидаға» әуестену, оы дәріптеу кімге қажет? «Жас Алаш», 30 шілде 2009 жыл. № 60-61 (15414-15).

**ТАҒАМТАНУ** – *питаниеведение*. Жиынды американдық ұйымы мен

Қазақ Тағамтану Академиясы ұйымдастырды. «Жас Қазақ», 9 желтоқсан 2011 жыл. № 48 (360).

**ТАҒАМТАНУШЫ** – *питаниевед*. Тағамтанушылар талқылаған тақырып. Алматыда дүниежүзінің белді тағамтанушылары бас қосты. «Жас Қазақ», 9 желтоқсан 2011 жыл. № 48 (360).

**ТАҒАТТЫЛЫҚ** – *толерантность*. Ақыры қуа келгенде, есімізге қазақтың аса бір биязы ректе айтылатын «тағаттылық» деген сөзі ойымызға орала береді. «Толерантность» терминімен қатар айтылғанда да жақсы әсер қалдырады. (Кеңес Юсуп). «Ана тілі», 17-23 маусым 2010 жыл. № 24 (1017).

**ТАҒДЫРШЕШТІ** – *судбоносный*. Астана саммиті – Қазақстанның тағдыршешті бастамасы. «Егемен Қазақстан», 19 қараша 2010 жыл. № 493-494 (26337); Тағдыршешті мәселе талқыланды. «Астана ақшамы», 11 тамыз 2011 жыл. № 90 (2700).

**ТАҒЫЛЫМГЕРЛІК** – *наставничество*. Сонда олардың дүниежүзіне демократия орнатпақ идеясы, демократия үйретпек тағылымгерлігі қайда қалғаны десеңізші. «Түркістан», 15 қыркүйек 2011 жыл. № 37(895).

**ТАҒЫЛЫМДАМА** – *стажировка*. Осы тұрғыдан алғанда, «Болашақ» бағдарламасының соңғы екі жылда енгізген ғылыми тағылымдамадан өту тәжірибесін сәтті бағдарлама деп бағалауға болады. «Айқын», 8 қаңтар 2011 жыл. № 2 (1669); - Тағылымдама барысында тілдік «кедергілер» болды ма? «Қазақ әдебиеті», 30 наурыз 2012 жыл. № 13 (3281).

**ТАҚІЛЕТТЕСТІК** – *идентификация*. Мәселен, біраздан бері айтылып жүрген, алайда күні кешеге дейін ырық бермей, қазақ мәтініне қанша сыналағанмен кірікпей келген «идентификация» деген терминнің баламасы да бүгін табылғандай болып отыр. Ішінде тіл тұтынушы журналистер бар, тіл зерттеуші білікті мамандар бар, Терминком мүшелері «тақилеттестік» сөзіне ен салған еді. (Кеңес Юсуп). «Ана тілі», 17-23 маусым 2010 жыл. № 24 (1017).

**ТАҚЫРШАҚ** – *галлош*. Екі сыған әйелі бір топ зейнеткерді таққыршаққа отырғызып кетті. «Жас Алаш», 14 мамыр 2010 жыл. № 38 (15496).

**ТАЛАП-АРЫЗ** – *исковое заявление*. Неге екенін өзіңіз де білесіз, бізде талап-арыздың дені орыс тілінде жазылады. «Түркістан», 13 қазан 2011 жыл. № 10 (021).

**ТАЛАПКЕР** – *абитуриент*. Таңдау пәні сәйкес келген жағдайда талапкер төрт мамандықты көрсете алады. «Астана хабары», 29 шілде 2008 жыл. № 89 (2253).

**ТАЛАПКЕР** – *истец*.

**ТАЛДАМАШЫ** – *аналитик*. Дәл осы кезден бастап «Назарбаев моделі» қазақстандықтардың қолдауына ие болған инновациялық мазмұнмен барған сайын толыға түсті, ал бұл шетелдік таладамашылар мен сарапшылар тарапынан ұдайы, ара-арасында сенімсіздік көрсетуі де бар, қызығушылық туғызды. «Егемен Қазақстан», 5 шілде 2008 жыл. № 204-205 ( 25176).

**ТАЛҚЫ** – *вызов*. Мен «талқы» – вызовтың тура баламасы дер едім. (Кеңес Юсуп). «Ана тілі», 17 – 23 маусым 2010 жыл. № 24 (1017).

**ТАНЫСТЫРЫЛЫМ** – *презентация*. Қазақстандық кинотуындының таныстырылымы. «Дала мен қала», 28 сәуір 2008 жыл. № 16 (244); Кеңес барысында жылу-электр стансасы (ЖЭС) құрылысының техникалық қырлары қаралып, талқыланды және жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінің (ТЭН) таныстырылымы өтті. «Айқын», 11 шілде 2008 жыл. № 127(1064); Жаңа медициналық орталықтың таныстырылымы. «Егемен Қазақстан», 26 тамыз 2011 жыл. № 391-394(26788).

**ТАПСЫРЫС** – *заказ*. 2008-2009 оқу жылына бөлінген мемлекеттік тапсырыс 33490 грантты құрады. «Астана хабары», 29 шілде 2008 жыл. № 89 (2253); Тапсырыстардағы қазақстандық кәсіпорындар үлесін арттыру дағдарыс әсерімен күресте негізгі шарттардың біріне айналды. «Егемен Қазақстан», 27 ақпан 2008 жыл. № 78-80.

**ТАПСЫРЫСШЫ//ТАПСЫРЫС БЕРУШІ** – *заказчик*. Себебі ҚР Азаматтық кодексінің 651-ші және 661-ші баптарына сәйкес, тапсырыс беруші заң талаптарына сай қабылдамаған нысан үшін оны салып жатқан мердігер жауапты екен. «Айқын», 1 қазан 2011 жыл. № 182(1849).

**ТАПТАУРЫН** – *стеоротип*. Шектеулі мәдениет туындылары көркемдік жағынан солғын, қардүрсіндігі басым болады, таптаурындарға жол беріледі.

**ТАРАЛЫМ** – *тираж*. Британ газеттерінің таралымы артты. «Айқын», 18 тамыз 2011 жыл. № 152 (1819).

«Егемен Қазақстан», «Айқын», т.б. қазақ газеттері таралымдарын тұрақты түрде көрсетіп отырады.

**ТАРАПТАР** – *стороны* (дипломатия). Тараптар сада-экономикалық ықпалдастықтың қазіргі жай-күйіне көңілдері толмайтынын білдірді. «Дала мен қала», 7 тамыз 2008 жыл. № 32 (259). Тараптар екіжақты ынтымақтастықтың барлық қырларын, соның ішінде «Түркіменстан –Өзбекстан – Қазақстан – Қытай» газ құбырының ашылуын талқылады. «Айқын», 15 желтоқсан 2009 жыл. № 234 (1415).

**ТАРИХНАМА** – *историяграфия*. Сондықтан ба, сөз кезегін дәстүр жаңғырту ісі мен тарихнамаға үңілумен алмастырып отырды. «Айқын», 31 қазан 2008 жыл. № 205 (1142); Жоғарыда тізбектелген тарихтағыф олқылықтардың орнын толтыруда бірден-бір таптырмас дүние – Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-тұқияннан өзіме шейін» тарихнамасы дер едім.«Ана тілі», 1-7 қыркүйек 2011 жыл. № 35 (1083).

**ТАРТЫМ** – *сет*. Екібастұз телімі 2004 жылы электр тартымына көшірілгені мәлім. Сол кезде күрежолға жақын тұрған Ақсу-1 стансасы да электр тартымына қоса енгізілді. «Егемен Қазақстан», 23 қыркүйек 2011 жыл. № 451-452(26845).

**ТАСТАНУШЫ** – *кристаллограф*. Қорыта айтқанда, соңғы жылдардағы кристаллограф (тастанушы) ғалымдар барлық тастар, минералдар бір-бірін қайталамайтынын анықтады. «Ана тілі», 20-26 қазан 2011 жыл. № 42 (1090).

**ТАСТАЯҚ** – *бильярд*. Қаламгерлер арасында тастаяқтан жарыс өтті (мақала тақырыбы) // «Қазақ әдебиеті», ақпанның 29-ы, 2008 жыл. Әуез Елубаев тастаяқтан Әлем кубогінің иегері. «Дала мен қала», 2 наурыз 2009 жыл. № 8



(287); Тастаяқ табысты өтті. «Алматы ақшамы», 5 сәуір 2011 жыл. № 42 (4444); Тастаяқ жарысы. «Қазақ әдебиеті», 30 наурыз 2012 жыл. № 13 (3281).

**ТАУАРӨНДІРУШІ** – *товаропроизводитель*. **Үкімет отандық тауарөндірушілердің үлесін арттыру бағытында да табандылық танытпақ.** «Айқын», 3 наурыз 2009 жыл. № 36 (1217).

**ТАУШЫ** – *алпинист*. Айтқандай, біздің Еркін батырымыз да – Іле Алатауындағы 4100 метрлік «Школьникті» бағындырған таушы. «Жас қазақ», 23 қыркүйек 2011 жыл. № 37 (349).

**ТАУЫҚХАНА** – *курятник*. Алайда өзеннің бойына тауықхана мен мал қораларын салып, тауықтар мен жеке меншік малдан шыққан қалдықтарды өзен суына ағызуды әдетке айналдыруда. «Айқын», 1 сәуір 2009 жыл. № 55 (1236).

**ТӘЛІМБАҚ** – *питомник*. Жылыжайда, тәлімбақта, және дендробақта шаруа шаш етектен. Қаладан 20 шақырым жерде тәлімбақ бар. «Айқын», 15 қазан 2010 жыл. № 191 (1615).

**ТӘЛІМГЕР** – *наставник*. «Қазақмыстың» үздік тәлімгері. «Айқын», 9 ақпан 2012 жыл. № 26 (1937); Сегіз қырлы тәлімгер. «Ана тілі», 29 наурыз – 4 сәуір 2012 жыл. № 13 (1114).

**ТӘЛІМГЕРЛІК** – .... Тәлімгерліктің тәлімі мол. «Алматы ақшамы», 24 қыркүйек 2011 жыл. № 112 (4514).

**ТӘНТАНУ** – *анатомия*. Мәселен, тілімізде әлі күнге дейін *анатомия, косметика, кредит, маятник, пленка, рецепт, функция, факт* деп айтылып, жазылып жүрген сөздерді қазақша тәнтану, риан, несие, бигеш, жұқалтыр, дәрел, мәнбі, берне деп алуға болатындығына көзіміз жетеді. «Ана тілі», 11-18 ақпан 2010 жыл. № 10 (1003).

**ТӘРКІЛЕУ** – *конфискация*. «Айқын», 12 қараша 2008 жыл. № 213 (1150). Тәркілеу хаттамасы толтырылып, куәгерлер қол қойған. «Алматы ақшамы», 13 ақпан 2010 жыл. № 18 (4263). 2010 жылдың басынан бері тек Алматы қаласының өзінде ғана құмар ойын саласына қатысты 112 заң бұзушылық фактісі анықталып, 950 ойын автоматы тәркіленіпті. «Айқын», 19 қаңтар 2011 жыл. № 9(1676).

**ТӘУЛІКАҚЫ** – *суточный*. Аталған құжаттар негізінде купелік вагон тарифі бойынша жол жүру билетіннің құны және тәулікақы төленеді. (Меморган құжаттарынын).

**ТЕКСЕРІС** – *проверка*. Тексеріс кезінде заң бұзушылық фактілерінің кездеспеуі – сенімге ие болудың басты кілті. «Нұр Астана», 7 тамыз 2008 жыл. № 32 (245); Тексеріс нәтижесімен таныстырды. «Астана ақшамы», 11 тамыз 2011 жыл. № 90 (2700).

**ТЕКТІК ҚОР** – *генофонд*. Ұлтымызды – ұлт, халқымызды – халық етіп келе жатқан киелі де иелі шынжыр тізбек те – осы тек қой. Тектік қор. Лайым, тегіміз үзілмесін. «Жас Алаш», 5 қыркүйек 2008 жыл. № 71 (15321).

**ТЕЛІМ (жер телімі)** – *участок(земельный участок)*. Бұл ескерту Шымкент – Қазығұрт телімі арасында орын тепкен Воршиловка елді мекенінде мүлде

ескерілмеген. «Айқын», 11 мамыр 2011 жыл. № 82 (1749); Жер телімін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер телімін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы. «Алматы ақшамы», 22 қыркүйек 2011 жыл. № 111 (4513).

**ТЕМСАҚ** – *крокодил*. Ал парсыша – неһенгі, яғни темсақ (крокодил) дегенді білдіреді екен. Сонымен сайып келгенде, ұлу көбелек те, балық та, темсақ та, айдаһар да емес. «Астана ақшамы», 31 желтоқсан 2011 жыл. № 151 (2761).

**ТЕҢҚҰҚЫҚТЫЛЫҚ** – *равноправность*. Діни қызмет туралы жаңа заң діни бірлестіктердің теңқұқықтылығын бұзбайды. «Алаш айнасы», 19 қазан 2011 жыл. № 185 (637).

**ТЕҢТӨРАҒАЛЫҚ** – *сдсодателство*. Теңтөрағалық – тепе-теңдік пе, әлде текетірес пе? «Алаш айнасы», 11 тамыз 2009 жыл. № 135 (135).

**ТЕҢІЗЖОЛ** – *морская дорога*. Олай болса, әуежол (әуе жолы емес), теңізжол (теңіз жолы емес), сужол (су жолы емес), газқұбыр (газ құбыры емес), жүкмәшине (жүк мәшинесі емес), ғарышайлақ (ғарыш айлағы емес) деп ықшамдап, біріктіріп жазуға да болар еді. (Н.Уәлиұлы). «Туған тіл» альманағы. 2009 жыл. № 2 (10). 14-бет.

**ТЕРІМШІ** – *наборщик*. «Жас Қазақ», «Ана тілі», «Алматы ақшамы» газеттері «наборщикті» қазақша «терімші» деп беріп жүр. 2009 жыл; Кейде ойды жұптап-жүйелеп алып, терімшіге ауызша айту тәсілін де пайдаланады. «Ана тілі», 3-9 қараша 2011 жыл. № 44 (1092).

**ТЕРІСТЕМЕ** – *опровержение*. «Мәдиновке қатысты терістемені дұрыс бермепсіндер» деп. «Жас Алаш», 23 сәуір 2009 жыл. № 33(15387); Терістеме. «Жас Алаш», 18 қараша 2010 жыл. № 92)

**ТЕХНИКАЛЫҚ КҮЙСІЗДІК** – *техническая неисправность*. Техникалық күйсіздік көлікті апатқа апарады. «Алматы ақшамы», 23 ақпан 2010 жыл. № 22 (4267).

**ТИІМДІ ҚАЛДЫҚ** – *плюсовая сальдо*. Өйткені біздің экспорт-импорт айырбасымызда Қазақстан үшін тиімді қалдық (плюсовая сальдо) молырақ болып тұр. «Айқын», 29 шілде 2011 жыл. № 138 (1805).

**ТОЛАҒАЙ** – *итангист*. Толағайлар құр қарап отырғанша, демалыс бөлмесінде тыныққаны дұрыс. «Алаш айнасы», 13 қазан 2010 жыл. № 176 (402); Толағайлар топтасып келеді. «Нұр Астана», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 38 (407).

**ТОСАП** – *варенье*. Тосап қосылған печенье. «Қазақстан–Zaman», 11 ақпан 2010 жыл. № 06 (778).

**ТОСЫНСЫЙ** – *сюрприз*. «Хабар» телеарнасы. «Күзгі жапырақтар» түрік телесериалының 57-сериясы. 22 шілде 2010 жыл.

**ТӨГІНДІ СУ** – ..... *воды*. Егер бізде де Ресейдегідей арнайы ғылыми мекеме ашылса, қазақстандағы төгінді суларға қатысты өзекті мәселе толық шешімін табар еді. «Айқын», 16 ақпан 2010 жыл. № 26 (1450).

**ТӨЗІМДІЛІК** – *толерантность*. Этносаралық төзімділік үлгісінің тұсаукесері. («Этносаралық төзімділіктің қазақстандық үлгісі» – «Казахстанская модель межэтнической толерантности»). «Егемен Қазақстан», 3 қазан 2009

жыл. № 325-326 (25723). Төзімділіктің қазақстандық тәжірибесі. «Егемен Қазақстан», 16 қараша 2010 жыл. № 487-491 (26334).

**ТӨЛЕМ** – *платеж*. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының Кодексі. «Жас Қазақ», 31 қазан 2008 жыл. № 43 (199).

**ТӨЛЕМАҚЫ** – *оплата*. 2008 жылдың 1 шілдесінен бастап сіз жеке тұтынушылық несие бойынша мерзімі кешіктірілген қарызыңызды төлемақы өсімінсіз өтеуіңізге болады. «Жас Алаш», 17 шілде 2008 жыл. № 57 (15307). Төлемақысы да оңып тұрған жоқ. «Жас Алаш», 24 қараша 2009 жыл. № 94 (15448).

**ТӨЛИЕ** – *автор*. Жарайды-ақ, бұл оқулықтың төлиелерін (авторларын) тілшілер емес делік (Б.Қалиұлы). «Ана тілі», 11-18 наурыз 2010 жыл. № 10 (1003).

Онда төлиенің өзі өскен ортасы мен жүрген жерлері, жанына жақын санаған адамдары: бауырлары мен туған-туысқандары, достары, жолдастары жайында сөз болады. Б.Қалиұлы. Өткен өмір елестері. 2008 2-бетте. («төлие» сөзін Б.Қалиұлы өзге мақалалары мен еңбектерінде де қолданып жүр).

**ТӨЛҚҰЖАТ** – *паспорт*. Жаңа төлқұжат қолданысқа енгізілуге дайын. «Заң», 18 шілде 2008 жыл. № 108 (1334). Электронды жаңа төлқұжаттар шекарадағы заңсыздықтарға тосқауыл қоймақ. «Егемен Қазақстан», 22 шілде 2008 жыл. № 220-221 (25192); Бір қызығы, барлық елдің азаматының қолында бар, шетелге шығатын Төлқұжат ҚХР-ның халқында болмайды. «Айқын», 23 қыркүйек 2011 жыл. № 176 (1843).

**ТӨЛҚҰЖАТ ҮСТЕЛІ** – *паспортный стол*. Төлқұжат үстелі уақытты жеді... (мақала тақырыбы). «Дала мен қала», 4 сәуір 2008 жыл. № 13 (241).

**ТӨЛМӘДЕНИЕТТАНУ** – *инкультурация*. Қазақ баласы дүниеге келгенде төлмәдениеттану (инкультурация)и үдерісіне түспей, бірден өз мәдениетінің ықпалына (аккультурацияға) ұшырауға мәжбүр болады. «Қазақ әдебиеті», 22-28 сәуір 2011 жыл. № 16 (3232).

**ТӨЛНҰСҚА** – *оригинал*. Мұнда Ахмет оқыған орыс-қазақ мектебі, оған Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітіргенде берілген куәлігін (төлнұсқасы), Ахмет әнге қосқан Ақкөлдiң суреті, әкесі Байтұрсын мен үлкен ағасы Қалидың басына орнатылған қорымның суреті ілінген. «Ана тілі», 17-23 қыркүйек 2009 жыл. № 37 (978).

**ТӨЛТАҢБА** – *герб*. Тараз қаласының төлтанбасы (Почта маркасынан). Қаланың жаңа төлтанбасы қолданысқа енді. «Алматы ақшамы», 26 қаңтар 2010 жыл. № 10 (4255); Кейінгі кезде Ресейден шығатын түрлі тауарлардың жапсырма қағаздарынан Кеңестер одағының төлтанбасы мен туын, сондай-ақ басқа да рәміздерін жиі байқайтын болдық. «Жас Алаш», 13 қазан 2011 жыл. № 82 (15644).

**ТӨЛТАҢБА** – *эмблема*. Метро төлтанбасы қандай болу керек? Таяуда Алматы метрополитені төлтанбасын ауыстыруы мүмкін. «Алматы ақшамы», 6 тамыз 2011 жыл. № 91 (4493); Метроның төлтанбасын тандау қызу жалғасу үстінде. «Алматы ақшамы», 9 тамыз 2011 жыл. № 92 (4494).

**ТӨЛТУМАЛЫҚ** – *самобытность*. Ол әдебиеттанушы және этнограф ғалым ретінде ұлттық төлтумалықты айғақтауға елеулі үлес қосты, қазақтың қара өлеңдері мен күй аңыздарын жүйелеп, ғылыми айналымға түсірді. «Ана тілі», 17-23 қыркүйек 2009 жыл. № 37 (978); Біреулері оның ағымына еш қарсылықсыз мойынсұнса, өзгелері өзіндік төлтумалықты сақтап қалу үшін жанталасуда. «Қазақ әдебиеті», 22-28 сәуір 2011 жыл. № 16 (3232).

**ТӨЛТУЫНДЫ** – *творение*. Қаскелендегі Қарасай аудандық тарихи-өлкетану мұражайында тұрған мүсінші Сәкен Нарыновтың төлтуындысы – «Айдаһар» мүсіні шексіздікті, таусылмас ерік-жігерді білдіреді. «Астана» журналы. 2011, № 1. 12-б.

**ТӨЛТҰМАР** – *символ*. Мәселен, біздің Отанымыздың 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының төлтұмары (символы) қарғуға ыңғайланып тұрған қос қанатты жас барыс (Бауыржан Ғұбайдуллин). «Айқын», 27 қаңтар 2011 жыл. № 15 (1682).

**ТӨҢКЕРІСШІ** – *революционер*. Гибратты ғұлама, қаһарлы қолбасшы, дарабоз дарын, дүниені дүрілдеткен төңкерісші (революционер) деп тізе беруге болады. «Жас Қазақ», 29 қаңтар 2010 жыл. № 3 (263).

**ТӨРАҒА** – *председатель*. Комитет төрағасы атақарылған жұмыстардың сүбелілерін Премьер-Министрдің алдында жіліктеп берді. «Нұр Астана», 7 тамыз 2008 жыл. № 32 (245); Өйткені ол 1992 жылдан бері Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Төралқа Төрағасы болып келеді. «Айқын», 24 мамыр 2011 жыл. № 91 (1758).

**ТӨРАҒАЛЫҚ** – *председательство*. 2010 жылы Қазақстан сондай-ақ алдымызда тұрған басты халықаралық ұйымдардың бірі – Ислам конференциясы ұйымына 2011 жылдан бастап төрағалыққа әзірлікті белсенді түрде жалғастырды. «Айқын», 12 қаңтар 2011 жыл. № 4 (1671).

**ТӨРАЛҚА** – *президиум*. Төралқаға жайғасқан үшеудің бірі көпшілікпен амандасып, жаңа жылмен құттықтаған соң «Тұңғыш президентіміздің жарлығымен әкімдердің дәстүрлі есеп беруіне келіп қалдық...». «Жас Алаш», 29 қаңтар 2009 жыл. № 9 (15363). Фракция төралқасының отырысы өтті. «Егемен Қазақстан», 13 наурыз 2009 жыл. № 98-99 (25496). Төралқаның отырысы өтті. «Егемен Қазақстан», 30 мамыр 2009 жыл. № 190-191 (25588). «Нұр Отан» фракциясы төралқасының отырысы. «Егемен Қазақстан», 25 желтоқсан 2010 жыл. № 548-549(26392); Өйткені ол 1992 жылдан бері Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Төралқа Төрағасы болып келеді. «Айқын», 24 мамыр 2011 жыл. № 91 (1758).

**ТӨРАЙЫМ** – *председательша*. Кеше Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттіктің төрайымы Елена Бахмутованы қабылдады, деп хабарлады Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз қызметі. «Егемен Қазақстан», 27 тамыз 2008 жыл. № 263-266 (25236); Осы секілді сан түрлі сауалдарға бүгін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының басқарма төрайымы Ләззат Еркінқызы Ибрагимова жауап береді. «Айқын», 12 тамыз 2011 жыл. № 148 (1885).

**ТӨРИЕ** –

**ТӨРИЕЛІК** – *председательство*. Қауіпсіздіктің ұзақстандық қалыбы немесе төриеліктің түп төркіні. «Алматы ақшамы», 16 қаңтар 2010 жыл. № 6 (4251).

**ТӨСАҒАШ** – *а*. Тек бас кесетін төсағаш жоқ. «Айқын», 6 наурыз 2010 жыл. № 40 (1464).

**ТӨСБЕЛГІ** – *нагрудной знак*. Ал «Республикалық ұлан» төсбелгісіне ие болған жас офицерлер Қазақстан Республикасының Президенті мен халқына адал қызмет ететініне ант берді. «Астана ақшамы», 16 тамыз 2008 жыл. № 97 (2261); Бұл күні біз қылмыспен күресте ерекше көзге түскен полицейлерге Отан алдындағы мінсіз қызметі үшін төсбелгілер, мақтау қағаздарымен марапаттап, осы саланың ардагерлеріне түрлі сый-сыяпаттар табыс етеміз. «Алаш айнасы», 8 қазан 2011 жыл. № 178 (630).

**ТӨСЕКОРЫН** – *койка-место*. Сонымен, былтыр қараша айында 60 төсекорындық Ақтау қалалық перзентханасы, облыстық балалар ауруханасының 60 төсекорындық корпусы, Боранкөл ауылында алғашқы медициналық-санитарлық көмек орталығы және Құрық кентінде орталық аудандық емхананың құрылысы қарқынды түрде жүргізіліп, мерзімінен бұрын іске қосылды. «Айқын», 23 қаңтар 2010 жыл. № 10 (1434).

**ТӨСЕЛІМ** – *покрытие*. Жиі тексерсе, жол төселімі сапалы болады. «Алматы ақшамы», 19 тамыз 2010 жыл. № 101 (4346). Қазір «Заңғар» сауда үйі жанындағы тас төселімдер ауыстырылып жатыр. «Алматы ақшамы», 30 қазан 2010 жыл. № 133 (4378).

**ТӨСЕМ** – ... **Теміржол төсемінде** – тың тәсілдер. «Алаш айнасы», 8 шілде 2011 жыл. № 117 (569).

**ТӨСЖАППА** – *бюсгалтер*. Монро бюсгалтерінің ендігі бір аттықшылығы – төсжаппалардың астыңғы жағына қатты сым өткізілгендігі. «Алаш айнасы», 18 шілде 2009 жыл. № 119 (119).

**ТӨСТАРТПА** – *бюсгалтер*. Мэрилин Монро төстартпаларының үш құпиясы бары анықталды. «Алаш айнасы», 18 шілде 2009 жыл. № 119 (119).

**ТӨТЕМ** – *иммунитет*.

**ТӨТЕНШЕЛІКТЕР** – **ЧСники(черезвычайники)**. Өрт сөндіру қызметін ақылы ету төтеншеліктердің жауапкершіліктен жалтаруы емес пе? «Алаш айнасы», 2 қыркүйек 2011 жыл. № 154(606).

**ТОЙХАНА** – *тойхана*. Тойханалар «хайуанаттар музейіне» айналып барады. «Нұр Астана», 21 тамыз 2008 жыл. № 34(247); Көп тойхананың бірінде өткен қыз ұзату тойында Қарақұмның барлық адамын жолықтырдым десем болады. «Қазақ әдебиеті», 28 қаңтар 2011 жыл. № 4 (3220).

**ТОЛАҒАЙ** – *итангист*. Толағайлар құрамы белгілі болды. Ауыр атлетикадан әлем чемпионатына аттанатын толағайларымыздың есімі толық белгілі болды. «Алаш айнасы», 2 қараша 2011 жыл. № 194 (646); Толағайлар сырда көп. «Жас Алаш», 6 желтоқсан 2011 жыл. № 97 (15659).

**ТОПТАМА** – *серия//сериял*. Проза айдары бойынша Е.Қаныкейұлының

«Замандастар», Ә.Орынбаеваның «Ақ келін», «Екі кеменің құйрығын ұстаған», А.Төлеудің «Қалам», Т.Әбдіраймның балаларға арналған топтама әңгімелері оқырманға жол тартты. «Жас Қазақ», 3 шілде 2009 жыл. № 26 (234); Түрік топтамаларын көреді. «Жас Қазақ», 19 тамыз 2011 жыл. № 32 (344).

**ТОСЫНСЫЙ//ТОСЫН СЫЙ** – *сюрприз*. Кеңестік заманнан қалған «тосын сый» немесе қалалар таңбасын логотиппен ауыстыру дұрыс па? Тіл білгендерге – тосын сый. «Айқын», 7 қыркүйек 2011 жыл. № 164 (1831); «Меңсұлудың» тосынсыйы. «Халық сөзі», 20 сәуір 2012 жыл. № 31 (175).

**ТУЫНДЫГЕР** – *автор*. Туындыгердің қазақ қаламиятындағы сұңғыла ойлар мен сұңғақ бойларды, олардың қалыптасу жылдары мен соқтықпалы-соқпақсыз жолдарын егіздей сипатталуынан тартымдылық көрінеді. «Алматы ақшамы», 17 ақпан 2011 жыл. № 20 (2630).

**ТУТҰҒЫР** – *флагиток*. Душанбеде әлемдегі ең биік тутұғыр орнатылды. «Алматы ақшамы», 2 желтоқсан 2010 жыл. № 145 (4390); Әлемдегі ең биік тутұғыр. «Алматы ақшамы», 1 қыркүйек 2011 жыл. № 102(4504).

**ТУ ҰСТАУШЫ** – *знаменосец*. Ту ұстаушы жүлдесіз қайтпауға тиіс. «Жас Қазақ», 18 шілде 2008 жыл. № 28 (184).

**ТҰЖЫРЫМДАМА** – *концепция*. Қазақстан Республикасының Үкіметі үш ай мерзімде Тұжырымдаманы іске іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін. (ҚР Президенті Жарлығынан). «Егемен Қазақстан», 27 тамыз 2008 жыл. № 263-266 (25236).

**ТУҒЫР** – *трамплин*. Шаңғы туғырларының халықаралық кешені. Әл-Фараби даңғылы мен Ремизовка көшелерінің маңында орналасқан бұл нысанда К-95 және К-125 кластары бойынша шаңғымен туғырдан секіру жарыстары өтеді. «Айқын», 20 қаңтар 2011 жыл. № 10 (1677); Трамплинді халық «Туғыр» деп те атайды екен. «Алматы ақшамы», 20 тамыз 2011 жыл. № 97 (4499); Қос туғыр «Сұңқар» саябағына айналады. «Алаш айнасы», 26 тамыз 2011 жыл. № 151 (603).

**ТУҒЫРНАМА** – *платформа*. «Ақ жол» - тәуелсіздікті басты құндылық ретінде өз туғырнамасы мен бағдарламасына ресми негіз қылып алған партия. «Айқын», 5 қыркүйек 2008 жыл. № 166 (1103); «Ақ жолдың» саяси туғырнамасы туралы жалпыұлттық пікірсайыс Қарағанды қаласында бастау алды. «Жас қазақ», 12 тамыз 2011 жыл. № 31(343).

**ТУҚЫМБАҚ** – *инкубатор*. Қазақстанда аумағы 900 гектар жерде дуадақ өсіретін туқымбақ салыну жоспарланып отыр. «Қазақстан» телеарнасы. «Апта KZ». 13 наурыз 2010 жыл. ... сондай-ақ «Семей орманы» алқабындағы екі туқымбақ қайта жаңартылады. «Айқын», 3 ақпан 2011 жыл. № 20 (1687).

**ТҰЛҒАТАНУ** – ..... Тұлғатану – үлкен ғылым. «Қазақ әдебиеті», 30 қыркүйек 2011 жыл. № 39 (3255). **ТҰЛЫП** – *двойник, труп*. «Маған жақында ... көлікте менің орнымда... мен емес, тұлып жүреді дегенді айтты. Бұған ресми түрде мынадай жауап айтамын: ... менің орнымда тұлып емес, мен тұлыптың орнында жүрмін!». «Жас Алаш», 24 қыркүйек 2009 жыл. № 77 (15431).

**ТҰЛЫП//ТҰЛҰП** – *чучела*. Сталин неге Лениннің «тұлыпқа» айналғанын

қалады. Тіпті кейбір тарихшылар Ленинді тұлыпқа айналдыру бастамасының артында «қыран тұмсықты Бобаның» тұрғанын ұтымды дәйектейді. «Ана тілі», 15-21 сәуір 2010 жыл. № 15(1008). Ол Ақымбекті тірідей сойып, ішіне шөп тығып кәдімгі тұлұп жасайды. Тұлұп қазір Прага қаласында (Чехия) Ұлттық музейде сақтаулы көрінеді. «Айқын», 6 қаңтар 2011 жыл. № 1 (1668).

**ТҰМЫЛДЫРЫҚ** – маска. Алып тұмылдырық тігілді. Ұланбатырда ең үлкен тұмауға қарлы тұмылдырық тігілді. «Алматы ақшамы», 21 қараша 2009 жыл. № 136 (4227).

**ТҰНБА (қайнатынды, қайнатпа) – настойка.** Ал осы түнбамен бет-қол, мойн терілерін сүртсе, нәрленіп, әжімі азаяды. «Жас Алаш», 28 сәуір 2011 жыл. № 33(15595).

**ТҰРАҚ** – *адрес*. «Адрес» сөзінің дұрыс аудармасы – «тұрақ». (Саян Серікұлы). «Ана тілі», 1-7 қыркүйек 2011 жыл. № 35 (1083).

**ТҰРАҚЖАЙ** – (*помещение или стоянка*). Міне, сол «М-1» автокөлігінің арнайы тұрақжайда тұрғанына талай жылдар да өтіп кеткен көрінеді. «Айқын», 27 тамыз 2008 жыл. № 160 (1097).

**ТҰРАҚСЫЗДАНДЫРУ** – *дестабилизация*. Ел арасына іріткі салып, бұқара халықтыүрейлендіруді еріккенің ермегіне айналдырып алғандардың бассыз қылығы елдегі жағдайды тұрақсыздандыруға жасалған әрекет деп қабылданатынын тұспалдаған ресми өкіл осыған дейін таратылған жағымсыз ақпараттардың бірде-бірі шындықпен жанаспағандығын жеткізді. «Айқын», 10 қараша 2011 жыл. № 210 (1877).

**ТҰРАҚШЫ – стоянщик.** Тұрақшылар неге түбіртек бермейді? «Айқын», 12 мамыр 2010 жыл. 81 (1505).

**ТҰРҒЫ** – *позиция*. Ал тілдің бейнелілігіне қатысты өзге өркениетті елдердің тілші, философ, социолінгвист ғалымдары біздің ғалымдардікінен өзгеше тұрғы ұстанды. Қ.Жүкешев. Мемлекеттік тіл: қазіргі күйі және даму философиясы. – Алматы, 2008. 62-б.

**ТҰСАУКЕСЕР** – *презентация*. «Темза жағасындағы тұсаукесер» (тақырып), «Айқын», 7 наурыз 2008 жыл); «Астананың» Венадағы тұсаукесері. «Егемен Қазақстан», 2 ақпан 2010 жыл. № 36-37 (25883); «Шәкәрім» симфониясының Лондондағы тұсаукесері. «Егемен Қазақстан», 8 қаңтар 2011 жыл. № 5 (26407).

**ТҰС КІЛЕМ** – *гобелен*. ... Қазақстан суретшілерінің 86 картинасы, ұлттық кілем тоқу өнерін қайта жаңғырту үстіндегі тұс кілемдер (гобелен) мен кесте ұсынылған. «Айқын», 12 наурыз 2011 жыл. № 45 (1712).

**ТҰТАСТАЙ МӘҢГІРТТЕНУ** – *Тотальная мангуртизация*. Мұның аты «тұтастай мәңгірттену» (*мәңгірттену емес, мәңгірттену – автор. Ә.Меңдеке*) екен ғой. Бұл терминді ғылыми айналымға енгізген – білікті ұстаз, білгір ғалым Мекемтас Мырзахметұлы. 930-37 жылдардан кейін дүниеге келген бүгінгі аға ұрпақ өкілдері тұтастай мәңгірттену жағдайын бастан кешті. «Жас Алаш», 26 қаңтар 2010 жыл. № 7 (15465).

**ТҮБІРТЕК** – *квитанция*. Түбіртекті тастамаңыз. «Астана ақшамы», 11 тамыз 2011 жыл. № 90 (2700).

**ТҮЗЕТКЕР** – *корректор*. Қазір түзеткерлер (корректор) жоқ (Б.Нұржекеұлы). «Алаш айнасы», 16 тамыз 2011 жыл. № 143 (595); Мақалам жарық көргенде, төл сөздің алдына қойылатын қос нүктені, соңында қойылатын үтір мен сызықшаны сондағы түзеткерлер үнемі алып тастайды (Б.Нұржекеұлы). «Алаш айнасы», 9 қыркүйек 2011 жыл. № 159 (611).

**ТҮЗІМ** – *система*. Әсілі, жетпіс жылға созылған кеңестік түзім кедейлер мен әйелдердің өкіметі болды емес пе (Қ.Жұмаділов. Тұл махаббат). «Қазақ әдебиеті», 13 мамыр 2011 жыл. №19(3235).

**ТҮЙІНДЕМЕ** – *резюме*. Түйіндемені мына тел/факсқа жіберуге болады: «Астана хабары», 31 шілде 2008 жыл. № 90 (2254). Түйіндеменізді мына факске жіберуіңізді сұраймыз: «Егемен Қазақстан», 31 қазан 2008 жыл. № 330-331(25302).

**ТҮЛЕК** – *выпускник*. Әскери институт түлектерін ұшырды. «Айқын», 29 шілде 2008 жыл. № 139 (1076).

**ТҮПКІТЕК** – *архетип*. Осы сияқты толып жатқан сұрақтарға жауап қайтару үшін түркологтардың алдында сөз басындағы дауыссыз дыбыстар сәйкестігінің түпкітегін (архетипін) табу міндеті тұрды. «Ана тілі», 9-15 қыркүйек 2010 жыл. № 36 (1029).

**ТҮПТҮЛҒА** – *прототип*. Онда атақты «Адасқандар» («Мөлдір махаббат») романындағы Бәтестің түптүлғасы – Бәтима Махашқызы тұратын. «Егемен Қазақстан», 15 маусым 2009 жыл. № 299-300 (25697). Әрине, расымен де, кейіпкердің түптүлғасы осындай күнәһар сезімге берілді ме, жоқ па? «Қазақ әдебиеті», 15 желтоқсан 2009 жыл. № 52(3163).

**ТҮРТКІЖАЙТ** – *мотив*. Тіл экологиясы негізінен тілдік орта мәселесін, тілдің өзгеруіне, дамуына, қолданылуына теріс әсер ететін себептерді, түркіжайттарды зерттейді. «Ана тілі», ақпанның 26-сы, 2009 жыл. № 8 (949).

**ТҮСІМ** – *поступления*. ...Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы қалыптастыру, Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың санаттары топтары және тиісті топтары бойынша Ұлттық қорға, мемлекеттік және республикалық бюджетке түсетін түсімдерді болжамдау, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өтінімдерін қарау, олар бойынша қорытындылар дайындау. «Алаш айнасы», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 171 (623).

**ТҮСІНІСТІК** – *взаимопонимание*. Дінаралық үнқатысу – түсіністік бастауы. «Егемен Қазақстан», 12 ақпан 2010 жыл. № 50-53(25899).

**ТҮСІРІЛІМ** – *съёмка*. Бірақ мұндай құпия түсірілім интернетте қалай пайда болды? «Жас Алаш», 1 желтоқсан 2009 жыл. № 96 (15450); Бұл байқау кезінде басқа да қызықты түсірілімдер жария болды. «Алаш айнасы», 2 қараша 2011 жыл. № 194 (646).

**ТЫҒЫЗДАҒЫШ** – *уплотнитель*. Бояғыштар, пигменттер және өзге де бояу заттары; сырлар мен лактар; тығыздағыштар мен өзге де мастикалар. «Егемен Қазақстан», 29 желтоқсан 2009 жыл.

**ТЫҒЫН** – *пробка (транспортн.)* Кей кездері сіздің елден кетуіңізге Алматыдағы көлік тығыны секілді тығындалып, бекіп, бекітіліп қалған



«бүлкілдеуік» көмейлер (шындықты айттық деп сенетіндер мен сендіретіндер) әсер етті ме деп ойлаймын. «Қазақстан – Zaman», 7 тамыз 2008 жыл. Бұл ретте, қала басшылығы мегаполистегі көлік тығыны мәселесін шешуде Шығыс айналма жолына үлкен үміт артып отыр. «Алматы ақшамы», 13 ақпан 2010 жыл. № 18 (4263).

**ТЫҒЫРЫҚ** – *пробка (транспортн.)*. Орыстың «пробка» деген сөзін тығын, кептеліс, т.б. деп жүр. Шындығында бұл – тығырық, жол (көше) тығырығы, «тығырыққа түстім, тығырықтан шықтым» демей ме қазақ. (Ғ.Жандыбаевтың ұсынысы). //«Ана тілі». Желтоқсанның 4-і 2008 жыл. № 49(938).

**ТЫҚЫРШАҚ** – галош. Екі сыған әйелі бір топ зейнеткерді тақыршаққа отырғызып кетті. «Жас Алаш», 14 мамыр 2010 жыл. № 38 (15496).

**ТЫНЫМБАҚ** – ... Саябақтар мен тынымбақтарды өз еңбекерлеріміз тазалайды. «Айқын», 15 қазан 2010 жыл. № 191 (1615).

**ТЫНДАУЫШ** – *наушник*. Қытай қазақтарының тілінде қолданылады.

**ТІГІҢКІ** – *вертикаль*. Тіл комитеті өзімен өзі, өңірлік тіл басқармалары өз беттерінше әкімдік құзыр аясында әрекеттенуде, істе бірыңғай тігіңкі (вертикал) бағыныстағы мемлекеттік міндетті атқаратындай мемлекеттік ұйымдық сипат жоқ. (С.Ғаббасов).

**ТІЗБЕ** – *перечен*. Ә дегеннен бұл бағдарлама жұмыссыздарға ұсынған мамандықтар тізбесімен 12 мың теңгеден аа шәкіртақысымен, тіпті баспанамен қамтамасыз ете алатындығымен қызықтырып әкеткені рас. «Алаш айнасы», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 171 (623).

**ТІЗГІНҚАҒАР. ТІЗГІНТАРТАР.** «Ана тілі», 9-15 желтоқсан 2010 жыл. № 49 (1042).

**ТІКҮШАҚ** – *вертолет*. Құлаған тікүшақ – Қазақстан Қарулы күштерінің тікүшағы. «Жас Алаш», 28 тамыз 2008 жыл. № 69 (15319). Ол аздай Ми-171 тікүшағын жасап шығармақ. «Ана тілі», желтоқсанның 18-і 2008 жыл. № 51 (940); Ауғанстанға тікүшақтар сатады. «Егемен Қазақстан», 12 наурыз 2011 жыл. № 81-84 (26486).

**ТІЛБАСЫ** – *глава язык*. Күллі қазақ жұрты оны тілбасы ретінде таниды. (Б.Омаров). «Ана тілі», 8-13 шілде 2011 жыл. № 27 (1075).

**ТІЛКІМ** – том, раздел, (параграф). Бұл қолжазба бірнеше тілкімдерге бөлініп, әр тілкім көлденеңінен сындырылып, қайшыластыра бүктеліп, «ашжар» (бет) деп аталса керек. (Тұрсынәлі Рыскелдиев). «Жас қазақ» 2 қыркүйек 2011 жыл. № 34 (346).

**ТІНТУІР** – *мышь*.

**ТІРКЕМЕ** – *прицеп*. Тіркемесінде емдеу-диагностикалық процедуралар жасауға, медициналық қызметкерлердің жүріп-тұруына, медициналық дәрі-дәрмектерді сақтауға. Мейрамхана және автономды энергиямен қамтамасыз ету үшін жасақталған тоғыз вагоны бар пойыз 115 күн алыс жатқан елді мекендерде болды. «Ана тілі», 7-12 қаңтар 2011 жыл. № 1 (1046).

**ТІСТЕП-ІЛЕР** – *степлер*. Осы орайда газетіміздің қызметкері Біләл Қуаныш «тістеп-ілер» деп атайық дейді.//«Ана тілі», 20-26 мамыр 2010 жыл.

№ 20 (1013). Қай жағынан алсақ та, «Тістеп-ілер» сөзі біздің күнделікті өмірде қолданып, қызметіне тәнті болып жүрген «степлер» сөзінің қазақша мағынасын дәл беріп тұр.//«Ана тілі», 27 мамыр – 2 маусым. 2010 жыл. № 21 (1014).

## У

**УАҒДАЛАСТЫҚ** – *договоренность, соглашение*. Уағдаластыққа қол жеткізді. «Егемен Қазақстан», 31 қазан 2008 жыл. № 330-331(25302). Жаңа операторлық модель және Ұлттық компанияның жобаны басқарудағы рөлін ұлғайту туралы маңызды уағдаластыққа қол жеткізді. «Нұр Астана» 27 қараша 2008 жыл. № 48(261).

**УӘЖІП** – *режим*. Енді осы «уәжіпті» ресми құжаттарда жиі ұшырасатын «режим» терминінің орнына қолдансақ қалай болар еді деген ой келіп отыр. (Кеңес Юсуп). «Ана тілі», 17-23 маусым 2010 жыл. № 24 (1017).

**УӘЗИПА** – *функция*. Олай болса, мағынаны дәл бейнелейтін «уәзипа» сөзі тұрғанда, біз неліктен «функциядан» айырылғымыз келмейді. (Кеңес Юсуп). «Ана тілі», 17-23 маусым 2010 жыл. № 24 (1017).

**УӘКІЛЕТТІ** – *уполномоченный*. Уәкілетті органдар да бұл мәселені біледі, өз тараптарынан мониторинг жүргізіп отырады. «Айқын», 16 ақпан 2010 жыл. № 26 (1450).

**УӘКІЛТОП** – *уполномоченная группа*. 2006 жылдың көктемінде мен Президентпен бірге үкіметтік уәкілтоп құрамында уәкілтоп құрамында Кремльде болғаным есімде. «Айқын», 17 наурыз 2010 жыл. № 46 (1470).

**УҚАЛАҒЫШ** – *массажер*. Электр уқалағыш. «Қазақстан әйелдері», тамыз 2009 жыл, № 8. 42-бет.

**УҚАЛАУШЫ** – *массажист*. Ал үнемі уқалаушыға (массажист) барып тұруға бәрінің қалтасы көтере бермейді әрі уақыт та тапшы. «Қазақстан әйелдері», тамыз 2009 жыл, № 8. 42-бет. Уқалаушылар әкімдерге несімен ұнайды? «Айқын», 28 сәуір 2010 жыл. № 73(1497).

## Ұ

**ҰҒЫНЫСТЫҚ** – ..... Ұғыныстыққа ұмтылдырған ұнқатысу алаңы. «Егемен Қазақстан», 19 қаңтар 2010 жыл. № 14-15 (25861). Ұғыныстық үдерістері белсенді ынтымақтастық пен өзара түсіністіктің нәтижесі. «Егемен Қазақстан», 14 қыркүйек 2010 жыл. № 370-371 (26214).

**ҰҒЫНДЫРҒЫ** – *школа*. «Шипагерлік баян» маркабатлы көзіңізбен көріп, құлағыңызбен естіп болғанын арнаулы ордаңыздан ұғындырғы (мектеп) ашып, ордаңыздағы гүлтекше үстінде өсіп тұрған гүлдегіндегі гүлдей жеткіншектерді өнерге баулып жеткізсеңіз, қарашаңыз менің ең зор арнамым орындалған болар еді» - деп жазылған (Тұрсынәлі Рыскелдиев). «Жас қазақ» 2 қыркүйек 2011 жыл. № 34 (346).

**ҰЖЫМ** – *коллектив*. Ал елордалық оқушылардың 3 мыңнан астамы шығармашылық ұжымдарда, түрлі секциялар мен клубтарда қабілетін шыңдап жүр. «Астана ақшамы», 26 тамыз 2008 жыл. № 101 (2265); Ұжымда доп теуіп

жүргендер ішінде қазақ балалары саусақпен санарлық екенін білеміз. «Жас Алаш», 27 қыркүйек 2011 жыл. № 77 (15639).

**ҰЖЫМДАСТЫРУ** – *коллективизация*. Геноцид емес, әдейі жасалған емес, ұжымдастыру саясатының бір кемшілігі ғана сияқты! «Түркістан», 29 қазан 2009 жыл. № 43 (797). Дегенмен халыққа, әсіресе, қазақ халқына ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру, көшпенді халықты бірден отырықшыландару жөніндегі соқыр саясат тым ауыр тиді. «Ана тілі», 15-21 шілде 2010 жыл. № 28 (1021). Ұжымшардың орталығы болған соң әлеуметтік нысандардың көпшілігі осында салынады. «Ана тілі», 3-8 желтоқсан 2010 жыл. № 48 (1041).

**ҰЖЫМШАР** – *колхоз (коллективное хозяйство)*. Тіпті сонау 80-жылдары атақты ұжымшар төрағасы, Социалистік Еңбек Ері Яков Германович Герингтің маған: «Қазір Қазақстанда қолы таза жүз адам табу басты проблема» дегені бар. (Ой он тарау... Г.Бельгер). «Парасат» журналы, 2008 жыл № 9 (603). Кеңшаралар мен ұжымшарлар тарқап, барлығы жекешеленіп кеткенде сумен қамту жүйелері иесіз қалған. «Айқын», 31 қазан 2008 жыл. № 205 (1142). Жездем ұжымшардың жылқысын бағатын. «Дала мен қала», 23 наурыз 2009 жыл. № 11 (290).

**ҰЗАҚМЕРЗІМДІ //ҰЗАҚМЕРЗІМДІК//ҰЗАҚ МЕРЗІМДІК** – *долгосрочный*. Ұзақмерзімді жоспар құрып, мемлекеттің алдына биік мақсат қойды. «Жас Алаш», 6 тамыз 2009 жыл. № 63 (15417); Есесіне, ұзақмерзімдік несиелер белгілі бір уақытқа дейін тоқтатылуы мүмкін. «Түркістан», 30 қазан 2008 жыл. № 44 (746).

**ҰЙЫСУ** – *консолидация*. Біздің зиялылар «консолидацияны» әу баста-ақ «ұйысу» деп жұп-жұмыр қылып аударғанын көрмейсіз бе? «Астана ақшамы», 6 қаңтар 2009 жыл. № 1(2322).

**ҰЛТБЕЗЕРЛІК** – *т. Ұлтбездерлік* немесе ұлтбездерлікті мемлекеттік саясаттың құралына айналдыруға бола ма? (Ә.Меңдеке). «Жас Алаш», 5 мамыр 2010 жыл. № 35 (15493).

**ҰЛТЖАНДЫ** – *потриот*. Ұлтжанды сенатор Қуаныш Айтаханов, мәселен, ақпараттық қаіпсіздік мәселесінің жыр болғанына көп жыл өтсе де, «бұл салада нәтиже жоқтың қасы» екендігін бетке айтты. «Айқын», 7 мамыр 2010 жыл. № 79 (1503).

**ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ** – *потриотизм*. Ақ Азида ұлтжандылыққа тәрбиелейді. «Егемен Қазақстан», 5 ақпан 2011жыл. № 13 (4415).

**ҰЛТТАСТЫРУ** – *национализация*. Батыста соңғы қаржы дағдарысынан кейін либералдық институттың мемлекет қарамағына көшіріле бастауы, ондағы ұлттастру (национализация) процесі капитализмнің ағылшын-сакс моделі күйреп, марксизм идеяларының қайтадан күшейгенін көрсетеді. «Ана тілі», қазанның 23-і, 2008 жыл. № 43 (932).

**ҰЛТҮСТІЛІК** – *сверхнациональный*. Оның өз ішінде біртұтас мемлекетаралық ұлтүстілік қолма-қол ақшасыз тұрақты есеп айырысу-төлем бірлігі енгізілуі мүмкін. «Егемен Қазақстан», 12 наурыз 2009 жыл. № 97 (25494).

**ҰЛЫҚТАУ** – *инаугурация*. Ұлықтау. “Егемен Қазақстан”, 15 қаңтар 2005 жыл. Бүкіл алматылықтардың алдында жеңімпаздарды ұлықтау рәсімін

жүргізіп тұрған әнші Мәдина Сәдуақасова мен Азамат Сұрапбаев екеуіне бір-бір ғана сауал тастады. «Егемен Қазақстан», 27 тамыз 2008 жыл. № 263-266 (25236); Елбасын ұлықтау шарасы қасиетті жұма күні өтеді. «Айқын», 7 сәуір 2011 жыл. № 60 (1727).

**ҰНТАҚ** – *порошок*. Жолға қажетті ұнтақ шығарады. «Жас Қазақ», 29 шілде 2011 жыл. № 29 (341); Зиянды ұнтақтар Ресейге басында Ұлыбританиядан жеткізілген екен. «Жас қазақ», 12-19 тамыз 2011 жыл. № 32 (508)

**ҰНҒЫМА** – *скважина*. «Өзенмұнайгаз» ұнғымасындағы өрттен бір адам қаза тапты. «Жас Алаш», 2 тамыз 2011 жыл. № 61 (15623).

**ҰСТАНЫМ** – *позиция и принцип*. Ортақ істегі ортақ ұстаным көрінісі. «Егемен Қазақстан», 4 қараша 2008 жыл. № 334-335(25305); Партияның ұстанымы – халыққа қалтқысыз қызмет. «Егемен Қазақстан», 26 тамыз 2011 жыл. № 391-394 (26788); Рухани даму – басты ұстаным. «Айқын», 28 қыркүйек 2011 жыл. № 179 (1846).

**ҰСТЫН** – *матрица*. Астана – ұлт рухының ұстыны. «Астана хабары», 17 маусым 2008 жыл. № 72 (2236). Рухани ұстын. «Алматы ақшамы», 30 сәуір 2009 жыл. № 50-51(4142). Имандылықтың ұстыны. «Айқын», 3 қараша 2010 жыл. № 204 (1628).

**ҰСЫНЫМ** – *представление*. Ұсыныстар мен ұсынымдар ескеріледі. «Егемен Қазақстан», 9 маусым 2009 жыл. № 198-199 (25596); Үкіметке ұсынымдар жолдады. «Егемен Қазақстан», 22 қаңтар 2011 жыл. № 20 (26422).

**ҰТҚЫРЛЫРЛЫҚ** – *мобильность*. Академиялық ұтқырлық – білім берудің биік белесі. «Егемен Қазақстан», 30 шілде 2011 жыл. № 337-341 (26735).

**ҰШАҚ** – *самолет*. Ұшақ салонындағы бата. «Егемен Қазақстан», 20 тамыз 2008 жыл. № 256 (25227). «Манаста» ұшақ құлады. «Жас Алаш», 26 тамыз 2008 жыл. № 68 (15318); Шаруаға жарайтын шағын ұшақ. «Айқын», 23 сәуір 2011 жыл. № 72 (1739).

**ҰШҚЫР ЖОБАЛАР** – *пилотные проекты*. Ақжардағы ұшқыр жобалар. «Егемен Қазақстан», 23 қазан 2010 жыл. № 438 (26281).

**ҰШУ-ҚОНУ АЛАҢЫ** – *взлетно-посадочная площадка*. Ұшу-қону алаңы іске қосылды. «Егемен Қазақстан», 18 желтоқсан 2011 жыл. № 640 (27032).

**ҰШУ-ҚОНУ ЖОЛЫ** – *взлетно-посадочная полоса*. Ұшу-қону жолын қоршау мәселесі шешілуде. «Айқын», 9 шілде 2008 жыл. № 125(1062).

**ҰШУ-ҚОНУ ЖОЛТАБАНЫ** – *взлетно-посадочная полоса*. Алматы халықаралық әуежайында жақында ғана пайдалануға берілген жаңа, ұшу-қону жолтабанымен танысып, оның беріктік сапасын байқап, сынап көруден бастады. «Егемен Қазақстан», 18 қараша 2008 жыл. № 348-349(25319).

**ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС** – *мобильный (сотовый) связь*. Яғни, Елбасына интернет, телефон және ұялы байланыстар арқылы хабарласып, сұрақ қоюға мүмкіндік туғызылып отыр. «Егемен Қазақстан», 31 қазан 2009 жыл. № 359-360 (25757). Ұялы байланыс тарифі төмендейді. «Егемен Қазақстан», 10 қыркүйек 2010 жыл. № 366-367 (26210).

**ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН** – *сотовый телефон*. Полицейлер қолданылған ұялы

телефондар мен бағалы заттарды қабылдайтын арнайы орындарға сұрау салып, күдіктінің ізіне түскен. «Жас Алаш», 26 наурыз 2008 жыл. № 24; Ұялы телефон ұстап, ұтылып қалмаңыз... «Астана хабары», 26 маусым 2008 жыл. № 76 (2240).

## Ү

**ҮДЕРІС** – *процесс*. Үндес бастама үдерісі (мақала тақырыбы) // «Егемен Қазақстан», 5 наурыз 2008 жыл. Үлгі тұтарлық үдерістеріміз мол. «Егемен Қазақстан», 11 қазан 2008 жыл. № 312 (25282). Қазақстан – үлгі аларлық үдерістері көп мемлекет. «Егемен Қазақстан», 19 мамыр 2009 жыл. № 175-176(25573). Бұл үдеріс айналып келгенде, отандық мамандарымызды жұмыссыз қалдыруда. «Алаш айнасы», 30 қаңтар 2010 жыл. № 12 (238); Болон үдерісін білеміз бе? «Жас Қазақ», 9 желтоқсан 2011 жыл. № 48 (360).

**ҮЗІКТЕМЕ** – *фрагмент или отрывок*. «Адам деген неменің ғұмыры ұйтқып-ұйтқып басыла қалатын қырдың желіндей құр әншейін өткінші нәрсе ғана болса, тұсында соның әрбір ұсақ-түйегін жіпке тізіп, тіркеп бағатын адамның жады да мына сусыма құмдай тұрлаусыз бірдеңе екен ғой» (2, 17) деген үзіктемеде адам «жел» концептінің мағыналық аясына еніп, адам жады «құм» концептінің табиғи сипатын еске түсіреді, үздіксіз өзгерістердің символы болып шығады. «Қазақ әдебиеті», 15 желтоқсан 2009 жыл. № 52(3163).

**ҮЗІЛІМ** – *отрывок или фрагмент*. Бір құбылыс әйел үшін шартты түрдегі алыс кеңістік және Жаппар мен екеуінің мекеншағындағы қосылмас алшақтықты, түгесілмес еңбекқорлық пен өнерпаздық әсерлерін елестетсе, осы үзілімде ханымның ғана емес, әміршінің де мекеншағы қамтылғанын, оның қара халықты бейкүнә тіршілік иесіне менсінбей теңеу эмоциясы көзқарас алаңынан тыс тұрмағанын аңғаруға болады. «Қазақ әдебиеті», 15 желтоқсан 2009 жыл. № 52(3163).

**ҮЙЕК** – *полус*. Ол бұған дейін тек кітаптан, теледидардан ғана көретін сырлы Оңтүстік үйекті көзімен көріп, таңғажайып мұз алаптарын аралап, табиғаты таза ұлан-байтақ өңірлерді, «қар жамылып, мұз құрсанған үстірке» өз ізін қалдырды. «Егемен Қазақстан», 25 ақпан 2009 жыл. № 74-77 (25474).

**ҮЙЕЛМЕН** – *семья*. Қазақ ауылындағы әрбір түгін қуғын-сүргін көріп келген үйелмендерді (семья) қамқорлығына алды, кәріс, неміс тәрізді этномәдениет өкілдерінің дін, ғұрып, тіл бөлектігіне қарамастан, қазақтармен өзара тамырласып кетуі осының айғағы деуге болады (Н.Уәлиұлы). «Ана тілі», 27 тамыз – 2 қыркүйек 2009 жыл. № 34 (975).

**ҮЙҚАМАҚ** – *домашний арест*. Біз үйқамақта отырғандаймыз. «Заң», 18 шілде 2008 жыл. № 108 (1334). Бұл – Қытайдың Шәуешек қаласында үйқамақта жатқан қазақ жазушысы Қажығұмар Шабданұлының «Жас Алаштың» тілшісіне берген сұхбатында кемсеңдеп жылып отырып айтқан сөзі хәм Қазақ елінің билеушісіне жеткізуге табыстаған аманаты. «Жас Алаш», 29 желтоқсан 2009 жыл. № 103 (15457).

**ҮЙІРГЕЛІК** – *огород*. Издегеніміз – үйіргелік үйлесім. Үйіргелік жиырма төрт сотық жерімнің жартысынан астамы жылыжай. «Егемен Қазақстан», 13 мамыр 2009 жыл. № 168-169(25566).

**ҮКІМЕТБАСЫ** – *Премьер-Министр. Глава Правительства.* Жуырда ғана Мәжіліс депутаты Бекболат Тілеухан оның сын көтермейтін сапасын мысалға алып, Үкіметбасы мен Білім және ғылым министріне қарата депутаттық сауал жолдаған. «Айқын», 10 сәуір 2009 жыл. № 62 (1243). Үкіметбасының келелі кеңесі тұңғыш рет қазақша өткізгені дәлел. «Айқын», 25 сәуір 2009 жыл. № 73 (1254).

**ҮЛБІР** – *ф.....* Өңделмеген терілер, өңделген былғары, табиғи үлбір және олардан жасалған бұйымдар. «Егемен Қазақстан», 29 желтоқсан 2009 жыл.

**ҮЛГІГЕР** – *модельер.* Аса мәртебелі үлгігерлер, жерге түсіңіздер! Шамасы, жауапты тағы да үлгігерлер мен өнер иелері берер. «Ана тілі», 8-14 сәуір 2010 жыл. № 14 (1007).

**ҮЛГІ ШАРТ** – *..... догговор.* Арнайы экономикалық аймаққа қатысушы ретіндегі қызметті жүзеге асыру туралы үлгі шарттарды бекіту таралы. Басқарушы компания мен арнайы экономикалық аймаққа қатысушы арасындағы арнайы экономикалық аймаққа қатысушы ретіндегі қызметті жүзеге асыру туралы үлгі шарт. «Егемен Қазақстан», 31 желтоқсан 2011 жыл. № 673-679 (27071).

**ҮЛЕСКЕР** – *дольщик.* Үлескерлер мүддесін мемлекет қорғайды. «Егемен Қазақстан», 1 шілде 2008 жыл, № 196-197 (25168).; Үлескерлер Үкіметтен үміт күтуде//«Айқын», 19 наурыз 2008 жыл. № 50 (987). 92 үлескер баспаналы болды. «Алматы ақшамы», 5 қазан 2010 жыл. № 121 (4366); Үлескерлер өзара дауласып жүр. «Айқын», 1 ақпан 2011 жыл. № 18 (1685).

**ҮЛКЕН СЕГІЗДІК** – *большая восемерка.* Мәселен, шілденің алғашқы онкүндігіндегі «Үлкен сегіздік» елдерінің басқосуында аштықтан зардап шегуі ықтимал мемлекеттерге, әсіресе, қара құрлық елдеріне 1 млрд. Доллар бөлінетіні белгілі болды. «Егемен Қазақстан», 27 тамыз 2008 жыл. № 263-266 (25236).

**ҮНДЕУХАТ** – *письмо обращение.* Жақында «Ұлт тағдыры – Астана» қоғамдық бірлестігі Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің төрағасы Қ.Есекеевке үндеухат жолдады. «Ана тілі», 5-11 желтоқсан 2009 жыл. № 44 (985).

**ҮНЖАРИЯ** – *газета.* Үнжария өкілдерінің үйлестіру кеңесі//«Астана ақшамы», 15 ақпан 2011 жыл. № 19(2629).

**ҮНҚАҒАЗ** – *газета.* Кітаптары мен үнқағаздарын үздіксіз тықпалайтын Батыстың сектанттарына да етіміз үйреніп кеткендей. «Жас Алаш», 23 сәуір 2009 жыл. № 33(15387).

**ҮНҚАТУ** – *обращение.* Тәжікстан президенті Эмомали Равхмонов теледидар арқылы халыққа үнқатуында алдағы уақытта мемлекеттік органдар мен қоғамдық орындарда және барлық іс-қағаздарын тәжік тілінде жүргізуді міндеттейтін заң жобасы қабылданатындығын мәлім етті. «Дала мен қала», 27 шілде 2009 жыл. № 29 (307).

**ҮНҚАТЫСУ** – *диалог.* Мақсат – үнқатысуларды тереңдете түсу// «Егемен

Қазақстан», 2 сәуір 2008 жыл. № 98 (25070). Мақала тақырыбы; Траншекаралық өзендер проблемасы бойынша Қазақстан-Қытай ұнқатысуында елеулі прогресс байқалып отыр. «Егемен Қазақстан», 9 тамыз 2008 жыл. № 241 (25212).

**ҮНПАРАҚ** – *газета*. Оқырманы іздеген үнпарақ. «Дала мен қала», 4 шілде 2008 жыл. № 26-27 (254). Дәлірек айтқанда, кітап, журнал, үнпарақтарды басып шығаратын мекемелерге «баспа» деген теріс атауды таңа салған. «Айқын», 11 қаңтар 2011 жыл. № 3 (1670).

**ҮНПАРАҚ** – *листовка*. Не қару, не не қарулы қақтығысқа шақыратындай үнпарақтартабылмады. «Жас Алаш», 11 ақпан 2010 жыл. № 12 (15470). Мәселен, 11 сәуірге жоспарланған жиынға арналған ақпараттық үнпарақтарымызды Алматы қаласындағы бірде-бір баспахана басқысы келмеді. «Жас Алаш», 6 сәуір 2010 жыл. № 27 (15485); Сайлау процесіне қатысушылар үшін жарнамалар, ақпараттық плакаттар, брошюралар, кергілер мен үнпарақтар дайындалып, таратылды. «Егемен Қазақстан», 13 қаңтар 2012 жыл. № 13-14 (27085).

**ҮНТАСПА** – *кассета*. Менің үнтаспаларымды алматыдан аттай қалатып алдыртады екен. «Айқын», 19 ақпан 2009 жыл. № 28 (1209). Қазақстаннан келген қазақ концерттерінің үнтаспасын үнемі тыңдайтынмын. «Айқын», 14 мамыр 2009 жыл. № 84 (1265); .... «үнтаспаға жазылып алынған» деп дұрыс айтылып жүр. «Айқын», 11 қаңтар 2011 жыл. №3 (1670).

**ҮНГУБЕТ** – *забой*. Олай болса, «забой» терминінің қазақша баламасы ретінде ұсынылған «кенжар» өзінің толық мәнін бере алмай тұр. Сондықтан оны «үнгубет» деп аударған жөн. (Бектібаев Ә.)// «Айқын», 12 маусым 2009 жыл. № 105 (1286).

**ҮРДІС** – *тенденция*. Үрдіске айналмаса екен (мақала тақырыбы)// «Жас Қазақ», 7 наурыз 2008 жыл; Оң үрдіс байқалады. «Алматы ақшамы», 21 шілде 2011 жыл. № 84(4486).

**ҮСТЕЛБАСЫ ӘНГІМЕ** – *круглый стол*. «Дөңгелек үстел» - орысшаға жабыса бермей, қазағымшылағанда «Үстелбасы әнгіме» ғой (Ғаббас Қабышұлы). «Жас Алаш», 24 қараша 2011 жыл. № 94 (15656).

**ҮСТЕЛҮСТІЛІК (кітап)** – *настольная (книга)*. Әсіресе, жас журналшылар үшін үстелүстілік кітапқа айналуға лайық. «Алматы ақшамы», 17 ақпан 2011 жыл. № 20 (2630).

**ҮСТЕМЕ** – *надбавка*. Үндемей қосылатын үстеме ебін тауып, екі асаудың амалы емес пе? «Астана ақшамы», 1 қараша 2008 жыл. № 128(2292).

**ҮСТЕМЕАҚЫ** – *переплата*. Радиодағы жарнамадан.

**ҮШЕНДІК** – *триадный*. Сөйлеу тілі деп аталатын үшендік (триадалық) жүйе құруы (Н.Уәлиұлы). «Ана тілі», желтоқсанның 18-і 2008 жыл. № 51 (940).

## X

**ХАБАРЛАМА** – *извещение, сообщение*. Ақпараттық хабарлама. «Егемен Қазақстан», 14 қараша 2008 жыл. № 345-346(25316).

**ХАЙУАНБАҚ** – *зоопарк*. Тым болмаса хайуанбақта бірде-бірі қалмаған тұран жолбарысы 1960 жылдары Халықаралық Қызыл Кітапқа енгізілгенмен,

өкінішке қарай, бәрі кеш еді (Т.Тәшенов). «Айқын», 29 наурыз 2011 жыл. № 53 (1720).

**ХАТТАМА** – *протокол*. Анау-мынау не керек, жақында Астанада ДСҰ мүшелігіне ену жөніндегі Канадамен екіжақты келіссөздердің аяқталуы туралы хаттамаға қол қойылды. «Астана ақшамы», 26 тамыз 2008 жыл. № 101 (2265). Киото хаттамасы қолдау тапты. «Егемен Қазақстан», 30 қаңтар 2009 жыл. № 34-37 (25434).

**ХАУЫЗ** – *бассейн*. Хауыздағы балаларды көргенде қала әкімі елжіреп кетті. Салон ішінде кішігірім жүзуге арналған хауыз бар. «Алматы ақшамы», 21 қараша 2009 жыл. № 136 (4227). Ал Шу батыр сарайдағы ел басқару істерінен, қиян-кескі соғыстардан, аңшылықтан қолы босаған сәттерде осы хауызға келіп, ондағы құстарға қарап, терең ойларға шоматын болған. «Ана тілі», 9-15 қыркүйек 2010 жыл. № 36 (1029).

**ХОШИІСТЕНДІРГІШ** – *ароматизатор*. Құрамында жасанды консерванттар мен хошиістендіргіштер жоқ. Көшедегі «Кока-кола» жарнамасынан.

### Ш

**ШАҒЫМШЫ** – *жалобщик*. Ал енді шағымшылардың сөзіне келсек, БЖСМ тек спортшы балалармен айналысуы керек. «Жас Алаш», 18 қараша 2010 жыл. № 92 (15550).

**ШАҒЫН АУДАН** – *микрорайон*. Алматы қаласындағы үлескерлердің қатысуымен салынып жатқан «Керемет» шағын ауданының үшінші кезегінің бірінші бөлігі пайдалануға берілді. «Егемен Қазақстан», 7 қараша 2008 жыл. № 338-339(25309).

**ШАЙЛАУ** – *чайхана*. Шайхананы – шайлау деген дұрыс. (Жұма-Назар Сомжүрек). «Ана тілі», 15-21 сәуір 2010 жыл. № 15(1008).

**ШАЙНАМА** – *закуска*. Дәмді шайнама. «Парасат» журналы, 2009 жыл, № 8. 33-бет.

**ШАЙНАМА** – *закусочное*. Тіпті, «ұра берсе Құдай да өледі» демекші, шайнама (закусочное), құлақнан (пельмен), шығынқы қабат (цокольный этаж) дегендерге етіміз де үйрене бастағандай күйге түстік. «Алаш айнасы», 7 қараша 2009 жыл. № 198 (198).

**ШАЙТАНАРБА** – *велосипед*. Шайтанарбаға қамшы басқан велошабандоз жігіттеріміз де жанкүйерлерін қуанта аламады. «Жас Алаш», 12 тамыз 2008 жыл. № 64 (15314); Шайтанарба ұрлаушы азаматқа 15 қыркүйекте сот үкімі шығады. «Айқын», 28 тамыз 2008 жыл. № 161 (1098); Шайтанарба шетелдік көліктен қымбат тұратын болғаны ма, сонда? «Жас Қазақ», 5 тамыз 2011 жыл. № 30 (342).

**ШАҚА** – *монета*. Чемпионат құрметіне шығарылған шақа. Шақаның екінші жағының ортасында ойын кезіндегі екі футболист бейнеленген. «Алаш айнасы», 27 қаңтар 2010 жыл. № 10 (236); Шақаға сурет салу, жеке қолтаңба соғудың өзі – бірін-бірі қайталамайтын ғажайып өнер. «Алаш айнасы», 6 наурыз 2012 жыл. №39 (721).



**ШАҚЫРЫЛЫМ** – *созыв*. Кез келген шақырылымдағы депутаттар уақыттың сынымен бетпе-бет келіп отырды. «Айқын», 19 маусым 2008 жыл. № 110 (806). 2008 жылдың 18 тамыз күні саат 10.00-де қалалық мәслихаттың мәжіліс залында Астана қалалық мәслихатының төртінші шақырлымдағы депутаттарының 21 кезектен тыс сессиясы өтеді. «Астана ақшамы», 14 тамыз 2008 жыл. № 96 (2260); Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы қоспалаталы Парламенттің IV шақырылымын тарату және мерзімінен бұрын сайлау өткізу туралы Жарлыққа Президенттің қолы қойылғаннан кейін-ақ сәуірден соң сілтідей тынған саяси өмір қайта жандана бастады. «Алаш айнасы», 23 қараша 2011 жыл. № 208 (660).

**ШАМҚАЛ** – *винтовка*. Алдымен қазақтар өз жерінде салынған әскери бекіністі, аузы үңірейген пушканы, шамқал (винтовка) асынған солдаттарды көрді. «Ана тілі», 27 тамыз – 2 қыркүйек 2009 жыл. № 34 (975).

**ШАМШЫРАҚ** – *маяк*. Шамшырақ не үшін қажет? Форостағы шамшырақтың биіктігі 130 метр болған. «Алаш айнасы», 3 қараша 2011 жыл. № 195 (647).

**ШАМШЫРАҚ** – *свеча*. Бас шыршаның шамшырағы жағылды. «Егемен Қазақстан», 2 желтоқсан 2008 жыл. № 367-368 (25337).

**ШАРТАС** – *билярд шары*.

**ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ** – *крестьянское хозяйство*. Шаруа қожалықтары банкрот болуы мүмкін. «Айқын», 21 маусым 2008 жыл, № 114 (1051). Өкініштісі сол, шаруа қожалығын қолдауға бөлінген Үкімет қаржысының бірнеше миллионы оңай олжа көздегендердің қалталарынан табылған. «Айқын», 25 қазан 2008 жыл. № 202 (1139). Шаруа қожалықтарын кооперативтендіруден не ұтамыз? «Алаш айнасы», 11 тамыз 2009 жыл. № 135 (135).

**ШАРУАҚОЙ** – *хозяйственный*. Шаруақой, ұқыпты қолға түскен нысан кейбір аймақтардағыдай қараусыз қалып, тозып кетпей ел игілігіне қалыпты қызмет етті (Құлмағанбет ҚОНЫСБАЙ). «Айқын», 19 қараша 2010 жыл. № 215 (1639).

**ШАРУА ШАРУАШЫЛЫҒЫ** – *крестьянское хозяйство*. 525 іріленген агроқұрылымға 7620 шаруа шаруашылықтары кірген. «Айқын», 16 ақпан 2010 жыл. № 26 (1450).

**ШАРШЫСӨЗ** – *публичная речь*. «Н.Сауранбаев және шаршысөз мәдентеі» деген тақырыпта баяндама жасаған филология ғылымдарының докторы Қ.Күдерінова бүгінгі таңдағы ауызша сөз мәдениеті туралы айта келіп, ғалымның осыдан жарты ғасыр бұрын айтып кеткен ой-тұжырымының, тіл мәдениеті, ауызша сөз мәдениетіне қойылатын талаптардың бүгінгі күн үдесінен шығып жатқаны туралы сөз етті. «Ана тілі», 4-10 қараша 2010 жыл. № 44 (1037).

**ШАТХАНА** – *кафе*. Мұны аз десеңіз, шаттану деген түбірді негіз етіп алғандары болар, кефені «шатхана» деп жүр. «Алаш айнасы», 7 қараша 2009 жыл. № 198 (198).

**ШАТЫР** – *палата (палата Парламента)*. Қос шатырлы парламенттің төменгі палатасында қызылкеңірдек айтыс пен қырықпышақ таласқа тамызық

болған «Неке және отбасы» Кодексіні талқылау соңғы кезеңіне шықты. «Айқын», 8 қазан 2008 жыл. № 189 (1126).

**ШӘКІРТАҚЫ** – *стипендия*. Зейнеткерлер мен студенттер мемлекеттен зейнетақысы мен шәкіртақысын мүлде көрмейтін еді. «Жас Алаш», 9 қыркүйек 2008 жыл. № 72 (15322); Алпыс оқушы шәкірақы алды. «Егемен Қазақстан», 21 қазан 2008 жыл. № 319-320 (25290); Жыл қорытындысы бойынша, 520 азаматқа шәкіртақы тағайындалды. «Жас Алаш», 29 желтоқсан 2011 жыл. № 104 (15666).

**ШЕБЕРЛІК СЫНЫБЫ** – *мастер класс*. Шеберлік сыныбына қатысушылар атынан Еуразия университетінің оқытушысы Рауан Кемербаев «Егемен Қазақстанның» басшылығына мағыналы әңгімесі үшін ризалық білдірді. «Егемен Қазақстан», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 465-466 (26859).

**ШЕБЕРМЕТ** – *мастерская*. Мысалы, зертхананы – зерттеулік; шеберхананы – шебермет десек, көңілге әлдеқайда қонымды емес пе. (Жұма-Назар Сомжүрек). «Ана тілі», 15-21 сәуір 2010 жыл. № 15(1008).

**ШЕГЕН** – *креп*. Сонымен, біздің ойымызша, техниканың жер қойнауынан кен қазып алу саласында қолданылатын «крепление» деген атауды «шегендеу» деп, ал «крепь» деген терминді «шеген» деп аударған дәлірек болады. // «Айқын», 12 маусым 2009 жыл. № 105 (1286).

**ШЕГЕНДЕУ** – *крепление*. Сонымен, біздің ойымызша, техниканың жер қойнауынан кен қазып алу саласында қолданылатын «крепление» деген атауды «шегендеу» деп, ал «крепь» деген терминді «шеген» деп аударған дәлірек болады. // «Айқын», 12 маусым 2009 жыл. № 105 (1286).

**ШЕГЕН МАТЕРИАЛДАРЫ** – *крепёжные материалы*. Сонда «крепёжные материалы» – «шеген материалдары» болып аударылады. // «Айқын», 12 маусым 2009 жыл. № 105 (1286).

**ШЕПБҰЗАР ЖОБАЛАР** – *прорывные проекты*. Конференцияда талқыланатын негізгі тақырыптар қатарында Шепбұзар жобалардың жағдайы және іске асыру, Қашаған кен орнын қазбалау, Қазақстанға жеткізілімдер жүйесін қаржыландыру мен Мұнай-Газ индустриясында ұлттық кадрларды ШӨҢКЕОқыту және даярлау мен оларды жұмысқа орналастыру мәселелері бар. «Айқын», 8 сәуір 2009 жыл. № 60 (1241).

**ШЕРУ** – *парад и демонстрация*. Шеру қаланың орталық алаңдарында бірнеше күннен бері жалғасып келеді. «Ана тілі», 24 ақпан – 2 наурыз 2011 жыл. № 8(1053); Наразылық шеруін өткізбек. «Ана тілі», 17-23 наурыз 2011 жыл. № 7 (1052); Әскери шеруге дайындық жоғары. «Егемен Қазақстан», 12 тамыз 2011 жыл. № 360-367 (26761); Әскери техника шеруге дайын. «Егемен Қазақстан», 17 тамыз 2011 жыл. № 375-376 (26770).

**ШЕРУШІ** – *демонстрант*. Облыстық әкімшілікке басып кірген шерушілер, биліктің өз жақтарына өтуін сұраған. «Алматы ақшамы», 8 сәуір 2010 жыл. № 59 (4283); Полиция қызметкерлері шерушілерді тарату кезінде көзден жас ағызатын газ пайдаланылған. «Ана тілі», 24 ақпан – 2 наурыз 2011 жыл. № 8(1053); Полицелер шерушілер жағында. «Жас қазақ», 23 қыркүйек 2011 жыл. № 37 (349).

**ШЕТЕЛДІК** – *иностранец*. Оңтүстіктің ғалымдары шетелдіктерді де қайран қалдырып жатыр. «Қазақ әдебиеті», 26 тамыз – 1 қыркүйек 2011 жыл. № 34 (3250); Шетелдіктерге сенімсіздік. «Түркістан», 8 қыркүйек 2011 жыл. № 36(894).

**ШЕШЕНСӨЗ** – *устная публицистика* (*ауызша публицистика*). Қазақ шешенсөзін (ауызша публицистика) зерттеу арқылы журналистика саласына қатысты ана тілімізде аталымдар мен атау сөздерді табу, барларын жаңғыртып, ғылыми айналымға түсірумен айналысып келеді. (С.Медеубек). «Айқын», 1 сәуір 2010 жыл. № 54(1478); Қорқытқан қалған...түркі халықтарының шешенсөзі әлі зерттелген жоқ. «Түркістан», 22 қыркүйек 2011 жыл. № 38(896).

**ШИМАЙБЕК** – *черновик*. Шимайбектен келген шығын. «Жас қазақ», 7 қазан 2011 жыл. № 39 (351).

**ШИПАМАЙ** – *маз, (крем)*. Теледидар жарнамасынан.

**ШОЙЫНШЫ** – *металлург*. Осы жолы жас жұмысшы, шойыншымен таныстым (Р.Нұрғали. Дидарғайып). «Мәдени мұрақ» журналы, 2010. № 1 (28). 64-бетте.

**ШОҚЖҮЛДЫЗ** – *зодиак, созвездие*. Шоқжұлдыздардың қатары көбейме? Жаңа шоқжұлдызға Жыланұстар деген атау беріледі. «Ана тілі», 24 ақпан – 2 наурыз 2011 жыл. № 8(1053); Кейбір ұқтырмаларға қарағанда «тоқты» немесе «тоқтының басы» болмаса қой басының «қасқасы» дегенді білдіретін, Тоқты шоқжұлдызындағы ең жарық жұлдыз болып табылады. «Нұр Астана», 20 наурыз 2012 жыл. № 12 (443).

**ШОШҚАТҰМАУ** – *свиной грипп*. Ақша үшін адамзатқа ажал сепкен немесе шошқатұмау. Оның алып-қашпа әңгімесі суымай жатып, міне, шошқатұмау (доңызтұмау, свиной грипп) деген шықты. (М.Кенжебай). «Ана тілі», 18-24 маусым 2009 жыл. № 24 (965).

**ШОШҚА ТҰМАУЫ** – *свиной грипп*. Шошқа тұмауынан сақ болыңыз. «Алаш айнасы», 25 шілде 2009 жыл. № 124 (124). ҚӘлемдік медицина ғылымының деректері бойынша адам бойында шошқа тұмауына қарсы тұратын иммунитет өте жеткіліксіз. «Дала мен қала», 27 шілде 2009 жыл. № 29 (307). Қазір халықтың тынышын кетіріп тұрған бір-ақ үрей бар. Ол – шошқа тұмауы. «Астана ақшамы», 28 шілде 2009 жыл. № 82 (2403).

**ШӨҢКЕ** – *кружка*. – Иә, иә, шөңке. Айтқандайын, мұны шөңке деуші едік-ау! – дегенін мен жүгіріп бара жатып, ту сыртымнан естідім. «Жас Алаш», 26 сәуір 2011 жыл. № 32(15594).

**ШӨП ТАЙЛАҒЫШ** – *сенопрессовщик*. Шөп тайлағыштар Ақтөбеде құрастырылады. Шөп тайлағыштарды серіктестік базасында құрастыру тиімді. «Егемен Қазақстан», 26 наурыз 2010 жыл. № 108-110 (25956).

**ШҰБЫРТҚЫ** – *рецепт*. «Шипагерлік баяндағы» шщипалық қасиеті бар емдік дәрілер шұбыртқысының өзі 1384 түрден асады. «Жас қазақ» 2 қыркүйек 2011 жыл. № 34 (346).

**ШҰРАТ** – .... Сол Медеу есіміндегі шұрат қазір мыңдардың көзайымы, Алматының құснихатындай көрікті жері, ордалы орны. «Егемен Қазақстан», 13 қазан 2010 жыл. № 422-423 (26266).

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ** – *творчество*. Жазушылар мен Журналистер одағы жоқ шаһарда жаңа шығармашылық орта пайда болды. «Егемен Қазақстан», 3 наурыз 2009 жыл. № 84-86 (25483).

**ШЫҒАРЫЛЫМ** – *выработка*. Мойнақтағы электр энергиясының жылдық орташа шығарылымы 1 млрд кВт/сағат болуының нәтижесінде Алматы облысының өнеркәсіптік көрсеткішіне жыл сайын 7,6 млрд теңгеге дейін тауарлық өнім қосылады, бюджет түсімі 1 млрд 790 млн теңгені құрайды деп күтілуде. «Алаш айнасы», 28 қыркүйек 2011 жыл. № 170(622).

**ШЫҒАРЫНДЫ** – *отходы*. Төмен көміртекті технологияны ендірген және парниктік газдар шығарындыларының төмендеуіне қол жеткізген кәсіпорын қысқартулардың артығын сата алды. «Егемен Қазақстан», 19 қаңтар 2010 жыл. № 14-15 (25861).

**ШЫҒЫҢҚЫ ҚАБАТ** – *цокольный этаж*. Тіпті, «ұра берсе Құдай да өледі» демекші, шайнама (закусочное), құлақнан (пельмен), шығыңқы қабат (цокольный этаж) дегендерге етіміз де үйрене бастағандай күйге түстік. «Алаш айнасы», 7 қараша 2009 жыл. № 198 (198).

**ШЫРШАТОЙ** – *новогодний праздник*. Алда президенттің, әкімнің шыршатайы келе жатыр. «Жас Алаш», 8 желтоқсан 2011 жыл. № 98 (15660).  
**ШЫРЫНСЫҚҚЫШ** – *соковыжималка*. Шырынсыққыш. «Жас Алаш», 29 желтоқсан 2011 жыл. № 104 (15666).

**ШІРНЕУІШ** – *пергамент*. Біріншіден, баспа ісі сонау ата-баларымыздың: «Ежелгі дұшпан дос болмас, Көңілінде қалған даты бар, ежелгі дос қас болмас, шірнеуішке жазған хаты бар», - деген мәтелінде айтылған шірнеуіш – іріқара терісінен иленген, жазу жазылатын жұқа жарғақ, еуропаша айтсақ, пергамент. (С.Медеубекұлы). «Айқын», 2 сәуір 2011 жыл. № 57 (1724).

## Ы

**ЫҚПАЛДАСТЫҚ** – *взаимодействие*. Ықпалдастықтанынтымақтастыққа// «Егемен Қазақстан», 7 қараша 2007 жыл. Ықпалдастықты арттыру жайы қозғалды//«Егемен Қазақстан», 5 сәуір 2008 жыл. № 102 (25074). Мақала тақырыбы; Ықпалдастыққа ықылас зор. «Дала мен қала», 7 тамыз 2008 жыл. № 32 (259). Ықпалдастықты дамытудағы жаңа қадамдар. «Егемен Қазақстан», 7 сәуір 2010 жыл. № 124-125 (25971).

**ЫҚПАЛШАРА** – *санкция*. АҚШ Иордан өзенінің батыс жағалауында «Қауіпсіздік қабырғасының» салынуына орай Израильге қарсы қаржылық ықпалшараны іске асыру туралы шешімнің әзірге қабылданып үлгермегендігін мәлімдеді.

**ЫҚТИЯРХАТ** – *вид на жительство*. Электрондық ақпарат жеткізгіштері бар Қазақстан Республикасында шетелдіктің тұру ықтиярхатының үлгісі (сипаттамасы). «Егемен Қазақстан», 29 тамыз 2009 жыл. № 284-285 (25682). Ықтиярхат жыры қашан таусылады. «Жас қазақ үні», 3–10 наурыз 2010 жыл. № 8-9 (434-435).

**ЫҚШАМАУДАН** – *микрорайон*. Ықшамаудан инновациялық жобамен

салынып жатыр. «Айқын», 26 тамыз 2008 жыл. № 159 (1096). Тіпті «Самал» ықшамауданында қазақ басылымдары сатылмайды да екен. «Ана тілі», қазанның 23-і, 2008 жыл. № 43 (932). «Думан» ықшамауданында сенбілік өтті. «Алматы ақшамы», 16 сәуір 2009 жыл. № 44 (4135); Алматы қаласы Түркісіб ауданындағы ықшамауданға атау беру туралы. «Алматы ақшамы», 6 тамыз 2011 жыл. № 91 (4493).

**ЫРЫҚТАНДЫРУ** – *либерализация*. Қоғамдық палата – саяси жүйені ырықтандыру. «Дала мен қала», 2 қазан 2008 жыл. № 40 (267). 2008 жылы Парламенттің екінші сессиясын ашарда сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қолданыстағы заңнаманы ырықтандыру маңыздылығын атап өтті. «Егемен Қазақстан», 20 желтоқсан 2008 жыл. № 405-412 (25381).

**ЫРЫҚТЫ ЭКОНОМИКА** – *либеральная экономика*. Ал, демократиялық қоғамның ұйтқысы саналатын ырықты экономика тұсында мемлекет салық төлеуші мен отаншыл мемлекеттік қызметкерге емес, пара беруші мен паракорға арқа сүйесе, қоғамдағы әділетсіздіктің ушыққаны... «Нұр Астана», 13 қараша 2008 жыл. № 46 (259).

## I

**ІЗГІЛЕНДІРУ** – *гуманизация*. Ізгілендіру саясаты тиімді ме, әлде... «Алаш айнасы», 28 шілде 2011 жыл. № 131 (583).

**ІЗКЕСУШІ** – *сынщик*. Тіпті кеңестік Рсейдің атышулы ізкесушілері де алты жыл қатарына тер төкті, Романовтар әулетіне қатысы бар адамдармен құпия түрде тергеу жүргізді. «Айқын», 4 ақпан 2010 жыл. № 18 (1442).

**ІС-ӘРЕКЕТСІЗДІК** – *бездеятельность*. Іс-әрекетсіздікті жаным қаламайды. «Егемен Қазақстан», 29 тамыз 2008 жыл. № 267-268 (25238).

**ІСЖҮРГІЗІМ** – *делопроизводство*. Себебі, аудармалы ісжүргізімдік айналымға түспейтін әрі ісжүргізімнің үдерісін көрсететін жұмыстық құжат болып табылмайды. (Ресми хаттан. С.Ғаббасов, М.Бөтеев).

**ІСКЕР** – *деловой человек(предпринимател)*. Кеденшілер іскерлермен кездесті. «Алматы ақшамы», 15 қазан 2011 жыл. № 118(2728):

**ІСКЕРЛІК** – *предпринимательство*. Іскерлік байланысқа шақырамыз. «Дала мен қала», 7 тамыз 2008 жыл. № 32 (259).

**ІС-ҚИМЫЛ** – *действия*. Бірлескен іс-қимылдар сөз болды. «Егемен Қазақстан», 29 мамыр 2009 жыл. № 188-189 (25586). Бұл өз кезегінде қазақстан Үкіметі мен мемлекеттік қор тарапынан іс жүзіне асырылған дағдарысқа қарсы іс-қимыл шараларының табысты өткендігінің белгісі. «Егемен Қазақстан», 31 желтоқсан 2010 жыл. № 556-559 (26402).

**ІСПАРАҚ** – *личный листок*. Белгілі ғалым Н.Уәлиұлы осындағы ы, і езуліктерін түсіріп, бір зат, термин атауы ретінде бірге жазуды ұсынады: *электршам, іспарақ, алмаағаш*. «Ана тілі», 24-30 2009 жыл. № 38 (979).

**ІССАПАР** – *командировка*. Бас полицей Қырғызстанда іссапарда болды. «Заң», 20 тамыз 2008 жыл. № 126 (1352). Кеше үкімет басшысының орынбасары Ербол Орынбаев пен «Нұр Отан» партиясы төрағасының орынбасары Сергей Громов бастаған топ аймақтағы іссапар «эстафетасын» Қызылорда облысында

жалғастырды. «Айқын», 25 қазан 2008 жыл. № 202 (1139).

**ІС-ШАРА** – *мероприятия*. Астана – маңызды іс-шаралар алаңы. «Егемен Қазақстан», 29 тамыз 2008 жыл. № 326-329(25299). Жыл аясында 67 іс-шара өткізіледі. «Егемен Қазақстан», 20 қаңтар 2010 жыл. № 16-17 (25863).

**ІСКІ** – *шприц*. Атырау іскілері бәсекеге төтеп бере ала ма? Зауытта жұмыс жасайтын мамандар медициналық іскі өндірудің барлық үдерісін қатаң бақылайды (Жолдасбек Шөпеғұл). «Егемен Қазақстан», 12 наурыз 2011 жыл. № 81-84 (26486).

**ІШЕК ТАЯҚШАСЫ** – кишечная палка. Шетелдік тағамдарда ішек таяқшасы бактериясы бар. «Айқын», 26 шілде 2011 жыл. № 135 (1802).

### ЖАҢА ҚОЛДАНЫСТАҒЫ БУДАН АТАУЛАР

**АВИАТАСЫМАЛ** – *авианперевозка*. Осындай оң өзгерістер әуежайдың Орталық Азия аймағындағы ішкі және халықаралық авиатасымал жөніндегі жетекшілік рөлін одан әрі кемел өріске шығармақ. «Егемен Қазақстан», 18 қараша 2008 жыл. № 348-349(25319). «Авиатасымалдарға облыстан 160 миллион теңге субсидия бөлінді», деді осыған орай облыс әкімі.// «Егемен Қазақстан», 10 ақпан 2009 жыл. № 57-58(25455).

**АВТОПАТ** – *автокатастрофа*. Автопаттан 12 адам көз жұмды. «Айқын», 23 қыркүйек 2008 жыл. № 178 (1115). Тіпті көлігі бұзылып далада қалса да, автопатқа түссе де, езуінен күлкі табы үзілмейтін ерек жаралған адамдар. «Айқын», 22 қаңтар 2009 жыл. № 8 (1189).

**АВТОӘЛЕМ** – *автомир*. Автоәлем (айдар). «Алматы ақшамы», 17 қыркүйек 2009 жыл. № 108 (4199).

**АВТОӘУЕСҚОЙ** – *автолюбитель*. Автоәуесқойларға арналған бет. «Алматы ақшамы», 17 қыркүйек 2009 жыл. № 108 (4199).

**АВТОБАЗАР** – *авторынок*. Автобазарда. «Ана тілі», 21-28 шілде 2011 жыл. № 29( 1077);

**АВТОБЕКЕТ** – *автостанция*. Көліктің түтін мұржасынан шығатын зиянды қалдықтарды анықтаумен қазір қалаға кіре берістерде 12 автобекет жұмыс істеп жатыр. «Айқын», 20 қыркүйек 2008 жыл. № 177 (1114).

**АВТОДОҒАРЫС** – *автопарк*. «Автопарктың» орнына «автодоғарыс» сөзін неге қолданбасқа (Н.Уәлиұлы). «Қазақ әдебиеті», 14 мамыр 2010 жыл. №19 (3183).

**АВТОЖАТТЫҚТЫРУШЫ** – **автоинструктор**. Ол үшін автожаттықтырушымен бір сабақ бірге болуға міндетті. «Айқын», 24 қыркүйек 2011 жыл. № 177 (1844).

**АВТОЖОЛ** – *автодорога*. Оны айтасыз, елді мекендердің автожолдарын жақсартуға аудандық бюджет есебінен де қаржы қарастыруды көздеп отырмыз. «Егемен Қазақстан», 18 қараша 2008 жыл. № 348-349(25319). Аталған автожол Бөгенбай батыр даңғылы (немесе Бүкір көпір) арқылы 14-інші көше,

Угольный-Можайский және Абылай хан көшелеріндегі екі жолайрықты өткел эстакадасымен қосатын болады. «Айқын», 24 сәуір 2009 жыл. № 72 (1253). Ақылы автожолға айналмақ. «Жас Алаш», 16 желтоқсан 2010 жыл. № 100 (100).

**АВТОЖОРЫҚ** – *автопробег*. Трофи рейд автожорығына қатысушылар Талдықорған қаласына аялдап, халықпен жүздесті. «Егемен Қазақстан», 4 қазан 2008 жыл. № 304-305 (25275).

**АВТОЖҮРГІЗУШІ** – *автоводитель*. Жаңа талон автожүргізушіге жаңа жауапкершілік жүктейді. «Алматы ақшамы», 23 қазан 2008 жыл. № 121(4059).

**АВТОЗАУЫТ** – *автозавод*. Қарағандыда автозауыт салынады. «Егемен Қазақстан», 11 маусым 2010 жыл. № 228-230 (26076).

**АВТОКЕРУЕН** – *автокаравань*. Жастар автокеруені жолға шықты. «Егемен Қазақстан», 22 ақпан 2011 жыл; Автокеруен алыстағы ауылдарға атанды. «Алаш айнасы», 18 қараша 2011 жыл. № 205 (657).

**АВТОКӨЛІК** – *автотранспорт*. Автокөлікті алты қап есірткіге айырбастапты. «Айқын», 19 қараша 2010 жыл. № 215 (1639). Жаңа автокөлік кілттері полицейлерге тапсырылды. «Егемен Қазақстан», 28 желтоқсан 2010 жыл. № 550-551(26394); «Үй-күйсіз жүрген» жанның 26 автокөлігі бар екен. «Алаш айнасы», 15 маусым 2011 жыл. №102 (554); Автокөлік ұрлағандар құрыққа түсті. «Алаш айнасы», 30 қыркүйек 2011 жыл. № 172(624).

**АВТОМЕКТЕП** – *автошкола*. Сондықтан жүргізушілерді оқытатын автомектептерге өте қатал талаптар қойылып отыр. «Айқын», 22 қараша 2008 жыл. № 221 (1158); Аудандық автомектептер талапқа сай ма? «Алаш айнасы», 26 шілде 2011 жыл. № 129 (581).

**АВТОМОТОКӨЛІК** – *автомототранспорт*. Автомотокөліктерді иелеріне қайтару 2008 жылғы 10 қазанына дейін сақтау бойынша қызметтер ақысыз жүргізіледі. «Астана ақшамы», 4 қазан 2008 жыл. № 117 (2281). Автокөлік кілті тапсырылды. «Егемен Қазақстан», 4 қараша 2008 жыл. № 334-335(25305); Автокөліктер айыптұраққа тоғытылуда. «Алаш айнасы», 23 қараша 2011 жыл. № 208 (660).

**АВТОКӨРЕРМЕН** – *автозритель*. Алматы автокөрермендерді риза етті. «Нұр Астана», 20 қазан 2011 жыл. № 41 (410).

**АВТОНАРЫҚ** – *авторынок*. Бұдан алдымен республика автонарығы зиян шекті. «Алматы ақшамы», 8 маусым 2010 жыл. № 8 (4315); Қазақстан автонарығында өзбек ағайындардың темір тұлпарлары арта бастады. «Алаш айнасы», 26 сәуір 2011 жыл. № 70(522).

**АВТОТҰРАҚ//АВТОЖАЙ** – *автостоянка*. Мәселен, жуықта ғана аяқ астынан Достық даңғылындағы автотұрақта өрт болып, төрт автомобиль отқа оранды. «Ана тілі», желтоқсанның 18-і 2008 жыл. № 51 (940). Автотұрақтар орналасқан жерлерге 119 кассалық аппарат орнатылды. «Алматы ақшамы», 24 қараша 2009 жыл. № 137 (4228). Заңсыз автотұраққа тосқауыл жоқ. «Алаш айнасы», 24 желтоқсан 2010 жыл. № 222 (448); «Тұрақ» деген «автостоянка» деп таласа кететіндерге «автостоянканың» аудармасы – автожай деп жауап катамын. (Саян Серікұлы). «Ана тілі», 1-7 қыркүйек 2011 жыл. № 35 (1083);



Республика Сарайындағы автотұрақтың қолайлы болуына назар аударды. «Алматы ақшамы», 29 қазан 2011 жыл. № 127 (4529).

**АВТОҰШҚЫШ** – *автопилот*. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде норвегиялық ғалымдар бірізді, ішпыстырарлық жұмыс барысында адамдардың миы автоұшқыш жағдайындай қалыпқа түседі. «Жас Алаш» (МБМ), 9 қыркүйек 2008 жыл. № 72 (15322).

**АВТОШАБАНДОЗ** – *автогонщик*. Үздік автошабандоз қалай анықталады? «Алаш айнасы», 17 қараша 2009 жыл. № 204 (204).

**АВТОШЕРУ** – *автодемонстрация*. «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы мен алматы облыстық Жол полициясы басқармасы балалардың көшедегі қауіпсіздігін сақтау мақсатымен Талдықорған – Балпық би – Қарбұлақ – Текелі маршрутымен автошеру өткізді. «Дала мен қала», 11 қыркүйек 2008 жыл. № 37 (264). Автошеру Астанада аяқталды. «Жас Қазақ», 8 қазан 2010 жыл. № 39 (299).

**АГРОҚАЛАШЫҚ** – *агрозгородок*. Астана қаласы «Сарыарқа» ауданының Агроқалашық аталатын бөлігінде «№ 5 қалалық емхана» атты жаңа амбулаториялы-емханалық кешен ашылды. «Заң», 1 тамыз 2008 жыл. № 116 (1342); Ақтоғайға агроқалашық керек пе? «Егемен Қазақстан», 17 қыркүйек 2011 жыл. № 440-444 (26837).

**АГРОҚҰРЫЛЫМ** – *агроструктура*. 525 іріленген агроқұрылымға 7620 шаруа шаруашылықтары кірген. «Айқын», 16 ақпан 2010 жыл. № 26 (1450).

**АГРОӨНЕРКӘСІП** – *аграрлық өнеркәсіп*. Орталық қызметі мен өсімдік шаруашылығын мехаликаландыру саласына озық ғылыми таладамаларды жеделдете енгізу арқылы агроөнеркәсіп кешені қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған. «Егемен Қазақстан», 5 тамыз 2008 жыл. № 23-237 (25208).

**АГРОСАЛА** – *агросфера*. Ақылбек Күрішбаевтың әңгімесінен кейін отандық агросала сыртқы өнімнің шылауынан шыға ма? «Дала мен қала», 27 шілде 2009 жыл. № 29 (307).

**АГРОСАЯСАТ** – *агрополитика*. Бізге жаңа агросаясат қажет. «Дала мен қала», 30 наурыз 2009 жыл. № 12 (291); Агросаясатты әкімдер арқылы жүргізу керек. «Алаш айнасы», 13 қазан 2011 жыл. № 181 (633).

**АЛИМЕНТШІ** – *алимент...* Алиментшілерін жасыратын мекемелер көп. «Заң», 1 шілде 2008 жыл. № 98 (1324).

**АНТИДАҒДАРЫС** – *антикризис*. Өз кезегінде мұндай қорқынышты сценарий шындыққа айналмауы үшін, құдайы көршілердің антидағдарыстық тәжірибесіне үнілген жөн сияқты. «Ана тілі», наурыздың 5-і, 2009 жыл. № 9 (950). Антидағдарыс адамның жаны һәм ақылдың қуаты. «Дала мен қала», 27 шілде 2009 жыл. № 29 (307).

**АНТИКӘРІЛІК** – *антиэйджинг*. Төртінші – антиэйджинг (антикәрілік). «Егемен Қазақстан», 14 қазан 2009 жыл. № 336 (25733).

**АТОМШЫ** – *атомщик*. Атомшылардың ажарлы күндері. «Егемен Қазақстан», 29 тамыз 2008 жыл. № 267-268 (25238).

**АУДИОКІТАП** – *аудиокнига*. Әйелдерге аудиокітап ақыл айтады. «Айқын»,



11 сәуір 2009 жыл. № 63 (1244). Балаларға – мультфильм, мамандарға – сөздік, оқырманға – аудиокітап. «Алаш айнасы», 24 желтоқсан 2010 жыл. № 222 (448); «Абай жолы» аудиокітап болып шықты. «Айқын», 28 мамыр 2011 жыл. № 95 (1762); Бұл аудиокітаптарда қазақ фольклорының көнермес туындылары, еліміздегі белгілі қаламгерлеріміздің сарабалал шығармалары сараптап жазылған. «Түркістан», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 39 (897).

**АУТОМӘШИНЕ** – *автомашина*. Алдараңда аутомәшинелердің өртелгені, жиынды тартуға жұмсалған милиция мен әскерге тас, кірпіш, мұз лақтырылғаны – жымысқы арандатушылардың ісі. «Жас Алаш», 13 сәуір 2010 жыл. № 29 (15487).

**АЭРОҰТҚЫР** – *аэромобильный*. Аэроұтқыр әскерлерінде болды. «Егемен Қазақстан», 23 мамыр 2009 жыл. № 181(25578).

**ӘУЕБИЛЕТ** – *авиабилет*. Әуебилеттері айыппұлсыз айырбасталады. «Нұр Астана», 11 қыркүйек 2008 жыл. № 37 (250). «Әуебилетті сатып алу енді бұрынғыдан да оңай!» «Айқын», 13 қараша 2009 жыл. № 213 (1394).

**ӘУЕВОКЗАЛ** – *аэровокзал*. Ол кезде әуежайға бару үшін қаланың қак ортасындағы әуевокзалдан автобусқа мінетін тәртіп бар еді. «Жас Алаш», 13 қаңтар 2009 жыл. № 4 (15358).

**ӘУЕКЕРОСИНІ** – *авиакеросин*. Мысалы, мұнайдың үстінде отырмыз деп мақтанамыз, сондағысы мұнай өндейтін үш зауыт қана, олардың өздері әуекеросинін шығарумен ғана шектеледі екен. «Жас Алаш», 11 наурыз 2009 жыл. №20 (15374).

**ӘУЕКОМПАНИЯ** – *авиакомпания*. «Эйр Астана» әуекомпаниясының жаңа ұсынысы! «Айқын», 13 қараша 2009 жыл. № 213 (1394).

## Б

**БАЗАРКОМ** – *базар басшысы*. Базаркомға тарихтан гөрі табыс қымбат болғаны ма? «Алаш айнасы», 4 қазан 2011 жыл. № 174 (626).

**БАНКРОТТЫҚ** – *банкротство*.

**БЕЙНЕЖАЗУ** – *видеозапись*. Бар гәп – бейнежазулы бұйымда. «Алматы ақшамы», 6 желтоқсан 2011 жыл. № 145 (4547).

**БЕЙНЕКАМЕРА** – *видеокамера*. Бұл норманы баяғыда қабылдау керек еді, себебі қазіргі заманның журналисін диктофонсыз немесе бейнекамерасыз елестету қиын. «Егемен Қазақстан», 20 желтоқсан 2008 жыл. № 405-412 (25381). Осы көшеде орнатылған бейнекамерада сол түннің оқиғасы жазылып қалған. «Жас Алаш», 23 сәуір 2009 жыл. № 33(15387); Ұстамсыз ұстаздар бейнекамераны сындырды. «Айқын», 26 шілде 2011 жыл. № 135 (1802).

**БЕЙНЕКЛИП** – *видеоклип*. Бейне клип түсірілген менің бірде-бір әнім жоқ. «Дала мен қала», 13 қараша 2008 жыл. Белгілі әннің бейнеклипі шықты. «Жас Қазақ», 23 қаңтар 2009 жыл. № 3 (211).

**БЕЙНЕКОНФЕРЕНЦИЯ** – *видеоконференция*. Астанада Бас прокурор Қайрат Мәмидің төрағалық етуімен Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу барысында заңдылықты қамтамасыз ету мәселелеріне арналған бейнеконференция режиміндегі

кеңес болып, оған облыс прокуроры қатысты. «Айқын», 18 ақпан 2011 жыл. № 31 (1698); Бейнеконференция арқылы талқыланды. «Егемен Қазақстан», 13 қазан 2011 жыл. № 493 (26885)..

**БЕЙНЕКӨРІНІС** – *видеопокказ*. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бейнекөрініс арқылы Жаңа жылмен құттықтауын зейін қоя тыңдаған балалардың бірі, Махамбет ауданындағы Қосарал орта мектебінен келген Ербол Қошанов. «Егемен Қазақстан», 29 желтоқсан 2009 жыл.

**БЕЙНЕҚҰРЫЛҒЫ** – *видеоустановка*. Депутат Иван Чиркалин оларды тек бейнеқұрылғы орнатылға, арнайы дүкендерде сату қажеттігін айтады. «Айқын», 14 қазан 2010 жыл. № 190 (1614).

**БЕЙНЕНҮСҚА** – *видеовариант*. М.Жұмабай өз сөзінің деректі дәлелі ретінде журналистерге дәрігерлерді тергеу сәтінің бейненұсқасын ұсынды. «Айқын», 5 қазақ 2010 жыл. № 183 (1607).

**БЕЙНЕМАГНИТОФОН** – *видеомагнитофон*. 1000 данадан артық жазылғандарға – Бейнемагнитофон (жарнама). «Ел», 2008 жыл. № 44 (172).

**БЕЙНЕСЮЖЕТ** – *видеосюжет*. Азаттық радиосының интрнет-сайтынан көрген бір бейнесюжет жүрегімді мұздатып, аза бойымды қаза қылды. «Жас Алаш», 27 желтоқсан 2011 жыл. № 103 (15665).

**БЕЙНЕТАСПА** – *видеокассета*. Фотосуреттері, кинофильмдер мен спектакльдерден бейнетаспалар немесе фотокөріністер, концерттік қойылымдар мен орындаушылық өнердің бейне немесе аудиотаспалары 20 дана етіп ұсынылады. «Егемен Қазақстан», 29 желтоқсан 2009 жыл.

**БЕЙНЕФИЛЬМ** – *видеофильм*. Сіз соңғы кезде көптеген бейнефильмдер түсірдіңіз. «Айқын», 24 қаңтар 2009 жыл. № 10 (1191).

**БИОҚАЛДЫҚ** – *биоотходы*. Жамбыл облыстық ауруханасы отадан кейінгі алынған биоқалдықтарды көмумен айналысатын фирмаларға байқау жариялады. «Алаш айнасы», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 171 (623).

**БИООТЫН** – *биотоплива*. Биоотынға байыппен қараған жөн. «Айқын», 22 шілде 2008 жыл. № 134 (1071). Биоотынның болашағы зор. «Егемен Қазақстан», 15 мамыр 2009 жыл. № 170-172 (25569). Бізге керегі – биоотын. «Айқын», 11 қараша 2009 жыл. № 211 (1392); Биотын өндірісінің бағы жанбады. «Алаш айнасы», 10 желтоқсан 2011 жыл. № 220 (672).

**БИОТӨЛҚҰЖАТ** – *биопаспорт*. Атаның атын анық жазайық: Қазіргі олқылықты биотөлқұжат бүтіндейді. «Ана тілі», қазанның 9-ы, 20089 жыл. № 41 (930).

**БЛОГШЫ** – *блогер*. Блогшылар елдің ақпараттық қауіпсіздігіне алаңдайды. «Айқын», 25 наурыз 2011 жыл. № 51 (1718).

**БОРТСЕРІК** – *стюардесса*. Бортсеріктер билейтін болды. «Алаш айнасы», 6 қазан 2010 жыл. № 172 (398); Оның айтуынша да, «Эйр Астана» бортсеріктері үшін қызметке орналасу алдында мемлекеттік тілді білуі шарт емес екен. «Ана тілі», 28 сәуір – 4 мамыр 2011 жыл. № 17 (1062).

**БУХЕСЕП** – *бухучет*. Бухесептен құтылатын да кез келер. «Алаш айнасы», 13 қазан 2011 жыл. № 181 (633).

**БЮДЖЕТТЕУ** – бюджетирование. Жаңаша бюджеттеуге көзқарас білдірді. «Егемен Қазақстан», 4 қазан 2008 жыл. № 304-305 (25275).

## В

**ВЕЛОБӘЙГЕ** – велосоревнование. Ұлт ұстаханасы ҚазҰУ мерейтойына орай велобәйге өтті. «Алматы ақшамы», 13 қазан 2009 жыл. № 119 (4210); Қытайда аяқталған велобәйгеде еліміздің атынан сынға түскен велошабандоздар көңіл көншіткен жоқ. Велобәйгенің бас жүлдесін неміс Тони Мартин жеңіп алды. «Жас Алаш», 13 қазан 2011 жыл. № 82 (15644).

**ВЕЛОБІРІНШІЛІК** – велопервенство. Велобіріншілікке барады. «Астана ақшамы», 17 қыркүйек 2011 жыл. № 106 (2716).

**ВЕЛОЖАРЫС** – велогонка. Веложарысқа әркім қатыса алады. «Айқын», 25 қыркүйек 2008 жыл. № 180 (1117); 4 жасар алматылық веложарысқа қатысты. «Алматы ақшамы», 16 тамыз 2011 жыл. № 95 (4497).

**ВЕЛОЖОЛ** – велодорога. Веложолдар шақыратын болады. «Алматы ақшамы», 19 қыркүйек 2009 жыл. № 109 (4200).

**ВЕЛОЖОРЫҚ** – велопоход. Веложорық ел тәуелсіздігіне арналады. «Егемен Қазақстан», 2 тамыз 2011 жыл. № 342-343 (26737).

**ВЕЛОЖҮРІС** – велопробег или велопоход. Винокуровтың құрметіне арналған веложүріс. «Алаш айнасы», 21 шілде 2011 жыл. № 126 (578).

**ВЕЛОСАЯХАТ** – велопутешествие. Велосаяхат. «Егемен Қазақстан», 5 тамыз 2011 жыл. № 347-348 (26742).

**ВЕЛОТҰРАҚ** – велостоянка. Велотұраққа бір жеңіл көліктің де орны жетеді. «Алматы ақшамы», 25 тамыз 2011 жыл. № 98 (4500).

**ВЕЛОШАБАНДОЗ** – велогонщик. «Астаналық велошабандоз Альберто Контадор Баск елдерінің турында алдына жан салмай, мәре сызығын бірінші болып қиды». «Дала мен қала», «18 сәуір 2008.; Шайтанарбаға қамшы басқан велошабандоз жігіттеріміз де жанкүйерлерін қуанта аламады. «Жас Алаш», 12 тамыз 2008 жыл. № 64 (15314); Кәсіпқой велошабандоз Тәуелсіздік күніне сый жасайды. «Айқын», 19 шілде 2011 жыл. № 130 (1797); Велошабандоздар жолға шықты. «Егемен Қазақстан», 9 тамыз 2011 жыл. № 356-357 (26751).

**ВЕЛОШЕРУ** – велодемонстрация (велопробег). Мерекеге арналған велошеру өтті. «Алматы ақшамы», 2009 жыл 3 қыркүйек № 103(4194); Бейбітшілік велошеруі. «Астана ақшамы», 6 тамыз 2011 жыл. № 88(2698); Конституция күніне орай велошеру өтті. «Алматы ақшамы», 1 қыркүйек 2011 жыл. № 102(4504).

## Г

**ГАЗЕТХАНА** – редакция. Айтысты басқарып өткізу газетхананың бастығы Шабдан деген ағамызға жүктелді. (қытай қазақтарының тілінде қолданылады). «Астана хабары», 12 шілде 2008 жыл. № 82 (2246).

**ГАЗҚАҒАР** – противогаз. Павлодарлық «Адам құқығын қорғау жөніндегі орталық қоғамдық бірлес тігінің газқағар (противогаз) киген ондаған белсендісі қала орталығында арнайы бос құтыларға толтырылған таза ауаны қаладағы ірі

базарлардың бірінің қасында көшедегі адамдарға таратты. «Айқын», 11 наурыз 2011 жыл. № 44 (1711).

**ГАЗҚҰБЫР** – *газопровод*. Олай болса, әуежол (әуе жолы емес), теңізжол (теңіз жолы емес), сужол (су жолы емес), газқұбыр (газ құбыры емес), жүкмәшине (жүк мәшинесі емес), ғарышайлақ (ғарыш айлағы емес) деп ықшамдап, біріктіріп жазуға да болар еді. (Н.Уәлиұлы). «Туған тіл» альманағы. 2009 жыл. № 2 (10). 14-бет.

**ГЕОСАЯСАТ** – *геополитика*. Айтарлықтай табиғи ресурстарға және зор адами әлеуетке ие бола отырып біздің өңір жаһандық экономикалық үдерістердің және әлемдік геосаясаттың ажырамас бөлігіне айналып отыр, деп атап көрсеткен Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. «Егемен Қазақстан», 18 қараша 2008 жыл. № 348-349(25319). Қазақтан ШЫҰ-ның әлемдік геосаясаттағы орнын айқындап бере ала ма? «Айқын», 6 қаңтар 2011 жыл. № 1 (1668).

**ГЕОСАЯСИ** – *геополитический*. Биыл 10 жылдық мерейтойын атап өткен Астана-Байтақ Еуразияның ғана емес, әлемдік деңгейдегі рухани-мәдени һәм маңызды саяси шешімдер қабылдайтын геосаяси орталыққа айналды. «Айқын», 25 қазан 2008 жыл. № 202 (1139).

**ГИДРООҚШАУЛАУ** – гидроизоляция. Зауыт өнімі тек жол-құрылыс саласына ғана емес, гидрооқшаулау материалдары, түрлі қажеттіліктерге арналған мастикалар түрінде тұтынушыға жол тартпақ. «Алаш айнасы», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 171 (623).

## Д

**ДЕНДРОБАҚ** – *дендропарк*. Дендробақ жәрдем күтеді. (тақырып) «Нұр Астана», 26 маусым 2008 жыл. № 26 (239); Дендробақтағы «Жас жұбайлар» аллеясы. «Егемен Қазақстан», 29 қазан 2010 жыл. № 447-449 (26292).

**ДЕНДРОСАЯБАҚ** – *дендропарк*. Құландағы дендросаябақ тұрғындардың сүйікті демалыс орнына айналып отыр. «Түркістан», 11 тамыз 2011 жыл. № 32 (890); Дәстүрлі сән-салтанатпен жүздесу орны болып табылатын дендросаябақта «Жас жұбайлар» аллеясы пайдалануға берілді. «Қазақ әдебиеті», 23-29 қыркүйек 2011 жыл. № 38 (3254).

## Е

**ЕУРОАЙМАҚ** – *Еврозона*. Сарапшылардың бағалауы бойынша, АҚШ-тың жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) 2009 жылғы бірінші тоқсанда 5,9%-ға, Еуроаймақта – 1,9%-ға, Ұлыбританияда – 1,5%-ға, Ресейде – 7%-ға төмендеді. «Айқын», 22 сәуір 2009 жыл. № 70 (1251); Егер АҚШ пен еуроаймақтағы мәселе шешілсе, дағдарыстың ауылы алыстайды. «Айқын», 9 желтоқсан 2011 жыл. № 231 (1898).

**ЕУРОДОДА** – *чемпионат Европы*. **Тұңғыш рет қазақ жерінде – Еуродода**. «Алаш айнасы», 21 қазан 2011 жыл. № 186 (638).

**ЕУРОЖӨНДЕУ** – *Евроремонт*. Еріккеннің бәрі еурожөндеу жүргізетін заман өткен сықылды. «Жас Алаш», 22 шілде 2008 жыл. № 58 (15308).

**ЕУРООДАҚ** – *Евросоюз*. Әдетте ЕҚЫҰ төрағалары қатарында Еуроодаққа

мүше не үміткер атанған Батыс Еуропа мемлекеттері басым болған. Президент және Халық», 16 қаңтар 2009 жыл. № 02(175). Еуроодақ еуроны соңғы фаза ретінде енгізді. «Жас Алаш», 29 қаңтар 2009 жыл. № 9 (15363). Еуроодақ бізге керек пе? «Айқын», 30 сәуір 2009 жыл. № 76(1257).

## Ж

**ЖАЛПЫКОМАНДАЛЫҚ** – *общекомандный*. Жеңілатлеттеріміз 38 мемлекеттің спортшылары арасындағы жалпыкомандалық есепте 6 орынға ие болып қайтты. «Алаш айнасы», 10 желтоқсан 2011 жыл. № 220 (672).

**ЖАРЫҚДИОД** – *светодиод*. Жарықдиодты шамдар. «Егемен Қазақстан», 6 қазан 2011 жыл. № 481(26873).

**ЖАТПЛАНЕТАЛЫҚ** – *инопланетянец*. Жер бетінде екі миллион жатпланеталық жүр.// «Айқын», 5 ақпан 2009 жыл. № 18(1199).

## З

**ЗООБАҚ** – *зоопарк*. Теміртаудың зообағын тамашалады. «Астана ақшамы», 11 қазан 2008 жыл. № 120 (2284). Австралияда Сидней қаласының таронга зообағында ергежейлі сусиыр дүниеге келді. «Жас Алаш», 20 қараша 2008 жыл. № 93 (15343). Зообақтың күтушісі. «Айқын», 4 желтоқсан 2008 жыл. № 229(1166).

**ЗООДҮКЕН** – *зоомагазин* Бұдан бөлек, зоодүкендегі жылы-жұмсақ Герместің алдында. «Жас Қазақ», 15 қазан 2010 жыл. № 40 (300).

## И

**ИНФРАҚҰРЫЛЫМ** – *инфраструктура*. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өткен аптада Бурабайда болған Щучинск-Бурабай демалыс аумағының инфрақұрылымын дамыту жобаларын жүзеге асыру мәселелері бойынша көшпелі кеңеске қатысты. «Ел», 15 шілде 2008 жыл. № 28 (156).

**ИОНАЛМАСТЫРҒЫШ** – *ионообменитель*. Әртүрлі кеңінен қолданылатын ионалмастрығыш мембраналар, полимерлі, комплексондар, суда еритін полиэлектролиттер, физиологиялық активті полимерлер, аниониттер, катиониттерполиамфолиттер, топырақ сортаңдануын тежейтін химиялық мелиоранттарды алды. «Алаш айнасы», 15 қараша 2011 жыл. № 202 (654).

## К

**КИБЕРҚАУПСІЗДІК** – *кибербезопасность*. ҚазNet, киберқауіпсіздік және адам құқы. «Айқын», 4 ақпан 2010 жыл. № 18 (1442); Киберқауіпсіздік мәселесін қолға алатын уақыт жетті. «Алаш айнасы», 15 қазан 2011 жыл. № 183(635):

**КИБЕРҚАРАҚШЫ// КИБЕР ҚАРАҚШЫ** – *киберпират*. ҚР СІМ-нің баспасөз қызметшісі Илияс Омаровтың айтуынша, АҚШ-тағы Қазақстанның Бас консулдігі Нью-Йорк федералды прокурорының кеңсесіне хабарласып,

киберкарақшылардың арасында Қазақстан азаматтарының бары-жоғын сұраған. «Жас Қазақ», 8 қазан 2010 жыл. № 39 (299).

**КИБЕРҚЫЛМЫСКЕР** – *киберпреступник*. Соттың шешімімен атышулы киберқылмыскер 771 млн доллар өтемақы төлейтін болды. «Алаш айнасы», 7 қараша 2009 жыл. № 198 (198); Киберқылмыскер: данышпан ба, дарақы ма? «Айқын», 2 ақпан 2012 жыл. № 21(1932).

**КИБЕРШАБУЫЛ** – *кибератака*. Директор кибершабуылдан қауіптенеді. «Егемен Қазақстан», 8 қазан 2011 жыл. № 486-487 (26879).

**КИНОБЕЙНЕ** – *кинообраз*. Бұдан соң ол кинобейне және дыбыс жазба мұрағатынан Бауыржан Момышұлы, Мұхтар Әуезов, Мұқағали Мақатаевтың дауыстарын тыңдады және Ұлы Отан соғысы кезінде Алматы қаласында түсірілген таспаны көрді. «Айқын», 30 мамыр 2009 жыл. № 96 (1277).

**КИНОГЕР** – *кинематограф*. Киногерлер одағы... өзінің ескі де жаңа басшылығымен қайта қауышты// «Жас Алаш», 28 наурыз 2008 жыл, № 25.

Астанада киногерлер бас қосты. «Қазақстан – Zaman», 7 тамыз 2008 жыл. № 32 (699).

**КИНОЖОБА** – *кинопроект*. Дегенмен, фестиваль аясындағы «Қазақстандық киножобалар рыногы» шарасы ең басты оқиғалар қатарынан орын алды. «Егемен Қазақстан», 28 қыркүйек 2011 жыл. № 461-464(26857).

**КИНОЖҮЛДЫЗ** – *кинзозвезда*. Сөйтіп, фестивальдің ашылу салтанатында «Келінге» Францияның әлемдік деңгейдегі атакты киножұлдызы Катрин Денев, ал жабылу сәтінде Джесика Ланж ақ батасын берген көрінеді. «Егемен Қазақстан», 27 қараша 2009 жыл. № 393-396 (25793).

**КИНОКЕҢІСТІК** – *кинопространство*. Өйткені, біздің кинокеңістік те, Киногерлер одағы да, жоғарыда айтып өткеніміздей, қазақы ұғымна алыс, ұлттық көзқарастан ада орыстілді қауымнан құрылған. «Жас Алаш», 29 желтоқсан 2009 жыл. № 103 (15457).

**КИНОҚОР** – *кинофонд*. Бүгінгі «Қазақфильмде» өндірілген фильмдердің сандық кітапханасы жасалып, киноқордағы «Қыз Жібек» бастаған фильмдер сандық негізге көшірілуде. «Айқын», 1 қараша 2011 жыл. № 203 (1870).

**КИНОМЕКТЕП** – *киношкола*. Мәскеуде онкүндік киномектеп өтті. «Алаш айнасы», 17 қараша 2009 жыл. № 204 (204).

**КИНОӨНДІРІС** – *кинопроизводство*. Қалаулылар «Қазақ мультфильмі» киноөндірісін құруды ұсынды. «Айқын», 6 қараша 2008 жыл. № 209(1146); Әлемдік киноөндірістегі ең танымал спорт түрі – бокс. «Ана тілі», 13-19 қазан 2011 жыл. № 41 (1089).

**КИНОСҮЙЕР** – *кинолюбитель*. Киносүйер қауым бес күн бойы 7 бағдарлама аясында 20 елдің картиналарын тамашаласа, осы аралықта қазылар алқасы 12 картинаны сарапқа салды. «Егемен Қазақстан», 28 қыркүйек 2011 жыл. № 461-464(26857).

**КИНОТАСПА** – *кинокассета*. Көшірме кинотаспалар тәркіленді. «Астана ақшамы», 9 қыркүйек 2008 жыл. № 106 (2270).

**КИНОҮЛДІР** – *киноплёнка*. 1972 жылы ипандық кинооператор Панчо

Хименос киноүлдірге жарық беретін құрылғы жасамақшы болған. «Айқын», 12 мамыр 2011 жыл. № 83 (1750).

**КОФЕХАНА** – *кофетерий*. Рухани адасу немесе елдегі лаңкестік әрекеттердің себеп-салдары һәм Ә.Бөкейханұлының Л.толстойдан аударған «Сурат кофеханасы» туралы бірер сөз. «Алматы ақшамы», 10 желтоқсан 2011 жыл. № 147-148 (4550).

**КӨПВЕКТОРЛЫЛЫҚ** – *многовекторность*. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың дана әрі көреген басшылығымен көпвекторлылық, төзімділік, «әркімді қандай болса, сол күйінде қабылдау» принциптеріне негізделе жүзеге асырылып жатқан сыртқы және ішкі саясатына зайырлылықтың либералды «жұмсақ» үлгісі сәйкес келеді. «Айқын», 21 қыркүйек 2011 жыл. № 174(1841).

**КСЕРОКӨШІРМЕ** – *ксерокопия*. Оқушылар дәретхана қағазынан жасалған ксерокөшірме оқулыққа да зар болуда. «Айқын», 3 қазан 2008 жыл. № 186 (1123).

## Қ

**ҚАЛТАТЕЛЕФОН** – *сотовый телефон*. «Көлік жүргізіп келе жатып, қалтателефонмен сөйлесуге болмайды» дегенді әлі ешкім орындап жатқан жоқ. «Ел», 25 наурыз 2008 жыл. 12 (140).

**ҚАЛТАФОН** – *сотовый телефон*. Қазақылықтан қағылған қалтафон қазаққа қуаныш сыйлай алмайды// (К.Ахметова. «Қазақтың жанашыры – қазақ қана». «Түркістан», 6 наурыз 2008 жыл); Қалтафонсыз қалай күн көргенбіз? ... «Астана хабары», 26 маусым 2008 жыл. № 76 (2240).

**ҚОСПАЛАТАЛЫ (Парламент)** – *двухпалатный (Парламент)*. Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы қоспалаталы Парламенттің IV шақырылымын тарату және мерзімінен бұрын сайлау өткізу туралы Жарлыққа Президенттің қолы қойылғаннан кейін-ақ сәуірден соң сілтідей тынған саяси өмір қайта жандана бастады. «Алаш айнасы», 23 қараша 2011 жыл. № 208 (660).

## М

**МАИШНИК** – *гаичник*. «Москвич» мінген маишник. Маишник мээ болып қала берді. «Алаш айнасы», 17 қараша 2009 жыл. № 204 (204).

**МАКРОӨНІР** – *макрорегион*. Бұл форум алғаш рет 2005 жылы Ресейдің Сочи қаласында «Балтық, Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия : 1520 кеңістік» деген атпен макроөңірдегі темір жол саласындағы қарым-қатынасты дамытуға арналып, өткізілген болатын. «Егемен Қазақстан», 10 желтоқсан 2008 жыл. № 380-381 (5350).

**МЕГАЖОБА** – *мегапроект*. Жасампаз мегажоба жаңа мүмкіндіктерге жетелейді. «Алматы ақшамы», 3 қыркүйек 2011 жыл. № 100 (2710); Облыста «Жер-Теңіз-Аспан» мегажобасы қолға алынып, аймақтың оңтайландырылған жоғары технологиялық экономикасын және әлемдік қатынастарға негізделген үйлесімді интеграциясын қамтамасыз етеді. «Түркістан», 13 қазан 2011 жыл;

Мұны мегажоба деген жөн. «Егемен Қазақстан», 2 қараша 2011 жыл. № 525-526(26918).

**МЕДИАБЕДЕЛ** – *медиаавтомтет*. Қазақстанның медиабеделі – ғалымдар назарында. «Айқын», 17 қараша 2011 жыл. № 215 (1882).

**МЕДБИКЕ** – *медсестра*. мектеп медбикелерін Денсаулық сақтау министрлігінің құзырына бере ме? «Алаш айнасы», 17 маусым 2011 жыл. № 104(556); Медбикелердің 11%-ы іш құрылысы мен жүрек ауруларына, Альцгеймерге төзімді болып шығып, кәрілікке сыр алдырмаған. «Алаш айнасы», 8 қыркүйек 2011 жыл. № 158 (610); Психикалық сырқаты бар адамнан қандай медбике шықпақ? «Алаш айнасы», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 171 (623).

**МЕДИАЗОРЛЫҚ** – *медиаанасилие*. Бізге балаларды медиазорлықтан қорғайтын заң керек. «Егемен Қазақстан», 6 қараша 2010 жыл. № 459-460 (26303).

**МЕТЕОЖАБДЫҚ** – *метеоборудования*. Екінші ұшу-қону жолтабаны құрылысыныңқұны87миллион,әуеқозғалыстарынбасқаруменметеожабдықтар нысандары 7 миллионнан астам АҚШ долларына түсті. «Егемен Қазақстан», 18 қараша 2008 жыл. № 348-349(25319).

**МИКРОАҒЗА** – *микрорганализм*. Мысалы, медицинада патогендік микроағзалардың екі типі бар. «Жас Қазақ», 15 қазан 2010 жыл. № 40 (300); Бұған денеге жақын өмір сүретін микроағзалар да қосылады. «Алаш айнасы», 26 ақпан 2011 жыл. № 35(487).

**МИКРОӘЛЕМ** – *микромир*. Микроәлем жайлы не білеміз? «Егемен Қазақстан», 7 қазан 2009 жыл. № 329 (25726).

**МИКРОӘЛЕУМЕТТІК** – *микросоциальный*. Бұған отбасындағы микроәлеуметтік жағдайлардың да ықпалы болады. «Алаш айнасы», 15 қазан 2011 жыл. № 183(635):

**МИКРОДЕНГЕЙ** – *микроруровень*. Көптеген адамдар қазір ең алдымен депозиттегі, жалақыдағы өз тәуекелдерін бағалай отырып, девальвация салдарына микроденгейде қарап отыр. «Егемен Қазақстан», 11 ақпан 2009 жыл. № 59(25456).

**МОНОҰЛТТАНУ** – *мононационализация*. Моноұлттануға асығып жүріп, ежелгі дос, стратегиялық әріптес ел Ресеймен байланысымызды қазіргі деңгейде сақтап қала алмай жүреміз бе, территориялық талабын айқындап үлгермеген кейбір көршілеріміздің қоршауында қалып қоймаймыз ба деп қауіптенемін. «Айқын», 20 ақпан 2010 жыл. № 30 (1454).

**МОТОАТҚЫШТАР** – *мотострелки*. Дәл қазір полигонда шоғырланған мотоатқыштар мен танкшілер кез келген жауынгерлік тапсырмаларды орындауға сақдай сай десе болады. «Айқын», 9 ақпан 2011 жыл. № 41(26443).

**МУЛЬТИНӘТИЖЕ** – *мультирезультат*. Экожобалар және мультинәтижелер. «Жас Қазақ», 17 сәуір 2009 жыл. № 15 (223).

## Н

**НАНОҚОР** – *нанопонд*. Бірлескен нанокор құрылды. «Алаш айнасы», 23 желтоқсан 2011 жыл. № 227 (679).



**НАРКОБАҚЫЛАУШЫ** – *наркоконтролерь*. Наркобақылаушылар оны кезекті рейске дайындалып жатқан жерінен қолға түсірген. «Алматы ақшамы», 20 қазан 2011 жыл. №123 (4525).

**НАРКОНАРЫҚ** – *наркорынок*. Алматы наркологтарының байқауынша, біздегі нарконарықтағы есірткі айналымының 80 пайызын героин құрайды. «Айқын», 12 наурыз 2011 жыл. № 45 (1712).

## П

**ПОСТКЕҢЕСТІК** – *постсоветский*. Көпшілігі – посткеңетік және балтық жағалауы елдерінен шыққандар. «Жас қазақ», 23 қыркүйек 2011 жыл. № 37 (349).

**ПРАЙС-ПАРАҒЫ** – *прайс-лист*. Прайс-парағы. «Нұр Астана», 24 қараша 2011жыл. № 46 (415).

## Р

**РАДИОБЕРІЛІМ** – *радиопередача*. Ескерту: бұл жерде қазақ радиосының нақты бір радиоберілімде қолданысы туралы сөз болып отырған жоқ. Қ.Жүкешев. Мемлекеттік тіл: қазіргі күйі және даму философиясы. –Алматы, 2008. 37-б.

**РАДИОЖИЛІК** – радиочастоты. Заң жобасында үшінші жаңартылымдағы ұялы байланысты және төртінші жаңартылымдағы ұтқыр байланысты енгізу бойынша радиожиілік спектрін пайдаланағаны үшін жылына 2200 АЕК мөлшерінде ақы ставкасын белгілеу көзделеді. «Айқын», 3 қараша 2010 жыл. № 204 (1628).

**САНЭПИДБАҚЫЛАУ** – *санэпиднадзор*. Облыстық санэпидқадағалау басқармасының мамандары көктен түскен нысанда радиация жоқ екенін анықтады – дейді БҚО ТЖ баспасөз қызметкері Дәмет Жұмағұлова. «Айқын», 15 мамыр 2009 жыл. № 85 (1266).

**СТАТДЕРЕК** – *статические данные (статданные)*. Онкологиялық өзге аурулардың өсімі 3-4 пайыздың көлемінде есептелсе, дәл осы еркек безінің ісігі ерекше көңіл бөлуді қажет ететінін осы статдеректер-ақ айқын көрсетіп отыр. «Айқын», 28 қыркүйек 2011 жыл. № 179 (1846).

**СУБҚОРЖЫН** – *субпортфель*. Қысқа мерзімді субқоржын. Орта мерзімді және ұзақ мерзімді субқоржын// «Егемен Қазақстан», 30 желтоқсан 2008 жыл. № 422-425(25394).

**СУПЕРЖОБА** – *суперпроект*. «Суперфарм» – супержоба. «Алаш айнасы», 14 желтоқсан 2011 жыл. № 222 (674).

**СУПЕРҚАЛТАЛЫ** – *суперкарманный*. «Қалталы», «суперқалталы», содан соң «қоңыртөбел»... «Халық сөзі», 26 шілде 2011 жыл. № 58 (99).

**СУПЕРМҰҚАБА** – *суперобложка*. Супермұқаба. «Алматы ақшамы», 17 ақпан 2011 жыл. № 20 (2630).

**СУПЕРТЕК** – *суперген*. «Супертек» – нағыз Алматыға керек құрылғы. «Алматы ақшамы», 17 қыркүйек 20091 жыл. № 108 (4199).

## Т

**ТЕЛАВТОРЛЫҚ** – *соавторство*. Салық Зиманов қазақ заңының патриархы ретінде, мемлекеттің тарихы және теориялық құрылымы жөнінде 300-ден аса ғылыми мақалалар, 17-ден аса монографиялар, оның ішінде 12-сін жеке ізі жазған, қалғандарын телавторлықта орындаған. «Айқын», 6 қаңтар 2011 жыл. № 1 (1668).

**ТЕЛЕАЙТЫС** – *телеайтыс*. Тұңғыш телеайтыс 1984 жылы 1-2 қаңтарында жанажылдық мереке күндері эфирден өтті. «Айқын», 24 қаңтар 2009 жыл. № 10 (1191); Телеайтыс үздіктерін анықтады. «Нұр Астана», 29 желтоқсан 2011 жыл. № 52(421).

**ТЕЛЕАРНА** – *телеканал*. Тілімізді телеарналар жұтатуда. «Ана тілі», тамыздың 7-сі 2008 жыл. № 32 (921); Ел болам десең, телеарнаңды түзе. «Жас Қазақ», 1 қазан 2010 жыл. № 38(298) Дүйсенбіден, яғни 26-қыркүйектен бастап ел тарихында тұңғыш рет «Мәдениет» телеарнасы іске қосылады. «Айқын», 24 қыркүйек 2011 жыл. № 177 (1844); Отандық телеарнаның озық майталмандары кімдер? «Айқын», 29 желтоқсан 2011 жыл. № 244(1991).

**ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА** – *телепрограмма*. «Дала мен Қала», 25 қыркүйек 2008 жыл. № 39 (266). Газеттің әр санында осылай беріліп жүр.

**ТЕЛЕБЕРІЛІМ** – *телепередача*. Бұл құбылыс біртіндеп, 80-жылдардың ортасына қараған шақта көпшілікке арналып айтылатын радио және телеберілімдерді, газеттерді, журналдарды, тіпті баспадан шығып жатқан кітаптар мен оқулықтарды да иектеп алды. Қ.Жүкешев. Мемлекеттік тіл: қазіргі күйі және даму философиясы. – Алматы, 2008. 22-б.

**ТЕЛЕДИДАР** – *телевизор*. 3000 данадан артық жазылғандарға түрлі-түсті теледидар. «Ел», 16 қыркүйек 2008 жыл. № 37 (165). Сандық теледидардың іске қосылуы бір ғана «Қазақстан» арансының жанынан бірнеше жаңа аран ашуға мүмкіндік туғызады. «Егемен Қазақстан», 27 желтоқсан 2008 жыл. № 420-421 (25390).

**ТЕЛЕЖОБА** – *телепроект*. 26 шілдеде Республика сарайында «Қазақстан» ұлттық телеарнасының ұйымдастыруымен «аламан айтыс» тележобасының ақтық сайысы өтеді. «Айқын», 22 шілде 2008 жыл. № 134 (1071). жыл. № 5(388).

**ТЕЛЕЖҰЛДЫЗ** – *телезвезда*. Ресейлік тележұлдыздардың жобасын бізде қайталауға болмайды. «Айқын», 9 маусым 2011 жыл. №103 (1770).

**ТЕЛЕЖҮРГІЗУШІ** – *телеведущий*. Ассанж енді тележүргізуші. «Айқын», 26 қаңтар 2012 жыл. № 16(1927).

**ТЕЛЕЖҮЗДЕСУ** – *телевстреча*. Бітімі бөлек мақалаларымен, тележүздесулерімен танылған ойы сергек, білікті журналистердің бірі Бигелді Ғабдулинді жұртқа таныстырып жатудың өзі артық десем, ол бұл жолы да жұртшылықты елең еткізердей жоба жасапты. «Егемен Қазақстан», 3 сәуір 2009 жыл. № 122-123 (25520).

**ТЕЛЕКӨПР** – *телемост*. Соның ең бастысы – Елбасының университеттің профессорлар мен оқытушыларына және студенттеріне арнап оқыған дәрісі

телекөпір арқылы еліміздің барлық жоғары оқу орындарында көрсетілді. «Егемен Қазақстан», 14 қазан 2009 жыл. № 336 (25733).

**ТЕЛЕКӨРЕРМЕН** – *телезритель*. Телекөрерменнің санасын еріксіз тартатын «кашпировскийлік бағдарлама» Қазақстанда аз. «Айқын», 19 ақпан 2009 жыл. № 28 (1209); Ғаламтор телекөрермендер қатарын азайтып жатыр. «Алаш айнасы», 8 қыркүйек 2011 жыл. № 158 (610).

**ТЕЛЕМҰНАРА** – *телевышка*. Көкпарға түскен «Көктөбе» телемұнарасы. «Алматы ақшамы», 7 қазан 2010 жыл. № 122(4367); Әйгілі телемұнара туристер үшін ашық болады. «Алаш айнасы», 13 наурыз 2012 жыл. № 42 (724).

**ТЕЛЕӨНЕР** – *телеискусство*. Телеөнерге деген құштарлық пен бітірген істерімзді бағлады ма, әлде жаңа салаға жас күш қажет болды ма, кейде менімен келіспестен сыртымнан қызметке тағайындап жіберген кездері де болды. «Айқын», 24 қаңтар 2009 жыл. № 10 (1191). Телеөнердің телқоңыры. «Айқын», 30 сәуір 2009 жыл. № 76(1257).

**ТЕЛЕОЙЫН** – *телеигра*. Мәселен, «Алтын таға» телеойыны басталды, екі тілде. «Жас Алаш», 7 мамыр 2009 жыл. № 37 (1539); 35 жыл бойы үздіксіз Ресей эфирінен шығып келе жатқан «Не? Қайда? Қашан?» интеллектуалдық телеойынында қарағандылық Олеся Кудряшова жүлдегер атанды. «Айқын», 22 сәуір 2011 жыл. № 71 (1738).

**ТЕЛЕОРТАЛЫҚ** – *телецентр*. Жаңа телеорталықтың тапсырыс берушісі – «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ, ал бас мердігері «Сембол Улусларарысы» компаниясы. «Егемен Қазақстан», 12 желтоқсан 2011 жыл. № 616-617 (27009).

**ТЕЛЕТҮСІРІЛІМ** – *телесъемка*. Сондай-ақ өңірлерді аралау кезінде де жылжымалы телетүсірілім студиялары жұмыс істеп, эстафета туралы сюжеттер көрсетіліп отырды. «Ана тілі», 7-12 қаңтар 2011 жыл. № 1 (1046).

**ТЕЛЕТУЫНДЫ** – *телепроизведение*. Балаңыз теледидарға телміргенде телетуындының тәрбиелік мәні зор болса игі. «Түркістан», 19 қараша 2009 жыл. № 46 (800).

**ТЕЛЕТІЛІШІ** – *телекорреспондент*. Тұлпардың тұяғы телетілшіге тиді. «Айқын», 30 сәуір 2009 жыл. № 76(1257).

**ТЕЛЕХАБАР** – *телепередача*. Бұл телехабар – сіздің шығармашылығыңыздың жемісі, төл перзентіңіз емес пе? «Айқын», 24 қаңтар 2009 жыл. № 10 (1191).

**ТЕЛЕХИКАЯ** – *телесериал*. Оның күнделігінің желісімен телехикая да түсірілді. «Алаш айнасы», 17 қараша 2009 жыл. № 204 (204). Телехикаяға қарсылық. «Алматы ақшамы», 14 қаңтар 2010 жыл. № (4250).

**ТЕРМОЖАҢҒЫРТУ** – *терморестоврация*. Шаһардағы терможаңғыртудан өткен алғашқы үй. «Алматы ақшамы», 27 қараша 2011 жыл. № 139(4541).

**ТЕРМОЖҰП** – *термиопара*. «Термопара» сөзін – «бу қызуы» деп аударылған жағдайлар кездеседі. Дұрыс мағынасы – «терможұп» т.т. «Егемен Қазақстан», 27 сәуір 2011 жыл. № 170-173(26575).

**(ТЕРРОРШЫ** – *террорист*. Терроршылар тығылып жүр. «Айқын», 26

сәуір 2008 жыл. № 77 (1014).

**ТРАНСҚҰРЛЫҚТТЫҚ** – *трансконтинентальный*. Кейбір дереккөздерге жүгінсек, тұтастай алғанда, бұл транскұрлықтық автожол 2012 жылға дейін 7,5 миллиард доллардан астам қаржы құюды қажет етеді. «Айқын», 16 ақпан 2010 жыл. № 26 (1450).

**ТРАНСҰЛТТЫҚ** – *транснациональный*. Жапонияның бүкіл трансұлттық компаниялары демпингтік жағдайда жұмыс істеуге көшті. «Айқын», 12 ақпан 2009 жыл. № 23(1204). АҚШ-тың трансұлттық компаниялары жергілікті арзан жұмысшы күшін пайдалануда арзан тауарды Қытайда өндіруге тырысады. «Алаш айнасы», 26 қазан 2010 жыл. № 185 (411); Жалпы ұзындығы 8445 шақырымды құрайтын трансұлттық көлік дәлізінің 2787 шақырымы біздің еліміздің бес облысы арқылы өтеді. «Айқын», 16 тамыз 2011 жыл. № 150 (1817).

**ТІРЕК ПУНКТИ** – *опорный пункт*. «Саяхаттың» маңына тірек пункті қажет. «Алматы ақшамы», 20 қаңтар 2011 жыл. № 6 (4408); Ұзамай полиция қызметкерлері төбелесқұмар қыздарды тірек пунктіне жеткізді. «Алматы ақшамы», 26 сәуір 2011 жыл. № 51(4453).

## У

**УЛЬТРАДЫБЫСТЫ/УЛЬТРАДЫБЫСТЫҚ** – *ультразвуковой*. Онда саусақ арқылы ректалды зерттеу, арнайы простата антигенін анықтау және трансректалды ультрадыбысты зерттеу әдістері қолданылады. «Айқын», 28 қыркүйек 2011 жыл. № 179 (1846); Ультрадыбыстық зерттеу: міндеттері, проблемасы және шешу жолдары. «Егемен Қазақстан», 14 қазан 2011 жыл. № 494-496 (26888).

## Ф

**ФЕРРОБАЛҚЫТУ** – *ферросплав*. Тіпті бүгінгі күні № 5 және №6 ферробалқыту пештері іске қосылыпты. «Айқын», 27 мамыр 2009 жыл. № 93(1274).

**ФЛЮРОТЕКСЕРУ** – *флюоропроверка*. Қалалық әкімдіктің қаулысына сәйкес, шілде айында базар, автопарк және құрылыс ұйымдарының қызметкерлері мен жұмысшылары да флюоротексеруден өткізілді. Сонымен қатар, тұрғындардың 50 пайызы жоғары және ЖОО-мен ООО студенттерінің 100 пайызы флюоротексерумен қамтылуы үшін шаралар ұйымдастырылуы қажет. «Алматы ақшамы», 20 қазан 2011 жыл. №123 (4525).

**ФОТОАЙҒАҚ** – *фотодоказательство*. Фотоайғақтың нақты мекенжайы анық көрсетілуі шарт. «Айқын», 26 наурыз 2009 жыл. № 51 (1232).

**ФОТОБАЙҚАУ** – *фотоконкурс*. Сондай-ақ «Айқын» газетімен бірлесіп өткізілмек «Қоғамдық тіл инспекциясы» атты фотобайқауға мемлекеттік тілде қате жазылған мәтіндерді әшкерелейтін кез келген қарапайым жан қатысуына болады. «Айқын», 22 қаңтар 2009 жыл. № 8 (1189).

**ФОТОКӨРМЕ** – *фотовыставка*. Саясаткердің күрес жолын баяндайтын фотокөрме ашылды. «Жас Алаш», 19 ақпан 2009 жыл. № 15 (15369); Студент фотокөрме өткізді. «Алаш айнасы», 17 мамыр 2012 жыл. № 83(765).

**ФОТОКӨРІНІС** – *фотопоказ*. 6-шы пунктке байланысты түсініктеме: кітаптар, ноталық жазбалар, бейнелеу өнері туындыларының репродукциялары, сәулет өнерінің схема-сызбалары, ғимараттарыдың, кешендердің т.б. фотосуреттері, кинофильмдер мен спектакльдерден бейнетаспалар немесе фотокөріністер, концерттік қойылымдар мен орындаушылық өнердің бейне немесе аудио-таспалары 20 дана етіп ұсынылады. «Қазақ әдебиеті», 30 желтоқсан 2011 жыл. № 52 (3268).

**ФОТОКӨШІРМЕ** – *фотокопия*. Әрі олар – жалынды жастығының куәсі болған замандасы Ақселеу Сейдімбековке, рухани деңгейін кемелдендіруге айтарлықтай үлес қосқан тілеуқор ағасы Әзілқан Нұршайықовқа және қайраты қайта бастағанына қарамастан, өзіне бүкіл бір поэма арнаған ардақты апасы Тұрсынхан Әбдірахмановаға өз қолымен жазылған хаттардың тайға таңба басқандай фотокөшірмелерімен безендіріле берілуімен де құнды. «Айқын», 12 желтоқсан 2008 жыл. № 234 (1171).

**ФОТОКҮНДЕЛІК** – *фотодневник*. Форумның фотокүнделігі. «Егемен Қазақстан», 7 қазан 2009 жыл. № 329 (25726).

**ФОТОҚАДАҒАЛАУ** – *фотофиксация*. Басқа басқа, ал енді Алматының жағдайына оралсақ, қалаық Жол полициясы басқармасы жанында осындай фотоқадағалау (фотофиксация) орталығы бар. «Алматы ақшамы», 1 қараша 2008 жыл. № 124 (4062).

**ФОТОҚОНДЫРҒЫ** – *фотоустановка*. Үш фотокондырғының бағдарламасы жетілдірілуде. «Алматы ақшамы», 1 қараша 2008 жыл. № 124 (4062).

**ФОТОҚҰЖАТ** – *фотодокумент*. Әр елдің қағаз ақшалары, мындаған значоктар, әлем елдерінің жазулары, конверттер, маркалар, мөрлер, сирек суреттер, буклеттер, фотокұжаттар дейсің бе, толып жатқан баға жетпес байлығы бар. «Айқын», 11 ақпан 2009 жыл. № 22(1203).

**ФОТОМӘРЕ** – *фотофиниш*. Мысалы, нақ осы үлгілер қатарында мұз айдынын жарықтандыру жүйесін, телевизиялық және күзет пен бейнебақылау құралдарын, фтомәре автоматты тетіктері мен қазылық ету жүйесін, мұз айдынындағы қиқулаған дүбірлі оқиғаларды дыбыстандыру жұмысын атап айтуға

**ФОТОӨНЕР** – *фотоискусство*. «Фотоөнер мамандығын даярлайтын оқу орны жоқ» дедіңіз. Былтырдан фотоөнер қоғамдық бірлестігі құрылыпты. «Алаш айнасы», 21 қазан 2011 жыл. № 187 (639).

**ФОТОТІЛШІ** – *фотокорреспондент*. Фототілшілердің конкурсы өтеді. «Айқын», 20 қаңтар 2009 жыл. № 6(1187); Фототілшілік елімізде кенже дамып келе жатқан мамандық екені белгілі. Өңірдегі, аймақтағы фототілшілермен байланыстарыңыз бар ма? «Алаш айнасы», 21 қазан 2011 жыл. № 187 (639).

## X

**ХЕДЖҚОР** – *хеджфонд*. Әлемдік хеджқорлар «бөлшектенеді». Яғни өндіріс компанияларының құнды қағаздарына хеджқорлар ақшасы салынған. «Айқын», 4 тамыз 2011 жыл. № 142 (1809).

## Ш

**ШТАБ-ПӘТЕР** – *штаб-квартира*. ҚР Президенті жанындағы адам құқығы жөніндегі комиссияның төрағасы С.Тұрсыновты, ОСК және омбудсман офисі мүшелері Варшавадағы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ штаб-пәтеріне іссапармен барды. «Президент және Халық», 16 қаңтар 2009 жыл. № 02(175);

## Э

**ЭКОЖОБА** – *экопроект*. Экожобалар және мультинәтижелер. «Жас Қазақ», 17 сәуір 2009 жыл. № 15 (223).

**ЭКОЖҮЙЕ** – *экосистема*. Өзбекстан біріккен экожүйеден шықты. «Алматы ақшамы», 1 желтоқсан 2009 жыл. № 140 (4231).

**ЭКООРТАЛЫҚ** – *экоцентр*. Экоорталық көмектескісі келеді. «Айқын», 18 ақпан 2009 жыл. 27 (1208).

**ЭЛЕКТРУНЕМДЕГІШ** – *электроэкономный*. Электрунемдегіш шамдар да солармен бірге кетіп жатады. «Айқын», 20 ақпан 2010 жыл. № 30 (1454).

**ЭЛЕКТРШАМ** – *электрическая лампа*. Белгілі ғалым Н.Уәлиұлы осындағы ы, і езуліктерін түсіріп, бір зат, термин атауы ретінде бірге жазуды ұсынады: электршам, іспарақ, алмаағаш. «Ана тілі», 24-30 2009 жыл. № 38 (979).

**ЭЛЕКТРШ** – *электрик*. Шығыс өңірі электрге де, электршіге де зәру. «Алаш айнасы», 15 ақпан 2011 жыл. № 26(478).

**ЭНЕРГОЖҮЙЕ** – *энергосистема*. Үш елдің энергожүйесі өзбектерсіз жұмыс істейді. «Айқын», 16 ақпан 2010 жыл. № 26 (1450).

**ЭНЕРГОСУСЫН** – *энергонапитки*. Энергосусындардың орнына жұмыртқаны пайдаланыңыз. «Алаш айнасы», 18 қараша 2011 жыл. № 205 (657).

**ЭНЕРГОТИІМДІЛІК** – *энергоэффективность*. «Шеврон» компаниясы «Қазақстан техникалық жоғары оқу орнына арналған Энерготіімділік және тұрақты дамыту» пәнаралық жаңа оқу курсы және электронды оқулық модулін дайындауды қолдаған болатын. «Айқын», 16 мамыр 2009 жыл. № 86 (1267).

**ЭТНООРТАЛЫҚ** – *этноцентр*. Түркістан тарихын түлеткен этноорталық. «Айқын», 13 мамыр 2011 жыл. № 84 (1751).

**ЭТНОСАРАЛЫҚ** – *межэтносный*. Аталған елдерде «Н.Назарбаев – этносаралық және конфессияаралық келісімдердің қазақстандық моделінің негізін қалаушы» атты кітап бірнеше тілге аударылып басылды. «Алаш айнасы», 8 қараша 2011 жыл. № 198 (650).

**ЭТНОСАЯСАТ** – *этнополитика*. Бұл құрамына кіруге ынталы бір топ ғалым этносаясаттың бүлкіліне тиісінше іс-қимыл жасауды ойластырып, оны ассамблеядағы атқамінерлердің құлағына сыбырлап отыруға келісімін берді. «Жас Қазақ», 30 қаңтар 2009 жыл. № 4 (212).

## Жарыса қолданылып жүрген атаулардың салыстырмалы кестесі

Орысшасы	қазақша нұсқалары			
	1	2	3	4
<i>администратор</i>	<b>әкімші</b>	әкімгер		
<i>акимат</i>	<b>әкімдік</b>	әкімият		
<i>аукцион</i>	бәссауда	сауда-саттық		
<i>бассейн</i>	әуіз	хауыз		
<i>благосостояние</i>	<b>әл-ауқат</b>	игілік		
<i>газета</i>	үнқағаз	үнпарақ	үнжария	<b>газет</b>
<i>гирия</i>	кіртас	балуантас		
<i>глобализация</i>	жаһандану	ғаламдану	ғаламдастыру	ауқымдану
<i>головолмка</i>	басқатырғы	басқатырғыш		
<i>делопроизводство</i>	ісжүргізу	ісжүргізім	іс қағаздарын жүргізу	
<i>домашний арест</i>	үйқамақ	мырзақамақ		
<i>интернет</i>	ғаламтор	әлемтор		
<i>казино</i>	құмархана	ойынхана		
<i>камикадзе</i>	<b>жанкешті</b>	жанпидашыл		
<i>клавиатура</i>	<b>пернетақта</b>	түйmetaқта		
<i>кладбище</i>	қорым	зиратхана	қабірстан	
<i>контракт</i>	<b>келсімшарт</b>	бекім		
<i>кресло</i>	орынтақ	күрсі		
<i>медсестра</i>	мейірбике	медбике	мейіркеш	аяжан
<i>микрорайон</i>	ықшамаудан	шағынаудан	мөлтекаудан	
<i>миротворец</i>	бітімгер	бітімгерші		
<i>мобильный (сот.) телефон</i>	ұялы телефон	қалтателефон	қалтафон	
<i>модельер</i>	сәнгер	үлгігер		
<i>наушник</i>	тыңдауыш	құлақілдірік	құлақкигіш	
<i>огнестрельное оружие</i>	атыс қаруы	отты қару		
<i>патриотизм</i>	отаншылдық	отансүйгіштік	елжандылық	елшілдік
<i>петиция</i>	арыз-тілек	құзырхат		
<i>поликлиника</i>	<b>емхана</b>	емдауа		
<i>прорывные проекты</i>	серпінді жобалар	шепбұзар жобалар		
<i>публицистика</i>	1. көсемсөз	2. қоғамсөз	3. замансөз	4. мәндісөз 5. шаршысөз
<i>ремень безопасности</i>	қауіпсіздік белдігі	қорғаныш белбеу		
<i>ресторан</i>	мейрамхана	думанхана		
<i>семья</i>	<b>отбасы</b>	жанұя		
<i>символ</i>	рәміз	нышан		

<i>стюардесса</i>	әуесерік	аспансерік	бортсерік	
<i>телемост</i>	телекөпір	бейнекөпір		
<i>транспортная пробка</i>	кептелек	кептеліс	тығын	тығырық
<i>фонтан</i>	субұрқак	бұрқак		

**Әр түрлі ұғымдардың бір сөзбен берілуі**

қазақшасы	Орыс тіліндегі нұсқалары			
	1	2	3	4
<i>алпауыт</i>	<i>олигарх</i>	<i>гигант</i>		
<i>бекет</i>	<i>станция</i>	<i>пункт</i>	<i>вокзал</i>	
<i>бітімгер</i>	<i>миротворец</i>	<i>медиатор</i>		
<i>мәміле</i>	<i>сделка</i>	<i>дипломатия</i>		
<i>мәмілегер</i>	<i>дипломат</i>	<i>медиатор</i>		
<i>несие</i>	<i>кредит</i>	<i>ссуда</i>		
<i>ойынхана</i>	<i>казино</i>	<i>игротека</i>		
<i>үнжария</i>	<i>газет</i>	<i>радио</i>		

**Пайдаланылған әдебиеттер**

Атаулар сөздігі. Алматы, 2004. -184 б. 1926 жылы латын графикасымен Қызылордада жарық көрген. Кирилл әлібиіне көшірілген екінші басылымы 2004 жылы Алматыда жарық көрді. Алғы сөзін жазған – *Ш.Құрманбайұлы*. Латын графикасынан кириллицаға түсіріп, баспаға дайындағандар – *Ш.Құрманбайұлы мен О.Жұбаева*).

Атаулар мен терминдер. (Құрастырған – *Әбдірахманов А.*) А.,1990.

Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 748б.

Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. (Құрастырғандар: *Алдашева А., Әнесов Ф., Сарыбаев Ш., Сыздықова Р., Уәлиев Н.*). -Алматы, 1990.

*Қалиев Б., Күркебаев Ш.* Орысша-қазақша және қазақша-орысша терминдер сөздігі. –Алматы, 1996.

*Құрманбайұлы Ш.* Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминдер сөздігі (бекітілген терминдер. Электронды сөздік). “Сөздік-Словарь” баспасы, 2004.

*Құрманбайұлы Ш., Сапина С.* Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминдер сөздігі (Мемтерминком бекіткен терминдер мен атаулар сөздігі). Сөздік-Словарь” баспасы. Алматы, 2004. 352 б.

*Құрманбайұлы Ш.* Қазақ лексикасының терминденуі. Алматы, 1998. – 208.

*Құрманбайұлы Ш.* Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминдер сөздігі (бекітілген терминдер. Электронды сөздік). “Сөздік-Словарь” баспасы, 2004.

*Құрманбайұлы Ш.* Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. Алматы, 2005. – 240.



Құрманбайұлы Ш. Терминдер сөздігі (бекітілген терминдер). Алматы, 2007. –

232 б.

Құрманбайұлы Ш. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа атаулар мен қысқарған сөздер. – Астана, 2009. – 256 б.

Локишина С.М. Краткий словарь иностранных слов. – М., 1987.

Морозова Л.А. Особенности функционирования специальной лексики в неспециальной литературе // Современные проблемы русской терминологии. – М., 1986.

Орысша-қазақша әскерлік атаулары. Араб графикасынан кириллицаға түсіріліп, 2-басылуы. (Баспаға дайындап, қайта шығарушылар Ш.Құрманбайұлы, О.Жұбаева). Астана, 2005. -136 б.

Словарь иностранных слов. – М., 1982. – 608с.

Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. – Алматы, 2009. – 272 б.

### **Жаңа атаулар мен қысқарған сөздер жиналған газеттер (2008-2011 жылдар)**

«Егемен Қазақстан» газеті.

«Жас Алаш» газеті.

«Қазақ әдебиеті» газеті.

«Айқын» газеті.

«Алаш айнасы» газеті

«Ана тілі» газеті.

«Түркістан» газеті

«Жас қазақ» газеті.

«Заң» газеті.

«Нұр Астана» газеті.

«Алматы ақшамы» газеті.

«Астана ақшамы» газеті.

«Алаш айнасы» газеті.

«Дала мен қала» газеті.

«Парасат» журналы.

### **Ішінара пайдаланылған газеттер**

«Жетісу» газеті.

«Алтын Орда» газеті.

«Президент және халық» газеті.

«Ел» газеті.

«Мырза» газеті.

**90-жылдардан бергі кезеңіндегі қазақ терминологиясының дамуы  
(1990-2010 жылдар)**

Қазақ тілі терминдер қорының қалыптасуы бергі бір-екі жүзжылдықпен ғана шектелмейді. Ол өзінің бастау көздерін көне, орта ғасырлардан алып жатқандықтан, оның қалыптасуы да қазақ әдеби тілінің даму тарихымен тығыз байланысты. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ терминологиясының тарихына қатысты әлі де тереңірек зерделейтін тұстарымыздың бар екендігін айту керек. Ал бүгінгі қолданыстағы қазақ терминологиясының сала-салаға жіктеліп, көптеген арнаулы салалардың терминдер жүйесінің мақсатты түрде жасалуы – он тоғызыншы, негізінен жиырмамыншы ғасыр еншісіне тиеді. Біз осы ХІХ-ХХ ғасырлардағы қазақ терминологиясын арнайы зерттегендіктен, оның дамуын бірнеше кезеңдерге бөліп, әр кезеңнің ерекшелігін, негізгі сипатын былайша көрсеттік. (1-слайд).

ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ		
КЕЗЕҢДЕРІ	ЕРЕКШЕЛІГІ	НӘТИЖЕСІ
<p><b>1 – алғашқы кезең</b> ХІХ-ғасырдың екінші жартысынан 1910 жылдарға дейінгі мерзім</p>	<p>Алғашқы қазақ басылымдары мен кітаптардың, аударма әдебиеттердің шыға бастауына байланысты әр салада <b><u>жекелеген терминдер жасалып, қолданыла бастады.</u></b></p>	<p>Салалық терминдер жүйесін қалыптастырудың алғышарттары жасала бастады.</p>
<p><b>II – Алаш кезеңі</b> 1910-1930 жылдар</p>	<p>Ұлттық ғылыми-шығармашылық қауым қалыптасты. Қазақ тіліндегі оқулықтар мен ғылыми-көпшілік, ғылыми әдебиеттер жазылды. Қазақ тілі оқу-ағарту, білім мен ғылым салаларында мүмкіндігінше пайдаланылып, <b><u>ұлт тілінде термин жасауға айрықша мән берілді.</u></b></p>	<p>1.Терминологияны дамытудың <b><u>ғылыми қағидаттары алғаш рет жасалып, оны дамыту бағдары айқындалды.</u></b> 2. Бірнеше салалық терминдер жүйесі жасалып, <b><u>ұлттық ғылыми терминологияның негізі қалана бастады.</u></b> Жекелеген ғылым салаларының тірек терминдері қалыптасты.</p>

<p>III – кеңестік кезең 1930-1990 жылдар</p>	<p>Орыс тілінің терминологиясын өзге халықтарға үлгі ете отырып, <b><u>кеңес халқына ортақ терминологиялық қор (жалпыкеңестік терминқор) қалыптастыру мақсаты көзделді.</u></b></p> <p>Ұлттық республикалардағы терминологияны дамытудың негізгі бағыттарын, қағидаттарын КСРО орталығы белгіледі.</p>	<p>Орыс тілі қазақ тілінің терминдер қорын қалыптастыратын бірден-бір сыртқы көзге айналды. <b><u>Қазақ терминологиясының орыс терминологиясымен ортақтығы барынша артты.</u></b> Қазақ тіліндегі термин шығармашылығы тоқырап, қазақ тілі жаңа терминдер жасалмайтын термин қабылдаушы, тілге айнала бастады.</p>
<p>IV – Тәуелсіздік кезеңі 1990 жылдардан бергі мерзім</p>	<p>Қоғамдық-саяси өмірдегі түбегейлі өзгерістер нәтижесінде қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуына байланысты оның білім беру мен ғылым және басқа да түрлі салалардағы қолданыс аясы кеңейді. Соған сәйкес ұлт тілінде термин жасау қажеттілігі туындап, <b><u>қазақ тіліндегі термин шығармашылығы едәуір өріс ала бастады.</u></b></p> <p><b><u>Қазақ терминологиясын қалыптастырудың қағидаттары мен даму бағытын айқындауды отандық ғалымдар өз қолына алды.</u></b> Бұрынғыдай сырттан белгіленбейтін болды.</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақ терминологиясы дамуының өткен кезеңдеріне ғылыми талдау жасалып, <b><u>қазіргі даму бағыты айқындала бастады.</u></b></li> <li>2. <b><u>Терминтанушы ғылыми кадрлар шоғыры қалыптасып,</u></b> терминология мәселелерін жүйелі түрде зерттеу жолға қойылып келеді.</li> <li>3. Терминтануға арналған ғылыми монографиялар, диссертациялар, оқулықтар жазылып, көптеген салалық терминологиялық сөздіктер шықты. <b><u>Терминологиялық әдебиеттер қоры қалыптасып,</u></b> толықтырылып жатыр.</li> <li>4. Терминологиялық жұмыстарды республикалық деңгейде жүргізу, үйлестіру тетігі жетіліп келеді. <i>(Алайда терминологиялық сөздіктер жасау мен терминдер қолданысындағы кемшіліктер осы тетіктің әлі толық жасалмауынан орын алып отыр).</i></li> </ol>

**Соңғы жиырма жылдағы терминология мәселелерінің зерттелуі мен ғылыми кадрлар дайындау жайы.** Жалпы терминтану мен қазақ терминологиясының мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеумен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының терминология бөлімі мен жоғары оқу орындарында қызмет ететін тілші ғалымдар, профессор-оқытушылар айналысады. Тәуелсіздіктен бергі 20 жылдың ішінде терминология мәселелерін зерттеу қарқыны кеңестік кезеңге қарағанда әлдеқайда артты. Терминтанушы ғылы-

ми кадрлар дайындауға ерекше көңіл бөлінгенін, тіл мамандары мен салалық мамандар тарапынан терминология мәселелерін зерттеуге қызығушылықтың күрт өскенін көруге болады. Қазақ терминологиясы дамуының кейінгі екі кезеңінде терминология мәселелері бойынша қорғалған кандидаттық, докторлық диссертациялар, яғни дайындалған ғылыми кадрлар санын салыстыру нәтижелері осы сөзімізге дәлел бола алады. Мәселен, кенестік кезеңдегі 40-50 жыл ішінде терминология саласы бойынша бірде-бір докторлық диссертация қорғалмаған болса, Тәуелсіздіктің 18-20 жылында 9 докторлық диссертация қорғалған. Төмендегі салыстырмалы кестеге қараңыз (2-слайд):

<b>докторлық диссертациялар</b>		
<b>1990 жылға дейін</b>	<b>ЖЫЛЫ</b>	<b>1990 жылдан кейін</b>
1940-1990 жылдар аралығында (40-50 жыл ішінде)	1992	1
	1993	1
	1997	1
	1999	1
	2002	1
	2007	1
	2008	1
	2009	2
<b>0</b>	<b>18 жылда</b>	<b>БАРЛЫҒЫ – 9</b>

Қазақ терминологиясы дамуының кенестік кезеңінде біршама кандидаттық диссертациялар қорғалған. 40-жылдардың аяғы мен 80-жылдардың соңына дейінгі 40 жыл аралығында 15 кандидаттық диссертация қорғалыпты. Кенестік дәуірдің 60-жылдарының басынан бастап 70-жылдардың орта шеніне дейін терминология мәселелеріне арналған кандидаттық диссертациялардың бірсыдырғы үздіксіз қорғалып отырғанын байқауға болады. Ал 70-жылдардың ортасына дейінгі мерзім мен 80-жылдардың екінші жартысына дейінгі он жылдан астам уақыт аралығында үзіліс орын алған. Одан 86-89 жылдары бұл үдеріс қайтадан біршама жалғасып 4 ғылыми-зерттеу жұмысы жазылған. Тәуелсіздіктің бастапқы екі-үш жылы өтісімен терминология мәселелерін зерттеуге арналған кандидаттық, докторлық диссертациялар саны күрт өскен. Кеңестік кезеңнің 40 жылында 15 кандидаттық диссертация қорғалса, Тәуелсіздіктің 15-16 жылында олардың саны 38-ге жетіп екі-үш есеге жуық артқан. Салыстырмалы кестеге қараңыз (3-слайд):

<b>кандидаттық диссертациялар</b>			
<b>1990 жылға дейін</b>		<b>1990 жылдан кейін</b>	
<b>1949</b>	<b>1</b>	<b>1994</b>	<b>1</b>
<b>1958</b>	<b>1</b>	<b>1995</b>	<b>1</b>
<b>1961</b>	<b>2</b>	<b>1996</b>	<b>2</b>
<b>1964</b>	<b>1</b>	<b>1998</b>	<b>3</b>
<b>1966</b>	<b>2</b>	<b>1999</b>	<b>5</b>
<b>1967</b>	<b>1</b>	<b>2000</b>	<b>4</b>
<b>1969</b>	<b>1</b>	<b>2002</b>	<b>2</b>
<b>1972</b>	<b>1</b>	<b>2003</b>	<b>4</b>
<b>1973</b>	<b>1</b>	<b>2004</b>	<b>2</b>
<b>1974</b>	<b>1</b>	<b>2006</b>	<b>2</b>
<b>1986</b>	<b>1</b>	<b>2007</b>	<b>1</b>
<b>1987</b>	<b>2</b>	<b>2008</b>	<b>1</b>
<b>1989</b>	<b>1</b>	<b>2009</b>	<b>4</b>
		<b>2010</b>	<b>6</b>
<b>40</b> жылда	<b>БАРЛЫҒЫ – 15</b>	<b>16</b> жылда	<b>БАРЛЫҒЫ – 38</b>

«Біздің елімізде терминология мәселелерін зерттеумен кімдер айналысады, әр түрлі мамандық иелерінің, түрлі сала мамандарының терминтануға қатысы қандай?» деген сұраққа қатысты мынаны айтуымызға болады: Қазақстанда да көптеген өзге елдердегі сияқты ХХ ғасырдың басынан бастап терминология мәселелерін зерттеумен негізінен филолог-лингвистер, оның ішінде лексикологтар айналысып келеді. Бұл бір жағынан терминологияның ұзақ жылдар бойы лексикология құрамында соның бір тармағы ретінде дамып келуіне байланысты болса, екінші жағынан лингвистиканың негізгі зерттеу нысаны тіл бірлігі – сөз (термин) болуымен тығыз байланысты. Терминология мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеген өзге сала мамандары көп емес, олар санаулы-ақ. Олардың дені өз саласының терминологиясын оқыту, оқулықтарда беру, терминдерінің арнаулы әдебиеттерде қолданысы сияқты мәселелерге мән беріп, яғни педагогикалық тұрғыдан қарастырған. Өткен ғасырдың 20-жылдарынан бастап бүгінге дейінгі қазақ терминологиясының бір ғасырға жуық даму тарихында өзге сала мамандары тарапынан барлығы – 9, оның ішінде 6 кандидаттық, 3 докторлық диссертация қорғалған болса, солардың 7-уіне ғылыми

дәреже өз салалары (медицина, география, биология, математика, химия) бойынша берілген де, 90-жылдардан кейін қорғаған 2 ізденушіге, 1 математик пен 1 химикке филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілген. Ал лингвистер тарапынан осы мерзім ішінде 49 кандидаттық, 6 докторлық, барлығы 55 диссертация қорғалған. Кестеге қараңыз: (4-слайд).

Терминологияны зерттеуге түрлі сала мамандарының қатысы					
мамандығы		кандидаттық диссертациялар		докторлық диссертациялар	
		1949-1990	1990-2010	1949-1990	1990-2010
1	Тіл мамандары (филологтар)	11	38	–	6
2	химиктер	1	–	–	2
3	математиктер	1	–	–	1
4	биологтар	2	–	–	–
5	медиктер	1	–	–	–
6	географтар	1	–	–	–

Тіл мамандарынан өзге саланың мамандары негізінен салалық терминологиялық сөздіктер жасау ісіне көбірек атсалысады. Әр түрлі ғылым салаларының ғалымдарына, жоғары оқу орындарында оқитын студенттерге, магистранттарға және көпшілікке арналған энциклопедиялық, түсіндірмелі, екітілді, көптілді терминологиялық сөздіктер мен анықтамалықтардың авторлары да негізінен осы арнаулы салалардың практик мамандары. Бұл табиғи нәрсе. Өйткені, өздері маманданған саланың ұғымдар жүйесін, сол ұғымдардың өзара байланысын, бір-бірінен ерекшелігін кәсіби маманнан артық ешкім білмейді. Арнаулы ұғымдардың анықтамасын (дефиниция) дәл беріп, олардың ұғымдар жүйесінде алатын орнын (иерархиясын), түрлік және тектік топтарға жіктелісін т.б. сан алуан қасиеттерін көрсете алатын да сол саланы терең зерттеген ғалымдар, кәсіби мамандар. Сондықтан да бұл іске олардың тікелей қатысты болуы табиғи үдеріс.

90-жылдардан бастап, терминология мәселелерінің өзектілігі артуына байланысты, оны зерттеуге ден қойған ізденушілердің, терминологиялық сөздіктер жасаушы сала мамандарының осы жиырма жыл көлемінде жарияланған терминологиялық әдебиеттер саны да едәуір өсті. Кестеге қараңыз: (5-слайд).

Терминология мәселелері бойынша жарияланған әдебиеттер			
әдебиет түрі		1920 -1990 жылдар (70 жылда)	1990-2010 жылдар (20 жылда)
1	монографиялар	2	12
2	оқу құралдары	–	7
3	әдістемелік құралдар	–	3
4	көмекші құралдар, кітапшалар	5	5
5	жинақтар, конференция материалдары	4	19
6	терминологиялық сөздіктер	90-нан астам	200-ден астам
7	Журнал, бюллетендер	–	1 (36 нөмірі шықты)
8	Библиографиялық, анықтамалық құралдар	–	1
	ғылыми мақалалар	300-ге тарта	900-ге тарта

Жоғарыдағы терминологиялық әдебиеттер түрлері көрсетіп отырғанындай, терминология мәселелерін зерттеу, терминологиялық сөздіктер шығарумен қатар кейінгі жылдары терминологияны оқытуға да біршама мән беріле бастады. 90-жылдарға дейін терминология лексикология құрамында қаралып, оны оқытуға бірер сағат қана бөлінетін. Қазіргі таңда Қазақстанның бірқатар жетекші университеттерінде терминология бойынша арнаулы курстар жүргізіледі. Соған сәйкес жоғары оқу орындарының филолог студенттеріне арналған бірқатар оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдар, көмекші құралдар жарық көрді.

**Термин шығармашылығы.** Республикадағы терминологиялық жұмыстардың үйлестірілуіне консультативтік-кеңесші орган ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы жауапты. Комиссияның жұмысшы органы – ҚР Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті. Түрлі салалар мамандары тарапынан жолданған терминдерді осы комиссия ресми бекітіп, жалпы қолданысқа ұсынып отырады. 1990 жылдан бергі соңғы жиырма жыл көлемінде Мемтерминком 8 230 терминді бекіткен. Осы бекітілген терминдердің 8036-сы (97,6 %-ы) қазақ тілінің лексикалық қорында бұрыннан бар атаулар немесе жаңадан жасалған қазақ сөздері де, ал 194-і (2,4%-ы) халықаралық терминдер екен. Мәселен, *еже, жасауыл, жасуша, жәрдемақы, зейнетақы, қолдау хат, пернетақта, сарбаз, сыйақы, сорғы, тізілім, тікұшақ, тінтуір* тәрізді жүздеген жаңа терминдер қолданысқа енсе, *аденит, алгид, арозия, артефакт, артродез, артролиз, либретто, морфема, омофон, омоним, оним, ойконим, телефакс* сынды терминдер бұрынғы қалпында қолданылатын болып қайта

бекітілді. Мемтерминкомның ресми бекіткен терминдері мен түрлі салалар бойынша шығып жатқан терминологиялық сөздіктерді саралағанда, 90-жылдардан кейін ұлт тіліндегі термин шығармашылығына басымдық беріліп отырғанын көруге болады. Кеңестік кезеңде қазақ тіліне қабылданған кірме терминдердің бәрін орыс орфографиясы бойынша жазу дәстүрі қалыптасқан болатын. Соңғы 15-20 жыл көлемінде ресми бекітілген бірнеше терминдер мен жалпы қолданыстағы атаулар қазақ тілінің айтылу мәнеріне қарай жазыла бастады. Мәселен, *пошта, режим, станса, сілесір, төкір, тәбілші* атаулары осы қатарға жатады. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде де осындай (*зауыт, кәләш, кәстәм, мәйкі, пәлте, пойыз, пошта, тауар, шенеунік, шопыр*) жаңаша жазылған бірқатар атаулар бар. Бірақ бұл жаппай орын алып отырған құбылыс емес, кірме терминдер мен атаулардың басым көпшілігі бұрынғыша жазылады.

Терминология дамуының 30-жылдардан басталатын кезеңінде терминологияны қалыптастырудың КСРО тіл саясаты мен идеологиясына сәйкес белгіленген қағидаттары, ұлт тілдеріндегі термин шығармашылығын дамытудың айқындалып берілген кеңестік жолы болды. Оған терминологияны зерттеуші ғалымдар тарапынан басқаша көзқарас білдіру бола бермейтін. Ал 90-жылдардан басталған кезеңнің ерекшелігі, терминология дамуының алдыңғы кезеңдеріне, оның ғылыми қағидаттарына, қалыптасқан терминдер қорына сараптама жасау, жаңаша пайымдау, сыни пікірлер айту, басқаша көзқарас білдіру пайда болды. Терминологияның теориясына, ғылыми пән ретіндегі ғылымдар жүйесінде алатын орнына, термин шығармашылығына, терминалмасым мен терминқор қалыптастырудың қағидаттарын белгілеу мәселесіне қатысты түрлі көзқарастағы ғалымдар мен мамандар қалыптаса бастады. Қазақ тілі терминдер қорының басым бөлігі ұлттың өз тілінде жасалуы тиіс және терминқордың халықаралық сипаты басым болуы керек деп санайтын негізгі екі көзқарастың төңірегіне топтасқан ғалымдар өз дәлелдерін алға тартты. 90-жылдарға дейін қалыптасқан бір идеологияға негізделген бағытты ұстанған уақыт артта қалып, пікірлер әралуандығы көрініс берді. Терминология мәселелері төңірегіндегі ғалымдар мен сала мамандарының пікірталас алаңының пайда болуы – терминологияның көбірек зерттелуіне және оның тілдің көпшілік тарапынан жіті қадағаланатын мәселесіне айналуына түрткі болды. Осы факторлар мен ғылымның түрлі салаларындағы оқулық, әдістемелік, сөздік-анықтамалық, ғылыми-көпшілік және ғылыми әдебиеттерді қазақша жазу қажеттілігі терминология мәселесіне мамандардың, тілді тұтынушы қауымның назарын ерекше аударып, оның өзектілігі артты. Жоғарыда көрсетілгендей, соңғы жылдары бұл саладағы зерттеулер мен әдебиеттер санының күрт өсуі соның дәлелі. Сондай-ақ терминология тілдің БАҚ-та да ең бір жиі сөз болатын мәселесінің бірі болып табылады.

«Қазақ тілінде термин жасап әуре болғанша, терминдерді терминжүйесі жақсы жасалған орыс тілінен дайын қалпында қабылдау тілімізді байытудың тиімді жолы» деген кеңестік кезең саясатына негізделген біржақты көзқа-



распен шектелмейтін ғылыми қауымның пайда болуы ұлт тіліндегі термин шығармашылығының өрістеуіне себеп болған негізгі факторлардың бірі. Қазақ тілінде термин жасауға деген ұмтылыс пен қажеттілік, тілдегі сөзжасам тәсілдерінің іске қосылуына, терминдердің жаңа типтерінің пайда болуына жол ашты. Мәселен, *дәргей, кеден, кент, құжат, нысан, ота, рәміз, рәсім, рәуиш, сардар, ұжым, үйек, үрдіс* тәрізді пассив лексикаға айналған көнерген сөздердің мағыналары жаңғыртылып, терминдену жолымен қайта қолданысқа енді. *Әрлеуші, салымшы, оқылым, төлем, әкімдік, ықпалдастық, заңнама* сияқты морфологиялық тәсілмен жасалған терминдер де, *айыппұл, ақуыз, бейнебақылау, зейнетақы, келіссөз, келісімшарт, өтемақы, сыйақы* сынды сөздерді біріктіру тәсілі арқылы жасалған атаулар да, *арыз-тілек, әл-ауқат, көші-қон, өлім-жітім, сауда-саттық* тәрізді бұрын терминжасам тәжірибесінде кездесе бермейтін қос сөз түрінде келетін терминдер мен атаулар да пайда бола бастады.

Біз кейінгі 15-20 жылда жасалған жүздеген жаңа терминдерді жинақтап, саралау барысында байқағанымыз, бұрын орыс тіліндегі қалпында қолданылатын көптеген кірме терминдердің бір сыңары, яғни жартылай аударылған, негізінен латын-грек терминбөлшектері сақталған будан (гибрид) терминдердің көптеп пайда болып жатқандығы. Мысалы, *авиатасымал, автоұшқыш, бейнекамера, бейнефильм, биоотын, геосаясат, дендробақ, киберқылмыскер, киноүлдір, қалтафон, метатіл, микроағза, мотоатқыштар, радиожиілік, субқоржын, ультрадыбысты, фотоайғақ, экожүйе, этносаясат* т.б. терминдер осы қатарға жатады. Терминология дамуының қазіргі кезеңіне тән осындай ерекшеліктері мен термин шығармашылығының жандануына байланысты терминологиялық жұмыстарды жүргізу, терминдердің жасалуы мен қолданысына қатысты орын алып отырған кемшіліктер де жоқ емес. Олар жөнінде өз алдына жеке сөз қозғауға болады.

Сөз соңында айтарымыз, қазақ терминологиясы дамуының бұл кезеңі әлі жалғасып жатыр. Сондықтан оның толық сипатын беру бүгінгі күннің міндеті бола алмайды. Біз терминологияның 90-жылдан бергі жиырма жылдағы даму жолын кеңестік кезеңмен салыстыра отырып, оған бүгінгі күн тұрғысынан жалпы әрі қысқаша шолу жасадық. Жинақталған нақты деректер негізінде қазіргі қазақ терминологиясының басты ерекшеліктерін ашып көрсетуді мақсат еткенімізбен, терминологияның ширек ғасырға жуық дамуына жан-жақты, терең ғылыми талдау жасау – арнайы монографиялық зерттеуге арқау болатын ауқымды мәселе деп санаймыз.

**Шерубай Құрманбайұлы еңбектерінің тізімі****1992**

1. Ботаника терминдерінің сөздіктердегі қамтылуы. Қазақ тілінің компьютерлік қоры (жинақ). – Алматы-Шымкент, 1992. 57-58б.
2. Асығу керек. «Ана тілі» 13 ақпан 1992 жыл.
3. Балама мен бағындыру. «Егемен Қазақстан», 27 ақпан 1992 жыл.
4. Нарық жарыққа апарсын. «Ана тілі», 21 мамыр 1992 жыл.
5. Өлең – сөздің патшасы (Абай өлеңдерінің текстологиясы туралы). «Жетісу», 1992.06.12. (Б.Қалиевпен бірге).
6. Тіл білмегеннің бәрі «мәнгүрт» пе? «Алматы ақшамы», 1992.06.17
7. Екі аяғын тең баспай. «Ана тілі», 25.06.1992. (М.Ойылұлы).
8. Ащы суға ауыздық керек. «Алматы ақшамы», 5 тамыз 1992 жыл.
9. Күнделікті қажет құрал. «Егемен Қазақстан», 1992.10.23 (Б.Қалиев).
10. Дәрістің дәні – діліміз. «Жас Алаш», 19 желтоқсан 1992 жыл.

**1993**

11. Сұңқарға риза болдық. «Ана тілі», 7.01. 1993. (Ә.Жүнісбек, Б.Қалиұлы).

**1994**

12. Өсімдік анатомиясы мен морфологиясына қатысты терминдердің түсіндірме сөздікте берілуі. «ҚР ҰҒА Хабарлары», 1994, № 1. Тіл, әдебиет сериясы. 69-72 б.
13. Шелек кентінен шыққан ғалым. «Еңбек туы», 14.04.1994.
14. Өсімдіктердің мүшелері мен құрылысына қатысты кірме терминдер. «ҚР ҰҒА Хабарлары», 1994. №2. Тіл, әдебиет сериясы. 54-57б.
15. Гүлдерде де гүлдер бар. «Зерде», 1994. № 4.14 б.

**1995**

16. Қазақша-кәрісше тілдескіш. Республикалық баспа кабинеті. –Алматы, 1995. 8,7 б/т (Чу Мин Хо).
17. Кәрістің еңбекқорлығы қазақша үйренуге қол жеткізді. «Ана тілі», 10.11.1995.

**1996**

18. Орысша-қазақша және қазақша-орысша терминдер сөздігі. баспасы – Алматы: «Рауан», 1996. 1,7 б/т (Б.Қалиевпен бірлікте).
19. Термин және терминологиялық өріс// «ҚР ҰҒА Хабарлары» 1996, №1 Тіл, әдебиет сериясы. 48-53б.
20. Жалпы қолданыстағы сөздің терминге айналуы//ҚР ҰҒА Хабарлары» 1996, № 5, 6. Тіл, әдебиет сериясы. 11-15 б.
21. Терминологиядағы омонимия жайында. Тіл білімінің өзекті мәселелері (ғылыми жинақ). «Мектеп» 1996. 21-28 б.

## 1997

22. Түлей түссін тіліміз.//«Алматы ақшамы», 6 маусым 1997 жыл.
23. Қолдануға қолайлы сөздік.//«Заман-Қазақстан», 30.07.1997
24. Керек-ақ екен. «Жас Алаш», 8 шілде 1997жыл.
25. Болашақ экономистерге арналған «Қазақ тілі». «Егемен Қазақстан», 19 желтоқсан 1997 жыл. (Ә.Жүнісбек).
26. Өсімдіктердің құрылымдық атауларының қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі. – Алматы: «Республикалық баспа кабинеті», 1997.
27. Қазақ тілін орыс тілді аудиторияда оқытудағы қиындықтар// Реформирование университетского образования: реальности и перспективы. «Қазақ университеті» – Алматы,1997. 142-143б.
28. А.Байтұрсынұлы және терминжасау ісі// «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. 1997 жыл, № 7,8. 3-10 б.
29. Терминдену және оның түрлері//«ҚазМУ Хабаршысы» 1997, № 12. 80-86 б.
30. Қазақ тіліндегі терминденуші лексика көздері//«ҚР ҒМ-ҒА-ның Хабарлары» 1997 жыл, № 3. 11-15 б.
31. Қазақ тіліндегі сөз таптарының терминденуіндегі ерекшеліктер. «ҚР ҒМ-ҒА А.Байтұрсынов атындағы тіл білімі институтының мақалалар жинағында» Алматы, 1997. 181-190 б.
32. Атаулардың жалпы қолданысқа көшуі. Ғ.Мұсабаевтың 90 жылдығына арналған жинақта. – Алматы,1997. 127-136 беттерде.
33. Қазақ тілін орыс тілді аудиторияда оқытудағы қиындықтар// Реформирование университетского образования: реальности и перспективы «Қазақ университеті» – Алматы,1997. 142-143б.
- 34.А.Байтұрсынұлы және терминжасау ісі//«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. 1997, № 7,8. 3-10б.
35. Терминдену және оның түрлері//«ҚазМУ Хабаршысы» 1997, № 12. 80-86б.
36. Қазақ тіліндегі терминденуші лексика көздері//«ҚР ҒМ-ҒА-ның Хабарлары» 1997, №3. 11-15 б.
37. Қазақ тіліндегі сөз таптарының терминденуіндегі ерекшеліктер// «ҚР ҒМ-ҒА А.Байтұрсынов атындағы тіл білімі институтының мақалалар жинағында» – Алматы, 1997. 181-190б.
38. Атаулардың жалпы қолданысқа көшуі//Ғ.Мұсабаевтың 90 жылдығына арналған жинақта. – А.,1997. 127-136 беттерде.
39. Болашақ экономистерге арналған «Қазақ тілі»//Егемен Қазақстан», 19.12.1997.( Ә.Жүнісбек).

## 1998

40. Қазіргі кезеңдегі қазақ лексикасының терминденуі. К.Ахановтың 70 жылдығына арналған республикалық конференцияның материалдары. – Алматы, 1998. 28-32 б.
41. Қазақ лексикасының терминденуі. –Алматы, 1998. «Ғылым» баспасы. (монография). -208 бет.
42. Қазақ тілі: жоғары оқу орындарының халықаралық қатынастар

факультетіне арналған оқу құралы. «Ана тілі» баспасы, – Алматы, 1998. (Күзекова З. Жусанбаева С.)

43. Қазақ терминологиясы туралы еңбек//«Қазақ әдебиеті» 17.04.1998. №15. (Ш.Сарыбаев).

44. Қазіргі кезеңдегі қазақ лексикасының терминденуі// К.Ахановтың 70 жылдығына арналған республикалық конференцияның материалдары. – Алматы, 1998. 28-32 б.

45. Термин шығармашылығындағы шарттылық//«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. 1998, № 5. 9-16 бб.

46. Терминдерді жалпыхалықтық тіл негізінде жасаудың ерекшеліктері// Қазақ тіл білімінің мәселелері (Ғылыми жинақ) – А., 1998. 121-129 бб.

47.Сөздердің терминдену ерекшеліктері//«ҚазМУ Хабаршысы» Филол. Сериясы 1998, №17.87-93 бб.

48. Сөздің лексикалық және терминологиялық мағыналары арасындағы өзгешелік пен ұқсастықты ұғым белгілері арқылы анықтау// Ахметтану тағлымдары (Ғылыми жинақ). – Алматы, «Ғылым», 1998. 170-176.

49. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ лексикасының терминденуі// ҚР ҒМ-ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1998, № 2. 12-18 бб.

## 1999

50. Университеттік білім беру жүйесінде мемлекеттік тілді оқытудың өзекті мәселелері//ҚазМҰУ Хабаршысы, Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. 1999, №1-2. 130-133 бб.

51. Олимпиадаға қатысушыларға арналған сұрақтарды құрастыру және олардың білімдерін тексерудің формалары мен әдістері//«Дарын» ақпарат-әдістемелік жинағы. 1999, № 2. 13-14 бб.

52. Қазақ терминологиясын қалыптастырудағы А.Байтұрсынұлының рөлі// Ұлттық рухтың ұлы тіні. (А.Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына мақалалар жинағы) – Алматы. «Ғылым» баспасы, 1999. 430-441 беттер.

53. Шығыс тілдерін оқыту – уақыт талабы//ҚазМУ Хабаршысы ақпарат-әдістемелік жинағы. 1999, №1.97-100 беттер.

54. Ұлағатты ұстаз//Тіл әлемі – Мир языков. 1999.01. № 14.

## 2000

55. Ұлттық ғылыми терминологияны қалыптастырудағы жүйелілік мәселесі//Мемлекеттік тіл: Терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. – Астана, 2000. 93-99 бб.

56. Қазіргі қазақ терминологиясының өзекті мәселелері//Тіл және мәдениет. Жоғары оқу орындары профессор-оқытушылары мен аспирант-ізденушілерінің ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы, 2000. 3-9 беттер.

57. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша өтетін мектеп оқушыларының олимпиадасына қатысушыларға арналған әдістемелік нұсқау// Гуманитарлық пәндер бойынша мектептік, аудандық олимпиадаларды ұйымдастыру мен

өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар. РҒПО «Дарын». – Алматы, 2000. 6-10 беттер.

58. Қазақ терминографиясы және терминологиялық жұмыстарды үйлестіру мәселесі//Ізденістер, нәтижелер. 2000. №6. 25-28 бб. Қазақ мемл. Университетінің ғылыми журналы.

59. Тілдік ахуалды қалыптастыру – бәрімізге ортақ міндет//«Қазақ университеті», 2000 жылғы мамыр. № 4.

60. Орысшасы – ойран, ағылшыншасы – айран, қазақшасы – қайраң қазақ... // «Қазақ университеті» , 2000 жылғы қыркүйек. № 9.

## 2001

61. Қазақ тілі. ЖОО заң факультеттерінің студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы, «Білім» баспасы, 2001. (Мамаева М., Сыбанбаева А.)

62. «Қазақ тілі практикалық курсы» пәнінің типтік бағдарламасы//«Қазақ университеті» баспасы, – Алматы, 2001. (Күзекова З., Жусанбаева С.)

63. Қазақ терминологиясын жетілдіру жұмыстарын орталықтандыру мәселесі // «Асыл мұра» журналы, 2001, № 1. 7-9 бб.

64. Туыстас тілдерге ортақ терминологиялық қор құру мәселесі// Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мәселелері. – Көкшетау, 2001 (Аймақтық ғылыми-практикалық конференция материалдары). 28-32 беттерде.

65. Қазақ тілін деңгейлік оқытудың мәселелері// Многоуревневая языковая подготовка в системе образования. (Материалы республиканской научно-практической конференции посвящ. 10-летию независимости РК). – Алматы, 2001. 101-103 бб.

66. Терминологиялық жұмыстарды республикалық деңгейде ұйымдастырудың мемлекеттік маңызы//Терминология: теория және тәжірибе (терминология мәселесіне арналған дөңгелек үстел материалдары) – Астана, 2001. 57-63 беттерде.

## 2002

67. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. – Астана, 2002. – 208 бет.

68. Ағылшынша-қазақша тақырыптық сөздік. –Алматы-Стамбул, 2002. 50 б/т. (Аяпова Т., Т.Қонысбайқызы, М.Қаплан).

69. Терминком және қазақ терминологиясының болашағы// «Егемен Қазақстан», 8.04.2002.

70. Қазіргі қазақ терминологиясының міндеттері//Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. – Астана, 2002 (Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары). 6-17 беттерде.

71. Бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтудегі ролі// Аймақтық ғылыми конференция материалдары. –Павлодар, 2002.

72. Қазақ тілі және әдебиеті пәндері бойынша оқушылардың республикалық ғылыми жарыстарына арналған тестілік сұрақтар. –Астана, 2002. 90 бет.

73. Қазіргі қазақ терминологиясының міндеттері// ҚР БҒМ-нің, ҰҒА-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2002. №4. 62-70 беттер.

74. Қазақ терминологиясындағы варианттылықтың сыры неде?// Терминологиялық хабаршы. 2002ж. № 2. 9-14 беттерде.
75. Тіл тазалығын сақтап жүрміз бе?//«Жас Алаш» (сұхбат).
76. М.Әуезов және ғылым тілінің мәселелері//«Қазақ әдебиеті» 20.12.2002.

### 2003

77. Қазақ тілі және әдебиеті пәні бойынша оқушылардың республикалық ғылыми жарыстарына арналған тестілік сұрақтар. – Астана, 2003. 134 бет.
78. Даудың басы – «Бесбармақ// «Егемен Қазақстан» 17.05.2003.
79. Мемлекеттік саясат және терминология мәселесі//«Егемен Қазақстан» 30.09.2003.
80. Ел келешегін қалай елестетесіз?//«Қазақстан теміржолшысы» 25.10.2003.
81. Терминологияны қалыптастырудағы қазақ баспасөзінің рөлі//»Ана тілі» 13.11.2003.
82. Қазіргі терминологияда орын алып жүрген кемшіліктер туралы//Тіл – мемлекет тірегі (республикалық семинардың материалдары). –Тараз, 2003. 47-57 беттер.
83. Терминжасамның ұлттық үлгілерін қалыптастыру мәселесі// Терминологиялық хабаршы, 2003, № 3. 42-46 беттер.
84. Салалық терминологияны қалыптастыруда орын алып жүрген кемшіліктер//Салалық терминология: бүгінгі мен болашағы (республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары). – Астана, 2003. 31-40 беттер.
85. Зиялылар және ғылым тілі//«Парасат» журналы, № 12. 2003. 13-15 беттер
86. Тіл саясаты және қазақ терминологиясының дамуы// ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясының ақпараттық бюллетені. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты». – Астана, 2003ж. №3. 6-16 бб.
87. Қазақ терминологиясының бастаулары// Терминологиялық хабаршы. 20-25 беттерде.
88. Терминологияны қалыптастырудағы қазақ баспасөзінің рөлі//Қазақ терминологиясы және бұқаралық ақпарат құралдары. 6-14 беттерде.

### 2004

89. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминдер сөздігі(бекітілген терминдер. Электронды сөздік). «Сөздік-Словарь» баспасы, – Алматы, 2004.
90. Халықаралық терминдер туралы//«Терминологиялық хабаршы» 2004 №4 (10). 10-18 беттерде.
91. Қысқарған сөздер туралы// Тіл білімі. 132-136 беттерде
